DODA ЖҚ 11
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Нәтиже

Қай сала болмасын Алматы облысының айдарынан жел есіп келеді. Экономика, ауыл шаруашылығын былай қойғанда, спорттық салада да ілгерілеу басым. Ел ішіндегі додаларды есепке алмағанда, халықаралық бәсекеде Жетісу жерінің намысы артып, спортшыларымыз атой салып жүр. Осы жайында егжей-тегжейді білу үшін облыстық және дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Тұратбек Шарапиевке жолығып, атқарылған және жоспарланған жұмыс барысымен танысып қайтқан едік.

СПОРТТАҒЫ ЖЕҢІСІМІЗ ЕСЕЛЕНЕ ТҮСТІ

Оның айтуынша, бүгінде облыс спортшылары республиканың алдына шықпаса, төменгі сатыға түскен емес. Жыл басынан бері облыс спортшылары 809 медальді қоржынымызға тоғытып, Жетісудың намысын қорғап келді. Оның 305-і алтын, 259-ы күміс, 245-і қола медаль. Осы уақыт аралығында 1 еңбегі сіңген спорт шебері, 14 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 94 спорт шеберлігіне үміткер және 242 бірінші дәрежелі спортшы дайындалды. Сондай-ақ ұлттық құрама сапына 44 спорт түрі бойынша, 875 спортшы енді. Бұл есеп осымен тоқтап қалмайды. Жыл соңына дейін талай бәсеке бар. Сол сында біздің спортшылар бұл жүлде санын арттырады деген сенім мол.



Биыл Қазақстанның Ұлттық құрама командасының сапына 44 спорт түрі бойынша Алматы облысының 875 спортшысы кірді. Мемлекет басшысының бұқаралық спортпен шұғылданушы халықтың санын 30 пайызға дейін жеткізу туралы міндетін орындау мақсатында облыстың барлық ауданы мен қаласында дербес дене тәрбиесі мен спорт бөлімдері қызмет атқаруда. Ауылдық округ әкімдіктерінің аппараттарында 253 спорт бойынша әдіскер-нұсқаушы беріліп, қазіргі уақытта олар барлық ауылдық округте волейбол, футбол, баскетбол және тағы басқа спорт түрі бойынша секциялар жүргізуде.





Айта кетерлігі, облыс спортшылары тек өз саласында ғана емес, еліміздің бүгінгі қоғамында атқарылып жатқан бастамаларға да үн қосып, демеп келеді. Елбасының «Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына спортшылар да үлес қосып, жаңғырту жұмысы қарқынды өтуде. Кейбіреулер «Спортқа рухани жаңғырудың қандай қатысы бар? – деп ойлауы мүмкін. Нағыз рухани жаңғыру спорт саласында болады. Мысалға ұлттық спортымызды дәріптеуде Алматы облысы көп еңбек етіп келеді. Оның ішінде ұмытылып кеткен атадан балаға мирас болған спорттық ойындарымыз көп. Соның бірі – бүркітшілер жарысы. Қазіргі таңда құсбегімен айналысатын адамдардың басым көпшілігі осы Алматы облысында. Қазақстанның құрама командасын Жетісу жерінің спортшылары құрап отыр десем артық айтпағаным. Мұнымен қоса, тазы жүгірту, тоғызқұмалақ, көкпар, ұлттық ат спорты өңірде жақсы дамыған.



Тағы бір айта кететін жаңалық. Жуырда Талғар ауданында көшпенділердің ойыны саналатын шөген ойынынан жарыс ұйымдастырдық. Әлемде поло атауымен әйгіленген ойынның негізгі шығу тегі осы біздің бабалардан қалған. Ол жайлы мағлұмат ғұлама тарихшыларымыздың ғылыми еңбектерінде көп айтылады. Міне, сол ойыннан жарыс өтіп, Алматы облысының командасы Алматы қаласының командасымен сынға түсті. Екі команда да ойынға нәр беріп, нәтижесінде тең ойынмен тарқасты. Міне, осылай көнеден келе жатқан ойынды насихаттау арқылы жастарымның санасына ата-бабаның аманатын дәріптеп, шөгеннің ауқымын кеңейтті. Сонымен қатар жергілікті чемпиондардың жетістігін паш ете отырып, «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне ашық сабақ өткізілді. Спорттың бірнеше түрін өз көзімен көрген балғындар, түрлі спорттық үйірмеге жазылып, жасөспірімдерді спортқа тарту жағы да жолға қойылыпты.

Өкінішке қарай, өткен жылы «Жетісу» футбол командасы премьер-лига сапынан түсіп қалған болатын. Осыған орай, облыс әкімінің қолдауымен командаға жаңаша көңіл аударылып, командаға бас бапкер етіп, білікті жаттықтырушы Д.Огайды алғызып, жаңа команда жасақтады. Алдына нақты тапсырма қойып, бірінші лигада жеңімпаз атану тапсырылды. Футболшылар бұл істі тыңғылықты орындап, мезгілінен бұрын чемпион атанды. Келер жылы премьер-лига сапында қайта доп тебеді. Сонымен қатар волейбол мен футболдан «Жетісу», баскетболдан «Қапшағай», ұлттық спорт түрлерінен кәсіпқой клубтар жұмыс жасайды. Жамбыл, Панфилов және Еңбекшіқазақ аудандарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, Кербұлақ ауданының спорт мектебі үшін стадионы бар спорттық база, Райымбек ауданының Нарынқол ауылында футбол алаңы, көгалды хоккейге арналған 1140 орынға арналған тұғыры бар стадион, «Өркен» спорт кешенінің күрес залы, Талдықорған қаласында стендтік ату базасы, Жамбыл ауданының Қаракестек ауылында футбол алаңы салынды. «Жетісу» стадионының қосалқы алаңы, жасанды төсеніші бар футбол алаңын қайта құру жұмысы аяқталды. Талғар, Қаскелең қалаларында, Райымбек ауданының Кеген ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілуде. Қаратал ауданының Үштөбе қаласындағы спорт мектебінде, Көксу ауданы Балпық би кентіндегі орталық стадионға қайта құру жұмыстары атқарылуда. Мемлекеттік жеке әріптестік аясында Алакөл ауданының Үшарал қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жоспарлануда.

Жетісу халқы үшін сүйінші сұрайтын жаңалық. Неге десеңіз, келер жылдың басынан бастап Талдықорған қаласында теңдесі жоқ жүзу бассейні бой көтермек. Ол барлық олимпиадалық стандартқа сай болады. Екі жүзу бассейні және екі суға секіру тұғыры (трамплин) болады. Оның сыртында жеңіл атлетикаға арналған жабық манеж де салынбақ. Аталған екі нысан әлемдік жарыстарды өткізуге толық сай келеді. Бұл өңір спортшыларының жігерін жанып, намысын ерлетті. Осыдан кейін жүлдегерлердің қатары да арта түскені байқалды. Бұл қатарда, ең әуелі, Парижде күрестен өткен әлем чемпионатында күміс медальді жеңіп алған Демеу Жадыраевты айтуға болады. Одан кейін біздің регбиші қыздарымызды қоссам артық болмас. Олар Парижде өткен халықаралық турнирде үшінші орынды алды. Ұлттық спорттан «Қазақстан барысы» турнирінде Ұлан Рысқұл күміске қол жеткізді. Бүкіләлемдік жазғы универсиада ойындарында Альберт Линдер алтынан алқа тақса, Карина Горичева күмісті еншіледі. Самбошы Динара Жұмабаеваның да айы оңынан туды және ерекше атап өтетін тағы бір спорт түрі садақшылар. Олар шетелде өткен дүбірлі додадан уыстап жүлде әкеп жүр.

Бір жақсысы, облыс әкімі Амандық Баталовтың спортшыларға деген қолдауы мол. Соның арқасында спортшыларды ынталандыру жұмысы барынша жүргізіліп келеді. Таланттарымыз бен жеңімпаздарымызды облыс әкімінің өкімімен республикалық және халықаралық жарыста жоғары нәтижеге қол жеткізген 72 үздік спортшыға, 31 мүгедек-спортшыға 30 мыңнан 300 мыңға дейін облыс әкімінің ай сайынғы сыйақысы төленеді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бәрекелді!

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ДАМУ ҮСТІНДЕ

Еліміз өз алдына дербес мемлекет болып тәуелсіздігімізге қол жеткізген соң спорт саласын дамыту қолға алына бастады. Бұған жыл ара қабылданып отыратын дене шынықтыру мен спортты дамытудың арнайы бағдарламасы да өз септігін тигізіп отыр. Қазіргі уақытта аталған бағдарламаның 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Онда балалар мен жасөспірімдердің спортпен және дене тәрбиесімен шұғылдануына көп көңіл бөлініп, оларға арналған спорт мектептері мен үйірмелері көптеп ашылуы айтылған. Солардың бірі – Көкшетаудағы балалар мен жасөспірімдердің ұлттық спорт мектебі.



«Қолжетімді әрі сапалы инфрақұрылымның болуы спорттық көрсетілетін қызметтер нарығының толыққанды жұмысының ең маңызды шарты, дене шынықтыру мен спорттық көрсетілетін қызметтер нарығы ретінде спорт индустриясын ілгерілетудің аса маңызды факторы болып табылады.

Әр адамға өз қажеттіліктеріне сәйкес дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымының артықшылығын пайдалануға мүмкіндік жасау»

(Қазақстан Республикасында Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

Ұлттық спортты жаңғырту мақсатында ашылған мектеп ең алғашқыда «Дәстүр және өнер мектебі» деп аталған еді. Кейін араға сегіз жыл уақыт салып, 1999 жылы ол балалар мен жасөспірімдерге арналған ұлттық спорт мектебі деп өзгертілді. Мұнда қазіргі таңда бәйге, тоғызқұмалақ, жамбы ату, көкпар, қазақ күресі, аударыспақ, білектесу, асық ату секілді ұлттық спорт түрлерінен 30-дан астам бапкер жас спортшыларды баулып, тәрбиелеуде. Бурабай, Еңбекшілдер, Ерейментау, Зеренді, Сандықтау, Целиноград аудандарында мектептің филиалдары жұмыс істеп, жасөспірімдерді ұлттық спорт түрлерінен жаттықтыруда. Жалпы, облыс бойынша мектеп пен оның филиалдарында 716 оқушы тәлім алып жатыр.

Балаларға арналған жамбы ату, бәйге, көкпар, аударыспақ ойындарынан оқу-жаттығу сабақтары, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстар Көкшетау қаласының іргесінде орналасқан Краснояр селосының маңындағы ипподромда өткізіледі. Мектеп «Ұлттық спорт түрлерінің қауымдастығымен» бірлесіп, көкпардан республикалық және халықаралық, Азия чемпионаттарын, құсбегілердің халықаралық бірінші және екінші фестивалін, тазылар мен төбеттердің халықаралық көрмесін өткізіп тұрады. Осы орайда, облыстық көкпар құрама командасының Қазақстанның үздік үштігіне енгенін, үш мәрте күміс жүлдегер атанғанын айтуға болар еді. Бұл мақтануға тұрарлық жай.

Ұлттық спорт мектебінің жаттықтырушылары да түрлі сайыстар мен жарыстарға қатысып, биік нәтижелерге қол жеткізіп, өз шәкірттеріне үлгі-өнеге көрсетуде. Олардың қатарында жамбы атудан Айболат Естай, көкпардан – Ерғали Тоқабаев, аударыспақтан ойынынан Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанған Алтынкесер Шешханды атап өткім келіп отыр, – дейді ұлттық спорт мектебінің директоры Марат Қойшин.

Ұлттық спорттың білектесу түріне 40 шақты оқушы қатысады. Олармен оқу-жаттығу жұмыстарын жоғарыда атап айтқанымыздай, әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері Илья Ильин өткізеді. Оның шәкірттері республикалық және халықаралық сайыстарда облыс намысын қорғап, өз биіктерін бағындыруда. Араларында әлем чемпионатының жүлдегерлері – Данил Борисов, Азия чемпионатының күміс және қола жүлдегерлері – Олег Сазонов, Денис Лукащук, Олег Пивнев, Павел Новиков, Иван Шудель, Дмитрий Хазов, Диана Ищанова, Руслан Исмаилов, Андрей Хан, Дмитрий Тюков сияқты жас спортшылар бар.

Ұлттық спорт мектебіне келетін балалар спорт түрлеріне байланысты жас ерекшеліктері бойынша қабылданады. Мәселен, балаларды бәйгеге 10-12 жастан, көкпарға 12 жастан, жамбы атуға 10 жастан бастап қабылдайды. Тоғызқұмалақ, құсбегілік, көкпар ойындарына кішкентай балалар алынбайды. Оқушылар оқу-жаттығу топтарында 4 жыл оқиды. Оны тәмамдаған соң, егер олардың жетістіктері болса, спортты жетілдіру тобына ауыстырылады,

Ұлттық спорт мектебінде жасөспірімдер, жастар мен ересектер арасында ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасының чемпионаттары өткізіліп тұрады. Бір жылда әр спорт түрінен республикалық деңгейдегі 3 чемпионат ұйымдастырылады.



51 шақырым қашықтық бойынша аламан бәйгеден «Алтын тұлпар» IV республикалық турнирі Целиноград ауданы Қабанбай батыр ауылының аумағында өткізілді. Әрбір республикалық деңгейдегі жарысқа үзбей қатысуға тырысады. Өйткені, шәкірттерінің шеберліктері сондай аламан додада шыңдалып, мығымдала түседі. Мәселен, көкпарға 12 спортшы, аударыспаққа 5 түрлі салмақ дәрежелері бойынша 5 спортшы, жамбы атуға 1-2, қазақ күресіне 7-8, тоғызқұмалақ пен асық атуға 3 ер бала және 3 қыз бала, бәйгеге 1 шабандоздан қатысады.

Сонымен қатар жуырда ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне Балуан Шолақ бабамыздың аты берілді. Бұл да ел тәуелсіздігінің арқасында қол жеткізіліп отырған жақсылық. Алдағы уақытта Ақмола өңірінің талапты да талантты жастары ұлттық спортқа бет бұрып, биіктен көрінсе екен дейміз.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

«Ұлттық ат спорты жарыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізуге жағдай жасалуда. Барлық облыстар мен Астана және Алматы қалаларында стандартты ипподромдар салынды.

Спорт және дене шынықтыру саласын дамытудың әлемдік тәжірибесі бұқаралық дене шынықтыру-спорт қозғалысын тиімді дамытудың нәтижесінде спортшылар Олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстарда жоғары жетістіктерге қол жеткізетінін көрсетеді»

(Қазақстан Республикасында Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)



АА, ӘЙТПЕСЕ!

Балуанның немересі жатақхана жағалап жүр

Рәзия апай туралы хабарды ел ағасы Сансызбай Мұқитановтан естіп едім. Шаңырағына бас сұғыпты. Хал-ахуалын білген. Тұрмыс-тіршілігімен танысқан.

– Апырым-ай, – деген Сансызбай аға, – ұлт мақтанышы Қажымұқан атамыздың немересі жатақхананың жалғыз бөлмесінде күн кешіп жатыр екен. Аядай жерде алты адам тұрады.



Ағаның көкірегіндегі өкініш енді біздің кеудеге көшкен. Сол өкініш жетектеп әлгі айтқан, Қажымұқан атындағы спорт сарайының сыртындағы жатақханаға жетектеп әкелген. Есікті апайдың өзі ашты. Ұзын бойлы, жанары көгілдір аспандай мөлдір, қапсағай денелі адам екен. 83-ке жасы келсе де жүрісі тіп-тік. Сол жақ қанатта 18 шаршы метрлік бөлме, оң жақтағы ас бөлмені екіге бөліпті. Берідегісі анық үш адам айнала алмайтын, үкіштей, ас ішетін бөлме. Арғы жағындағы жалғыз кереует сиятын жатынжай апайдың мекені болса керек. Сол жерге өттік. Алдында телефон арқылы тілдескенбіз. Екі-үш кітапты айналдыра қарап, ұстап отыр екен. Бәрі қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуан Қажымұқан атасы жайындағы жинақтар. Көнелеу



Ортада — Қажымұқан, алдындағы — ұлы Айдархан. Кимешек киген Мариям Жагоркызы (Мария Егоровна Рыкина) және оның жұбайы Дүйсен (оң жақтан санағанда бірінші). Сурет 1945 жылы Семей қаласында түсірілген (жазушы С, Бақбергенов архивінен).

бір кітаптың бетінде атамыздың суреті басылыпты. Бұлшық еттері білеу-білеу. Бар ғұмырын күрес өнеріне арнаған, әлемнің 54 мемлекетінің боз кілемінің үстінде белдесіп, 48 медаль олжалаған, дүниежүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт тәрізді жампоздармен қатар жүрген, белдесу кезінде осы атағынан ат үркетін палуандарды шетінен қырата жыққан атамыздың бұлшық еттері исі қазақтың мақтанышы емес пе?

– Атамды жалғыз-ақ рет, соғыс басталардың алдында, 1940 жылы ғана көрдім. Бала болсам да бейнесі, алып денесі, мейірімділігі есімде, – дейді Рәзия апай, – атам кеңес заманында құдалау да көрді ғой. Бұл патшаның адамы екен, патшаның қолынан медаль алған, сыйлық алған сыбайласы деп түртпектей берген соң отбасын тастап, Түркістанға, одан әрі Өзбекстанға бас сауғалап кетті ғой. Өмірінің соңғы жылдары қасиетті Түркістан топырағында өтті. Сондағы Бөген ауданына қарасты Ленин туы колхозында қайтыс болды. Атамның қабірі Темірлан ауылында.

Қолындағы кітаптарын парақтап, асыл атасын есінде алған сәтте Рәзия апайдың ақсары жүзіне ақ торғын мұң шарбысы шарпыған. Жазық маңдайдың әлденеше жеріне жіңішке, ирек-ирек әжімдер қонақтапты. Атасы көрген азаптың, өзі көрген қиындықтың маңдайға түскен таңбасы іспетті.

– Омбы өңірін жайладық, – дейді апай, – мен бүкіл ғұмыр бойы денсаулық сақтау саласында қызмет еттім. Фельдшер-акушер болдым. Омбы да атамның жайлаған жері. Орыс-қазағы түгел сыйлайтын. Өзіміздің адал еңбегімізді әрі ең негізгісі, дүниежүзіне аты жайылған қазақтың қайтпас қайсар перзенті Қажымұқан атамның аруағын. Сол 1940 жылы келген сапарында әжеміз екеуімізге үй әперіп кетті. Кейін оңтүстікте жүргенде Қыпшақтың Мінәйім деген қызына үйленгенін білесіздер. Жетпістен асқан шағында атам тағы бір рет шаңырақ көтерген. Өзі тәрізді жасы келген адамның қызы екен. Аты Бибіжан. Қажы атамның қажып жүргенін көрген әлгі ақсақал бойжеткен қызын арбаға өзі көтеріп салып беріпті де, «мына кісіні күтетін бол» депті. Міне, халықтың ықыласы.

Қазір бауырлары Оңтүстік Қазақстан өңірінде тұрып жатыр. Қатынасып тұрады. Үнемі жол түсе бермесе де, телефон арқылы. Рәзия апайдың жолдасы Хамзе Сәрсенов мұғалім болған кісі екен. Мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің бастығы болып қызмет істепті. Өмірге алты перзент әкелген. Шабдан, Жанайдар, Фарида, Рәзия, Құлымбет, Әлихан. Осы алтауынан қалған Фарида екеуі ғана. Фарида қазір Омбыда тұрады.

Қажымұқан атамыз 1909 жылы Надежда Николаевна Чепковскаяға үйленеді. Мұсылман дініне енген әжемізге қазақша Бәтима деген есім беріледі. Әжеміздің өзі жас кезінде цирк әртісі болған. Ат құлағында ойнаған спортшы. Осы Бәтима апайдан 1910 жылы Қажымұқанның ұлы Халиолла туады. Халиолла 16 жасқа толғанда Шәпен атты қызға үйлендіріп, жеке отау болып шыққан.

Арыдағы тарихтан шым-шымдап сыр суыртпақтағанда, тілге оралғаны осы. Ал Қажымұқан атамыздың ғұмырбаянын оқырман қауым жақсы біледі. Сондықтан, оны түгел таратып айтудың реті жоқ. Біздің айтпағымыз бүгінгісі. Батыр ұрпағының қазіргі тыныс-тіршілігі. Қарттар айлығы да аяқталды.

– Апай, қарттар айлығында келіп құттықтап, жағдайыңызды біліп тұратын шығар? – деп сұрадық біз.

Әдемі, ақ сары жүзі іштегі өкініштің ыстық лебімен алаулаған апайдың жүзі сәл күреңіткендей. Бірақ тіс жарып өкпесін айтпады. Бұл жайында, тіпті ләм-мим демеді. Қайдан айтсын, батырдың тұяғы емес пе?!

Қазір осы ат айналғысыз, аядай бөлмеде жиен немерелерімен тұрып жатыр. Немерелері жоғары оқу орындарында білім алуда. «Жас еспей ме, жарлы байымай ма?» дейді біздің қазақ. Күні ертең ат жалын тартып мініп, азамат болып кетеріне титтей күмән жоқ. Аталарына тартса, қол-аяқты шырмаған қиындық атаулыны бұзып-жарып, қатарға қосылады деп сенімдімін.

– Осыдан 12 жыл бұрын пәтер кезегіне тұрып едім. Қазір сол кезекте үш мыңның үстінде адам бар ғой деймін, – дейді апай, – кезегіміз келгенше біз тосармыз-ау, жаратқан ие тоса қойса. Жасыратыны жоқ, олай-бұлай болып кетсек жұрттан ұят-ау, тіпті.

Қайран қазақтың көне көздері-ай, тірі жүргендегі ғана емес, одан кейінгі де ұятын ойлайтын ғажап мінездерін-ай.

Батыр атамыздың бір белгісіндей ортамызда жүрген Рәзия апайдың шаңырағынан шығып бара жатып, табалдырық кезінде тұрып ойладым. Осы қазақтың кәсіпкерлері қайда екен? Әншейінде Қажымұқан тәрізді ұлт алыптарын айтып, көкірегімізді соғып, қаздай шулатқанда сөзге қонақ бермейміз. Ал, енді осындайда біреуі емес, бірнешеуі қосылып, асылдың сынығын жерге қаратып қоймай, бір баспанаға қолын жеткізіп жіберсе, елдігіміз көрінбес пе еді.

Далада қоңыр күздің қара суығы ұйытқи соғып тұр екен. Денем тітіркеніп кетті. Күзгі қара суықтан ба, жоқ, әлде қазақтың хас батырынан қалған жұрағаттың жайынан ба?!. Тап сол арада, сол күйді өзім де айыра алмадым.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

СПОРТ

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарасу елді мекенінде тамаша спорт кешені пайдалануға берілді. «Рауан» деп аталған спорт кешенінің ашылу салтанатында Сайрам ауданының әкімі Бақтияр Мамаев жергілікті тұрғындарға қуаныш сыйлаған әрі жанашырлық танытқан кәсіпкер Байсейіт Жамалбеков ризашылығын білдіріп, спорт кешенінде жаттыққан өрендер арасынан чемпиондар көптеп шыға берсін деген тілегін жеткізді. Сонымен қатар салтанатты шарада ел ағалары мен ардагерлер және аудандық мәслихат депутаттары да құттықтау сөз сөйледі.



Құрылысы 2016 жылы басталған нысанды тұрғызуға 30 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалған. Кешенде үстел теннисі, футбол және бильярдпен жылдың төрт мезгілінде де шұғылдануға мүмкіндік бар. Сонымен қатар денсаулықты нығайтатын құрал-жабдықтармен қамтылған жаттығу залы да қызмет көрсетуге әзір. Ел алғысын алған кәсіпкер әрбір азамат туған жерінде жұртқа пайдалы жұмыс істеу керек екенін айтты.

Б.Жамалбеков «Құрылысты былтыр бастап, биыл Тәуелсіздік күні қарсаңында ел игілігіне ұсынудың сәті түсіп отыр. Спорт кешенінде келушілерге барлық жағдай жасалған. Зейнеткерлер мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларына жеңілдіктер бар. Жастар спортпен шынықсын, жаман әдеттерден аулақ болсын. Басты мақсатымыз – осы», – дейді.

Ауыл спортына әр кірді



Қарасулықтар бүгінде әр күнін спортпен айналысумен өткізіп келеді. Бұған әсіресе, жас спортшылар дән риза. Салауатты өмір салтын ұстанған ауыл тұрғындары енді аудандық, облыстық, республикалық байрақты бәсекелерге қатысамыз деп қолдарын ысқылап отыр.

Сабырбек ДӘНІҚҰЛҰЛЫ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

КӨРСЕТКІШ

Жаһандық рейтингтегі жаңа белес

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік білім кеңістігіндегі жоғары бәсекеге қабілеттілігін кезекті рет дәлелдеді. Беделді Round University Ranking (RUR) рейтингтік агенттігінің мәліметтері бойынша, Қазақстан пәндік рейтингтен алғаш рет көрінуде. Сондай-ақ оған енген жалғыз университет – Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болып отыр.

ҚазҰУ әлемнің 761 жетекші жоғары оқу орны арасында гуманитарлық ғылымдар бойынша 448-орын, медициналық және жаратылыстану ғылымдары бойынша, сәйкесінше, 411 және 563-позицияларға ие болды. RUR рейтингі 6 пән саласы бойынша үздік университеттерді бағалау жүйесі ретінде құрылған: гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық, қоғамдық, биологиялық және медициналық ғылымдар. RUR рейтингіне ЖОО мәліметтерін халықаралық Thomson Reuters компаниясы деректерді арнайы зерттеу – Global Institutional Profiles Project (GIPP) арқылы ұсынады. Сауалнама жыл сайын жүргізіледі және әлем бойынша 850-ге жуық жетекші университетті қамтиды.

Қазақстандық жоғары оқу орнының тағы бір танымал жаһандық UI Green Metric Ranking of World Universities – 2017 рейтингіндегі көшбасшылық орны нығая түсті. Аталған рейтингте 13 позицияға ілгерілеп, ҚазҰУ 186-орынға көтерілді және әлемнің 200-топ «жасыл» университеті қатарына кірген отандық жалғыз оқу орны болып қала береді.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛЕДІ



Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Керемет» жастар ресурстық орталығының «Азаматтық бақылау» әлеуметтік жобасы аясында қоғамдық қабылдау ашылды. Кез келген азамат мемлекеттік билік мекемесімен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің лауазымды тұлғалары тарапынан жемқорлық дерегіне тап болса, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсетуді, соның ішінде құжатты рәсімдеу кезінде лауазымды тұлға тарапынан қандай да бір кедергіге тап болса «Қоғамдық қабылдаудың» көмегіне жүгінсе болады.

Ал «Қоғамдық бақылауға» түскен сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат құқық қорғау мекемелеріне жіберіледі. Оған «Қоғамдық бақылау» қызметкерлері жауапты болып, шағымданған әрбір азаматқа қолдау көрсетіледі.

Сондай-ақ ақпарат көздері мен оны жіберген азаматтардың аты-жөні құпия түрде сақталынады. Уақыты тапшы азамат арызын электрондық түрде жөнелте алады. Ол үшін хатты жеке қауіпсіздік бөлімшесінің obshestvo.priem@gmail.com. электрондық мекен-жайына жолдауына болады.

Ұлжалғас БОРАНБАЙ

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН –
арнаулы тілші
Әбдіманап КЕҢЕС –
жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА –
терімші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ –
web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Баян ЖАҢҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат *(М.Мақатаев көшесінің қиылысы)*
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2143;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Құрылыс

БАСТЫ МІНДЕТ – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Талдықорған қаласының аумағындағы бірнеше нысанды аралап, құрылыстың жүру қарқынымен танысты. Кеткен кемшіліктерге қатысты тапсырма беріп, сапалы қызмет көрсетуді талап етті. Әсіресе, қаланың көркін ашатын көгалдандыру, абаттандыру, ағаш егу сынды мәселеге жіті назар аударды.



Алдымен басшылық әуежайға бас сұғып, бірқатар кемшілікті кезіктірді. Әлі де болса тазаланбаған құрылыстың қалдығы көзге бірден түседі. Асфальттанбаған аумақ та әуежайдың сәнін бұзып тұр. Сондықтан бір аптаның ішінде көгалдандыру мен абаттандыру аяқталуы тиіс. Жарық шамдарын орнату, гараж бен бокстарды нөмірлеу, құрылғысын орналастыру сынды тапсырма берілді. Әуежай осыған дейін көмірмен жылынып келген, енді газ тарту мәселесі қозғалды. Сонда шығын да барынша азаятын болады. Алматы – Өскемен тасжолының ортасындағы шөп құрап жатыр, суғарылмағаны бірден байқалады. Осыны ескерген Амандық Ғаббасұлы дизайнер шақырып, гүл отырғызу, ағаш егіп, көріктендіре түсу сынды ескерту жасады. Жол жиегіндегі демалыс алаңқайда ағаштар құрап жатыр. Сондықтан көшет отырғызу, абаттандыруды қажет етеді. Қаратал өзенінің арнасынан сумен бірге ағып келген ағаштар көзге ілікті. Тез арада қызметкерлер соны тазартып, ретке келтіруі тиіс. Ал жаңадан ашылып жатқан жағалауды жарықтандыру мен жол салу бір ай мерзім ішінде аяқталады деп күтілуде.

Облыс әкімі Амандық Баталов қаланы газдандыру қалай жүріп жатқанымен танысты. Қазір 218 үй «көгілдір отынмен» қамтылды. Сондай-ақ, асфальт салынбаған көшелерді жыл сайын жасау, әсіресе, газ тартылып жатқан көшені қалпына келтіру сынды міндет жүктелді. Орталық саябақтың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жүйелі жұмысқа куә болған Амандық Ғаббасұлы ең бастысы, сапа екендігін ескертті. Қаланың оңтүстік-батысында бой көтеріп жатқан жаңа әрі биік үйлер облыс орталығының сәнін кіргізуде.

– Пәтерлердің ауласын барынша көрікті етіңдер. Әсіресе, балалар емін-еркін ойнап, тұрғындар дұрыс демалуы керек. Ақша жоқ емес, бар. Қанша сұрасаңдар да беремін. Тек сапалы жұмыс атқарсаңдар болды. Әр нәрсеге жанашырлықпен қарандар. Үйлердің сыртын бояу туралы қаншама рет тапсырма бердім, әлі орындалмаған. Балкондарды да біркелкі етіп, жүйеге келтіріңдер, – деген Амандық Ғаббасұлы жауапты тұлғаларға тапсырманы жылдам орындауды тапсырды. Әрмен қарай басшылық Алматы–Талдықорған жол жиегіндегі коттеджді қалашықтың жоспарына көз жүгіртті. Қаладан шеткері орналасқан аумаққа тұрғындар үй салып жатыр. Алайда әлі күнге дейін жарық, су тартылмаған. Жол да салынбапты. «Келісімсіз үй тұрғызуға болмайды. Қайда қарап жүрсіңдер? Халыққа түсіндірмейсіңдер ме? Жолы мен жарығы, жылуы мен су жоқ жерде жұрт майшаммен отырады ма? Алдымен осы маңызды нәрселер шешілуі керек. Содан кейін барып, үй тұрғызуға рұқсат береміз», – деген Амандық Баталов облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов, қала әкімі Бағдат Қарасаев, қала әкімінің орынбасары Асқар Тұтыбаевқа қатаң ескерту берді.

Басшылық апта сайын осындай жерлерді аралап, тексеру жүргізуі тиіс екенін айтты.

Мұнан соң өңір басшысы жақында пайдалануға берілетін салтанат сарайына кіріп, құрылыстың мән-жайын анықтады. Жүйелі жұмысқа тәнті болып, құрылысшыларға ризашылығын білдірді. Әрмен қарай галерея нысанына барып, ондағы қызметтің жұру барысын бағамдады. Қала тұрғындарының саны жыл сайын артып келеді. Сондықтан мектеп қажеттілігі туындауда. Осы орайда қаланың оңтүстік-батысы мен солтүстік-батысында 1200 орынды қос жаңа мектеп салынып жатыр. Білім ордаларына арнайы барған Амандық Ғаббасұлы мамандарды барынша сапалы қызмет етуге шақырды. Өйткені мектеп болашақ ұрпақтың білімін жетілдіретін киелі мекен. Сол себепті мектеп заманауи құрылғылармен қамтылуы керек.

Алтын орақ

ҚАМБА АСТЫҚҚА ТОЛДЫ

Аптапта алтын дән сапырған күреңбелдіктердің биыл да ырысы мол. Жаз ыстық болғасын ба, егіннің пісуі ерте, түсуі мол, құнарлық деңгейі де жоғары. Бұл туралы Алматы облысындағы Кербұлақ ауданына қарасты Қызылжар ауылында орын тепкен «Асанұлы Б» шаруа қожалығының жетекшісі Бауыржан Асанұлы айтып берді.



Аталған шаруа қожалығы 2007 жылы іргетасын қалаған. Шаруашылық бүгінде шамамен мың гектар жердің егінін орады. Егіс алқабының жартысынан көбі күздік бидайдың еншісінде. Шаруашылық жетекшісінің айтуынша, соңғы апталардағы ыстықтың ықпалы тәуір болыпты. Нәтижесінде, бидай күткен уақытынан бұрын піскен. Сондықтан, биыл орақ науқаны шілде айының ортасында-ақ басталып кеткен.

– Биыл гектарына 20 – 25 центнер өнім алуды жоспарлағанбыз. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен әлдеқайда жоғары. «Богарный – 56» және «Одесский» тұқымдарын пайдаланамыз. Нәтижесі жаман емес, – дейді қожалық жетекшісі Бауыржан Асанұлы.

Осы орайда, ұжым жетекшісі өңірде тұқым шаруашылығын дамытудың бүгінгі күн тәртібіне қойылуы тиіс өзекті мәселе екенін, аты әйгілі отандық сала ғалымдары бола тұрса да, олардың білім-білігі, қарым-қабілеті шаруа игілігіне толық бағытталмай келе жатқанын айтады. Сонымен қатар жиналған астықтың ендігі құйылар қамбасының белгісіздігі, яғни өткізу мәселесінің қиындығы да қазірге шешімін таппаған.

Бұл ретте аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жалғас Катжанов осы мәселе сала басшыларының назарында екенін айта келіп, науқанға орай аймақ көрсеткішін де тілге тиек етті.

Ауданда биыл 85 мың гектарға жуық аумаққа дәнді дақыл себіліп, бүгінде оның 25 мың гектары орылып біткен. Астық ору науқанына 247 комбайн, 188 жүк көлігі және басқа да қосымша техникалар жұмылдырылуда. Бұдан бөлек, мыңнан аса трактордың көмегімен 100 мың тонна шөп дайындалған.

Соның ішінде «Асанұлы Б» шаруа қожалығының атқарған қызметі еселі. Ұжымда қазір 12 адам табан аудармай тер төгуде. Біз барғанда комбайншы Ғалымжан Тоқсабаев серіктестері Қайрат Қожахметов және Дәуітбай Қашағановпен бірге күннің ыстығына қарамастан, орылған астықты жүк көлігіне құйып жатты. Олардың өз жұмысына шеберлігі мен еңбеккерлігіне қарап «Еңбегі қаттының татқаны тәтті» екенін бағамдайсыз.

Еңбек демекші, өз кезегінде Бауыржан Асанұлы жақсы өнім алудың оңай шаруа емес екенін жеткізді. Әрі өз тәжірибесін де ортаға сала отыруды ұмытпады.


Шаруашылық жетекшісі «Мен мемлекеттік бағдарламаның мүмкіндігін пайдаланамын. Қазір «КазАгроҚаржы» арқасында жаңа техникаларға қол жеткіздім. Келешекте жер көлемін ұлғайту да ойда бар», – дейді.

Ұжым егіннен бөлек, қосалқы мал шаруашылығымен де айналысады. Қазір қожалықта бір отар қой, бір үйір жылқы, 100-ден аса ірі қара бар. Сол себепті жұмысшылар жұмыссыз қалмайды. Жазда егін басында, қыста фермада еңбек етеді.

Жауапкершілік пен сенім

НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесуінде айтылған ұсыныс пен ескерту бойынша қабылданған іс-шара жоспары 2017 жылдың алғашқы алты айында орындалуда.



Алматы облысы бойынша 2017 жылғы қаңтар-ақпан айларында 792 есепті кездесуі өткізілді. Шара барысында аудан, қала әкімдерінің және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ және кент әкімдерінің атына 352 ұсыныс пен ескерту айтылды. Атап айтар болсақ, жолды жөндеу мен салу, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарының құрылысы, ауыз су мәселесі, абаттандыру, санитарлық және экологиялық жағдай, елді мекендерді жарықпен, газбен, телефонмен қамтамасыз ету. Тұрғын үй және жер қатынастары бойынша ұсыныс, тілек айтылды.

Облыс әкімінің есепті кездесуінде тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шара жоспарына төмендегі 11 мәселе енгізілді. Атап айтсақ, «Ақсу ауданы Ашыбұлақ ауылын орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы және қайта жаңғырту» жобасы әзірленіп, су құбырын салуға облыстық бюджеттен 151,6 млн теңге бөлінді. Жобаға сәйкес I және II көтергішті сорғы стансасын, хлор-сатуратор құдығын, бақылау-өткізу бекетін, су жинағыш резервуар, арынды мұнара, фильтр тұндырғыш салу қарастырылған. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Ал Қарасай ауданы Береке ауылындағы бос тұрған жекеменшіктегі мәдениет үйін сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 25,4 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Текелі қаласындағы №2 психологиялық-педагогикалық кабинетке қажетті ғимаратты сатып алуға қаржы бөлу бойынша облыстық білім басқармасы мен Текелі қаласы әкімдігі тарапынан қажетті ғимарат іздестіру жұмысы жүргізілуде. Төртінші тоқсанға жоспарланған Жамбыл ауданы Қарақастек ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория салу үшін жергілікті бюджет есебінен 255,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта мердігер ұйым «Еламан» ЖШС-і құрылыс-монтаж жұмысын жүргізуде. Нысанды 30 тамызда пайдалануға беру жоспарланған. Іле ауданы Өтеген батыр кентінде 125 төсектік перзентхана салу бойынша облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 1 маусымдағы №12-62 шешімімен перзентхана құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 5 млн теңге бөлінді. Нысанның атауын қолданыстағы аудандық орталық ауруханаға перзентхана жапсаржайының құрылысы деп өзгерту мәселесі қарастырылуда. Қаратал ауданы Үштөбе қаласының ішкі жолын жөндеу үшін облыстық бюджеттен 284 млн теңге бөлінді. Қазіргі кезде мердігерді анықтау үшін ашық конкурс жарияланды. Панфилов ауданы Үлкеншығанауылындағы үш ауысымды мектепке 300 орындық жапсаржай құрылысына жергілікті бюджеттен 300 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алуды жариялауға конкурстық құжаттама дайындалуда. Нысанды 2018 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Талғар ауданының Нұра ауылындағы «Төле би», «Бәйдібек» шағынаудандарын электр желісімен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 166,2 млн теңге бөлініп, құрылыс-монтаж жұмысы жүргізілуде. Талдықорған қаласы «Жастар-1», «Жастар-2» және «Ынтымақ» шағынауданының жолын жөндеуге 443,6 млн теңге қажет. Бүгінде оның 150 млн теңгесі бөлінді. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. «Жастар-2», «Ынтымақ» шағынауданының жолын абаттандыру, инженерлік жер асты коммуникациясын жүргізу жұмысы аяқталған соң жүргізіледі. «Жастар-1», «Жастар-2», «Ынтымақ» шағынаудандарын сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйесінің құрылысына Ұлттық қордан 1,5 млрд теңге бөлінді. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізілуде. Аталған шағын аудандарды «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету 2018 жылы Талдықорған қаласының газ тарату желілері құрылысының 4-кезеңі аясында жоспарлануда.

Аудан және қала әкімдерінің есепті кездесуі жөніндегі іс-шара жоспарына 176 ұсыныс енгізілген. 2017 жылдың екінші тоқсанға 29 мәселе жоспарланып, олар толығымен орындалды. Мәселен, Талдықорған қаласы әкімінің есептік кездесуінде тұрғындардан түскен 13 ұсыныстың бірінші тоқсанда алтауы, екінші тоқсанында бесеуі толығымен орындалды. Екінші тоқсанға жоспарланған қаланың 3-ші бөлімшесіндегі үйлерді инженерлік желіге қосуға жоба-сметалық құжатты дайындау үшін 6,2 млн теңгеге тапсырыс дайындалды. Қаланың Біржан сал, Д.Рақышев көшелерінің жолы жөнделуде. Қабанбай батыр және Медеу көшелерінің аралығындағы Абай көшесіне орташа жөндеу жұмысын жүргізуге 427,1 млн теңге қажет, оның 350 млн теңгесі бөлінді. Бүгінгі күні мердігер мекемені анықтау мақсатында мемлекеттік сатып алу байқауы жарияланды. Еркін ауылындағы Қазақстан көшесіндегі жолға күрделі жөндеу жұмысы газ тарату жүйесі орнатылып біткеннен кейін жүргізіледі.

«Мерекелік» «Қаратал», «Ключи», «Сарыбұлақ» қала жанындағы елді мекендердің электр желісін қайта жаңғырту жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмысын жүргізуге конкурс жарияланды. Көпқабатты үйлерді жөндеу бойынша тұрғындардан қайтарылған 82,9 млн теңге есебінен қаланың төрт көпқабатты тұрғын үйлеріне жөндеу жұмысын жүргізу жоспарланды. Бұдан басқа жалпы құны 298 млн теңгені құрайтын 15 үйдің жөндеу жұмысына өтінім мен есеп жасалып, оларды да тұрғындардан қайтарылған қаражат есебінен жүргізу жоспарлануда.

Қарасай ауданы әкімінің есептік кездесуінде айтылған 12 ұсыныстың жетеуі орындалуы екінші тоқсанға жопарланып, өз шешімін тапты. Қаскелең қаласы және Үштерек, Жандосов, Бекболат, Жаңатұрмыс, Көксай ауылдарындағы көшелердің жолын жөндеуге 279,9 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмысы толығымен аяқталды. Қаскелең қаласы Қарасай батыр көшесінде орналасқан №62, 64 көпқабатты тұрғын үйлердің ауласына 19, 3 млн теңгеге абаттандыру жұмыстар жүргізілді.

Алакөл ауданы бойынша 1 шілдеге жоспарланған 5 ұсыныстың барлығы орындалды. Атап айтсақ, жергілікті бюджеттен 276 мың теңге бөлініп, Достық ауылдық округіндегі 177 қаңғыбас иттің көзі жойылды. Көктұма ауылының учаскелік полиция бекетінің құрылысына 22 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмысы жүргізілуде. Қарабұлақ орта мектебіне күрделі жөндеу жұмысын жүргізу үшін 100 млн теңге қарастырылып, құрылыс-монтаж жұмысы басталды. «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында 411,9 млн теңге бөлініп, Ақтүбек, Қарлығаш ауылдарының ауыз су жүйесінің құрылыс жұмысы жүргізілуде. Қоңыр ауылының кіреберісіндегі тасжолына 151,4 млн теңгеге жөндеу жұмысы атқарылуда.

Жамбыл ауданы бойынша бес ұсыныстың үшеуі үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанына, екеуі екінші тоқсанына жоспарланып, толығымен орындалды. Мыңбаев ауылының мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуге 237 млн теңге, Шиен ауылының ауыз су жүйесін күрделі жөндеуге 143,7 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмысы жүргізілуде.

Балқаш ауданы әкімінің есептік кездесуінде айтылған 13 ұсыныстың үшеуінің орындалуы бірінші тоқсанға, үшеуінің орындалуы екінші тоқсанға жоспарланып, өз шешімін тапты. Атап айтқанда, Көктал ауылдық округінде жаңа фельдшерлік акушерлік пункті іске қосылды. Қарой ауылының көшелеріне орташа жөндеу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар аудандық орталық ауруханаға ультрадыбыстық зерттеу (УЗИ) аппараты алынып, дәрігер арнайы қайта даярлау курсынан өтіп, аудан тұрғындарына қажетті қызмет көрсетуде.

Сарқан ауданы әкімінің есептік кездесуінде тұрғындардан түскен 7 ұсыныстың екеуі үстіміздегі жылдың екінші тоқсанына жоспарланып, шешімін тапты. Яғни Шұбартүбек ауылындағы бұзылған су құбыры қайта қалпына келтіріліп, ауылдағы 39 үй толық ауыз сумен қамтылды. Бірлік ауылынан 6 жұмыссыз азамат жұмыспен қамту орталығына тіркеуге алынып, үшеуі кәсіптік оқуға, екеуі қоғамдық жұмысқа тартылды. Бір азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің есепті кездесуінде айтылған ұсыныс бойынша Есік қаласының санитарлық тазалығына 9,2 млн теңге бөлініп, қаражат толығымен игерілді.

Қапшағай қаласы әкімінің есепті кездесуінде тұрғындардан түскен 11 ұсыныстың біреуі екінші тоқсанға жоспарланған. Бүгінгі күні аталған мәселе бойынша «Алтын-Алма» бағбандық серіктестігінің кіреберіс жолын жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларына бюджеттік өтінім жолданды.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округ пен кент әкімдерінің есепті кездесуінің қорытындысы бойынша 176 ұсыныс іс-шара жоспарына енгізілген. Соның ішінде екінші тоқсанда 49 ұсыныстың орындалуы жоспарланған. Олар толығымен орындалды.

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесуінде айтылған ескерту мен ұсынысты іске асыру жөніндегі іс-шараның орындалуы тұрақты бақылауға алынып, облыстық, аудандық және қалалық әкімдіктерінің отырысында тоқсан сайын қаралып отырады. Есепті кездесуінде айтылған ұсыныс пен ескертуді орындау жұмысы жалғастырылуда.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Туризм

Жыл өткен сайын Алакөл аймағының туристік әлеуеті артып, алыс-жақын шетелден қысқа, ұзақ мерзімге демалып қайтуға келетін қонақтың қатары көбеюде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алакөлде 450 мыңнан астам адам демалыпты. Биыл бұл сан өсіп, 700 мыңнан асады деп күтілуде. Бұған көл бойындағы туристік қызмет көрсететін нысандардың мүмкіндігі жетеді.



ЕМ АЛАТЫН ДА, ДЕМ АЛАТЫН ДА ЖЕР...

Алакөлдің жағалауында демалыс үйі, демалыс аймағы, пансионаттар Ақши және Көктұма ауылдарында орналасқан. Аудандық кәсіпкерлік басқармасынан алынған ақпаратқа сүйенсек, бүгінде Алакөл ауданы аумағында 144 демалыс үйі, демалыс аймағы, пансионат, қонақүй және туристік кешен орналасқан. Атап айтқанда, 500 орынды «Пеликан» қашықтан оқыту жүйесі, 350 орынды «Ала теңіз», «Аласу» және 200 орынды «Қара Тас», 150 орынды «Көктұма» пансионаты, тағы да басқа жекеменшік үйлердің жанынан ашылған қонақүйлер бір уақытта 4500 адамға қызмет көрсете алады. Бұлардың барлығы Алакөлдің жағасында орналасқан. Осы демалыс орындарының мүмкіндігін жақсарту үшін облыстық туризм басқармасы еліміздің туризм саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы № 508 қаулысына сәйкес, көл жағалауының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 17 іс-шара қарастырыпты. Осыған орай 2015-2017 жылдар аралығында Ақши ауылының көл жағалауында 3 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып, Falkon Petrolium ЖШС-нің және «Аквамарин ресорт» пен Каримовтың көпсалалы демалыс орындары бой көтеруде. Былтыр «Аквамарин Ресорд» ЖШС-нің жобалық құны 568 млн теңгелік 500 орынды демалыс орны қосылып қызмет көрсетті. Биыл 350 орынды құны 350 млн теңгелік «Алакөл ресорд» пен құны 300 млн теңгелік «Атлантис» демалыс аймағы іске қосылды. Сондай-ақ 2 млрд 300 млн теңгеге 450 орынды «Фалкон Петролиум» ЖШС қонақүй кешені құрылысын жыл соңына дейін аяқтап, іске қосуға жұмыс істеп жатыр.

Жыл сайын сервистік қызмет көрсету деңгейі де өсіп келеді. Өткен жылы ауданда туризм саласы бойынша 132 демалыс орнында 452700 адам демалып, 2015 жылмен салыстырғанда 3 есеге артты. Оларға 1563 млн теңгенің қызметі көрсетілді. Сонымен қатар 560 адам маусымдық жұмыспен қамтылды. Ал биыл 6 айлық есебі бойынша аудандағы 144 демалыс орнында 300 мыңға жуық адам демалған. Жазғы демалыс маусымының қауырт мезгілі енді басталғанын ескерсек, бұл сан алдағы уақытта еселеніп, жоспарлаған мөлшерден асып түсуі мүмкін. Сонымен қатар өткен жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша туризм саласындағы үш жобаға 39 млн теңге демеуқаржы берілсе, Даму қоры үш жобаны 215 млн тенгеге қаржыландырды. Тағы да екі жоба екінші деңгейдегі банктерде қарастырылуда. Биыл 8-10 мамыр аралығында «Пеликан» отбасылық демалыс үйінде «Крылья Алаколя» фестивалі жоғары дәрежеде өтіп, туристердің назарын аударды.

Көл жағасын өркендету жұмысы бас жоспар бойынша жүзеге асырылуда. Өткен жылы Ақши ауылында ауылдық дәрігерлік амбулатория, сауда орталығы, наубайхана және «Астана» дүкені іске қосылды. Алакөлге баруды қамтамасыз ету мақсатында биылғы жазғы демалыс маусымында «Алматы – Достық» бағытында жүретін № 452/451 туристік пойызы 24 вагонмен аптасына 3 рет қатынауда. Сонымен қатар «Алматы-Үшарал – Ақши – Көктұма» маршруты бойынша күніне 10 автобус жолаушы тасымалдайды. «Жетіспейтін инфрақұрылымды дамыту» бағыты бойынша Ақши демалыс аймағын электр қуатымен толық қамтамасыз ету мақсатында жалпы құны 610 млн теңгеге құрылыс жұмысы 2014 жылы басталып, 2015 жылдың қараша айында аяқталған. Ақши ауылы бойынша ішкі жол мен көшелерді қалыпқа келтіру мақсатында 23 шақырым жолға құрылыс жұмысы басталған. Жоба құны 2 млрд 998 млн теңге. Былтыр жергілікті бюджеттен 35,9 млн теңге қаржы бөлініп, Ақши ауылында ауызсу жүйелерінің құрылысы басталып, биыл іске асырылыпты.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту үшін Ақши ауылының кәріз жүйесінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 11 млн 23 мың теңге Көктұма ауылының кәріз жүйесінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 9 млн 93 мың теңге қаражат бөлінген. Қазіргі кезде жоба дайындалып, келер жылдан құрылыс жұмысын бастауды жоспарлап отыр. Ағымдағы жылы «Тұрғын үйлерді қайта жаңғырту – 2020» бағдарламасы бойынша Ақши ауылында орналасқан 14 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. Сондай-ақ туризм саласын дамыту мақсатында Үшарал қаласында жалпы құны 889,1 млн теңгені құрайтын 1 ауысымда 50 жолаушыға қызмет көрсететін әуежай құрылысын салу үшін 2016 жылы бюджеттен 348,7 млн теңге, үстіміздегі жылы 547,9 млн теңге қаражат қарастырылып, жұмыс кестеге сәйкес атқарылуда.

Алакөл ауданы орналасу жағынан туризмнің барлық түрін, атап айтсақ, экологиялық, танымдық, спорттық, емдеу-сауықтыру және аңшылық туризмді дамытуға қолайлы өңір. 1998 жылы құрылған «Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы» экотуризмді дамытуға зор үлес қосуда. Қорық аймағында 300-ден астам құс мекендейді. Олардың 40-тан астамы еліміздің Қызыл кітабына, реликті шағала әлемдік «Қызыл кітапқа» енген. Қорық қызметкерлері экологиялық және танымдық туризмді дамыту мақсатында 5 туристік бағыт ұйымдастырып отыр. Оның екеуі қорық аймағымен өтеді. Сонымен қатар агротуризмді дамытуға аудандағы Лепсі, Жыланды өңірлері таңдап алынған. Осы салада биыл «Жер-Су» инвестициялық-өндірістік корпорациясының бастамасымен Лепсі ауылына Белоруссиядан 8 бас зубр жеткізілпті. Бүгінгі күні елімізде 18 зубр мекендейді десек, соның оны «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде, сегізі Лепсі ауылында. Сондай-ақ Жыланды ауылдық округіне қарасты Көкжар учаскесінде 123 бас қодас өсірілуде. Алакөл демалыс орны ғана емес, шипалы қасиетімен де танымал. Емдеу-сауықтыру туризмін дамыту бойынша Ақтүбек ауылында «Алакөл – Арасан» балшықпен емдеу-сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Орталықтың күніне 18 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар. Аңшылық туризмінде ауданда 3 аңшылық шаруашылығы құрылған.

Көптен бері көл жағалауындағы заманауи байланыс жүйесін жетілдіру жайының айтылып келе жатқаны анық. Жұрт тілегін ескерген алакөлдіктер туристерді сапалы интернет жүйесімен қамтамасыз ету үшін Достық ауылынан 1 базалық интернет стансасын орнатып, желіде байланысуды жеңілдете түскен. Алдағы уақытта Үшарал қаласы, Ақши және Көктұма ауылына базалық интернет стансасын орнату жоспары қарастырылуда. Бұл жоспар орындалса, көл жағасында жүріп-ақ, әлемнің әр түкпіріндегі елдермен интернет байланысын орнатуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар көлге шомылу маусымы басталысымен Ақши ауылында ауылдық дәрігерлік амбулатория, АЗС, көлік тұрағы, наубайхана және дәріхана жұмысын бастайды.

Қысқасы, Алакөлдің туристік әлеуеті артып келеді. Мұнда демалушыға барлық жағдай жасалған. Көлдің шипалы суымен емделіп, жүйкеңізді тынықтырғыңыз келсе, еш ойланбай Алакөлге тартып кетіңіз.

Мәселе

Алматы облысы республика көлемінде жол апаты салдарынан адам шығыны бойынша бірінші орында тұр. Көрсеткішті азайту үшін көптеген іс-шара жасалып жатыр. Алайда нәтиже төмен.

Жыл басынан бері облыс аумағында 968 жол апаты орын алып, 191 адам қаза тапқан. Тіпті соңғы бір аптаның ішінде 6 адам ажал құшыпты. Бұл үлкен көрсеткіш. Оның негізгі себебі – жүргізушінің салғырттығы мен тәжірибесіздігі. Жылдамдықты шамадан тыс асырып, жол жүру және қауіпсіздік ережелерін сақтамауы. Көліктің техникалық тұрғыдан да нашарлығы әртүрлі трагедиялық оқиғаға алып келеді.

ЖОЛ АПАТЫН АЗАЙТУ ҮШІН...



– Бұрындары жолдың сапасыздығынан апат көп орын алатын. Қазір облыс көлемінде жол салынып, еуропалық стандартқа сай кейіпке еніп келеді. Бірақ адам шығыны азаймай тұр. Әсіресе, республикалық маңызы бар және үлкен мегаполис Алматы қаласының маңында жол апаты көп тіркеледі. Осы мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек. Адам өмірі барлығымыз үшін қымбат, – деген өңір басшысының бірінші орынбасары Ләззат Махатұлы болашақта бірлесе жұмыс жүргізіп, барлық мүмкіндікті пайдаланып көрсеткішті азайту қажеттігін назарға ұсынды.

Қазақстан жобалық менеджерлер одағының президенті, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті халықаралық жобалық басқару орталығының директоры, техника ғылымының докторы Алексей Цеховой Алматы облысындағы жол апатының себеп-салдарын жиі көтеріп жүр. Оны қазірге естір құлақ аз. Кездесе қалсаң, жол апатын алдын алуға байланысты жобасымен таныстырудан жалықпайды. Онда ол жүргізушілердің көлік тізгіндегендегі қателігі толық көрсетілген.

– Апат орын алған бойда жедел жәрдем қызметінің кешігіп келуі де өлімге араша түсе алмай жатады. Оның негізгі себебі – көп жерде байланыс желісі істемейтіндігі, – деген Алексей Цеховой шырғалаң мен апат кезіндегі шұғыл шақыру жүйесінің жұмысын жетілдіру керектігін алға тартты.

Өңір тынысы

Алматы облысында салынып жатқан нысандардың дені биыл пайдалануға беріледі. Бірінші жартыжылдықта 26 нысанның құрылысы аяқталса, қалғаны жыл соңына дейін бітеді деп күтілуде. Алайда кейбір құрылыс компаниялары түрлі жағдайға байланысты құрылыс жұмысын кешіктіруде.



ҚҰРЫЛЫСҚА ҚАРҚЫН КЕРЕК

Мысалы, Еңбекшіқазақ ауданының Ават ауылында 300 балаға арналған О.Мұхаммади атындағы мектептің жай-жапсарына 382, 284 млн теңге бөлінсе, құрылыс жұмысы белгіленген кестеден 20 күнге кешігіп келеді.

Уақытынан қалып келе жатқан нысандар, әсіресе, Іле ауданында баршылық. Атап айтқанда, Ынтымақ ауылындағы 600 орынды мектеп құрылысы 15 күнге, Қоянқұс ауылындағы 600 орынды мектеп 15 күнге, Төле би ауылындағы 300 орынды мектеп бір жарым айға, Екпінді ауылындағы 900 орынды білім шаңырағы 10 күнге кестеден қалуда. Бұған екі бірдей нысанды меншіктеп алып, енді жұмысты жүргізе алмай отырған «Бекжанқұрылыс» ЖШС-ның, сол сияқты «Дуит – Телеком» және «Парасат Сервис» компанияларының кінәсі бар.

Жаңа оқу жылы қарсаңында құрылысы аяқтала қоймайтын мектептер Қарасай ауданында да кездеседі. Мысалы, Шалқар ауылындағы 600 орынды мектеп 15 күнге, Көлащы ауылындағы 600 орынды мектеп 25 күнге, Исаев ауылындағы 600 орынды білім шаңырағының құрылысы 25 күнге кешігуде. Бұған Conceptbusiness компаниясының, New Construction және «Сәулет Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің жақсы жұмыс істемеуі себеп болуда.

Әрине, жекелеген құрылыстың кестеден жаңылуына себепті жағдай әсер еткені де анық. Мысалы, жерасты суының жақын болуынан біраз уақыт қосымша топырақ тасуға тура келіп, қаржы мен күш шығындалғаны ешкімге жасырын емес. Алайда одан кейін де құрылыс қарқынын арттырса, олқылықты орнына келтіруге болар еді. Жиын барысында құрылысшылардың жетіспеушілігі негізгі себеп болып отырғаны әшкереленді. Оның себебі, компаниялардың жалақы мөлшерін шамадан тыс төмендетуі. Алматы қаласының төңірегінде жұмыс іздеп жүргендер жетерлік болса да, құрылысқа қажетті адамның болмауы, әрине, ойландырады.

Содан кейін де тапсырыс беруші мен атқарушы арасындағы дау экономикалық сотқа дейін жеткен.

Жаркент қаласындағы Н.Крупская атындағы орыс орта мектебінде биыл 1500-ден астам бала білім алмақ. Осыдан 37 жыл бұрын салынып, пайдалануға берілген мектеп ғимараты содан бері күрделі жөндеу көрмеген. Соңғы жылдары оқу ошағының есік-терезелері, шатыры тозып, қыс маусымында жылу сақтаудан қалған. Өткен оқу жылында оқушылар апталап сабақ көрмей, ұстаздарының тапсырмасын үйлерінде орындауға мәжбүр болған. Күрделі жағдайға сәйкес республикалық бюджеттен 156 миллион теңге қаржы бөлініп, оны игеруді астаналық «Нұрсад» ЖШС міндетіне алып, үстіміздегі жылдың 13 шілдесінен бастап, бұл мектепте күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ғимараттың шатыры жаңаланып, жылу жүйесі жай жөндеуден өткізіліп, *(жылу жүйесі бұрын жөндеу көрген)*, біраз терезелері ауыстырылыпты. Лесновка ауылындағы Дәнеш Рақышев атындағы орта мектеп те – өңірдегі көне ғимараттардың бірі. Биыл бұл мектепті күрделі жөндеуден өткізуге 120 миллион теңге бөлінген. Құрылысты «Энерго-эксперт» ЖШС атқаруда. Жөндеуге қажет құрылыс материалдары толық әкелініп, құрылысшылар қарқынды жұмыс жасауда.

Панфилов ауданында биыл екі мектеп және орталық ауруханы күрделі жөндеуден өткізілуде. Аталған әлеуметтік нысандардың бәрінде құрылыс жұмыстары алдын ала белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Өйткені жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Осыдан бір ай бұрын аяқталуы тиіс аудандық орталық ауруханадағы жөндеу жұмыстарының тоқтап тұруы да қысылып-қымтырылған сырқаттарға қолайсыздық туындатуда.

Панфилов аудандық орталық ауруханасын күрделі жөндеуден өткізуге облыстық бюджеттен бөлінген 171 миллион теңгені тендерде ұтып алған «Лан» ЖШС жергілікті құрылысшыларды жалдап, өткен жылдың қазан айында іске кіріскен. Жалпы атқарылған іс сапасы көңіл көншітерлік. Алайда жұмысшылардың жалақысын іркіп қалған құрылыс ұйымының басшылары аурухананың хирургия, терапия бөлімдеріндегі жұмысты толық тәмамдамай тайып тұрған сыңайлы.

Қарағатал ауданындық құрылыс бөлімінің басшысы Дәулеткелді Ұзақбайдың айтуынша, жыл сайын өңірімізде құрылыс жұмысының қарқыны артып, жұртшылық игілігі үшін жаңа нысандар пайдалануға берілуде. Былтыр Үштөбе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесіндегі 25 пәтерлі көпқабатты үй күрделі жөндеуден өтсе, 320 балаға арналған балабақша қолданысқа беріліп, қала тұрғындарын қуанышқа бөледі. Қазіргі таңда тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытында іргелі істер қолға алынуда.

Қарағатал ауданының құрылыс бөлімінің басшысы Дәулеткелді Ғалымбайұлы «Үштөбе қаласы, Ақын сара көшесі, № 91 а мекен-жайында құрылысы жүргізілетін 60 пәтерлі жалгерлік тұрғын үй құрылысының жобалық сметалық құжаттарын әзірлеуге қаражат бөлініп, Қарағатал ауданының құрылыс бөлімі мекемесі мен жобалаушы «Арлан жоба құрылыс» ЖШС-мен келісімшарт жасалуда, жоспарға сай 2018 жылы аталған тұрғын үй құрылысына қаражат бөлінуі тиіс», – дейді. Сонымен бірге аудан әкімінің тапсыруы бойынша биыл Үштөбе қаласы Көкдала шағынауданы мекен-жайынан 20 жеке жалгерлік тұрғын үй құрылысына 1000 шаршы метрден 20 жер телімі бөлініп, рәсімделіп жатыр. Осы жер теліміне құрылысы жүргізілетін тұрғын үйлерге жобалық сметалық құжаттарын әзірлеу үшін 3 млн теңге қаражат бөлініпті. Жобалаушы мердігерді анықтау үшін электрондық конкурстық жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Үштөбе қаласындағы теміржолдың арғы бөлігінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне арналған спорт базасын реконструкциялау жұмыстары жүргізуде. Аталған нысанды іске қосу үшін 464 млн теңге қаражат бөлінген. Жұмысты бас мердігер «Нұршапағат-құрылыс» ЖШС іске асыруда.

Ерекше айта кетерлігі, 8 ауылда тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктінің құрылысы басталды. Кәлпе ауылындағы тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктін бас мердігер «Сем-Шоғы құрылыс сервис» ЖШС-і құны 18 млн 392 мың теңге болатын құрылыс жұмысын аяқтап қалды. Қазіргі таңда нысанды пайдалануға қабылдау үшін тиісті құжаттар рәсімделуде. Сондай-ақ Алмалы, Қаражиде, Ескелді, Көкпекті, Тастөбе, Жаңаталап, Бастөбе ауылдарында тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктінің құрылысы басталды.

Балқаш ауданының Құйған ауылындағы Іле өзенінің үстіне салынып жатқан көпірдің автокөлік жүретін әрі жаяу жүргіншілерге арналған жолы заманауи үлгіде жасалып жатыр. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың күз мезгілінде аяқталады деп жоспарлануда. Бүгінгі таңда көпір құрылысын салу үшін Іле өзенінің жағалауына сына тастары жеткізілді. Жалпы ұзындығы 63 метр, ал ені 8 метрге жуық көпір ауыл халқы үшін тиімді екені сөзсіз.

Өткен сенбіде Қапшағай қаласында спорт мектебі аумағында қала тұрғындарына қуаныш сыйлаған спорт кешенінің ашылу салтанаты өтті. Қалалық саябақты қайта жаңарту жобасы аясында салынған аталмыш спорт кешені жобасына 90 млн теңге қаражат жұмсалған. Кең аумақты алып жатқан кешенде футбол, баскетбол, волейбол, теннис, бокс алаңдары бар. Жиын соңында су жаңа футбол алаңында «Жетісу» спорт клубының ойыншылары мен Қапшағай қаласының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің құрама командасы арасында футболдан жолдастық кездесу ойыны өтті.



Жоғары да шолып шыққанымыздай, облысымыздың құрылыс саласында жақсылық та, кемшілікте көп. Десе де, өлкемізде құрылыс жұмыстары қарқын алуда. Бұл өз кезегінде түрлі бағдарламалардың тиімді атқарылып, ел игілігін арттыруға септеседі деген ойдамыз.

Бетті дайындаған
Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ТІРШІЛІК

ЖК 5

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Қант қызылшасы

ТӘТТІ ТҮБІРДІҢ БЕРЕКЕСІ

Алматы облысында жыл сайын қант қызылшасын өсіруге деген ынта артып келеді. Биыл «Көксу қант зауыты» ЖШС 250 мың тонна, «Ақсу қант зауыты» ЖШС 100 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдайды деп жоспарлануда. Осыған орай, шаруалардың жыл бойы төккен терінің ақысын артығымен алу үшінде бар мүмкіндік жасалуда. Көптен күткен күз айы да келді. Бұл мезгіл өсіресе ауыл шаруашылығы еңбеккерлері үшін аса жауапты кезең. Осыны білетін шаруалар қазір өгіс алқаптарындағы жұмысты қыздырып, дала төсін дүбірге бөлеуде. Сондай-ақ олар басымдыққа ие дақылдар қатарындағы қызылшаны жинау шаруасын да қыздырып, қант зауыттарына өткізуде. Тәтті түбірдің алғашқы өнімін қабылдауды бірінші болып «Көксу қант зауытының» ұжымы қолға алған болатын. Енді бұл іске «Ақсу қант зауытының» еңбеккерлері де білек сыбана кірісіп, маңызды науқанды қыздыруда. Ал қараталдықтардың қарқыны да төмен емес. Жалпы, биыл облыс аумағында қант қызылшасына деген ынта, белсенділік оянған. Оған билік пен бизнес тарапынан жасалған қолдау мен көмекте сеп болуда.



КӨКСУДАҒЫ ТЫҢ ТІРШІЛІК

Естеріңізге сала кетсек, өткен жылы облысымызда 6 мың гектардан астам жерге қант қызылшасы себіліп, жоспардағыдай өнім алынды. Алайда өнімді қабылдау барысында біраз қиыншылықтың болғаны рас. Осы кемшілікті болдырмау үшін аталған зауыт биыл 1,5 млрд теңге көлемінде инвестиция тартып, зауыт құрылғыларын жаңартып, жұмыс ауқымын кеңейтумен қатар өнім сапасын арттыруды қолға алды. Осындай еңбектің нәтижесінде зауыттағы құрылғылар 80 пайызға жаңартылып, қазір қант қызылшасын қабылдау науқаны қызу жүріп жатыр.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексембай Бекішовтің айтуынша, биыл облыс аумағында 9,2 мың гектар жерге қант қызылшасы себіліп, бүгінгі таңда өнімді жинап алудың қауырт кезеңі басталған. Алдын ала болжам бойынша орта есеппен гектарына 350 центнерден өнім жиналуда. Алдағы уақытта бұл сан өсе түсуі мүмкін. Сондай-ақ биыл «Көксу қант зауыты» заманауи өлшемге сай құрылғылармен жаңартылса, «Ақсу қант зауыты» шикізат қабылдай бастады. Демек, былтырғы жылғыдай өнім қабылдауда қиындық туындамайды. Оның үстіне, қант қызылшасын сұрыптайтын германиялық құрылғылар уақытты тиімді пайдаланып, тез әрі сапалы жұмыс жүргізуге сеп болыпты.

«Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абатовтың айтуынша, жаз бойы зауыттың күрделі жөндеу жұмысына 200-ге тарта адам жұмылдырылған. Бұрынғы Кеңес одағы кезіндегі көнерген құрылғылар Швейцария, Германия, Украина, Ресей, тағы да басқа елден алынған заманауи жабдықтармен ауыстырылыпты. Сонымен қатар қант қызылшасы төгілетін алаңның тең жартысын цементпен қатырып, жаңартылған. Қант қызылшасын қабылдау қондырғылары Германияда шығарылған қуаттылығы жоғары екі құрылғымен толығыпты. Олар күніне 2 мың тоннадан 6 мың тоннаға дейін қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы.

– Зауыт биыл 250 мың тонна қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы. Бүгінге дейін қолда бар техникамен шикізаттан 10 пайыз таза өнім алып келсек. Ал жаңартылған құрылғылар өнімнің сапасын арттырып, еңбек күшін үнемдеу, қант қызылшасын қабылдау мүмкіндігін жақсартады. Яғни алдағы уақытта жаңа құрылғылардың көмегімен қант қызылшасының әр тоннасынан 12-13 пайыз таза өнім алуға қол жеткізетін боламыз, – дейді зауыт директоры.

Көксу қант зауытына жақын маңдағы төрт аудан еңбеккерлерінің шикізаты өткізіледі. Көксу ауданы әкімі Алмас Әділдің айтуынша, аудан бойынша 260 шаруа қожалығы қант қызылшасы шаруашылығымен айналысады. Олар биыл 1700 гектар жерге қант қызылшасының сапалы тұқымын сеуіпті. Сондықтан, гектар берекелігін 350 центнерден асырып, 60 мың тонна өнім алмақшы. Қазіргі таңда 500 гектар жердің қызылшасы жиналып, зауытқа өткізілген. Ауа райы қолайлы болса, қант қызылшасын жинау науқаны белгіленген уақытта бітеді.

Расында, бұрынғыдай адам күшімен емес, компьютермен жабдықталған заманауи зауыт қондырғылары кім-кімді болса да қызықтырады. Қызылшаны жуудан тартып, жармалап, езіп, пісіріп, ең соңында дайын өнімге айналдырып, оны қаптауға дейінгі жұмыс жаңа технологияның күшімен атқарылуда. Тағаны бетондалған шикізат төгу алаңындағы германиялық техникалар бір ретте өнімді тазалау мен жинау жұмысын қатар атқарып тұр.

«АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ» ӨНІМ ҚАБЫЛДАДЫ

Он жыл бойы қаңырап тұрған Ақсу қант зауыты ақыры іске қосылды.



Осыған дейін де аталған зауыттың биылғы қоңыр күзде іске қосылып, жұртты сүйсіндіретіні туралы жаңалықты жыл басында жазған болатынбыз. Ол кезде қуанышты күннің болатынын ескертсек те, көңіліміз күпті еді. Өйткені, біздің өңірде айтылып, жазылып, соңында орындалмай қалатын жобалар жетерлік.

Бұл ретте, көктемде айтылған уәденің күзде орындалғанын көріп, ақсулықтардың қуанышына ортақтасып, көңіліміз марқайып қайтты.

Дереккөздеріне үңілсек, 82 гектар аумақты алып жатқан «Ақсу қант зауыты» 1967 жылы салынған. Зауыт құрылысы чехословакиялық жобамен жүргізіліп, сол елдің мамандарының басқаруымен қант қайнатудың бірінші кезеңін бастады. Жаппай жекешелендіру жылдары зауыт қолдан-қолға өтіп, қарызға шаш етектен батып, банктің құзырына өтіп кеткен.

Кейінгі жылдары облыстық әкімдік тарапынан зауытты қайта қалпына келтіру үшін бірқатар шара қарастырып көргенімен, одан нәтиже шықпады. Тек жұртты: «Ақсу қант зауыты» іске қосылса, ақсулықтармен қатар, Сарқан, Алкөл ауданының дикандарына жақсы болар еді», – деген үміт қана әлдилеп келді

Иә, 2005 жылдан бері аталған зауытты қайта жаңғырту туралы біраз талпыныстар болды. Қытайлық, түріктік, ресейлік инвесторлар да бірнеше мәрте келіп, зауыттың мүмкіндігін тексеріп қайтқанымен бірлесіп жұмыс жасауға белсенділік танытқан жоқ. Немістердің «BMA» фирмасы зауытқа 38 млрд теңге инвестиция салып, неміс технологиясымен қант қызылшасын өңдейтін құрал-жабдықтарды орнатуды жоспарлағанымен, еліне кетті де келмей қойды.

Жыл басында Ақсу ауданына арнайы жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Амандық Баталов Алматы облысының әкімдігі мен «Энергосмост» консорциумы арасында «Ақсу қант зауытын» іске қосу жөнінде өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын айтып, бұның соңғы уәде екенін білдірді.

– Зауытты іске қосуға барлық күш-жігерімді жұмсайтын боламын. Оған біздің мүмкіндігіміз жетеді. Тек бірлесе еңбек ету керек. Сонда ғана жоғары нәтижеге қол жеткіземіз, – деген еді облыс басшысы сеніммен.

Қаңыраған зауытқа қан жүгіртпек болған «Энергосмост» консорциумының даму жөніндегі директоры Сәкен Мұратов: «Жоспар бойынша «Ақсу қант зауыты» жылдың соңына қарай іске қосылады. Ал қыркүйектің соңы – қазанның басында шикізат қабылдана бастайды. Жалпы, биылғы жылы 80-100 мың тонна қант қызылшасын өңдейміз деп жоспарлап отырмыз», – деп облыс әкімінің сенімінен шығатынына уәде етті.

Бірақ құрғақ уәдеге құлағы үйреніп қалған ақсулықтар бұған да сенімсіздік танытты.

Дегенмен, біздің жұртта болашаққа үмітпен қарайтын жақсы қасиет бар. «Зауыт ашылмаса да жылдағыдай қызылшаны 200 шақырым шалғайдағы Көксуға тасып, төккен теріміздің өтеуін аламыз», – деген үмітін үкілегендерде табылды.

Ақсу ауданы Барлыбек Сырттанов ауылдық округінен келген «Дарина» шаруа қожалығының басшысы Бауыржан Баймұратовтың он гектар, «Мажике» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің қызылшашылары биыл 250 гектар алқапқа қызылша егіпті. Өнім шығымдылығы да жаман болмапты. Гектарынан 400-450 центнер өнім алған қос шаруа қожалығы бірінші болып, қызылша қабылдау пунктіне 80 тонна өнім әкелді.

«Өткен жылы Ақсу ауданы бойынша 1552 гектар қант қызылшасы себіліп, оның 1360 гектары өнім берген. Биыл облыс бойынша 9 мың гектарға қызылша себілсе, оның 1600 гектары ақсулықтардың еншісінде», – дейді Ақсу ауданының әкімі Әділбек Далбағаев.

Енді олар аттам жердегі зауытқа шикізат өткізіп, жылдағы шығынды пайдаға айналдыратын болады.

«Ақсу қант зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының міндетін атқарушы Сәкен Мұратовтың сөзінше, көктем айынан басталған күрделі жөндеу жұмыстары бүгінде қарқын алып, ескірген құрылғылар барынша қайта жаңғыртудан өткізілген. Осындай жұмыстарды жүзеге асыру үшін бүгінгі күнге дейін барлығы 7,5 млрд теңге қаражат салыныпты. Бір сөзбен айтқанда, зауыттың мерзімінен кешіктірілмей іске қосылуына барлық жағдай қарастырылып, қант қызылшасын қабылдап, өнім өндіруге сақадай-сай дайындалған.



Енді бір айдан кейін қант қызылшасын қабылдау жұмысы аяқталып, зауыт алғашқы өнімді жұртқа көрсетпек. Жалпы биыл «Ақсу қант зауыты» жүз мың тоннаға дейін қант қызылшасы өңдейді.

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров «Шаруалар биыл қант қызылшасының әр тоннасын он жеті мың теңгеден өткізеді. Оның сегіз мың теңгесін зауыт төлесе, тоғыз мың теңгесін субсидия түрінде облыстық ауыл шаруашылық басқармасы өтейді. Минералды тыңайтқыш шығынының елу пайызы, гербицидтің қырық пайызы, тұқым шығынының жетпіс пайызы, сол сияқты суармалы су жеткізуге байланысты шығынның елу пайызы субсидияланады», – дейді.

Жылда жол шалғайлығынан шаш етектен шығынға бататын қызылшашылар биыл қалтасы қантқа түсетін қаржымен қалыңдайтынын сезінді. Мұны көріп, иелігіндегі құйқалы жерге соқа тісін тигізуге батылы жетпеген дикандар уәденің ақиқатқа айналғанын көріп, сандарын шапалақтап қалды.

ҚАРАТАЛДА ҚАРҚЫНДЫ ЕҢБЕК

Күзгі жиын-терін жұмыстары Қаратал ауданында қарқын алды. Тәтті түбір өсіруге ден қойған дикандар күздің әр күнін қалт жібермей, тиімді пайдалануда. Әсіресе, Айту би, Жолбарыс батыр ауылдық округтеріндегі еңбек адамдары қант қызылшасын жапырақтан тазартып, арнайы техникалардың күшімен қызылшаның шөбін шауып, түбінен ажыратып алып жатыр. Жиналған өнім жүк көлігіне тиеліп, қант зауытына жөнелтілуде. Алқапта үйілген қызылшаны көрген аудан басшысы жаңа инновациялық технологияның тиімділігі арқасында биылғы өнімнің мол болатынына сенім артты.



Бұл ауданда қант қызылшасын егетін шаруалар жыл сайын артып келеді. Мәселен, былтыр өнір бойынша 83 шаруа қожалығы барлығы 940 гектар алқапқа балтамыр тұқымын ексе, биыл бұл көрсеткіш 1100 гектарға жетіп, дақыл өсірумен айналысатын шаруа қожалығының саны жүзден асты.

Мемлекет қолдауы мен шаруа адамдарының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде өркендер жақсы өсіп, жетілді. Шаруа қожалықтарының агротехникалық шараларды толық сақтауы да оң әсерін тигізіп, тәтті түбірдің салмақ қосуы, қанттылығы көңіл қуантарлықтай дәрежеге жетті. Көкпекті ауылының тұрғыны Жеңіс Қашқынбай осымен үшінші жыл қатарынан қант қызылшасын егумен айналысып келеді. Биыл ол 11 гектар жерге тәтті түбірдің тұқымын егіп, жайқалта өсіріпті.

Осындай шаруа қожалығының жетекшісі кәлпелік Ержан Мейзбаев та сегіз гектарға егілген қант қызылшасын жинап алуға кіріскен. Қызылшаның шығымы жақсы болып, гектарынан 40 центнерден өнім аламыз деп жоспарлап отыр. Қос шаруашылықта техника мен адам күші де жеткілікті. Сондықтан, қант қызылшасын жинау жұмысы алдағы уақытта да қыза түспек.

ТҮЙІН:

Қант қызылшасы жетісулықтардың төл дақылына айналғанын айтпасақ та белгілі. Осы тұста дүние жүзіндегі қант өндіретін елдердің тәжірибесіне көңіл аударсақ, көптеген мемлекетте қант қызылшасын үлкен көлемде өсірмейді. Олар азын-аулақ жерін үй жануарының қиы арқылы тыңайтып, гектар берекелігін арттырып отырады. Өкінішке қарай, бізде тәтті түбір егілген жер аумағы көп болғанымен, өнімділігі тым төмен. Сондықтан тәтті түбір өсірудің технологиясын жақсартуымыз тиіс. Бұл тұрғы да шетелдік мамандардан емес, өзіміздің еңбекпен есейген ауылдағы ағайынның тәжірибесін де ескерген абзал. Өйткені, олар кешегі көл-көсір қызылша өнімін көзбен көріп, ала жаздай алқапта тер төккен тәжірибелі аға буын. Олар ел мен жердің жағдайын да толық біледі. Әсіресе, балтамырды бітік өсіруді отбасылық дәстүрге айналдырған еңбеккор әулеттердің санын арттырған абзал. Тағы бір айта кетерлігі, біздің елдегі қант зауыттары қант қызылшасының шикізаты біткен соң жұмысын тоқтатып, келесі өнім жиналғанша бірнеше ай қаңтарылып тұрады. Әдетте, шетел де қант зауыттарының жұмыс мерзімін ұзарту үшін қант қызылшасы таусылғаннан кейін қант құрағын шикізат ретінде пайдаланады. Жетісу өңірінде қант құрағын өсіруге қолайлы шұрайлы жер жетерлік. Біз осы мүмкіндікті неліктен пайдаланбасқа?

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



Өнім

«ҚАРА АЛТЫНҒА» ҚАРАП ҚАЛМАЙ...

«Атырау экономикасы мұнай мен газға ғана икемделген аймақ. Әрі кетсе, Атырауда балық шаруашылығы ғана дамуы мүмкін. Ал агросектор – бұл аймақта мүлде жоқ». Әрісі – кеңес заманы, берісі – тоқсаныншы жылдарда қалыптасқан осынау түсінік бүгінде өз-өзінен жойылды. Себебі Атырауда бүгінде ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Қазір атыраулықтар ешкі сүтінен бастап, айран, ірімшік, сүзбе, сондай-ақ бау-бақша өнімдері, тіпті шұжыққа дейін жергілікті өнімді пайдаланып отыр.



Жылына – 60 миллион жұмыртқа

Біраз жылдан бері Атырауда «Алмалы құс» фабрикасы жұмыс істеп келеді. Еліміздің Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде іске қосылған «Алмалы құс» фабрикасының қуаты бастапқыда жылына 30 миллион дана жұмыртқа өндіруге шақталған. Енді бұл көрсеткішті екі есеге дейін арттыру жоспарланып отыр. Жобаның құрылтайшысы – «Жігер» шаруа қожалығы.

Немістің өндіріс технологиясын пайдаланатын бұл фабрикада қазір 110 мыңдай құс өсіріледі. «Цехтың бірінде құстарға берілетін жем дайындалады. Биыл туған балапанның алғашқыда күндік нормасы 59 грамнан басталады. Ал отыз апталық әр құстың тәуліктік азығы – 106 грамм шамасында. Фабрикадағы құстардың күндік азығына түрлі белок, минералдық тағам қоспаларды қоса есептегенде, 12 тоннадай жем дайындаймыз. Сонда жылына қанша азықтың қажет болатынын есептей беріңіз. Неміс технологиясымен өсірілетін «Хайсекс Уайд» кросс тектес бұл құстардың 97 пайызы жұмыртқа береді. Бұл – өте жоғары көрсеткіш» дейді фабрика директоры Виктор Пац. Оның айтуынша, дәруменді қоспалар негізінен Ресейдің Волгоград қаласынан әкелінуде. Ал жем еліміздің элеваторларынан жеткізіледі. Қазір құс өсірілетін бірінші цехта 59 мың құс бар.

Өнім үш санатқа бөлінеді

Өндірілетін жұмыртқа көлемі мен салмағына қарай үш санатқа бөлінеді. Мәселен, салмағы 45-55 грамнан басталатын өнім түрі 2-санатқа, салмағы 55-65 грамм аралығындағы өнім 1-санатқа жатқызылады. Ал жалпы салмағы 65 грамнан жоғары, яғни ірі жұмыртқа – «люкс» санатында. «Осындай жіктеуге байланысты, өнімнің бағасы да әртүрлі. Әр жұмыртқаның құны 8 теңге мен 14 теңге аралығында. Халықтың жергілікті өнімге деген сұранысы да жоғары. Құс өсірушілердің міндеті – тұтынушы тілегін қанағаттандыру, өнімін сапалы әрі қолжетімді бағамен ұсыну», – дейді фабрика директоры Виктор Пац. Тағы бір айта кететін жәйт, фабрикадағы жұмыртқа беріп тұрған құстар белгілі бір мерзім өткен соң етке сойылады. Өндірістік жұмыс секторы толықтай автоматтандырылған технологиямен жұмыс істейтін фабрикаға, тіпті Германиядан арнайы өкіл келіп, құстардың өсірілу, азықтану, жеммен қамтамасыз ету, жұмыртқа дайындау, тұтынушыларға жөнелту процестерімен танысып, «Алмалы құс» фабрикасының жұмысына оң баға берген.

Жалпы құны – 680,73 миллион теңгеге бағаланған кәсіпорын «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен «Жігер» шаруа қожалығының біріккен жобасы болып табылады. Жобаның 308,2 миллион теңгесі «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы тарапынан бөлінді.

Неміс технологиясы көмекке келуде

Құс фабрикасы жұмысының алғашқы баспалдағы – «Жігер» шаруа қожалығының Германияның Hellmann Poultry GmbH компаниясынан балапандар мен жұмыртқа басатын тауық өсіруге арналған жабдықтарды және қуаты сағатына 5 тонна жем дайындайтын құрылғы сатып алудан басталды. Осылайша, фабрика Свердловск асыл тұқымды құс өсіру зауытынан әкелінген Хайсекс Уайт тұқымды 53 мың балапанды баптауды қолға алды. Бүгінде Атырау облысына қарасты Махамбет ауданының Алмалы селолық округінде орналасқан «Алмалы құс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі облыс тұрғындарын жұмыртқамен қамтамасыз етіп отырған бірегей құс фабрикасы саналады.

Кәсіпорын директоры Виктор Пацтың айтуынша, фабрикада орнатылған технологиялық құрал-жабдықтардың барлығы дерлік автоматты бағытта жұмыс жасайды. Әр балапан мен үлкен құстарды күтіп-өсіру, баптауға лайықталып микроклиматты орын жасақталған. «Жалпы алғанда, ауа алмасу, желдету, салқындату, құстарды суару және жемдеу құрылғылары, тағы да басқа құс өсіруге қатысты жабдықтар толықтай автоматтандырылған жағдайда жұмыс істейді. Жергілікті сапалы өніммен облыс халқын толық қамту мақсатында, біздің фабрика жұмыртқаны өңірдегі барлық аудан орталықтары мен елді мекендерге, жергілікті сауда орындарына дейін тасымалдап, алыс аймақтағы тұтынушылардың қызығушылығын туындыруда. Аталған жоба қолға алынған кезеңде жылына 30 миллион дана жұмыртқа өндіру бағамен алуға жол ашпақ. Аталған межелер жүзеге асқан жағдайда, қосымша 120 жұмыс орны ашылып, әлеумет әлеуеті арта түспек.

Фабриканың технологы Асылбек Сәрсенғалиевтың айтуынша, бүгінгі күні фабрикада 236 300 тауық бар. Оның 60 800-і – балапан. Фабрикада күніне 160-165 мың дана жұмыртқа өндіріледі. Бұл бір айдың ішінде 5 миллион дана жұмыртқа сатылымға жіберіледі деген сөз. Жұмыртқа облыс орталығынан бөлек, Индер, Махамбет, Жылыой, Мақат аудандарына да арзан бағамен босатылуда. Бүгінде фабрика азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында іске қосылған Атырау қаласындағы «Сарайшық» коммуналдық базарымен тұрақты байланыс орнатқан. Мұнда арнайы сату нүктесі бар. Айта кетелік, коммуналдық базарда жүз пайыз жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдері сатылады. Әсіресе, демалыс күндері коммуналдық базар ұзын-сонар кезектен арылмайды. Сонымен қатар «Алмалы құс» фабрикасы «Лидер» әмбебап маркеті желісімен серіктестік қарым-қатынаста.



Мамандардың барлығы жергілікті

Тағы бір мәселе – «Алмалы құс» фабрикасы Атырауды экологиялық тұрғыда таза табиғи өніммен қамтамасыз етумен ғана шектеліп отырған жоқ. Фабрикада Алмалы ауылының тұрғындары, яғни жергілікті мамандар жұмыс істейді.

Мысалы, Салтанат Бөпежанованың жұмыссыз жүргеніне көп болыпты. Екі қолға бір күрек таба алмай, талай мекеменің табалдырығын тоздырған Салтанат үшін іргеден бой көтерген құс фабрикасы кәдімгідей күнкөріс көзі болып отыр. Қазір бұл кәсіпорынға 45 жергілікті тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты. Олардың әрқайсысы әр түрлі міндетті атқарады. Бірі – құс өсіруші, енді – бірі жем баптаушы. «Орал қаласына барып, Ресей мамандарынан көптеген технологияларды үйреніп келдік. Бұл – мұнайлы өңірде құс өнімдерімен қамтамасыз етуге ықпал етуде.

«Атырау сауда» қожалығы жұмысын арнайы құс бағатын мамандар шақыртудан бастады. Осылайша, 2012 жылдың желтоқсанында Свердловск қаласынан алғашқы 53 мың бас балапан алынды. Балапандар 4 ай бағылып, 2013 жылдың 1 сәуірінен бастап Германия қаласынан алынған құрал-жабдықтармен, жаңа технологиямен салынған корпусқа 52 300 бас тауық көшірілді. Фабрика ашылған кезде құс жеміне кәсіпкер өз қаржысын жұмсаса, бүгінде тауық жеміне мемлекет тарапынан субсидия берілып отыр.

Серік СӘРСЕКЕНОВ, *Атырау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары:*

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМ ИМПОРТТЫ ЫҒЫСТЫРУДА

Бұған дейін жұмыртқа негізінен шет мемлекеттерден және еліміздің оңтүстік өңірінен әкелінетін. Алдағы уақытта «Алмалы құс» фабрикасы жұмыртқамен қатар, құс етін өндіруді де жүйелі жолға қоймақшы. Кешенді шаруашылық жылына 10 мың тонна тауық етін сауда орындарына жеткізуді жоспарлап отыр. Бұдан бөлек, Жылыой ауданында орналасқан «Атырау сауда» қожалығы да тұрғындарды сапалы жұмыртқа өнімімен қамтамасыз етуге ықпал етуде.

«Атырау сауда» қожалығы жұмысын арнайы құс бағатын мамандар шақыртудан бастады. Осылайша, 2012 жылдың желтоқсанында Свердловск қаласынан алғашқы 53 мың бас балапан алынды. Балапандар 4 ай бағылып, 2013 жылдың 1 сәуірінен бастап Германия қаласынан алынған құрал-жабдықтармен, жаңа технологиямен салынған корпусқа 52 300 бас тауық көшірілді. Фабрика ашылған кезде құс жеміне кәсіпкер өз қаржысын жұмсаса, бүгінде тауық жеміне мемлекет тарапынан субсидия берілып отыр.

Виктор ПАЦ, *«Алмалы құс» фабрикасының директоры:*

ШАЛҒАЙ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ДЕ ҚАМТИМЫЗ

Жалпы алғанда, ауа алмасу, желдету, салқындату, құстарды суару және жемдеу құрылғылары, тағы да басқа құс өсіруге қатысты жабдықтар автоматтандырылған жағдайда жұмыс істейді. Жергілікті сапалы өніммен облыс халқын толық қамту мақсатында, біздің фабрика жұмыртқаны өңірдегі барлық аудан орталықтары мен елді мекендерге, жергілікті сауда орындарына дейін тасымалдап, алыс аймақтағы тұтынушылардың қызығушылығын туындыруда. Аталған жоба қолға алынған кезеңде жылына 30 миллион дана жұмыртқа өндіру жоспарланғанымен, халық сұранысына сай, өндірістік қуатты 60 миллионға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Агроинновация

ТӘУЛІГІНЕ – ҮШ ТОННА ЕШКІ СҮТІ

Экономиканы әртараптандыру, соның ішінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың агросектор саласын әлемдік деңгейге көтеруді міндеттеуі Атырау облысында баламасы жоқ ешкі фермасының ашылуына себеп болды.

«Сарайшық» асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» ЖШС үшін «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ жұмсалатын шығынның 49 пайызын, кәсіпкер Владимир Розметов басшылық ететін «Атырау-АгроӨнімдері» ЖШС 51 пайызын өтеуге келісіп, құны 600 млн теңгеге бағаланған жоба жұмысының нәтижесі көп күттірген жоқ.

«Сарайшық» асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» жеке серіктестігі «АтырауАгроӨнімдері» шаруа қожалығының жетекшісі Владимир Розметовтың айтуынша, ешкі – өсімтал мал. Бұл фермада алғашқы жылы 180 тонна ешкі сүті өндіріліп, 140 тонна ешкі сүтінің өнімі шығарылады деп жоспарланған. Шаруа қожалығы бүгінде бұл межені бағындырды. Ешкілерден тәулігіне 3 тонна сүт сауылып алынады. Ешкі сүтін, емдік сарысу, айран, йогурт құятын арнаулы құтының өзі осы ферманың өзінде дайындалады.



Ешкі сүтінің майлылығы – 3,2 пайыз. Барлық өнімнің құтыларында тауар белгісі бар.

Бұл шаруашылықтағы басты артықшылық – өнімнің табиғи таза сүттен дайындалуы. Құрамында консерванттар мен химиялық қоспа болмағандықтан да, еліміздің нарығында ешкі сүті өнімдеріне деген сұраныс өте жоғары. Бұған жыл сайын Астана қаласында ұйымдастырылып жүрген ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінде куә болып жүрміз. Шаруашылықта сүт өнімінің жеті түріне қосымша тағы да өнім түрлерін қосу тәжірибесі жасалуда. Мәселен, ірімшіктің тағы да бірнеше түрін көбейту жоспарда бар.

Қазақстанда тұңғыш ашылған ешкі фермасы бүгінде ешкі сүтінен өндірілетін өнім түрлерінің қазіргі сауда сөресіндегі жиырмаға жуық түрін еселеп көбейтуді ойластырып отыр. Емдік қасиеті ұшан-теңіз ешкі сүті мен одан жасалған өнімдер бүгінде әлемдік нарықта үлкен сұранысқа ие тауарға айналуда.

Қазірдің өзінде «Сарайшық» асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» жеке серіктестігі өнімдері Ресейдің Волгоград, Самара қалаларынан тұтынушысын тауып отыр. Орынбордан да тапсырыс түскен.

ТАУАРЛЫ СҮТ ӨНДІРУ КЕШЕНІ

Сүт өнімдері дегеннен шығады, «1 мамыр» тауарлы-сүт өндіру кешені де Атырау өңіріндегі бірегей жобалардың қатарынан саналады. 500 бас голландиялық асыл тұқымды *(голштино-фриз)* мүйізді ірі қара малын бағып-күтіп, өнім өндіріп отырған тауарлы-сүт фермасы Махамбет ауданына қарасты Бейбарыс селосында орналасқан. Осыдан тура үш жыл бұрын пайдалануға берілген тауарлы-сүт фермасында сиыр сүті екі жылдан бері толассыз өндірілуде.

Бүгінде бір мыңға жуық сиыр малының 450 аналығы сауылып, әр сиырдан 18 литр сүт алынады. Малды бағумен бірге, одан сапалы өнім алу мәселесі де бар. Қашанда сапаға жұмыс істеуді әдетке айналдырған фермерлер сүттің сапасы мен майлылығын арттыру мақсатында, мал қорегін де ерекше назарда ұстап келеді. Қанша дегенмен, басқа табиғат жағдайында өсіп-өнген шетелдік асыл тұқымды ірі қара ерекше күтімді, ыждағаттылықты талап етеді. Бүгінде фермерлер осы талап үдесінен шығуда.

Табиғи сүтті өңдейтін кешен бүгінде айран, қаймақ, ірімшік және басқа да дәрумендерге бай сүт өнімдерінің он түрін шығаруды қолға алды.



Кешен салаға заманауи озық технологияларды енгізу ісінен де кенде қалып көрген емес. Жергілікті атқарушы биліктің қолдауымен, «1 мамыр» серіктестігі тауарлы-сүт өндіру кешені түгелдей автоматты жүйеге көшірілді.

Соның нәтижесінде өнім көлемі артып, алыс құрлықтан әкелінген асыл тұқымды ірі қара алғашқы өнімін бере бастады. Жаңа технологияның артықшылығы – сауылған сүт тікелей сүт қоймасына түтік арқылы барады. Сапасы бұзылмайды. Бұрын 500 сиырды сауу үшін ондаған сауыншы қажет болса, қазір оны үш-ақ адам атқарып отыр, яғни жүйе толық автоматтандырылған. Экологиялық таза өнімдерге жергілікті тұтынушылар тарапынан сұраныс та жоғары.

Бетті дайындаған Баян АТАЙМАНҚЫЗЫ,
Атырау облысы

Шаруа

Зерттеулер нәтижесі бойынша, күніне 1 миллиард адам жаңғақ өнімін тұтынады. Бұл сан 2025 жылы 2 миллиардқа жетеді деп межеленуде. Сондықтан, «Интеграция» халықаралық қоры «Жидек – 2050» жобасы аясында Алматы облысында жаңғақ өсіруді мықтап қолға алды.

ЖАҢҒАҚ ЖАБЫРҚАТПАЙДЫ, ЖҮГЕРІ ЖҮДЕТПЕЙДІ

Дүниежүзі бойынша 75 мемлекет жаңғақ өсірумен айналысады. Әсіресе, Қытай, Үндістан, Арабелдері бұл жемістерді көп тұтынады. Солардың қатарында Италия алдыңғы орыннан көрініп келеді.

Жетісу жеріне арнайы іссапармен келген Besana дүниежүзілік жаңғақ өсірушілер қауымдастығының төрағасы Жузеппе Калькани «Менің жаңғақ өсірумен айналысып келе жатқаныма жарты ғасырдай уақыт болды. Осы уақыт ішінде көптеген тәжірибе жинақтадым. «I.N.C» атты арнайы зерттеу орталығымыз бар. Онда 400-ден аса ғалым жұмыс істейді. Көбінесе басқа елдерге италиялық тәжірибені тарқатамыз», – дейді.

Әрине, жаңғақ бізге таңсық емес.

Естеріңізге сала кетсек, үстіміздегі жылдың көктемінде дәл «Интеграция-Түрген» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 20 гектар алқапқа алғаш рет әлемге әйгілі элиталы жаңғақ көшетін отырғызған еді. Бұл – «Интеграция» халықаралық қоры мен Besana компаниясының бірлескен жобасы.

«Бұл алқапқа тәжірибе ретінде жаңғақ көшеттерінің 30-дан астам түрін отырғыздық. Қайсысының біздің климатқа үйлесетінін уақыт көрсетеді. Жерсіңгендерін одан әрі көбейтеміз. Болашақта еліміз жаңғақ өнімдерін экспортқа шығаратын мемлекеттердің қатарында болатынына кәміл сенемін», – дейді «Интеграция» халықаралық қорының төрағасы Сергей Терещенко.



«Интеграция-Түрген» ЖШС-нің директоры Мәншүк Жексембекованың айтуынша, 20 гектар алқаптың 10 гектарына грек жаңғағы, қалғанына фундук көшеттері өсірілген. Мұнда тамшылатып суару әдісі қолға алынған.

Алқапта арнайы метеостанса жұмыс істеп тұр. Ол жердің және ауа райының ылғалдылығын бақылап тұрады. Грек жаңғағы 5 жылдың ішінде, ал фундук 3 жылда жеміс беретін көрінеді.

Демек, жоба ойдағыдай жүзеге асса, үш жылдан кейін жергілікті жаңғақ өнімін тұтынып, шетелден ағылатын жаңғақтың мөлшерін азайтып, сыртқа шашылатын қаржыны үнемдейміз.

Болжам бойынша жетісулықтарды жүгері де жүдетпейтін сияқты. Биыл жаркенттік дикандар жалпы 25785 гектардан астам алқапқа жүгерінің түрлі сұрпын өсірді. Сол өңірдің шаруалары қазір жүгері жинау науқанына қызу кірісті. «Дала аруын» баптаудан даңқы шыққан дикандар биыл 158 мың тоннадан астам жүгері дәні жинаймыз деп отыр.

«Өңірде жүгері жинау науқаны техника күшімен атқарылуда. Биыл аудан бойынша жалпы 90 жүгері оратын комбайн, 654 трактор әзірленген. «Дала аруы» өнімін жинау жұмыстары жаппай басталған ауылдық округтердің егістік алқаптарында жалпы 81 комбайн, 360-тан астам адам жұмыс істеуде. Басқа ауыл шаруашылығы техникалары дикандардың сұранысына қарай науқандық жұмыстарға қолданылуда», – дейді Панфилов аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Қуандық Мұсабеков.

Аудан бойынша ауыл шаруашылығы техникаларына жалпы 1558 тонна жанармай қажет болса, бүгінде соның мың тоннасы жанармай құятын бекеттері бар 7 округте арнайы құтыларға құйылып, дайындалған. Жанармайдың 1136 тоннасы дикандарға жеңілдетілген бағада берілуде.

Демек, жүгерінің өнімі жаман болмайын деп тұр. Әсіресе, жаркенттіктер Шығыс, Батыс аймақтарға керекті жүгерінің сортты тұқымын өсіруге де ден қойған. Өнім ішкі сұранысты қанағаттандырып қалмастан, басым бөлігі экспортталады.

Алайда жеміс өсіретіндердің қабағына ұялаған кірбің жылдар бойы тарамай келеді.

Биыл 1100 гектар жерге бақ отырғызып, тамшылатып суару әдісімен мол өнім алуды жолға қойған атақты «Жаркент-Фрукт» ЖШС-нің шабдалына сұраныс көп. Алайда Еңбекшіқазақ ауданының «Сапар» шаруа қожалығының иесі Ақлима Айтжанованың айтары басқа.

– Шаруа қожалығымызда 12 гектар жерге алманың 24 сорты өсіріледі. Жыл сайын Алматы қаласында өткізілетін «Алма» фестиваліне қатысып, 1-орынды иеленіп келеміз. Бірақ осы алманы тұрақты түрде сататын қолайлы жер таппай жүргенімді несіне жасырамын?, – дейді ол.

Иә, өңірімізде кәсіпкерлік өрістеп келеді. Бірақ кейбір кедергілерде жоқ емес. Сондықтан, кездескен кемшіліктер дер кезінде шешімін тауып отырса, жерлестерімізге үлкен демеу болары анық.

Есеп

Алматы облысы әкімдігінде 2017-2018 жылдардағы жылыту маусымына дайындық барысы талқыланып, күзгі тазалық айлығына орай ұйымдастырылған шаралардың атқарылу барысы қаралды. Білгеніміздей, өңірлердің жылыту маусымына сақадай-сай екендігін жеткізді. Күзгі тазалық айлығы да ойдағыдай жүріп жатыр.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА



Алайда Алматы облысындағы көмір бағасы соңғы екі аптада 26 пайыздан 30 пайызға дейін қымбаттап кетті. Талдықорған қаласындағы 12 көмір сататын орынның 8-і жұмыс істеп тұр. Бірақ көмір сатушылар ойына келген бағаны қақпаға іле салудан именбейтін болып алған. Бүгінгі баға көрсеткіші бойынша көмірдің әр тоннасы Қарасай, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандарында 14 мың, Жамбыл мен Талғар ауданында 16 мың, Ақсу, Сарқан аудандарында 17-18 мың, ал алыс ауылдарда 20 мың теңге айналасында сатылуда. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, ерте көктемде туылған қозының қара базарда құны 15 мың теңгенің айналасында. Ендеше, бір аша тұяқтының құны бір тонна көмірдің бағасына парпар немесе жетпей қалды. Осыдан-ақ, төрт түліктен напақа айырып отырған жерлестеріміздің ала жаздай төккен тері алты ай қыста аядай үйді жылытуға жұмсалатын түрі бар. Ал облыс бойынша ең арзан көмірден Райымбек ауданының тұрғындары игіліктенуде. Өйткені, олар биыл аудан аумағындағы Ойқарағайдың көмірін тұтынуды бастап кетті. Іргесінде көмір кені жоқ аудандар тағы да қатты отынды алыстан арбалауға мәжбүр. Ескелді ауданының әкімі Бағлан Сағындықұлы «Ескелді ауданындағы «Хильниченко и К» сенім серіктестігі өз қарастылығындағы жумысшыларға көмірдің әр тоннасын 11,5 мың теңгеден тасып беруде. Ал жекеменшік көмір сатушылар осы аудан тұрғындарына 14,5 мың теңгеден сатып жатыр. Былай қарағанда, екеуі де бір жерден тасылады. Ал бағасы әр алуан», – дейді. Қазан айы бастала дауылдатып, нөсерлетіп жеткен суық ауа ағысы тау қаласы Текеліні қасат қармен қымтап тастады. Осыған орай, Текелі қалалық әкімдігі 1-ші қазаннан бастап коммуналдық нысандарға жылу беруді бастап кетті. Ал қолында қаражаты болмағандықтан, уақытында көмір түсіре алмаған қала маңындағы тұрғындар пешке қара ағашты бұтап жағып, дірдектеп отыр. Үкіметтің 3 қазанда өткен кезекті отырысында ұлттық монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық департаменттері қадағалап отыратынын бәріміз білеміз. Қатты отын бағасының күрт өсіп кеткенін сала мамандарынан сұрап көрген едік. Табиғи монополияларды реттеу экономика министрі Тимур Сүлейменов жыл басынан бері республикада инфляциялық үдерістердің баяулағаны байқалғанын баяндай келіп «Биыл қыркүйек айында инфляция 0,3%, ал жалпы жылдың басынан бері – 4,2% құрады», – деп атап өтті. Сонда өңірдегі көмір бағасының осыншама өсіп шыға келгені инфляцияға түкте әсер етпегені ме? Демек бағаның аяқасты қымбаттап кеткенін тезірек анықтап, мәселенің мәнін табу керек.

Әрине, мезгіл сайын сан құбылып отыратын баға мәселесін ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Айгүл Ырысбаева «Біз өткен демалыс күні Талдықорған қаласындағы 12 көмір сату орнын аралап, баға мәселесін тексеріп шыққанбыз. Қазір әр тонна көмірдің тоннасы 13-13,5 мың теңгеден сатылып жатыр. Жаз бойы осы бағамен саудалануда. Алыс ауылға тасымалдайтындар қосымша көліктің ақысын қосып, бағаны шамалы көтеруі заңды. Бірақ бізге баға тым жоғарылап кетті деген шағым әлі күнге түскен жоқ», – дейді.

Науқан

Шығыс қадаса, жайқала кететін Талғар топырағында жемістің алпыс атасы өседі десек, еш әсірелегендік емес. Осыған орай, соңғы жылдары өңірде ауыл шаруашылығының дәстүрлі емес бағыттарын дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Оған кейбір шаруашылықтардың жүзім мен таңқурай өсіріп, мол өнім алып отырғандығы дәлел.

ТАҢДАЙҒА ТАТЫМДЫ ТАҢҚУРАЙ



Сондай ұжымның бірі – Кеңдала ауылдық округінде орын тепкен «Шульгин» жеке қожалығы. Жалпы аумағы 64 гектар жерге таңқурай егіп, өсіруді қолға алған шаруашылық биыл мол өнім алды.

Сөйтіп, еселеп төккен ащы тердің тәтті дәмін татты. Әдетте жеміс тамыз айында пісіп, жинау жұмыстары да осы мезгілде қарқын алатын болса, мұндағы қызу тіршілік күздің алғашқы айы – қыркүйекте де бәсеңсімеді. Себебі Польшадан әкелініп, жерсіндірілген таңқурайдың «Полка» сұрпы күзде де үзбей өнім беретіндіктен, алқапта 30-ға жуық адам әлі де еңбек етуде.

Бригада жетекшісі Мейіргүл Маханова «Біз Еңбекшіқазақ ауданынан қатынап жұмыс істейміз. Таңқурай жинау үшін ерен еңбек, төзім менептілік керек. Мұндай шаруаны атқару екінің бірінің қолынан келе бермейді. Науқандық жұмыс қызған шақта әрбіріміз шамамен 30-40 келіден өнім жинап өткіздік. Қазір өнім азайғандықтан, күніге жиятын таңқурай мөлшері 10-15 келіден ғана айналуда. Жақсы піскен таңқурай тез әрі оңай жиналады. Еңбекақымызды жинған өнімнің мөлшеріне қарай аламыз», – дейді.

Тамшылатып суару әдісін пайдаланып отырған таңқурай өсірушілер биылғы маусымда мол өнім алып, қуанышқа кенелген. Өйткені жұмысының жемісін көру – дала төсінде тер төгіп жүрген еңбек адамы үшін үлкен жетістік. Таңқурай өсіруге ниеттенген кәсіп иесі Александр Шульгин де өзі жетекшілік ететін қожалыққа қарасты алқапты күтіп-баптап, таңқурайдың жаңа сортын жерсіндіріп өсіруге бар күш-жігерін жұмылдырды. Нәтижесінде алғашқы жылдың өзінде 60-70 тонна өнім алды. Өсімдіктің бұл түрінің жемісті көп беретіндігіне көз жеткізді. Маусым ішінде бірнеше мәрте өнім алынды.

Айта кетерлігі, таңқурайды егістік алқабының басынан сауда нүктелеріне жөнелткенге дейін тонналап сақтауға арналған арнайы мұздатқыш та қойылған. Күзгі жиын-терін жұмыстары аяқталған соң, шаруалар келер жылдың қам-қарекетіне кіріспек.

Үйгі іс

Ұлттық тағамдарымыздың бірі – талқан бәрімізге жақсы таныс. Оны еңбектеген баладан еңгейген қартқа дейін сүйсініп жейді. Дәмі қандай, тіл үйіреді! Бұл өнімнің құрамында тек табиғи таза дәнді дақылдар ғана бар.

ШЕЛЕКТІҢ ТАЛҚАНЫ

Солай бола тұра, бүгінгі таңда қалалықтар тұрмақ, далалықтардың да дастарқанынан талқанды көп кездестіре бермейсіз. Өйткені, талқан тапшы. Оны кез келген дүкеннен сатып ала алмайсыз. Тек базардан ғана табасыз. Осындайда, шіркін, егер осы ұлттық өнім барлық дүкен сөресінде тұрса ғой деген ой келеді.

Бұл ойымыз бізді алдамапты. Жақында арнайы қаптамадағы «Талқан» деген жазуы бар өнім қолымызға тиді. Ашып көрдік. Ата-бабамыздан келе жатқан таныс дәм. Қуанышымызда шек болмады. Бәріміз де сүйсіне жедік. Сонымен, осынау ұлттық тағамды ұлықтап жүрген кәсіпкер кім болды екен?



Ол – Шелек ауылының тумасы Нұрлан Жұмәділов. Отыздан енді асқан жас жігіттің мұндай игі істі қолға алып жатқанына жұртшылық дән риза.

«Жақсыны көрмекке» дегендей, аталған елді мекенге атбасын бұрдық. Нұрланмен емен-жарқын әңгімелесіп, көп нәрсені көңілге түйіп қайттық.

– Әдеттегідей үй-ішімізбен күнделікті түскі асты ішіп отырғанбыз. Теледидар қосулы тұр. Телеарналардың бірінен түрлі халықтың тағамдары туралы хабар көрсетіліп жатты. Сонда шетелдіктердің өз ұлттық тағамдарына ерекше құрметпен қарайтынын білдік. Олар сондай өнімдерді арнайы патенттеп, әлемдік нарыққа шығаруға кең жол ашады екен. Бұл көрініс бізді қатты ойландырды. Сөйтіп, талқан шығару туралы алғашқы идея туды. Ол мәселені әкем Санат көтерген болатын, – деп бастады әңгімесін Нұрлан.

Иә, Санат Жұмәділов ағамыздың есімі Шелек жұртшылығына кеңінен таныс. Талай жыл осында «Қазкоммерцбанктің» аймақтық басшысы қызметін абыроймен атқарды. Өз ісінің білгірі, көпшіл, қайырымды азамат ретінде елдің есінде қалды. Ол кісі нағыз ұлтжанды азамат еді. Банкир болса да рухани әлемге терең бойлайтын. Халқымыздың ұлттық құндылықтарын ерекше құрмет тұтатын. Оған өзіміз де кезінде талай рет куә болғанбыз. Ақын-жазушылар, әртістер, әншілер, мәдениет қайраткерлері Санат ағаның шаңырағына соқпай кетпейтін. Бәрімен қауышып, мәре-сәре болатын. Біз әңгімелесіп отырған ағамыздың ұлы Нұрлан да сондай тәрбиені көріп өсті.

– Сонымен ісіміз сәтімен жалғасты. Ең алдымен, өзіміз жасаған өнімге арнайы патент алдық. Оны Қазақ тағамтану академиясы бекітті. Ендігі кезекте қаптаманың сыртқы дизайны қалай болады деген сұраққа жауап іздедік. Ол да табылды. Өнім ұлттық болған соң оның сыры да соған сай нақышта болуы керек. Бұл істі әкем қолға алды. Нәтижесі бәріміздің көңілімізден шықты.

Арнайы қаптамаға салынған талқанды алғаш рет қолымызбен ұстаған сәт әлі есімде. Сол күні әкем ерекше қуанды. Бірақ жазмыштан озмыш жоқ. Әкеміз ауырмай-сырқамай кенеттен дүние салды. Бұл қаза бәрімізге ауыр тиді. Енді әкемнің арманын қауызымен тұрған дәндердің бойына макро және микроэлементтер толықтай сіңеді. Сондықтан, мұндай талқанның ағзаға тигізетін пайдасы мол. Өнімді сатып алған тұтынушының құнарлы талқанды бірден сүтке, айранға немесе шайға араластырып ас ретінде пайдалана беруіне болады. Қаптамадағы талқан бір жылға дейін өзінің құнарын жоймайды. Қаптаманың сыртында талқан туралы толық мәлімет бар. Бір сөзбен айтқанда, өзімізге де, өзгеге де ұялмай көрсететін заманауи ұлттық өнім.

– Бірде қызық болды, ауылдағы дүкеннен шығып келе жатқан екі оқушыны кездестірдім. Қолдарына қаптамадағы қытай кеспесін ұстап алыпты. Әлгіні екеуі аша салып құрғақ күйінде асап жатыр. Дереу қастарына жүгіріп барып, қаптамаларды жұлып алдым. Оның зияны шаш етектен екенін айтып әлек боп жатырмын. Құрғақ күйінде жеу одан да жаман. Соны оларға түсіндірдім. Есесіне, өзім шығарған «Талқанның» екі қаптамасын тегін ұсындым. Соның арқасында әлгі балалардың ертесінде-ақ қытай кеспесінен талқанға ауысқаны бар. Несін жасырамыз, қазіргі таңда балалардың жоғарыда айтқан сапасы төмен жасанды шетелдік өнімдерге әуестігі артып барады. Соған талқан секілді дәмдер арқылы тосқауылдар қоюға болады деп ойлаймын.

Ұрпақтардың дені сау болса деп тілеймін. Олар – жарқын болашақтың кепілі. Сондықтан да әлемдік бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, дұрыс тамақтануды қалыптастыру қажет. Ал ол үшін не істейміз деп бас қатырудың қажеті шамалы. Өзіміздің ұлттық тағамдарды көптеп шығарғанымыз жөн. Сонда ғана біз дүкен сөрелеріндегі шетелден келген жасанды, тегі күмәнді өнімдерді ысырып тастай аламыз, – деп Нұрлан әңгімесін аяқтады.

Бабаларымыз айтқандай. «Бірінші байлық – денсаулық». Оның берік сақталуына қайраткер де, кәсіпкер де мүдделі. Ортақ іске өз үлестерін қосуға міндетті. Бұл қолымыздан келетін шаруа. Соның бір дәлелі ретінде Шелектің «Талқанын» айтсақ жеткілікті. Ендеше, оны көп болып неге қолдамаймыз?! Ұлттық өнімнің сізге де, бізге де пайда әкелетіні анық.

Бетті әзірлеген Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ТІРШІЛІК
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
ЖҚ 5

Кәсібі-нәсібі

ҚЫЛҚҰЙРЫҚТЫНЫ КӨБЕЙТКЕН

(Басы 1-бетте)

Менің қарагер биеге көзімнің түскенін аңғарған, төрт сала айырға сүйеніп тұрған жылқышы:

– Осы қазір жығып алса, бір үйдің аузынан ақ майын ағызар еді, – деді.

Адамдар жылқыны көрсе, көз алдарына буы бұрқыраған табақ-табақ еттің елестейтіні несі екен деп ішімнен бір ойлап қойдым.

Топ жылқы мал шаруашылығын өркендетуге білек сыбанып, бел буып кірісіп отырған Шортанды кентіндегі ағайынды Егор және Николай Воложаниндердікі еді. Шынтуайтында, жылқы баласының өзге түліктен көп артықшылығы бар. Арқа қысы жұмсақ болса, алты ай қыс бойы тебінде жүріп, өз күнін өзі көрмек. Демек, соншалықты көп жем-шөпті қажет етпейді. Айналып келгенде, өзіндік құны да арзан.

Воложаниндерге жылқы басын көбейтуге демеу болып отырған мемлекеттің «Құлан» бағдарламасы. Жалғыз бұларға емес, облыстағы мал шаруашылығы, оның ішінде өсімтал жылқыны көбейтуге бет бұрып, құрық ұстаған қаншама адамның несібесін молайтып отырған бағдарлама.

– Жылқы бізге таңсық түлік емес, атамыз атасы баққан, – дейді ағайынды кәсіпкерлер.



Бақса баққан шығар. Бірақ дәл менің атамдай мыңғыртып көп ұстаған жоқ шығар. Сыған атаулының тегі жақсы жылқы көрсе, қаны қызатындығын елдің бәрі біледі. Ертеректе біздің өңірде көшіп-қонып жүрегін сыған табырын көргеніміз бар. Жүзі бөлек, тұлғасы басқа, түрі өзгеше адамдарды ауылдың аңғал жұрты қызықтап, балға үймелеген арадай бірін-бірі баса-көктей тырмысып, тамашалайтынын көргенбіз. Кәдімгі төрт дөңгелекті арбаның үстіне ұшар басын шошайтып, киіз үй іспеттес етіп баспаналарын тұрғызып алады екен. Ал аттары, тіпті сұмдық. Біздің ауылдың көктемде бұзауға жете алмайтын, ыңыршағы айналған аяқ артарындай емес, аспанға шапшып тұрған бірдене. Жылқымен көзін ашқан Жетпісбай ақсақал жер баспай ауыздығын сүзіп тұрған сығанның атына қатты қызыққан. Ақыры екі жылқының пұлын беріп сатып алды. Шылбырын үзе тартып, көкке шапшыған көкбесті сыған табыры қозыкөш жерге ұзап, көзден ғайып болғанда жынынан айырылған бақсыдай сабасына түскен. Кәдімгі біздің ауылдың құлағы салпиған, мың салса бір баспайтын аттарынан айнымай қалған. Сөйтсе бұл сығандар жылқыға арақ ішкізіп, осылай құтыртып қояды екен.

Бояу жағып көкті құла, құланы қарагер қылатындары да бар деседі жұрт. Сыған баққан жылқыны сонда көргенбіз. Ал бүгін басқаша кейіпте. Кәсіпкерлердің айтуына қарағанда, аграрлық несие корпорациясынан 54 миллион теңге алыпты. Бір жыл бұрын өріске жүз бас жылқы шығарған Воложаниндердің бағымында қазір 300 жылқы бар. Өздерінің айтуына қарағанда, жылқы десе өліп-өшетін құмарлық әкеден дарыған. Әрі өздері сол құмарлық байыз тапқызбай, бақса, кейін мемлекет көмегіне жүгінген. Онда да әншейінде оншалықты маңызды болып көрінбейтін жай себепші болған. Бір күні, ойында ештеңе жоқ, теледидар тамашалап отырған. Әлдебір бағдарламада мал шаруашылығы туралы майын тамызып айтып жатыр екен. Арасында бұған қажет ақпарат, яғни «асыл тұқымды малға мемлекет несие береді» деген сөз. Әлгі сөз көкірегінде қоламтаның шоғындай бықсып қана жанған үміт отын самал жел желпігендей маздатып жіберсе керек. Әуелі қабырғасымен кеңескен, бар мүмкіндігін сараптаған. Сөйтіп, 75 жастағы ақсақал тәуекелді іске бел буыпты. Бұл жұртта әке сөзін жерге тастамайтын өз қағидалары бар. Әкенің айтқаны - заң. Тіпті жылқы емес, айдаһар арқандайсың десе де, тартынайын деп тұрған жоқ. Ақыры еңбектері жанды. Осы күні Астана қаласының «Еуразия», «Әлем» тәрізді сауда орталықтарынан қартасы бұйра-бұйра, қазысы керекарыс жылқы етін іздегендер әуелі етті емес, Воложаниндерді іздейді.

– Сенсеңіздер, осы шаруашылықта үш-ақ адам жұмыс істейді. Отбасымыз үлкен, ортақ жұмыс болған соң ешқайсымыз қол қусырып қарап отырмаймыз. Қажет кезінде бәріміз қол ұшын береміз, немерелерім мен келіндерім де қолғабыс етеді. Өзіміздің бордақылау алаңымыз бар. Енді қымыз баптауды, шұжық жасауды қолға алып жатырмыз. Несиені осы көктемде ғана алып едік, қазір ептеп өтей бастадық. Несиенің ақшасына 400-ге жуық жылқы сатып алдық. Қысы-жазы 200 бас жылқы семіртеміз, – дейді Николай ақсақал.



Ағайынды Воложаниндер әкесімен

Қос перзентінің үлкені Егор құрық ұстап жылқы бағып жүргеніне бек разы. Ендігі ойы – жылқы басын бес жүзге жеткізу. Бес жүзге жеткізіп алса, жарықтық жылқы мыңғырып өсе бермек.

– Бизнес жоспарымыз үш жылға арналған. Несиені қайтара алмаймыз деп қысылмаймыз. Өйткені, ел ішінен пышақ көтерер жылқыны сатып аламыз да, жемдейміз. Астана іргемізде тұрған соң жылқы етіне жерік қазақ жыртылып айырылады. Жылқы алған кезде құнан, дөнендерін ғана алдық. Ең тиімдісі осы. Соғым кезінде ғана емес, жыл он екі ай бойы жылқыға деген сұраныс толастамайды. Ел болған соң ойын-тойы, айтып келмес қазасы болады ғой. Соның бәріне жылқы сояды, – дейді Егор Воложанин.

Айтса айтқандай, қазақтың дарқандығы мен дарақылығы жылқы бағатын Воложаниндерге жақсы болып тұр. Өздерінің айтуына қарағанда, табан қазы шығатын семіз жылқының құны денесінің ірілігіне қарай 350-450 мың теңгенің маңайында. Ал өздеріне семіртілмеген жылқыны 200-250 мың теңгенің мөлшерінде сатып алады. Осы орайда, он саусағымызды бүгіп, есеп шығардық. Жылқыны жемдеуге 30 мың теңгенің көлемінде жем алынсын, семіртіліп тұрған жылқы шөпті көп жемейді. Шөп немесе сабан оған ас қорыту үшін ғана керек. Сонда жаңағы 450 мен 250-дің арасындағы 200 мың теңгенің 50 мың теңгесі семіртуге жұмсалды дегеннің өзінде, қалған 150 мың теңгесі таза пайда. Он жылқы сатсаңыз, оң жақ қалтаңызға 1500 миллион теңге саласыз.

Осы есепті шығара сала, есеп шығарып тұрып тарбиған он саусағымды жинап ала қойдым. Осы мен жанымды жалдап бекер қалам ұстап жүрген жоқпын ба? Қалам орнына құрық ұстасам қайтер еді? Сыған баққан жылқыны малмен көзін ашқан қазақ та баға алады ғой.

Кәсіпкерлердің айтуына қарағанда, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамына несие алудың бір тиімдісі, қарызды өтеуге әдетте белгілі бір мөлшерде уақыт жағына тәп-тәуір жеңілдік беріледі. Деректерге қарағанда, республика бойынша осы корпорациядан малсақ қауым 3 миллиард 777,5 миллион теңгеге 11681 бас жылқы сатып алыпты.

Біздің облыста ғана 350 миллион теңгеге бір мыңнан астам жылқы алынған.

– Бағдарлама ауыл шаруашылығының барлық саласын қамтиды. Мінекей, Воложаниндер 15 пайыздық қайтарыммен 54 миллион теңге алып отыр. Оның үстіне субсидия да алады. Алқымынан алып қысып бара жатқан дәнеңе жоқ. Алған несиесін он жылға шақтап отыр, – дейді «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы облыстық филиалы директорының орынбасары Кәрім Аброев.

Алтайдан Атырауға дейінгі кең көсіліп жатқан сайын даланың жайылымдарында қазір екі миллион бес жүз мыңнан астам қылқұйрықты бар екен. Бүгінгі таңда таза өнімге талпыныс көп. Жалғыз қазақтың ғана емес, өзгенің де түсіне де, тісіне де жылқы еті кіріп жүр. Іргедегі Қытаймен ет өнімдерін экспорттау жөнінде ветеринарлық келісімдер қаралып жатыр. Демек мыңғыртып мал бақсаң, табысты да көп табуға болады.



Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Шортанды ауданы,
Ақмола облысы

Жас келсе – іске

БИЗНЕСКЕ БАТЫЛДЫҚ КЕРЕК

Жастар кәсіпкерлігінің мүмкіндігін дамыту мен қолдау көрсету мәселелері Алматы облысында жүйелі жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрайымы Римма Салықованың пікірінше, қазіргі таңда бизнесті қолдау мен қорғау жаңа деңгейге шықты. Тексеру саны азайып, бизнес заң жобаларды әзірлеуге белсенді қатысуда. Жүйелі мәселені өзара және бірлесе шешуде. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы үкіметпен бірге жеңілдетілген шағын несиелеуді, кәсіпкерлік қызметті қолайлы жүргізу бойынша жұмыс атқарып келеді.



Десе де, өңірлердегі жас кәсіпкерлердің жұмысын ширату үшін мемлекеттік бағдарламалар мен қолдау шарасын әзірлеудің маңыздылығы да күн тәртібінен түсер емес.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаеваға жолыққанымызда, жас кәсіпкерлер аудандық және қалалық деңгейде кәсіпкерлерге қолдау орталықтарында тегін сервистік қызмет пен мембағдарламалар бойынша кеңес ала алатынын айтты. Сонымен бірге кәсіпкерлік негізіне «Бизнес-Кеңесші», «Бастау Бизнес», «Жас кәсіпкер мектебі» жобалары аясында білімін шыңдауға мүмкіндігі бар. Бизнесті жаңадан бастаушылар 3 млн теңгеге дейінгі гранттық қаржыландыруға және Startup Bolashak стартап жобалар байқауына қатысып, жобасын қорғап, оны ары қарай жүзеге асыруға қаржылық қолдауда таба алады.

– Әрине, мемлекет тарапынан, басқа баламалы жолдар арқылы да жастар кәсіпкерлігін дамытуға мол мүмкіндік қарастырылуда. Ал кәсіп иелерінің дәлеліне сенсек, жастар кәсіпкерлігінің қауырт қарқын алуына тағы да сол жастардың дәуір бұзатын тәуекелі жетпей жатады. Десе де, ортамызда мемлекеттік қолдаудың игілігін көріп, өзінің батылдығының арқасында үлкен жетістікке жетіп жүргендер баршылық. Олардың қатары шалғай ауылдарда да көбейіп келе жатыр. Солардың бірі – Райымбек ауданының Кеген ауылының тұрғыны Аслан Баянғожаев, – дейді палата директоры.

Осыдан кейін батылдықтан бағы жанған кәсіпкердің қолға алған жұмысымен біз де танысуға аңсарымыз ауды. Аслан Баянғожаев көптен бері қараусыз қаңырап қалған бос ғимаратты жөндеп, мал сою цехын ашқаны қаладан алыста жатқан елді мекендегі жұрттың қолындағы малын қаржыға айналдыруға жол ашыпты. Біраз жылдан бері екі қолға бір күрек таппай жүрген Аслан Баянғожаевтың бизнес жобасы аудан тұрғындары мен билік өкілдері тарапынан қызу қолдау тауып, кәсіпкерлік палатасы Райымбек аудандық филиалының қолдауымен «Бизнес-Кеңесші» жобасына жазылып, кәсіпкерлік негіздерінің оқуын тәмамдапты. Кейін жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, мал сою цехын ашқан екен.

Бүгінгі таңда қасапханада қажетті құрал-жабдықтардың барлығы бар. Мал жинайтын алаң, соятын жер мен өнімді сақтайтын мұздататын камера дайындалған. Ет Кегендегі орталық базарда сатылады. Бірақ өнімнің басым бөлігі Алматы қаласындағы сауда нысандарында шығарылады. Алдағы уақытта цехты кеңейтіп, өнім көлемін арттырумен қатар жас кәсіпкер ауылда мал базарын ұйымдастыруды қолға алмақшы.

Демек, кәсіптің жақсы-жаманы жоқ. Абай атамыз айтқандай, қандай кәсіпті қолға алсақ та адал жолмен, бизнес ашсақ, оның берекесін көреміз. Жоғарыда айтылған екі кәсіпкерді жастығына қарамай, батылдықпен іске кіріскендер. Ал олардың жоспарын жүзеге асыруға мемлекеттік бағдарламалардың көптеп демеу болғаны анық. Мұндай батыл бастамалар әлі талай жастың бағын ашарына бек сенеміз.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Тәлім

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН

Елбасы жариялаған рухани жаңғыру, оның ішінде ұлттық кодты қалыптастыру туралы мақаласы болашақ ұрпақты тәрбиелеуге арналған нақты бағдар болды.

Ұлттық кодты қарапайым тілмен айтқанда, «қазақи тегіміз, қазақи діліміз, қазақи санамыз бен болмысымыз» деуге болады. Мен әскери қызметте, ғұмырымды Отан қорғау жолына арнаған азаматпын. Әскер қатарына шақырылған сарыауыз бозбалаларды тәрбиелеп, елге сүйеу болар тұлға ғып қалыптастырудың қызығы мен шыжығын іштен, өз басымнан өткеріп, танып-білген адаммын. Сондықтан шын мәніндегі ұлтжанды, елін сүйетін ұлттық коды бар азамат қайда, қалай қалыптасатыны туралы өз пікірімді ортаға салмақпын.

Жалпы дүниеге келген әр адамның бойындағы, қанындағы қасиеттері оның шыққан тегіне байланысты екені ешқандай дау тудырмайды. Алайда оларды ары қарай бағдарлап дамыту ата-анасына, отбасына, өскен ортасына тікелей байланысты. Біздің дана халқымыз немерелерін ата-әжесіне бақтырып, тәрбиелетіп үлкен көрегендік жасаған. Себебі жас отау иелері күнделікті бар күйбең тірлікті өз мойындарына алып, қарттардың табалдырығын аттанған күннен-ақ отансүйгіштік тәрбиенің кең шалқарынан сусындайды. Еліміздің айбыны – Ұлттық ұлан сабында бұл тәрбиеге, сарбаздарымызды ұлтжанды рухты азамат қылып тәрбиелеуге, ел үшін қандай да болмасын ауыртпашылықты көтеруге дайын адам ретінде тәрбиелеу ісі жүйелі түрде жолға қойылған, әрі стратегиялық маңыздағы басты жұмыс болып табылады. Күш-қуат құрылымының құрамындағы тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі басшылық институты осы жұмыстардың қайнар бастауында тұр. Мәселен, жақында ғана Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланында 2017 жылғы оқу жылынан бастап жаңа жоба, жаңа патриоттық іс-шара қолға алынды. Ол шараның аты – «Елбасы сабақтары» деп аталады. Аталған сабақтар құқықтық тәртіп әскерлерінің республикадағы барлық құрылымдық әскери бөлімдерінде өткізілетін болады. Әскерге рух беруші тәрбиеші офицер Отан күзетінде жүрген жауынгерлерге, жалпы әскери



ұжымның әр мүшесіне тәуелсіздік жылдары еліміздің жеткен барша жетістігі жайлы кең тұрғыда түсіндіріп, тәрбие сағаты ретінде жеткізілетін болды. Елбасы сабақтары әртүрлі тақырыпты қамтыған. Мәселен, «Елбасының Отан жайлы айтқандары», «Елбасының халықтар достығы мен бірлігі жайлы ұлағаттары», «Елбасының отбасы жайлы айтқандары», «Елбасының ел тарихы жайлы айтқандары», «Елбасының ұлттық қауіпсіздік жайлы байламдары» және тағы басқа мемлекет басшысының аса өзекті толғам-ойлары жауынгерлік ұжым мүшелерінің рухын көтеру мен шыңдауға жолбасшы тәрбие өзегі ретінде алынып отыр. Әрине, бұл жаңашылдық жұмыстардың барлығы да түптің-түбінде тәрбие саласында өзінің жақсы жемісін берері сөзсіз демекпін.

Тәуелсіз қазақ елінің сардары ретінде айтарым, егемен елімізде өсіп келе жатқан ұрпақтарымыз өз ана тілінде таза сөйлеп, ежелден «ер» деген даңқы шыққан, намысын таптатпаған, туған жердің топырағын сүйгенде болмаса, ешкімге басын имеген, ешкімнің алдында тізесін бүкпеген ата-бабаларының тарихын, салт-дәстүрін біліп өссе, өзегі мен халқының тек малын жемей, қамын жейтін, туған жерін, ауылын аялап, сақтап, қорғайтын, рухани шыңдалған, бәсекеге қабілетті, жаһандану үрдісіне жұтылып, өзін жоғалтып алмайтын халықтың лайықты азаматы болып шығады деген сенімдемін.



Қайрат АҚТАНОВ,
генерал-майор
Ұлттық ұлан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы,
Алматы қаласы

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Құрылыс

БАСТЫ МІНДЕТ – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Талдықорған қаласының аумағындағы бірнеше нысанды аралап, құрылыстың жүру қарқынымен танысты. Кеткен кемшіліктерге қатысты тапсырма беріп, сапалы қызмет көрсетуді талап етті. Әсіресе, қаланың көркін ашатын көгалдандыру, абаттандыру, ағаш егу сынды мәселеге жіті назар аударды.



Алдымен басшылық әуежайға бас сұғып, бірқатар кемшілікті кезіктірді. Әлі де болса тазаланбаған құрылыстың қалдығы көзге бірден түседі. Асфальттанбаған аумақ та әуежайдың сәнін бұзып тұр. Сондықтан бір аптаның ішінде көгалдандыру мен абаттандыру аяқталуы тиіс. Жарық шамдарын орнату, гараж бен бокстарды нөмірлеу, құрылғысын орналастыру сынды тапсырма берілді. Әуежай осыған дейін көмірмен жылынып келген, енді газ тарту мәселесі қозғалды. Сонда шығын да барынша азаятын болады. Алматы – Өскемен тасжолының ортасындағы шөп құрап жатыр, суғарылмағаны бірден байқалады. Осыны ескерген Амандық Ғаббасұлы дизайнер шақырып, гүл отырғызу, ағаш егіп, көріктендіре түсу сынды ескерту жасады. Жол жиегіндегі демалыс алаңқайда ағаштар құрап жатыр. Сондықтан көшет отырғызу, абаттандыруды қажет етеді. Қаратал өзенінің арнасынан сумен бірге ағып келген ағаштар көзге ілікті. Тез арада қызметкерлер соны тазартып, ретке келтіруі тиіс. Ал жаңадан ашылып жатқан жағалауды жарықтандыру мен жол салу бір ай мерзім ішінде аяқталады деп күтілуде.

Облыс әкімі Амандық Баталов қаланы газдандыру қалай жүріп жатқанымен танысты. Қазір 218 үй «көгілдір отынмен» қамтылды. Сондай-ақ, асфальт салынбаған көшелерді жыл сайын жасау, әсіресе, газ тартылып жатқан көшені қалпына келтіру сынды міндет жүктелді. Орталық саябақтың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жүйелі жұмысқа куә болған Амандық Ғаббасұлы ең бастысы, сапа екендігін ескертті. Қаланың оңтүстік-батысында бой көтеріп жатқан жаңа әрі биік үйлер облыс орталығының сәнін кіргізуде.

– Пәтерлердің ауласын барынша көрікті етіңдер. Әсіресе, балалар емін-еркін ойнап, тұрғындар дұрыс демалуы керек. Ақша жоқ емес, бар. Қанша сұрасаңдар да беремін. Тек сапалы жұмыс атқарсаңдар болды. Әр нәрсеге жанашырлықпен қарандар. Үйлердің сыртын бояу туралы қаншама рет тапсырма бердім, әлі орындалмаған. Балкондарды да біркелкі етіп, жүйеге келтіріңдер, – деген Амандық Ғаббасұлы жауапты тұлғаларға тапсырманы жылдам орындауды тапсырды. Әрмен қарай басшылық Алматы–Талдықорған жол жиегіндегі коттеджді қалашықтың жоспарына көз жүгіртті. Қаладан шеткері орналасқан аумаққа тұрғындар үй салып жатыр. Алайда әлі күнге дейін жарық, су тартылмаған. Жол да салынбапты. «Келісімсіз үй тұрғызуға болмайды. Қайда қарап жүрсіңдер? Халыққа түсіндірмейсіңдер ме? Жолы мен жарығы, жылуы мен су жоқ жерде жұрт майшаммен отырады ма? Алдымен осы маңызды нәрселер шешілуі керек. Содан кейін барып, үй тұрғызуға рұқсат береміз», – деген Амандық Баталов облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов, қала әкімі Бағдат Қарасаев, қала әкімінің орынбасары Асқар Тұтыбаевқа қатаң ескерту берді.

Басшылық апта сайын осындай жерлерді аралап, тексеру жүргізуі тиіс екенін айтты.

Мұнан соң өңір басшысы жақында пайдалануға берілетін салтанат сарайына кіріп, құрылыстың мән-жайын анықтады. Жүйелі жұмысқа тәнті болып, құрылысшыларға ризашылығын білдірді. Әрмен қарай галерея нысанына барып, ондағы қызметтің жұру барысын бағамдады. Қала тұрғындарының саны жыл сайын артып келеді. Сондықтан мектеп қажеттілігі туындауда. Осы орайда қаланың оңтүстік-батысы мен солтүстік-батысында 1200 орынды қос жаңа мектеп салынып жатыр. Білім ордаларына арнайы барған Амандық Ғаббасұлы мамандарды барынша сапалы қызмет етуге шақырды. Өйткені мектеп болашақ ұрпақтың білімін жетілдіретін киелі мекен. Сол себепті мектеп заманауи құрылғылармен қамтылуы керек.

Алтын орақ

ҚАМБА АСТЫҚҚА ТОЛДЫ

Аптапта алтын дән сапырған күреңбелдіктердің биыл да ырысы мол. Жаз ыстық болғасын ба, егіннің пісуі ерте, түсуі мол, құнарлық деңгейі де жоғары. Бұл туралы Алматы облысындағы Кербұлақ ауданына қарасты Қызылжар ауылында орын тепкен «Асанұлы Б» шаруа қожалығының жетекшісі Бауыржан Асанұлы айтып берді.



Аталған шаруа қожалығы 2007 жылы іргетасын қалаған. Шаруашылық бүгінде шамамен мың гектар жердің егінін орады. Егіс алқабының жартысынан көбі күздік бидайдың еншісінде. Шаруашылық жетекшісінің айтуынша, соңғы апталардағы ыстықтың ықпалы тәуір болыпты. Нәтижесінде, бидай күткен уақытынан бұрын піскен. Сондықтан, биыл орақ науқаны шілде айының ортасында-ақ басталып кеткен.

– Биыл гектарына 20 – 25 центнер өнім алуды жоспарлағанбыз. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен әлдеқайда жоғары. «Богарный – 56» және «Одесский» тұқымдарын пайдаланамыз. Нәтижесі жаман емес, – дейді қожалық жетекшісі Бауыржан Асанұлы.

Осы орайда, ұжым жетекшісі өңірде тұқым шаруашылығын дамытудың бүгінгі күн тәртібіне қойылуы тиіс өзекті мәселе екенін, аты әйгілі отандық сала ғалымдары бола тұрса да, олардың білім-білігі, қарым-қабілеті шаруа игілігіне толық бағытталмай келе жатқанын айтады. Сонымен қатар жиналған астықтың ендігі құйылар қамбасының белгісіздігі, яғни өткізу мәселесінің қиындығы да қазірге шешімін таппаған.

Бұл ретте аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жалғас Катжанов осы мәселе сала басшыларының назарында екенін айта келіп, науқанға орай аймақ көрсеткішін де тілге тиек етті.

Ауданда биыл 85 мың гектарға жуық аумаққа дәнді дақыл себіліп, бүгінде оның 25 мың гектары орылып біткен. Астық ору науқанына 247 комбайн, 188 жүк көлігі және басқа да қосымша техникалар жұмылдырылуда. Бұдан бөлек, мыңнан аса трактордың көмегімен 100 мың тонна шөп дайындалған.

Соның ішінде «Асанұлы Б» шаруа қожалығының атқарған қызметі еселі. Ұжымда қазір 12 адам табан аудармай тер төгуде. Біз барғанда комбайншы Ғалымжан Тоқсабаев серіктестері Қайрат Қожахметов және Дәуітбай Қашағановпен бірге күннің ыстығына қарамастан, орылған астықты жүк көлігіне құйып жатты. Олардың өз жұмысына шеберлігі мен еңбеккерлігіне қарап «Еңбегі қаттының татқаны тәтті» екенін бағамдайсыз.

Еңбек демекші, өз кезегінде Бауыржан Асанұлы жақсы өнім алудың оңай шаруа емес екенін жеткізді. Әрі өз тәжірибесін де ортаға сала отыруды ұмытпады.


Шаруашылық жетекшісі «Мен мемлекеттік бағдарламаның мүмкіндігін пайдаланамын. Қазір «КазАгроҚаржы» арқасында жаңа техникаларға қол жеткіздім. Келешекте жер көлемін ұлғайту да ойда бар», – дейді.

Ұжым егіннен бөлек, қосалқы мал шаруашылығымен де айналысады. Қазір қожалықта бір отар қой, бір үйір жылқы, 100-ден аса ірі қара бар. Сол себепті жұмысшылар жұмыссыз қалмайды. Жазда егін басында, қыста фермада еңбек етеді.

Жауапкершілік пен сенім

НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесуінде айтылған ұсыныс пен ескерту бойынша қабылданған іс-шара жоспары 2017 жылдың алғашқы алты айында орындалуда.



Алматы облысы бойынша 2017 жылғы қаңтар-ақпан айларында 792 есепті кездесуі өткізілді. Шара барысында аудан, қала әкімдерінің және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ және кент әкімдерінің атына 352 ұсыныс пен ескерту айтылды. Атап айтар болсақ, жолды жөндеу мен салу, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарының құрылысы, ауыз су мәселесі, абаттандыру, санитарлық және экологиялық жағдай, елді мекендерді жарықпен, газбен, телефонмен қамтамасыз ету. Тұрғын үй және жер қатынастары бойынша ұсыныс, тілек айтылды.

Облыс әкімінің есепті кездесуінде тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шара жоспарына төмендегі 11 мәселе енгізілді. Атап айтсақ, «Ақсу ауданы Ашыбұлақ ауылын орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы және қайта жаңғырту» жобасы әзірленіп, су құбырын салуға облыстық бюджеттен 151,6 млн теңге бөлінді. Жобаға сәйкес I және II көтергішті сорғы стансасын, хлор-сатуратор құдығын, бақылау-өткізу бекетін, су жинағыш резервуар, арынды мұнара, фильтр тұндырғыш салу қарастырылған. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Ал Қарасай ауданы Береке ауылындағы бос тұрған жекеменшіктегі мәдениет үйін сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 25,4 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Текелі қаласындағы №2 психологиялық-педагогикалық кабинетке қажетті ғимаратты сатып алуға қаржы бөлу бойынша облыстық білім басқармасы мен Текелі қаласы әкімдігі тарапынан қажетті ғимарат іздестіру жұмысы жүргізілуде. Төртінші тоқсанға жоспарланған Жамбыл ауданы Қарақастек ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория салу үшін жергілікті бюджет есебінен 255,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта мердігер ұйым «Еламан» ЖШС-і құрылыс-монтаж жұмысын жүргізуде. Нысанды 30 тамызда пайдалануға беру жоспарланған. Іле ауданы Өтеген батыр кентінде 125 төсектік перзентхана салу бойынша облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 1 маусымдағы №12-62 шешімімен перзентхана құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 5 млн теңге бөлінді. Нысанның атауын қолданыстағы аудандық орталық ауруханаға перзентхана жапсаржайының құрылысы деп өзгерту мәселесі қарастырылуда. Қаратал ауданы Үштөбе қаласының ішкі жолын жөндеу үшін облыстық бюджеттен 284 млн теңге бөлінді. Қазіргі кезде мердігерді анықтау үшін ашық конкурс жарияланды. Панфилов ауданы Үлкеншығанауылындағы үш ауысымды мектепке 300 орындық жапсаржай құрылысына жергілікті бюджеттен 300 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алуды жариялауға конкурстық құжаттама дайындалуда. Нысанды 2018 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Талғар ауданының Нұра ауылындағы «Төле би», «Бәйдібек» шағынаудандарын электр желісімен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 166,2 млн теңге бөлініп, құрылыс-монтаж жұмысы жүргізілуде. Талдықорған қаласы «Жастар-1», «Жастар-2» және «Ынтымақ» шағынауданының жолын жөндеуге 443,6 млн теңге қажет. Бүгінде оның 150 млн теңгесі бөлінді. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. «Жастар-2», «Ынтымақ» шағынауданының жолын абаттандыру, инженерлік жер асты коммуникациясын жүргізу жұмысы аяқталған соң жүргізіледі. «Жастар-1», «Жастар-2», «Ынтымақ» шағынаудандарын сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйесінің құрылысына Ұлттық қордан 1,5 млрд теңге бөлінді. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізілуде. Аталған шағын аудандарды «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету 2018 жылы Талдықорған қаласының газ тарату желілері құрылысының 4-кезеңі аясында жоспарлануда.

Аудан және қала әкімдерінің есепті кездесуі жөніндегі іс-шара жоспарына 176 ұсыныс енгізілген. 2017 жылдың екінші тоқсанға 29 мәселе жоспарланып, олар толығымен орындалды. Мәселен, Талдықорған қаласы әкімінің есептік кездесуінде тұрғындардан түскен 13 ұсыныстың бірінші тоқсанда алтауы, екінші тоқсанында бесеуі толығымен орындалды. Екінші тоқсанға жоспарланған қаланың 3-ші бөлімшесіндегі үйлерді инженерлік желіге қосуға жоба-сметалық құжатты дайындау үшін 6,2 млн теңгеге тапсырыс дайындалды. Қаланың Біржан сал, Д.Рақышев көшелерінің жолы жөнделуде. Қабанбай батыр және Медеу көшелерінің аралығындағы Абай көшесіне орташа жөндеу жұмысын жүргізуге 427,1 млн теңге қажет, оның 350 млн теңгесі бөлінді. Бүгінгі күні мердігер мекемені анықтау мақсатында мемлекеттік сатып алу байқауы жарияланды. Еркін ауылындағы Қазақстан көшесіндегі жолға күрделі жөндеу жұмысы газ тарату жүйесі орнатылып біткеннен кейін жүргізіледі.

«Мерекелік» «Қаратал», «Ключи», «Сарыбұлақ» қала жанындағы елді мекендердің электр желісін қайта жаңғырту жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмысын жүргізуге конкурс жарияланды. Көпқабатты үйлерді жөндеу бойынша тұрғындардан қайтарылған 82,9 млн теңге есебінен қаланың төрт көпқабатты тұрғын үйлеріне жөндеу жұмысын жүргізу жоспарланды. Бұдан басқа жалпы құны 298 млн теңгені құрайтын 15 үйдің жөндеу жұмысына өтінім мен есеп жасалып, оларды да тұрғындардан қайтарылған қаражат есебінен жүргізу жоспарлануда.

Қарасай ауданы әкімінің есептік кездесуінде айтылған 12 ұсыныстың жетеуі орындалуы екінші тоқсанға жопарланып, өз шешімін тапты. Қаскелең қаласы және Үштерек, Жандосов, Бекболат, Жаңатұрмыс, Көксай ауылдарындағы көшелердің жолын жөндеуге 279,9 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмысы толығымен аяқталды. Қаскелең қаласы Қарасай батыр көшесінде орналасқан №62, 64 көпқабатты тұрғын үйлердің ауласына 19, 3 млн теңгеге абаттандыру жұмыстар жүргізілді.

Алакөл ауданы бойынша 1 шілдеге жоспарланған 5 ұсыныстың барлығы орындалды. Атап айтсақ, жергілікті бюджеттен 276 мың теңге бөлініп, Достық ауылдық округіндегі 177 қаңғыбас иттің көзі жойылды. Көктұма ауылының учаскелік полиция бекетінің құрылысына 22 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмысы жүргізілуде. Қарабұлақ орта мектебіне күрделі жөндеу жұмысын жүргізу үшін 100 млн теңге қарастырылып, құрылыс-монтаж жұмысы басталды. «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында 411,9 млн теңге бөлініп, Ақтүбек, Қарлығаш ауылдарының ауыз су жүйесінің құрылыс жұмысы жүргізілуде. Қоңыр ауылының кіреберісіндегі тасжолына 151,4 млн теңгеге жөндеу жұмысы атқарылуда.

Жамбыл ауданы бойынша бес ұсыныстың үшеуі үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанына, екеуі екінші тоқсанына жоспарланып, толығымен орындалды. Мыңбаев ауылының мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуге 237 млн теңге, Шиен ауылының ауыз су жүйесін күрделі жөндеуге 143,7 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмысы жүргізілуде.

Балқаш ауданы әкімінің есептік кездесуінде айтылған 13 ұсыныстың үшеуінің орындалуы бірінші тоқсанға, үшеуінің орындалуы екінші тоқсанға жоспарланып, өз шешімін тапты. Атап айтқанда, Көктал ауылдық округінде жаңа фельдшерлік акушерлік пункті іске қосылды. Қарой ауылының көшелеріне орташа жөндеу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар аудандық орталық ауруханаға ультрадыбыстық зерттеу (УЗИ) аппараты алынып, дәрігер арнайы қайта даярлау курсынан өтіп, аудан тұрғындарына қажетті қызмет көрсетуде.

Сарқан ауданы әкімінің есептік кездесуінде тұрғындардан түскен 7 ұсыныстың екеуі үстіміздегі жылдың екінші тоқсанына жоспарланып, шешімін тапты. Яғни Шұбартүбек ауылындағы бұзылған су құбыры қайта қалпына келтіріліп, ауылдағы 39 үй толық ауыз сумен қамтылды. Бірлік ауылынан 6 жұмыссыз азамат жұмыспен қамту орталығына тіркеуге алынып, үшеуі кәсіптік оқуға, екеуі қоғамдық жұмысқа тартылды. Бір азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің есепті кездесуінде айтылған ұсыныс бойынша Есік қаласының санитарлық тазалығына 9,2 млн теңге бөлініп, қаражат толығымен игерілді.

Қапшағай қаласы әкімінің есепті кездесуінде тұрғындардан түскен 11 ұсыныстың біреуі екінші тоқсанға жоспарланған. Бүгінгі күні аталған мәселе бойынша «Алтын-Алма» бағбандық серіктестігінің кіреберіс жолын жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларына бюджеттік өтінім жолданды.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округ пен кент әкімдерінің есепті кездесуінің қорытындысы бойынша 176 ұсыныс іс-шара жоспарына енгізілген. Соның ішінде екінші тоқсанда 49 ұсыныстың орындалуы жоспарланған. Олар толығымен орындалды.

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесуінде айтылған ескерту мен ұсынысты іске асыру жөніндегі іс-шараның орындалуы тұрақты бақылауға алынып, облыстық, аудандық және қалалық әкімдіктерінің отырысында тоқсан сайын қаралып отырады. Есепті кездесуінде айтылған ұсыныс пен ескертуді орындау жұмысы жалғастырылуда.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Туризм

Жыл өткен сайын Алакөл аймағының туристік әлеуеті артып, алыс-жақын шетелден қысқа, ұзақ мерзімге демалып қайтуға келетін қонақтың қатары көбеюде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алакөлде 450 мыңнан астам адам демалыпты. Биыл бұл сан өсіп, 700 мыңнан асады деп күтілуде. Бұған көл бойындағы туристік қызмет көрсететін нысандардың мүмкіндігі жетеді.



ЕМ АЛАТЫН ДА, ДЕМ АЛАТЫН ДА ЖЕР...

Алакөлдің жағалауында демалыс үйі, демалыс аймағы, пансионаттар Ақши және Көктұма ауылдарында орналасқан. Аудандық кәсіпкерлік басқармасынан алынған ақпаратқа сүйенсек, бүгінде Алакөл ауданы аумағында 144 демалыс үйі, демалыс аймағы, пансионат, қонақүй және туристік кешен орналасқан. Атап айтқанда, 500 орынды «Пеликан» қашықтан оқыту жүйесі, 350 орынды «Ала теңіз», «Аласу» және 200 орынды «Қара Тас», 150 орынды «Көктұма» пансионаты, тағы да басқа жекеменшік үйлердің жанынан ашылған қонақүйлер бір уақытта 4500 адамға қызмет көрсете алады. Бұлардың барлығы Алакөлдің жағасында орналасқан. Осы демалыс орындарының мүмкіндігін жақсарту үшін облыстық туризм басқармасы еліміздің туризм саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы № 508 қаулысына сәйкес, көл жағалауының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 17 іс-шара қарастырыпты. Осыған орай 2015-2017 жылдар аралығында Ақши ауылының көл жағалауында 3 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып, Falkon Petrolium ЖШС-нің және «Аквамарин ресорт» пен Каримовтың көпсалалы демалыс орындары бой көтеруде. Былтыр «Аквамарин Ресорд» ЖШС-нің жобалық құны 568 млн теңгелік 500 орынды демалыс орны қосылып қызмет көрсетті. Биыл 350 орынды құны 350 млн теңгелік «Алакөл ресорд» пен құны 300 млн теңгелік «Атлантис» демалыс аймағы іске қосылды. Сондай-ақ 2 млрд 300 млн теңгеге 450 орынды «Фалкон Петролиум» ЖШС қонақүй кешені құрылысын жыл соңына дейін аяқтап, іске қосуға жұмыс істеп жатыр.

Жыл сайын сервистік қызмет көрсету деңгейі де өсіп келеді. Өткен жылы ауданда туризм саласы бойынша 132 демалыс орнында 452700 адам демалып, 2015 жылмен салыстырғанда 3 есеге артты. Оларға 1563 млн теңгенің қызметі көрсетілді. Сонымен қатар 560 адам маусымдық жұмыспен қамтылды. Ал биыл 6 айлық есебі бойынша аудандағы 144 демалыс орнында 300 мыңға жуық адам демалған. Жазғы демалыс маусымының қауырт мезгілі енді басталғанын ескерсек, бұл сан алдағы уақытта еселеніп, жоспарлаған мөлшерден асып түсуі мүмкін. Сонымен қатар өткен жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша туризм саласындағы үш жобаға 39 млн теңге демеуқаржы берілсе, Даму қоры үш жобаны 215 млн тенгеге қаржыландырды. Тағы да екі жоба екінші деңгейдегі банктерде қарастырылуда. Биыл 8-10 мамыр аралығында «Пеликан» отбасылық демалыс үйінде «Крылья Алаколя» фестивалі жоғары дәрежеде өтіп, туристердің назарын аударды.

Көл жағасын өркендету жұмысы бас жоспар бойынша жүзеге асырылуда. Өткен жылы Ақши ауылында ауылдық дәрігерлік амбулатория, сауда орталығы, наубайхана және «Астана» дүкені іске қосылды. Алакөлге баруды қамтамасыз ету мақсатында биылғы жазғы демалыс маусымында «Алматы – Достық» бағытында жүретін № 452/451 туристік пойызы 24 вагонмен аптасына 3 рет қатынауда. Сонымен қатар «Алматы-Үшарал – Ақши – Көктұма» маршруты бойынша күніне 10 автобус жолаушы тасымалдайды. «Жетіспейтін инфрақұрылымды дамыту» бағыты бойынша Ақши демалыс аймағын электр қуатымен толық қамтамасыз ету мақсатында жалпы құны 610 млн теңгеге құрылыс жұмысы 2014 жылы басталып, 2015 жылдың қараша айында аяқталған. Ақши ауылы бойынша ішкі жол мен көшелерді қалыпқа келтіру мақсатында 23 шақырым жолға құрылыс жұмысы басталған. Жоба құны 2 млрд 998 млн теңге. Былтыр жергілікті бюджеттен 35,9 млн теңге қаржы бөлініп, Ақши ауылында ауызсу жүйелерінің құрылысы басталып, биыл іске асырылыпты.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту үшін Ақши ауылының кәріз жүйесінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 11 млн 23 мың теңге Көктұма ауылының кәріз жүйесінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 9 млн 93 мың теңге қаражат бөлінген. Қазіргі кезде жоба дайындалып, келер жылдан құрылыс жұмысын бастауды жоспарлап отыр. Ағымдағы жылы «Тұрғын үйлерді қайта жаңғырту – 2020» бағдарламасы бойынша Ақши ауылында орналасқан 14 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. Сондай-ақ туризм саласын дамыту мақсатында Үшарал қаласында жалпы құны 889,1 млн теңгені құрайтын 1 ауысымда 50 жолаушыға қызмет көрсететін әуежай құрылысын салу үшін 2016 жылы бюджеттен 348,7 млн теңге, үстіміздегі жылы 547,9 млн теңге қаражат қарастырылып, жұмыс кестеге сәйкес атқарылуда.

Алакөл ауданы орналасу жағынан туризмнің барлық түрін, атап айтсақ, экологиялық, танымдық, спорттық, емдеу-сауықтыру және аңшылық туризмді дамытуға қолайлы өңір. 1998 жылы құрылған «Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы» экотуризмді дамытуға зор үлес қосуда. Қорық аймағында 300-ден астам құс мекендейді. Олардың 40-тан астамы еліміздің Қызыл кітабына, реликті шағала әлемдік «Қызыл кітапқа» енген. Қорық қызметкерлері экологиялық және танымдық туризмді дамыту мақсатында 5 туристік бағыт ұйымдастырып отыр. Оның екеуі қорық аймағымен өтеді. Сонымен қатар агротуризмді дамытуға аудандағы Лепсі, Жыланды өңірлері таңдап алынған. Осы салада биыл «Жер-Су» инвестициялық-өндірістік корпорациясының бастамасымен Лепсі ауылына Белоруссиядан 8 бас зубр жеткізілпті. Бүгінгі күні елімізде 18 зубр мекендейді десек, соның оны «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде, сегізі Лепсі ауылында. Сондай-ақ Жыланды ауылдық округіне қарасты Көкжар учаскесінде 123 бас қодас өсірілуде. Алакөл демалыс орны ғана емес, шипалы қасиетімен де танымал. Емдеу-сауықтыру туризмін дамыту бойынша Ақтүбек ауылында «Алакөл – Арасан» балшықпен емдеу-сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Орталықтың күніне 18 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар. Аңшылық туризмінде ауданда 3 аңшылық шаруашылығы құрылған.

Көптен бері көл жағалауындағы заманауи байланыс жүйесін жетілдіру жайының айтылып келе жатқаны анық. Жұрт тілегін ескерген алакөлдіктер туристерді сапалы интернет жүйесімен қамтамасыз ету үшін Достық ауылынан 1 базалық интернет стансасын орнатып, желіде байланысуды жеңілдете түскен. Алдағы уақытта Үшарал қаласы, Ақши және Көктұма ауылына базалық интернет стансасын орнату жоспары қарастырылуда. Бұл жоспар орындалса, көл жағасында жүріп-ақ, әлемнің әр түкпіріндегі елдермен интернет байланысын орнатуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар көлге шомылу маусымы басталысымен Ақши ауылында ауылдық дәрігерлік амбулатория, АЗС, көлік тұрағы, наубайхана және дәріхана жұмысын бастайды.

Қысқасы, Алакөлдің туристік әлеуеті артып келеді. Мұнда демалушыға барлық жағдай жасалған. Көлдің шипалы суымен емделіп, жүйкеңізді тынықтырғыңыз келсе, еш ойланбай Алакөлге тартып кетіңіз.

Мәселе

Алматы облысы республика көлемінде жол апаты салдарынан адам шығыны бойынша бірінші орында тұр. Көрсеткішті азайту үшін көптеген іс-шара жасалып жатыр. Алайда нәтиже төмен.

Жыл басынан бері облыс аумағында 968 жол апаты орын алып, 191 адам қаза тапқан. Тіпті соңғы бір аптаның ішінде 6 адам ажал құшыпты. Бұл үлкен көрсеткіш. Оның негізгі себебі – жүргізушінің салғырттығы мен тәжірибесіздігі. Жылдамдықты шамадан тыс асырып, жол жүру және қауіпсіздік ережелерін сақтамауы. Көліктің техникалық тұрғыдан да нашарлығы әртүрлі трагедиялық оқиғаға алып келеді.

ЖОЛ АПАТЫН АЗАЙТУ ҮШІН...



– Бұрындары жолдың сапасыздығынан апат көп орын алатын. Қазір облыс көлемінде жол салынып, еуропалық стандартқа сай кейіпке еніп келеді. Бірақ адам шығыны азаймай тұр. Әсіресе, республикалық маңызы бар және үлкен мегаполис Алматы қаласының маңында жол апаты көп тіркеледі. Осы мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек. Адам өмірі барлығымыз үшін қымбат, – деген өңір басшысының бірінші орынбасары Ләззат Махатұлы болашақта бірлесе жұмыс жүргізіп, барлық мүмкіндікті пайдаланып көрсеткішті азайту қажеттігін назарға ұсынды.

Қазақстан жобалық менеджерлер одағының президенті, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті халықаралық жобалық басқару орталығының директоры, техника ғылымының докторы Алексей Цеховой Алматы облысындағы жол апатының себеп-салдарын жиі көтеріп жүр. Оны қазірге естір құлақ аз. Кездесе қалсаң, жол апатын алдын алуға байланысты жобасымен таныстырудан жалықпайды. Онда ол жүргізушілердің көлік тізгіндегендегі қателігі толық көрсетілген.

– Апат орын алған бойда жедел жәрдем қызметінің кешігіп келуі де өлімге араша түсе алмай жатады. Оның негізгі себебі – көп жерде байланыс желісі істемейтіндігі, – деген Алексей Цеховой шырғалаң мен апат кезіндегі шұғыл шақыру жүйесінің жұмысын жетілдіру керектігін алға тартты.

Өңір тынысы

Алматы облысында салынып жатқан нысандардың дені биыл пайдалануға беріледі. Бірінші жартыжылдықта 26 нысанның құрылысы аяқталса, қалғаны жыл соңына дейін бітеді деп күтілуде. Алайда кейбір құрылыс компаниялары түрлі жағдайға байланысты құрылыс жұмысын кешіктіруде.



ҚҰРЫЛЫСҚА ҚАРҚЫН КЕРЕК

Мысалы, Еңбекшіқазақ ауданының Ават ауылында 300 балаға арналған О.Мұхаммади атындағы мектептің жай-жапсарына 382, 284 млн теңге бөлінсе, құрылыс жұмысы белгіленген кестеден 20 күнге кешігіп келеді.

Уақытынан қалып келе жатқан нысандар, әсіресе, Іле ауданында баршылық. Атап айтқанда, Ынтымақ ауылындағы 600 орынды мектеп құрылысы 15 күнге, Қоянқұс ауылындағы 600 орынды мектеп 15 күнге, Төле би ауылындағы 300 орынды мектеп бір жарым айға, Екпінді ауылындағы 900 орынды білім шаңырағы 10 күнге кестеден қалуда. Бұған екі бірдей нысанды меншіктеп алып, енді жұмысты жүргізе алмай отырған «Бекжанқұрылыс» ЖШС-ның, сол сияқты «Дуит – Телеком» және «Парасат Сервис» компанияларының кінәсі бар.

Жаңа оқу жылы қарсаңында құрылысы аяқтала қоймайтын мектептер Қарасай ауданында да кездеседі. Мысалы, Шалқар ауылындағы 600 орынды мектеп 15 күнге, Көлащы ауылындағы 600 орынды мектеп 25 күнге, Исаев ауылындағы 600 орынды білім шаңырағының құрылысы 25 күнге кешігуде. Бұған Conceptbusiness компаниясының, New Construction және «Сәулет Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің жақсы жұмыс істемеуі себеп болуда.

Әрине, жекелеген құрылыстың кестеден жаңылуына себепті жағдай әсер еткені де анық. Мысалы, жерасты суының жақын болуынан біраз уақыт қосымша топырақ тасуға тура келіп, қаржы мен күш шығындалғаны ешкімге жасырын емес. Алайда одан кейін де құрылыс қарқынын арттырса, олқылықты орнына келтіруге болар еді. Жиын барысында құрылысшылардың жетіспеушілігі негізгі себеп болып отырғаны әшкереленді. Оның себебі, компаниялардың жалақы мөлшерін шамадан тыс төмендетуі. Алматы қаласының төңірегінде жұмыс іздеп жүргендер жетерлік болса да, құрылысқа қажетті адамның болмауы, әрине, ойландырады.

Содан кейін де тапсырыс беруші мен атқарушы арасындағы дау экономикалық сотқа дейін жеткен.

Жаркент қаласындағы Н.Крупская атындағы орыс орта мектебінде биыл 1500-ден астам бала білім алмақ. Осыдан 37 жыл бұрын салынып, пайдалануға берілген мектеп ғимараты содан бері күрделі жөндеу көрмеген. Соңғы жылдары оқу ошағының есік-терезелері, шатыры тозып, қыс маусымында жылу сақтаудан қалған. Өткен оқу жылында оқушылар апталап сабақ көрмей, ұстаздарының тапсырмасын үйлерінде орындауға мәжбүр болған. Күрделі жағдайға сәйкес республикалық бюджеттен 156 миллион теңге қаржы бөлініп, оны игеруді астаналық «Нұрсад» ЖШС міндетіне алып, үстіміздегі жылдың 13 шілдесінен бастап, бұл мектепте күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ғимараттың шатыры жаңаланып, жылу жүйесі жай жөндеуден өткізіліп, *(жылу жүйесі бұрын жөндеу көрген)*, біраз терезелері ауыстырылыпты. Лесновка ауылындағы Дәнеш Рақышев атындағы орта мектеп те – өңірдегі көне ғимараттардың бірі. Биыл бұл мектепті күрделі жөндеуден өткізуге 120 миллион теңге бөлінген. Құрылысты «Энерго-эксперт» ЖШС атқаруда. Жөндеуге қажет құрылыс материалдары толық әкелініп, құрылысшылар қарқынды жұмыс жасауда.

Панфилов ауданында биыл екі мектеп және орталық ауруханы күрделі жөндеуден өткізілуде. Аталған әлеуметтік нысандардың бәрінде құрылыс жұмыстары алдын ала белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Өйткені жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Осыдан бір ай бұрын аяқталуы тиіс аудандық орталық ауруханадағы жөндеу жұмыстарының тоқтап тұруы да қысылып-қымтырылған сырқаттарға қолайсыздық туындатуда.

Панфилов аудандық орталық ауруханасын күрделі жөндеуден өткізуге облыстық бюджеттен бөлінген 171 миллион теңгені тендерде ұтып алған «Лан» ЖШС жергілікті құрылысшыларды жалдап, өткен жылдың қазан айында іске кіріскен. Жалпы атқарылған іс сапасы көңіл көншітерлік. Алайда жұмысшылардың жалақысын іркіп қалған құрылыс ұйымының басшылары аурухананың хирургия, терапия бөлімдеріндегі жұмысты толық тәмамдамай тайып тұрған сыңайлы.

Қарағатал ауданындық құрылыс бөлімінің басшысы Дәулеткелді Ұзақбайдың айтуынша, жыл сайын өңірімізде құрылыс жұмысының қарқыны артып, жұртшылық игілігі үшін жаңа нысандар пайдалануға берілуде. Былтыр Үштөбе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесіндегі 25 пәтерлі көпқабатты үй күрделі жөндеуден өтсе, 320 балаға арналған балабақша қолданысқа беріліп, қала тұрғындарын қуанышқа бөледі. Қазіргі таңда тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытында іргелі істер қолға алынуда.

Қарағатал ауданының құрылыс бөлімінің басшысы Дәулеткелді Ғалымбайұлы «Үштөбе қаласы, Ақын сара көшесі, № 91 а мекен-жайында құрылысы жүргізілетін 60 пәтерлі жалгерлік тұрғын үй құрылысының жобалық сметалық құжаттарын әзірлеуге қаражат бөлініп, Қарағатал ауданының құрылыс бөлімі мекемесі мен жобалаушы «Арлан жоба құрылыс» ЖШС-мен келісімшарт жасалуда, жоспарға сай 2018 жылы аталған тұрғын үй құрылысына қаражат бөлінуі тиіс», – дейді. Сонымен бірге аудан әкімінің тапсыруы бойынша биыл Үштөбе қаласы Көкдала шағынауданы мекен-жайынан 20 жеке жалгерлік тұрғын үй құрылысына 1000 шаршы метрден 20 жер телімі бөлініп, рәсімделіп жатыр. Осы жер теліміне құрылысы жүргізілетін тұрғын үйлерге жобалық сметалық құжаттарын әзірлеу үшін 3 млн теңге қаражат бөлініпті. Жобалаушы мердігерді анықтау үшін электрондық конкурстық жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Үштөбе қаласындағы теміржолдың арғы бөлігінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне арналған спорт базасын реконструкциялау жұмыстары жүргізуде. Аталған нысанды іске қосу үшін 464 млн теңге қаражат бөлінген. Жұмысты бас мердігер «Нұршапағат-құрылыс» ЖШС іске асыруда.

Ерекше айта кетерлігі, 8 ауылда тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктінің құрылысы басталды. Кәлпе ауылындағы тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктін бас мердігер «Сем-Шоғы құрылыс сервис» ЖШС-і құны 18 млн 392 мың теңге болатын құрылыс жұмысын аяқтап қалды. Қазіргі таңда нысанды пайдалануға қабылдау үшін тиісті құжаттар рәсімделуде. Сондай-ақ Алмалы, Қаражиде, Ескелді, Көкпекті, Тастөбе, Жаңаталап, Бастөбе ауылдарында тұрғын үймен біріктірілген учаскелік полиция пунктінің құрылысы басталды.

Балқаш ауданының Құйған ауылындағы Іле өзенінің үстіне салынып жатқан көпірдің автокөлік жүретін әрі жаяу жүргіншілерге арналған жолы заманауи үлгіде жасалып жатыр. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың күз мезгілінде аяқталады деп жоспарлануда. Бүгінгі таңда көпір құрылысын салу үшін Іле өзенінің жағалауына сына тастары жеткізілді. Жалпы ұзындығы 63 метр, ал ені 8 метрге жуық көпір ауыл халқы үшін тиімді екені сөзсіз.

Өткен сенбіде Қапшағай қаласында спорт мектебі аумағында қала тұрғындарына қуаныш сыйлаған спорт кешенінің ашылу салтанаты өтті. Қалалық саябақты қайта жаңарту жобасы аясында салынған аталмыш спорт кешені жобасына 90 млн теңге қаражат жұмсалған. Кең аумақты алып жатқан кешенде футбол, баскетбол, волейбол, теннис, бокс алаңдары бар. Жиын соңында су жаңа футбол алаңында «Жетісу» спорт клубының ойыншылары мен Қапшағай қаласының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің құрама командасы арасында футболдан жолдастық кездесу ойыны өтті.



Жоғары да шолып шыққанымыздай, облысымыздың құрылыс саласында жақсылық та, кемшілікте көп. Десе де, өлкемізде құрылыс жұмыстары қарқын алуда. Бұл өз кезегінде түрлі бағдарламалардың тиімді атқарылып, ел игілігін арттыруға септеседі деген ойдамыз.

Бетті дайындаған
Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Сол бір сурет... Қазір кейде есіне түссе мырс етіп күліп, жымиып қоя бергенін өзі де сезбей қалады Жанбота. Сол күндер қазір тәтті бір сағынышқа айналды. Екі аяғы салбырап атасының мойнында келе жатушы еді. Әттең, шіркін... Әттең, қазір тірі болғанда немересінің әлемнің үздік спортшыларымен тайталасып жүргенін, жұмыр жердің жарыстарынан жүлдемен оралған сәттерін көрер еді, балаша мәз болып қуанар еді-ау. Тағдыр осы қуанышты көруге жазбапты. Қазір кей-кейде қиял шіркін тәтті ойға жетелейді. «Атам тірі болса, енді мен оны мойныма мінгізер едім. Машинама отырғызып алып, көңілі қалаған жерге апарар едім. Дариға-ай, сол қызыққа да жеткізбеді-ау...».

ЖАНБОТА



Саңлақ

Ол кезде үйде үш-ақ бала еді, кішкенесі Жанбота. Балалар бақшасының есігін ашқан емес. Бірақ өте ширақ, тынымсыз болып өсті. Өзінен-өзі үйден дарбазаға қарай, дарбазадан үйге қарай жүгіретін. «Көпір», «шеңбер», «шпагатты» ешкімнің үйретуінсіз өзі жасап жүрді. Сол кезде бар-жоғы төрт-бес жаста. Бүлдіршін бойында булығып тұрған ерекше энергия байқалды. Теледидардағы спорт гимнастикасынан өтіп жатқан үлкен жарыстарды тапжылмай тамашалайтын. Спортшылар жасаған кейбір әдемі қимылдарды өзінше қайталап, әуреге түсіп жатады.

Не керек, үйдегілер ақылдаса келіп спорт гимнастикасына берді. Әлі мектеп табалдырығын аттаған да жоқ. Жанбота жаттығудан қалмады. Ерекше құлшынып тұратын. Мәжит атасы жанындай жақсы көретін Жанботасын мойнына мінгізіп автобус аялдамасына келеді. Автобустан түскен соң тағы мойнына мінгізіп алады. Жаттығу біткенше дәлізде тапжылмай отырғаны. Үйге қайтарда тағы сол. «Шаршайсың, сен әлі кішкентайсың» дейтін елжіреп. Күнде осы. Атасының мойнына отырып алып, мәз болып бара жатқан бүлдіршін қызға жұрт қызықтай қарайтын. Шуақты күндер екен ғой сол бір кез. Жанботасын ерекше жақсы көруші еді қария. Жанбота деп атын да өзі қойған еді.



Көп ұзамай бұл да атасын қуантты. Жеті жасында алғаш рет қалалық жарысқа қатысып жүлдемен оралғаны бар. Қолында ксерокстан өткізген грамота.

Өзі қатты құмартқан спорт, күн өткен сайын шымырлаған тұңғиығына тарта берді. Жанбота спортшы ретінде өте тез көтерілді. 12 жасында спортық гимнастикадан спорт шебері атағына ие болды. Бұл – өте жоғары көрсеткіш еді. Жарыстан жарыс, жүлдеден жүлде қоймады.

Жанботаның әкесі Еркін күтпеген жерде көз жұмды. Атасына жалғыз ұлының қазасы тым ауыр тиген еді, тез шөгіп кетті. Көп ұзамай бұл жалғанға қош-қош айтып, ұлының соңынан кете барды...

Тоғызыншы сынып бітірген жылы фристайлға ауысты. Бұрын спорттық гимнастикада жүрген Жібек Арапбаева, Руслан Аблятипов, Ақмаржан Қалмырзаева да осы жерде. Қысқы спорт түрлерінің ішіндегі ең әдемісі, ең тартымдысы – фристайл. Ең қауіптісі де осы. Фристайл ішінде қия белден құйындатып келіп тұғырдан аспанға қарғыған бетте әуеде небір әдемі өрнек салатын түрі – акробатика! Таңдауы осы акробатикаға түсті. Бұл жерде де ең керегі – акробатикалық қимылдар. Негіз бар. Бірақ қысының өзі жылт етіп жоғалатын оңтүстікте қайдағы шаңғы?!

Жібек... Жібек Арапбаеваның орны бөлек Жанбота үшін. Жақын әпкесіндей көреді. Қазақ елінде шаңғы акробатикасында жарқ етіп жол көрсеткен таланттардың бірі. Жібек үнемі ақылын айтады бұларға, жігерлерін жанып, қайрап отырады жауапты сәтте. Мінезі жайлы, бірақ керемет қайсар. Мақсатына жету үшін жанын салады. Қанша жарақат алды десеңізші Жібек, сонда да өршелене алға ұмтылып келеді.

Спортты жүрегімен сүйген Жанбота шаңғыны да ауыздықтап алды. Шаңғымен суға секіріп, тез-ақ үйреніп кетті. Сол бетімен 2011 жылы Өскемендегі Қазақ елі біріншілігіне киіп-жарып қойып кетті. Шаңғыны аяғына жақында ғана байлаған жас спортшы қыз сайысып қана қойған жоқ, бұзып-жарып қола медальді жұлып алды.

Шаңғы акробатикасы оны керемет баурап әкетті. Жаз бойы суда жаттығады. Күніне екі сағаттан екі жаттығу. Қыста да солай. Қазір бәріне де бой үйретті. Үздіксіз жарыстар. Бір жылдың өзінде 7 әлем Кубогінің кезеңдері өтеді. 2016 жылы ақпан айында Мәскеуде өткен әлем Кубогінде 2-орын алды. Суперфиналда 2 сальто, 2 винт жасап 78 балл жинады.


Ал 2016 жылы Еуропа Кубоктерінде қарсыластарын шашып кетті. Қатарынан бес Еуропа Кубогінде бас бәйгені олжалады. Бар болғаны жеті кезең. Швецарияда абсолютті чемпионға берілетін хрусталь Кубокті жарқ еткізіп төбесіне көтерді. Таудан секірген акробат бейнесі бар, үш деңгейлі тау сиякты хрусталь. Бұл жетістіктер – жас таланттың болашағын, ерекше мүмкіндігін аңғартса керек.

ҚАҢТАРДАҒЫ НАЙЗАҒАЙ

Жұмыр жер назарында – қазақ елі. 2017 жылғы қаңтар айының соңында жұмыр жердің ең үздік студент спортшылары Қысқы дүниежүзілік Универсиадаға Алматыға ағылды. Алапат айқаста ел намысын қорғаймыз деп жер тарпып, шоқ шайнаған үлт мақтаныштары.

30 қаңтар. Ақ сүт тұман. Алматыны қалың тұман басып тұр. Қаланың күншығыс жағындағы «Табаған» тау шаңғысы кешенінде фристайлдың акробатика түрінен финалдық сайыс өтпек. Ол жерде қазақтың үш қыз, екі жігіті үлт намысын қорғамақ. Жүлденің жалына жармасатынына сенім мол. Алтын медальді жарқ еткізіп мойнына ілуі әбден мүмкін. Алағөбеден тұрып алып «Табағанға» асықтық.

«Табаған» қаладан тым алыс болмаса да, күре жолдан кілт бұрылып өрге салғанда автокөлік те ішін тарта азынайды. Тау алқымына ұмтылған бұралаң жол. «Қотыр бұлақ» ауылы артта қалды. Қазақтың кейбір атауы адамды аттан аударып түсіргендей. Қотыр бұлақ... Бұлақтың қотыры бола ма?! Түсініп көр. Мүмкін, ырымшыл қазақ сөз тимесін, көз тимесін деді ме екен, бұл тұмаға.



Бағлан Іңкәрбек, Дархан Мұхамеджанов, Жібек Арапбаева, Ақмаржан Қалмырзаева, Жанбота Алдабергенова... Осалы жоқ. Жібек Арапбаева өте тәжірибелі, ұзақ жыл әлемнің үздіктерімен жүлде үшін жағаласып келеді. Жанбота Алдабергенова Сочи Олимпиадасында жарқ етіп көзге түсті. 19 жастағы қазақ қызы сол Олимпиадада 6-орынға атып шықты. Өңешінен от бүріккен әлемнің небір айтулы таланттарымен тартысқа түсті. Оларды тықсыра, өкше жырта «мен бармын!» деген мінез көрсетті. Әлемнің сұңғыла сарытіс мамандары жас қызға жалт қараған сол жолы. Кеудені тепкілеген таудай сенім, керемет үмітпен алқына тау алқымына көтерілдік.

Шабдар сәске. Спортшылар осы уақытқа дейін бойына жинаған шеберлігін соңғы рет пысықтап жатыр. Қия беттен құйындатып келіп, шана табанының тұмсығындай таңқиып көкке қараған үш метрлік тұғырдан аспанға атылады. Сол бетте кері төңкеріле айналып түсе бере әуеде ұршықша бір үйіріліп алады да, тағы кері төңкеріле аунап түсіп барып құлдилай жөнеледі. «Екі сальто бір винт» – деп атайды мұны акробатика тілінде. Бірінші сальтодан кейін бір винт те, екі винт те жасалуы мүмкін. Екінші сальтодан кейін аяқ-қолды бауырға алып та, тізені бүкпей кеудені алға тастай бұрыш жасап та жаттығуды аяқтауға болады. Спортшы қабілет-қарымына қарай сандаған элементтер ішінен өз мүмкіндігін таразылай отырып таңдайды. Мұндай техникалық элементтер алмасып жатады. Неғұрлым күрделі элементтерді таңдаса, оны мүлтіксіз орындаса, сөзсіз алтын тұғырға атып шығады.

Акробатика аса қауіпті спорт түрі. Іріктеу сынында жанын шүберекке түйіп керемет нәтиже көрсеткен спортшының өзі, финалда жарға құлап жатады. Жанбота 2 сальто, 2 винт жасап, мінсіз секірді. Өзіне сенімді. Қарқыны қуантты. Жібек екі сальто жасады. Элементтері аса күрделі болмағанымен, қателіксіз, мінсіз орындауға ерекше мән беретіні аңғарылды. Әкі спортшы ғой. Төбеден төне шұқшиған 5 төреші әр қимылының кірпік қақпай қадағалайды, элементтердің мінсіз орындалуына шұқшияды. Соған қарай спортшы еңбегін бағалайды.

Тұман бағана сейілген. Күн көзі қасат қарды босатқандай. Қар тұғырдың мезгіл-мезгіл бауыры сызылып, мұрты бұзылып тұр. Техникалық жағына жауапты мамандар қопсыған жерді уыстағы қармен бітеп, сылап-сипай тегістеп жанұшыруда. Содан кейін барып теп-тегіс тақтайшамен тұғыр бауырын тегістейді. Кедір-бұдыр деген мүлде болмауы керек. Құйындатып келген шаңғы табанына болар-болмас бір түйіршік ілінсе, спортшының мұлт кетуі әбден мүмкін.

Акробатика жүлдесін армандаған 13 жігіт, 9 қыз. Іріктеу сынынан кейін финалға шығу – аса жауапты кезең. Бір байқағанымыз, спортшылар осы кезеңге бар мүмкіндігін салады. Элементтері барынша күрделі жаттығуларды орындайды. Ал суперфиналда жаттығу аса күрделі болмаса да, барынша мінсіз орындауға күш салады.

Жалпы, іріктеу сындарында, финалда күш көп жұмсалады, жүйкеге де барынша салмақ түседі. Суперфинал алдында күш те сарқыла бастайды, жүйке де ұстараның жүзінде. Сондықтан алғашқыда өте жоғары ұпай олжалаған спортшылар бағаларының суперфиналда күрт түсіп кетуі заңды да.

Жанбота алғашқы іріктеу сынында 84,42 ұпаймен, екінші іріктеуде 76,27 ұпаймен топ басында шырқап кетті. Ақмаржан Қалмырзаева 52,78 және 71,50 ұпаймен финалда сайысуға мүмкіндік алды. Жібек біріншіде 66,04 ұпай, екінші секіргенде 70,76 ұпаймен үздіктер шоғырына енді. Екі мүмкіндіктің үздік ұпайлары қазақ қыздарын финалға шығарды.

Бағлан Іңкәрбек пен Дархан Мұхамеджанов та финалға шықты. Бесеуі Қазағының намысын қорғамақ. Орайы келген бір сәтте Жанботаның финалда 2 салто 1 винт, ал суперфиналда 2 сальто 2 винт жасауға бекінгенін сұрап үлгердік. Күрделі, қиын жолды таңдапты суперфиналда.

Финал алдындағы жарты сағат жаттығу. Күн тас төбеде. Ызғар жоқ, қар аздап жұмсарғандықтан спортшы жылдамдықтары да сәл азайғандай. Бағана ғана сағатына 54-57 километр жылдамдықпен секіріп жатқан. Ал қазір спортшылар екінші сальтоны орындағанда төменірек түсіп кетіп жатыр.

Жиырма спортшы финалда: 12 жігіт, 8 қыз. Бес қазақ Ел намысын қорғамақ. Жібек 2 сальто, 1 винтпен 69,89 ұпай олжалады. Ақмаржан бірінші сальтоны тікесінен тік тұрып, екіншісінен кейін аяқ-қолын бауырына ала секірді – 67,34 ұпай. Жанбота 2 сальто, 1 винтпен жаттығуын сәтті орындады – 77, 14 ұпай!

Бағлан мен Дархан суперфиналға ілікпеді. Бағлан 66,27 ұпаймен сегізінші орында. Ал Дархан жарыстан шеттетілді. Ақмаржан бесінші орында, ол да суперфиналдан сырт қалды.

Суперфинал. Төрт спортшы қыз жүлделі үш орын үшін арпалысқа түсті. Жібек құйындатып келіп алтынға қарай ұшты – 60,84 ұпай. Екі сальтоны да сәтті жасады. Жанботаның қиын жолды таңдағанын айттық. 2 сальто, 2 винт. Тамаша! Алтын медаль жарқ еткендей. Қап!.. Қырсық шалды... Лапылдап келіп қонақтаған сәтте Жанботаның қолы жер сызып жүре берді. Қоянға түсер бұркіттей шүйілген төрешілер жібере ме?! Жібермеді.

Қап, ұпайын қыркады-ау!.. Солай болды, күрделі жаттығуда олжалағаны – 60,48 ұпай. Жанбота алтынға лайық қыз еді. Қалың қазақтың аманатын арқалап алтынға секірген...

Қиядан құйындатқан Жанботаның жылдамдығы осы жолы әдеттегіден тыс керемет еді. Құйындатып келіп тұғырдан аспанға бұлтты жара секіргендей ерекше әсер қалдырды. Осы жайында Қазақ елі акробатика құрамасының аға бапкері Мұрат Аблятиповтың пікірін сұрадық.

– Жанбота секірер алдында жел бір сәт тына қалған еді, – деді бапкер. – Тура секірген сәтте жел соға жөнелсін. Жел спортшының сырғанау бағытына қарай соққандықтан, жылдамдық та әдеттегіден жоғары болды. Болжауы қиын спорт түрі ғой акробатика. Кейде спортшы шеберлігіне табиғат мінезі де кедергі келтіріп жатады.

Тәуба! Қазақтың қос қызы жеңіс тұғырында! Бір күміс, бір қола медальді азулы қарсыластарымен арпалысып жүріп жұлып әкетті. Қазағының намысын таптатпады. Жеңіс тұғырында қос қазақ қызы құшақтасып тұр. Әдемі сәт! Ал қытай қызы Цу Йың-Йың 2 сальто, 1 винтпен алтын медальға ие болды (64,09). Ал Жанбота жасаған жаттығу бұдан күрделі еді...

Бүгін аралас акробатика сайысы. Туған топырақ, киелі қазақ жері... Жанарында жас тұнып, бұлардың тілеуін тілеген қалың жанкүйер... Ұлт намысы үшін отқа түсетін сәт. Кешегі қателікті қайталамау керек. Күні кеше алтын медальға атыла жетіп тұрып, уысынан шығарып алғаны-ай! «Ал бүгін, бүгін ұстатпаспын ешкімге!» деді іштей Жанбота.

Аралас командалық акробатикада шамырқанып, ширығып келген қос қазақ қарсылас шыдатпады. Найзағай намыс лап етті. Жанбота Алдабергенова мен Бағлан Іңкәрбек қытай жұптарының үстінен секіре ұшып алтынды іліп түсті, ақыры!

Анасы Гүлназ бен бауырлары жанын шүберекке түйіп жанкүйерлер арасында отырған. Ес қалмады-ау сол сәт, анасы жылап жіберді. Қалта телефонына жармасып Шымкентке қоңыраулатты. Ол жерде дегбірі қашып, Жанботаның қарт әжесі отыр ғой. Бұл кезде Жанбота да жеткен еді алып-ұшып. Телефонды Жанботаға бере қойды анасы. Әжесі жылап қоя бергені. «Әулеттің басын көтердің» деді кемсеңдеп.

АРМАН ЖОЛЫ

Жанбота сонау 2014 жылғы Сочи Олимпиадасында-ақ әлем мамандарын жалт қаратқан. Сол жолы жұмыр жердің мықтыларымен тайталасқан жас қыз 6-орынға ие болды. Екі сальто, екі винт. Мінсіз орындады. Қалың ел қуаныш құшағында. Олимпиададан оралған қазақтың қайсар қызына облыс әкімі «Матиз» маркалы автокөлік сыйлады. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағына ие болды.

Сочиден бері Жанбота қалың жанкүйер назарында. 2017 жылы Алматыда өткен қысқы Универсиадада қараорман елін қуаныш құшағына бөледі. Универсиададан кейін Жапонияда қысқы Азия ойындары өтті. Бірақ құрлықтық сол үлкен спорт сайысының бағдарламасында акробатика жоқ. Неге? Өйткені қазақ спортшыларының жүлделі орындарды бермейтінін жапон мамандары бірден аңдаған. Өз елінде айтулы спорт жарысын өткізген Жапония сымпиып бұл спорт түрінен жүлдесіз қалар еді. Сондықтан да акробатика Азия ойындарының бағдарламасына енбеді.

– Бағдарламада акробатика болса, Қазақ елінің медаль саны молаяр еді, – деп болжамын ашық айтты бапкер Аблятипов. – Жапондар қазақтарды осы спорт медальдарынан қақты.



Оған қарап отырған акробаттар жоқ. Универсиададан кейін Аблятипов спортшыларын ертіп Еуропа төріне аттанды. Дәстүрлі Еуропа Кубоктері. Мүмкін болған төрт бірдей Еуропа Кубогі кезеңдеріне қатысып, жүлдегерлер тұғырында тұрды Жанбота. Бір алтын, екі күміс, бір қола. Жеке сайыста да, әлем Кубоктерінің қорытындысы бойынша да бас жүлдені олжалады. Арнайы сыйлықтармен марапатталды. 2017 жыл Жанботаны осылайша абырой биігіне көтерді.

Алда тұрған келесі үлкен сынақ – әлем Кубогі. Желтоқсан айының басында Қытай елінде өтетін әлем Кубогі – аса жауапты жарыс. Өйткені әлем Кубогінің ұпайлары – Олимпиада жолдамасын анықтайды.

Одан кейін бел астында Олимпиада!.. 2018 жылдың 9-25 ақпан аралығында Оңтүстік Кореяның Пхенчхан қаласында өтетін Олимпиада – Жанбота үшін бар шеберлігін көрсететін аса жауапты сайыс. Жұмыр жердің жүйріктерінен озу үшін, акробатиканың тың, күрделі элементтерін орындауға күш салу керек. Басқалар қайталай алмайтын, басқалардың жүректері дауаламайтын. Әрі оны мінсіз орындау парыз. Жанботаның қазіргі тынымсыз жаттығуы да осы бағытта. Әзірше ол жаттығуды жаһанға жар салып айтпай-ақ қоялық. Бапкер ол жаттығуларды да Жанботаның ойдағыдай орындап жүргенін айтып өтті. Ең бастысы, осы кәсіби бапкердің көңілі толса, істің оңға басқаны.

– Осы тың, күрделі жаттығуды шыңдау үстіндеміз, – деді Аблятипов. – Жанботаның бір ерекшелігі, айтқанынды бірден қағып алады, бұлжытпай орындайды. Ерік-жігері өте мықты спортшы. Сізге мына жайды айта кетейін, тау шаңғысы дегенді түсінде, немесе теледидардан ғана көріп жүрген шымкенттік қыз ғой. Аяғына шаңғы байлап көрмеген. Спорттық акробатика болашағы тұмандана бастағанын сезген спорт шебері бірден маған келді. Сол бетте Өскеменге аттандық, дәстүрлі оқу-жаттығу жиыны. Аяғына шаңғы байлап қоя бердім, келесі күні-ақ сырғанап жүре берді. Көп ұзамай Чехияға аттандық, тістеніп жүріп тұғырдан да секіре бастады. Қалың ел енді оны Олимпиаданың жеңіс тұғырында көргісі келеді. Өйткені, ол – соған лайық дара талант.



«Атамның үмітін ақтай алдым ба, осы?» деген ой кимелейді кей-кезде. Қаншама әлемдік додаларда тізесі дір етпей, алтын тұғырға атып шықты. Талай жеңісті жолдар артта қалды. Бірақ әлі де нық сеніммен «Ата, үмітіңізді ақтадым!» дей алар емес. Өйткені алда бұл армандаған мұзарт шың бар.

Зейнел ЖЕКЕЙҰЛЫ

ТІРШІЛІК
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
ЖҚ 5

Инвестиция

Жетісу жеріне кәсіп ашып, іс жүргізгісі келетін шетелдік инвесторларға Алматы облысы тарапынан барлық жағдайдың жасалып жатқаны, инвестициялық мүмкіндіктің мол екендігі де баурауда. Ал Жетісу өңірінің табиғаты тамаша аймақтардың қатарынан табылатыны, осы ретте туристік саланы өркендетуге айрықша мән беріліп, ыңғайлы жағдайдың жасалып жатқандығы қызықтыруда. Сонымен бірге аймақтың ел бойынша майбұршақ, жүгері, көкөніс, картоп, ет, жұмыртқа, жүн өндіруде алдыңғы қатардан көрініп келе жатқаны, жүзім мен сүт өндіруде екінші орын алатындығы да инвесторларға табылмайтын мүмкіндік. Өнеркәсіптік әлеуетті өркендетуге ден қойып отырған бұл аймақта екі мыңнан аса кәсіпорын орналасқаны және оның 82 пайызының агроөнеркәсіп кешенінің еншісінде.

Қант қызылшасын өңдеу мен айналысатын жоғары технологиялы зауыт құруда да, сүтті-етті мал және жылыжай шаруашылығын өркендетіп, интенсивті бау-бақша алқабын кеңейту бағытында да айтарлықтай жұмыстардың іске асырылып жатқаны, индустриалды аймақтар құрылып, жаңа жұмыс орындарының ашылып жатқаны, жалпы ел экономикасын өркендетуде қай салада болсын ілгерілеушілік бар екені, оған үкімет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп келе жатқаны, бұған қоса, мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалана отырып, «Индустриалды-инновациялық даму», «Бизнестің жол картасы – 2020» сияқты бюджеттік бағдарламалардың рет-ретімен жүзеге асырылып жатқаны да шетелдіктердің ойына шығып тұр. Осы орайда жоғары технологиялы жаңа өндіріс орындарын құру, сүт өнімдерін өндіру, жеміс-жидек пен көкөніс өңдеу, құс шаруашылығын өрістету, құрылыс индустриясы мен туризм салаларына да қызығып отырғандар аз емес. Қысқасы, өңіріміздің осы мүмкіндігіне қызығып отырған шетелдік инвесторлар өте көп. Тіпті екі жақты келісімдерге қол қойылып, жұмыс бастағандары да жетерлік. Осы ретте осыған қатысты жаңалықтармен бөліскенді жөн көрдік.

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Қазақстан сыртқы істер министрлігі мен Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен Жамбыл ауданында «Жамбыл Инвест-2017» халықаралық форумы өтті. Аудан орталығындағы «Ақсарай» мейрамханасында өткен іскер жандар басқосуының мақсаты – өңірді дамыту үшін шетел инвестициясын тартуға ықпал ету, бизнес ашамын деген қалталы кәсіпкерлерге ауданның инвестициялық мүмкіндігін көрсету, халықаралық ынтымақтастықты жандандыру арқылы интеграциялық үдерістерді нығайту.

Форумға қатысушылар осы мақсатта сан-сала бойынша ауданның бүгінгі әлеуеті мен алдағы даму жобаларынан мол мағлұмат алып, бейнефильмді тамашалады. Сондай-ақ қазіргі кезде аудан аумағында табысты жұмыс істеп тұрған «Сұңқар Алматы құс фабрикасы», «Алматы конфеттері», «Шығыс кен басқармасы», «Күрті», «Жамбыл Керамзит компаниясы», «Техсан Қазақстан», «Пласт Инвест», «Жетісу Жамбыл жиһазы» сияқты өндіріс орындары келушілер назарына арнайы көрме ұсынды.

Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев инвестиция салу мүмкіндігі туралы кең көлемде баяндама жасады. Елдегі ірі мегаполис Алматыға жақын орналасқан тарихы терең, ертеңі ерен, бизнес жүргіземін деушілерге ұтымды ұсынысы мол киелі мекенде атқарылып жатқан толымды істерді жан-жақты тарқатып, экономикалық жағынан екі тарапқа да пайда әкелетін жұмыс жүргізу үшін тиімді келіссөзге ауданның әзір екендігін жеткізді.





Оның айтуынша, Алматы қаласы маңында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық өсімде ет пен сүт өндірісіне басымдық берілген. Осы бағытта қазірдің өзінде бордақылау алаңы, тауарлы сүт фермасы сияқты инвестициялық жобалар Үңгіртас, Қарақыстақ ауылдарында жүзеге асырылды.

Жамбыл ауданының аумағы екі миллион гектарға жуық жерді алып жатыр. Оның 10 мың гектары шабындық, 1 млн 236 мың гектары жайылым, 97,6 мың гектары егістік. Аграрлы аймақ тұрақты өркендеу үстінде. Кейінгі он жыл ішінде негізгі көрсеткіштер он есе өсті. Дәнді дақылдар, бақша өнімдері, ет, сүт, жүн өндіру, мал саны бойынша облыста алдынғы орындарда. Бірақ ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жағы кемшін, өнімді шикізат күйінде өткізудің үлес салмағы басым. Сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіру және өнімін тереңдей өңдеу маңызды. Осы саланы талапқа сай дамыту қажет.

Бұл бағытта жүн, тері, ет, сүт, жеміс-жидек пен көкөністі қайта өңдеуге инвестиция саламын деушілерге қажетті шикізат мол, инфрақұрылым дайын. Теміржол желісі бойындағы Қазыбек бек бекетінде инвестициялық жобаларды орналастыруға арналған индустриалды аймақ құрылып, 693 гектар жер телімі бөлінді. Ауданның транзиттік әлеуетінің жоғары болуы, аумағынан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолы өтетіні тауар тасымалына өте қолайлы. Аталған халықаралық автожол жанынан жол бойы кемпингтерін орналастыруға арнап 5 гектардан жер телімдері белгіленді. Ауданның тарихи орындары, көрікті жерлері, Балқаш көлінің жағасы туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Инвесторларға ауданның географиялық жағдайының қолайлылығын, суды, желді, күнді пайдалана отырып, жасыл экономиканы дамытудың, елді мекендерді заманауи құрылыстармен кеңейтудің, басқа да мүмкіндіктердің бар екенін айтқан Жандарбек Ермекұлы аудан экономикасына белсене капитал салуға шақырды. Өңірді дамыту үшін отандық та, шетелдік те серіктестермен, ғалымдармен, кәсіпкерлермен бірлесе жұмыс істеуге ашықтығын білдірді.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Әлімжан Тоқтасынов, «Дипломатиялық корпуспен жұмыс істеу басқармасы» АҚ филиалының жетекшісі Бақыт Оспанов инвесторларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау жөнінде баса айтты. Венгрияның вице-консулы Дердь Тар, LAC Holding компаниясының өкілі Лайош Очай, Аустрия елшілігінің сауда өкілдігінің басшысы Михаэль Мюллер мырзалар негізінен еларалық сауда, экономикалық байланыстарды тілге тиек етті.

Ауданға қомақты инвестиция салып, ауыл шаруашылығы саласында жұмысын жолға қойған ирандық азамат, «Империя Фуд» ЖШС бас директоры Арман Жавидан қазақ елінің шетелдік инвесторларға қолайлы жағдай жасап отырғанын, ауданда жақсы бизнес климат бар екенін, бұл жердің мал шаруашылығына аса ыңғайлылығын атап өтіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Ол осыдан екі жыл бұрын жалпы құны 3 млрд 578 млн теңге тұратын үш мың басқа арналған бордақылау алаңын іске қосқан болатын. Содан бері 968 миллион теңгеге 1013 тонна ет өткізді. Бүгінде онда 2483 бас ірі қара бордақыда тұр. Келесі жылы бір жарым мың тонна ет өндіру көзделіп отыр. Келешекте бордақылау алаңына қойылатын мал санын 10 мың басқа дейін көбейту мақсатымен жұмыстар жүргізуде. Былтыр серіктестік жалпы құны 288 млн теңге, қуаттылығы 5 мың тонна астық сақтау қоймасын салды. Енді «Алматы – Бішкек» жолы бойынан ет комбинатын ашпақ.

Қасымбек ауылы маңынан ірі құс фабрикасының негізін қалап, ырғақты жұмыс үрдісіне қойған «Сұңқар Алматы құс» ЖШС бас директоры Дмитрий Чалых та тәжірибе бөлісіп, мемлекеттің инвесторларға қатысты икемді саясат ұстанып отырғанын жеткізді.

Сондай-ақ Таңбалытас ауылындағы «Шығыс кен басқармасы» ЖШС бас директоры Зелина Катранова ойын ортаға салды. Ондаған елдің іскер адамдары ауданның ерекшеліктері мен артықшылықтарына қанығып, пікір алмасты.

Форум соңында қонақтар ауданмен жақынырақ танысу үшін елді мекендерді аралап, Жамбыл мұражайында, электр бұйымдарын шығаратын «Техсан Қазақстан Инвест» және жұмыртқа өндіретін «Сұңқар Алматы құс» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде болды.

ПАЙДАСЫ МОЛ ЖЫЛЫЖАЙ

Голландия шағын ел болғанымен ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімін өндіру жағынан тәжірибесі мол. Сол өнімдерін экспорттауда әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орында тұр. Олардағы экономикалық ашықтық кәсіпкерлік саласын дамытуға да серпін беруде. Сондықтан бұл елдің инвесторлары әлемнің әр түкпірінде өз мүмкіндігін жүзеге асырып келеді. Әсіресе жылыжай шаруашылығын дамытуға ден қойылған. Бұл туралы «Көктем Грант» қонақүйінде өткен «Жылыжай саласындағы голландиялық компаниялардың Алматы облысындағы сауда миссиясы» атты семинарда сөз болды.



Семинарға Нидерландының әлемге танымал Bilancia, Celtic Koeling, Dalcem, Enza Zaden, EuroFood congsulting, Hoogendoorn, Mac Agro, Oldenhuic & Pirincen, Philips сияқты 14 компаниясының жетекшілері қатысып, Жетісу жұртымен аграрлық секторда жан-жақтылы байланыс орнату мақсатында әңгіме өрбітті. Шара аясында Нидерландтар елшілігінің ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша кеңесшісі Меруес Брауэрттің айтуынша, олар жылыжай шаруашылығына 10 мың гектар жер бөлген, оның 5 мың гектарына көкөніс, қалғанына гүл өсіріп жатыр. Озық технологияның арқасында жыл сайын мол пайда тауып келеді. Әлемдік экспорттың көшбасында тұрған ел Қазақстанның нөмірі бірінші серіктесі. Екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынас 1993 жылы орнады. Содан бергі 24 жыл ішінде елімізге 70 млрд долларға жуық инвестиция құйып, осы саладағы алдыңғы орында келеді.

– Мәселен, осыдан екі жыл бұрын Нидерландтар Қазақстанға саудалаған ауыл шаруашылық және бағбандық өнімдерінің көлемі 100 млн еуродан асты. Бұның айтарлықтай бөлігі жылыжай шаруашылығының үлесіне тиесілі», – дейді жиналыста сөз алған Нидерландтар Алматы қаласындағы кеңес басшысы Вилко Роггенкамп.

Екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі де жыл өткен сайын артуда. Бүгінде 5 млрд долларды құрап отыр. Мұнай-газ, геологиялық барлау, дәрі-дәрмек жасау, ауыл шаруашылығы, тағы басқа да саладағы ынтымақтастықтың үзігі бекемделіп келеді. Әсіресе жылыжай секторында ілгерілеушілік басым.

Қазірдің өзінде елімізде жылыжай шаруашылығымен айналысатын 40-тан астам голландтық ауыл шаруашылық кәсіпорын бар. Әрбірінің әлеуеті таңдай қақтырады. Бірі – Жетісудың соқа тісі тимеген құйқалы жеріне жылыжай салмақшы, енді бірі көп өнім беретін сапалы тұқымын саудаламақшы, үшіншісі, бақша өнімдерін өсіруге қолданылатын дәрі-дәрмек түрін ұсына келіпті. Тоңазытқыш орнатып, жарықтандыру, суландыру жүйесін жаңарту бағытындағы озық тәжірибесін таныстырып жүргені де бар. Жетісуға күнде келе бермейтінін білетін олар кездесу барысында өз мүмкіндіктерін барынша жарнамалап қалудың қамында.

– Van Der Hoeven компаниясының өкілімін. Қазақстан нарығына кіргенімізге алты жыл болды. Қазір төрт ірі жобаны жүзеге асыруды қолға алып, күні-түні соның соңында жүрміз. Сол қатарда Қарадала өңірінен екі гектар жер алып, жер астынан шығып жатқан жылы суда көкөніс өсірудің тәжірибесін сынақтап өткізіп жатырмыз. Алдымен қияр өсіріп көрмекпіз. Жобамыз сәтті аяқталса, адамдар көп өтпей жылы суда өсірілген көкөністерді тұтына бастайды, – дейді Van Der Hoeven компаниясының менеджері Воб Хунсше.

Еліміз бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің 17 пайызы Жетісу өңіріне тиесілі. Өйткені өңірде ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын 8 млн гектар жер бар. Ол жерлерде жылыжай шаруашылығы да жақсы өркендеп келеді. Сол қатарда 1061 гектар жерде голланд жылыжайлар жүйесі жұмыс істеуде. Оның дені Алматы облысының еншісінде. Қазірдің өзінде жылыжайлар аумағы 80 гектарға жеткен. Негізінен онда қияр, қызанақ, аскөк өсіріледі. Басым бөлігі түрік, корей, қытай технологиясымен жабдықталған. Жыл соңына дейін тағы да 37 гектар жылыжай қосылмақ. Таяу жылдары облыс басшылығы жылыжай аумағын 100 гектарға ұлғайтуды жоспарлап отыр. Голландықтардың көздегені де осы. Олар жетісулықтардың дәл осы мақсатын ары қарай жетілдіруге көмектеспек. Тіпті мұхит асып келген қонақтар көкөніс пен гүл өсірудің қыр-сырын жергілікті тұрғындарға үйретуге ниетті. Ол үшін жерлестеріміз міндетті түрде голланд жылыжайларды сатып алуы керек. Бірақ бір гектар голланд дайын жылыжайды орнатуға 1 млн еуро қаржы жұмсалады. Оны жерлестеріміздің қалтасы көтермейді.

ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ ТАРТЫЛАДЫ

Ұлы Жібек Жолының бойынан орын тепкен Талдықорған қаласының даму мүмкіндігі мол. Мұндай пікір өңір орталығында тұңғыш рет өткізілген «Талдықорған инвест – 2017» халықаралық инвестициялық форумында айтылды. Игі бастаманы қалалық әкімдік пен облыстық кәсіпкерлер палатасы бірлесе ұйымдастырды. Шарада еліміз кәсіпкерлерімен қатар Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея, Германия және Ресейден 70-ке жуық компания өкілдері бас қосты.

Форум қатысушылары Талдықорған қаласының даму және инвестициялық мүмкіндіктері туралы фильмді тамашалады. Жиналғандарды облыс әкімі Амандық Баталовтың атынан орынбасары Жеңіс Тұяқов құттықтап, облыстың даму динамикасы жөнінде мағұлмат берді.

– Соңғы жеті жылда облысқа тартылған инвестиция көлемі ауқымды. Біз өңірге инвестиция саламын деген кәсіпкерлерді қуана қарсы аламыз. Әрі оларға барынша қолайлы жағдай жасауға дайынбыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Бұдан соң Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев бизнес-салымшыларға қаланың инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды. Жаңа экономикалық ахуалдағы жаңарған қаланың даму жоспарына тоқталды. Әрі облыс орталығы үшін шағын және орта бизнестің қандай маңызға ие екенін атап өтті.

Бүгінде қала қазынасына түсетін алым-салықтардың 50 пайыздан астамын шағын және орта бизнес береді. Мәселен, биыл 9 айлық көрсеткіш бойынша аталған кәсіпкерліктен 8 млрд теңге көлемінде салық түскен. Бұл былтырдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 75 пайызға жоғары. Қазірде аталмыш кәсіп түрі бойынша он мыңға жуық бизнес субъектісі бар. Оларда 26 мыңнан аса адам еңбек етуде. Жыл басынан бері шаһарда 15 жаңа кәсіпкерлік нысан ашылып, үш жүзден аса адам жұмыспен қамтылған.

– Талдықорған көршілес екі алып ел – Қытай мен Ресейдің көлік магистральдарына жақын орналасқан. Бұл экономикалық тұрғыдан өте тиімді. Қалаға ауыл шаруашылығы алқаптары иргелес жатқан аймақтар да біз үшін маңызды. Біз олармен бірлесе жұмыс істеу арқылы ауыл шаруашылығындағы негізгі бағыттарды жылдам дамытуға мүмкіндік аламыз. Әрі соның арқасында сапалы, экологиялық жағынан таза өнімдерді көршілес мемлекеттерге іркіліссіз экспорттап, шығарылатын тауар көлемін де тез ұлғайта аламыз, – деді қала әкімі. Бұдан әрі өңір орталығының кәсіпкерлік үшін тиімді саналатын өзге де артықшылықтарын саралай келіп:

– Бизнес үшін бізде барлық жағдай жасалған. Сондықтан барлық әлеуетті инвесторларды өз жоспарын біздің қаламызда жүзеге асыруға шақырамыз, – деді ол.

Әлеуетті инвестор демекші, шара аясында мұндай мүмкіндігі жоғары кәсіпкерлерге барынша қолдау көрсетіліп, жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінетіні жеткізілді. Сондай-ақ мемлекет пен жекеменшік әріптестік негізінде салынатын тұрғын үйлер мен өзге де әлеуметтік нысандарға инвестор тарту мәселесі де қарастырылды.

Форумға қатысушы «Лун Юань Жетісу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Янь Гуан Хуанның айтуынша, олар үшін бұл басқосудың маңызы зор. Аталған серіктестік бүгінде Жетісу жерінде 2,600 млн. доллар қаражатқа мал бордақылау алаңын салуды бастап кеткен. Қазақстанның жергілікті өнімі өндірілетін өндіріс алаңында 5000 – 10000 бордақылайтын арнайы алаң болмақ. Жоба сәтті жұмыс істеген жағдайда Қытай инвесторы ары қарай тағы бірнеше зауыт салуға мүдделі.

Жиын соңында Бағдат Қарасаевтың қатысуымен бес меморандумға қол қойылды. Нәтижесінде Жетісудың бас шаһарына құны 10 млрд теңгеден астам инвестиция тартылмақ.



ТҮЙІН

Иә, өңіріміздегі осындай жақсы бастамалар осыған дейін Жетісу жері аграрлы өңір деген ұғымды жоққа шығарып, өндірісі өркендеген, инвесторлар өз арманын жүзеге асыруға ұмтылатын құтты мекенге айналғанын көрсетуде. Мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Алдағы уақытта облысымыздың билік пен бизнес өкілдері ынтымақтаса отырып, бұдан да зор нәтижелі жұмыстарға жол ашып, өндірісіміздің өркендеуіне серпін беретін игі бастамаларды жаңғырта түспек. Қалай болса да, осы атқарылып жатқан жұмыстар елдің қамы, жердің нәрі, келешектің берік болуы үшін істелген дүниелер.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Құрылыс

Құрылыс индустриясы – тәуелсіз елдің өркендеген экономикасының негізгі іргетасы. Кез келген өңірдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Алматы облысында жетістіктердің дені аталған саланың дамуымен сабақтасып жатыр. Тағы бір жағынан, құрылыс – экономиканың негізгі діңгегі. Кейінгі жылдары түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында республика бойынша, оның ішінде Жетісу жерінде жаңа үйлер, мектептер, аурухана, жол салынып жатыр. Қатар-қатар бой түзеген көпқабатты тұрғын үйлер жүрегімізге сенім ұялатады. Облыс орталығы Талдықорған қаласымен қатар, өңірлердегі инженерлік-коммуникациялық желілерді реттеу, ішкі істер және коммуналдық шаруашылық, мәдени, білім, денсаулық сақтау нысандарын дамыту жобалары да жоспарға сай атқарылуда. Ең бастысы, осындай еңбектің нәтижесінде қаншама жастар, мүмкіндігі шектеулі жандар, зейнеткерлер мен қамқоршысы жоқ адамдар баспаналы болды. Қысқасы, өңірде құрылыс саласына деген ынта артып келеді.

ЖАҢА ЖОБАЛАРМЕН ӨРКЕНДЕЙДІ



ЖАҢАЛЫҚҚА БЕТБҰРЫС

Облысымызда кейінгі жылдары түрлі саланы байыпты дамытудың кешенді жоспары қолға алынды. Сол қатарда құрылыс саласына қан жүгіріп, өлкемізде көз сүрінетін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Десе де, жолдарының құрылысы қарастырылған. Аумағы түгелдей абаттандырылып, көгалдандырылады. «ПКС «Архат-2» жобалау ұйымының өкілі Анастасия Шестопалованың айтуынша, коттеджердің біреуін әкімшілік мақсатта пайдалану жоспарда бар. Сол ғимаратқа балабақша, дәріхана орналастыруды қолға алуға болады.

Сонымен қатар Қарасай ауданы Қаскелең ауылдық округінде «Бибі Айша» тұрғын үй кешені құрылысының жобасы таныстырылды. «АБ-М» ЖШС өкілі Қамбар Өстеміров жоба аясында 312 пәтерлі 13 алты қабатты үйлер салынатынын жеткізді. Мұнда бір және екі бөлмелі пәтерлер, 3-ші класты үйлер орналасады. Тұрғын үй кешені тұрғындарының саны шамамен 800-дей адам болады деп күтілуде.

Кеңес барысында Панфилов ауданы Нұркент кентінде 100 нөмірлі қонақүй, Алматы қаласының батыс кіреберісіндегі құрылыс материалдарының гипермаркеті мен сауда кешенін салуға 18 млрд теңге инвестиция тартылып, 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретіндігі сөз болды. Сол қатарда «Қорғас» ХШЫО-ның жобасына енгізілген өзгерістер жұрттың көңілінен шығатындығы белгілі болды. Бұл жайлы «Урбостиль» ЖШС директоры Любовь Нысанбаева баяндап берді. Жалпы, осы жолғы қаралған барлық жоба сарапшылар жағынан мақұлданды. Олар келесі жылы көктемде құрылыс жұмысы жүргізілмек.

СУ ҚОЙМАСЫ

Біраз жылдан бері жұрт құлағы елеңдеп жүрген Қызылағаш су қоймасы қайта қалпына келтіріліп, күрделі жөндеуден өткізілуде. Аталған су қоймасы Қызылағаш ауылынан әлдеқайда жоғарыда орналасқан. Оған баратын жолдар да жаңаланып, алты шақырымды құрайтын электр желісі тартылып, жарықтандырылған. Сонымен бірге су құбыры жүргізілген.


Күзгі күннің ызғарына қарамастан, құрылысшылар техникалардың күшімен жұмысты қыздыруда. Аталған кешеннің құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру үшін қолданысқа беріліп, ауылдықтарды қуантты. Спорт кешенінің ашылуына демеуші болған «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры Халық Баяділовқа. Ауыл ақсақалдары мен жастар да көпшіліктің қуанышымен бөлісіп, жүрекжарды ақ тілектерін жеткізді. Ел игілігіне берілген аталмыш ғимараттың құрылысына барлығы 20 миллион теңге көлемінде қаражат жұмсалған.

Бүгінде жаңа нысанда спортпен айналысам деуші азаматтар үшін ыңғайлы жағдайлар жан-жақты қарастырылған. Туған өлкесінің түрленуі үшін осындай игілікті іске жасап отырған Халық Оңғарұлына деген ауылдықтардың ризашылығы шексіз. Ірі кәсіпкер енді жастардың шымыр болып өсетініне және қазақтың туын желбіретер спортшылардың ауылдан шығатынына сенімді.

ЖАҢА КӨПІР

Биыл Балқаш ауданында елді мекендердің жолдарын жөндеп, күтіп ұстауға бюджеттен 425,168 миллион теңге көлемінде қаржы қарастырылған. Оның 156, 209 миллион теңгесі Құйған ауылындағы Іле өзеніне салынатын жаңа көпірдің құрылысына бөлініпті.

Бұл істі негізінен «ИнтерТехСтой» ЖШС-нің құрылысшылары қолға алған. Қосымша «Контр» ЖШС сияқты мекемелердің жұмысшылары да тартылған. Аталған серіктестіктің бас инженері Равиль Ибраемовтың айтуынша, өзеннің сол жағалауындағы жол жөнделген. Көпірдің құрылысына қажет бұйымдар да жеткізіліп, шетінен орнатылып жатыр. Құрылыс бұйымдарының бәрі отандық. Сондай-ақ құрылыс жұмыстарын жүргізуге қосымша «Контр» ЖШС сияқты мекемелердің жұмысшылары да тартылыпты. Осы мекеменің прорабы Асқар Батыров бұл істің сәуір айында басталғанын және оның жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға берілетінін сөз етті. Көпірдің құрылыс жұмыстарын жүргізуге жиырмадан аса адам, он шақты техника тартылған. Айта кетейік, алдағы уақытта жаңа көпірмен тек ауыл адамдары ғана емес, сондай-ақ автокөліктермен де жүруге мүмкін болмақ.



ҚОҚЫС ӨҢДЕЙТІН ЦЕХ

Талдықорған-Үштөбе тасжолының бойынан күл-қоқыс өңдейтін жаңа цех ашылды. Осы ретте Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Мәмбетжанов арнайы келіп, көпшілікті құттықтады.



Жылына жүз мың тонна қоқыс өңдеуге қауқары жететін цехты іске қосу үшін 250 миллион теңге көлемінде қаражат жұмсалыпты. Ал жалпы жоба құны 1400 миллион теңгені құрайды. Келесі жылы биогаз, содан соң биогумус өңдейтін цехтар іске қосылатын болады. Сөйтіп, жобаның екінші, үшінші кезеңі жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр. Жалпы, мұндай орынның ашылуы қаланың экологиялық ахуалын жақсартып, тазалықты сақтауға айтарлықтай ықпал етеді.

Кәсіпорынның құрылғылары жартылай автоматтандырылған. Күл-қоқыстар арнайы құрылғы арқылы жылжып, адам қолымен іріктеледі. Онда қағаз, қалбыр және пластикалық шөлмектер бар. Қазіргі кезде мұнда барлығы жиырма адам жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта кәсіпорын толық қуатында іске кіріссе, жүзден аса адам еңбек ететін болады. Олардың еңбекақысы алпыс сегіз мың теңгеден айналады.

Қоқыс өңдейтін цех 3,5 гектар жерді алып жатыр. Adai damu Capital жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізгі қызмет түрлері қатты қалдықтарды сұрыптап, залалсыздандыру болып табылады. Өңделген қоқыстан жұмыртқа лотоктары, полимерлік өрме тастар секілді дайын өнімдер шығарылады. Қазіргі кезде биогаз бен биогумус өндіру жұмыстары қарастырылып жатыр.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ ҰЛҒАЮДА

Бүгінде өңірдің дамуы тың серпін алды. Осы орайда өндіріс бұйымдарына, оның ішінде отандық өнімге деген сұраныс арта түсті. Нәтижесінде көптеген жұмыс орындары ашылып, жекелеген өндіріс ошақтары өз өнімін беріп те үлгерді. Жеке кәсіпкер Жайлаубек Бласов өз жұмысын 2007 жылдан бастап «Қаратал» құрылыс бұйымдары дүкенін ашудан бастаған. Аталған дүкен аудан тұрғындарын құрылыс жұмыстарына қажет сан алуан тауармен қамтамасыз етіп, жылдан-жылға ұсынылатын өнім түрі мен көлемін тез ұлғайтты.

Алдыңғы жоба 2011 жылы қолға алынды. Биыл 30 жұмысшысы бар құрылыс бұйымдарын өндіретін цех іске қосылып, шлакоблок өндірді. Тапсырыстың молдығына орай ұсыныс көлемі артып, цехтың өндірістік қуаттылығы тәулігіне 300-400 блокқа жетті.

Бұған қоса, өндіріс иесі былтыр шағын және орта кәсіпкерлікті несиелендіру мақсатында аумақтық қаржыландыру бағдарламасына қатысып, «СберБанк» АҚ-нан 8,0 млн теңгеге несие алды. Қазір бұл ақшаға өндірісті кеңейту мақсатында кезекті жобасын іске асыруда.

Тағы бір тілге тиек ете кетерлік жайт, биыл Қаратал ауданында «Өрлеу» ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Жайлаубек Бласовтың айтуынша, бұл ұжымның құрылуының негізгі мақсаты – аймақтағы жеміс-жидек, жуа, сәбіз, қарбыз өндірушілерден сатып, алып, өнімді Алматы және Ресейдегі Сібір қалалары сұранысына орай өңдеп, сақтап, аталмыш шаһарлардағы сауда-саттық орындарына жеткізіп беру.

– Қазір осы мақсатта 2000 шаршы метрге көкөніс қоймасы сатып алынып, жуа сақталуда. Келешекте қойманы 2000-4000 шаршы метрге дейін кенейтуді жоспарлап отырмыз, – дейді Жайлаубек Бласов. Шаруасы тиянақты, табысы қомақты кәсіпкердің алға қойған жоспары да көп. Оған уақыт сарапшы десек, осы барыста мемлекеттік қолдаудың да қажеттілігі туындамақ. Бұған қоса, шаруашылық иесі кәсібін өркендетуге үнемі септесіп, көмек қолын созып отыратын аудан әкімдігіне алғысын жеткізді.



СӨЗ СОҢЫ:

Кез келген мемлекеттің өркендеуі мен дамуының басты шарты, әрине, оның экономикалық әлеуетінің артуымен тікелей байланысты. Бұл тұрғыда Елбасының сындарлы саясатының арқасында еліміздің экономикасы қарыштап дамып, ТМД елдері арасында көшбасшы мемлекетке айналып отырмыз. Тіпті кейінгі жылдары облысымыз бойынша тұрғын үйлер, ауруханалар, мектептер, балабақшалар, ауылдарға тартылған су жүйелері, электр жүйелері, республикалық маңызы бар және жергілікті жолдары, тағы басқа нысандар жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Демек, құрылыс жұмысы қарқынды. Біз осы қарқыннан айырылып қалмасақ, алдағы жоспарларымыз түбегейлі жүзеге асатын болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



саннан гөрі сапаны басты орынға қоятын жерлестеріміз нысандардың сәулетіне, өңірге сән беретін көркемдігіне, тұрғындардың тіршілік етуіне ыңғайлылығына ерекше назар аударады. Сондықтан құрылыс басталмас бұрын оған тапсырыс беруші және жобалаушы мекемелердің жұмысын осы шаруаға қатысты мекеме басшылары және құрылыс саласының мамандары, елімізге танымал сәулетшілерден құралған комиссия мүшелерінің қатысуымен әбден саралап, сараптап алу дәстүрге айналды. Биылдың өзінде бірнеше рет облыстық қала құрылысы кеңесінің отырысы өтіп, онда өңірдегі құрылыс пен жаңғырту жұмыстарына қатысты жобалар қаралды.

Айталық, ең алдымен 8 жоба қаралды. Сол қатарда «БМК-АРХ проект» ЖШС жобалаған Алакөл жағалауындағы демалыс орны, «Барыс жоба» ЖШС жобалаған Талдықорған қаласындағы әкімшілік-іскерлік ғимаратының құрылысы, «АБ-М» ЖШС жобалаған Қарасай ауданындағы «Айша бибі» шаруа қожалығының құрылысы, Power Build Engineering ЖШС жобалаған Талғар ауданындағы тұрғын үй кешені құрылысы, Панфилов ауданындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығындағы Grand proekt Engineering ЖШС жобалаған қонақүй кешені, «Алим Сервис» ЖШС жобалаған сауықтыру кешені, «ПС АКЦЕНТ» ЖШС жобалаған сауда орталығының жобалары мен «Bektop-Проект» ЖШС жобалаған Қапшағай қаласындағы құрылыстардың қасбетін қайта жөндеу жобалары көпшіліктің көңілінен шықты.

Жобалардың таныстырылым барысында осыған дейін де талай маманның алдынан өтіп, сансыз өзгерту мен түзету, толықтырудан өткен, әбден иі қанған жұмыстардың бәрі бізге кемшіліксіз сезілгені рас. Алайда елімізге танымал сәулетшілер мен жобалаушылардың сынағына түскенде олардың кейбір олқылығы айқындалып, кемшілік жерлері белгілі болып жатты. Әсіресе, әр жобаның қала мен елді мекендердегі жол қауіпсіздігі ережесін сақтау мен елді мекеннің сәулетіне тигізетін кері әсері туралы сын-ескертулер берілді. Сондай-ақ құрылыс жұмысы жүргізілген жағдайда аталған ескертулер бойынша жобаға түзетулер енгізу тапсырылды.

Келесі кезекте облыстың әкімдікте 6 жобаның тұсауы кесіліп, мақұлдаудан өтті. Бұл ретте Талғар ауданы Бесағаш ауылындағы Villa 96 коттеджді қалашық құрылысының жобасы таныстырылды. Жобада әрқайсысы 2 отбасына лайықталған 29 коттеджің, сонымен қатар балалар ойын және спорт алаңдарының, велосипед жалпы республикалық бюджет есебінен барлығы 5,9 миллиард теңге көлемінде қаражат қарастырылыпты. Соның басым бөлігі құрылыс-монтаждау жұмыстарына жұмсалмақ. Биылға 1 млрд 8 млн теңге бөлініп, бүгінге дейін жартысының игерілген.

Айта кетерлігі, аталған су қоймасының мемлекет меншігіне қайтарылғанына да бес жыл өтті. Облыс әкімдігі бұл нысанды «ҚазСуШар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына өткізіп берді. Аталған мекеменің Алматы филиалының бас инженері Рақымжан Разбаевтың сөзінше, құрылысқа дайындық сәуір айында қолға алынып, бүгінде негізгі жұмыстары басталған. Қазіргі кезде ескі су қоймасының табаны тазаланып, тоннельдердің іші жөнделіп, шетінен бетондалып жатыр. Күрделі жөндеуден өтіп жатқан қойма бұрынғысына қарағанда, әлдеқайда сапалы жасалмақ. Себебі оның құрылысына тас және бетон қолданылатын болады. Құрылысқа пайдаланылатын тастар сол маңдағы карьерден алынады.

«Жалпы, құрылысқа қажет бұйымдардың бәрі отандық», – дейді мұндағылар. Қауіпсіздік шараларына да ерекше мән берілген. Қойма салу ісін жүзеге асыруға жүзден аса адам жұмысқа тартылып, жетпіске жуық әртүрлі техника жұмылдырылған. Жалпы, су қоймасының құрылысы жиырма жеті айға есептелген. Мамандар оны келесі жылдың соңына дейін аяқтап, мерзімінен бұрын қолданысқа береміз деп отыр. Бұл орайдағы жұмыстарға облыс әкімдігі де жан-жақты қолдау танытып, көмек көрсетуде.

Қызылағаш су қоймасы құрылысының бас мердігері республикалық «ҚазСуШар» кәсіпорны болып табылады. Бұл іске қосымша «Ақсу» акционерлік қоғамы, «КазГипроМельСтрой», «Үштөбе-Сервис», «Кольсай Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері сияқты мекемелердің құрылысшылары да тартылған. Ирригациялық жүйелерге қатысты жобалар да жасалуда. Алдағы кезде аталған су қоймасы толық қуатында іске қосылатын болса, ауқымы мол алқап айналымға енгізіліп, жергілікті жұртшылықтың әл-ауқатының жақсаруына жол ашылмақ. Яғни бұл егін егіп, мал өсіріп отырған қызылағаштықтар үшін үлкен олжа.

СПОРТ КЕШЕНІ

Кербұлақ ауданындағы Басши ауылында тозығы жеткен ескі ғимарат күрделі жөндеуден өткізіліп, заман талабына сай жабдықталды. Нәтижесінде «Алтынемел» спорт кешені

8 ЖК ӨҢІР
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жиын-терін

КҮЗДІҢ БІР КҮНІ КӨӨПКЕ АЗЫҚ

Халқымызда «Күздің бір күні жылға азық» деген нақыл сөз бар. Расында, қазір – еңбектің нағыз қызған шағы. Бұл мезгілдің әр күні кез келген адам үшін қымбат. Өйткені, жаз бойы төккен тердің өтелетін тұсы да осы. Оның үстіне, Алматы облысы аграрлы аймақ саналатындықтан, осы өңірдегі жұрттың тыныс-тіршілігі ауыл шаруашылығы саласымен тығыз байланысып кеткен. Сондықтан да күзгі тірлікке деген жұрттың ықыласы нық, дайындығы мығым. Дей тұрғанмен, өңірдегі шаруашылықтағы іс барысын мың рет естіген сайын, бір рет көзбен көріп қайтуды жөн санап, аудан, ауылдарды аралап, елдің жайын біліп қайтқан едік. Біз барған ауылдарда қызу тірлік қайнап жатты. Күн астында, жел өтінде бір топ қызылша дала төсін шуға бөлеп, күзгі тірліктің көрігін қыздыруда. Таң сәріден тұрып, күн ұясына батқанша бір тынбайтын нағыз еңбек иелерінің бұл тіршілігіне қарап, іштей бас иесің. Айта кетерлігі, кейінгі жылдары өңірімізде қант қызылшасының өніміне деген сұраныс артып, облыстың, қала берді республикалық табыс көзіне айналып үлгерді. Күні кеше ғана «Көксу» және «Ақсу» қант зауыттары алғашқы өнімдерін қабылдауды бастап, халық алқаптағы жиын-терінге қызу кірісті. Бұдан өзге түрлі шаруашылықтың тізгінін ұстаған жерлестеріміз қызу еңбектің көрігін қыздырып жатыр. Былайша айтқанда, биылғы күзгі жиын-терін ойдағыдай өтуде.



КҮРІШ ОРАҒЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Күріш – Балқаш ауданының байлығы. Осы тұрғыда аудан дикандары жаз бойы күтіп-баптап өсірген ақ маржанды төкпей-шашпай жинап, дер кезінде қамбаға құйып алудың қамына кірісіп те кетті. Мол өнім жинауда бар күшін жұмсап жатқан шаруалардың бүгінгі еңбегі ерен деуге лайық.

Аудан әкімі Ғалым Тоқпейісовтан білгеніміздей, күріш орағына аудандағы шаруашылықтағы барлық техника жұмылдырылыпты. Бұдан соң аудан басшысы шаруашылықтың қырманына да барды. Онда қызу еңбек жүріп жатты. Тау-тау болып үйілген өнім қамбаға құйылуда. Тұқым мәселесіне жіті көңіл бөлген аудан басшысы қамбаға құйылған тұқымға көңіл аударып, сапалы тұқыммен ғана жақсы өнімге қол жеткізуге болатынын еске салды. Жалпы биыл аудан бойынша 8861 гектар жерге күріш егілді. Бұл дақылға орақ салған диқаншылар қазір егіс алқабының 3500 гектарын дестелесе, 2042 гектарын бастырып та үлгерді. Оның өнімділігі әр гектардан 40 центнерден айналуда. Күріш орағына тоқсан комбайн жұмылдырылған. Оның 30-ы дестелесе, 60-ы астық бастыруға арналған. Техникалар жанар-жағармаймен де толық қамтамасыз етіліпті. Қосалқы бөлшектер де жетеді.

Күзгі егін жинау науқанына қажет дизель отыны «Қарамай Продакс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арқылы шаруашылықтарға тиісті бағада арзандатылып беріліпті. Ауыл шаруашылығы техникалар паркін жаңарту мақсатында биыл он сегіз жаңа техника лизингке сатып алынған. Өңір бойынша барлығы 8861 гектар алқапқа күріш егілген, яғни бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда біршама жоғары. Аталған дақылды жинау жұмыстары да аяқталуға таяды. Оны шаруа жайымен жақын танысқанда аңғардық. Ала жазғы бейнеттің өтеуіндей бітік шыққан күріш масақтары иіліп тұр. Жайқала өскен ақ маржанды тезірек орып алуға тырысқан Ақдала ауылдық округіне қарасты «Өтес-Ақдала» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еңбеккерлері қазір бұл істе белсенділік танытуда.

Құрылғанына жиырма жылға жуықтаған «Өтес-Ақдала» ЖШС қазір жетпіс шақты адамды жұмыспен қамтып отыр. Науқан уақытысында олардың саны өсіп, жүзден асады. Аталмыш серіктестіктің тәжірибелі бас агрономы Ерлан Нұрлыбековтің айтуынша, мол өнім алу бағытында ауыспалы егістік жүйесін сақтауға баса мән берілген. Алқапта «Регуль», «Анаит» деп аталатын сорттар өсіріліпті. Алдағы уақытта күріштің жаңа элиталы тұқымын әкеліп, егуді жоспарлап отыр. Ол сапа жағынан да мақтаулы әрі мол өнім беретіндігімен ерекшеленеді, оруға да ыңғайлы.

Алқаптан жиналған күріш қырманға аттандырылуда. Ол Бақанас ауылында орналасқан. Біз сол жерге келдік. Тау-тау болып үйілген дақыл анадайдан менмұндалайды. Онда пісіп-жетілген өнім шаң-тозаңнан тазартылып, ылғалдылығы тексеріледі. Бұдан соң кептіріліп, сортталады. Сөйтіп, «Өтес» деп аталатын зауытқа жеткізіледі. Бірнеше сатыдан өткен күріш бұл жерде арнайы құрылғылардың көмегімен тағы тазаланып, түрі ажыратылады. Содан кейін сапасы анықталып, іріктеліп, өңделіп, ақталып, капталып, тиісті орындарға жөнелтіледі немесе қоймаға сақтауға қойылады.

Айта кетейік, шаруашылықта өсірілген ақ маржан бүгінде аймақтың түкпір-түкпірінде саудаланады. Аталмыш серіктестік аудан көлемінде өтетін әртүрлі шараға белсене қатысып, әлеуметтік, мәдени, спорттық іс-шараларға да араласады. Қажет болған жағдайда қиналғандарға көмек қолын созып, демеу көрсетуден де еш жалықпаған емес. Қуанышпен бөлісіп, қайғыға ортақтаса білетін қожалық иесін тұрғындар құрметтеп қана қоймай, оны мақтан тұтады.

Демек, биыл балқаштықтар күріштен мол өнім алатын болады.

ТӘТТІ ТҮБІРДЕН ТҮСІМ МОЛ

Күзгі жиын-терін жұмыстары қарқын алды. Тәтті түбір өсіруге ден қойған диқандар күздің әр күнін қалт жібермей, тиімді пайдалануда. Бүгінде Қаратал ауданына қарасты Айту би, Жолбарыс батыр ауылдық округтерінің егістік алқаптарында қарбалас тірлік. Еңбек адамдары қант қызылшасын жапырақтан тазартып, арнайы техникалардың күшімен қызылшаның шөбін шауып, түбінен ажыратып алып жатыр. Жиналған өнім жүк көлігіне тиеліп, қант зауытына жөнелтілуде. Алқапта үйілген қызылшаны көрген аудан басшысы жаңа инновациялық технологияның тиімділігі арқасында биылғы өнімнің мол болатынына сенім артты.

Жалпы қант қызылшасын егетін шаруалар жыл сайын артып келеді. Мәселен, былтыр өңір бойынша 83 шаруа қожалығы барлығы 940 гектар алқапқа балтамыр тұқымын ексе, биыл бұл көрсеткіш 1100 гектарға жетіп, дақыл өсірумен айналысатын шаруа қожалығының саны жүзден асты.

Мемлекет қолдауы мен шаруа адамдарының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде өркендер жақсы өсіп, жетілді. Шаруа қожалықтарының агротехникалық шараларды толық сақтауы да оң әсерін тигізіп, тәтті түбірдің салмақ қосуы, қанттылығы көңіл қуантарлықтай дәрежеге жетті. Көкпекті ауылының тұрғыны Женіс Қашқынбай осымен үшінші жыл қатарынан қант қызылшасын егумен айналысып келеді. Биыл ол 11 гектар жерге тәтті түбірдің тұқымын егіп, жайқалта өсіріпті.

Осындай шаруа қожалығының жетекшісі кәлпелік Ержан Мейізбаев та сегіз гектарға егілген қант қызылшасын жинап алуға кіріскен. Қызылшаның шығымы жақсы болып, гектарынан 40 центнерден өнім аламыз деп жоспарлап отыр. Қос шаруашылықта техника мен адам күші де жеткілікті. Сондықтан, қант қызылшасын жинау жұмысы алдағы уақытта да қыза түспек.

Биыл Кербұлақ ауданы бойынша алғаш рет жүз гектар алқапқа қант қызылшасы өсіріліпті. Ал оны қолға алып отырған «Зарина» шаруа қожалығының еңбеккерлері. Сол жерге келіп, жүргізіліп жатқан жұмыстарды көрдік. Еңбеккерлер пісіп-жетілген өнімдерді жинауға кірісіпті. Терілгенін Көксу қант зауытына әкеп өткізбек.

– Қызылша өсірудің машақаты көп қой. Бейнетпен өсірген өнімнің жемісін көрген кезде біраз марқайып қалатынымыз рас. Ойдағыдай өнімге қол жеткізу үшін жаз бойы еңбектендік. Өйткені, ерекше күтімді қажет ететін дақылға айрықша көңіл бөлу керек. Сонда ғана төккен тер ақталып, ісің оң нәтиже береді. Қазір біз қызылша жинауды бастадық,– дейді алқаптағылар.

Сондай-ақ олар биылғы өнім шығымының жаман еместігін, гектар берекелілігінің де көңіл толтыратынын және қанттылығының да жоғары болғанын айтып, қуандырды. Сондықтан, біз де олардың жұмыстарына сәттілік тіледік.

Ескелді ауданындағы Хильниченко, Досанов, Дүйсенбинов, Городецкая, Тойшыбеков, Қожахметов, Бесікбаев, Қалметов, тағы басқа шаруа қожалықтарының қызылша алқабынан алынған тәтті түбірлердің алғашқы тасқыны қабылдау пунктіне жөнелтілді.

Қызылшашылардың қарбалас қимылының арқасында соңғы күндерге дейін қант зауытына 1100 тоннаға жуық балтамыр жеткізілді. Жалпы биыл аудан көлемінде 1490 гектар алқапқа қант қызылшасы отырғызылып, дайындау орнына 65000 тоннадай тәтті түбір тапсыру жоспарланып отыр. Алғашқы нәтижелер бұл меженің орындалатынына сенім ұялатуда.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрлан Керікбаевтың айтуынша, шаруашылықтар келер жылдың қамынан туындаған шараларды да ұштастыра жүргізуде. Айталық, өнімі жиналған алқаптарда дереу сүдігер жырту жұмысы қолға алынуда. Жалпы күз айларында 17 мың гектар жер сүдігер жыртылу көзделген болса, қазірдің өзінде оның 3700 гектарға жуығы жыртылып үлгерген. Бұл танаптарға 6500 гектар күздік бидай себу жоспарланған болса, бүгінгі күнге дейін 3600 гектарға күздік бидай себілді.

Аудан еңбеккерлері күзгі жиын-терін жұмыстарын қысқа мерзімде әрі сапалы атқарып шығып, келер жылдың мол өнімі үшін берік негіз қалау жолында еселенген жігермен еңбек етуде.

Көксу ауданы Лабасы ауылдық округіне қарасты Талапты ауылындағы «Нурдымакун» жеке шаруа қожалығы. Жұмыстың жүру барысын бағамдай барған бізді шаруа қожалығының басшысы Қизат Абиров күтіп алып, бірден еңбегінің мән-жайымен таныстырды. Олар былтыр тек қана бес гектар жерге тәтті түбір ексе, биыл 22 гектар алқапқа қант қызылшасын отырғызып, бір гектардан 500-550 центнер өнім алуды жоспарлауда.

– Келешекте егіс көлемін 40 гектарға дейін жеткізбекпіз. Бас-аяғы төрт техника бар. Тұрақты түрде 3 адамды жұмыспен қамтып келеміз. Ал науқан кезінде 30 шақты жалдамалы жұмысшыға ақы төлеп, өнім жинаймыз, – деген Қизат Нұрдымақынұлы мемлекеттен тұқым мен гербицидке субсидия алғанын айтты. Сондай-ақ шаруасын өрге дөңгелету мақсатында «Жеті нар» несиелік серіктестік» ЖШС-дан дала жұмыстарына арнап 3,5 млн теңге қаржы алған. Оны бір жылдың ішінде қайтарып береді. Еңбегі ретті болып жатса, келесі жылы қызылша қазатын техникалық құрал мен тағы бір трактор сатып алуды жөн көріп отыр.

Лабасы ауылдық округі бойынша 300 гектар жерге 74 шаруа қожалығы қант қызылшасын еккен. Жоспар бойынша зауытқа 11 тонна тәтті түбір өткізбекші. Бізді тәнті еткені – егістік алқабындағы қызу тіршілік. Бірі қант қызылшасын сабағынан ажыратып жатса, бірі трактормен жүк көлігіне тиеу үстінде. Осындай көрініске куә болысып, іс іргелі болуына тілектестік таныттық.

БАЛЫҚ ТА БАЙЛЫҚ КӨЗІ

Еліміздегі балық шаруашылығы жыл өткен сайын дамып келе жатса да, мемлекет тарапынан серпінді қолдауды қажет етеді. Балық шаруашылығын дамыту еліміз үшін маңызды. Біріншіден, теңізге шығатын жолдан тым қашықтамыз. Екіншіден, балық еті бізде ғана емес, шетелде де үлкен сұранысқа ие. Мәселен, балық экспорттайтын шаруашылықтар бүгінде 3 млн гектардан астам жерді пайдаланады. Үшіншіден, балық еті адам денсаулығына пайдалы, одан жасалатын өнімнен де түсім мол.

Іле өзені мен Қапшағай су қоймасы – еліміздегі ірі балық кәсіпшілік су қоймаларының бірі. Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы Алматыдан 75 шаршы шақырымдағы Еңбекшіқазақ ауданына қарайтын Шалқар ауылында орналасқан. Бұл шаруашылық Қапшағай су қоймасында су электр стансасы салынуына байланысты, балықтың өз еркімен уылдырық шашып-жетілуіне кедергі болғандықтан салынған. 1973 жылы іске қосылған шаруашылықтың жалпы көлемі – 720 гектар. Елуге жуық тоғаны бар үлкен аймақ. Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс бойынша Қапшағай су қоймасына жас шабақтар жіберіліп отырады. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің ұдайы өндіріс кешенінің кәсіпорындары балықтандыру жұмыстарын балық ресурстарын және де басқа да су жануарларын сақтау және өсімін молайту жөніндегі бюджеттік бағдарлама аясында жүргізеді. Шаруашылық тоқырау кезеңін бастан өткерсе де, сақталып қалды. Биыл бұл мекеме жекеменшікке өтіп, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналып отыр.

Алматы облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясы басшысының орынбасары Аян Бахияновпен аталмыш шаруашылыққа барып, күзгі уылдырық шашу науқандық жұмыстың жай-жапсарын көзбен көріп қайттық. Мекеменің жаңа басшысы Жансая Бекет, еліміздің ғылыми-зерттеу институтының қызметкері Елена Данько бастаған мамандар жиналды. Шаруашылықтың бас маманы Болат Дүйсалиевтің айтуынша, осы жылы Қапшағай су қоймасына 8 миллионнан астам балық жіберіледі. Бірінші тоғаннан жиналған жас шабақтарды өлшеп сараптағанда, өсіп-жетілуі жаман емес, – дейлі мамандар. Олардың салмағы орта есеппен 20-27 грамды құраған.

– Бұл бір жылдық нәтиже. Егер екі жыл өсіріп дамытсақ, салмағы 600 грамға дейін жетеді. Мұндай салмақпен тұқы, дөңмаңдай, ақ амур асырауға қолайлы. Шығыны аз, су талғамайды. Сапасы жоғары, тіршілік етуге бейімді. Мәселен, ірі қараны өсіру үшін екі жыл уақыт кетеді. Ал балықтың өсу мерзімі өте қысқа. Жабық су қоймаларында сазан аналығын гипофиз гармонын салу арқылы бір жылда екі рет уылдырық шашқызуға болады. Бір аналық 2 млн уылдырық тастаса, шамамен 150 мыңы тірі қалады. Мұндай көрсеткішпен 70 мың балық өсіп шығады, – дейді Елена Данько.

Бірінші партиямен 600 бас жас шабақты тиеген автоцистерна жүк көлігімен Қапшағай су қоймасының Балтабай стансасына жеткізіліп, суға жіберілді. Бір тоғаннан балық аулаудың өзі бір күндік уақытты алады екен. Барлық тоғанның жұмысы кемінде бір айға созылмақ.

– Күн бұзылып, жауын-шашынға ұрынбай тұрғанымызда жұмысымызды сәтті аяқтасақ деп отырмыз. Балықты қолдан өсіру үшін экономикалық тиімділігі жоғары технологиялар әзірленген. Егер технологияның барлық талаптары ескеріліп, қажетті температура мен дұрыс қорек жасалса, балық тез өсіп шығады. Отандық және шетелдік сұранысқа ие балықтарды өсіп жетілдіруде мемлекеттің көмегімен алға жылжысақ дейміз, – дейді жаңа басшылық. Жекеменшікке өткен мекеме бірінші жылдағы жұмыс тәжірибесінің сәтті өтіп жатқанын айтып, келер жылдан да үмітті екенін білдірді.

Қарап отырсақ, елімізге Ресей, Қытай, Норвегия секілді елдерден түрлі консерві, мұздатылған күйде балық сүбесі, уылдырық пен теңіз балығы, асшаяндар тасымалданады. Соңғы жылдардың көрсеткіші бойынша импортталған балық өнімдерінің көлемі 47 мың тоннаны құраған. Отбасы денсаулығын сақтау үшін де бізге импорттан гөрі отандық балық өнімін пайдалану тиімді екені сөзсіз.

ЖЕМШӨП ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасының көмегімен қорасын малға толтырып отырған жанның бірі – Қаратал ауданындағы «Өмірбаев» шаруа қожалығының иесі Сұлтанғазы Мұсанұлы. Төрт түліктің жай-жапсарын жақсы білетін қожалық иесі мал бағуды 2000 жылдан бастап қолға алған.

Алғашында қырық шақты ірі қарамен бастаған Сұлтанғазы Мұсанұлы алдыңғы жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша мемлекеттен несие қаржы алып, сексен бес бас ірі қара және тұқымы асыл «Әулиекөл» бұқасының бесеуін сатып алды.

Кәсіпкер өз әңгімесінде «Мал өсіру оңай емес. Қолдағы малымызға арнап 300 тоннаға жуық шөп, 10-15 тонна арпа-бидай әзірлеп, қыстау басына жеткіздік. Жемшөп қоры жеткілікті болмаса, малды қыстан аман шығару қиынға түседі. Осыны ескерген біз малға қажет азықты молынан әзірлеп алдық. Тек бір ғана қинайтын мәселе бар. Ол – ауыз су. Біз оны көрші ауылдардан тасып отырмыз. Былтыр қолмен құдық қазып көрген едік. Бірақ бұл жер сортаң болғандықтан, тұщы су 25-30 метрден кейін ғана шығады. Осы мәселе реттелсе екен деген тілегіміз бар. Алдағы уақытта мал бордақылайтын алаң салуды жоспарлап отырмыз» деді.

Мал шаруашылығының қыр-сырына әбден қанықкан қожалық басшысы келешекте кәсібін одан әрі кеңейтіп, мал басын бірнеше есеге арттыруды көздеп отыр. Мал – баққанға бітеді. Қыс қыстау, жаз жайлау жағалап, төрт түлігін түгендеген шаруа қыстан қысылмай шығатындығына сенімді.

СӨЗ СОҢЫ:

Қай саланы алып қарасақ та, қарқынды еңбек пен қарымды табысты көруге болады. Демек, биылғы жыл диқандар үшін жақсы басталды. Жыл бойы ауа райы да адамды алаңдататындай болған жоқ. Оның үстіне дақылдарға демеуқаржы төлеудің жолдары да жеңілдеді. Осы көмектің нәтижесін бүгінде жерлестеріміз көріп жатыр. Біз барған елді мекендегі тұрғындардың аузынан осындай жағымды жақалықтарды естігенде, ертеңгі күнге деген сенімің арта түседі. Бұл – жұрттың игілігі үшін жасалған жақсы істердің жетістігі.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



қаржы бөлінді. «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (МҰТП) мемлекеттік мекемесі Қазақстан үкіметінің қаулысына сәйкес құрылды. Ұлттық парктің жалпы алаңы –161045 га. Комитет бұйрығымен Жамбыл Мықитанов парк директоры етіп тағайындалып, 2007-2010 жылдар аралығында мекемені басқарды. Ұлттық парк ұжымын 2010 жылы – Қуат Байтұрбаев, 2011 жылдан бері – Әміржан Малыбеков басқарып келеді.

Өткен 10 жыл ішінде бұл саябақ кезең-кезеңмен дамып, бүгінде республика көлемінде ғана емес, алыс-жақын шетел азаматтарына да танымал. Қазір ұлттық паркте аумақтың табиғатын зерттеу, байлықтарын үнемдеу, қорғау және сақтау бағытында үш бөлім – ғылым және мониторинг, табиғат кешендерін қорғау қалпына келтіру, экологиялық ағарту және туризм бөлімі жұмыс істейді. Ұлттық парк жүйелі түрде «Табиғат жылнамасын» жүргізеді. Ол – қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар ұлттық парк аумағының мониторингі шеңберінде жүргізіледі.

Ұлттық парк ботаника, зоология институттары сияқты ғылыми мекемелердің білікті мамандарымен бірлесіп, зерттеу жұмыстарын жүргізу жайлы өзара келісімшартқа отырып, жоспар бойынша қомақты істерді жүзеге асыруда. Биік таулы аймақтарда мекен ететін, сирек кездесетін аң төресі – барыстың 2014 жылы «Көлсай көлдері» ұлттық паркінен табылғандығы мұндағы қызметкерлердің зор мақтанышы. Бұл аң әлемнің сануалы ғана елдерінде бар. Атап айтсақ, Қырғыстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Моңғолия, Ресейдің мұз құрсанған таулы аймақтарында кездеседі.

Ең бастысы, ғылым, ғылымсыз табиғат қорғау ісі толыққанды болмайтынын ескере отырып, биоалуандықты зерттеу үшін ғылым бөлімі жұмыс жасауда. Саябақ аумағындағы өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеудегі зор еңбектің жемісі ретінде үш кітап жарық көрді.

Орманды өрттен қорғау жайында да сөз қозғай кетейік. Өрт орманға орасан зиян келтіріп, орман қорының жойылуына әкеп соғады. Бұл – болуы мүмкін апаттардың ішіндегі ең қауіптісі. Жыл сайын мекемеде ауыл шаруашылығы министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті тарапынан келетін бұйрыққа сәйкес, ақпан, наурыз айлары «өрт қауіпсіздігі маусымына дайындық айлығы» болып жарияланады. Айлықтың мақсаты – ұлттық саябақтардағы өрт қауіпсіздігін күшейту және өрттің алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізу, өртке қарсы күш пен құрал жабдықтарды жұмылдыру, мемлекеттік инспекторларға өрт қауіпсіздігіне байланысты оқу жұмыстарын жүргізу болып табылады. Біздің табиғатымыз көрікті де, сұлу. Осындай тамаша табиғатты тілсіз жаудан қорғау – әр азаматтың борышы.

МҰТП аумағында табиғатты қорғау заңнамаларын бұзу деректерінің алдын алу, анықтау мақсатында мекеме Райымбек аудандық Ішкі істер бөлімімен, «Саты» шекара заставасымен бірлесіп, жұмыс жүргізеді.

Экологиялық ағарту мен экологиялық туризмді дамыту мақсатында биылғы жылы №4 «Күрметі ауылы – ортаңғы Көлсай көлі», №5 «Күрметі ауылы – Қыземшек тауы» бағыттары қосылыпты. Жылдан-жылға арнайы есепшот өсіп келеді. Бұл да еселі еңбектің көрінісі. Былтырғы жылы Көлсайдың инфрақұрылымын дамыту мақсатында 49 жылға J.S Travel ЖШС-ға жалға берілген екен. Осы тұста «Көлсай көлдері» ұлттық паркіндегі туризм саласы қарыштап дамып келе жатқанын айта кету керек. Бар-жоғы он жылдық тарихы бар, жас мекеме үшін жоғарыда айтылған жетістіктері – ауыз толтырып айтарлықтай дәреже. Болашағы зор мекеме әлі де биік асуларды бағындырары сөзсіз.

Көзін тауып ұйымдастыра білсе, көз жауын алар ғажап табиғаты сан алуан кейіптегі орман-тоғайлары мен тау-тастары, өзен-көлдері қонақтарды ғажайып әсерге бөлеп, бос уақыттарын демалыспен, мәдени сауықтырумен өткізетін нағыз өркениетті орын болары анық. Табиғатты туған анандай түсініп, оған туған бабаңдай табыну, табиғатты туған ұлыңдай қорғауың қажет. Осы үш ұғымды бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес.

Осы орайда демалушыларға табиғаттың ластануы адам денсаулығына, өсімдіктердің өсуіне, жануарлардың тіршілік етуіне зиянын тигізетінін айта отырып, атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, қаймағын бұзбастан, сол табиғи күйінде келер ұрпаққа жеткізейік демекпін.

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ МОЛ

Алматы облысы – туризмнің қайнар көзі. Табиғаттың тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Талайдың таңдайын қақтырған Көлсай, Қайыңды көл, Шарын шатқалы кімді болса да «менмұндалап» шақыратыны анық.

Ел экономикасына өлшеусіз үлес қосып отырған осы аймақтар, келешекте басты табыс көзіне айналады. Бүгінгі күннің өзінде шетелдерден келетін туристердің саны артып, әлемге таныла бастады. Оның сыртында Алакөл, Балқаш көліне демалушылар саны жыл сайын еселеніп, олардың жағасындағы демалыс орындары заман талабына сай бой көтеріп, ауқымы ұлғайуда. Туризмнің дамуына қарқынды қадам жасап отырған аймаққа мемлекет тарапынан да қолдау көрсетіліп, бар жағдайды жасап жатыр.

Мәселен, биылғы жылы Алакөлге еш қиындықсыз демалып кету үшін әуежай салынды. Арнайы рейс ашылып, демалушыларға қолайлы мүмкіндік жасалды. Алматыдан теміржол қатынасы да ретке келтіріліп, туристік бағыттар ұйымдастырылды. Оның сыртында Қапшағай, Балқаш көліне келушілердің де саны артып отыр. Тек жазғы демалысты ғана көздеп қоймай тарихи орындарға да бағыт әзірленіп, бүгінде өз жемісін беруде. Сонымен қатар облыстық туризм басқармасының ұйымдастыруымен және жекелеген туристік клуб, агенттіктердің қолдауымен түрлі туристік басқосулар өтуде. Ішкі туризмді дамыту үшін көптеген спорт жарыстары ұйымдастырылып, жеңіске жеткен командалар марапатқа ие болды. Оның сыртында халықаралық туристік жиынға елімізден командасы қатысты. Осындай толайым табыстың бірі біздің өңірімізде болды.

Айталық, Халықаралық туризм күніне орай, Көксу өзенінің бойында әртүрлі спорт жарыстарына арналған облыстық слет өтті. Үш күнге созылған бәсекеге өңір бойынша 33 команда қатысып, бағын сынасты. Облыстық слет әр ауданда кезек-кезегімен жыл сайын ұйымдастырылады. Көксу ауданында үшінші рет өткізілуде. Ауданның табиғи жағдайы, тауы мен тасы, өзені мен суы осындай додаға таптырмас орын. Жиынның салтанатты ашылуында облыстық спорттық туризм, туристік көпсайыс және экскурсия федерациясының президенті әрі бас төрешісі Александр Бобрусов барлығына сәттілік тілей келе, жарыстың шартымен таныстырды. Қатысушылар жас деңгейіне қарай топтастырылып, команда бойынша сайысқа түсті. Алғашқы күні жас балаларға арналып экскурсия жасалды. Командалар тау, жер, су туризмі бағытында әртүрлі додалар бойынша өнер көрсетті. Бәсекеге соңғы жылдары Алматы қаласындағы Қазақ туризм және спорт академиясының білімгерлері де қатысып келеді. Осындай оқиғалар өзге өңірлердің де қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

– Мұндай шаралар салауатты өмір салтын сақтауға шақырады. Еліміз дені сау ұрпақтың арқасында дамиды. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы спортқа бір табан жақын болуы керек. Біздің облысымыз тамаша табиғатымен ерекшеленеді. Сол арқылы туризм саласын дамытып, алыс-жақын жерлерден қатысушылар санын арттыруға тиіспіз. Ол үшін осындай шаралар көптеп өтуі керек, – деді облыстық туризм және ақпараттық қызмет көрсету орталығының директоры Нұрлан Байғабылов.

Сайыстың қорытындысы бойынша, ересектер арасында алматылық «КазАСТ-2» командасы бірінші орынды, «КазАСТ-1» командасы екінші орынды жеңіп алды. Ал үшінші орын Текелі қаласынан келген «Ирбис–Текелі-5» командасына бұйырды. Жасөспірімдер арасындағы бәсекеден талдықорғандық «Историки-1» командасы бірінші орынды иеленді. Текелі қаласының «Ирбис–Текелі-7» командасы екінші орыннан көрінсе, Іле ауданынан келген «Альпийская роза-1» командасы үшінші орынды қанағат тұтты. Ал балалар арасындағы сайыста Көксу ауданының «Тритон-3» командасы топ жарды. Іле ауданының «Альпийская роза-2» командасы екінші, текелілік «Ирбис–Текелі-15» командасы үшінші орыннан көрінді.

2015 жылдан бері халықаралық жарысқа қатысып келе жатқан Алматы облысының командасы жуырда тағы бір үлкен доданың куәсі болып қайтты. Нұрлан Сәкенов жетекшілік жасайтын Ақсу ауданы Алажиде стансасының «Барыс» командасы Сочи қаласында өткен халықаралық туристік-спорт бәсекесіне қатысып қайтты. Сочи қаласының әкімдігі, дене шынықтыру және спорт департаменті, туристік-спорт федерациясы бірлесіп ұйымдастырған шараның негізгі мақсаты – халықаралық туризмді дамыту, тәжірибе алмасып, шеберлікті шыңдау тұрғысында болды. Сочи қаласының туристік-спорт федерациясы, басқарма төрағасы, бас төреші В. Гоголадзенің жетекшілігімен өткен бәсекеге Ресейдің бірнеше командасымен қоса, алыс-жақын шетелдің туристік топтары және Қазақстан Алматы облысының командасы қатысып, толайым табысқа қол жеткізді. Онда аралас спорт бәсекесі ұйымдастырылды. Жетісудың намысын қорғау үшін барған «Барыс» командасы бірінші кезеңде 15 шақырымды жаяу жүріп өту және аймақты бағдарлау бойынша сынға түсті. Мұнан кейін команданың шығармашылық қабілетін тексерді. Бұл жерде жарысқа қатысушылар сахналық қойылым, суретке түсіру, сурет салу және дене күші дайындығын байқатты. Екі сыннан да біздің команда жақсы қырынан байқатып, ұйымдастырушылардың көңілінен шықты. Соңғы екі кезеңде қатысушылар өлке тану және жалпы туризм бойынша тест тапсырды. Бұл ретте де жерлестеріміз намысты қолдан бермеді. Өздерінің шеберліктерін байқатып, сондай-ақ Жетісу жерінің туризмге байланысты тамаша аймақтарын жақсы насихаттай білді. Екшелеп келгенде Ақсу ауданының «Барыс» командасы ұйымдастырушылардың көңілінен шығып, Ресей Федерациясының Ғылым және білім министрлігінің арнайы сыйлығы мен грамотасына қол жеткізді.

Шет мемлекетке шығып, дүбірлі додаға қатысқан ақсулық команда өздерінің жетістіктеріне дән риза болды. Оның сыртында Краснодар аймағын, Қара теңізді өз көздерімен көріп, үлкен әсермен оралды. Ауылдастарының мұндай жетістігіне қуанған қатарластарының қызығушылығы оянып, туристік команданың сапын толықтырды. Толайым табыспен оралған «Барыс» командасы келер жылы дәл осы бәсекеде үздіктер қатарынан көрініп, жүлдені қанжығамызға байлаймыз деген сеніммен отыр.

ҚАНАТПЕН КЕЗДЕСУ

Қазақстан жұртының мақтанышына айналған былғары қолғап шебері, кәсіпкой бокстан Кариб аймағының үздігі, әлем чемпионы, «WBA FEDELATIN», «WBO INTER CONTINENTAL» тұжырымдарының жеңімпазы, алты Алаштың атағын алты құрлыққа әйгілі еткен Қанат Ислам айдынды Алакөл ауданына арнайы ат басын бұрды.

Мұқым елдің айбарын асырған сом білекті, күрзі жұдырықты Қанатты барша алакөлдіктер құрметпен қарсы алды. Аудандағы балалар мен жасөспірімдер спорт сарайының ғимаратына бас сұққан чемпионды тосын сый күтіп тұрған еді.

Кездесудің ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Әлібек Жақанбаев: «Қазақстанның атағына атақ үстеп, даңқы мен парқын еселер бірден-бір сала – спорт. Осы жолда өзінің қайталанбас ізін қалыптастырған, тәуелсіз мемлекетіміздің мерей-мәртебесін тұғырлы еткен Қанат Исламның алатын орны ерек. Көк байрағымызды көкке желбіретіп, Әнұранымызды асқақтата бер» дей келе боксшыға «Алакөл ауданының Құрметті азаматы» атағын табыстап, төсбелгісін кеудесіне тақты.

«Шаршы алаңға шыққанда алдымен өзімнің емес, жанкүйер болып отырған елімнің намысын ойлаймын. Себебі, мен үшін Алаштың абыройынан ардақты, халықтың ықыласынан қадірлі ештеңе жоқ. Тек сіздердің қолдауларыңыздың, қолпаштауларыңыздың арқасында ғана Қанат «Қанат» атанды. Жетістіктер де, жеңістер де менікі емес, Қазақстандікі», – деп ағынан жарылған батырымыз алқалы қауымға арқалы топта алғысын білдірді.

«Елімнің көк туын желбіретуден артық бақыт жоқ» деп, ұлт мүддесіне қызмет етуді, халық үшін жұмыс істеуді, елімен бірге марқайып жүруді өмірлік ұстанымына айналдырған Қанатпен жүздесуге қала мектептерінің оқушылары, салауатты өмір салтын ұстанып, спортты жанына серік еткен оңалдар жиналды. Бәрі қос жанарын, бар көңілін ол кіріп келетін есікке аударып, тағатсыздана күтті. Межелі уақыт жеткенде аудан әкімі Ә.Жақанбаевтың зор ықыласымен қазақтың батыры төбе көрсетті. Көпшілік Құрманғазының кең даланы, еркіндікті, азаттықты бейнелейтін «Сарыарқа» күйінің аясында құрметті меймандарды ду қол шапалақпен, делебені қоздырған айғаймен қарсы алды. Екіге жарыла сап түзеген жас спортшылар Қанат ағасының қолын ұстап қалу ойларын жүзеге асырып, қошеметпен төрге шығарды.

Салтанатты жиын Әнұранмен шымылдығын айқара ашты. Өңір басшысы Әлібек Жақанбаев Қанат Исламның қазағымызды, қасиетті мекеніміз Қазақстанымызды әлемге танытып жүрген ерен еңбегін жоғары бағалап, «EXPO – 2017» халықаралық көрме аясында өткен жекпе-жегінің ел мерейін асырғандығын айтып, алда әлі де көк туымызды желбіретіп, әнұранымызды асқақтата беретініне сенім білдірді. Спорт шеберлігіне үміткер, республикалық турнирлердің жеңімпазы, Үшарал №1 орта мектебінің шәкірті Ернұр Айдынов өзінің және өңіріміздегі спортпен айналысып жүрген өрендердің атынан қазақтың мақтанышы Қанат Исламның жолын жалғастыратындықтарын айтып, «Алға, Қанат!, Алға қазақ! Алға, қазақ жастары» деп ұрандап, өзінің былғары қолғабына қолтаңбасын қойып беруін сұрады. Сөз алған Қанат Ислам жерлестерінің шынайы пейіліне ризашылығын білдіріп, әрдайым халқының артқан сенімінен шығатындығына уәде берді. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Байбазаров ақ батасын берді.

Бұдан кейін «QAZAQ» деген лақап атпен танымал,WBA Fede Caribe тұжырымының чемпионы бокспен айналысатын жүрген спортшылармен бокс залында арнайы кездесіп, өмірлік ұстаным, мақсат, намыс аясында ақыл-кеңесін беріп, естелік суретке түсті.

Жылы жүздесу ел болашағы жастармен жалғасын тапты. Ол бала Қанаттың азамат, ер Қанат болғанға дейінгі аралықтағы жүріп өткен жолы жайлы сырын ақтарды. Жеткіншектер өздеріне «пір тұтқан» қазақтың батыры жайлы біліп қалуға тырысып, жан-жақтан сұрақтар қойды. Балаларға мейіріммен қарап, әр жауаптың соңын ұл-қыздарды елжандылыққа, намысты болуға, ел мүддесі үшін қызмет етуге үндейтін сөздермен айшықтады. Тәуелсіздікті тұғырында мәңгілік, бекем сақтау қажеттігін, қазақтың осы бір баға жетпес құндылық арқылы тарих сахнасында ұлт ретінде жарқырайтындығын жеткізді. Мінезінен қазақы кеңдік, болмысынан қазақы қайсарлық аңқып тұрған Қанат: «Марқұм бапкерім спортқа келген екі ақылды баланың жоқ дегенде біреуін чемпион жасауға болады. Ал адам ету қиынырақ дейтін еді. Сендер де бірінші кезекте чемпион емес, адам болуды мақсат тұтыңдар. Қайсарлық керек десеңдер, батырлар жырын оқыңдар. Көпшілік алдында екі сөздің басын қосып сөйлей алмай тұру деген ұят нәрсе, сондықтан көп оқыңдар. Спортта жүрген балалар оқуды да қатар, теңдей алып жүріңдер» деп жас өрендерге адам болып жүру, азамат, ер ретінде қалу қажеттігін қадап айтты.

«Өз елі, өз ерлерін ескермесе, ел-тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп құлагер ақын Ілияс Жансүгіров жырлағандай, елі еріне құрмет көрсетті. Осы кездесу әсерінің әр баланың санасына нұр құйғаны хақ. Олар да қазақтың Қанатындай болуды армандап, алдарына бір-бір мақсат қойып, жүрегі қуанышқа толып, көрген-білгендерін сыныптастарына, отбасындағы жақындарына айту үшін асыға басып барады.

ЖҮЗУ БАССЕЙНІ БОЙ КӨТЕРМЕК

Талдықорғанда жақын арада жабық жүзу бассейні салына бастайды. Ол «Жастар» саябағына жалғаса, жаңа оңтүстік-батыс тұрғын аймағында орналаспақ. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталов айтты.

Жаңа жүзу бассейнінің құрылысы келесі жылдың басында басталады. Нысан екі жылдан кейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. Олимпиадалық стандарттарға сәйкес салынатын бассейн алаңы 27 мың шаршы метрді құрайды. Тағы бір ерекшелігі – сәулет кейпі балыққа ұқсаған.

– Біз қашанда спортқа ерекше мән беруге тырысамыз, өйткені спорт – ұлттың саулығы. Бұл туралы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үнемі айтып жүреді. Сондықтан елімізде теңдесі жоқ бассейн салуды қолға алмақпыз. Бұл уақыт өте келе Талдықорғанды су спорты түрлерінің орталығына айналдыруға мүмкіндік береді деп ойлаймын, – деді Амандық Баталов.


Сонымен қатар өңір басшысы жаңа бассейнде әлемдік деңгейдегі жарыстар өткізуге болатынын айтты. Себебі жаңа ғимарат 4 бассейнді қамтиды. Екеуінің ұзындығы 50 метрден, ені 25 метрден, тағы екеуі олимпиадалық ойындарға арналған: біреуі жаттығуға, екіншісі жарысқа лайықталған.

– Мұнда су спорты түрлерінен әлем чемпионатын өткізуге болады. Ал жарыстан тыс уақытта қала тұрғындары осы ғимаратта жүзумен айналысуға мүмкіндік алады. 50 метрге жүзуді әркім де қалайтын шығар. Мұнда ең үздік жаттықтырушылар жұмыс істеп, болашақ чемпиондардың шығуына қажетті барлық жағдайлар жасалады. Мұның бәрі – халықтың игілігі үшін, – деді облыс әкімі А. Баталов сөзін қорытындылап.

«Плюс Акцент» ЖШС сәулетшісі Есім Мамановтың айтуынша, бассейн құрылысын жобалау кезінде оның көп салалығына, жайлылығына және эстетикалық кейпіне ерекше мән берілген.

– Ғимарат жер деңгейінен төмен, ал трибуна деңгейі 3 метрге жоғары салынады. Амфитеатр формасында болмақ. Бұл көрермендерге спортшылардың әрбір қимылын жіті бақылауына мүмкіндік беру үшін жасалып отыр. Тағы 5, 7, 10 метрлік трамплин жоспарланған. Сонымен қатар бассейнді синхронды жүзу үшін пайдалануға болады. Бассейнді қаланың көрнекті орындарының біріне айналдыру – алдымызға қойылған мақсаттың бірі. Сондықтан оның сыртқы келбетіне ерекше талғаммен қарадық. Ең соңында балық кейпіне ұқсайтын формаға келіп тоқталдық, – деді Есім Маманов.


Жабық бассейн жертөлесі бар үш қабатты ғимарат болмақ. Әмбебап бассейн жүзу, аквааэробика, судағы шөген, суға секіру бойынша оқу-жаттығу өткізуге, тұрғындар үшін сауықтыруға арналған жүзуге, балаларды жүзуге үйретуге, сол сияқты көрермендердің қатысуымен өтетін жарыстарға арналған. Көрермендер трибунасына 2 мың адам сияды. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да жүзумен айналысуына жағдай жасалады.



ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыдағы жазбалардан-ақ өңіріміздің туризмді өркендетуге қолайлы аймақ екенін бірден ағаруға болады. Десе де, осы саланы дамытудың оңтайлы бағыты айқындалғанымен, әлі де қолдау мен көмекті қажет етеді. Сондықтан ел болып үйысып, жұрт болып жұмылып, туризм саласын дамыту арқылы өлкеміздің мерейін асыратын жақсы істерге жаршы болғанымыз жөн. Ал спорт саласына ойысатын болсақ, жоғарыда айтып өткендей, үлкен жетістіктеріміз бар. Әсіресе, кейінгі жылдары спорт пен туризмнің өзара сәйкесе отырып, жарқын даму даңғылына түскенін байқауға болады. Бұл да бүгінгі күннің жетістігі. Тек осы табысымызды тауысып алмай, ары қарай дамыту беру үшін табандылықпен еңбек етуіміз керек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



6 ЖҚ ТУҒАН ЖЕР

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

КИЕ ҚОНҒАН ҚҰТ МЕКЕН

Бәріңізге мәлім, Астана қаласында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобының республикалық форумы өтті. Осыған орай, Алматы облысында Жетісудың киелі жерлерінің географиясы арнайы жобасын жүзеге асыру жөніндегі облыстық сараптамалық кеңес құрамы бекітіліп, Жетісу өлкесінің 156 киелі жері тізімге еніп, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталық тарапынан картаның жобасы жасалды. Онда әр аудандағы киелі жер, ескерткіштер бойынша бағыт көрсетіліп, тізім дайындалды. Соның ішінде 10 нысан республикалық 100 киелі жер жобасына таңдалып, өлкенің мерейін асырды. Тіпті облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен бағыттар бойынша карта-схемамен экспедиция ұйымдастырылып, өңірді аралап, киелі жерлерінің географиясы бойынша кең көлемде жұмыс жүргізілуде. Сол қатарда облыстық мәдени мұраларды қорғау орталығының ұйымдастыруымен жергілікті өлкетанушылар, тарихшылар, облыстық комиссия мүшелерінен құралған топ Жамбыл, Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында болып, бірқатар киелі жерді анықтап қайтты.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Экспедиция ең әуелі ел арасына шығып, киелі жерлерді анықтап, аңыздарды жинауды мақсат етті. Сол игі шара абыз Жамбыл атамыздың атындағы өңірден басталды. Олар алдымен Алматы қаласынан 100 шақырым шалғайда орналасқан Жамбыл ауданының Бесмойнақ ауылына қарасты бүгінгі жұрт «Арасан – Қорасан» атап кеткен киелі жерге ат басын бұрды. «Бірақ бұл жердің тарихи атауы бұл емес», – дейді жергілікті өлкетанушылар, Әліби Жангелдин атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімдері Жанұзақ Нұқанов пен Халида Ысқақова.

Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқияннан өзіме шейін» кітабында «Киелі арасан» делінсе,



Қазақ-Совет энциклопедиясында «Жаманты минералды бұлақтары» деп жазылған. Осылай атау жөн сияқты. Өйткені, арасанның іргесінде Жаманты өзені ағып жатыр. Жаманты туралы тарихи кітаптардан көп оқығанмын. Оның үстіне: «Осы өңірді мекендейтін шапырашты, дулат руларында Арасан, Қорасан деген ата болмаған», – дейді ауылдың шежіреші қариялары. Демек, бұл жерді жергілікті, тіпті республикалық киелі жерлер тізіміне қосуға әбден болады. Расында, арасанды киелі жер десе дегендей. Бұл маңның табиғатының көркемдігін айтпағанның өзінде тауды тесіп ағып шыққан үш бұлақтың суы өзенге қосылмай, жерге сіңіп кетіп жатыр. Әр бұлақтың өзінің емдік қасиеті бар. Бірі асқазан ауруына, енді бірі бүйрек қызметін жақсартуға, енді бірі басқа ауруларға шипа болады. Әр бұлақтың суының суық-жылылығы, дәмі әр түрлі.

Арасанның жанындағы тау көшкінінен пайда болған үңгірдің өзі талай құпияны бауырына басып жатқандай. Жерден 70 метр биікке дейін созылған үңгір шапқыншылық жылдары талай отбасын жаудың қанды қылышынан аман алып қалса, қаншама балғын махаббатты үкілегенін санап бере алмаймыз. Ең бастысы, бұл үңгірге біз сияқты қаланың ақ алақандары емес, жүрегі мықты жігіттер ғана шыға алады екен. Біздің батылымыз жартысына дейін баруға жетті. Арасаннан 500 метр жердегі тас қора мен жартастардағы белгілері тас, қола дәуіріндегі адамдар тіршілігінен сыр шертіп тұр. Қысқасы, беті ашылмаған тұнып тұрған тарихи белгілер. Енді осы жерлерді адамзаттың ортақ игілігіне жарату біздің мойнымызға жүктелген сияқты.


Жамбыл бабамыздан бастап бүкіл қазақ айтыскерлерінің ұлы ұстазы болған Сүйінбай Аронұлы бабамыздың мәңгілік мекен еткен жеріне барып қайту кім-кімнің де арманы. Бүгінде бабамыздың кесенесі қайта жаңартылыпты. Заманауи құрылыс өнерімен әшекейленген кесене кірген жанға рухани жылылық береді. Ал кесененің маңындағы көне бейіттік толық қоршалып, абаттандырылыпты. Қысқасы, бұл нысанда – адам аяғы үзілмейтін киелі жердің бірі. Тағы бір айта кетерлігі, Сүйінбай бабаның кесенесіне тәу етіп келгендер сол ауылдағы Сүйінбай Аронұлы атындағы өлкетану музейіне соқпай кетпейді. Онда ақын бабамыздың өмірі мен өнерінен, осы өлкенің тарихынан сыр шертетін жәдігерлер жинақталған. Келесі тоқтаған нысанымыз Түктібай әулиенің зираты болды. Біраз аумақты алып жатқан зираттың төбесін осыдан бірнеше жыл бұрын өңірден шыққан елжанды кәсіпкерлер шынайдан күн формалы етіп жауып, айналасын қобыздың шанағы сияқты цемент қадалармен бекіткен екен. Осыған дейін Түктібай әулие қобызын ат бәйгесіне қосып, бас бәйгені жеңіп алғаны туралы аңызды көп естісек те киелі қобызды көрмеген едік. 300 жыл сақталып, бүгінге аман-есен жеткен қасиетті қобызды біз де ұстап көрдік. Әулиенің мазарына барғанда күн кешкіріп кетіп еді. Сонда да бұл жерге ағылған адамдардың қатары көп екенін көрдік. Әулиенің шөбересі Нұрым Алжанов жыл бойы емге шипа сұрап жататындардың көптігін әңгімелеп берді. Оның аузынан әулиеге қатысты елге жетпеген біраз аңызды жазып алдық.



Қаскелең қаласындағы Қарасай аудандық өлкетану музейіне де жолымыз түсті. Музей үйін 1899 жылы қазақ-орыстар діни мектеп үшін салғызған екен. Мұнда 1938 жылы қыркүйекте қазақ орта мектебі ашылып, 1945 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойына орай мектепке ақын аты беріледі. Сол мектепті 1958 жылы бітірген 42 түлектің бірі – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Музейде ғасырлар қойнауына кеткен аудан тарихына байланысты, мемлекет басшысының жасөспірім кезінен, газетте жұмыс істеген. Тілші бола жүріп, өлкенің тау-тасын аралап, талай тарихи оқиғаны қағазға түсірген екен. Талғар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі облыстық сараптамалық комиссияның назарына ұсынған Солдат сайы мен Монақ үңгірінен басқа да киелі Талғар қаласын қоршап жатқан Алатаудың басында Бескөл сияқты суы шипалы, шөбі ем, тасы байлыққа батқан, табиғаты тамаша жерлердің бар екендігін айтып, сол туралы ел арасында бүгінге дейін айтылып келе жатқан тағылымды әңгімелерді айтып берді. Келесі бір орайы келгенде, бұл жерлерді анықтап, дұрыс-бұрысын ажыратып, ел игілігіне жаратудың жобасын қарастырған жөн деп түйдік.



Алтын адамның мекені саналатын Еңбекшіқазақ ауданын қазақтың ерте дәуір тарихының кішігірім картасы деуге болады. Өйткені, мұнда ел қызығатын тарихи орындар мен жұрт ағылып жататын киелі жер жетеді. Сол жерлерден табылған жәдігерлер Есік археологиялық музейінде сақтаулы тұр. Әрине, Есікке келген қонақтар алдымен осы музейді аралап, ел мен жердің тарихынан хабардар болғаны жөн. Музейді аралап шыққан соң, Есік қаласының желкесіндегі Жасыл көлді көріп қайтсақ деген ниетімізді құп көрген Еңбекшіқазақ аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Нұргүл қарындасымыз бұл көлдің жылдың төрт маусымында төрт түрлі түске өзгеретінін әңгімелеп берді. Ол жайлы елге жетпеген аңыз да бар. Сондықтан олар бұл көлді киелі жерлер тізіміне енгізуді жөн көріпті.



Ал Түрген шатқалындағы қасиетті бұлақ туралы көп естісек те, осы жолы көруге мүмкіндік болды. Тау қойнауынан сылдырап ағып шыққан бұлақтың маңына жергілікті халық түрлі аң-құстың мүсінін орнатып, тал егіп, ырымдап шүберек байлайды. Оның жанында келушілерге тас дәуіріндегі адамдардың тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін Алтын адамның алып мүсіні мен тастан қаланған жер және киіз үйлер, оның жанынан жасалған сахна елді қызықтырып, ауқымды шара өткізуге қолайлы-ақ.

Айтпақшы, бұл ауданда қасиетті бабалардың ескерткіштері мен кесенесі көп. Ал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі соның ішіндегі Қараша хан және Дәулетбай батырға арнап тұрғызылған кесенелер мен ұста Дәркембай Шоқпарұлы атындағы музейді енгізіп отыр. Музейдің алғашқы және екінші көрме залы шебердің шынашақтай шағынан бастап, ағаштан ою ойып, темірден түйін түйген кезіне дейінгі өмір тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен жасанған. Ұста-зергердің фотосуреттері, отбасы, ұстаған бұйымдары, өлең-жырлары, алғаш қолынан шыққан туындылары сақталған. Одан әрі «Жігітке жеті өнерде аз» деп аталатын бөлімде Дәркембай Шоқпарұлының түрлі көрмелерде алған марапаты мен медальдары, шебер жайында жазылған мақала мен зерттеу материалдары, сондай-ақ қазақ халқының артындағы көзі – Дәулетке де ыстық. Бұл – ұзын мойынды, шағын әрі сопақ шанақты оюланған домбыра. Оның шанағындағы «Дәулет Дәркембайұлы 1979 жыл» және «Ұста Дәркембай Шоқпарұлы шапырашты» (арабша) деген жазулар бар. Қозықұйрық домбыра деп аталатын аспап өзінің сыртқы сүйкімділігімен де баурайды екен. Бұл бала шағынан өзі өнерге баулыған баласы Дәулетке арнап жасалған домбыра екен. Өзге ұлттың музыкалық аспаптары да осы жерден орын тепкен. Осы орайда Алматыдағы Ықылас атындағы халық музыка аспаптары мұражайындағы жәдігерлердің біраз бөлігі шебердің қолынан шыққанын айта кетken жөн. Тіпті олардың біразы бүгінде қолданыста жоқ, бірақ ғылыми-зерттеуге сүйене жасалған туындылар екен. Сондай-ақ ҚазПУ-да орналасқан «Ақтұмар» мұражайының да көп жәдігерлері шебердің бұйымдарынан жинақталған.

Бұдан кейінгі залда саят пен серуенді ұнататын қазақ үшін қажетті қару-жарақ, түрлі ат әбзелдері, сондай-ақ ұстаның құрал-саймандары орналасқан. Бұл жерден қақпанның да сан түрін кезіктіруге болады. Қақпанмен қатар күрзі тасты, ағаш пен темір шәңгектерді, қазықты да байқай аласыз. Құсбегі мен оның қыранына қажетті заттарды – «Саятшының саймандары» деген жерде тұғыр, балақбау, саптыаяқ, томаға, балдақтан көресіз. Олармен таныса жүріп, түрлі этноатауларға да қанық боласыз.

Мұражайға кіргеннен біздің назарымызды ерекше аударған бір жәдігер болды. Ол – ағаштан ойылған Қарасай батырдың мүсіні. Бұла күші бойында бұлқынып, айбатты жүзімен тесіле қарап, садақ тартып тұрған батыр бейнесі өте сәтті шыққан. Өнер иесі ұлының айтуынша, шеберлер мейлінше табиғаттың өзі ойған, ұқсатып жаратқан заттарды өзінің объектісіне айналдырады. Мәселен, мына ағаштан батырдың бейнесін көру, кейін оны жонып шығу кез келгеннің қолынан келмесі анық.

Тағы бір залда шебер жасаған үй жиһаздары аса бір үйлесіммен орналасқан. Қошқар басты орындық, асадал, түрлі ағаш төсектер де осы жерде. Бұдан бөлек, мұражайдың қос бірдей қор бөлмесі бар. Мұнда сандықтың түр-түрі, самаурынның небір ғажайыптары да әзірге осы жақты мекендепті. Жалпы алғанда, Дәркембай Шоқпарұлы атындағы мұражай жәдігерлерінің біразы тарихи, мәдени туындылар, бір бөлігі шебердің өз қолынан шыққан дүниелер болса, енді бірқатары оның шәкірттері жасаған, кейін ұстазына сыйға тартқан бұйымдар. Шәкірттері демекші, шебер елін тек өз өнерімен ғана емес, шәкірт тәрбиелей білуімен де тәнті еткен. Бүгінде есімдері ел аузына ілігіп, біраз танылған шеберлер Дәркембайдың алдын көріп, тәлімін алғандар. Дәулетбай батыр мен Қараша ханға қойылған кесене жайлы да экспедиция мүшелері екінің бірінің қолына түсе бермейтін тарихи шындық пен аңыз-әңгімені жазып қайтты.





Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ӘЛЕУЕТІ ӨСІП КЕЛЕДІ

маусымына дайындық ойдағыдай. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Әсет Қанағатов алдағы қысқа дайындықтың қалай жүргізіліп жатқандығы жөнінде айтып берді. Оның сөзіне сенсек, Жетісу өңірі жұртшылығының қыстан қысылмай шығуы үшін атқарылуға тиіс бар шаруа дер кезінде қолға алынып, талапқа сай орындалыпты. Алдағы жылыту маусымына 6 млрд теңге қаражат бөлінген. Соның ішінде бюджеттік мекемелерге қажет жабдық алу мен жылу жүйелерінің күрделі жөнделуіне 410 млн теңге, отын сатып алуға 5,6 млрд теңге қарастырылыпты. Ал кәсіпорындардың жеке қаражаты 2,03 млрд теңгені құрайды. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бес жобаны іске асыру үшін 3,7 млрд теңге бөлінген.

Сонымен бірге қатты отынды қазандықтар мен жылу жүйелерінің ағымдағы және күрделі жөнделуі, жуылуы, тексерілуі, су құбыры жүйесінің тазалануы да жан-жақты сөз болды. Бүгінде жылу жүйелері 95 пайыз, электр желілері 92 пайыз, су құбыры – кәріз жүйелері 98 пайызға дайын. Бюджеттік сала нысандарының әзірлігі де 100 пайыз. Ірі қалалар мен аудандардағы әлеуметтік сала нысандарын қажетті отын қорымен қамтамасыз ету мәселесі де ерекше бақылауда. Бір сөзбен айтқанда, жылу беруге қатысты жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіліп, басым бөлігі аяқталған. Сондықтан, өңірде алдағы қысқа әзірлік жаман емес.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ ЖҰРТТЫҢ ЖҮГІН ЖЕҢІЛДЕТТІ

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» бойынша Талдықорған қаласында жеңілдетілген пайыз арқылы мемлекеттен 974,2 млн теңге бөлу жоспарланған. Жыл басынан бері аталған бағдарлама аясында 209 азамат несие алуға ниет білдірсе, оның ішіндегі 158 адамға жолдама беріліп, 34 адамның өтініші қанағаттандырылды.

Оның ішінде «Талдықорған агро» бойынша 15 азаматқа 119,1 млн теңгенің, «Ауыл шаруашылығын қаржыландыру қоры» бойынша 17 азаматқа 53,6 млн теңге, «Даму» қоры арқылы 2 азаматқа 36 млн теңге барлығы 208,7 млн несие берілген. Иә, мемлекет ұсынған ең төменгі пайызбен қаражатқа ие болып, оны тиімді ұқсата білсең, ертеңгі күні шарапатын көресің. Мұны кәсіпкерлер де растап отыр. Мәселен, ЖК «ЛиК» шаруашылығының иесі Ли Юрий есімді азамат бұрыннан пластикалық терезе жасаумен айналысып келеді. Ол газеттегі хабарландырудан кәсіпкерлікті дамту бағдарламасы бойынша шағын несие алуға болатынын біліп, кәсібін кеңейте түсу мақсатында мемлекеттен 8 млн теңге қаражат алған. Бүгінде ісі өрге домалап, нәтижесінде пластикалық терезе шығаратын шағын цехының өндірістік қуаттылығы арта түскен. Айына орта есеппен 150 шаршы метр өнім шығарады. Юрий қазір екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайту да жоспарында бар.

«Бейсенбаев Б.Д» шаруа қожалығының иесі Беделхан Дәулетханұлы да жұмысына жан бітіру мақсатында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының көмегіне жүгінген. Төмендетілген пайызбен 10 млн теңге көлемінде несие алып, қолданыста жүрген К-700 трактурын және бір комбайн сатып алған. Қазіргі таңда жеке меншігінде 90 гектар суармалы жері бар. Биыл соның 60 гектарына соя, қалған бөлігіне жоңышқа сеуіпті.

«Құдайға шүкір, ісім оңға басып, жағдайым түзеліп қалды. Шаруаларға осындай мүмкіндік беріп отырған мемлекетке көп рахмет. Тек, сұраған ақшаны дер кезінде бере қойса, нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, мен несие алу үшін наурыз айынан бастап құжаттарымды өткіздім.



Ақшаны күзде, бірақ алдым. Осы жағынан біраз қиындықтар туындады» деген шаруа иесі несиені жеті жылға бөліп алған. Ол мүмкіндігіне қарай сәті түссе, қарызын мерзімінен бұрын жауып тастауға ниетті.

Сондай-ақ 6 пайыз көрсеткішпен несие алғандардың бірі – Майра Қапан. Ол 4 млн 400 мың теңгеге 24 бас ірі қара сатып алып, бүгінде мал бордақылау ісімен айналысуда.

«Ай сайын 21-22 мың теңге ғана төлеймін. Ал негізгі қарызды бір жыл өткеннен кейін айлық үстемемен жылына 700 мың теңгеден қайтарып отырамын. Яғни бес жылдың ішінде алған қарызымды толықтай өтеуге мүмкіндігім бар» - деген Майра несиенің өте ыңғайлы әрі тиімді екенін алға тартты. Қазір малдарын жемнен бөлек, дәрумен қосылған жоңышқамен азықтандыруда. «М. Қапан» шаруа қожалығының иесі сәті түссе, үш айдан кейін мал етін сатылымға шығармақ.

Жеңілдетілген несие алудың жолына келсек, жұмыссыз ретінде арнайы мекемеде тіркеуде тұрған және өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған азаматтар жұмыспен қамту орталығына өтініштерін жолдайды. Қаржылай қолдау көрсететін әр қордың өз талабы бар. Барлығына ортақ талап – несие қаржы көлеміне байланысты кепіл заттың болуы міндетті.

ЕТ ӨҢДЕЙТІН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Алматы облысы әкімдігінде өңір басшысы Амандық Баталов пен BaumanGmbh&COKG компаниясының бас акционері Райнер Бауман бастаған компания өкілдері қосымша азықтандыру, мал сою, тереннен өңдеу, ұсақ мал етінен полуфабрикаттар мен дайын өнім шығарумен айналысатын ірі ет өңдеу кешенінің құрылысы инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы мәселелерді талқылады.

Кездесу барысында облыс әкімі ұсақ мал етін өңдеу саласын дамытуда бұл жобаның маңызы зор екенін атап өтті.

А.Баталов «Елімізде 20 млн басқа жуық қой бар. Бірақ қой етін өңдейтін бірде-бір кәсіпорын жоқ. Сондықтан, бұл ет өңдеу кешені құрылысының толыққанды жүзеге асуы біз үшін аса маңызды. Біз өз тарапымыздан сіздердің компанияның тиімді жұмыс істеуіне қажетті барлық жағдайларды жасаймыз. Барлық инженерлік жүйелер – электр, жылу, газ, кәріз жүйелері тартылатын болады. Сонымен қатар жобаны жүзеге асырудағы жұмыс барысында туындаған мәселелерді шешуге де қолдау көрсетіледі», – деді.

Сонымен қатар облыс әкімі неміс компаниясының жобалауға қашан кірісетінін, жобаның жергілікті климатқа, географиялық ерекшеліктеріне қашан бейімделе бастайтынын, құрылыстың бірінші кезегі қашан аяқталып, қолданысқа берілетінін білудің маңызды екенін де тілге тиек етті. Бұл орайда компания өкілдеріне барлық туындаған мәселелерге қатысты өзінің орынбасары Серікжан Бескемпіровке, «Жетісу» ӘКК» ҰҚ» АҚ мен «Алматы облысын дамыту жөніндегі «Алатау» АҚ басшылықтарына хабарласып, бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Өңір басшысы А.Баталов «Ортақ жұмыстың арқасында жобаны сәтті жүзеге асыратынымызға сенімдімін. Сапалы өнім шығарып, тұрақты жұмыс орындары ашылғанда оның нәтижесін көретін боламыз», – деді.

Кездесу қорытындысында облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров пен BaumanGmbh&COKG компаниясының бас акционері Райнер Бауман екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумға қол қойды.

Жалпы, BaumanGmbh&COKG компаниясы 1930 жылы құрылған, қой етін өңдейтін Еуропадағы ең ірі компаниялардың қатарында. Қазіргі кезде қозы етін саудалауда Германиядағы нарықтың 25%, Еуропада елеулі бөлігін қамтамасыз етіп отыр. Инвестициялық жобаның жалпы құны 7,1 млрд теңге. Бірінші кезегінің қуаты жылына 15 мың тонна болса, 2-ші кезегі – 30 мың тонна. Құрылатын жұмыс орындарының саны – 700-ден астам. 1-ші кезегінің жүзеге асырылу мерзімі 2017-2018 жылдары. Кәсіпорын өнімдері ішкі нарыққа да және экспортқа да шығарылатын болады.

ҚАЛДЫҚ ӨҢДЕУ ТӘЖІРИБЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстанның Швейцариядағы елшілігінің көмегімен жуырда Алматы облысының әкімі Амандық Баталов бастаған делегация Швейцарияның Тичино кантонына жұмыс сапарымен барды. Бұл сапар Қазақстан - Швейцария өңіраралық ынтымақтастығына жаңа серпіліс береді деп күтілуде.

Қазақстан делегациясының құрамында облыс әкімдігінің, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің, «Алматы облысын дамыту бойынша «Алатау» АҚ, облыстың кәсіпкерлік ұйымдары өкілдері және «Жетісу» ӘКК» ұлттық компаниясының басшылығы да болды.

Сапар кантонмен сауда-экономикалық, қаржы және ғылыми-техникалық ынтымақтастық орнатуды, Қазақстандағы бизнес жүргізудің жеңілдетілген шарттарымен таныстыруды, сондай-ақ келешек ынтымақтастықты кеңейту мен жаңа салаларды бірлесіп табуды мақсат етті.

Қазақстанның Швейцариядағы елшілігінің хабарлауынша, Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың Тичино кантонының президенті Мануэле Бертолимен, Мемлекеттік канцлер Арнольдо Кодуримен, экономика және қаржы министрі Кристиан Виттамен, Лугано қаласының әкімі Марко Боррадоримен, Тичино кантоны банкінің директорлар кеңесінің төрағасы Фабрицио Числаквичпен, Қолданбалы ғылым мен өнер оңтүстік Швейцария университетінің (SUPSI) инновация мен зерттеу департаментінің орынбасары Жанбатисто Равономен және 20-дан астам швейцариялық компаниялар басшыларымен кездесулері өтті. Алматы облысы делегациясының мүшелері Тичино кантонындағы қоқысты қайта өңдеу бойынша ең ірі кәсіпорын Azienda Cantonale die Rifiuti, шоколад өндіретін Chocolat Stella, энергетика және ақпараттық технологиялар бойынша ABB компанияларымен, сондай-ақ Айроло қаласында тау шаңғысы курорты, асыл тұқымды сиыр шаруашылығы және ірімшік пен сүт өнімдерін шығаратын зауыттардың жұмысымен танысты.

Тичино кантоны – Швейцарияның ірі қаржы орталықтарының бірі, сондай-ақ мұнда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім, туризм, құрылыс, мәшина жабдықтары, фармацевтика мен биомедицина салалары дамыған. ЖІӨ 28,6 млрд. АҚШ доллар халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ 82,1 мың доллар. Ал Швейцарияның ЖІӨ-ге үлесі 4,5% құрайды.

Azienda Cantonale die Rifiuti – Тичино кантонының қалдықтарды терең өңдейтін ең ірі зауыты, тәулігіне 100 тонна қалдықты өңдеп, 10 МВт энергия мен 2 МВт-тан астам жылу қуатын өндіретінін атап өту қажет.

Тичино кантоны басшылығымен келіссөздер барысында сауда-экономикалық, білім, ғылым, туризм, ауыл шаруашылығы және қаржы мәселелерінде ынтымақтастықты нығайту жайы талқыланды. Кантонның президенті Мануэле Бертоли Алматы облысы мен Тичино кантонының екіжақты ынтымақтастық үшін үлкен әлеуеті бар екендігіне және бұл сапар оның іс жүзінде жүзеге асырылуына ықпал ететініне ерекше көңіл аударды.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымының және Еуразия экономикалық одағының мүшесі болуына тиімділігі, еліміздегі кең инвестициялық преференциялар және бизнес жүргізу үшін жеңілдетілген шарттары Швейцария іскер топтарының арасында ерекше қызығушылық тудырды.

Өткізілген кездесулердің нәтижесінде тараптар Алматы облысындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін зерттеуге, тәжірибе алмасуға, әсіресе, Оңтүстік Швейцарияның қолданбалы ғылымдар және өнер университетімен (SUPSI) білім және ғылым саласында ынтымақтастықты нығайтуға қол жеткізді. Қазақстан тарапы Кантон басшылығымен жергілікті іскер топтарын Алматы облысына іссапармен келуге шақырды.

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ МОДУЛЬДІ ЖҮЙЕСІ

Сербияның «Интерьер Янкович» компаниясының өкілдері интерьерлерді, сол сияқты инновациялық құрылыс технологиясын – құрылыстың модульді жүйесін жеке дайындау мен құру саласындағы жұмыстарын таныстырды. Кездесуді Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов жүргізді.

Делегацияны жылы шыраймен қарсы алған Л.Тұрлашов облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ерекшелігіне, өңірдің инвестициялық тартымдылығына тоқталып өтті. Ол қазіргі кезде облыста жалпы инвестиция көлемі 530,9 млрд теңге болатын 63 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатқанын айтып, 11 мыңға жуық жұмыс орны құрылатынын да тілге тиек етті.

Мұнан соң кездесуде сербиялық тарап өкілдері сөз алды. «Интерьер Янкович» компаниясының бас директоры әрі иесі Божо Янкович компания жұмысы туралы кеңінен әңгімеледі. Ал компанияның коммерциялық директоры Зоран Рацичтің айтуынша, модульді жүйелерді балабақша, мектеп мен ауруханалардың, жатақханалар мен қонақүйлердің, коттедждер мен басқа да нысандардың құрылысына пайдалануға болады. Оның басты ерекшелігі – нысан құрылысына жұмсалатын уақыт 50 % қысқарып, есесіне сапасы мен қауіпсіздігі арта түседі.



Кездесу соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары кеңейтілген таныстырылым үшін ризашылығын білдіріп, осы айтылған ақпараттар жете зерттеу үшін құрылыс саласындағы арнайы мамандарға жіберілетінін айтты. Сонымен қатар бұл кездесудің Алматы облысы мен Сербия арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, өрісін кеңейтуге ықпал ететініне сенім білдірді.

Атап өтсек, 30 жылдық тәжірибесі бар «Интерьер Янкович» компаниясының Қазақстан нарығына келгеніне 3 жыл болған. Алматы қаласында филиалы жұмыс істейді.

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы Нұркент ауылында салынып жатқан Панфилов ауданындағы баспана алу кезегінде тұрған тұрғындар үшін әрқайсысы 60 пәтерлі екі үйдің құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Бұл пәтерлердің жалпы аумағы 6341,68 шаршы метрді құрайды. Сметалық құны 885,5 миллион теңге, үйлерді салу Ринат Рысқұлов жетекшілік ететін New Construction құрылыс ұйымына келісімшарт бойынша жүктелген. Келісімшартқа сәйкес құрылысы 2015 жылы басталып, биылғы мамыр айының соңына дейін пайдалануға берілуге тиіс. Өткен екі жылда құрылысшылар 830 миллион теңге игеріп, көп қабатты үйлердің жалпы атқарылатын жұмыстарын тамамдаған. Биыл келісімшарт бойынша қалған 42,9 миллион теңге беріліп, нысанды пайдалануға беру істері атқарылуда.

Жақында бұл үй пәтерлеріне кезекте тұрған тұрғындар қоныстанбақ. Алдағы жаздың алғашқы күндерінде қоныстандырушыларын қуантуға дайын тұрған үйдің сапасы мен сәнін көріп көңіл демдеген құрылысқа жауапты мамандар шілде айында болашақта төрт жүзден аса отбасыға заман талабына сай баспаналар тұрғызылатын Қорғас ауылын бетке алды. Шекара түбіндегі болашақ жаңа қалашықтың инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылысы қарқынды жүруде. «Альтайыр» кәсіпорны қолға алған инженерлік-коммуникациялық жүйенің жалпы ұзындығы 40,6 шақырым. Өткен жылдың қазан айында басталған жұмыстың басым бөлігі іске асыпты. Атап айтқанда, ауызсу жүйесінің 60 пайызы, жарықтандырудың 80 пайызы атқарылып, көшелерге асфальт төселуде.

Құрылыс жұмыстарының барысын облыстық құрылыс басқармасының жіті қадағалауында. Сондай-ақ биыл ауданда құрылысы қарқынмен қолға алынған төменгі Пенжім ауылындағы фельдшерлік акушерлік пункттің сметалық құны – 102, 205 миллион теңге. Өткен жыл соңында іргетасы қаланған нысанның құрылысы аяқталуға таяу. Бұрын орталықтан шеттеу орналасқан елеусіз шағын ауыл «Құрғақ порт» сынды ірі халықаралық жобамен іргелес. Болашақта бұл ауыл бүйірінен орын тепкен теміржолшылар қалашығы Нұркентке, округ орталығы Пенжімге қосылып, қала типті елді мекенге айналуы тиіс.

Ал Жаркент қаласының шығыс бөлігінде жасалып жатқан «Инженерлік-коммуникациялық құрылыс» нысанын да көз тартарлық. Өткен жыл соңында жер бөлініп, бастау алған құрылыс жұмыстарының жартысына жуығы атқарылған. Алдағы жылы талапқа сай инженерлік-коммуникациясы мемлекет қаржысына салынған аймаққа жер кезегінде тұрған қала халқы жер телімін алып, тұрғын үй сала бастамақ. Жаркент қаласындағы 300 орынды жаңа мектеп құрылысы толық аяқталып, алдағы оқу жылының басында пайдалануға берілмек.

ЖЕР ИГІЛІГІ

Алматы облысы әкімінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы №20 қаулысымен құрылған облысымыздағы жерді пайдалану мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Асқар Жолдоғұтов және бөлім басшылары Медет Орманбетов пен Бекзат Ақылбековтардың айтуынша, биылғы жылдың жартыжылдығында басқармаға 1846 хат пен өтініш келіп түсті *(мемлекеттік және басқа да мекемелерден – 1630, заңды тұлғалардан – 77, жеке тұлғалардан – 139)*. Бұл 2016 жылдың жарты жылында түскен 1471 хатпен салыстырғанда 375 шағымға өскен. Бүгінде заңсыз іс-әрекеттер анықталып, оларға тиісті шара қолданылып жатыр.

Жүргізілген тексерулердің нәтижесінде 75 заңбұзушылық тіркеліп, 56 субъектіге әкімшілік шара қабылданып, 8 576 820 теңге көлемінде айыппұл салынды. Бұл көрсетілген есепте былтырғы жылдың алты айымен салыстырғанда 5 777 100 теңгеге көбейді *(2016 жылдың бірінші жартыжылдығында салынған айыппұлдың көлемі – 2 577 015 теңге)*.

Басқарма басшысы Асқар Жолдоғұтов жоғарыда көрсетілген мәліметтерге тоқталып, әлі де қарқынды жұмыс жүргізілетіндігін айтып өтті. Ал Медет Орманбетов ауыл шаруашылығындағы жерлердің жай-күйіне тоқталды. 1991 жылы жүргізілген лабораториялық зерттеулермен салыстырсақ, бүгінде қарашірік жарты пайызға төмендеген. Облысымыздағы 60-тан астам шаруашылықтың жартысынан көбі әлі ауыспалы егіс жүйесіне көшпеген. Соя дақылын жылда бір жерге себу арқылы топырақтың құнарын азайтып, өнімін де төмендетіп жатқандар көптеп кездеседі. Осы тұрғыда жоңышқа дақылын ексе, ол топырақта азот жинап, жерді құнарландырады.

ТҮЙІН

«Халқымызда қамданған қапы қалмайды» деген сөз бар. Расында, ертеңгі жоспар мінсіз атқарылуы үшін бүгінгі дайындық жақсы болу керек. Ал табысқа жету үшін межеленген жетістікке жетудің барлық тетігі қарастырылып, тапсырманы шып-шырғасын шығармай орындаған жөн. Осы тұрғыдан келгенде, Алматы облысы өзге әріптестеріне қарағанда, көш басында келеді. Оған жоғарыда баяндаған жаңалықтарымыз дәлел бола алады. Алайда күн сайын өзгеріп отыратын тірлікте сәтсіздіктердің де аяқасты туындайтыны анық. Сондықтан осыдан былайда босаңсымай, берік байлам, табандылықпен жұмыс істеген жөн. Сонда ел іргесі бүгін, шаруасы берекелі бола бермек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



ағынды суларды тазарту кешендерін және «Молекулалардың» испаниялық фирмасының күшті құбырларын пайдалану қарастырылған.

– Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру – басты басымдықтардың бірі. Жетісу кәсіпкерлері мен меценаттары Ұлт Көшбасшысының «Туған жер» бағдарламасына қатысуға айрықша ниет білдіруде. Бүгінде 308 әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға 37 млрд теңге бөлінді. Мысалы, Еңбекшіқазақ ауданының Ащыбұлақ кентіндегі Сабировтар отбасы қараусыз қалған саябақты қалпына келтірді. Сонымен бірге Кербұлақ ауданының тұрғыны, жеке кәсіпкер Хасан Әбуев туған ауылына бастауыш мектебін салуда. Қарасай ауданында ашылған «Батыр Бабалар» мемориалдық кешенін де меценаттар 465 млн теңге бөліп тұрғызған, – деді А.Баталов.

Басқосуда белгілі болғандай, қараша айында еліміздің басқа аймақтарында және облыста «Менің Жетісуым» атты жерлес-инвесторлар форумы өтеді екен. «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани қазына», «Ақпарат толқыны» сынды бағдарламалар аясында да көптеген жұмыстар атқарылуда. Әкімнің айтуынша, өнір тұрғындары Президенттің латын әліпбиіне ауысу туралы саясатын қолдайды. Осыған байланысты көптеген дөңгелек үстел отырыстары мен кездесулер ұйымдастырылған. Оларда қазіргі заманғы жетістіктерге қолжетімділік пен жаһандық ағылшын тіліне кірігудегі жаңа алфавиттердің рөлі кеңінен талқыланған.

Баспасөз мәслихаты соңында Амандық Ғаббасұлы тілшілер тарапынан қойылған түрлі сауалдарға жан-жақты жауап берді. Айталық, «Облыста ауыл шаруашылығы қарқынды дамыған болса, экспорт мәселесі неге қолға алынбайды?» деген сауалға әкім былай жауап берді:

– Бұл бағыттағы шаралар назардан тыс қалмайды. Біз әлі жоспарлы көрсеткіштерге жете қойған жоқпыз. Десе де, алдымызда Қытай мен Иран нарығы ашық тұр, келесі жылы ет өнімдерін осы елдерге тасымалдау жұмыстарын бастайтын боламыз деп ойлаймын».

Көгілдір отын жеткізу жұмыстарына қатысты сұраққа өнір басшысы: – Қазіргі таңда 11 ауданды газбен қамту шаралары жалғасуда. Негізгі магистральдан тұрғын үйлерге құбыр тарту жұмыстарының бағасын қолжетімді етуге қатысты тапсырманың бар екенін баса айтайын. Өйткені, бұл – Елбасының тікелей тапсырмасы, – деп жауап қатты.

Өнір басшысы тілшілердің сауалдарына жауап беру барысында биыл туристерге қызмет көрсету көлемі 1,5 миллион адамнан асқаның, соның ішінде бір ғана Алакөлге 750 мың адам келгенін жеткізді. Оның айтуынша, көл жағасындағы инфрақұрылымды дамытуға жергілікті бюджеттен 2,6 млрд теңге бөлінген. Теміржол қатынасы жолға қойылып, Үшарал қаласында әуежай тұрғызылып, теміржол вокзалының құрылысы аяқталыпты. Үш жылда өнірдегі ақылы туристік-сауықтыру қызметтерінің көлемі 40 пайызға артып, 5,5 млрд теңгені құраған.

Жарыссөз кезінде Райымбек ауданынан жер бөлу арқылы жалпы ауданы 711 937 гектар болатын жаңа аудан құрылатыны да белгілі болды. Ол ауданға «Нарынқол» атауын беру туралы республикалық ономастикалық комиссияның қарауына ұсыныс жіберілген екен.

Шара барысында қатысушылар Алматы облысы аумағындағы «Фудмастер», «Адал», DanoneBerkut сүт өнімдері компанияларының, «Алматы конфеті» ,«Хамле», «Алматы азық-түлік» кондитерлік компанияларының, «Кока-Кола Алматы Боттлерс», GallansBottlers, RG Brands Kazakhstan, «Голд Продукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің, өзге де ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесін тамашалап, дәм татты.

◆ Коммуникация

ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТҚА СӘЙКЕСТЕНДІРМЕК

Облысымызда жол бойындағы 335 сервис нысанның 100-ін ұлттық стандартқа енгізу қолға алынды. Облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжановтың қатысуымен өткен селекторлық отырыста оның тек 31-і ғана стандартқа сәйкестендіріліп, қалған 69-ы бойынша әлі де жұмыс жүргізіліп жатқаны мәлім болды.

Бұл нысандарды аудандар бойынша таратып айтатын болсақ, Алакөл, Ескелді, Панфилов аудандарында 3, Кербұлақта 1, Қапшағай қаласы мен Үйғырда 2, Талғарда 12 жанар-жағармай құю бекеті, Іледе 7 жанар-жағармай құю бекеті, сондай-ақ 1 тамақтану орны стандартқа келтіріледі. Қарасайда 11 жанар-жағармай құю бекеті мен 3 кафе, Жамбылда 5 жанар-жағармай құю бекеті мен 2 кафе, Еңбекшіқазақ ауданында 12 жанар-жағармай құю бекеті мен 1 кафе ұлттық стандартқа сәйкестендіріледі.

«Олардың бірінде азық-түлік дүкені жоқ болса, енді бірінде дәретхана қарастырылмаған. Талап бойынша жолдан 25 метрге қашық салынатын нысандардың кейбірі күрежолдың шетінде тұр. Есіктен шыға келген адамды жоғары жылдамдықпен келе жатқан көлік іліп әкетеді», – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Алғашында бұл міндет «КазАвтоЖол» ҰК» АҚ құзырына тапсырылды. Кейін облыстық туризм басқармасына жүктелді. Ағымдағы жылдың наурыз айында бұл міндет облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасына ауыстырылды. Қазан айынан бері облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының құзіретіне өткен. Аталған басқарма аудандық әкімдіктермен бірлесіп, жұмыс жүргізуде.

Отырыста Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Сатубеков: «Ауданда 2016 жылдан бастап жол бойындағы нысандардың заңсыздығын анықтау ісі қолға алынды. Бүгінде 38 нысанның ұлттық стандартқа сәйкес еместігі анықталып, оның 16-ы түзетілді. Қалған 22 нысанның айналасында дау-дамай көп болмағандықтан, облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасына, 4 нысанға қатысты, облыстық аумақтық жер инспекциясына хат жолданды. Құзырлы мекеменің шешіміне сай жұмыс барысын реттейтін боламыз», – десе, Панфилов ауданы әкімінің





орынбасары Кеңес одағы кезінде салынып, бүгінде бос тұрған үш жанар-жағармай құю бекетінің иесі табылмай жатқанын жеткізді. Алайда Айдарбек Естебекұлы қандай жағдай туындаса да маңызды жұмысты кейінге шегеруге болмайтынын тапсырды.

Сонымен қатар облыс әкімінің орынбасары халықаралық, республикалық маңызы бар «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» транзиттік дәлізі мен Алматы – Қапшағай күрежолының бойына салынатын сервистік нысандардың орнын анықтау, құрылыс жұмысын қадағалау міндетін ұлттық экономика министрлігі өзінің құзіретіне қалдырып отырғанын айтты.

◆ Құрылыс

ҚОС НЫСАН ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ

Алдағы бірер ай көлемінде Талдықорғанда тағы да екі нысан қолданысқа берілмек. Оның бірі – салтанат сарайы болса, екіншісі көрме кешені. Осы ретте облыс әкімі Амандық Баталов аталған нысандарды аралап, ашылу салтанаты алдындағы дайындық жұмыстарын пысықтап шықты. Нысандарға қатысты біраз сын-ескертпелер айтып, жауаптыларға тиісті тапсырма берді.

Салтанат сарайы мен көрме павильоны іске қосуға дайын, ішкі әрлеу жұмыстары да аяқталған. Тек аумақты абаттандырудың кейбір детальдары әлі де жетілдіруді қажет етеді. Амандық Баталов осы екі нысанның арасына жол салуды, көрме павильонының баспалдақтарын ретке келтіріп, ғимарат ішінде киім ілетін орынды ауыстыруды тапсырды.

– Салтанат сарайы да, көрме павильоны да – көп салалы кешендер. Олар тек неке қию мен көрме өткізуге ғана лайықталып салынған жоқ, мұнда облыстық, республикалық маңыздағы түрлі шаралар да ұйымдастырылатын болады. Бұлар қаламыздың көрнекті орындарына айналуы тиіс. Сондықтан мұндағы әрбір деталь, әрбір штрих кешендердің бейнесіне толық үйлесімде болуы тиіс. Бұларға жақын орналасқан ғимараттар да, тұрғын үйлер де бірыңғай сәулеттік стиль қалыптастырып тұруы қажет, – деді А. Баталов. Бұл мәселелерді облыстық құрылыс басқармасына бақылауда ұстау ескертілді.

Өңір жастарының шаттығына куә болатын шырайлы нысанның құрылысы толық аяқталған. Мұндағы жүргізілген жұмыстардың сапасын облыс әкімінің өзі мұқият тексеріп, әлі де болса ескерілмей жатқан кем-кетік тұсын тез арада ретке келтіруді тапсырды. Ерекше дизайнмен жасалған бұл нысанның маңызының зор екенін, келешекте мұнда неке қию рәсімінен бөлек, республикалық деңгейдегі маңызы бар шараларды өткізуге де болатынын айтты.

– Мұнда біз алқалы жиындар, семинарлар, басқа да басқосулар өткізе аламыз. Әрине, ол өнір игілігін көздеген, игі істерге бастама болған республикалық деңгейдегі ауқымды кездесу болуы тиіс, – дейді Амандық Ғаббасұлы.

Ашылуға дайын тұрған ғимараттың бірі – көрме кешені. Жақын арада қолданысқа беріледі деген нысанның ішкі безендірілуі облыс әкімінің көңілінен шықпады. Амандық Баталов ішкі әрлеу жұмыстарындағы ішінара кемшіліктерді қысқа уақыт ішінде түзетуді міндеттеді. Сонымен қатар нысан ауласында жаяу жүргіншілерге арналған жолдың қарастырылмауы да өнір басшысының назарына ілікті.

Мұндағы баспалдақтың сапасы сын көтермейтінін айтты.

– Ұсақ кемшіліктің өзі әдемі ғимараттың көркін кетіреді. Кешеннің қолданысқа берілуіне аз-ақ күн қалды. Сол себепті, бәрін тыңғылықты дайындап, кеткен кемшілікті тез арада ретке келтіріңдер. Ең бастысы, сапасына көңіл бөліңдер. Ел игілігі үшін жасалған соң сапалы дүние тапсыруға тырысыңдар, – деді ол.

Бұдан соң облыс әкімі «Жастар» саябағында орналасқан «Рухани жаңғыру» орталығын аралап көрді.

– Дизайнерлерді, әрлеуші суретшілерді шақырып, әрбір іске шығармашылық тұрғыдан қарау керек. Кірген адамға алғашқы әсер беретін холдың жарықтандырылуы әлі де жеткіліксіз. Холл жарық та әсерлі, тартымды болуы керек. Витраж жасау керек пе, әлде қабырғаға сурет салу керек пе, оны арнайы мамандармен ақылдасу қажет. Ғимараттың сыртқы келбеті толық дайын, десе де ішкі көркемдеу жұмыстары да мазмұнына сай болуы керек, – дей келе, А.Баталов өзінің орынбасарларына тапсырмалар берді.

Сонымен қатар өнір басшысы ғимарат ішіндегі көрме залының ұсынылған дизайнын қайта жасауды тапсырды.

Жастар саябағында салынып жатқан этноауылдың атауы «Рухани жаңғыру» мекемесі болып өзгертілмек. Мұнда мемлекеттік жобаны іске асыратын қызметкерлер, жұмыс істейтін болады. Олар үшін конференция мен көрме залы да қарастырылған. Облыс әкімі Амандық Баталов көрме ұйымдастыруға арналған сөрелердің ескі стильде жасалғанына қатысты сын айтты. Бұдан бөлек, ғимаратты безендіру жұмысының әлі де болса қарабайыр нұсқада қалып отырғанын айта келіп, бұл нысанның ішкі безендірілу жұмыстарының көз сүйсінерліктей деңгейде болу керектігін, бір ауыз сөзбен айтқанда, мекеменің «Рухани жаңғыру» деген атына заты сай болуы керектігін ескертті.

Жалпы «Рухани жаңғыру» орталығы қараша айының аяғында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

◆ Инвестиция

Алматы облысында инвестиция көлемі 530,9 млрд теңге болатын 63 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Олар толық қуатына енгенде 12 мыңға жуық жұмыс орны ашылады.

Сонымен, алдағы уақытта жетісулықтар сербтер өндірген құрылыс заттарын тұтынып, қытайлар бордақылаған ірі қара мен ұсақ малдың етінен бесбармақ дайындап, қалған қалдықты шведариялықтардың тәжірибесіне негізделіп қайталай керекке жаратпақ.

Несін жасырайық, бұрынғы жылдары Жетісуға қалталы инвесторлар көп келмейтін. Талдықорған және Үшарал әуежайы мен Алматы – Өскемен күрежолының іске қосылуы, облысымыздағы «Талдықорған», «Боралдай», «Қайрат», «Арна», «Қазыбек бек» сияқты 5 индустриалдық, «Шамалған» агроөнеркәсіпті аймағы мен «Даму» индустриалдық-логистикалық орталығы



жобасының қолға алынуы инвесторларды тарта бастады.

«Өндірістік аймақтарда инвесторларды қызықтыру мақсатында су құбыры, кәрізжүйесі, авто және теміржол салынып, инфрақұрылым мен коммуникациялық қызметтер жаңартылды. Демек, кәсіпкер бірден кәсіпорын құрып, жұмысын бастаумен қатар, өндірген өнімін вагондарға тиеп, әлемнің кез келген нүктесіне тасымалдай алады», – деді облыстың тоғыз айда жеткен жетістігін қорытындылаған Алматы облысының әкімі Амандық Баталов.

Сондықтан жетісулықтармен бірлесіп жұмыс істеуге ынта танытатын шетелдік инвесторлардың қатары артуда.

Айталық, былтырғы «Жетісу инвест – 2016» форумында өлкемізге инвестиция құюға ынта танытқандар көп болса да, нақты келісімге қол қойғандар болмаған еді. Ал «Талдықорған инвест – 2017» форумында құны 10 млрд доллардың инвестициялық жобасына келісім жасалды.

Тіпті Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея, Германия және Ресейден 70-ке жуық компания өкілдері бас қосқан «Талдықорған инвест – 2017» халықаралық инвестициялық форумында Қытайдың «Лунь Юань Жетісу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Янь Гуан Хуан Жетісу жерінде 2,600 млн доллар қаражатқа мал бордақылау жүйесін жеке дайындау мен құру саласындағы жетістіктерін таныстырды.

«Интерьер Янкович» компаниясының бас директоры әрі иесі Божо Янковичтің айтуынша, отыз жылдық тәжірибесі бар «Интерьер Янкович» компаниясының Қазақстан нарығына келгеніне 3 жыл болыпты. Алматы қаласында филиалы жұмыс істейді. Демек, компания қазақтарға сенімді деген сөз.

Компанияның коммерциялық директоры Зоран Рацичтің айтуынша, олар өндірген модульді жүйелерді балабақша, мектеп пен аурухана, жатақхана мен қонақүй, коттедж бен басқа да нысандардың құрылысына пайдалануға болады.

«Интерьер Янкович» компаниясының өнімі Қазақстан базарында сатылымға шыққанда құрылыс заттарын импорттау мөлшері төмендей түспек.

Осыдан былай: «Шетелден инвестор келіп қалар» деп елеңдеп отыратын жетісулықтар енді өздері шетелге аттанып, қаржы тарту жолына ойысты.

Жуырда Қазақстанның Швейцариядағы елшілігінің көмегімен Алматы облысының әкімі Амандық Баталов бастаған делегация Швейцарияның Тичино кантонына жұмыс сапарымен барды. Бұл сапар Қазақстан – Швейцария өзараралық ынтымақтастығына жаңа серпіліс әкелді.

Тичино кантоны – Швейцарияның ірі қаржы орталығының бірі – мұнда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім, туризм, құрылыс, машина жабдықтары, фармацевтика мен биомедицина саласы дамыған. ЖІӨ 28,6 млрд доллар, халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ 82,1 мың доллар, ал Швейцарияның ЖІӨ-ге үлесі 4,5% құрайды.

Сапар барысында облыс делегациясы Тичино кантонындағы қоқысты қайта өңдеу бойынша ең ірі кәсіпорын Azienda Cantonale die Rifiuti, шоколад өндіретін Chocolat Stella, энергетика және ақпараттық технологиялар бойынша «АВВ» компаниясымен, сондай-ақ Айроло қаласында тау шаңғысы курорты, асыл тұқымды сиыр шаруашылығы және ірімшік пен сүт өнімдерін шығаратын зауыттың жұмысымен танысты.

Azienda Cantonale die Rifiuti Тичино кантонының қалдықтарды терең өңдейтін ең ірі зауыты, тәулігіне 100 тонна қалдықты өңдеп, 10 МВт энергия мен 2 МВт-тан астам жылу қуатын өндіреді екен. Біз осы саладағы ынтымақтастыққа қол жеткіздік», – дейді облыс әкімі Амандық Баталов.

ТҮЙІН

Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте облыс әкімі Амандық Баталовтың журналистермен жүздесуі өте сәтті өтті деуге болады. Өйткені, осы күні брифингке жиналған теле, радио, баспасөз саласының өкілдері мен өнір басшысы емен-жарқын пікір алмасты. Алдымен облыстың даму қарқыны жайлы ақпаратпен қанықкан тілшілер соған сай өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алуға ықылас танытты. Ал өнір басшысы да олардың сұрағына орай бар жан-тәнімен түсіндіріп



алаңын салуды бастап кеткенін жеткізді. Ол келешекте өндіріс алаңында 5000 – 10000 қой бордақылайтын арнайы алаң болмақ. Жоба сәтті жұмыс істеген жағдайда Қытай инвесторы ары қарай тағы бірнеше зауыт салуды ойластырып қойыпты.

Осыдан кейін Сербияның «Интерьер Янкович» компаниясының өкілдері өнірге келіп, интерьерлерді, сол сияқты инновациялық құрылыс технологиясын – құрылыстың модульді беруге ұмтылды. Осыған екі жақты жақсы қарым-қатынас маңызды басқосудың нәтижелі қорытындылауына негіз болды.

Халқымызда: «Көз жетпеген жерге сөз жетеді» деген бар. Біз де өз басылымымыз арқылы жұрттың ықыласына бөленген кездесуді жалпақ елге жария етуді мақсат еттік.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ЖҚ
7
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Құрылыс

Ел экономикасының локомотивіне айналған Атырау өңірі бүгінде мұнай-газ секторы, ауыл шаруашылығын дамытумен бірге, әлеуметтік саланың өркендеуін басты назарда ұстап келеді. Тәуелсіздік жылдарында жүздеген әлеуметтік нысан бой көтерген мұнайлы өлкеде бүгінде мемлекеттік бағдарламалар сәтті жүзеге асып жатыр.

АТЫРАУ ӘЛЕУМЕТТІК АЛАҢҒА АЙНАЛДЫ



Тұрғын үйге қолжетімділіктің тапшылығы проблемасын шешу үшін ең перспективалы және қолжетімді құрал ретінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту қажет.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

БІР ЖЫЛДА 37 КӨПҚАТАРЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

Әсіресе, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен іске асырылып жатқан «Нұрлы жол» бағдарламасы бүгінде мыңдаған отбасылардың баспаналы болуына тікелей ықпал етті.

Әлқисса ретінде айта кетелік, «Нұрлы жол» бағдарламасында басымдық берілген негізгі секторлардың бірі – тұрғын үй инфрақұрылымын нығайту. Яғни әлеуметтік тұрғын үй тапшылығы проблемасын шешу мақсатында жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту көзделген. Халықтың барлық категориясы үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бағдарлама аясында тұңғыш рет баспананы жалға беру жобасы іске қосылды. Бүгінде мыңдаған отбасылардың басыбайлы баспаналы болуына ықпал еткен бағдарлама сатып алу мүмкіндігімен немесе сатып алу мүмкіндігінсіз тұрғын үй объектілерін салуға жол ашып отыр.

«Қазақстандық ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы әкімші болып табылатын бағдарламаға сәйкес, 2020 жылға қарай шамамен 29 мың отбасына жалға берілетін тұрғын үй беріледі. Сол мақсатта еліміз бойынша, 1,4 млн шаршы метрге дейін тұрғын үй салынады деп жоспарланған. Соның ішінде, тұрғын үйдің 60 пайызы – хаб қалаларда және 40 пайызы – облыс орталықтарында, моноқалалар мен ауылдық елді мекендерде орналасады деп жоспарланғаны белгілі.

Міне, биылғы жылдың өзінде Атырау облысында жалпы ауданы 135,7 мың шаршы метр немесе 2007 пәтер болатын 37 көпқатарлы тұрғын үй құрылысы жүргізілді. Оның ішінде, 1617 пәтерлік 29 көпқатарлы тұрғын үй құрылысы аяқталды. Су жаңа пәтерлер жыл аяғына дейін қоныс иелерін табады деп күтілуде.

Жекеменшік шаршы метрді зарыға күткен атыраулықтардың бірі – Мақсым Сакупов «2000 жылы отау құрдым. Аз ғана уақыт ата-анаммен тұрғаннан кейін, кенже інім үйленетін болып, біз жалдамалы пәтерге шығып кеттік. Он жылдан астам уақыт үй жалдадық. Үш балам бар. Бізге «Нұрлы жол» бағдарламасы көмекке келді. Осы бағдарлама аясында салынған үйді ипотека арқылы рәсімдедік» – дейді.

Атырау облыстық құрылыс басқармасы жолдаған мәліметтен білгеніміздей, тұрғын үй құрылысы келер жылы да қарқынды жүреді деп күтілуде. Мәселен, 2018 жылға бір ғана Атырау қаласының жаңадан бой көтерген екі ықшамауданында, яғни «Береке», «Нұрсая» мөлтекаудандарында жалпы аумағы 234,5 мың шаршы метр немесе 43 көппәтерлі тұрғын үй құрылысы салынады деп күтілуде. Бұл жақын болашақта 4638 пәтерге жаңа отбасылар қоныстанады деген сөз.

Сонымен қатар облыс орталығының бекітілген Бас жоспарына сәйкес, Талғайран, Ақжар ауылдары бағыттарында жаңа ықшамаудандар құрылысы жоспарлануда. Осыған байланысты ауданы 361,78 га болатын жер учаскесі игеріліп жатыр. «Бұл учаскені игеру мерзімі бес кезеңге бөлінген. Бірінші кезең бойынша алаңы 45,02 га учаскеде жалпы аумағы 320,6 мың шаршы метрді құрайтын 70 тұрғын үй құрылысы үшін құжат жасақталуда. Бұл 5568 пәтер салынады дегенді білдіреді», – дейді басқарма өкілдері.



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

2018 жылы Атырауда 220 шақырым жол жөнделеді.
Биыл Атырау қалалық әкімдігі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық желісі бойынша 311 көшені, құрылыс бөлімі арқылы 139 көшені асфальттауды жоспарлады. 2017 жылы облыста 296,6 шақырым жол салынды, оның 236,6 шақырымы Атырау қаласында. Облыс орталығында асфальттанған жолдың негізгі көлемі қала маңындағы селолық округтерге тиесілі.
Сараптай кетсек, 2017 жылы жалпы ауданы 21 800 шаршы метр автокөлік жолына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ұзындығы 220 шақырым болатын 207 көшенің жол-құрылыс жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттама жасау үшін жергілікті бюджеттен 450 млн теңге бөлініпті. Бұл жұмыстар 2018 жылы басталады. «Көшелерді асфальттау жұмыстары елді мекеннің даму жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүруі керек. Біздің міндетіміз – халықты сапалы да, жақсы жолмен қамтамасыз ету», – дейді облыс басшылығы.



Аталған жоба Қазақстан мен Қытай елі басшыларының бастамасымен бірлесіп жасалған ірі жоба болып табылады. Мақсат Қытай елімен сауданы жеңілдетуге бағытталған. Бастысы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансконтинентальды жол жобасын жүзеге асыру арқылы екі мемлекеттің де тасымал әлеуетін дамытуға арналған. Бүгінде бұл орталық әлемде теңдесі жоқ жаңа жоба. Ол өндірістік, көліктік әлеуетті күшейтіп, шағын және орта бизнесті барынша табысты етуге кеңінен мүмкіндік береді. Елімізде бәсекеге қабілетті тауарлар өндіріп, қызметтерді дамыту және құруды, сондай-ақ кәсіпкерлердің әлемдік нарықтағы белсенділігін арттыруды көздеген.

Жобаны жүзеге асырудың негізі екі ел үкіметінің арасында жасалған келісім болды. 2004 жылдың 24 қыркүйегінде Елбасы Н.Назарбаевтың Қытайға барған сапарында екі ел үкіметінің өкілдері Қазақстан мен Қытай шекаралары арасында «Қорғас» халықаралық шекаралық әріптестік орталығын» құру туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Келесі жылы шілде айында Қытайдың бұрынғы басшысы Ху Зинтаоның Қазақстанға келген ресми сапарының аясында орталықтың қызметін реттеуге келісім жасалды. Осы жылы тамыз айында ел үкіметінің қаулысымен жоба операторы қазақстандық тараптан «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» болып бекітілді. Орталықтың құрылысы екі бөліктен тұрады. Олар Панфилов ауданындағы орналасқан Іле-Қазақ автономиялық облысы аймағындағы тұрған қытайлық бөлік деп аталады.

Орталықтың жалпы аумағы 528 гектар жерді қамтиды. Оның 185 гектары қазақстандық, 343 гектары қытайлық бөлік. Орталықтағы бөліктердің арасында жол қатынасы арнайы көлік, жүргінші өткелдері арқылы жасалған. Арнайы экономикалық аймақта қазір екі ел азаматтары өз мемлекеттері тараптарының құзыретті мекемелері бекіткен құжаттардың негізінде виза рәсімдемей-ақ 30 тәулік мерзімге дейін жүре алады. 2016 жылдың қараша айынан бастап Қазақстан азаматтарына жеке куәлігімен орталыққа кіруге рұқсат етілді. Басқа мемлекеттерден келген азаматтар халықаралық сапарларға арналған құжаттарға сәйкес рәсімделеді.

Бүгінде «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын дамыту үшін Пенжім ауылының іргесінен 1267 гектар жер бөлінген. Оның 600 гектарына болашақта 100 мың адам қоныстанатын жаңа Нұркент қаласының инфрақұрылымы жасалмақ. Арнайы аймақтағы құрылыс қарқыны күн санап үдеп, Қорғас өзенінің жағалауында сәнді де зәулім ғимараттар бой көтеруде. «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында» соңғы бір жарым жылда бой көтерген «Хуан – Шыңғыс», «Қорғас – КАТ», Viktoria city, TZNs Devolopment Group сауда орталықтары бірінен кейін бірі бой көтеріп, елдің игілігін арттырып келеді.

Әсіресе, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы «Нұрлы жол» кедендік өткеліндегі логистикалық кешенінің екі ел ортақ дамуындағы орны ерекше. Логистикалық кешен толық іске қосылғанда бір жұмыс күнінде 875 көлікке жүк тиеліп жолға шығатын болады. Соның 60 пайызы (525) қысқа мерзімді сақтау ғимаратында қайта тиеліп, 350 көлік ашық алаңнан жүк алуға бейімделген. «Интергаз Орталық Азия» АҚ директоры Валентин Хван таныстырған жаңа жобаның өңірге әкелер жақсылығы орасан мол. Ірі транзиттік және магистральді газ құбырлары облыс арқылы өткенімен аймақты газдандыру деңгейі жоғары емес. Бұған қоса, қазір қалыптасып отырған күрделі экономикалық ахуал тұрғындарды газбен қамту үшін жаңа құралдардың қолданылуын талап етеді. Мысалы, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы үшін қуатты инвесторлар табуға тура келеді. Сондықтан APL Construction ЖШС секілді жеке инвесторлардың тартылуы аймақты газдандыру үшін ең тиімді тәсіл болып саналады.

Ұлттық оператор «ГазТрансГаз» АҚ инвестициялық серіктесі APL Construction ЖШС-імен бірлесіп, Жаркент қаласына жеткізуші газ құбыры мен автаматтандырылған газ тарату стансасын салып, наурыз айында іске қосқан болатын. Қолданысқа берілген «Жаркент» АГТС-і мен газ құбырлары биыл аудан орталығының 43 мыңнан астам тұрғыны мен 161 өндірістік және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорынын, сонымен қатар «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА тартылуда. Жалпы ауданда 324 шақырым газ құбыры салынып, 11800 тұтынушыны қамтымақ. Жуырда Қытайдың Ляньюньган портындағы Қазақстан – Қытай логистикалық орталығы мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы арасындағы контейнерлік қызметті іске қосылды. «Құрғақ порттан» Қытайдың Шингу қаласына, Ляньюньганнан Түркияның Ыстамбул қаласына жүк тиелген контейнерлік пойыздар бүгінде өз жұмысын мүлтіксіз атқаруда.

«Жетіген – Қорғас» теміржолымен, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль дәлізімен технологиялық байланыстағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА құру Еуропа мен Азияға ең қысқа жолды қамтамасыз ететін мықты индустриялық-логистикалық хабты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы)

Экономикалық даму



Дереккөзі: Инвестициялар және даму министрлігі

ҚОРҒАСТАҒЫ ІЛКІМДІ ІСТЕР



Аталған бағдарлама аясында «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында Нұркент ауылы салынып жатыр. Бұл Панфилов ауданындағы баспана алу кезегінде тұрған тұрғындар үшін ерекше көмек болғалы тұр. Әрқайсысы 60 пәтерлі екі үйдің құрылыс жұмыстары қауырт жүруде. Бұл пәтерлердің жалпы аумағы 6341, 68 шаршы метрді құрайды. Сметалық құны 885,5 миллион теңге, үйлерді салу Ринат Рысқұлов жетекшілік ететін New Construction құрылыс ұйымына келісімшарт бойынша жүктелген. Келісімшартқа сәйкес құрылысы 2015 жылы басталып, биылғы мамыр айының соңына дейін пайдалануға берілуі керек. Өткен екі жылда құрылысшылар 830 миллион теңге игеріп, көпқабатты үйлердің жалпы атқарылатын жұмыстарын тамамдаған. Биыл келісімшарт бойынша қалған 42,9 миллион теңге беріліп, нысанды пайдалануға беру істері атқарылуда.

– Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері аймақтарда бірде-бір жаңа қала салынбапты, Нұркент тыңнан салынған алғашқы қала болмақ, – деді облыс әкімі.

Жақында бұл үй пәтерлеріне кезекте тұрған тұрғындар қоныстанбақ. Сонымен қатар Қорғас ауылдағы шекара түбіндегі болашақ жаңа қалашықтың инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылысы қарқынды жүруде. «Альтайыр» кәсіпорны қолға алған инженерлік-коммуникациялық жүйенің жалпы ұзындығы 40,6 шақырым. Өткен жылдың қазан айында басталған жұмыстың басым бөлігі іске асыпты. Атап айтқанда, ауызсу жүйесінің 60 пайызы, жарықтандырудың 80 пайызы атқарылып, көшелерге асфальт төселуде.

Құрылыс жұмыстарының барысын облыстық құрылыс басқармасының басшысы Т.Бектасов мемлекет қаржысына салынған дайын инфроқұрылымы бар, болашақ қаланың алғашқы қоныстанушыларына үлескерлік немесе жалгерлік жолмен беріледі екен. Биыл ауданда құрылысы қарқынмен қолға алынған төменгі Пенжім ауылындағы фельдшерлік акушерлік пункттің сметалық құны 102, 205 миллион теңге. Өткен жыл соңында іргетасы қаланған нысанның құрылысы аяқталуға таяу. Бұрын орталықтан шеттеу орналасқан елеусіз шағын ауыл «Құрғақ порт» сынды ірі халықаралық жобамен іргелес. Болашақта бұл ауыл бүйірінен орын тепкен теміржолшылар қалашығы Нұркентке, округ орталығы Пенжімге қосылып, қала типті елді мекенге айналуы тиіс.

Жаркент қаласының шығыс бөлігінде жасалып жатқан «Инженерлік-коммуникациялық құрылыс» нысанын да қарқыны тез. Өткен жыл соңында жер бөлініп, бастау алған құрылыс жұмыстарының жартысына жуығы атқарылған. Алдағы жылы талапқа сай инженерлік-коммуникациясы мемлекет қаржысына салынған аймаққа жер кезегінде тұрған қала халқы жер телімін алып, тұрғын үй сала бастамақ. Жаркент қаласындағы 300 орынды жаңа мектеп құрылысы толық аяқталып, алдағы уақытта пайдалануға берілмек. Жалпы, шекара шебінде орналасқан ауданның тұрғындары осындай жарқын жетістіктермен жұртты қуантып келеді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ӨМІР – ҮЙРЕТЕДІ



түсімі мол. Ерте көктемде 25 гектар жерге тұқым сепкен серіктестік енді әр гектардан кем дегенде 350 центнер қызылша алуды көздеп отыр.

Бітік шыққан дақылға қарап, мұның сырын сұрағанымызда шаруа басшысы Шәкәрім Әдетбеков бәрі де білікті жұмысшылардың арқасы екенін жеткізді. Атай кетсек, суарушылар Мұқан Ахуалы, Уатхан Шаймарда, механизатор Тимур Ибрагимов, Арыстанбек Ноғайбаевтың еңбегі зор. Осы салада отыз жыл еңбек еткен Төлеген Мәмбековті де сол қатарға қосуға болады. Олар еңбекпен тапқан нанның дәмі тәтті екенін ерте білген. Бүгінде істеген еңбектеріне байланысты алатын ақшалары да қомақты.

Шаруашылықтарды аралау барысында шаруалардың да өтініш-тілегі болды. Олар келесі жылы осы кемшіліктер жойылса дейді. Мәселен, егіс танабына байыптап қараған адамға шіріген қызылша түбірлері де көзге шалынады. Шаруалар дер кезінде кеңес сұрауға білікті мамандардың тапшылығын болса да қолжетімсіздігін алға тартады. Егер оның жайын білетін мамандар уақтылы келіп, дерттің белгісі алғаш байқалғанда сараптама жасап берсе, соған орай себілетін дәрі түрін ұсынса, бұлай болмас еді, – дейді олар.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Бүгінде өнірдің дамуы тың серпін алды. Осы барыста өндіріс бұйымдарына, оның ішінде отандық өнімге деген сұраныс арта түсті. Нәтижесінде көптеген жұмыс орындары ашылып, жекелеген өндіріс ошақтары өз өнімін беріп те үлгерді. Жеке кәсіпкер Жайлаубек Бласов өз жұмысын 2007 жылдан бастап «Қаратал» құрылыс бұйымдары дүкенін ашудан бастаған. Аталған дүкен аудан тұрғындарын құрылыс жұмыстарына қажет сан алуан тауармен қамтамасыз етіп, жылдан-жылға ұсынылатын өнім түрі мен көлемін тез ұлғайтты.

Алдыңғы жоба 2011 жылы қолға алынды. Биыл 30 жұмысшысы бар құрылыс бұйымдарын өндіретін цех іске қосылып, шлакоблок өндірді. Тапсырыстың молдығына орай ұсыныс көлемі артып, цехтың өндірістік қуаттылығы тәулігіне 300-400 блокқа жетті.

Бұған қоса, өндіріс иесі былтыр шағын және орта кәсіпкерлікті несиелендіру мақсатында аумақтық қаржыландыру бағдарламасына қатысып, «СберБанк» АҚ-нан 8 млн теңгеге несие алды. Қазір бұл ақшаға өндірісті кеңейту мақсатында кезекті жобасын іске асыруда.

Тағы бір тілге тиек ете кетерлік жайт, биыл Қаратал ауданында «Өрлеу» ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Жайлаубек Бласовтың айтуынша, бұл ұжымның құрылуының негізгі мақсаты – аймақтағы жеміс-жидек, жуа, сәбіз, қарбыз өндірушілерден сатып алып, өнімді Алматы және Ресейдегі Сібір қалалары сұранысына орай өңдеп, сақтап, аталмыш шаһарлардағы сауда-саттық орындарына жеткізіп беру.

Жайлаубек Бласов «Қазір осы мақсатта 2000 шаршы метрге көкөніс қоймасы сатып алынып, жуа сақталуда. Келешекте қойманы 2000-4000 шаршы метрге дейін кеңейтуді жоспарлап отырмыз», – дейді.

Шаруасы тиянақты, табысы қомақты кәсіпкердің алға қойған жоспары да көп. Оған уақыт сарапшы десек, осы барыста мемлекеттік қолдаудың да қажеттілігі туындамақ. Осы барыста шаруашылық иесі кәсібін өркендетуге үнемі септесіп, көмек қолын созып отыратын аудан әкімдігіне алғысын жеткізді.

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...

Бүгінде белгілі бір кәсіппен айналысып, ел дамуына күш салып жүрген жандарды көргенде іштей риза боласың. Солардың ішінде шағын және орта кәсіпте шаруасын дөңгелетіп, ерекше қырынан танылып жүрген қыз-келіншектер де бар.

Ауыз толтырып айтуға оңай болғанымен, кәсіп ашып, оны одан әрі ұршықша үйіріп әкету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, қандай да бір істі бастағанда кедергілер мен қиындықтарға тап болатынын рас. Сондықтан оған да ептілік, үлкен сабырлылық пен білім-біліктілік қажет. Сонда ғана ойға алғандарды жүзеге асырып, мақсат-армандарға жетуге жол ашылады. Қазір облыста көптеген кәсіпкер мемлекет қолдауының арқасында істерін кеңейтіп, жұмыстарын жандандыруда. Осындай қолдауды тиімді пайдаланып отырғандардың бірі – Бақанас ауылының тұрғыны Айзат Абдраева.

Айзат құрақты өзім құраймын дейді. Ал көрпе негізінен қой жүнінен жасалады. Ескі көрпелердің мақтасы қайта өңделіп, жаңа өнім етіп шығарылады. Дайын бұйымдарға көбіне ауыл тұрғындары тапсырыс береді.

Кәсіпкер келіншектің негізгі мамандығы есепші. Бұған дейін аталмыш сала бойынша әртүрлі мекемеде қызмет істеп, кейіннен отбасылық жағдайға байланысты тігін ісімен айналысуды қолға алыпты.

Жалпы, кәсіпкердің бұл іске деген қызығушылығы бала жасынан қалыптасқан. Тігін тігудің қыр-сырын негізінен анасының әпкесінен үйреніпті. Ол кісі тігіншіліктің шебері болған көрінеді. Өзі де ізденіп, тігін өнеріне арналған кітаптар оқып, білімін жетілдіріп отырған. Аталған саланың сырын терең меңгеру үшін Алматы қаласына барып, тегін жұмыс та істепті. Әкесі Есімхан Абдрайұлы математик, анасы Сайлаукүл Абаева медбике қызметін атқарыпты. Әкесі де қолөнер шебері, темірден түрлі бұйым жасап, ұсталық кәсіппен айналысқан.

ТАБЫС ТАЛАПТЫ ЕСЕЛЕЙДІ

Әйел қауымының бизнеске араласуы іскерлікті айғақтаумен қатар сенімді нығайтатындығымен де ерекшеленеді. Сонысымен ескірген әлеуметтік көзқарасты өзгертіп, жаңа түсінікті қалыптастырады. Осындай ер мінезді кәсіпкер әйелдердің батыл қадамына, игі істеріне қарап, іштей қызығасың. Онымен етене араласпасаң да тындырымды тірлігіне қуанып, сүйсінесің. Кейде атына сырттай қанық адамдар болады. Онымен жақын таныса отырып, ой бөлісіңіз, сырласқың келеді. Ақыл-кеңесін тыңдап, тәжірибе алмасқанды қалайсың. Мұндай жүгі ауыр, жауапкершілігі мол істі жүргізуге қабілетті өжет қыздар елдің кез келген түкпірінде кездеседі. Солардың бірі – Ботагөз Советқалиды айтуға болады. Ол жас та болса, ұжымды біте қайнастырып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

Ботагөздің айтуынша, олардың шаруасы «Шалқыбекова» жеке кәсіпкерлігі деп аталады. Олардың бизнеспен айналысқандарына жиырма жылдай уақыт болыпты. Содан бері іргесі қатайып, іс ауқымы кеңейе түскен. Бүгінде кәсіпкер келіншек барлығы жиырмадан аса адамды жұмыспен қамтып отыр. Бастапқы жылдары дүкен, содан соң дәмхана, бірте-бірте кәсіптері жанданып, «Мерей» атты тігін цехын ұйымдастырған. Қазір оның жұмысы тігіншілердің жоқтығына, яғни маман тапшылығына байланысты уақытша тоқтатылыпты. Ал дәмханада сырттан келген қонақтарға тағамның небір түрі әзірленіп, ұсынылады.

Нан – күнделікті тұтынатын азық-түліктің бірі. Ал оны пісіру тағам әзірлеу ісіндегі көшбасшы сала болып саналады. Сондықтан ол әрдайым жоғары сұранысқа ие. Осыны ескерген кәсіпкер былтырдан бастап нан пісіруді де қолға алған. Оны өз қаражаттары есебінен жүзеге асырыпты. Қазіргі кезде онда нанның небір түрі дайындалады. Біз оған арнайы барғанда көз жеткіздік.

«Мерей» наубайханасының ішіне кірген мезетте-ақ қайнаған тіршілік әлеміне тап боласың. Буы бұрқырап, сап-сары болып жаңа піскен нан иісі бірден тәбетті ашады. Мұндағы қыз-келіншектердің бірі қамыр илеп, нан пісірумен айналысып жатса, енді бірі пештен жаңа шыққан нанды арнайы ыдысқа салып, майлап, әрлеумен шұғылдануда. Әркім өз ісінің шебері екендігін бірден аңғартады. Нан пісірудің қыр-сырын жетік меңгерген тәжірибелі қыз-келіншектердің жүзі жарқын, көңілдері көтеріңкі. Бұл мекемеде еңбеккерлер үшін барлық жағдай қарастырылған. Мәселен, арнайы жуынатын жер, асхана, демалыс бөлмесі бар. Мұндағы еңбеккерлер санға емес, сапаға мән беретіндіктерін айтады.

Шағын наубайханада қазір жеті адам еңбек етеді. Нан пісірушілер екі ауысымда қызмет көрсетеді. Дайын өнімнің тұтынушылары да сол ауылдан табылады. Өндіріс орны нан пісіруге лайық барлық қажетті құрал-жабдықпен жабдықталыпты. Бастапқыға қарағанда табыс көзі де молайған.

Кәсіпкердің жұмысына көбіне әкесі Асқар Құлатаев пен анасы Гүлнәр Шалқыбекова және бауыры Бауыржан Құлатаев көмектеседі екен. Табиғатынан жаңашыл іскер жанның кәсіпкерлікте ғана емес, сондай-ақ басқа шаруаға да ерекше мығым, тыңғылықты екені бірден аңғарылды. Әңгімелесу кезінде оның талаптылығы мен ізденгіштігі іштей сүйсіндірді. Тіпті кісі алдында өзін-өзі ұстауы мен сөйлеген сөзі, сабырлылығы да ерекше қызықтырды. Дәл осы сәтте «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген тәмсілдің мағынасын терең түсінгендей болдым. Нарық пен бәсекеге икемі бар жанды заманның өзі бейімдей беретіні анық. Сөйтіп, кәсіпкерлікпен шұғылдануға біржолата бет бұрған іскер жан уақыт өте келе шыңдалды, тәжірибе жинақтап, саланы жетік меңгерді. Сөзімен де, ісімен де өзінің қолынан іс келетініне көз жеткізді. Бұл оның бойындағы іскерлік қабілет пен өзіне деген сенімнің нық екендігін аңғартты.

ҚЫМЫЗДАН ҚАРЖЫ ТАПҚАН

Биенің сүтін сары балға теңеп, қымыздан асқан дәм жоқ екенін айтқан Ақтамберді жыраудың сөзі бүгін ақиқатқа айналғандай. Оның айқын көрінісі – жер жаннаты Жетісудың қастерлі төрі Райымбек ауданының салтына, дініне берік жұрты қаңтарда есік ашатын дәстүрлі жылды тек қымызбен қарсы алатын дәрежеге жетті. Бұл соңғы 5-10 жылдың көлеміндегі игі өзгеріс пен жақсылықтың нышаны сынды.

Жаз маусымында бие байлап, қымыз әзірлейтін өңір жұрты енді қаңтардағы жаңа жыл үшін деп арнайы қымыз сақтап қоятын болды. Мұндай шаңырақтар аудандағы әр ауылдан кездеседі. Мұндай игі шараға мұрындық болып жүргендердің дені атажұртына оралған қандас бауырлар. Олар ұлттың ең қастерлі сусынының бағасы мен барын одан әрі арттырып, мерейін тіптен асқақтатып келеді.

Иә, біз барған Сарыжаз ауылындағы ерлі-зайыпты Дүйсен Мұқаметжан мен Бақытгүл Жылбысқызы да сол арғы беттен оралған қандастар. Бүгінде олардың бір ауылдың шаруасының дөңгелеуіне септесіп отырған жайы бар.

– Біз бұрын Қапал жеріне тұрақтағанбыз. Бұл ауылға өткен жылдың қараша айында қоныс аудардық. Келе салып қанға сіңген кәсібімізбен айналысып кеттік. Кейін жақын туыстарымыздан құлынды биелер алдық. Қазір қыс маусымында жылы қораның ішінде 3 бие байлап отырмыз. Бүгінде қымыздың әр литрінің бағасын 500 теңгеден сатудамыз. Ең бастысы, емдік қасиеті үшін күн сайын саумалын алатындар бар, – дейді Дүйсен Мұқаметжан.

Аталған отбасы екі-үш бие байлап, күн сайын 15-20 литр қымыз сатып отыр.

Осы ретте отағасы қымыз әзірлеумен тек оның ауыртпалығын көтеріп, қадір-қасиетін білетіндердің ғана айналысатынын, бүгінде жұртшылық назарының осы кәсіпке ауа бастағанын тілге тиек етті. Әрі жаз шыға үйінің жанындағы күре жолдың шетінен 40-50 адамға арналған қымызхана ашып, сауып отырған биенің санын көбейтпек жоспарының да барлығын жеткізді. Бұл ойын ауыл әкімі Нұрлан Оралқұлов та қуана қолдаған екен.

Тілді үйірген ақ дәмнен ауыз тиіп, ауылдағы жұрттың ақ пейіліне көңіліміз тойған біз де ерлі-зайыптылардың алдағы жұмыстарына береке тілеп қайттық.

БЕСАСПАП АЗАМАТ

Ауыл – алтын бесік. Оны түлету, уақыт талабына сай көшін көрікті ету, аса маңызды. Бұл орайда туған жерін тұғыр етіп, құшағында жүрген азаматтарының көтерген жүгі, атқарып жүрген игілікті істері көп көмекке келері хақ.

Райымбек ауданы Ақай ауылында тұратын Еділ Сәрсенбаевтай еңбеккер жанды жерлестері «бесаспап азамат» дейді. Шын мәнінде, көп құрметіне лайықты жан. Ауылдастарының алғысын арқалап жүрген азамат. Журналистік іссапарымыздың бірінде Еділдің үйінде болдық. Жүргізіп келе жатқан бар шаруасына көңіліміз толды. Оның үйінің ауласын жедел машина-трактор жөндейтін шағын шеберхана деуге әбден болады. Не керектінің бәрі бар. Күніне 2 тоннаға дейін ұн шығаратын диірменін көрдік. Сұраныс иелері болса диірмен де іске дайын. Таға, шеге тағы да басқа керекті дүниелер соғатын ұстаханасында тұр. Көрігі, құрал-жабдықтарының бәрі орнында. Оның сыртында темір жонатын цех жұмыс істейді. Бұл да қат-қабат жүргізілетін жазғы науқандық жұмыс кезінде бұзылған түрлі техникаға, агрегаттарға көмекке келетін игілік. Машина-трактор жөндеуге арналған аулада көліктердің дөңгелектеріне жел үрлейтін құрал бар. Ең бастысы, қыжалат болып, іздеген адам қажетті көмегін ала алады. Сөйтіп, риза көңілімен аттанып жатады. Еділдей азамат үй ауласындағы ұстахана, диірмен, станоктың бәрін жүргізеді. Бәрін бес саусақтай меңгеріп алған.

Рас, мұның бәрі Еділ Сәрсенбаев басқаратын «Сулысай» шаруа қожалығының иелігіндегі дүниелер. Аталған шаруа қожалығы уақыт талабына сай жұмыс жүргізіп келеді. Төрт түлік мал өсіреді. Егіншілікпен айналысады. Арпа, бидай себетін 40 гектар егістік жері бар. Оны да тиімді пайдаланып келеді. Шаруа қожалығының Нұрболат Сәрсенбаевтай малшысы, Құрманбай Ниязақыновтай техника жүргізушісі бар. Қожалықта трактор, жүк көлігі, науқанды жұмыстарға қажетті агрегаттар көз тартады. Оның бәрі өз жұмыстарынан босаған кезде елдің де игілігіне жарап жатады.

Бесаспап азамат өнегелі шаңырақтың иесі. Жұбайы Толқын Нұрмұратова ауылдағы дәрігерлік амбулаторияда фельдшер болып еңбек етеді. Олардың сүттей ұйыған жып-жылы шаңырақтарында төрт бала өсіп келеді.

Үйінің ауласын жедел машина-трактор жөндейтін шағын шеберханаға айналдырған Еділдей азаматтың қолы қуатты бола берсін!

ЖОБА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында Sturt-Up жобасы қаржыландырылды. Жеке кәсіпкер Диана Жұмаділова қаладағы саяжайда шағын дүкенде жұмыс істеді.

Кейіннен сол сауда орнын сатып алуды ойлайды. Сөйтіп, аталмыш нысан иесі Дианаға ғимаратты алдымен жалға алып, кейіннен сатып алуға кеңес берді. Енді ол кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының кеңесшілермен бірлесіп, ісін жүргізе бастады. Бастапқыда кәсіпкер іс жүргізу үшін оқудан өтіп, бизнес-жоспар құрды. Жұмыспен қамту орталығынан жолдама алып, несие алуға тиісті құжаттар жинады.

– Әрине, бастапқыда оңай болған жоқ. Десек те, «Даму» қоры кеңесшілері көмегінің арқасында бастаған ісім нәтижелі болды. Қазір бұл дүкен менікі және несие бойынша да жүктеме женілдеді, – дейді Диана. Кәсіпкер барлық қаражатын тауарға жұмсап, банк талап еткен бастапқы жарнаға күші жетпеген еді. Дәл осы сәтте кепілдік беру құралы көмекке келіп, несиенің толық сомасын алуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде «БанкЦентрКредит» АҚ-дан жылдық алты пайызбен қаржыландырылып, қазіргі дүкенін сатып алды.





ТҮЙІН:

Біз жоғарыда шалғай ауылдағы бірнеше кәсіпкердің жаңа бастамасы туралы айттық. Әрине, тыңнан түрен салып, кәсіптен нәсіп табудың жолы сан түрлі. Оған тек шыдамды, жаңалыққа жаны құмар, қолынан іс келетін іскер азаматтар мен азаматшалар ғана батылдықпен бара алады. Біз сондай қайратына қажыры сай, білегіне біліктілігі үйлескен жандардың жайдармен істері жайлы тоқталдық. Расында, бүгінде қаржы көзі там-тұмдап баратын ауылды жерлердегі кәсіпкерліктің өріс алуы көптеген тосқауылға дөп келіп отырады. Олар мемлекеттік бағдарламаның да игілігін көріп, өзіне берілген мүмкіндікті ұтымды пайдалана білді. Сол арқылы тұрмыс-тіршілігін жақсартумен қатар, мемлекетке де қыруар кіріс киргізуде. Жыл сайын облыстың бюджеті молығып отырса, соның ішінде ауылдағы қарапайым кәсіпкерлердің де қаржысы бар деп білген жөн. Шынында, мемлекеттен қаржылай көмек алып, оны игерудің жолын білмей жол ортада бастаған жұмысын тастап кететін, оның арты дау мен айтысқа ұласып жатқандар да бар. Осы ретте олар жайлы емес, сондай қиындықты жеңіп, қиырдан қаржы тауып, кәсіптің көзін ашып, бағын баптағандардың бастамасын бүкпесіз жеткіздік. Одан өзіңіз тәжірибе алып, өміріңізге азық етсеңіз, біз үшін қуанышты болмақ.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Энергетика

Бүгінде игілігімізге жаратып отырған электр қуаты, табиғи газдан болашақта тапшылық тартуымыз әбден мүмкін. Сол үшін бүгінгі күннен бастап баламалы қуат көздерінен электр қуатын өндіруге басым бағыт берілмек. Осы бағытта атқарылып жатқан істер де ауқымды. Ол үшін жел, су, күн электр стансаларын салып, баламалы қуат көздерін көбейту күн тәртібіне шығып отыр. Осы жұмыстың бәрін білікті, бесаспап мамандар атқаратыны белгілі. Осыған орай, «Қазақстанның жаңа индустриясы» атауымен мемлекеттік деңгейде индустрияландыру картасы кезең-кезеңмен іске асырылып келеді. Оның алғашқы кезеңі 2010-2014 жылдар аралығы деп белгіленіп, осы жылдар ішінде экономикамызды ілгерілететін жобаларды қаржыландыру мен іске қосу жұмыстары сәтті жүргізілді.



ЖЕТІСУҒА ЖАРЫҚ БЕРГЕН МОЙНАҒЫМ!


Алматы облысы табиғатының мүмкіндіктері осы саланы дамытуға аса қолайлы. Облыс әкімдігінің 2006 жылғы 3 маусымдағы № 153 шешімімен Алматы облысының 2006-2015 жылдарға арналған су және жел электр энергетикасын дамыту бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама шеңберінде арнайы жобалау институтының ұсынысында облыста су электр стансаларын салуға арналған алпыстан аса болашағы зор аумақ және Шелек жел дәлізі мен Жоңғар қақпасындағы жел электр стансалары қарастырылған. Бағдарлама аясында 2008 жылдан бері жалпы қуаттылығы 324 МВт болатын Мойнақ су электр стансасы, 7 шағын су электр стансасы және бір күн электр стансасының құрылысы жобалары іске асырылды. Облыстың жаңартылған энергия көздерінің әлеуеті жүзеге асырылған жобаларды қоса алғанда жалпы қуаттылығы 749,6 МВт құрайтын 17 су электр стансысымен және 2 МВт күн электр стансасымен толықты.

Мойнақ су электр стансасының (СЭС) құрылысы Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі кезеңде қолға алынғаны белгілі. Аталған нысан жұмысының тездетіп аяқтауға бар күшін сарп етті. 1985 жылдан 1991 жыл аралығында негізгі ауыр жұмыс бітті.

Су шығару плиталары орнатылып, құрылыстық тоннельдер мен көптеген бетондық жұмыс аяқталды. Негізгі құрал-жабдықтар алынып, кейбірі, тіпті орнатылып та үлгергені есімде. Осылайша құрылыстың 70 пайызы аяқталып, 94 метр болатын су қорғаны тұрғызылып, аз ғана жұмыс қалған кезде Кеңестер Одағы құлап, құрылыс күрт тоқтады. Қаржылық қиыншылықтар етектен тартып, Бестөбе су қоймасының жұмысын толықтай тұралатып тастады.

Еліміз тәуелсіздік алып, экономикалық ахуал бір қалыпқа түскеннен кейін Стахан Белхожаев 2001 жылдың қыркүйегінде Мойнақ СЭС-нің құрылысын жандандыру турасында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа жағдайды баяндап хат жазады. Бұдан кейін ақжолтай хабар да көп кешікпей келді.

– Елбасы менің хатымды мұқият оқып шыққаннан кейін сол кездегі үкіметтің төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа менің ұсынысым маңызды екенін айтып, бұл мәселені жедел қарастыру турасында тапсырма бергенін естігенде төбем көкке екі елі жетпей қалды. Өз кезегінде Қасым-Жомарт Кемелұлы да тиісті ведомстволарға менің ұсынысым бойынша жұмыс істеуді тапсырды. Экономикалық жағдай біршама түзелгенімен мұндай ірі жобаға қаржы табу қиын болды. Бұл жобаның еліміз үшін маңыздылығын түсінгеннен кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мойнақ СЭС-ін салу мәселесін Шанхай ынтымақтастық ұйымының күн тәртібіне ұсынады. Өз кезегінде шығыстағы көршіміз жобамен мұқият танысып шыққаннан кейін Мойнақ СЭС-інің құрылысын қаржыландыруға келісім береді. Осылайша мемлекет басшысының табандылығының арқасында Мойнақ СЭС-і өмірге келді, – деп Стахан Белғожаев ғасыр жобасы деген атауға ие болған алып құрылыстың қалай басталғанын айтып берді.





«Елдің бірыңғай энергиямен қамтамасыз ету жүйесін нығайтудың аса маңызды міндеті жүйе түзуші ұлттық электр желісін (ҰЭЖ) дамыту болып табылады.

Шығыс Қазақстан және Алматы өңірлерін электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және «Солтүстік – Оңтүстік» бағытындағы транзитті күшейту мақсатында «KEGOC» АҚ «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік 500 кВт транзит құрылысы» жобасын іске асырады.

Бұл елдің солтүстік, шығыс және оңтүстік өңірлерін энергиямен қамтамасыз етуді шеңберлеуге, сыртқы өнім берушілерге тәуелділікті төмендетуге және тапшылық жағдайында энергияны тиімді бөлуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл электр құнына оң әсерін тигізеді, ал бұл өз кезегінде, экономикада тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының төмендеуінен көрініс табады»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Соның нәтижесінде 2005 жылғы 21 қарашадағы №1143 «Мойнақ» су электр стансасының құрылысы» туралы үкіметіміздің арнайы қаулысы шықты. 2006 жылы қолға алынған құрылыс 2012 жылғы сәуір айынан бастап іске қосылды. 2013 жылдың мамыр айының соңғы күндерінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мойнақ СЭС-інде болып, екінші су агрегатын іске қосты. Ел қуанышын еселеп, жұрт жақсылығына ортақтасты.

Гидроэлектрстансаның құрылысын ұйымдастырғандар және оның акционерлері «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы болғаны белгілі. Оған акцияның 51 пайызы тиесілі, ал «Мойнақ СЭС» және «Бірлік» акционерлік қоғамдары акцияның 49 пайызын иемденді. Қазіргі кезде толық күшімен жұмыс істеп жатқан Мойнақ су электр стансасы Қазақстанның энерго жүйесінің оңтүстік аумағын толықтай қуат көзімен қамтамасыз ететін мүмкіндікке ие. Қазірдің өзінде алып нысан Алматы облысының көптеген аймағын қуат көзімен қамтамасыз етіп отыр.

Мойнақ СЭС-інің орналасқан жері де ерекше. Таудың басынан төмендегі Шарын шатқалына қарай қиылып салынған кең жол сай-сай, беткейлерді жағалай тұп-тура бас ғимаратқа тіреледі. Бір жағы «Ақтоғай» алабы. Бұл жерге бүгінде балық өсіріліп, адамдар демалатын орын салынуда. Жол жиектерінің бәріне күннен қуат алып, түнге қарай жарқырап тұратын шамдар, биік бағаналар орнатылған. СЭС-ның Шарын өзені жағасындағы жер бетінен биіктігі 5 қабатты үйдей еңселі, көрікті бас ғимараты – көз қуанышындай. Дәлірек айтқанда, «Бестөбе» су қоймасы, 16 шақырым көл құралған жерден бастап 9 шақырым жер асты су жолының (тоннель) тіреле тұсы осы жер. 9 шақырымнан арындай ағып 500 метр биіктіктен құлай қуатты жарық көзін тудыратын жері осы ғимараттың астында. Арынды су өзін тосып тұрған 2 су агрегатын шыр көбелек айналдырып 300 мВТ қуат көзін тудырады. Жыл сайын бұл станса 1 миллиард 27 миллион кВт сағат электр өнімін өндіреді. Су агрегаты орналасқан жердің биіктігі 5 қабатты үйдей еңселеніп кең жерді алып жатса, жер астындағы бөлігінің өзі 3 қабат болып шықты. Қараңызшы, сан ғасыр, талай жылдар өз арнасымен бір қалыпты ағып келген Шарын өзені бүгін адамның ғаламат ақыл-ойының, білімінің жемісі, қуатты қолының еңбегімен бағытын өзгертіп, жер астынан жасалған жаңа арнасымен құлдилай, екпіндей, арындай келіп тура осы жерден қос агрегатты шыр айналдыра, ғимараттың екінші жағындағы астынан бұрқырай шығып қайта арнасына қосылып жатыр «Мойнақ» СЭС-ін іске қосуға жалпы 54, 1 миллиард теңге қаражат жұмсалды. Қуатты станса 20 жыл ішінде өзін жасауға жұмсалған бар шығынды өтейтін болады. Оның сыртында Орталық Азия энерго жүйесі бірлестігінің электр энергиясына еліміздің тәуелділігін болдырмауды қамтамасыз етеді. Облысымыздың өнеркәсіптік көрсеткішіне жыл сайын 7,6 миллиард теңгеге дейін тауарлық өнім қосып, бюджет қоржынына 1,790 миллион теңге түсім түседі.

Мойнақ СЭС-інде өндірілетін экологиялық таза және арзан электр қуаты, ағымдағы өндіріс шығындарының азайтуға, қуат жинау мен оны тұтынушының сұранысына қарай бөлу өте икемділігімен ерекшеленеді. Жетісу өңіріндегі тұтынушыларға қажетті электр қуатының 50 пайызы Екібастұз, Жамбыл СЭС-терінен және көршілес Қырғызстаннан сатып алынатындықтан, құны да қымбат. Мәселен, әлемде 1 мың киловатт электр қуатының құны 1 500 АҚШ доллары болса, ол өте арзан деп саналады. Ал Мойнақ су стансасында әлемдегі ең арзан электр энергиясы өндіріледі. Мойнақ су электрстансасы бүгінде өңірдегі электр қуаты тапшылығын барынша төмендетті.

Екіншіден, көлемі 238 млн шаршы метр болатын үлкен су қоймасы көктемгі еритін қар, нөсер жауын әсерінен өзендер арнасынан шығар жылдағы тасқын қаупінен құтқарады. Егіндіктер мен жайылымдықтарды су алу қаупі азаяды. Құрылыс нысандары су астында қалмайды. Суармалы алқаптар үшін де бөгеттің көмегі орасан болмақ. Үшіншіден, кез келген су энергетикасы нысанының өзге қуат өндірушілерден басты айырмашылығы – ауаны ластамайды, табиғатқа зиян келтірмейді. Сондықтан болашақта Мойнақ СЭС-і қуат өндіретін экономикалық маңызды нысан ғана емес, жұртшылық демалысын мәнді өткізетін туристік орталыққа айналады. Таулы өңірдегі Мойнақ су қоймасының маңында шаңғы базасы соғылып, демалыс үйлері тұрғызылатын болады. Тоғанда өмір сүруге бейімделген балықтар тұқымы өсіріліп, мұнда туризмді дамыту өндірістік негізге қоятын зор мүмкіндікке ие.



Мойнақтың басқа су электр стансаларынан өзгешелігі – таулы жерге салынғандығында. Шарын өзенінің құлама биігінде топтала орналасуында. Биіктігі 500 метрлік тік құлама. Тағы бір ерекшелігі – Шарын осы жерде 10 шақырымдық су шығаратын тегеурінді бөген арқылы өтетін су құрсауы қыса түсетін ағын береді. Энергетиктер қысыммен келген ағынды турбинаға бағыттап жібереді. Тағы бір айта кететін жайт, станса жоғары сейсмикалық аймақта орналасқандықтан, қауіпсіздік жағынан өте мығым.

ТҮЙІН

Мойнақ ГЭС-і өз қуаттылығы бойынша жұмыс істегелі бері Алматы облысының су және жел электр энергетикасын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру барысында өзге аймақтардан келетін электр қуатының мөлшері 44%-дан 33%-ға дейін азайған. Сонымен қатар жасыл энергияның үлесі 16,6%-дан 27%-ға дейін өскен. Дегенмен, облыс көлемінде өндірілетін электр қуаты жылына 3 миллиард кВт/сағаттық электрқуатты қажет ететін тұтыну көлемін қамти алмайды. Сол үшін оның көлемін ұлғайту керек. Осы бағытта көптеген жұмыс атқарылып жатыр, атқарылуы тиіс жұмыстар кезек күтіп тұр. Мысалы, бағдарлама аясында жалпы қуаты 496 МВт болатын 38 нысанның құжаттары дайындалып, қажетті жер телімдері нақтыланған. Тіпті қаржыландыру көздері де анықталып, тапсыру мерзімі белгіленіп қойылды. Олардың 33-і су электр стансасы, үшеуі жел электр стансасы, біреуі күн электр стансасы және біреуі биостанса болады. Кейбірі бүгінде ел игілігіне берілді. Демек, осы батыл қадамның бәрі де Елбасы «Ғасыр жобасы» деп атаған Мойнақ ГЭС-ін қолданысқа берумен тікелей қатысты. Өйткені, алып құрылыс бізге үлкен жобаларды да қиналмай орындай алатынымызды дәлелдеп берді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ӨЛКЕСІ ӨРКЕНДІ ЖЕТІСУ











Қапшағай қаласының автоматтандырылған газ тарату стансысына дейінгі магистральды құбырлар тұтастай жүз пайызға жүргізілген. 37 шақырым қашықтықты алып жатқан газ құбырына қомақты қаражат жұмсалған. Арна ауылына дейін газ тарату құбыры да дайын. Қаланың 4, 5, 8, 10, 18, 19 шағынаудандарындағы жеке баспаналар мен көпқабатты тұрғын үйлерге ағымдағы жылдың соңына дейін газ қосу жоспарланып отыр.

«Байсерке – Қапшағай» газ құбырының жобалық өнімділігі жылына 400 млн кубты құрайды. Бұл жоба қаланың алпыс мыңнан аса тұрғынын табиғи газбен қамтамасыз етеді. Болашақта 200 мың тұрғынға есептелген «Жаңа Іле» ойын-сауық туристік қаласына да газ қосылмақ. Қазіргі уақытта «Қапшағай аймағы газ құбыры» ЖШС мамандарының айтуы бойынша газ құбырын қосу үшін әр пәтер иелерімен келісімшартқа отыру жұмыстары басталып кеткен.

Қазір қаланың мың тұрғынымен келісімге отырып, оларға жыл аяғына дейін көгілдір отын беріледі деп күтілуде. Ал мекемеде жетпістен аса қызметкер жұмыс істейді. Оның басым бөлігі қала тұрғындары.

ететін New Construcion құрылыс ұйымының еңбеккерлеріне де алғыс айтып, алдағы жылы осы өңірде осындай 40 пәтерлі тағы бір жаңа үй салынатынын айтты. Сөйтіп, жаңа қоныс иелеріне пәтер кілттерін тапсырды.

Салтанатты сәтте көптен күткен жаңа пәтерге ие болған зейнеткер ана Жанат Райымбекова тебірене сөз сөйледі. Ардақты ана халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту бағытында үлкен істерді жүзеге асырып жүрген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, облыс әкімі Амандық Баталовқа және аудан әкімі Бердәулет Абдулдаевқа алғысын жаудырды. Жаркент жетім балалар үйінде тәрбиеленіп, кәмелет жасына толған 11 жас азаматқа да үй берілді. Солардың атынан сөз сөйлеген Анна Савельева жетімдер жайын назардан тыс қалдырмаған мемлекет басшыларына жүрекжарды алғысын білдірді.

Салтанатты жиын соңында Шәріпхан қажы қоныстой иелеріне ақ батасын арнап, құрметті қонақтар жаңа үйдің лентасын қиды.

КӨГІЛДІР ОТЫН КЕЛДІ

Жуырда көптен күткен көгілдір отын Талдықорған қаласы мен Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданына жеткізіліп, автоматты газ бөлу стансасын іске қосу салтанаты өтті. Еңбекшіқазақ ауданын газдандыру жобасын жүзеге асыру аудан орталығы Есік қаласынан басталды. Есік қаласындағы АГТС құрылысы 2016 жылы аяқталып, биылғы жылдың көктемінде аяқталған болатын. Жоба құны – 4,2 млрд теңгені құрайды. АГТС қуаттылығы сағатына 50 мың текше метр, бұл өз кезегінде 109 көпқабатты үйді, 5979 жеке үйлерді, 3880 әлеуметтік-тұрмыстық сектор нысандарын, 4 өнеркәсіп орнын көгілдір отынмен қамтуға мүмкіндік береді.

Есік қаласындағы абоненттердің жалпы саны – 12781 бірлік. Жуық арада Шелек қаласында АГТС іске қосылады деп жоспарланып отыр. Қапшағай қаласын газдандыру процесіне инвестор «КазМезГаз» ЖШС зор үлес қосты. Енді жуық жылдарда Қапшағайдағы 282 көпқабатты үй, жеке сектордағы төрт мыңнан астам үй, 20-дан астам кәсіпорын табиғи газға қосылатын болады. Сөйтіп мемлекет қолдауымен және облыс әкімі Амандық Баталовтың тұрақты қадағалауының нәтижесінде Жетісу өңірін газдандыру жобасы өзінің сәтті жалғасын тауып келеді.

Талдықорған қаласы. Биыл Талдықорған өңірінің тұрғындары үшін ерекше жыл. 2012 жылы басталған, ұзындығы 265 шақырымдық «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырының құрылысы аяқталып, елді мекендер көгілдір отынға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Бүгінде 2 миллионнан астам тұрғыны бар облысымыздың 22 пайыздан астамы ғана табиғи газға қосылған. Жаңа жобаның нәтижесінде 228 елді мекенде тұратын 900 мың адам көгілдір отын игілігін пайдаланбақ.

Жоспар бойынша Талдықорған қаласында 10 399 абонентті газбен жабдықтау жоспарда бар. Оның ішінде көпқабатты тұрғын үйлерде 4718, жер үйлерде 5681 абонент. Жалпы саны 42 мыңға жуық адам. Ал әзірге Талдықорған қаласында алғашқылардың бірі болып Ізбасаров көшесінің тұрғыны Елена Сұлтанова үйіне газ кіргізіп алды.

– Әке-шешем, менің отбасым жер үйде тұрып келеміз. Жетісу – жер жаннаты ғой. Жазы жайлы, қысы аса суық та емес. Ас әзірлеу үшін газ баллонын пайдаландық. Жазда оны сыртқа шығарамыз. Қыста амалсыздан үйге кіргізуге мәжбүр болдық. Ал баллонды үйде пайдалану қауіпті екені белгілі. Үйді жылыту үшін көмір, ағаш әзірледік. Көмірдің жақсысы түссе қуанамыз. Бықсып, жанбай қойса, ол бір бейнет. Ыстан көз жұмғандар қаншама? Сосын күл шығару керек. Осының кесірінен жылына кем дегенде екі рет бөлмелерді әктейміз. Енді оның бәрінен құтылдық, – дейді Елена Сұлтанова.

Газдандыру жұмыстарын жүргізу үшін бірқатар талапты орындау қажет. Мекеме басшысының атына жазылған техникалық шарт беру туралы өтінішпен қоса үй иесі жеке куәлігінің, газдандырылатын ғимарат құжатының көшірмесін *(салыстыру үшін түпнұсқаларын да көрсету шарт),* орнатылатын газ жабдықтарының техникалық сипаттамасын беруі керек. Техникалық шарт заңға сәйкес өтініш түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

– «ҚазТрансГаз аймақтың» талап еткен құжаттарын толық әзірлеп, кеңсесіне апарып бердім. Қабылдап алып, тіркелгені туралы түбіртек жазып берді. Осы күні келесіз де құжаттарыңызды аласыз деді. Көрсетілген күні құжаттарымды алдым да, мамандарымен қай күні кездесетінімізді келістік. Олар да келісілген күні келді. Жұмыстарын жылдам әрі сапалы жасап кетті. Қазір үйімізде газ бар. Бұдан артық қандай қуаныш болсын. Газ қызметкерлеріне рахмет, – дейді Елена.

Газдандыру жұмыстарын жүргізуге мамандандырылған, арнайы сертификаттаудан өткен компанияға рұқсат беріледі. Демек, бұл салада бәсекелестік бар. Ал бәсекелестік болған жерде сапа да жақсара түсуі керек. Алайда түрлі әдіс-амалдармен осындай құжат алып, жұмыс істеп жүргендер қаншама? Ондай фирмалардың көп жағдайда тиісті мамандары болмайды, алдын ала құжат әзірлемейді, жұмыстарын сапасыз жүргізеді, газдандырудан кейін құжаттарын үй иесіне уақытылы бермейді. Ал үй иелері газ үшін ақшасын алдын ала төлеп қойған. Осыдан кейін не ақша жоқ, не үйде жанып тұрған газ жоқ, тұрғындар біраз әуре-сарсаңға түседі. Мұндайды болдырмау үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ға хабарласу керек. Өз ісінің мамандары жұмыстың сапалы әрі жылдам жүргізілетініне кепілдік береді. Тіпті жұмыс аяқталғаннан кейін оның ақысын 3 айға бөліп төлеуге де мүмкіндік бар.

– Ауа райы салқындап келеді. Газ қосуға өтініш жазып жатқандар өте көп. Барлық құжаты әзір болса, күніне 3-4 үйдің жұмысын бітіруге тырысамыз. Кейде одан да көп болады, – дейді «ҚазТрансГаз аймақ» АҚ өндірістік-техникалық бөлім басшысы Елнар Каримов.

Газды тұрмыста пайдалану қауіпсіз саналады. Бірақ ол үшін бірқатар қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек. Біріншіден, қосулы тұрған пешті қараусыз қалдыруға болмайды. Пайдаланып болғаннан кейін түгелдей өшіріп қою керек. Екіншіден, балаларды газ жабдықтарына жақындатуға болмайды. Тағы бір аса маңызды талап – газ жабдықтарын өзіңіз жөндемеңіз, ақауы бар жабдықтарды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсететін мекememен шарт жасау міндет. Газ жабдығы тұрған бөлмені желдетуді ұмытпаңыз. Мұржаның тартуын үнемі тексеріп отырыңыз. Осыларды бұлжытпай орындасаңыз, өзіңіздің де, жақындарыңыздың да өмірін сақтап қаласыз.

Талдықорған қаласында газ жүргізу жұмыстарымен «ҚазТрансГаз аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы айналысады. Үйіңізге жылу кіргізіп, жайлылық орнатқыңыз келсе, Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі, 39/41, «АТФ Банк» ғимараты, 3 қабат, 306-кабинетке баруыңызға немесе 8(7282) 60-10-46 телефонына хабарласуыңызға болады.

Еңбекшіқазақ ауданы. Бүгінгі таңда Жетісу өңірін газдандыру ерекше қарқын алуда. Көгілдір отынға қол жеткізіп, қуанышқа бөленген елді мекендер саны жыл сайын артып келеді. Табиғи газдың келуі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, сондай-ақ қоршаған ортаның экологиялық тазалығына оң серпін береді. Игілікті іс Еңбекшіқазақ ауданында да жалғасын тапты.

Есік қаласы тұрғындарының көптен күткен арманы орындалды. Енді көмір жағып, отын жарып әуре-сарсаңға түскен күндер ұмытылады. Аудандағы алғашқы газ алауының жағылуына байланысты салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішев, «АПЛ Констракшн» ЖШС бас директоры Марсель Қажи және аудан әкімі Бинәлі Ысқақ қатысты. Қалаға көгілдір отын «Қазақстан – Қытай» магистральді газ құбыры арқылы тартылып отыр. Жаңадан салынған «Есік» автоматтандырылған газ тарату стансысының қуаты сағатына 50 мың текше метрді құрайды. Бұл қаланың 10 мыңнан аса тұрғын үйі мен 300-ге жуық кәсіпорындарды табиғи газбен қамтамасыз етуге жетеді. Осынау игі істер – «ҚазТрансГаз» Ұлттық операторы мен «АПЛ Констракшн» ЖШС-ның бірлесе атқарған нәтижелі жұмыстары. Алдағы уақытта аудандағы 51 елдімекен толықтай газбен қамтылады деп күтілуде.

– Құрметті қауым! Бүгін міне, сіздермен аудан тарихындағы айтулы оқиғаның куәсі болып отырмыз. Елбасының тікелей тапсырмасымен облыс аймақтарын газдандыру сызбасы аясындағы жұмыстар қанатын кеңге жайып келеді.Облыста 473 елдімекен газдандыруға кіретін болса, соның 108-і, яғни, 23 пайызы бүгінде көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 28 пайызға жетеді деп жоспарлап отырмыз. Жүйелі жұмыстар әрі қарай өз жалғасын табады, – деді Айдарбек Естебекұлы.

Будан кейін «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішев пен «АПЛ Констракшн» ЖШС бас директоры Марсель Қажилер сөз алып, аудан жұртшылығын айтулы қуаныштарымен құттықтады. Ал, Есік қаласының тұрғыны Савелий Карасиди осынау игі іске мұрындық болған облыс және аудан басшыларына көпшілік атынан алғысын білдірді.

Әкімдер бастаған, қариялар қостаған топ құбыр тетігін бұрап, алғашқы газ алауын тұтатты. Келген қонақтар көгілдір отынға бірінші болып қол жеткізген тұрғын үйлердің біріне бас сұқты. Газбен қайнатылған шайдан ауыз тиіп, қуаныштарына ортақтасты. Салтанатты шара соңы өнерпаздардың сауық-думанына ұласты.

Қапшағай қаласы. «Байсерке – Қапшағай» магистральды газ құбыры мен Қапшағай автоматтандырылған газ тарату стансысында көгілдір отынның алауын жағу жиыны өтті. Халық көптен күткен бұл айтулы оқиғаға арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов тұрғындарды құттықтап, Елбасының тапсырмасымен облыстың бірқатар аудан, қалалары көгілдір отынмен қамтамасыз етіліп жатқанын айтты.

Жиында Қапшағай қаласының Құрметті азаматы Сейілбек Маханов ақсақалдар атынан сөз сөйлеп, маңызды бастамаға бата берді. Қазіргі уақытта жоба мен өндіріс кестесіне сәйкес, «Байсерке» стансысынан

ТҮЙІН:

Бәріңізге белгілі, құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі құрылыс индустриясы – тәуелсіз еліміздің өркендеген экономикасының негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты десек, еліміздегі жетістіктердің дені құрылыс саласының дамуымен сабақтасып жатыр.

Тағы бір жағынан, құрылыс – экономиканың негізгі діңгегі болып келеді. Кейінгі жылдары еліміз бойынша, оның ішінде Жетісу жерінде құрылыс саласы қарқынды дамуда. Жыл сайын өңірімізде жаңа үйлер, мектептер, ауруханалар салынып жатыр. Қатар-қатар бой түзеген көпқабатты тұрғын үйлер елдігіміздің ертеңгі жарқын болашағын көз алдымызға келтіріп, жүрегімізге сенім ұялатады. Осыған дейін біздің аймақта бой көтерген тұрғын үйлер, еңсе тіктеген емхана-ауруханалар мен білім нысандары, іске қосылған өндірістердің бәрінде құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр. Сондықтан құрылысшы еңбегі қашанда құрметке лайық. Біз де осы маман иелерінің ізгі қасиеттері мен қоғамның өркендеуіне қосқан үлесін осы жазбамыз арқылы жұртқа жеткізуді мақсат еттік.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Энергетика

ЖАҢҒЫРҒАН ҚУАТ КӨЗІ

Қазіргі таңда еліміздің экономикасы электр тұтыну көлемінің орташа алғанда жылына 5-7 пайызға өсуімен қарқынды дамып келеді. Еліміздің Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша электр энергетикасы саласында электр стансаларының қуатын арттыру, ұлттық және өңірлік электр тораптарын дамыту міндеті тұр. Бүгінгі күні Қазақстанда электр энергиясы саласын стратегиялық дамытудың нақты жоспары бар, онда салынған инвестициялардың деңгейіне қажетті жобалар бойынша нақты мерзімдері анықталған. Үкімет бұл жоспарды қолдап отыр. Сонымен бірге жобаларды іске асыру мерзімдеріне байланысты электр энергиясы саласының қарқынды дамып келе жатқандығын ескерсек, қазіргі күннің өзінде бұл саланы 2030 жылға дейінгі дамыту мәселелерін қарау қажет.

Әлемде гидроэнергетика ресурстарына деген сұраныс күн сайын артып келеді. Су энергиясының потенциалы жағынан еліміз Орталық Азияда алдыңғы орында тұр. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, аймақтағы энергия көздерін ашу, қайта қалпына келтіру, дамыту бағытында бірқатар жұмыс атқарылған. Үкіметтің 2013 жылғы 25 қаңтардағы №43 қаулысымен бекітілген «Қазақстанда баламалы және жаңартылған энергетиканы дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар» жоспарына сәйкес, инвесторлар тарапынан 12 жаңартылған энергетика жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Оның ішінде 2 күн электр стансасы, 8 су электр стансасы және 2 жел электрстансасы бар. Жоспарланған мерзімде соның бірқатары іске қосылды. Солардың ішінде Сарқан ауданындағы «Жоғарғы-Басқан» ГЭС-і пайдалануға берілсе, алдағы уақытта «Лепсі – 2» СЭС-інің бірінші торабы қосылмақ. Біз Сарқан ауданындағы іссапарымызда аталған СЭС-тің жұмыс ауқымымен танысып, оның өңір дамуына тигізетін пайдалы тұстарын бағамдадық.

Сарқан ауданында басын таудан алатын ағысы қатты бірнеше өзен бар. Оның суы негізінен егістік жерлерді суаруға жұмсалып келді. Соңғы кездері бұл өзендерге су электр стансаларын салу қолға алынып, екі нысан бой көтеріп үлгерді. Осы екі су электрстансасы алдағы уақытта 21 мВт ток өндіретін болады. Мұның өзі, біріншіден, инвестиция, екіншіден, жаңа жұмыс орны, үшіншіден, арзан қуат көзі болып табылады. Расында, Балқаш көліне құятын өзендердің ішінде Лепсінің ағысы қатты. Бастау көзін Жетісу Алатауының құз-шатқалдарынан алатындықтан, одан қуаттылығы жоғары электр энергиясын алудың мүмкіндігі мол екендігі бұрыннан белгілі. Әйтсе де, бұл жұмыс тек 2013 жылы ғана жеке инвесторлардың қаржысымен қолға алынды. Қойлық ауылының іргесінен орын алған нысан - облысымыздағы «Мойнақ» СЭС-інен кейінгі қуаттылығы жоғары су электр стансасы. Таудың жартасты беткейіндегі су қоймасы жер бетінен 10 метр биіктікке орналасқан. Ал жер астына жеті метр тереңдікке орналастырылған станса құрылысының сапалы салынғаны бірден байқалады.

Мұндағы техникалар тұтастай компьютермен басқарылады. Жалпы төрт генератордан құралған. Оның үшеуі 4850 КВт, ал біреуі 2500 КВт ток өндіреді. Оның жұмыс барысы өте күрделі. Атап айтсақ, су қоймадан қақпа арқылы өтіп турбинаға келеді, су ағыны турбинаны айналдыра бастайды, турбина электр энергиясын өндіретін генераторды іске қосады, генератордан энергия электр желісі бойынша тұтынушыларға жөнелтіледі. Төменгі қабаттарға өртten сақтану құрылғылары, генератордың майын ауыстыратын ТП20 май ауыстырғыш, генераторды сумен қозғалтатын биіктігі екі жарым метр құбыр, генераторды май және ауамен тоқтататын тежегіш құрылғысы, суды сыртқы каналға ығыстыратын сорғыш құралдар орналастырылған. Қысқасы, станса құрылысы бүгінгі заманауи құрылғылармен толықтай жабдықталғаны көрініп тұр. Айта кетерлігі, стансада белгілі бір ақау пайда болса, жұмысы автоматты түрде тоқтайды. Орын алған ақау толық қалпына келтірілгенше құрылғылар жұмыс істемейді. Десе де, осындай жетістіктердің бәрі де біздің электр энергиясына деген мұқтаждығымызды толығымен қамтамасыз ете алмай келеді. Кеңес одағы кезінде одақ көлемінде электр энегиясы біртұтас жүйе бойынша таратылды да, еліміз тәуелсіздік алған жылдары бұл жүйе бұзылды. Сөйтіп, бір мезгіл электр қуатына деген тапшылық тұрғындарды әре-сарсаңға салды. Еліміздің электр энергиясы саласындағы осы қиыншылықты шешу үшін 1997 жылы «KEGOC» АҚ құрылып, ауқымды жұмыстар атқара бастағаны анық.

Содан бері 20 жыл өте шықты. Алайда саусақпен санарлық жылдар аясында атқарылған шаруа да аз емес. Басқасын айтпағанның өзінде, бүгінге дейін Ұлттық электр торабына (ҰЭТ) салынатын инвестиция көлемі 2 млрд долларды құрады. Сол қатарда «KEGOC» АҚ «30 корпоративтік көшбасшы» мемлекеттік бағдарламасының тізбесіне кірген және энергия тиімділігі мен торап жұмысының сенімділігін арттыруға бағытталған бірнеше ірі жобаны іске асыруда. Ұлттық электр торабын жаңғырту бойынша бірінші кезең іс жүзінде аяқталды. Екінші кезеңді іске асыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Айталық, 2009 жылы KEGOC компаниясы ірі көлемдегі екі инфрақұрылымдық жобаны аяқтады – бұл Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші желісін салу және 500 кВ Жітіқара – Өлке желісін салу жобалары. Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші желісін салу еліміздің оңтүстігіне электр энергиясын 600 МВт-дан 1259 МВт-ға дейін екі есеге арттыруға мүмкіндік берді және сол кезеңде орын алған Қазақстанның оңтүстігіндегі электр энергиясына деген аса тапшылықты жабу мәселесін шешуді қамтамасыз етті. Ал Жітіқара-Өлке желісін салу Ақтөбе энергия торабында қазақстандық электр энергиясына деген аса жетіспеушілік мәселесін шешті, сондай-ақ өңірдегі тұтынушылардың Ресейден жеткізілетін электр энергиясына деген тәуелділігін тоқтатты. Сонымен бірге аталған жоба электр энергетикасы саласында алғаш рет концессиялық негізде іске асырылды. Сонымен қатар «KEGOC» АҚ «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «500 кВ «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік» ӘЖ транзитін салу» жобасын жүзеге асыруда. Бұл жоба екі кезеңнен тұрады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік» транзитінің 500 кВ әуе желісін, яғни 500 кВ «Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен» жоғары вольттық желілерін (ӘЖ) салу» жобасының бірінші кезеңін іске асыру жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтады.

Белгіленген уақыт ішінде сапалы атқарылуы тиіс міндеттер аз емес, әрине. Солардың қатарында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында алға қойып отырған «Екібастұз-Семей-Өскемен» және «Семей-Ақтоғай-Талдықорған-Алма» бағыттарында жоғары вольтті желілер салу міндетін айтып өтпей болмайды. Аталған тапсырма тікелей «KEGOC» акционерлік қоғамының қызмет аясына жатады. Олай дейтінім, бұл жобалар 2014 жылы іске асырыла бастаған «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500 кВ-тық ЭЖ салу» ауқымды жобасының құрамдас бөліктері болып табылады. Жобамен жалпы ұзындығы 1700 шақырымнан асатын 500 және 220 кВ электр жеткізу желілері мен қуаты 500 кВ «Семей», «Ақтоғай» және «Талдықорған» қосалқы стансаларының құрылыстары қамтылады. Оған қосымша, жұмыс істеп тұрған 1150 кВ «Екібастұз», 500 кВ «Алма», дәл осындай кернеулі «Өскемен» және 220 кВ «Шүлбі ГЭС» қосалқы стансаларын кеңейту жоспарланып отыр.


Ең басты міндет – Алматы қаласы мен облыс тұрғындарын, ондағы өндіріс нысандарын электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету. Айталық, Алматы облысын екі энергия торабы қуатпен қамтамасыз етеді. Оның бірі – Алматы қаласынан 45 шақырым қашықтықта орналасқан «Алма» қосалқы стансасы болса, екіншісі - 500 кВ «Алматы» қосалқы стансасы. Бұл жерде «Алма» қосалқы стансасының пайдалануға берілгеніне бірнеше жыл ғана болғандығын айтып өтпей болмайды. Бұрындары, яғни кеңес өкіметі кезінде салынған «Алматы» қосалқы стансасы шекті жүктемеде жұмыс істеді. Сол себепті 500 кВ «Алма» қосалқы стансасының іске қосылуы электрмен жабдықтау сапасын жақсарту тұрғысында бүкіл оңтүстік өңірі, бірінші кезекте Алматы қаласы үшін стратегиялық маңызға ие. Аталған станса пайдалануға берілмей тұрған кезде Алматы энергия торабындағы электр қуаты зәрулігінің 50 пайызға жеткендігі бұл сөзімізге жарқын дәлел бола алады.

«Алма» – Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында өз күшімен салынған 500 кВ кернеулі тұңғыш қосалқы станса. Нысанға «Сименс» фирмасының осы заманғы сандық қорғаныс құрылғылары, сонымен қатар Франция мен Испания, Қытай елдерінің заманауи құрал-жабдықтары қойылған. Бұған дейін жүзеге асырылған жобалар бойынша қолданыстағы қосалқы стансалар кеңейтіліп қана келген болатын. «Мойнақ ГЭС-і» шын мәніндегі ірі жобалардың біріне айналып, оңтүстік өңірді энергиямен жабдықтауды жақсарту мәселесінде аса маңызды рөл атқарды. Аталған нысаннан Шелек *(119 км)* ауылы мен Сарыөзек *(215 км)* ауылына 220 кВ кернеулі электр желілері тартылып, 220 кВ Шелек пен Сарыөзек қосалқы стансалары кеңейтілді. Мойнақ ГЭС-інің ашық бөлу құрылғысының құрылысы жүргізілді. Мойнақ ГЭС-і дүние жүзі бойынша жер астын ұңғылау әдісімен салынған үшінші су электр стансасы болып саналады. Белгіленген қуаты – 300 МВт. Осылайша алдағы уақытта Балқаш ЖЭС-інің бірінші кезегі (1320 МВт) пайдалануға берілсе, Алматы энергетика торабы бойынша энергетика айналмасын құру мәселесі толығымен шешілмек.



«Оңтүстік өңірлерді электр энергиясымен қамтамасыз етудің сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін солтүстіктегі энергия артықшылығын оңтүстік өңірлерге аудару үшін жаңа электр беру желілерін салу қажет. Бұл Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесін нығайтуға жәрдемдеседі»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)



Осы тұста Шу қосалқы стансасы туралы да айта кету керек. Аталған нысанның рөлі Жамбыл ауданының Үлкен елді мекенінде, айдынды Көкше теңіздің жағалауында салынып жатқан Балқаш жылу электр стансасының алдағы уақытта іске қосылуымен өлшеусіз арта түспек. Үлкен демекші, ол жерде де қуатты қосалқы станса жұмыс істейді. Айтпақшы, Талдықорған өңірін электр энергиясымен тұрақты жабдықтау мәселесі де ұдайы назарда. Мұнда кеңес дәуірінде салынған қосалқы стансалар мен электр желілерінің жабдықтары толық жаңаланды десе болады. Бұл өңірге 220 кВ кернеулі №152 қосалқы стансасы қызмет көрсетеді. Ұлттық электр желілерін жаңарту бағдарламасы бойынша 2013 жылы 10 кВ кернеулі барлық электр құрылғылары толықтай ауыстырылды. 2013-2014 жылдары жоғары кернеулі автотрансформаторлардың тетігі жаңаланып, 110 кВ кернеулі реактор іске қосылды.

Бұл жерде айта кететін бір мәселе – бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан осындай қосалқы стансалардың ескі жабдықтары түгелдей жаңартылып, оларға заманауи сандық қорғаныс құрылғылары, басқа да заманауи жабдықтар қойылған. Қазіргі таңда Ақтоғай-Талдықорған және Алма қосалқы стансалары аралығында 500 кВ кернеулі электр желісі салыну үстінде. Оған қосымша, 500 кВ кернеулі Талдықорған қосалқы стансасының құрылысы жүріп жатыр.

Жоғарыдағы жобалар толық аяқталғанда өңіріміздегі электр энергиясына деген тапшылық жойылады. Кез келген жағдайда электр қуатын толық пайдаланып, керекке жаратудың даңғыл жолы қалыптасарына сеніміміз мол.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Өнер

АЛАТАУҒА ЖЫР ЖАУДЫ

Алматы қалалық әкімдігінің ұйымдастыруымен «Ұлы Дала елі» халықаралық жыршылар фестивалі өтті. Жыр кешінде көрермен тек жерлестеріміздің өнерін ғана емес, алыс-жақын түркі халықтары жыршыларының да өнерін тамашалады.

Қазақстан мәдени саясатының тұжырымдамасында «Қазақстанның музыкалық мәдениетінің бай мұрасын сақтап қалу және дамыту үшін композиторлар мен дәстүрлі және классикалық музыка орындаушыларын, дарынды халық орындаушыларын қолдау жөнінде пәрменді шаралар қажет. Қазақи дәстүрлі музыка мәдениетінің түрлері мен жанрларын сақтау материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы халықаралық конвенцияны іске асыру шеңберіндегі басым міндет болып табылады» – деп жазылған.



Алатаудың аспанын жырға көмген этнофестивальде Сыр, Орал, Маңғыстау өңірінің жыраулық өнерінің хас шеберлері, бүгінгі қазақ жыршыларының ақсақалдары Хатимолла Бердіғалиев, Бидас Рүстембеков, Өсербай Сәрсенбаев бастаған жыршы-термешілерімізбен қатар, Өзбекстан, Түркімен, Қарақалпақ елінен келген жыршылар да өнер көрсетті.

Сахнада Мұрат Мөңкенің «Үш қиян» дастаны, Сүгірдің толғауы, Нартайдың «Бастауы», Майлықожаның «Жақсы бір адам картайса» термесі, Балтабасов Түменнің «Маңғыстау» дастаны орындалды. Өзбекстаннан келген Шодмон Хужамбердиевтің орындауындағы «Көроғлы» дастаны, қарақалпақстандық Бақберген Сырымбетовтің орындауындағы «Халық термесі көрермен көңілінен шықты. Түркіменстандық жыраулардың орындауындағы «Көроғлы» жыры атадан балаға мұра боп, бүгінгі заманға жеткеніне көрермен куә болды. Кешті ұйымдастырушылардың бірі – жыршы Ұлжан Байбосынова жобаның жүгі ауыр екенін айтты.

Ұ.Байбосынова «Жобаның салмағы оңай деп айта алмаймын. Бұл жерден біріншіден, жобаның жауапкершілігі жоғары. Жыршылық, жыраулық өнердің қаншалықты терең екенін жақсы білесіздер. Терең мағыналы сөздің салмағын жоғалтып алмай халыққа жеткізу – жобаның басты ерекшелігі әрі мақсаты. Екіншіден, бұл бүкіл өңірде сақталған жыршылық өнер ғой, соның барлығын қамту керек. Бірде біреуін қалыс қалдыруға болмайды. Барлық қазаққа ортақ өнер болғандықтан, бүгінгі дүниедегі ұрпақтары, орындаушылары бұл жиында көрінуге тиіс. Жалпы, жыраулық өнер сақталған Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Сыр бойын айтуға болады, сондай-ақ Жетісу, Арқа өңірінде бұл өнерді жаңғыртқымыз келеді. Бұқар жырау, Ақтамберді, Қазтуған сияқты батыр-жыраулардың қазынасын қайтадан халықтың құлағына жеткізгіміз келеді. Жоғалтып алған мұрамызды тірілтіп, барымыздың басын біріктіріп, халқымызға жеткізсек дейміз. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – басты темірқазығымыз. Сол бағдарламаны іске асыру бағытында, соның аясында кенжелеп қалған жыраулық, жыршылық өнерді жаңғыртсақ деген айқын мақсат бар.



Қазіргідей жаһандану заманында жыршылық мұрасы ұрпаққа керек, аса қажетті уақытында тұр деп есептеймін. Себебі жыршылық мұраның ұлағаты жас ұрпақтың бүгінгі тәрбиесіне ауадай қажет. Жаһандану заманында түрлі жанрдағы музыка пайда болды, бұл әлі де тез өзгеріске түсіп жатыр. Ондай құбылыс жалпы әлемді жаулап алды. Осы тұрғыдан келсек, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да өзекті тұсында көтерілді деп ойлаймын», – деді.

Айта кетейік, «Ұлы Дала елі» этнофестивалі биыл екінші рет өткізіліп отыр. Этнофестивальдің ұйымдастырушысы Ұ.Байбосынова «Ең алғаш басталғанда жылына 1 рет өткізіліп келген болатын. Қала әкімі Бауыржан Байбек өзі келіп көргеннен кейін, бұл өнердің қазақ үшін соншалықты маңызды екенін байқады. Осыдан кейін әкім мұны жылына бір рет өткізу аздық қылатынын айтып, жылына екі рет Астана күні және Тәуелсіздік қарсаңында өткізу қажеттігін тапсырды. Әкім «Жыршылық, жыраулық өнер сол мерекеміздің мақсатын, мүддесін ашады» – деп тапты. Расында, бұл өнер елдігімізді, қандай мемлекет, қандай ұлт екенімізді таныта біледі», – деді.

Садық АЛМАСҰЛЫ



ӨРІСІ МАЛҒА ТОЛҒАН

өнімдері сақтайтын орындарға жеткізілген. Ал қазір егіс алқаптарында күздік бидай егу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Тасқарасу ауылының элиталық дақылдар тұқымын дайындайтын қожалықтары келер жылдың көктемгі егін науқанына дайындықты қолға алып, 20 тонна сұрыпты бидай тұқымын жинап, 60 тонна элиталық жүгері тұқымын әзірлеп қоюдың қамына кіріскен.

Тұқым өсіретін шаруашылықтарға мемлекет тарапынан берілетін қолдауқаржы егіншілердің еңбегіне демеу болып келеді. Биыл 87,9 тонна жүгері тұқымын сатып алған өңірдегі 139 қожалық Үкіметтен жалпы 32 миллион 591 мың теңге демеуқаржы алды. Сол сияқты жеміс бағын өсіретін жеті шаруашылыққа 16012 жеміс ағашының көшетін сатып алғаны үшін 5 миллион теңге қолдауқаржы төленді.

Осы ретте Шарын өңіріндегі егін шаруашылықтарына 134 миллион 628 мың теңге бөлінгенін айта отырғанымыз артық болмас. Жас бақ еккен бағбандарға, көпжылдық жүзім көшетін, көне жеміс бақтарын жаңартқандарға да үкімет тарапынан қаржылай қолдау көрсетілді.

Минералды, органикалық тынайтқыштарды егістік алқаптарына қолдану егіншілерге арзанға түспейді. Бұл бағытта да мемлекет егіншілерге қаржылай қолдау жасап отыр. Айталық, биыл 155,1 тонна минералды тыңайтқыш пайдаланған 32 шаруа қожалығына мемлекет 7 млн 484 мың теңге демеуқаржы бөліпті. Сонымен қатар өсімдіктерді зиянды жәндіктер мен әртүрлі аурулардан қорғау үшін гербицидтер қолданған 11 шаруашылыққа 3 миллион 744 мың теңге қолдауқаржы берілді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға да мемлекет мән беріп келеді. Әсіресе, ауыл шаруашылық техникаларын жаңартудың маңызы үлкен. Есепті уақыт аралығында өңірдегі қожалықтар 9 «Беларус» тракторын, екі трактор тіркемесін, бір экскаватор, 21 басқа да ауыл шаруашылық техникаларын 133 миллион 825 мың теңгеге сатып алды.

Аудандағы мал шаруашылығының да өнім өндіру көлемі артыпты. Үстіміздегі жылдың тоғыз айында шаруалар 6588 тонна ет, 17858 тонна сүт, 564 тонна жүн, 6 миллион 137 мың дана жұмыртқа өндіріп сатыпты. Бүгінгі таңда Шарын өңірінде 75591 ірі қара, 272305 қой-ешкі, 17053 жылқы, 21433 құс қыстатылмақ.Өңірдегі төрт түлікті қыстан қоңды шығару үшін фермерлер 116600 тонна шөп дайындап алыпты. Ауданда мемлекеттік «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының көмегімен мал сапасын жақсарту бағытында да қарымды қарекет жасалуда.

Өңір тұрғындарының ауыл шаруашылық өндірісін өрлете бастаған қарымды қарекеттерін осындай нақты көрсеткіштер салмақтайды. «Елде болса ерінге тиеді» демекші, отандастарымыздың байлық-берекесінің еселеп артуына аудан тұрғындары да өз үлестерін нәтижелі істерімен қосуда.

ҚАРЫШТЫ ҚАДАМ, ТАБЫСТЫ НӘТИЖЕ

Экономикамыз жақсарып, ел еңсесі көтерілген сайын кезінде құрдымға кеткен дүниелер қайта қалпына келуде. Соның бірі – ауылдардағы ветеринариялық пункттер. Бұл да мемлекет болашағын ойлаған игілікті іс. Осы тұрғыдан келгенде, аудан орталығындағы ветеринариялық стансасы жұмысын ойдағыдай жүргізіп келеді. Оған білімді де білікті жас маман, іскер азамат Руслан Масенов басшылық жасауда. Кәсіпорынның орталық аппараты мен жер-жердегі пунктінде 220 маман еңбек етеді.



Еліміздің ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылы 30 қаңтардағы №7-1/68 ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес аудан бойынша биылғы жылдың 1 қыркүйегіне статистикалық мәлімет бойынша есепке алынған мүйізді және ұсақ мүйізді ірі қара, жылқы жоспардан асыра сәйкестендірілді. Ауданда ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру іс-шараларын жүргізу туралы жоспарына сәйкес ірі қара мен қой-ешкі малдарының төлдерін бірдейлендіру жұмыстары жүргізілуде.

Осы ретте сала мамандарына да барлық жағдай жасағанын айта кеткен жөн. Облыс әкімі Амандық Баталовтың тікелей қолдауымен аудандағы Сүмбе, Кеген, Саты ауылдарында ветпункт ғимараты салынуда. Келесі жылы Ұзынбұлақ, Алғабас ауылдарында ветпункт құрылысы қолға алынады. Ветсанитарлық объектілері бойынша ауданда ветпункт меңгерушілерінің ұйымдастыруымен 48 мал емдеу қашалары жасалды. Ауылдық округтерде мал өлекселерін тастайтын арнайы орын бар. 2011-2013 жылдары Кеген, Нарынқол, Жамбыл, Сүмбе, Қайнар, Қақпақ, Жалаңаш, Саты ауылдық округтерінде жергілікті бюджет есебінен қаражат қарастырылып, арнайы типте мал қорымдары салынды. 2014 жылы бұл жұмыс одан әрі жалғасып, тағы да 5 ауылдық округте арнайы типте мал қорымы салынып, құжаттары жасалды. Қазір аудан аумағында 25 мал тоғытатын, 21 мал ұрықтандыратын орын жұмыс істейді.



Руслан Масенов

Бір сөзбен айтқанда, Райымбек ауданындағы Руслан Масенов бастаған ветеринариялық пункттердің мамандары ел мен жер үшін қыруар жұмыс жасап келеді. Олардың жұмыстары маусымдық емес. Жылдың барлық мерзімінде үзіліссіз жалғасып жатады. Ең бастысы, төрт түлік малдың әр түрлі жұқпалы аурулардан ада болғаны керек. Сол үшін алдын алу жұмыстары тынбай жүргізіледі. Таулы өлкеде төрт түлік мал аурулардан таза болып, өз төлі есебінен алаңсыз өсіп-өркендеп жатса, онда әр күні еңбекке толы ветпункт қызметкерлерінің мол үлесі бар. Реті келгенде, өз жұмыстарын күн талабына сай жүргізіп келе жатқан Мәулен Әбікенов, Дабырбек Бейсебаев, Тұрсынәлі Мүсілімов, Кенес Құтел, Қайрат Жұмабаев, Бекен Кәрбозов, Дәурен Советхан басқаратын Сарыжаз, Қайнар, Алғабас, Жалаңаш, Қақпақ, Сүмбе, Қарқара ауылдық ветпункттерінің атына жылы лебіз білдірген артық емес. Кәсіпорын аппаратында жұмыс істейтін мекеме басшысының орынбасары Берік Қасымханов және Мырзаш Изентаев, Қабыл Төкенов, Кенес Ердесбаев, Малика Қазиахмет секілді іскер мамандардың да көтеріп жүрген жүгі жеңіл емес.

КӨКСУЛЫҚТАРДЫҢ КӨҢІЛІ ТОҚ

Өңірімізде қант қызылшасының өніміне деген сұраныс артып, облыстың, қала берді республиканың табыс көзіне айналып үлгерді. Күні кеше ғана Көксу қант зауыты алғашқы өнімдерін қабылдауды бастап, халық алқаптағы жиын-терінге қызу кірісті.

Солардың бірі – Көксу ауданы, Лабасы ауылдық округіне қарасты Талапты ауылындағы «Нурдымакун» жеке шаруа қожалығы. Жұмыстың жүру барысын бағамдай барған бізді шаруа қожалығының басшысы Қизат Абиров күтіп алып, бірден еңбегінің мән-жайымен таныстырды. Олар былтыр тек қана бес гектар жерге тәтті түбір ексе, биыл 22 гектар алқапқа қант қызылшасын отырғызып, бір гектардан 500-550 центнер өнім алуды жоспарлауда.

– Келешекте егіс көлемін 40 гектарға дейін жеткізбекпіз. Бас-аяғы төрт техника бар. Тұрақты түрде 3 адамды жұмыспен қамтып келеміз. Ал науқан кезінде 30 шақты жалдамалы жұмысшыға ақы төлеп, өнім жинаймыз, – деген Қизат Нұрдымақынұлы мемлекеттен тұқым мен гербицидке субсидия алғанын айтты. Сондай-ақ шаруасын өрге дөңгелету мақсатында «Жеті нар» несиелік серіктестік» ЖШС-дан дала жұмыстарына арнап 3,5 млн теңге қаржы алған. Оны бір жылдың ішінде қайтарып береді. Еңбегі ретті болып жатса, келесі жылы қызылша қазатын техникалық құрал мен тағы бір трактор сатып алуды жөн көріп отыр.

Лабасы ауылдық округі бойынша 300 гектар жерге 74 шаруа қожалығы қант қызылшасын еккен. Жоспар бойынша зауытқа 11 тонна тәтті түбір өткізбекші. Бізді тәнті еткені – егістік алқабындағы қызу тіршілік. Бірі – қант қызылшасын сабағынан ажыратып жатса, бірі – трактормен жүк көлігіне тиеу үстінде. Осындай көрініске куә болысып, іс іргелі болуына тілектестік таныттық.

БАЛҚАШТЫҚ ШАРУАНЫҢ БАҒЫ АСЫП ТҰР

Төрт түлік малдың ішіндегі өнімдісі қой. Сондықтан қой өсіру халқымыздың ежелден келе жатқан ата кәсібінің бірі. Сол кездің өзінде-ақ қазақтың қыстау, көктеу, жайлау, күздеу болып бір-бірімен байланыса беретін көшпелі өмірі қой шаруашылығын дамытуға зор ықпал етті. Оны көбейтіп, тұқымын асылдандыруға да айрықша көңіл бөлінді. Әлі күнге дейін елдің тұрмыс-тіршілігі мен күнкөріс көзі мал шаруашылығымен тікелей байланысты.

Күні кешеге дейін машақаты көп шаруа деп бұған екінің бірінің батылы жете қоймағаны рас. Ал қазіргі жағдай мүлде басқа. Оған үкімет тарапынан көрсетіліп жатқан түрлі қолдау мен көмектердің оң әсері тиюде. Сол себепті мал бағумен айналысушылар саны жыл сайын артып келеді. Балқаш ауданы да төрт түлік мал ұстауға қолайлы аймақтың бірі саналады.

Бүгінде мұндай бай өлкенің мүмкіндігін тиімді пайдаланып отырғандар аз емес. Сондықтан, жергілікті жұртшылық негізінен осы саламен айналысуды қолға алған. Миялы ауылына қарасты «Күнгей» шаруа қожалығы мал бағумен шұғылданатындардың қатарынан табылады. Іргелі істі қожалықтың басшысы Қожақан Рахимов жүргізуде. Ол бүгінде атакәсіпті өркендетіп, өрісті малға толтырып отыр. Осының арқасында кіріс көзін молайтып, ауыл шаруашылығының дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Елдің гүлденуіне атсалысып келе жатқан азамат талай жылғы тәжірибесінің арқасында саланың қыр-сырын жете меңгеріп, пайдасын көріп отыр. Қожалықта негізінен қой өсіріледі. Шаруашылық жетекшісінің тіршілігін көрсету үшін аталмыш ауылдық округтің әкімі Асқар Мырзахметов бізді мал бағып жатқан жерге әкелді.

Бір үйір қой дала төсінде жайылып жүр. Қожақан аға бізге шаруашылықтың жай-күйі мен алдағы жоспарларын сол жерде айтып берді. Оның сөзіне қарағанда, шаруа қожалығының құрылғанына жиырма жылдан асыпты. Әке-шешесі де мал бағумен айналысқан. Шаруашылықта қазір жеті жүз басқа жуық ұсақ мал бағылады. Тұқымы биязы жүнді, құйрықты қой «Дегерес» тұқымы. Еті іргелес жатқан қалаларға сатылымға шығарылады немесе қажет адам өзі келіп алады. «Жасыратыны жоқ, қазір қойдың жүнін өткізу үлкен проблемаға айналып отыр. Осы мәселе оң шешімін тапса, жақсы болар еді. Әр ауданда жүн өткізетін орын ашылса деп армандаймын», – дейді ойын ашық жеткізген Қожақан аға. Сондай-ақ оларда қырықтан аса ірі қара, тоқсанға жуық қазақы жылқы бар. Оның басым бөлігі сауын биелер. Қымызы тиісті жерлерге арнайы тапсырыс бойынша өткізіледі. Сондай-ақ жол бойында орналасқан киіз үйде де саудаланады.

Бұған қоса, екі мың алты жүз гектарды алып жатқан жайылымдық жерден де таршылық көріп отырған жоқ. Малшылары да бар. Олар ауыл тұрғындары. «Десек те, малшылар әлі де жетіспейді», дейді бізбен әңгімесінде кәсіпкер. Сонымен бірге Қожақан аға ісін одан әрі өрістетуді ойлап, тас жолдың жағасынан қызмет көрсететін сервистік нысан ашыпты. Онда әрі-бері өткендер дәмханадан дәм татуға мүмкіндігі бар. Онда тағамның небір түрі әзірленеді. Қажет болса, қәуап та пісіріледі. Заман талабына сай жабдықталған ғимарат алыстан менмұндалап тұр. Іші кең әрі жарық. Ішкі-сыртқы әрленуіне де ерекше мән берілген. Рет-ретімен қойылған үстелдер, терезеге ілінген әдемі түсті перделер жолаушылардың шаршағандарын басып, көңілін көтеріп, бірден сергітеді. Әдемі музыка ойнап тұр. Жарасым тапқан мұндай көріністің кез келген адамның жанын жадырататыны рас.

Шынымен де, жол бойынан орын тепкен жаңа ғимарат дәл кинодағыдай әсер қалдырды. Осының бәрі кәсіпкердің ізденісін аңғартты. Қожалық иесінің мал шаруашылығының дамуына жағдай туғызып, көмек қолын созып отырған Үкіметке деген алғысы шексіз. Шаруашылықты өркендетуде ойға алынған жоба-жоспарлары да аз емес. Төрт түлікке қажет мал азығын да молынан әзірлепті.

Қожақан ағаның екі баласы бар. Қызы қалада. Ұлы Боранбай қолы қалт етсе болды әкесінің шаруасына көмектеседі әрі мал дәрігері болып қызмет атқарады.

Іссапар кезінде қай кәсіпкермен жүздесіп, сөйлессек те өз ісіне деген құлшыныстары аңғарылды. Яғни бұл кәсіпкерліктің шалғай жатқан елді мекендерге де бет бұра бастағанын байқатады. Осыдан-ақ оны дамыту арқылы тәуір табысқа жетіп, кіріс көзін молайтуға болатынына көз жеткізіп қайттық.

ТҮЙІН

Жетістіктер желісін осылай өргенімізбен, кейбір жақтан жетіспей жатқан жеріміз де қылаң беріп қалып жатыр. Әсіресе, сүйық және қатты отынға деген тапшылық жұрттың кәсібін кеңейтуге кедергі келтірмей қалған жоқ. Десе де, еңбекшіл елдің табанды, шыдамды ұйымдаса, еңбек етуінің нәтижесінде тағы да алға ілгерілеп келе жатқанымызды жасыра алмаймыз. Алдағы уақытта да бұған масаттанбай қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, жыл соңына дейін одан да биік көрсеткіштерге жетуіміз керек. Межеленген жоспардың бәрі орындалуы тиіс. Мемлекет басшысы қойған мақсат-міндетті кешенді түрде іске асыруда бастамашы бола білуіміз қажет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

...ыз болсын!



ЖШС-нің құрыш қолды жұмысшылары да бар күшін салғаны көрініп тұр. Расында, бұрындары көнеріп, тозып, еңсесі түскен ғимарат бүгінде сәулеті мен салтанаты сай әдемі түрге енген. Қысқасы, жаңа нысанда жайланып отырып жұмыс істеуге барлық жағдай жасалыпты. Тіпті заманауи технологиялардың мүмкіндігі арқылы қордағы құжаттар электрондық айналымға енгізіліп, пайдалануға барынша жеңілдік жасалған.

* * *

Осы күні Жастар және Мүшелтой шағын ауданында талдықорғандық спортсүйер балалар мен жастардың қуанышын еселеген 9 спорт және 7 ойын алаңы да қолданысқа берілді. Бұл кейінгі жылдары өніріміздегі спортқа деген қолдау мен көмектің көптігін паш етті. Шара аясында аула спортынан фестиваль ұйымдастырылып, арқан тартыс, бұқа тартыс, гір көтеру, қол күрес сияқты ойын түрінен жарыстар өтіп, жеңімпаздар анықталды. Шаттығы шалқыған балғындар мен жігерін жанған жастардың қуанышын көрген облыс және қала басшылары оларды алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардан хабардар етіп, сенімін бекемдей түсті. Өз кезегінде жастар да өнерін көрсетіп, әлемдік додаларда топ жарып, ел мерейін үстем ететін спортшылар шоғырының өсіп келе жатқанын ұғындырды.

18 МИЛЛИОНЫНШЫ БАЛА БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Елбасының «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында қала тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету мәселесі жақсы қолға алынуда. Осыған дейін шағын аудандардағы бірнеше тұрғын үй ел игілігіне беріліп, көптеген жанның баспана мәселесі түбегейлі шешілген еді. Бұл үрдіс тағы да жалғасын тауып, 7-ші шағын аудандағы 55 коммуналдық және 64 арендалық үй иесіне табыс етілді. Салтанатты шараға облыс әкімі Амандық Баталов қатысып, азаматтарға пәтер кілтін табыстады.

Қуанышқа бөленген жетісулықтарды құттықтаған облыс әкімі Амандық Баталов Елбасының қолдауымен құрылыс саласының қарқыны артып, қала ажары айшықталғанын сөз етті. Ірі жобалардың қолға алынып, сәулеті жарасқан еңселі ғимараттардың бой көтергенін де назардан тыс қалдырмады. Алдағы уақытта өндірістік, әлеуметтік нысандардың да кезең-кезеңімен ел игілігіне берілетініне сенім білдірді.

«Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев халықты қолжетімді баспанамен қамтуға ерекше мән беруде. Бүгінде, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарасаңында, мен сіздерге салтанатты түрде жаңа пәтерлеріңіздің кілтін табыстағаныма қуаныштымын. Осында тұрған баршаңыздың өмірлеріңіздегі ең жарқын сәттердің бірі болатын бүгінгі қуаныштарыңызбен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Әрдайым отбасыларыңызда береке-бірлік, ынтымақ пен келісім ұялап, шаңырақтарыңыз шаттыққа тола берсін», – деді өңір басшысы.

Жаңа пәтерге ие болғандар қатарында Тәуелсіз еліміздің 18 миллионыншы азаматшасы Мүслима Саматқызының ата-анасы Санат Бестібаев пен Диана Омарханова да бар.

Естеріңізге салар болсақ, ұлттық экономика министрлігіне қарасты статистика комитетінің мәліметі бойынша 2017 жылдың мамыр айында отандастарымыздың саны 18 миллионды еңсерді. Бұл межеге ағымдағы жылдың 11 мамыры күні жеткен болатынбыз. Биылғы шілде айында статистикалық деректер жарияланып, еліміздің 18 миллионыншы азаматшасы талдықорғандық Мүслима Саматқызы екендігін есті салысымен облыс әкімі А.Баталов бақытты жанұяның тұрып жатқан жалдамалы пәтеріне барып, жеке басында баспаналары жоқ жас отбасыға 3 бөлмелі пәтер сыйлайтындығын айтып, қуаныштарын еселеген болатын. Міне, бүгін әкімнің берген сол бір уәдесі орындалып, кішкентай Мүслиманы жаңа пәтерге көшуімен барша туған-туыстарының құттықтауына мүмкіндік жасады.

Айта кетер болсақ, соңғы 5 жылда Талдықорғанда жалпы көлемі 170,2 мың шаршы метр болатын 29 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Нәтижесінде 2 мыңнан астам отбасы баспаналы болды. Бүгінде қалада мемлекет қаржысы есебінен тағы 8 және жеке инвестициялар есебінен 4 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Осы ретте ел игілігіне берілген қос үйдің де сапалы салынғанын айта кеткен жөн. Талдықорған қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысымен «Арлан жоба құрылыс» ЖШС-нің жобасы бойынша қолға алынған қос мақсаттағы үйдің құрылысын «НСК Астана-құрылыс» АҚ мен «Бекжан құрылыс» ЖШС ұжымның тынымсыз еңбегінің арқасында жоспар мерзімінен бұрын аяқталды.

Жаңа пәтерлерді облыс әкімі бастаған алқалы топ аралап көріп, сапалы материалдар қолданылған үйдің жөндеу жұмысының да көңілден шығатынына сенім білдірді.

Көңілді қуанышқа толтыратын осындай қоныстойлар алдағы уақытта да қаламызда көп болатыны белгілі.

ЖАҢА ЖОЛ АШЫЛДЫ

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жүзеге асырылған Алматы – Шу теміржол желісінің екінші телімі мен болат жолдың үстінен өтетін Алматы – Шамалған автокөлік көпірі салтанатты түрде пайдалануға берілді. Қарасай ауданына қарасты Елтай ауылдық округінің Ақсеңгір бекетінде өткен бұл салтанатты шараға құрылысты жүргізген компаниялардың өкілдері, теміржол ардагерлері мен қызметкерлері, аудан жұртшылығы қатысқан еді.

Айта кететін болсақ, ұзындығы 113 шақырымды құрайтын екінші теміржол телімінің құрылысы екі жылда толық аяқталып, өте ауқымды жұмыстар жасалды. Құрылыс барысында 16 станса жаңғыртылып, 13 көпір мен жол өткелдері салынды. 156 шақырымға электр желісі мен басқа да өндірістік инфрақұрылымдық нысандар тұрғызылды.

Бұл жерде Елтай – Мерей жаңа автокөлік жолы қоса салынып, Елтай ауылынан ұзындығы 740 метрлік жол өткелі салынғаны да аса маңызды. Себебі осы уақытқа дейін округ аумағындағы Береке, Екпінді, Жетісу елді мекендерінің тұрғындары мен жалпы жұртшылық жол азабын тартып келген болатын. Аталмыш көпір екі теміржол айырығындағы кептелісті азайтып, автожол арқылы тәулігіне 17 мың автокөліктің өтуіне мүмкіндік береді.

Мерекелік жиында алғашқы болып сөз алған «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясының басшысы Қанат Алпысбаев Алматы – Шу екінші теміржол телімінің құрылысы аяқталуымен құттықтап, жаңа жолдың трансқазақстандық соны бағдарларды дамытуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Бұл жоба пойыз қозғалысын әлдеқайда жеделдетіп, өңірлердің коммуникациялық байланысын одан әрі арттыратыны түсінікті.

– Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы трансқұрлықтық тасымалдауды дамытуды белсенді жүргізуде. Соған орай, жаңа инфрақұрылымды жасақтау мен жаңғырту жұмыстары атқарылып, жүктерді жеткізу мерзімі әлдеқайда қысқарады. Бұл жоба өңір ғана емес, жалпы ел экономикасын дамытуға қайталаған бүгінгі буын өкілдеріне алғысын айта келіп, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында даңқты «ТүркСіб» теміржолын салған ата-бабалар аруағын ұмытпас үшін, мыңдаған құрылысшылар мен теміржолшылардың ерлікке тең еңбегін жас ұрпаққа үлгі ету мақсатында «Лугавой» торабын «ТүркСіб» торабы деп өзгерту жаулы ұсынысын алға тартты.

Салтанатты шараның соңында «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының басшысы Қанат Алпысбаев, Алматы облысы әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов, көлік саласының ардагері Қалтай Сәмбетов, қазақтың тұңғыш ғарышкері, «Халық қаһарманы» Тоқтар Әубәкіров, «ҚТЖ»ҰК» АҚ президентінің кеңесшісі Фарид Галимов тұғырға қойылған қондырғыны басып, Ақсеңгір стансасынан Қытай – Еуропа транзиттік контейнерлік пойызы мен «Тұлпар – Тальго» жүрдек жолаушылар пойызының өтуіне сәт-сапар тіледі. Дәл осы сәтте теміржол үстінен салынған өткелмен автокөлік керуені де алыс сапарға бет алып бара жатты.

Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша шашу шашылып, аудан өнерпаздары жиналған жұртшылыққа тамаша концерттік бағдарлама ұсынды. Ал қуаныш иелері қазақтың қара шаңырағы – киіз үйлер тігіп, қонақтарға дастархан жайып, астан дәм татырды.

ӨРІЛГЕН ЖЫЛ



ЖАС КӨШБАСШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ



Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт сарайында Алматы облысы әкімінің «Көшбасшы – 2017» сыйлығын табыстау салтанаты өтті. Жыл сайынғы дәстүрлі сыйлық 17 аталым бойынша тағайындалып, жеңімпаздарды облыс әкімі Амандық Баталов марапаттады.

Марапаттау салтанатында облыс әкімі:

– Елімізде жастар саясатына маңызды бағыт ретінде ерекше көңіл бөлінген. «Жеткіншек буынның Тәуелсіздік идеалдарына адал болатынына, Отанымыздың табыстарының эстафетасын жалғастыратынына сенімім мол», – деп, Елбасы жастарға үлкен сенім артты. Бүгінде елімізде жастардың тегін білім алып, жан-жақты дамуына, шығармашылықпен, спортпен, кәсіпкерлікпен айналысып, халықтың игілігіне еңбек етуіне барлық жағдайлар жасалған. Өз кезегінде Жетісу жастары жұдырықтай жұмылып, Елбасының сарабдал саясатын тиянақты жүзеге асыруға атсалысуы керек. Әсіресе, мемлекет басшысы жариялаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының орындалуында жас буынның ететіндіктеріне сендірді. Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Еске салсақ, «Көшбасшы» жастар сыйлығы жыл сайын 17 номинация бойынша дәстүрлі түрде беріліп келеді. Соның ішінде жоғарыда айтылғандармен қатар «Үздік жас мемлекеттік қызметші», «Үздік жас саясаткер», «Үздік студент», «Үздік жас өнерпаз», «Үздік жас әскери қызметші», «Үздік жас отбасы», «Үздік ерікті», «Үздік жас журналист», «Үздік «Жасыл ел» сарбазы», «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының үздік көшбасшысы» аталымдары да бар.

ТҮЙІН

Абай атамыз қарасөздерінің бірінде Адам баласы алдағы күндеріне нақты қадам жасау үшін жыл сайын, тіпті ай, болмаса апта, ең жақсысы жеті сайын өз-өзіне есеп беріп, тындырған ісі мен қол жетпеген жоспарларын есептеп отыруды айтады. Бұл Абай дананың белсенділігі аса қажет. Өйткені бұл тарихи құжат өскелең ұрпақ үшін қабылданып отыр. Жастардың алдында алар асу, шығар шың, жетер жеңістер өте көп. Оған тек талап пен жігер, білім мен ақыл алып барады. Біз бүгін сол талпыныс жолында жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар жасты «Көшбасшы» сыйлығымен марапаттағалы отырмыз. Бұл азаматтардың еңбек жолы, жетістіктер тарихы өзге қатарластарына үлгі болары анық. Барлығыңның да туған еліміздің игілігі үшін аянбай еңбек етіп, Қазақстанның мақтанышы болуларыңа тілектеспін! – дей келе, жеңімпаздарды арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлық сертификаттарымен марапаттады.

Атап айтқанда, Еңбекшіқазақ ауданы Д. Қонаев атындағы орта мектеп түлегі Темурбек Жамоладдинов «Жас батыр» атанса, «Үздік жас спортшы» аталымында грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері Демеу Жадыраев жеңімпаз деп танылды. Талдықорғандық Мансұр Құрманғалиев «Үздік жас кәсіпкер», Талғар ауданы Қайнар ауылындағы «Мадияр» шаруа қожалығының жетекшісі Мадияр Әуелбаев «Ауыл шаруашылығының үздік жас маманы», С.Демирел атындағы университеттің аға оқытушысы Ермек Тоқтаров «Үздік жас ғалым», Алакөл ауданы Үшарал қазақ мектеп гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержан Омарханов «Үздік жас ұстаз», Алакөл ауданы Еңбекші дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі Айгүл Тұрсағатова «Үздік жас дәрігер» атанды.

2017 жылдың жаңа көшбасшылары, яғни әр салада еңбек етіп жүрген 17 жас маман алдағы уақытта да білімі мен білігін жетілдіріп, Елбасының сенімін ақтап, халыққа адал қызмет



Жаңарған Талдықорған мемлекеттік архиві





сүбелі үлесін қосатын болады, – деді ол сөзінің соңында.

Келесі болып мінберге көтерілген облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов «Бір жол – бір белдеу» және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобаларының түйіскен жерінде жүзеге асырылған айтулы құрылыстың аяқталуымен құттықтап, еліміздің транспорт-логистикалық мүмкіндігін еселеп арттыратын маңызды құрылысты қысқа мерзімде аяқтаған азаматтарға алғысын жеткізді.

Тасты тіліп, тауды бұзып,
Тамшылатып ащы тер.
Қырдан асып, белді басып,
Жолды салған қандай ер?!
Ол қайратты, ол қажырлы,
Қайтпас, қайсар жұмыскер! –

деген ақын Асқар Токмағанбетовтың жыр жолдарымен сөзін бастаған Қазақстан теміржол қатынасының ардагері, ҚР Құрметті теміржолшысы Қалтай Сәмбетов өткен ғасырдың 30-жылдарында атақты Түркістан – Сібір теміржолын салған аға ұрпақтың ерлігін

EL BIRLIGI
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
5

Жақсының сөзі

Өткен жетіде Алматы облысындағы «Қазақстан халқына мың алғыс» монументінің қасында шеру ұйымдастырылып, артынша Талдықорғандағы Достық үйінде «Татулық – бірлік бастауы» атты форум өтті. Оған облыстық Әзірбайжан этномәдени орталығының төрағасы Асылы Осман да қатысқан еді. Қашанда қазақ халқының қамын ойлап, қазақ тілінің жанашыры болып жүрген асыл жанды апайымызбен аз-кем сұхбаттасудың сәті түсті.

Асылы ОСМАН:

ҚАЗАҚҚА ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТСЕК ТЕ, КӨПТІК ЕТПЕЙДІ





– Асылы апай, еңбегіңіз еленіп, түрлі марапатқа лайық деп танылған жансыз. Алматы облыстық Әзірбайжан этномәдени орталығының төрайымы болып қызмет атқарасыз. Өзіңіз басқарып отырған орталықтың жұмысына тоқтала кетсеңіз.

– Алматы облыстық Әзірбайжан этномәдени орталығын басқарып, сонда жұмыс атқаратыным рас. Бірақ мен Әзірбайжан үшін қызмет етпеймін. Қазақ елі, қазақ ұлты мен қазақ тілі үшін қызмет етемін. Қазақстан Халқы ассамблеясының Алматы облыстық филиалына, сондағы атқарылып жатқан жұмыстардың бәріне көңілім толады. Себебі қандай да бір мереке тойланып, іс-шара атқарылып жатса – бұл еліміздегі ұлт пен ұлыстардың бірлігі, татулығы мен бейбітшілігі үшін жасалып жатыр. Мәселен, кеше ғана аталып өткен 1 наурыз – Алғыс айту күнінде Талдықорған қаласындағы ұйымдастырылған «Татулық – бірлік бастауы» атты облыстық форумның үлгі-өнеге ретінде берері мол. Себебі Елбасының Жарлығымен осыдан екі жыл бұрын белгіленген Алғыс айту күні кешегі сұрапыл күндері қазақ жерін, қазақ ұлтын пана тұтқан өзге ұлт өкілдерінің бір сәт болса да ойланып, осы бір азат күнге жеткізіп, туғанындай бауырына басқан елдің өкілдеріне ризашылығын білдіріп, мейірбандылығына мейірімділік көрсету заңдылық деп бағалаймын. Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылған күнімен тұспа-тұс келетін бұл күні мен қатты толғанамын. Өйткені мен қазақ халқының мейірімі мен жүрек жылуын үш жасымнан бастап күні бүгінге дейін көріп келе жатқандардың бірімін. Қазақ жерінің маған жаттығы жоқ. Әсіресе киелі де мейірімді мекен, құтты қонысым болған Оңтүстік Қазақстан өңірінің орны дара. Сол себепті де қазақ халқына алғыстан басқа айтарым жоқ.

Қазақ халқы кімді де, қай ұлтты да бөліп-жарып, сыртқа теппеген. Қайта жатсынбай, өзіне жақын тартып, бүтінін бөліп, кеңпейілділік пен жомарттық танытқан. Ізгілік пен кісілік, адамгершілік пен бауырмалдық иесі – қазақ халқына, оның бай тіліне қанша құрмет көрсетіп, сыйласақ, артықтық та, көптік те етпейді. Себебі кезінде құғын-сүргінге ұшыраған түрлі ұлт өкілдері жергілікті халықтың рақымшылдығын, қонақжайлылығы мен кеңпейілділігінің арқасында күнкөріс қамымен ғана шектелмей, өздерінің этникалық ерекшеліктерін сақтап қалды.

– Тілге, елге, қазақ халқына деген құрметіңізге алғысымызды білдіре отырып, алдағы 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

– Рахмет, айналайын! Бұл мейрам әрбір ұлт, соның ішінде менің қазағым әйел баласын қалай сыйласа, аруларымызды солай қадірлеп, қастерлейтін мереке. Елбасымыз біздегі әйелдер қауымының барлық салада қызмет етуіне жағдай жасап жатыр. Өз басым гендерлік саясатты онша қолдамаймын. Мен үшін бастысы – қыз баланың ана атануы, әйел бақытын сезінуі деп есептеймін. Баланың тәрбиесі ата-анаға ортақ. Алайда ең негізгісі – ақ сүтін берген анада. Сондықтан осынау сәтті пайдалана отырып, келе жатқан көктемнің алғашқы күндеріндегі шуақты мерекемен барша әйел затын құттықтаймын!

Лина КӘЛІМХАН,
Алматы облысы

Тағзым

ТАТУЛЫҚ МОНУМЕНТІ

Талдықорғандағы өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, облыстық ассамблея жанындағы қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов, облыстық жетекші журналистер мен сарапшылар клубының төрағасы, «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсәлім Идиговтың қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті. Онда наурыз айының бірінші онкүндігінде «Алғыс айту күніне» орай жарияланған мерекелік іс-шаралар баяндалды. Сондай-ақ жыл сайынғы қалыптасқан дәстүрге сай атқарылатын ауқымды жұмыстар айтылды.

Брифингте бірінші болып сөз алған Ғабит Тұрсынбайұлы «2016 жылдан бері Алғыс айту күнін мемлекеттік деңгейде өңірдің барлық аумақтарында атап өткізіп келеміз. Бұл жолы да үлкен дайындықпен бастадық. Жылдан-жылға жақсы дәстүр қалыптасуда. 10 күндік арнайы жоспар әзірлеп, елді мекендерде жұмыстарды жүргізіп жатырмыз. 20 ақпаннан басталған мереке аясында 1300-ге жуық шараға 30 мыңға жуық халық қамтылды. Көптеген «дөңгелек үстел», қайырымдылық акциясы, ашық есік күндері жаппай өткізілуде», – деді ағынан жарылып.

Ғабит Тұрсынбайұлы «Тағдыр тоғыстырған Қазақстан халқы. Алғыс айту күні», «Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріндегі медиацияның маңыздылығы» атты дөңгелек үстел, «Татар тағамдары күніне» орай ұйымдастырылатын мерекелік шаралардың мән-маңыздылығына да айрықша тоқталды. Өйткені мұндай шаралар түсі бөлек болса да, тілегі бір, жүрегі ортақ Қазақстан деп соғатын әр ұлт өкілінің басын біріктіріп, берекесін арттыра түседі.

Осы тұста облыстық ҚХА-ның жанынан құрылған қоғамдық келісім кеңесінің де тартымды істерін айтпай кетуге болмайды. Осы кеңестің төрағасы Оралбек Нұрсейітұлы өңірдегі аудан, қалаларда «Қайырымды ел» жалпы республикалық акциясы аясындағы іс-шаралардан хабардар етті. Оның айтуынша, аталған шара аясында 527 қайырымдылық шара ұйымдастырылып, 2433 адамға 24 млн 689 мың теңге көлемінде әлеуметтік көмек көрсетіліпті. Сонымен қатар, Қаратал ауданындағы Бастөбе тауының етегіндегі «Қазақ халқына мың алғыс» монументіндегі салтанатты митинг пен Достық үйінде өтетін «Татулық – бірлік бастауы» атты облыстық форумы жайында кеңінен айтып берді.

Қазақ жері – қиын-қыстау күндері қоныс теуіп, тіршілігін жалғастырған өзге ұлт өкілдерінің де құтты мекені. Сондықтан олар байтақ жеріндей пейілі кең, жаны жомарт, жүрегі жылы қазақ халқына да борышты. Өйткені алыстан жадап-жүдеп келгенде кең құшағын ашып, аман сақтап, бүгінгідей бақытты да бақуатты өмір сүруге мүмкіндік берді.





Сондықтан олар қазақ халқының жақсылығын еш ұмытпайды. Осы кезеңге бір шолу жасаған ҚХА жанындағы жетекші журналистер мен сарапшылар клубының төрағасы Атсәлім Саламұлы:

– Қазақстанға қоныс аударған өзге ұлт өкілдерінің әрқайсысы қиын-қыстау кезде көмек қолын созған қазақ халқына қарыздар. Өскелең ұрпақтың санасына сол кездегі оқиғаны сіңіріп, тарихты үздіксіз түсіндіруге тиіспіз, – деді.

Кездесуден кейін көп өтпей, облыстық ҚХА-ның мұрындық болуымен, қоғамдық келісім кеңесінің қолдауымен, өңірдегі этномәдени орталық өкілдерінің қатысуымен Бестөбе жотасындағы «Қазақ халқына мың алғыс» монументі жанында салтанатты митинг өтті.

Өткен ғасырда көптеген ұлтты туған жерінен шығарып, босқындықтың қамытын кигізген кенестік идеологияның айдауымен корей ұлты да ит арқасы қиындағы Қиыр Шығыстан қазақ даласына мал вагондарына тиелген күйі жеткізілді. Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласындағы жергілікті халықтың қамқорлығына алынғандардан басқалары Бастөбе жотасынан қазылған жертөлелерді қоныс етеді. Қақаған қыстың суығын көтере алмай қаза тапқандар сол төбенің етегіне жерленіп, қара жерді томпайтып қала берді.

Митингіде кезекпен сөз алған Қаратал ауданының әкімі Рауан Рақымбеков, облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, әзірбайжан этномәдени орталығының төрайымы Асылы Осман, Қаратал ауданының Құрметті азаматы, Корей ардагерлер кеңесінің мүшесі Валентина Ин көпшілікті мерекемен құттықтап, алғысын арнады.

Аудан әкімі Рауан Тұрданғазыұлы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық-патриоттық идеясының қазақстандық бірегейлік пен ел бірлігінің ортақ тарихы және ортақ тарихи сана негізіндегі ұлттық құндылықтарды бедерлейді. Бұл күн күрделі заманды иық тіресе еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстан жолында аянбай тер төккен азаматтарымыздың бір-біріне құрмет білдіретін күні», – деді.

Аудан басшысы атап кеткендей, сол тұста Қаратал өңіріне айдаумен келген кәрістерге қолындағы барын бөліп беріп, қонысының бір бұрышына орналастырған қазақтың ақсақалды қариясы мен ақ жаулықты анасының мейірімі мен қамқорлығы әлі күнге ұмытылған жоқ. Сондай ізгіліктің арқасында еліміз бейбітшіліктің, тыныштықтың, ынтымақтың ордасына айналды. Еліміздегі татулық пен тұрақтылық әлемге үлгі болып, адамзаттық қасиет – өзгеге жақсылық жасау ұстанымын асқақтатты. Бұл үрдіс әлі де өз күндылығын жоймай, болашаққа жалғаса бермек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Үгі шара

ДОСТЫҚ, БІРЛІК, КЕЛІСІМ

Алматы облыстық «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығында» Астана қаласының 20 жылдығы аясындағы 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Астана көктемі шақырады» форумы өткізілді. Бұл басқосуды ұйымдастыруға Алматы облысындағы «Вайнах» шешен-ингуш қоғамдық-мәдени бірлестігі ұйтқы болды.

Қазақстан Халқы ассамблеясы (ҚХА) құрылған күннен бері Алматы облысында бөлімшесі ашылып, жұмысын ойдағыдай атқарып келеді. Облыстағы алғашқы этномәдени орталықтар өткен ғасырдың 80-90 жылдарынан бастау алады. Жетісу халықтарының қауымдастығы сол кезден бар. Ал облыстық ассамблея бөлімшесі құрылғанда, оның құрамына өңірдегі этномәдени орталықтың бәрі енді.

Бүгінде облыстағы этномәдени бірлестіктің саны 70-тен асады. Олардың 23-і облыстық, қалғаны аудан және қалалық деңгейде қызмет атқарады. 2008 жылдан бері облыстық ассамблея ұйымдастырған игі шаралар «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығында» өтеді. Мұнда этномәдени орталықтардың бастамасы мен іс-шаралары әдістемелік кеңесте талқыланып, жылдық жоспарға енгізіледі.



Ассамблея жанында қоғамдық келісім кеңестері жұмыс істейді. Мұндай кеңес облыстың 19 аудан-қаласындағы елді мекендерде, сондай-ақ ірі кәсіпорындарда құрылған. Қоғамдық келісім кеңесі кез келген түйткілді мәселені талдап, ауыл, аудан немесе қала әкімдігіне көмек бере алады. Мемлекеттік мекемелер тарапынан шешімін таппаған мәселеге қоғамдық негізде талдау жасап, ұсынысын жеткізуге мүмкіндігі бар. Нақтырақ айтсақ, кез келген елді мекеннің санитарлық тазалығынан бастап, халық бірлігі мен ынтымағын арттыру, жастар мәселесі және оқта-текте туындап отыратын түйіндер осы қоғамдық келісім кеңесі арқылы талқыланады.

Бұған қоса, облыстық ассамблея жанында Аналар кеңесі жұмыс істейді. Бұл кеңестің де барлық аудан, қалаларда бөлімшесі бар.

Ал Алматы облыстық «Вайнах» шешен-ингуш қоғамдық-мәдени бірлестігі 1989 жылы құрылған. Орталық жұмысын 16 жыл бойы Қазақстан Журналистер Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының иегері, облыстық ассамблея жанындағы жетекші журналистер клубының жетекшісі Атсәлім Идигов басқарды. Кейінірек этномәдени бірлестікке Ваха Сурхаев, Рахман Исламов басшылық етті. Бүгінде орталық төрағасы – Адам Бойсаев. Оның айтуынша, қазіргі таңда этномәдени бірлестіктің атқарып жатқан іс-шарасы көп.

«Бізде жыл басында қойылған жоспар бойынша мемлекеттік мерекелер және ұлттық мейрамдарды қоса алғанда, 30-дан аса шара ұйымдастырылады. Қоғамдық келісім жайын түсіндіру мақсатында шалғай аудандар мен елді мекендердегі шешен ұлтының өкілдерін жинап, үлкен жиын өткізу алдағы жоспарымызда бар. Сондай-ақ өңірдегі қазақ балаларын Шешенстанға апарып, сол жақтағы жастармен таныстыру арқылы екі ел жастарының арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға үлес қосқымыз келеді. Себебі шешен ұлты басынан өткерген қиын-қыстау кезеңдерде қазақтар жатсынбай, бауырына басып, көмек қолын созды. Барымен бөлісіп, қиыншылықты бірге көтерді. Бауырмал қазақ ұлтының осынау бір кеңпейілдігін шешен ұлты әрқашан есінде сақтап, алғысын білдіреді», – дейді Адам Бойсаев.

Өңірдегі шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің негізгі мақсаты – этносаралық келісімді сақтап, аймақта тұратын басқа этникалық топ өкілдерімен қоғамдық байланысты және мәдениетті дамыту, Қазақстан Халқы ассамблеясының идеяларын жүзеге асыру болып табылады.

Жыл сайын «Вайнах» бірлестігі шешендер мен ингуштардың депортациялану күніне арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастырады. Басқарма мүшелерінің демеушілік қолдауының арқасында, 23 ақпанда сталиндік репрессияның жазықсыз құрбандарын еске түсіретін арнайы кеш өткізіліп тұрады.

Этномәдени орталықтың жастар қанаты жұртқа танымал отандық және шешен-ингуш қайраткерлеріне арналған шығармашылық кеш ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған.

2003 жылы Лала Идигованың жетекшілігімен тағы да бір шығармашылық ұжым – облыстық және қалалық хореографиялық байқаулардың лауреаты «Даймохк» ансамблі құрылса, құрамы жөнінен көпэтносты құрылтайшылар тобының бастамасымен 2006 жылы Талдықорғанда шешен мәдениеті мен рухани мұрасын қолдау аясындағы «Заман» қоры жасақталды. Қордың міндеті – вайнахтардың тарихын, мәдениеті мен тілін түлету, дәстүр мен ұрпыпты, адамгершілік құндылықты насихаттау. Сондай-ақ қор қызметінің басты бағыты – барлық этнос өкілдері арасындағы достық пен бірлікті, ынтымақ пен келісімді нығайтуға ықпалдасу болып табылады.

Салтанатты кеште сөз алған Алматы облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай әйелдер қауымын айтулы мерекемен құттықтап, форумды ұйымдастырушыларға ыстық ілтипатын білдірді.

Ол өз сөзінде «Бірлестік ұлттық дәстүрлерді қайта жаңғыртып, сақтауда, шешен және ингуш халықтарының тарихы мен тілін үйренуге бағытталған мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруда зор үлес қосып келеді. Бірлестік өкілдері елімізде азаматтық қоғам қалыптастырудың өзекті проблемалары жөніндегі бұқаралық пікірталас пен дөңгелек үстелге белсенді түрде қатысып, басқа да этномәдени орталықтарымен бірге «Вайнах» бірлестігі ұйымдастырған барлық мемлекеттік шараға атсалысады. Сондай-ақ түрлі кеш пен көрме, сан қилы шара өткізуде өте белсенді. Солардың бірі – бүгінгі 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған форум», – деді.



Осыдан соң облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрайымы Светлана Гаитова мен «Вайнах» шешен-ингуш қоғамдық-мәдени бірлестігінің төрағасы Адам Бойсаев сөз алып, жүрекжарды лебізін білдірді. Шара соңы мерекелік концертке ұласып, аруларға гүл шоқтары табысталды.

Лина АЙДЫНҚЫЗЫ,
Талдықорған қаласы

6 ЖҚ

EL BIRLIGI

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Берекелі бастама



ЖАҢҒЫРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Алматы облысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2017 жылы 1 млн адамды қамтыған 8 мың шара ұйымдастырылды. Бюджеті 25,8 млрд теңге болатын 319 ірі жобаның реестрі жасалды. Бір ғана «Туған жер» жобасы аясында құны 10,5 млрд теңге болатын 218 жоба жүзеге асырылса, соның 6,6 млрд теңгелік 90 жобасы аяқталды. Биыл «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде құны 6 млрд теңгеге жуықтайтын 159 ірі жобаның реестрі әзірленді. Сонымен қатар елімізде тұңғыш рет «Рухани жаңғырту» орталығы Талдықорғанда бой көтеріп, іске қосылды. Айта кетерлігі, «Рухани жаңғыру» орталығы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының құзырында жұмыс істейтін болды. Мұның да өзіндік себебі бар. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы өңірдегі этнос өкілдерінің басын біріктіріп, олардың жасампаздығын жандандырып, елімізді өркендету үшін жемісті еңбек етіп келе жатқан ұйым. Расында бұл орталықта атқарылатын жұмыс та ауқымды. Онда өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар жоспарланып, жүйеленіп, жинақталып, сараланады. Осы ретте облыстық ҚХА төрағасының бірінші орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбаймен кездесіп, көкейде жүрген біраз сұрағымызға жауап алдық.

– «Рухани жаңғыру» орталығы Талдықорғанның көрікті жері «Жастар» саябағы орналасқан аймақтан орын алды. Аталған ғимаратта жобаның толықтай жабдықталған өңірлік кеңсесі бар. Мұнда бағдарламаға байланысты ұсыныстар талқыланып, идеяларды жүзеге асыру жоспарлары түзіледі. Өзіндік келбеті бар тамаша кешеннің ішінде кеңсе кабинеттері, музей залы және кең де жарық мәжіліс бөлмесі бар. Қабырғадағы паннода Ұлы Жібек жолы мен өңірдегі киелі орындар бейнеленген. Экспонаттар әзірге көп емес. Бірақ келешекте олардың қатары құнды мұралармен толығатын болады.

Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының бірінші орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғ.Тұрсынбай «Осы жерге келіп, облысымыздың тыныс-тіршілігімен танысамын деген адамға арнайы кітап, видеоматериал, бейнетаспаға түсірілген, аудиотаспаға жазылған және басқа да мәліметтерді кез келген уақытта ұсына алады. Қызметкерлердің штат кестесі толық жабдықталған. Бұл жерде тарихшы, филолог, тағы басқа саланың ғалымдары да жұмыс істейді. Олар менеджерлер арқылы жинақталған материалдарды қарап, «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен үйлестіріп отырады және жаңа идеяларды іске асырады. Қазір мұнда 325 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша 59 жоба, «Рухани қазына» кіші бағдарламасы бойынша 39 жоба және «Атамекен» кіші бағдарламасы бойынша 119 жоба жоспарланған. Келешекте атқарылатын жұмыстар ауқымды болмақ.



Жоспар бойынша белгілі журналистер мен блогерлердің шеберлік сыныптарын ұйымдастыру, жаңа кітаптардың тұсаукесер рәсімдерін өткізу және Жетісу өңірі бойынша экспедицияларға, пресс-турларға шығу кестелері жасалады», – дейді

Айта кетерлігі, орталықтың жанынан құрылған комиссияның құрамында жергілікті атқарушы мекемелер, шығармашылық және ғылыми интеллигенциясы, үкіметтік емес сектор мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен алты жұмыс тобы жасақталған. Өңірлік басқарушы және сараптау кеңесі, жұмыс тобының хатшылығы құрылған. Облыс тұрғындарын бағдарламаның жүргізілуі туралы мерзімінде және кешенді ақпараттандыру үшін бейресми ұйымдардың қатысуымен әр түрлі форматта шаралар өткізілуде. Сарапшылар мен қоғамдық пікір көшбасшыларымен, Қоғамдық кеңес мүшелерімен өзара бірлесіп жұмыс істеуі үшін пікірлесу алаңы ұйымдастырылыпты. Осындай тыңғылықты дайындықтың нәтижесінде бүгінге дейін бағдарламаны жүзеге асыру аясында 8 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылып, 1 млн адамның қатысуымен 200 жоба атқарылған. Облыстың барлық аймақтарын қамтыған «Рухани керуен» жобасы ерекше орын алды. Нәтижесінде жастардың ата-бабаларымыздың дәстүріне, тарихи құндылықтарға деген қызығушылығы пайда болды. Өңірдің киелі жерлерінен 15 жаңа өлкетану бағыттары жасалып, «Жетісу географиялық қоғамы» құрылды. Туризмді насихаттау үшін Жетісудың скретч-картасы жасалды. Келуші туристердің логистикасын жеңілдететін навигациялық QR код-сілтемелер қойылды. Ішкі туризм нысандарын бәсекеге қабілетті инфрақұрылыммен, логистикамен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда.



– «Саналы азамат» базалық бағыты бойынша «Балалар үйінсіз Жетісу» жобасын жүзеге асыру мақсатында БАҚ беттерінде «Балалар үйінсіз Жетісу», «Балалар үйінен тыс өмір», «Отбасы үлгісіндегі балалар үйі туралы нені білу керек?», «Патриоттық тәрбие туралы» тақырыбындағы мақалалар жарияланды. «Отаным – тағдырым» кіші бағдарламасының «Сөз – тілдің көркі» атты арнайы жобасы бойынша жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттері арасында «Рухани жаңғыру, туған жер» атты шығарма байқауы өткізілді. «Кітап – білім бұлағы» жобасы аясында Буккроссинг «Жетісу – кітапқұмарлар өлкесі» атты еркін кітап алмасу жобасы жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде ол Ақсу, Талғар, Үйғыр, Жамбыл, Көксу аудандарында және Қапшағай, Текелі қалаларында ашылып, жұмыс жүргізуде. Өткен жылдың күзінде «Жетісу – жыр керуені» атауымен көпшілікке жол тартқан Челлендж жобасы жалғасын тауып, интернет қолданушыларының қызығушылығын арттыруда. Осы ретте, наурыздың 4 күні Талдықорған қаласында латын әліпбиін қолдау аясында өткен автофлешмобты айта кеткен жөн. Шараға «BMB», «Mercedes», «Lada Priora» клубтарының еріктілері қатысып, көліктерімен латын әліпбиінде «TALDYQORGHAN» сөзі жазылды. Оған 91 автокөлік қатысты. Осы орайда, бағдарлама аясында ұсынылған мәдени-танымдық кештер, ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып, өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрі бейнеленген көрмелер, сахналық қойылым көрсетілді», – дейді Ғ.Тұрсынбай.

«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы аясында Жетісу мемлекеттік университетінде «Қоғамдық сананы жаңғырту» жаңа пәні және «Жетісу тарихы» элективті курсы енгізілді. Облыстық білім басқармасы 2017 – 2022 жылдарға жалпы сомасы 877,2 млн теңге болатын 37 жобаны жүзеге асыруды жоспарлаған. «Алматы кітап» баспасына 5-7-сынып оқушыларына арналған «Өлкетану» оқулығының макет-жобасы жолданды. Онда Алматы облысының тарихи, мәдени мұрасы көрсетілген. Сараптамадан өткен соң, тамыз айына дейін 107 мың данамен шығаруды көздеп отыр. Өткен жылы «Атамекен» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалпы сомасы 10,5 млрд теңге болатын 218 әлеуметтік жоба жоспарланған. Оның 90-ы жүзеге асырылды. «Атамекен» кіші бағдарламасының негізгі жобалары демеушілер тарапынан жүргізілуде. «Рухани қазына» кіші бағдарламасы аясында алдағы үш жылда 243 мәдени нысанда күрделі жөндеу жұмыстары өтеді. Оған 13 млрд теңге жұмсалады. Классик-жазушылардың және облыстың жас ақындарының 39 кітабы жарық көрді. Жастардың бастамасымен 3 мың кітап айналымы бар буккроссинг жобасы ұйымдастырылды. Бір жылда өңірлік БАҚ-та 3 мыңнан астам тақырыптық материал жарияланса, «Жетісу» телеарнасындағы жаңалықтар топтамасында мемлекеттік және орыс тілдерінде 200-ден астам телесюжет көрсетіліпті. Интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде тақырыпты материалдарды орналастыру бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылған.

Ғабит Тұрсынбайдың айтуынша, жаңа орталықтың жұмысын бірден дөңгелетіп әкету бастапқыда оңай болмапты. Алайда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған міндеттер мен мақсаттарды орындауға байланысты аймақтық Сараптамалық кеңестің отырысында орталықтың жұмыс кестесі бекітілді. Бағдарламалық мақала бойынша облыстық жоспар, желілік іс-шаралар кестесі белгіленді.

Осы бір жылда облыстық ҚХА-ның қатысуымен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жүйелі атқарылды. Жоба аясында облыстан 312 үмітker іріктеліп, республикаға 29 адам өтті. 6 жерлесіміздің кандидатурасы El.kz сайтында орналастырылып, бүкілхалықтық дауыс беруге қатысты. Жеңімпаз атанған Елдос Баялышбаев пен Ғалымжан Алиуханов Елбасы Н.Назарбаевпен болған кездесуге қатысты. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» ақпараттық картасы әзірленіп, оған сәйкес облыстық, аудандық және қалалық газеттерде «Қазақстаннның 100 жаңа есімі», «Жетісудың азаматтары» айдарларында біздің жерлес замандастарымыздың 44 табыс тарихы жарияланып, 16 телесюжет көрсетіліп, 6 бейнеролик әзірленді. Әлеуметтік желілерде 300-ден астам жарияланым жарық көрді. Бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасуда.

Қазіргі таңда елімізде саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани жаңғыру процестері ерекше орын алуда. Осыған байланысты түрлі жоба жоспарланып, іс-шаралар кенінен ұйымдастырылуда. Үстіміздегі жылдың 15 наурызында Қазақстан Халқы ассамблеясының жетекшілігімен жастар қозғалысының конференциясы өтті. Конференцияда «Жаңғыру жолы» атты республикалық жастар қозғалысы құрылды. 2018-2020 жылдарға арналған стратегия мен ережелер қабылданды, штаб сайланды, өңірлік үйлестірушілер тағайындалды және жұмыс жоспары келісілді. Аталған маңызды шараға І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі Дигай Дамир, «Туған тель» татар этномәдени орталығының белсендісі Руфина Усанова, «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының белсендісі Юлия Амелина, «Видергебурт» Талдықорған неміс орталығының белсендісі Евгения Еременко және «Күміс тамыр» қытай этномәдени орталығының белсендісі Бронислав Другов, сияқты жас көшбасшыларымыз қатысып қайтты. Ал облысымызда құрылған жастар қозғалысы штабы өз жұмысын «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығында» жүзеге асырады және бұл жаңа штабқа облыстық Ассамблея хатшылығы тарапынан қолдау көрсетіледі. Ғабит Тұрсынбайұлы «30 наурызда Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығында үлкен отырыс өткізіліп, республикалық «Жаңғыру жолы» қозғалысының жоспары таратып берілді. Енді алдымыздағы тұрған міндеттердің бірі – осы жоспарды орындау. Сондықтан Қазақстан Халқы ассамблеясының жанынан құрылған «Жаңғыру жолы» қозғалысы, жастарға «мүмкіндіктер көзін» ашып беретініне менің еш күмәнім жоқ», – дейді.

Қазір «Рухани жаңғыру» орталығы жоспар бойынша жүйелі жұмыс істеуде. Жуырда Астана төрінде Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының бір жылдығына орай келелі жиын өтті. Республикалық маңызы бар шараға «Рухани жаңғыру» орталығында жұмыс істейтін мамандар қатысып, атқарған жұмыстарын көрсетіп, жаңа тәжірибелер жинап қайтты. Осы орайда, республикалық семинарға облыс делегациясын бастап барған «Атамекен» кіші бағдарламасының үйлестірушісі Ғабит Тұрсынбай өз әсерімен бөлісті:

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына бір жыл толуына орай Астана қаласындағы Ұлттық музейде республикалық көрме ұйымдастырылды. Мұнда бағдарлама аясында барлық өңірлерде атқарылған жұмыстардың нәтижелері таныстырылды. Көрмеге Алматы облысында шығарылған кітаптар мен көрнекі материалдар, бейнероликтер ұсынылды. Алматы облысының көрмесіне «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Рухани керуен», «Тәрбие және білім», «Туған жерге тағзым», «Рухани керуен –жастар керуені» жобалары ауқымындағы шаралар, «Рухани жаңғыру» Талғар аудандық ақпараттық-имидж журналы және «Рухани керуен» кітабы қойылды.

Жиынға Президент Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаева қатысып, сөз сөйледі. Ол бұған дейін атқарылған жұмыстарды алдағы уақытта да тиімді жалғастыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар бұл бағдарламаны халық арасында кеңінен насихаттау маңыздылығын атап көрсетті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ халқының өткен өмірін бейнелейтін тарих және мәдениет ескерткіштері мен табиғат нысандардың көптігіне байланысты ғылыми ұжым өз жұмысын әрі қарай жалғастыра бермек. Археолог, тарихшы, этнолог, филолог, шығыстанушы және өлкетанушы ғалымдар жұмыла күш жұмсап, Елбасы бағдарламасын жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде.

Бұл шаралардың барлығы қоғамдық келісім мен ынтымақтастық, татулық пен достық арқылы ғана жүзеге асады. Қазақ халқының даналығында «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп тегін айтылмаған. Яғни барлығымыздың арамызда достық, тыныштық, келісім, бейбітшілік болу керек. Сонда ғана біздің мемлекетіміз дамиды және мәртебесі биіктейді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

6 ЖҚ

EL BIRLIGI

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Игі іс

ТАТУЛЫҚТЫҢ ТҰТҚАСЫ,



БІРЛІКТІҢ БЕСІГІ

Талдықорған қаласындағы Достық үйі 2008 жылы 28 қарашада ашылды. Ол халықтың өзіндік мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтап дамытуға және этномәдени бірлестіктер мен Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысын белсендендіруге мүмкіндік берді. Осындай үлкен жауапкершілікті арқалаған Тәңірберген Қасымберкебаев басшылық ететін Достық үйінде күн бойы қызу тірлік қайнап жатады. Өткен жылды үлкен жетістікпен қорытындылаған олар биылғы жылды да тамаша бастамалармен бастап кетті. Біз осы ретте Достық үйінің ұйымдастыруымен өткен бірқатар маңызды шаралар туралы арнайы тоқталғанды жөн көрдік.

Қазақстан Халқы ассамблеясының Астанада өткен 12-ші сессиясында Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы уықтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар. Ол – біздің талайғы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз. Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз. Біздің жасампаз тарихымызды елдің әрбір азаматы мақтан етуге тиіс», – деп атап өтті. Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясаттың бірі этносаралық татулық екені мәлім. Соның арқасында барлық этнос бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп, береке-бірлікте еліміздің болашағы үшін қызмет атқарып жатыр. Талдықорғандағы Достық үйі – соның айғағы. Достық үйі қызметінің мақсаты – еліміздің мемлекеттік ұлттық саясатын, «Қазақстан Халқы ассамблеясы туралы» Заңын іске асыру, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау, Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.



Ағымдағы жылдың 16 ақпанында Қаратал ауданы Бастөбе ауылының М. Горький атындағы орта мектебінде Алматы облыстық Қазақстан корей қауымдастығының ұйымдастыруымен Елордаға 20 жылдығына арналған «Астана – биік шаңырақ» атты облыстық форум өтті. Форумға Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы, «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы», облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы облыстық қоғамдық келісім, Аналар кеңесі, этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты. Мұнда Елордамыздың 20 жылдық мерейтойына орай дайындалған концерттік бағдарламр көрсетіліп, көпшілікке Елбасының Жолдауы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстары туралы түсінік берілді.

6 наурыз күні, Достық үйінде, облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласының 20 жылдығы аясында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Астана көктемі шақырады» атты форумы өтті. Мерекелік шарада, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлы көпшілікті құттықтап, сөз сөйледі. Ол ассамблея жұмысына белсене араласып жүрген әйел азаматтарға алғыс айтып, баянды ғұмыр тіледі. Келесі кезекте облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының төрағасы Адам Бойсаев, «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев, Алматы облысының «Құрметті азаматы», «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрайымы Светлана Гаитова өз ойларын білдіріп, еліміздегі татулық пен бірліктің тал бесігінде тербелген этнос өкілдерінің бүгінгі жарқын күндері жайлы айтып берді.

Облыстық «Полония» поляк қоғамының ұйымдастыруымен де «Астана – бейбітшілік бесігі» атты фестиваль өтті. Шараға облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы, «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» қызметкерлері, облыстық және қалалық қоғамдық келісім, Аналар кеңесінің төрағалары, этномәдени бірлестіктер төрағалары мен белсенділері, қала тұрғындары және БАҚ өкілдері қатысты. Мерекелік шара аясында концерттік бағдарлама, құттықтау сөздер мен марапаттау рәсімі өтті.

Кеше ғана «Қазақстан – Корея» достық қоғамы өңірлік филиалының ұйымдастыруымен «Астана – тәуелсіз елдің тарихында» атты VII облыстық форум үлкен салтанатпен өтті. Арқадан орын тепкен Астананың негізі қаланғанына биыл – 20 жыл. Осы орайда облысымызда көптеген игі шаралар өтіп, бірқатар жұмыс жүзеге асып жатыр. Бұл тұрғыда облысымыздағы «Қазақстан – Корея» достық қоғамының мұрындық болуымен болған салтанатты шараның орны ерек. Форумды облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай ашып, артынша мерейтойға арнайы ұйымдастырылған шығарма және сурет байқауларының жеңімпаздарын марапаттады.

Одан кейін сөз алған «Қазақстан – Корея» достық қоғамы облыстық филиалының төрайымы Клара Хан Астана тарихына тоқталып, тәуелсіз елдің, бейбіт мемлекеттің басты ордасының жыл санап гүлденіп, көркейіп келе жатқандығын айтты. Өз сөзінде ол ұйымдастырылып отырған шара мерейтойдың басы екендігін, әлі де жоспарда тұрған үлкен басқосулардың бар екендігін де тілге тиек етті.

Форум аясында Астананың 20 жылдығына арналған балалардың арнайы салған суреттерінен көрме ұйымдастырылды. Форум соңы концерттік бағдарламалармен жалғасты.

Достық үйінің ұйымдастыруымен өңірдегі этнос өкілдерінің ұлттық мерекелері де өз деңгейінде аталып өтеді. Айталық, 18 ақпанда, Талдықорған қаласы Жастар саябағында, Талдықорған қаласының әкімдігі, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы, «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы» және этномәдени бірлестіктердің қолдауымен, Қазақстан халқының мәдени-моральдық дәстүрлерін сақтау және кеңейту мақсатында облыстық орыс орталығының ұйымдастыруымен «Масленица» мерекелік іс-шарасы өтті. Мерекенің «Масленица» аталуының да өзіндік себебі бар екен. Мереке кезінде бір апта майлы тағамдар желінеді, әсіресе, майға пісірілген жұқа дөңгелек құймақтар мол болады. «Неліктен құймақ құйған» десе, мынадай болжамдар мен ырымдар бар екен: біріншіден, оның дөңгелек формасына қарап көктегі күнге теңеген, сол жаңұяға жылу әкеледі, жарық әкеледі деген. Екіншіден, ол ұннан жасалғандықтан, көктемгі жаңа егістен мол астық алу үшін әр үйде оны мол істеуге тырысқан.

Бұл мерекелік шараға өңірде тұратын барлық этнос өкілдері қатысып, достық пен татаулықтың және қоғамдық келісім бойынша елімізде атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелі тұстары туралы әңгіме қозғалды. Тіпті этномәдени орталықтар дайындап келген концерттік бағдарламалар шараның шырайын келтіруімен қоса, ұлттар арасындағы береке мен бірлікті нығайта түсті. Спорттық жарыстар, ұлттық қолөнер көрмесі, түрлі қызықты байқаулар көптің көңілінен шықты.

Осы шараның жалғасындай, 24 ақпан күні облыстық «Туған тель» татар этномәдени орталығы «Татар кулинариясының күні» атты мерекелік шараны өткізді. Расында, бүгінде татар мәдениетінің күндерін өткізу дәстүрге айналған. Этномәдени бірлестіктің жыл сайынғы шараларының арасында, басқа этномәдени орталықтардың шығармашылық ұжымдары да қатысатын «Сабантой» мерекесі ерекше орын алады. Жыл сайын өтетін мерекелердің тағы бірі – аспаздық шеберлікке арналған байқаулар мен мерекелік концертпен жалғасатын татар халқының ұлттық тағамдар күні. Мерекелік бағдарламада көркемсурет көрмесі, қолөнер көрмесі, аспаздық байқау, мерекелік концерт болды. Шара барысында аспаздық шеберлікке қатысты ойындар ойнатылып, татар этномәдени орталығының белсенділері марапатталды.

Әлемнің көптеген елдеріне үлгі болып, адамзаттық қасиет – өзгеге жақсылық жасау ұстанымы асқақтады. Соның арқасында ата-бабаларынан топырағын тануға аттанған көптеген ұлттар Қазақстанды мақтанышпен еске алып, сырттай тілеулестік танытады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1 наурыз – Алғыс айту күні болып жарияланды.

Иә, 1 наурыз күні – барша этнос өкілдерін бір шаңырақтың астына біріктірген ҚХА құрылған болатын. Елбасының Жарлығымен дәл осы күн Алғыс айту күні болып жарияланды. Алғыс айту күні біздің елімізде биыл екінші рет атап өтілді. Қоғам бірігуінің, азаматтық татулықтың, қоғамдық келісімнің, қазақстандық бірегейлік пен бірліктің нығаюының, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылығының және халықтың жалпыұлттық игілігі ретінде Жаңа қазақстандық патриотизмнің принциптерін қалыптастыруды мақсат еткен шара биылда жоғары деңгейде өтті.

Форумда облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлы, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, әзірбайжан этномәдени орталығының төрайымы Асылы Осман, «Қазақстан-Корей достығы қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Клара Хан, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Қазақстан Халқы ассамблеясы кафедрасының мүшесі, экономика ғылымдарының магистрі Фаррух Гаджиев сөз сөйлеп, өткенге көз жүгіртіп, қазақ халқының қонақжайлығы мен кең пейіліне алғыстарын білдірді. Шара барысында алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталып, марапаттау рәсімі өтті.

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында өткен «Жаңғырудың негізі – тұрақтылық, бірлік, келісім» атты Қазақстан Халқы ассамблеясының XXV сессиясында Елбасы – Қазақстан Халқы ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев:

– Жүйелі жаңғыру биыл біздің бүкіл жұмысымыздың өзегіне айналды. Біріншіден, экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Екіншіден, саяси жаңғыруды бастадық. Үшіншіден, рухани жаңғыруға кірістік. Бұған мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаламды арнағанымды білесіздер, – деп көпшіліктің назарын жақында жарық көрген бағдарламалық мақаладағы негізгі міндеттерге назар аударды. – Мен ең алдымен болашақ қазақстандықтың болмысын айқындап, қандай болуы қажеттігін атап өттім. Біріншіден, ол – әлемдік бәсекеге қабілетті жасампаз тұлға. Екіншіден, алдына нақты мақсаттар қойып, соған ұмтылатын прагматик әрі реалист. Үшіншіден, ұлттық бірегейлікті нығайтып, ұлтының дамуын тежейтін барлық нәрселерден бас тартатын адам. Төртіншіден, білімнің салтанат құруын ең маңызды іс санайтын, жаһандық білімнің шыңына шыққан жан. Бесіншіден, тек эволюциялық даму ғана халқының өсіп-өркендеуіне мүмкіндік беретінін жақсы түсінетін саналы азамат. Алтыншыдан, ол – түрлі тілдерді меңгерген, әлемнің үздік тәжірибелерін алуға және заман талаптарына сай өзгеруге қабілетті, сана-сезімі ашық адам, – деп атап өтті.



Айталық, 27 ақпан мен 1 наурыз аралығында өткен Қаратал ауданы Бастөбе ауылы «Қазақ халқына мың алғыс» монументінде митинг, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында медиация бойынша «Ашық есік күні», Достық үйінде «Татулық – бірлік бастауы» – «Астанаға ыстық ықыласпен» облыстық форумы өтті.

Айтулы күнге орай өткен жиында кезекпен сөз алған Қаратал ауданының әкімі Рауан Рақымбеков, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, Әзірбайжан этномәдени орталығының төрайымы Асылы Осман, Қаратал ауданының Құрметті азаматы, Корей ардагерлер кеңесінің мүшесі Валентина Ин көпшілікті мерекемен құттықтап, алғысын арнады.

Елбасының осы тапсырмасын іліп әкеткен облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен Достық үйі келісім орталығы өңірдегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында біраз шаруаның басын қайырды. Осы шараға Достық үйі де белсене араласып, игілікті істің өрге басуына барынша қолдау танытып келеді. Айталық, 11 сәуір күні Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылының медициналық колледжінде, Алматы облыстық татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазақстан халқының рухани жаңғыруы» атты облыстық фестиваль өтті. Оған этномәдени бірлестіктер төрағалары мен белсенділері, колледж оқытушылары мен білімгерлері және БАҚ өкілдері қатысқан шарада 11 этностың мәдениеті мен салт-дәстүрін көрсетіп, рухани жаңғыруға бағытталған көріністер қойылып, концерттік бағдарлама да болды.



Өткен ғасырда көптеген ұлтты туған жерінен шығарып, босқындықтың қамытын киғізген кеңестік идеологияның айдауымен корей ұлты да ит арқасы қиындағы Қиыр Шығыстан Ұлы далаға мал вагондарына тиелген күйі жеткізілді. Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласындағы жергілікті халықтың қамқорлығына алынғандардан басқалары Бастөбе жотасынан қазылған жертөлелерді қоныс етеді. Қақаған қыстың суығын көтере алмай қаза тапқандар сол төбенің етегіне жерленіп, қара жерді томпайтып қала берді.

Содан бері талай су ақты, талай өзен сарқылды, талай пенде бақилық болды. Ел есінде қалғаны – айдаумен келген көрістерге

– Құрметті қонақтар, қадірменді жерлестер сіздерді 1 наурыз – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! – деген аудан әкімі Рауан Тұрданғазыұлы айтулы күннің маңызы зор екенін ұғындырып өтті. – Алғыс айту күні «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық-патриоттық идеясының қазақстандық бірегейлік пен ел бірлігінің ортақ тарихы және ортақ тарихи сана негізіндегі ұлттық құндылықтарды бедерлейді. Бұл күн күрделі заманды иық тіресе еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстан жолында аянбай тер төккен азаматтарымыздың бір-біріне құрмет білдіретін күні.

Кеше Астана қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Халқы ассамблеясының кезекті XXVI сессиясы өтті. Жаңа сессия жаңа міндеттер жүктейді. Достық үйі сол міндеттерді басшылыққа алып, өңірдегі береке-бірлікті нығайтуға тың күшпен кіріседі.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бірлік түбі – береке

Астананың Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Халқы ассамблеясының кезекті XXVI сессиясы өтті. Түрлі салада қызмет ететін 1500-ден астам адамның басын қосқан сессияға елдің барлық өңірінен қатысушылар келді. Сол қатарда жиынға Алматы облысынан 42 адам делегат ретінде қатысты. Сессияға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы қатысып, баяндама жасады.



ЖҮРЕГІ БІР,

Сессияда Елбасының алдында жерлесіміз, «Байсерке-Агро» ЖШС директоры Кирилл Павлов сөз сөйлеу мүмкіндігіне ие болды. Ол өзін әртүрлі салада байқап көргенін айта келіп: «Ақыры ауыл шаруашылығына оралдым. Бүгінде жұмыссыз жүрген жандарды көргенде, оларды ауыл шаруашылығымен айналысуға шақырамын. Қазақстан – аграрлық әлеуеті зор мемлекет. Алайда жастар аграрлық секторды табысты деп санамайды. Бұл – қате пікір. Менің ойымша, Президенттің бес әлеуметтік бастамасы болашақ ұрпақ үшін қажетті жағдайдың негізін қалады. Үлкен еңбексіз өмірде жеңіс болмайды, сондықтан талмай еңбек етуіміз керек», – деді.

Делегация құрамында аға буын өкілдерімен қатар, жастар ұйымдарының көшбасшылары, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері болды. Атап айтар болсақ,



І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі Дамир Дигай, «Туган тель» татар этномәдени орталығының белсендісі Руфина Усанова, «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының белсендісі Юлия Амелина, «Видергебурт» Талдықорған неміс орталығының белсендісі Евгения Еременко және «Күміс тамыр» қытай этномәдени орталығының белсендісі Бронислав Другов сияқты жас көшбасшыларымыз қатысып қайтты. Біз олармен кездесіп, сессиядан алған әсерін тыңдап, алдағы жоспарымен бөлістік.

СЕГІЗ ТҮРЛІ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының бірінші орынбасары, хатшылық меңгерушісі:

– Сессия шымылдығы Мемлекеттік әнұранмен түрілді. Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары – хатшылық меңгерушісі Леонид Прокопенко жиын тізгінін қолға алып, алғашқы сөзді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа ұсынды. Президент әуелгі сөзін жиынның тақырыбына тоқталудан бастады. Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті, дамудың даңғыл жолына түскен, өзге мемлекеттермен терезесі тең елдер ең алдымен әлеуметтік интеграцияға мән беріп отыр. Халықты әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету бірлікті нығайтады, экономиканы өсіреді, біртұтас ұлтқа айналдырады. Қазақстан да осы жолға түсіп үлгерді. Сондықтан, әлеуметтік бірлік саясатына ерекше көңіл бөлгеніміз абзал. Әлемде қаншама халық әлеуметтік жаңғыртудың жоқтығынан бірлігінен айырылып, болашаққа бағдар жасаудан шет қалып отыр. XXI ғасыр қауіп-қатердің бұрынғыдан да күрделе түскенін көрсетіп берді. Бұл ретте Қазақстан тек ынтымақ-бірлігімен ғана өзінің сара жолын салуға тиіс. Әлеуметтік саясат ел бірлігінің кепілі болатынына кеңінен тоқталған Мемлекет басшысы жуырда жариялаған бес бастаманы іске асырудың үш негізгі факторын атады.

Оның біріншісі дағдарыстың туындау себебін дұрыс анықтай алмаумен байланысты. Мәселен, қазіргі таңда дағдарыстың шығуына егемен елдердің ішкі ісіне араласу басты себеп ретінде қаралған. Алайда әлеуметтік бірліктің жоқтығын зерттеп, салдарына назар аударатындар некен-саяқ. Қазақстандағы бес әлеуметтік бастама ең алдымен әлеуметтік бірлікті нығайтуға бағытталған. Ал екінші фактор өндірісті роботтандыру, технологияны цифрландыру жұмыстары әлеуметтік-мәдени капиталдың қорғаушы күші болып саналғаны жөн.
Осы орайда бес бастама елдің әлеуметтік потенциалын көтеріп қоймай, экономикамыздың Назарбаевтың әлем мойындаған оң саясатының жемісі. Елбасымыз әлемде теңдесі жоқ қоғамдық институт – Қазақстан Халқының ассамблеясын құрды. Оның қызметінің аясында елімізде тұратын әрбір этнос өкілінің өз тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын ұстанып, өркендетуге мол мүмкіндік жасалуда. Күні кеше Қазақстан Халқы ассамблеясының 26-шы сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы «Ассамблея құрылған күннен бастап еліміздегі мызғымас бірліктің ұйытқысы, сарқылмас берекенің бастауы болып келеді. Бүгінгі күні ол – еліміздің татулығы мен тұрақтылығының ең басты кепілі» деп бұл орайда атқарылған жұмыстарға жоғары баға берді. Президентіміз наурызда жариялаған «Бес әлеуметтік бастаманы» қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры деп атап, оны жүзеге асыруға ассамблея арқылы бүкіл халықты жұмылдыруы да тегін емес. Халқымызда «Саусақ бірікпей ине ілікпейді» деген мақал бар. Әр істі тілге, дінге, ұлтқа бөлінбей, бір адамдай атқарсақ, біз тек биіктен көрінеміз. Ел абыройы асқақ болады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Халқы ассамблеясының рухани жаңғыруға белсене атсалысатынына сенім білдіріп, Ассамблея мүшелеріне өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін бірқатар жобаға тоқталды. Сол қатарда, бірінші. «Туған жер» жобасы ассамблея үшін зор мүмкіндіктерге жол ашып береді. Екінші. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына ассамблея тікелей қатысып, басы-қасында жүруі керек. Біздің қаншама замандастарымыз, қаншама ассамблея белсенділері ел игілігі үшін риясыз қызмет етіп жүр. Ұлтына, қай өңірден екеніне, жынысына қарамастан, біз олардың барлығын елге таныта білуіміз керек. Мұнда қойылатын талап біреу ғана, ол – азаматтың Қазақстан дамуына қосқан үлесі. Үшінші. Ассамблея «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасына табысты атсалыса алады.

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

Осы жолғы сесссияда Президент Нұрсұлтан Назарбаев жастардың сана-сезімін қалыптастыру үшін айрықша маңызы бар

ТІЛЕГІ БІР

өкілдерін «Туған жер» жобасына қатысуға және өз ауылдастарын қолдау үшін күш жұмылдыруға шақырды.

Қазақстан Президенті «Біз адам басына шаққандағы ішкі жалпы өнім көлемін арттыру үшін үлкен жолдан өттік. Ол 600 доллардан 10 мың долларға дейін көтерілді. Бұл – әлеуметтік капиталға салынатын инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік беретін база. Бір ғана мысал, биыл қаңтар айында Дүниежүзілік экономикалық форумда мемлекеттерді бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Ол – ішкі жалпы өнімнің өсуіне және басқа да он бір параметрге байланысты болатын инклюзивті даму индексі. Бұл индекстің басты көрсеткіші – әл-ауқат деңгейі. Дамушы 74 елдің рейтингінде Қазақстан 15-орында. Меніңше, бұл лайықты нәтиже! – деді.

Елбасы жиында бес бастамада неліктен баспана мәселесі басты орынға қойылғанын айтып өтті. «Бәріміз жайлы тұрмыс үшін баспананың алатын орнын жақсы түсінеміз, – деп жалғады сөзін Нұрсұлтан Әбішұлы. – Жұмыс істей алатын кез келген азаматтың жаңа талап бойынша ипотекаға қол жеткізе алуы айрықша маңызды. Бұл дегеніміз – біздің миллиондаған азаматымыз! Олар мерзімі 25 жылға дейін ұзартылған арзан ипотека ала алады. Осыған орай, бастапқы жарна 20 пайыздан аспайтын болады. Ал бұрын бұл 50 пайыз болған еді».

Демек, алдағы уақытта жастардың ғылыммен айналысып, өріс ашуына үлкен серпіліс туатыны бесенеден белгілі. Әрине, жастарды қатты алаңдататыны баспана мәселесі десек, осы сессияда Елбасы жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің жолдарын да көрсетіп берді. Енді біздің алдымызда алаңсыз ғылыммен айналысып, жетістікке жету ғана қалды.

ЖАСТАРҒА ЖАЛЫН БЕРДІ

Әрине, тәуелсіз Қазақстанның топырағында еркіндігін өрлікпен ұштастырған әрбір этнос өкілі бейбітшіліктің, тұрақтылық пен келісімнің өздігінен келе салмайтынын білуге тиіс. Мемлекет ұдайы этносаралық және конфессияаралық процестердің тамырын басып, жіті қадағалап отыр. Ұлттық бірлікті нығайта түсу үшін Қазақстан Халқы ассамблеясы мен барлық мемлекеттік органдар тұрақты, күнделікті жұмыс жасауда. Оның жемісін желкілдеп өсіп келе жатқан жастар көріп келеді. Сонымен қатар ҚХА қоғамдық келісім кеңестерінің жұмысын реттеп, олардың қызметтерінің нақты критерийлерін жасауда. Бұдан бөлек, үкіметке қайырымдылықты дамыту, оның ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізуде. Бұл жастарға жасалған қамқорлық екені анық. **Бұл тұрғыда сессия делегаты, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының жетекшісі, Руфина Усанова айтып берді.** Ол *«Үстіміздегі жылдың 15 наурызында Қазақстан Халқы ассамблеясының жетекшілігімен Астана қаласында жастар қозғалысының құрылтай конференциясы өтті. Конференцияда «Жаңғыру жолы» атты республикалық жастар қозғалысы құрылды, 2018-2020 ж.ж арналған стратегия мен ережелер қабылданды. Бұл қозғалыстың мақсаты – этномәдени бірлестіктер жанындағы жастар ұйымдарын біріктіру және де Елбасының жаңғыру, жаңғырту бойынша саясатын қолдау. Осыған орай 19 наурызда облыста аймақтық штаб құрылып, «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығынан» арнайы кабинет бөлініп, бір жылдық жұмыс жоспар жасалды. Аймақтық штаб мүшелері небәрі бір айға жуық уақытта «Жеңіс» саябағында «Таза қала – таза саябақ» акциясын, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының брифингін, Талдықорған қаласының орта мектептерінің жоғары сынып оқушылары арасында шығарма мен сурет байқауын ұйымдастырып, «Жаңғыру жолы – Жастар жолы» атты бейнеролик түсірді. Қазақстан Халқы ассамблеясының XXVI сессиясының облыс делегаттарының қатарында аймақтық штаб мүшелері де болды. Сессияда Елбасы «Айтқан сөзім, берген уәдем орындаусыз қалмайды» деп қадап айтты. – Ол үшін елдің бірлігі мен тыныштығы керек. Сонда ғана басталған істі ең кедергісіз соңына жеткізуге болады», – деді. Президенттің сөзінде «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының белсенділеріне көптеген жаңа идея берді. Осыдан кейін штаб төрағасы мен мүшелері облыстық жоспарға Ұлы Отан соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің үй шаруаларына жыл бойы көмек көрсету жұмысын енгіздік. Осыған орай, 4 мамырда облыстық тыл еңбеккері Нина Литвиновағa азық-түлік себетін беріп, бақшасын қазып бердік. 5 мамырда Ескелді ауданының Ақын Сара ауылында «Ұлы дала елінің киелі мұрасы» республикалық тарихи-экологиялық акциясы аясында ақын Сара Тастанбекқызының ескерткішінің аумағында тазалық және Қаратал ауданында «Қазақ халқына мың алғыс» монументінде абаттандыру жұмыстарына атсалыстық. Алдағы уақытта да осындай игілікті істерді жалғастырамыз.*

ТҮЙІН

Қазақстан Халқы ассамблеясы – біздің мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаттағы берік ірге тасы. Оның ішінде, елдегі бірлік пен ынтымақ тоқайласатын үлкен қоғамдық институтқа айналды. Кезінде көп этностың қоныстануы мен жеріміздің кеңдігіне байланысты Қазақстанды бөлшектенуі мүмкін мемлекеттердің қатарына жатқызғандардың көп болғаны рас. Алайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мұндай қатердің боларын сезіп, қауіптің алдын алып, аталған ұйымды құрған болатын. Бұл шешім өз-өзін ақтады. Дана халқымыз «Ырыс қайда барасың, ынтымаққа барамын» деген нақылды бекер айтпаған. Бүгінде ынтымағы берік Қазақстанның жеткен жетістіктері орасан. Ассамблея сессиясында еліміздің бағыт-бағдарына тағы бір көз жеткіздік. Оның ішінде «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» елдегі ынтымақ пен бірлікті жарастыра түсері күмән тудырмайды. Елбасының бес әлеуметтік бастамасы халықтың тұтастығына оң әсерін тигізіп, жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатындығын айғақтай түседі. Әсіресе жастарға беріліп отырған мүмкіндіктер еліміздің болашағының зор екендігін дәлелдей түседі. Біздің елімізде Елбасы саясатының арқасында соғыс атаулы жоқ, аспанымыз ашық. Барлық этностар өз мәдениетін, дәстүрін, ана тілін дамытуға мүмкіндік алып отыр. Әрине, қазір ассамблеяның деңгейі жоғарылады, түрлі кеңестер құрылып, ел ішіндегі мерейі аспандай түсті. Татулық пен тұтастықтың бастауында тұрған Елбасының идеясы – Қазақстан Халқы ассамблеясы әлем мойындаған институтқа айналды. Әлі де осы бағыттан танбай үлкен игілікке жете беретіні анық.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі Дамир Дигай «Жаңа гуманитарлық білім» жобасын атап өтті. Жоба әлемнің жетекші тілдерінен ең үздік оқулықтарды қазақ тіліне аударуды көздейді. Философия, әлеуметтану, экономика, мәдениеттану, шығыстану салалары бойынша ағылшын, орыс, француз, испан тілдерінде және басқа да тілдерде басылған тамаша оқулықтар бар. Оқу процесіндегі ғылыми айналымға олардың енгізілуі отандық білімді жаңа деңгейге көтеретіні анық. Алайда бұл жобаны атқару үшін әр буын өз міндетін толық түсініп, бірлесе жұмыс атқару керек. **Бұл туралы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі Дигай Дамир ойымен бөлісті:**

– Мені Елбасының Қазақстан Халқы ассамблеясының көпфункционалды мультимедиалық порталын ашуды және «Қазақстан халқы» интерактивті тарихи картасын жасауды тапсырғаны ерекше толқытты.

Елбасы «Ел иесі – қазақтың мемлекет құраушы ретіндегі айрықша рөлін ескере отырып, жасалуға тиіс электронды карта ежелгі қазақ жерінде сан түрлі ұлт өкілдерінің үйлесу процесін көрнекі және толық көрсетіп береді. Білім және ғылым министрлігіне ҚХА-мен бірлесіп ғылыми негізде осы интерактивті картаны жасап, келесі жылы «Алғыс айту» күніне орай тұсауын кесуді тапсырамын», – деді. Сондай-ақ Қазақстан Президенті бизнес, шығармашылық және ғылыми зиялы қауым

TIRSHILIK ЖК 5
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

«Бизнестің жол картасы – 2020»

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА «БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020» БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ АЛДА КЕЛЕДІ. ӨҢІРДЕ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ӨРКЕНДЕТУ, БИЗНЕСТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ САЛАЛАРЫНДА ЖАҢА БАСТАМАЛАРЫ ЖЕТЕРЛІК. ЕҢ АЛДЫМЕН ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНДА ТАУ-КЕН КОМБИНАТЫНЫҢ ТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНЕ ЗОР СЕРПІН БЕРЕТІНДІГІ АНЫҚ.

ТАУЛЫ ҚАЛАДАҒЫ ТАБЫС



Жеке инвесторлардың қаржылық қолдауымен құрылыс жұмысы бірнеше жылдан бері жүріп жатқан комбинат биыл іске қосылады. Бүгінгі таңда 500-ден астам адам жұмыспен қамтылып отырған өндіріс орны өнім шығара бастағанда мыңға жуық адамды жұмыспен қамтитын болады. Бұл Текелі сияқты моноқала тұрғындарының жұмыспен қамтылуына үлкен қолдау болары анық.

Комбинат директоры Бақыт Сарбасовтың айтуынша, өндірісті іске қосудың барлық дайындық жұмысы толығымен аяқталуға жақын. «Жоспар бойынша жылына 400 мың тонна шойын шығару керек. Ол үшін 1 миллион тонна руда керек болады. Бір сағатта 50 тонна өңделеді. Руда Қарағанды облысынан тасымалданады. Қазір 400-ден астам вагон руда жеткізіліпті. Комбинатта жұмыс істейтін маман тәрбиелеу ісі де ойдағыдай жүріп жатыр. Өткен жылы 95 жас маманды Теміртау қаласына жіберіп, тәжірибеден өткізіп алғанбыз. Сонымен қатар, өзімізде оқыту орталығын ашу жоспарда бар. Қазірдің өзінде тиісті мамандарды өздері даярлауды қолға алған», – дейді ол.

Десе де, кәсіпкерлік саласында әлі де күрмеулі мәселелер жетерлік. Алматы облысының кәсіпорындарына 25 мыңнан аса маман қажет. Бұл да кәсіпкерліктің еркін дамуына кедергі келтіруде. Өткен жылы мемлекет тарапынан бизнес өкілдеріне үлкен мүмкіндік жасалды. Облыста «ТЭТАК» АҚ, «Қайнар» АКБ» ЖШС, «Бейбарыс-Агро» ЖШС, «КнауфГипсҚапшағай» ЖШС, тағы да басқа кәсіпорындар негізінде 7 оқу орталығы құрылды. Онда жыл бойы 314 жұмыссызға кәсіптік оқуға жолдама беріліп, 156-ы жұмыспен қамтылды. Осы тұрғыдан, Текелі қаласында жұмысшы мамандықтар бойынша азаматтардың біліктілігін арттыру қолға алынған. Айталық, «КнауфГипс Қапшағай» ЖШС Текелі кәсіптік колледжінде кәсіпорын жұмысшылары мен оқу орнының жетекшілері үшін құрғақ құрылыс бойынша тегін кәсіби біліктілікті арттыру курсын ұйымдастырған. Бір апта ішінде 19 қатысушы заманауи құрылыс технологияларының қыры мен сырын толық меңгеріп шықты.

Биылғы жылы аталған бағдарлама аясында өңірде 13 оқу орталығын құрып, 500-ден астам азаматты оқыту жоспарланып отыр. Сол қатарда Текелі қаласында қалалық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен жеке кәсіпкер Әйгерім Сәкенқызы алғашқылардың бірі болып, тігінші мамандарын даярлайтын оқу орнын ашты. Ашылу салтанатына аудан, қаладан келген кәсіпкерлер палатасының директорлары мен қала тұрғындары қатысып, жаңа бастамаға сәттілік тіледі. Кәсіпкер қыз осыған дейін жеке тігін орталығын ашып, кәсіптің қыры мен сырына жетілген. Енді сол білімін жерлестеріне үйретіп, кәсіптенудің жолын ашпақ. Ол жаңа тігін машиналарын сатып алып, тәжірибелік сабақтар ұйымдастырмақ. Қысқа мерзімді курс аясында текеліліктер маман иесі болып қана қоймай, жеке кәсіпкер де атана алады.

Тағы бір айта кетерлігі, Текелі қалалық кәсіпкерлер кеңесінің қолдауымен бой көтерген мәдениет және демалыс орталығы да көз тартады. Орталыққа кіргенде алдыңыздан құлынды бие мен таутекенің мүсіні шығады. Жалпы саябақ ішіндегі бұғы мен жолбарыс, қар барысы, түйе, қанатты барыс сияқты мүсіндер келушілерге ерекше әсер етеді. Саябақтың ортасындағы үлкен субұрқақ та көзге бірден түседі. Саябақ ішін аралап жүргенімізде ұлттық нақышта безендірілген үш киіз үйдің көркемдігі де өзіне баурап алды. Ал бос алаңқайларға егілген түрлі жеміс ағаштары мен қарағай, шырша сияқты көпжылдық ағаштар орталықтың көркін ашып тұр. Саябақта балалардың жаз бойы доңғалақ *(ролик)*, сигвей сынды заттарды тебуге мүмкіндіктері бар. Кіреберісіндегі есікте: «Ертегілер еліне қош келдіңіз!» – деген жазу тұр. Тап бір ертегілер еліне сапар шегіп жүргендей сезінесіз. Айта кетерлігі, бұл саябақта «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында бой көтерді.

Қысқасы, Текелі қаласындағы кәсіпкерліктің өрістеуіне жасалған істер көңіл қуантады. Мұндай жетістік алдағы уақыттада жалғасын тауып, жұрттың игілігі үшін керемет бастамалар атқарылатын болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Қызмет

ЦИФРЛАНДЫРУ – СҮЙЕКТІ ЖОБА

Елбасының биылғы Жолдауында бірыңғай электрондық еңбек биржасын кең ауқымда енгізу мәселесі көтерілді. Онда бос жұмыс орындары мен жұмыс іздеушілер туралы барлық ақпарат жинақталуы тиіс. Отандастарымыз үйінен шықпай-ақ кәсіби бағдарлы тест тапсырып, оқу курстары мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы біле алады. Сөйтіп өзін қызықтыратын жұмыс табуына болады. Бұл бағытта жұмыс бастаған еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова үкімет отырысында цифрландыру барысы жайында айтты.

Министрдің сөзіне қарағанда, қазір еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік қолдау көрсету, арнаулы әлеуметтік қызметтер және көші-қон секілді ведомство қызметінің барлық бағыттары бойынша 11 кіші ақпараттық жүйені қамтитын әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі жұмыс істейді.



Бұл жүйе отандастарымыздың туғаннан бастап өмір бойы дербес есебін жүргізеді. Министрліктің 34 қызметінің 17-сі автоматтандырылды.Бірқатар қызмет бойынша ақпаратты электрондық түрде алуға болады.М.Әбілқасымова «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында іске қосатын үш ауқымды жоба туралы айтып берді.

Біріншісі — басты міндеттерінің бірі халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру болып табылатын әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін дамыту.

Жаңғырту келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: зейнетақымен қамсыздандыру; мүгедек адамдар үшін қызмет сапасын арттыру; «Алтын алқа» немесе «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; жұмысынан айырылған азаматтарды әлеуметтік қамсыздандырудың қолжетімділігін арттыру.

Әлеуметтік-еңбек саласын цифрландырудың екінші үлкен жобасы — электрондық еңбек биржасы. Ол база бүгінде құрылған және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының алғашқы іске асырылған жобасы. Оның аясында азаматтарды жұмысқа орналастыру реті электрондық форматқа көшіріліп, жұмыс іздеушілер мен бос орындардың ауқымды базасы қалыптасқан.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша, қазіргі кезде биржаға жұмысқа орналастыру бойынша 45 жеке агенттік пен 5 интернет-алаң қосылған. Ай сайын электрондық биржаға шамамен 141 мың адам кіреді. Жыл басынан бері оның мөлшері айына 2,7 есеге өсті. Қазір қолданушылардың саны 3 миллоннан асқан.

Министрлік биржаның функционалдық мүмкіндігін кеңейтуді жалғастыруда. Біріншіден, кәсіптік бағдарлау қызметі ашылып, онда жұмысқа орналасу бойынша ұсыныстар беріледі. Екіншіден, электрондық биржа өнімді жұмыспен қамту бағдарламасы аясында қысқа мерзімді оқыту алаңына айналады. Үшіншіден, Android базасында биржаның мобильді нұсқасы әзірленді.Алдағы уақытта оның IOS платформасындағы нұсқасы әзірленбек. Биылғы 1 шілдеден бастап пайдаланушыларға әрі қарай мобильді үкіметке (MGOV) қосылуға болатын нұсқасына толыққанды қосылуға мүмкіндік беріледі.

Үшінші үлкен жоба — электрондық еңбек шарттарын есепке алу жүйесін енгізу. Жұмыскерлер үшін бұл, бірінші кезекте, жұмысқа орналасу ретін жеңілдетуді білдіреді.Құжаттарды жинау қажет емес.Жұмыс іздеушінің жеке ісі автоматты түрде қалыптастырылады. Электрондық еңбек шарттарын есепке алу жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға 2019 жылы берілетін болады.М.Әбілқасымова мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру есебінен азаматтар мен мемлекеттің шығынын 600 млн теңгеге дейін қысқартуға болатынын айтады. Ал электрондық кадрлық іс қағаздарын жүргізуді енгізу есебінен бизнестің жыл сайынғы шығынын 1 млрд теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Осылайша, әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру әлеуметтік қызметтер мен жұмысқа орналастырудың айқындығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету есебінен халықтың өмір сүру сапасын арттыратын болады. Алқалы жиында ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев та саланы цифрландыру барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, еңбек кітапшаларын және еңбек шарттарын цифрландыру қағаз түріндегі құжаттарды қысқартуға алып келеді. Сондай-ақ сақтауды және мұрағат деректеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұдан былай электрондық еңбек шарттары еңбек өтілін растау үшін талап етілетін зейнетақыны, жәрдемақыны тағайындауға мүмкіндік береді.

Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев электрондық еңбек биржасы — Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өнеркәсіптік пайдалануға берілген «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының алғашқы өнімі екенін атап өтті. Жобаның табысты болуы тек еңбек министрлігіне ғана емес, сондай-ақ барлық ұлттық компанияларға, холдингтерге, орталық мемлекеттік мекемелерге, жергілікті әкімдерге де байланысты болмақ.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Диқан

Мемлекет басшысының биылғы Қазақстан халқына Жолдауында агроөндірістік кешенді жаңа технологиялық деңгейге көтеріп, өсімдікті қорғау құралдары мен минералды тыңайтқышты енгізудің интеллектуалдық жүйесіне көшу керектігі айтылған.

ЕГІНШІЛІК ЕТЕК АЛА БАСТАДЫ



Осыған орай, А.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында егіншілік полигоны құрылды. Жалпы ауданы 3 мың гектарға жоспарланған жобаны жүзеге асыру үшін 1 млрд теңге көлемінде қаржы бөлініп отыр. Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында ғылыми өндірістік орталықтың бас директоры Кенже Абдуллаев хабарлады.

Оның айтуынша, жаңа жобаның мақсаты – ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру және шығынды азайту. Бастаманың негізінде солтүстік аймақтардағы 15 млн гектар жерге заманауи технология қолданылмақ. Сондай-ақ ғылыми-зерттеулер жүргізіліп, биотехникалық әдіс бойынша жаздық бидайдың жаңа сортын шығару көзделіп отыр.

Бұл жобаның мақсаты – Ақмола облысында егіншілікті дамыту бойынша ауыл шаруашылық дақылдарын өндіру кезінде агроценозды басқару және мониторинг негізінде егіншілік технологияларын бейімдеу.

Нақты егіншіліктің арқасында егін егу мен астықты жинаудың оңтайлы уақытын болжау, суару, минералды тыңайтқышты себу, зиянкестермен және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйесін пайдалану жүзеге асырылмақ.

Жүргізушісі жоқ техника адам күшін азайтып, егіншіліктің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Климаттың өзгеруіне байланысты өндірістің тұрақтылығын арттырып, өсіріліп жатқан дақылдарды әртараптандыру қажет. Бұл жобаны ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындары, Ақмола облысы әкімдігінің өкілдері, ғылыми өндірістік кеңес пен Ұлттық биотехнология орталығының ғалымдары бірлесіп жүргізеді.

Кенже Абдуллаев өз сөзінде ауданы 3000 гектар болатын өндірістік-тәжірибелік полигон жобасын жүзеге асыру астық дақылдарының өнімділігін гектарына 25 центнерге дейін арттыратынын және еңбек өнімділігін 2- 2,5 есеге дейін көбейтетінін баса айтты.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru
7

Болашаққа бағдар

Өткенді екшелеп, болашаққа бағдар жасау – өмір қағидасы. Қазақстан Президентінің әр жылғы Жолдауы бір-бірін жүйелі толықтыра түсетін құнды құжат. Бұған дейін 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын жүзеге асыруға жұмылсақ, «Рухани жаңғыру» мақаласының мәнін түсініп, қолға алдық. Биылғы жылы Елбасы әлемнің төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басқанына қарай жоспарлы іс-әрекеттерді белгілеп берді. Жолдауда айтылған «Ақылды технологиялар», «Цифрлық дәуір», «Жасыл технология», «Үлкен деректер», «Цифрлық білім» «Адами капитал» мұның бәрі білім және ғылым жүйесі қызметінің нәтижесі.

ЖОЛДАУ – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК ҮШІН

Жаңа іс-әрекеттер білімнің салтанат құруы негізінде жүзеге асады. Елбасы Н.Назарбаев «Көл-көсір мұнайдың» дәуірі аяқталып келеді», – деп ескертіп, алдағы уақытта білім өзіндік жаңа инновациялық жобаларымен – экономиканың бөлек саласы болатынын меңзеп отыр. Осыған орай, алдымызда жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Өткен жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында Елбасы экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыруына қол жеткізу, цифрлық технологияны қолдану, жаңа индустрияларды өркендету, өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, көлік пен логистика, құрылыс секторын дамыту, цифрлық индустрияны жеделдету арқылы Қазақстанды бәсекелестікке қабілетті елге айналдыру міндеттерін қойғаны есімізде. Мемлекет басшысының биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында осы орайдағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру бағдарланды. Елбасы осы ретте он түрлі міндетті алға қойды. Ол Қазақстанның индустриясын ең жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналдыру, өндірістік үдерістерді цифрландыру арқылы өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін арттыру, ресурстық әлеуетті тиімді пайдалану, өндіріске ақпараттық технологиялық шешімдерді батыл енгізу, агроөнеркәсіп кешенін жаңа технологиялық деңгейге көтеру, көлік пен логистикалық инфрақұрылымды одан әрі жетілдіру, адами капиталды дамыту міндеттерін қамтиды.

Елбасымыздың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында алдымызға қойылған міндеттер биылғы жұмысымыздың басты бағыты болмақ. Айталық, өткен жылғы аймақтық ішкі өнімнің өсімі 2,7%-ды құраған. Оның 2,9%-ы өндіріске, 3,3%-ы ауыл шаруашылығына, 7,1%-ы саудаға тиесілі. Сонымен қатар, құрылыс саласы қарқынды жүріп, 646 мың шаршы метрге тең тұрғын үй пайдалануға берілген. Одан бөлек, Алматы облысы экономикасының өркендеуіне 527 миллиард теңге инвестиция тартылып, 25 мың жұмыс орны құрылған. Соның арқасында жұмыссыздық 4,7% деңгейінде қалды.

Елбасының биылғы Жолдауында көрсетілген бағыттар осы жетістікті одан ары жетілдіруге сеп болатыны анық. Ол үшін облысымыз индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткен модернизациялау мен кәсіпорындарды цифрландыру өнім сапасын арттырып, «Қазақстанда жасалған» деген брендпен өнім экспорттауға жұмыс істеуі қажет. Елбасы Жолдауында айтылған «Ақылды технологияларды» агроөнеркәсіп кешенінде қарқынды дамытудың мүмкіндігі мол. Алдағы 5 жылда еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауды кемінде 2,5 есеге ұлғайтуды қамтамасыз ету міндеті тұрғанын ескерсек, аймақтың ауыл шаруашылығы саласына цифрлық технологияларды пайдалану еңбек өнімділігін жоғарылатуға септігін тигізеді. Сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу, өнімділігі жоғары сұрыптар мен гибридтерді пайдалану, ақылды химиялауды қолдану, машина-трактор паркін жаңарту – бүгінгі күннің алға қойып отырған талабы.

Жолдауда айтылған көлік-логистикалық инфрақұрылымның тиімділігін арттыру бойынша облыс арқылы өтіп жатқан Батыс Еуропа – Батыс Қытай транскұрлық дәлізінің, Қытай елімен шекарада құрылған «Қорғас – Шығыс қақпасы» экономикалық аймағының берер мүмкіндігі мол. Соған орай жергілікті автожолдарды жөндеу үшін жыл сайын республикадан 150 миллиард теңге бөлініп, ол қаржыға Жетісу жерінің шалғай ауылдарына апаратын жолдар жасалмақ. Әсіресе, туристік нысандарға жеткізетін жолдардың жөнделуін қатаң қадағалауда ұстауды, республика бойынша транспорттық жүйеге облыстық транспорт логистикасын толығымен кіргізу қолға алынды.

Биылғы Жолдаудың негізгі бағытының бірі – білім берудің жаңа сапасын қалыптастыру. Елбасы «Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет», – дейді. Өте орынды. Себебі қандай мамандарды даярласақ та, кімге білім берсек те, оны оқытатын мұғалім. Сондықтан бірінші кезекте мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыру қажет. Заман дамыған сайын, қоғам өзгерген сайын жаңа, тылсым дүниелерді түсіндіретін, оқытатын адам керек. Ал біз өз деңгейінде, жан-жақты білімді, сапалы педагог даярлап жүрміз бе? Ойланатын мәселе. Елбасы Жолдауда «Аграрлық университеттер тек диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауға тиіс», – деді. Бұл тек аграрлық университеттерге ғана емес, педагог кадрлар даярлайтын білім ордаларына да қатысты деп ойлаймын. Жыл сайын елімізде әр сала бойынша жоғары білімді мамандар қажеттілігіне талдау жүргізіледі. Сол талдау бойынша педагогикалық білімі бар мамандарға қажеттілік өсіп отыр. Мәселен, Алматы облысында педагог кадрлардың тапшылығы әлі де орын алуда. Әсіресе, ауылдық жерлерде бұл мұқтаждық қатты байқалады. Оның түрлі себебі бар. Десе де, заман талабына лайық мамандарды, әсіресе, математика және жаратылыстану ғылымдарын жақсы меңгерген жаңа формациядағы кадрларды білім мен өндірістің, цифрлық технологиялардың тығыз байланысы негізінде дайындау қажеттігіне көзіміз жетіп отыр. Біз жаппай оқытудан бас тартып, жекелеген мамандар даярлауға бет бұруымыз қажет.



Жолдаудың жетінші тарауында рухани-әлеуметтік мәселелер орынды қозғалды. Ол – адами капиталдың жаңа сапасы туралы мәселе. «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» деген Мемлекет басшысы одан әрі бұл міндетті шешудің жолдарын нақтылай түседі. Соның ең бастысы білім беру бағдарламаларын өзгерістерге үнемі бейімдеу және жаңа білімді меңгертуге бейімдеу болып табылады. Бұл үрдіс бүгінде білім мекемелерінің жаңартылған білім мазмұнына көшуі арқылы жүзеге асырылуда. Облыстық білім басқармасының есебі бойынша, бүгінде Назарбаев Зияткерлік мектебі тәжірибесі бойынша облыстағы 758 мектептің 1, 2, 5, 7 сыныптары жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасымен жұмыс істеуде. Осы жылдың қыркүйегінен 3, 6, 8 сыныптар, 2019 жылдың 1 қыркүйегінен 4, 9, 10 сыныптар, 2020 жылы 11 сыныптар жаңартылған білім мазмұнымен оқуға біртіндеп көшіріледі. Бүгінгі күнге облыста жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы бойынша 18 182 ұстаздың білімі жетілдірілді.



Қазіргі таңда Қазақстан әлемге бейбіт бағытымен ғана танылып қоймай, барлық саладағы сапалы өнімдерімен де көзге түсе бастады. Әсіресе, ауылшаруашылығы саласында еліміздің әлеуеті өте жоғары. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін заманауи технологиямен жабдықтау мәселесіне кеңінен тоқталса, оған мүмкіндік жетерлік. Қазақстанның жері кең-байтақ, топырағы құнарлы. Климаты түрлі дақылдарды өсіруге аса қолайлы. Бір сөзбен айтқанда, осы мүмкіншіліктерімізді толығымен пайдалануымыз керек. Өкінішке қарай, әлі де ауылшаруашылығы мақсатында қолдануға сұранып тұрған жер телімдерін пайдалана алмай отырмыз. Жолдаудың ерекшелігі сол, «Қазақстанда жасалған» деген брендті тез арада қалыптастыру үшін не істеу керектігі нақты міндеттермен көрсетілген. Бұл құнды құжаттың маңызын арттыра түседі.

Әрине, ол үшін дәнді дақылдарды қайта өңдеу кешенін дамытып, сапалы өнім ұсынатын зауыттар салынуы тиіс. Бұл қадамға бару үшін алдымен аграрлық сала бойынша кәсіби білікті мамандар даярлау қажет. Елбасы бұл мәселені шет қалдырмай, тез арада аграрлық университеттердің базасын қайта жасақтауды, сөйтіп озық білім орталықтарын құруды ұсынды. Сонымен бірге, «ақылды» технологияларды дамытуды міндеттеді. Бұл – дала төсіндегі сан салалы жұмыстарды адамның қара күші емес, озық технология түрлері атқарады деген сөз. Қазіргі таңда адам атқаратын суару, дән егу, тырмалау, жер жырту, тыңайту секілді дала жұмыстарына техниканың күші жеткілікті. Бұл тәжірибенің дамыған елдерде кеңінен қолданылып жүргені белгілі. Демек еліміз тың бастамаларды тиімді пайдалануда.

Жер жәннаты Жетісудың әсем табиғаты туризмді дамытуға аса қолайлы. Десек те, тек туризммен халықтың экономикасын көтеру мүмкін емес. Негізінен, Алматы облысы ауылшаруашылығына ден қойған аймақ саналады. Елбасы да түгін тартса, майы шығатын Жетісу өңірін ауылшаруашылығы жағынан өркендетуді қолдап отыр. Оған Президенттің Алматы облысына жасаған әр сапарында аграрлық салаға қатысты нақты тапсырмалар беретіні дәлел. Сондай-ақ әр сапарында шаруалармен кездесіп, емен-жарқын әңгімелесіп, жұмыс нәтижесін сұрап, бұрынғы жылдармен салыстыратыны бар. Мәселен, осыдан біраз жыл бұрынғы сапарында қызылша өсіруді қайта қолға алуды тапсырғанда тұрғындардың басым көпшілігі бұған аса мән бермеген еді. Өйткені кеңестік кезеңнен қалған зауыттар әлдеқашан тоқтаған. Халықтың алдыңғы буыны болмаса, кейінгі жастар қант қызылшасын өсіру технологиясын жетік меңгермеген. Қысқасы, қызылша алқабы қайта жайқалып, сапалы тәтті түбір өндіретінімізге күмән келтірушілер көп болды. Бірақ бастаған іс жемісін бере бастады. Қоғамдық пікір өзгерді. Елбасының тапсырмасымен Алматы облысында қызылша өндірісі қолға алынып, кеңес кезіндегі қайнаған тіршілік қалпына келді. Бүгінде қант қызылшасын өсіру көлемі жылдан-жылға өсіп, кезінде тұралап қалған Көксу, Ақсу қант зауыттарының жұмысы жанданды. Жаңадан жұмыс орындары құрылып, отандық өнімнің сапасы арта түсті.



Міне, игі бастама бәрімізді өз нәтижесімен қуантты. Елбасы өңірдің әлеуетін білгендіктен осындай тапсырма берді деп ойлаймын. Ал жалпы облыс бойынша жыл сайынғы Жолдау аясында қаншама кәсіпорындардың ашылып, қаншама адамның жұмысқа орналасқанын қуанышпен еске аламын. Мәселен, Есік қаласынан шығарылатын «Фудмастер» компаниясының өнімдері Қазақстанды қойып, шетелде де сұранысқа ие. Алматы іргесіндегі «Байсерке-Агро», «Данон-Беркут» компанияларының өнімдері де халық тарапынан жоғары бағаланады. Ал облыс орталығы Талдықорғанда қаншама сүт өнімдерін шығаратын, сусындар өндіретін зауыттар бар?! Бұл шағын және орта кәсіпкерліктің үлкен нәтижесі. Егер біз осы қарқында жұмысты жалғастыра берсек, «Қазақстанда жасалған» деген тауарлық брендімізді әлемге тез танытамыз. Елбасының бұл қадамға ерекше мән беріп, оны қолдап отырғаны баршаға белгілі.

Елімізде еңбек етуге ниетті адамға барлық мүмкіндіктер жасалғаны белгілі. Бізге тек осындайда ұлттық артықшылықтарымызды ұлықтау жетіспей жатады. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында да осы мәселелерді айналып өтпеген. Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмысымызды сақтай отырып, әлемге мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді таныту. Ендеше, тілімізді құрметтеп, дәстүрімізді берік ұстанып, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналу үшін әр күнді ерекше күш-жігермен бастаған жөн.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Медициналық сақтандыру

Бүгінде отандық денсаулық сақтау мамандары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне көшу және медицинаны цифрландыруға аяқ басты. Денсаулық сақтау саласында МӘМС қандай рөлге ие және бізге бұл жүйе не береді?

ТИІМДІ ЖҮЙЕ

2019 жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу туралы шешім қабылданды. Осы уақытқа дейін алғышарттар жасалып, дайындық кезеңі өткізілді. Бұл дайындыққа 7-8 жылдай уақыт кетті деуге болады. Ол үшін электрондық тіркеулер мен порталдар, клиникалық-шығын топтары және медициналық-экономикалық тарифтер құрылып, олар бойынша медициналық қызмет құны оңтайландырылып, күллі республика бойынша ауруханалар желісі қалыптасты. Қазіргі уақытта барлық нормативтік-құқықтық базалар, материалдық-техникалық жабдықтау дайындалды. МӘМС енгізу экономикалық, медициналық және әлеуметтік-демографиялық мақсаттарға сай келеді.

«Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін орнықты дамытуда және тиімділігін арттыруда халық пен жұмыс берушілердің ынтымақтастығын нығайту мақсатында, сондай-ақ денсаулық сақтауға жұмсалатын мемлекеттік және жеке шығындардың өсуі салдарынан болатын қаржылық қатерлерді жою мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесі енгізіледі»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Ал осы сақтандыру медицинасын енгізу дәрігерлер мен халыққа не береді деген сауалға келсек, денсаулық сақтау саласына қаражаттың көп түсуіне байланысты қордан бөлінетін қаржы есебінен материалдық-техникалық база күшейіп, емдеу мекемелері кезең-кезеңімен заманауи құрал-жабдықтарды сатып алады. Бұл білім алу жағын кеңейтіп, әлемдік кәсіби мамандарды біздің елге шақыру арқылы немесе дәрігерлердің шетелде біліктілігін көтеру мүмкіндігін арттырады.

Халық үшін бұл алдымен сапалы, қауіпсіз медициналық көмекті қолжетімді етеді. Осы ретте мемлекет төлеміне сүйенетін он төрт санаттағы азаматтар мен жұмыс берушінің жұмысбасты азаматтарға төлейтін жарна сомасының көлемі көрсетілетін медициналық көмек көлеміне ықпал етпейді. Ай сайын бір жарым мың теңге көлеміндегі ең төменгі жарна немесе жылына 17 мың теңге төленсе де, кез келген азамат клиникалық-диагностикалық қызмет, кеңес беруден бастап нейрохирургия, кардиохирургия, трансплантацияға дейін жоғары технологиялық қымбат медициналық көмекті толығымен алуға құқылы.



Манас РАМАЗАНОВ,
Алматы қалалық №7 клиникалық ауруханасының бас дәрігері, профессор

www.jasqazaq.kz

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Игі бастама

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

172 жоба! Бұл Атырау облысында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында былтырғы жылы жүзеге асырылған жобалар саны. Атырау облысы өңірлік коммуникациялар қызметінің хабарлауынша, осынша жобаны субсидиялау құны 12,6 миллиард теңгені құраған. Нәтижесінде өңірде 811 жаңа жұмыс орны құрылды.

Бұл цифрлар енді жаңа көрсеткіштермен толығады. Аталған жол картасының «Бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы» шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру мақсатында гранттар беруге 29 миллион теңге қаражат бөлінді. «Бағдарламаға қатысу үшін 53 үміткерден өтінім келіп түсті. Аталған бағдарлама шеңберінде бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі үміткерлерден қабылданған құжаттарды тексеру барысында 14 кандидаттың құжаттары толық еместігі, сонымен қатар сәйкессіздіктерді анықтап, кәсіпкерлерге құжаттарын қайтарған болатын. Алайда екі үміткер бұл мерзімнің ішінде құжаттарын пысықтап, қайта тапсырмағандықтан, конкурстық комиссия отырысына 51 жоба ұсынылды. Конкурстық комиссия мүшелері кәсіпкерлердің жобаларын іріктеу кезінде дербес дауыс беру арқылы 14 кәсіпкердің жобасын мақұлдады. Нәтижесінде 29 жұмыс орны құрылады», – дейді Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының баспасөз хатшысы Шолпан Сейсенәлиева.



Мақұлданған жобалардың көпшілігі сервистік бағытты таңдаған. Десе де, шағын кәсіпке негізделген жобалардың ауылдық елді мекендерде жүзеге асырылатыны қуантады. Мәселен, мақұлданған жобалардың қатарында «Ұн өндірісі орнын ашу» жобасы бар. «Кадуов Жұмабай Мағзомович» жеке кәсіпкерлігі қолға алған жоба Атырау қаласынан ең шалғай орналасқан Қызылқоға ауданы халқын сапалы астық өнімдерімен және кебекпен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Бұған дейін малды өңір ретінде ғана қарастырылып келген Қызылқоға ауданы үшін астық өнімдеріне бағытталған жобалардың іске қосылуы тың жаңалық десек те болады. Рас, ауданда ірілі-ұсақты кондитерлік цехтар бар. Десе де, нарық алаңында тауар ассортиментінің көбеюі ең алдымен сапаға алып келеді.

Мақұлданған жобалардың қатарында тағы да осы шалғай аудан – Қызылқоға өнірінен «Ұлттық қолөнер бұйымдарын жасауды үйрету орталығы» бар. «Райян» жеке қожалығы қолға алған жобаның мақсаты – ұмыт қалып бара жатқан ұлттық қолөнерімізді заманауи үлгі де жаңғыртып, бұйымдар жасауды үйрету және жаңа жұмыс орындарын ашу. Жоба жүзеге асқан жағдайда екі адам жаңа жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

«Сафия» жеке кәсіпкерлігінің «Жиһаз өндіру және жаңғыртып, қалпына келтіру» жобасы Исатай ауданы Аққыстау ауылында орналасады. Жоба жүзеге асқан жағдайда аудан халқына сапалы материалдардан жиһаз түрлерін жасау және ескі жиһазды жаңарту қызметі көрсетілетін болады. Сервистік қызмет көрсететін орталықтардың қатарында «Кілем тазалау цехы» да бар. Негізінен өндірістік өңір саналатын Мақат ауданының Доссор ауылында орналасқан цех жоғары технологиялық құрылғыларды пайдалана отырып, жергілікті тұрғындарға кілем тазалау қызметін ұсынбақ. Аталмыш ауданда қолға алынғалы отырған екінші жоба – «Инсульттан кейінгі оңалту» орталығы. Орталықта логопед-дефектолог қызмет көрсетеді. Қазіргі таңда Мақат ауданы бойынша инсульт алған науқастар санының көптігін, аудан ауруханаларында аталған аппараттармен қызмет көрсетілмейтіндігін ескерсек, оңалту орталығын ашу заман қажеттілігінен туындап отырған мәселе.

«Бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы» шеңберінде іске қосылатын жобалардың қатарында «Мухамбетова С.Ж» жеке кәсіпкерлігі қолға алған «Жоғары сынып оқушыларын тегін оқытуға арналған тігін шеберханасы» бар. Махамбет ауданы Махамбет ауылында іске қосылатын жоба аясында үш адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Бұл жобаны әлеуметтік бизнес деп атасақ та болады. Жоғары сынып оқушыларын тігін шеберлігіне баулу, мүгедек адамдарды жұмыспен қамту арқылы, жеке кәсіпкер дайын өнімдерді сату жолымен табыс табуды көздеп отыр. Махамбет ауданында күтіліп отырған екінші жоба – кондитер өнімдерінің инновациялық өндірісі. Қазіргі таңда нысан Махамбет ауданы Береке ауылында жұмыс істеуде. Жаңа бағдарлама көмегіне жүгініп отырған кәсіпкер кондитерлік өндірісті кеңейтуді көздеуде. Заманауи технологияларды қолдана отырып, тауар ассортименті ұлғаяды, ауыл халқы үшін қосымша жұмыс орындары ашылады.

Аталған мемлекеттік бағдарлама бір ғана Атырау қаласының өзінде төрт жаңа нысанның ашылуына ықпал етіп отыр. Мәселен, «Атырау плазма крой» жеке кәсіпкерлігі «Көркем бейнелеп кесу элементтері мен басқа да әртүрлі бұйымдарды өндіру» жобасын іске қоспақ. Металдан жасалатын бұйымдар мен элементтерді өндіруді көздейтін цех «Қазақстанда жасалған» тауарлар маркасын осындай тың қызметімен толықтырмақ. Жаңа нысандардың қатарында «Емдеу қызметін көрсететін инновациялық медициналық орталық» та бар. «Профмед» жеке серіктестігі қолға алған жобаның басты ерекшелігі – технологиясында. Орталық тірек-қимыл жүйесін емдейтін «Стоппэйн» мамандандырылған медициналық орталығын ашуды көздейді. Нәтижесінде төрт адам жұмыспен қамтылады.

Денсаулық сақтау саласындағы маңызды жобалардың бірі – «Сенім» мүгедектерге арналған спорттық оңалту орталығы» жобасы. «Үсен» жеке кәсіпкерлігі қолға алған жобаның ерекшелігі – мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оңалту орталығын ашу. Нәтижесінде, екі адам жұмыспен қамтылады.

«Айтбаева Зинаида Хайзоллиевна» жеке кәсіпкерлігі таңдаған сала – жеңіл өнеркәсіп. «Атырау қаласындағы инновациялық мал сою орны және ет жартылай фабрикаттары өндірісі» жобасы толық қуатымен жұмыс істеген кезде үш адамды тұрақты қызметпен қамтиды. Мақсат – тұтынушыларды сапалы ет өнімдерімен қамтамасыз ету. Сонымен қатар цех ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерімен бірлесе отырып жұмыс істеуді көздейді.

Айта кетелік, «Бизнестің жол картасы – 2020» Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стартегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында әзірленген бағдарлама. Бағдарлама 2014 жылға дейінгі мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық дамыту бағдарламасын іске асыру механизмдерінің бірі болып табылады.



Бағдарламаның мақсаты – экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру. Бағдарламаның бірінші кезеңі 2010-2014 жылдарды қамтыды. Екінші кезең 2015 жылы басталды. 2015-2020 жылдар аралығында жаңа бағдарламаларды қолдау, шетелге тауар шығарушыларды қолдау бағыттарында жұмыс жүреді.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау қаласы

«БАСТАУМЕН» БАСТА!

Атырау облысында «Бастау» жобасы сәтті жүзеге асуда. Бағдарлама әуел баста ауылдағы жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың экономикалық белсенділігін кәсіпкерлікпен айналысуға бейімдеу арқылы арттыруға арналған. Атырау облысы кәсіпкерлер палатасы бөлім басшысы Жанаргүл Жоламанованың айтуынша, былтыр «Бастауға» облыстағы төрт ауданның тұрғындары қатысса, биыл жоба барлық жеті ауданда және Атырау қаласында жүзеге асырылып отыр.

«2017 жылы Атырау облысында «Бастау» бойынша 750 адам білім алды. Олардың ішінде 130 тұрғын жеке бизнесін ашқан еді. Атап айтқанда, 77 білім алушы жалпы сомасы 271,5 млн теңгеге қаржы алды, қалғандары жеке қаражатын пайдаланған. Бизнес-жобалардың үлкен бөлігі ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету саласына тиесілі. Сонымен қатар көлік, азық-түлік шығару және басқа да салаларды қамтиды. Жаңа бизнес-жобалар арқылы 120 жұмыс орны ашылғанын атап өту керек», – дейді Жанаргүл Жоламанова.

Тестілеу кезеңі аяқталған соң 50 балдан жоғары жинағандар жеке бизнесін ашу немесе кәсібін ұлғайту үшін бір ай бойы кәсіпкерлік негіздері бойынша білім алады. Оқу аяқталған соң сертификат беріледі. Одан кейін комиссия алдында бизнес-жобасын қорғап, қаржыландыруға құжат тапсырады. Бизнес-жобасын сәтті қорғағандарға арнайы сертификат беріледі. Бұл ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры, шағын несие институттары арқылы жеңілдетілген несие алуға мүмкіндік береді. Несие жылына 6 % мөлшерлемемен беріледі.

Цифрландыру

IT САЛАСЫНДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақ және қырғыздың IT мамандары цифрландыру саласында бірлесе жұмыс істеуге ынталы. Қазақстан делегациясының Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында жұмыс сапарынан осындай ой түюге болады. Екі жақты кездесуде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және Қырғыз Республикасының «ТазаКоом» Ұлттық цифрлық трансформациялау бағдарламасы аясында ынтымақтастық мәселелері талқыланды.



Республикасының премьер-министрінің орынбасары Замирбек Асқаров қатысты.

Асқар Жұмағалиев басқосуда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы жан-жақты мағлұмат берді. Ол қырғыз елінің осы саладағы мамандарын 2018 жылдың 3 шілдесіне өткелі отырған Астана Hub павильонының техникалық ашылуына шақырды.

Өз кезегінде, Замирбек Асқаров Қазақстанмен ынтымақтастықтың стратегиялық маңыздылығын және ақпараттық технологиялар саласындағы үлкен әлеуетті атап өтті. Ақпараттық технологиялар және байланыс жөніндегі Қырғызстан Республикасы мемлекеттік комитетінің төрағасы Бақыт Шәршімбиев қазақстандық делегацияның жасаған сапарына алғысын білдірді және қазақстандық компаниялардың ұсынған шешімдері қырғыз елінде сұранысқа ие екенін атап өтті.

Сапар барысында Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс министрлігі мен Қырғыз Республикасы ақпараттық технологияларының мемлекеттік комитеті арасында тәжірибе алмасу мақсатында іс-шаралар өткізілді. Тараптар екі елдің үлкен деректер, бұлттық технологиялар, электрондық құжат айналымы саласындағы тәжірибесін талқылады және меморандумдар мен келісімдерді әзірлеу туралы уағдаласты.

Сапар соңында Асқар Жұмағалиев IT-компаниялардың өкілдерімен бірге кездесулердің қорытындысын талқылады. Компания өкілдері іс-шараның тиімділігін атап өтті және осындай сапармен басқа елдерге барып, өз мүмкіндіктерін ұсынуға дайын екендігін айтты.

Қазақстанның 29 компаниясы қырғыз өкілдеріне 80-нен астам ақпараттық-технологиялық шешімдері мен өнімдерін ұсынды. Қазақстандық компаниялардың денсаулық сақтау, білім беру, ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар, Smart City, көлік, қауіпсіздік, экономика және қаржы саласындағы мүмкіндіктері Қырғызстандағы мемлекеттік органдар мен ірі компаниялардың қызығушылығын тудырды.

Осы сапардың қорытындысы бойынша, отандық IT-компаниялар мен «Қырғызтелеком» ААҚ, «Қырғыз почта» МК араларында екі меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ кездесу барысында ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Динара Шеглова Astana Hub халықаралық технопаркінің таныстыру рәсімін өткізді.

Қорытынды кеңеске Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиев және Қырғыз Республикасының премьер-министрінің орынбасары Замирбек Асқаров қатысты.

Асқар Жұмағалиев басқосуда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы жан-жақты мағлұмат берді. Ол қырғыз елінің осы саладағы мамандарын 2018 жылдың 3 шілдесіне өткелі отырған Астана Hub павильонының техникалық ашылуына шақырды.

Өз кезегінде, Замирбек Асқаров Қазақстанмен ынтымақтастықтың стратегиялық маңыздылығын және ақпараттық технологиялар саласындағы үлкен әлеуетті атап өтті. Ақпараттық технологиялар және байланыс жөніндегі Қырғызстан Республикасы мемлекеттік комитетінің төрағасы Бақыт Шәршімбиев қазақстандық делегацияның жасаған сапарына алғысын білдірді және қазақстандық компаниялардың ұсынған шешімдері қырғыз елінде сұранысқа ие екенін атап өтті.

Сапар барысында Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс министрлігі мен Қырғыз Республикасы ақпараттық технологияларының мемлекеттік комитеті арасында тәжірибе алмасу мақсатында іс-шаралар өткізілді. Тараптар екі елдің үлкен деректер, бұлттық технологиялар, электрондық құжат айналымы саласындағы тәжірибесін талқылады және меморандумдар мен келісімдерді әзірлеу туралы уағдаласты.

Сапар соңында Асқар Жұмағалиев IT-компаниялардың өкілдерімен бірге кездесулердің қорытындысын талқылады. Компания өкілдері іс-шараның тиімділігін атап өтті және осындай сапармен басқа елдерге барып, өз мүмкіндіктерін ұсынуға дайын екендігін айтты.

Талап ТІЛЕГЕН

Бизнестің жол картасы

СҮЙЕКТІ ЖОБА, СҮБЕЛІ ЖҰМЫС

Халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге бизнестің қатысуын және қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру бойынша «Атамекеннің» бастамалары жайында «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Эльдар Жұмағазиев үкіметтік емес ұйымдар, бизнес және мемлекеттің үшжақты әріптестігіне арналған II республикалық ASAR форумы барысында айтты. Аталған форум Талдықорған қаласындағы өңірлік кәсіпкерлер палатасы алаңында өтті.

Үкіметтік емес ұйым, бизнес және мемлекеттің үш жақты ынтымақтастығы жөніндегі ASAR республикалық форумы барысында түрлі алаңдарда шеберлік-сыныптары, case-study оқыту семинарлары мен дебаттар өтті. Мұнымен қоса asarprojects.kz әлеуметтік идеялар платформасында үкіметтік емес ұйымның әлеуметтік жобалары таныстырылды. Ол пленарлық және панельдік сессиялармен, зияткерлік конференциялармен жалғасты. Форум өткізудегі негізгі мақсат – мемлекет, коммерциялық емес сектор және бизнес арасындағы тиімді ынтымақтастық платформасын құру.



Форум барысында Эльдар Жұмағазиев қазіргі таңда бизнес жоғары әлеуметтік жауапкершілікті көрсетіп отырғанын тілге тиек етіп, былтырдың өзінде 2 мың компания әлеуметтік кәсіпкерлікті жүзеге асыру мақсатында 122 млрд теңге қаржы жұмсағанын атап өтті. Тіпті өткен жылдан бері Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнестің атаулы қайырымдылық шараларын өткізу бойынша «Атамекенім» акциясын іске қосқанын жеткізді. Сондай-ақ биыл «Әр ауылға - бір қамқоршы» бірегей жобасының бастағанын айтты.

Баяндамашы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың негізгі тәсілдерін атады. Оған Әлеуметтік мәселелер картасы, Меценаттар тізілімі, Шешімдер топтамасы, экономикалық ынталандыру және моральдық көтермелеу бастамалары жатады.

«Жоба ауылды дамытудың қолдау құралы ретінде меценаттықты дамытуға бағытталған. Біз ауылдарға сараптама жүргізіп, оның нәтижесінде кәсіпкерлерге кешенді шешілуі тиіс Әлеуметтік мәселелер картасын көрсетеміз», – деді Басқарма төрағасының орынбасары.

Меценаттарды жобаға қатысуға қызықтыру үшін моральдық көтермелеу мен қолданыстағы салық жеңілдіктері мен артықшылықтарды түсіндіру қарастырылатын бірқатар ынталандыру шарасы таныстырылады.

«Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары «Түрлі көмек көрсетіп жүрген кәсіпкерлердің игі істерін барынша насихаттау керек. Мысалы, олардың есімдерін қандайда бір нысандарға беру немесе көрсету. Мемлекет басшысы да әлеуметтік жауапкершілік жүгін арқалаған кәсіпкерлерді ынталандыру, көтермелеу туралы айтты», – деп атап өтті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Қыстың қамы

ЖҰМЫС КЕСТЕГЕ САЙ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Қыркүйек басталмай жатып, қоңыр күздің салқын лебі анық сезілуде. «Қыс – қыр астында» демекші, оған дайындық жұмыстары ерте көктемде басталған. Дайындықтың қазіргі барысы туралы тілшіміз облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Тимур Хамзинге жолығып, әңгімелескен еді.

– Тимур Ғабдулхайұлы, халық арасында ерте қамданған ұтады деген сөз бар. Осы орайда, алдағы жылу беру маусымына жүргізіліп жатқан дайындық жұмысының барысы жөнінде айтып берсеңіз?

– Жылу маусымына дайындық жұмысы жоспарлы түрде жүргізілуде. Жалпы, нысандардың дайындығы 90 пайызды құрайды. Жөндеу жұмысына қарастырылған қаржы толық көлемде игерілуде. Облыс бойынша 663 бу қазандығының 85 пайызы қазір дайын. Сондай-ақ білім, денсаулық сақтау нысандары мен тұрғын үйлер де жылу беру маусымына дайындалуда. 75,1 шақырым жылу жүйесінің 91 пайызы, 41,1 шақырым сумен қамтамасыз ету жүйесінің 68 пайызы жөнделді. 127 мың тонна көмір дайындалды. Бюджеттік саланың кәсіпорындарында отынмен қамтамасыз етушілердің конкурсы өткізіліп, көмір тасымалдануда.

– Көкшетау қаласындағы «Көкшетау жылу» кәсіпорнындағы жөндеу жұмысының жай-жапсары жөнінде айтып кетсеңіз?

– Бұл кәсіпорындағы жөндеу жұмысы кестеге сәйкес жүргізіліп, барлық жұмыстың 66 пайызы орындалды. Кәсіпорынның жөндеу жұмысын жүргізуге облыстық бюджеттен 1,3 миллиард теңге бөлінді. Сондай-ақ көмір сатып алуға 321,4 миллион теңге, мазут алуға 108,8 миллион теңге қарастырылды. Жылу жүйесінің құбырлары жылу және гидравликалық сынақтан өткізілді. 1,27 шақырым жылу жүйесі жөнделді. Бұл жұмыс одан әрі жалғасуда. РК-1, РК-2 бу қазандығының негізгі және қосалқы қондырғылары жөнделуде. Ғимарат пен нысандар, жылу камерасы мен су сорғыш стансаларының технологиялық және электр қондырғылары да қалпына келтірілуде.

– Степногорск жылу электр орталығындағы жөндеу жұмысының жайы қалай?

– Мұндағы жұмыс кестеге сәйкес атқарылуда. Жалпы жұмыстың 82 пайызы орындалды. Жылу беру маусымы басталғанға дейін 6 энергетикалық қазандық, 5 турбогенератор, 1 су ысытатын қазандық жөнделеді деп жоспарлануда. Бүгінгі таңда 5 турбогенератор, 1 қазандық агрегаты, су ысытатын қазандық ағымдағы жөндеуден өтті. Сондай-ақ үш қазандық агрегаты кестеге сәйкес жөнделуде. Жылу электр орталығының көмір қоры 42785 тоннаны, мазут қоры 218 тоннаны құрайды.

– Облыс бойынша әлеуметтік сала нысандарының жылу беру маусымына дайындығы қандай деңгейде?

– Денсаулық сақтау саласы нысандарының дайындығы 99 пайызды құрайды. Жылу беру маусымына 16887 тонна көмір, 587 тонна мазут, 467,2 тонна отын қажет. Денсаулық сақтау саласының барлық ұйымдарында қатты және сұйық отын сатып алу бойынша конкурс өткізілді. Отын кестеге сәйкес тасымалдануда. Көмірдің 91 пайызы, мазуттың 100 пайызы, отынның 82 пайызы әкелінді. Облыстағы білім саласы нысандарының жылу беру маусымына дайындығы 89 пайызды құрайды. Білім саласына 123441 тонна көмір, 535 тонна мазут қажет. Көмірге 1,01 миллиард теңге, мазутқа 98,9 миллион теңге бөлінді. Келісімшарт жасалып, отын тасымалдау жұмысы кестеге сәйкес жүргізілуде. Білім ұйымдарында қазандық пен жылу, электр, су құбыры жүйесін жөндеу, қазандық ауыстыру, жылу энергиясын есептейтін аспап орнату жұмысы жүргізілуде. Целиноград, Бұланды, Зеренді және Шортанды аудандарында бу қазандықтарын сериктестіктің сенімді басқаруына беру бойынша келісімшарт жасалды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасына әлеуметтік қамтамасыз етудің 10 нысаны қарайды. Олардың 4 орталығы көмірмен, үшеуі мазутпен, орталық жылу жүйесі арқылы жылытылады. Бүгінгі таңда 7341,1 тонна көмір, 389,8 литр мазут сатып алынды.

– Биыл тұрғындар көмірмен қалай қамтамасыз етіледі? Бұл отынның бағасы жөнінде айта кетсеңіз?

– Облыс бойынша тұрғындар үшін 662 мың тонна көмір қажет. Әзірше 189 мың тонна көмір тасымалданды. Биыл вагон мәселесі туындамайды. «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы тасымалдау құнын 10 пайызға қымбаттатты. Осының салдарынан көмір бағасы да көтерілді. Өңірде тұрғындар үшін бір тонна көмірдің орташа бағасы 12-14 мың теңге деңгейінде. Облыс орталығы үшін 10-12 мың теңгеден. Көмірдің бағасы оған деген сұраныстың нәтижесінде құралады. Мәселен, Шұбаркөл көмірінің бір тоннасы 14,8 мың теңгеден 17 мың теңгеге дейін, Майтөбе көмірі 12-15 мың теңге, Қаражар көмірі 13-14 мың теңгеге бағаланған. Бүгінгі таңда облыстың тұрғындары үшін көмір тасымалдау бойынша өзекті мәселе жоқ.

– Жылу маусымының дайындық паспортын алу тәртібі жөнінде де айтып кетсеңіз?

– Мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, барлық қуаттағы жылу беретін қазандықтар мен жылу жүйесінің дайындық паспорты электрондық үкімет порталы арқылы жергілікті атқарушы органдармен беріледі. Өтініш 15 тамыздан 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Қызмет алушы өтінішпен бірге тұтынушыларға жылу энергиясын босатуды қамтамасыз етуге дайындығы жөнінде энергетикалық сараптама жасайтын сараптама ұйымының қорытындысы бар дайындық актісін ұсынуы қажет. Әкімдіктердің мәліметі бойынша бұл мақсатқа бюджетте қаржы қарастырылмаған. Осы орайда, өз баланстарында бу қазандығы мен жылу жүйесі бар ұйымдар мен мекемелер бұл ақшаны өз қаржысынан қарастыруы қажет. Басқарма сараптама ұйымы қорытындысының бағасына талдау жүргізді. Мұндай қызметтің бағасы 7-130 мың теңге аралығында. Сондай-ақ баға бу қазандығының қуатына байланысты болып отыр.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Бәйкен КӨБЕЕВ



Жаңа жоба

ТАМШЫ СУ ЗАЯ КЕТПЕЙДІ



Жеруйық Жетісуда ауылды жерлердегі дренаж суын жинап, оны экономикалық тұрғыда тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін 950 мың еуро қаржы жұмсалған алғашқы пилоттық жоба жүзеге асты. Жобаны Еуропа одағының қаржыландыруымен Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасы және ауыл шаруашылығы министрлігінің су ресурстары комитеті бірлесіп жүзеге асырды.

Іле Алатауының бөктеріндегі Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Ақши ауылы сазды жерге орналасқан. Сондықтан көктем, жаз айларында жер асты суы көтеріліп, тұрғындарды жиі мазалайтын. Енді ақшилықтар бұл қиыншылықтан құтылып қана қоймай, сарқынды суларды тиімді пайдаланып, экономикалық табыс табудың тәсілін меңгерді.

Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов «Ең бастысы, «Аймақтағы су инфрақұрылымын тиімді басқару» пилоттық жобасы ауылдағы білім беру мекемесіндегі балаларды таза ауыз су және ыстық сумен қамтамасыз етіп, жылдар бойы шешілмей келе жатқан мәселенің түйінін тарқатты», – дейді.

Бүгінде Ақши ауылдық мектебі жаңа түрге енген. Мектеп ауласындағы бұл өңірден кездесе бермейтін ағаш пен гүл жайқала өсіп, жаңға жылу сыйлайды. Мектеп ғимаратына жапсарласа орнатылған су жинағыш сарқынды суларды жинап, су тазалағыш қондырғы арқылы тазартып, мектеп оқушыларын таза ауыз сумен қамтамасыз етсе, күн энергиясынан қуат алатын су жылытатын гели қондырғысы сыныптар мен мектеп асханасын жыл он екі ай ыстық сумен қамтамасыз ете алады. Жиналған сарқынды су тағы да биологиялық тазартудан өтіп, өңделген соң ауыл сыртындағы жылыжай кешеніне жіберіліп, ондағы көкөністерді суғаруға пайдаланылады.

БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Норимаса Шимомура «Су инфрақұрылымын реконструкциялауға салынған бюджет қаржысының тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ондағы жауапкершілік пен оның ары қарай қаржыландырылуы жергілікті қауымдастықты тарту арқылы қамтамасыз етіледі», – дейді.



Қазіргі таңда жер асты сулары мен іркінді суларды тазартып, оны күнделікті тіршілік пен ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалану қауырт қолға алына бастады. Ақши ауылында жүзеге асқан пилоттық жоба ең алдымен өңірдегі сарқынды суларды тазартып, игілікке жаратуға болатындығын ұғындырды.

Демек, сондағы жер асты сулары мен сарқынды көлшіктер тиімді түрде керекке жаратылса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл мәселе де өз кезегінде шешімін табатын сияқты. Жобаны қаржыландырған Еуропа одағының өкілдері бірлесе жұмыс жүргізудің алдағы уақытта да жалғасатынына сенімді.

Еуропалық одақтың Қазақстандағы өкілдігінің ынтымақтастық бөлімінің басшысы Йоханес Стенбаек Мадсен «Біз Қазақстанды келешек дамудағы өте маңызды стратегиялық әріптесіміз деп санаймыз. Мұндағы елді мекендерінде жұмыс істеу біздің болашағымызда шешуші рөл атқарады. Алдағы уақытта аймақтармен, оның ішінде Алматы облысымен түрлі даму банктері арқылы жаңа форматта жұмыс істеуге шешім қабылдадық. Өйткені осы жоба екі тараптың ынтымақтасып, нәтижелі жұмыс істей алатындығын дәлелдеді. Осы орайда, бізді қолдап, көмек көрсеткен облыс, аудан басшылары, жергілікті қауымдастықтарға алғыс айтқым келеді. Сондай-ақ Еуропалық одақтың қаржыландыруымен жүзеге асқан бұл жоба жасыл экономика саласындағы қазақстандық тәжірибенің табысты үлгісі. Бұл үлгі басқа өңірлердің де қызығушылығын тудыратыны сөзсіз», – дейді.

Жоба аймақтарда су ресурстарын тиімді пайдалану мен су инфрақұрылымын оңтайлы басқару саласында заманауи жасыл технологияларды іске асырудың өміршеңдігін көрсетті. Бұл жетістікті еліміздің аграрлы-индустриялды дамуы мақсатында нақты пайдалануға болады. Шара аясында қонақтар мектеп ауласындағы «Жасыл технологиялар» паркі мен ауыл іргесіндегі жылыжайларды аралап, үш жыл бойы атқарылған тынымсыз еңбектің ауыл тұрғындарының алдағы уақыттағы тіршілігіне тыныс әкелгендігін көрді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Инфрақұрылым

ЖОЛДАР ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

Биыл мұнайлы өлке орталығына қарасты елді мекендерде 146 көшенің 106,9 шақырымына асфальт төсеу жұмыстары аяқталады. Қазіргі таңда мердігер мекемелер тарапынан Жұлдыз - 1, 2, Көкарна, Дамбы, Бірлік, Геолог, Талғайраң және Мұнайшы ауылдарындағы 110 көшеге 78,1 шақырым жол салынған болса, Жұлдыз - 3 пен Көкарна ауылдарының жалпы ұзындығы 28,8 шақырым болатын 36 көшесінде жұмыстар жалғасуда.



Атырау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі басшысының орынбасары Эдуард Айжарықұлының айтуынша, Баймұханов, Тайманов, Владимирский көшелері қайта жаңғыртылып, Атырау қаласы, Жаңаталап, Ақжар, Еркінқала, Ақжайық, Жұмыскер елді мекендеріндегі 27 көшеде 15,4 шақырым жол орташа жөндеуден өткізілуде.

Сонымен бірге Мәденов, С.Датов, Құрманғазы, Бейбарыс, Ғабдиев, Азаттық, Амандосов, Ғұмаров, Әуезов, Уәлиханов, Гагарин көшелері мен Атырау-Индер автокөлік жолының 20 шақырымын қайта жаңғырту үшін жоба-сметалық құжаттар жасақталуда. Э.Айжарықұлы «Оған қоса, 207 шақырым болатын 205 көшеге жаяу жүргіншілер мен 71,2 шақырым 141 көшеге автокөлік жолдарын салуға да құжаттар дайындалуда», – дейді.

«Бағдарлама халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, адамдардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымды – энергия және жылу көздерін, газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға, өңірлердің экономикалық әлеуетін дамыту сипатындағы шараларды айқындайды»

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы)

Қазіргі таңда Атырау қаласы мен қала аумағына қарасты елді мекендерге 250 жол белгісі орнатылған. Э.Айжарықұлы «Автокөлік жолына сырмен *(54 700 шаршы метр)* және термопластикпен *(12000 шаршы метр)* таңба салу жоспарланып, жұмыстар жүріп жатыр. Мектеп, балабақша және автокөлік жолдарының қауіпті учаскелеріне 500 қума метр жасанды жол кедергісін орнату жоспарланса, бүгінде соның жартысы орындалып үлгерді. Тағы бір жағымды жаңалық, Атырау қаласындағы 11 көше қиылысына бағдаршам орнатылады. Қазір қажетті құжаттары рәсімделуде», – деді.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru
5

ЖЕТІСУДЫҢ КИЕЛІ МЕКЕНДЕРІ

Даламыздағы күмбезін күн шалған ғажайып ғимараттар, сән-салтанатқа бөленген сырлы сарайлар, биік тұғырларда орнатылған алып ескерткіштер, таңғажайып жазбалар, сырлы суреттер – ата-бабалар парасатының жарқын үлгісі. Бұл үрдіс бүгінде өз маңызын жоғалтпай, жалғасын табуда. Көркем табиғатпен тыныстап өскен өлкеміз тарихи мұралардан да кенде емес. Басқасын айтпағанның өзінде, бір ғана «Алтын-Емел» ұлттық-табиғат паркінің аумағы тұнып тұрған тарихи байлық. Зерттеушілер оны «ашық аспан астындағы мұражай» деп те атайды. Сондай-ақ өніріміздің ежелгі ескі дәуірінен сыр шертетін Қойлық, Талхиз, Қаракемер қалашықтары, «Таңбалы тас», «Бесшатыр» қорғандары, Айғай құм мен Әулие ағаш, Тамшыбұлақ пен Шарын шатқалы, әлемде теңдесі жоқ Ерен тоғайы кімді болса да қызықтырмай қоймайды.

Өткен жылдан бері Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында бірқатар жұмыстар атқарылды. Соның ішінде Жетісудың киелі жерлерін анықтауда тың табыстарға жеттік. Осы күнге дейін көпшілік біле бермейтін қасиетті нысандар анықталып, жұртқа жетті. Қасиетті де киелі мекендер ұрпақ жадында қайта жаңғырып, өз кереметімен өлке мәдениетіне үлес сіңіргені анық. Біз де өз кезегімізде айналаны шолып, киелі жерлердің жұрт білетін және біле бермейтін қасиеттілігін қалам қуатымен зерделеп, тексеріп, тектеп шықсақ деген ойға бекіндік.

ЕШКІӨЛМЕС ПЕТРОГЛИФТЕРІ



Бұғы мен арқар бейнелері. Ешкіөлмес жотасы

Ескелді ауданының Ешкіөлмес тау жотасындағы жартас беттері, шың басы мен шатқалдардағы тас бетіндегі бейнелер қола дәуірі мен орта ғасырдағы осы өнірді мекендеген тайпалар өмірінен сыр беріп тұр. Көне суреттер 24 шатқалдан табылып, олардың саны 10 мыңның үстінде екендігі анықталды. Нақтылап айтсақ, 1886 жылы маусымда Көксу стансасы мен Жалғызағаш ауылының Д.Кашкаров және М.Хмылев есімді қазақтары Жетісу әскери губернаторына: «Жалғызағаш ауылы маңындағы Теректі сайынан өтіп келе жатып, біз жазуы бар алпысқа жуық тас көрдік», – деп хабарлайды. Содан бастап-ақ, патша өкіметі Көксу өзені тілгілеген аңғарды зерттеуді бастап кетеді. Қазіргі Көксу ауданының Теректі ауылының шығыс жағындағы биік беткейдегі петроглифтер сол кезден-ақ археолог ғалымдардың назарына ілігеді. Алайда түрлі себеппен әлемдік мәдени мұра қорына кіргізілмей қала береді.

1998 жылы 28 қыркүйекте Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының ұсынысымен «аралас санатқа» жатқызылған петроглифтер әлемдік ғалымдарды ерекшелігімен тамсандырды. Осыдан кейін оны көруге әлемнің төрт бұрышынан археолог ғалымдар ағылады. Жетісудың арынды суы Көксу өзенінің сол жағалауын бойлай жатқан Ешкіөлмес тауындағы таңбалардың басым бөлігін арқар, таутеке, бұғы секілді жануарлар құрайды. Арасында адам сұлбасы, діни рәсім өткізгендер, садақ атқан, шоқпар көтеріп, ту ұстағандар кездеседі. Одан бөлек, нұр бейнелі беймәлім жаратылыстар да бар. Қасқыр, ит, түлкі секілді жыртқыштар да табылады.

Көксу аңғарының көне дәуірін ашу мен зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ басталған. Мұнда Ешкіөлмес пен Шыбынды тауының шығыс жағын бойлай Жалғызағаш ауылы мен Көксу стансасы арқылы Іле өлкесін Семей өнірімен жалғастыратын бас пошта күрежолы өткен. Мұнда Қапал және Гаврилов стансасынан *(қазіргі Талдықорған қаласы)* шығып Іле өзеніне, одан Верныйға апаратын жол түскен. Бұл жолмен Шоқан Уәлиханов, Петр Семенов-Тянь-Шаньский, Василий Радлов, Николай Северцов, Иван Мушкетов сынды көптеген зерттеуші жүріп өтіп, ғылыми жаңалықтар ашты. Кеңес одағы тұсында қазақстандық ғалымдар Ешкіөлмес петроглифтерінің сырын ашуға талпынды. Атап айтқанда, археологтар Е.Агеева, К.Қарабаспақова және А.Марьяшев бастаған зерттеу жұмыстарын кейін А.Рогожинский, А.Горячев, Карл Байпақов жалғастырады. Сөйтіп күллі әлем Ешкіөлмес петроглифтері жайлы дерекке қанығып, қазақ даласының асыл құндылығына тамсанды.

Батыстан шығысқа 20 шақырымдық қашықтықты қамтитын Ешкіөлмес тауының бойында 10 мыңнан астам сурет бар. Сусыз, құрғақ аңғарларды әбден тексерген археолог ғалым Карл Байпақов шатқалдарды нөмірлеп, әрқайсысындағы суреттердің ерекшелігіне жекелеп тоқталады. Оның айтуынша, петроглифтердің ең үлкен шоғыры №5, 6, 10, 12, 13, 14, 18, 19, 22, 24 шатқалдан табылған. Суреттердің барлығы қашаумен сыналау арқылы түсірілген. Беті жалпақ әрі жылтыр тақта тастар мен қойтастар жақындап барғанда бойындағы бар асылын жарқ еткізеді.

Ешкіөлмес тастағы таңбаларын сақтау, қорғау алдыңғы орында тұруы тиіс. Өйткені барлық заман мен ғасырларды қамтыған суреттердің ішінде темір дәуірінің, қола дәуірінің, сақ заманының белгілері бар. Петроглифтер арасынан ғылымда «аң стилі» деп аталатын сақтар дәуірінен жеткен мәдени мұраның құндылықтары табылады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ даласындағы өркениеттің іздері осы бейнелерде жатыр. Сырын тауып, жігін ашқанға тастағы таңба бар құпиясын паш етеді.



Найзатапқан арасаны

Фото: plus.google.com

«Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласынан)



Ешкіөлмес тауы мен Көксу өзені

Фото: almatyregion-tour.kz

НАЙЗА ТАПҚАН КИЕЛІ ОРЫН

Панфилов ауданының Қоңырөлең ауылына қарасты жоңғар Алатауының бөктеріне орналасқан киелі бұлақты бұған дейін көп жұрт біле бермейтін. Бұлақтың суы шипалы, қасиеті әр алуан. Найзатапқан сулары талай жанды кеселінен арылтып, бойларына шипа беріп, көсегесін көгерткен. Найзатапқан арасанын ежелден-ақ жергілікті халық қызыр түнеп, құт қонған жер деп атайды.

Ынталы ауылының тау бөктеріндегі арасанның бірнеше бастауының суы көптеген ауруға ем. Бір қызығы, бастаулар бір-бірінен



Найзатапқан

Фото: audit.kazgazeta.kz

бірнеше қадам жерден шығып жатса да дәмдері, құрамы, температурасы, түсі әр түрлі. Әр бастаудың өз шипасы бар. Бәрінің басына «қан қысымына», «асқазанға», «көзге», «жараға» деген сияқты жазулар жазылған. Арасанның аумағына дәретсіз, дұғасыз кіруге болмайды. Бұлақ басында, балшыққа оранып жатқанда, жатын орын, дастархан басында әулекі сөзге, әдепсіз іске жол беруге, ән айтып, даурығуға болмайды. Емделіп жатқан жандар осы жердің қасиетіне қарай осындай қағиданы жадында ұстайды. Арасанға келгендер өз шатырын, киіз үйін әкеліп, қазан-ошағын арқалап келеді. Келген күні арасан басында құрбандық шалады. Арасанның бірнеше бастауымен қатар сүлікті балшығы, тері жарасына, тұз соруға арналған балшықтары мен сулары, нәресте сүйгісі келетін отбасына арналған орындары, табиғат құдіретімен жасалған әр түрлі тастар, мүсіндер бар. Арасан суын өзіңізбен алып кетіп пайдалануға болмайды. Себебі кез келген суы арасан аумағынан шыққан соң күшін, қасиетін жоятын көрінеді. Жартасты, құм-қиыршығы көп секілді көрінетін таудың күнгейі тықыр, ағаш атаулыдан жұрдай. Жоғарыдан аққан шипалы бұлақ суы әр тұсты жарып шығып, айналасына нәр беріп жатады.

XYII-XYIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына дейін бұл жерді Қаңлы, Жалайыр рулары мекендеген. Кейіннен Аңырақай шайқасынан соң атақонысын бетке алған ел қайтадан қоныстана бастағанда Қожбамбет Биебайұлы бабамыз албан, суан руларын Іледен бері өткізіп, Жаркентке таяу қоныстандырған. Сол ғасырларда болған үлкен ұрыстарда жараланған жауынгерлер арасанның шипалы суына емделген деседі. Солардан қалған найзаны кейіннен мал қарап жүрген бір кісі табады. Шоқының үстінде отырғанда ол темірдің ұшын көріп қалады. Сосын түрткілеп қазып жіберсе, шашақты найза табылады. Содан әлгі найзаны осы шоқының биігіне қадап қояды. Сол күннен бастап бұл маң «Найзатапқан» атанып кетеді. Әйтпесе, ертедегі аты сайдың аузындағы биік төбеге орай Қарашоқы деп аталатын.

Найзатапқан арасанынан шипа тапқандар көптеп саналады. Әрине, қасиетті суды ішіп, ауруынан айыққандарды санаған ешкім жоқ. Дегенмен, жыл сайын жаз айларында 100 шақты адам келіп, киіз үй, шатыр тігіп жатады. Асқазан, ішек, көз, мұрын, бас ауруларына, қан қысымына оң әсер ететін шипалы бастаудың айналасында көптеген тас белгілер бар. Аңғардың солтүстік-батысындағы таудың биігіндегі қойтасқа таутекенің мүсінін ертедегі адамдар салғаны белгілі. Сол тұста тас бесік, тас ошақ секілді көрген жанның қызығушылығын арттыратын жәдігерлер бар. Бір қызығы, Найзатапқанның күзетшісі жылан екен. Жұрттың айтуынша, жыландар ұнатпаған адамын арасан маңына жолатпайды екен. Арасанға ем іздеп барғандар ең алдымен жыланның рұқсатын алу керек. Сондай-ақ бұл маңға сәулетті сарай тұрғызып, қасиетті жерді кірістің көзіне айналдырмақ болған біраз қалталы жігіттердің үміті жүзеге аспапты. Түрлі қырсыққа жолығып, жоспарын орта жолдан тоқтатуға мәжбүр болыпты. Сондықтан жергілікті халық арасан басын сол табиғи қалпында сақтауға тырысады.

ТҮЙІН:

Әрбір халық тарихымен өміршең. Тамыры тереңге кеткен мемлекеттің айбыны асқақ, жүлдызы биік. Әлем картасындағы ұлан-ғайыр даланы алып жатқан қазақ даласы қашаннан ұлы мәдениет пен өркениеттің және өзгеше тіршіліктің бұршақ жарған құтты мекені. Осы дала төсіне жүргізілген экспедициялар мен тарихи, археологиялық қазба жұмыстары барысында қол жеткен табыстарымыз кешеден бүгінге жалғасқан адамзат жасампаздығының сан қырлы құпиясын білуге, сезінуге, тануға жетелеп келеді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

(Басы 1-бетте)

Қазақи дыбысталуға тән әріптерді латыншаға қалай аударамыз деп қиналудың қажеті жоқ. Оған да біздің дайындап қойған нұсқаларымыз бар. Жазу дегеніміздің өзі – халықтардың басын ұйыстырудың үлкен амалы. Әзірбайжан мемлекеті сонау 1991 жылы-ақ латын әліпбиіне көшіп кетті. Өзбекстан 1994 жылдың 16 маусымында әліпби ауыстыру туралы шешім қабылдады. Көршілес Қырғыз елі де латын әліпбиіне көшуді жоспарлап отыр. Біз, тіл мамандары, сәті келіп тұрған кезде ұлттық әліпбиімізді жасап қалайық деп отырмыз. Сонда ғана ертеңгі күні біздің сөздеріміздің айтылымы бұзылмайды. Қалай айтылады, солай жазылып отырады. Емле ережесі қарапайым күйге түседі де, бұл балалар, жастар үшін де өте ыңғайлы нәрсеге айналады. Ұлттық әліпби қабылданған жағдайда сөздің буын, морфем тұрқы бұзылмай, сөздерді тасымалдау оңай болады. Қазіргі кирилл әрпін қолданып жатқан кездегі сөздерді тасымалдау ережеге сай емес деуге болады. Сөздің айтылымына тура келмейді. Қазіргі таңда ұлттық әліпби үлгісі дайындалды, мәтіндерінің де қалай болатыны көрсетіліп жатыр. Әйтеуір, әрекетсіз емеспіз. Әрине, тіл мамандарының ішінде де өзара талас-тартыс, талқылау болып тұрады. Бірақ ол да керек нәрсе. Өйткені дәйекті пікірлер айтылса, ортақ мәмілеге келеміз. Елбасымыз айтқандай, егер әліпбидің бір нұсқасын нақтылап алсақ, алдағы уақытта оны үйретудің әдістемелерін қолға алуды бастауға болады. Латын әліпбиін үйрену, меңгеру қиын деген де бекер әңгіме. Балалар үшін де қиын емес. Латын дегеніміз – күнделікті оқып жүрген ағылшын әліпбиімен таңбалану жағынан бірдей. Арғы жағында, әрине, түсіндіретін бірлі-жарым таңбалар бар. Сондықтан балаларға қиын болады, ересектер үшін қиынға соғады деген әңгіме қисынсыз. Тек тәуекел деп, іске кірісіп кету керек. Қазіргі әліпбиіміз қазақ емес, орыс-қазақ әліпбиі болып кеткен. Жазуымызда да қайшылықтар көп. Кирилл әліппесі арқылы біздің сөздің үндесімі, морфем құрамы, буын құрамы бұзылып жатыр. Әдістемелік тұрғыдан да бірқатар қиыншылықтар бар. Елбасымыз айтқандай, қазақ ұлттық кодында рөл ойнайтын ең басты дүние – жазу. Жазудың ішінде – әліпби. Жазу да егемендіктің бір белгісі. Ол ұлттық болу үшін, оның әліпбиі ұлттық болу керек. Ұлттық әліпби өзіміздің төл дыбыстарымызға, заңды тілімізге икемделген, соның көрнекі көрінісі болу керек. Латынға көшу деген – қазіргі



өте күрделі мәселе. Сондықтан бұған үлкен дайындықпен келген абзал.

Заман тәжірибесі әлеми ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын көрсетіп отыр. Мұны бұрын аңғарғандар – біздің информатика мамандары. Енді, міне, өзге мамандар да оларды құптай бастады. Әліпби ауыстыруды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап, пысықтап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде тіл мамандары, біліп те, түсініп те отыр. Ендеше бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру деп қарамай, кең қамтып, жазу реформасына айналдыру қажет. Сондықтан әңгімені тек әліпби ауыстыру төңірегінде ғана қалдырмай немесе бір таңбаны екінші таңбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңірегіндегі өзге де мәселелерді қамтып отыру керек болады. Әліпби ауыстырудың үш деңгейі бар: бірінші – әліпби деңгейі, екінші – таңба деңгейі, үшінші – емле-ереже деңгейі. Егер біз әліпби құрамын өзгертетін болсақ, онда оның ар жағындағы таңба және емле-ережелеріне де өзгеріс ендіруіміз керек. Таңбаға өзгеріс ендіретін болсақ, онда оның емле-ережеге әсері қандай болмақ, алдымен соны ойлап алуымыз керек. Жоғарыдағы айтылғандарға қосарым, бұл таныстырылған нұсқа жөнінде сан алуан пікірді теледидардан, интернет ресурстардан көріп, оқып жатырмыз. Бұл жақсы ой. Халықтың мәдениетіміздің алтын арқауы – әліпбиімізге бейжай қарамайтынын байқадық. Бұл – еркіндіктің, Тәуелсіздігіміз сыйлаған азаттықтың арқасы. Мамандар халықтың пікірін біліп, оларды жинастырып, сараптап, жүйелеп отыр. Ғылыми негізі бар пікірлер міндетті түрде ескеріледі. Бастысы – жаңа әліпби қабылдауға бетбұрысты батыл, шешімді қадам жасалғаны.



Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

ЖҮГЕРІГЕ СҰРАНЫС МОЛ

Жетісуда ауыл шаруашылығындағы басым дақылдардың бірі, «дала аруы» атанған жүгері алқабы 79 мың гектарға жеткізілді. Жаркент крахмал-сірне зауытында индустрияландыру картасы шеңберінде жүргізілген жаңғырту жұмыстарынан кейін қалдықсыз өңдеу циклі құрылған. Соның нәтижесінде өңдеу қуаттылығы 20 мыңнан 90 мың тоннаға дейін ұлғайыпты. Қазір өңірде жүгерінің 27 түрі шығарылады. Биыл жүгері алқабы 2,5 мың гектарға артты. 79 954 мың гектарға тұқым себіліп, одан 441,3 мың тонна өнім жиналды. Бұл іске 3900 шаруашылық тартылып, онда он бір мыңнан астам ауыл тұрғыны еңбек етті. Сонымен қатар Жаркент крахмал-сірне зауытын жаңғырту дәндік жүгері өңдеу қуаттылығын жылына 10 мыңнан 54 мың гектарға дейін арттыруға мүмкіндік берді. 400 шаруашылыққа арналған 8,3 га алаңға қосымша екі қырман салынды. Осылайша облыстағы аграрлық секторда жүгері шаруашылығын дамыту туралы тапсырма орындалды.



Жарты ғасырдан астам уақыттан бері негізінен жүгері өсіруге бейімделген Жаркент жұрты облыста өндірілетін «дала аруының» 33 пайызын еншілейді. Өткен жылы жазиралы Жаркент өңірінің дикандары 25 785 гектар жерге жүгерінің әртүрлі сұрпын өсіріп, одан жалпы 160 мың тонна өнім жинапты. Жиналған жүгерінің 92 мың тоннасы жергілікті крахмал-сірне зауытында өңделген. Саудада сұранысы жоғары дақыл өнімінің қалғаны да жоғары бағамен тұтынушысын тапты. Атап айтар болсақ, 24 мың тонна жүгері дәнін Шамалған сірне зауыты сатып алса, 7,5 мың тонна өнім базарларда сатылып, 32,5 мың тоннасы мал азығына сақталған.

Еңбекшіқазақ ауданының Жаңашар ауылдық округіне қарасты Космос елді мекеніндегі Мәдениет үйінде өткен облыстық семинар-кеңесте жүгері өсіру тақырыбы жан-жақты қозғалды.

Семинар-кеңесте облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров еліміздің аграрлық саласы бәсекеге қабілетті өнім шығара алатын дәрежеге көтерілу керектігін айтты. Ол «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «ауыл шаруашылығы саласы ел экономикасының драйверіне айналу керек» деп атап көрсетті. Осы бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар жүйелі жұмыс істеуде. Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімдерді экспортқа шығару кезек күттірмейтін іс. Сондықтан жаңа технологияларға негізделген инновациялық жүйелерді ауыл шаруашылығына көптеп енгізуіміз қажет. Осындай семинар-кеңестердің жиі өтіп тұруы, сөз жоқ, алға қарай қадам басуға өз септігін тигізеді», – деді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексембай Бекішов Жетісу өңірінде жүгері дақылын өсірудің бүгінгі жағдайы мен алдағы жоспары туралы баяндады. С.Бекішов «Қазіргі таңда өңірде дәндік жүгері дақылын өсіруге ерекше көңіл бөлініп келеді. Биыл дәндік жүгері дақылдары 80,0 мың гектар алқапқа егілді. Өткен жылғы өнімділік көрсеткіші 512 мың тоннаға жетті. Облыста жоғары репродуктивті тұқым өндірумен 12 шаруашылық жұмыс істейді. Оның екеуі майлы дақылдарға арналған болса, қалған он шаруашылық жүгері тұқымдарын өсірумен айналысады. Осы салаға жауапты мамандар тұқым шаруашылығын қатаң бақылауда ұстағаны жөн. Шаруа қожалықтарының тапсырысы бойынша шетелдік тұқымдарды жеткізумен TUKUM KZ, TUKUM PRO KZ жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер айналысады. Әрине, біз ойдағыдай көрсеткіштерге қол жеткізу үшін осы саладағы шетелдік мамандардың тәжірибесіне сүйенуіміз керек», – деді.

Аталған семинар-кеңестің өтуіне «Адал» агроөнеркәсіп кешені мұрындық болды. Сүт өнімдерін өндірумен айналысатын компания 1999 жылдан бері отандық нарықта көш бастап келеді. Сапалы әрі экологиялық таза өнімдері сұранысқа ие. Компанияның жылдық табысы 8 миллиард теңгені құрап отыр.

Агроөнеркәсіп кешенінің бас директоры Серік Смайылов жүгері өсіруде қол жеткізген табыстары туралы баяндап берді: «Адал» агроөнеркәсіп кешенінде ауыл шаруашылық департаменті жұмыс істейді. Бұл бөлім мал өсіру және мал азығын дайындаумен айналысады. Компанияның жер көлемі 5190 гектарды құрайды. Оның ішінде 3000 гектары суармалы егістік жерлер, ал 924 гектары жайылымға арналған. Биыл 10 000 тонна дәнді дақылдар аламыз деп жоспарлап отырмыз. Оның 9000 тоннасы – жүгері. Жүгері дақылын алыс-жақын шетелдерге экспортқа шығарып жатқан жайымыз бар. Компания негізінен «Пионер» және «Будан» компанияларының жүгері будандарын пайдалануда. Қазір біз ылғалдылығы төмен өнім беретін будандарды іздеу үстіндеміз. Өткен жылы Ресейдің Краснодар аймағына арнайы барып, ондағы «Кубань» фирмасы мен қытай бұршақ тұқымдарын өндіретін «СОКО» компаниясының өнімдерімен таныстық. Қазіргі таңда өзіміздің тәжірибелік алаңымызға ресейліктердің жүгері будандарын өсірдік. Егер олардың ылғалдылығы 15 пайыздан аспаса және өнімділігі жоғары болса, біз осы тұқымдарды жаппай өсіруді қолға аламыз», – деді.

Облыс орталығының іргесінде жатқан Қаратал ауданында жүгері өсіру ісі өркендеп келеді. Жолбарыс батыр ауылдық округіне қарасты «Гладус-Қаратал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көбіне жүгері мал азығы ретінде, сүрлем жасауға өсіреді. Аталмыш шаруашылықта 304 гектар жер бар, соның 150 гектарына жүгері егіледі. Биылғы жылы шаруашылық егістігіне украиналық «Пионер» сұрыпты жүгері тұқымы егіліп, үш рет суғарды. Қазіргі таңда ресейлік «Дон-600» комбаины, 4 «КамАЗ» жүк көлігі, 2 трактор алтын астық тасып жүр. Шаруашылықта 15 адам науқанға білек сыбана кіріскен. Гектар берекелігі 70-80 центнерді құрап отыр.

«Гладиус-Қаратал» ЖШС-нің егістік алқабының жетекшісі, агроном Байбазар Қанабатыров «Бұл орылып жатқан жүгеріден мал азығы, сүрлем дайындалады. Шаруашылықта 1500 бас ірі қара малы бар. Тауарлы-сүт фермасы үшін Германиядан әкелінген сүтті сиырларға азық ретінде дайындаймыз. Қысқы мал азығына 7-8 тонна сүрлем, 11-12 тонна жоңышқа, сонымен бірге арпа, жем-шөп әзірленеді», – деп отыр.

Шаруашылық жүгері өсіруде алдыңғы қатарлы технологияларды кеңінен пайдаланады. Алтын шашақты алқаптардағы жайқалып өскен дән собығымен қоса орылып, жүк көліктеріне тиеліп, қамбаға жөнелтілуде.



«Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңы соңғы 5 жылда 21 млн. гектарды құрады және болмашы ғана өзгерді. Негізі өзгерістер оның құрылымынан алынып тасталды. Егістіктердің айтарлықтай үлесі бидайға берілген. Бірақ монодақылдылықтан бас тартуға және басқа дақылдардың алаңын кеңейтуге бағытталған өсімдік шаруашылығын әртараптандыру саясатының арқасында 2011 жылдан бастап бидай егістіктері артуда»

(Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы)

Жетісу жерінде 950 мың гектар жерге егін егілсе, оның 80 мың гектары – жүгері алқабы. Сонымен қатар, тамшылатып суару және ылғал сақтау технологиясы да дами түсті. Агроөнеркәсіп кешенінде трансұлттық компаниялардың қатысуымен жергілікті шикізаттан тамақ өнімдерін шығаратын «Маревен Фуд Тянь-Шань» зауыты іске қосылады. Олар өнімін «Қазақстанда жасалған» брендімен экспортқа шығармақ. Өңдеу өнеркәсібі де өркендеп келеді. Жалпы өңдеу кәсіпорындарын орналастыру картасы шеңберінде 2021 жылға дейін 39 кәсіпорынды ашу және жаңғырту, ет пен сүт өнімдерін, консервіленген көкөніс пен жеміс, крахмал өнімдерін ұлғайту есебінен экспорт көлемін 90 млн АҚШ долларына дейін жеткізу көзделуде. Бұл бағытта заманауи электронды жүйеге негізделген «Байсерке-Агро» ЖШС-нің сүт-тауарлы фермасы, «Каримов» ЖК, «Адал» АҚ, «Амиран» ЖШС, «Табыс» ШҚ, Жаркент крахмал-сірне зауыты көш бастап тұр.

Талғар ауданы Арқабай ауылындағы «Байсерке-Агро» агрокешенінде өткен «Егінжай күнінде» жүгері мәселесі де көтерілді. Тонналап өнім алу үшін тұқымды 3-4 жылда бір рет ауыстырып отырған абзал. Соңғы төрт жылда облыста дәндік жүгері алқабы 11 мың гектарға ұлғайтылған. Мұның тиімділігі жөнінде кәсіпкер, Жаркент крахмал-сірне зауытының директоры Зәкіржан Күзиев «Біздің Жаркентте жүгері крахмалын өндіретін зауытымыз бар. Жүгерінің мол болғаны зауыттар үшін тиімді. Неге десеңіз, оның бағасы түседі және тиімділігі артады. Бүгінгі семинарда көптеген әріптестеріміз өзіне қажетті мағлұматтар алуда. Өнім өндірудің пайдалы тұстарын зерделеуде. 10 мың тоннадан бастаған зауыт қазіргі таңда 120 мың тонна жүгеріні қайта өңдеп, одан 24 түрлі өнім шығаруда. Алдағы жылдары бұл көрсеткішті 300 мың тоннаға ұлғайтуды көздеп отырмыз», – дейді.

Жалпы облыста жүгері өсірудің тамаша жолы қалыптасқан. Жеткен жетістігі де аз емес. Ендігі мақсат – сол жетістікті еселей түсу.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТҚА – 29 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ!

Бүгінде өзінің нәтижелілігін дәлелдеген «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында әзірленген болатын. конкурсқа түсті, нәтижесінде 7 жоба мақұлданып, 13,3 млн теңге игерілді. Қолдау тапқан бизнес жобалардың үшеуі аудан кәсіпкерлері, төртеуі Атырау қаласынан. Осылайша, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасын табысты жүзеге асыру нәтижесінде Атырау облысында мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту орталығы, аяқ киім цехы, жартылай фабрикаттар шығару, қалдықтарды өңдеу цехы секілді аймаққа қажет басқа да маңызды жобалар іске қосылды.



Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жаңа жұмыс орындарын құруды көздейтін бағдарламаның бірінші кезеңі 2010-2014 жылдарды қамтыды. Бұл кезеңде жаңа бизнес-бастамаларды қолдау, кәсіпкерлік секторды сауықтыру, шетелге тауар шығарушыларды қолдау сынды бағытта жұмыстар жүргізілді. Екінші кезең – 2015-2020 жылдар аралығына шақталған.

Аталмыш бағдарламаның игілігін көріп отырған қарапайым халық екендігі көңілге үлкен медеу. Мәселен, Атырау облысында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында өткен жылы 29 млн теңге мемлекеттік грантқа бөлінді. Қаражат екі транш бойынша екі айдың ішінде игерілді.

Атырау облысы өңірлік коммуникациялар қызметінің мәліметінше, Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы бизнесін дамыту үшін мемлекеттік грант алуға ниетті 59 кәсіпкердің өтінішін қабылдады. Мамыр айында бірінші транш бойынша 15,7 млн теңге игерілді. Конкурсқа қатысқан 45 кәсіпкердің арасынан конкурс комиссиясы мен Аймақтық үйлестіру кеңесі 8 жеңімпазды іріктеді. Мемлекеттік грант арқылы облыс аудандарынан 7 кәсіпкер, Атырау қаласынан бір кәсіпкер бизнестерін дамытуға қолдауға ие болды. Маусым айында екінші транш бойынша 14 кәсіпкер мемлекеттік грант алуға конкурсқа түсті, нәтижесінде 7 жоба мақұлданып, 13,3 млн теңге игерілді. Қолдау тапқан бизнес жобалардың үшеуі аудан кәсіпкерлері, төртеуі Атырау қаласынан. Осылайша, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасын табысты жүзеге асыру нәтижесінде Атырау облысында мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту орталығы, аяқ киім цехы, жартылай фабрикаттар шығару, қалдықтарды өңдеу цехы секілді аймаққа қажет басқа да маңызды жобалар іске қосылды.

«Бағдарлама шеңберінде "Жаңа бизнес бастамаларды қолдау" бағыты бойынша қаржыландырылуға қолжетімділікті арттыру, жобалардың өндірістік қуатын арттыру, ауылдық елді мекендерде, шағын және моноқалаларда, кәсіпкерлердің бизнес бастамалары мен олардың жобаларын кеңейту сияқты проблемалық мәселелер шешілетін болады»

(«Бизнес жол картасы – 2020» бағдарламасынан)

Олардың қатарында Қызылқоға ауданы Миялы ауылындағы ұн өндірісі орны мен ұлттық қолөнер бұйымдарын жасауды үйрету орталығы, Исатай ауданының Аққыстау ауылындағы жиһаз өндіру және жаңғыртып, қалпына келтіру, Жылыой ауданы Құлсары қаласына гидро және жылу оқшаулауға арналған құрылғыны *(гидро и теплоизоляция)* сатып алу, Жылыой ауданы Құлсары қаласында гинекологиялық кабинет ашу және ашытылған квас өндіру, Мақат ауданы Доссор ауылында кілем тазалау цехын ұйымдастыру, мүгедектерге арналған «Сенім» спорттық-сауықтыру орталығы, инновациялық қасапхана және Атырауда жұмыс істейтін жартылай ет фабрикаты өндірісі бар.

Бүгінгі таңда мұнайлы өңірде шағын және орта бизнес көрсеткіші өсуінің оң динамикасы байқалып отыр. Қазіргі уақытта 56 786 шағын және орта бизнес кәсіпорындары тіркелді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,9% артық. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 45 283 бірлікті құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 6,8% артық.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК – ЖАҢА ТРЕНД

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Жарқыра» жобасын «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының негізгі бір бөлшегі десек те болады. Себебі, бағдарламаның ең негізгі мақсаты – жұмыспен қамту. Аталмыш жоба аясында Атырау жерінде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобалар, тың инновациялық бастамалар жүзеге асып жатыр.

Нұрлан Шегіров – әлеуметтік бизнеске ден қойған жастардың бірі.



Қазір ол Атырау облысындағы өндірісті аймақ Құлсары қаласында жылқымен қыдырту және сауықтыру орталығын ашып, кәсібін дөңгелентіп отырған бизнесмен. Балалар мен ересектерге арналған оңалту орталығының иесі бұған дейін Жылыой ауданындағы Тұрғызба ауылында көп жыл мал шаруашылығымен айналысып келген еді. Бірақ өміріне өзгеріс енгізуді шешкен жігіт Ресей астанасы Мәскеуге жол жүріп, «иппотерапия» әдісімен, яғни науқасты жылқының көмегімен емдеудің қыр-сырын меңгерді. Мемлекеттік бағдарлама көмегімен қажетті құрал-жабдықтарды сатып алды. Невропатолог дәрігермен және «Жүрек жылуы» қоғамдық бірлестігімен келісімшартқа отырды. Қазір көптеген елдерде мойындалған, физиологиялық және психологиялық ауруларды емдеуде үлкен маңызға ие «иппотерапия» орталығы сұранысқа ие болып отыр.

Келесі кейіпкеріміз – **Сәлима Сарбалина.** Бизнеске келгенге дейін ол Жылыой аудандық емханасында



дәрігер-кардиолог болып еңбек еткен. «Құлсары қаласына кардиологиялық кабинеттің қажеттілігін бұрыннан да сезініп жүрген едім. Бірақ, идеяны жүзеге асыруға қаражат болмады. Ал, мемлекеттен несие немесе субсидия алуға дауаламай жүрдім. Кейін мемлекеттік бағдарламаға жүгініп, бизнес-жоспар дайындадым. Бизнес потенциалды күшейтуге бағытталған тренингтерге қатыстым», – дейді Сәлима. Қазір оның «Мейірім» жүрек-қан тамырлары жүйесінің медициналық диагностикалық кабинеті Жылыой ауданында жұмыс істеп тұр.

Жаңа іске келуіне орай, кейіпкеріміз Астана медициналық университетінің «Функционалды диагностика» мамандығы бойынша үш ай біліктілігін арттырды.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

4
www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

«КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ» КӨКЖИЕГІ

Әлемдік энергетикада «көгілдір отынның» маңызы айрықша. Кез келген мемлекеттің де экономикасында стратегиялық мәнге ие. Табиғи газ анағұрлым экологиялық таза отын, оның үстіне химия өнеркәсібінде құнды шикізат саналады. Сол үшін де ол бизнес пен саясаткерлер үшін тартымды. Тұрғындарға да қажет. Әлемдік экономикадағы газға деген зор сұраныс осымен байланысты. Ал оны пайдалану – қайсыбір елдердің даму деңгейінің көрсеткіші.

Көптеген дамыған елдердің өз энергетикасында көмірден газға дейінгі өрлеу жолын жүріп өткені бекер емес. Бұл негізінен Еуропа, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея басынан кешірген құбылыс. Көмірмен салыстырғанда, газ қоры жер бетінде шашыраңқы орналасқан. Сондықтан оны өндіру мен тұтынушыға жеткізу аса ірі инфрақұрылымды қажет етеді. Тартымдылығына қоса, газды қолжетімді ету де күрделі міндет. Бұл арада бірнеше жәйтті қаперге алу керек. Біріншісі – газ өндіру инфрақұрылымымен, екіншісі – оны негізгі нарықтарға жеткізумен, үшіншісі жергілікті газ желісі арқылы тұтынушыларды қамтамасыз етумен байланысты. КСРО кезінде еліміздің аумағынан «көгілдір отын» Орта Азиядан газбен қамтуға күш салды. Екінші жағынан, елдің оңтүстігі арқылы Қытайға газ экспортын жүзеге асырады.

Осы міндеттерді орындау мақсатында, 2015 жылы Бейнеу-Бозой-Шымкент газ желісі салынды. Ол Батыс Қазақстанды елдің оңтүстігіндегі газ желісіне жалғады. Сөйтіп Алматы мен бүкіл Түркістан облысының өңірі отандық газбен қамтамасыз етілді. КСРО кезінде бұл жақтарға «көгілдір отын» Орта Азиядан жеткізілетін. Сондықтан экономикасы дамыған оңтүстік аймақты газбен жабдықтау мәселесінің шешілуі стратегиялық басымдық болып табылады.

Бұдан басқа, осы газ желісінің арқасында Қытайға газ экспорттау мүмкіндігі туындады. Биылғы жылдың тамыз айында Қытайға отандық газ экспортының көлемі 5 млрд текше метрге жетеді деп хабарланды. Қытайға газ экспорттау бұл елдегі тұтынушының көбеюін есепке алғанда, болашағы бар жоба. Өйткені көршіміз өз энергетикасында көмір тұтынуды азайтуды жоспарлап отыр. 2020 жылға қарай Бейжің энергетикадағы көмірдің үлесін 64 пайыздан 58 пайызға азайтуды көздейді. Сондықтан Қытай ірі газ экспортеріне



Ресейге Бұқара – Орталық газ желісі арқылы тасымалданды. Сол кезде түрікмен газының өндірісі жылына 90 млрд текше метрге, өзбек газының өндірісі 60 млрд текше метрге жеткенін есепке алсақ, кеңес одағының энергетикалық тепе-теңдігі үшін оның маңызы зор еді.

КСРО ыдырағаннан кейін өткізу нарығына қолжетімділік мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Басты газ нарығы Еуропада болды. Онда ресейлік «Газпром» Еуропа мен Солтүстік Африка өндірушілерімен бәсекеге түсті. Сондықтан Бұқара – Орталық газ желісінің маңызы төмендеді. Бұл Қазақстан арқылы осы бағытта газ тасымалдау көлемінің азаюына әкеп соқтырды. Алайда дәл осы кезде Түрікменстаннан Өзбекстан мен Қазақстан аумағынан өтіп, Қытайға баратын газ желісі салынды. Бұл газ желісімен түрікмен және өзбек газы тасымалданады.

Әлбетте, Орта Азиядан Қытай мен Ресейге газ транзитін қамтамасыз ету отандық газ саласын дамытуға айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз. 2017 жылдың қорытындысы бойынша, «ҚазТрансГаз» желісі арқылы газ тасымалдау 65,8 млрд текше метрге жетті, яғни 2016 жылмен салыстырғанда 75 млрд текше метрге артық.

Қазақстанның өз аумағында газ саласын дамытудың стратегиялық маңызы ерекше. Тәуелсіздік жылдары бұл бағытта зор жетістіктерге қол жетті. Әсіресе, соңғы жылдары елдің газ әлеуетін жүзеге асыруға бағытталған бірқатар бағдарламаны жүзеге асыру барысында қыруар шаруа атқарылды.

Бізде негізінен мұнай өндірген кезде ілеспе газ алынады. Еліміздің газ саласындағы басты ерекшелігі де осы. Мәселен, Ресейде, Түрікменстан мен Өзбекстанда көгілдір отын кен орындарында өндіріледі. Ал бізде ілеспе газ Теңіз бен Қарашығанақта өндіріледі. Өндірілген газдың басым бөлігі жер қабатына қайта айдалады. Ал өзге бөлігі өңделеді.

Газ өндірісі негізінен батыс аймақтарда шоғырланған. Өткізу нарығы – оңтүстік, оңтүстік-шығыс аудандарда. Осыған байланысты, мемлекет оңтүстік өңірдің тұрғындарын

www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru
5

АРҚАДА ОРАҚ НАУҚАНЫ ҚЫЗА ТҮСТІ



Биыл ауа райының қолайсыздығына қарамастан, бар жан-тәнін салып жұмыс істеген диқандардың қабағы көтеріңкі. Арқадағы астықтың реңі жаман емес. «Балапанды күзде санайды» дегендей, қамбаға түсетіннің қарымы қаншалықты екенін дәл қазір дәп басып айта алмағанымызбен, көктем суық, жаз салқын болса да, ырыздықтағы еншіміз «шүкіршілік» дейтіндей.

Ақмола облысының диқандары 4 миллион 316,6 мың гектар егіс алқабының астығын жинап алуы тиіс. Бүгінгі күнге дейін 1883,0 мың гектар жердің егіні орылып, қамбаға 1862,6 мың тонна астық, оның ішінде 104,5 мың тонна тұқым құйылды. Әзірге орташа гектар берекесі 10,2 центнерден айналуда. Жаман көрсеткіш емес.

Былтыр да облыста алдына жан салмаған жарқайыңдық диқандар биыл 617,5 мың гектар алқаптың дәнді және бұршақты дақылын жинап алуға білек түре кіріскен еді. Қазір олар өздеріне тиесілі алқаптардағы егіннің 387,5 мың гектарын орып, 329,5 мың тонна астық бастырды. Келер жылдың қамын ойлап, қамбасына 30,2 мың тонна тұқым құйып алды. Осы арада екпін түсіріп айта кетуіміз керек, жарқайыңдықтардың жақсы үрдісі облыс бойынша ең жақсы көрсеткіш. Жарқайыңмен іргелес жатқан Есіл ауданының диқандары биыл өздерінің түгін тартсаң майы шығатын 439,7 мың гектар егіс алқабына дәнді дақыл тұқымын сіңірген болатын. Осы арада бұл өңір астығының жоғары бағаланатынын айта кеткен ләзім. Ақмола облысының Торғай жақ беттегі аудандарында өсірілген астықтың нандық қасиеті орманды алқаптарға қарағанда біршама жоғары болады. Сондықтан да бұл өңірдің диқандары мәндай терімен өсірген алтын астығын тәуір бағаға пұлдап сата алады. Дәл қазір Есіл ауданындағы егістік алқаптардың 42,7 пайызы орылып, 165,1 мың тонна астық бастырылды.

Астрахан, Целиноград, Ақкөл аудандарының диқандары да орақ жұмысын барынша ширата түсуде. Мәселен, Астрахан ауданы диқандарының соңғы тәуліктерде әбжілдік танытуда. Өңірде алғашқы болып егінге орақ салған «КДК Греин», «Достық-06», «Ақхилал» серіктестіктерінің шаруалары бітік өскен бидай алқаптарынан жиналған биылғы дән қамбамызды қампайтады деп үміттеніп отыр.

Биыл Астрахан ауданында 337 мың гектар алқапқа дәнді дақыл себілді. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайрат Қалабаевтың айтуынша, өңір диқандары бүгінгі күнге дейін 149 мың гектардың егінін орып, қамбаға 149 мың тонна астық құйып алды. Бұл аудандағы орташа гектар берекесі әзірге 10 центнерден айналуда. Науқандық жұмысқа 886 комбайн, оның ішінде өнімділігі жоғары шетелдік 250 комбайн, 961 трактор тіркемесі тартылған. Машина-трактор паркін жаңарту мақсатында биыл 20 комбайн сатып алынған. Қажетті дизелдік отынды «Қазсер и К» және «Жалтыр тас» серіктестіктері белгіленген кесте бойынша тасымалдауда. Ауданға 495 тонна дизель отыны кепілдікпен бөлінген болатын. «Жалтыр элеваторы», «Бетеге У», «Қалқұтан» астық қабылдау кәсіпорны», «Қазақзернотрейд», «Грос Нан» серіктестіктері астық қабылдап, кептіре бастады. Басты міндет – бітік шыққан астықты шашпай-төкпей жинап алу болып отыр.

Таяуда өңірлік кәсіпкерлер палатасында журналистердің қатысуымен өткен брифингте күзгі егін орағы кезінде астық пен ұнды тасымалдау сәтінде туындайтын түйткілді мәселелерді болдырмау мақсатында қолға алынған шаралар сөз болды.

Биыл да облысымызда егін бітік шығып, ел ырзығы молайғалы тұр. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының дерегі бойынша, өңірде 5,5 миллион тоннаға жуық астық жиналады деген болжам бар. Ал енді сол мол астықты дер кезінде жинап, сақтап, кептіріп, игілікке асыру ұшан-теңіз жұмыс. Ауа райының ерекшеліктеріне байланысты жайқалып шыққан егінді уақтылы орып, мол астықты ысырапсыз жинап алу мәселесі үлкен жауапкершілікті қажет етіп тұр. Осыған байланысты облысымыздағы астық қабылдау кәсіпорындарының жағдайы, дайындығы, жаңа астықты сақтау және темір жол арқылы тасымалдау мәселесі талқыланған жиынға өңірлік кәсіпкерлер платасының директоры Тимур Нахыпбеков, «Қазақстан теміржолы – жүк тасымалы» АҚ Ақмола облыстық филиалы директорының орынбасары Балғабек Ақпейісов, «Астық Транс» АҚ-ның Ақмола облысы бойынша өкілі Еркін Молдақов, ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік инспекциясы комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Сұлтан Қасенов, «Өңірлік астық холдингі» ӘКК директоры Ербол Тәшенов және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының өкілдері қатысып, атқарылып жатқан жұмыс туралы айтып берді.

Жиында облысымыздағы астық қабылдау кәсіпорындарының жағдайы, дайындығы, жаңа астықты сақтау және теміржол арқылы тасымалдау жұмысын үйлестіру және қамтамасыз ету мәселелері бойынша жұмыс штабы құрылғаны сөз болды.

Тимур Нахыпбеков «Былтыр вагондардың жетіспеушілігінен астық тасымалдау барысында біраз қиындық туды. Осының салдарынан астық өндірушілер нарыққа шыға алмай, қосымша қаржылай шығынға батты. Сол себепті, «Қазақстан теміржолы» мен кәсіпкерлер арасында туындайтын түйткілді жылдам шешу үшін жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кіріс органдарының, «Қазақстан теміржолы» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінің және өңірлік кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жұмыс штабы құрылды», – деп атап өтті.

Бұған қоса, кәсіпкерлерден басқа, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ, «Астық Транс» АҚ және олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылығымен бірыңғай WhatsApp-чаты құрылды. Бұл өзара ынтымақтастық оң нәтиже берді. Палата директоры бұл бағытта жұмысты күшейтуді ұсынды.

Ал «Қазақстан теміржолы – жүк тасымалы» АҚ Ақмола облыстық филиалы директорының орынбасары Балғабек Ақпейісов Қазақстан әлемдегі астық пен ұнның он ірі экспорттаушыларының қатарында екендігін айта келе, астықты таяу және алыс шетелдерге тасымалдау үшін жеңілдікті тарифтік жағдайларды қарау тұрғысынан агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ерекше назар аударылып отырғандығын атап өтті.

Брифинг соңында егін орағы кезінде астықты тасымалдау бойынша орын алған мәселелерді бірлесе шешу қажеттігі айтылды.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

КАРТОП ӨСІРУ ҚАРҚЫНДЫ



Алматы облысында картоп өсірумен даңқы шыққан екі өңір бар. Бірі Жоңғар Алатауына еміне орналасқан Қоғалы ауылы болса, енді бірі – Хантәңірінің етегіндегі Райымбек ауданы. Кеңес одағы кезінде берісі Қазақстан, арысы одақты картоппен қамтамасыз етіп келген қос өңір тәуелсіздік жылдары адымынан жаңылып қалғаны жасырын емес. Алайда «Орнында бар оңалады» деген рас екен. Райымбек ауданындағы диқандар есін жиып, еңсесін тіктеп, биылдан бастап күнкөріс пен байлықтың көзі болған картоп өндірісін жандандыра түсті.

Жыл басында өңірлік коммуникация қызметінде журналистермен кездескен Райымбек ауданының әкімі «Биылдан бастап ауданда картоп өндіруді қолдауға барынша назар аударамақпыз. Бүгінде «Жетісу» ӘК» ҰК арқылы 850 млн теңге қаржы бөлініп, Голландиядан картоп тұқымын алуға келісім жасалды. Оны 200 гектарға егіп, 600 тонна өнім аламыз деп отырмыз. Осы арқылы тұқым шаруашылығын жандандырып, келесі жылы егіс көлемін 2 мың гектарға ұлғайтпақпыз. Картоп шаруашылығын жандандыру мақсатында сервистік қызмет көрсету орталығы да көптеп ашылады. Сонымен қатар, картоп өнімін саудаға шығарып, қаржы табуға да болады. Айталық, бүгінде картопқа сұраныс Астана қаласында 68 мың, Алматыда 123 мың, Алматы облысында 438 мың тоннаға жетіп отыр. Демек, осы арқылы тұрғындарды жұмыспен қамтудың қосалқы жолы қалыптасады», – деген болатын.

Аудандағы ағайын сенімділік танытып отырғаннан кейін тоқыраған тіршілік қайта дүр етіп, жандана түсер деген ниетпен облыс әкімі Амандық Баталов өңірде картоп өсіруге қолдау көрсетіп, бюджеттен қомақты қаражат бөлген еді. Соның арқасында Голландиядан 290 тонна таза элиталық картоп тұқымы Жетісуға жеткізілді. Сонымен қатар, картоп өсіруге ынталы жұрт шетелдің «Санте» мен «Агрия» тұқымы мол өнім береді деген тұқымдарын өз қаражатымен сатып алды.

Биыл Райымбек ауданында 238,950 келі картоп тұқымы 72 гектарға егілді. Мұның ішінде Текестегі картоп өсірумен айналысатын «Өркен», «Ерік», «Ретай», «Ақжол», «Самғат» сияқты қожалықтар бар. Олар да аталған жаңа тұқым түрін егуге көшті.

Элиталық картоп тұқымының өнім беру мүмкіндігі анағұрлым жоғары екенін мамандар айтып отыр. «Санте» мен «Агрияны» 4 жыл бойы отырғызып, мол өнім алуға болады. Сырты тегіс, сары түсті шетелдік тұқымды еге білсең, ол жер таңдап, топырақ талғамайды. Осының арқасында ауданның топырағы құнарлы алқаптары аз күнде берекеге толды. Бұл тұрғыда шаруа қожалықтары картоп күтуде түрлі зиянкестермен дер кезінде күресіп, шығымды сақтады.

«Өркен» шаруа қожалығының жетекшісі Талғат Нүсіпқожаев «Облыс әкімінің қолдауымен іске асып отырған картоп шаруашылығымен, шаруа қожалықтарының тыныс-тіршілігімен таныстық. Жігіттер жаңа картоп тұқымын күтіп-баптауда еш аянып қалған жоқ. Қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып, мол өнім алуды көздеп отыр», – дейді.

Иә, осы тұста облыста картоп отырғызатын, өнім жинайтын, жерді құнарландыратын жаңа техника алу үшін 500 млн теңге бөлу жоспарланып қойғанын айта кеткеніміз жөн. Осы бағытта істеліп жатқан жұмыстар да өз нәтижесін бере бастағандай.

Аудан әкімі Жолан Омаров диқандардың төккен тері мен істеген еңбегінің еш кетпегеніне қуанды. «Санте» мен «Агрия» элиталық тұқымының бір түбінің өзінен 13-17 жаңа түйнектің шығым бергенін байқадық. Аталған шетелдік екі тұқымнан 300-350 центнерден өнім алуға мүмкіндік бар. Бұл өз кезегінде аудан диқандары үшін жаман көрсеткіш емес.

Келер жылға шаруа қожалық иелері 720 гектарға картоп егуді жоспарлап отыр. Нарынқолдың картобын қалпына келтірудегі нақты қадамдарға ел де ерекше қуанышты. «Екінші нан» деген атауы бар картоп өндірісі аз уақытта аясын кеңейтеді деп сенеміз. Оған диқандардың толық мүмкіндігі бар.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

АЛМҰРТТЫ АЛҚАПТЫҢ ӘЛЕУЕТІ



Еліміз әлемге апорт алмасымен танымал. Қазақстанның апортына деген сұраныс шетелде күн өткен сайын көбеймесе, азайып көрген жоқ. Бұл жемістің керемет тұқымы бізде ғана бар дегенді білдірмейді. Өзге елде де жұрт мақтаған жеміс түрлері көп. Солардың ішінде Түркияның алмұрты бауырлас елдің абыройын асқақтатып келеді. Кейінгі жылдары сол елдің тәжірибесін пайдаланып, қыруар қаржы тартып, түрлі жеміс-жидек өсірумен айналысып жүрген қаракөздердің қатары көбейе түсуде. Әсіресе, қарт Алатаудың баурайындағы құйқалы топырақ жеміс өсіріп, оның игілігін көруге таптырмас мекен болды.

Осыған дейін Қарасай өңірінде Түркия компанияларымен бірлесіп, 20 гектар алқапқа құлпынай өсірген ағайынды Бекет пен Азамат Әбішевтер бүгінде заман талабына сай алмұрт ағаштарын отырғызуды қолға алып отыр. Бастапқыда табысы жоғары болғанымен, машақаты көп құлпынай дақылын баптап көрген болатын.

Күрделі қаржы құйылмай, нәтиже бермейтін шаруаны атқаруға көкөніс пен жеміс-жидек өсіруде мол тәжірибе жинақтаған түрік ағайындар көмекке келген. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақылды басшылыққа алып, іздене жұмыс істеген «Әбішев» шаруа қожалығы көп ұзамай табысқа кенелді. «Туған жерге туынды тік!» деген олар өздері өсіп-өнген Қарасай өңіріне пайдаларын тигізуді мақсат етті. Ауыл шаруашылығы саласын үсті арнайы тормен толықтай жабылады. Тамшылатып суару технологиясын пайдалана отырып, әр талдың ылғалын компьютер арқылы бақылауды жолға қоймақпыз».

Түркиядан әкелінетін көшеттер мұндағы ауа райы, топырақтың құнарлылығы мен судың құрамына байланысты таңдалып алынған. Олардың жерсінуіне жауапкершілікті де компания өз мойнына алған. Агротехникалық талаптарға сай әзірленген 20 гектар алқапқа 50 мың түп көшет отырғызылмақ. Бұған мемлекет тарапынан да қыруар қаржы бөлінді. Түркиядан келген маман Ахмет Ақгил жас көшеттердің келесі жылы-ақ алғашқы жемісін бере бастайтынын айтады. Ал жеміс ағаштары желегін жайғанда, бір гектар жерден 50 тоннаға дейін өнім береді. Жергілікті 20 зерделей келіп, шаруаны ұлғайтуды ойластырды. Ол үшін көп ізденіп, аталған саланың түрлі бағытын сараптамадан өткізіп көрді. Осы арада өздерімен бұрыннан серіктестік тұрғыда еңбек етіп келе жатқан түріктің компаниясы алмұрт өсіруді ұсынады. Құр тәуекел табысқа бастамайтынын білетін ағайындылар алдымен алмұрт өсірудің технологиясын, елдегі бұл өнімге деген сұраныс пен ұсынысты зерттей келе, осы шаруаны қолға алды.

Жаңадан егіліп жатқан алмұрт бағына келгенде әдеттегі көріністі емес, жерге қадалған мың сан бағанды көріп, таңдандық. Алдымен жерді тақтайдай етіп тегістеп, темір бағандарды қадағаннан кейін оларды бір-бірімен сым темір арқылы байланыстыра жалғапты. Біздің түсініктегі алмұрт бағынан гөрі, күрделі құрылысқа көбірек ұқсайтын алқап мәнісін сұрағанымызда шаруа қожалықтың иесі Азамат Құдайбергенұлы былай түсіндірді: «Алмұрт көшеттері осы бағандағы сымдарға тартылып, белгілі бір тәртіппен өсіріледі. Жемістерді құс шұқып, бұршақ ұрып, күн сәулесі күйдіріп кетпеу үшін тұрғынды жұмыспен қамтып отырған алмұрт бағы болашақта алматылықтарды тәтті де сапалы жеміске кенелтеді деп сенеміз.

Қажет ОМАРАҚЫНҰЛЫ,
Алматы облысы

Жеміс-көкөніс шаруашылығын, жүзім шаруашылығын дамыту мақсатында инвестициялық шығындарды субсидиялау есебінен жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызу, маусымаралық кезеңде жылыжай кешендерінде көкөніс өнімін өндіру, су үнемдегіш технологияларды қолдану ынталандырылатын болады, сондай-ақ, «Апорт» сортты алма ағашы бақтарын отырғызу және өсіру шығындарын өтеу қамтамасыз етілетін болады. Кооперация негізінде өндірудің, дайындаудың, сақтаудың, қайта өңдеу мен өткізудің толық циклі инфрақұрылымы жасалатын болады.

(Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Елдіктің белгісі

БҰРЫН ВИНОГРАДОВКА ЕДІ. ҚАЗІР – КЕМЕРКӨЛ

Қазақша атау сирек кездесетін солтүстік өңірлерде сең қозғалды. Күні кеше Қостанайдағы Таран ауданына қазақтың қабырғалы қаламгері Бейімбет Майлиннің есімі берілді. Жалпы қала, көше, алаң, нысан аттарын қою, ауыстыру – мемлекеттік идеология. Осы ұлттық ономастика саясатын насихаттау, мемлекеттік тұжырымдама, салаға қатысты басқа да заңдық құжаттарды түсіндіру маңызды. Осыған орай Jas qazaq газетінің Көкше өңіріндегі тілшісі Ақмола облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Марал Жақыповамен тілдесіп, пікірін білген едік.



Jas qazaq: Құрметті Марал Қажыкенқызы, елімізде ономастикалық жұмыстарды жүргізуге, нысандарға атау беруге және оларды қайта атауға уақытша мораторий жарияланған еді. Қазір ономастика саласындағы мораторий алынды ма?

М.Қажыкенқызы: 2015 жылы Ақмола облысы бойынша 1 ауылдық округ, 1 ауыл және 10 көше қайта аталды. 2016 жылы тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай, патриоттық рухты шыңдау, тарихи атауларды қайтару мақсатында екінші рет бір мәртелік шара ұйымдастырылды. Облыстық ономастика комиссияларының отырыстарында 272 көше және 1 ауылды қайта атау туралы мәселе қаралып, оң шешімін тапты. Аудан және аудандық маңызы бар қалалар мен елді мекендердің көшелерін қайта атау туралы шешімдер әділет департаментінде тіркеліп, заңды күшіне енді. Сондай-ақ, облыстық маңызы бар Көкшетау және Степногорск қалаларының 7 көшесі мен 1 даңғылы қайта аталды.

Қазіргі уақытта ономастикалық жұмыстар Президент Әкімшілігінің 2017 жылғы 2 наурыздағы №17-388-5 тапсырмасына сәйкес жүргізілуде. Аталған тапсырмада идеологиялық тұрғыдан ескірген, қайталанатын атауларды тарихи жер-су атауларымен және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту мәселесі көзделген. Осы тапсырмаға сәйкес кісі есімдерімен атау мәселесіне мейлінше шектеу қойылып, елді мекендерге, олардың құрамдас бөліктеріне, объектілерге жалпыұлттық деңгейде танылмаған тұлғалар есімдерін беруге жол берілмейтіндігі де қатаң ескертілді.

Jas qazaq: Былтыр жылдың аяғында Елбасының Жарлығымен Еңбекшілдер ауданы – Біржан сал ауданы болып қайта аталды. Осы сияқты елді елең еткізер өзге де жақсы жаңалықтар бар ма?

М.Қажыкенқызы: Иә, Еңбекшілдер ауданының Біржан сал болып қайта аталуы облыс жұртшылығы үшін ерекше қуанышты жағдай болды. Былтыр Үкімет қаулысымен Ақмола облыстық филармониясына Үкілі Ыбырайдың, ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне Балуан Шолақтың, Көкшетау қаласының №18 орта мектебіне Сәкен Жүнісовтің, №3 Аққөл орта мектебіне белгілі қоғам қайраткері, дарынды журналист Жайық Бектұровтың, Еңбекшілдер ауданы Сәуле орта мектебіне қазақ педагогика ғылымының профессоры, ғалым Шәрәпи Әлжановтың, Қорғалжын ауданындағы Дружба орта мектебіне белгілі қоғам қайраткері, соғыс ардагері Ақтан Төлеубаевтың, Ерейментау ауданындағы Малтабар орта мектебіне туған ауылына алғаш мектеп салып, ұстаздық еткен Перуаш Кәрімовтің есімі берілді.

Былтыр 24 қазанда Ақмола облыстық ономастика комиссиясының отырысында аудандардан келіп түскен 306 ұсыныс қаралып, нәтижесінде 196 атау қайта аталса, 110 жаңа көшеге атау берілді. Атап айтқанда, идеологиялық тұрғыдан ескірген және мағынасыз атаулар қазіргі заман талабына сай, қазақтың тұрмысына, салт-дәстүріне, өнері мен мәдениетіне сәйкес атаулармен және елді мекендердің тарихи атауларымен өзгертілді. Мысалы, Қорғалжын ауданының Коммунар ауылдық округі Майшұқыр ауылдық округіне, Аққөл ауданының Минское, Виноградовка ауылдары Сазды бұлақ, Кемеркөл сияқты тарихи атауларға ауыстырылды. Сол сияқты Центральная, Комсомольская, Зеленая, Северная көшелері Сарыарқа, Құлагер, Алаш, Береке сияқты атаулармен өзгертілді. Сондай-ақ, Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 наурыздағы №А-3/126 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының №6С-19-5 шешімімен Көкшетау қаласының 41 көшесі қайта аталды. Жуырда облыстық мәслихаттың сессиясында Көкшетау қаласының тағы 27 көшесі мен 1 шағын ауданын қайта атау мәселесі қаралмақшы. Ерейментау қаласының №2 орта мектеп-лицейіне Насыр Смағұловтың, №3 Аршалы орта мектебіне Жұмабек Тәшеневтің есімін беру туралы Үкімет қаулысының жобасы пысықталуда.

Jas qazaq: Көкшетау қаласының көшелері қандай тәртіппен қайта аталады?

М.Қажыкенқызы: Көкшетау және Степногорск қалалары облыстық маңызы бар қалаларға жатады. Сол себепті, аталған қалалардың көшелері республикалық ономастика комиссиясының қарауына жолданады. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Заңның 13-бабы 5-тармағына сәйкес қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, тұйық көшелердің, саябақтардың, скверлердің, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету қалалық өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктеріне жатады. Қала әкімдігіне көшелердің атауын өзгертуге байланысты ұсыныс түскен жағдайда ұсыныс түспеген жағдайда жоғарыдан түскен тапсырмаға, не жоспарға сәйкес қалалық әкімдік жұмысты өздігінен жүргізе алады, қала әкімдігі жанындағы тіл саясаты және ономастика жөніндегі жұмыс тобы өз отырыстарында келген ұсынысты қарайды. Жұмыс тобының оң қорытындысы болған жағдайда, қажетті материалдарды облыстық маңызы бар қаланың қалалық мәслихатының қарауына енгізеді. Тиісті аумақ халқының пікірі мәслихаттың тұрақты комиссияларының өткізілген көпшілік тыңдауларының негізінде ескеріліп, хаттамамен ресімделеді. Мәслихаттардың тұрақты комиссияларының хаттамалары жеті жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.



Jas qazaq: Облыс аумағында Андреевка, Еленовка, Мариновка, Калиновка, Ивановка сияқты атаулар әлі де жетіп артылады. Елді мекендер мен көшелерді өзгерту қалай жүзеге асады?

М.Қажыкенқызы: Мұндай атаулар кезінде жергілікті халықтың пікірімен, көзқарасымен еш келіспестен қойыла салынған. Ал, қазір ол жердің ежелгі атауын қалпына келтіру үшін жергілікті тұрғындардың арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге және олардың пікірін ескеруге, сондай-ақ мұрағаттар мен басқа да тарихи деректерді көтеріп, бұрынғы тарихи атауын анықтау секілді көптеген жұмыстарды атқаруға тура келеді. Ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге, аудандық маңызы бар қалаларға, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру үшін жергілікті атқарушы органдар ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың әкімдерімен бірлесе отырып, жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізу мерзімін анықтайды және оның өткізілетін күніне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өздерінің интернет-ресурсында орналастырылады және тиісті аумақта таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жиналыстың күн тәртібі, өткізілетін күні, орны және уақыты көрсетілген хабарландыру орналастырады. Өздерінің интернет-ресурстарында және бұқаралық ақпарат құралдарында қажетті құжаттар мен материалдарды жариялайды. Өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырылып, оның қорытындысы бойынша шешім қабылданады. Дауыс беру қорытындысы жиналыс өткен жерде жарияланып, хаттамамен ресімделеді. Хаттамада «қолдап» немесе «қарсы» дауыс бергендердің жалпы саны көрсетіледі. Хаттамаға жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысқандардың тізімі қоса тіркеледі. Жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамалары жиналыс өткізілгеннен кейін жеті жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Jas qazaq: Елді мекендердің тарихи атаулары архивтерден, ғылыми еңбектерден табылып жатса жақсы, ал тарихи атаулары табылмаған жағдайда жұмысты қалай ұйымдастырасыздар?

М.Қажыкенқызы: Рас, елді мекендердің тарихи атаулары тайға таңба басқандай болып мұрағаттық құжаттардан, ғылыми еңбектерден табыла қалса, біздің жұмысымыз да едәуір жеңілдеу болар еді. Алайда, көп жағдайда ауылдардың тарихи атаулары табылмай жатады.

2016 жылдың аяғында басқарманың мамандары Омбы қаласының мұрағатына барып, көптеген ескі карталардың көшірмесін сатып алып келді. Карта көшірмелерін облыстық мұрағатқа табыс еттік, қазіргі уақытта зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Аталмыш картадағы мәліметтерден Атбасар, Сандықтау ауданына қарасты елді мекендердің тарихи атаулары *(Амантай, Сарымсақты)* табылды. Елді мекендердің тарихи атаулары табылмаған жағдайда, сол жердің географиялық ерекшелігіне сәйкес атайтын жағдайлар да кездеседі *(мәселен, Ақбұлақ, Теректі, Бұлақсай, Арнасай және т.б.)*. Сонымен қатар, биылғы жылдан бастап ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі тарапынан ортақ тарихи сананы қалыптастыру мақсатында әзірленіп, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісілген «Тарихи тұлғалар» *(150 адам)*, «Тарихи жер-су атаулары» *(70)* және «Дәстүрлі атаулар» *(298)* тізімдерін басшылыққа алатын болдық.

Сұхбаттасқан Байкен КӨБЕЕВ

Өзекті

АУЫЗ СУЫ, ЖОЛЫ ЖОҚ, ЫНТЫМАҚТЫҢ МҰҢЫ КӨП

Соңғы жылдары Алматы облысында жұрт сүйсінетін ғасырлық жобалар жүзеге асуда. Әсіресе, облыс орталығы Талдықорған қаласының өсуі мен өркендеуі жұрт назарын аударып отыр. Жаңа шағын аудандар бірінен соң бірі бой көтеріп, зәулім ғимараттар қала шырайын аша түсті. Облыс аумағындағы жол құрылысы, ауызсу мәселесі, қоғамдық көлік, тағы да басқа халыққа ең керекті салалардағы мәселелер ретімен шешімін тауып, жұрт көңілінен шығуда.

Өткенде депутаттар алдында есеп берген облыс әкімі Амандық Баталов «Облыс басшылығы балабақшамен қамту, мектептердің, ауруханалардың және басқа да әлеуметтік маңызды нысандардың құрылысын жүргізу, жолдарды жөндеу мен салу мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Өңірде республикалық бюджет және заемдық қаржы есебінен «Ұзынағаш – Отар», «Күрті – Бурылбайтал», «Талдықорған – Өскемен» және «Үшарал – Достық» автожолдарын қайта жөндеу басталды. Аса іргелі жоба – БАКАД құрылысы қолға алынды. Жергілікті маңыздағы автокөлік жолдарының құрылысы мен жөндеу жұмыстарына 30 млрд теңге бөлінген. Бүгінгі күні Балқаш көліне дейінгі 11 шақырымдық жол мен Қарабұлақ – Қоғалы жолы жаңғыртылуда, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарымен 165 елді мекеннің жолы қамтылды», – деген еді.

Әрине, жасалып жатқан жұмыстарға көз жұма қараудан аулақпыз. Дегенмен бұл жобаға енбей қалған елді мекендер де бар екен. Талдықорған қаласының іргесіндегі Ынтымақ ауылы - солардың бірі.

Тізімге ілінбей қалған ауылдың тұрғыны Қалипа Жорынбаева «Ынтымақ – Ынтымақ болғалы он бес жыл болды. Бірақ осы жылдар ішінде жергілікті билік ешқандай мәселемізді шешіп, ауылға пайдасы тиер іс істеген жоқ. Әйтеуір жеке трансформатор қойып, жарықпен қарық қылған болды, одан кейін өздерін көрсетпеді. «Әне-міне, тақтайдай жол салынып, ауыз суға қарық боласыңдар» деп жыл сайын үйіп-төгіп уәде бергенімен, әлі де сол жұтаған ауыл, шаң басқан жолдармен жүріп келеміз», – деп мұңын шақты.

Расында, Ынтымақтың қай тұсына барсаңыз да, шешімін күткен толғақты мәселеге кезігіп, жарыққа жарымай отырған жұрттың мұңын естисің. Электр жарығы үшін жанталасып, әкімшіліктің табалдырығын әбден тоздырған тұрғындар электр сымды әр үйге өздері тартып алған. Жұрттың жиған қаржысымен қойылған трансформатордың қуаты да жеткіліксіз. Көнеріп, тозған, жерге салақтап тұрған электр сымын көріп, жағаңды ұстайсың. Қай күні ток соғып, адам өлімі болады деген уайым көптің мазасын қашыруда. Ал түбі шіріп, құлағалы тұрған бағаналар қай күні морт кетерін ешкім айта алмайды.

Ауылдың ауыр мұңын айта-айта шаршаған Айжан Нұрдәулетова «Бұл ауылда су да, жарық та күрмеуі қиын мәселе. Жолдың түрі мынау: шұқырдан аяқ алып жүргісіз. Жауын-шашын күні, тіпті саз балшықтан жол тауып жүре алмайсың. Кешке балалар мектептен қайтып, үйге жеткенше алаңдаумен боламыз», – дейді.

Ынтымақтың жолы да мәз емес. Қоғамдық көлік күніне алты-ақ рет қатынайды. Демек жүргіншілер көлікті сағаттап күтеді деген сөз. Мектептен кешіккен төменгі сыныпта оқитын балаларын арқалап, еңкеңдеп бара жатқан ата-аналарды көріп, іштей қамығасың.

Ханыша Нағышбаева апамыз «Автобус жоқ. Тентіреген жұрт жаяу-жалпы жол жүріп, өркениетке беттеп барамыз», – деп қатты қамықты.

Ауыз су да бас қатыратын мәселе екенін айттық. Бұл ауылда орталықтандырылған су жүйесі болмағандықтан, әркім өз білгенінше құдық қазып, су шығарып алған. Ал ондағы судың ішуге жарамдылығы немесе сапасын тексеріп, зерттеген ешкім жоқ. «Кейінгі кезде ауылда түрлі ауру мен дерт-дербез өршіп кетті. Бәрі осы ішіп отырған ауыз судан болуы мүмкін» деп мұң шағады ауыл тұрғындары.

Айта берсек, мәселе жетеді. Қала іргесіндегі ауылдың мұңы мұндай болса, алыстағы кейбір елді мекендердің жайын айтпай-ақ қоялық.

Ынтымақ тұрғындары талай жылдан бергі қордаланған мәселенің көп өтпей шешілетінінен үмітті. Қазір қала билігі ауыз су, электр жарығын қайта тартып, жол салу үшін нақты жоспар-жоба әзірлеп қойған. Елді мекенге қатынайтын қоғамдық көлік саны да көбейтілмек. Ал тұрғындардың үйін заңдастыру және өзге де түйткілді шешу үшін арнайы жұмыс тобы құрылмақ. Бұл туралы Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев Ынтымаққа барып, тұрғындармен жүздесіп қайтты.

Ол «Ынтымақ ауылында алғаш жер бөлінгенде инфрақұрылымын реттеуге қатысты жобалық-сметалық жұмыс жүргізілмеген. Кейін келе ауылға қоныстанушылар мен жеке баспана салушылар көбейген. Сондықтан бұл елді мекеннің мәселесі де арта түсті. Бірақ қазір осы ауылдың инфрақұрылымын реттеу үшін тендер жарияланды. Оны атқаратын мердігер компания 20 қазанға қарай белгілі болады деген ойдамыз. Осыдан кейін сол компания 6 ай көлемінде ауылдың жарық, су, тағы



Мәрлен КӨЛБАЕВ

да басқа мәселесін толықтай жөнге салатын болады», – деді.

Сонымен қатар, әкім орынбасарынан білгеніміздей, алдағы уақытта ауылдың жолын жөндеу бойынша әкімдік қаржы қарастырып, оның жобасын да жасап қойыпты. Оқушыларды тасымалдайтын автобус санында көбейту шешімін табатын көрінеді. Ал жеке тұрғын үйін заңдастыра алмай жүргендерге көмектесетін арнайы жұмыс тобы да құрылмақшы. Қала әкімінің орынбасары Мәрлен Қапашұлы «Тұрғындар арасынан 3 немесе 5 адамнан құралған жұмыс тобын құрып, көтерілген мәселені тез арада түбегейлі шешеміз», – деді.

Ауылда тұратын 500-ден астам отбасының 70-ке жуығында ғана құжаты бар. Алдағы уақытта қалғандары да заңдастырылады деген ойдамыз. Иә, жұмыс жүрген жерде кемшілікте қоса өріледі. Мәселе соны дер кезінде есепке алып, шешіп отыру керек. Ынтымақтың мәселесі өз шешімін тауып, тұрғындар алаңсыз тіршілік кешеді деп сенейік!

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Қолдағы алтын

АЛАКӨЛІМ-АЙ, АЛАҢ КӨҢІЛДІ-АЙ!



Айдынында қаз-үйрегі қалқып, шағаласы шалқып, талайға таңдай қақтыратын мекенге айналған Алакөлдің тағы бір шеті Шығыс Қазақстан облысының еншісінде. Қысқасы, айдынды көл қос облысты бір-біріне жалғап жатқан көпір іспетті. Естуімізше, бұрындары Алакөлдің Қамысқала ауылы мен Үржардың Қарабұлақ ауылы арасындағы бір шақырымдай бұғазға паром қатынаған. Бұл көлдің екі жағалауындағы тұрғындардың барыс-келіс жасауын жеңілдеткен. Тіпті кеңес одағы кезінде Қамысқала ауылында өндірісі ауқымды балық комбинаты жұмыс істеді. Паром сол комбинаттың құзырында болып, барлық шығымын солар өтеп келді. Себебі Үржар жақта комбинаттың балық ұстайтын бригадасы орналасқандықтан, олардың өнімінсіз комбинат жұмысы жүрмейтін. Ал кезіндегі балық комбинаты бүгінде әркімнің меншігіне кеткен. Егер сол паром қайта іске қосылып, туризм үшін жұмыс істесе, екі өңірдің қарым-қатынасы мен экономикасын нығайту үшін өлшеусіз үлес қосар еді. Бұл тек арман ғана болып тұр.

Осы аймақ жайлы сөз бола қалса, Үйгентас өңірінің зор мүмкіндігі, шекаралық өңірдің көкейтесті мәселелері де көтерілмей қоймайды. Сарқан ауданымен шекаралас жатқан Қабанбай ауылы тарих бетінде «Үйгентас» деп аталып қалды. Бұл атау сол бір жылдардағы жоңғар басқыншыларының қазақ жерін жаулап, өзінің атамекені етпекші болған тұста болған оқиғаға байланысты қойылған. Кейін Үйгентас ауданы Алакөл ауданына қосылды. Үйгентастың жеміс-жидегі мен балы әлемге танымал десем артық айтқандық емес. Біраз жыл бұрын осы өңірден жеміс-жидекті өңдейтін зауыт құру мәселесі қозғалған. Сондай-ақ кеңес заманында бұл өңірде жұмыс істеген мектептердің тең жартысы ғана қалыпты бүгінде. Демек, бұл өңірдегі тұрғындар санының азайып, ауыл тірлігінің тоқырағанын көрсетеді. Қысқасы, екі аудан мен екі мемлекеттің арасын қосып тұрған өңірдің әрбір жолын дұрыс бағдарлаудың күн тәртібінен түспегені жөн. Тіпті керек болса, кезіндегі тәжірибені заманға ыңғайлап, қайта қолдану еш артық етпейтін сияқты. Бұл біздің ойымыз.

Елбасы биыл Алакөлге келген сапарында демалыс аймағын одан әрі дамыту үшін көл бойындағы ауылдарды орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамту, демалыс аймағын таза ұстау, Ақши демалыс аймағын кәріз жүйесімен қамтамасыз ету, Үшарал әуежайының ұшу-қону алаңын ұзарту, Көктұма және Ақши ауылдарының көл жағалауын бекіту жұмысын қолға алу сияқты бес тапсырма жүктеді. Демек алдағы уақытта осы тапсырманың ойдағыдай орындалуы үшін күш-жігерімізді арнасақ, бар мәселе шешіліп қалатында шығар.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Жер жәннаты Жетісудың ең бір ғажайып аймағының бірі, көрген жанның көз жауын алатын, айдынында ақ шағала қалықтаған аймақ – Алакөл. Жаңалыққа құмар жаңа ғасырда аталған өңір тек қазақстандықтардың ғана емес, шетелдіктердің де назарын өзіне аударып отыр. Суы мен балшығы дертке дауа, жанға шипа болатын мұндай құт-мекенге кім-кімнің де қызыға қарауы заңды дүние. Ақ толқыны аспанға атқан айдын көлімен, бауырында аңы мен құсы өрген асқаралы тауымен, ел жайлаған ен тоғайымен, төрт түлік малға құт болған шағылды құмымен ерекшеленген өңірдің кейінгі жылдары әлеуметтік әлеуеті жақсарып, экономикасы өркендеп, елдің еңсесі көтеріліп, қиын жылдары қирандыға айналған ауыл келбеті түрленіп, гүлденіп өзіне тарта бастады. Десе де, кейбір «әттеген-айлар» да көңілді жүдетеді.

Расында, туризмді дамыту – әлемдік бәсекелестік кеңістігіне кірудің бір мүмкіндігі. Алакөл атырабы қазақ халқын ел басына күн туғанда ашаршылықтан қорғаса, одан кейін де ел-жұрттың өзегін талдырған емес. Көлдің суы мен жағасындағы балшығы сан түрлі ауруға ем, балығы шетелге белгілі. Өңірдің табиғаты демалыстың түр-түрін ұйымдастыруға қолайлы. Мұнда келген адамдар таулы өлкенің табиғатын тамашалап, дала көркемдігімен жақынырақ таныса алады. Бірақ сол мүмкіндік толық



ашылмай келеді. Десе де, көл жағасындағы санитарлық жағдай алаңдатады. Оның үстіне, көктем сайын көл жағасын, әсіресе, Көктұма ауылының жағасын су шайып, ауылға қауіп төндіруде. Осы жайында облыс, республика көлемінде біраз жылдан бері мәселе көтерілуде. Бірақ жағаны бекіту жұмысы көп қаражат қажет ететіндіктен, бұған ауданның күші жетпейді. Биыл Алакөлге 1 миллионнан астам саяхатшы келіп, демалып қайтты. Келесі жылы келетіндердің саны бұданда көп болуы мүмкін. Көлдің суы шайып, жардың қопарыла құлаған тұсы барған сайын ауылға жақындап, тұрғындардың мазасын қашыруда. Жыл санап жақындаған су жағалаудағы қалқаларды көлге алып кетіп жатыр. Сондай-ақ бей-берекет салынып жатқан сансыз құрылыста есеп жоқ. Жапсарлай ығы-жығы тігілген киіз үй де көңілді көншітпейді.

Алакөл мен оның айналасындағы көлдердің табиғаты ерекше. Құстың жеті атасын табасыз бұл өлкеден. Балыққа да бай еді. Кеңес өкіметі кезінде бұл көлден тонналап балық аулап, Мәскеу асырып жатты. Мәселен, кезінде толқыны тайдай тулаған Алакөлден жылына 5 мың тоннаға дейін балық ауланып, оның 90 пайыздан астамы сазан мен көксеркенің үлесіне тиген-ді. Қазір Алакөлдің атағын шартарапқа паш еткен әйгілі сазан мен көксеркенің тұқымы азайып кеткен. Жергілікті балықшылардың айтуынша, бұдан он шақты жыл бұрын ғана жоғарыдағы әлдекімдердің қолдауымен келген ресейліктер кебежедей кемелермен осы көлдерді әрі-бері сапырып, сүзіп өтіп, балықты тоқпен ұрып, тонналап жинапты. Осыдан кейін көлдің балығы күрт азайып, тіпті талғажау етерлік балық табылмай қалған кездер болған.

Білікті мамандар балық шаруашылығын дамытудың әлем таныған екі жолы бар дейді: оның біріншісі – балық шаруашылығына табиғи су көзін тиімді пайдаланып, балықтардың өздігінен өсіп-өнуіне жағдай жасау болса, екіншісі – бүгінгі заманауи отандық, шетелдік озық технология мен ғылым жетістіктерін пайдалана отырып, индустриалды-инновациялық бағытта аса құнды балық түрін қолдан өсіру. Білуімізше, тіршілігінің жалғасын ұрпағымен ұштастыратын балықтардың жыл сайын табиғи жолмен өсіп-өніп, тұрақты өнім беріп тұруы үшін 2-3 рет ұрпақ қалдыратындай мүмкіндігі болуы қажет. Сонымен қатар, ауға түскен, қармаққа ілінген шабақтарды сатып қаржы көзіне айналдыратындардың да қатары көбейіп барады.

Алакөл аудандық прокуратурасы заңсыз балық аулаудың алдын алу мақсатында Алакөл, Сасыққөл және Қошқаркөлдерге тексеру жүргізіп, табиғат қаскөйінен тазартуға тырысты. Бірақ мүлдем кесілген жоқ. Ендеше, аталған мәселе тез арада шешімін таппаса, Алакөлдің балығынан айырылып қалуымыз әбден мүмкін. Сондықтан әр сала мамандары бірлесе отырып соны әдіс, батыл жол тапқаны жөн.

Балық шаруашылығы – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін табиғи байлық. Сондықтан біз әлемдегі сирек кездесетін бекіре тұқымдас балық түрлері мен қаяз, көксерке, сазан, ұшқыш (үскүш), таутан, ақмарқа, тағы басқа да балық өнімін арттыру үшін экономикамыздың ішкі мүмкіндігін толық іске қосып, балық өнімін экспортқа шығаруға күш салуымыз қажет. Ол үшін аталған саланы басқарып, оның жұмысын реттеп, үйлестіріп, балық өнімін өндіруді бір ізге салумен айналысатын жеке құрылым құрылуы керек. Сондай-ақ облыс аумағындағы көлдер мен тоғандардың, су қоймалары мен ірілі-уақты су көзінің барлығына түгелдей есеп жүргізіп, оларға ғылыми-тәжірибелік тұрғыда зерттеу жүргізу арқылы толыққанды сараптама жасап, солардың қорытындысы бойынша қабылданған тиісті салалық жоба мен шараны жүзеге асыру керек-ақ! Осы орайда, Парламент қабырғасында балық аулаумен күнін көріп отырған елді мекен тұрғындарына жауапкершілік жүгін арттыратындай етіп тәртіпбұзушылыққа қатаң тыйым салатын заң ережесін қабылдаудың еш артықтығы жоқ. Бұдан басқа, өңірлік су көзінің тазалығы мен табиғи ортаның ластануына жол бермеуге, жалпы өңірлік экология мәселесіне жете көңіл бөлу де – осы саланың дамуы мен қайта жандануына тікелей әсер ететін фактор. Аталған мәселені оң шешсек қана балық шаруашылығын жандандыруға болады.

Алакөл – тек қана Жетісу жерінің емес, қазақ елінің қадір тұтып, қастерлейтін көлі. Оның жағалауын құстардың өзі мың түрлі үнімен, сиқырлы сазымен салтанатқа бөлеп жатады.

Жайбасарлар жарысы

ҚҰРҒАҚ ҮӘДЕ ЖЫЛУ БОЛА МА?!

(Басы 1-бетте)

Былтыр көмір бағасын дүрбелеңге орай қымбаттатқан бірер серіктестікке облыстық прокуратура айыппұл салған болатын. Осыдан ба екен баға сәл ғана көтерілген. Өзі жоқ болғанымен, баға белгілі. Майкөбе көмірінің бір тоннасы 14, жақсы жанатын шұбаркөлдікі 16, Қаражыраның қара тасы 14 мың теңгенің шамасында. Бірақ осы аталған көмір сорттарының ішінде Майкөбесі ғана бар.

– Жақсы жанатыны керек еді, – дейді көмір базасының басында кезіккен Бауыржан Ахметов, – әйтпесе, азап қой. Мысалы, менің үйім оншалықты үлкен емес, бір қысқа 7-8 тонна жетіп жатыр. Өткен жылы жақсы сортқа қолым жетпей, амалсыздан нашарын алып едім, қыс бойы кемпіріммен қырылысып шықтым. Көктемге жетпей айырылысып кетеміз бе деп едік, әйтеуір аман қалдық.

– Неге, ақсақал? – деп тақақтап сұраймын мен.

– Ойбай-ау, сегіз тонна көмір алсаң, алты тонна күл шығарасың, – дейді ол, – жасы келіп қалған адамға оңай ма, өзің есептеп көр, көмірді үйге жеткізген соң сегіз тоннаны сарайға үйесің, қыс бойы әлгі сегіз тоннаны қазандыққа тасисың. Оған алты тонна күлді қоссаң, сонда не болып шығады?! Ал бағасын айтсаңшы. Осы қымбатшылық біз сияқты зейнеткерлерге қиын. Қыс қабағы қалай болады екен деп бір алаңдайсың, жаз бойы отын-көмірдің бағасы өсіп кетер ме екен деп тағы да ішкенің ірің, жегенің желім болады.

Отын демекші, облыс орталығына таяу елді мекендердің пысықтары ағаш сату бизнесін дүрілдетіп тұр. Бұрынғы ит тұмсығы өтпейтін қайың ормандардың орнында түбірлері ғана жатыр. Айтақырға айналудың аз-ақ алдында. Білетіндердің айтуына қарағанда, бұл да көмір бағасының қымбаттауы себепті. Қолында қаражат болмағаннан кейін ауыл тұрғындары бірыңғай отын жағуға көшкен. Қанша жерден орманды елдің ішінде отырсақ да, қылтиып шыққанын қырқа берсең, ағаш шақ келе ме?



Қазір көмірді қаптап сататындардың саудасы жүріп тұр. Орталық көшелердің өн бойында «қаппен көмір сатамыз» деген жарнама жауынды жаздағы саңырауқұлақтай сыңси бой түзеген. Саудасы саудагердің өзіне тиімді болғанымен, тұтынушының қалтасын қағатыны анық. Мәселен, бір қап көмір 1000 теңге тұрады. Қабыңызда бар болғаны мақтанғанда 30-35 келі көмір бар. Бір центнеріңіз 3 қап деп есептесеңіз, бір тонна көмір 30 000 теңгеге айналады. Жер-көкте жоқ көмірді саудагерлердің қайдан алып жатқандығы шешуін таптырмас жұмбақ. Бұл арада «бармақ басты, көз қысты» бір әрекеттің бары анық.

«Жолдықов» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Жұмағұл Жолдықовпен тілдестік.

– Бізде бары Майкөбе көмірі ғана, бір тоннасы 14 мың теңге тұрады. Көмірдің жақсы сорттарын тосып отырмыз. Таяу арада келуге тиісті, – дейді ол.

Көкшетау қаласының Щучье шығар жақ бетіндегі ауызекі тілде «Промзона» деп аталатын аймақта көмір сатумен айналысатын бірнеше база бар. Олардың жанында, тіпті алушы түгілі, әншейінде үйездеген жылқыдай үйіріліп тұратын көліктер де жоқ. Бәрі жым-жылас. Базаларда ырымға бір түйір көмір болмаған соң қалқайып несіне тұрсын.

Көкшетау қаласының тұрғыны Қайрат Сүлейменов «Осы араға келгелі табаны күректей бір ай уақыт өтті. Жетудің өзі оңай емес, – дейді табанынан таусылып келе бермейін деп Сергей деген көмір таситын көлік иесінің телефонын алып алғанмын. Ол да бүгін-ертеңмен шаршатты. Сосын өзім келіп қараймын. Бірақ әзірге үмітім ақталмай тұр».

Әзірге үміттен күдік басым. Сарғайып жол тосқан, көмірдің қарасыны көріне ме деп елегізген жұрттың уайымын да түсінуге болады. Базалардың басшыларымен жүздесіп, мән-жайды анықтау, тіпті де мүмкін емес. Жүздері жоқ көмірдің өзінде қабара қарауытқан күзетшілер кеудеңнен итеріп, аттап бастырмайды. Бар айтатындары тосыңдар. Біз тосармыз-ау, ал үйлерінде төсек тартып жатқан кәрі-құртаңы, шиеттей жас балалары барлары не істемек?!

– Шау тартқан әкемді қоярда қоймай алып келіп едім,– дейді Бектемір Ілиясов деген азамат,– ауылда отыра бергені жөн еді. Енді, міне, қазанның қара суығына ұрындырып, қаңырап үйде ренжіп отыр.

– Осы Қазақстанда көмір жеткілікті емес пе? Неге осыншалықты зәру қылып қойды,– дейді атын айтудан тайсақтаған жігіт ағасы,– әлде шетелге асып жатыр ма екен? Өзімізде бардың игілігін өзіміз көрмеген соң не қайыр.

Рас-ау, шіркін.

Байкен КӨБЕЕВ

Қай елде де, қай заманда да ең басты байлық, ол – денсаулық. Ет пен сүйектен жаралғандықтан ауырмай, сырқамай тұрмайсың. Сонда алдымен жүгінетініміз – дәрігер. Денсаулық сақшысының дұрыс емі мен жылы сөзі алдағы күніңе үміт отын сыйлайды.

МЕДИЦИНА: ЦИФРЛАНДЫРУ ҮРДІСІ



Алматы облысы тұрғындарының саны жыл санап көбейіп келеді. Соған орай, медицина мамандарының да жауапкершілігі күшейіп, ем-дом жүргізу әдіс-тәсілі де жаңалануда. Өңір мамандары жүрекке, көзге ота жасау, буынға ота жасау жағынан тамаша тәжірибе жинақтады. Нәтижесі бәрекелді дерлік! Аталған отаны жасау үшін шетелдік заманауи құрал-жабдықтар сатып алынуда. Оны басқару үшін мамандар арнайы оқытылуда. Ең бастысы, Алматы облысында денсаулық сақтау саласын цифрландыру қарқынды жүргізілуде.

Медицинаны цифрландыру Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нақты көрсетілген. Мәселен, аталған бағдарламада «Медициналық көмектің интеграцияланған үлгісін іске асыру шеңберінде науқастардың медициналық қызметкерлердің қабылдауына өз бетінше онлайн арқылы жазылуы, шынайы уақыт режимінде кеңес беру және емделушілерді жеке стационарлық компьютер мен смартфонды пайдалана отырып бақылау кезең-кезеңімен енгізіледі. Кластерлік жүйенің жұмысын басқару және үйлестіру үшін ұлттық телемедицина желісі кеңейтіліп, қолданыстағы жүйе шеңберінде ақпараттық технологиялар жетілдіріледі. Көзделген жоспарды іске асыру және ақпараттық жүйелерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін сала мамандарын ақпараттандыру мәселелері жөнінде оқыту бойынша кең ауқымды іс-шара жүзеге асырылады» деп көрсетілген.

Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Ысқақтың айтуынша, өңірдегі медициналық мекемелер сандық жүйеге осы жылдың аяғына дейін толық көшеді. Қазір медицина мекемелері компьютермен жабдықталуда. Сонымен қатар сандық қызмет көрсету мәселесі алдағы жылдарда түбегейлі шешіледі. Өйткені, жоспар бойынша биыл барлық мекемелерді компьютермен қамтамасыз ету қарастырылған. Қазірдің өзінде интернет жүйесіне облыс деңгейіндегі 18 медициналық мекеме, 19 аудан мен қала ауруханалары, 29 ауылдық аурухана және 216 дәрігерлік амбулатория қосылған. Сонымен қатар денсаулық саласында медициналық ақпараттарды автоматтандыру және статистикалық мәліметтерді жылдам алу мақсатында медициналық ақпараттық жүйе енгізілуде. Іске қосылған жүйе халық денсаулығының жақсаруына өз үлесін қосады.

Медициналық ақпараттық жүйе дәрігерлердің науқасты емдеп, нақты диагноз қоюына және квота мәселесін аз уақыт аралығында рәсімдеуге ықпал етуде. Қазіргі таңда Алматы облысы көлеміндегі 511 медициналық ұйым медициналық ақпараттық жүйеге қосылған.

Десе де, өңірдегі емханаларда маман тапшылығы айқын байқалады. Бір ғана гинекология саласында 95 маман жетіспейді. Атап айтар болсақ, 26 акушер-гинеколог, 19 неонатолог, 19 педиатр, 31 реаниматолог маман қажет. Орын алған осы мәселелерді шешудің жоспарын жауапты мекемелер қарастырып жатыр. Мәселен, дәрігерлердің білімін жетілдіру, жаңа құралдармен қамтамасыз ету, педиатр мамандар санын 77,4 пайыздан 81,5 пайызға көтеру сияқты нақты жұмыс жоспарланған. Мамандарға ұтымды ұсыныс жасау арқылы реаниматолог санын 55,7 пайыздан 65,8 пайызға арттыру көзделуде.

Денсаулық сақтау министрлігі «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар, оның ішінде белгілі бір ауруы бар азаматтардың жекелеген санаттарына арналған дәрілік заттардың және мамандандырылған емдік өнімнің тізбесін бекіту туралы» бұйрық бар. Бұйрық 1 қаңтардан бастап күшіне енген.

Жаңа бұйрықта амбулаторлық негізде тегін қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың тізбесі бекітілді. Тізбеде көрсетілген 48 аурудың қатарына әлеуметтік маңызы бар артериалдық гипертензия, асқазанның ойық жарасы, тыныс демікпесі, қатерлі ісік, туберкулез, гематологиялық аурулар, гемобластоз, аплазиялық анемия, балалардың церебралдық сал ауруы, психикалық ауру, АИТВ инфекциясы сияқты кесел кіреді.

Сандық жүйеге көшу медицина саласындағы бірқатар мәселелердің оң шешім табуына ықпал етті. Осыдан біраз уақыт бұрын қант диабеті және балалар миының салдануы (ДЦП) сияқты сырқат түрлері тегін медициналық көмек көрсетілетін әлеуметтік маңызы бар ауру тізімінен шығарылатыны туралы ақпарат тараған. Осы мәселеге байланысты Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов тегін дәрімен қамтамасыз етілетін ауру тізімі қысқартылмайтынын, керісінше, медициналық сақтандыру аясында дәрі-дәрмек тегін берілетін сырқат тізімі біртіндеп кеңейтілетінін айтты.

Денсаулық саласына елімізде ерекше көңіл бөлінген. Болашақта да әлеуметтің өзекті мәселесі күн тәртібіндегі басты тақырып болып қала береді. Демек, елмен бірге Жетісу өңірінде де денсаулық сақтау саласы өркендеп, дами беретін болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ ↘

Бүгінгі таңда өңірлерде медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, денсаулық сақтау ұйымдарын компьютерлік техникалармен жабдықтау, олардың интернет желісіне қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында оң өсім байқалады.

Денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу үлесі қазір 75,5 пайызды құраса, 2019 жылдың 1 қаңтарында бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу жоспарланған. Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді компьютерлік техникалармен қамтамасыз ету 82,7 пайызды құрайды. Ал денсаулық сақтау ұйымының 55,7 пайызына интернет желісі қолжетімді.

Елжан БІРТАНОВ,
денсаулық сақтау министрі

ОЗЫҚ МЕДИЦИНА – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып табылатынын және ауылдық жерлерде медициналық-санитарлық алғашқы көмектің (МСАК) қолжетімділігі туралы жан-жақты атап өтілді. Бұл мәселе денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында да қамтылған және нақты бағыт-бағдары айқындалған. Сондықтан ұлт денсаулығын сақтауға қатысты маңызды мәселелер назардан тыс қалмауы және сала мамандарының назарында ұдайы жүруі тиіс.

Осы айтылған мәселелерге қатысты Жамбыл облысында да біршама жұмыс жүргізілуде. Сала жетекшілері мемлекет басшысының тапсырмаларын мүлтіксіз орындау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Мәселен, ауылдық жерлерде медициналық-санитарлық алғашқы көмектің қолжетімді болуы қатаң қадағаланып, осы бағытта барынша тиімді жұмыстар атқарылуда. Осы заманғы медицина жетістіктерімен қатар мамандардың біліктілігіне де баса көңіл бөлініп келеді. Алдағы мақсат-міндеттер де айқындалып, қолға алынған қыруар шаруаның тиісті жемісін көру ниетінде барлық шаралар жасалуда.

> ☑ ***«МСАК жұмысының басымдығы ана мен баланың денсаулығын нығайту болып қала береді. МСАК түрлі аурулар, оның ішінде перинаталды көмек кезінде медициналық көмекті аймақтандыру бағдарламаларының негізгі деңгейі болады. Андрологиялық қызметтің ұйымдастырылуын жетілдіру, ерлердің репродуктивті жүйесінің ауруларының профилактикасы мен заманауи емдеудің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жүргізіледі»***
>
> *(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)*

Жамбыл облысына алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуге арналған 95 нысанының құрылысын салу қажет. Осы бағыттағы жұмыстардың алғашқы көріністері де назар аударарлық. Мәселен, жыл соңына дейін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде 30 нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар 2019 жылы – 40, 2020 жылы 25 нысан іске қосылып, ғимаратпен қамту көрсеткіші 100 пайызды құрайтын болады. Бұл бір аймақ үшін жақсы көрсеткіштер.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету және азаматтарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына тіркеу қағидаларын бекіту туралы заңға сәйкес азаматтарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту тәртібі нақты қарастырылған. Мәселен, МСАК ұйымына бекіту азаматтың МСАК ұйымын еркін таңдау құқығын ескере отырып, тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде (ауыл, кент, қала) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бағдарламада «Азаматтың МСАК маманын еркін таңдауы бөлімшедегі бекітілген азаматтардың санын есепке ала отырып, тіркелген жері бойынша МСАК ұйымының шегінде жүзеге асырылады» деп жазылған. «Денсаулық» бағдарламасында медициналық алғашқы көмектің әмбебаптығы одан әрі қызмет көрсетудің отбасылық қағидатына өтудің есебінен қамтамасыз етіледі. Қызмет көрсетудің отбасылық қағидаты организмнің әрбір жас кезеңіндегі ерекшеліктерін ескеріп, профилактикаға баса назар аудара отырып, өмір бойы адамның денсаулығына бақылау жасауды көздейтіні айтылады.

МСАК психологтарды, әлеуметтік қызметкерлерді, мейіргерлерді, фельдшерлерді, акушерлерді және көмекші персоналды тарту арқылы кешенді медициналық және әлеуметтік қызметтер ұсынуды қамтитын медициналық-әлеуметтік алғашқы көмек қызметі ретінде қарастырылады. Әлеуметтік қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, әлеуметтік және психологиялық қолдау мен мультибейінді патронаж қамтамасыз етеді.

Жамбыл облысында бюджет қаражатын тиімді пайдалану бағытында атқарылған шара негізінде 95 нысанның құрылысын жүргізу мерзімін 7 жылдан 4 жылға, құрылысқа жұмсалатын 6567,6 млн теңге бюджет қаражатын нысандарды мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында салу арқылы 2376,0 теңгеге дейін қысқартып, нәтижесінде 4192,0 млн теңге қаржыны үнемдеуге мүмкіндік туды.

Ал созылмалы аурулардың себептерінен өлім көрсеткішін төмендету мақсатында, емдеу ісін басқару бағдарламасы 20 емханаға енгізілді. Барлығы 180 маман оқытылды.

Жалпы диспансерлік есепте тұрған тұрғындар саны – 78 259 науқас. Оның ішінде 8688 науқас бағдарламаға енгізілді. Қамтылуы 11,1% -ға жетіп отыр. Жылдың соңына дейін 20% -ға қол жеткізіледі.

Қазақстанда медициналық көмек көрсету деңгейлері арасында кадрлық қамтамасыз етудегі теңгерімсіздік байқалады. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету және ауыл деңгейінде тапшылық, стационар деңгейінде артықшылық бар. Орташа алғанда, 1 МСАК дәрігері 2200-ге жуық тіркелген тұрғынға қызмет көрсетеді, ал ЭЫДҰ елдерінде оның жүктемесі айтарлықтай төмен – 1500 адамнан аз. МСАК деңгейінде орта медициналық қызметкерлердің жетіспеушілігі орын алып отыр. Оңтайлы арақатынас 2-3 болғанымен, 1 учаскелік дәрігерге 1,1 мейіргерден келеді.



Осы бағдарламаның жаңа тәсілдерін енгізген аумақтық медицина қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңімен 20 пайызға көбейтілетін болады. Ал жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компоненті енгізілгеніне қарамастан, Қазақстанда ЖПД-ның орташа жалақысының экономикадағы орташа айлық жалақыға арақатынасы 1,0-ді құрайды. Нәтижесінде, жедел жәрдем қызметіне жүгіну көрсеткіші азаяды және ауруханаларға жатқызу төмендейді.

2018 жылдың 9 айлық қорытындысымен 1 жалпы практикалық дәрігерге *(ЖПД)*-ге 1696 адам тіркелген *(республикалық көрсеткіш 1 дәрігерге – 1700)*. Биыл 1 жалпы практикалық дәрігерге жүктемені азайту мақсатында 30 дәрігерлік мекеме ашылады. Бұл мемлекеттік «Денсаулық» бағдарламасының жоспарлы көрсеткішіне *(1672)* қол жеткізіледі деген сөз.

Денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық құжаттаманы қағазсыз жүргізуге 121 нысанның 111-і көшті. Жыл соңына дейін толығымен енгізіледі. Ал тұтас Жамбыл облысы бойынша 11 медициналық ұйымға E – Kezek электрондық кезекті енгізу үшін жергілікті бюджет есебінен 73,0 миллион теңге бөлініп, жыл соңына дейін игеріледі.

Тұрғындардың электронды денсаулық паспорттарын жасау бойынша, қазіргі таңда 43 денсаулық сақтау мекемесінде жалпы 8686 медициналық қызметкер ақпараттық жүйелерде жұмыс істейді. Ақпараттық жүйелерге 586 394 электрондық денсаулық паспорты енгізілген. «Халықты тіркеу регистрі» ақпараттық жүйесінде тіркелген халық саны 52,7%-ды құрады. Бұл 2019 жылдың 1 қаңтарында 100 пайызды құрайтын болады.


Өңірдегі онкологиялық диспансерінің құрылысы бойынша, қатерлі ісіктің аурушаңдығын, өлімін төмендету және онкологиялық қызметтің сапасын арттыру мақсатында, 2018 жылы облыста онкологиялық диспансер құрылысы жүргізілуде. Оған республикалық бюджеттен 250,0 млн теңге, жергілікті бюджеттен 83,0 млн теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстарының жалпы құны 13900,0 млн теңгені құрайды, аяқталу жұмыстары 2020 жылға жоспарланған.

Толқын ӨМІРБАЕВА,
Жамбыл облысы

100 ESIM
5
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

ГОЛЛИВУД КӨРГЕН РЕЖИССЕР

Айдие Айдарбеков – Қазақстанның 100 жаңа есімі қатарындағы өнерлі жастардың бірі. Бірі ғана емес – бірегейі. Ол бала кезінен жазушы болуды армандаған. Қиялында әлдебір адамның кескін-келбетін жасап, өз ойы жеткенінше ішкі әлемін сомдап, жан бітіретін. Өзгеге өнеге ету үшін оның жақсылыққа ұмтылған әрекетін, ізгілікпен лүпілдеген ниетін айтқысы келетін. Содан да болар, айналасындағы адамдардың бойынан жақсылық іздеуге тырысты.



Алғашқы хабар-ошары, мақалалары бұқаралық ақпарат құралдарына шыға бастаған күндер де жадында. Титімдей дүниесі шықса, төңірек түгел танитындай қанаттанып қалушы еді. Әсіресе, жазған мақаласының астында жылтиып тұратын Айдие Айдарбеков дейтін аты-жөнін көрген сайын күндердің бір күнінде жазушы болатынына кәміл сенетін. Жазу оның футболмен, бокспен де айналысуына да кедергі болған жоқ.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне түсіп, бағдарламашы мамандығын игерді. Алғашында өз мамандығы бойынша отандық және шетелдердің ірі компанияларында жұмыс істеді. Балалық машық зая кеткен жоқ, арада жылдар өткен соң «Спустя с Небес» деп аталатын кітабы жарық көрді. Қиял әлемін жанындай жақсы көретін Айдиенің көркем шығармасы фантастикалық жанрда жазылды. Содан бастап жазған-сызғаны жерде қалмайтын болды. Республикалық «ЖасStar» ғылыми-әдістемелік журналы, өзге де басылымдарда сиясы кеппеген дүниелері басылып жатты.

Алғашқы оқырмандары шуақты шығармаларын тәп-тәуір бағалады. Әйтсе де студентке кітап шығару оңай шаруа емес еді. Бұл орайда университет қол ұшын созды. Әдебиет әлемінен хабары бар азаматтар тырнақалды туындысын сценарийге көбірек ұқсайды екен деген пікір білдірді. Айдиенің бойында тамаша бір сценарий жазсам деген асқақ арман оты сол кезден бастап лаулады.

Ізденуге деген құштарлық әлемдік деңгейдегі продюсер Дәурен Төлеухановпен таныстырған. Бағдарламашы – техника ғылымының магистрі қиялымдағы биіктікке табан іліктіретіндігіне бек сенімді еді.



Бірде фейсбук желісін ақтарып отырып New York Film Academy-де тегін білім алуға мүмкіндік барын білді. «Әлдекалай болар екен» деген болмашы үмітпен пост авторына хабарлама жазған болатын. Мына қызықты қараңыз, арада үш ай өткен соң академияға қабылданды. Кейін Президент стипендиясына ие болды. Атақ-даңқы айдай әлемге мәлім академияда оқу ақысы өте қымбат. Бір семестрінің өзі – 15 мың доллар. Әрине, ішінара грант та бар. Бірақ оның өзі шалғайдағы шағын ауылда өскен жусанды даланың баласы үшін жалынан ұстатпас деңгейде еді. Осы арада кейіпкеріміз «Болашақ» стипендиясына, түптеп келгенде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған қамқорлыққа шексіз риза. Әйтпесе, академия қайда, бұл қайда? Лос-Анджелесте білім алуды армандап еді. Енді сол асқаралы асуға шығаратын соқпақ жолға табан іліктірді. Соңғы сәтке дейін сене алмаған. Қиялшыл бозбаланың арманға толы жүрегі лүп-лүп етеді. Заңғар таулар қоршаған, етектегі мың сан адамдары қарбаласқан әр тілде сөйлейтін, кескін-кейпі сан алуан жұрттың ортасынан табылу, қиял әлемінде қанша рет қақпасын қаққан өзге ренді, беймәлім дүниенің қайнаған ішінде жүру кез келген жастың маңдайына жазылатын бақыт па, тәйірі?..

Лос-Анджелесті туған үйіндей сезінеді. Мұнда орыс тілділер аз емес, арағідік қазақстандықтарды да кездестіруге болады. Әр алуан мәдениеттің, сан түрлі дәстүрдің мидай араласып, тоғысқан жері. Жергілікті жұрттан бөлек қытайларды, кәрістерді, армяндар мен орыстарды, өзге де ұлт өкілдерін кездестіруге болады. Бал арасындай үймелеп жатқан қалың жұрттың ортасында әлемге аты шыққан тұлғаларды да жолықтырар едіңіз! Оларды көше бойынан да кезіктіресіз. Даңқы жер жарып тұрса да, барынша қарапайым, көкірек керуді, менменси қарауды білмейді. Бірде жер жаһанның көрермен қауымына «Миллионер из трущоб», «Лев» кинофильмдері арқылы таныс Дев Пательді көргенде өз көзіне өзі сенбей, айран-асыр болған. Дев Патель қастарынан велосипед теуіп өте шығыпты. Ал қарсыдағы дәмханада «Гримм», «Каприка» және «Послезавтра» фильмдері арқылы таныс Саша Ройз ас ішіп отыр. Біреуге айтса сенбес еді.

Нью-Йорктегі кино әлемі академиясы осы саланың 25 үздік оқу орнының қатарына жатады. Университет негізінен тәжірибеге басымдық береді. Сондықтан, студенттердің көп уақыты түсірілім алаңдарында өтеді. Жоғары оқу орны Universal студиясымен келісімшарт жасаған. Бар уақыт, ынта-жігер, күш-қайрат осы арада сарқа жұмсалмақ. Шын шеберлік машықпен ғана жолдас. Тек ара-тұра кезекті блокбастер түсірілерде қайнаған жұмыс іркіліп, үзіліп қалатыны бар. Академия Голливудта орналасқан. Кино өнерінің нағыз дүрсілдеп соғып тұрған жүрегі. Бұл жердегілердің бәрі ертегідей сұлу, аңыздай ғажап кино өрісімен тыныстайды. Ілкімді іс те кино, әңгіме-дүкен де кино жайында. Кино өнері тебірене толқып жатқан теңіз іспеттес. Бір толқын қақпақылдап бетіне қалқытып алып шықса, іле жеткен екіншісі алақанына салып көтереді. Жалғыз жанындағы студенттер ғана емес, осы өнердің жілігін шағып, майын ішкен мықтылармен тілдесудің сәті де түсіп тұрады.

Мамандығы кино бағытындағы білімін байыту курсы. Оператор шеберлігіне, сценарий жазуға, актерлік өнерді игеруге баулиды. Білімдегі басты арна режиссураға бағытталған. Кино өнерінің қаншалықты қиын екендігін, жанынды жеп барып қана жарыққа шығатынын осы жерде ұққан. Тау басынан құдық қазғанмен бірдей. Алдымен қысқаметражды кинолардың сценарийін жазса, енді бірде толықметражды фильмдермен айналысады. Содан соң сериалдар туралы сценарий... Әрқайсысының өз ерекшелігі бар. Оқытушылары да кино өнерін қалың-қалың кітаптардан оқып, танып білмеген. Өздері де соның ішінде жүр. Бір оқытушысы «Звездный путь» сериалын түсіру үшін 10 жыл ғұмырын сарп еткен. Енді бірі «Пила» фильмін түсірген. Қысқасы, өз кәсібін түбегейлі, толық меңгерген, шынайы шеберлер.

Америкада жұмыс табу соншалықты қиын емес. Айдие Айдарбеков мұнда студенттік виза арқылы жүрген болатын. Толық жұмыс істеуге құқығы жоқ. Бірде жергілікті кинокомпанияға тәжірибе қалыптастыру үшін өтініш берген. Олар бірден жұмысқа алғысы келді. Бірақ студент екенін білген соң ұсынысынан айнып қалыпты.

Бірнеше жобаларда жұмыс істеп үлгерді. Ол үшін ақша алған жоқ. Ең бастысы, кино өнерінің нағыз шеберлерінің жанында жүріп, бай тәжірибе жинақтады. Мәселен, Джеймс Франконың «Горе-творецінде», Джонни Дептің «Лабиринтінде» ойнады. Шаршады, шалдықты. Бірақ алған бетінен қайтпады. Түсірілім алаңындағы жұмыс уақыты негізінен он екі сағатқа созылады. Кейде тіпті одан да асып кетеді. Кейбір түсірілімдерді таңғы сағат төрттен түсіру керек. Осыншама қиындыққа төзгендігі ақсүйек өнерді толайым меңгерсем деген тілектен туындаған.

«Наркос» сериалын өмірге әкелген адамдармен таныстым. «Телохранитель киллера» және «Невероятный Халк» фильмдерінің сценарийін жазды. Френсис Форд Коппола, Ридли Скотт және Стивен Спилберг тәрізді режиссерлерге көмекші болды. Көк теңіздің ар жағындағы кино өнерінің көкжалдарымен ғана емес, өзінің сүйікті Отаны – Қазақстанның майталмандарымен де жұмыс істеп үлгерді. Өз фильміне Санжар Мади мен Гауһар Нұртасты түсірсе, Айсұлтан Сейітов және Азамат Дулатовпен пікірлес. Нұрлан Сабуров таныстырған Кан Бейсекеевпен достасып кетті.

Айдие Айдарбеков «Қазақстан – ет жүрегім елжіреп сүйетін аяулы Отаным. Менің болашағым да, бар тіршілігім де осы жерде. Күндердің күнінде Голливудта жұмыс істей қалсам да бір бүйірімде туған елім жүретіндігін түйсінемін», – дейді. Одан ары сөзін жалғаған ол «Кино өнеріне ғашықпын. Өз өмірім осы бір ақсүйек өнерге мықтап байланған. Ойға алған жоба ұшан-теңіз. Ендігісі білім мен тәжірибені сарқа жұмсап, әлемдік кино индустриясында Қазақстанды қапысыз таныстыратын туынды түсіру», – деді.

Туған елімнің талассыз ғажайып бейнесін әлемге танытсам деген асыл арман жан жүрегін бебеулетіп келе жатқан жусанды даланың жасампаз ұлының мақсат-мұраты күндердің бір күнінде орындаларына ел сенеді. Қазақстанның 100 жаңа есіміне енген Айдие Айдарбековтың болашағы өзі жолына түскен кинодағыдай болатынына біз де сенеміз!

«Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан)

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ШЫҚҚАН

Алматы облысының Талдықорған қаласында тұратын 27 жастағы Елдос Баялышбаев шаһарда оңалту орталығын құрып, мүгедектерге арналған тұңғыш автоволонтер қызметінің негізін қалады. Оның бірегей тағдыры, қиын да қызықты өмір жолы мен шынайы істері ерекше құрмет пен таңданыс тудырады. Қазір Елдосты Жетісу жұрты ғана емес, бүкіл еліміз біледі. Ол «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына кірген таланттардың бірі. Өткен жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында белсенді және қайырымдылық қызметі үшін «Шапағат» медалін иеленді.



Елдос осыдан сегіз жыл бұрын жол-көлік апатына түсіп, мойын омыртқасынан жарақат алды. Жарты жыл бойы төсекке таңылып жатты. Бірақ ағайын-туыстардың қолдауының арқасында жарты жылдан кейін отыратын күйге жетті. Бір жылдан соң еңбектеуді үйренді. Келер жылы ғана қозғала бастады. Алғашқы нәтиже оны жаңа жетістікке шабыттандырды. Сол кезде оның санасында «мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін оңалту орталығын құрсам және оларға аяққа тұруға көмектессем» деген идея пайда болды.

Жігерлі жігіт «Жол апатынан кейін бәрі өзгерді менде. Мақсатым да, арманым да түгел басқа арнаға бұрылды. Әкем ағам Саят екеумізге қатал қарайтын. Өзінің бойындағы төзімділігі, қаталдығы, жауапкершілігімен бізге үлгі көрсетті. Аяқ-қолым жансыз, тікемнен тік отыру мұңға айналған сындарлы шақта «қыңқ» деп дыбыс шығарған емеспін. Бұл – әкеден алған өнеге. Кез келген қиындыққа шыдауды үйреткен», – дейді.

Елдос өзі секілділерге көмектескісі келіп, әкесіне жаттықтыру және сауықтыру орталығын ашқысы келетіндігін жеткізді бір күні. Әрі өзі де солармен бірге дайындалғысы келді. Талдықорған қаласының әкіміне әкесі барып осы ойды жеткізеді. Ол кісі жақсы ниетін қолдап, Қаратал шағын ауданынан 340 шаршы метр нысан береді. Роза Ақжаркенованың нұсқауымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан білім жинақтайды. Бизнес жоспарымен додаға түсіп, 3 млн теңге грант ұтып алды. Арманы әп-сәтте орындалып, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Асар» фитнес-орталығын ашады. «Даму» қоры мен «Болашақ» қауымдастығының республикалық Startup Bolashak байқауына қатысқан 2000 жобаның ішінен 2-орын қанжығалады. Алакөл пансионатында мүмкіндігі шектеулі жандардың демалуына жағдай жасап берді. Сол жерде инватакси қызметі де қосылды. Уақыт өте келе Алматы қаласынан хат пен қоңырау көп түсті. Алматы қалалық әкімдігіне хат жазып еді, қала әкімінің орынбасары қабылдауына шақырып, ойы ұнап, 250 шаршы метрлік нысан тауып берді.

Елдос жол апатына түскен жылы оңалту орталығы саусақпен санарлық еді. Талдықорғанда жоқ болатын. Әкесі Қайыркен ауыл шаруашылығы техникалары саласында жұмыс істегендіктен жаттығу жасайтын құрал-жабдықтарды өзі темірді иіп, жасап берген. Елдос алдымен АҚШ-тың, Жапонияның ең озық орталықтарын ғаламтор арқылы көреді. Сосын сызба нұсқасын әкесіне көрсетеді. Сөйтіп, жап-жаңа құрал пайда болады. Әрине, басында қатты қиналды. Жаттығу жасау ауырлық тудырды. Бір айғайлап алып, қайта кірісетін. Нәтижесінде, тамақ ішуге икемі келе бастады. Жарты жылдан кейін еңбектеуге көшті. Өздігімен жүретін арбаға отырды. Екі жылдан кейін осынау игі жұмысына кірісіп кетті. Елдос өзі көптен бері армандаған «Асар» орталығы ашылғанда ерекше қуанды. Оңалту орталығына төрт жылдан асты. Осы уақыт ішінде бұл жерге келіп жүрген 300 шақты адам қатысқан байқауда үздік әлеуметтік жобаны ұтып алып, оңалту орталығының жабдықтарын жаңалаған. Келушілер дән риза. Алайда облыстың әр аймағынан келетін мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жатын орны қиындық тудырады. Ол алдағы жоспарының бір тармағына Талдықорған қаласынан оңалту орталығына арналған үлкен жатақхананың іргетасын қалауды енгізіп қойыпты.



Келесі бір жарқын жобасы – «Мейірімді такси» автоеріктілер клубы. Бұл жоба бойынша, астында жеке көлігі бар кез келген қала тұрғыны қолы бос кезінде мүгедектерді тегін тасымалдай алады. Тапсырысты арнайы диспетчер реттеп отырады.

Елдос жігерлі жандарды жақсы көреді. Алар асуын тек адал еңбекпен бағындырғысы келеді. Жетісулықтар «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына бірден Елдос лайықты деп тапты. Ел тілегі орындалды, жұрт ниеті жүзеге асты. Жетісудың Елдостай азаматының есімі «Қазақстанның 100 жаңа есімінің» қатарынан көрінді. Өткенде «Астана» EXPO аймағындағы Astana Hub ғимаратында «Жылдың үздік жас кәсіпкері» байқауы мен жастар жобалары көрмесінің қорытындысы бойынша жеңімпазды марапаттау салтанаты өтті. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын іске асыру аясында кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүрген 16-29 жас аралығындағы талантты жас буынды қолдау мақсатында тұңғыш рет ұйымдастырылған байқауға еліміздің барлық өңірлерінен 50-ден астам қатысушыдан өтініш түсіп, қызмет көрсету, өнім өндіру, оқыту, IT-технологиялар саласындағы жобалар ұсынылды. Осы байқауда Елдостың жобасы 3-орынды жеңіп алды.

Жігерін осындай ізгілікпен жанған азамат кеше ғана дүркіреп той жасап, Айғаным есімді қазақтың ару қызымен отау құрды. Әрине, «Айғаным» қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың әжесінің есімі екенін күллі қазақ біледі. Ендеше, Елдостай азаматқа жар болған Айғанымның да сол апасының жолын жалғайтыны белгілі. Арманың асқақ, шаңырағың биік болсын деп тілейміз!

Қажет АНДАС,
Алматы облысы


AIMAQ
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz
5

Түйткіл

ҚАРАУСЫЗ, ҚАМҚОРСЫЗ

ТАРИХИ ҒИМАРАТТАР

Қапал өңірі бір кезде хандардың құтты мекені, кейін байлардың қонысы болды. Осы жердің табиғи, рухани, мәдени құндылығына қызыққан Ресей патшасы Қапалды уездік орталық етіп бекітеді. Сонымен, Қапал қаласының іргесі көтеріліп, жан-жақтан ағылған бай-манаптар өздерінің арман-мұратын жүзеге асыра бастады.



Бүгінде Қапал қаласының орны мен қоршап жатқан таулардың әр сілемі тарихтың сан түрлі құпиясын ішіне бүгіп жатыр. Осындай тарихы терең, табиғаты әсем өңір Швейцариядан артық болмаса, кем емес. Бұл өңірді туризмнің құт мекеніне айналдырса, қазақтың қасиетті жеріне ат басын бұрып, ағылып келіп жататын туристер де аз болмас еді. Қапалдықтардың қалтасы қалыңдап, табысы көбейетіні анық. Өкінішке қарай, олай болмай тұр.

Қапал ауылының тұрғыны Доскелді Қожатайұлы «Соңғы жылдары кір жуып, кіндік кескен жеріміздің атауы жайлы әртүрлі пікір айтылуда. Яғни Қапал атауы қайдан шыққан деген сөз жылдан-жылға өршіп барады. Әркім әртүрлі ұқсас сөздер баламасын айтып «вода капала», «Окоп копал» не болмаса «Қопалы» деген сөздерден шыққан десе, енді бірі – ұлы жүз Дулаттың Жанысынан шыққан Қапал деген батырдың есімімен байланыстырып жүр», – дейді.

Біз Қапал ауданының тарихы немесе осы атаудың қайдан шыққанын анықтағалы отырған жоқпыз. Қайта кезінде шартарапты таңдай қақтырған мәдениеттің, сәулет өнерінің, архитектуралық жетістіктің көз алдымызда құрдымға кетіп бара жатқанына жанашырлық танытып, Қапалдағы әсем ғимараттардың бүгінге келгенде ескерусіз қалып, бүлініп жатқанын жұртқа жеткізу. Асыл қазыналарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жоғарыдағылардың назары ауып, елім деген ерлердің шапағаты тие ме деген жансебіл үмітпен қолға қалам алған жайымыз бар.

Қазақта «Әкеңнің құны бар ма еді» деген ауыр да ескерту ретінде айтылатын тыйым сөз бар. Әрине, Қапалда әкемнің құны қалған жоқ. Бірақ кезінде Тәнеке батыр Кенесары ханның кегін қуып, садыр, матайдан қол жиып, қырғызға аттанарда Қытайдағы қабырғалы



Мұражайдағы күйсандық

Қызай елінің де ер-азаматтары шақырту алғаны анық. Олар мың жасауыл аттандырмаса да, төрт қызайдың елбасылары жүзге тарта қол жиып, Қапалға аттандырған. Солардың қатарында менің арғы атам Ұлтарақ батыр да болған еді. Бала күнімде үлкендерден «Қызай қолы Демікпенің асуынан асып, Баласаздан өтіп Тәнекеге барып қосылыпты», – деп айтып отыратынын көп естідім.

Елге оралғалы біраз уақыт болса да, сол жерлерді шолып қайтудың орайы енді келді. Мақсатымыз – Қапал ауылындағы бір кездері Фатима Ғабитованың мұражайы болған тарихи ғимарат пен Баласаздағы көне қала орны және Жетісу Алатауының Қаратау және Баянжүрек тауларының арасын бөліп жатқан Күреңбел ойысындағы Бүйен өзенінің аңғарында орналасқан Шеңбер тасты және Зәуре сайындағы қорымдар мен Баянжүрек тауының жартас бетіндегі суреттерді хаттап қайту болатын. «Тон жағасыз, ел ағасыз болмайды» дегендей, Тамшыбұлаққа тәу етіп, осы ауылдың тізгінін ұстап отырған әкім Нұрбол Ерекеновпен кездеспей кетуге болмады. Мақсатымызды білген ауыл әкімі ескерусіз, қараусыз қалған біраз тарихи нысандарды көрсетіп үлгерді. Біз Қапалға сәл аялдап, Тамшыбұлаққа ғана тәу етіп аттанамыз деп едік. Енді ауылдан шыға алмай қалдық.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің география және экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, география ғылымдарының кандидаты Еркін Тоқпанов «Қапал ауылы ең алғаш уез орталығы болғанда жан-жақтан ағылған бай-манаптар, көпестер бірімен-бірі жарыса, сәулеті мен салтанаты жарасқан үйлер салып, ғимараттар тұрғызып, өлкенің келбетін асыра түсіпті. Кезінде сол үйлерді Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында тамсана жазады. Қашқария сапарында Қапалдағы ақын Сараның музейі орналасқан үйде бірнеше күн болып, осы өңірдің игі-жақсыларымен сұхбаттасып, алдағы сапарына дайындалғанын бүгінде біреу білсе біреу білмейді», – деп тарихтан сыр шертті.

Сол сапарында Шоқан Шыңғысұлы осы үйдің ауласына үш түп ағаш егіп кетеді. Сол ағаш бүгінде жапырақ жайып, мәуелеп өсіп тұр.

«Мұндай ағаш бұл маңға өспейді. Шоқан бабамыздың көзіндей көріп, аялап, көз қарашығымыздай қорғап, кешегі тарихтың тамырындай мәпелеп келеміз», – дейді ауыл әкімі. Бұдан сырт ауылда орыс шенеуніктері мен саяхатшыларының, ноғай саудагерлерінің, татар көпестерінің, қазақтың атқамінерлері мен бай-манаптарының тарихқа қалдырған естеліктерінен ескі қаланың жаңа келбетін оқып, бұл жерде осындай қала болмаған шығар деген күмәнді ойға бойлайтының анық. Қалай болғанда да 1850 жылдары Жоңғар Алатауының бойындағы қопа қамысты жазықта сәулетті қала бой түзегені шындық.

Ауыл ақсақалы Уәлибек Мұратбеков «Сол тұста Қапалда көркемдігі жағынан бір-бірімен сәулеті жарасқан, іргесі ағаштан қаланып, түрлі өрнекпен безендірілген 494 ағаш үй болған екен. Кейін патша өкіметі құлағаннан кейін кеңестік билік оның біразын бұзып, Алматы қаласына, тағы бір бөлігін Семей, басқа да қалаларға тасып әкетеді. Алматыдағы Сүйінбай даңғылының бойындағы көне ағаш үйлер, міне, осы Қапалдан бұзып апарып, қайта тұрғызылған үйлер», – деді.

Бұзылмай қалған үйлер мектеп, амбулатория, тұрғын үй, кітапхана, диірмен, қойма, тағы да басқа мақсатта пайдаланылады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қапал ауданы Ақсу ауданына қосылып, жұрт жапырыла қалаға көшкенде бұл үйлердің көбі қараусыз қалып, тоналып, бүгінге саусақпен санайтындайы ғана қалады. Қазір солардың қатарынан Жібек жолы көшесіндегі ноғай мешітінің ғимараты, Тәнеке батыр көшесіндегі құрылыс материалдарын Семейден тасып салдырған татар мешітінің ғимараты және Фатима Ғабитова атындағы мұражай ашылған үй, Бигелдиев көшесіндегі Шаяхмет байдың үйі ғана сақталып тұр. Олардың да қаңқасы тұр демесең, қаусап тұрған түрін көріп, жаның ашиды.

Ауыл ішіндегі тағанынан басқа түгі қалмаған үйлердің орнын көріп, көңілің құлазиды. Тозығы жетіп ғимараты тұр демесең, 150 жылдан астам тарихы бар үйлердің қабырғасы құлап, едені тоналған, төбесі тесіліп, сұрқы қашқан. Бүлінгені соншалық бірі мал қораға айналса, енді бірін әлдекімдер әжетханаға етіп алыпты. Кезінде мәдениеттің ең озық үлгісі болған үйлер күл-қоқыс төгетін орынға, босаған бөтелге, шағылған әйнек, іске жарамайтын қоқыр-қоқыс заттарды тастай салатын жерге айналған. Бұл үйлердің біразын елжанды азаматтар кейінге дейін өз қаржысымен абаттандырып, жұрттың тарихи, мәдени байлығына айналдыру мақсатында пайдаланып келген. Бірақ үкіметтен немесе жергілікті биліктен ешқандай қолдау болмаған соң, жеке қаржысымен қолға алған мақсатын ары қарай жалғастыра алмай қалжырап, ақыры тастап кетуге мәжбүр болыпты.

Елтай Сәдуақасов деген ақсақал «2002 жылы сол кездегі аудан әкімі Бағдат Манзуровқа жолығып, Тәнеке батыр көшесіндегі екі қабатты тарихи үйді меншікке алып, жеке кітапхана аштым. Ішінен қазақ аналарына деген құрметімді көрсететін мұражай бұрышын ашуға бекіп, оны Фатима Ғабитова анамыздың атындағы мұражай деп атадым. Ондағы жәдігерлердің біразы ғана Фатима апамыздың тұтынған заттары, қалғаны өзімнің жеке қызығушылығыммен жинастырған көне мұраларым еді. Басында бәрі де жақсы болды. Ол кезде жұмысым да жақсы, қаржым да жеткілікті болатын. Ғимаратты жылыту, күні бойы келушілерді қабылдау, жәдігерлерді қорғау, ауланы абаттандыру, ғимаратты жөндеу, тағы да басқа жұмыстарға аз ақша кетпейтін. Бірақ жергілікті биліктен ешқандай көмек болмағандықтан, мұражайды ұстап тұру оңай болмады. Оны сақтап қалу үшін қақпаған есігім, жолықпаған адамым қалмады. Бәрі де уәде береді, бірі де орындамайды. Сол тұста өмір де қиындап кетті де, ақыры 2008 жылы кітапхананы жабуға тұра келді. Мұражайдағы жәдігерлерді «Қапал арасаны» шипажайынан бір бөлме үй жалдап, сонда көшірдім. Ол жерде ұзақ қоныс болмады. Ары-бері тасып жүріп, жәдігердің біразынан айырылып та қалдым. Қазір жеке кәсіпкердің қолына өткен сол үй қаңырап бос тұр», – деп мұң шағады.

Бұл үйді Мишаев деген орыс саудагері салдырған екен. Сыртқы қас беті ағашпен қапталып, ою-өрнекпен айшықталған 150 жылдан астам тарихы бар үйдің сұрқы кеткен бейнесі жүрек сыздатады. Едендері тозып, қабырғасы көшкен. Үй ішінде көтеріп әкетуге қолайсыз темір пеш пен XIX ғасырда жасалған көне күй сандық сынып жатыр. Бүлінген жәдігерлердің де там-тұмдаған қалдықтары шашылған. Ал жертөле жазды күні оқыралаған ірі қара мен көлеңке іздеген қой-ешкінің тұрағына айналса, қыстығүні көшеден өтіп бара жатқандар сари салатын әжетхана болып қалған. Ең қызығы, жыл он екі ай келушілердің аяғы үзілмейтін Тамшыбұлақ бастауының іргесінде тұрған қос қабатты көне ғимараттың жағдайы одан да мүшкіл. Оның шаңырағы ойылып, ортасына түскен. Үлкендер ұнатпаған адамын «Шаңырағың ортасына түссін», – деп қарғап жатушы еді. Бұл үйдің осындай халге түсетін жөні жоқ қой. Оны қойшы, «Рухани жаңғыру» аясында ала жаздай Тамшыбұлаққа келіп-кететіндер аттам жердегі бір ғасыр бойы Қапал өңірінің рухани орталығы болған осы үйге қадам баспақ түгіл, қарап та қоймайды. Қапалда осы күнге дейін жақсы сақталған екі-үш үй бар. Бірі –ноғай мешіті, енді бірі – татар мешіті, үшіншісі – клуб. Қапал кезінде екі бөлінген. Тамшыбұлақтың шығыс жағындағы суы бар, құнарлы алқапқа орыстар қоныстанып, қағыр, сусыз жерге қазақтар орналасқан. Үш мешіт қазақтар қоныстанған жерге салынған.

Қапал ауылының тұрғыны Доскелді Қожатайұлы «Қапалға 1954 жылы қала деген статус берілген соң жан-жақтан келген байлар мешіт сала бастайды. Олардың қалай салынғаны, кімдердің салғаны туралы архивте деректер жетерлік. Ең алғаш 1856 жылы татар көпестерінің біріккен қаражатымен татар мешітін тұрғызады. Кейін оны татар көпесі Шаяхмет бай Әпсаттаров меншігіне алып, қасынан «Яковия» татар қыздарының медресесі салынады. Өкінішке қарай, татар көпестері бұл мешітке қазақ, сарт, ноғайларды жолатпайды. Осыдан кейін ноғайлар 1860 жылдары Ғалиақпар қажы Сәйфулмүліков – Сейітовтің бастауымен ноғай байлары жиналып, Петербургқа хат жазып, ауылдан мешіт салуға рұхсат сұрайды. Оған Петербургтағы ноғайлар көмектесіп жүріп, Ғалиақпар қажы тұрған үйдің орнынан мешіт тұрғызуға рұқсат алып, ноғай мешіті Ғалиақпар қажы Сәйфулмүліков – Сейітовтің қаржысымен бой көтереді. Осы мешіт салынып жатқан кезде Семейдегі елубасы, старшын болған Тыныбай қажы Қойкенов деген адам Маман Тұрысбектің ауылына қонаққа келген сапарында мешітті көруге арнайы келеді де көмек ретінде бір бума қағаз ақша береді. Қазір осы деректі шатастырып жүргендер бар. Мешіт салынған соң оның бірінші имамы Ғалиақпар қажы Сәйфулмүліков – Сейітовтің үлкен ұлы Мақаметжан болады. Осыдан кейін сарт, тараншы, қазақтар бірігіп сарт мешітін тұрғызады. Мешіттің алдында су алатын құдық болған. Оны бұрынғылар «Абданның құдығы» деп атайтын.

Клуб қазір жеке кәсіпкердің қолына өтіп, ауылдың тойханасы болып қызмет етіп жатыр. Ағаш үйдің сырты сыланып, іші бұрынғыша сақталған. Татар мешіті таланып бітсе, ноғай мешіті бүтін сақталғанымен, тозып тұр. Сарт мешітін 1927 жылы қызылдар өртеп жіберген. Әрине, бұл үйлерді кімнің салдырғаны маңызды емес. Бастысы, Қапал өңірінің бір жарым ғасырдан бұрынғы мәдениеті мен руханиятынан сыр шертетін дүние.

Қапал қала болғаннан кейін салынған 494 үйдің өз тарихы бар, тіпті одан тарихи сабақтастықтың белгісін тауып алуға болады. Демек, мұндай жағдай кешегі Қапалда осыдан бір жарым ғасыр бұрын болғаны анық. Бұл да рухани жаңғырудың бір парасы деп сезінсек, артық болмайтын шығар. Алайда кеше мен бүгінді осылай сабақтастырып жатқан Қапалдағы тарихи үйлер құлап, шіріп, бұланып-таланып, ұрланып жоқ болудың аз-ақ алдында тұр. Енді оларды мемлекет меншігіне алмаса немесе мемлекет жағынан қаржы бөліп, қайта қалпына келтірмесе бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін.



Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Мазасыз мүйіс

Ойдым-ойдым, жамау-жыртық







Фото: ktk.kz

Жол азабын жүрген білер. Күнгей мен Арқаны жалғап жатқан тасжолдың тозығы жетіп, ақтаңдақтай ойылып-ойылып жатыр. Ойдым жол – Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарын Елордамен жалғайтын алып қантамыр. Бірақ осы күрежолдың 270 шақырымы елу жылдан бері мүлде жөндеу көрмепті. Жолаушылардың жол азабынан мезі болғаны соншалық, Жамбыл облысының Мойынқұм ауданы тұсындағы 200 шақырымды 8 сағатта әрең еңсереді. Жағдайдың қиындығына қарамастан, оңтүстік пен орталықты жалғап жатқан азапты жолдың тақтайдай тегіс жолға айналатынынан жұрт дәмелі.

Тағылым

Тақиялы періште:

Жетісу жұрты «Тақиялы періште» фильмінде Тайлақты сомдаған Әлімғазы Райымбекпен әрдайым мақтанады. Кезінде тақиясымен де тамсандырған актердің, бүгінде зейнет жасындағы қарияның қатысуынсыз ешқандай шара өтпейді. Атамыз бой көрсетпесе, жиналыстың мәні, кездесудің сәні, әңгіменің нәрі кірмейді.

Күні кеше Талдықорған төрінде Әлімғазы атамыз бен Гүлжауар апамыздың гауһар тойы өтіп, ғибратты ғұмырлары қызықты әңгімеге арқауына айналды. Өмірдің тауқыметі мен тарғалаңын, қуанышы мен қайғысын көрген қос қарияның ұлағатты ғұмыры кімге де болса үлгі. Жастардың жарасымдылықты ту еткен осындай қарияларға еліктеп өскенін қалаймыз.

Қазір де қария қуаты кетіп, таяққа сүйеніп тұрған жоқ. Алып денелі Әлімғазы ата аяңдап келе жатқанда тау тұлғасына қарап таңдай қағып тұрып қалатынымыз рас. Жарықтық Шәкен ата *(Айманов)* болмағанда, Әлекеңнің аңызға айналмауы да мүмкін бе еді. Өйткені, Әлімғазы ата түскен он төрт фильмнің арасынан уақыттан қалмай, экраннан түспей, жаңа ғасырдың босағасынан аттап, әлі де көрсетіліп келе жатқаны әйгілі – «Тақиялы періште».

Әлекең әлі күнге «Тақиялы періште» атымен танымал. Бірақ ол кісінің киноға қалай келгенін жастардың бәрі біле бермейтіні анық. 1965 жылы Талдықорғандағы «Қайрат» спорт қоғамы ауыл шаруашылығы саласынан спортқа қабілеті бар еңбеккерлерден топ құрып, Алматыдағы Орталық стадионда қазақша күрестен өтетін жарыска апарады. Сол жарыста топ жарған бірқатар азаматтан бір команда іріктеліп, бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Темірлан ауылында өткен Қажымұқан атындағы жүлде үшін күреске жол тартады. Он алты облыстан бақ сынаған жарыста 25 жастағы Әлімғазы Райымбек ауыр салмақта республика чемпионы атанады. Осы сапар жолын ашып, түсірілім жұмысы қолға алынған «Ән қанатында» фильмдегі Қажымұқанның рөлін сомдауға шақыртылады.

Жас жігітті режиссердің ассистенті болып жүрген әйел Қажымұқанның өзі келгендей аңтарылып тұрып: «Азик, Азик вот Кажымукан пришел», – деп айғай салады. Әзірбайжан Мәмбетовпен осылай танысқан. Әсілі, Әлімғазы ата баянды да бақытты ғұмыр кешіп келе жатқан жанның бірі. Үш ұйықтаса түсіне кірмеген, өзіне соншалық беймәлім кино саласына келуі қазақ өнерінің тарихына есімін өшпестей етіп қалдырды. Алғашқы режиссері Әзірбайжан Мәмбетов, аңызға айналған «Тақиялы періште» фильмінің режиссері Шәкен Айманов, театр мен кино өнерінің қайталанбас тұлғалары Әмина Өмірзақова, Бикен Римова, Әнуар Молдабеков, Есболған Жайсаңбаев, ортамызда жүрген Асанәлі Әшімов сынды көптеген дара тұлғалармен біраз дәуренді өткерді. Әлімғазы атаның кино әлеміне ат ізін салғалы да жарты ғасырдан асыпты. Ол күндердің бәрі жалғанның жабылған беттерімен өткен ғасырдың қойнауына сіңді де кетті.

Шәкен Аймановтың 80 жылдық мерейтойында белгілі әртіс Ыдырыс Ноғайбаев «Тақияң қайда? Неге кимейсің?» деген соң, қалтасынан тақиясын ала бергенде Ли және Ким дейтін екі суретші әйел тақияға қызығып: «Біз мұны мұражайға өткіземіз, бізге беріңізші» деп сұрап алыпты. Сонымен, Тайлақтың шын тақиясы қазір қайда екенін белгісіз. Десе де, «Тақиялы періште» аты әлі күнге өзімен бірге бел-белесті асып келеді. Ең бастысы, өмір бойы өзінің батыл ұстанымынан, қазақы қалыпқа дөп келетін адамгершілігінен, адалдығы мен аңқаулығынан, босқа желігіп мәртебе қумайтын жайсаңдығынан, көрінгенге бір құмартып, күн өткізбейтін тұрақтылығынан, айта берсек, жалғаса беретін адами, азаматтық қасиеттен ауытқыған жоқ. Сол ұлы қасиеттерімен де бүгінде елдің құрметіне, жұрттың сыйына бөленіп келеді.

Сабырлы, байсалды қалпында әңгіме өрбітуден жалықпайды. Атамыз өзі кино соңында жүрсе, бала күтіп үйде отыратын аяулы апамызбен қалай танысқанын әңгімелеуден де шаршаған емес.

– Әскерден келген бетім еді. Әкемнің ақылымен ауылда көлік жүргізушісі болып жұмысқа кірдім. Сол жылы Бөрлітөбеден Қасымжомарт дейтін учаскелік милиция ауылға көшіп келді. Сол кісінің жүктерін Үйгентас өңірінен көшіріп әкелуге жолға шығып, Жыланды ауылына келдік. Дастархан басында Нұржамал, Роза дейтін екі келіншек менің жай-жапсарымды сұрап, біраз тергеуге алды. Басым бос екенін білгеннен кейін бір қызбен таныстыруға бекінді. Сонымен көрші ауылға келдік. Сол күні үй иесі мал сойып, қонақ етті. Қызбен танысып, әке-шешесінің де рұқсатын алып үлгердім. Қасымжомартты көшірісемін деп, өзім үйленетін болып қайттым. Келе салып, әкеме үйленетіндігімді айтып, дайындыққа кірістік. Әкем жалғыз сиырын сатып, үш қой алды. Сөйтіп, мына апаларыңды алып қайттық, – деді қуанышын жасыра алмай.

Атамыздың Алматыда «Долана» фильміне түсіп жатқан кезі. Содан атамыз сол аумақтан бір түріктің үйін сатып алмақ болады. Ақыры ауылға барып, келіншегін ертіп келіп, жаңағы үйде үш күн тұрады. Төртінші күні апамыз «Жоқ, мен мұнда тұра алмайды екенмін. Егер өзім тұрам десең – тұр, мен қалмаймын» деп кетіп қалған көрінеді. Үй тірлігіне еті үйренген жанның қала өміріне бейімделе алмасы анық. Атамыздың жүрегін баурап алған, сол пысықтығы мен қарапайымдылығы болса керек. Осылайша қос ардагердің отбасы ауылды тұрақтап қалды. Бірақ Әлімғазы атамыздың кино саласындағы сапары ары қарай жалғасты. Әлімғазы ата 14 фильмге түсті. Алматыда жүретін азаматын күтуден шаршамаған Гүлжауар апамыз бар өмірін отбасына арнады. Жұмыс жасай жүріп, 10 баласының тәрбиесін көзінен таса етпеді. Қиындықты бастан өткерсе де жасымаған, балаларына жоғары білім беріп, ұлын – ұяға, қызын – қияға қондырған ардақты ана. Бүгінде немере-жиендерінің, шөберелерінің арасында бақытты күн кешіп отыр.

Гүлжауар апамыз бүгінгі келіндерге үлгі-өнеге болатын ана. Аты айтып тұрғандай, шыдамды, көңіл көкжиегі кең, түсінігі терең адамдарға ғана бақытты тұрмыстың, бағалы тіршіліктің гүлі жауатынын той барысында көрдік. Жиналған қауым гауһар той иелеріне бақытты өмір тіледі. Шын мәнінде, қос қария да қазақ жастары үшін өнеге болар отбасы.

Қажет АНДАС,
Талдықорған

Teleайтыс

Әй, түш! КТК арнасындағы телеайтыс. Африкалық суырыпсалма ақын Marsel мен айтыскер Асқарбек Қазанғап тастанды балалар тағдырын сөз етті.

СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ... ҚОҚЫСТАН ТАБЫЛАТЫН

MARSEL

Қырық ру қазақ,
Тәуелсіз ел болған азат,
Біреу үшін өмір, сенде, бәлкім, бәрі ғажап.
Көзім көрген айтсам, ащы шындықты,
Табылар ма сенде маған жауап.
Караларды қаралаған заман болған,
Ұмыттық ба, құл, құлдықтан болдық бодан.
Қанша жерден қамаса да құдалап,
Дінді, тектілікті жоғалтпадық біздер содан.
Азаттыққа жеттіңдер, ардан, бірақ өттіңдер,
Өз балаңды саудалап, далаға тастап кеттіңдер.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП:

Қайдан ғана кез болдың қара бала,
Сен айттың бір шындықты даралана.
Біреулер жүр зар болып бір сәбиге,
Көңілі мұңға толы жүрек жара.
Пенделер-ай, жүрегі тасқа айналған,
Оны ойласам, жанарға жас байланған.
Бала деген халықтың болашағы,
Болашақты қоқысқа тастай ма, адам.
Көп еді тас жүректер тас қаланың,
Не сұмдық сен баланы тастағаның.
Аңның өзі қатерге кез келгенде,
Білесің бе, жалғыз өзі қашпағанын.

MARSEL

Құс та болғым келмейді, қанатым бар,
Қанатым бар күмістен жаратылған.
Сәби болғым келмейді-ау, сәби болғым,
Туа салып қоқысқа лақтырылған.
Сәби болғым келмейді-ау, сәби болғым.
Біреуге бар, біреуге табылмаған.
Сен айтқан аналарды қалай ақтарсың?
Сөзбенен ғана шүйлігіп даттарсың.
Ана емес, айуанның күйін кешсең,
Айтшы сен оларды қалай ақтарсың?

Асқарбек ҚАЗАНҒАП:

Тұрмыстың тауқыметі қинады ма,
Бір балаң бауырыңа сыймады ма?
Сәбиін саудалаған аналар-ай,
Барыңды құр бақырға қиғаның ба?
Жас ана ойламадың терең әлі,
Ұрпағын сатса, ел қалай оңалады,
Бақырың бес-ақ күнде таусылады,
Ал баланың тағдыры не болады?

MARSEL

Көкек ананы көбейткен, көкек әке оңар ма?
Шыңғыс ханның заңымен жазаласақ болар ма?

Асқарбек ҚАЗАНҒАП:

Зарымды естісінші, қалың қазақ,
Болмайық ішке – күлкі, сыртқа – мазақ.
Таяқпен тас бауырды жібітпессің,
Ақылға бар ма, ана құлақ салмақ?
Айтамыз ба тектіміз деп сонда бөсіп,
Бөбектер қалып жатса, босқа өксіп.
Әр қазақ бар қазақты жалғызың көр,
Басқа түскен баспақшылға бірге төзіп.

«Аптап»



Еңбек адамы

МАЛ ЖАЙЫН БАҚҚАН БІЛЕР

Қыламықтап қар ұшқындап тұр. Бет шымшитын аяз ғана бар. Ақ көрпесін айқара жамылып, үнсіз мүлгіген даланың талмаусырап жатқан тыныштығын арагідік мөңіреген мал дауысы ғана бұзады. Спиридоновка селосынан қозыкөш жердегі «Армавир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы кешенінің маңында тұрмыз. Малшылардың қалам-қағазын оңтайлап, тоңып келсе де тілдесе кетуге дайын тұрған бізге мойын бұруға шамасы жоқ. Бәрі тайлы-тұяғымен жұмылып, мал жайлаудың қамымен жүр.



Мал демекші, аумағы атшаптырым кең албардың ішіндегі өңкей асыл тұқымды, әсірелеп айтқанда, таудай-таудай жануарлар. Өздері сондай маңғаз. Шылбыр жетер жерге дейін таяп келсең де, жөпшеңді кісінің құшағы жетпес жуан мойнын бұрып «не қылып жүрген жансыздар» деп қарамайды да. Аяқтары қысқа, есесіне, бұлшық еттері бұлт-бұлт етеді. Шоқтығы биік екен. Ақ сұрқы біздің көзіміз үйренген жергілікті тұқымнан әлдеқайда ірі. Осы қалпында тірідей салмағы 400-450 келі әбден болатын шығар.

Мал қораның маңында мал дәрігері Бекболат Әділхановты кездестірдік.

– Бағар көбейсін, – дедік ежелгі ата салтымен.

– Әумин, айтқандарың келсін,– деді шаруасының алға басқанына көңілі тоғайып тұрған мал дәрігері.

– Бір өңкей асыл тұқым-ау, – дейміз біз шаруа жайын білгіміз келіп.

– Иә, осыдан жеті жыл бұрын инвесторлар Америкадан әкелген, – деді ол, – өз төлі есебінен басын көбейтіп жатырмыз. Әуел баста көк теңіздің арғы жағынан жеткен 300 бас еді. Қазір 800 бастың үстінде. 2 мың бастан астам өгізшені етке тапсырдық. Іріктеп, таңдап, қашарларды өзімізге қалдырамыз мал басын көбейту үшін.

Мал дәрігерінің айтуына қарағанда, мұхит асып келген мал кірпияз, жас балаша өбектеп күтпесең, жантайып жатып қалуы әбден мүмкін. Бұзауын, тайыншатанасын, өгізшелерді бөлектеп бағамыз. Өне бойы қораға қамап қоюға да болмайды. Бір уақыт таза ауада сергітіп, бой жаздырып, құрыстырыс жазып, уақытылы ем-домын жасап тұру қажет. Ол үшін өз ісіне берілген, малды жақсы көретін адам болу керек. Бізде сондай малшылар бар. Мәселен, Виктор Беляков, Сергей Перескоков, Александр Лаврушин. Ата кәсібін оңынан жалғастырып жүрген Қанаш Есенов пен Бейбіт Ырсаев.

Қанашты қалады көңіл. Сонымен тілдестік. Алғашында шідерлі аттай еркін көсілмеген елгезек жігіт аз-кем тілдескен соң бүкпесіз ақтарылып сала берді.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мал атаулы тып-типыл болғанын өздеріңіз білесіздер, – дейді малсақ жігіт, – мал тұқымы қатты азып кетті. Ортақ мал таусылып біткен. Жекенің қолында ғана қалды ғой. Жекеменшікте азынатып айғыр, бұлқынтып бұқа ұстаған тиімсіз.

Мал жайлы мағлұматты молынан жинаған Қанаштың айтуына қарағанда, тірідей салмағы 350-400 келіге еркін жетеді. Ал, 2,5 жасында 400-450 келіге барып қалады. Еті өте дәмді әрі бағалы. Бірақ аналығын сатып алу тым қымбат. Жерсінуі қиын. Ал ақбас сиырға, қазақтың төл малына жетері жоқ қой. Дала жағдайына әбден бейімделген. Жеті атасынан бері осы далада еркін өсіп келе жатқандықтан, ауа райы қанша қатал болса да суықтан ықпайды, шөлге төзімді. Әншейінде атан түйені алып жығатын Арқаның ақ бораны, ту десең түкірігін жерге мұз болып түсетін сақылдаған сары аязы бұйым емес. Мал жайын жетік білетін малшының айтуына қарағанда, ақбас сиырдың өнімі мол. Тез жетілгіш майы жергілікті азған тұқымдай дәл бұрынғыдай мал бағудың жөні жоқ. Ата дәстүрді жаңғыртып мал тұқымын сұрыптап асылдандыру ісін асыға қолға алмасақ, ісіңде береке болмайды. Алдымен тұқымы. Бұлардың бағымындағы мал ангус тұқымы екен. Өсімталдығы керемет. Екі жасар кезінде емес, ішкі мүшелерінің айналасына, бұлшық еттерінің арасына жиналады. Әрі сіңірі аз.

Малдың бойына толысып ет жинауы ең алдымен бағымына байланысты. Үйреншікті сабан мен шөп жетімсіз. Негізі, төл аяқтанған соң 18 айдан соң 400 келі тірідей салмақ тартып етке өткізуге тиісті. Әйтпесе, одан артық бақсаң, жем-шөбің босқа шығын.

Қазір ел ішінде мемлекет қамқорлығымен мал тұқымын тегіс асылдандыруға бетбұрыс жасалуда. Әйтсе де жетімсіз. Жергілікті тұқым мен сіңіре будандастырылғанда 4-ұрпағы ғана толық асылдандырылып шықпақ. Ал онсыз малдан мол өнім алу құрғақ қиял. Мәселен, жергілікті тұқымды екі жыл бақсаңыз, тірідей салмағы 200 еліге әрең жетеді. Өйткені, мал азығы сай емес. Бұдан шығатын төте жол – мал бордақылау алаңдарын ашу. Мал жайын баққан біледі ғой. Қанаш пен Бейбіт тәрізді малшылар өз бағымындағы малдың ғана емес, жалпақ жұрт күнелтіп отырған төрт түліктің жайын ойлайды. Біз соған қуандық. Олардың айтуына қарағанда, мал өрісін жаңалап отырудың да мәні зор. Ауру малды өрістен аластау індет жайылмауға сеп.

Қоштасарда тағы бір көкейлерінде жүрген ойларын айтқан. Малшы еңбегін бағалау, олардың озық тәжірибелерін насихаттау әлдеқашан ұмыт болған. Аудан, облыс орталықтарында оза шапқан малшы арнайы құрмет тақтасында маңдайы жарқырап тұрса. Шаруадан қол үзіп қалған, қара жұмыстан қарадай зәресі кетіп қорқатын «қарағымдарға» үлгі-өнеге болар еді.

Сүт пісірім сырласқанда даланың сұңғыла ұлдарынан қаншама сыр ұқтық. Мал жайын ойлау ел жайын ойлауы ғой деп сүйсіндік.

Бәйкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы



АТА КӘСІПКЕ АДАЛДЫҚ

Жел қанат жылқы ішсең сусын, мінсең көлік. Жылқы малы қашаннан қазақтың ұлттық сана-сезім, рухани болмыс-бітімін, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен өнерінің тұтас бөлігіне айналып кеткен. Қазақтың сүйген жарынан кейінгі жақсы көретін жан серігі – қасиеті қанына сіңген жануар. Қазақ баласының Қамбар ата түлігін төресіндей көретіні сондай, қазақ жылқы мінезді деп, өзінің мінез-құлық, бітім-болмыс, жандүниесінің айқындаушысына айналдырып алған. Демек, қазақ үшін жылқы – тектіліктің бірден-бір нышаны. Осы құндылықты өміріне шырақ, тіршілігіне арқау еткен азаматтар арамызда көп. Сол мүмкіндікті пайдаланып, атакәсіпті жалғастырып отырғандардың бірі – Талдықорған қаласының Көктал ауылының тұрғыны Еркін Қазыбаев.

Қазақта «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл бар. Еркін Әукенұлы да әкесінің шаруасын шалқытқан, шешеден ата-баба құндылығын санасына құйып өскен азамат. Жетпіске жетіп қалған Нәукен аға да көргенді елдің перзенті еді. Әкесі Нүсіп Қасымбай мен шешесі Жанар Нұрғазықызы мыңғырған байлығы болмаса да, қонаққа ұсынар шайлығы бар, қысы-жазы бие байлап, қымыз сапырмаса таңдайы жібімейтін адам болған. Сол көргенділік Әукен ағаның бойына бала кезінен ұялады. Әукен 2008 жылы зейнетке шыққаннан кейін бірден жылқы баптап, қымыз ашытып, әке-шешеден қалған өнегені ұрпақтарына үлгі етуге бел буады. Оның бағына ұлы Еркін де малдың жайын білетін, әке-шешенің қиындығына иіліп тұратын азамат болып ержетеді. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ұстаздар отбасынан шыққан Еркін университетті бітіргеннен кейін алғашқы еңбек жолын мұғалімдіктен бастайды. Он жылға жуық уақытында бала оқытып, оларға тәлімі мол тәрбие берді. Бірақ кішкентайынан әкесі қолда өсірген жылқылармен жағаласып өскендіктен қолы босай қалғанда атакәсіптің тізгінін ұстап, тілін табуды ойлайды.

Еркін Нәукенұлы: «Ұстаздар отбасынан шыққаннан кейін әке-шешенің жолын жалғастыру бұлжымас қағида сияқты сезілетін. Бірақ бала күннен жылқы баптап, тазы жүгіртуге құмар болып өскендіктен, армандаған ісіммен айналысқым келді. Ол кезде қолымызда қаржы тапшы, кәсіптену дегеннен де тәжірибеміз аз еді. Соған қарамастан, ішімдегі атакәсіпке деген бұлқыныс ақыры мені өз дегеніне көндірді. Мұғалімдікпен қоса, жылқы баптаудың қыр-сырын үйренгім келетінін басында әкеме айта алмай жүрдім. Алайда менің аңсарым жылқы бағып, қымыз ұстауға ауып жүргенін әкем де сезген екен. Бір күні шақырып алып, осы жайлы сұрады. Ішіме бүккен жоспарымды бүге-шігесіне дейін қалдырмай айттым. Әкем қолдады», – дейді әңгіме арасында.

Бала арманы әкесінен қолдау тапқаннан кейін қолда бар қаржысымен екі бие сатып алып, оны баптап, бағумен айналыса бастайды. Бірақ уақыт өте келе, жем-шөбін толықтап берумен жылқы өспейтінін, сүтін сауғанмен ол өздігінен қымызға айналып, таңдай жібітпейтінін сезінді. Содан кейін жылқы түлігін күтіп-баптаудың жолдарын қарастырып, іздене бастайды.

Арудан асқан жар бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма?
Биенің сүті сары бал,
Қымыздан асқан дәм бар ма? – деп Ақтамберді жырау жырлағандай, қымыздан асқан дәм де, ас та, сусын да жоқ. Бірақ қымызды тек қымыз сияқты баптай алған адам ғана ұстайды. Сондықтан халқымыздың «Жылқының перісі болса, қымыздың киесі бар», – дейтіні шындық. Еркін өзі де көзі ашық жігіт



болғаннан кейін жылқы сүтінің қасиеті туралы зерттеушілердің еңбегін ақтара бастайды. Сөйтіп жүріп, қымыздың емдік қасиеттері туралы да үлкен танымға келеді.

Жылқышы жігіт: «Қымыздың емдік қасиеті көп. Ол денені қуаттандырады. Құрт ауруының алдын алып, ауырған адамның қайта қалпына келуіне жақсы ықпал етеді. Саумалды ем ретінде буын ауруына ішсе, тіпті пайдалы. Салданудың алдын алады. Жаңа босанған келіншектің сүтін молайтып, нәрлі етеді. Ашыған қымыз шөлді басып, қан тамырды қордаланған зиянды қалдықтардан тазартады. Іш қатудың алдын алады. Ашығудан кейін қымыз ішу буын ауруларына өте пайдалы. Бүйрек пен бауырды қанықтырады, қан тамырларын тазалайды.



Буын аурулары мен сүйектің қақсауын, жүйкенің жұқаруын, бас айналуын, созылмалы сары ауру (гепатит), ұйқысыздық, ішектегі жара (гастрит) сияқты аурулардың алдын алады немесе жеңілдетеді. Қымыз адамның физикалық жағдайын жақсартады, тәбетін ашады, ас қорытуды жақсартады. Оның құрамында 28 түрлі микроэлемент, көптеген дәрумен бар», – деп қымыздың қасиетін тізіп берді.

Әрине, қымыздың құрамындағы емдік қасиеті мол элементтер бие құнарлы жерге жайылған сайын арта түсетіні бар. Мұның құпиясын сезген еңбекқор жігіт таңертең ерте тұрып, Талдықорғанның іргесіндегі Көктал ауылының Талды көшесіндегі үйден өріске шыққан жылқыны Ескелді ауданына қарасты Қоңыр ауылына дейінгі аралыққа жайып қайтады. Көбінесе жылқыны даланың мал аяғы тимеген изен, жусанды аумаққа қарай жаяды. Үйге оралған соң арпа, бидай, ұн, тұз, тағы да басқа қымызды құнарландыратын жем-шөпті үзбейді. Осындай күтімге алынған биелердің саумалы мен қымыз бал татып тұрады. Оның ағзаға пайдалы жағы одан да көп екендігі анық.

Еркіннің қымыз баптауының да отбасылық құпиясы бар.

Олар аршадан жасалған күбіге заманауи технологияны пайдаланып, электронды піспек орнатып қойыпты. Кеш батқаннан таң атқанша электр желісіне қосылған піспек жай, қымызды бірқалыпты пісіп, бабында ашытуға сеп болады. Осы тұста арша ағашынан жасалған күбіні тек біз пайдаланатынымызды айта кеткен жөн. Көршілеріміз көбіне пластмасса ыдыстарға қымыз ашытатындықтан, оның иісі шығып кететіні белгілі. Ескеретін бір нәрсе – күбіні жиі ыстап отыру керек. Ысталған күбіде ашытылған қымыз әрі дәмді, әрі ұзақ уақыт сақталады», – деп түсіндірді.

Бүгінде бұл шаруаның басы-қасында Еркінмен бірге оның бауырлары жүр. Бірі жылқы бағады, бірі бие сауады, енді бірі жем-шөбін дайындайды. Күн сайын биелердің күтімін қарап, емдеп отыратын мал дәрігері де бар. Онсыз болмайды. Өйткені, биенің дені сау, түрлі дерт-дербезден аулақ болғанда ғана сапалы да құнарлы қымыз алуға болады.

Ауылдың мал дәрігері Өміруақ Әбішев: «Бұрын Қызылағаш жылқы зауытында 30 жыл мал дәрігері болып жұмыс істедім. Кейін қалаға көшіп келіп, Еркін бауырыммен танысып, бүгінде оның бие шаруашылығын өркендетуге көмектесіп жүрмін. Жасыратыны жоқ, жылқы түлігінде 510 түрлі ауру болады. Бірақ тілсіз жануар оны айта алмайды. Қашанда жылқының ішкен-жегені оның сүтіне тікелей әсер ететінін ескерсек, жылқы ауруынан уақытында сезіп, емдеп отырғанда ғана сақтануға болады», – деді.

Осы күні қымыз ашытып, құлшынып жүргендер көп. Бірақ оның бәрі елдің алғысына бөлене қойды дегеннен аулақпыз. Қымыз іштік деп қымыран жұтып, езілген қатықтың дәмін татып жататынымыз жасырын емес. Осындай адам санасын қым-қуыт қулық жайлаған кезде атакәсіпке деген адалдықты ту етіп, оны жалғастыруға ниеттеніп жүрген Еркіндей азаматтың ісіне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Біраз жылдан бері жылқы өсіріп, бие баптаудың сан түрлі құпиясын терең меңгерген Еркін енді оны дамытып, отбасылық кәсіпке айналдыруды көздеп жүр.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ҚАРАҚҰМДАҒЫ МӨЛДІР ТАМШЫ

Елімізде ерекше назарға алынған мемлекеттік саясаттың бірі – тұрғындарды сапалы әрі таза ауыз сумен қамтамасыз ету. Осыған орай, 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік «Ақбұлақ» салалық бағдарламасы қабылданған. Оны жүзеге асырудың нәтижесінде елді мекендерді орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету, суды есептегіш құралдарды қалалық және ауылдық жерлерде орнату, жерасты суларына зерттеу жұмыстарын жүргізу шаралары қарастырылған.



Бүгінде бағдарлама табысты жүзеге асуда. Аталған бағдарламаның арқасында ұзақ жылдар бойы таза судан тапшылық көрген еліміздің тұрғындары, әсіресе, ауылдағы ағайын таза суға жарып, қуанышы қойнына сыймай жүр. Ел ішінде елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары әлі де жалғасатынын ойласаңыз, әлі талай шаңырақтар қуанышқа кенелері сөзсіз.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, мемлекеттік «Ақбұлақ» бағдарламасы қабылданғаннан бергі бес-алты жылда ауылдық жерлерді орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету көрсеткіші 50 пайыздан асқан. Қалалық жердегі көрсеткіш те едәуір өскен. Ал 2020 жылға қарай тұрғындардың 98 пайызы сапалы және құрамы санитарлық талапқа сай ауыз суға қол жеткізуі тиіс деген талап қойылған белгілі. Мемлекет басшысының осы тапсырмасын орындауға таза ауыз суға тапшы ауыл-аймақ әкімдері белсенді кірісуде. Осы орайда орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамту көрсеткіші Алматы облысында 86%-ды құрағанын атап өткеніміз жөн. Бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Дегенмен, сапалы ауыз сумен қамту жұмысы әлі де жалғасады. Осы көрсеткішті 100%-ға жеткізу көзделіп отыр. Сонымен қатар облыста ирригациялық жүйелер мен суармалы жерлерді айналымға енгізу де қауырт қолға алынуда.

Су – тіршілік көзі. «Орман нусыз, жер сусыз болмайды» дейді дана халқымыз. Аймақта осындай тіршілік көзіне көп жылдар бойы зәру болып келе кезде бірден ішуге жарамды су берілмегені рас. Таты бар сарғыш су ағып, тұрғындар су сапасына күмән тудырды. Артынша жауапты мекеме жөндеу жұмысына кірісіп, барлық кемшілік жойылды. Қазір бір көшеден аздаған сарғыш су ағып тұр. Ол біртіндеп тазарып кетеді деп отырмыз. Оның да басты себебін жобалап тұрмыз. Су жинағыш мұнара мен көлден су соратын қондырғының арасындағы құбыр металдан қойылған. Оны көктемде қайта қалпына келтіріп, пластикалық құбырмен алмастырып беруге қаржы бөлініп, елді мекенге су тарту жұмысы оңайға соқпағанын айта кеткен жөн. Өйткені, жұмсалған қаржы аз болған жоқ. Қазір де таза суға қолы жетпей, шөліркеп отырған, жағдайы Қарақұмға пара-пар елді мекендер бар. Бірақ Қарақұмның жағдайын тез арада шешпесе, соңы ауыр апатқа апарып соғатынын сезген облыс, аудан басшыларына алғыс айта кеткен жөн. Ауыз су жеткізу жұмысының бар жауапкершілігін мойнына алған «Айко» ЖШС-іне де оңай болған жоқ. Өйткені, жер қыртысы негізінен тасты болып келетін Арқа жері техникалық жұмыстарға да көп кедергі келтіріпті. Құбыр жөндеумен айналысатын жұмысшылардың тұрмыстық жағдайында да сан түрлі қиындық кездесіпті. Ауыр техника мен су насостарын сонау Балқаш көлінің бір мүйісіндегі Күркілдекті деп аталатын елді мекеннен айналдырып жеткізуге қыруар қаржы жұмсалған. Осындай қосымша жұмыстар уақытты алып, жоспар белгіленген мезгілде бітпесе де, сапалы атқарылған жұмыс жұрттың қуанышын еселеп жатыр.

Таза ауыз судың іргесіне жеткеніне тұрғындар риза. Сонымен қатар құбыр суын жеткізуге байланысты қосымша жұмыс орындары ашылып, екі қолға бір күрек таба алмай жүрген ауылдағылар жұмысқа орналасып, нәпақа табуға мүмкіндік беріліпті. Егер ауылға бара қалсаңыз, шашыраңқы орналасқан ауылдың киреберісіндегі сутартқыш мұнара бірден көзге шалынады. Көл жағасында орналасқан насос үздіксіз жұмыс істеп тұр. Оның барлық жұмысына Қырықбай Жұмабайұлы жауапты. Сырттан келген қонаққа жаңа насос жұмысын таныстырудан жалықпайды. Оның айтуынша, ауылда тоқсан үйге су құбыры тартылған. Барлығы да осы суды кәдеге жаратып отыр. Құрылғының барлығы жаңа.

– Біз суды жерастынан емес, тікелей көлден тартып отырмыз. Одан мұнараға құйылып, артынша сүзгіден өтеді. Құрамындағы барлық зиянды элементтер сүзгіде қалып, халыққа таза су беріледі. Осы қызметтердің барлығы автоматты түрде атқарылады. Әрине, алғашқы жауапты мекеме уәде етіп отыр. Осыдан кейін барлығы тазарып шығады, – дейді Қырықбай Жұмабайұлы.

Өткен жылдың қараша айында қолданысқа берілген нысанның жұрт қуанышын еселегені соншама, ауылдағы қай үйге бас сұқсаң да, жарасымды әңгімеге куә боласың. Біз де тұрғындардың пікірін білмек болып, бірсыпыра шаңыраққа бас сұқтық. Сол қатарда Тілешбек Рымжанұлының шаңырағындағы отанасы Гүлнар Намазбекова бұрын су тасып қиналып жүргенін айтып, енді үйдегі ағып тұрған суды пайдаланып, кеңіп қалғанын айтып берді:

– Барлық керегімізге жаратамыз. Судың дәмі жақсы. Бұрынғы тірлікке қарағанда көп ілгеріміз. Үйдің ішінен ағып тұр. Бұрынғыдай көлден мұз ойып шанамен тасымаймыз, тәубе, – дейді ол.

Әр ісін тәубешілікпен түйіндейтін қазақ баласы көп жылғы ауыртпалықтан арылғанына дән риза. Марал Қуанышбекқызының шаңырағы да таза суға қол жеткендеріне алғыс айтып отыр.

– Біздің көшеде мөп-мөлдір су ағып тұр. Жағымсыз иіс те, бөгде дәм де жоқ. Ішсең шөлің қанады, қайнатсаң шайың да маңдайыңды терлетеді, – дейді ол.

Таза суды біз де ішіп көрдік. Тұрғындар айтқандай, мөлдір, таза су. Ауыл тұрғындарының қуанышын бөлісіп, түйінді мәселенің түпкілікті шешілгеніне бізде риза болдық. Осылайша, халықты таза ауыз сумен қамтуды көздеген «Ақбұлақ» бағдарламасының ырыздығын мыңдаған тұрғын көруде. 2020 жылға дейін жалғасатын мемлекеттік бағдарлама әлі де ауыз суға зар болған талай шаңырақты шаттыққа бөлемек.

«Ақбұлақ» бағдарламасы – сусаған жандарға үміт сыйлайтын үлкен олжа. Сонысымен де бағдарламаның тұрғындар үшін маңызы зор, пайдасы мол. «Су қадірін білмеген, ел қадірін білмейді» деген де нақыл бар. Бірақ судың қадірін әбден сезінген Қарақұм ауылындағылардың ел қадірін де әспеттейтінін білдік. Ауыз суға деген тапшылықты шешіп алған олар енді ауылды өркендетуді көздеп отыр.

Қажет АНДАС,
Қарақұм ауылы
Алматы облысы
Суретті түсірген
Жұмабай МҰСАБЕКОВ



Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы қала іспетті елді мекендердің, шағын ауылдардың жаңа тынысын ашты.



ҚАЛАҒА ҰҚСАЙТЫН АУЫЛ

Халықтың өмір сүру сапасын арттыруды көздейтін бағдарлама аясында еліміздің түкпір-түкпірінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін ең негізгі дәйек – инфрақұрылым, яғни энергия және жылу көздерін, газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау жұмыстары атқарылып жатыр.

Атырау қаласына қарасты Геолог – ең ірі ауылдық округтердің бірі. Құрамына жеті елді мекен кіретін Геолог ауылдық округінің жер аумағы бүгінгі күні 21 637 гектарды құрап, онда 18 мыңға жуық отбасы тұрып жатыр.

Геолог ауылдық округінің әкімі Қуандық Жақиялиевтың айтуынша, округ аумағында орналасқан

«Бағдарлама халықтың өмір сүру сапасын арттыруға (тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды – энергия және жылу көздерін, газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға), өңірлердің экономикалық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ өңірлерді функционалдық типологиясына және экономикалық әлеуетіне сәйкес дамытуға бағытталған, олардың нарықтық бастамада ішкі шоғырлануына, өзін-өзі ұйымдастыруға және өзін-өзі дамытуға көшуіне ықпал ететін әкімшілік-құқықтық және экономикалық сипаттағы шараларды айқындайды»

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасынан)

Геолог, Мирас, Бірлік, Теңдік теміржол бекеті, Новокирпичный елді мекені «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында инжнерлік-инфрақұрылым жүйелерімен толықтай қамтамасыз етілген.

Біздің сауалдарымызға түсініктеме берген Қ.Жақиялиев «Геолог ауылдық округі бойынша барлығы 5 600 метр жолға тас төселді. Атап айсақ, Бірлік ауылының 11 көшесі. Бірлік ауылы бойынша былтыр 22 көшеге тас жол төсеу қажет болса, қазіргі таңда 11 көшеге тас жол төселді. Қалған 11 көшеге, сонымен қатар Мирас ауылында Тұрар Рысқұлов көшесі мен №13 көшеге ұзындығы 1 шақырым және Геолог ауылында 1 көшеге ұзындығы 1 шақырым тас жол төсеу жұмыстары 2019-2020 жылдың жоспарына енгізілді. 2018 жылдың басында «Геолог ауылдық округі әкімі аппараты» ғимаратының айналасына 1000 шаршы метрге тас жол төселді», – деді.

Бұдан бөлек, «Мемлекеттік жекеменшік әріптестік» арқылы жалпы ұзындығы 4280 метр болатын көшеге аспалы шам тартылды. Геолог және Мирас елді мекендеріне ұзындығы 2580 метр, Бірлік ауылында Қорқыт ата, Загородный көшелері бойымен 1700 метр жерге көше шамы орнатылды.


Тағы бір жаңалық, Бірлік ауылындағы Ақтау көшесі бойынан Элеваторный көпіріне дейін, ұзындығы екі шақырым болатын көше шамдары жөндеуден өтіп, іске қосылды. Өңір әкімі «Бұл мәселе 2012 жылдан бері шешілмей тұрған еді. Қазіргі таңда көпір бойы жарықтандырылып, тұрғындар игілігін көріп отыр», – деді.

Сондай-ақ Геолог ауылдық округіне қарасты Атырау – Доссор тасжолы бойына ұзындығы 20 шақырымды құрайтын аспалы шамдар орнатылып, енді бұл маң түнде де жарық болып тұрады. Енді Геолог, Мирас елді мекені бойынша Құрылысшылар, З.Көшалиев және С.Қарынбаев көшелеріне түнгі көше шамдары орнатылады. Елді мекен әкімінің айтуынша, қазіргі таңда Қарабатан елді мекенінде 11 үй, №496 разъезде 6 отбасы тұрып жатыр. Аталған теміржол бекеті елді мекендері көгілдір отынмен қамтамасыз етілмеген. Себебі бұл жердегілерді Атырау қаласына көшіру мәселесі көтеріліп келеді. Мәселені түпкілікті шешу жолдары қарастырылуда.

Геолог елді мекенінің тұрғыны **Алтын ШОМАЖАНОВА** «Мен



Геолог елді мекеніндегі №65 үйдің тұрғынымын. Бұрындары Геолог жері жағалай саз балшық болатын. Әсіресе, баламды дүниеге әкелген кезім естен кетер емес. Өзіміз жолдың шетіндегі жатақханада тұратынбыз. Баланы емханаға апаратын кездері қатты қиналатынмын. Жолға дейін жеткенше саз балшық етікке жабысып, аяқ киімді былғайтын. Қазір ол күндердің барлығы артта қалды. Геолог ауылының әр көшесіне тақтайдай тегіс жол төселген. Ауыл ішіндегі асфальт әр үйдің тұсында жүріп жатыр. Бұрын балшықтан қашып, кеш батқанша үйге жетіп алуды ойлайтын болсақ, қазір керісінше, кешкілік ауыл іші мәре-сәре болып жатады. Жұмыстан қайтып келе жатқан тұрғындар бір-бірімен амандасып, балалар ойнап, әдемі көрініс кәдімгідей көңілге қуаныш ұялатады», – деді.



Ал ауыл көшелерінің жарықтандырылуына да тұрғындардың көңілі тоқ. А.Шомажанова «Ауылымызда жарықтандыру мәселесі де толықтай шешіліп отыр. Көшеде түнімен жүрсеңіз де, қараңғылықтан қорықпайсыз. Себебі, жарық бар жерде тәртіп бар. Тәртіп болған жерде қауіпсіздік бар», – деді.

Ел экономикасының жетекші күшіне айналған Атырау өлкесі күн санап көркейіп келеді. Соның ішінде, Атыраудың маңынан бой көтерген елді мекендер қатары көбеюде. Тасқала, Балауса, Еркінқала сынды ауылдар өз алдына үлкен құрылыс аймақтарына айналды. Меніңше, бұл көрсеткіштердің барлығы халық тұрмысының жақсарғандығын көрсетеді.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Елімізде шағын және орта бизнесті дамытуға және қолдауға бағытталған бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылуда. Солардың қатарында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының берері көп. Егер сіздің бизнесіңіз бағдарламаға қатысушыларға арналған экономиканың басым салаларының тізіміне енсе, онда екінші деңгейлі банктерде несие рәсімдеу кезінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, несиеге кепіл беру сияқты мемлекеттік қолдау шарасын пайдалана аласыз. Ал инновациялық жоба ұсынсаңыз, мемлекеттік грант бөлу жобасына қатысуыңызға болады.

ЫРЫС пен ТАБЫС – КҮРІШТЕ

Бүгінде мемлекеттік көмекке ие болып, ырысын шалқытып отырғандардың бірі – «Өтес» күріш өңдеу зауыты. Аталған кәсіпорын туралы көптен бері құлағдар едік. Бірақ жұмысын көзбен көріп, тіршілігін көкейге түйіп қайтуға уақыт болмай жүрген еді. Соның орайлы сәті туып, қыстың көзі қырау болса да, жолға шығып едік. Зауытқа ат басын тірегенде ондағы қызу тірлікті көріп, жолдың да шаршатқанын ұмытып кеттік. Зауыт директоры Дүйсенбек Нұрланов және аудандық кәсіпкерлік палатасының мамандары кәсіпорынның барлық жұмысымен таныстырып шықты.

Аумағы ат шаптырым аумаққа орналасқан 5-6 ғимараттың бәрінде қыз-қыз қайнаған тірлік. Біріне шикізат жиналса, енді бірінде күрішті тазалайтын қондырғылар дамылсыз жұмыс істеуде. Үлкен қақпаның киреберісіне орналасқан қамбаның айналасы да ығы-жығы адам. Дайын өнімді көліктеріне тиеп алып, жайлап қайтып жатқан тұтынушылар. Келесі үлкен ғимараттың іші толған өндіріске керекті құрал-жабдық, егіс науқанына қажетті техникалар аулада тіз қатар тұр. Зауыттың негізгі жұмысы ауланың дәл төріндегі үлкен ғимарат ішінде. Мұндағы жұмыс тәртібі ұқыптылықпен жазылып, арнайы ілініп қойылған. Осыны көріп әрбір жұмысшы осы тәртіпке бағынады-ау деген ойға қалдық. Қамбадағыдай көп адам көзге көрінбейді. Жұмыстың бәрі техниканың күшімен атқарылады. Жылжымалы құбыр арқылы қамбадан жеткізілген күрішті станоктардың бірі жуып, енді бірі кептіріп, келесісі күрішті бір бөлек, тасты бір бөлек айырып, одан ары дәнін сыртқы қауызынан айырып, ең соңында желдеткіш арқылы шаңын қағып, тап-таза өнімді қаптауға жөнелтіп жатыр. Бұл жерде техниканың дұрыс жұмыс істейтінін қадағалайтын маман мен дайын өнімді 25,50 келілік қаптарға салып және оны зауыт ішінде еркін қозғалатын шағын көлікпен қамбаға таситын жұмысшылар ғана көзге шалынады.

Кәсіпорын 2003 жылы іске қосылған. Жыл өткен сайын жұмысы жанданып, бүгінде өңірді сапалы өніммен қамтамасыз етуде. Кешен неміс технологиясы бойынша жұмыс істейді. Тәулігіне 30 тоннадан астам күріш өңделеді. Ал жекеменшік зертханада шикізат пен дайын өнімге сараптама жасалады. Осы және өзге де мәліметтерді «Өтес» күріш өңдеу зауытының маманы Ернар Дәулетхан былайша баяндап берді: «Бұл аппарат сағатына 3 тонна өнім өңдіреді. Барлығы автоматтандырылған. Өңдеу тәртібі мен сапасын технологтар бақылап отыр. Шикізат өзімізден. Зауыттың 2 мың гектар жер телімі бар. Сол жерде жылда күріш өсіріп, орташа есеппен 6 мың тонна өнім аламыз».



Әңгіме барысында Кәсіпкерлер палатасы аудандық филиалының директоры Бөріхан Әбдібаев: «Балқаш ауданында күріш өсіру мен оны өңдеу ыңғайлы. Шаруа қожалықтары мен кәсіпорындарға жас агрономдар мен инженерлер өте керек», – деді.

Соңғы жылы Жетісу жерінде 11 500 гектар жерге күріш егілсе, соның дені Балқаш ауданына тиесілі. Былтыр 8891 гектар жерге күріш себіліп, 38368 тонна өнім жинап, гектар берекелігін 43 центнерден асырды. Соның ішінде «Өтес-Ақдала» шаруашылығы 2 мың гектар алқапқа күріш егіп, өнім көлемін еселеді. Айта кетерлігі, ауданда күріш өсіретін шаруашылықтар жеңілдетілген жанар-жағармай, тыңайтқыш пен тұқымға да субсидия алуда.

Жетісудың сулы да нулы бұл аймағы күріш өсіруге өте қолайлы. Оның себебін кешен директоры Дүйсенбек Нұрланов былай түсіндірді: «Балқаш өңірінде өсірілген күріш экологиялық жағынан тазалығымен ерекшеленеді. Оған бір жылдары шетелдік қонақтар көз жеткізген. Бірнеше рет арнайы келіп, топырақ пен судың, тіпті ауаның да құрамын мұқият зерттеуден өткізген. Олар өңірде өсірілген өнімнен балалар тағамын дайындауға болады деген тұжырымға тоқтапты. Бұл өнімге берілген жоғары баға».

Зауытта 12 адам жұмыс істейді. Соның бәрі Бақанас ауылында жұмыссыз жүрген жастар. Жұмысшылардың жалақысы шығарған өнімнің мөлшеріне байланысты беріледі.



Цех ашылғаннан бері жұмыс істеп, айтарлықтай тәжірибе жинақтап қалған азаматтардың орташа жалақысы айына 70 мың теңге көлемінде.

Бұрындары мұндай өндіріс орындары дайындалған күріштің бір бөлігін үлгергендерінше ақтап, қалған дән астық қабылдау кәсіпорындарына шала күйінде өткізілетін. Сол кезде бастырылған астық толықтай өздерінде ақталып, сауда орындарына дайын өнім күйінде өткізілсе, табыс та еселене түсер еді-ау деген ой көңілдің бір түкпірінде тұратын. Ақыры «Өтес» күріш өңдеу зауыты жыл бойы тоқтаусыз жұмыс істеп, күріш ақтаумен айналысатынын естігенде, сол мақсатқа қол жеткеніне риза болдық. Осы төңіректе ой қозғаған зауыт директоры: «Бірнеше жыл бұрын күрішті алыс шетелдерге экспорттадық. Өткен жылдары көрші мемлекеттерге де шығардық. Алушылардың қатарында еліміздің облыстары да болды. Бүгінде дайындаған өніміміз Алматы қаласы мен облыстан артылмайды», – дейді.

«Ақ маржан» өсірумен айналысатын шаруашылықтардың ақтауды да қолға алуы қажеттіліктен туындаған. Қазір шағын зауыт осы өңірдегі серіктестіктердің қай-қайсысында да бар десек, ешбір асырып айтқандық емес. Кәсіпорын директорының айтуынша, өткен жылы 400 тонна күріш, 100 тонна дән жармасы мен 80 тонна күріш ұнын өндірген. Кейінгі жылдары Жетісу жерінде «Өтес» ЖШС сияқты ауыл шаруашылық өнімін өңдеумен айналысатындардың қатары көбейді. Өйткені, шикізат сатудан гөрі, оның өнімін экспортқа шығарудың пайдалы екендігі анық.

Нақты дерек-дәйекпен көрсететін болсақ, бүгінде облыстағы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 115,6 мың бірлікті құрап, шығарған өнім көлемі 830,6 млрд теңгеден асты. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде 4,4 млрд теңгеге 265 субъекті қолдау тапты.

Мемлекеттен берілетін көмекке ризашылығын білдірген балқаштық күрішшілер: «Бізге мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Сондықтан алдағы уақытта күріш алқабын барынша ұлғайтамыз», – деп білегін сыбанып отыр.

«Жалпы елдің орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз ету жеке кәсіпкерліктің және, ең алдымен, шағын және орта бизнестің даму жай-күйі мен деңгейіне тәуелді. Мемлекеттің экономикалық өсуіне ықпалын тигізетін бәсекелестіктің дамымауы, материалдық және материалдық емес ресурстарды тиімсіз пайдалану, ішкі сұраныстың импортқа тәуелділігі, жұмыссыздық, кедейшілік және басқалары сияқты көптеген проблемаларды шешу үшін экономиканың нақ осы секторының әлеуетті мүмкіндіктері өте зор»

(«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасынан)

Қажет АНДАС,
Балқаш ауданы
Алматы облысы
Суреттерді түсірген
Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Қаржы

Осы аптада еліміздің қаржы министрі Әлихан Смайылов баспасөз мәслихатына қатысып, БАҚ өкілдерін өткен жылы атқарылған жұмыс қорытындыларымен таныстырды. Министрліктің биылға арналған жоспарымен де ой бөлісті.

РАҚЫМШЫЛЫҚ РАХАТЫН КІМ КӨРЕДІ?

БЮДЖЕТТІҢ БҮЙІРІ ТОҚ

Қаржы министрінің есебінше, былтыр бюджеттің барлық деңгейі бойынша жоспарланған кіріс мөлшері артығымен орындалды. Жиынтық бюджет – 102,6%, Ұлттық қор – 102,3%, республикалық бюджет – 102,3%, жергілікті бюджет – 102,8%.

Мемлекеттік бюджет кірісі *(трансфертті есептемегенде)* 8 208 млрд теңгені немесе жоспардың 102,4 пайызын құрады. Республикалық бюджет 5 849 млрд теңгемен толықты. Бұл жоспардан 130 млрд теңгеге және 2017 жылмен салыстырғанда 836,3 млрд теңгеге артық.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, жоспарды артығымен орындаудың өз себебі бар. Негізінен бұл мұнайға экспорттық кеден бажы есебінен *(214 млрд теңге)*, металдардың орташа бағасының 6,5 пайызға ұлғаюы, сондай-ақ 46 млрд теңге көлеміндегі пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық *(ПҚӨС)* есебінен болды. Ал корпоративтік табыс салығынан түсім – 148, 8 млрд теңге, қосымша құн салығы бойынша түсім – 370 млрд теңге.

Жергілікті бюджет түсімі 2,4 трлн теңгені құрап, жоспардан 64 млн теңгеге асып түсті. Сөйтіп 2017 жылмен салыстырғанда, жергілікті бюджет түсімі 218 млрд теңгеге ұлғайды.

Түсімнің бұлайша көбеюіне елдегі орташа айлық жалақының өсуі әсерін тигізді. Өйткені соған сәйкес жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық өсті. Сондай-ақ салық және кеден әкімшілендіруді жетілдіру де өз септігін тигізді. Қаржы министрлігінің есебінше, соның нәтижесінде 410 млрд теңге қосымша түсім алынды. Цифрландырудан қосымша 100 млрд теңге түсті. Тексерулердің сапасын арттыру арқылы, қоса есептелген сомаларды өндіріп алудың өсімін 35 пайызға арттыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде тексеру есебінен бюджетке қосымша 45 млрд теңге түсті. Дегенмен бизнеске жасалатын қысым бірте-бірте азайып келеді. Мәселен, 2016 жылы тексеру саны 77 мың болса, 2017 жылы – 42 мың, ал 2018 жылы 38 мың болды.

Қаржы министрі бюджет шығыстары негізінен әлеуметтік салаға бағытталғанын атап өтті. Шығыстардың басым бөлігі халықты ауыз сумен қамтамасыз ету, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, шағын несие беруді кеңейтуге бағытталған. Сондай-ақ «Рухани жаңғыру», «Нұрлы жер» және «Нұрлы жол», «Агробизнес – 2020» бағдарламалары шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуге айтарлықтай қаражат бөлінді.

МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ

2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша, мемлекеттік борыш – 14,5 трлн теңге *(40,0 млрд доллар)*. Бұл – ЖІӨ-нің 24,8 пайызы.

Мемлекеттік борыштың жалпы көлемінің 75,6 пайызы, яғни ол 11 трлн теңге *(30,2 млрд доллар)* – үкіметтік қарыз. Үкіметтік борыштың жалпы көлемінде ішкі борыш 55 пайызды құрайды, 45 пайыз – сыртқы борыш.

Үкіметтің күш-жігері үкіметтік борыштың абсолюттік көрсеткіштерін қысқартуға емес, оны қауіпсіз деңгейде ұстауға бағытталған. Борыштық жүктеме халықаралық рейтинг агенттіктердің ұсынысына сәйкес 2018 жылы – 15% лимитте 12,2% деңгейінде қалыптасты.

Осылайша, қазіргі уақытта үкіметтік борыш деңгейі мен оған қызмет көрсету және өтеу бойынша ағындар рұқсат етілген және қауіпсіз шекте деп айтуға болады.

Қаржы министрі еліміз орта мерзімді кезеңде борыштық міндеттемелерін орындай алады деген сенімде.

САЛЫҚ РАҚЫМШЫЛЫҒЫ

Салық рақымшылығы шеңберінде 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша берешегі төленген жағдайда, салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген өсімпұл мен айыппұл кешіріледі.

Бүгінге дейін 28 мың салық төлеуші 5,9 млрд теңгеден астам қарызын өтеді. Соған орай 1 млрд теңге өсім және 0,1 млрд теңге айыппұл есептен шығарылады. Салық рақымшылығына 210 млрд теңге қарызы бар 90 мың шағын және орта бизнес субъектілерінің салық төлеушісі ілігеді. Бұл қарыз төленген кезде қаржы министрлігі 130 млрд теңге өсімақы мен айыппұлды алып тастайды. Ал жеке тұлғаларға қатысты салық рақымшылығын жүргізу мақсатында Салық кодексіне тиісті өзгертулер енгізу керек. Қазір 1



млн 387 мың адамның 21 млрд теңге көлемінде салық берешегі бар. Оның 6,6 млрд теңгесі – өсім.

2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, қарызын өтеген азаматтардың өсімі жойылатын болады. Сондай-ақ оңалту және банкроттық бойынша заңға түзетулер мен толықтырулар енгізу жұмысы қолға алынды. Өйткені қолданыстағы заңда оңалту мен банкроттық процестеріне кіру бойынша нақты шарттардың жоқтығы және сол процестердің ұзақтығы қиындық тудырады. Бұл заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауына жіберілді.

КӨМЕК НЕ ҮШІН КӨРСЕТІЛДІ?

Қаржы министрінің айтуынша, мемлекеттің «Цеснабанкке» көмек қолын созуының өзіндік себебі бар. Бұл агроөнеркәсіп кешенін қолдау үшін керек болды. Өйткені ауыл шаруашылығы бойынша берілген несиенің 65 пайызы «Цеснабанктің» үлесінде. Мұндай жәрдем көрсетілмеген жағдайда көктемгі егіс жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізу және ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жұмыс орындарын сақтау қиынға соғар еді.

Банк бірінші траншта 450 млрд теңгенің несие қоржынын, ал екінші траншта 604 млн теңгенің несие қоржынын иеленді. Айта кету керек, бұл республикалық бюджеттен емес, қайтарым негізінде тартылған қаржы.

Ол қалай жүзеге асты? Түйткілді несиелер қоры өз облигацияларын қор биржасына орналастырды. Осы облигацияларды Ұлттық банктің еншілес мекемесі Қазақстан тұрақтылық қоры сатып алды. Одан кейін сол қаржыға «Цеснабанктің» аграрлық қоржыны сатып алынды.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, уақыт өте бұл қоржын жеке бизнеске сатылады. Сонда бүкіл қаржы Қазақстан тұрақтылық қорына қайтады.

Қорыта айтқанда, еліміздің қаржы министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру, бюджет арқылы барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындау және бизнес мүдделерін қолдауды қамтамасыз ету бағыттарына басымдық беруді жалғастырады.

Талап ТІЛЕГЕН

ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР

Алматы облысында 9 мың шақырымға жуық автокөлік жолының 6 мың шақырымнан астамы республикалық, қалғаны облыстық, аудандық маңызы бар жол. Оның 250 шақырымы қауіпті жолдар қатарында. Бұл топқа Алтынемел, Кеген және Арқарлы асуы мен қыстыгүнгі қалыпсыз ауа райы мен қатты желдің әсерінен күртік қар басып қалып, көлік қозғалысын қиындататын кейбір жол бөліктері кіреді. Сонымен қатар Алматы – Бішкек автожолының 786-790 шақырымы және Қарасай, Іле, Талғар сияқты үш ауданның аумағын кесіп өтетін айналма жолда көлік кептелісі жиі қайталанып, жүргіншілердің мазасын алатын. Енді бұл қиындықтар артта қалатын сияқты.



Алматы – Бішкек автожолының бойында орналасқан «Апорт» сауда орталығы, «Алтын Орда» базары мен «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің маңынан өтетін күре жолдағы көлік кептелісі жұрттың жүйкесін жұқартқанына біраз жыл болды. Күніне 52 мың көлік өтетін жолда үнемі айқай-шу, талас-тартыс, тәкәтірес болып жататын. Қазір де солай. Әйтсе де, алдағы уақытта осының барлығы сап тыйылатын тәрізді. Бүгінде аталған жобаның құрылыс жұмысымен бас мердігері «Дәулет-Дорстрой» ЖШС айналысуда.

Жол салуға республикалық бюджеттен 9,1 млрд теңге бөлінген. Жалпы ұзындығы 4 шақырым жолдың Алматы қаласынан шығаберісі 10 жолақты болады. Райымбек ауылына жақындағанда сегіз, одан кейін алты жолаққа ауысады. Одан кейінгі күре жол әдеттегідей төрт жолақты болып жалғаса береді. «Алтын Орда» базарының жанындағы он жолақты жолдың төрт жолағы транзиттік көлікке, екі жолағы жолаушылар автобусына, екі жолағы ауылдан келетін көліктерге, екі жолағы базарда жұмыс істейтіндердің темір тұлпарларының жүріп-тұруына арналады. Құрылыс барысында жаяу жүргіншілер үшін 3 жер үсті жолы, бір көпір және Абай, Іргелі ауылдарының қиылысында 700 метрге созылатын кірме жол салу жоспарланған. Жоба толық аяқталып, пайдалануға берілгенде бұл жолмен күніне 70 мың көлік кептеліссіз жүретін болады.

Аталған жоба басталған тұста «Дәулет-Дорстрой» ЖШС директоры Берік Тілеукеев: «Жолдың құрылысы 2020 жылы шілдеде аяқталады. Біз жоспарды мерзімінен бұрын орындауға бел буып отырмыз. Себебі құрылысқа қажетті материалды өзіміз өндіреміз, зауытымыз құрылыс аумағына жақын жерде орналасқан. Осындай қолайлы жағдай жұмысты уақытынан бұрын аяқтауға мүмкіндік береді», – деп уәде еткен болатын.

Олар уәдесінде тұрды. Мердігер компания 2017 жылы «Ақсай» өзенінің үстінен өтетін көпір және жаяу жүргіншілер үшін жер үсті жолын салуды қолға алумен қатар, құрылыс аумағына су, электр, газ, жылу желілерін тартуға кірісіп кетті. Өткен жылғы қарқындары да жаман емес. Жер үсті жолы салынатын қадалар орнатылып, жер тегістеліп, көліктердің іркіліссіз қатынауына арналған қосалқы жолдар жасалып, біраз шаруа атқарылды.

Десе де, құрылыс жұмысы басталған тұста біраз қиындық туындағаны белгілі. Жол жиегіндегі ағаштарды кесу мен қызыл сызыққа кірген нысандарды сатып алуға қатысты дау туындады. Тіпті жол құрылысын жүргізу үшін Қарасай ауданына қарасты 48 жер телімін сатып алу жағынан да келіспеушілік болды. Әлі де жекенің қолындағы 18 жер телімін мемлекет меншігіне қайтару жоспарда тұр. Дейтұрғанмен, жол жөндеу жұмыстары өз ырғағы, тәртібінен жаңылмай, тоқтаусыз жүргізіліп келеді.

Жобаның бас инженері, «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің өкілі Рәтбек Қошқаров: «Жоба бойынша осы шағын учаскеде эстакадалар мен айналма жолдар (таға) салу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар құрылыс материалын сататын «Леруа Мерлен» гипермаркеті мен «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің және Райымбек ауылының маңында жаяу жүргіншілерге арналған жер үсті өтпелері тұрғызылып, «Алтын Орда» базарының тұсындағы жүргіншілер көпірін салу жұмысы қызу жүріп жатыр», – дейді.

«Асыл Арман» тұрғын үй кешені тұрғындарының негізінен, Алматы қаласында жұмыс істейтіні белгілі. Олардың қалаға кедергісіз шығуы үшін күре жолдың үстімен өтетін көлік жолын салу көзделген.

«Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің тұрғыны Қасира Шәмерханқызы: «Тұрғын үй кешенінің аумағында бір ауданның тұрғыны тұрады десек те болады. Тұрғындардың дені Алматы қаласында жұмыс істейді. Балалары да қаладағы мектептерде оқиды. Күн сайын сауда-саттық, жұмыс бабымен қалаға бірнеше рет барып-келетіндердің көрер азабы көп. Өткен жылдан бері жолды кеңейту жұмысы қолға алынды. Қазіргі қарқыны да төмен дей алмаймыз. Тезірек бітіп, көлік кептелісінен құтыла алсақ, көңіліміз жайланар еді», – дейді.

Бүгіндері бұл құрылыста 380-400 адам еңбек етеді. Жоспар бойынша нысанды 2020 жылы аяқтау керек болса, мердігерлер биылғы жылдың соңына дейін құрылыс жұмыстарын толық аяқтауды мақсат етіп отыр. Тосын кедергілер болмаса, ойларының орындалатынына сенімді.

Жетісулықтардың тағы бір бас ауруы Батыс Қытай – Батыс Еуропа күре жолымен керуен тартып, Алматы қаласы арқылы өтетін көліктердің іркіліссіз қатынауын қамтамасыз ететін Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы еді. Көп өтпей бұл қиындықта шешілетін түрі бар. Қарасай, Іле, Талғар сияқты үш ауданның аумағын кесіп өтетін айналма жолдың жобасы 2013 жылы қолға алынған еді. Алматы қаласының аумағы ұлғайып, көрші аудандардың жер телімдері қаланың аумағына кіруіне байланысты жоба қайта қарастырылды. Қазір айналма жол өтетін аумаққа орналасқан 722 жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл жерде тұрғын үй, сауда орталықтары, егіс алқабы, мекемелер ғимараты, өндіріс орталығы сияқты нысандар орналасқан.

Жолды салып, бітіру мерзімі – 2018-2021 жылға, пайдалану мерзімі 2036 жылға дейінгі 15 жылға жоспарланған. Жалпы ұзындығы 66 шақырымға созылатын алты жолақты, 1 «а» категорияға жататын жол бойында 41 көпір, 7 жол айырығы салынады. Жоба пайдалануға берілгенде айналма жолдан тәулігіне 38 мың көлік өтсе, толық қосылғанда 104 мың көліктің іркіліссіз қатынауына мүмкіндік туады.

Инвестиция және даму министрлігінің автокөлік жолдары комитетінің тапсырысы бойынша қолға алынған жобаны түркиялық «Алсим Аларко» АҚ мен «Макйол Иншаат» АҚ және Кореяның «Жобалау және құрылыс ҚК», «Корея Экспресс» құрылыс компаниялары серіктесіп жүзеге асырады. Олар күрделі инженерлік жұмысты атқаратын мамандардан басқа 90 пайыз жұмысшыны жергілікті тұрғындардан алғалы отыр.

Жол құрылысына жауапты мердігер «Алсим Аларко» АҚ-нің вице-президенті Аббас Шахинӣ: «Жоспар бойынша 2018 жылы дайындық жұмыстарын аяқтап, биылдан бастап жол салуға қарқынды кірісеміз. Бәрі ойдағыдай болса, 2021 жылы жолды тапсырамыз. Оған қуатымыз да, мүмкіндігіміз де жеткілікті. Мұндай ауқымды жобаны Қазақстанда бірінші рет қолға алып отырмыз. Бірақ басқа елдерде де жұмыс істегенбіз, тәжірибеміз жеткілікті», – дейді.

Осы жобаны іске асыру үшін облыстық әкімдік жол құрылысына керекті қосалқы материал дайындайтын, тас үгітіп, цемент пен асфальт шығаратын зауыттарды орналастыруға қажетті жерлерді анықтап береді. Осы арқылы мердігер компанияның жұмысқа батыл кірісуіне барынша жағдай жасауда. Алматы – Талдықорған жолы қолданысқа берілгелі жүргіншілердің жүгі жеңілдеді. Бұрындары 4-5 сағатта әзер жететін жерге енді оның жартысындай ғана уақыт кетеді. Бүгінгі заман талабымен салынған тақтайдай жол тұрғындардың талабынан шықты. Мердігер компания өкілдері уәдесінде тұрса, жыл соңына дейін Алматы-Бішкек жолының 786-790 шақырымындағы жол жөндеу жұмысы аяқталады. Көп өтпей Үлкен Алматы айналма автомобиль жолымен де көліктер іркіліссіз қатынайды. Демек, қолға алынған жоба уақытында бітсе, кептелістен қиындық көріп жүрген жүргіншілер жүйкесін жұқартпайтын болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Ойсалар

ЖОЛБАРЫСҚА ЖЕМ БОЛМАЙЫҚ!

Жақында көңілді елең еткізетін бір хабар тарады. «Сырдария-Түркістан мемлекеттік аймақтық табиғи паркінен» Алматы облысының аумағындағы Іле-Балқаш резерватына тоғайлық деп аталатын 5 бас бұхар бұғылары әкелініпті. Бұл бұғылар көбіміздің көзіміз үйренген мүйіздері қарағайдай, Сібір жағының бұғыларына ұқсай бермейді. Бұлардың нәзік, кермарал деген де атаулары бар. Дене тұрқы шағындау, тіпті киіктерімізді де еске түсіреді. Мұндай мекендейтін жерінің көркін өсіретін жануардың өрісі кеңейгеніне қуанасың. Бірақ бұл хабардың екінші жағы көңіліңді өсіре қоймайды.

Әңгіме мынада. Бір ақпараттарға қарағанда, осы әсем жануар сонау тайгада өмір сүретін амур жолбарысы дейтін жырткыштың тамағына арналмақ екен. Бір газеттер бұл хабарға «Жолбарыстың жемі үшін» деп те тақырып қойды. Сол жолбарыстарды осында, атап айтқанда «Іле-Балқаш резерватына жіберетін көрінеді. Мұнда әкеліп не қажеті бар еді, сол адам аяғы көп баспайтын тайгасында жүре бермей ме дейсің. Сөйтсек, олар осында бұдан 70 жылдай бұрын соңғы тұяғы жойылған тұран жолбарысының орнына жіберілмек екен. Бір ғана бұхар бұғысы ғана емес, сол орыс орманының жырткышына арнап жабайы шошқаларды, жерсінген бұғыларды, құландарды, тіпті еліктерді де көбейтпек.

Әрине, табиғатқа жанашырлық керек. Оны қорғау керек. Сол үшін әлемнің жер-жерлерінде табиғи-ұлттық парктер бар. Африкада пілдер, керік, тіпті жырткыш арыстандар сияқты аңдар қамқорлыққа алынып, сондай парктерде өмір сүріп жатыр. Біздің елімізде де сондай мақсатта парктер ашылған. Басқасын айтпағанда, кең даламызды жайлаған құландардың елімізге қайта оралуы әңгіме болғанда, бәріміз желпініп қалғанбыз. Қазақ жерінде, басқа аймақтарда кездеспейтін аң қайта оралса, ол үлкен мақтаныш. Тіпті, оны Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) да қолдайтынын мәлімдеді. Демек, қаржылай көмек те беріледі. Бірақ бұл жырткыштың бірде-бір тұқымы қалмаған екен. Оның орнын осы аймаққа амур жолбарысын әкеліп, соны жерсіндіру арқылы толтырмақ көрінеді. Бұған себеп: жойылған тұран жолбарысы амур жолбарысына айтарлықтай жақын болса керек. Бірақ оны осы аймақтың аңы деп қабылдауға бола ма? Ресейдің қиыр шығысындағы аса суық аймақтың жырткышы Балқаш өңірінің жұмсақтау табиғатын қабылдай ма? Тіпті, қабылдаған күнде, басқа бір елдің жырткышын өз ауылымызда өсірдік, ол енді біздікі деп мақтана аламыз ба?



Мәселенің тағы бір жағы бар. Сол жырткышты Балқаш-Іле резерватына жіберсек, ол адамдарға қауіп емес пе? Қазір бұрынғыдай заман емес. Ұшы қиырсыз бос жатқан жер жоқ. Тұран жолбарысының жойылуы да содан ғой. Ол тіпті адамдардың қолында көп қаруы жоқ, техника-механизмдердің аз кезінде-ақ жойылған. Әрине, жерімізді жайлаған аңдардың, тіпті жырткыш болса да сақталғаны жөн десек те, кеше мен бүгінгінің ерекшеліктерін ескермесек болмайды ғой. Адам сол табиғатымызға үлкен қиянат жасалды. Қамыс-тоғай өртеніп, сол жерге басқадай ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргіздік. Бұдан аймақтың фаунасына да, флорасына да үлкен зиян келді. Енді өз билігіміз өзімізге тиіп, есімізді жиып, өткеннің кемшіліктерін түзетуге қадам жасағанымыз аса құптарлық. Сөйтсе де бұл мәселеде жан-жақты ойлап, парасаттылық деңгейде шешетін жайлар көп.

Енді бұрын осы маңды мекендеген бұхар бұғысын, нәзік бұғыны осы өңірге әкеліп, өсірмекпіз дегенге қуанып жатсақ, оның бір жат жердің жырткышына жем болуы мүмкін екендігіне жаның түршігеді. Сол амур жолбарысынан тұран жолбарысының сондай шаралардың арқасы. Әйтпесе, адамдардың аяғы баса қоймайтын қарлы тау шыңдарын мекендейтін барысымызды қамқорлыққа алғанымыз, санын көбейтіп жатқанымыз құптарлық қадамдар ғой. Бірақ...

Иә, бұл мәселенің «бірағы» көп. Жойылған аңды қалпына келтіру игілікті іс. Сол тұран жолбарысын өзі мекендеген жеріне қайтару туралы өміріне қауіп төндіретін аңдарды жібере салсақ, ол аңға қамқорлық көрінгенмен, адамға деген қатігездік емес пе?

Балқаш көлінің маңы, әсіресе оған Іле өзенінің құяр сағасы қопалы қамысты, тоғайлы болып, біраз жабайы аңдардың мекендеуіне аса қойлайлы. Бірақ осыдан шамалы бұрынырақ, алды-артымызды тереңірек ойламайтын заманда басқа жолы бар. Сол Балқаш-Іле резерватынан 5 гектар, 10 гектар, тіпті 50 гектар болсын, бір жерді биік темір тормен қоршап, соған жіберіп, аштан өліп қалмас үшін оған үйреншікті асы шошқаларды жіберіп отырса, жетпей ме? Әйтпесе, үйреншікті зоопаркімізге кіргізіп қойсақ, болмай ма? Ал, даланың көркі нәзік бұғыларды, еліктерді сол тайга тағысына жеуге бола өсіру – қасиетіңді қорлау екенін ұққанымыз жөн шығар.

Бұл аң-жануарларға қатысты әңгіме. Ал адамға қатыстысы қиындау. Балқаш-Іле резерваты әжептәуір аймақ. Оған амур жолбарысындай тажал жырткыш жіберілер болса, бұл жерге адам қалай барады. Қазір сол аймақта тұрып жатқандар қайтпек? Оларды көшіріп жібереміз бе? Тіпті, сақтық жұмыстары жүргізіледі деген күнде, бұл өңірге жырткыш жіберілді деген соң, ол жаққа есі дұрыс адам аяқ баса ма? Мұны еліміздің көрікті, демалуға қолайлы саналатын Балқаш жағалауынан, оған Іле сияқты сұлу өзеніміздің құяр сағасынан көріне көзге бас тарту демеске шараң жоқ.

Таратылған ақпаратқа қарағанда, сол орыс орманының жырткышы жерімізге 2023 жылы жіберілмек көрінеді. Сол үшін әлемдік жабайы табиғат қоры 10 млн еуро бөледі екен деп қуанып жатқандар да бар. Соған бола көрікті бір аймағымыздан айрылғанымыз, әйтпесе адамдарымызға қауіп төндіргеніміз жақсы болғаны ма? Азырақ ойлансақ, қайтеді осы?

Мамадияр ЖАҚЫП,
Қазақстанның
құрметті журналисі

KÓKEIKESTI 5

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Түйткіл

АТЫРАУДА

БЕКІРЕНІ ӨРТЕП ЖАТЫР

Елімізде жұртты елең еткізген оқиғалардың бірі де бірегейі аса бағалы бекіре балықтарының қынадай қырылуы болды. Зерттеулер мен сараптау нәтижелерінен кейін балық түгел өртелетін болды.



Бекіре өсіретін «Луговой жылқы зауыты» акционерлік қоғамы Атырау филиалының 110 тоннадан астам бағалы балығы енді күлге айналмақ. Қазірдің өзінде қаладағы жануарлар мен медициналық қалдықтарды өртейтін крематорияның 4 пешінде тәулігіне 8 тоннадай балық өртелуде.

Зауыт қызметкерлері бұл жерге көлікпен күніне 4 мәрте қатынап, балықтарды бір апта дегенде әрең тасып бітіріпті. Ал өртеу жұмыстары алдағы он күннің ішінде аяқталады.

Балық зауытындағылардың айтуынша, олар жергілікті полиция департаментінен бекірелерді жоюға рұқсат алған. Содан кейін өлекселерді тездетіп жоюға кіріскен. Өйткені, Жайық бетіндегі мұздың күн өткен сайын жұқаруына байланысты, тонналаған бекіренің өзеннің арғы бетіне тасылмай қалу қаупі туып отыр.

Балықтардың жаппай қырылу дерегі өткен жылдың желтоқсан айында алғаш рет тіркелгені естеріңізде болар. Зертханалық сараптама қорытындысына қарағанда, олардың жаппай қырылуына судағы аммиак пен хлордың мөлшерден көп болуы себеп болған. Қазір осыған байланысты екі қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатыр. Өкінішке қарай, арада үш ай өтсе де, кінәлілер әлі анықталмады.

Бүгінде жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы туралы «AG Disinfection services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкері Әділет Қайыров: «Екі ауысымда күніне 8 тонна балық жағамыз. Осы төрт пеш, төртеуі де жұмыс істеп тұр. Бұйырса, 8 тоннадан жағып өртегенде, осы жұмысты таяу күндері бітіреміз. Түтіні ешқандай зиян емес. Кәдімгідей ауаға ұшып кетеді», – дейді.

Сонымен, бекіреден де береке кетті. Тек өлген балықтардың қара базарға саудаға түсіп кетпегеніне шүкір делік.

Жанар НИЗАМУТДИНОВА

ЖАМБЫЛДА

ЖАРЫҚТАН ЖАРЫҚ ШЫҚТЫ

Тараздың тәртіп сақшылары трагедияның алдын алған. Жұрттың тынышын бұзған өрт екі жеті бұрын болыпты. Электр есептеуіш құралдары орнатылған бөлменің түгі қалмай жанып кеткен еді. Ел үш күн бойы жарықсыз қалған. Ал жұрт, әкімдік бүйректен сирақ шығарды деп отыр. Наразы топтың айтуынша, шенеуніктер жарықты есептеу аппаратын жаңғырту жобасы арқылы орнатуды міндеттеген. Бұл қымбатқа шығып жатқан көрінеді.

Тараз қаласының тұрғыны Жанар Бәйменова: «Модернизацияға кіріндер деп Дүйсен міндеттеп жатыр. Оған кіретін шамам жоқ. Айына 550 теңге дейді. Одан көп болады екен. 15 жылда 300 мыңнан жоғары болып кетеді», – деді.

Әркім тығырақтан шығудың жолын қарастырған. Сөйтіп, көбі су жаңа есептеуіш құралын сатып алыпты. Бағасы 30 мың теңге. Бірақ оны жекелей орнатуға рұқсат жоқ. Атқамінерлердің талабы бойынша 88 пәтердің қуат көзін есептеу қондырғысы бір бөлмеге қойылуы тиіс. Бірақ бұл жүйені жұрт тиімсіз дейді.

Жарықтан жапа шеккен Әли Әлиев: «Бұл жерде көбіне тұрмысы төмен отбасылар тұрады. Мұндай қыруар қаржыны төлеуге шамамыз келмейді. Зейнетақының өзі мардымсыз. 15 жыл бойы қайдан ақша тауып бермекпіз? Мұндай модернизациясына рахмет!», – деп күйінді.

Өрттің электр сымдарының қысқа тұйықталуынан шыққаны анықталған. Оған кінәліні іздеп ешкімнің бас ауыртатын түрі жоқ. Шенділердің сөзінше, ғимараттың электр желілері мен есептеуіш құралдарын жаңалау үшін әкімдік әмиянынан 7 млн теңге бөлінеді. Тұрғындар қаласа да, қаламаса да, бұл соманы 15 жылда санап берулері тиіс. Бірақ ел шошығандай, сонша қымбат емес, бар болғаны айына түтін басына 423 теңге дейді. Тіпті бұған жұрттың басым бөлігі келіскен деп отыр.



КТК телеарнасының материалдары негізінде әзірленді

Тараз қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ғазиз Ерғалиев бізге берген сұхбатында «Тұрғын үй қатынастары заң талаптарына сәйкес, жалпы үйдің басқару органы көпшіліктің шешімі болып табылады. Сол үйдің 70 пайызы осы бағдарлама аясында желілерді толығымен ауыстыру деп шешті. Оған хаттама бар», – деп түсіндірді.

Міне, осылайша әкімдік пен қараша ортақ мәмлеге келе алмай жатыр. Әзірге тұрғындар есептеуіш құралынсыз қуат көзіне тікелей жалғанған. Ал ай соңындағы төлемге келгенде тағы да дау туындауы мүмкін. Себебі бұл жолы әр шаңыраққа емес, адам басына есептеседі.

Руслан ӘБДІХАЛЫҚ

Мәселе

ЖАЛАҚЫ ЖЫРЫ – 2

(Басы 1-бетте)

Арыз-шағым арқалай келгендер компанияның бас кеңсесіне барып, тұмсығы тасқа тиіп, кері қайтты. Өйткені, барлық есік тарс жабық. Телефон арқылы компания басшысымен тілдескенде, ол сұхбат бермейтінін айтқан.

Еске сала кетейік, жұрт жалақысын даулап жүрген жоба Атыраудың Исатай ауданына қарасты Аққыстау ауылында жүргізіліпті. Тапсырыс беруші – Атырау облыстық құрылыс басқармасы. Бүгінге дейін 12 шақырым жерге құбыр жүргізілген. Шерхан Жүсіпов: «Жобаға сай жұмыс істейік десек, оған мұрша бермейді», – дейді. Оны тексеріп жатқан да ешкім жоқ. Құрылыс-жобалау компаниясының сылтауынан көпшілік те шаршаған.

Әңгімені Алдаркөсемен бастап едік. Алдармен аяқтайық. Қазақ аңыз-ертегілерінің «сатиригі» Алдакең кіммен алысса да, ақыр-соңында мұрат-мақсатына жетіп, жеңіп шығады. Шықбермес Шығайбайдың өзін тақырға отырғызған жоқ па? Ендеше, еңбекақысын даулап жүргендерге Алдардың жолы жолдас болғай! Бірақ қазіргі шығайбайлар Алдардың өзін алдап соғады.

Жарас ШӨКЕ

Жолдау – өрлеу өзегі

ӘР ЖОЛДАУДЫҢ ӨЗ ЖҮГІ БАР

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауының бағыт-бағдары айқын, келешегі кемел. Осыған дейінгі жемісті жұмыстарды одан әрі жалғастыру, халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмысын жақсартуды мақсат еткен Жолдау жұртшылық тарапынан зор қолдауға ие болды. Әсіресе жетісулықтардың ықыласы ерекше. Осыған орай біз «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаевпен ой бөліскен едік.

Jas qazaq: Ғалиасқар Төлендіұлы, Президент Жолдауда жаңғыру үрдісіне тоқталып, адамзат баласының жаңа өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басқанын және заманауи технологиялардың әлемді өзгертіп жатқанын атап өтті. Осы төңіректе не айтар едіңіз?


Ғ.Сарыбаев: Біз конституциялық реформаны жүзеге асырып, еліміздің Үшінші жаңғыруын бастадық. Рухани жаңғыру бағыты бойынша кешенді іс-шара жүргізілуде. Елімізде тәуелсіздік алған жылдары ең алдымен, өзінің даму бағытын айқындады. Бүгінгі қол жеткізген жетістіктердің барлығы да соның нәтижесі деуге болады.

Төртінші өнеркәсіптік революцияның түпкі мәні – халықтың әл-ауқатын көтеріп, табыс пен тұрмыс сапасын арттыру жолында көрсетілген міндетті орындау, жауапкершілікті сезіну.

Jas qazaq: Жаңа Жолдау қандай міндет жүктейді?

Ғ.Сарыбаев: «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың нақты жоба-жоспары көрсетілді. Жолдау негізгі 6-бөлім, 21-тарау, 19-тармақшадан тұрады. Оның орындалуына мемлекеттік бюджеттен 1,5 трлн теңге қаражат бөлінеді. Кезекті Жолдаудың негізгі мәні – «Адами капиталды дамыту», әлеуметтік саланы серпілтіп, тұрмыс пен табысты жақсартуға бірлесіп күш жұмсауға үндеу болды. Жалпы, Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына кіруі – бұл ең алдымен өмір сүру сапасы мен деңгейін, еңбек пен тұрмыс жағдайын, инфрақұрылымды, әлеуметтік мәселелерді шешуді жақсартуды білдіреді.

Жолдаудағы міндеттерді жүзеге асыруға байланысты «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын қолдану мерзімі 2025 жылға дейін ұзартылды. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жыл сайын қосымша кемінде 30 млрд теңге бөлуді қарастырылуда. Бұл 3 жыл ішінде қосымша кемінде 22 мың жаңа жұмыс орнын ашуға, 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік береді. Осыған орай, Алматы облысы тұрғындарының 60 мың теңге айлық алатын жұмысшыларына жеке табыс салығын қысқарту арқылы түрлі салада жұмыс істейтін азаматтардың ең төменгі жалақысы 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін көтерілді. Монополистердің инвестициялық міндеттемесіне тиімді мониторинг пен бақылау, бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан қорғау, сауда саясатын реттеу, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру, инновациялық және сервистік секторды дамыту бағытындағы жұмыс та өз деңгейінде атқарылып, жұрт көңілінен шығып жатқаны анық.



Jas qazaq: Жолдауда адами капиталдың жаңа сапасын қалыптастыру туралы айтылды. Осы тапсырма қандай жолмен атқарылмақшы?

Ғ.Сарыбаев: Жолдаудың 7-тарауында рухани-әлеуметтік мәселелер орынды қозғалып, адами капиталдың жаңа сапасы туралы мәселе көтерілді. Мемлекет басшысы «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» дей келе, бұл міндетті шешудің жолын нақтылай түсті. Соның ең бастысы – білім беру бағдарламаларын өзгерістерге үнемі бейімдеу және жаңа білімді меңгертуге күш салу болып табылады. Бұл үрдіс білім мекемелерінің жаңартылған білім мазмұнына көшуі арқылы жүзеге асырылуда. Жаңартылған мазмұн дегеніміз – халықаралық талаптарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен заманауи оқу бағдарламалары. Бұлар біздің балаларымызға қажетті функциялық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дарытады.

Jas qazaq: Халықтың денсаулығы үнемі бірінші орында тұрады. Осы бағытта қандай жұмыс істеліп жатыр?

Ғ.Сарыбаев: Жолдауда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметкерлерді ынталандыру үшін 1 қаңтардан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен 20 пайызға көбейту тапсырылды. Осы мақсатқа келесі жылы 5 миллиард теңге бөлінеді. Сондай-ақ барлық емхана мен аурухана медициналық құжатты қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуге тиіс. Бұл 2020 жылға қарай бүкіл тұрғындардың электронды денсаулық паспортын жасауға, кезекті, бюрократияны жоюға, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Астана қаласында жаңа Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық салынады. Онда озық технологиялық емдеу тәсілі: томотерапия, протонды терапия, кибер-пышақ сынды жаңа технологиялық әдіс енгізіледі. Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырылды. Келесі жылдан бастап Тауар мен көрсетілетін қызмет сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитеті жұмысын бастауға тиіс. Оның қызметі, ең бастысы, азық-түлікке, дәрі-дәрмекке, ауыз суға, балалар тауарына, медициналық қызмет көрсетуге сараптама жүргізуді қамтитын болады.

Jas qazaq: Елбасы Жолдауда «Ақылды қала» құрудың өзектілігіне ерекше тоқталды. Оның экономикалық дамуға қандай әсері болмақ?

Ғ.Сарыбаев: Жолдауда тағы да IT технологияны дамыту мен ақылды қалалардың қатарын көбейту мәселесі де күн тәртібіне қойылды. 2015 жылдан бері Juniper Research *(Женифер Рисөрч)* мобильдік және цифрлық технология сарапшылары «Әлемнің ақылды қаласы» атағын беріп отырады. Экологияны реттеу мақсатында «Ақылды қала», «Ақылды мектеп», «Ауыл», «Аула» тағы басқа жоба қолға алынды. Женивер Рисөрч сарапшыларының пікірінше, қалада енгізілген энерго тиімділіктің ақылды жүйесі 2019 жылға қарай жылына шамамен 9,5 миллиард еуро үнемдеуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда, елімізде «Ақылды қала» – «Смарт сити» жобасына Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Талдықорған қалалары еніп отыр. Болжамдарға сенсек, 2020 жылға қарай әлемде тағы жаңа 600 ақылды қала пайда болмақ. Олар әлемдегі жалпы ішкі өнімнің үштен екі бөлігін өндірмек.

Jas qazaq: Өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру бағытында не айтар едіңіз?

Ғ.Сарыбаев: Әлемдік тәжірибеде ипотекалық несие тұрғын үймен қамтамасыз етудің басты құралы. Мысалы, Норвегия мен Швеция елдерінде тұрғындардың 60 пайызы ипотека арқылы баспаналы болады. БҰҰ әлеуметтік талаптарына сәйкес, бір адамға кем дегенде 30 шаршы метр тұрғын үй берілуі керек. «Нұрлы жер», «7-20-25». Бюджет есебінен салынатын жаппай құрылыс алаңдарына арналған инженерлік инфрақұрылым жүргізуді қоса алғанда, мемлекет бес жыл ішінде 650 мың отбасыға немесе 2 миллионнан астам азаматқа қолдау көрсетеді.

Енді өңірлік және қалалық инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытқан жөн. Осы мақсатқа байланысты биыл қаржыландыру көлемі артты. Жергілікті маңызы бар жолдарға 150 миллиард теңгеге дейін, ауылдық жерлерді сумен қамтуға 100 миллиард теңгеге дейін қаражат бөлінді. «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асырылу мерзімі 2025 жылға дейін ұзартылды. Ішкі істер министрлігінің штаттық санын оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес міндеттерден арылту барысында да жұмыс жүруде. Учаскелік полиция қызметкерлерінің жұмыс сапасын арттыру үшін Алматы облысында тұрғын үймен біріктірілген 220 полиция пунктін салу жоспарланған. 2014 жылдан бері жаңадан салынған 100 учаскелік пунктке тәртіп сақшылары қоныстанып үлгерді. Өткен жылдың соңына дейін тағы 77 пункттің құрылысы аяқталады. Ал қалған 43-інің құрылысы биыл басталмақ.

Сұхбаттасқан Қажет АНДАС,
Алматы облысы

6 jq ÓLKE
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Шаңырақ

ТЕГІ БАСҚА, ТІЛЕГІ БІР

Қазақстан – тыныштық пен келісімнің құтты мекені. Мұны еліміздегі өзге ұлт пен ұлыс өкілдері де жоққа шығармайды. Осы орайда, Қазақстан Халқы ассамблеясының Алматы облыстық филиалы жанындағы «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрайымы Светлана Гаитова ханыммен сұхбаттасқан едік.



Jas qazaq: Светлана Зунынқызы, өмірде көпті көрген анасыз. Қазақстан Халқы ассамблеясын құру идеясы қолға алынғаннан бастап, бүгінгі қоғамдық институтқа айналуына дейін бір кісідей еңбек еттіңіз? Ендеше, Отан деген ұлы ұғымды қалай бағалайсыз?

С.Гаитова: Тәуелсіздік – жер бетіндегі барша халық үшін қасиетті ұғым. Әлемде 2 мыңға тарта ұлт болса, соның 200-ден астамы ғана тәуелсіз мемлекетінде өмір сүруде. Қазақ халқы да тәуелсіздікке жету үшін жүгі нарда, қазаны теңде, аяғы үзеңгіде болды. Ата-бабамыз тозақтың өзін, тағдырдың тезін де көрді. Ұлы бабалар ұрпақ үшін, «ұлым – құл, қызым – күң» болмасын деп дарқан даламыз үшін шайқасты. Бүгінгі бейбіт күн, сөз жоқ, ұзақ жылғы күрестің жеңісі. Осындай қым-қуыт қиыншылықтың нәтижесінде қол жеткізген тәуелсіздіктің қадірі құнды.

Біздер – қазақстандықтар өзімізді бақыттымыз деп айтуымызға құқымыз бар. Себебі сан ғасырлар бойы елі мен жерінің азаттығы үшін күресіп, ұрпақтарына аманат етіп қалдырған қасиетті қазақ топырағында тату-тәтті ғұмыр кешіп келеміз. Асан қайғы бабамыз желмаясына мініп, жаннат жер іздегені туралы аңыз бар. Сол жеруйықты осы қазақ даласынан тапқан екен. Ал бүгінде Қазақстанды мекендейтін барша ұлт пен ұлыс өкілдері осы жердің бел баласы.

Отан деген ортақ жерімен, шекарамен болмаса қандай да бір заң жиынтығымен ғана өлшенбейді. Менің пікірімше, Отан – ортақ рухтың бірлігі. Мақсатымыз, мүддеміз бір болса, Отан алдындағы жауапкершілігіміз де бір ұғымда түйіседі. Сондықтан алға жылжудың, бірлесе күрес жүргізудің басты шарты – патриотизм. Отан мүддесін, ел жайын өзінің жеке басынан биік қоя білген адам ғана өзін нағыз патриотпын дей алады.



Jas qazaq: Еліміздегі көптеген ұлттың өз мемлекеті бар. Алайда олар Қазақстанды Отанымыз деп санайды. Тағдырын еліміздің келешегімен байланыстырады. Оның себебі неде?

С.Гаитова: Мемлекет басшысы бір сөзінде: «Өз жерінде, өз елінде жүріп қазақтай зардап шеккен ешқандай халық жоқ» деген еді. Тарихқа көз жүгіртсек, осы ұлан-ғайыр даланы сақтау үшін қазақ баласы тағдырдың тезіне, өлімнің өзіне барды. Қазіргі қазақ елінің әр төбесінде, әр тасында, әр ауылында, әр адамының жүрегінде сол қиындықтар салған жарақаттың ізі бар. Сондықтан қазақ халқы ешқашан басқалардың өміріне сондай жарақат салғысы келмейді. Қайта ақпейілділігімен, қонақжайлылығымен барлық ұлтты бауырына тартып, тыныш тіршілік етуіне мүмкіндік берді.

Елбасының Ассамблеяның кезекті бір сессиясында: «Біз жеріміздегі бейбітшілік пен келісімге үйреніп кеткеніміз сондай, оны күнделікті жұтып жүрген ауа сияқты аңғармайтын болғанбыз» деген еді. Расында, шетелде біздегі татулықты «Қазақстандық керемет» деп қабылдайды. Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған осындай жерге кім қызықпайды, кім жанымен сүймейді?!

Қазақстаннан Алманияға көшіп кеткен жерлестеріміз жайлы мынадай әңгіме естігенім бар. «Бірде кіп-кішкентай қыз мектепке ентіге жүгіріп кіріп, шешесіне неміс тілінде: «Шеше, біздің қалада Домбыра! Домбыра! Жүр барып тыңдаймыз» деп айқай салған көрінеді. Сонда көптеген адам жұмысын қоя салып, қыздың бағдарлаған жағына барады. Осылайша, туристік мақсатта жүрген қазақстандық автобустың ішінде ойнап тұрған қазақ музыкасын тыңдап, бір жасап қалған екен. Бұл Қазақстанда туған сәбидің қазақ жеріне, оның өнеріне деген сүйіспеншілігін, жүрегіне сағынышы мен махаббатын көрсетеді. Меніңше, қазақтың қонақжайлылығын көріп, ұлттық тағамдарынан дәм татқан, ән-күйін тыңдап, еркіндікке еміреніп өскен әрбір адам қазақ жерінің қасиетін ұмыта алмайды. Осындай кең-байтақ жерде, кең көсіліп өмір сүріп жатқан өзге ұлт тұрғындары үшін бұдан артық берекелі жерді, пейілі кең елді қайдан тапсын! Сондықтан Қазақстанда туған, өскен әрбір азамат ешқашанда елінің ұлылығынан алыстап кете алмайды.

Jas qazaq: Қазақстан бүгінде әлем елдерінің арасында береке мен бірліктің, ынтымақ пен бейбітшіліктің елі ретінде бағаланып жүр. Осының түпкілікті себебі неде?

С.Гаитова: Түрлі тарихи жағдайға байланысты қалыптасқан бір ақиқат бар. Ол – Қазақстанның көпұлтты мемлекет екендігі. Бүгінде мұнда 130-дан астам ұлт пен ұлыстың, 48 әлемдік діндердің өкілі тіркелген. Осының нәтижесінде Қазақстанда өзге ешбір мемлекетте жоқ ұлтаралық қатынас қалыптасты. Жасыратын несі бар, бүгінде әлемнің көптеген мемлекеттері ұлтаралық береке-бірлігімізге қызығушылықпен қарайды. Егер бізде дәл осындай бейбітшілік пен келісім болмаса бұған дейін қол жеткізген табысымыздың барлығынан айырылып қалар едік. Ал мұндай жетістік оңайлықпен келмегені баршаңызға аян.

Сонау 1992 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жария етіп, мемлекеттігінің іргетасын қалай бастаған тұста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халықтары форумында бұл достықтың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе негізінде қалыптасқанын атап айтқан болатын. Әлемдегі түрлі тарихи жағдайға байланысты қоныс аударып келген өзге ұлт өкілдерін бауырына басып, төріне шығарған қазақ еліндей бірде-бір ел жоқ шығар. Олардың бірі – тіршілік жасау үшін келсе, енді біреулері зорлықшыл күштің зобалаңынан жер аударылды. Қазақ халқы солардың бәрін бір-бірінен бөле қараған жоқ. Бірін ішке тартып, енді бірін сыртқа тепкен жоқ. Мүмкіндігінше бәрін бауырына тартып, қамқорлық көрсетті. Егер осындай жылы шырай танытпаса, жер ауып, азып-тозып келген сол жандардың бүгінгі ұрпағы болар ма еді, болмас па еді? Оны тарихтың өзі көрсетті.

Тоқсаныншы жылдардың басында КСРО құрамына кірген барлық республикалар тәуелсіздігін жариялай бастады. Сол тұста жаңа шаңырақ көтерген көптеген мемлекет бірінші кезекте өз ұлтының мүддесін жоғары қойған болатын. Кейбір елдерде мемлекеттік тілді білмегендерді құдалап, тегін өзгертіп, тарихын қайта жаздырып жатқанын да көрдік. Тәуелсіз Қазақстан өзінің алғашқы қадамын мұндай өрескел әрекеттермен емес, қайта қазақ жерін мекендейтін барлық ұлттардың алаңсыз, өз мүмкіндіктеріне сай өмір сүріп, еңбек етуіне жағдай жасаумен бастады. Соның алғашқы көрінісі ретінде Қазақстан Халқы ассамблеясы дүниеге келген болатын. Елімізде ұлттық мектептер ашылып, театрлар өркен жайды, газеттер шығып, Достық үйлері салынды. Соның жанынан этномәдени орталықтар құрылып, өзге ұлт пен ұлыстың мәдениетін, өнерін, тілін өркендетудің жаңа жолы қалыптасты. Басқасын айтпағанның өзінде, бір ғана Алматы облысында 24 этномәдени орталық құрылып, осы өңірдегі барлық мерекелік іс-шара, оқу орындарында өтетін сынып сағаттарына, тағы да басқа шараларға қатысып, береке мен бірліктің, татулық пен теңдіктің жарқын үлгісін жалпақ жұртқа жария етіп келеді.

Jas qazaq: Жасыратыны жоқ, сіз ұйғыр ұлтының өкілісіз, бірақ қашанда мемлекеттік тілге жанашырлық танытып жүресіз.

С.Гаитова: Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігі баршаға белгілі. Солай бола тұра, қазақтар мемлекеттік тілді білмегені үшін ешкімді құдалап, жұмыстан шығарып жатқан жоқ. Ұлттық мектептер, орыс тілінде білім беретін оқу орындары жетерлік. Кез келген жас өркен қай тілде білім аламын десе – өз еркі.

Бір деректерге сүйенер болсақ, қазақтың тілі өзінің әуезін, бітім-болмысын сақтап келген әлемдегі санаулы тілдің біріне жатады екен. Осындай бай тіл әлемге Абай, Шәкәрім, Ілияс, тағы да басқа даналарды сыйлады. Олар қалдырған мұра жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына кірген. Сондай-ақ біз қазақ тілін меңгеру арқылы әлемдік мәдениетке жақындай түсеміз. Біз Қазақстанды Отанымыз деп есептейді екенбіз, онда оның тарихына құрметпен қарап, халықтың тілін де меңгеруіміз керек.

Мен сан ғасырлық тарихы, өзіне ғана тән салт-дәстүрі, өнері мен мәдениеті бар ұйғыр халқының өкілімін. Мен ғана емес, бір ғана Алматы облысының өзінде жүзге тарта ғылым кандидаты, 30-дан аса ғылым докторлығын қорғаған ұйғыр азаматтары бар. Мұнда 12 аралас, 7 ұйғыр мектебі балғындарға білім беріп келеді. Өз ұлтымды біліп, өз тілімде сөйлей аламын. Қандай шаруамен айналысам десем де кедергі жоқ. Өз басым қазақ халқының іргелі ұлт болып, өз салт-дәстүрін жаңғыртуын қалаймын. Өйткені, мемлекетті құраушы ұлт бақытты өмір сүргенде ғана, өзге ұлт өкілдері әрбір істен нәтиже шығара алады. Демек, біз қазақ ұлтының өркендеуі арқылы өз бақытымызды толыққанды сезінеміз деп ойлаймын.

Жасыратыны жоқ, алғаш тәуелсіздік алған жылдары қазақша да, ұйғырша да білмейтінмін. Бірақ өзіме мемлекеттік тілді де, өз ұлтымның тілінде білуім керек деген мақсат қойдым. Сол мақсат бойынша курстарға бардым, сырттай үйрендім, сол арқылы тілдерді жетік меңгердім. Басқа да шетел тілін білемін. Қазір қандай ортада болса да, тілден қиындық көрмеймін.

Егер адам өз ұлтын сүймесе, ол басқа ұлттарға құрметпен қарай алмайды. Мен қазақ тілінің жанашыры болып келемін. Жасым 70-ке таяған шақта мемлекеттік тілді үйрету курсына қатысып, білімімді тереңдеттім. Осы арқылы Абайдың қара сөздерін, Ілиястың өлеңдерін, Мұқағалидың мөлдір жырын өз тілінде оқып-тануға мүмкіндік алдым. Бұдан ұтпасам, ұтылмағаным ақиқат. Тіпті кейінгі кезде өзге ұлт ақындарының өлеңдерін қазақшаға аударып, аударманмен де айналысып жүрмін. Мысалы, татар ұлтының ақыны Гриф Хайруллиннің бірнеше өлеңін қазақша сөйлеттім. Бұл оқырмандар арасында қызу қолдау тауып жүр. Тіпті кей кезде өзім де қазақша өлең жазумен айналысамын. Осы ретте сиясы кеппеген мына өлеңімді оқып жіберейін.

Мемлекеттік тіліммен мақтанамын,
Түркі тілдің ішіндегі асыл тас.
Қазақша сөйлеп тұрып шаттанамын,
Жол тапқан соң жүрекке ел бір тұтас.

Ана тілім – ұйғырша көзімді аштым,
Орыс, неміс тілін де меңгергенмін.
Қазақстан елім деп – қадам бастым,
Арқаланып бар ұлтты тең көргенін.

Ата мұра, салт-дәстүрдің сақшысы,
Қазақтың топырағында жаратылған.
Айтыс, терме-жырлардың тіл патшасы,
Кең даламнан күш-қуат нәр алғанмын.

Қазақ тілі – кепілі бірлігімнің,
Діні, түрі алуан бір халықтың.
Ынтымағы жарасқан тірлігімнің,
Өзіңмен бірге жасап рухым мықты.

Айта берсем, мұндай өлеңдерімнің өзі бірталай болып қалды. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы тарапынан шыққан «Әнім сенсің – Астана» атты жыр және әндер жинағына біраз туындым енді. Бұны жай айтып отырған жоқпын. Міне, он жылда таза сөйлеу былай тұрсын, қазақша өлең шығарып, аударма жасауға дейін жеттім. Сондықтан барлық этнос өкілдеріне және орыстілді қазақ жастарына ең алдымен, мемлекеттік тілді меңгеріп, сосын ел үшін еңбек етудің керектігін айтқым келеді.

Jas qazaq: Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін аз еңбек жасалмады. Оның басы-қасында өзіңізде жүрдіңіз. Тіпті этнос өкілдерінің де үлес мол болды. Сол естеліктерді бөлісе отырсаңыз?

С.Гаитова: Еліміз тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары ұлтжанды азаматтар қазақ тілін қалпына келтіру жолында көп жұмыс атқарды. Солардың ұсынысымен 1991 жылы ұлттық мәдениет орталықтарының қауымдастығы құрылды. Ол кезде елде түрлі партиялар, қоғамдық бірлестіктер көп болғанын білесіз. Соған қарамастан, қауымдастықтың президенті етіп Василий Осиповты, вице-президенттікке ұйғыр ұлтының өкілі ретінде мені сайлады. Бұл да қазақ халқының кеңдігі мен даналығын дәлелдесе керек. Әйтпесе, өздерінің біреуін сайлап алып, өздері жұмыс жасауға да мүмкіндігі бар еді. Жоқ, олар қазақтың тілін, салт-дәстүрін, мақал-мәтелін жақсы білетін Василий Осиповты және ешкімді бөліп-жармай, баршаға бірдей қарайтын маған сенім білдірді. Сондықтан біз барлық күш-жігерімізді салып, халықтың көңілінен шығу үшін еңбек еттік.

Jas qazaq: Сіз «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің басшысы ретінде белсенді жұмыс істедіңіз? Сонымен қатар «Ұйғыр» мәдениет орталығын да басқардыңыз? Осының барысында қаншалықты нәтижеге жеттіңіздер?

С.Гаитова: «Ұйғыр» мәдени орталығы 1995 жылы құрылды. Ең алдымен, ұйғыр ұлтының рухани дүниесі мен тілдік ерекшелігін түгендеуге баса мән бердік. Ең бастысы, біз ұйғыр ұлтының мәдени байлығын жинақтап, жұртқа ұсынумен бірге, сол асыл мұраны бай да қазыналы қазақ мәдениеті жақындату үшін еңбек еттік. Осыған орай бойында өнері бар қыз-келіншектерді жинап, «Ғұнша» атты ансамбль ұйымдастырдық. Осы ансамбль жинақтаған ұйғыр ұлтының ән-жырларын аймақта өтетін барлық мәдени іс-шара барысында елге көрсетіп, ұлттар мәдениетінің асыл қазынасын қалыптастыру үшін, әліміз келгенше жұмыс істедік. Кейін «Ұлағат» ақсақалдар кеңесін құрдық. Кеңес мүшелері негізінен бұрынғы ұлттық мәдени орталықтардың төрағалары мен ел алдында беделі бар ақсақалдардан тұрады. Біз осы кеңес арқылы қоғамда орын алуы мүмкін әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешу, туындауы мүмкін ішкі кездейсоқ жағдайлар мен ахуалды болжау, оны бейтараптандыру бағытында белсенді еңбек еттік. Әдетте ақсақалдар кеңесінің шешімі ұсыныстық сипат алады. Десе де, осындай ұсыныс арқылы ұрпақтар байланысын жалғастыруда, өскелең ұрпақты азаматтық бірлік, жоғары адамгершілік пен елжандылық, Қазақстанға деген сүйіспеншілік рухын тәрбиелеуге атсалыстық.

Jas qazaq: Қазақстанның тұғырлы ел болуы үшін алдағы уақытта қазақ халқы мен этнос өкілдері не істеу керек?

С.Гаитова: Қазақта «Үй ішінен үй тікпес болар» деген мәтел бар. Сол айтқандай, баршамыз жеке «Ұлттық пәтерге» бөлінуді ойламай, ортақ Отанымыздың болашағына алаңдамауымыз керек. Ағаш тамырсыз болмайды. Егер ұрпақтар арасында татулық үзілсе, онда мемлекеттің болашағы бұлыңғыр. Бұл жерде мен әже және «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрағасы ретінде балаларды отансүйгіштікке, достық пен татулыққа тәрбиелеуге, ұлтаралық келісімді ана сүтінен бойға сіңіруге шақырамын.

Сұхбаттасқан
Қажет АНДАС,
Алматы облысы

6 ÓLKE
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ДІНИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ӨРКЕНИЕТ КЕПІЛІ

Әлемдік мәдениет, руханият пен әлемдік геосаяси үдеріс елімізге ықпалын тигізбей қоймайды. Сондықтан, біз дүниежүзілік өркениетке ілесу, жеткен жетістігімізді жалғастыру үшін бір серпілістен өтуіміз қажет. Ол – рухани серпіліс, сананың жаңғыруы, діни орнықтылық. Осы тұрғыдан келгенде, Алматы облысында түрлі дінді ұстанушылар қатар өмір сүргенімен, олардың арасында түсініспеушілік орын алмағаны белгілі. Мұның сыры неде? Осы және басқа да сұрақтарға жауап іздеп Алматы облыстық дін істер басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетовты сөзге тарттық.



Jas qazaq: Рахмет Разбекұлы, әңгімемізді аймақтағы діни ахуалымен танысудан бастасақ, татулықтың тірегі неде?

Рахмет Есдәулетов: Әрине, кең даламыз қашаннан сан түрлі діннің өркендеген мекені саналады. Оны басқа халықтар емес, біздің ата-бабаларымыз әлемнің шар тарабына билік еткен тұста, сол кездегі орта, өмір, жағдайға қарай түрлі себеп-салдарға орай қабылдаған. Ол даламызда күн шалған күмбездер мен тас бетіндегі тарихымыз арқылы сыр шертіп жүр. Алайда сондай наным-сенімді үлгі еткен бабаларымыз ақыры өзінің болмысына, жан-дүниесіне, ішкі сезіміне, басқа да саяси, қоғамдық жауапкершілігі негізінде Ислам дінін өзінің мәңгілік ұстанымы етті. Мұны айтып отырған себебім, атамекенімізде сан түрлі дін өркен жайғанымен тарихымызда осыған дейін діндер қайшылығы орын алған жоқ. Бұл әлемге мәлім ақиқат. Бүгінгі күнде сол ұлы қасиетті істі ары қарай жалғастырып келеміз. Ата заңымызда жазылғандай, еліміз құқықтық, зайырлы мемлекет болғанымен діни наным-сенімге тосқауыл болған жоқ. Тіпті еліміздегі этностардың да діни ұстанымына құрметпен қарап келеді. Соның ішінде Жетісу жұртының да ауызбіршілігі басым.

Қазіргі таңда Алматы облысы еліміздегі 18 конфессияның 12-і қоныстанған көпконфессиялы аймаққа жатады. Сонымен қатар елімізде 3700-ден астам діни субъект жұмыс атқарса, оның 594 діни бірлестігі мен филиалы облысымызда жұмыс істейді. Атап айтар болсақ, ислам – 438, православ – 52, рим-католик – 11, протестанттық – 96 санасы бар. Дін бірлестіктердің жұмысын 1133 дін қызметкері атқарады.

ҚМДБ-ның Алматы облысы бойынша филиалдарында жұмыс атқаратын 518 имамның арасында 421 бас имам, 75 наиб имам, 14 ұстаз, 8 азаншы бар. Облыстағы имамдардың 132-і жоғары білімді, 70-і медресе бітірген, 249-ы курстан өткен және 67-і орта білімді имам санатында.

Христиандық және дәстүрлі емес діни бағыттарында жұмыс істейтін 294 діни қызметкердің 67-і православтық, 29-і рим-католиктік, 195-і протестанттық бағытты ұстанады. Білім деңгейі бойынша 46 жоғары білімді, 39 орта білімді, 209 курстан өткен. Өткен жылдың басында 15 миссионер тіркеуден өтсе, биыл олардың саны 22-ге дейін өсті. Оның 18-і рим-католик және 4 протестанттық бағытында қызмет атқарып келген Польша, Испания, Италия, Словакия, Литва, Оңтүстік Корея азаматтары. Тексеріс нәтижесі бойынша аймақ тұрғындарының 32,8 пайызы өзін діндар адам қатарына қосады.

Jas qazaq: Дін соңғы жылдары қоғам мен мемлекет өміріндегі маңызды факторға айналғандығы мәлім. Діншілдіктің өсу қарқыны рухани, адамгершілік құндылықтарды бұрмалауға, ескірген діни қағидаларды таратуға ықпалын күшейтіп жатқандығы да жасырын емес. Осы келеңсіздікті жүйелеу үшін облыста қандай жұмыс атқарылып жатыр?

Рахмет Есдәулетов: Бүгінгі таңда Алматы облыстық дін басқармасы тарапынан екі бағыт бойынша жұмыс атқарылуда. Біріншіден, облыстағы діни ахуалға сапалы талдау, зерделеу жұмыстары және кешенді ақпараттық-түсіндіру шараларын тиімді үйлестіру жұмысы қолға алынса, екіншіден, деструктивті ағымдарды ұстанушы азаматтарды оңалту, қоғамға қайта бейімдеу жұмыстары жалғасуда. Жергілікті тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы тұрақты жүргізіледі. Сондай-ақ білімі мен біліктілігі жоғары теологтар шақырылып, әр түрлі форматта өткізіліп жатқан шаралардың нәтижесінде жұртшылықтың діни сауатты артып, ортада оң көзқарас қалыптасып келеді. Жүргізілген ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша облыстық, аудандық БАҚ-тарда дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру, діни экстремизмнің алдын алу және радикалды идеяларға қарсы сенім қалыптастыруға бағытталған өзекті мәселелер талқыланады. Зерттеу орталығында ашылған «Бейне-фото» студияда бүгінге дейін 50 бейне ақпарат, 9 бейне ролик түсіріліп, «Дін сақшы. Сұхбат» бағдарламасы аясында белгілі ғалымдар мен танымал азаматтардан 11 сұхбат алынып, әлеуметтік желілер мен ресми сайттар арқылы көрерменге ұсынылды. Сондай-ақ облыстық дін істері басқармасына қарасты зерттеу орталығының жауапты мамандары тарапынан ғаламтор кеңістігіндегі діни тұрақтылықты қадағалау мақсатындағы «Kazdream Technologies» жүйелі-мониторингтік бағдарламасы интернет-кеңістігінде жалған діни идеяларды таратушылар мен ұстанушыларды және қатерлі аймақтарды анықтау, қарсы шара қолдану аясында жоспарлы жұмыс жүргізуде. Аталған мониторингтік бағдарлама арқылы зерттеу барысында облыс аумағында дәстүрден тыс діни ағымдарға *(сәләфизм, елуіншілер, Ехоба куәгерлері)* қызығушылық тынытып жүрген қолданушылар анықталып, бірлестіктер, топтар, видеоарналар, мессенджерлер және сайттар зерттеліп, бірқатарына шектеу қойылды. «Kazdream Technologies» аналитикалық интернет-картасы арқылы облыс аумағының дін ахуалына кері әсер ететін насихаттаудың географиялық шығу тегі анықталды.

Jas qazaq: Деструктивті ағым ұстанушылармен қандай жұмыстар жүргізілуде?

Рахмет Есдәулетов: Қазақстан Халқы ассамблеясының 25-сессиясында Елбасы деструктивті ағым ұстанушыларға оңалту орталықтарын ашу жөнінде тапсырма берді. Осыған орай, облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен облыстық дін істері басқарамасының жанынан басқа өңірлерде теңдесі жоқ «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығы» ашылды. Орталықта теологтар, эксперт-дінтанушылар, психологтар және социологтар тұрақты түрде мақсатты, әлеуметтік оңалту жұмыстарын жүргізуде. Жұмыс барысы деструктивті діни ағымдар қызметінен зардап шеккендерге, радикалды идеялар мен сенімді ұстанушылармен тікелей жұмыс жасайтын мамандарға көмек көрсету. Қазіргі таңда сәләфизм ағымындағы тұлғалардың психологиялық портреті жасалды. Діни экстремизм мен терроризмнің таралуына қарсы іс-әрекет саласында үлкен практикалық тәжірибе жинап, әдістемелік материалдар дайындап, деструктивті діни ағымдардан жапа шеккен азаматтарға психологиялық көмек көрсетілуде. Сонымен қатар радикалды діни ұйымдар мен ағымдардың ықпалына түскен азаматтардың, олардың отбасы мүшелерінің деструкция деңгейін анықтау бойынша психокоррекциялық зерттеулер жасалды.

Облыста тіркелген «Сәләфизм» ағымының мүшелерін оңалту және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде ұстанушылар өз көзқарасынан қайтып, Қазақстан рухани құндылықтарына бейімделді. Және де «Таблиғи жамағаты» діни экстремистік ұйымының 21 мүшесімен әңгімелесу барысында 16 азамат өз ұстанымынан қайтты. «Сәләфизм» бағытындағы көшбасшылар деп танылған 17 азаматтың арасынан 4 адам еліміздің дәстүрлі рухани құндылықтарына бейімделу үстінде. Оңалту жұмысының тиімділігі, уақыт пен қаржыны үнемдеу мақсатында Алматы қаласында «Алматы өңірі бойынша секторын» ашып, ол жерде 5 теолог маман қызмет атқаруда және түзеу мекемелеріндегі діни жағдайды оңтайландыру мақсатында арнайы инспектор-теолог Қапшағай қаласы Заречный ауылына жұмыс бабымен бекітілді.

Jas qazaq: Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына орай «Рухани керуен» жобасын қолға алып, біраз нәтижеге жеткендеріңізді ел мақтанышпен айтып жүр. Осы жобаның дін саласындағы мәселелерді, этностар арасындағы ауызбіршілікті нығайтуға қандай септігі тиді?

Рахмет Есдәулетов: Елбасы мақаласының тіні, өзегі еліміз ұстанған бағыттың айқындығын көрсетеді. Осының бәрі сананың ашық, зерденің жүйрік, ақылдың сергек болуын талап ететін шарттан құралған. «Рухани керуен» жобасы осы талаптардың үдесінен шығу үшін барын салды. Жоба аясында деструктивті діни ағымдарға бой ұрған азаматтармен жеке оңалту жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде біраз азамат өз райынан қайтып, дәстүрлі Ханафи мәзһабына өтті. Діни себептермен екпе, қан құюдан бас тартқан азаматтармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары негізінде жақсы нәтижелерге қол жеткіздік

Сонымен қатар осы жылы «Ғибратты қазына» атты телевизиялық рухани кештер жобасы басталды. Ол Қазақстан халқының дәстүрлі рухани мәдениетін елімізде ілгерілету, рухани құндылықтарды жаңғырту және халықтың ұлттық санасын ояту арқылы теріс пиғылды діни ағымдарға қарсы тұруды, салт-дәстүр, мәдениетімізді көздің қарашығындай сақтау және тағылымы мол тарихымызды қастерлеудің қажеттілігін танытуды мақсат етеді.

Әр кезеңді, он жылдықты не ширек ғасырды, жүз жылды алғанның өзінде идеологиялық құндылық өзгеріп отырады. Әр жыл сайын өзгеруі де мүмкін. Еліміз өте интенсивті, жылдам дамып келе жатқан мемлекет болғаннан кейін идеологиясы да, онда істелінген жұмыстар да жүріп жатқан процестерге ілесу үшін кейде өзінің бағыт-бағдарын анықтап, айқындап, жаңарып отырады. Біздің ұлттық идеологиямыздың негізгі бөлшегі қалыптасқан. Соны жүзеге асыру үшін әр жылдары түрлі қажеттіліктер болады. «Рухани жаңғыру» да осындай қажеттіліктен туындады. Ал ол бағдарламаның жүзеге асуына «Рухани керуен» жобасы әлі де өз үлесін қоса беретін болады.

Jas qazaq: Лаңкестік белсенді аймақтардан оралған азаматтармен де жүйелі жұмыс істеліп жатыр деп естіген едік?

Рахмет Есдәулетов: Облыста Сирия мемлекетінен 11 азамат пен азаматша қайтып оралды. Оның ішінде 4 әйел, 2 ер-азамат, араларында 5 бала бар. Қазіргі таңда орталық мамандарының араласуымен барлығының әлеуметтік-психологиялық паспорты жасалды. Қайтып оралған 1 азаматша Қылмыстық кодекстің 233-1-бабы 1-бөлігі, 233-55-бабы 4-бөлігі бойынша Қызылорда қаласындағы түзету мекемесінде бір жыл жазасын өтеп шықты. Ал 2 азамат радикалдық идеологиядан бас тартып, толықтай дәстүрлі ислами құндылықтарға бейімделді. Сириядағы қарулы қақтығыстардан қайтарылған отбасылардың барлығымен сұхбат жүргізіліп, олардың балалары мен жұбайларына арнайы психологиялық көмек көрсетіліп, оларды қоғамға бейімдеу жұмыстары жалғасуда. Оңалту жұмыстарының барысында 4 отбасының әлеуметтік жағдайының төмендігі анықталып, орталық мамандарының ұйымдастыруымен және Қарасай ауданының ҚМДБ филиалының *(мешіттің)* қолдауымен материалдық көмек көрсетілуде. Әлеуметтік-бейімдеу жұмыстары бойынша «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» мекемесімен бірлесіп, тізімдегі адамдарды жұмысқа орналастыру жұмысы үнемі жүргізілуде.

Jas qazaq: Исламның төрт құбыласын тең қылып тұрған төрт мәзһаб ішіндегі қарға тамырлы қазақтың жүрегі мен табиғатына, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпына жақыны әрі жалпақ даланы желіп өткен бабаларымыздың ықылым заманда-ақ таңдағаны имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы. Әлем мұсылмандарының жартысынан астамы неге осы мәзһабты ұстанады? Себебі не?

Рахмет Есдәулетов: Бірлік пен ынтымақ – адамзат баласы үшін құнды қазына. Исламдағы бір мәзһабта болудың артықшылығы, халық біртұтас, ынтымағы мен бірлігі күшті, ұйымшыл болады. Орталық Азия мен Қазақстанда қанша ғасырлардан бері діни алауыздықтың болмауы, жұрттың ұрыс-керіс, дау-жанжалдан іргесін аулақ салуының да бірден-бір сыры осында. Әйтпесе өз мақсаты мен мүддесін іске асыру үшін аянып қалмайтын түрлі сенім өкілдерінің тасадан тас атып жүргені де жасырын емес. Сондықтан бірауыздан үн қатып, бірлесе отырып, бір мәзһабта тізе қосып алға жылжысақ, ешкімнің бізге тісі бата қоймасы анық. Өйткені құлшылық амалдарының бір болуы жат пиғылдың тууына жол бермейді.

Jas qazaq: Ислам діні сан ғасырлардан бері мемлекеттің тірегі ретінде ақыл мен парасаттың, озық ғылым мен ұлы өркениеттің, мәденит пен татулықтың діні қызметін атқарып келеді. Бұдан былайда солай бола береді. Ендеше, бір мақсатқа ұмтылудың артықшылығы неде деп ойлайсыз?

Рахмет Есдәулетов: Ата-бабаларымыз таңдаған ұлы жол қай кезде де елді бірлік пен ынтымаққа шақырып, тәрбие мен өнегеге бастады. Салтымызға сіңіп, дәстүрімізге айналды. Қыз ұзату, шілдехана, тұсаукесер, сүндет той, келін түсіру, баланы қырқынан шығару секілді салтымыздың қай-қайсысы да мұсылмандық танымнен әдемі үйлесуде. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без», «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық» сынды тәрбиелік мақалдардың көпшілігі мұсылмандық этикамен тығыз астасып жатыр. Сондықтан ұлт тәрбиесінің мәйегі болған дініміз алдағы уақытта да осы жүрісінен жаңылмақ емес. Баршамыз мақтаныш тұтқан кешегі өткен Һибатулла әт Тарази, Хусам ад дин әс Сығнақи және басқа да Сығнақ пен Кердер ғалымдары, Тараз бен Отырар ғұламалары, берісі Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп т.б. – бәрі де фиқһта Ханафи мәзһабын, ақидада *(сенімде)* Матуриди мектебін ұстанған. Сондықтан о бастан сунниттік екеніміз, іс-амалда Ханафи мәзһабы мен сенімде Матуриди жолын таңдауымыз ұлт ретінде ұйысып, мемлекет ретінде дамуымызға тың серпін берген. Ендеше, бүгінгі күні ұсақ-түйекті таласқа айналдырмай, дінде де ата-бабамыз салып кеткен сара жолды ұстануымыз аса маңызды.

Jas qazaq: Әлем адам баласы үшін сынақ алаңы екені белгілі. Сондықтан өзара келісіммен, ортақ мәмілемен өмір сүру әркім үшін маңызды. Әсіресе діні басқа, ұлты бөлек, жандармен ауызбіршілікті тең ұстанудың маңызы зор. Осы бағытты мығым ұстаудың дұрыс жолы қайсы?

Рахмет Есдәулетов: Рас, еліміз әлем жұртшылығына тұрақтылықтың, тыныштықтың, бейбітшіліктің үлгісіндей болып отырғаны жасырын емес. Бұны айтуға тиіспіз. Себебі жақсылықты үстемелей түсу үшін ұдайы тілге тиек ету керек-ақ. Ал тағдырдың айдауымен өткен ғасырдың 40-жылдарының ішінде келіп, қоныстанған ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының құрметпен қарап, қолынан келген көмегін бергені бүгінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Сонда ғана көпұлтты, көпдінді қазақ елі өркендей түседі. Өйткені, жасаған жақсылықтың өтеуі бұл өмірде оралатынын жақсы білеміз. Сол жағынан алғанда, Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съезі көп мәселенің шешілуіне ықпал етеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен үш жылда бір рет өтетін алқалы жиын жер шарын мекендеген барша халыққа үлгі. Тыныштық пен тұрақтылықтың, бейбітшілік пен татулықтың, береке мен бірліктің тұғыры болған еліміздің ғибратты өмірі ұзақ, ел басындағы азаматтар мен дін басындағы ғалымдардың көздегені әділет пен адалдық болсын деген тілек. Осындай ізгі ой мен тілек бір жүйеге тоқайласқанда діні басқа, ұлты бөлек жандармен ауызбіршілікте өмір сүруге болады.

Сұхбаттасқан Қажет АНДАС,
Алматы облысы

6 ja ÓLKE
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БІРЛІГІ БЕКЕМ, ТАҒДЫРЫ ОРТАҚ

Қазақстан Халқы ассамблеясының институционалдық құрылымы жыл өткен сайын нығайып, қоғамда ұйыстырушы әлеуетке ие болды. Бұл ұйым Жетісу жерінде игілікті істердің бастамашысына айналды. Әсіресе аймақта қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықтың тамырын тереңдетті. Осы төңіректе Қазақстан Халқы ассамблеясы Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбаймен сұхбаттасқан едік.

Jas qazaq: Кез келген мемлекетте қоғамдық келісімнің маңызы ерекше. Өйткені халық үшін бейбіт заманда мамыражай өмір сүруден артық бақыт жоқ. Сондықтан елімізде татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берілуде. Осы тұрғыда Қазақстан Халқы ассамблеясын құру идеясының дұрыстығына халқымыз әлдеқашан көз жеткізді. Сіз бұл төңіректе не айтар едіңіз?

Ғабит Тұрсынбай: 1992 жылы желтоқсанда Қазақстан халқының бірінші форумы өтті. Тарих қойнауында алтын әріппен таңбаланған бас қосуда Елбасы баяндама жасап, еліміздің дамыған мемлекеттер қатарына қосылуы, жұрттың дәулетті тұруы үшін халықтың ынтымағы, бірлігі мен татулығы негізгі рөл атқаратынын ерекше атап өтті. Осымен байланысты 1995 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасының Президенті жанынан үйлестіруші орган ретінде Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылды. Одан бергі уақытта ассамблеяның атқарған барлық жұмысы қазақстандықтардың көз алдында өтіп жатыр.

Қазіргі таңда ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы, елімізде өмір сүріп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші ұйымға айналды. Жиырма жылдық тарихында қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы қуатты құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеді. Қазақстан Халқы ассамблеясының XXI сессиясында да «Мәңгілік Ел» атану үшін мемлекетте бейбітшілік пен келісім бекем болуына басты назар аударылды. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» деп аталған сессияда рухани келісімнің жеті жоғары мәдени қағидаты айрықша атап өтілді. Онда діни тұрақтылық, ортақ жауапкершілік, мемлекеттік тілді өзге ұлттардың меңгеруі, конфессияаралық толеранттылық пен ішкі тұтастық, барлық ұлттың өмір сүру сапасын арттыру әр ұлт пен ұлыстың мәдениеті мен өнерін дамыту және этномәдени бірлестіктердің жұмысына серпін беру қағидаттары қамтылды. Бүгінге дейін ассамблея 10 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырып, оларға 4 миллионға жуық адам қатысты. Өңірлерде Достық үйі ашылып, жемісті жұмыс істеуде. Қазақстан Халқы ассамблеясын 2020 жылға дейін дамыту Тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде қазақстандықтардың 97,5 пайызы «Ассамблея – біздің бүкіл халықтық мүдделерімізді бейнелейді» деген байламға келген.

Бүгінде бүкіл әлемді шарпыған ғаламдық дағдарыс Қазақстанға да салқынын тигізуде. «Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайды» деген қағиданы тарих әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан халықтың бірлігін одан әрі жетілдіру міндеті – мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналды. Қазақстанның экономикалық дамуы, этносаралық қатынастардың әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы, ең алдымен, қазақ ұлтының еншісіндегі олжа екендігі анық.

Jas qazaq: Халық бірлігі – мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы берік, өркендеп, дамыған Қазақстанды ұлы мақсат қоя аламыз. Ендеше, көпұлтты халқымыз бір атаның баласындай берекелі тұруы үшін Қазақстан Халқы ассамблеясы қандай нақты қадамдарға бара алды?

Ғабит Тұрсынбай: Қазақстан Халқы ассамблеясының қызметі барысында елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, әрбір азаматтың Конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдап, дамыту, экстремизм мен радикализмнің көріністеріне тойтарыс бере отырып, азаматтардың құқықтық бостандықтарына қысым жасауға жол бермеу, азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру да осы ұйымның төл міндеті. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым барлық міндетін жоғары деңгейде орындап келеді.

Қазіргі уақытта ассамблея жанынан ғылыми-сарапшылық кеңес, журналистер мен сарапшылар клубы құрылған. Барлық аймақта Достық үйі бар. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасымен Астанада «Бейбітшілік және келісім сарайы» салынды. Мұнда жыл сайын Ассамблея сессиялары, әлемдік дәстүрлі діндер съезі, өзге де маңызды іс-шаралар өтеді. Ассамблеяның тағы бір ерекшелігі, этностық топ өкілдерінің мүдделерін жоғары заң шығару органы – ел Парламентінде білдіру болып табылады. Осыған орай 2007 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан Халқы ассамблеясы сайлауға құқылы. Ассамблея сайлаған Мәжілістің тоғыз депутаты, елдегі барлық этностардың мүддесін білдіреді. Олар заң шығару процесіне белсенді түрде қатысып, бастамашылық құқығын жиі пайдалануда.

Қазақ жерінде қазір 130-дан аса ұлт пен ұлыс өкілі өмір сүріп жатыр. Оларға ел азаматтары ретінде тең құқық берілген. Барлығы да білім алу, емделу, жоғары лауазымды қызмет атқару мүмкіндігіне ие. Елімізде тұратын ұлт пен ұлыстарға өз мәдениетін дамытып, салт-дәстүрін сақтауға лайықты жағдай жасалған. Әр ұлттың мәдени орталықтары тұрақты жұмыс істейді. Орталықтар әр халық өкілдерінің ұлттық рухани және мәдени құндылықтарын сақтауды қамтамасыз етуге арналған түрлі мәдени, білім беру және басқа да іс-шара тұрақты өткізіліп тұрады. Бүгінгі таңда өңірде этносаралық процестерге тұрақты сараптама жүргізудің тұтас жүйесі құрылған. Бұл жүйенің негізгі элементтері – қоғамдық келісім кеңесі, Аналар кеңесі, Достық үйлері мен медиация кабинеттері. Олардың қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – қайырымдылыққа ынталандыру, тұрғындардың азаматтық жауапкершілігі мен қоғамдық белсенділіктерін көтеру. Сондай-ақ өңірдегі аналар кеңесі, тәжірибе көрсетіп отырғандай, отбасылық институт болып саналады.

Облыс аумағында 105 этнос өкілі тұрады. 71 этномәдени бірлестік бар, оның ішінде: 26 облыстық, 39 аудандық, 6 қалалық құрылым жұмыс істейді. Бүгінгі таңда елімізге, облысымызға танымал қоғамдық пікір көшбасшылары 32 адам, әр этнос өкілдері Қазақстан Халқы ассамблеясына мүше болып табылады. Қазақстан Халқы ассамблеясының облыстық филиалы 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген. Өткен жылы татулық, бірлік пен келісімнің орталығына айналған Талдықорған қаласындағы Достық үйінің ашылғанына 10 жыл толды. Былтыр отбасылық құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, толеранттылық тәрбие беруге бағытталған 8 облыстық, 6 қалалық, 17 аудандық, 245 ауылдық жерде 300-ден аса шара өтті.



Облыстық филиал қызметінің тағы бір бағыты – Медиацияны дамыту. Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы базасында медиация орталығы жұмыс істейді. Аймақта жалпы 68 медиация кабинеті, оның ішінде 20 аудан, қала әкімдіктері жанынан ашылған. Қоғамдық медиаторларының жалпы саны – 272. Үстіміздегі жылы соларға арналған 40-тан астам семинар, тренинг өткізілді. Қоғамдық медиаторлардың қатысуымен 394 даулы мәселе шешілген.

Өңірде қоғамдық келісімді қалыптастыратын құндылықтар белсенді түрде насихатталуда. Былтыр барлық деңгейдегі қоғамдық келісім кеңестері арқылы жергілікті жерлерде 235 өзекті мәселе оң шешімін тапты. Білім басқармасымен бірлесе отырып, Талдықорған қаласындағы Оқушылар сарайында арнайы орталық құрылса, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында аталған мәселелер бойынша ғылым, білім беру орталығы белсенді жұмыс істеуде. Мұның барлығы да, алдағы жылдарда қоғамдық сананы ауқымды түрде жаңғыртуға бағытталған жұмыстардың бір парасы.



Jas qazaq: Ғасырлар тоғысында еркіндікті аңсаған ата-баба арманы жүзеге асып, егемендікке ие болдық. Қазақ елі – қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қауымдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды. Бұл қадам өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қалай әсер етіп жатыр?

Ғабит Тұрсынбай: Еліміздегі тұрақтылық пен халық бірлігі, бейбіт өмір мемлекет дамуының негізі болып отыр. Ассамблеяның құрылған кезінен бергі уақытта қазақстандық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің моделі қалыптасып, әлемге танылды. Сонымен қатар жеткен жетістіктерін таразылау міндеті қойылып отыр. Жыл аясында атқарылатын шараларға тоқталсақ, қай жұмыс болмасын, билік пен қоғам арасындағы келісімге, сенімге негізделеді. Аналар форумының жұмысына куә болдық. Бала тәрбиесіне үлес қосып жүрген үлкен жүректі аналар қатары көбеюде. Аналар кеңесінің құрылғанына бес жыл толуына орай «Мерей» төсбелгісін табыстауды ұйғардық. Бұл құрметке Алматы облысынан Тұяқ Есқожинаны лайық деп ойладық. Себебі ол өзі ашқан балалар үйінде қазірге дейін 700 баланы бауырына басып, оқытып, тәрбиелеп отыр. Алды шаңырақ құрып, үйлі болып жатыр. Осындай аналарымыз көбейген сайын ел ішіндегі береке-бірлік нығая түседі.

Облыстық филиал құрамындағы кеңестер мен ұйымдар Елбасының Жолдауларында көрсетілген негізгі бағыттарды жүзеге асыруға үлес қосуда. «Туған жер», «100 жаңа есім», «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының аймақтық штабы белсенді жұмыс істеуде. «Қазақстанның киелі географиясы» сынды бағдарламаларды үйлестірді. «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» атты экспедиция ұйымдастырылып, киелі жерлердің тізімі жасалып, аңыз-әңгімелер жинақталды. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы бойынша облыстық комиссияның қарауына 312 тұлғаның кандидатурасы түсіп, республикаға 100 адамның есімі жіберілді. Нәтижесінде 6 жерлесіміздің есімі жалпыхалықтық дауысқа ілініп, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Асар» қоғамдық бірлестігін құрған Елдос Баялышбаевтың аты ел аузында қалды. Сонымен қатар филиал өкілдері қазақ, орыс және ағылшын тілінде «Жетісу – достық өлкесі» атты кітап шығарды. Сондай-ақ І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетімен бірлесе құрылған «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» атты ғылыми-танымдық экспедиция облыстың бірқатар ауданын аралап, ел ұғымында қасиетті саналатын мекендермен танысты. Басқа да жетістіктер жетерлік. Оның бәрі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы игілікті істер.

Jas qazaq: Алматы облысында Қазақстан Халқы ассамблеясының қоғамдық сананы модернизациялаудағы жұмысының негізгі бағыттары қайсы?

Ғабит Тұрсынбай: Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында бірлігі бекем, жауапкершілігі жоғары, біртұтас ұлт болу мақсатындағы қарышты қадамдарымызды, қоғамдық сананы өзгертудің жарқын жолын айқындап берді. Ел бірлігі, халық тұтастығы, рухани жаңғыру мен эволюциялық даму – қоғамдық тұрақтылық, бірлік пен ынтымақ жағдайында ғана қол жеткізе алатын құндылықтар, саяси және экономикалық реформалардың, ұлттық жаңғыру үрдістерінің негізі екендігін қадап айтты.

Қазақстан Халқы ассамблеясының XV сессиясында алдымызға нақты міндеттер қойып, жүзеге асыру жолын белгілеп берді. 105 этнос өкілінің басын қосып отырған Қазақстан Халқы ассамблеясы облыстық филиалы құрамындағы 71 этномәдени бірлестік өздеріне жүктелген тұрақтандырушы, топтастырушы міндетін ойдағыдай атқарып, бекітілген шаралар кешенін табысты жүзеге асырды. Солардың қатарында облыстық аналар кеңесі «Президенттік реформа және жастардың бойында патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру» атты республикалық семинар ұйымдастырып, Ұйғыр, Панфилов, Кербұлақ, Сарқан, Ақсу ауданында кездесу өткізді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша барлық аудандарда қоғамдық сананы жаңғырту жөнінде жиын ұйымдастырылды. «Туған жер» жобасымен әрбір ауылдан шыққан азаматтар игілікті істерге мұрындық болуда. Олардың қатарында Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіров, кәсіпкерлер Бауыржан Оспанов, Хасан Әбуов, республикалық «Алтын сапа» белгісінің иегері Закиржан Кузиев, ағайынды Усеин мен Зиятдин Касанов, Александр Бузыкин сияқты көптеген белгілі азаматтар бар.

Бұл бағыттағы жұмыстар Елбасы Жолдауына орай жалғасатын болады. Сондай-ақ облыстық филиалдың түрлі этностардың тарихи отандарымен байланысын нығайту мақсатында өңірде ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Достық үйінде Қытай Халық Республикасының, Ресей Федерациясының, Польшаның, Оңтүстік Кореяның делегациясы өзара тәжірибе алмасу мақсатында кездесулер өтеді. Облыс делегациясы Татарстан Республикасында өткен «Қазанға ізгі ниетпен» атты халықаралық мәдени-ақпараттық іс-шараға қатысты.

Jas qazaq: Міне, Наурыз мерекесі де келіп жетті. Қазақстан Халқы ассамблеясы филиалында осы ұлттық мереке қай деңгейде тойланады?

Ғабит Тұрсынбай: Наурыз – халқымыз үшін қастерлі, қасиетті мереке. Оның берер ұлағаты мен тәлімі мол. Осыны негізге алған Қазақстан Халқы ассамблеясы Алматы облыстық филиалы мен Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының бірлесе ұйымдастыруымен өткен жылы «Жұлдызы жарқыраған Жетісу» атты шара өтті. Онда тәнті еткені әр ауданнан келген әжелеріміздің жастар үшін наурыз көже пісіріп, қазақы тағамға толы дастархан жайғандығы, осылайша, халықтық дәстүрімізді жаңғыртып, жас ұрпақтың санасына сіңіруге ықпал еткені болды.

Әр ауданның әже-аналары жасап әкелген көжелерінің көпшілік дәмін татып қана қойған жоқ, оның жасалу тәсіліне, әрқайсының айырмашылығына мән берді. Осылайша көже пісіріп келген аудандар арасында жеңімпаздар анықталып, оларға сый-сияпат та табыс етілді. Атап айтар болсақ, Талдықорған, Текелі қалалары мен Сарқан, Қаратал, Кербұлақ аудандарының көжелері көпшілік көңілінен шығып, жүлделі орыннан көрінді. Облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Жамал Баймадиева мен Сарқан аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Күлшарбат Мырзабаеваның жасаған көжесі, тіпті тіл үйірді. Көжеге қосқан дәмдерінің көптігімен де ерекшеленді.

Бұл мерекеде тек ұлттық тағамдарға ғана мән беріліп қойған жоқ, ұлттық ән-күйіміз шалқып, көпшілік «Қара жорға» биін билеп, жұртты бір серпілтті. Сонымен қатар ұлттық ойындарымыз да ойналып, жастар қол күрестіріп, арқан тартысып, асық атып жарысты. Салт-дәстүрлеріміз де көрсетіліп, ұмыт болып бара жатқан құндылықтарымыз қайта жаңғырды. Бұл шараға өзге этнос өкілдері де белсене қатысып, қазақ ұлтының ұлттық мейрамына деген ізгі тілегін жеткізді. Өз кезегінде өзге этнос өкілдерінің де ұлттық мерекелері берекенің қара шаңырағы саналған Достық үйінде үнемі жалғасып тұрады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Қажет АНДАС,
Алматы облысы

6 jq ÓLKE

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ТАТУЛЫҚ – БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылғаннан бері өзге ұлт пен ұлыс өкілдерінің тынысы ашылып, тіршілігі жанданды. Олардың қатарында тарихында басынан ауыр күндерді өткізіп, талай таршылықты көрген татар халқы да бар. Етек-жеңін жинап, еліміздің өркендеуі үшін барлық салада тынымсыз еңбектеніп жүр. Солардың бірі – ассамблеяның Алматы облыстық филиалы жанынан құрылған «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы орталығының жетекшісі Руфина Усанова.

Бізді қаршадай қыздың бойындағы қайсарлық, батылдық, іскерлік баурап алды. Аймақта атқарып жатқан жұмыстарымен таныса бастағанда-ақ, Руфинаның терең білімдарлығы мен біліктілігіне риза болдым.



Jas qazaq: Ең алдымен, татар ұлтының, өз әулетіңнің тарихы мен тағдыры, қазақ жеріне қоныстануы жайлы білсек...

Руфина Усанова: Татар халқы – жалпы түркі тілдес ұлт. Негізінен ұлтымыз Ресей Федерациясының Татарстан Республикасында қоныстанған. Одан бөлек, әлемнің басқа елдерінде де татарлар тұрады. Соның ішінде Қазақстанда да біраз татар бар. Жалпы, татар ұлтының тарихы, оның құрамы мен құрылысы, өткені мен бүгіні жайлы көп нәрсені таратып айтып бере алмаймын. Қазір қазақ халқымен береке-бірлікте, көңіліміз кең, өміріміз өркендеп, өсіп келеміз. Әкем Қасым Усанов Теңлік ауылында туды. Жас күнінде бас механик болып қызмет атқарған, қазір өз алдына шаруа қожалығы бар. Шешем Гүлжауһар Усанова үй шаруасында. Өзім Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылының тумасымын. Қарабұлақтағы Титов атындағы орта мектепті бітірген соң І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін менеджер мамандығы бойынша бітіріп, басында банк саласында жұмыс істедім. Кейін заңгер мамандығы бойынша оқуымды жалғастырмақ едім, әкем рұқсат етпеді. Сосын Алматы қаласында бірер жыл жеке кәсіппен айналыстым. Өткен жылы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Халқы ассамблеясының облыстық филиалы жанынан «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы ұйымдастырылып, басшылық соның тізгінін маған сеніп тапсырды.

«Жаңғыру жолы» аймақтық жастар қозғалысы алғашқы жиынын өткізді. Сонымен қатар Жеңіс саябағында облыс орталығының білімгерлерінің қатысуымен «Таза саябақ – Таза қала» іс-шарасын ұйымдастырды. Қозғалыстың мақсаты – еліміздегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту жұмыстарында жастардың басын біріктіру. Сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда бірлесіп жұмыс істеу. Қазір барлық аудандағы жастар қозғалысымен бірігіп, белсенді жұмыс істеудеміз. Ең алдымен жастарды қозғалыстың міндеттерімен таныстырдық және оларды басты бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге жұмылдырдық. Жоспарға енгізілген шараларды орындау үшін, барлығымыз бірлесіп еңбек етіп, ортақ мақсатты жүзеге асыруға белсенді атсалысып келеміз. Болашақта әр ауданды аралап, сол жердің тұрмыс-тіршілігімен таныспақпыз. Сондай-ақ жастармен кездесіп, олардың ойын біліп қайту жоспарымыз бар.

Айта кету керек, біздің жоспарлы іс-шараларымыз адамгершілікке, отансүйгіштікке және рухани тәрбиеге бағытталған. Осы арқылы лекциялар, семинарлар, «Дөңгелек үстелдер», тимбилдингтер, кездесулер және басқа да түрлі шаралар қолға алынуда.

Jas qazaq: Өткен жылы қандай жетістікке жеттіңдер?

Руфина Усанова: Жетісу өңірі тарихи тұрғыда еліміздегі ең бір көпұлтты аймақ болып есептеледі. Этносаралық қатынастар саласы мен мемлекеттік ұлттық саясат мәселесі тұрақты назарда болып келеді. Өңірде ынтымағы жарасқан 105 этнос өкілі өзара тату-тәтті өмір сүруде. 71 этномәдени бірлестіктің 26-сы облыстық, 35-сі аудандық және 10-ы қалалық. Әртүрлі ұлт өкілдерінің өз мәдениетін дамытып, салт-дәстүрін сақтауға лайықты жағдай жасалған. Облыстық «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы да облыстық филиал құрамындағы кеңестер мен ұйымдар сияқты Тұңғыш Президенттің Жолдауында көрсетілген негізгі бағыттарды жүзеге асыруға барынша үлес қосуда. «Туған жер», «100 жаңа есім» және «Қазақстанның киелі географиясы» сынды бағдарламаларға жастар белсене қатысып, экспедиция ұйымдастырылып жүр. Өткен жылы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының бірлесе ұйымдастыруымен «Жұлдызы жарқыраған Жетісу» атты шара өтті. Оған да жастар тиісінше атсалысты. Бұдан өзге «Мен қазақша сөйлеймін», «Мектепке жол!», «Қазақ халқына мың алғыс» акциясына белсене қатыстық. «Бірлік» халықаралық лагерінде де басқосулар ұйымдастырдық. «Өзіңді таныт» облыстық байқауы, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында «Startup Academy ZHGU» жобасы аясында «Менің StartUp 2018» атты жастар мен жас кәсіпкерлердің инновациялық жобаларын қалай жүзеге асыруға болатындығына арналған кеңес өтіп, жастардың өз ісін жетілдіруі жайлы бағыт-бағдар көрсетілді. Сонымен қатар жастарға үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді насихаттау аясында Ұлы Отан соғысы ардагерлер мен зейнеткерлердің отбасыларына барып көмек көрсетуді де ұмытқан жоқпыз.

Қысқасы, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы өңірдегі барлық іс-шараға белсене атсалуда. Биылғы жоспарларымыз да ауқымды. Оның да нәтижелі орындаларына сенімдімін.

Бұл жұмысты басында бірден алып кетуде оңай болған жоқ. «Көш жүре келе түзеледі» дегендей, қазір бағытымызды айқындап үлгердік. Өткен жылғы басты жетістік «Жаңғыру жолы» өңірлік жастар қозғалысының «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында «Әлем таныған Қазақстан» атты жас суретшілер байқауын ұйымдастыруымыз болды. Осы арқылы жас суретшілердің талабын шыңдап, шығармашылық, көркемдік қиялдау дағдыларын дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру, туындыларын көпшілікке жария етуді мақсат еттік. Байқауға 16 мен 35 жас аралығындағы үміткерлерден 31 өтініш келіп түсті. Байқаудың шарты бойынша салынған суреттерде ұлттық нақыш болуы шарт. Осыған орай, жас қылқалам шеберлері қазақ халқына тән ерекшеліктерді баса көрсетіп, бірі ұлттық киімдегі сұлу қызды, енді бірі мемлекеттік туды, ою-өрнектерімізді арқау еткен суреттерін бәсекеге салды. Туындылардың қай-қайсысы да көркемдігі, әсемдігімен көз тартады. Нәтижесінде жас суретші Сымбат Сәрсенбаева бас жүлдені иеленді. Мөлдір Қасымбекова мен Радина Батпенова І орын тұғырынан көрініп, жеңімпаздарға диплом мен теледидар сыйға берілді. Ольга Пономарева, Толқын Әбдірәсілова, Арина Четверникова, Екатерина Герман ІІ орынды, Аққуан Бодыбай, Диана Таңатар, Дамир Тәңірбергенов, Нұрсұлтан Мамұтов ІІІ орынды жеңіп алып, естелік сыйлық, дипломмен марапатталды. Бірқатар қатысушыға ынталандыру сыйлығы, Алғыс хат табыс етілді. «Достық үйінде» өткен жеңімпаздарды марапаттау сәтіне облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай қатысып, жастарға сәттілік тіледі.

Jas qazaq: Сенің ойыңда ассамблея қандай ұйым?

Руфина Усанова: Бүгінде ассамблея этносаралық келісімді, қоғамдағы толеранттылықты және халық бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар ҚХА мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек береді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді. Этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеті, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын жеделдетеді.

Еліміздің дамуындағы ассамблея рөлін бағаламау мүмкін емес. Мемлекетіміздің табысы халықтың бірлігіне, барлық ұлттық тіл мен дәстүрге деген құрметке негізделген. Ассамблея жұмысының арқасында сенімнің, келісім мен өзара түсіністіктің ерекше ауаны қалыптасты. Әрбір азамат ұлтына немесе діни нанымына қарамай, Ата Заңда кепілдік берілген құқықтар мен еркіндіктердің бәрін толық пайдаланды.

Қазақтың біртуар батыры Бауыржан Момышұлының «Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашан да әзір болу керек» деген болатын. Шынын айтқанда, алғаш осы жұмысқа келгенше Қазақстан Халқы ассамблеясы туралы білсем де, оның жан-жақтылы қызметі туралы түсінігім аз еді. Бір жыл барысында әлемдегі елдерде баламасы жоқ, қазақстандық тәжірибенің ел берекесін сақтаудағы маңызы мен жастар келешегіне көрсеткен бағытын анық сезіндім. Сондықтан белді бекем буып, тапсырған міндеттер үдесінен шығуға барымды салып келемін.

Jas qazaq: Қазір татар мәдени орталығын басқарып отырсың? Жалпы осы орталық арқылы татар халқының қандай мәдениеті мен салт-дәстүрі насихатталып, оны жұрттың игілігіне айналдырудың нендей мүмкіндіктері қарастырылуда?

Руфина Усанова: Әлемде немесе Қазақстанда болсын әр халықтың өзіне тән, сан дәуірдің сынағынан өткен әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Сол құндылықтар арқылы әр ұлт немесе ұлыс өзінің ұлттық бейнесін қалыптастырғаны белгілі. Тарихқа үңілетін болсақ, татар ұлы мәдениет әлеміне үлкен-үлкен жаңалықтар қосқан, сол арқылы өркениет көшіне өз әсерін ықпал еткен халық. Біздің ұлттың бастан өткерген қиыншылығы да тарата білген. Соның ішінде түркі әлемінің Жаңа жылы есептелетін Наурыз мерекесін өте бір құрметпен қарсы алады.

Жыл сайын Наурыз мерекесі кезінде біздің орталықта да мерекені атап өтудің, оны жұрт жадында қалатындай етіп ұйымдастыру үшін жан-жақты жұмыс жүргізіледі. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, біз Наурыз мейрамы күндері оқушы балаларды үй-үйді аралатып, күлдіргі өлең айтып, көршілерін жаңа жыл мерекесімен құттықтайтын бұрынғы үрдісті қайта жаңғыртып жатырмыз. Сонымен қатар көктем шыға ел тыныш, береке мол, егіс бітік шықсын деген тілекпен кейбір татар ауылдарында «Сеңді шығарып салу» рәсімі де тойланады.

Татар жастарының арасында көктемдегі «Қарға ботқасын» өткізу салты да бар. Бұл ауылды жерлерде көктемде егістің басталуы қарсаңында өтеді. Ондағы мақсат – егіннің бітік шығуын, өнімнің мол болуын тілеу. Сонымен қатар күзгі жиын-терін кезінде татар халқы «Сабан той» мерекесін ерекше құрметпен атап өтеді. Біздің бала күнімізде бұл мереке ауылдарда шағын көлемде ғана тойланатын еді. Қазір тұтас ұлттық мереке деңгейіне көтерілді. Оған үлкен мән беріледі. Бұл мерекеге татар ұлтымен қатар, ауылы аралас, қойы қоралас ұлт пен ұлыс өкілдері де қатысады. Мереке облыс орталығында, татарлар жиі шоғырланған аудан, ауыл орталықтарында ерекше тойланады. Ол күн күзгі жиын-терінде мол өнім алып, ел ырысы тасығанын көрсетуге арналғанымен, татар ұлтының мәдениеті, ұлттық ойыны, салт-дәстүрі, бәрі көрсетіледі.

Биыл облыстық филиалдың және «Туған тел» татар мәдени орталығының ұйымдастыруымен халықаралық «Сабан той» мерекесін өткізуді жоспарлап отырмыз. Жастар арасында кең тараған ойынның түрі – үй иесі қыдырып кеткенде, жастар сол үйге жиналып ойын ойнап, тамақ ішеді. Мұны «Аулақ үй» (оңаша бас қосу) деп атайды. Ол жастардың бір-бірімен еркін ойнап-күлуіне, өнер жарыстыруына, қонақ күтуіне тәрбиелеу мақсатында іске асырылады. Сондай-ақ халқымыздың қыз айттыру, қалыңдық көру рәсімдері түркі жұртында бір-біріне ұқсас болып келеді. Алайда әр елдің дәстүрінде өзіндік аздаған өзгешеліктері бар. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты жөн-жора, ырымдар да бар. Дәстүрлі киіну үлгісінде сақтаған. Аймағымызда өтетін барлық іс-шараларға ұлттық киімдерімізді киіп, салт-дәстүрімізге сай дайындықпен баруды әдетке айналдырдық. Қысқасы, татар этномәдени орталығы татар ұлтының осындай салт-дәстүрін бүгінгі ұрпақтың санасына сіңірумен айналысып жатыр.

Айтпақшы, татар этномәдени орталығы кейінгі жылдары татар жастарына татар тілін үйретуді қолға алды. Облыстық ассамблея жанынан тіл оқыту орталығы құрылып, ол заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Былайша айтқанда, тіл үйренемін дегендерге барлық жағдай жасалған. Айта кетерлігі, бұл жерде тек татар тілі ғана емес, барлық этностардың өз ана тілін үйренуіне мүмкіндік жасалған. Апта сайын сол ұлт пен этностың тілін білетін мамандар тіл үйренемін деушілерге барын салып қызмет көрсетеді. Олар бұл үшін ақы дәметіп отырған жоқ. Қайта өскелең ұрпаққа өз ұлтының құндылығын танытып, тілін меңгертуді мақтаныш санайды. Татар тілін үйренемін деушілерге ұзақ жыл тәжірибесі бар, білікті маман Мінавар Махмұтова апайымыз сабақ береді. Сондай-ақ татар халқының танымал перзенттері Ғабдолла Тоқай мен Мұса Жәлел атындағы оқулар дәстүрлі түрде өтіп тұрады. Өткен жылы облыс делегациясымен бірге Татарстанның астанасы Қазан қаласында болып қайттық. Онда кезінде Қазан қаласында оқыған қазақ зиялыларының өмірімен танысып, қазақ халқының ұлы тұлғасы Әлихан Бөкейхановтың ескерткішіне тәу еттік. Осы жолы достық пен берекенің қайда болса да салтанат құратынын шынайы түсіндік.

Jas qazaq: Біздің ең үлкен байлығымыз не?

Руфина Усанова: Қасиетті қазақ жері қашаннан береке мен бірліктің, ынтымақ пен ырыстың құт-мекені болғанын, болып келе жатқанын жасыра алмаймыз. Бүгінгі таңда елімізде өмір сүріп, өркендеп-өсіп, ұрпақ өрбітіп, ұлттық болмысын тереңдетіп отырған әр ұлт пен ұлыстың өз ақтаңдағы бар. Олардың дені тоталитарлық жүйенің қысымынан ата жұрттарынан ауа көшіп, қазақ жеріне тұрақтаса, кейбірі өз еріктерімен еркіндік сүйгіш қазақ топырағына келіп, тамыр тартқандар. Бірақ қалай болса да, сол ұлт пен этнос өкілдерін бауырмал қазақ халқы кеудесінен итерген жоқ. Кең құшағын ашып, бауырына қысты. Сырылып орын беріп, сыпайылық танытты. Ұрпақ өсіріп, ұлттық мәдениетін өркендету мен салт-дәстүрін жаңғыртуға қолда бар мүмкіндіктерді жасап келеді. Біздің ең үлкен байлығымыз – тұрақтылық пен ынтымақ деген ойдамын. Бізде Тұңғыш Президент, Елбасы қалыптастырған салиқалы саясат бар. Бүгінде еліміз өсу мен өркендеу жолында. Мұның бәріне ұлтаралық тұрақтылықтың арқасында қол жеткізіп отырмыз. Қаншама мектеп, аурухана, жолдар салынды, әлі де салынады. Дәл осындай тиімді саясатты бұдан әрі де жалғастыра берсек, өңірлер осы қарқынмен дами бермек. Жерімізде тұрып жатқан барлық халықтардың тілдері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау керек және осы игі дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға тиіспіз. Біз – еуропалықтар емеспіз, еуразиялықтармыз. Біздің өз бет-бейнеміз бар, өзіміздің біліміз, тарихи негізіміз бар және біз осымен мақтанамыз.

Қорыта келгенде айтарым, әрбір жас өзінің туған Отаны – Қазақстанын жанындай сүйіп, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін бойларына сіңіріп өсуі қажет. Сонда ғана өскелең ұрпақтың рухы биіктеп, келешегіміз кемелдене түспек.

– Сұхбатыңызға рахмет!



Сұхбаттасқан Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

6 jq ÓLKE
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН ЖЕТІСУ

Халқымыздың барлық асыл қасиеті, салт-дәстүрі, өнері паш етілетін тағылымды мейрам – Наурыз. Бұл – біздің халқымыз үшін ең қастерлі мереке. Сондықтан да оның мәні зор, мағынасы терең. Саралап көрер болсақ, тарихи тамырын тереңнен тартқан Наурыз – бар жақсылықтың бастауы, көктем мен еңбектің, жаңару мен рухани тазарудың, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың жарқын да мерейлі мерекесі. Бұл күні аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, Күн мен Түн теңеліп, адамдардың аузы аққа тиіп, жер бетіне шаттық орнайды, дала төсі дүбірге бөленеді. Ағайын-туыс қауышып көрісіп, бір-бірін наурызкөжеге шақырып, өткенге салауат айтып, болашаққа жақсы үмітпен қарайды. Әр ұлттың тойлау дәстүрінде ерекшелік болғанымен түп негізі, мақсаты бір. Ол – жаңа тіршіліктің басталғанын жар салу, оны қуана қарсы алу. Талдықорған қаласындағы Достық үйінде өткен Наурыз тойы бізді тағы да осындай ойға жетеледі.

Халықтар достығының жарастығын паш етіп келе жатқан Достық үйі – қоғамдық келісім орталығында Наурыз мейрамына орай «Жұлдызы жарқыраған – Жетісу» облыстық форумы екінші рет ұйымдастырылды. Шараға облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелері, «Ұлағат» ардагерлер кеңесі, этномәдени бірлестіктерінің төрағалары, студенттік ассамблея және қала тұрғындары қатысты.

Мерекеге орай, Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының ауласына қолөнер шеберлерінің көрмесі қойылды. Әр ұлт пен ұлыс көрмеге өз дүниелерін алып келіпті.

Шара аясында **Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,** *облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі:* «Халқымыз Ұлыстың ұлы күнінде – Жаңа жылға үлкен үміт артады. Тепе-теңдік, ізгілік пен жаңару үйлесім тапқанда – елге құт қонып, береке орнайды деген сенім жүрегімізге берік ұялаған. Бұл мереке көп этносты еліміз тұрғындарын достық пен татулыққа шақырып, игі істерге жұмылдырып келеді. Біздің ұлттық рухымызды көтереді. Салт-дәстүрімізді жаңғыртады. Бүгінде Наурыз – барлық этностарға ортақ, әрбір азамат асыға күтетін мереке. Тәуелсіз еліміздің өркендеп, өсуі жолында жаңа бастамаларға негіз қаланады. Тұңғыш Президентіміз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылды – Жастар жылы деп жариялағанын білеміз. Оқушылар мен жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мақсатында Достық үйінің базасында «Айбын» әскери-патриоттық клубы өз жұмысын бастады», – деп көпшілікті жаңалықтармен таныстырды.

Бұрынырақта халқымыз Наурызға ерекше дайындалған. Наурызкөжені жасағанда тайқазанға қыстан бері сақталған сүр ет, қазы салатын. Оған алдын ала бұқтырылып қойған бидай, күріш, тары, кеспе қосатын. Құртты астауға салып, малтасын шығарып тұрып, езіп қоятын. Сол құртты қосып көже беретін. Ол наурызкөженің дәмін әлі күнге дейін ұмытпаймын. Үлкен кісілер көжеге барған үйдің иесіне, алдынан кездескен адамдарға жақсы тілектерін айтып, «Ақ мол болсын» дейтін. Қазақ дастарханының сәнін келтіретін сүт тағамдары. Сүт болса, кілегей, май, ірімшік, айран, қатық та болады. Ақ мол болсын деп тілек айтатыны сондықтан. Көже ішуге барған үйде ән салынып, би биленіп, жұмбақ, жаңылтпаштар жарысы, сақина салу сынды ойындар өтетін. Ер-азаматтар аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату, бұқа тартыс, арқан тартыс сынды ойындар ұйымдастыратын. Бұл жолғы мерекеде де сол дәстүр қайта жаңғырды. Жоғарыда аталған аудан мен қалалардан келген қолөнер шеберлері Достық үйінің алдына шатыр тігіп, өздері жасаған тұрмыстық, аңшылық, шаруашылыққа қатысты бұйымдардың сан түрін тізіп тастады. Сондай-ақ шатырлардың жанына тайқазан асылып, әжелеріміз бен келіндер жас ұрпаққа үлгі болсын деп Наурызкөже жасаудың жолын үйретіп әбігер. Ал балалар мен жастар алаңға жайылған боз кілемнің үстіне түрлі ұлттық ойындардан үлгі көрсетіп, бақ сынап, мереке шырайын аша түсті.

Райхан ҚАБЫШҚЫЗЫ, *облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі:* «Біздің бала кезімізде көрген Наурыз бен бүгінгі мерекенің алшақтығы бар. Қазіргі Наурызда көбіне тұсау кесу, бесікке салу, қыз ұзату сынды салт-дәстүрлер насихатталып жатады. Әрине, бұл дәстүрлеріміз жас ұрпақ біліп жүрсін деген оймен атқарылады. Бірақ бұрын олай болмайтын, таңның атысынан бастап той тойланып, кешке оттың маңайында жастар би билеп, өлең айтып, ақсүйек ойнап тарқасатын. Қазір шыны керек, үлкен кісілері бар үйлерде ғана наурызкөже пісіріледі. Барлық отбасы бірдей Наурыз мейрамына айтарлықтай көңіл бөліп, салт-дәстүрді ұстана бермейді. Көбіне алаңда ұйымдастырылатын мерекелік шарамен ғана шектеліп қалады.

Ардагер әжелер ансамблі жыл сайын Наурызға қатысып, аластау, ағаш отырғызғанда ақ құю сынды рәсімдерді орындайды, әндерімізді шырқаймыз. Мектептерге шақырса, наурызкөженің қасиеті, оның неден жасалатыны, неге жеті түрлі дәм қосылатыны туралы, бата дегеннің не екенін, «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, алған батаңның өзі жарты байлық екенін жас ұрпаққа айтып түсіндіреміз. Ендігі айтарымыз, жастар жағы Наурызға мән беріп, салт-жоралғылардың бәрін өз деңгейінде атқарса, әрбір отбасында тойланса, халық болып осы мерекенің маңызын арттырсақ деген тілек», – дейді.

Наурыз мерекесі өніріміздегі қазақ, түрік, ұйғыр, башқұрт, татар, өзбек, қырғыз халықтарына да ортақ. Оларда да мерекені қарсы алудың өзіндік тәртібі, жолы, өзгешелігі бар. Бұдан пайымдағанымыз – дүниежүзі халықтары көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы заманнан орын алған бұл мейрамды парсы тілдес халықтар бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған, жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынып, ескі киімдерін тастап, ескірген шыны-аяқты сындырған. Бір-біріне гүл сыйлаған. Үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – күн бейнесі салынып, үйдегі тіреу ағашқа гүл ілініп, түрлі жарыс ұйымдастырылған. Мұның ішінен түркі тілдес халықтар тойлайтын Наурыз нақыштарының кездесіп жататынына куә боламыз. Бұл мейрамның көптеген халыққа ортақ екенін көрсетеді. Соның бірі – ұйғыр халқы. Жалпы облыс аудандарында 13 ұйғыр мәдени орталығы бар. Этномәдени орталықта ұлттық дәстүрдің ұмыт қалмауы, қолөнердің дамуына мейлінше көңіл бөлінеді. Осы мақсатта орталық жанында ұлттық дәстүрді дамыту орталығы жұмыс істейді. Онда жастарды қолөнерге, кесте тігуге баулимыз. Салт-дәстүрді насихаттап, ұлттық тағамдарды жасап үйретеді. Олар халықтар достастығы аясында жемісті жұмыс атқарып келеді. Мерекелерде салт-дәстүрді паш етіп, ұйғыр халқына тән ойындарын көрсетеді. Өзге ұлт өкілдерімен етене қарым-қатынас орнатып, қазақ халқының салт-дәстүріне құрметпен қарайды. Мерекелерді бірлесе тойлап, ұлтаралық татулық пен бірлікке негіз салып келеді. Бұл жұқалап жайып, майдалап кесіп салады. Бір айырмашылығы ұйғырлар көжені көк пияз, аш көк, райхан қосып демдейді. Пісірген көжең жасыл болып тұру керек. Сонда көженің дәмі бұрқырап тұрады. Сондай-ақ бидайды суға салып өсіріп, одан өніп шыққан жап-жасыл өскінді қосады. Бидай молшылық пен тоқшылықтың белгісі, ал жасыл шөп көк мол болсын дегенді білдіреді. Наурыз күні дастархан түрлі тамақтарға толы болады. Табақ-табақ еттен бастап, мәнті, хошан, сағза, самса, жусайдан, жалбыздан жасалған өнімдер, тандырға жабылған нанның жеті түрі қойылады. Төр нанды жусайдан және көк пияздан жасайды. Ол көктің шығуының белгісі. Бәрі әдемі жаңа киімдерін киіп, қыздар шаштарын екіге бөліп өріп, бұрымдарына «жала» тағады. Еркектер басына тақиясын киіп, «вәлләй» деген ойын ойнайды. Жұрт бір-бірінің үйіне топ-топ болып барып, ноуруз суйваши, басқа да тамақтардан ауыз тиеді. Ән айтып, би билейді. Шақ-шақ айтып, қалжыңдасады.

Бұл күні қарияларға үлкен құрмет көрсетіліп, сый-сияпат жасалады. Аталарымызға шапан жауып, апаларымызға көйлек кигізіп, көңіліміз аппақ болсын деген тілекпен ақ орамал тартылады. Ақсақалдар төрге отырып, бата береді. Балалар ләңгі теуіп, асық ойнап жарысып, әтештер төбелесін тамашалайды. Жалпы, ұйғырларда әр үйде әтеш бағу дәстүрге айналған. Қыс бойы гүлдеп тұратын қазтамақ гүлін терезеден алып, сыртқа шығарып қою үрдісі де осы Наурыз мерекесінде орындалады. Гүлдерді есіктен кіреберістен екі қатар етіп, тізіп қойып шығады. Қыздар да шаштарына сәндеп, гүл тағады. Ол өміріміз гүлдей жайнасын деген тілектен туындаған. Кешке қарай мерекені әйелдер бөлек, ерлер бөлек, жас отбасылар өздерінше бөлек тойлайды. Наурыз мейрамы мамырдың ортасына дейін жалғады.

Жалпы өзім қазақтың келіні болғандықтан, Наурыз мерекесінде қазақтың салт-дәстүрін көбірек ұстанамын, үйде бір қазанға наурызкөже, екінші қазанға ноуруз суйвашиді пісіремін», – дейді.



Жыл мезгілдерінің бәрі де жақсы, бәрі де өзінің көркемділігімен ерекше. Әрқайсысының өзіндік сұлулығы, өзіндік әсемдігі бар. Көктем – көгілдір шуағымен, жаз – жадыраған күнімен, күз – алтындай жарқыраған сәтімен, қыс – аппақ қарымен әдемі. Бәрі де адамға қызмет етеді. Уақыттың әрбір сәтін бағалаған дана халқымыз күннің шыққан кезінен ұясына кірер шағына дейін толық жаттап, тіршілігіне қажетті тұстарын тиімді пайдаланған. Осындай мұқият есептің арқасында күннің ұзарып, түннің қысқарған кезін, жарықтың кішірейіп, қараңғының ұлғайған тұсын жетік білген. Соның арқасында күн мен түннің теңелген шағын «Наурыз» деп атап, көпшілік бір-біріне жақсы тілек, жанашыр лебіз арнаған. «Жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер» деген нақылды өмірлік ұстанымына айналдырған халқымыз ұрпағына осындай асыл құндылық қалдырыпты. Бұл атаның ұлына, ананың қызына өсиеттеген үлкен мұрасы, таусылмас қазынасы. Мұндай ізгі ниет, игілікті тілек Наурыз мерекесін тойлайтын барлық бәрінде бар екен. Мерекеге орай тігілген шатырларды аралап жүргенде, ол туралы талай жылы ойларға қанықтық.

Қасым УСАНОВ, *«Усанов» шаруа қожалығының жетекшісі, татар ұлтының өкілі:* «Өмір бойы ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткеннен кейін шығар, алдағы жылдың жаңбырлы, топырақтың құнарлы болғанын қалайтын бір әдет қалыптасты. Білгенімді кейінгі ұрпаққа үйрете отырып, өзіміз көрген қариялардың әдетін еске түсіру жемісті келетінін ұғындым. Сондағы бір байқағаным, Наурыз мейрамында айтылған жақсы тілек, ақ батаның орындалатыны. Біздің де осындай дәрежеге жетіп, өзіндік биіктікті бағындыруымыздың сыры осында жатыр. Ұрпағының бақытты болуын тілейтін ата-баба арманының бір ұшы Наурызбен байланысты», – дейді.

Бұл Наурыз тойына облыстық ассамблеяның жанындағы барлық этномәдени орталықтар атсалысқанын айта кеткен жөн. Әсіресе Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары және Текелі қаласындағы Аналар кеңесінің мүшелері аулаға дастархан жайып, Наурыз көжені тегін таратты. Достық үйін айнала тігілген ақ шаңқан үйлер мен шатырлар әр ұлттың береке-бірлігі мен ынтымақ-достығының ортасына айналғандай сезілді бізге. Киіз үйлерде ұлттық қолөнердің сан түрі жинақталған. Сонымен бірге әр ұлттың берекелі тіршілігін көрсететін аудан, қалаларда қоныстанған татар, орыс, әзірбайжан, кәріс мәдени орталықтарының көрмелері қойылған. Салт-дәстүрдің сан түрінен сыр шертетін әрбір шатыр халықтың бірлігі мен ынтымағының куәсіндей. Тіпті этнос өкілдері де осы орайда өздерінің мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін, өнерін, ұлттық тағамдарын басқаларға көрсетіп қалуға тырысты. Мерекеге арнайы шақырылған өнерпаздар әннен шашу шашып, бұрала би билеп, күмбірлете күй шертіп, көпшілікті әсем әуенмен баурап алды. Сахна төрінде қазақ ұлтының өнерпаздарымен қатар, орыс, татар, шешен, ұйғыр, тағы да басқа этнос өкілдерінің салт-дәстүрінен көрсетілген қойылымдар бірімен-бірі қабысып, сән-салтанатымен жарасым тапты. Жұрт бір-бірін мерекемен құттықтап, ақ тілектерін аяп қалмады. Тіпті Наурыз тойын жаңаша тойлаудың керектігі жөнінде жеке ойын білдіріп жатқандарда болды.

Ділназ Ермұхамбетова, студент: «Өздеріңіз білесіздер, жылда жаңа жыл қарсаңында қала, аудандарда безендіру жұмыстары жарыса жүргізіледі. Ондағы мақсат – жеңімпаз атанып, алдыңғы қатардан көріну. Жақсылыққа ұмтылған орынды. Бірақ осы ізгілікті істі тек күнтізбе ауысатын жаңа жылда ғана емес, өзіміздің жыл басы саналатын Наурыз мерекесі қарсаңында да жалғастырса, нұр үстіне нұр болатын еді», – деген ұсынысын айтты.

Әрине, Жастар жылына орай, олардың да пікірін ескеру керек шығар. Мүмкін, осы көріністі сырттай көрген әлдекім Наурыз мерекесінде ғана осылай болады деп ойлап қалатын шығар. Негізінде Алматы облысындағы барлық мерекелер өнірдегі этномәдени орталықтардың, әр ұлт тұрғындарының толық қатысуымен өтіп тұрады. Алдағы бірлік күнінде осы береке Талдықорған төрінде тағы бір салтанат құратынын белгілі. Одан өзге де түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық мерекелері республика, тіпті халықаралық деңгейде ауызбіршілікпен тойланып, өзіміздің өміршеңдігімізді көрсетудің үлгісіне айналып келе жатыр.



Тәңірберген ҚАСЫМБЕРКЕБАЕВ, *Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының директоры:* «Орталық кейінгі жылдары «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ашылды. Онда мәдени-ағартушылық клубтар, тілдік және компьютерлік сыныптар бар. Ассамблеяның бастамасымен алдағы уақытта Татарстан Республикасы мен Қазақстанның ынтымақтастығын нығайту мақсатында татар этносының ұлттық мерекесі «Сабантой» халықаралық деңгейде өткізілмекші. Бүгінгі Наурыз мерекесі сол игілікті істердің қатарын құрап тұр», – дейді.

Достық үйінде «Жұлдызы жарқыраған – Жетісу» атты тақырыппен өткен Наурыз тойы осындай әсерлі істермен айшықталды. Шара аясында осы мерекеге белсене атсалысып, ұйымдастырылған бәсекелерде топ жарғандар арнайы Алғыс хатпен марапатталып, сый-құрметке бөленді. Бұл да келесі жолы өтетін мерекелерге дейін білекті жігіттер мен өнерлі аруларды шабыттандыра жүретін бастама деп есептедік.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

6 jq BIRLIK
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТ

Ұлы даланы мекендеген жүзі басқа – жүрегі бір, тілі басқа – тілегі бір халық бекем бірлікті бұзбай, бейбіт өмір сүруде. Осыншама ұлт пен ұлыстар татулықты ту етіп, ынтымақ пен ырысты жарастырып отырғаны – үлкен жетістік. Бұл жерде қоғамдық келісім мен этносаралық ынтымақты нығайту мақсатында жұмыс атқаратын облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының алар орны ерекше.

Биыл Талдықорғандағы Достық үйінің жұмыс жүргізе бастағанына 10 жыл толды. Осы мезгілде этнос өкілдерінің тілі мен мәдениетін, басқа құндылықтарын ұрпаққа үлгі етуде атқарған жұмысы аз болмады. Осы орайда Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының директоры Тәңірберген Қасымберкебаевпен сұхбаттасқан едік.



Jas qazaq: Тәңірберген Қасымақынұлы әңгімені Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының құрылымымен танысудан бастасақ?

Т.Қасымберкебаев: Достық үйі 2008 жылы 28 қарашада ашылды. Ғимараттың авторы – Қазақстан Сәулетшілер одағының мүшесі Нұркен Белдібаев. Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы аймақтағы ел-жұрттың мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтауға, дамытуға және этномәдени бірлестіктер мен Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысын белсенді атқарады. Төменгі қабатта кафе, сахналық киім сақтау орны, шаруашылыққа арналған бөлмелер орналасқан. Бірінші қабатта компьютермен жабдықталған мультимедиа орталығы, тілдерді үйрену орталығы, заманауи дыбыс жазу студиясы, әкімшілік кабинеттері және облыстық орыс, қытай, поляк, неміс этномәдени орталықтарының кеңсесі, «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің бөлмесі орналасқан.

Екінші қабатта ассамблеяның облыстық төрағасы мен оның орынбасарларының кабинеті, мәжіліс залы, дөңгелек стол пікірлесу алаңы ретінде орналасқан. Бір мезетте 4 – желі арқылы аударма жүйесімен жабдықталған. 205 орынға арналған акт залы, би залы, «Бірлік» жастар қауымдастығы, «Ұлағат» ақсақалдар кеңесі, ассамблея хатшылығы, көркемдік жетекші, облыстық татар этномәдени орталығы бөлмесі бар. Үшінші қабатта этномәдени бірлестіктердің кеңселері, би залы орналасқан.



Jas qazaq: Бүгінгі таңдағы Қазақстан Халқы ассамблеясының орны мен рөлін қалай бағалайсыз?

Т.Қасымберкебаев: Халқымызда: «Бір күн ұрыс болған үйден, қырық күн береке кетеді» деген нақыл бар. Ел тұтқасын ұстап отырған қазақ халқы болсын, елімізді өз Отанымыз деп санайтын өзге ұлт пен ұлыс өкілі болсын, ең алдымен ойлайтыны – еліміздің тыныштығы, жеріміздің бүтіндігі, ағайын-арасындағы бауырмалдық. Бауырмалдық, келісім, ынтымақ бар жерде ғана үлкен жетістіктерге жетуге болады. Сондай-ақ ұлтаралық қатынастың жақсы жолға қойылуы, халықтар достығының нығаюы, әсіресе Қазақстан сияқты көпұлт өкілі тұратын, демократиялық жолмен дамып келе жатқан ел үшін өте қажет. Бұл бағытта еліміз егемендік алғалы қыруар шаруа жүзеге асты және асырыла бермекші. Солардың ең негізгісі – Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылуы. Негізгі бағыты – еліміздің тарихына терең үңіліп, ұлттық дәстүр мен мәдениетті, ана тілімізді сақтау және дамыту, ұлтаралық ынтымақтастық пен сабақтастықты мейлінше өркендету. Ассамблея ұлттар достығының алтын көпіріне айналды.

Jas qazaq: Бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан ұлттардың ұлтаралық татулық пен келісімді сақтауының маңызын қалай түсінесіз? Достық үйі осы міндетті қаншалықты орындап отыр?

Т.Қасымберкебаев: Достық пен ынтымақ – бұзылмайтын қорған, жол көрсетер бағдар десек, өңірдегі әр этномәдени орталық өз мәдениеті мен тілін, салт-дәстүрін сақтауға мүмкіндік алды. Ел игілігі жолында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарға белсенді қатысу арқылы Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағының аясына топтасуда. Осыған орай Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы, Достық үйінің қызметкерлері мен белсенділеріне, этномәдени бірлестіктердің мүшелеріне, облыстағы барлық этнос өкілдеріне халықтың достығы мен бірлігін нығайтуға, ұлтаралық келісімді сақтауға қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.

Еліміздің бірқатар облысында Достық үйі бой көтерді. Солардың жанынан этномәдени орталықтар құрылды. Олардың міндеттері өз ұлтының тілін, мәдениет, тарихын, әдебиетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жаңғырту, кейінгі жастарға үйрету. Мұндай еркіндік Қазақстаннан басқа қай елде жасалды? Бұл нағыз шынайы демократияның, Елбасымыздың ұлттар мен ұлыс өкілдерінің құрметтегенінің нәтижесі.

Jas qazaq: Достық үйінің мақсаты не? Ол қандай құндылығымен ерекшеленеді?

Т.Қасымберкебаев: Достық үйі еліміздің қоғамдық және мәдени өміріне белсене атсалысып жүрген ұлттардың алтын ордасына, татулықтың тұтқасына, бірліктің бесігіне айналды. Қазақстан Халқы ассамблеясының Астанада өткен 12-сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы уықтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар. Ол – біздің тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз. Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз. Біздің жасампаз тарихымызды елдің әрбір азаматы мақтан етуге тиіс», – деп атап өткен.

Іргелі саясаттың бірі этносаралық татулық екені мәлім. Соның арқасында барлық этностар бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп, береке-бірлікте еліміздің болашағы үшін қызмет атқарып жатыр. Талдықорғандағы Достық үйі – соның айғағы.

Бүгінгі күні Жетісу жерінде ынтымағы жарасқан 105 этностың өкілі тату-тәтті өмір сүруде. Сонымен қатар 71 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Оның 26-сы облыстық деңгейде түрлі шаралар өткізумен айналысса, 35-і аудандарда және 10-ы өңірдегі Талдықорған, Қапшағай, Текелі қаласында тіркелген. Осыған қарап, елімізде өмір сүріп жатқан өзге этностар мәдениетінің дамып, салт-дәстүрінің сақталуына лайықты жағдай жасалғанын байқау қиын емес. Облыстық этномәдени бірлестіктер мен олардың аудан, қалалардағы филиалдары Достық үйінде республикалық, облыстық, қалалық, аудан деңгейінде өтетін әртүрлі форматтағы әлеуметтік-мәдени шараларға белсенді түрде қатысады.

Jas qazaq: Өткен жылды қандай жетістіктермен қорытындыладыңыздар?

Т.Қасымберкебаев: Былтыр облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы халықтың береке-бірлігін нығайту, мәдени-рухани байланысын жандандыру, ұлтаралық қарым-қатынасты дамыту мақсатында бірнеше ауқымды жоба ұйымдастырды. Атап айтқанда, «Бейбітшілік пен келісім жол картасы», «Ұлы Жібек жолы бойындағы сұхбат», «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» ғылыми-танымдық экспедициясы, «Қазақтану» жобасының «Ұлы дала елінің қонақжай қасиеті» мәдени-көпшілік шарасы аясында «Қымызмұрындық» фестивалі, «Туған жер», «Бірлік» халықаралық жастар лагері және «100 жаңа есім: табысты болу жолы» жазғы мектебінің жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ал биылдан бастап «Қымызмұрындық» фестивалі республикалық бағдарлама жалғасады. Одан бөлек, Достық



үйлері арасында тәжірибе алмасу мақсатында Жамбыл, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласында «Ынтымақ шеруі» фестивалі, шекара аймағындағы ынтымақтастық бойынша Татарстан Республикасының астанасы Қазан қаласында «Достықта жоқ шекара» атты халықаралық фестиваль ұйымдастырылды.

Сонымен қатар қоғамдық келісім кеңестерінің қызметіне арналған «Ауылым – алтын қазынам» V облыстық форумы, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының облыстық штабы «Өзіңді көрсет» стартапы мен «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасын іске асыруда жалпықазақстандық «Астана бейбітшілік бесігі» атты ашық диктант жазу шарасы өткізілді.

Қазір ақпарат құралдарында, теледидар арналарында халықтар достығына байланысты әңгіме, сұхбат, көрсетілім жиі беріле бастады. Өйткені, оның өзіндік сыры бар. Қазақ ежелден бауырмал болғандықтан, ұлт-нәсіліне қарамай, жалпы адамзатты жақсы көреді. Ұлы Абайдың «Адамзатты сүй» дейтін қағидасы бар емес пе. Адамдар арасындағы сүйіспеншілік пен махаббатты қасиетті дініміз ежелден уағыздап келеді. Бойында бұрыннан исламдық рух бар, ұлт ынтымақ пен достықты қадірлейді.

Жетісулық этномәдени бірлестіктер Астананың 20 жылдық мерекесі аясында ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайтуға арналған шаралар ұйымдастырды. Мысалы, Достық үйінде «Күміс тамыр» қытай этномәдени бірлестігі «Абыройы асқақ Астана!» атты форум, Әзірбайжан этномәдени бірлестігі «Астана – мемлекеттік тілдің тірегі» атты жиын, Талдықорған аумақтық «Видергебурт» неміс қоғамы Таубұлақ экокемпингінде «Мақтанышым – Астана» атты жазғы маусым лагерін, «Ахыска» түрік этномәдени бірлестігі «Аналар күні» атты қайырымдылық акциясын, «Сафар» тәжік қоғамдық бірлестігі Конституция күніне арналған «Ата заңым – елдігімнің айғағы!» атты облыстық форумын өткізді.

Jas qazaq: Достық үйі этнос өкілдерінің құндылықтарын құрметтеуге барынша басымдық берген. Есесіне, сіздерде Мемлекеттік тілге деген құрмет қай деңгей де?

Т.Қасымберкебаев: Жетісу жерінде өмір сүретін ұлттар мен ұлыстар мемлекеттік тілдің дамуына да өз үлесін қосып келеді. Мысалы, облыстық этнос өкілдері арасында «Көркем ой. Көркем тіл. Көркемсөз» атты байқауы өтіп, қазақ тілінің мәртебесінің артуына қажетті қадам жасалды.

Jas qazaq: Жыл сайын Достық үйінің ұйымдастыруымен «Алғыс айту» күніне орай игі шаралар өткізіліп жатады. Оның ел бірлігіне, ұлттар тұтастығына тигізер пайдасы қандай?

Т.Қасымберкебаев: Қазақ даласына қуғындалып келген көптеген халық бүтін нанын бөліп берген жергілікті халықтың қонақжайлылығын, адамгершілігін ұмытпақ емес. Соған орай еліміздегі көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері қазақ халқына және өзара бір-біріне Алғыс айту күні ретінде бекітілген еді. Кезінде мемлекет басшысы елімізге жер аударылып келген халықтарға көрсетілген құрметтің, ықылас-пейілдің шынайылығын атап өтіп, өздерінің екі бөлмелі қоржын тамдарына үш балалы отбасының келгенін тебірене еске алған еді. «Алғыс айту күні – халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиетін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси құғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым құған сайын далаға жеткен көптеген халықтың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуі жақсы сөзбен дәріптеледі. Осынау жарқын да қуанышты мерекеге қатысып отырғандарыңыз үшін сіздерге ризашылығымды білдіргім келеді», – деген еді.

Шараның аясында облысымыздың аудан, қалаларында алғыс айту күнінің мәні мен маңызын халыққа түсіндіру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылып жүр. Жалпы бейбітшілік достық пен келісім құндылықтары Қазақстанның көп этносты халқының тарихи тағдырымен ұштасқан. Алғыс айту күні – Елбасының бейбітшілік пен келісім саясаты нәтижесінде Қазақстанда қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің бірегей үлгісі салтанат құрған күн. Бұл біртұтас азаматтық қағидаттарына негізделген елімізді дамыту арқылы ел бірлігін нығайтудың жарқын үлгісі.

Jas qazaq: «Ел бірлігі – береке бастауы» деген қанатты сөзді жиі айтамыз. Ендеше, сіз бұл ұғымды қалай бағалар едіңіз?

Т.Қасымберкебаев: Ел мен жердің тыныштығы, халықтың әл-ауқатының артуы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық келісім мен бейбітшілікке, ұлтаралық татулық пен дінаралық сыйласымға тікелей тәуелді. Келісім, бейбітшілік, татулық, сыйластық орныққан жерде даму да, алға жылжу да, халық санының өсуі де орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің өркендеп, ел мен жердің жақсылыққа кенелуіне ынтымақ пен тұрақтылық тікелей әсер етеді. Бұл жағынан алғанда, мемлекетіміздің өзге елдерге үлгі болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені талай ұлттың баласына қара шаңырақ болып, жер аударылғандарды туғанындай күтіп алған қазекеңнің жақсы қасиеті бүгінгі еліміздегі ұлттардың бойына сіңгені анық. Тіпті қиын күндерде келген диаспора өкілдерінің қазақпен құда-жекжат болып, туыстық қарым-қатынасты нығайта түскені бұлтартпас шындық. Бұны көкірек көзі ашық әрбір жан мойындайды.

Бізді тебірендіріп, тербететін – сыр тұнған тарихымыз. Себебі ғасырлар қойнауынан жеткен шежіре-тарих мемлекет іргесінің берік, шаңырағының биік болуына ықпал ететін қозғаушы күш – жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Ал бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі азамат екендігін ескерсек, бала күнінен отаншыл болып өскен адам тек жақсылық жасауға бейім тұрары анық. Сондықтан ел бірлігі – береке бастауы. Осы бастауымыз тұнық болса, әлі талай биікті бағындырып, жетістіктерге жете беретініміз анық.

– Сұхбатыңызға рахмет!



Сұхбаттасқан Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

6 jq BIRLIK
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ТАТУЛЫҚ – САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА



Алматы облысы көпұлтты, көпдінді аймақ. Бірақ осыған дейін өңірде елдің мазасын кетірген бірде-бір діни қайшылық немесе ұлттар арасындағы араздық көрініс берген жоқ. Оның сан түрлі себебі бар. Ең бастысы – облыс басшысынан тартып, дін саласының қызметкерлері, жалпы бұқараның нәзік құбылысқа барынша мән беретіндігінде. Айта кетерлігі, аймақта жыл сайын діни тұрақтылықты сақтау, жастардың жат ағымдардың алдауына түсіп қалмауға қатысты түрлі шара ұйымдастырылады. Дәстүрлі бастама биыл да өз деңгейінде атқарылды. Ендеше, осы ретте солардың басты-бастысын баяндап шығайық.

ЖЕКЕ-ДАРА, ЖЕТПІС ШАРА

Облыс әкімі Амандық Баталов Талдықорғандағы Достық үйінде өткен «Жетісу – достық өлкесі» атты кездесуде аймақтағы ынтымақтың, татулықтың, ырыс-құт, бақ-берекенің бастауында тұрған ұлтаралық келісімді берік ұстану қажеттігін тілге тиек етті. Жиында Амандық Ғаббасұлы былтыр этномәдени бірлестіктер ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайтуға арналған 70-тен астам шара өткізгеніне тоқталды. Сонымен қатар барлық аудан мен ауылдық округтерде жұмыс істеп жатқан Аналар кеңесі мен Қоғамдық келісім кеңестерінің жұмысына жоғары баға берді. Сондай-ақ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында және «Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи-танымдық мақаласында дін саласына қарата айтылған міндеттер мен тапсырмаларды орындау үшін көптеген жұмыс атқару керектігі айтылды.

Одан соң сөз алған «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің құрметті мүшесі Светлана Гаитова, «Шымыр» ЖШС-нің директоры, Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты Руслан Валишанов, орыс орталығы төрағасының орынбасары Лариса Котельникова, Аналар кеңесінің мүшесі Ғалия Ақбасова татулық пен ынтымақтың туы асқақтай беруін тіледі.

Жиын соңында тыныштық пен бейбітшілікті насихаттаған Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелері мен сала қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Облыстық ассамблея жанындағы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен берілген «Бірлік» алтын медалін аймақ басшысы А.Баталовтың өңіріне қадады.

* * *

Қоғамның жегіқұртына айналған сыбайлас жемқорлықты болдырмау –баршаға ортақ міндет. Сондықтан да Жетісу жеріндегі барлық діни бірлестік өз уағыз-насихатында парақорлықтың зияны мен зардабын түсіндіруі тиіс. Мұндай пікір облыс орталығындағы Тіл сарайында өткен жиында айтылды.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті ұйымдастырған жиынға өңірдегі барлық діни бірлестік өкілдері, облыстық дін істері басқармасының мамандары, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына қарасты мешіт имамдары қатысып, бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған жемқорлықты болдырмаудың жолын қарастырды. Алқалы жиынды ашқан Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департамент басшысы Серікбай Нұрғисаев: «Біз тәуелсіздік алғалы бері еңселі мемлекет құру бағытында айтарлықтай қадам жасадық. Рухани құндылықтар мен адамгершілік – барлық өзгерістердің негізіне айналды. Еліміздің экономикалық және саяси дамуын қамтамасыз ету үшін әр азаматтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті жоғары болуы тиіс. Ол мәдениетті қалыптастыру идеясы 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияда көзделген», – деді.

Оның айтуынша, еліміздегі барлық қоғамдық бірлестіктер сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруы тиіс. Ол үшін парақорлыққа қарсы ағартушылық жұмыстар, уағыз-насихат жүргізіліп, сыбайластыққа, жемқорлыққа қарсылық жалпықоғамдық сипат алуы тиіс. Сонда ғана нақты нәтижеге қол жеткізе аламыз. Өз сөзінде парақорлықтың шариғаттағы үкімі харам екенін атап өткен Серікбай Өрікбайұлы ислам діні адалдыққа, адал қадамға сүйенетінін алға тартты. Сондай-ақ Құранның Бақара сүресінің 188-аятын мысалға келтіріп, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) пара берушіні де, алушыны да лағынеттегеніне тоқталды. Бұдан соң Жетісу жерінде сыбайлас жемқорлықты жою бағытында қолға алынып жатқан іс-шаралармен таныстырып, қоғамның барлық саласына сыналап кіріп кеткен парақорлықтың зиянын тілге тиек етті.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов өңірдегі діни ұйымдар туралы мәліметпен таныстырды. Баяндамашының пікіріне қарағанда, сыбайлас жемқорлықты болдырмау бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Яғни өскелең ұрпақтың бойына парақорлыққа қарсы тұратын мәдениетті қалыптастыру керек. Оған облыс аумағында тіркелген 619 діни бірлестік пен филиалдың, онда қызмет атқаратын 556 имам-ұстаз бен 305 христиан діндарлары үлес қоса алады. Басқарма басшысы осы бағытта көптеген жұмыс атқарылып жатқанын жеткізді.



* * *

Облыстық дін істері басқармасына қарасты «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өңірдегі діни бірлестік жетекшілер клубының кезекті отырысын өткізіп, дінаралық қарым-қатынасты нығайтудың тетіктерін қарастырды. «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт: Дін. Дәуір. Дәстүр» атты жиынға шақырылғандар алдымен, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына арналған көрмені тамашалады. «Дін мен дәстүр» атты арнайы бейнефильмді көрді.

Алқалы жиында аймақтағы дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов еліміздегі береке-бірліктің бастауында жергілікті халықтың ауызбіршілігі, ынтымағы, жанашырлығы жатқанын атап өтіп, кеңестік идеологияның қуғындауымен Ұлы далаға айдалған ұлттар мен ұлыстарға құшағын ашқан қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің өміршеңдігін тілге тиек етті. Одан кейін облыстық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Қаратас, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының бас маманы Сәуле Сұрабалдинова, «Жетісу» телеарнасының бас продюсері Жұмахмет Жайлаубаев, «Жетісу» мешітінің бас имамы Мұхамед Ордабай, Иоанн Богослов шіркеуінің иеромонахы Александр Матлашов, Қасиетті Мария рим-католик шіркеуінің бас викарии Юлиан Манковски кезекпен сөз алды.

Адамзатқа ортақ құндылықтар көптігін, солар арқылы халықтар мен ұлттар арасындағы мәдениеттің қалыптасқанын айтушылардың ойы бір арнаға тоғысты. Халқымыздың ұлттық мерекесі – бейбітшіліктің, ынтымақтың, береке-бірліктің бастауына айналуы керектігін сөз етті.

Жиын соңында қонақтар Тіл сарайы ғимаратының ауласына көшет отырғызып, Жетісу жеріндегі тыныштықтың, тұрақтылықтың, бейбітшіліктің белгісіне айналсын деген тілектерін жеткізді.

Клуб отырысына қатысушылар жергілікті өнерпаздар дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалап, қымыз, шұбат, құрт-ірімшік, наурызкөже секілді ұлттық тағамдар қойылған дастарханнан дәм татты.

* * *

Орталық «Иман» мешітінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Талдықорған өкілдігіне қарасты өңірлік 180 мешіттің 226 діни қызметкері аттестациядан өтті. Осыған орай, өңірге Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының наиб мүфтиі Алау Әділбаев арнайы келіп, дін мамандарының білім деңгейін анықтады. Сондай-ақ сынаққа діни басқарманың пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай Шоқан, дін істері және сараптама бөлімінің басшысы Нұрбек Есмағанбетов, діни басқарманың заңгері Сағитжан Дәулетияр және «Иман» мешітінің бас имамы Ардақ Оразбаев төрелік жасап, имамдардың діни білімнен бөлек, еліміздің заңдары мен заңнамалық құжаттарын қаншалық деңгейде білетінін тексерді.

Наиб мүфти Алау Әділбаевтың айтуынша, діни басқарманың бекітуімен 5 жыл сайын өткізілетін аттестаттау шарасы негізінен имамдардың білімін жетілдіру, біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Биыл имамдар компьютерлік бағдарлама арқылы ақида, фиқһ, әкімшілік жүйе сынды 3 бағыт бойынша әзірленген сұрақтарға жауап берді. Ақида мен фиқһқа қатысты сұрақтарды діни басқарманың пәтуа бөлімі дайындаған. Аттестаттаудың екінші бөлімінде имамдар ҚМДБ тарапынан арнайы бекітілген сарапшы мамандар қойған діни сауалдар мен Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы, білім беруді дамытудың тұжырымдамасы бойынша сұрақтарға ауызша жауап берді. Құранды жатқа оқу сынағынан өтті. Ұзын саны 120 сұрақта Исламның алғашқы кезеңі мен дамуы, сонымен қатар пайғамбар (с.ғ.с.) өмірі қамтылған.

ҚМДБ-ның дін істері және сараптама бөлімінің басшысы Нұрбек Есмағанбетов: «Аттестаттаудан Жамбыл облысынан 14 имам, Алматы қаласынан бес адам және Алматы өңіріндегі аудандардан 9 қызметкер өтпей қалды. Негізгі мақсат – имамдарды қызметінен алу емес, шыңдау, жігерлендіру болғандықтан, сынақтан өтпей қалғандарға дайындалу үшін бір ай уақыт беріледі. Яғни сынақтан сүрінгендердің қайта тапсыру мүмкіндігі бар. Егер емтиханнан екінші мәрте өте алмаса, қызметін төмендетеміз не мүлде жұмыстан шығады», – деп шарттарды таныстырды. Оның айтуынша, имамдарға сынақтан өтетіндіктері бір ай бұрын хабарланып, сұрақтар берілген. Енді соған сәйкес біліктілікті арттыру шарасы орындалуда.

Өңірлік өкіл имам Ардақ Нүсіпханұлының сөзіне қарағанда, аттестаттауға Талдықорған аумағынан қатысқан 226 адамның 198-і бас мүфтидің бұйрығында болса, қалған 28-і жаңадан бұйрық алу үшін тапсырған. Ол: «Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының бұйрығын алмаған адам діни рәсімдерді өткізуге хақысы жоқ. Заң аясында да уағыз жүргізуіне шектеу қойылады. Осы сынақтан өткендерге арнайы бұйрық шығарамыз. Аттестаттау 3 күнге созылады», – дей келе, қажылық маусымынан түскен қаражаттан 100 имамға қаржы бөлінгенін жеткізді. Соның ішінде Талдықорған қаласынан 8 имам 50 000 теңгеден айлық алып отыр.

* * *

Қай кезеңді алып қарасаң да, қоғамның қозғаушы күші жастар екендігі белгілі. Демек, бүгініміз де, ертеңіміз де, болашақ та жастардың қолында. Олардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін және патриоттық сезімін қалыптастырып, ұлтжандыққа тәрбиелеп, салт-дәстүрді, рухани құндылықты бойына сіңіру – бүгінгі күннің басты мақсаты. Осыған орай Жастар жылы аясында облыстық дін істері, жастар саясаты басқармасы және білім басқармасының ұйымдастыруымен Жетісу жеріндегі жоғары оқу орындары мен кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттері арасында кешенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бастау алды.

Жоспар аясындағы алғашқы кездесу Ақсу өзеніндей ағынды да арынды Ілияс Жансүгіровтің, аққу қанат ақын қыз Сара Тастанбекқызының туған жері Ақсу ауданынан басталып, Қапал кәсіптік-техникалық колледжінде «Дін мен дәстүр егіз ұғым» атты келелі кездесуге ұласты. Облыстық басқарманың дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының директоры Н.Әдетбеков, орталықтың дінтанушы маманы М.Мұхамет, жастарға қызмет көрсету орталығының маманы Е.Қайролдаев, діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығының дінтанушы маманы Н.Үсіпбек жат ағымның жетегіне кеткен жастарды түзу жолға салу діни сауаттылық пен ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең білу екенін әңгімелеп, жиынға қатысушы жастардың көкейтесті сауалына жауап берді. Кездесу барысында «Мұны білгеніңіз жөн!» деген тақырыппен сурет көрмесі ұйымдастырылып, ақпараттық парақшалар таратылды. Одан бөлек, бір бағыт бойынша Ақсу политехникалық, Сарқан политехникалық және гуманитарлық, Алакөл гуманитарлық-техникалық және Тоқжайлау политехникалық колледжінің студенттерімен кездесу ұйымдастырылып, сауалнама жүргізілді.

Биылғы сәуір айынан басталған шара қараша айына дейін облыс аумағында орналасқан 2 университет, 1 академия, 59 колледжде жалғасын табады.

ТҮЙІН:

Дін – адамның дүниетанымы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға, қоғам мүшелерін құрметтеп, айналаға мейіріммен қарауға, бейбіт өмірді қамтамасыз етуге, татулық пен тыныштыққа қызмет етіп қана қоймай, адамның жандүниесін иман нұрымен нұрландырып, көркем мінез бен сабырды серік етуге жетелейтін бірден-бір ілім.

Қоғамның ең басты байлығы – адам болғандықтан, адамға тура жол көрсетіп, ақ пен қараны ажыратуда діннің алар орны ерекше. Жоғарыда айтылған мәселелер осы жылдың төрт айында өңірде өткен елеулі шаралардың қорытындысы десек те болады. Әрине, еліміздің басты байлығы – тыныштық, тұрақтылық, бейбітшілік екендігі белгілі. Осындай негізгі құндылықты сақтау жолында береке-бірліктің бастауын түсіндіру, ұғындыру жұмыстары аса қажет. Көпшілік осының сырын білгенде ғана мемлекеттің тұрақты дамуын жеделдетуге болады.

Шүкір делік, бүгінгі күні дін арқылы дәстүрлі сенім-наным қалпына келуде. Жүзіміз құбылаға, ниетіміз имандылыққа, парасаттылыққа бұрылуда. Әркім өз бағытын айқындауы тиіс. Сондықтан мемлекетімізде тыйым салынған діни ағымдардың жолымен жүрмей, жат көзқарастың жетегіне ермей, көшіміздің керуенін ата-баба дәстүріне ықпал еткен имандылыққа бет түзегеніміз жөн.



Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

6 jq BIRLIK
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru



ЖЕТІСУДЫҢ ЖАСТАРЫ

Бірлігі мықты, тірлігі түзу елден қашан да береке үзілмейді. Осыны өмірлік ұстаным еткен дана халқымыз: «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» деп бекер айтпаған. «Аз да бітер, көп те бітер, татулыққа не жетер?» демекші, ел іші тыныш, орта жайлы болса, әркім асқақ арманына қол жеткізе алады. Діттеген мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Осы тұрғыда елімізде тұратын барлық ұлт өкілдерінің қол жеткізген табысының қайнар көзі – тамаша татулық. Толағай табыстың бәрі әр отбасындағы тыныштықтан, ауызбіршіліктен, береке-ынтымақтан бастау алып жатыр. Әсіресе этнос өкілдерінің жастары әр салада еңбек етіп, еліміздің гүлденуі мен көркеюіне, өркениет жолындағы құтты қадамымызға бір кісідей үлес қосуда. Біз сол жастардың бірқатарымен кездесіп, сыр-сұхбат құрып, елге, жерге деген сүйіспеншілігін тыңдадық. Әрине, әрқайсысының айтар әңгімесі, тіршілік жолы, жетілу барысы әр алуан. Бірақ жетістігі – бір арнада тоғысып, ортақ Отанымызды гүлдендіруге үлес болып қосылып жатыр. Ал бірқатары мемлекеттік тілді меңгеруге келгенде алдына жан салмай, аймақтың айтулы азаматтарының қатарын толықтырған.

ЕЛІН СҮЙГЕН ЭМИЛЬ



Бірінші кейіпкер. Ол өзі туралы былайша сыр шертті: «Бала кезімнен бері өзімді «есімі қате қойылған қазақ» деп есептеп, атымды сұраған адамға қазақпын деп жауап бердім. Үш жасымда балабақшаның қазақ тобына бардым. Анам тәрбиешілерге: «Мекенжайын, есімін өзі біледі. Қажет болса, телефон нөмірімді де айта алады», – деп табыстап кетті. Топтағы ұл-қыздар өзін таныстыра бастады. Балалар Серік, Берік, Данияр, Сәуле, Меруерт дегенде, менің атым қате деп ойладым. Жан-жағыма қарайладым. Кезек маған келгенде Жандос дедім. Түріме қараған тәрбиеші сенбеген кейіппен: «Ұлтың кім?», – деді. Еш мүдірместен: «Қазақпын. Әзірбайжан отбасында дүниеге келген қазақпын», – дедім. Жымия қараған апай ештеңе демеді.

Қайтатын уақыт болды. Барлығын ата-анасы тосып тұр. Сол уақытта тәрбиешінің: «Жандос, анаң келді», – деген даусын естіп, жүгіріп бардым. Менің келгенімді көрген анам аң-таң. «Сіз баламды неге Жандос деп шақырдыңыз? Оның есімі – Эмиль», – деді. Ұстазым болса мән-жайды түсіндіріп әлек. Үйге барған соң ұлтымыз әзірбайжан, есімім Эмиль екенін ұрыспай, асықпай түсіндірді. Эмильдің мағынасы Жандос есімі сияқты жаныма жылулық ұялатты. Соған қарамастан, мектеп бітіргенше Жандос болдым.

«Қазақ қазақша оқуы керек» деген ұстанымымнан таймай, Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектепте білім алдым. Сүйікті пәнім Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиеті болды. Батырлар жырын, Абайдың қара сөзін, Есенберлиннің «Көшпенділерін», М.Әуезовтің туындыларын жата-жастана оқыдым. Тарихты оқу арқылы қазақ даласының өткені және бүгінімен таныстым. Кең байтақ жерде дүниеге келгенім, тарихы терең елдің азаматы болғаным, менің мақтаныш сезімімді оятты.

Жоғары оқу орнына түсерде анам орыс тобында оқуыма мүмкіндік барын айтса да, журналистика бөлімінің қазақ тобына құжат тапсырдым. Таңдау жасауыма басты себеп, ұлан-ғайыр қазақ жерінің тарихын, көркем тіл – қазақ тілінің маңыздылығын көрсеткім келді. Мемлекеттік тілде өткен түрлі байқауға қатыстым. Бұл еліміздің түкпір-түкпірін аралауыма мүмкіндік сыйлады.

Қазақ тілін жақсы білуім, терең түсінуім өмірімде көп септігін тигізді. Басымнан өткен бір оқиғаны айтайын. Отбасымызбен Балқаш көліне демалысқа баруды жоспарладық. Күні бұрын азық-түлік қамымен жүрдік. Маған 5 литрлік бөтелкемен су тасу жүктелді. Тапсырманы орындап болған соң достарыммен кездестім. Әңгімелесіп отырып уақыттың қалай өткенін байқамай қалдық. Үстімде жұқа киім, қалтамда 150 теңге ғана бар. Кешкілік жаурай бастадым. Асынғаным азық-түлік толы ауыр сөмке. Аялдамаға бара жатқанда аяғымды ауыртып алып, амалсыз көлік тостым. Зуылдаған машиналар тоқтар емес. Енді үмітім үзіле бастағанда бір көлік тоқтады. Рульде отырған қазақ кісі екен. Әңгімелесе бастағаннан оған қазақ тілінде жауап бердім. Жағдайымды түсіндірдім. Жол-жөнекей болмаса да: «Кеттік, балам», – деп үйіме жақын жерге тегін жеткізіп тастады. Ойлап қарасам, егер қазақ тілін білмесем, соншалықты сырласа алар ма едім. Осы тәріздес оқиға өте көп. Қазақ ортасында өскеніме қуанамын. Өйткені, менің жүрегім – қазақ, атым – Жандос».

Талдықорған

КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАЙДЫ

Екінші кейіпкер. Қасиетті қазақ жерінде шар болаттай шыңдалып, елім деп еміренген азаматтардың байрақты бәсекелерде намысынды қорғағаны Алашқа деген зор құрмет емес пе?! Солардың бірі – ұлы даланың ұланы болғанын мақтан тұтатын ауыр атлет Сайхан Тайсуев.



Мұхит асып, әлемді таңғалдырып, талайдың жігерін құм етіп жүрген толағай 2002 жылы 21 мамырда Үштөбе қаласында туған. Бала күнінен спортты жанына серік еткен Сайхан небәрі 9 жасынан бастап ауыр атлетикамен айналысады. Оны алғаш жаттығу залына ағасы ертіп барған. «Тау көтерген Толағайларды» көрген баланың спортқа қызығушылығы оянып, сол күннен бастап жаттығуға кіріседі. Өзі қатты құмартқан спорт оны күн өткен сайын шымырлаған тұңғиығына тартты. Жаттығудан қалмай, күн-түн демей, қызу дайындалуының арқасында ол биік белестерді бағындырды. Тынымсыз еңбек – жеңіске жетеледі. Нәтижесінде еліме қандай сый көрсетсем деген ойы іске асты.

Дмитрий Ольховский баптаған шәкірт былтыр жасөспірімдер арасында Оралда өткен ел біріншілігінде чемпион атанды. Биыл АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында 67 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанып, әлем рекордын жаңартты. Жұлқа көтеруде 127 келіні, серпе көтеруде 161 келіні еңсерген Сайхан қоссайыс қорытындысы бойынша 288 келіні бағындырды. Одан бөлек, ол серпе және жұлқа көтеруден кіші алтын жүлдені де қанжығасына байлады. Серпе көтеруден жасөспірімдер арасындағы әлем рекордын да жаңартты. Әлем біріншілігінде топжарған толағайды жеңіс алға жетеледі. Алда сойқан күшті Сайхан армандаған мұзарт шың бар. Ол: «Жер жәннаты – Жетісу жері талай тарланбоз спортшыны баптаған мекен. Мұнда жауырыны жерге тимеген апайтөс балуандар, шойын жұдырықты боксшылар мен зілтемір көтерген толағайлар жетерлік. Барлығының арманы бір, ол – ел абыройын асқақтату. Мен де қайтсем, еліміздің айдарынан жел естіріп, мерейін өсіріп, Олимпиада чемпионы атануға тырысамын. Алдыңғы буын ағаларымыздың салған жолын жалғап, әлем чемпионы атану үшін барымды саламын», – дейді.

Иә, шоқтығы биік саңлақ, өз басынан ел абыройын жоғары қоятын рухы мықты ұл. Бейбіт күннің батырының туған еліне деген адалдығы мен сүйіспеншілігі – ғажайып ғибраттың қайнары. Бұйырса, әлі талай жеңісіңе қуанатын боламыз. Төрткүл дүниені таңғалдырып, дүбірлі додаларда жеңістің желкенін көтере беретініне кәміл сенесің. Олай болса, жас чемпионға көк байрақтың астында өнер көрсете бер демекпіз.

Қаратал ауданы

БІРЛІКТІҢ БЕРЕКЕСІ

Үшінші кейіпкер. Альфияны Қарабұлақ ауылындағы жеке дүкенінен жолықтырдық. Жүзінен мейірім төгіліп тұрады. Әр келген тұтынушылармен жылы сөйлесіп, ешкімнің көңілін қалдырмайды.

Осыған дейін есімін сырттай естіп, еңбегіне қанық болғанбыз. Тұтынушылардың басым көпшілігі деген махаббатын жоғары бағалаймын. Жарым Алексей Цой екеуміз екі бала тәрбиелеп отырмыз. Тұңғышымыз Айна Балтабекова Семейдегі медицина университетінде оқиды, екіншісі Александр Цой Талдықорған қаласындағы «Жетісу» телеарнасында жұмыс істейді. Оларға да үнемі ар мен адалдық, өмірге құштарлық, жақсы адамдар жайлы айтып отырамын. Жақсылыққа жаны құмар жанның жүзі жылы, келбеті көрікті келеді, – дейді кейіпкеріміз.



Жары Алексей де жеке кәсіптің құлағын ұстаған азамат. Ауыл шаруашылығымен айналысады. Бүгінгі әңгімемізге өзек болған отбасы нағыз бірліктің бейнесіндей. Жеке басқа емес, бір ұлтқа, мемлекетке адал қызмет істеп келеді.

Ескелді ауданы

«ДИАНА ДҰРЫС АЙТАДЫ»

Төртінші кейіпкер. Сергей Щербаков өнегелі өмірі туралы былайша сыр шертті: «Тіл – әрбір ұлттың қазынасы. Адамдар сөйлеу арқылы тіл табысып, қарым-қатынас орнатады. Көп тіл білген сайын адамның көкжиегі де кең болады. «Бір тіл білсең – бір адамсың, екі тіл білсең – екі адамсың» демекші, көп тіл білген адам рухани бай болары сөзсіз.

Ақсу ауданының Жансүгіров кентінде балалық шағымыз өтті. Қазақтардың ортасында өстік. Қазақ тілін бір кісідей білеміз, түсінеміз. Көп кісілермен ағайындай араластық. Осы сыйластығымыз бүгінге дейін жалғасып келеді.

Ортақ Отанымызда тұратын әрбір ұлт өкілі қазақ тілін білуі, құрметтеуі тиіс. Осы орайда қызым Дианаға бастауыштан қазақ сыныбына беріп едім. Қазір Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясының 11-сыныбында оқиды. Қазақ тілін жетік біледі. Үлкен қызым Рустина да жартылай қазақ, жартылай орыс сыныбында оқыды. Қос тілді білгеннің артықшылығы өте көп. Оны балаларымызбен әңгіме-дүкен құрып, пікір таластырғанда анық сезінеміз. Қазір уақыт талабына сай балаларымыз ағылшын тілін де меңгеруде.

Диананың арманы – биыл мектеп бітірген соң режиссерлік оқуға түсу. Ол болашақта қазақ тарихы туралы фильмдер түсіруді армандайды. Бұл да болса, өзіміз туып-өскен қазақ жеріне, халқына деген ризашылықтан туындап жатқан арман-тілек деп ойлаймын. Сондықтан Диана дұрыс айтады», – деп ойлаймын.

Талдықорған қаласы

ТҮЙІН:

Біздің кейіпкерлердің әңгімесі осылай өрілді. Олардың бәрі адал еңбегімен көзге түсіп, елдің мақтанышына айналған. Өз отбасындағы бірнеше ұлт өкілінің берекесін кіргізіп отыр. Бірі – спорт саласында үлкен биіктерді бағындырса, енді бірі мектеп қабырғасында жүрсе де мемлекеттік тілді ана тілінен жоғары қояды. Олар өзгелерге өнеге көрсетуде десек те болады. Қалай айтсақ та, қасиетті елдің қадірін артып, беделін биіктетіп жүр.

Осындай игілікті істерге қуә болғанда байтақ елден, берекелі жерден достықтың мәңгілік үзілмейтінін сезінесің. Бәріміз де өркениетке бет алған елімізді гүлдендіру жолында құлшына еңбек етіп жүрміз. Ізгілік жібі үзілмесе, алдағы уақытта алар асуымыз бен шығар биігіміз аласа болмайтыны белгілі.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші



6 BIRLIK
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ТАТУЛЫҚ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Кез келген қоғамда, соның ішінде елімізде діннің маңызы ерекше екенін және жастар өмірінде белгілі орны барын ескеруіміз керек. Бізде түрлі діни ағымдар жұмыс істейді. Десек де, бүгінгі таңда мейірімділік пен татулық талаптарына сай, моральдық нормаларға толық жауап беретін дұрыс бағыттағы діни ағымдарды дұрыс танып, өзгелерден айыра білуіміз керек. Осы тұрғыдан келгенде, Алматы облысында сан түрлі дін арасындағы тұрақтылық пен келісім бекем орныққанын ерекше атап өткеніміз жөн. Өңірде түрлі ұлт өкілі мен сан тарау діни сенім иелері тоғысып, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Айталық, бүгінде облысымызда 616 діни бірлестік пен оның филиалдары жұмыс істейді. Оның ішінде, ислам мешіті – 450, православ – 52, католик – 11, протестанттық – 101 және 2 дәстүрлі емес діни бірлестік өз жұмысын заң шеңберінде атқарып келеді. Осы бірлестіктерде христиандық және дәстүрлі емес діни бағыттарында 305 діни қызметкер жұмыс істеуде. Христиандық және дәстүрлі емес діни бағыттарында білім деңгейі бойынша 55 жоғары білімді, 41 орта білімді, 209 курстан өткен қызметкер жұмыс істейді.

Ең бастысы, өңірдегі діни тұрақтылыққа баса назар аударылып, әрбір азаматтың діни сеніміне ешқандай шектеу қойылмайды. Тіпті діндер арасындағы талас-тартыста орын алған жоқ. Айта берсек, діни ұстанымдар, діни мерекелер, тағы да басқа шаралар өз деңгейінде атқарылып, жұрттың ықыласына бөленуде.

Адамзат баласы Адам Атадан таралған. Қасиетті төрт кітап – Забур, Тәурат, Інжіл, Құранда осыған қатысты нақты деректер бар. Әсіресе Алла тағаланың сөзі саналатын Құран Кәрімде бұл жайында егжей-тегжейлі айтылған. Сондықтан елде христиандардың қасиетті мерекесі Рождество Құрбан айтпен тең дәрежеде тойланады. Бұның өзі де дінаралық тепе-теңдік пен сыйластыққа, шынайы қарым-қатынас пен тұрақтылықты бекемдеуде табылмайтын бағдар болып отыр. Бұл тұрғыда Талдықорған қаласындағы Архангел Гавриил шіркеуінің иеромонахы Клавдиан Поляков былай дейді:

«Бұл мереке адамдардың бойына сенімнің, үміттің және сүйіспеншіліктің сәулесін дарытып, дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтардың айналасына біріктіріп жатыр. Рождество діндарлардың жүректерін ерекше қуанышқа, бақытқа және таза пейілге кенелтеді. Бұл өзара түсіністік пен мейірімділіктің, жақын жандарға қамқорлықтың және көмекке зәру адамдарға шынайы көңіл бөлудің уақыты. Адамгершілікке, мейірімге шақыратын Рождество пенделер арасындағы сыйластықты насихаттап, жақсы қарым-қатынасқа үндейді. Бұл мереке әрбір үйге қуаныш пен шаттық сыйлап, қоғамдық келісімді нығайтады. Сондықтан да біздің елде дінаралық және ұлтаралық келісім тұрақты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Көпұлтты Қазақстанның ең басты байлығы – ұлттар мен ұлыстардың бірлігі» дегенді ұдайы айтып келеді. Мемлекеттің қарыштап дамып, болашағының жарқын болуы халықтың ауызбірлігінің арқасында қалыптасатындығын осыдан білуге болады. Ал ұлтаралық татулықтың қазақстандық үлгісі өзге елдердің қызығушылығын тудырып отырғаны жасырын емес. Бейбітшілікті, тұрақтылықты, бірлікті сақтау елде тұратын әрбір азаматтың әрқашан назарда ұстайтын басты ұстанымы».

Несін жасырайық, Кеңес одағы кезіндегі қоршаудан шыққан аңқау халықты әр түрлі дінге таратушылардың көбейіп кеткені рас. Кейбір отбасы мүшелері түрлі дінге кіргендіктен, әкесі бір жақта, шешесі бір жақта, балалары бөлек-бөлек кетіп, шаңырақтары ортасына түскені де аз емес. Жат пиғылды секталарға кіріп кеткен қаракөз қазақтарымыз да баршылық. Олар өздерінің адасқанын бірден ұғына алмайды. Әсіресе, тағдырлары бұзылып, қиын жағдайға түскен немесе жұмыстан шығып қалып, отбасынан да қайырым көрмей, азап шегіп жүрген жандарға қайырымдылық жасаған болып, өз іштеріне тартатын секталар да елімізде кездесетіні анық. Басын әбден улаған соң, секталар оның да, ағайын-туыстарының да дүние-мүлкін өзіне аударып алған. Тіпті сондай жағдайға түсіп жатса да, басы шырмалған адам өзінің жем болып жатқанын түсінбейді. Ағайындарының айтқан ақылы да оның уланған санасына кірмейді. Бұл қоғамда басты тақырыпқа айналған.

Ата Заңда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп анық жазылған. Зайырлы мемлекет дегеніміз – ең алдымен, оқыту мен тәрбиелеудің зайырлы жүйесі деген сөз. Бұл – құқықтық және демократиялық мемлекеттің негізі. Сондықтан мемлекет мектептегі балалардың бір-бірінен діни, этникалық, әлеуметтік, мүліктік немесе кез келген басқа кедергілер салдарынан оқшауланбауы үшін барлық шараны қолданады.

Жастардың дінге деген көзқарасы ең алдымен оның дінге алғаш рет қай тұрғыда бетпе-бет келгеніне, оның эмоциялық жағынан қалай әсер еткеніне, сол бүкіл ақпаратты санасында қалай қорытқанына байланысты. Шындығында, әсіресе жасөспірімдерде өмірінің дәл сол кезеңдерінде дүниеге көзқарасы қалыптасады, санасы жетіледі. Осы өтпелі кезеңді дәстүрлі емес дін өкілдері дөп басып, ынғайларына қарай пайдаланғысы келеді. Сол кезеңде жастардың басын айналдырып, теріс пиғылды ойын санасына сіңіріп, теріс жолға сала алады. Осы тұста облыстық дін басқармасы мен діни бірлестіктер қоян-қолтық жұмыс істеу арқылы тағдыры тәлкекке түскен жандарға жақыннан жәрдемші болып келеді. Бұндай шаралар біздің өңірде де жиі орын алуда. Айталық, 19 сәуір күні Иса мәсіхтің өмірден қайтқан күніне орай Талдықорған, Текелі қалалары мен Еңбекшіқазақ, Қарасай, Іле, Талғар, аудандарында «Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілдік қауымы» жергілікті діни бірлестіктерінде «Вечеря воспоминания смерти Христа» атты жиын өтті. Кездесуде інжілдік оқылымдар және ән шырқау рәсімі жасалды. Аталған жиынға облыс бойынша 1000-ға жуық адам қатысты. Жүргізілген мониторингке сәйкес ұлт ерекшеліктері бойынша 75%-ы орыс, 15%-ы қазақ, 5%-ы басқа ұлт өкілдері. Жас мөлшеріне қарай орта жас – 50%, егде жас – 30%, жастар 20% құрады. Осыған орай, Үйғыр, Панфилов аудандарында тіркелмеген Ехоба қауымдарына жергілікті құқық қорғау органдарымен бірлескен рейдтік шара жүргізілді. Нәтижесінде, Панфилов ауданында кездесуге қатысқан кәмелетке толмаған 6 бала тізімге алынды.

Дін халықты тек құндылықтар жағынан ғана емес, салтымен, рухани үйлесімімен де біріктіріп, өркениеттерді байланыстырады. Діни алғышарты жоқ адам, әлбетте, басты негізін – адамгершілігін жоғалтады. Философиялық, ғылыми немесе тарихи санаға қарағанда, діни идея жалпыға бірдей түсінікті.

Әр түрлі радикалды діни ағымдардағы жастардың психологиялық тәуелділігі феноменінің кең таралуы бүгінгі әлемде қауіпті үрдіске айналып барады. Мұндай деструктивті діни ұйымдар адамдардың ең құнды байлығын – ғұмырындағы уақыты мен денсаулық қуатын тартып алады, дамуына кедергі келтіреді, асыл армандарын жүзеге асыру жолына кесе-көлденең тұрады. Көптеген зерттеушілер мұндай тәуелділіктің алғашқы себебін қолданыстағы білім беру мен тәрбиенің мәдени дәстүрінен іздеу керек деген пікірге тоқтайды.

«Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес», – деп Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атап өткен еді. Осы орайда, Алматы облысы дін істері басқармасы, Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының ұйымдастыруымен 19 наурыз күні «Ұлт тарихындағы уақыт пен кеңістік: дін, дәуір, дәстүр» атты діни бірлестіктер жетекшілерінің клубының X отырысын өткізді.

Жастар жылы аясында өркениетаралық және дінаралық ынтымақтастықтың жаңа идеяларын ілгерілету, қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, жергілікті діни бірлестіктер жетекшілерінің өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызу және бірлесіп іс-қимыл жасау кезінде орын алатын мәселелерге қатысты ортақ көзқарастарын қалыптастыруды мақсат еткен шара ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған көрмемен басталды. Жиналыста Алматы облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Ж.Қаратас, Алматы облысы Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының бас маманы С.Сұрабалдинова, облыстық «Жетісу» телеарнасының бас продюсері Ж.Жайлаубаев, Астана және Алматы Епархиясы «Талдықорған қаласы» Иоан-Богослов соборының приходы» ЖПДБ жетекшісі Н. Матлашов, «Приход Әулие Мәрия Ана» Рим-католиктік ЖПДБ жетекшісі Ю.Манковски.

Сонымен қатар қазақтың қонақжайлылығы, көңілінің мырзалығы, дәстүр мен діннің біте қайнасып, бөлінбес дүниеге айналғанын білдіретін көрмелермен де айшықталды. Айта кетерлігі, ар-ұжданның ақ туын көтерген ата-бабаларымыз кейінгі ұрпағына ең басты байлық – дәстүрмен өрілген діліміз, ұлттық болмысымыз, салт-сана, әдет-ғұрпымызды аталардың батасымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарытып кетті. Осы қасиетті дәріптеген шараның жалғасы жиын қонақтарын қазақтың қара домбырасын жырға қосқан концерттік бағдарламаға ұласты.

Жастар жылы аясында өнір жастарын имандылыққа тәрбиелеуде, жат ағымдардың жетегінде кетіп қалмас үшін жұмыла жұмыс жүргізуде бірлескен жобаларды талқылау, жүзеге асыру кезек күттірмейтіні анық. Осы тұрғыда облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов: «Тұрғындардың, әсіресе жастардың дінтанулық сауаттылығын арттыру, дәстүрлі діни құндылықтарды насихаттау, діни төзімділікті қалыптастыру бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар мен басым бағыттарды жүзеге асыру жұмыстарын жүргізу аясында ҚМДБ-ның өңірлік өкілдіктерімен бірлескен ауқымды шаралар мен жобалар жүзеге асырылып келеді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында ұйымдастырылған «Рухани керуен» жобасына өңір имамдарының қосқан үлестері зор. Әр жылы діни басқармаға қарасты имамдардың діни, құқықтық білімдерін жетілдіру мақсатында интерактивті семинар-тренингтер, оқыту курстары ұйымдастырылады. Үстіміздегі жылы екі өңірде өткен 3 күндік оқыту семинарында 151 имам білімдерін жетілдірді», – дейді.

Бүгінгі әлемде ақпараттар легі және олардың сандық та, сапалық та өзгерістері өте жылдам қарқынмен артып келеді. Меңгеруі мен қорытуына бірнеше буын ғұмырын арнаған сол ақпараттар бүгінгі күні бірнеше жылда-ақ ескіріп қалуы мүмкін. Басқаша айтқанда, жастар жаңа ақпараттарды өз бетінше жеткілікті деңгейде қорытып, оның қолдану алгоритмін жасай алмайды. Соған сәйкес белгілі бір деструктивті діни бірлестіктер туралы ақпараттармен жұмыс істеу машығы жоқтықтан солар үшін ойлап, солар үшін шешетіндердің ықпалында кетеді.

Жастар мен тәжірибесі жоқ азаматтар осындай ағымдармен бетпе-бет келгенде тығырыққа тіреледі. Олар өз қатарластарымен, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасаудан бас тартады. Психологиялық шиеленіс күшейеді. Тіпті олардың кейбірі кездейсоқ шешім қабылдайды. Біреулері үйден кетіп қалса, енді бірі өз-өзіне қол жұмсауға дейін барады. Әр түрлі жолмен секташа тартылған көптеген жас уақыт өте келе, өз таңдауы үшін өкіне бастайды. Бірақ қателікті түзету қиынға соғады. Діни секталардың жетекшілері түрлі тәсілмен *(физикалық күш көрсету, психикалық қысым жасау т.б.)* оларды қатарынан шығармауға тырысады.

Осындай жағдайларды болдырмау үшін облыстық дін істері басқармасы және жастар саясаты басқармасының ұйымдастыруымен Жастар жылына орай, діни саладағы сауаттылықты арттыру және жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Жастар және болашақ» тақырыбында кездесу өтті. Талдықорған қаласындағы Жастарға қызмет көрсету орталығындағы жиында дін істерін зерттеу орталығының инспекторы Қ.Мүтебаев, Жария құқық кафедрасының доценті Қ.Әбдуәлипова, ЖІЖК төрағасы М.Шәкенов баяндама жасады. Шараға аудан, қалалардың белсенді жастары, ЖОО және кәсіптік, техникалық білім беру мекемелерінің студенттерінен 300 адам қамтылды.

Сондай-ақ Талдықорған қаласындағы Журналистер үйінің мәжіліс залында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы және Жастар жылы аясында «Қазақтың дәстүрлі діни танымы» тақырыбында «Ғибратты қазына» рухани кештері телевизиялық бағдарламасының алғашқы түсірілімі болды. Өткізілген іс-шара барысында мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыру. Қазақстан қоғамында берік орныққан конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау және ұлттық құндылығымызды нығайту, дәстүрлі дініміз бен мәдениетіміз турасында жан-жақты пікірлер талқыланды. Онда ҚМДБ-ның Шығыс Қазақстан облысы бойынша өкіл имамы Е.Мұқатай, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ жастар жөніндегі тәрбие ісі жетекшісі Е.Немелбаев және жоғары білім оқу орындарының білімгерлері, дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының қызметкерлері қатысты. Осы жиналыста мектептер мен жоғары оқу орындарында әлемдік және дәстүрлі діндердің шіркеулеріне, соборларына, мешіттеріне жиі экскурсия жасауды ұйымдастыру керектігі айтылып, «Дінтану» курстарын жаппай енгізу ұсыныс етілді.

Елімізде бүгінгі күні діни сенім бостандығы бар. Әркім қай дінге сенемін десе де еркі, өзіне байланысты. Ең бастысы – ол адамдарды психологиялық жағынан жарымжан етпеуі, адамдардың тағдырын жарға жықпауы керек. Оларды елдің саясатына қарсы қоймауы тиіс. Жастарды радикалды діни ағымдардың ықпалында кетірмеу мақсатында облыстық дін басқармасы Ата Заңымыздағы діни қағидаттарды үнемі БАҚ арқылы түсіндіру жұмысын жүргізуде.







Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

6 jq BIRLIK
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БЕРЕКЕЛІ БАСТАМА КӨП

Мемлекеттік саясатты атқарудың сан түрлі жолы бар. Бірақ оның түпкі мәні халқымызды ынтымақ пен берекеге шақырып, тату-тәтті өмір сүруге бейімдеуге келіп тіреледі. Осы жолда өлкеміздегі өзге ұлт пен этнос өкілдерінің бас қосып, игілікті іс атқарып жатқаны қуантады. Әсіресе, Қазақстан Халқы ассамблеясының жергілікті филиалының орны мен бастамашылдығын ерекше тілге тиек етуге болады. Бұл тұрғыда Жетісу жерінде тағы бір тағылымды шара ұйымдастырылып, ол барша ұлттың жүрегінен жол тапты.

ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТТІ

Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының «Жаңғыру мен дамудың негізі – әлеуметтік бірлік» тақырыбындағы XXV сессиясы облыстық ҚХА төрағасы, облыс әкімі Амандық Баталовтың жетекшілігімен Талдықорғандағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті. Шараға Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары – хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай атқарған жұмыстар туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, бүгінде облыстық



Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаев, татарлардың бүкіләлемдік конгресінің, еліміздің әр қиырындағы татар-башқұрт этномәдени бірлестіктерінің мүшелері, облыстық ҚХА құрамындағы түрлі этностық бірлестік өкілдері қатысты.

Облыстық ҚХА сессиясын ашқан Амандық Баталов өңірде тапсырмаларды орындау мақсатында көпбалалы және аз қамтылған отбасыларын қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Республикалық бюджеттен бөлінген ауқымды қаржыға қоса, жергілікті бюджеттен 3,4 млрд теңге қарастырылды. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдаудың әлеуметтік картасы дайындалып, сол бойынша тиянақты жұмыстар атқарылып келеді. Сонымен қатар өңір кәсіпкерлері қатарындағы меценаттар облыстағы көпбалалы 60 отбасыға баспана сатып әперді.

Қазақстан Халқы ассамблеясы белсенділерінің қатары 60 мың адамға жеткен. Құзырлы орын 71 этномәдени бірлестікті, 422 қоғамдық келісім кеңесін, 266 аналар кеңесін және басқа да маңызды құрылымдардың басын біріктіріп отыр. Барлық деңгейдегі қоғамдық келісім кеңестері тек өткен жылдың өзінде жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешу үшін 1800-ден астам шара ұйымдастырған. Оған қоса, өңірде 68 медиация орталығы белсенді жұмыс істейді. Бұл жетістік биылғы жылы, тіпті ауқымын кеңейте түскен. Осы жылдың 4 айында «Қайырымдылық керуені» акциясының 1093 шарасына 20 мыңнан астам адам қатысып, 130 млн теңгеден астам қайырымдылық көмек көрсетіліпті. Сонымен бірге «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы облыстық ассамблея жұмысының негізгі бағытының бірі болған жастар қанатының «Жаңғыру жолы» жол картасы жүзеге асырылуда.

2 млрд теңгеден астам атаулы әлеуметтік көмек өңірдің 20 мың отбасына төленді. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады, – деді облыс басшысы.

Сондай-ақ облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен этносаралық келісімді, қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы этномәдени бірлестіктердің қосқан үлестерін атап өтті.

Одан кейін облыстық

Шара аясында облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Идигов Қазақстан Халқы ассамблеясының Тұңғыш Президент – Елбасы, Қазақстан Халқы ассамблеясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен XXVII сессияға қатысқаны туралы, сол сессияда берілген тапсырмалардың орындалуы туралы айтты. Қазақстандықтардың мемлекеттік тілді меңгеруінің маңыздылығы, этникааралық және конфессияаралық келісімді нығайту мақсатында өңірде атқарылған шаралар туралы тілге тиек етті. Сондай-ақ жарыссөзге қатысушылар бейбітшілікті сақтау, бірлік пен келісімді нығайтудың маңыздылығына да тоқталды.

Айталық, XXVII сессия делегаты, журналист, көпбалалы ана Әлия Әпсеметова аналар кеңесінің атынан сөйлеп, сессияға қатысқандағы әсерімен бөлісті. Елбасының көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау шараларына алғыс айтты. Ол өз сөзінде отбасындағы бала тәрбиесінің рөліне тоқталып, «Балалар үйінсіз Жетісу» жобасына қолдау білдірді. Облыстық ҚХА мүшесі Дамир Дигай І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті базасында ашылған стартап-академия инновациялық жобасы мен оның жетістіктері туралы әңгімеледі. Сол сияқты биотехнология мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу институтының жұмысы, сондай-ақ университеттегі ғылыми жетістіктердің тәжірибеге енгізілуі туралы баяндады. Жастарды туған жерге деген патриоттық бағытта тәрбиелеудің маңызы жайында Үшарал шекара отрядының кавалериялық бөлімінің командирі Исмагиль Атчабаров айтып өтті. Ал достық, бірлік пен келісімді нығайтудағы журналистік қызметіндегі тәжірибесімен және естеліктерімен Qazaqstan телеарнасының меншікті тілшісі Қуаныш Серікқанов бөлісті.

Облыстағы Қоғамдық келісім кеңесінің жұмысы туралы орыс этномәдени орталығы төрағасының орынбасары Лариса Котельникова да пікір бөлісті.

Жарыссөз аяқталған соң Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, Президент әкімшілігінің Қазақстан Халқы ассамблеясының меңгерушісі Жансейіт Түймебаев сөз алып, жемісті жұмыстар төңірегінде ой бөлісті.

– Биылғы жылдың қаңтар-сәуір айларында Алматы облысында барлық көрсеткіштер бойынша өсімге қол жеткізілді. Өңірдегі Қоғамдық келісім кеңестері мен аналар кеңесінің оң тәжірибелері бүкіл еліміз бойынша таратылды. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мүшелерінің «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысқанын да атап өткім келеді, – деді ол.

Осыдан кейін ассамблея жұмысының бұдан былайғы бағытына тоқталып өтті. Ассамблеяның басым бағыты және басты міндеті Елбасы саясатын жалғастыра отырып, ұлттық бірлікті, бейбітшілік пен келісімді нығайту екенін айтты.

Бұдан әрі сессия жұмысында облыстық ҚХА төрағасының екі жаңа қоғамдық орынбасарларының кандидатуралары талқыланып, ұсынылды. Бұл лауазымдарға облыстық ҚХА мүшесі, «Универсал» ЖШС бас директоры Закиржан Кузиев пен «Туған тіл» облыстық татар этномәдени орталығының төрағасы, «Шымыр» ЖШС бас директоры Руслан Валишанов бекітілді. Облыс әкімі бүгінге дейін осы міндетті абыроймен атқарған Атсалим Идигов пен Сакида Чатуеваға алғысын білдірді.

Сессия жұмысын қорытындылаған Амандық Баталов облыстық ассамблея хатшылығының, Достық үйінің, облыстық ішкі саясат, тілдерді дамыту, білім, ауыл шаруашылығы, жастар саясаты мәселелері, дін істер жөніндегі басқармалардың алдына бірқатар міндеттер қойды. Сондай-ақ облыстық ассамблеяның 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын жүзеге асыруды күшейту, «Мәміле – қазақ тілі» жобасы бойынша түрлі этнос өкіліне мемлекеттік тілді үйрету курстарын ұйымдастыру, жастардың барлық санатын қолдау мен әлеуметтік лифтінің кең платформасын құру бағытындағы «Жаңғыру жолы» қозғалысының жол картасын жүзеге асыруды жалғастыру тапсырылды.

Шара аясында Қазақстан Халқы ассамблеясының белсенді мүшелері марапатталып, оларға Алғыс хат, облыс әкімінің Құрмет грамотасы тапсырылды. Сол қатарда Қазақ мәдениеті мен дәстүрі орталығының төрағасы, №1 Абай атындағы мектеп-гимназияның директоры Самғат Долаев, Текелі қалалық татар-башқұрт этномәдени орталығының төрайымы Томирис Жылқыбаева, Талдықорған қалалық «Эллада» грек этномәдени орталығының төрайымы Галина Рутахиди, «Ачимноуль» корей халықтық би ансамблінің төрайымы Галина Нам, Панфилов аудандық ұйғыр этномәдени бірлестігі аналар кеңесінің төрайымы Үрият Семятова бар. Ал облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының белсендісі, Іле ауданының педагогы Валентина Талиюске есімі жазылған қол сағат берілсе, «Мейірім» төс белгісі облыс әкімі Амандық Баталовқа тағылды.

Жиын соңында облыс әкімі алда атқарылар міндеттерді пысықтап, басқарма басшыларына бірқатар тапсырма берді, сессия қарары қабылданды.



Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ

Бүгінгі күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қоғам дамуының идеологиялық платформасына айналды. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында өңірде 2017-2018 жылдары жалпы көлемі 2,5 миллиард теңге қаржы бөлініп, 230 жоба жүзеге асырылған. Қазіргі таңда, облыс аумағында тұрақты түрде мониторинг жүргізу қолға алынған. Бұл тұрғыда аймақтағы «Рухани жаңғыру» жобалық офисі» КММ басшысы Серікбол Берікқожа: «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» базалық бағыты бойынша еліміздің киелі жерлері картасының тізіміне облыстан 35 тарихи-мәдени нысан, оның ішінде 8 жалпыұлттық нысан, 27 нысан өңірлік деңгейде енгізілді. Барлық 35 нысанның GPS координаттары жасалып, нысандарға қолжетімділік толықтай қамтамасыз етілген. Бұл нысандар Тараз қаласының 44 туристік мекемесі маршрутына енгізіліп, еліміз бен алыс-жақын шетелден келген туристерге таныстырылуда», – дейді.

Киелі жерлердің картасына енген 8 жалпыұлттық нысандардың тарихы туралы арнайы деректі фильмдер түсіріліп, көпшілік назарына ұсынылған. Бұлар әлеуметтік желілерде де қолжетімді. Қазір облыс әкімдігінің туризм басқармасымен бірлесе отырып, арнайы іс-шаралар ұйымдастыру тұрақты түрде қолға алынуда. Осы орайда «Тараз жеріне тағзым» атты жас туристер фестивалі ұйымдастырылып, Тараз қаласының және жақын орналасқан аудандардың тарихи-мәдени нысандары мен көрікті жерлеріне экскурсия жасалды. Шараға Алматы, Түркістан және жергілікті орта мектептер мен колледждерден 500-ден аса оқушы қатысты. Ал «Тараз – өткенмен болашақтың түйіскен қаласы» тарихи-өлкетану конференциясы сиқырға толы «Ақыртас» сарай кешенінде өтті.

Сондай-ақ Жуалы ауданындағы Берікқара шатқалында «Қызғалдақ – Жамбыл облысының табиғи мұрасы» тақырыбында өткен ғылыми-тәжірибелік конференциясы отаншылдық рухты оятуға түрткі болды. Жастар жабайы қызғалдақтың 40-тан астам түрі өсетінін, олардың 20-сы Жамбыл өңірінде гүлдейтінін, 2007 жылы 12 түрі Қызыл кітапқа енгенін, оның ішінде қызғалдақтар бар екенін танып, білді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында алдағы уақытта қолға алынатын негізгі жобаның бірі – «Әулиеата үміті» сыйлығын ұйымдастыру. Оның мақсаты – жас таланттардың еңбегін бағалау, ынталандыру. Жамбыл – даңқты адамдар мен талантты тұлғалардың кіндік қаны тамған жер. Бұл шара «Сен осы өңірдің менен кейінгі жарық жұлдызы болуың тиіс» деген ұранмен өтпекші. Сонымен қатар аймақтағы қайырымды жандар мен кәсіпкерлерді ынталандыру үшін «Жомарт жүрек» облыстық байқауын ұйымдастыру да қолға алынуда. «Қазақстанның киелі географиясы» жобасы аясында «Жайнаған Жамбылым» атты фотожинақ басып шығару, «Туған жерге туынды тік!» форумын, «Латын әліпбиі – рухани тұтастық негізі» атты республикалық конференция ұйымдастырылмақшы. Өңірдегі танымал және жас ақындардың байланысын нығайту мақсатында кездесу, ұлттық спортты дамыту ниетінде тегін үйірмелер мен іс-шаралар ұйымдастыру да ойда бар. «Ұлы даланың ұлы есімдері» атауымен «Саналы TALKS» интеллектуалды кештерін, «Қоғамдық лекция» әлеуметтік жобасын, «Жамбыл жауһарлары» атауымен облыстың тарихи-мәдени кешендер мен табиғатын, көрнекті жерін дәріптеу үшін облыстық фотокөрме өткізу де басты мұрат болып тұр.



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы қоғамның барлық саласын қамтиды. Оның әрбір бағыты – бір саланы дамытуға, жетілдіруге және қоғамдық сананы өзгерту мен сананың ашықтығын қалыптастыруға бағытталған. Аймақта жоспар аясында жүзеге асырылатын іс-шараларға облыстық бюджеттен 304,3 миллион теңге қаражат қарастырылған. Сондай-ақ жоспардан тыс іс шаралар да тұрақты түрде өткізіліп жүр.

Осы төңіректе ой қозғаған Серікбол Берікқожа: «Бағдарламаның «Туған жер» жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасы аясында өңірімізде екі жылдың ішінде бірқатар жұмыс атқарылды. Жалпы сомасы 2 миллиард теңге көлемінде 129 жоба, 13 іс-шара ұйымдастырылды. Олардың қатарында 4 тұрғын үй, 8 пәтер, 11 спорт нысаны, 2 аллея, 1 музей, 1 медициналық пункт, 23 инфрақұрылым дамыту, 29 әлеуметтік көмек және 50 өзге де жоба бар. Ал ағымдағы жылы осы кезеңге дейін демеушілік көмек есебінен 765 миллион теңгеге 29 жоба жүзеге асты. Нәтижесінде 10 тұрғын үй, 1 аллея, 1 мешіт, 3 балабақша, 2 спорт алаңы мен 7 инфрақұрылым жөндеуден өтті және 5 әлеуметтік көмек көрсетілді. Жыл соңына дейін жалпы сомасы 1,4 миллиард теңгенің 29 жобасын жүзеге асыру жоспарланған.

«Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» арнайы жобасы аясында озық өнер мен технология үлгілері негізінде музейлер, өнер және мәдениет орталықтарын қазіргі заманғы талапқа сай жүйеге келтіру де – негізгі жұмыс», – дейді.

Осы бағытта облыс әкімі Асқар Мырзахметовтың бастамасымен «Шахристан» этно-мәдени кешенінде «Өлкетану» музейі, «Қолөнер шеберлер», «Руханият» орталықтарының құрылысы басталмақшы. Ал меценаттарымызды ынталандыру мақсатында былтыр «Жомарт жүрек» республикалық байқауы өткізілді. Облыс байқаудың 4 номинациясын жеңіп алды. Олар – «Жыл меценаты» аталымымен Alga Diamond ЖШС директоры Жанболат Бекмұсаев, «Жыл тұлғасы» аталымымен «Шәушен» шаруа қожалығының басшысы Сайранбай Дөненбаев, «Туған өлке» аталымымен ТИГУ ректоры Ерболат Саурықов, «Ерен еріктілік» аталымымен Айгүл Разақова.

Жуырда облыс әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым – ұрпаққа парыз» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткенін де айта кеткен жөн. Шараға еліміздегі білікті мамандар қатысып, пікір алмасты. Сондай-ақ бағдарламаның «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» арнайы жобасының негізгі мақсаты – еліміздің өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі және қысқаметражды фильмдерін өндіріске енгізу. Арнайы жоба аясында жазушылар еңбектерінің негізінде тарихи фильмдер түсіру және шығармашыл жастарды кино әлеміне тарту, үздік сценарий жазуға ынталандыру бағытында жұмыс атқарылуда.

Биыл облыс әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен жастар арасында «Үздік сценарий», «Жалынды жастық шақ» бейнероликтер байқауы, Меркі ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Меркі, Аспара қалашығы, Меркі 1,2,3,4,10 қорғандары мен Сандық, Қарақыстақ шатқалы, балбал тастардың тарихи-мәдени мұралары туралы деректі фильм түсіру жоспарлануда. Жуалы ауданы әкімдігі Шерхан Мұртаза атамыздың «Қызыл жебе» романы желісінде Т.Рысқұлов туралы қысқаметражды фильм түсіруге мұрындық болды.

Қысқасы, Жамбыл өңірінде ұлт рухын оятатын құндылықтар қалпына келтірілуде. Олардың барлығы да аймақ жастарына ғана емес, еліміздің келешек иелері үшін де ортақ қазына болары анық.

Ерман ӘБДИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша меншікті тілші

6 BIRLIK
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ТАҒДЫРЫНА РИЗА



Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың Талдықорғанға арнайы келген Татарстан Республикасы делегациясының мүшелерін қабылдауы естен кетпес оқиға болды. Делегация құрамында Татарстанның халық әртісі Фердинанд Фатхи, еңбек сіңірген әртістер, «Зу-Ляй-Ля» музыкалық ұжымының әншілері Лейсан Махмутова мен Ляйсан Закирова, Татарстан Республикасының еліміздегі уәкілетті өкілінің көмекшісі Аяна Акинжанова, сол сияқты «ТНВ» телеарнасының журналистері болды.

Аймақ басшысы қонақтарды облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарына тоқталып, Жетісу табиғатының ерекшелігін, туристік әлеуетінің ауқымдылығын атап өтті. Сол сияқты Татарстан Республикасының президенті Рустам Миннихановтың 2017 жылы Алматы облысына жасаған сапарын еске салды. Одан кейін арнайы шақырумен Татарстанға барған жетісулықтардың сапары туралы әсерімен бөлісті.

– Бағдарлама өте тығыз болды, көптеген пайдалы тәжірибелерді көрдік, үйренетін, назарға алатын, жұмыс барысында пайдалануға болатын дүние көп екен. Кейбір тұстарын қазірдің өзінде пайдаланып жатырмыз. Өз кезегінде Рустам Нұрғалиұлы біздің өңірдің де әлеуметтік-экономикалық дамуын оң бағалады. Біз аграрлық-индустриалдық облыспыз, қазір өндірісті дамытуға бар күш-жігерімізді салып жатырмыз. Жуырда ғана атақты «Роллтон» кеспелерін шығаратын «Маревен Фуд Тянь-Шань» зауытын іске қостық. Жақын күндерде мотор майын шығаратын «Лукойл» зауыты пайдалануға беріледі. Туризмді де белсенді дамыта бастадық. Алакөл көлінің, әсіресе шетелдік туристер арасында танымалдығы артып келеді. Біздің табиғатымыз өте көрікті, ерекше орындар жеткілікті. Шарын шатқалы, Көлсай, Айғайқұм, шаған тоғайы және т.б. Татарстаннан арнайы делегация келгеніне біз қуаныштымыз, – деді өңір басшысы

Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, Президент әкімшілігінің Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Жансейіт Түймебаев та қонақтарға ізгі тілегін білдіріп:

– Елбасы саясатының арқасында еліміздің аумағында тұратын барлық этностардың мәдениеті мен тілін сақтауға, дамытуға толық жағдай жасалған. Қазақстан мен Татарстан арасында тарихи тамыры терең мәдени байланыстар орныққан. Қазақстанда тұратын татарлар да елдің дамуына зор үлес қосып отыр. Оның ішінде композиторлар да, жазушылар да, мемлекет және қоғам қайраткерлері де бар. Татарстаннан арнайы келгендеріңізге қуаныштымыз. Сіздердің сапарларыңыз достық қарым-қатынасты нығайтудағы, мәдени байланыстарды бекемдеудегі маңызды бағыттардың бірі деп білемін, – деді.

Өз кезегінде Татарстан делегациясының мүшелері өздеріне көрсетілген құрмет үшін зор ризашылығын білдіріп, Қазақстан табиғатының ерекшелігіне таңданғандарын жасырмады. Татарстан Республикасының Қазақстандағы өкілетті өкілінің көмекшісі Аяна Акинжанова, Татарстан халық әртісі Фатхи Фердинанд, «Зу-Ляй-Ля» музыкалық ұжымының әншілері Ляйсан Закирова, Лейсан Махмутова облыс басшысының ізгі ниетіне, қабылдауына ризашылығын білдіріп, қазақ жеріне қуана келетіндіктерін жеткізді.

Облысымызға арнайы келген қонақтар Жастарға қызмет көрсету орталығында болып, Жетісу жастарының жалынды тілегі мен ән-шашуын тамашалады. Бикен Римова атындағы облыстық драма театрына да бас сұғып, «Достар серті» атты спектакльді көрді. Жетісу жерінің әсем табиғаты мен қайта түлеген Талдықорғанның көрікті жерлерінен ерекше әсер алғандықтарын да жасырмады.

Қазақ жері кеңдігімен, қазақ халқы кең пейілімен белгілі. Оның дәлелі ретінде, кешегі орыс отаршылдарының тепкісі, Кеңес дәуіріндегі күшпен жер аудару салдарынан атамекенінен ауа көшкен өзге ұлт өкілдері қазақ даласына бауыр басып, тіршілігін жалғап кеткенін айтуға болады. Сонымен бірге олар еліміздің саяси өміріне қоян-қолтық араласып, ұлттық құндылықтарын жаңғыртып отыр. Қазіргі таңда облыста 23 этномәдени орталық болып, олар халықтар достығын нығайту, ұлттық мәдениетті өркендету бағытында өнімді жұмыстар атқарып келеді. Соның бірі – татар-башқұрт этномәдени орталығы. Тарихи дерекке сүйенсек, татарлар 1860-1870 жылдар аралығында қазақ даласына көшіп келіп, қоныстана бастаған. Алайда татар мәдениетінің тарихы терең жатыр. Бейбітшілік бесігіне баланған Қазақстанда қай ұлт өкілі болсын салт-дәстүрі мен мәдениеті қаймағын бұзбаған қалпы сақтап келеді. Соның бірі – еліміздегі татар этносының дәстүріне енген «Сабантой» тарихи мерекесі. «Жастар» саябағында өткен думанды шарада татар ұлтының дәстүрі дәріптеліп, арнайы көрме қойылды. Мерекеге облыс әкімі Амандық Баталов қатысты. Баянда ойнаушылардың сүйемелдеуімен қазақ, татар, орыс тілінде өлеңдер айтылды. Ал ұлт мәдениетін, әдет-ғұрпын, өнері мен тұрмысын айшықтайтын көрме екі ел өкілдерін жақындастырып, бір-бірін толықтырып тұрды.



Айта кетерлігі, мерекеге орай «Татар» этномәдени орталығы мен Fortuna Food аспаздары бірлесе 15 метрлік чак-чак әзірледі. «Көрмеге ұлттық тағамдарды ұсындық. Fortuna food дәмханасына бүгінде балаларым иелік етеді. Бүгінгі мерекеге ерекше дайындалдық», – дейді «Татар» этномәдени бірлестігінің мүшесі Ғалия Мансұрқызы.

Сөз кезегінде зейнеткер Хасан Боранбаев: «Дәстүрлі мерекенің тарихы алыста жатыр. Десе де, 1927 жылдан бастап, сол кездегі Кеңес өкіметі тарапынан атаулы мерекеге шектеу қойылғаны анық. Ал Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халық өзінің қастерлі мейрамын қайта тапты. Бұл қазақ халқының ешкімді алаламайтын достық көңілі мен кеңпейілділігінің нәтижесі», – деді.

Шараға жиналғандардың қатары көп болды. Тек татар ұлтының өкілдері ғана емес, басқа ұлт өкілдері де қатысып, ән мен күйден шашу шашты. Татар-башқұрт этномәдени орталығының жанынан ашылған «Туған тіл» халықтық ән-би ансамблі дайындаған концерттік бағдарлама мерекенің салтанатын асыра түсті. Түрлі ұлттық ойындар ойналып, жұрт мәре-сәре болды.

Іс-шара аясында спорттық ойындар да ұйымдастырылды. Солардың бірі – қой көтеру. Жеңін түріп, мықтымын деген 20-дан аса білекті жігіт бақ сынасты. Сонымен бірге, арқан тартыс, армрестлинг сияқты түрлі спорт жарыстары өткізілді. Кішкентай балаларға арналған ойындар да жиналғандарды қатты қызықтырды. Қатысушылардың бәріне бірдей сыйлық үлестірілді. Білектілер ішіндегі жеңімпаз сабантойдың дәстүрі бойынша бір қошқарды арқалап қайтты.

Мерекеде Татарстаннан, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы облысынан және Шымкент, Алматы қаласынан келген өнер шеберлерінің концерті жұртшылық жүрегіне жол тартты. Татарстан халық әртісі Фердинанд Фатхи және мәдениет қайраткері Кенжекей Ақжолова, «Мәдениет саласының үздігі» Бақытгүл Әбенованың өнері көпшілікті сүйсінтті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

ТАРАЗ ТАРИХЫМЕН ТАҢҒАЛДЫРМАҚ

Жамбыл облысына іссапармен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев зиялы қауыммен кездесуінде аймақтағы туризм саласын дамытуға баса назар аударды.



Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Әлемдегі әрбір оныншы жұмыс орны туризм саласымен байланысты. Бұл бағытқа ерекше көңіл бөлу керек. Өңірде туристерді қызықтыратын тарихи орындар жеткілікті. Бес нысанға ЮНЕСКО тарапынан халықаралық мәртебе берілген *(ежелгі қалашықтар – Ақтөбе-Баласағұн, Құлан, Өрнек, Қостөбе, Ақыртас)*. Жамбыл жеріндегі Айша Бибі және Қарахан кесенесі, Жайсаң киелі жері, Көксай шатқалы және басқа да тарихи орындар – халқымыз үшін ортақ мәдени құндылықтар. Үкімет туризм саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдауда. Оған ең маңызды 10 туристік нысан кіреді. Оның екеуі – Алматы өңірінің тау кластері. Ал Түркістанның тарихи-мәдени туристік орталығы осы аймақпен шекаралас орналасқан. Өңірдің тарихи-мәдени маңызын ескере отырып, облыс әкіміне, үш облыс аумағымен өтетін «Жаңа Жібек жолы» экспедициялық маршрутының *(Алматы, Түркістан, Жамбыл)* туристік инфрақұрылымын дамытуды тапсырамын. Аймақтың туристік қуатын арттырып, инвестиция тарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Үкімет пен әкімдік бұл саланы бірлесе дамытуға күш салуы керек», – деді.

Жалпы, өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар жүйеленген. Тіпті көне шаһардың жәдігерлерін насихаттау арқылы туризм кластерін дамытуға да серпін бар. Президент Тараз қаласындағы «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығын аралау барысында «Көне Тараз» тарихи-археологиялық саябағының аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған экспонаттар таныстырылды. Аталған орталықта 20 гектар алқапта шолу мұнарасы, Достық үйі мен конгресс-холлы бар мәдени орталық, «Тараз саздары» стелласы, «Мыңбұлақ» саябағы, қазба жұмыстары барысында табылған экспонаттар қойылған музей орналасқан. Табылған, қойылған көне заттардың бәрі нақышына келтіріліп салынған және ою-өрнекке бай әрі қолдан жасалған. Мысалы, алтын және күміс тиындар, қыш ыдыс-аяқ, қыш құбыр жүйелері мен өзге де ортағасырлық жәдігерлерді атауға болады. Бұл дүниелердің құндылығы мен тарихи байлығына отандық, тіпті ресейлік мамандарда да жоғары бағалаған. «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ашылған, қаланың маңызды орындарының бірі. Осы жерден шаһардың өткенімен таныса аласыз. Тіпті аталған орталыққа өткен жылы 145 мыңнан астам турист келген. Ал ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 16 мың келуші бас сұғып, тарихи жәдігерлермен танысқан.

Мемлекет басшысы «Шахристан» тарихи-мәдени кешенінде бой көтеретін нысандардың сұлбаларымен де танысты. Шахристан кешені аумағында алдағы уақытта көркемсурет галереясы, өлкетану музейі, көрме және руханият орталығы, арбат, қолөнер шеберханасы, амфитеатр және көлемді сағат стелласы сияқты бірнеше нысандар бой көтермек. Олардың құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың 25 мамырынан басталып кетті. Құрылыстың толық аяқталуы тараздықтар үшін тамаша тарту болмақ. Онда бас сұққан адам көне қалашықтардың біріне тап болғандай таңғажайып күй кешеді деп күтілуде. Демек, Тараз тұрғындары мен қала қонақтары енді ортағасырлық сәулет үлгісін көргісі келсе, Самарқан асып, Бұқара бармай-ақ, «Шахристан» тарихи-мәдени кешеніне келсе де жеткілікті болмақ. Неге десеңіз, кешенде бой көтеретін барлық ғимараттар мен нысандардың қас беттері бірыңғай тарихи нақышта әрленбек. Бағаналардың бой көтеріп, қабырғалардың қалануы да тарихи шаһардың көне келбетін айшықтап тұруға, ортағасырлық сәулет үлгісінің болмысын сезіндіруге бағытталуда. Ол үшін салынатын жобалардың құрылысына Самарқан технологиясындағы арнайы қыш кірпіштер қолданылады. Ал мұндай кірпіштерді өндіру елімізде алғаш рет Жамбыл өңірінде қолға алынған.

Тараз қаласындағы Достық үйі ғимаратында Қазақстан Халқы ассамблеясы және облыстық соттың ұйымдастыруымен «Отбасы орталығы» ашылды. Бұл шараға облыстық сот алқасының төрағасы Жомарт Рүстембеков пен облыстық ассамблея төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Маржан Қожаева қатысты.

Аталған іс-шара отбасылық сот пилоттық жобасын іске асыру шеңберінде ұйымдастырылды. Сондай-ақ облыстық әділет департаментінің өкілі Ләззат Әбішева, аналар кеңесінің өкілдері, ақсақалдар, этномәдени бірлестіктердің мүшелері, ҚХА медиаторлары, «Бастау» отбасын ресурстық қолдау жөніндегі жұмыс тобының өкілдері, адвокаттар, заңгерлер, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлері салтанатқа арнайы келді.

ОТБАСЫ ОРТАЛЫҒЫ



Медиация кабинетінде осындай орталықты құрудың басты мақсаты – араздасқан отбасыларды татуластыру және отбасылық құндылықтарды сақтау, сондай-ақ отбасылық жанжалдарды реттеу бойынша қызмет көрсету орталығына айналдыру. Жиында Жамбыл облысы Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Маржан Төреғұлқызы 2017 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тараз қаласында болғанда отбасы, неке, жастар мәселелеріне ерекше алаңдайтынын және аталған мәселелер бойынша жұмыс жасалуын тапсырғандығын атап өтті. Осы тапсырмаларға сай, бүгінде аналар кеңесі және медиация кабинеті көптеген жұмыстар атқарып жатқанын жеткізді.

Ал Жамбыл облыстық сот алқасының төрағасы Жомарт Рүстембеков аймақтағы Қазақстан Халқы ассамблеясына осындай орталықты құруға мүмкіндік беріп, бірге жұдырық жұмылдыра жұмыс істегені үшін алғысын білдірді. Сот алқасының төрағасы: «Бұдан әрі орталықта отбасы-неке даулары бойынша түйінді мәселелерді сотқа дейін және соттан тыс реттеу институтын дамыту шараларының жүргізілетінін атап өтті. Мұндай іс-шараларға бітімгер-судьялар, медиаторлар, психологтар мен әлеуметтанушылар қатысады. Олардың міндеті – жанжал жасаушы ерлі-зайыптыларды татуластыру және ажырасу санын мейлінше азайту болып табылады», – дейді.

Әділет департаментінің өкілі Ләззат Әбішева «Отбасылық сот» атты жаңа жобамен таныстырып, АХАТ органдарына өтініш білдірген жас жұптарға тегін курс-тренингтер ұйымдастыру, ерлі-зайыптылардың, ата-аналардың жеке, мүліктік құқықтары мен міндеттеріне, алименттік міндеттемелерге, бала құқықтарына байланысты құқықтық кеңес беру мәселелері туралы айтып өтті.

Медиация кабинеті осындай орталықты құру арқылы енді отбасыларды татуластыру және отбасылық құндылықтарды сақтау, жанжалдарды реттеу бойынша қызметтер кешенін көрсету орталығына айналатын болды.

Ерман ӘБДИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша меншікті тілші

6 jq BIRLIK

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

«Отан – отбасынан басталады» дейміз. Бұл рас. Елімізде отбасының қадір-қасиетін терең ұғынып, өзгелерге үлгі болған шаңырақтар жетерлік. Біз солармен мақтануымыз керек. Олардың отбасы құндылығын сақтаудағы өнегелі өмірін жастарға үлгі еткеніміз жөн. Осы тұрғыда Алматы облысында игілікті жұмыстар жүргізіліп келеді. «Мерейлі отбасы» байқауының тұрақты ұйымдастырылуы сөзімізге дәлел.



КӨПКЕ ҮЛГІ ОТБАСЫЛАР

Бұл байқауға өңіріміздегі этнос өкілдері де қатысып, олар өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, өнерін әспеттеп, салт-дәстүрін сақтап қалу жолында еңбектеніп келеді. Ал биылғы «Мерейлі отбасы» байқауы қатысушылардың көптігі және бәсекенің мықтылығымен ерекшеленді.

Естеріңізге сала кетсек, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани адамгершілік құндылықтарын нығайту мақсатында өңірлерде «Мерейлі отбасы» байқауын өткізуді тапсырған еді. Содан бері бірнеше жыл қатарынан аудандарда, оның жеңімпаздары облыстарда бақ сынап келеді. Нағыз өнегелі отбасылар республикалық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысу бақытына ие болады. Дәстүрлі байқау адамгершілік құндылықтар мен отбасының үлгісін қалыптастыру, ата-ана мен балалардың мәртебесін көтеруді көздейді. Ең бастысы, қатысушылар көпшілікке отбасылық құндылықтарды әңгімелеп, ынтымағы жарасқан азаматтарды үлгі етті.

Әлбетте, әр отбасының өзіне тән тұрмыс қағидасы болады. Алайда біз көп этносты болғандықтан, өзге ұлт өкілдерінің де отбасылық қағидасына құрметпен қараймыз. Байқау барысында осының бәрі бір ортаға тоғысып, бір шаңырақ астында өмір сүрудің ерекшелігін әспеттеді. Көпшіліктің бұл қуанышы төңірегінде Алматы облысы әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев ой бөлісті: «Отбасы – береке-бірліктің қайнар көзі. Ағайынның татулығы – елдің берекесі екені белгілі. Үйелмелі-сүйелмелі бала-шағаны бір шаңырақта өсіріп, ержеткізіп отырған ата-ананың еңбегі ерен. Олар бір-біріне бауырмал болып келеді. Кең байтақ жерімізге ие болатын ұлағатты ұрпақ өсіру – бәрімізге міндет. Ендеше, бүгінгі байқаудың тәрбиелік маңызы зор. Елімізде мерейлі отбасылар саны арта берсін. Биылғы байқауға 36 отбасы қатысып, бақ сынады. Жеңімпаз отбасыларын шын жүректен құттықтаймыз!».

Келесі кезек аудандық «Мерейлі отбасы» байқауының облыстық деңгейдегі жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне өтті. Үшінші орын 3 отбасыға берілді. Ең алдымен, сахна төріне Еңбекшіқазақ ауданында тұратын Әлімбековтер отбасы шықты. Әулеттің үлкені – Құлжабай Әлімбеков. Өмір бойы мал шаруашылығымен айналысқан. Отбасында 7 ұл, 2 қыз, 31 немере, 21 шөбере бар. Екінші отбасы Кеген ауданынан келген – Әлдибековтер. Әшірбек аға мен Жұмагүл апай 6 ұл, 4 қыз өсірген.

Талғарда тұратын Күшбаевтар отбасы үшінші орынды иеленді. Бір-бірімен тетелес Рашид, Гүлжан, Мирас, Дияс, Гүлдана, Ілияс, Айдана, Аяна, Әнел, Әмина сынды он баланы тәрбиелеп отырған отбасының тірегі Марат Күшбаев аудандағы тұрғын-үй, коммуналдық-шаруашылық мекемесінде газ операторы болып еңбек етеді. Он құрсақ көтерген Гүлназ Отынбекова пластик өнімдерін шығаратын цехта жұмыс істейді.

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» демекші, бұл отбасы әу баста шаңырақтарының кең, балаларының көп болғанын қалапты. 2006 жылдан үй кезегінде тұрған Күшбаевтар әулетіне 2014 жылы жаңадан бой көтерген көпқабатты үйден 3 бөлмелі пәтер берілген. 45 жастағы Марат Күшбаев пен жұбайы Гүлназ Отынбекованың балаларға берген тәлімі мол тәрбиелері ерекше атап өтілді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аймақтық кезеңінде екінші орынды үш отбасы жеңіп алды. Бірінші отбасы – Жамбыл ауданынан қатысқан Сембиевтер. Отбасында 3 ұл, 7 қыз тату-тәтті өсіп келеді. Екінші орын иегері – Ескелді ауданынан келген Қасеновтер отбасы. Айтбай Қасенов Ескелді ауданының Құрметті азаматы. Отанасы Күнтәй «Победа» ұжымшарында қызылшашы болған. Олар 6 ұл, 6 қыз бала тәрбиелеп, өсірген. Үшінші отбасы Алакөл ауданында тұратын Зуевтердің шаңырағы. Алик пен Амансұлу Көлбай ауылына жақсы танымал. 3 қыз, 3 ұлды бағып отырған ардақты жандар.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының бірінші дәрежелі дипломы екі отбасыға бұйырды. Қыстаубаевтар – Балқаш ауданында көпке сыйлы жандар. Әбдіжаппар Қыстаубаев «Бірлік» акционерлік қоғамын құрған. Моңғолия және Қарақалпақстаннан бауырларымыздың елге оралуына көмектесіп, келгендерді тұрақты жұмыспен қамтуға дәнекер болып жүр. «Құрмет» орденінің иегері. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Құрметті профессоры.

Ал бірінші орынды Кербұлақ ауданынан қатысқан Ақбасовтар отбасы иеленді. Баясыл Ақбасов жыл сайын 4,5 миллион теңгеге көпбалалы және тұрмысы төмен екі отбасыға үй алып береді. Соңғы екі жылда Балалар күні қарсаңындағы «Қуанса, бала қуансын» атты шара аясында ұл-қыздарға 1 миллион 800 мың теңгеге мерекелік сыйлықтар әперді. Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы. Жары Ғалия Ниязқызы биыл «Нұр Отан» партиясының XVIII сьезінде көпбалалы аналар атынан сөз сөйлеп, ел аналарына өнеге көрсетті.



Марапаттау соңында байқауға қатысқан отбасылар атынан Ғалия Ақбасова сөз сөйлеп, шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтты. Ол өз сөзінде: «Қазақ ежелден бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ұл-қызының қайырымды, көпшіл болып өсуіне мән берген. Осындай шара өткізуге мұрындық болғаны үшін облыс әкімі Амандық Баталовқа аналар атынан алғыс айтамын. Халқымызда «Баланы бесіктен» деген нақыл бар. Өсірген балаларымыз саналы болсын. Барлық отбасы бақытты болсын!», – деді.

Жұрт назарын өзіне аударып, шаңырақ иелерін ойға қалдырған ізгілігі мол шара енді республикалық деңгейде өтеді. Онда бірінші орын алған екі отбасының бірі бақ сынайды.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, САУДА-САТТЫҚ!

«ҚазТрансОйл» АҚ *(заңды мекенжайы: Астана қ, Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, тел.: +7 (7172) 55 56 53)* «ҚазТрансОйл» АҚ-тың кейбір жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің балансында тұрған көлік құралдарын сату бойынша тендер өткізу туралы хабарлайды.

2018 жылғы 19 қарашадағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың кейбір жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің балансында тұрған көлік құралдарының алғашқы *(бастапқы)* бағасы: №1 лот «Toyota Land Cruiser 200» – 7 384 000 теңге; №2 лот «Toyota Camry» – 1 672 000 теңге; №3 лот УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 – 905 000 теңге; №4 лот Лада 21213/lada 21310 – 712 000 теңге; №5 лот Toyota Hiace – 2 559 000 теңге; №6 лот ГАЗ 2217-5104/gaz 2217-5104 – 875 000 теңге; №7 лот Toyota Hiace – 2 576 000 теңге; №8 лот KIA Mohave – 5 846 000 теңге; №9 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; №10 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 771 000 теңге; №11 лот Toyota Land Cruiser – 3 142 000 теңге; №12 лот Toyota Land Cruiser – 3 119 000 теңге; №13 лот Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; №14 лот Toyota Previa – 3 101 000 теңге; №15 лот Ssang Yong Kyron – 3 013 000 теңге; №16 лот Toyota Land Cruiser – 4 185 000 теңге; №17 лот Toyota Land Cruiser – 7 918 000 теңге; №18 лот Toyota Camry – 2 068 000 теңге; №19 лот УАЗ 31519 017/uaz 31519-017 – 804 000 теңге; №20 лот Toyota Land Cruiser – 4 118 000 теңге; №21 лот Toyota Hi Ace – 1 617 000 теңге; №22 лот УАЗ 39094/uaz 39094 – 639 000 теңге; №23 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; лот №24 Паз 32054/paz 32054 – 1 491 000 теңге; №25 лот Toyota Coaster – 5 817 000 теңге; №26 лот Toyota Hiace 2WD – 1 808 000 теңге; №27 лот Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; №28 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; №29 лот Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; №30 лот Hyundai County Long – 1 937 000 теңге; №31 лот ВАЗ 21310/vaz 21310 – 712 000 теңге; №32 лот Toyota Camry – 1 672 000 теңге; №33 лот Ssang Yong Kyron – 3 013 000 теңге; №34 лот Toyota Land Cruiser – 4 568 000 теңге; №35 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 5 489 000 теңге; №36 лот Toyota Land Cruiser 100 GX – 5 179 000 теңге; №37 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 3 645 000 теңге; №38 лот Toyota Land Cruiser 200 VX – 9 275 000 теңге; №39 лот Iveco Power Daily – 4 210 000 теңге; №40 лот Iveco Power Daily – 4 210 000 теңге; №41 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; №42 лот Daewoo BS 090 – 1 565 000 теңге; №43 лот Toyota Land Cruiser – 5 378 000 теңге; №44 лот Toyota Land Cruiser 200 VX – 7 384 000 теңге; №45 лот SsangYong Rexton – 5 184 000,00; №46 лот Toyota Land Cruiser – 4 568 000,00; №47 лот Toyota Hi Ace – 1 637 000,00; №48 лот Toyota Hi Ace – 1 579 000,00; №49 лот Iveco Power Daily – 4 129 000,00; №50 лот ВАЗ 21310/vaz 21310 – 712 000 теңге; №51 лот Toyota Camry – 1 672 000,00; №52 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 185 000,00; №53 лот Toyota Hiace – 4 361 000 теңге; №54 лот Toyota Hiace – 4 260 000 теңге; №55 лот Toyota Coaster – 6 465 000 теңге; №56 лот Toyota Land Cruiser 200 VX – 7 942 000 теңге; №57 лот Лада 21310/lada 21310 – 712 000 теңге; №58 лот Ssang Yong Kyron -3 013 000 теңге; №59 лот Toyota Land Cruiser – 7 384 000 теңге; №60 лот Toyota Land Cruiser 105gx – 5 136 000 теңге; №61 лот УАЗ 39099/uaz 3909 – 638 000 теңге; №62 лот ПАЗ 32054/paz 32054 – 1 491 000 теңге; №63 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; №64 лот Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; №65 лот Уаз 31519/uaz 31519 – 803 000 теңге; №66 лот УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 – 905 000 теңге; №67 лот УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 – 905 000,00; №68 лот УАЗ 315195/uaz 315195 -787 000 теңге; №69 лот Кавз 397652/kavz 397652 -588 000 теңге; №70 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 3 845 000 теңге; №71 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 781 000 теңге; №72 лот Toyota Hiace – 3 425 000 теңге 2018 жылғы 19 қарашадағы жағдай бойынша.

№1 лот «Toyota Land Cruiser 200» бойынша кепілдік жарналар 369 200 теңге мөлшерінде; №2 лот «Toyota Camry» бойынша 83 600 теңге мөлшерінде; №3 лот УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 бойынша 45 250 теңге мөлшерінде; №4 лот Лада 21213/lada 21310 бойынша 35 600 теңге мөлшерінде; №5 лот Toyota Hiace бойынша 127 950 теңге мөлшерінде; №6 лот ГАЗ 2217-5104/gaz 2217-5104 бойынша 43 750 теңге мөлшерінде; №7 лот Toyota Hiace бойынша 128 800 теңге мөлшерінде; №8 лот KIA Mohave бойынша 292 300 теңге мөлшерінде; №9 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №10 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 238 550 теңге мөлшерінде; №11 лот Toyota Land Cruiser бойынша 157 100 теңге мөлшерінде; №12 лот Toyota Land Cruiser бойынша 155 950 теңге мөлшерінде; №13 лот Toyota Coaster бойынша 359 750 теңге мөлшерінде; №14 лот Toyota Previa бойынша 155 050 теңге мөлшерінде; №15 лот Ssang Yong Kyron бойынша 150 650 теңге мөлшерінде; №16 лот Toyota Land Cruiser бойынша 209 250 теңге мөлшерінде; №17 лот Toyota Land Cruiser бойынша 395 900 теңге мөлшерінде; №18 лот Toyota Camry бойынша 103 400 теңге мөлшерінде; №19 лот УАЗ 31519 017/uaz 31519-017 бойынша 40 200 теңге мөлшерінде; №20 лот Toyota Land Cruiser бойынша 205 900 теңге мөлшерінде; №21 лот Toyota Hi Ace бойынша – 80 850 теңге мөлшерінде; №22 лот УАЗ 39094/uaz 39094 бойынша 31 950 теңге мөлшерінде; №23 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №24 лот Паз 32054/paz 32054 бойынша 74 550 теңге мөлшерінде; №25 лот Toyota Coaster бойынша 290 850 теңге мөлшерінде; №26 лот Toyota Hiace 2WD бойынша 90 400 теңге мөлшерінде; №27 лот Toyota Coaster бойынша 359 750 теңге мөлшерінде; №28 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №29 лот Toyota Coaster бойынша 359 750 теңге мөлшерінде; №30 лот Hyundai County Long бойынша 96 850 теңге мөлшерінде; №31 лот ВАЗ 21310/vaz 21310 бойынша 35 600 теңге мөлшерінде; №32 лот Toyota Camry бойынша 83 600 теңге мөлшерінде; №33 лот Ssang Yong Kyron бойынша 150 650 теңге мөлшерінде; №34 лот Toyota Land Cruiser бойынша 228 400 теңге мөлшерінде; №35 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 274 450 теңге мөлшерінде; №36 лот Toyota Land Cruiser 100 GX бойынша 258 950 теңге мөлшерінде; № 37 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 182 250 теңге мөлшерінде; №38 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 463 750 теңге мөлшерінде; №39 лот Iveco Power Daily бойынша 210 500 теңге мөлшерінде; №40 лот Iveco Power Daily бойынша 210 500 мөлшерінде; №41 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №42 лот Daewoo BS 090 бойынша 78 250 теңге мөлшерінде; №43 лот Toyota Land Cruiser 268 900 теңге мөлшерінде; №44 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 369 200 теңге мөлшерінде; №45 лот SsangYong Rexton бойынша 259 200 теңге мөлшерінде; №46 лот Toyota Land Cruiser бойынша 228 400 теңге мөлшерінде; №47 лот Toyota Hi Ace бойынша 81 850 теңге мөлшерінде; №48 лот Toyota Hi Ace бойынша 78 950 теңге мөлшерінде; №49 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №50 лот ВАЗ 21310/vaz 21310 бойынша 35 600 теңге мөлшерінде; №51 лот Toyota Camry бойынша 83 600 теңге мөлшерінде; №52 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 209 250 теңге мөлшерінде; №53 лот Toyota Hiace бойынша 218 050 теңге мөлшерінде; №54 лот Toyota Hiace бойынша 213 000 теңге мөлшерінде; №55 лот Toyota Coaster бойынша 323 250 теңге мөлшерінде; №56 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 397 100 теңге мөлшерінде; №57 лот Лада 21310/lada 21310 бойынша 35 600 теңге мөлшерінде; №58 лот Ssang Yong Kyron бойынша 150 650 теңге мөлшерінде; №59 лот Toyota Land Cruiser бойынша 369 200 теңге мөлшерінде; №60 лот Toyota Land Cruiser 105gx бойынша 256 800 теңге мөлшерінде; №61 лот УАЗ 39099/uaz 3909 бойынша 31 900 теңге мөлшерінде; №62 лот ПАЗ 32054/paz 32054 бойынша 74 550 теңге мөлшерінде; №63 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №64 лот Toyota Coaster бойынша 359 750 теңге мөлшерінде; №65 лот Уаз 31519/uaz 31519 бойынша 40 150 теңге мөлшерінде; №66 лот УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 бойынша 45 250 теңге мөлшерінде; №67 лот УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 бойынша 45 250 теңге мөлшерінде; №68 лот УАЗ 315195/uaz 315195 бойынша 39 350 теңге мөлшерінде; №69 лот Кавз 397652/kavz 397652 бойынша 29 400теңге мөлшерінде; №70 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 192 250 теңге мөлшерінде; №71 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 239 050 теңге мөлшерінде; №72 лот Toyota Hiace бойынша 171 250 теңге мөлшерінде 2019 жылғы 25 маусымдағы сағат 18-00-ге дейінгі мерзімнен кешіктірмей келесі деректер бойынша енгізіледі: «ҚазТрансОйл» АҚ; Астана қ, Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай; «Қазақстан Халық банкі» АҚ, Астана қ, SWIFT BIC: HSBKKZKX, КБЕ 16, ЖСК KZ346010111000046283 *(теңге)*, БСН 970540000107.

Тендер 2019 жылғы 26 маусымда сағат 15-00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Астана қ, Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, мәжіліс-залы, 3-ші қабат.

Көлік құралдары туралы мәліметтер тендерлік құжаттамада көрсетілген, оны сағат 09-00-ден 18-30-ға дейін мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ, Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 415-кабинет, тел.: (7172) 55 56 53.

Тендерге қатысатын жеткізушілердің тендерлік ұсыныстары 2019 жылғы 21 маусымдағы сағат 18-00-ге дейінгі мерзімнен кешіктірмей мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ, Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 415-каб.

Көлік құралдарының төлем шарттары: барлық баға бойынша төлем сатып алу-сату шарты күшіне енген күннен бастап 5 *(бес)* жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

ВНИМАНИЕ, ТОРГИ!

АО «КазТрансОйл» *(юридический адрес: г. Астана, пропект Туран, здание 20, нежилое помещение 12, тел.: +7 (7172) 55-56-53)* сообщает о проведении тендера по реализации транспортных средств, находящихся на балансе некоторых обособленных структурных подразделений АО «КазТрансОйл».

Начальная (стартовая) цена транспортных средств, находящихся на балансе некоторых обособленных структурных подразделений АО «КазТрансОйл по состоянию на 19 ноября 2018 года: лот №1 «Toyota Land Cruiser 200» – 7 384 000 тенге; лот №2 «Toyota Camry» – 1 672 000 тенге; лот №3УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 – 905 000 тенге; лот №4 Лада 21213/lada 21310 – 712 000 тенге; лот №5 Toyota Hiace – 2 559 000 тенге; лот №6 ГАЗ 2217-5104/gaz 2217-5104 – 875 000 тенге; лот №7 Toyota Hiace – 2 576 000 тенге; лот №8 KIA Mohave – 5 846 000 тенге; лот №9 Iveco Power Daily – 4 129 000 тенге; лот №10 Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 771 000 тенге; лот №11 Toyota Land Cruiser – 3 142 000 тенге; лот №12 Toyota Land Cruiser – 3 119 000 тенге; лот №13 Toyota Coaster – 7 195 000 тенге; лот №14 Toyota Previa – 3 101 000 тенге; лот №15 Ssang Yong Kyron – 3 013 000 тенге; лот №16 Toyota Land Cruiser – 4 185 000 тенге; лот №17 Toyota Land Cruiser – 7 918 000 тенге; лот №18 Toyota Camry – 2 068 000 тенге; лот №19 УАЗ 31519 017/uaz 31519-017 – 804 000 тенге; лот №20 Toyota Land Cruiser – 4 118 000 тенге; лот №21 Toyota Hi Ace – 1 617 000 тенге; лот №22 УАЗ 39094/uaz 39094 – 639 000 тенге; лот №23 Iveco Power Daily – 4 129 000 тенге; лот №24 Паз 32054/paz 32054 – 1 491 000 тенге; лот №25 Toyota Coaster – 5 817 000 тенге; лот №26 Toyota Hiace 2WD – 1 808 000 тенге; лот №27 Toyota Coaster -7 195 000 тенге; лот №28 Iveco Power Daily – 4 129 000 тенге; лот №29 Toyota Coaster – 7 195 000 тенге; лот №30 Hyundai County Long – 1 937 000 тенге; лот №31 ВАЗ 21310/vaz 21310 – 712 000 тенге; лот №32 Toyota Camry – 1 672 000 тенге; лот №33 Ssang Yong Kyron – 3 013 000 тенге; лот №34 Toyota Land Cruiser – 4 568 000 тенге; лот №35 Toyota Land Cruiser 100 VX – 5 489 000 тенге; лот №36 Toyota Land Cruiser 100 GX – 5 179 000 тенге; лот № 37 Toyota Land Cruiser 100 VX – 3 645 000 тенге; лот №38 Toyota Land Cruiser 200 VX – 9 275 000 тенге; лот №39 Iveco Power Daily – 4 210 000 тенге; лот №40 Iveco Power Daily – 4 210 000 тенге; лот №41 Iveco Power Daily – 4 129 000 тенге; лот №42 Daewoo BS 090 – 1 565 000 тенге; лот №43 Toyota Land Cruiser – 5 378 000 тенге; лот №44 Toyota Land Cruiser 200 VX – 7 384 000 тенге; лот №45 SsangYong Rexton – 5 184 000,00; лот №46 Toyota Land Cruiser – 4 568 000,00; лот №47 Toyota Hi Ace – 1 637 000,00; лот №48 Toyota Hi Ace – 1 579 000,00; лот №49 Iveco Power Daily – 4 129 000,00; лот №50 ВАЗ 21310/vaz 21310 – 712 000 тенге; лот №51 Toyota Camry – 1 672 000,00; лот №52 Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 185 000,00; лот №53 Toyota Hiace – 4 361 000 тенге; лот №54 Toyota Hiace – 4 260 000 тенге; лот №55 Toyota Coaster – 6 465 000 тенге; лот №56 Toyota Land Cruiser 200 VX – 7 942 000 тенге; лот №57 Лада 21310/lada 21310 – 712 000 тенге; лот №58 Ssang Yong Kyron -3 013 000 тенге; лот №59 Toyota Land Cruiser – 7 384 000 тенге; лот №60 Toyota Land Cruiser 105gx – 5 136 000 тенге; лот №61 УАЗ 39099/uaz 3909 – 638 000 тенге; лот №62 ПАЗ 32054/paz 32054 – 1 491 000 тенге; лот №63 Iveco Power Daily – 4 129 000 тенге; лот №64 Toyota Coaster – 7 195 000 тенге; лот №65 Уаз 31519/uaz 31519 – 803 000 тенге; лот №66 УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 – 905 000 тенге; лот №67 УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 – 905 000,00; лот №68 УАЗ 315195/uaz 315195 -787 000 тенге; лот №69 Кавз 397652/kavz 397652 -588 000 тенге; лот №70 Toyota Land Cruiser 100 VX – 3 845 000 тенге; лот №71 Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 781 000 тенге; лот №72 Toyota Hiace – 3 425 000 тенге по состоянию на 19 ноября 2018 года.

Гарантийные взносы по лот у №1 «Toyota Land Cruiser 200» в размере 369 200 тенге; по лот у №2 «Toyota Camry» в размере 83 600 тенге; по лот у №3УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 в размере 45 250 тенге; по лот у №4 Лада 21213/lada 21310 в размере 35 600 тенге; по лот у №5 Toyota Hiace в размере 127 950 тенге; по лот у №6 ГАЗ 2217-5104/gaz 2217-5104 в размере 43 750 тенге; по лот у №7 Toyota Hiace в размере 128 800 тенге; по лот у №8 KIA Mohave в размере 292 300 тенге; по лот у №9 Iveco Power Daily в размере 206 450 тенге; по лот у №10 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 238 550 тенге; по лот у №11 Toyota Land Cruiser в размере 157 100 тенге; по лот у №12 Toyota Land Cruiser в размере 155 950 тенге; по лот у №13 Toyota Coaster в размере 359 750 тенге; по лот у №14 Toyota Previa в размере 155 050 тенге; по лот у №15 Ssang Yong Kyron в размере 150 650 тенге; по лот у №16 Toyota Land Cruiser в размере 209 250 тенге; по лот у №17 Toyota Land Cruiser в размере 395 900 тенге; по лот у №18 Toyota Camry в размере 103 400 тенге; по лот у №19 УАЗ 31519 017/uaz 31519-017 в размере 40 200 тенге; по лот у №20 Toyota Land Cruiser в размере 205 900 тенге; по лот у №21 Toyota Hi Ace – 80 850 тенге; по лот у №22 УАЗ 39094/uaz 39094 в размере 31 950 тенге; по лот у №23 Iveco Power Daily в размере 206 450 тенге; по лот у №24 Паз 32054/paz 32054 в размере 74 550 тенге; по лот у №25 Toyota Coaster в размере 290 850 тенге; по лот у №26 Toyota Hiace 2WD в размере 90 400 тенге; по лот у №27 Toyota Coaster в размере 359 750 тенге; по лот у №28 Iveco Power Daily в размере 206 450 тенге; по лот у №29 Toyota Coaster по размере 359 750 тенге; по лот у №30 Hyundai County Long в размере 96 850 тенге; по лот у №31 ВАЗ 21310/vaz 21310 в размере 35 600 тенге; по лот у №32 Toyota Camry в размере 83 600 тенге; по лот у №33 Ssang Yong Kyron в размере 150 650 тенге; по лот у №34 Toyota Land Cruiser – в размере 228 400 тенге; по лот у№35 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 274 450 тенге; по лот у №36 Toyota Land Cruiser 100 GX в размере 258 950 тенге; по лот у № 37 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 182 250 тенге; по лот у №38 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 463 750 тенге; по лот у №39 Iveco Power Daily в размере 210 500 тенге; по лот у №40 Iveco Power Daily в размере 210 500; по лот у №41 Iveco Power Daily в размере 206 450 тенге; по лот у №42 Daewoo BS 090 в размере 78 250 тенге; по лот у №43 Toyota Land Cruiser 268 900 тенге; по лот у №44 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 369 200 тенге; по лот у №45 SsangYong Rexton в размере 259 200 тенге; по лот у №46 Toyota Land Cruiser в размере 228 400 тенге; по лот у №47 Toyota Hi Ace в размере 81 850 тенге; по лот у №48 Toyota Hi Ace в размере 78 950; по лот у №49 Iveco Power Daily в размере 206 450 тенге; по лот у №50 ВАЗ 21310/vaz 21310 в размере 35 600 тенге; по лот у №51 Toyota Camry в размере 83 600; по лот у №52 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 209 250 тенге; по лот у №53 Toyota Hiace в размере 218 050 тенге; по лот у №54 Toyota Hiace в размере 213 000 тенге; по лот у №55 Toyota Coaster в размере 323 250 тенге; по лот у №56 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 397 100 тенге; по лот у №57 Лада 21310/lada 21310 в размере 35 600 тенге; по лот у №58 Ssang Yong Kyron в размере 150 650 тенге; по лот у №59 Toyota Land Cruiser в размере 369 200 тенге; по лот у №60 Toyota Land Cruiser 105gx в размере 256 800 тенге; по лот у №61 УАЗ 39099/uaz 3909 в размере 31 900 тенге; по лот у №62 ПАЗ 32054/paz 32054 в размере 74 550 тенге; по лот у №63 Iveco Power Daily в размере 206 450 тенге; по лот у №64 Toyota Coaster в размере 359 750 тенге; по лот у №65 Уаз 31519/uaz 31519 в размере 40 150 тенге; по лот у №66 УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 в размере 45 250 тенге; по лот у №67 УАЗ 3163-023/uaz 3163-023 в размере 45 250 тенге; по лот у №68 УАЗ 315195/uaz 315195 в размере 39 350 тенге; по лот у №69 Кавз 397652/kavz 397652 в размере 29 400 тенге; по лот у №70 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 192 250 тенге; по лот у №71 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 239 050 тенге; по лот у №72 Toyota Hiace в размере 171 250 тенге вносятся в срок не позднее 18-00 часов 25 июня 2019 года по следующим реквизитам: АО «КазТрансОйл»; г. Астана, проспект Туран, здание 20, нежилое помещение 12; АО «Народный Банк Казахстана», г.Астана, SWIFT BIC: HSBKKZKX, КБЕ 16, ИИК KZ346010111000046283 (тенге), БИН 970540000107.

Тендер будет проводиться 26 июня 2019 года в 15-00 часов по адресу: г. Астана, проспект Туран, здание 20, конференц-зал, 3-й этаж.

Сведения о транспортных средствах указаны в тендерной документации, которую можно получить с 09-00 до 18-30 часов по адресу: г. Астана, проспект Туран, здание 20, нежилое помещение 12, кабинет 415, тел.: (7172) 55 56 53.

Тендерные предложения участников тендера принимаются не позднее 18-00 часов 21 июня 2019 года по адресу: г. Астана, проспект Туран, здание 20, нежилое помещение 12, кабинет 415.

Условия оплаты транспортных средств: оплата всей стоимости осуществляется в течение 5 *(пяти)* рабочих дней после подписания договора купли-продажи.

RÝHANIAT 7
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Жақсының аты өлмейді

Түн ауған шақ. Білте шамның түбінде білегін түрінген Ілияс жасыл сиялы қаламсаппен әлденені шұқылап, сезімге толы хаттар жазып отыр. Мұндай хаттар Мәскеу қонақүйінде, Тәшкент теміржол бекетінде, Орынбор мен Бішкектің салқын саяжайларында,Ембі мен Доссордың, Қызылқоғаның құмды даласында жазылды. Бұл хаттардың жауабы ашық терезеден Алматының айлы аспанына телміре қарап, жарының бейнесін сағына еске алған, жолын сағына күткен Фатима апамыз тарапынан жазылып, пошта арқылы тиісті мекенге жолданып жатты. Онда сезімге толы сырлар, өмірге құштар көңіл, сағынышқа толы лебіз тұнып тұрушы еді! Өкінішке қарай, сол жазбалардың дені бүгінде қолымызда жоқ. Отқа жағылып, күл боп ұшып кетті. Қалғаны бүгінгі жастарға кешегі махаббат хикаяларының құпиясын сыбырлап айтып келеді.



МӘҢГІЛІК МАХАББАТ

Десе де, сондай мағыналы тірліктерді біріміз дұрыс, біріміз бұрыс санап, сан түрлі ой өреміз. Біріміз бетін қалқып, бекімін білмей адасамыз. Енді біріміз шамшырақ етіп, келешектің кемел бағытын жазып жатырмыз. Махаббат пен сезім, жүрек пен жылылық жайлы ұламалардың да түрлі пікірі бар екен. Данышпан Абай «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», – дейді. Жалғыз Абай емес, Шығыстың Руми, Омар Хайям, Хафиз сынды атақты ақындары Жаратушы мен жаралушының арасындағы махаббатты философиялық жырларымен жеткізеді. Бұл мәселеге әрқайсысы әр қырынан келсе де, барлығының тоғысатын жері – махаббат адам өмірінің тұғыры екендігінде.

Абай жырларымен сусындаған Ілиястың «Махаббатсыз дүние бос» екендігін ертерек сезінбеуі мүмкін емес еді. Өйткені, Ілиястың өмірден ерте озуына еліне, жеріне, туған мекеніне, табиғатқа, жаратылысқа деген шексіз махаббаты себеп болды десем, біреу келісер, біреу келіспес. Сондай өлермен сүйіспеншілік жатбауыр, көрсеқызар, кербақпа қарсыластарының көзіне сыймады. Аяғынан шалды, абақтыға салды, жас өмірін қыршынынан қиды. Ал сүйген жары Фатимаға деген махаббаты Ілиястың ұрпақтарын тағдырдың тезінен құтқарып, адамзат руханияты үшін жиған, көз майын тауысып жазып қалдырған асыл мұраларын бүгінгі ұрпақпен қауыштырды.

Расында, 43 жылдық өмір, 17 жылдық шығармашылық ізденіс арқылы халқының талантты ұлы қазақ баласының төрт ғасырлық мұраларын кейінгі ұрпаққа жинақтап жеткізуге жол ашты. 170 жылда жазылып бітпейтін керемет туындылар жаратуға мүмкіндік берді. «Құлагер», «Исатай – Махамбет» деп таратыла беретін шабытты шығармалар – осы жылдардың еншісінде. Қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық рөлі де сол жылдары дәлелденді. Мәскеудің төріндегі,Ембінің құмындағы, Ертістің бойындағы, Жетісудың тау-ормандарын аралап жүріп жазған жауынгер мақалалары, жолсапар естеліктері осы кезде бірінен соң бірі өмірге келіп жатты. Орыстың ұлы ақыны Пушкинді қазақша сөйлетіп, ұлы жазушы Горькийден бастап, бүгінде орыс әдебиетінде есімі қаншама талантты ұлдары тағдыр тауқыметін тартар еді. Осындай да қазақтың әрбір қызы Фатима апамыз сияқты сұңғыла болса, көп нәрседен көз жазбас едік-ау деген ой келе береді. Ал Фатима апамыздың осындай қайсарлығы түптеп келгенде, жарына – Ілиясқа деген шексіз сүйіспеншілігінен туды. Демек, шынайы сезім, мызғымас махаббат бар жерде тағдырдың сан сынағы түкке тұрғысыз болып қалады.

Қазақ қоғамындағы бір қасірет – құғын-сүргін құрбандарының ұрпағына төнген қауіп.



Былайша айтқанда, Ілияс өмірден өткелі де сексен жылдан асты. Осы жылдары 800-дей поэма жазылған шығар. Әлі де «Құлагер» жалғыз. Бір ғана Жазушылар одағында 800-дей ақын-жазушы бар. Олардың ішінде қырық жасында Ілиястың деңгейіне жеткендері кемде кем. Неге? Шын мәнінде, бәріміздің туған жер, өскен орта, қара орман халыққа деген жүрегімізде тулап жатқан махаббат сезімі кемшін. Ілиястың өмірге махаббаты таза, тұнық, қазақы қалыптан келген. Өлкенің майда самалы, сылдырлаған бұлағы, буы бұрқыраған изен-жусаны, қарапайым халықтың мінсіз келбеті, көңілінің тазалығы оның бар болмысына әсер етті. Асқақтықты – биік шыңнан, даналықты – сайын даладан, шабытты – жусан иісінен алды.

Басқасын айтпағанның өзінде, Ілияс бір ғана «Жетісу суреттерінде» 150-ге жуық дала шөбінің атын атайды. Қане, сіз санап беріңізші? Тым болмаса 15 шөптің атын атай алдыңыз ба? Сенімді түрде «жоқ» дей аламын. Өйткені, біздің жүрегіміздегі табиғатқа деген махаббат сезімі өшкен. Жабыны қанша сипаласаң да, жорға болмайтыны белгілі. Сондықтан Ілияс табиғатқа деген терең сүйіспеншіліктің арқасында бір ғасыр бойы оқырманның махаббатына бөленген ұлы туындылар жаза алды.

Сол даланың дарқандығынан нәр алған Ілияс мұраларын бүгінгі күнге жеткізген Фатима апамыздың шынайы махаббаты. Бұл тақырыпты әркім әркілы қабылдайтын шығар. Бірақ қазақтың маңдайына біткен Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов сияқты үш алыбына жар болған Фатима апамыздың кесек кемеңгерлігі мен биік парасатына қазақ баласы емес, күллі әлем бас июге міндетті. Соның ішінде Ілияс пен Фатима арасындағы жиырма жылға созылған таныстық, ғашықтық, соның ішінде бес-ақ жыл бірге ғұмыр кешкен балдай тәтті күндер, бақыттың шырқау шыңына шыққан ой-армандар тоғысы адамзат баласының маңдайына жазыла бермейтін бақыт!

Ілиястың тұтас ғұмырнамасын сараптап шықсаңыз, оның нағыз шабытты жылдары Фатима апамызбен тағдыр қосқан соңғы уақыты екен. Одан бұрынғы өмірі іздену, кемелдену, қалыптасу кезеңінен тұрады. Ал соңғы бес жылда, яғни 1932-1937 жылдар арасында Ілияс адамзаттың ортақ құндылығына айналған ұлы шығармаларды өмірге әкеліпті. «Дала», ерекше құрметпен аталатын қаламгерлермен таныстығы, достығы, әріптестігі сол жылдары биік белеске көтерілді. Қазақтың ән әлеміне бойлап, театр сахнасынан табылып, кино ленталарынан көрініс тапқаны да сол жылдар. Демек, Ілияс өміріндегі осы жетістіктердің діңі Фатима апамызда жатқан жоқ па? Өз қатарластарына қарағанда сол жылдардағы Ілиястың мойнының озық тұрғаны Фатима апамыздың бала мінез ақынды әлпештеп, көңілі жұмсақ қаламгерді қадірлеп, ел мүддесі үшін асау өзенге күмп беруге дайын аңғал батырға ақылды серік болғаны десек, кім терістей алады.

Тағы бір жағынан, құғын-сүргін жылдары құрбан болған әріптестері мен ақын-жазушыларға қарағанда Ілиястың жиып-терген мұрасы ең толық қалпында сақталып қалды. Көзі тірісінде Ілиястың әдеби қолжазбаларын жинақтап, теріп, баспаға дайындап отырған Фатима апамыз ол тұтқындалған күні жендеттердің көзіне түспей есіктің қалқасында қалған бір сандық ақын мұрасын түнделете НКВД-да қызметкер болып жүрген немере інісі Оспан Жылқыбаев арқылы сенімді жерге жасырып қалды. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, қазақтың үш арысы саналатын Сәкен мен Бейімбетке қарағанда қолжазбасы толық әрі таза сақталған – Ілиястың қолжазбалары. Сол 1937 жылдың кесапатынан қаншама ұлы тұлғаларымыздың жиған-терген рухани мұрасы отқа өртеніп, күлге айналды. Бағымызға қарай, Ілекеңнің мұрасы әлі күнге еліне қызмет етіп келеді. Сол үшін қаншама рет ауыр сұрақтарды бастан өткерсе де, Ілияс мұрасы жайлы тіс жарған жоқ. Өйткені, сол мұралардың бір күні туған халқына керек боларын, қызмет етерін сезді. Ол дүниелер болмағанда Ілияс жайлы деректерді қайдан табар едік? Сол қолжазбаларды әр сәт қолыма алғанда, ең алдымен көз алдыма Фатима апам келеді. Аруағына сыбырлап мінәжат етіп барып, қолымды тигіземін. Бұл да махаббат күшінің құдіреті демей көр?!

НКВД адамдары Фатима апамыздан Ілияс және оның достары туралы сұрағанда, міз бақпай, тергеушілермен айтысып қалып, көзі от шашып: «Мен Ілиястың есігін баққан күзетшісі емеспін, мұғаліммін. Кім келіп, кім кетіп жатқанын қайдан білейін? Тегі біздің үйден қонақ арылмайтын...», – деп қасқайып тұруы жауыз үкімет тектінің тұяғы түбі тегіне тартпай қоймайтынын сезінгені соншалықты ұлыларымыздың өзімен қоса, тұқымын тұздай құртты. Шиеттей балаларына дейін аяушылық танытқан жоқ. Жөргегінде өлім құшқан сәбиін Ақмоладан Алматыға жеткенше құшағына қысып, қытымыр көздің жол бойына тастап кетуінен сақтап, Алматыға жеткізіп жер қойнына тапсырған Бейімбеттің жары Гүлжамал апамыздың қайсарлығын бүгінде жұрт жыр қылып айтады. Тұтас қазақ зиялыларының балашағасы жендеттердің жантүршігерлік қысымында о дүниелік болып жатқанда Біләл мен Ілиястың балаларын Фатима апамыз аман-есен сақтап қалды. Бұл сөзді айта салу оңай болғанымен, қорғансыз балаларға қорған болу оңай болмағаны белгілі.

Ілияс Жансүгіров тұтқындалған кезде Фатима апамыз жүкті екен. Ілияс та соңғы перзентінің ұл болуын көп армандаған көрінеді. Бірақ ол жарық дүниеге келмей Ілияс тұтқындалып кетеді. Көп өтпей Фатима апамыз Болатты дүниеге әкеледі.

Фатима толғағы қысып перзентханада жатқан шағында жанында жатқан бір әйел қайтыс болып кетеді. Одан қалған жетім шақалақты асырап алуға барынша тырысады. Алайда туыстары бермей қойған екен. Міне, оның парасаттылығын, қамқорлығын, ер мінезділігін, өз заманында көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар жан болғандығын мақтанышпен айтсақ артық етпес.

Болаттың дүниеге келгенін естіген жендеттер тағы да Фатиманы іздеп тауып, нәрестені алып кетпек болады. Мұны алдын ала сезінген ана оларды бір қолына бөбегін, бір қолына қылшылдап қайралған балтаны ұстап тұрып қарсы алады.

...« – Әуелі біреуіңді жайратып үлгеремін де, сосын баланы шабамын – бәрібір өлемін, – депті дауысы дірілдеместен.

«Қонақтардың» беті қайтып қалса керек.

– О, не дегеніңіз, Фатима Зейнуллаевна. Міне, мына қағазға «Бала өзіммен бірге болады», – деп жазып берсеңіз болды, – депті біреуі»...

Болат осылай аман қалады. Одан бұрын басқа балаларын інісі Хайролла Жылқыбаевқа ертіп, жасырын түрде туған ауылы Қапалға аттандырып жібереді. «Балаларыңды тауып бер» деп жендеттер қанша қинаса да, жұмған аузын ашпай қойған. Тіпті Ілиястың үшінші әйелі Батима Төребаевадан туған ұлы Саятты аласапыран күндері жоғалтып алып, көп жылдан кейін іздеп тапқан Фатима апамыздың ерлігіне тең келетін мысал жоқ шығар.

...«Бірде Фатима апамыз түрменің қат-қабат қиындығын бұзып өтіп, төніп тұрған қатерді елемей, сәби Болатты әкесімен кездестіреді.

Айдаушы солдат сәбидің көптен күткен перзент екенін білгенде:

– Дәл өзімдей ақын болыңыз деп бата беріңіз, – депті.

Сонда Ілияс:

– Жоқ, ақын болып тұтқынға түскеннен, азат етікші болғаны дұрыс, – деп тапсырыпты»...

Бірақ Фатима апамыз балаларын етікші қылып өсірген жоқ. Ақын болуын да қаламады. Бірақ бәрі де азамат болып ержетті.

Сол жылдары Фатима апамызды Алматыдан жер аударып, Ақтөбе, Семей, туған өлкесін таңдауды ұсынады. Фатима апамыз Семейді таңдайды. Өйткені, Алматыдан қанша алыста жүрсе, перзенттерін аман сақтап қалуға болады деп ойласа керек.

Иә, Фатима апамыздың мұндай ерліктерін әлі де таратып айта беруге болады. Десе де, осының қалқасында басына қатер төнсе де қаймықпайтын бір күш жатқаны анық. Ол – Ілиясқа деген шексіз сүйіспеншіліктен туған махаббат күші. Мұндай махаббат бүгін бар ма? Бірақ ел басына күн туып, ер етігімен су кешер жағдай болса, тағы да осындай ерлік аңыздар қайталанады. Өйткені, жарға адалдық, ұрпақ алдындағы борыш ежелден бері аналарға тән асқақ мұраттың мызғымас діңі.

Үш жарынан туған балаларды бауырына басып, әлпештеп өсірген ананың қасіретті сәті де аз болмады. 1943 жылы соғысқа кеткен Жәнібектен келген қаралы хабар қабырғасын қайыстырды. Отанын қорғауға атанған баласы опат болды. Қайғыдан қан жұтқан ана «Ұлымның арманын жүзеге асыратын ұрпақ тәрбиелеуім керек» деп алдына мақсат қояды. Кіші ұлы Мұрат Әуезов Мәскеуде оқып жүрсе де, оны үнемі бақылауда ұстады. Хат жазып, хал-жағдайын білісіп, бар тапқан-таянғанын салып жіберіп отырды. Әке тәрбиесін көрмесе де, балалары ана мейіріміне зәру болмады. «Әкең бөлек деп» шеттетпеді. Үш атаның балалары жалғыз ананың құшағында бауырмал болып жетіледі. Бұл әр ананың маңдайына жазылмайтын бақ еді.

Араб ғұламасы Ибн Қайум: «Махаббат ауыртпалықтан құтқарып, жан тыныштығына жеткізеді, сансыраған санаңды ашып, жақсы іс-әрекеттеріңе қанағат еткізеді», – дейді. Жүрегіңіздегі махаббаттың тұнығынан сүзіп алмаған дүние сұлу, құнды болмайды. Ілияс пен Фатима апамыздың арасындағы асыл махаббат желісінің құрылуына өмірлік ұстаным, ұрпақ келешегі алдындағы жауапкершілік емес, ұлт болашағы үшін жасалған сәтті қадамдармен де ерекшеленеді.

Ілияс пен Фатима апамыздың махаббаты тек отбасылық, ошақ қасылық қана сипат алған жоқ. Ұлттың ұлы мұраларын түгендеумен де түйісіп жатты. Ол екеуі ең алғаш Сүйінбай мұраларын жинап, оны зерттеп, зерделеп жұрт назарына ұсынды. Бірақ қазіргі күнде Сүйінбай туралы зерттеулер мен мерейтойларда Ілияс пен Фатима апамыздың аты аталып, мұрасы насихатталмайтыны жанымды ауыртады. Әрине, бұл жайлы көсемсіп көп жағдайды айтпай-ақ қояйын. Ол үшін төмендегі дәлелді алдыға тартқым келеді.

Демек, Ілияс пен Фатима апамыздың махаббатынан туған төл туынды, елдің



СУЮМБАЙ АҚЫН

Составили ФАТИМА и ИЛЬЯС

На казахском языке.

Отв. редактор ГАБИТОВА Ф.
Техн. редактор ЧЕРКАССКИЙ А.
Отв. корректор МУСТАФИН А.

Сдано в производство 11/VII-1934 г. Подпис. к печати 3/X-34 г. бумага 62x94 1/16 доля печати. листа. 2¾. Алма-Ата. Упол. казгиз № 927 Тираж 5200.

Кзыл-орда, гостипография № 1 Казкиздата. Зак. № 707.

SYJIMBAJ AQЬN.

Syjimbaj aqьn 1827—çьl tuvьp 1895—çьl dynijeden qajtqan. Tuvoçan çeri osь kyngi Almatь oвlьsь, Qastek avdanь. Tuvmьsь ulь çyzdin Sarьraqtь attь uruvьnan, Ekej degen el. Syjimbajdьn әkesinin atь Aron, onьn әkesi Sep. Syjimbajdьn tyisi „Sarьraqtь emes, Duvlat edi, Talas bojьndaqtь Sьmbr uruvьnan, Biraq osьnda kelip Qastek elindegi (qara qastaqtь mnekendegen) Sarьraqtьqa singen edi" deviler nar. Biraq өz elderinde kosinese Sarьraqtь uruvьnьn adamь boljp soljedi. Syjimbajdьn urpaqь osь kynde Qastek avdanьnda. Syjimbajdьn olennen basqa oneri bolmaçan, oqьmaçan savatsьz adam boloan.

Syjimbaj XIX—ğasьrdaqtь qazaqtьn el aqьnь. Osken eli uly çyz—yjsin, Sarьraqtь, Syjimbaj aqьnnьn artьna qaldьroan sezinin uzьn ырqasь uruv çurtcьlьqtьnь pikiri, ol өz uruvьn maqtajdь, ozi men ajtьsaçan aqьnnьn uruvьn çamandajdь. Bul çaqtьnan aloanda Syjimbajda qazaqtьn surьnoь uruv tili boloan aqьndarьnьn alievi. Biraq Syjimbajdьn elderinin kerekti çaqь—aqьn uruv tili boloanda—qandaj uruvtardьn aqьnь bolьp ajtty, ol uruvlardьn sol tarьxjqaj zamanda çyrgen çeri, өlevmet—qatьnasь

3

махаббатына бөлене алмай келе жатқаны ғана қынжылтады.

Ілияс пен Фатима апамыздың махаббат хикаясы бір емес, бірнеше кітапқа жүк болар ұлағатымен құнды. Өкінішке қарай, бүгін өмір өзгерген, құндылықтар азайған. Аға-буынның берекесі мен пейілін бекемдеген сол изгілікті жалғастырып әкететін жағымды дүниелер де азайғандай. Махаббатта жолымыз, отбасында берекеміз, сүйіспеншілікте сүйкіміміз қалмайтын түрлі жағдай жиі туындап, жүрекке салмақ салатын келеңсіздіктер көбейіп кетті. Отбасының ойранын шығаратын ойланбай істелінетін қылықтар да жамырап шықты. Бәрі жүректі ауыртады. Осы кезде еріксіз махаббат деген бір ауыз сөздің қалқасына жасырынған құдіретті жан-жақтан іздестіре бастайсың. Сол кезде ұлы махаббат жолындағы Фатима апамыздың ерлігі алдыңнан шығады да жүрекке жылылық, сенімге беріктік, келешекке бағдар нұсқайды.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Өңірге рең берген

Елбасы халыққа арнаған Жолдауында өңірлерді дамытудың көкейкесті тұстарына, жаңа бағыт туралы кеңінен тоқталды. Жолдауда: «Инфрақұрылым – адамдарға» моделінен «адамдар – инфрақұрылымға» моделіне бірте-бірте көшу қажет. Бұл елді мекендерді ірілендіру ісін ынталандырып, бөлінетін қаражатты пайдалану тиімділігін арттыратын болады. Әрбір өңір мен ірі қала бәсекеге қабілеттіліктің қолда бар басымдықтарын ескеріп, өзіндік орнықты экономикалық өсу және жұмыспен қамту моделіне сүйене отырып, дамуға тиіс. Осыған орай, тірек саналатын ауылдардан бастап республикалық маңызы бар қалаларға дейінгі түрлі елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу керек. Бұл стандарт әлеуметтік игілік пен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізімі мен қолжетімділігінің, көлік, мәдени-спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілудің нақты көрсеткіштерін және басқа да мәселелерді қамтуға тиіс», – делінген.

ШЫҒЫС ҚАҚПАНЫҢ ШЫРАЙЫ

Осы тұрғыдан келгенде, Алматы облысындағы шекаралық өңірлерді дамыту, оның тиімділігін пайдалану, мүмкіндіктер негізінде ел кірісін арттырудың маңызы жоғары. Айта кетсек, бұл тапсырма «Қорғас-Шығыс қақпасы» алабында ерекше қарқынмен жүзеге асырылуда.

Бүгінде еліміздің Қытаймен шекарасындағы көлік-логистикалық кешенінің дамуы және сауда ынтымақтастығын іске асыру барысы сөз жүйесін тапты. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» ауқымды жобасының бір бөлігі «Нұр жолы» өткізу пункті мен «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) және «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығы» секілді басқа да нысандарда жұмыс қарқынды.

«Нұр жолы» өткізу бекеті былтыр қолданысқа берілген. Нысан күніне 2500 жүк көлігін өткізе алады. 25 гектар аумақтағы кеденде көліктің екі тарапқа қауіпсіз кіріп-шығуын бақылайтын 8 жолақ орналасқан. Ол осындағы кептелісті жойып, жедел қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Айталық, халықаралық өткел қызметкерлері кеден пункті пайдалануға берілген 6 айда 30 мың жүк көлігін және 40 мыңнан астам жолаушы тасымалдаған 3 мыңға жуық автобусты рәсімдеп, сол қызметтен ел қоржынына 7 миллиард теңгеден астам қаржы әкелген.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы «KIF Warehouses» серіктестігінің құрғақ жүк сақтайтын қоймаларының құрылысы да жұмыс істей бастады. Біріккен Араб Әмірліктерімен әріптестік аясында жүзеге асқан жобаның жалпы құны – 5,1 миллиард теңге. Мұндағы «А» сыныпты қоймалардың 24964 шаршы метрі құрғақ жүк сақтауға арналса, қалыпты температурада жұмыс істейтін бөлігі – 14 516 шаршы метр. Қоймаға жақын маңға орналасқан жүгері және басқа да дақыл өнімдерін өңдеумен айналысатын «Заря ЛТД», «Феникс Фид Миллс» кәсіпорындары бар. Өндіріс орындары астық қабылдап, тазалауға, кептіруге және сақтап, дайын өнімді сатуға арналған. Кәсіпорындардың жалпы қуаттылығы жылына 100000 тонна дән қабылдауға жетеді.

Ал зауыттарға іргелес жатқан «Құрғақ порттa» 8 жоба жүзеге асырылуда. Соның ішінде ең ауқымдысы – «А» класты, аумағы 11, 4 гектарды алып жатқан жүк сақтайтын қойма. Яғни көрші елден келген немесе өзімізде өндірілген тауарлар осында сақталып, қажетті бағытқа жөнелтіледі. Биыл шекаралық аймаққа келушілердің саны жылдағыдан арта түседі деген болжам бар. Оған арнайы экономикалық өңірде қолға алынған 5 ірі жоба негіз болмақ. Сол қатарда сауда кешендері, әлемдік стандартқа сай цирк, қонақүй, емдеу орталығы сынды халыққа қажетті нысандар бой көтермек. Орталықтағы жаңашылдық бұл ғана емес. «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы жүктерді буып-түйіп, діттеген жеріне жөнелтумен айналысатын жүк терминалы да сауда көрігін қыздыра түсті. Нысанның мүмкіндігі туралы «Kazakhstan Technology Solutions Ltd» компаниясының директоры Нұрлан Жайлаубаев: «Жүк терминалы жұмысын өткен жылдың мамыр айынан бастады. Қытай тарапында 6 жүк қабылдау пункті бар. Сол жерде қабылданған тауар жүк терминалы арқылы осы жерге жеткізіледі. Екі аралықта адам тасымалдайтын 3 жеңіл көлік, жүк таситын 26 автобус және басқа да 17 көлік бар. Бүгінге дейін жүк терминалының құрылысына 556 миллион теңге, көлік және коммуникациялық құрылымына 489 миллион теңге қаражат құйылды», – дейді.



Жақында экономикалық аймақ аумағында Qaz Lumiere сауда орталығы пайдалануға берілген еді. Қазір мұнда 6 жүк өткізу терезесі мен арнайы күту залы ашылған. Бұл туристер мен сауда-саттық жасайтындарға қолайлы, көп жеңілдігі бар. Тіпті жүк өткізу бекетінде екі ортадағы адамдарды тасымалдаудың да түйткілді тұстары шешілген. Шекарадағы сауданы қамтамасыз ету үшін Қорғас өзеніне салынатын селге қарсы қорғаныс нысандарының да маңызы басым. Көктем мен жазда су тасқыны жиі болатын асау өзен арнасын нықтау жұмысына жалпы 30 миллиард теңге жұмсалатынын «Қазақстан селден қорғау» мекемесінің басшысы Тоқтарбай Баймолдаев айтып берді. «Қазселденқорғау» мекемесінің тапсырыс беруімен өзен жағасындағы құрылыспен «СК-Базис» компаниясы айналысуда. Қазір ұзындығы 6 шақырымға жуық бөгет салынған. Басқұншы ауылы мен «Достық» су арнасына дейінгі 9 шақырымдық жол жасалып, Шүкірбұлақ су қоймасы мен Қазанкөл өзеніне дейінгі 17 шақырым жағалау бекітілген. Оған жұмсалатын қаржы мәселесі Қытай үкіметімен келісіп, оңтайлы шешіліпті.



Сонымен қатар «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығында отандық инвесторлардың қаржысымен бой көтеріп, пайдалануға берілген бірнеше сауда орны бар. Жалпы құны 1,7 миллиард теңге болатын «Қазлюмер» сауда орталығынан туристер отандық өнімдердің мол ассортиментін табады. Қос қабатты нысанда қазірдің өзінде 40-тан аса дүңгіршек жұмыс істеп тұр. Осы маңға жақын жерден «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА мен қаланың теміржолшыларға арналған бірінші шағын ауданында көпқабатты 8 тұрғын үй құрылысы басталды. 2022 жылға дейін 1055 мың шаршы метр тұрғын үй қоры салынып, 50 мың адам қоныстандырылып, болашақта жаңа қаладағы тұрғындар қатары арта бермек. Қазір қаланың бас жобасы бекітіліп, жалпы 416,4 миллион теңгенің келісімшарты жасалды. 86 пәтерлі 2 тұрғын үйдің құрылысын жобалауға жергілікті бюджеттен 34,7 миллион теңге бөлініп, мақсатты іс аяқталды. Жобалық-сметалық құжаттар мемлекеттік сараптауға беріліп, ол дайын болды. Бұлардан басқа 7 қабатты, әрқайсысы 60 пәтерлі тағы 4 үйдің құрылысын салуға «Базис» ЖШС алдын ала келісімшарт жасаған.

Қорғас шекарасындағы сауда ісінің өркендеуіне ең алдымен «Алтынкөл» халықаралық теміржол стансасының қосып жатқан үлесі мол. Бекет қызметкерлері тәулік сайын 15 пойызға контейнер тиеп, жөнелтеді. Күн сайын 20 пойыздың жүк тасуға мүмкіндігі бар. Өткен жылы 2482 пойыз немесе 111512 вагон ары-бері өткізілген. Тасымалданған жүктің 377,3 тоннасы Қытайға, 2,3 миллион тоннасы Қазақстанға жүк өткізген. Қазір осы жердегі жұмысты дамыту үшін «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-да «Нұркент» қаласы салынып жатыр.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-дағы «Құрғақ порттың» тиімділігі арта түскен. Өткен жылы мұнда 660 жабық вагон, 570 контейнерге жүк тиеліп, жөнелтілген. Арнайы экономикалық аймақтағы тағы бір үлкен жаңалық 10 гектар аумаққа 5,1 миллиард теңгеге «А» санаттағы қойма ғимаратының салынғаны. Оның ішінде 24964 шаршы метр құрғақ, ауа райы өзі реттелетін 14616 қойма салынбақшы. Қойма құрылысы аяқталғанда жалпы 50 жұмыс орны ашылады.

Тағы бір жағымды жаңалық, жуырда Қорғас – қаржы-экономикалық Еуразия форумы өтті. Аталған форум Алматыда басталды. Десе де, негізгі үш күндік жұмысы елдің оңтүстік-шығыс шебіндегі Қорғас өңірінде жалғасты.

Қос құрлықтан келген қаржыгерлер «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асқан халықаралық ірі жобамен танысып, «Құрғақ порттың» жүк өткізу әлеуетіне қызықты. «Алтынкөлдей» халықаралық бекеттің, Нұркенттей теміржолшылар қалашығының сән-салтанатына тамсанды. Осындай жаңалықтарға қанық болған қаржыгерлер «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығының Қытай тарабындағы сәулеткерлік сәні ерекше «Достық» үйінде негізгі жұмысын бастады. Қаржыгерлердің алғашқы отырысын Қазақстан Банктер қауымдастығының президенті Бақытбек Байсейітов ашып, форум жұмысының негізгі мақсаттарын түсіндірді.

Ол: «Бұл форумның Қорғаста өткізілудегі мақсаты – көптеген Еуразия елдерінің экономикасына қан жүгіртіп, күретамырға айналған Ұлы Жібек жолының жаңаша жаңғырғанын, оның күн өткен сайын халықаралық байланыста әлеуетінің арта беретінін қаржыгерлерге сезіндіру. Тарихи Жібек жолының бойында заманауи өткелдің пайда болуы «Батыс Еуропа–Батыс Қытай» теміржолы мен авто даңғылының қуатын бағамдады. Оның бұдан әрі дами беруіне халықаралық банктер қауымдастығы қолдау көрсетуі керек. Қазақстан, Ресей, Қытай және тағы басқа елдерде құрылған инвестициялық қорлар осы Қорғас жобасының жүзеге асуына дем беруі тиіс», – деді.

Алғашқы пленарлық отырыста Қытай экономикалық даму аймағы басқармасының төрағасы Сию Сиңмин, Алматы облысы әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, Ресей өнеркәсіп және кәсіпкерлер одағының атқарушы вице-президенті Александр Мурышев, ТМД қаржы-банк үйлестіру кеңесінің төрағасы Анатолий Казаков, Өзбекстан жеке банк төрағасы Икрам Ибрагимов, Рига сауда-өнеркәсіп палатасы басқармасының төрағасы Сергей Федоров сөз сөйлеп, форумның мақсатына байланысты өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ форумға қатысқан бірнеше мемлекет қаржыгерлері мен кәсіпкерлері жеке пікір алмасу жиындарын өткізді. Форум жұмысының қорытындысында басқосуға қатысқан банк өкілдері өзара меморандумға қол қойды.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» шекара ынтымақтастығының өркендеуі Панфилов ауданының да өркендеп, өсуіне үлкен серпін берді. Панфилов ауданының әкімі Темірлан Бектасовтың айтуынша, өткен жылы аудан тұрғындарының далада өндірілген өнімдердің жалпы құны 38,5 миллиард теңгеге жеткен. Жергілікті атқарушы биліктің ұйымдастыруымен жиналған жүгері дәні түгел дерлік лайықты бағада сатылған. Аудандағы жүгері сұрыптап, кептіретін қырмандарды жөндеуден өткізу, дән кептіретін, сақтайтын орындардың санын көбейту жөніндегі бағдарлы жұмыстарда ілгерлей түскен. Кәсіпкерлік саласы да өркендеді. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының Панфилов аудандық филиалының басшысы Еркін Қарақойшынов: «Ауылдарда ЖШҚ және кәсіпкерлермен кездесулер өтіп, қатысушыларға заң аясында кеңес берілді. Одан бөлек, Еуроазия экономикалық одағы Кодексінің күшіне енуіне байланысты «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы АҚ, Панфилов аудандық құқық қорғау қызметтерінің басшылары, кеденшілер өзара үшжақты меморандумға қол қойды», – деп атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Әсіресе өңірдің аграрлық өнеркәсіп кешенін, жылыжай шаруашылықтарын дамыту шаралары мен кооперативтер құру, сондай-ақ туризм, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік салаларын жандандыруға серпін берді. Мұндай жетістік алдағы уақытта да жетіле түсетін болады.

Жуырда Қасым-Жомарт Тоқаев қызметке кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінің 7-бағытында: «Біздің қағидамыз баршаңызға мәлім: Қуатты аймақтар – қуатты Қазақстан. Азаматтарымызды толғандырған нақты мәселелер жергілікті деңгейде шешілуі тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Аймақтағы қордаланған мәселелерді шешуге халық белсене араласатын болады», – деп атап көрсетті. Демек, өңірлерді дамыту ісі жаңа бағыттармен жетілдіріле бермек.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 41 шағын қала бар. Олардағы халық саны 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 904,2 мың адамды құрайды. Географиялық орналасу бойынша қалалардың типтерін бөліп көрсетуге болады. Мәселен, шекара маңындағы аумақтарда Жаркент, Үшарал, Зайсан, Сарыағаш, Шардара, Шар, Шемонаиха, Мамлютка, Булаев кіреді.

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы)

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

АТЫРАУ АЖАРЛАНА ТҮСЕДІ

Әрбір мемлекет ұлтының саулығымен және ауыл-аймақтардың қуаттылығымен мықты. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының басты мақсаты да – еліміздің аймақтарын әлеуметтік, экономикалық тұрғыда дамыту болып отыр.

Қазіргі уақытта елімізде «екінші деңгейдегі» қалаларға облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын облыстық маңызы бар 14 қала, жатады. Атырау бағдарламадағы «Екінші деңгейдегі» қалалар сатысына енді. Десе де, Атыраудың тәуелсіздік тарихына дейінгі кезеңде де экономика локомотиві болып келе жатқанын ескерсек, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аймақтың дамуына одан әрі оң ықпалын тигізуде.

Атырау үшін көгалдандыру мәселесі өте маңызды. Биыл қаланы көгалдандыру жұмысымен «Каспийдормостострой» ЖШС айналысып жатыр. Кемінде бес жылға жасалған келісімге сәйкес, мекеме облыс орталығын көгалдандыру, суару жүйелерін жөндеу, сондай-ақ жалпы ұзындығы 147 шақырым болатын су құбырын салу бойынша жұмыс жүргізеді. Бұл туралы «Каспийдормостострой» ЖШС өкілі Леонид Задерный: «Биылғы жылдың 13-ші сәуірінен бастап жұмысқа кірістік. Бүгінгі күнге дейін саябақтарда, алаңдарда және гүлзарларда шамамен 12 мың шаршы метр жерге бір жылдық гүлдер отырғызылды. Оларды күнтізбе бойынша суару жұмыстары жүргізіліп жатыр. Одан бөлек, екі айда 39 көшені қайта қалпына келтіріп, 16 аймақ пен саябақтардағы ағаштарды ақтап, қураған ағаштардың бұтағын кесіп, 21 гүлзар жасадық», – дейді.

Бұдан бөлек, мекеме облыс орталығында суару жүйесін қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізуде. Мысалы, әуежай жолындағы тамшылатып суару жүйесі 80% қалпына келтірілді. Сондай-ақ қолданыстағы ескі су сорғыларының сегізі жөнделіп, жоба аясында тағы 7 қосымша сорғы орнатылды. Леонид Задерный: «Қазіргі уақытта Атырау қаласында шамамен



30 шақырым ескі су құбырлары жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың соңына дейін біз 147 шақырым суармалы су құбырының құрылысын аяқтап, қаладағы суару жүйесін толық бақылауда ұстайтын боламыз», – дейді.

«Каспийдормостострой» ЖШС-нің әртүрлі көшеттер, жылдық және көпжылдық гүлдер өсіретін жеке орындары бар екенін атап өту керек. Мұнда бес жыл болған 7 мыңнан астам, үш жыл болған 7 мың және 2 жыл бұрын отырғызылған 10 мыңнан астам ағаш бар.

Мекеме басшысының айтуынша, аймақтың климаттық және топырақ жағдайына бейімделген ағаш түрлері өсіріледі. Негізінен қарағаш, терек, бұтаға көңіл бөлінеді. Сондай-ақ мекеме жылдық өсімдіктерді жеткізушілердің бірі болып табылады. Көгалдандыру саласында тәжірибесі бар мамандар тобын жинақтаған. Алматы қаласындағы көгалдандыру және суару саласындағы мекеме мамандарымен сенімді серіктестік құрылды. Мекеме жүйелі түрде және ұзақ уақыт бойы әртүрлі

көгалдандыру жобаларына қатысып, Атыраудың дендрологиялық жоспарының іске асуын бақылап, тәжірибе жинақтаған.

«Каспийдормостострой» ЖШС келесі бес жылға дейін 50 мыңға дейін ағаштарды күтіп, баптайтын болады. Жыл сайын 338 мың гүл және 3,5 мың көшет отырғызады. Сондай-ақ 2023 жылға дейін отырғызылған ағаштардың саны 25 000-ға жетеді деп жоспарлануда. Олардың 2 мыңы – жеміс ағаштары.

Атырау қалалық тұрғын үй кешені, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда жалпы ұзындығы 27,605 шақырым болатын 8 көшені қалпына келтіріп, кеңейту үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өтті.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында Алматы облысында «Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті жаһандық әлемге ілгерілету» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Алқалы басқосуды мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Рухани жаңғыру» орталық жобалық кеңсесі облыстық ішкі саясат басқармасымен бірлесіп ұйымдастырды.



Бикен Римова атындағы облыстық драма театрда өткен салтанатты жиында облыс әкімінің орынбасары Ләззат Тұрлашов тарихи маңызы бар жобаның артықшылықтарына тоқталды. Ол өз сөзінде: «Конференция барысында негізгі үрдістер мен әлемдегі мәдени, көркем әдеби орындаушылық өнердің үздік үлгісін танымал етудің әлемдік тәжірибесі талқыланады. Сонымен қатар аймақтық мәдениет ұйымдарының имиджін нығайту мәселесі қарастырылады. Осы арқылы әлемдік ынтымақтастық пен береке-бірлікті сақтай отырып, ел өркениетін дамытуға жол ашылады.

Қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын ауқымды жобаның басты мақсаты – көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан заман ауанына тез бейімделу ғана емес, қазақстандық мәдениетті оның барлық қайталанбас идея, құндылық, дәстүрлерімен заманауи жаһандық әлемде ілгерілету. 100-ден астам этнос өкілдерінің басын қосып, мақсатын бір арнаға тоғыстырған Жетісу жерінде өткен I халықаралық ғылыми-практикалық конференция осы мәселеге арналды. Жиынға Франция, Польша, Армения, Беларусь республикасының ғылыми және мәдени қауымдастығы өкілдерінің қатысуы екі жыл ішінде еліміздің қана емес, әлемдік қауымдастықтың дамуына да үлес қосқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының пәрмеңділігі мен өміршеңдігін айғақтап отыр», – деді.

Ежелгі грек философы Аристотельдің сөзімен айтсақ, адам – әлеуметтік жаратылыс. Бүгінгі күні бұл ұғым аксиомаға айналды десек қателеспейміз. Қоғамда өмір сүру, өзге адамдармен қарым-қатынас арқылы және ғасырлар бойы жинақталған білім мен тәжірибе негізінде адам тұлғаға айналады. Бұл ретте бүгінгі үздіксіз қарқынды қозғалыс заманында жүріп өткен жолыңа қайырыла қарап, түп-тамырыңа, ұлттық құндылықтарыңа тереңнен үңіліп отырған жөн.

«Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы».

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)



«Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған қоғамдық сананы жаңғырту ұғымы осыны меңзегені анық. Қоғамдық сананың жаңғыруы – ел мен ел, ұлт пен ұлт, этнос пен этнос арасындағы береке-бірлікке жол салып, болашақ дамудың бағыттарын айқындап беруімен де құнды.

Жалпы облыс бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы бағытта бірегей алты әлеуметтік жоба жұмыс істеуде. Оған «Батыр бабалар» мемориалдық кешені, Тұңғыш Президентке арналған «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы, «Орбұлақ» мемориалдық кешені мен саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражайдың ашылуы жатады. Бұл нысандар өніріміздің тарихындағы татулық пен ерлікті насихаттайды. Сондықтан алдағы уақытта да осы мақсат аясында жұмыс істей беретін болады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған міндеттерді іске асыру мақсатында ағымдағы жылы 585 іс-шара мен жоба жоспарланған. Қазіргі таңда оның 270-тен астамы орындалды. Атап айтқанда, «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша өткен тарихымыздағы ұлы тұлғалардың шығармаларын насихаттау, ұлылар поэзиясына, рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру мақсат етілсе, «Рухани қазына» кіші бағдарламасы бойынша этностардың дәстүрін дәріптеп, рухын көтеретін шаралар бастау алды.

«Жетісу өңірінің халық және халық композиторлары әндерінің антологиясы» мен «Мәдени ескерткіштер энциклопедиясы» жарыққа шықты. Жастар жылына орай «Менің Қазақстаным: Студенттік көктем – 2019» облыстық студент-жастар фестивалі, «Отаным – Атамекенім!» патриоттық әндер байқауы, «Ұшқыр ойлы Жетісулық жастар» пікір-сайыс турнирі, «Жайдарлы жастар» жайдарман ойындары, «Спорт – өмір көркі» шағын футбол байқауы ұйымдастырылды.

«Ақпарат толқыны» кіші бағдарламасы аясында 24 мамыр күні облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастырумен «Мерейлі отбасы» байқауы алтыншы рет өтті. «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасы бойынша 75 жоба жоспарланып, қазіргі таңда 7 жоба жүзеге асырылуда. Сонымен қатар «Ұлы NOMAD», «Ұлт пен рух», «Тарих парақтары», «Ғибратты қазына» телебағдарламаларында тақырыптық сұхбаттар ұйымдастырылуда. Сәуір айынан бастап «Латын әліпбиінің өзіндік ерекшеліктері» онлайн-сабақ жобасы басталды.

Конференцияда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған барлық жұмыстар кеңінен сөз болды. Шетелдік қонақтар үшін этнокөрме ұйымдастырылды. Онда қазақ халқының дәстүрлері таныстырылды. Олар алтыбақан теуіп, асық ату, теңге ілу және басқа да ұлттық ойын ойнап, түрлі этнос өкілдерімен бірге ән салып, би билеп, еліміздегі ұлтаралық татулықты сақтаудың озық үлгісіне тәнті болды.

Пленарлық отырыс барысында Айгүл Мүкей, сондай-ақ тақырыптық секциялар мен воркшоптар кезінде халықаралық сарапшылар мен іс-шараға қатысушылар тәжірибе бөлісіп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі нәтижелерін жария етті. Ал конференция «Мәдени интеграция және мәдени диалог қоғамның тұрақты даму стратегиясы ретінде», «Заманауи мәдениетті қалыптастыру мен дамытудағы мемлекеттің рөлі», «Жобалық басқару мәдениетті ілгерілету факторы ретінде», «Ежелгі. Болашақ. Білім әлемдік мәдени кеңістікте аумақ интеграциясының векторы ретінде», «Мәдени урбанистика – креативті-мәдени кластерлер фестивальдары арқылы қалалардың жаңа келбеті» деп аталатын бес секциялық жұмыс бойынша өрбіді.

Конференцияда халықаралық спикерлер ретінде Сорбонна университетінің профессоры, Халықаралық ғылым және өнер институтының директоры, «Plastik Art & Science» Сорбонна баспа бағдарламасының директоры Ольга Киселева *(Франция)* негізгі баяндама жасады. Ол: «Біз әлемдік заманауи өнерге әлі кіріге қоймаған елдермен жұмыс істейміз. Бұған дейін Қытай, Жаңа Зеландия, Корея, Украина сынды елдерде әлемге танылған мәдени жобаларды жүзеге асыруға атсалыстық. Көркемдік жобаларымыздың ішінде Қытайда алғаш рет жүзеге асқан коммуникациялар мен Украинадағы холокостқа арналған үлкен ескерткішті атап өтуге болады», – дей келе, 2012 жылдан бері жасап келе жатқан «Алма» жобасы туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Жоба апорт түрін көркем, тарихи және биологиялық зерттеуден тұрады. Ол бірқатар маңызды мәселелерді көтеріп, табиғатты қорғауға бірыңғай көзқарасты бекемдейді. Алма тұқымын қорғау және өсіру әдістерін зерттеу, бақылау, басымдықтарын анықтау жобаның негізгі бағыты болып табылады.

«Қазақстанның алма мен қызғалдақ мекені екендігі шетелдік ғалымдар мен зерттеушілер тарапынан қызығушылық тудырды. Бұл өз кезегінде әлем елдері арасындағы заманауи халықаралық мәдени ынтымақтастықтың бағыты болып табылады. Сондықтан біз осында жиналып отырмыз. Мен Жетісуда жүргеніме өте қуаныштымын, өйткені сіздер жасап жатқан өнір «Алманың отаны», – деп атап өтті Ольга Киселева.

Франциядан келген мәдениет және ғылыми коммуникация саласындағы консультант Касперски Гийом «Мәдениет саясатын қалыптастырудың Француз үлгісі бар ма?» деген сұраққа тоқтала келіп: «Біз үшін ең бастысы – тәжірибе алмасу. Қазақстан жайлы көбірек білу, атап айтқанда, біздің мәдениет танудағы ойымызды кеңейтеді. Біз өз тарапымыздан мәдениетті қалыптастыру үшін қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып бере аламыз. Француз контекстінде мәдениеттің ойын-сауық функциясы жоқ, өнер арқылы жаңа мүмкіндіктер жасауға ұмтылу бар екені түсінікті. Өйткені, ұлттар арасындағы мәдени ынтымақ қоғамда және әлемде болып жатқан оқиғаларды ұғынуға көмектеседі. Театр, өнер және анимациялық кино саласындағы мысалдар арқылы біз «француздық ерекшелік» негізіне әлемдік өркениетке қорытынды жасауға тырысамыз. Десе де, Қазақстандағы көпұлтты мәдениеттің өркендеуі біздің кейбір ойымызды өзіне баурап алды. Өйткені, әлемдік мәдениеттің дамуы үшін бір өңірде жасап жатқан сан ұлттың мәдени байлығын өзара жақындата алу керек. Бұл тәжірибе өзге елдерге қарағанда Қазақстанда алға озық тұр. Әлем елдері бұл жетістіктен үлгі алуы керек?», – деп атап өтті.

Халықаралық «HIGHFEST» орындаушылық өнер фестивалінің президенті, Метрополитан Лондон университетінің профессоры, доктор, Ереван мемлекеттік театр және кино институтының «Арт-менеджмент және мәдени саясат» кафедрасының меңгерушісі, мәдениет қайраткері Артур Гукасянды *(Армения)* қазақ халқының төл мәдениеті мен ұлттық ойындары қатты қызықтыратын болып шықты. Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университетінің психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, Германиядағы МАГО білім беруді ізгілендіру халықаралық академиясының толық мүшесі Ирина Малахова *(Беларусь)* бүгінгі әлем өркениетіндегі ынтымақтастық мәселесін тілге тиек етсе, драматург, театр сыншысы, «Thaetr – Dialogue» фестивалінің арт-директоры, «Nova Scena» кластерінің негізін қалаушы және директоры Томаш Киренчук *(Польша)* өнер саласындағы жетістіктерді өркендетудің әлемдік үлгісімен таныстырды.

Сондай-ақ қатысушылар арасында еліміздің қоғамдық және ғылыми-зерттеу ұйымдарының, шығармашылық және ғылыми интеллигенцияның өкілдері, Президент әкімшілігінің, министрліктердің, «Рухани жаңғыру» орталық және аймақтық жобалау кеңселерінің жауапты қызметкерлері қазақ халқы мәдениетінің түрлі аспектілерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді деген тоқтамға келді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Шаһар тынысы

АЛЫП ШАҺАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына сай Алматы қаласында ұлан-ғайыр жұмыс жүргізіліп келеді. 2017-2018 жылдарға арналған тұрғын үй және азаматтық нысандарды түрлендіру жобаларын жүзеге асыру жұмыстары биыл да жалғасты. Барлық жоба қала сәулетіне сәйкес, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге ыңғайлы жасалып, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Осы орайда Алатау етегіндегі алып шаһарда іске асқан игілікті шараларды Алматы қалалық жоспарлау және урбанизация басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджановтан сұрап білдік.

Қала аумағы үлкен. Сондықтан көшелерді көріктендіру мен жөндеу жұмыстарын орталықтан бастадық. Себебі мұнда халық жиі шоғырланған және олардың тұрмыс-тіршілігіне жан-жақты көңіл бөлуді ұйғардық. Айталық, осыған дейін жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар мен халық жиі шоғырланатын аумақтарды қайта құру үшін қаланың тарихи орталығы – Панфилов, Жібек жолы, Гоголь, Қабанбай батыр, Төлебаев, Байсейітов көшелері мен Астана алаңын түрлендіруге ерекше көңіл бөлінді.

Былтыр жаяу жүргіншілер аймағын құруды жалғастыру бойынша Абай даңғылын Достық даңғылынан бастап Есентай өзеніне дейін ұзындығы 3,1 шақырым аймақ көріктендірілді. Көшенің осы бөлігінде 26 үйдің қасбеті боялды. 111 нысанның кіреберіс алаңдары қайтадан жаңартылды. Төселген тас төсемдері түгел отандық өнім. 300-ден астам энергия үнемдейтін жарық шамдары, орындықтар мен қоқыс жәшіктері, спорт алаңдары жабдықталды. Жаңадан 4 субұрқақ салынып, 1 субұрқақ қайтадан қалпына келтірілді.

Абылай хан даңғылы Абай даңғылынан бастап Алматы – 2 теміржол бекетіне дейінгі 3,5 шақырым аумақ жөнделді. Тас төсем – жергілікті өнім. 300-ден астам энергия үнемдейтін жарық шамы, орындықтар мен қоқыс жәшіктері қойылды. 5 жаңа су бұрқақ салынды.

Бұрынғыға қарағанда көптеген түйінді мәселелер оңтайлы шешілгенін атап өткеніміз жөн. Биыл 3 көшені абаттандыру жоспарланып отыр. Мәселен, Достық даңғылында Құрманғазы көшесінен Қазыбек би көшесіне дейінгі Б бөлігі, Байсейітова көшесі – Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін, Жібек жолы көшесі – Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін жаңғыртылады. Достық даңғылы бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілген аумаққа 256 орындық, 256 қоқыс жәшігі, 495 аспалы шам, 137 көше шамын орнату жоспарланған. Осы жерде алматылықтар «Қайта құру және жаңғырту жұмыстары неге қаланың орталығында ғана жүзеге асып жатыр?» деген сұрақты жиі қояды екен. Осыған байланысты бізге жауап берген басқарма басшысы Алмасхан Ахмеджанов: «Біздер әуелі қаланың орталығын реттеп жатырмыз, одан кейін шеткі аймақтарға ауысамыз. Одан әрі қаланың шетіне де жетеміз. Қалай десек те, Алатау етегіндегі алып қаланы жылдан-жылға көркейтіп, жергілікті тұрғындар мен қонақтар үшін тартымды ету – басты жоспарымыз. Осыған байланысты жұртшылық бізді дұрыс түсініп, қайта жұмысымызға қолдау білдірсе, нұр үстіне нұр болар еді. Ең бастысы – қала тазалығы. Сондықтан кез келген азамат туған қаласын таза ұстауға атсалысқаны жөн», – деді.

Бас жоспардың негізгі міндеттерінің бірі – адамдарға қолайлы болу үшін ыңғайлы аймақтарды бірінші кезекте жөндеу. Бас жоспардың жобасында адамдар үшін жайлы кеңістікті қалыптастырудың жалпы қағидаттары бекітілген. Барлық жұмыс соған сай қолға алынуда.

Достық даңғылындағы Жамбыл алаңында және Алматы мемлекеттік университетінің ғимараты алдында 4х9 м мөлшерінде төртбұрышты 2 субұрқақ орнатылады. Олар жазық гранит тақталарымен жабылған. Сонымен бірге Жамбыл алаңында қолданыстағы субұрқақты қайта қалпына келтіру көзделген.

«Алматы – агломерациялық орталық ретінде белсенді қалыптасып келе жатқан елдің ең ірі мегаполисі. Алматы қаласы ұлттық және әлемдік нарықтармен байланысты қамтамасыз ететін адами, қаржылық ресурстардың, білім беру және ғылыми әлеуеттің, дамыған инфрақұрылымның жоғары шоғырлануымен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта Алматы қаласының қала маңындағы аймағын дамыту Алматы қаласының қала маңындағы аймағы аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың қабылданған кешенді схемасы шеңберінде жүзеге асырылады».

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасынан)

Жоба бойынша Достық даңғылының Жамбыл және Шевченко көшелерімен қиылысында балаларға лайықталған екі ойын алаңын салу қарастырылған. Айтпақшы, Достық даңғылын қалпына келтіру *(Құрманғазы көшесінен Қазыбек би көшесіне дейін)* даниялық сәулетші Ян Гейлдің «Адамдарға арналған қала» тұжырымдамасын іске асыру аясында жүргізілуде. Алматыда тарихи орталықтың сәулеттік көрінісін жаңғырту және жетілдіру бойынша жұмыстар қатарынан үшінші жыл іске асуда.

Ендігі кезекте Жібек жолы көшесі бойынша жаяу жүргіншілер аймағының *(Панфилов көшесі сияқты)* жалғасы болып саналатын бульварды қалыптастыру жоспарланған. Осылайша қала орталығы баршаны қызықтыра түсуде. Орталық көшелерді қайта құруда ескерілген шешімдер өте сәтті жүзеге асуда. Бәрі де бірыңғай жобаланған, көше бөліктерінің сәулеттік шешімі бірыңғай үлгіде жоспарланған.

Тұрғын үй құрылысы – қала экономикасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Бірақ сол баспаналардың сырт келбеті ғана емес, ауласының көрікті болуына да баса назар аударылуда. Сондықтан жасыл желек отырғызу, гүлзарлар жасау, балалар үшін ойын алаңдарын салу жалғаса береді.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

BIRLIK

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ЕЛ МЕН ЕЛ ҚОСЫЛСА, ҚҰТ КІРЕДІ

Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан Республикасы мен Алматы облысы арасындағы ынтымақтастық, әріптестік, достық қарым-қатынас бірнеше жылдан бері жарасымды жолға қойылды. Алдымен Жетісу жеріне Татарстан Республикасының президенті бастаған арнайы топ келіп, өңірдің экономикалық, әлеуеттік жағдайымен танысты. Сосын Алматы облысының әкімі Амандық Баталов бастаған делегация Татарстанда болып, олардың әлеуеті мен өндірістік қуатын көріп, сауда-саттық, мәдениет, өнер, тағы да басқа салалар бойынша меморандумға қол қойылды. Содан бері екі елдің арасындағы барыс-келіс жиілеп, ортақ дамуға даңғыл жол ашылды. Жуырда Талдықорған қаласындағы «Достық» үйінде екі елдің өкілдері «Жетісу жеріндегі адамдар мен өзендер». Қазақстан халқының дамуындағы қазақ-татар байланысының мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция да бас қосты.



Іс-шараға Қазақстан Халқы ассамблеясы облыстық хатшылығының өкілдері, тарих ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері Марат Әбсеметов, қоғам қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезов, профессор, педагогика ғылымдарының докторы, академик, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық татар және башқұрт мәдениеті қоғамының төрағасы Гриф Хайруллин, тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, «Ғылым ордасы» ғылыми кадрлар даярлау орталығының жетекшісі Алтын Уалтаева, «Туған тель» татар этномәдени орталығының төрағасы Руслан Валишанов, ҚХА жанындағы ғылыми-сараптамалық топ, этномәдени орталықтардың төрағалары мен белсенділері, «Жаңғыру жолы» аймақтық штабының өкілдері қатысты .

Тарихты сабақтайтын болсақ, қазақ-татар қарым-қатынасы сонау ертеден қалыптасқаны белгілі. Содан бері бауырлас екі ұлттың өкілдері бірін-бірі демеп, мәдениетін жебеп, өнерін өлтірмей болашағын жалғап келеді. Татар халқы – жалпы түркі тілдес ұлт. Негізінен, Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан Республикасында қоныстанған. Одан бөлек, әлемнің басқа елдерінде де татарлар тұрады. Соның ішінде еліміздегі татарлар біраз санды құрайды. Ал Жетісу өңірінің өркендеуіне өткені мен бүгінгі өркениетіне татар ұлтының қосқан үлесі қомақты. Сондықтан облыстық ассамблея жанынан «Туған тіл» атты татар этномәдени орталығы ашылып, ертеден жалғанған береке-бірлікті бүгінгі ұрпақ үлгі етіп келеді. Конференцияда осындай құндылықтар сөз болды.

Жиында мәдениеттанушы, академик Мұрат Мұхтарұлы: «Татарлар түрлі тарихи кезеңдерде ұлы далаға келді. Бірақ жаппай қоныс аударудың бірі – XIX-XX ғасырда болды. Татарлар қоныстанған барлық жерде мешіттер салынып, медресе мен бастауыш мектептер құрылып, сол жерде жергілікті тұрған барлық балалар оқып, сауда дамыды. Бір дін, туған тілдердің ұқсастығы қазақтар мен татарларды бір-бірін мәдени және рухани өзара байытатын ең жақын тату көрші халықтарға айналдырды. Қапал ауылы –еліміз татарлары тарихындағы қасиетті орындардың бірі болып табылады», – деді.

Расында, өткен ғасырдағы қазақ тарихын парақтап отырсаңыз, қазақ-татар зиялылары мен меценаттары ұлттық құндылықты дәріптеп, халықтың санасын оятты. Ел болып ұйысып, жердің берекесін арттыруға білек сыбана атсалысты. Жетісу жерінде алғаш бой көтерген Мамания мектебінің ұстаздар қауымы негізінен Уфа, қазақ, Орынбор, Мәскеуден шақыртылған татар ұлтының өкілдері болғаны жасырын емес. Сондай тәлімді ұстаздардан үлгі алған Мұхаметжан Тынышбаев, Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров сияқты ұлт зиялылары қазақ ұлтының ұлттық болмысын өзгертіп, өмірге еркін бойлауына мүмкіндік ашқан тұлға. Бұдан бөлек, еңбегін әлі күнге елі танып-білмеген қаншама ұлының бар екенін дәл қазір санап бере алмаймыз. Десе де, біздің тарихымыздағы татар ұлтының орны ерекше.

Сондай-ақ еліміздегі Жетісу өңірі, Семей, Петропавл, Ақмола облыстары мен Алматы қаласында татар ұлтының қолтаңбасы сайрап жатыр. Оны дәлелдейтін құжаттар да мұрағаттарда жетерлік.

Осы тұста тағы бір ескеретін жайт, татар ұлтының өкілдеріне деген қазақ халқының қамқорлығы. Айтар болсақ, Ресей империясы мен Кеңес одағының зұлым саясатынан зардап шеккен татарлар дүниенің төрт бұрышынан қоныс таппай, қазақ жерін сағалап аман қалғанын, ұрпақ өсіріп, болашағын қорғап қалғанын осы ұлттың бүгінгі ұрпақтары да ұмытпапты.

Конференцияда сөз алған профессор, педагогика ғылымдарының докторы, академик, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық татар және башқұрт мәдениеті қоғамының төрағасы Гриф Хайруллин осы туралы айтып берді. Ол: «Әлемде, Қазақстанда болсын әр халықтың өзіне тән, сан дәуірдің сынағынан өткен әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Сол күндылықтар арқылы әр ұлт немесе ұлыс өзінің ұлттық бейнесін қалыптастырғаны белгілі. Тарихқа үңілетін болсақ, татар ұлы мәдениет әлеміне зор жаңалықтар қосқан, сол арқылы өркениет көшіне өз әсерін тигізген халық. Бірақ біздің ұлттың бастан өткерген қиыншылығы да жетерлік. Оның біразын басында айттым. Бірақ қазақ даласы, қазақ халқы сол қиындықтардың бәрін жеңіп, ұлттық құндылығымызды ұқыптап ұстауға, ұрпаққа үлгі етуге көп көмек көрсеткенін үлкендер үнемі айтып, ескертіп отырғанымыз жөн», – деді.

Өңірде ынтымағы жарасқан 105 этнос өкілдерінің өз мәдениетін бәріне ұлтаралық тұрақтылықтың арқасында қол жеткізіп отырмыз. Қаншама мектеп, аурухана, жолдар салынды, әлі де салынады. Дәл осындай тиімді саясатты бұдан әрі де жалғастыра берсек, өңірлер осы қарқынмен дами бермек. Жерімізде тұрып жатқан барлық халықтардың тілдері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау керек және осы игі дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға тиіспіз. Біз – еуропалықтар емеспіз, еуразиялықтармыз. Біздің өз бет-бейнеміз бар, өзіміздің біліміз, тарихи негізіміз бар және біз осымен мақтанамыз».

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» демекші, өткен жылы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еліміздегі киелі жерлердің тізімі жасалған еді. Сол қатарда Қапалдағы Тамшыбұлақ емдік бастауы республикалық киелі жерлердің қатарына енгізілді. Мұны айтудағы себебіміз, Қапал өңірі татар ұлты өкілдерінің тарихымен тікелей байланысты. Кезінде Ресейден келген татарлар осы өңірге қоныстанып, қазақ ұлтының қамқорлығымен біте қайнасып, бөлінбес тұлғаға айналған еді. Солардың ішінде қазақ халқының мәдениеті мен өнерін өркендетуге үлес қосқан белгілі тұлғаларда бар. Осы ретте қазақтың үш алыбы Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезовке жар болған Фатима Ғабитованы ерекше атап кетуге болады.

Конференция барысында сол жылдардың естелігі ретінде Қапал ауылының тумасы Фатима Ғабитованың тағдыры туралы «Фатима» фильмі көрсетілді.

Шараны қорытындылаған «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәнірберген Қасымберкебаев сөзін: «Ел мен жердің тыныштығы, халықтың әл-ауқатының артуы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық келісім мен бейбітшілікке, ұлтаралық татулық пен дінаралық сыйласымға тікелей тәуелді. Келісім, бейбітшілік, татулық, сыйластық орныққан жерде даму да, алға жылжу да, халық санының өсуі де орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің өркендеп, ел мен жердің жақсылыққа кенелуіне ынтымақ пен тұрақтылық тікелей әсер етеді. Бүгінгі конференция сондай игілікке жол ашты», – деп түйіндеді.





Алқалы жиыннан кейін шетелдік қонақтар Тамшыбұлақ бастауына барып, тәу етіп, ақын Сара атындағы музейді тамашалап, перзенттік борышын өтеді. Оларды аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбаев қарсы алып, киелі жерлерді аралатып, достық, ынтымақтастық салтанат құрған өңірдің ертеңгі болашағы жайлы атқарылып жатқан жоспарлармен ой бөлісті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші



АҚПАРАТ АЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ

Цифрландыру

Ақпараттық инновациялық технологиялардың дамуы күнделікті өмірге көптеген жеңілдіктер әкелді. Соның бірі – Telegram желісіндегі BOT-тар. Бұл технологияның ерекшелігі – бір уақытта мыңдаған адамға желіде жауап беріп, хат алмасуға болады. Мыңдаған адамның сауалына бір немесе он адамның дер кезінде жауап беруге шамасы келмейді. Сол себепті, бұл істі Bot атқарады. Мысалы, қазіргі уақытта Ұлттық бірыңғай тестілеу науқаны өтіп жатыр. Түлектер ҰБТ нәтижелерін Telegram-бот (EDU.GOV.KZ bot) – edu.mail.kz және Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан -testcenter.kz арқылы біле алады.



Жалпы Үкімет тарапынан қағазбастылықты түпкілікті жоюға, қызмет түрлерін жеңілдетуге бағытталған шаралар айтарлықтай деңгейде қолға алынған. Солардың бірі ретінде ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның «Ақпараттандырудың инновациялық әдістері халықпен жұмыс технологиясы ретінде» мемлекеттік грант аясында заманауи ақпараттандырудың инновациялық әдістерін меңгеру және пайдалы тұстарын игеруге бағытталған онлайн курстар өткізеді.

Жобаның мақсаты – республикалық және өңірлік БАҚ-тарда жариялауды қамтамасыз ете отырып, бейнероликтер қатарын, танымал интернет-ресурстардағы мақалалар сериясын, баспа материалдарын және басқаларды да қоса алғанда, түрлі инновациялық әдісті пайдалана отырып, ақпараттық материалдарды әзірлеу және жылжыту арқылы халықтың хабардар болуын арттыру.

Жоба аясында «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының қауымдастығы» елімізге танымал блогер, контент-менеджер және SEO мамандарымен бірлесіп, SMM және контент маркетинг; SMM және блог жазу негіздері; графикалық дизайн; презентация жасау негіздері сынды тақырыптарда курс жүргізеді. Онлайн курс аясында тыңдаушылар бекітілген төрт тақырып бойынша посттар, инфографика, видеолар, презентациялар әзірлеп, әлеуметтік желілердегі аккануттарына жүктеу арқылы ақпараттық және PR науқан өткізіледі.

Науқан барысында қоғамдық кеңестер, еріктілер, қайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйақылар жөнінде инновациялық әдіс арқылы ақпараттандырылады. Курсқа еліміздің барлық өңірінен қатысуға мүмкіндік бар және жазылу тегін, алайда орын саны шектеулі. Толық ақпаратты мына жерден алуға болады: +7 701 120 9069 (WhatsApp); +7 707 550 0470 islam.bayern@gmail.com

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

6 jq BIRLIK
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Қазақ жері қашаннан береке мен бірліктің мекені. Осы игілікті сақтау, одан ары дамыту, достық пен бірлікті бекемдеу, дінаралық келісімді сақтау Қазақстан Халқы ассамблеясының күн тәртібінен түскен емес. Ең бастысы, ассамблея қызметінің нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, әрбір азаматтың конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым бұл мақсаттарды жоғары деңгейде орындап келеді.

ЖАСТАРҒА АРТЫЛАР СЕНІМ МОЛ



Бүгінде облыстық ассамблея белсенділерінің қатары 60 мың адамға жуықтап қалыпты. Ол 71 этномәдени бірлестіктің, 422 қоғамдық келісім кеңестің, 266 Аналар кеңесін және басқа да маңызды құрылымдардың басын біріктіріп отыр. Барлық деңгейдегі қоғамдық келісім кеңестері тек өткен жылдың өзінде жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешу үшін 1800-ден астам шара өткізілген. Оған қоса, өңірде 68 медиация орталығы белсенді жұмыс істеп тұр. Бұның өзі этнос арасындағы татулықты сақтауға үлкен ықпал етті.

Еліміздегі тұрақтылық пен халық бірлігі, бейбіт өмір мемлекет дамуының негізі болып отыр. Қазіргі таңда қазақстандық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің моделі қалыптасып, әлемге танылды. Осы ретте, мұндай игілікке жол ашқан ассамблея тарапынан қолға алынған «Қайырымдылық керуені» акциясын айтуға болады. Бұл тұрғыда облыстық ассамблеяның бас маманы Сәуле Сұрабалдинова: «Биыл өңірімізде қайырымдылық шаралары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сонымен қатар көпбалалы аз қамтылған отбасыларды қолдаудың әлеуметтік картасы дайындалды. Бұл барыста облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен этникааралық келісімді, қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы этномәдени бірлестіктердің қосқан үлестері өте көп. Сонымен бірге «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы аясында облыстық ассамблея Жастар қанатының «Жаңғыру жолы» Жол картасы жүзеге асырылуда», – дейді.

Ел бірлігі, халық тұтастығы, рухани жаңғыру мен эволюциялық даму – қоғамдық тұрақтылық, бірлік пен ынтымақ жағдайында ғана қол жеткізе алатын құндылықтар, саяси және экономикалық реформалардың, ұлттық жаңғыру үрдістерінің негізі. Қазақстан Халқы ассамблеясының жанынан құрылған «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы осы мақсатта ерекше жұмыс істеп келеді.

Жоғарыда аталған орталықтың жетекшісі Руфина Усановадан білгеніміздей, «Туған жер», «100 жаңа есім» және «Қазақстанның киелі географиясы» сынды бағдарламаларға жастар белсене қатысып, экспедиция ұйымдастырылып, өз үлесін қосуда. Өткен жылы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының бірлесе ұйымдастыруымен «Жұлдызы жарқыраған Жетісу» атты шарада «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы барынша белсенділік танытты. Бұдан өзге «Мен қазақша сөйлеймін» және «Мектепке жол!», «Қазақ халқына мың алғыс» акциясына белсене қатысса, «Бірлік» халықаралық лагерінде бірегейлігін көрсетті. «Өзіңді таныт» облыстық байқауы, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында Startup Aradem y ZHGU жобасы аясында «Мой StartUp 2018» атты жастар мен жас кәсіпкерлердің инновациялық жобаларды қалай жүзеге асыруға арналған кеңес өтіп, жастардың өз ісін жетілдіру жайлы бағыт-бағдар көрсетті. Қысқасы, әр этнос жастарының басын біріктірген «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы өңірдегі барлық іс-шараға белсене атсалысып, өздерінің белсенділігін танытып келеді.

Қазіргі таңда бүкіл әлемді шарпыған ғаламдық дағдарыс елімізге де өз салқынын тигізіп отыр. Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайды деген қағиданы тарих әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан Қазақстан халқының бірлігін бұдан әрі жетілдіру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналды. Қазақстанның экономикалық дамуы, этносаралық қатынастардың әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы, ең алдымен, жастардың еншісінде екендігі анық. Осы тақырыпта ой бөліскен І.Жансүгіров атындағы ЖМУ ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, заң ғылымдарының магистрі, облыстық ҚХА мүшесі Дамир Дигай: «Елбасы биылғы жылды – Жастар жылы деп жариялауы тегіннен-тегін емес. Бұл бізге берілген үлкен мүмкіндік. Біз тәуелсіз елдің ұрпағы Елбасының салиқалы саясатын жүзеге асыру арқылы жастардың қолынан не келетінін дүниежүзіне танытуымыз керек. Олардың қолынан қандай іс келетінін сөзбен емес, іспен дәлелдеуіміз қажет. Елбасы бүгінгі жастарға қарата айтқан сөзінде де еліміздің көрікті жерлерінің бәрін аралағанын, әсіресе Елбасы жастарды сапалы білім алып, ғылымды дамытуға, өркениет көшінен қалмай уақыт талабына сай адымдауға шақырды. Жас ғалымдарды қолдау мақсатында бөлінетін грант көлемін екі есе арттыруды тапсырды. Бұл бізге үлкен серпін беріп қалмастан әр ұлт жастарының қоян-қолтық бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді», – дейді.

Оның ойын құптаған жас ана, хоккейден спорт шебері, жаттықтырушы Зарина Ілиясова, №5514 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, майор Берік Жанулиндер жастарға патриоттық тәрбие берудің тетіктерін тауып, сол бойынша өмір сүру салтын қалыптастыру керектігін алға тартты.

Қашанда жастардың білімін жетілдіру, біліктілігін арттыру, сенімін шыңдау. Ең бастысы, жастардың қоғамға қосатын үлесінің салмағын арттыру маңыздылығын жоғалтпайды. Сондықтан барынша құлшына еңбек етіп, елдің жүгін ерінбей көтеріп, ертеңгі болашақты кемел ететін жастарды тәрбиелеген жөн.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Татулық

Алматы облысының Іле ауданы өзіне тән табиғатымен, құнарлы жерімен, тарихымен, көп ұлттылығымен ерекшеленеді. Жыл басындағы ресми есеп бойынша, аумақта 212 мыңнан астам адам тіркелген. Ал шеткі аймақтарда 164 саяжай барын ескерсек, сонда тұратын, әлі тіркелмеген азаматтарды есепке алсақ, халық саны одан да көп шығары анық. Тұрғындардың 70 пайызын қазақ ұлты құраса, 30 пайызы өзге ұлт өкілдері. Олардың басым бөлігі – орыс, түрік, күрд, әзірбайжан, корей, неміс, ұйғыр халқы. Мұны айтып отырған себебіміз, осындағы ұлт пен ұлыстардың ауызбіршілігі мен ынтымағы ерекше. Бұл төңіректе өзгелерге өнеге боларлық көп әңгіме айтуға болады.

ҰЛЫЛЫҚ ҰЯЛАҒАН МЕКЕН



«Ауыл болсаң – қауым бол» деген мақалдың мәнін де, мағынасын да терең сезінетін тұрғындар бірліктің арқасында тірліктерін түзеп жатыр. Осы жайлы сөз қозғаған Іле ауданы әкімінің орынбасары Алмасбек Сәттібаев: «10 округ, 31 елді мекенде тұратын ел-жұрттың ешқайсысы тұрмысына, ұлттық алалау, әлеуметтік кемсітушілікке қатысты шағымданып көрген емес. Осында тұратын өзге ұлт өкілдері қазақ халқымен ынтымағы жарасып, ағайындай араласып кеткен жайы бар. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің бағдарламасы, Конституцияны, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңды, басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, жоспар бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Тіпті азаматтардың діни наным-сенімдеріне де сергек қарап, діни парызын емін-еркін атқаруына жағдай жасалған. Мешіттер де, шіркеулер де, олардың жанындағы білім орталықтары да жұмыс істеп тұр. Ұлтаралық немесе дінаралық араздық туындап қалмас үшін олар өзара тығыз бірлесе жұмыс істейді», – деді.

Аудандағы Сахид Чатуев жетекшілік ететін күрд этномәдени орталығы, Лилия Гасанова жетекшілік ететін славян этномәдени бірлестігі, Т.Шевченко атындағы «Просвита Жетысу» украин этномәдени бірлестігі, Мехриса Бакиева жетекшілік ететін еліміздегі ұйғырлардың этномәдени бірлестігінің қызметі, олардың ел игілігі жолында жасап жатқан жұмыстарының жемісін мақтанышпен айтуға болады. Әкімдік жанындағы Қоғамдық кеңес, Ақсақалдар мен Аналар кеңесінің мүшелері де түрлі ұлт өкілінен құралған. Бәрінің мақсаты – ұлтаралық, дінаралық бірлікті сақтай отырып, саналы ұрпақ тәрбиелеу, еліміздің болашағы үшін жемісті жұмыс істеу. Ал әзірбайжан мен түрік ұлтының этномәдени бірлестіктері тіркеуден енді өтеді. Аудан көлемінде ұйымдастырылатын барлық іс-шаралар бірлестіктердің қатысуынсыз өткен емес. Айталық, Жаңа жыл, Наурыз, Масленица секілді мерекелер өнерпаздардың қатысуымен кең ауқымда атап өтіледі. Тіпті жекелеген өнерпаздар аудан атын дүрілдетіп тұр. Айталық славян орталығының «Гжель» ансамблі республикалық, халықаралық байқауларда бақ сынап келеді. Украин мәдени орталығының «Просвита Жетысу» хоры көптеген байқауларға қатысқан. Роза Оспанова басқаратын славян мәдени орталығының «Гнездышка» ансамблі Қазақстан Халқы ассамблеясы ұйымдастырған республикалық



байқаулардың лауреаты. Анастасия Мельник басшылық ететін «Элегия» ансамблі «Жетісу жұлдыздары», «Қазақстан біздің ортақ үйіміз» достық фестивалінің жүлдегері. Бәрі де кез келген мәдени шаралардың басы-қасында жүреді.

Іле ауданының атын шығарып, еліміздің көк туын әлемге танытқан талантты спортшылар да көп. Мысалы, әзірбайжан жігіті Әли Ахмедов бокстан еліміздің чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы, WBC белбеуінің иегері. Күрд жігіті Әли Балоев бокстан еліміздің чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы, NABF белбеуінің иегері. Ұлты орыс Максим Фуртаев қазақ күресінен ел чемпионы, «Қазақстан Барысы» турниріне қатысушы, спорт шебері. Түрік жігіті Артур Абдуллаев Тайландта Муайтайдан өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, ел чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы. Ілелік азаматтар қай салада, қандай жұмыс істесе де, достықты қатты қадірлейтіндердің қатарында. Бәрі де туған жерінің тарихын қалыптастырып, болашақ ұрпақтың қамын ойлаудан шаршаған емес.

Әңгіме арасында Алмасбек Қожабекұлы: «Аумақта негізінен мұсылман ұлты тұратындықтан, олардың отбасында бала-шаға көп болатыны белгілі. Қазір төрттен көп баласы бар ата-аналардың толық тізімі жасалып, мемлекет тарапынан көрсетілетін тиісті көмектен сырт қалмау үшін жағдай жасалып жатқан жайы бар. Бұл жерде ілгеріде гідей 10-15 баласы бар аналар жоқтың қасы. Дегенмен 8-10 балаға дейін ұл-қыз асырып отырған ата-ана баршылық. Олардың әрқайсысы құзырлы мекемелер тарапынан тізімге алынып, тиісті көмек беріліп тұрады», – дейді.

Іле ауданындағы Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелері де қол қусырып қарап отырған жоқ. Мемлекет саясатын ілгерілетуге, ұлтаралық достықты насихаттауға, этносаралық келісімді нығайтуға барынша атсалысып келеді. Аудандық «Іле таңы» газетінде, әлеуметтік желілерде ассамблея мүшелерінің, этномәдени бірлестік өкілдерінің ұлтаралық келісімді нығайту мәселелеріне арналған мақалалары жарияланып, қайшылықпен келіспеушілікті түпкілікті болдырмаудың жолдары ұдайы қарастырылады. Мысалы, аудандық мәслихат депутаты, күрд мәдени орталығының төрағасы Сахид Чатуев аудандық қоғамдық келісім кеңесін басқара отырып, түйінді мәселелерді шешуге кент және ауылдық округтерден жастарды, Аналар кеңесінен өзге ұлт өкілдерін белсенді тартып отырады. Әр айда «Қайырымдылық керуен» атты іс-шараны ұдайы ұйымдастыруда да ұлт пен ұлыстардың қызметі кісі қызығарлық. Белсенділіктің арқасында өз ортасында танымал тұлғаға айнала бастағандар да баршылық. Солардың бірі де бірегейі – Қазақстан Халқы ассамблеясының 25-сессиясына делегат болған №18 орта мектептің мұғалімі В.Талюс. Ол биік мінберден өнегелі сөз сөйлеп, ассамблея Төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаевтың қолынан бағалы сыйлық алды.

Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іле ауданының 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес мемлекеттік тілін үйрену үшін барлық адамдарға қолдау көрсетіледі. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін «Тіл» оқыту әдістемелік орталығында білім деңгейі бойынша тегін курс ұйымдастырылған. Сонымен бірге 2020 жылға дейін этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтыған этностардың үлесін 70 пайызға көтеру көзделіп отыр. Биыл бірінші жарты жылдықта мемлекеттік тілді оқыту курсына 70 тыңдаушы қабылданып, оның ішінде 9 этнос өкіліне В1 деңгейі бойынша тілді толық меңгергені туралы куәлік табысталды. Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру орындарында мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру мақсатында «Қазақшаң қалай, балақай?» атты дәстүрлі байқау жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Бұл жерде аудан бойынша 48 орта білім беретін мектеп пен 9 мемлекеттік балабақша жұмыс істейтінін ескерсек, мемлекеттік тілді үйренуге барлық мүмкіндік жасалған. Оларда 16 ұлт өкілі білім алып, тәрбиеленуде. Жалпы, мектептерде үш тілдік білім беру жүйесі қолға алынған. Соның ішінде қазақ тілін жетік оқытуға барынша назар аударылып келеді.

Ең бастысы, халықтың бірлігі мен ынтымағы жарасқан жерде кез келген шаруа дөңгелеп кететіндігін уақыт көрсетіп отыр. Осындайда Абайға жүгінетін, әдебиеттен ауылы алыстап кетпеген аудан әкімінің орынбасары Алмасбек Сәттібаев айтқан мына бір мысал ойға оралады: «Ертеде бір ақылды кария болыпты. Бір күні ақылды қарияға бір жігіт келіп:

– Ақсақал, мен қандай жігітпін? Сынаңызшы, – депті. Қарт жігітке:

– Жолдасыңды көрсет, сонан соң айтамын, – депті. Жігіт жолдасын қартқа жіберіпті. Қарт жігіттің жолдасымен ұзақ сөйлесіп, ақырында, жігіттің өзін шақырыпты. Жігіт келген соң, қарт:

– Шырағым, жаман жігіт емессің, – депті.

– Қалайша олай дейсіз? Мені бұрын көрген жоқсыз ғой? – депті жігіт. Қарт күліп: «Жігітті жолдасына қарап бағала» дейді халық», – деген екен.

Ұлттар достығы Қазақстанды әлемге жаңа қырынан танытты. Тәуелсіздігімізді тереңдете отырып, көпұлтты мемлекетімізде береке мен бірлікті сақтаудың даңғыл жолын таптық. Соның бір жарқын көрінісі – Іле ауданында қалыптасқан тамаша тіршілік. Мұнда барлық ұлт өкілдері болашаққа нық сеніммен қарайды.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ,
Алматы облысы

4 jq NARYQ
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Отандық өндіріс

ҚАРАСОРАНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТСАҚ... ҚАҒАЗ ӨЗІМІЗДЕ ШЫҒАР ЕДІ

Бұдан былай отандық ақ қағазды пайдаланасыз. Сөзіміз дәйексіз болмас үшін айта кетейік. Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Қанат Байытов Елордада өткен «Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі мен қаптама индустриясын дамыту» форумында елімізде қарасора шаруашылығын және одан қағаз шығару ісін 2016 жылдан бері жүргізіп келе жатқанын хабарлады.

Кәдімгі қарасора. Орыстар «конопля», ағылшындар «каннабис» атап кеткен қарасора десе, бірден есірік күйге түсіретін есірткі есімізге түседі. Екі ұдай ойда қалдық. Сонымен, күнгейде қарасорадан қандай қағаз өндірілмек? Зерттеп көрдік.

Шу алқабындағы жабайы қарасорадан дәрі жасап, қатерлі ісік ауруларын, семіздік пен қан қысымын емдеуге болатынын жиі айтып жүр. Тіпті 2004 жылдары Қазақстан-



Германия біріккен кәсіпорны құрылып, Шу алқабындағы қарасорадан мата, автомобиль өндірісіне қажетті материал шығаруды қолға алған. Бірақ басталған іс соңына жетпей тұралапты. Парламентте де бұл мәселе дүркін-дүркін көтеріліп жүр. Вице-премьер болып тұрған кезінде Дариға Назарбаева Астанада өткен кезекті үкімет отырысында қарасораны өнеркәсіпте өңдеу ісін дамытуды ұсынған еді.

Премьер-Министр сайты келтірген Д.Назарбаеваның сөзінде «Қазақстан өзі қағаз шығармайды. Бізде барлығы импортталады. Бұл өнімнің өзіндік құнына әсер етеді. Қазақстандық қағаз өндіруді қолға алу, әсіресе басылымдар үшін өте өзекті» делінген.

Сенат спикері ол кезде қарасораны өңдеуді бірінші рет көтерген жоқ. 2014 жылы қаңтарда Мәжіліс депутаты болып тұрғанында Шу алқабындағы жабайы қарасора плантацияларын дәрі-дәрмек жасау үшін ірі фармацевтикалық компанияларға беру туралы ұсыныс айтқан-ды. Ол кезде Д.Назарбаева қарасораны өңдейтін зауыттар дәрі-дәрмек шығарып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашып, бюджетке салық төлейтінін айтқан.

Сол үндеуден кейін тәуелсіз еліміздің тарихында бірінші рет Алматы және Түркістан облыстарының ауыл шаруашылығының 40 гектар шұрайлы жеріне қарасора егілді. «Кім екті?» деген сұраққа келсек, «Kagaz Shahary SEZ» серіктестігінің директоры Максим Скрынник. Ол «Өндірістік тәжірибе негізінде Ақмола және Қарағанды облыстарында да қарасора егу жоспарымыз бар. Техникалық қарасораның құрамында ешқандай психотроптық зат жоқ. Біз оны ғылыми тұрғыдан дәлелдедік. Онымен ауыл шаруашылық өндірісін арзан әрі сапалы шикізатпен қамтамасыз етуге болады», – дейді.

Елімізде өндірістік қарасорадан қағаз шығару мәселесі көптен бері айтылып келеді. Әзірге жан-жақты зерттеліп, тәжірибе жүргізіліп жатыр. Қағаз жасауға шикізат пен целлюлоза жетпегеннен кейін оны кәсіпкерлер сырттан тасуға мәжбүр.

Мамандардың сөзінен ұққанымыз, қарасораны кәдеге асыратын болсақ, ол барлық салаға керек өнім. Құрылыс дейсіз бе, ағаш және жеңіл тоқыма өнеркәсібінің де өркендеуіне қарасора жарап-ақ тұр. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында орын тепкен «Kagaz Shahary SEZ» серіктестігінің қарамағынан ашылған «Kaz Hemp» компаниясы директорының орынбасары Бауыржан Манатов жұмыстың қалай басталғанын еске алды.

Ол «Kaz Hemp» зауытын бастан-аяқ өзіміз құрастырдық. Идеяның шығу төркіні – А4 қағаз. Әлемде қағаз шығаратын төрт мемлекет бар. Ресей мен Финляндия – ағаштан, Қытай мен Тайланд – бамбуктен қағаз шығарады. Бұл елдер бірігіп, альянс құрып, басқа мемлекеттерге қымбат бағада сатып, ортадағы біз секілді дәнекер зауыттардың жұмысын тоқтатуды көздеді. Ақыры мақсатына жетті. Бізге баламалы шикізат қажет болды. Сосын өзіміз қамыстан, одан кейін сабанды зерттеп, қағаз шығардық», – дейді.

Максим, Бауыржан сияқты қарасораның кәнігі мамандары кәдімгі жоңышқаны қағаз шығару жігіттер айтуын айтып жатыр-ау, естір құлақ болса...

Максим Скрынник: «Біз қарасораның өзегін өңдеуде бірнеше қызықты бағыт барын анықтадық. Стандарттық бағыт – сіңіруші зат ретінде пайдалану. Дәлірек айтсақ, ауыл шаруашылығында пайдалануға болады. Әдетте оны фермаларда малға төсеніш ретінде пайдаланады. Екінші бағыт – мұнай өндірісі. Өзегін ұнтақтап, оны мұнайдың қоршаған ортаны ластауына қарсы қолдануға болады. Ал үшінші бағытты – біз Жапониядан көрдік. Ол – қарасораның өзегінен жақсы целлюлоза алып, қағаз-картон жасау», – дейді.

Егер ағаш 20-25 жылда өссе, қарасора 100 күнде өсіп шығады. Құрамында есірткісі жоқ қарасорадан өндіріске қажетті 25 мың түрлі зат алуға болады. Яғни қай жағынан да ұтылмайсыз. Дәрі-дәрмек шығаруға да пайдаланасыз. Мал бордақылауға да таптырмайтын жем. Тоқыма өндірісінен бөлек, тағам жасауға да қажетті қоспа алынады. А4 форматтағы қағаз өндірісі елімізде алтын мен мұнайдан да көп табыс әкеледі. Қазіргі уақытта елімізде қағаз өнімін жасауға шикізат тапшы. Егер қарасораны кәдеге жаратсақ, дүние жүзінде қағаз шығаратын бесінші мемлекет болып тіркелмекпіз. Одан бөлек, құрылыс материалдарының 100 пайыз барлық түрін шығаруға болады. Құрылыс материалы демекші, қарасорадан жасалған қож-блоктың (шлако-блок) суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтынын, не сынбайтынын өз көзімізбен көргенде, аузымызды ашып, көзімізді жұмғанымызды жасырмаймыз. Ал қаладағы қоңыр түсті қоқыс жәшіктері мен орындықтардың да дәл осы қарасорадан жасалғанын бұрын білмейтінбіз.

Қарасораның майын емдік мақсатта пайдалануға болады. Оның майынан жасалған тағамды ішкеннен кейін бірде-бір синтетикалық мақсаттағы дәрі-дәрмекті қолданудың қажеті болмайды. Адамның иммунитеті көтеріледі. Одан шығатын косметикалық өнім адам денесіндегі дерматологиялық ауруларын толық жазады әрі жасартады. Яғни жасару жасушаларын дамытады. Максим Скрынниктің командасының зерттеуі бойынша, бір әйел өз сұлулығына орта есеппен 40 мың теңге жұмсайды. Аптасына 40 мың теңгеден жұмсаса, ол өте көп қаржы. Бірақ одан нәтиже көріп жатқан адам аз. Ал қарасора теріні емдейді. Яғни 70 пайызға ақша үнемделеді әрі адам жасарады.



ШУДЫҢ ШӨБІ ШҮЙГІН

Шынтуайтында, ол есірткі емес. Қарасора өсімдігін Ресей, Өзбекстан елдері медициналық шикізат ретінде заңдастыруды қарастырып жатқанға ұқсайды. Қарасора 1961 жылдан бастап есірткі санатына жатқызылуына байланысты қолданыстан мүлде алынып тасталған. Бұл өсімдікті техникалық және медициналық тұрғыда пайдалану тәжірибесі баяғыдан бар. Техникалық қарасораны өсіру шаруашылығын қайта көтеру туралы мәселе Ресейде өте өзекті. Себебі онда қарасора өндіретін 3 бірдей зауыт бар. Бұдан бұрын Ресейде құрылған тәуелсіз комиссия бұл өсімдіктің адам ағзасына келтіретін зиянды әсерін жан-жақты тексере келе, оны медициналық мақсатта қолдануға болады деген үйғарымға келген.

Ал елімізде қарасораны кәдеге жарату ісі әлі күнге жолға қойылмай отыр. Мамандар



кәдесіне жаратпақ болған. Одан да түк шықпайды. Өзбекстан астанасы Тәшкенттен кендір әкеледі. Өкінішке қарай, кендірден де қағаз шықпайды. Сосын күндердің-күнінде «Доллар қарасорадан жасалады» деген сөзді құлағы шалады. Онда қағазды да қарасорадан жасауға болады – деп, оның жасалу технологиясын іздестіреді. Таба алмайды. Зертханаларда әртүрлі тәжірибе жүргізеді. Көптеген тәжірибе жұмыстарының нәтижесінде Жапонияның Орталық зертханасында тұңғыш рет қарасорадан қағаз өндіруге болатынын дәлелдейді. Тәжірибе неге Жапонияда жасалды? Өйткені жапондықтардың зертханасы дүниежүзі бойынша мойындалады. Әрі жапондықтар қазақстандық креативті кәсіпкерлерге зауыт салып беруге дайын. Бірақ ол үшін қаржы құятын инвестор керек.

ИНВЕСТОР БОЛСА, ИІГЕЛІ ТҰР

Осы жерде инвестор мәселесін сәл кідіртіп тұрайық. Сонымен, бұл қарасорадан ақшадан бастап дәретхана қағазына дейін шығаруға болады. Көк қағаз да осы өсімдіктен жасалады. Дүниежүзінде баламасы жоқ байлық. Бауыржан Манатов: «Теңгені де осы қарасорадан жасайық. Сонда құны доллармен теңеседі деген ұсыныс жасадық», – дейді. Ақша деген – тауар. Кез келген тауардың құны шикізатының шығыны мен сапасына қарай есептеледі. Қарасорадан жасалған қағаз мықты, құны жоғары, доллармен теңеседі. Кәсіпкер

Қарасораның қолданылатын аясы өте кең. Тек қолдау жетіспейді. Шымкентте қарасорадан қағаз өндіру үшін шикізат дайын, зауыт та бар, дайындалу технологиясы да әзір. Сөз соңында Бауыржан: «Бес жылдан бері кейбір жағдайларға байланысты келе жатқан инвесторымыздың жолын кесіп тастайды. Егер дәл осылай жалғаса берсе, біз шетелге кетеміз деп ойлаймын», – деді. Ойлантарлық мәселе. Барды бар деп бағаламасақ, болашағымызды қалай жасаймыз?!

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент

Күре жол

ЖОЛ БОЙЫНДА ҚЫЗУ ЕҢБЕК

Кейінгі жылдары Алматы облысы аумағында күре жолдарды жөндеу жоғары деңгейде қолға алынды. Айталық, Алматы-Талдықорған аралығындағы жол жұрттың жүгін жеңілдеткені белгілі. Бұрындары көлік 4-5 сағатта қиналып жүріп жететін аралық бүгінде 2-3 сағаттық жол боп қалды. Тақтайдай тегіс жол жүргізушіні де, жолаушыны да шаршатпайды. Тек Талдықорғаннан Өскемен қаласына жол жүрген жұрт қана жетер жеріне жеткенше уайымы басылмайтын. Енді оның бәрі де артта қалатын болды.



Биыл республикалық маңызы бар «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» автожолының 287-1073 шақырым аралығындағы жол жөндеу жұмысы ресми түрде басталды. Мұның 313,5 шақырымы Жетісу өңірінің еншісінде. Ол Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының шекарасын басып өтеді. Осы аралықтағы жолдың 31,5 шақырымы – төрт, 282 шақырымы екі жолақты болады. Сондай-ақ екінші деңгейдегі 2 жол айрығы, 21 көпір және 404 су құбыры салынады. «Каздорпроект» ЖШС жобалаған жол салу құрылысын жүзеге асыруды «CITIC Construction Co, LTD» ЖШС жауапкершілігіне алса, «ГК Инжиниринг» ЖШС техникалық қадағалауға жауап береді.

Аталған компания бүгінде жол салуға қауырт кірісіп кетті. Талдықорғаннан шыға берістен бастап жер қазып, шағыл тас тасып, құрылысқа қажетті басқа да материалдарды жеткізіп, сабылысып жүрген техниканы көзің шалады. Дала төсі қызу еңбекке толы. Бір жерде көпір салынып жатса, екіншісі, дөң қазып төмендетіп, тағы біреулері төгілген құм-тастарды тегістеп жүр. Таң атқаннан кеш түскенше тынымсыз жүргізілетін жұмыс қарқыны ерекше.

Бұл жолы Талдықорған қаласы мен Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров ауылына дейінгі жерді аралап шықтық. Жобалау құжаттарына сай Талдықорған – Өскемен күре жолының 316, 362, 473, 532, 584 шақырымына 5 құрылыс алаңы орналасқан. Ол аумақтарда қазқатар үй салынып, жол құрылысына қажетті техникалар мен материал дайындайтын зауыттар орналасқан. Сонымен қатар жұмыстың ырғағын бақылау үшін Үшарал қаласының бұрылысында «Рубеж» бекеті, Қабанбай ауылының маңынан жол пайдалану пункті, Жансүгіров ауылы мен Үшарал қаласының маңынан жол пайдалану басқармасы орналасқан.

Жұмыс кестесін одан әрі жеделдету үшін жергілікті тұрғындарды жұмысқа тарту мен еңбекақы төлеудің маңызын да ескеру шарт. Сондай-ақ сапа мәселесі негізгі басымдықта болуға тиіс.

Сағабүйен учаскесінің басшысы Қайрат Тұрғанбаев: «Жолдың салынуы ауыл тұрғындарына көп көмек болды. Жобаның мердігері инвесторлар болғанымен, жол құрылысына тартылған жұмысшылар – жергілікті тұрғындар. Бұл жобаны мердігер компания жобалағандықтан, жол сапасын қадағалап, жұмыстың нәтижелі болуына өздері жауап береді. Сондықтан, негізгі мамандар ғана мердігер компания тарапынан тағайындалады», – дейді.

Біз жол бойы пікірлескен учаскедегі жұмысшылардың бәрі жергілікті тұрғындар болып шықты. Олардың жалақысы да жаман емес. Жоғары жалақы төлейтін жұмыс тапқандарына риза. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, жол салынып біткеннен кейін де оны күтіп, баптау, тағы да басқа жөндеу жұмыстарына осы азаматтар тартылады.

Қазір қызу еңбек Талдықорғаннан шыға беріс пен Талдықорған – Қапал жолының қиылысында, Қызылағаш пен Сағабүйен ауылының аралығындағы аумақта қарқын алған. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, олар күзге дейін жұмыстың басым бөлігін бітіруді жоспарлап отыр. Талдықорғаннан Өскеменге дейінгі жол бойында да қарбалас жұмыс.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

«Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының желісін дамыту халықтың ұтқырлығы мен материалдық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, көлік шығасыларын және тасымалдау уақытының шығынын төмендету есебінен ауыл экономикасының өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын дамыту және олардың техникалық жағдайын нормативтік талаптарға сәйкес келетін деңгейге жеткізу мақсатында тиісті жұмыс түрлері іске асырылатын болады».

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын)

www.jasqazaq.kz E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Жоба

Елімізде Жастар жылы жан-жақты атап өтілуде. Осыған орай, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Түркістан облысында маңызды шаруаны қолға алып, нарық жолында өзінің бағытын айқындауға ықыласты, келешекте табысқа кенелгісі келетін жастарға қолдау көрсетуді қолға алды. «Жас кәсіпкер» деп аталатын оқу жобасы ел ауқымында тиімділігін көрсеткен «Бастау» жобасы аясында іске асырылады. Мұнда іш пыстыратын дәрістер оқылмайды және ескірген деректер пайдаланылмайды. Шынайы кейстер және үздік бизнес-тренерлер ұсынған шеберлік сабақтары, сондай-ақ кәсіпкерлік ортаға терең бойлау бар. Мұның өзі кәсіпкерлікпен айналысуға құштарлық білдірген жастардың заманауи білім алып, шаруасын дөңгелетіп әкетуге дәнекер болмақшы.



«ЖАС КӘСІПКЕР» – ЖАСТАРҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Осыған байланысты пікір білдірген Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Түркістан облысы бойынша филиалының қаржылай емес қолдау бөлімінің басшысы Жанна Тілеубекова бізге былай деді: «Бұл жоба Түркістан қаласы мен аудандарда қолға алынды. Айта кетсем, аталған бағдарлама «Бастау» жобасының негізінде 18-29 жас аралығындағы қыз-жігіттерге бағытталған. Жобаға қатысқан қыз-жігіттер өздерінің іскерлік дағдыларын дамытып, соңында бизнес жоспар жасап шығады. Сол бизнес жоспарлары арқылы жастар өз бизнесін ашуға және грант түрінде бастапқы 200 АЕК *(505 мың теңге)*, 8000 АЕК-ке дейінгі жеңілдетілген несиені жылдық 6 пайызбен алады. Барлық қатысушыларға 19 753 теңге шәкіртақы төленеді. Жоба өңірдегі 15 ауданды қамтиды. Арнайы сыныптар ашылған, жастар сол жерде оқытылады».

Айта кететін жағдай, «Жас кәсіпкер» жобасының екінші кезеңі ағымдағы жылдың 21 тамызында басталады. Бүгінде жобаның екінші кезеңіне құжаттарды қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Оның мақсаты да 18-29 жас аралығындағы NEET категориясындағы жастар, жас кәсіпкерлер, мектеп, колледж және университет түлектері, жастар және аз қамтылған көпбалалы отбасылар, еңбекке жарамды мүгедектердің білімін толықтыру, жеке шаруа бастауына түрткі болу.

Бағдарламаның міндеттері:

** жастарды кәсіпкерлік қызметке жаппай тарту,*

** келешегі бар кәсіпкерлік идеяларды іріктеу және қолдау,*

** бизнес жүргізу үшін практикалық оқыту және дағдыларды игеру,*

** жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дәріптеу, ауылда және қалада бизнес ортаны қалыптастыру.*

Оқыту облыстың барлық ауданында ҰКП әзірлеген материалдар негізінде тәжірибелік тапсырмалар, кейстер, іскерлік ойындарды қолдана отырып, кәсіпкерлік қызметті нарықтық экономика жағдайында жүргізу кезінде белгілі бір ұғымдар мен құзіреттер шеңберін жүйелеу арқылы өтеді. Жобаға қатысу үшін жастар мынадай құжаттарды тапсыруы қажет: жеке куәліктің көшірмесі, мекен жай анықтамасы *(egov.kz)* және жобаға қатысу өтінімі. Сондай-ақ толығырақ ақпарат алу үшін «Атамекен» ҚР ҰКП байланыс орталығы – 1432 *(еліміз бойынша қоңырау шалу тегін)*, Түркістан облысы бойынша +7 (725) 3398 98 *(ішкі байланыс – 7715)* кез келген жас хабарласа алады.

Осымен бірге «Бастау» деп аталатын бір айлық оқыту жобасы да бар. Бұл жоба аясында облыс бойынша 1320 ауыл тұрғыны оқытудың үшінші кезеңін тәмамдап, өз бизнес жоспарларын облыстық комиссия алдында қорғап шықты.

Иә, уақыт ешкімді де күтіп тұрмайды. Сондықтан елімізде қолға алынып жатқан осындай тың бастамалардан жастар құр қалмауы тиіс. Ал түркістандық қыз-жігіттердің өміріне өзгеріс әкелген «Жас кәсіпкер» жобасы сол аймақтағы азаматтарға адал еңбекпен ақша табуды үйретумен қатар, еліміз экономикасының өркендеуіне нақты үлес қоса алатын еңбек адамдарының қатарын толықтырмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзінің 10 бағытын жастарға қаратып айтқаны белгілі. Онда Қ.Тоқаев Жастар жылында «Жастар – ел тірегі» арнаулы жобасы табысты өтіп жатқанын айтумен бірге, келешек иелері үшін «Жас кәсіпкер» бизнес бастамалар жобасының қолға алынғанын да құлаққағыс жасады. Осы арқылы қыз-жігіттерді жұмысқа орналастыру бағдарламасы жасалады.

Түркістан облысында қолға алынып жатқан жастардың жүрегінен орын алатын жақсы жобалар оларды келешекте табысқа кенелуге ұмтылдырады. Өмірден өз жолын табуға мүмкіндік беретін «Жас кәсіпкер» оқу жобасы – игілікті істің бірі де бірегейі.

Жөн екен!

Түркістан облысында кәсіпкерлікті дамыту, жергілікті тұрғындарды осы салаға оқыту мен дағдыландыру, өз бизнестерін бастауға қолдау көрсету шаралары қызу қолға алынуда. Бұл тұрғыда кәсіп иелерін тиімді салаларға тарту мақсатында нақты жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде халыққа қажетті қарапайым заттар өндіру мәселесі бірінші орынға қойылып отыр.

Осы орайда Шымкент қаласында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиевтың басшылығымен «қарапайым заттар экономикасын» дамыту шеңберінде басым жобаларды жеңілдетілген несиелеу бағдарламасын жүзеге асыру мониторингі бойынша аймақтық жобалық кеңсенің отырысы өтті.

ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ



Өңірлік жобалық кеңсенің отырысына екінші деңгейлі банктердің басшылары мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Түркістан облысы бойынша филиалының басшысы қатысты.

Жиын барысында екінші деңгейдегі банктердің өкілдері бағдарламаның іске асырылу барысы туралы баяндады. Сондай-ақ кейбір банктердің төмен белсенділігіне және бағдарламаның әлеуетті қатысушыларының өтінімдерін қарау және мақұлдау процесінің ұзақтығына байланысты мәселелер талқыланды.



Атап айтқанда, әкім орынбасары «Еуразиялық Банк» АҚ «Сбербанк» АҚ» ЕБ, «Forte Bank» АҚ филиалдарының белсенділігі төмендігі атап өтілді. Олар бүгінгі күні бірде-бір өтінім қарамаған.

Сондай-ақ бағдарламаға енгізілген түзетулерге сәйкес, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Түркістан облысы бойынша филиалы енді екінші деңгейдегі банктермен (ЕДБ) қатар бағдарламаның әлеуетті қатысушыларының жобаларын несиелеу тетігіне қатысатын болады. Осыған байланысты Мейіржан Мырзалиев филиалға бағдарламаны іске асыруға белсенді түрде қосылу және жобалардың әлеуетті пулын қарауды жеделдетуге *(66 млрд теңге сомасына 200-ге жуық жобалар)* тапсырма берді.

Жиын соңында әкім орынбасары Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасына ЕДБ және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдармен бірлесіп, кәсіпкерлердің өтінімдерін жедел қарау және өңдеу үшін жұмыс тобының отырыстарын өткізуді қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар Шымкент қаласында ЕДБ қатысуымен апта сайын жобалық кеңсенің отырысын өткізу туралы шешім қабылданды.

Мейіржан Мырзалиев кәсіпкерлер палатасына және Түркістан облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасына бағдарламаны жүзеге асыру бойынша ЕДБ мен өңірлердің рейтингісін жүйелі түрде жасауды тапсырды. Аталған рейтинг қаржы институттары мен өңірлер әкімдерінің жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Бүгінде Түркістан облысы «Қарапайым заттар экономикасын» жүзеге асыру бойынша алдыңғы қатарда келеді. Бағдарламаның әлеуетті қатысушыларының саны бойынша 1-орын *(66 млрд теңгеге 186 жоба)*, ЕДБ қарауында жобалар саны бойынша 1-орын *(11,7 млрд теңгеге 20 жоба)*, қаражаттың игерілуі бойынша 1-орын *(9,1 млрд теңге)*, мақұлданған жобалар саны бойынша 6-орында.

«Қарапайым заттар экономикасын» дамыту бағдарламасы шеңберінде Түркістан облысы бойынша жалпы несие сомасы 75 198 миллион теңгені құрайды. Бұған әзірше 233 жоба қатыстырылуда. Отызға жуық жоба екінші деңгейлі банктермен жұмыс істеуде.

Басым жобалар агроөнеркәсіптік кешендерінде жүзеге асырылуда. Осы ретте, бағдарлама шеңберінде агроөнеркәсіп саласындағы басым жобалардың тізіміне қосымша 21 қызмет түрін енгізу қарастырылған. Бағдарламаға «Аграрлық несие корпорациясы» қаржы институтын қатыстыру өнір кәсіпкерлері үшін маңызды қолдау болмақ.



Жадыра ҚОЖАХМЕТ

Түйткіл

ОРЫНДАЛМАЙТЫН **УӘДЕ КӨП**

Алматының іргесінде жатқан Талғар ауданы осы облыстағы кіріс көзі мол, тұрғындарының саны мен табысы жағынан да алда тұрған аудандардың санатында. Алматы шаһарын жағалап, еліміздің түс-тұсынан көшіп келіп, кәсіппен айналысатындардың көбі осы аудан аумағына қоныстанып, тіршілік тынысын табады. Алайда, осындай жағдай Талғардағы кейбір әлеуметтік мәселелерді туындатып жататынын терістей алмаймыз. Бұдан басқа да елді алаңдатып, жұртты мазалайтын сұрақ көп. Өткенде Алматы облысы әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев Талғар ауданына барған жұмыс сапарында сондай мәселелердің біразының басын ашып, аудан басшылары мен облыстағы тиісті мекемелерге нақты тапсырма беріп қайтты.



Талғар ауданының Гүлдала ауылындағы №21 мектептің жайы мүлдем сын көтермейді. 1967 жылы 900 балаға арнап салынған білім ошағы күрделі жөндеуден өтпеген. Тозығы жеткен мектептің жай-күйін жыл бойы жоғарыға айтып, тиісті орындарға сан мәрте тапсырма бергенімен еш нәтиже болмаған.

Мектеп директоры Қуат Айтбаевтың айтуынша, 900 орындық мектепте өткен жылы 2000-ға жуық бала үш ауысыммен оқыпты. Жалпы 200 қызметкер бар. Екі рет өрт шығу қаупі туындаған. Мектептің материалдық-техникалық базасы өте ескірген. Электр желісінің 80 пайызы істен шығып, шатырынан су ағып тұрады. Кәріз жүйесі мүлдем жұмыс істемейді. Дәретхана далада. Санитарлық-тазалық талап сақталмаған. Кабинет жетіспеушілігіне байланысты дәліздерді бөліп, қосымша сынып салынғанымен, жағдай түзеле қоймапты.

Мектеп директорының мәліметінше, бүгіннің өзінде электронды тіркеу арқылы 250 бала 1-ші сыныпқа, ал 38 оқушы жоғары сыныптарға өтініш берген. Ал бұл көрсеткіштің қырқүйекке дейін арта түсетіндігін ескерсек, ескі мектепке сыйып оқуға еш мүмкіндік болмайды. Осындай қиындықтарға қарамастан, мектептің білім сапасының көрсеткіші жақсы. Осы жағдайды ескергенде, тұрғындар саны жылдан-жылға өсіп келе жатқан Гүлдала ауылына қосымша жаңадан тағы бір мектеп салу қажеттігі көрініп-ақ тұр.

Айта берсек, Талғар қаласындағы №4 орта мектептің жағдайы да сын көтермейді. Жаз шыға білім ошағының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілетіндігі туралы жағымды жаңалық ата-аналар мен ұстаздарды, оқушыларды қатты қуантқан еді. Алайда, нақты іс ондай болмай шықты. Ондағы құрылыс жұмыстарының қарқыны тым нашар. Тіпті едені мен есік-терезелері түгел сүріліп, жаңартылатын мектепке кәріз құбырын жүргізу жоспарда мүлдем жоқ болып шықты. Яғни, су мен дәретхана құбырлары жоспарда қарастырылмаған. Ал бұған дейін дәл осы мәселелердің сан мәрте сөз болғанын мердігер компания өкілдері де ескермей келген көрінеді.

Аталған мектептің күрделі жөндеу жұмысына облыстық бюджеттен 216 млн 245 мың теңге бөлініп, ашық конкурс нәтижесімен жеңімпаз деп танылған «Капстройгрупп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы жылдың 26 сәуірінде 194 млн 621 мың теңгеге келісімшарт жасаған. Құрылыс-монтаж жұмысы тамыздың 20-сы күні аяқталуға тиіс. Бүгінге дейін қаражаттың басым бөлігі игерілген. Бірақ нақтылы жұмыс барысы жоспардың уағында орындала қоймайтынын көрсетіп тұр.

Жұрт назарын аударған нысандар қатарына 2011 жылы пайдалануға берілген Талғар аудандық ауруханаға қосуға болады. Жасыратыны жоқ, халық саны 200 мыңға жуықтайтын үлкен ауданның орталық ауруханасында рентген аппаратының жоқтығы науқастарды әуре-сарсаңға салып келеді. Оқыс жағдай туындағанда тұрғындар рентгенге түсу үшін Алматыға жиі шапқылайды. Десе де, аурухана бас дәрігерінің айтуынша, бұл мәселе көп өтпей шешімін тауып қалатын көрінеді. Олар құны 52 млн теңгені құрайтын рентген аппаратын орнататын арнайы кабинет әзірлеп жатыр екен. Тағы бір жағынан аудандағы жедел жәрдем көліктерінің жетіспеушілігі, диспетчер мамандардың тапшылығы да бірқатар түйткілді туындатып отыр. Мысалы, 49 мың тұрғыны бар Талғар қаласына 6 жедел жәрдем машинасы бөлінген.

Содан бері біраз уақыт өтті. Сол олқылықтардың біразы түзетілгенімен, әлі де құрғақ уәде көп.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

QOǴAM
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz
3

Кеше Ақордада Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің төрағалығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы өтті.

Отырыста бағдарламаны іске асырудың екі жарым жыл ішіндегі қорытындылары қаралды және алдағы





кезеңнің міндеттері талқыланды. Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин бағдарламаның барлық бағыттары бойынша ауқымды жұмыс жүргізілгенін атап өтті. Айталық қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары үкіметтің кезеңдік іс-шаралар жоспарына сәйкес жалғасуда. «Жаңа гуманитарлық білім» жобасы бойынша 48 оқулық қазақ тіліне аударылып, шығарылды. «Туған жер» жобасы бойынша 10 мыңнан аса меценаттың қатысуымен 1800 мәдениет, білім, спорт нысаны жаңадан салынып, 1,5 мың нысан қайта қалыпқа келтірілді. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша тұңғыш рет қазақстандық поэзия мен проза антологиясы БҰҰ-ның 6 тіліне аударылып, жарыққа шықты. «Қазақстанның киелі географиясы» жобасы бойынша 28 тарихи нысан қайта қалыпқа келтіріліп, ауқымды ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді. «Отырар» және «Тамғалы» визит орталықтарының құрылысы аяқталуда. Осы секілді ондаған бастамалар баянды жалғасуда. Бұл жұмыстар ұлт рухын көтеру, құндылықтарын қайта қалпына келтіру және болашаққа қажетті рухани дүниелерді ретке келтіру бағытында іске асырылуда.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАСИХАТТАЛА БЕРЕДІ

Біз осы орайда Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры Жандос Әубәкірден рухани жаңғыруға қалай үлес қосып жатқанын сұраған едік. Ол атқарылып жатқан шаруа жөнінде баяндап берді.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында рухани жаңғыру төңірегінде құнды ойлар айтылғаны белгілі. Әсіресе «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деген бір ауыз сөз бәрімізге қанат бітіргендей болды.

Биылғы жылы 30 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап өту туралы Жарлығы шыққаннан бастап, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінде аталған мерейтойға байланысты әзірлік жұмыстары тағы да бір мәрте пысықталды. Музей кешенін, экспозициясын жаңарту, музей аумағын абаттандыру, жарықтандыру мәселелерін қолға ала бастадық. Мәдениет және спорт министрлігіне бюджеттік өтінімдер тапсырылып, Семейдегі бас музей мен Жидебайдағы Абайдың музей-үйін жаһандану дәуіріне сай заманауи қондырғылармен жабдықтауға және дамытуға байланысты тұжырымдамалар әзірленуде.

1995 жылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жабдықталған экспозициялық көрме залдарының мазмұнын сақтай отырып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ақындық айналасы мен өскен ортасы, заман туралы ойы мен қоғам хақындағы пікірі, жаратылыс пен адам және дін туралы философиялық толғамдарынан қысқа әрі мазмұнды мағлұмат беретін заманауи құрылғыларды орнату сияқты жұмыстар басты назарға алынуда. Алыс-жақыннан Адамзаттың Абайын тануға, дала данышпанын білуге құштарлық танытқан көрермендер мен келушілерге ыңғайлы және оңтайлы жағдай жасау үшін барлық техникалық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жас буын өкілдерінің қызығушылығын тудыру мақсатында қыруар мұрат пен мүдде көзделіп отыр.

Хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойы науқандық шара емес, әртүрлі бағытта, әртүрлі салада Абай мұрасын насихаттауды басты назарға алу болып табылады. Ол үшін тек музей ғана емес, республикалық, облыстық, қалалық, тіпті аудан мен ауылдық деңгейдегі шаралардың маңызы мен өту барысын жұртшылық пен қалың көпшілік дер кезінде құлағдар болу үшін ақпарат алмасуды, ақпарат тарату бойынша да жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Абай Құнанбайұлының мұрасына және ғибаратты ғұмыр жолына қатысты ақпарат беру үшін электронды өнімдердің сапасын арттыру, тілдік қажеттілік талабын өтеу сияқты жұмыстар бойынша керегін алып, қажетін тапса, бұл да Абай мұрасын насихаттаудағы үлкен жетістіктеріміздің бірі болмақ.

Жазғы демалыс кезінде және Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай музейіндегі жұмыстар қызу атқарылып жатыр. Семейдегі бас музейге келушілер саны жылдағыдан артпаса, кеміген жоқ. Келер жылы да халық назары Семейге, Абай музейіне, Сарыарқа даламыздың данышпандарын тудырған киелі мекенге ауатыны анық. Абай музейі ұжымының биылғы жылы атқарған жұмыстары келер жылы ауқымды шараға әзірлік деп қабылдауға болады.

Биыл музей қызметкерлерінің күшімен еліміздің көрнекті тұлғаларынан құралған бірнеше экспедиция мүшелерін қарсы алу, шаһарымыздағы мәдени мекемелермен бірлесе отырып, шаралар ұйымдастыру, Абайға және оның айналасына қатысты мерекелік даталарға байланысты мәдени-көпшілік шараларды өткізу жұмыстары қолға алынды.

Жазып алған Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

Экология

ҚАЛДЫҚ: ЕСКЕРМЕУГЕ БОЛМАЙДЫ!

Қоқыс полигондарының жайы күрмеуі қиын түйін болып тұр. Ол ең алдымен қоршаған ортаға зиян. Мәселен, сондай қалдық жиналған орынның бірі – Алматы облысының Үштөбе қаласынан 7 шақырым жерде. Жалпы аумағы 30 гектар жерді алып жатыр. Оған жақын маңда үйлер орналасқан.



Полигон аумағынан 3 шақырым жерде күріш атызы бар. Нысан су қорғау белдеулері мен жер үсті су қоймалары аймағының шекарасынан тыс орналасқан. Сондықтан санитарлық талаптарға сай болмай тұр. Жыл сайын полигонға 8 мың тонна қалдық жиналады. Оның ішінде қағаздың 35%, шынының 3%, металл қалдықтарының 5,5%, пластмастың 4%-і ғана сұрыптауға жатады. Қалған қалдық көміледі. Өкінішке қарай, кәсіпорынды сумен жабдықтау үшін өзен суын пайдалану және ашық су қоймаларына кәріз суын ағызу сияқты жұмыстар жүргізілмеген.

Мұның бәрі жуырда өткен Алматы облыстық экология департаментінің жанынан құрылған сараптау комиссиясының кезекті отырысында белгілі болды. Сонымен, сумен қамтамасыз ету Үштөбе қаласындағы орталық су құбыры желілерінен тасымалданады. Кәріздік ағындарды тазарту қарастырылмаған. Жылумен жабдықтаудың жылдық шығымы көп. Осы аталған келеңсіздіктер экологиялық кодекстің талаптарына мүлде үйлеспейді.

Мұндай қиын жағдай Көксу ауданындағы өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру полигонында да сақталып отыр. Полигон Көксу ауданына қарасты Балпық би ауылының шекарасынан 5 шақырым жерде. Полигонға жылына 9000 тонна қалдық жиналады. Алайда инженерлік қызметпен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау және кәріз жүйелері ойдағыдай жұмыс істемегендіктен, тазалық жағы өте нашар. Бұл түйін бүгін шешілмесе, ертең кеш болуы мүмкін?

Еңбекшіқазақ ауданының Өрнек кентіне жақын елді мекенде орналасқан «Азия газ құбырындағы» жағдай да мәз емес. Аталған нысан Қазақстан-Қытай магистральдық газ құбырының ажырамас бөлігі. Компрессорлық стансасы негізгі жылу көзі ретінде 2800 кВт-тан 2 қазандық-утилизатор орнатылған. Жылу беру маусымы кезінде ыстық сумен қамтамасыз ету үшін жылу алмастырғыш пайдаланылады. Өндірістік энергетикалық блокта қосалқы дизель генераторы орналасқан ғимарат бар. Сырттай қарағанда, газды тазалау алаңы, газды ауамен салқындату алаңы, компрессорлық цех, тазартқыш қазан, өндірістік-энергетикалық блок, өрт сөндіру сорғы стансасы, қойма, автотұрақ, әкімшілік ғимарат, тағы да басқа нысандар талапқа сай орналасқандай көрінеді. Алайда өндіріс орнының елді мекендерге жақын орналасуын ескерген экологтар «Аталған нысанның санитарлық ережелер мен талаптарға сәйкес санитарлық қауіптіліктің II сыныбына жататынын айтып отыр. Бұл жағдай бүгін шешілмесе, уақыт өте келе тұрғындардың өміріне қауіп төндіретін қатерлі жағдай орын алады. Газдан улану, өрт шығу сияқты оқыс жағдай болуы әбден мүмкін.

Кеңеске жоғарыда аталған мекемелердің мамандары да шақырылып, нақты жағдай мен экологтардың қорытынды пікірі түсіндірілді. Сонымен бірге заңдық тұрғыда белгіленген уақыт аралығында аталған кемшіліктерді түзету тапсырылды. Егер көрсетілген талап орындалмаған жағдайда, оны қалыпқа келтірудің басқа да баламалы жолдары қарастырылатын болды.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Сұмдық қой!

БАСПАНА ТАУҚЫМЕТІ

Сыз тартқан төрт қабырға, бетон төбе, цемент еден. Ішерге асы, киерге киімі, жатарға орын жоқ. Сондықтан Мира Байтуғанова палатка құрып, отбасымен далаға түнеп жүр. Олар күн батпай жүрек жалғап, кеш қарая төсекке құлайды. Себебі электр тогы тартылмаған, суды туыстары қаладан аптасына бір рет жеткізіп береді. Ал балалары мектепке дайын емес. Тіпті күнделікті аяқ-киімі болмаған соң, жалаңаяқ жүруге мәжбүр.



Ақтөбе қаласының маңындағы «Строитель» бау-бақша ұжымын паналаған Сахтиндер отбасын табу қиынға түскен жоқ. Қаладан жүретін №43 маршрут «Сазды» су қоймасы аялдамасына апарады. Одан кейін жаңа құрылыс, ескі қирандының арасымен жүріп, көше аскаңда сол жақтағы көк палатканы көруге болады. Біз барған кезде үйдің үлкені ыдыс-аяқ жуып, екі кішкентай ұл ойнап жүр екен. Ал анасы үй ішіне-кіріп шығып, әр нәрсені жинастырғандай болды. Бірақ төрт қабырғасы цемент кірпішпен қаланған, төбесі ауыр бетонмен жабылған бір бөлменің жинайтын жері де жоқ. Бір бұрышта көрпе-төсегі тұр. Киім-кешек те сол маңда. Кіреберісте – газ баллоны мен плита. Көзімізге ішер ас көрінбеді. Жайғасып отырып, мән-жайды білдім. Бақсақ, осы баспананы әкімдікке барып сұрап алған. Күйеуі де, әйелі де жалдамалы жұмысшы. Бір реттік жәрдемақы айналымға жетпей, көптен көмек сұрауға мүлде далада қалып, біраз уақыт достарының үйін паналады. Дәл сол кезде әкімдікке баруға бел буған.

«Үлкен қызым 8-сыныпқа, ортаншысы 4-сыныпқа барады. Екеуі де мектепке дайын емес. Пәтерден шығып кеткен соң көпбалалы аналармен бірге әкімдікке бардым. Әкім Мавр Абдуллин бір күннен соң келуді сұрап, қабылдауында болдым. Қазір 6 сотық жер берді. Мұнда тек төрт қабырғасы тұрғызылған баспана бар. Бетон төбе жарылып тұр, құлап кетуі мүмкін. Қауіптеніп, далаға қонып жүрміз. Ал атаулы әлеуметтік көмек алуға тұрақты жұмыс керек. Балаларымды айдалада тастап кете алмай отырмын. Ал күйеуіме жұмыс табылмай тұр. Терезе салып, төбесін жабу керек. Үйге пеш салып, от жағуды жоспарлап отырмыз. Себебі бұл жерде газ жоқ. Тіпті жарық та тартылмаған. Суды сіңлім аптасына бір рет жеткізіп береді. Жарық тартуға көршіммен келістім. Рұқсат беру үшін 25 мың теңге сұрады. Ал бау-бақша ұжымының төрағасы бағана дайындап бермек. Бірақ сым тарту жұмысы қанша теңгеге шығарын білмеймін», – дейді Мира Байтуғанова.



Бұл отбасы соңғы рет Құрбан айтта ғана ет жеп, сорпа ішті. Ал содан соң макарон тұрақты асқа айналды. Үйдің сәні болар мүлік те, ары жібермей жүрген отбасы бір аптадан соң басталатын білім күніне балаларын дайындамаған. Мектеп былай тұрсын, үйге киер сүйретпелері де жоқ.



«Қарап отыр» демесін дегендей, Мира әңгіме арасында: «Өзім бай-манаптардың үйін жинап, 2-3 мың теңге аламын. Оның өзі бірде болады, бірде жоқ. Ал күйеуім жол бойын торып, жұмысшы іздегендерді күтумен күн өткізеді. Ақша бірде бар, бірде жоқ. Ол тамаққа ғана жетеді. Үш балам бар. Үлкені – 12, ортаншысы – 9, кенжесі 4 жаста. Бұрын Ойыл ауданының Саралжын ауылында тұрған едік. Қалаға көшіп келгенімізге 7 жыл болды. Ауылдағы үйіміз су жиегінде болғандықтан құлап қалды. Содан балалар ауырып, қалаға көшуге мәжбүр болдық. Пәтер жалдаймыз, бес жыл бойы әр ауылда, шаруашылықта мал бақтық. Берген 60 мың теңгенің 40 мың теңгесіне азық-түлік алып, 20 мың теңге киімге жұмсадық. Кейде мал өліп, жоғалса, жалақымыздан ұстап қалатын», – деді.

Отбасы пәтерақыны төлеуге несие де алған. Қазір отағасы Нұрлыбек Сахтиннің төрт жыл бұрын алған 150 мың теңгесі – 380 мыңға, ал Мираның өзі үш жыл бұрын алған 200 мың теңгесі 245 мыңға өсіп кетті. Банктен несие ала алмаған кезде техника дүкенінен ұялы телефон сатып алып, оны қайта сатып, пәтерақы төлеп келген. Ал бір ай бұрын тұрмыстық жабдықтар, теледидар атымен жоқ. Ыдыс-аяғы көшіп-қонып жүргенде сынып бітті. Өлместің күнін кешіп жүрген отбасы ертең не боларын, күз келгенде үйді қалай жылытарын білмейді. Қазір үй секілді шағын сарайдан дала көрінеді, төбесі сәл қозғалса, ортасына түсейін деп тұр. Ал Ақтөбе қалалық әкімдігі жер бердік, үйді өздері ретке келтірер деген пікірде. Біз қалалық әкімдікке хабарласып, қиындыққа тап болған отбасына қатысты мәселені сұраған едік. Сауалымызға қала әкімі баспасөз қызметінен төмендегідей жауап алдық: «Бір ай бұрын әкімнің қабылдауына келген. Үй құрылысына жер беру мәселесін қарастырып беруді сұраған. Жер берілді, рәсімдеу жұмыстары жүріп жатыр. Әрі қарай құрылыс жұмыстарын өз күшімен жүргізулері тиіс».

Күлетін жағдай, күн көре алмай отырған отбасы құрылысты қалай жүргізеді?

Алтынай САҒЫНДЫҚОВА,
Ақтөбе облысы

RÝHANIAT
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz
5

Detective

ҚАНДЫ СҮТТІҢ ДӘМІ

25 жылдық мерейтойын атап өткен «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-на қарасты «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдары жариялаған «Детективтік шығармалар» байқауында Jas qazaq ұлттық апталығының жауапты хатшысы Жарас Кемелжанның «Қанды сүттің дәмі» деп аталатын шығармасы 1-орын алғанын хабарлаған едік.

Байқау қоржынына шытырман оқиғалы 72 шығарма түскенін ескерсек, Жарастың жазған туындысы қазылар алқасынан лайықты бағасын алғаны даусыз.

Бүгін біз сол туындыны оқырман назарына ұсына отырып, әріптесімізге шығармашылық табыс тілейміз.

Ерні кеберсіп жатып, оянып кетті. Тілі таңдайына жабысып қалған. Танауына қан иісі ме, әлде сүт пе, бір жеңсік ас келгендей болды. Айналасы қараңғы екен. Жан-жағын сыйпалап, иіс шыққан жерді іздеді. Екі тізесі қу ағаштай қатып қалыпты. Иілмейді. Орнынан тұра алмай, еңбектеп жатып қолы жеткен жерді қармайды. Іліндi-ау, әйтеуір! Бұл бір қуанып, бір суынды. Сұп-суық зат қолын темірдей қарып барады. Сонда да бар күшімен өзіне қарай тартты. Шамасы келмеді. Қатып қалған ба, орнынан жылжымайды. Енді сүйретіліп жатып, өзі жетті. Бұрын мұндай тас түнектен түйме іздейтін қос жанары мына қараңғыға әлі үйренісе алмай әлек. Алақанын қарып бара жатқан әлгі зілбатпанды саумалап отырып, жоғары өрлеген. Бетіне жылымшы бірдеме тигендей болды. Бойы тіксініп, денесі қалшылдап кетті...

Бұл Коляның адам сойған ең алғашқы түні. Одан бері қанша апта, қанша ай өтті? Қаншама бейкүнә жанның қабырғасын қақ айырып, омыртқасын үзіп, жұлынып жұлып алды? Есінде жоқ. Ойласа, санынан жаңылады. Бір қызығы, ол жемтігін бас салып, қанын судай шашпайды. Көзіне түскен жанның бәріне пышақ ала жүгірмейді. Өзіне ұнаған адам ғана болады. Соның артына апталап, айлап түсіп жүріп, қармағына түсіреді. Басқа адам сойғыштар сияқты емес, Коля кісінің жасына, түр-түсіне де қарамайды. Ол өзінің құрбандығынан жеңсік иіс тапса, танауы қанға бөкпей, әлгі адамның қыр соңынан екі елі қалмайды-ау, қалмайды...

Коляның азан шақырып қойған аты бар. Бала күнінде үлкендер «Қалыш» деуші еді. Есейе келе «Коля» атанып кетті. Өскеменде туып-өсті. Бір жастан асқан кезі болу керек, анасын маскүнемдер пәтеріне кіріп, қан-жоса қылып пышақтап, өлтіріп кетеді. Бұл сол кезде марқұм шешесінің құшағында болған. Үлкендердің айтуынша, Қалыш екі күн – екі түн өлген әйелдің омырауын еміп жатыпты. Жансыз мүрдеден сүт шықсын ба, көршілері келіп бала мен ананы ажыратқанда, сәбидің езуінде қатқан қанды көбік болыпты.

Қалыштың әкесі анасының жылы өтпей жатып басқа біреумен бас құрап кетті. Бұл ата-әжесінің құшағында қалған. Бірақ өсе келе түр-түсі түсініксіз әлдебір бейнені іздейтінді шығарды. Оның кім екенін, не үшін іздейтінін өзі де білмейді. Бір қызығы, қасынан әйел өтіп бара жатса, бұл соның соңынан еріп, әлдебір жұпар иісті сағынатындай. Бала күнінде оның бәрі кешірімді, жарасымды еді. Тіпті, ауылдағы кейбір жас келіншектер том-томпақ Қалышты құшақтап, көзінен, бетінен сүйіп жататын. Бұл олардың омырауына басын тығып, құшырлана иіскейтін-ді. Ержете келе онысы ерсі көріне бастады...

Осыдан үш жыл бұрын Коляның ата-әжесі қайтыс болып, жас жігіт Өскеменді тастап, Алматыға жұмыс іздеп келеді. Әйдік қалада екі қолға бір күрек табу аса қиын соқпады. Қолайына жаққан шаруаны қайырып, тапқан азын-аулақ тиын-тебеніне күнелтіп жүрді.

Бір зауытта күзетші еді. Таңғы елең-алаңда кезегін ауыстырып, үйіне қайтады. Талғар жақтағы иесіз саяжайлардың бірінде тұрады. Автобусқа Саяхаттан мінеді. Күндегі әдеті бойынша сол жерге келді. Аялдамаға жеткені сол, екі иінінен әрең демалған автобус жүргелі тұр екен. Бұл да мінді, көлік те қозғалып кетті. Адам көп. Жолаушылар бірінің үстіне бірі мінгесіп, әрең тұр. Қалыш та көп ішінде қысылып әлек. Бір кезде оның алпыс екі тамырын иітіп, алдыңғы жақтан бір жұпар иіс танауына талып жетті. Түні бойғы ұйқы меңдеп, бір жағынан, бойын балқытып әкетіп бара жатқан анау жұпардың күші мұның еркін алып қойғандай. Нөпірдің ішін бұзып-жарып отырып, автобустың алдыңғы жағына өтті.

Танауына талып жеткен хош иістің иесін тапты. Ақ сары, жүзінен нұры төгілген уыздай жас келіншек екен. Жақындап келіп, тұмсығын әлгі келіншектің шашына тықты. Адам көп болған соң ба, анау да қарсылық танытпай, жылы жымиып үнсіз тұра берген. Қалыш дәл солай қанша уақыт тұрғанын білмейді. Бір кезде сары келіншек орнынан қозғалып, есікке қарай беттегенде ғана бұл есін жиып алды. Қай жерге жеткенін түсініп жатқан жоқ. Әлгі хош иістің соңынан ерді. Көліктен түскенде байқады, өзінің үй жағына жақын маң екен. Жол бойында екеуден-екеу қалған соң, бұл келіншекке тіл қатты...

Сол күнгі таныстықтың соңы бұларды тез жақындастырып жіберді. Жас келіншектің күйеуі жол апатынан қайтыс болыпты. Өзі осы Талғардың қызы. Аты – Салтанат. Күйеуінен бір қызбен қалыпты. Қалыш оған не үшін жақындап жүргенін өзі де анық білмейді. Ал жұпар аңқыған келіншек болса, жігітті жақсы көріп қалдыға жорып, бақытқа басы айналды. Салтанат та түнгі кезекте жұмыс істейді. Күндіз қолы бос. Бір күні Қалыш мұны саяжайдағы құжырасына шайға шақырды.

Қоңыр күздің май тоңғысыз әдемі шағы болатын. Қыз бен жігіт қолтықтасып келіп, шарбағы сынған, ашық-шашық жұтаң үйге тоқтады. Қалыш: «Салта, мен осында тұрып жатырмын. Уақытша бәрі. Үй жұпыны болғанымен, көңілім таза. Кел, қонақ бол» – деп, есігін ашты.


Жастар ұзақ отырды. Шай ішті. Шайдан соң, әйел кірген үйдің берекесі келіп, қазан асылды. Сөйтіп, бір-ақ сәтте иесіз саяжайда тіршілік тынысы пайда бола қалды. Салтанат шешесіне қоңырау шалып, бір жаққа баратынын айтып, алдын ала сұранып қойыпты. Онысы қандай жақсы болған. Арқаны кеңге салып ұзақ отырды. Сырласты, мұңдасты. Қалыш арасында жүгіріп барып дүкеннен қызыл шарап әкелді. Шараптың буы буынға түскенде, иесіз саяжайды махаббат елесі кезіп кеткен. Қалыш өмірінде әйел затын көрмегендей өлермендене, сондай бір құштарлықпен Салтанатты сүйіп, құша бастады. Төсек көрген әйелде тағат болсын ба? Еркектің құшағын аңсап-шөлдеп жүргенде, өзімен құралпы зіңгіттей жігіттің өліп-өшкені бұған да майдай жаққан. Балбырап барып, талықсып кетіпті. Бір кезде көзін ашса, омырауында баладай жабысып бақырдай бас жатыр...

Содан бастап бұлар жиі кездесетін болды. Қалыш оңаша қалса, жас келіншектің омырауына жүгіреді. Емізулі бала дерсіз. Күндердің бір күні Салтанатты әлдебір еркектің қасынан көріп қалады. Өзін ұстай алмай әлгі жігітке қол ала жүгірген. Қой дегенге көне ме? Анау да бір жойт екен, Қалышты қан жалатыпты. Содан бастап Салтанат мұның ішінде бұққан алапат мінезінен қаймығып, кездесуге шықпайтын болды. Ал Коля болса, жас келіншекті аңдуды шығарды. Үйінен шыққанда, жұмысынан қайтқанда жолынан күтіп алып, мазасын алып жүрді. Икемге көнбеген соң, бір күні Салтанатты сүйреп отырып саяжайға алып келді. Әйел табиғаты күшке көнсін бе, қарсыласып бақты.

Салтанаттан айырылса, өмірі тозаққа айналатындай болған Қалышта сабыр қалмады. Алысып жүріп жас әйелді қылқындырды. «Ашу – дұшпан» деген рас екен, ойда-жоқта сағынышына айналған Салтошын тұншықтырып өлтіріп алды. Онысын өзі де байқамаған. Жұмарлап әкеліп төсекке жатқызды. Қос анарын ашып жіберіп, еміреніп тұрып бас қойсын... Қанша жатқанын білмейді. Көзін ашса, құшағында қатқан қайыстай болып сіресіп, денесі мұздай Салтанат жатыр. Сонда ғана өзінің не бүлдіргенін түсінді. Өгіздей өкіріп, кеміктей егіліп жылады. Одан қайыр бар ма?!

Оң-солын әлі толық танып үлгермеген жас жігіт әйелдің мүрдесін көміп тастаудан қорықты. Өлімге де қимайтындай. Есі де кіресі-шығасылы. Жансыз мүрдені бір апта ермек қылды. Күнде жұмыстан келе сала көрпе астында жатып иістене бастаған мүрдені ашып жіберіп, көз жасын көлдетіп, шандыр тартқан қос омырауға бас қояды...

Сол бір сүркейлі кештен кейін, Қалыштың жұпар иіске деген құмарлығы, тіпті асқынып кетті. Көшеден танауына таныс иіс келсе, соның артына түсіп, есі ауысқан жандай меңірейіп, еміреніп кете беретін болды. Біреуіне қолы жетті. Ал қолы жетпегендерін Салтанатты қылқындырғандай қылтамақтан алып, саяжайға сүйреп әкелетінді шығарды. Тіпті, сол үшін Өскеменде қалған жаман «Жигулиін» де алып келді. Жұмыстан кейін Алматы мен Талғардың арасына адам тасиды. Мақсаты – ақша табу емес, танауын тесіп бара жатқан әлгі хош иіс. Көлікке мінген адамда артық қарсылық болмайды екен, бірден саяжайға тартады. Қандауыздың ісіне құнығып алғаны соншалық, кәнігі жаналғышқа айналды. Алдымен «олжасын» құмары қанғанша емеді. Содан кейін мүшелеп сойып, саяжайдың жертөлесіне тастай салады, тастай салады...



Коллаж: Ғ.ҚАЛИЕВА

Алты ай қыста өз еркімен әкелгені бар, күштеп-зорлап жеткізгені бар – жеті-сегіз қыз-келіншекті жәукемдепті. Сонда да құмары бір қанбады-ау, пәтшағардың. Сол жылы көктемде бұл кезекті бір құрбандығын шырғалап, саяжайға жете бергенде қолға түсті. Қыстай құрыққа ілінбей жүрген. Күн жылынғанда күлімсі иіс шыққан соң, ары-бері өткен жолаушылар жергілікті әкімдікке хабарлапты. Әкімшілік қызметкерлері иісті індетіп жүріп, әлгі сүркейлі саяжайдың жертөлесіндегі қалың мүрденің үстінен түспей ме. Кісі танымастай кескілеп тастаған. Қолы – қол, бұты – бұт боп жатқан қалың мүрдеден ұраның ауызы жабылмай қалыпты. Көрген адамның иманы ұшатындай суық көрініс. Суық хабар жергілікті полиция департаментіне жетеді. Олар қандықолды ұстау үшін саяжайды күзетке алған. Әлденеден секем алғандай, Қалыш апта бойы Талғар жаққа ат ізін салмай қояды.

Тағы да елең-алаң шақ. Саяжайдың төмен жағынан шоқалақтаған жаман «Жигули» көрінді. Көлік тура тартып отырып өлік сасыған жаман үйге бір-ақ тоқтамай ма. Көліктен екеу түсті: біреуі ер, екіншісі әйел. Әйел қолқаны қапқан күлімсі иістен жиіркеніп, мұрнын басты. Манағы сүркейлі үйге аяқ басқысы келмей, кері шегінді. Қасындағы еңгезердей еркек оны қоярда-қоймай, орнынан тік көтеріп алды да желе жөнелді. Сол сәтте бәрін аңдып тұрған сақшылар сарт-сұрт қимылға көшті. Қыз көтерген еркекті біреуі мұрттай ұшырсын...

Қалыштың тергеушіге берген жауабын тыңдаған жұрт жағасын ұстады. Коля жұпар иіске құмарлығын, сол иістің жолында жанын беруге даяр екенін айтыпты. Тергеушіден кейін, Қалыштың әңгімесін психолог қыз тыңдаған. Оның сотқа берген жауабында бөгенайы бөлек мынадай бір сөйлем жүрді:

«Қалыш Батырбекұлы сәби күнінде ана мейіріміне, шешесінің ақ уызына қанбаған. Анасын маскүнемдер өлтіргенде, шешесінің өлі тәнін қан шыққанша емген. Содан адам бойында қанды сүтке, жұпар иіске деген құштарлық қалып қойған. Қалыш сол жұпар иіс пен қан татыған сүттің кермек дәмін есейгенше іздеген. Әйел атаулыдан сол иістің, сүттің дәмін іздеп, осындай қылмысқа барып отырған» – деп жазыпты.

Тағы да елең-алаң шақ. Саяхаттан тозығы жетіп, шоқалақтаған бір «Жигули» шықты. Тізгінде азу тісін ақситып күліп, қасындағы қызға құмары ашылып, бір жігіт кетіп барады...

Жарас КЕМЕЛЖАН

Пікір

АЛТЫН АРҚАУ

Қадірін қаламға жүктеген адам ең алдымен әрбір жазған дүниесі оқырманның жүрегінен жол тапса, соны қуаныш санайды. Өйткені, ой арпалысынан туған дүние елдің санасына жетіп, сәуле түсірсе, қоғамға қосқан үлестің үлкені сол болмақ. Мейлі көп, мейлі аз жазайық. Мейлі терең, мейлі саяз пікір білдірейік, бәрінің де қоғамды алға жылжыту үшін септігі тиеді. Осы тұста, журналистің бағын ашатын баспасөз туралы, әсіресе газеттер туралы айтпай кетуге болмайды. Себебі журналист сан қырлы болуы керек. Ал әр басылымның өз қыры, мақсаты, жолы, арқалайтын салмағы бар. Оқырмандар сонысына қарап, таңдап оқып, ой әлеміне талғажау етер дүние іздейді.



Бастау көзін сонау XIX ғасырдан алатын қазақ баспасөзі бүгінде қадірі артып, бағы асқан деңгейге жетті. Олар көз жетпеген жерге сөз жететінін де дәлелдеп келеді. Оның қайсыбірін парақтап отырсаң, орамды ойлар мен оқшау пікірлерге қанығасың. Әсіресе кейінгі жылдары бағытын түзеп, бабын алға оздырған басылымдар да жұрттың ықыласына көп бөленіп келеді. Сол қатарда Jas qazaq ұлттық апталығы бар десек, қателесе қоймаспыз. Алдымен оқырмандар басылымның атына көзі түседі. Сосын: «Jas qazaq-тықтар не дейді?» деген оймен парақтай бастайтынын көп көріп, көңілденіп қаламыз.

Аталған газеттің ең алдымен дизайны жұртты өзіне жақсы тартады. Ондағы қыз-жігіттердің асыл ойынан шыққан түрлі-түсті безендіруді өзгеде жарты ғасыр, тіпті ғасыр жасады деп алақайлап жүрген басылымдардың беттеушілері күнде ақтарып, ұнамды деталдарын пайдаланып отырғанын жиі көретінімді несін жасырайын. Ал газеттің әр санында жарияланған тұщымды мақалалар мен сараптамалар көзі түскен жанды еріксіз баурап алатыны тағы бар. Газет сонысымен өміршең, сонысымен республиканың түпкір-түпкірінен оқырманын тауып жүр. Jas qazaq елді емес, ел Jas qazaq-ты іздейтін кезге жеткеннің өзі бір қуаныш! Сол беттердің арасынан өзім жазған дүниелерді көргенде марқайып қалатынымды несін жасырайын. Бір-екі жылдың жүзінде Jas qazaq-қа жазып келемін. Ол дүниелерім де жұрттың ықыласына бөленіп жүр деген сенімдемін. Биыл Jas qazaq-тың атынан ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталғаным соның айғағы іспетті. Әрине, халқымызда: «Сыйлық қымбат емес, сүйіну қымбат» деген сөз бар. Бұл елдің сүйініші емес пе? Сол сүйінішке жеткізген тағы да аталған басылымның биік белесі.

Қашанда өткен мен бүгіннің арасына көпір болып, ел мерейін, жұрт беделін өсіретін алтын арқау – баспасөз. Осы тұрғыдан келгенде, ардақты басылым Jas qazaq газеті ғасырлар көшіне арқау салған сапарында арманымызды ұштап, сенімімізді нықтап, көңілімізден шыға береді деген ойдамыз.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Бағдар

Алматы облысы аграрлы аймақ саналғанымен, инженерлік, индустриялды-инновациялық әлеуеті өсіп, әлеуметтік жағынан өркендеп келеді. Қазір облыс орталығынан бастап, өңірдің шалғай елді мекендерінде де тың бастамалар қолға алынуда. Ал жаңа нысандар мен кәсіпорындар ел игілігіне қызмет ете бастады.



ӨҢІР ӨЗГЕРІП КЕЛЕДІ

Жағымды жаңалық жыл басынан-ақ жұрт назарын өзіне аударды. Бірінші болып Талғар қаласының Автобаза шағынауданында №1 блокты-модульді қазандық іске қосылды. Өткен жылы қала бойынша блокты-модульді 15 қазандық орнатылып, «Orkeniet Constraction» мердігер компаниясы 3319 пәтерлі 106 үйге жылыту жүйесін жүргізген еді. Оның толық мән-жайын аудан әкімі Жолан Омаров айтып берді: «Жоспардағы жылу жүйелері толық қосылып бітті. Былтыр шағынаудандарды абаттандыруға 279 миллион теңге қаржы бөлінді. Биыл 19 үй орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылады. Оның құжаттамасына 17 миллион теңге бөлінді» – деді.

Жалпы, аудан бойынша 64 ауланы абаттандыру жоспарланып, жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Оған 250 миллион теңге бөлінген. Жыл аяғына дейін 6 аула абаттандырылады. Ол жерде балалардың шағын ойын алаңы, тынығу орны, спорттық алаң жасалады.


Бұл жұмыстар төңірегінде пікір білдірген аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Қалимолда Байболов: «Көп жыл бойы жылусыз, жарықсыз қалған көпқабатты тұрғын үйлердің орталықтандырылған газ құбырына қосылуы талғарлықтарды қатты қуантты. Облыс әкімі 2018 жылы барлық үй қосылады деп уәде еткен еді. Айтқаны келді. Сол үшін алғысымызды білдіреміз», – деді.

Тағы бір қуанышты оқиға өткен айдың ортасында Қарасай ауданында да болды. Қаскелең қаласы мен өңірдегі елді мекендердің тұтынушыларын және Қарасай мен Іле аудандарының өнеркәсіп-индустриялық аймақтарын электр қуатымен жүйелі түрде жабдықтау мақсатында салынған «Қаскелең – 220» қосалқы стансасы іске қосылды. Техникалық тілмен айтқанда, ПС-220/110/10КВ қосалқы стансасының бой көтеруі – өңірдің өркендеуімен тікелей байланысты.

Тұрғындар санының өсуі, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарында өнеркәсіп нысандарының көбеюі, Алматыдағы өндіріс орындарының облыс аумағына көшірілуі электр қуатына деген сұранысты арттырғаны белгілі. Осы орайда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамындағы «Самұрық Энерго» АҚ-на қарасты «Алатау Жарық компаниясы» мен Алматы облысы әкімдігі бірлесе отырып, аталған ірі жобаны жүзеге асырды. Бұған республикалық бюджеттен 4,7 млрд теңге қаржы бөлінген. Қуаттылығы 2х125МВА болатын трансформаторлармен жабдықталған қосалқы стансаның бір жүйелі желілері 101,4 шақырымды, ал екі жүйелі желілері 4,25 шақырымды құрайды. Осы арқылы аграрлы аймақтан индустриалды-инновациялық өңірге айналып келе жатқан аудандар қажетті электр қуатымен толық әрі үзіліссіз қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Мұнда қуатты керінеумен жұмыс істейтін күрделі құрылғылар орнатылған. Сонымен бірге тұтынушыларға көрсетілетін қызмет түрін жеңілдету мақсатында оларды сандық жүйеге ауыстырудың толық жүзеге асқаны анғарылады. Атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалар үшін техникалық сараптаулар, электр желілерін қосуға қажетті құжаттарды қабылдау, тұтынған электр қуатының мөлшерін анықтау онлайн-режимде жүзеге асырылады.

Ел игілігіне берілген ілкімді жобаның тұсауын «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлы кесті. Осы орайда Ахметжан Смағұлұлы: «Қаскелең – 220» жобасы Алматы қаласының батысындағы өндірістік аймақтың, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарының 6184 жеке тұлғасы мен 404 заңды тұлғаның сұранысын толықтай өтейтін болады. Жалпы, Алматы облысының ел экономикасындағы алар орны ерекше. Аймақтың алдағы уақытта да өркендеуі үшін энергетика саласын дамытуға жылына 10 млрд теңге инвестиция салу керек. Бұған біз үлес қосатын боламыз», – деді.



Облыс басшысы Амандық Ғаббасұлы:

«Екі миллионнан аса тұрғыны бар облыста 20 аудан мен қала бар дейтін болсақ, соның ішінде Қарасай, Талғар, Іле аудандарында өндірістің 70 пайызы орналасқан. Демек, бұл өңірде электр қуатына сұранысы өте жоғары. Әсіресе, Боралдай өндірістік аймағына жаңа инвестиция тарту үшін қосымша қуаттың қажеттілігі туындауда. Осыған байланысты «Алатау Жарық компаниясымен» алдағы уақытта Көкөзек бағытына жаңа желілер тарту жөнінде келісім жасалады. Бұл жоба жүзеге асса, аймақта индустрияландыру қарқыны арта түспек», – деді

Аймақты электр қуатымен қамтамасыз етуде Қапшағай ГЭС-і, Райымбек ауданындағы Бестөбе су қоймасының мүмкіндіктері, Қапшағай қаласындағы сингапурлық компаниямен бірігіп жасалған 100МГВ-тық күн электр стансасы, Еңбекшіқазақ пен Іле ауданындағы әрқайсысы 50 МГВ электр қуатын өндіретін күн қондырғыларының орны ерекше.

Алдағы уақытта атқарылар ауқымды шараның бірі – Талдықорған қаласында үйлерге жылу берумен қатар 400 МГВ электр қуатын өндіруге қабілетті жылу электр стансасын салу. Осылайша, облыс электр қуатын тұтынушы қатарынан өндіруші және өзге өңірлерге таратушы қатарына қосылады. Демек, бүгінгі таңда өңірді электр энергиясымен қамту мәселесі түбегейлі шешіліп келеді. Бұл иглікті жұмыс өңірдегі құрылыстану, заманауи ғимараттарды қолға алу, тағы да басқа жоспарларға қозғау салды. Сол қатарда Талдықорғандағы «Қаратал» шағынауданында жөнделіп жатқан студенттер жатақханасын айтуға болады. Құрылысы 9 жылдың алдында тоқтап қалған нысанға былтырдан бері жаңғырту жүргізіліп, ол қазір адам танымастай өзгерген. Қазір нысанда ішкі әрлеу жұмысы басталды. Нысанға жылу, су, электр желісі тартылып, қолайлы жағдай жасалған. Мұндағы құрылысты «Астана құрылыс» АҚ жүргізуде. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, қазір жатақханаға 50 адам монтаж жұмысын жүргізуде. Десе де, ауа райының қолайсыздығы жұмысқа қолбайлау болып тұрған көрінеді. Күн жылынысымен жұмыс күшін көбейтіп, құрылысшылардың санын арттырмақ.

Заман талабына сай салынып жатқан жатақханада жатын бөлмеден бөлек кітапхана, жаттығу залы, асхана және шағын кинотеатр болады. Жатақханадағы құрылыс жұмысы үстіміздегі жылдың наурыз айында аяқталмақ. Сондай-ақ ғимараттың айналасындағы атшаптырым аумақты алып жатқан бос жер абаттандырылып, студенттердің көңілді демалыс ұйымдастыратын орны болмақ. Ғимараттың іргесіндегі аквапарктің айналасы да жөнделеді. Демек, биылғы жаңа оқу маусымы басталғанда жатақхананың жетіспеушілігінен пәтер жалдап тұратын болашақ мамандардың қиыншылығы осы нысанның іске қосылуымен шешіледі.

Келесі нысан – «Жастар» саябағы маңынан салынып жатқан жабық жүзу бассейні. Bazis құрылыс компаниясының өкілдері мұнда бетон және темір құрастыру жұмыстарының аяқталғанын, алдағы уақытта сыртын қаптап, ішкі әрлеу жұмысына кірісетінін жеткізді. Нысанды мердігер компания осы жылдың ортасына қарай бітіреміз деген сенімде.



Бізбен ой бөліскен әкімдік жанындағы құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Әмешұлы: «Қалада салынып жатқан жүзу бассейні – еліміздегі ең үлкен нысан. Жобаның жалпы құны 11 млрд теңгеге жуық. Бұл өте ауқымды жоба болғандықтан, облыстық құрылыс басқармасы тарапынан жиі тексеріп, қадағалап отырмыз. Бұл нысан қолданысқа берілген соң, Талдықорған қаласы тұрғындарының су спортына деген құлшынысын оянады. Қазір мұнда 200-ден аса адам, 40-қа жуық техника жұмыс жүргізуде. Жұмысшылардың дені – Талдықорған тұрғындары», – деді.

Облыстың әр шалғайындағы осындай игілікті жұмыстардың дені мемлекеттік бағдарламаларды орындау негізінде іске асырылуда. Өйткені, бағдарламаның орындалуы ең алдымен, өңірдің экономикалық әлеуетін көтерсе, әлеуметтің әлеуетін арттыруға да оң ықпал етпек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру кезінде қолданыстағы мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, облыстар мен аудандардың аумақтарын дамыту бағдарламаларын қаржыландыру тетіктері пайдаланылатын болады. Бұл ретте ауылдық аумақтарды дамыту бойынша барлық бюджеттік инвестициялық жобалар өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті органмен және басқа мүдделі орталық мемлекеттік органдармен кешенді дамыту жоспарлары мен іс-шаралар жоспарларына сәйкестігі тұрғысынан келісілуі тиіс.

(2020 жылға дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасынан)

Даму

ЖЕЛІ ЖАҚСАРҒАН СЫҢ КІСІГЕН КІШІ ЖОЛ

Көлік инфрақұрылымын қалыптастыру – еліміздің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етудің негізгі факторы. Сондықтан автомобиль жолдарының жағдайын жақсарту мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, бәрі де сәтті іске асып келеді. Бұл тұрғыда Ақмола облысы бойынша да тиянақты жұмыс жүргізілді.



Астықты өңір болып саналатын каймақта жол қатынасы өте маңызды. Ертеректе аудан ішіндегі жолдардың нашарлығына ауыл шаруашылығы құрылымдары тарапынан өкпе-наз көп айтылатын. Мың шұңқырлы жол техниканы да тоздырып, тұрғындардың да жүйкесін жұқартып келгені рас. Ел елеңдеткен бұл мәселе соңғы жылдары біршама жақсарды. Айталық, жергілікті маңызы бар көлік жолының ұзындығы 5626 шақырым. Оның ішінде 2661 шақырым облыстық, 2 965 шақырым аудандық маңызы бар жол. Сол жолды жай жөндеу мен күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу өте қымбатқа түседі. Соған қарамастан, бұл мәселеге мейлінше маңыз беріліп отыр. Әсіресе, аудандық маңызы бар жол атаулы әбден тозып кеткен еді. Сол себепті болар, халық жыл сайын жергілікті әкімдермен кездескенде көтеретін өзекті мәселенің бірі де осы болатын. Ал облысаралық жол біршама тәуір. 2019 жылы облыстық, аудандық маңызы бар көлік жолдарын және елді мекендердің көше, жол желілерін жөндеуге 21,6 миллиард теңге бөлінді.

Облыстық, аудандық маңызы бар жолдарды және елді мекендердің көше, жол желілерін салуға және қайта жаңартуға, оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» және қала шеті жобаларының шеңберінде 7,1 миллиард теңге бөлінді. Осылайша 90,9 шақырым жолға қайта жаңарту жүргізілді.

Жыл қорытындысы бойынша Целиноград ауданының Ақмол ауылында көше-жол желісінің құрылысы аяқталды, Зеренді ауылындағы көлік жолы мен Зеренді ауданының Елікті тау-шаңғы базасына кіреберіс жол, Атбасар қаласындағы жолдар да қайта жаңартылды. Бұған елдің айтар алғысы мол. Астана маңайындағы елді мекендердің жолын жөндеп, өңін кіргізу де маңызды. Сондықтан, Нұр-Сұлтан қаласына іргелес елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары шеңберінде 2020 жылға дейін іс-шараларына 5,1 миллиард теңге, Целиноград ауданының Талапкер, Нүресіл, Қосшы, Ақмол және Жібек, Аршалы ауданының Жібек жолы ауылында – 4,0 миллиард теңге көше-жол желісін салуға, Целиноград ауданының Қажымұқан, Қосшы, Қараөткел және Шортанды ауданының Ключи ауылындағы жолға 1,1 миллиард теңге көлемінде қаражат бөлінді.

Еліміз бойынша өмір сүру сапасын жақсартуға және өңірлік дамудағы «алшақтықты» азайтуға бағытталған өңірлік саясатты іске асыру мақсатында ірі қалалардың шетін дамытуға Целиноград ауданының Қосшы және Аршалы ауданының Жібек жолы ауылдарында көше-жол желісін салуға республикалық бюджеттен 3,3 миллиард теңге қарастырылды.

Аймақтағы моноқалалардың жол жағдайын жақсартуға да барынша жіті көңіл бөлініп отыр. Айталық, Степногорск қаласында Целиноград көшесіне шығатын Сарыарқа көшесінің жолын қайта жаңарту жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен 56,4 миллион теңге бөлінді. Осы қаражатқа өткен жылдың соңына дейін сапалы жол салынып, көшелер көркейіп қалды. Мұның өзі елге, оның тұрмыс-тіршілігіне деген шынайы қамқорлық екені даусыз.

Ел ішінде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға айрықша әсер ететін жағдайлар да бар. Оның бірі – Қазақстан мен Ресейдің үстіміздегі жылы өтетін өңіраралық форумына дайындық. Қазір Көкшетау айтулы шараға дайындықты ширата түсті. Форумға дайындық шеңберінде, Үкімет резервінен Көкшетау қаласының көше-жол желісін дамытуға 1,2 миллиард теңге сомасында қаражат бөлінген. Сөйтіп, облыс орталығындағы Қопа көлі жағасындағы жол, Н.Назарбаев-Жүнісов көшелерінің, Н.Назарбаев-Абай көшелерінің қиылысындағы жол қайта жаңартылды. Абай көшесіндегі жол орташа деңгейде жөнделіп,



Васильковка шағынауданы мен Сүлейменов көшесінен Н.Назарбаев даңғылына дейін жаңғыртылды.

Барлығы 368,8 шақырым көлік жолын жөндеу жұмысы жүргізілді. Таратып айтатын болсақ, Целиноград ауданына қарасты Қызылсуат, Қажымұқан, Қосшы, Талапкер, Қараөткел ауылдарының кіреберіс жолы күрделі жөнделіп, Ақмол ауылындағы жолды жөндеуден өтті. Оған қоса, Шортанды ауданына қарасты Ключи ауылына кіреберістегі жолдарға қыруар қаражат бөлініп, күрделі жөндеуден өткізілді. Мұндай мысал аз емес.

Зеренді ауданындағы «Қонысбай-Сейфуллин-Қызылсая» көлік жолының 30 шақырымындағы орташа жөндеу жұмыстары, «Жақсы-Державинск» жолының 140 шақырымындағы орташа жөндеу жұмысы аяқталды. «Есіл-Свободное» жолдың 34 шақырымындағы орташа жөндеу жұмыстары жүзеге асырылды. Сондай-ақ Степногорск қаласының «Степногорск-Промышленная зона» автомобиль жолының 5,8-16,5 шақырымы орташа жөнделіп бітті.

Соңғы жылдары облыстағы жол жағдайы біршама жақсарып қалды. Алдағы уақытта да бұл мәселе құзырлы орындардың ұдайы назарында болмақ. Есесіне, тіршіліктің күретамыры түзетілген сайын ел еңсесі де биіктей бермек.

Байкен КӨБЕЕВ, *Ақмола облысы*

Кәсіп пен нәсіп

Бүгінгі күні елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға зор мән берілуде. Осы орайда, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы осы саланы өркендетуге серпін бергенін атап өткеніміз жөн.

НЕСИЕНІҢ НӘТИЖЕСІ ЖАҚСЫ



Қолдық: Ғ.ҚАЛИЕВА

АЗАМАТЫНА ҚАРАП, АУЫЛЫН ТАНЫ

Бұл туралы өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Тимур Нахыпбеков былай дейді: «Мемлекет тарапынан жасалып жатқан көптармақты қолдау жүйесі ауыл шаруашылығын дамытуды, бизнес бастамаларды қаржыландыруды және «Бастау» жобасымен кәсіпкерлік негіздерін оқытуды көздейді. Субсидия, арзан несие, оларды кепілдендіру, оқыту мәселесі жүйеленген. Мемлекет ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсарту, ауылдағы жұмыссыздықты төмендету шараларын мақсаткерлікпен жүргізуде. Мұның барлығы ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға, өнім көлемін арттыруға, еңбек өнімділігін еселеуге және тұрғындарды нәтижелі жұмысқа тартуға ықпал етеді.

Ауыл бизнесін табысты жүргізуге қолдау көрсетудің бір мысалы ретінде Зеренді ауданындағы «Жақсылық Агро» ЖШС базасында жұмыс істей бастаған орталықты атауға болады. Мұнда өңірлік ветеринарлық оқыту және қызмет көрсету мемлекеттік мекемесімен бірлесіп, сүт өндірісіндегі инновациялық қадамдар мен озық тәжірибе қолданысқа енгізіледі. Орталықтың негізгі міндеті – сүт кластеріне қатысушыларға еуропалық деңгейдегі ветеринарлық қызмет көрсету болып табылады. Яғни өнімді тұқым қалыптастыру, бірыңғай мал азығы базасын жасау, сапа көрсеткішін арттыру және бәсекелестік шарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Аймақта қолға алынған «Бастау» жобасы арқылы өңірдің көптеген тұрғыны бизнес-идеяларын жүзеге асыруға, жаңа өндіріс ашуға, қосымша жұмыс орындарын құруға қол жеткізді. Өткен жылы 2070 адам осы бағытта оқытылды. Ал өз жобаларын іске асырғандардың 40 пайызы жұмыссыз азаматтар. 20 пайызы өзін-өзі жұмыспен қамтушылар екені үлкен жетістік.

Айталық, Біржан сал ауданының тұрғыны – «Бастау» жобасының түлегі Сұңғат Нұржасаров мал шаруашылығында жұмыс істеуге ниет білдірген. Ол алғашында 240500 теңге қайтарымсыз грантқа ие болып, тиісті жабдық сатып алыпты. Уақыт өте жас фермердің бизнес-жоспары мақұлданып, «Игілік» бағдарламасымен 4 миллион теңге несие берілген. Бұл қаржыға 14 бас ірі қара сатып алған.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Серік Шайгөзов жоғарыдағы бағдарламаны жүзеге асыру үшін биыл республикалық бюджеттен 3 миллиард теңге қаржы бөлінгенін айтты. Бұл несие 5 жылға, жылдық өсімі 6 пайызбен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы бөлініп, көктемгі дала жұмыстары мен ауылдарда жаппай кәсіпкерлікті дамытуға жұмсалады.

ӨҢІРЛІК КАРТАНЫҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙДІ

Астрахан ауданында өңірлік кәсіпкерлікті дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған картасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік қозғалысы белсенді сипат алды. Әсіресе 2019 жылғы жұмыстың нәтижесін жақсы деп айтуға болады. Қазіргі күні тұрақты жұмыс істеп тұрған нысандардың саны 1285 дана. Бұрнағы жылмен салыстырғандағы көрсеткіш 125 данаға өсіп, 110,8 пайызға жетті. Жалпы, заңды тіркелген нысандарды 86,4 пайызы шағын және орта кәсіпкерліктің еншісінде екендігі мемлекеттік қолдаудың мақсаткерлікпен жүргізілгендігін білдіреді. Әрбір ауылдық округтің болашағы үшін жасалған талдау мұндағы жаңа өндіріс пен қызмет көрсету саласының серпін алатынына сенім тудырды.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қайыр Жұмақаевтың айтуынша, жаңа бизнес жоспарлар негізінде, аудандық үйлестіру комиссиясы 7 ауылдық округте дәріхана, 10 ауылда шаштараз, жетеуінде қоғамдық монша, 3 ауылда наубайхана ашу жоспарын бекітті. Сондай-ақ аудан орталығынан елді мекендердің барлығын көлік қатынасымен қамту мәселесі де шешімін тауып келеді.

Жергілікті кәсіпкерлердің ұмтылыстары күнделікті тіршіліктің барлық саласын қамтып отырғаны жергілікті билік тарапынан қолдау табуда. Солардың ішінен шикізат *(жүн, тері)* дайындау орталықтарын, жылыжай құрылысын, азық-түлік дайындау цехтары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу цехтарын, сүт пен ет сатып алу орындарын, тауарлы-сүт фермаларын, сән салондарын, жол бойындағы қызмет көрсету нысандарын, аңшылық және балық өсіру өндірісін, тұрмыстық қалдықтарды өңдеу ұжымдарын атап өтуге болады. Сонымен бірге сауда, жолаушы және көлік тасымалы қызметіне сұраныс артты. Бұл санаттағылардың қатарына былтыр 145 адамның қосылуы тұрғындардың табысы артып, әлеуметтік жағдайы жақсарғанын көрсетеді.

Өңірлік картадағы ірі жобалар қатарында «Астрахан құс» АӨК» кәсіпорны, «Острогорское» және «Aina Resources» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері бар. Айталық, «Астрахан құс» АӨК» Новочеркасск селосында жылдық қуаты 3000 тонна құс фабрикасын салды. Жобаның жалпы құны 500 миллион теңге. Кәсіпорын «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша екі траншпен 346 миллион теңге несие алған. Мемлекет тарапынан қолдаудың нәтижесінде кәсіпорын заманауи инкубатор, бройлер балапандарын өсіруге арналған екі корпус, құрама жем және ет дайындау цехын пайдалануға берсе, бүгінгі күні үшінші бройлер корпусы мен әкімшілік ғимараты салынуда. Фабрика 2019 жылдың қаңтар-қазан айларында 802,6 миллион теңгенің өнімін дайындады.

«Острогорское» ЖШС Новый Колутон селосында құны 1525,5 миллион теңге тұратын «Жалпы саны 3000 бастық аналық ірі қара мал өсіру» инвестициялық жобасын іске асырды. Мұның 1293,2 миллион теңгесі несие қаражаты. Кәсіпорын Америка мен Канададан асыл тұқымды «Герефорд» құнажындарын сатып алған. Бүгінгі талап деңгейіндегі қоралар мен ашық алаңдар салынып, жаңа жұмыс орындары құрылды. Серіктестік былтырғы он айдың өзінде 138,4 миллион теңгеге бағаланған 582 асыл тұқымды ірі қараны сатуға шығарды.

Ал «Aina Resources» кәсіпорны Ақбейіт ауылында құрамында алтыны бар руда өндіру фабрикасын салуды жоспарлауда. Мұнда жылына 322,2 келі алтын қоспасы шығару көзделген. Жоба алдағы уақытта іске қосылады.

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақмола облысында былтыр 250 жобаға 2,1 миллиард теңге бөлінді. 13,5 миллиард теңге сомасына 131 жаңа жобаны субсидиялау басталды. Ол бойынша 1,8 миллиард теңге мөлшерінде субсидия төленді. 4 миллиард теңге сомасына несиелер бойынша 170 миллион теңгеге 82 кепілдік берілді. 79 миллион теңгеге 34 грант бөлінді. 862,7 миллион теңгеге инфрақұрылым жүргізілді және 376,9 миллион теңгеге 3 жоба мақұлданды.

Өткен жылғы 24 желтоқсанда «Бизнестің жол картасы – 2025» жаңа бағдарламасы бекітілді. Оған шағын және орта бизнесті қолдау тиімділігін арттыру үшін тұжырымдамалық өзгеріс енгізілді. Бағдарламаны іске асыруға биыл 3,1 миллиард теңге бөлінеді.

Өткен жылы «қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларын несиелеу жұмыс да басталды. «Қарапайым заттар экономикасының» портфелі бүгінгі таңда өңдеуші өнеркәсіптің, агроөнеркәсіп өндірістік кешені саласының және 32,9 миллиард теңгеге қызмет көрсетудің 59 жобасынан тұрады. Оның ішінде 7,8 миллиард теңгеге 44 жоба қаржыландырылды және мақұлданды. Оның ішінде 4,4 миллиард теңге сомасына 17 жоба бойынша субсидиялау шартына қол қойылды. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және екінші деңгейдегі банктер 3,5 миллиард теңгеге 27 жобаны мақұлдады. 5 жоба бойынша кепілдік шарттар бекітілді.

Атбасар ауданында 894 миллион теңге несиеге «Баха Sohne» ЖШС сұлы үлпегін өндіретін зауыты, Бурабай кентінде 1938 миллион теңгеге «Астана» астық индустриясы» ЖШС қонақүйінің құрылысы, Степногорск қаласында «Лимфа СИ» ЖШС-нің МРТ аппараты мен медициналық жабдықтарын 180 миллион теңгеге сатып алу сияқты маңызды жобаларға қолдау көрсетілді.

Банктер мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қарауында 17,5 миллиард теңге сомасына 6 жоба, жобалық кеңсенің жұмысында 7,6 миллиард теңгеге 9 жоба бар.

Аталған бағдарламалар мен мемлекеттік қолдаудың өзге де түрін іске асыру оң нәтижелер береді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3,1 пайызға өсіп, 45,5 мыңды құрады. Оларда жұмыспен қамтылған азаматтар 131 мыңнан астам. Жаңадан 7584 жұмыс орны құрылды.

2019 жылғы қаңтар мен қыркүйек аралығында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,1 пайыз өсіммен 556,3 миллиард теңгені құрады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен түскен салық пен төлемдер 43,6 миллиард теңгеге жетті. Бұл өткен жылдың осы мезгілімен салыстырғанда, 17,4 пайызға артық.

Болашақта экономиканың негізі ретінде жеке кәсіпкерлікті дамыту бойынша ауқымды жұмыс мемлекеттік органдардың, қаржы даму институттарының және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жалғасады.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

«Несие мен микрокредиттер ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда микробизнес ашу, ісін жаңа бастаған кәсіпкердің қызметін кеңейту, ауыл шаруашылығы кооперативтерін ашу және зәкірлік кооперацияларға қатысушылардың қызметін дамыту үшін; қалалар мен моноқалаларда (шағын қалалардан басқа) жаңа микрокәсіпорындар құру, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің қызметін кеңейту үшін ұсынылады».

(«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Белес

Елімізде саяхатшылықты дамыту қарқын алып келеді. Әр аймақта жергілікті өңірдің тұмса табиғаты мен киелі жерін аралау, тынығу орындарында сауығу дағдылары қалыптасты. Бұл тұрғыда Алматы облысы өз ерекшелігімен ел назарын аударуда. Әсіресе, туризм Жетісудың жақұт мекеніне айналған Алакөлде алға басып келеді.

ТУРИЗМ МЕКЕНІ



Ақ айдыны тулап, ақ шағаласы шулаған көл, аңқасы кепкен құм дала, ит тұмсығы батпайтын ну орман, асқары аспан сүйген тау, шүйгін шөбі ат бауырын сипайтын апайтөс дала, сарқыраған өзендер, көрікті жазықтар – мұның бәрін аудан аумағынан таба аласыз. Осындай игіліктерге ие өңірдің туризм саласындағы қадамы мықты. Бұл туралы бізге Алматы облыстық туризм басқармасы туристік жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру бөлімінің басшысы Бақытжан Оразбаев былайша әңгімелеп берді: «Өткен жылы Алакөл жағалауында туризмді дамыту мақсатында бірқатар жобалар қолға алынып, жоғары деңгейде орындалды. Айталық, жазғы туристік маусымның ашылуы ұйымдастырылып, көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және туристерді орналастыру орындарының қызметкерлері үшін қонақжайлылық стандартын енгізу бойынша семинар-тренинг өтті. Жазғы туристік маусымға дайындық бойынша жұмыс кестесі бекітілді. «Алакөл көлінің курорттық аймағы» жоспарының тұсаукесері, облыстың туризм саласын дамыту келешегі» тақырыбында дөңгелек үстел, сондай-ақ «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-мен бірлесіп ұйымдастырылған жобалық кеңсенің жиыны өтті.

Ақпараттық басқосуға Алматы, Нұр-Сұлтан, Тараз, Шымкент қалаларынан 40-тан астам туристік фирма және Ақши мен Көктұма ауылдарындағы демалыс аймағы мен базаларының өкілдері шақырылды. Үшарал қаласының әуежайында туристік маусымда келушілерге Алматы облысының туристік әлеуеті, Алакөл және орналастыру орындары жайлы ақпарат беретін «Zhetysu travel» ақпараттық орталығы ашылды. Міне, осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде өңірдегі туризм саласы күн сайын кемелденіп, өркендеп келеді», – дейді.

Иә, Алакөлдің атын асқақтатқан – туризм. Бүгінгі күнге демалыс аймағында күніне 23714 қонаққа қызмет көрсететін 244 демалыс орны жұмыс істейді. Былтыр кәсіпкерлердің жеке қаражатынан 1291 орынды 35 нысан пайдалануға беріліп, аудан экономикасына 2,6 млрд теңгенің инвестициясы тартылды. Соның арқасында демалушылардың саны 1 миллион 340 мың адамға жетсе, 7 млрд 951 млн теңгенің ақылы қызметі көрсетілген.

Алакөлде атқарылып жатқан игілікті істердің бәрі осы өңірдегі туризм саласының дамуына себепші болып отыр. Сондықтан өңірде қандайда да бір нәтижелі жұмыс басталмас бұрын сол жобаның туризм саласын өркендетуге тигізетін ықпалын бірінші ойластыру дағдыға айналған.

Көрікті көлге сапарлай келген меймандар саны алдыңғы жылы 1 миллионнан асып жығылды. 5,9 млрд теңгенің ақылы қызметі көрсетілді. Сол жылы 32 демалыс орны ашылды. Сонымен қатар туризмнің қазаны қайнаған Ақши ауылында көшені жарықтандыру мен жол жөндеуде де ілгерлеу бар. Ал Үшарал әуежайы арқылы ауданға 10 мыңға жуық адам келді. Мәліметтерге сүйенсек, 2015-2019 жылдар аралығында туристер саны 2,4 есеге, ақылы қызмет көлемі 2,7 есеге, жұмыспен қамту 1,5 есеге артқан.



Бұл жерде жергілікті тұрғындар маусымдық жұмыспен қамтылған. Жалақылары да жоғары. Есесіне, меймандарға кәсіби, сапалы қызмет көрсетуге міндеттелген. Мұның барлығы саяхатшыларды көбейтуге, туризмді табыс көзіне айналдыруға дәнекер болып тұр.

Қонақтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында өткен жылы Алакөл демалыс аймағында саябақ құрылысы басталып, биыл шомылу маусымына дейін пайдалануға берілмек. Көл жағалауының 13,6 шақырымын бекіту, демалыс аймақтарына орталықтандырылған ауызсу және кәріз жүйелерін жүргізу, Ақши ауылының жол жиегін абаттандыру, волейбол, футбол және үлкен теннис алаңын салу жұмыстары да басталмақ.

Көл жағалауында қауіпсіздікті сақтау үшін аудан басшылығы алдағы уақытта арнайы көлік қоятын алаңдар дайындап, ескерту белгілерін орнатуды көздеп отыр. Қауіпсіздігі үшін басқа да кезек күттірмес шаралар қолға алынуда.

Біз Жетісу өңіріндегі туризмді дамытуға байланысты қысқаша ғана айттық. Негізінде, бұл аймақта жергілікті туризмді дамытуға мүмкіндік көп. Бұл мәселемен қазір мамандар мықтап айналысуда.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

«Қазақстанның барлық өңірлерінде ауыл туризмін дамыту перспективалары зор болғандықтан, туризм жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қолданыстағыларды жаңғыртуы, ал қажеттілік кезінде жаңа көлік инфрақұрылымын жасауы, өңірде туризммен айналысатын шағын және орта бизнесті қалыптастыру және дамыту үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін айқындауы қажет».

(Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейін тұжырымдамасынан)

Иман айнасы

Адамға дінді жеткізудің бірден-бір жолы – уағыз. Бұл ретте имам айтатын насихатын тақырыптан ауытқымай, жан-жақты, терең, мазмұнды әрі шешендік өнермен байытып, түсінікті етіп жеткізу керек.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының маңызды жұмыс бағыттарының бірі – деструктивті діни ағымдарға алданған азаматтарға түсіндіру жұмысын жүргізу. Осы бағытта еліміздегі күрделі діни аймақтар анықталып, мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып, ауқымды іс-шара жүзеге асты. Жат ағыммен жұмыс үш бағыт бойынша жүргізіліп келеді. Олар – жалпы кездесу, жеке сұхбат және әлеуметтік желімен жұмыс. Адамның теріс діни көзқарасын оңалту оңай емес. Ол уақыт пен жүйелі жұмысты талап етеді. Жеке түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде өткен жылы 520 адам райынан қайтты.

РАЙЫНАН ҚАЙТҚАНДАР КӨП



Жұма уағызын айтудың жаңа үлгісі қалыптасты. Тек діни уағыз ғана емес, қазақтың салт-дәстүрі, ақын-жыраулар мен би-шешендеріміздің, қоғам қайраткерлерінің пәтуалы сөзі уағыз барысында кеңінен насихатталуда.

Жастар арасында діни экстремизм мен радикализм идеясы таралуының алдын алу, шетелдік діни оқу орындарында білім алып жүрген қазақстандық студенттермен жан-жақты жұмыс істеу мақсатында «Талаба» жастар қауымдастығы құрылды. Осы бағытта Түркияда оқып жатқан қазақстандық студенттермен кездесу өтті.

Осы ретте мына мәселеге тоқталғым келеді. Діндарлық пен діни радикализмнің аражігін ажырата алмай, қасаң қағидаларды қатаң ұстанып жүрген кейбір жастар қоғамда ислам туралы бұрыс түсінік қалыптастыруда. Бұл жерде екінші мәселе бар. Ол – баласының діни көзқарасына мән бермей жүрген ата-аналардың мәселесі. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі қашан да маңызын жойған емес.

Тағы бір басты мәселенің бірі – діни сауатсыздық. Қазір Аллаға шүкір діни сауат ашам деген адамға барлық мүмкіндік қарастырылған. Тіпті республикалық «Әзірет Сұлтан» мешіті жанынан Call-орталық ашып қойдық. Еліміздің кез келген тұрғыны өзін толғандырған діни мәселелер бойынша 33-30-30 нөміріне қоңырау шалып, толыққанды жауап алуда. Халық сұранысына орай, жауапты мамандар қазақ және орыс тілдерінде сұхбат жүргізіп келеді. Call-орталықтың тәулік бойы үзіліссіз жұмыс жасауы үшін Елорда мешіттерінің 60 діни қызметкері жұмылдырылды. Білікті мамандардан жасақталған топ арнайы кесте бойы кезекшіліктерін атқарып, тәуліктің кез келген уақытында келіп түскен қоңырауға жауап беруде.

Елордадағы 10 мешітте «Діни ақпарат беру орталығы» да келушілерге өз есігін айқара ашып отыр. Халық сұранысын қанағаттандыру мақсатында іске қосылған бұл жоба түрлі түйткілді тақырып бойынша (неке, талақ, несие, мұрагерлік, т.б.) кеңес сұраған жандармен көзбе-көз кездесіп, сұхбат құрады. Сөйтіп, сұрағына толыққанды жауап алады.

Жуырда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жанынан Call-орталық ашу туралы бастама көтердім. Өйткені, жыл өткен сайын ҚМДБ шығарған пәтуа мен бекіткен құжаттар қоғамда, әсіресе мұсылман қауымы арасында маңызды рөлге айналуда. «Бұған мүфтият қандай пәтуа берер екен?» деген пікір жиі айтылады. Діни басқарманың қоғам алдындағы беделі мен жауапкершілігін ескеріп, мүфтият жанынан Call-орталық ашуды тапсырдым. Бұл бастама халық пен діни басқарма арасында алтын көпір бола алады.

Кейбір азаматтар жеке мәселесін телефон арқылы немесе жеке кездесіп айтқысы келеді. Call-орталыққа кез келген уақытта хабарласып, толғандырған мәселеге байланысты жауап алуға болады.

2013 жылы дәстүрлі діни танымды, төл мәзһабымызды насихаттау мақсатында республикалық ақпараттық-насихат тобы (РАНТ) құрылды. Еліміздегі ең білікті дін мамандарынан құрылған бұл топ мұсылман қауымына дін насихатымен бірге ұлттық мәдени құндылықтардың маңызын түсіндіреді.

2013 жылдан бері РАНТ мүшелерінің тікелей атсалысуымен еліміздегі діни ахуалы күрделі аймақтарда діни оңалту шаралары жүргізілді. Осы ретте айта кетер жайт, ақпараттық-насихат тобына балама ретінде жергілікті ақпараттық насихат тобы құрылды (ЖАНТ). Оның негізгі бағыты – жергілікті аймақтық уағыз-насихат жұмысын күшейту, аудан-ауылдық жерлердегі діни ахуалдың тұрақтылығына үлес қосу. РАНТ мен ЖАНТ ақпараттық-насихат жұмысын жүргізеді. Соның ішінде негізгі жұмыс бағыты ретінде жат ағымды алдын алуға күш салуда.

Еліміздің барлық мешітінде жұма уағызы осыған дейін өзі таңдаған тақырып бойынша еркін түрде айтылса, уақыт өте жұма уағызын бір ізге келтіру заман талабына айналды. Білікті дін мамандары дайындаған тақырып бойынша еліміздегі барлық мешітте бір тақырып аясында жұма уағызын айту жолға қойылды. Жұма уағызының жинағы 3 кітап болып жарық көріп, қалың бұқараға жол тартты.

Бүгінде күнделікті бесін және құптан намазынан алдын жамағатқа бекітілген тақырып аясында уағыз айтуды жолға қойдық. Уағызды жаңа тәсілмен жеткізу мақсатында оны бейнетаспаға түсіріп, ғаламторға жүктеп, қалың бұқараға, әсіресе жастар көбірек қолданатын әлеуметтік желілерге таратып жатырмыз.

Шариғат және пәтуа бағыты – Діни басқарманың негізгі бөлімі, діннің ұстыны. Пәтуа – дінді қоғаммен жалғап, көркем түрде үйлестіретін, соған дәнекер болатын құжат. Пәтуа нұсқау түрінде жазылып, мұсылмандарға жария етіледі. Әрбір пәтуа халқымыздың рухани дамуы мен діни сауатын ашуға бағытталады.

Бүгінде пәтуа беру саласында бірізді жүйе қалыптасып, Орталық Азия елдеріндегі дін қайраткерлері ҚМДБ-ның қабылдаған діни қарарына, қаулысына, үндеуіне, пәтуаларына айрықша назар аударатын деңгейге жетті.

Бөлім діни сұрақ-жауаптың бір арнадан шығуын қамтамасыз ету мақсатында 2015 жылы www.fatua.kz сайтын іске қосты. Сайтта діни білімі жоғары тәжірибелі мамандар жұмыс істейді. Сұрақ қоюшылар саны жыл өткен сайын артып келеді. Мысалы, өткен жылы 5241 сұраққа жауап берілді.

2016 жылы қазақ тілінде «Пәтуалар жинағы» атты кітаптың бірінші томы, 2017 жылы орыс тіліндегі нұсқасы шықты. Онда 20 пәтуа қамтылды.

2018 жылы бөлім мамандарының әзірлеуімен «Жаназа және жерлеу рәсімдері» атты кітап шықты. 2019 жылы «Пәтуалар жинағы» атты кітаптың екінші томы шығып, оған 27 пәтуа енді.

2018 жылы Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының өкілетті мамандарымен болған келіссөздер мен өзара ымыра нәтижесінде діни мерекелерді бір күнде атап өтуге қол жеткізілді.

Бүгінде алысты жақындатып, жақынынды алыстатқан ғаламторға қатысты сұрақ та, мәселе де көп. Жалпы, ғаламтордан жақсыны да, жаманды да табуға болады. Дәстүрді танымымызға, ата сенімімізге селкеу түсіріп, алды саяси соғысқа аттанған жастарды арбау да көбіне осы интернет арқылы жүргені әмбеге аян.

Кейбір жастардың діни білімді ғаламтордан алу арқылы радикалды идеологияның ықпалына түсіп жатқаны жасырын емес. Бүгінгі таңда бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатып отырған ДАИШ сынды жат идеологияның басты ақпарат тарату орны, ол – интернет. Түрлі сайттар мен форумдар, қала берді әлеуметтік желі арқылы дінге сусаған жастарды өз сапына тартудың басты құралы деп білетін лаңкестер интернет жетістіктерін тиімді пайдалануда.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы интернет мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға аса мән беріп келеді. Осы мақсатта ғаламтор желісінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты – www.muftyat.kz іске қосылды.

2019 жылы Елордада өткен III республикалық имамдар форумы қарсаңында мүфтияттың төл «Мұнара» рухани-танымдық газеті оқырманға жол тартты. Айына 2 рет шығады. Рас, бүгінде адамның ой-пікірін бір арнаға бұруда бұқаралық ақпарат құралының маңызы артып келеді. Өйткені, болған оқиғаға әркім әр ракурстан қарайды. Оны өз деңгейінде қорытып, сараптайды. Алайда біз көп жағдайда ақпараттың бәрін ақиқат деп қабылдап, оны өзгеге тарата береді екенбіз. Ал Алла тағала Құранда «Хужурат» сүресінде біреу хабар әкелсе, оны анықтауды, әйтпесе бір елге кесіріміз тиіп кететінін ескерткен. Бұл аят әуелі әр нәрсенің анық-қанығын біліп алуды үйретеді.

«Мұнара» объективті ақпарат таратумен қатар, салт-дәстүр, тарих, білім, медицина, т.б. салалар бойынша ғалымдардың ізденісін, зерттеу мақалаларын тұрақты түрде жариялайды. Өйткені, ислам құлшылық пен тіршілікті үйлестіре отырып, өмір сүруге үндейді.

Ислам – өркениет діні. Ол ешқашан кертартпалыққа жол бермейді. Құран – әр адам баласының білім алып, ізденуіне жол ашатын, надандықтан, зұлымдықтан қашық болуға үйрететін, керісінше ілім мен өркениет жолына бастайтын Хақ кітап. Ислам – ешқашан ғасыр соңында қалмайтын, керісінше ғасырды, заманды алға жетелейтін дін. Төл газетіміздің ұстанымы осы: жастардың санасына сәуле шашу, рухани таным көкжиегін кеңейту.

ҚМДБ жанындағы «Хикмет» телерадиостудиясы алғашқы кезеңде діни-танымдық бағыттағы аудиоөнімдермен қатар бабаларымыздың мол рухани мұрасы, үлгі-өнегесі, аталы сөзін жарыққа шығарды. Сондай-ақ асыл дініміздегі шариғат қағидаларын, Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабын салт-дәстүрімізбен ұштастырып, жұртшылыққа насихаттау мақсатында білікті дін қызметкерлерінің бейне уағызын тарата бастады. Сонымен қатар CD, DVD дисктер мен полиграфиялық өнімдер шығаруды да қолға алды. Қазіргі таңда ел арасында «HikmetTV» атауымен белгілі болып келе жатқан медиақұрылымға айналды.


«Хикмет» телерадиостудиясы ғаламтор кеңістігінде youtube.com порталы арқылы өз өнімін қалың жұртшылық назарына ұсынып келеді. Студия қызметкерлері әзірлеген «Ықылас» радиохабары «Қазақ» радиосынан, «Иман шуағы» телебағдарламасы «Асыл арна» телеарнасынан тұрақты түрде шығып келеді.

Студия халықты рухани-ағарту мақсатында қазақ тілінде және соңғы уақыттары орыс тілінде хабар таратуға көшті.

2015 жылдан бастап студия әлеуметтік-рухани маңызы зор бейнероликтер мен анимациялық өнімдер шығаруды қолға алды.

«Хикмет» телерадиостудиясы көрсетілімдерінің елеулі үлесі шариғат мамандары айтқан рухани-ағартушылық бағыттағы бейнеуағыздарына беріледі. Жыл өткен сайын өнімдердің саны мен сапасына ерекше мән беріп келеміз. Осы жылдан бастап ерекше маңызды бейнеөнімдерді Hikmet.tv порталы арқылы тарата бастаймыз.

Сайып келгенде, бұл бастамалар мен игі жобалар жастарды радикалды діни ағымдардың идеологиясынан құтқарып қалудың қамы. Алайда бұл бағыттағы жұмысты жүзеге асыру баршаға ортақ борыш екенін ұмытпауымыз керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әмин!



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

ҚХА-ға 25 жыл

ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Елімізде Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылуы – ұлтаралық татулық пен бірлікті қамтамасыз етіп, ел дамуына ерекше серпін бергені анық. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық татулықтың бірегей үлгісіне айналған ассамблеяға бүгіндері ширек ғасыр толып отыр.



Бұл орайда Қазақстан Халқы ассамблеясының Алматы облыстық филиалы да өңірде тұратын ұлттар мен ұлыстардың бірлігін, достығын бекемдеп, бірлесе қимылдап барлық қиындықты еңсеруге күш салып келеді. Биыл құрылғанына ширек ғасыр толатын ассамблеяның жүріп өткен жолына көз жүгіртсеңіз, оның бірлік пен береке ұйытқысы болғанына байқайсыз. Осы тұрғыда Алматы облыстық бөлімшесінің орны ерекше екені белгілі. Сондықтан айтулы шаралар татулық шаңырағын құрған Елбасының туған жері Шамалған ауылынан басталды.

«Тұңғыш Президент жолымен» атты халықтық экспедиция жалпыұлттық жобасының салтанаты Жетісу өнерпаздарының ән-жырымен ашылды. Жиналған жұртшылық алдында Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның, «Талдықорған әуендері», «Үшқоңыр» ансамбльдерінің әншілері әуелете ән шырқап, «Алтынай», «Шағала», «Ачимноуль», «Туған жер», «Солнышко», «Темп» би ұжымдары түрлі ұлт билерін жұртшылық назарына ұсынды.

Осыдан кейін мәртебелі меймандар Тұңғыш Президенттің «Атамекен» тарихи-мәдени орталығына арнайы ат басын тіреді. Бұл жерде Жансейіт Қансейітұлы орталыққа ассамблея атынан естелік сыйлық пен Елбасы туралы жазылған кітаптарды сыйға тартты. Сондай-ақ Қарасай ауданындағы «Анаға құрмет» мұражайы мен «Батыр бабалар» мемориалында болып, елінің еркіндігі мен жерінің азаттығы жолында қан төгіп, жан берген аға ұрпақтың рухына тағзым етті.

Өткен жылдар ішінде Қазақстан Халқы ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйымдастырушы әлеуеті толысты. Ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Осы игілікті жұртшылыққа жеткізу үшін



биылғы жылы Қазақстан Халқы ассамблеясының облыстық филиалы бірқатар игілікті шараны өткізуді жоспарлап отыр. Мысалы, 28 ақпанда облыс бойынша «Алғыс айту» күні кеңінен аталып өтпекші. Аталған шара Қаратал ауданындағы «Қазақ халқына мың алғыс!» атты мемориалды ескерткіште бастау алып, облыс орталығындағы республикалық конференция арқылы атқарылған жұмыстың нәтижесін көрсетуді мақсат етіп отыр. «Қазақ халқына мың алғыс!» деп аталатын ерекше ескерткіш 2012 жылы Бастөбе тауының етегінде корей ұлты өкілдерінің елімізде өмір сүріп жатқанына 75 жыл толуы қарсаңында тұрғызылған болатын. Сондай-ақ алдағы уақытта жастардың қатысуымен дөңгелек үстел, форум, семинар, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай кездесулер мен мәдени кештер, этномәдени орталықтардың ұйымдастыруымен этнос өкілдерінің салт-сана, ғұрып-әдетін насихаттайтын маңызды шаралар өтеді. Осылайша «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп деген» қазақ халқының қасиетті дәстүрінің өміршеңдігі паш етілмекші. Айта кетерлігі, жыл бойы өтетін шаралардың жоспары жасалып, оны ұйымдастыру реті айқындалған.

Ұлан-ғайыр өлкеде ұлтаралық татулық пен дінаралық төзімділікті сақтауға үлес қосып келе жатқан Қазақстан Халқы ассамблеясының ширек ғасырда жеткен жетістігін жетісулықтар осылай атап өтпекші. Халықаралық дәрежеде мойындалған бұл құрылым алдағы уақытта да бірлік пен берекенің бастауы болып, тыныштықтың тірегіне айналатыны сөзсіз.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

6 jq BIRLIK
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Ынтымақ

Еліміздегі тұрақтылық пен халық бірлігі, бейбіт өмір – мемлекет дамуының негізі. Қазақстан Халқы ассамблеяның құрылған кезінен бергі уақытта қазақстандық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің моделі қалыптасып, әлемге танылды. Биыл олар ширек ғасырда жеткен жетістіктері мен атқарған шаруаларын қорытындылап, таразылауды мақсат етіп отыр. Бұл ұйым Жетісу жеріндегі өркенді істердің бастамашысы болды. Қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықтың тамырын тереңдетті. Әрине, оның қалыптасуы мен дамуында үлкен қажырлылық пен тынымсыз еңбек етіп жатқаны белгілі. Осы және өзге де сұрақтар төңірегінде Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит ТҰРСЫНБАЙДЫ сөзге тартып едік.

БІРЛІК БЕКЕМ, БОЛАШАҚ НҰРЛЫ

Jas qazaq: Жетісу өңірі былай қарағанда қазақтар жиі қоныстанған жер. Басқа өңірлерге қарағанда бірінші болып Достық үйін салып, этнос өкілдерінің басын бір жерге қостық. Демек, өзге этностардың саны аз болған соң, ассамблеяның жұмысы да өте қарбалас емес шығар?

Ғ.Тұрсынбай: Жалпы, Қазақстан Халқы ассамблеясы Алматы облыстық филиалының басқа өңірлерге қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Себебі біздің аймақта 72 пайыздан астамы қазақ ұлтының өкілдері, ал қалғанын өзге ұлт пен ұлыс өкілдері құрайды. Былай қарағанда, бұл жерде көпұлттылықтың белгісі аса байқалмайды. Бірақ Жетісу жерінде бүгінде 105 ұлттың өкілі қоныстанып, ортақ мақсат, бір тұтас тілек, береке-бірлікпен қатар өмір сүріп жатыр. Олардың қалыптасу тарихы, қоныстану жағдайы, жергілікті қазақ ұлтымен бірге сіңісіп тірлік етуінің өзіндік тарихи себептері бар. Айталық, аймағымыздағы өзге ұлттар мен ұлыстар тұрғысынан алғанда көбірек қоныстанған татарлардың Жетісу жеріне келуінің тарихы ұзақ. Олар кезіндегі Ақ патшаның қысымын көріп, әскерге алынып, басқа да себептермен осы өлкеге тұрақтап қалған. Сонымен қатар біздің меценат, қазақ даласына алғашқы білім шырағын жаққан байлар Қазаннан, Уфадан, Орынбордан, тағы да басқа жерлердегі оқыған, көзі ашық, діни сауатты татар азаматтарын шақырып, осы өлкеде мектеп ашып, мешіт салып, бала тәрбиелеу ісі мен баспа ісін дамытуды да жолға қойды. Олар да кейін тұрақтап қалды. Мысалы, өткен ғасырдың алғашқы жартысында Жетісу жерінде ашылған алғашқы білім ордасы Мамания мектебіндегі оқытушылардың көбі татар ұлтының өкілдері екендігі белгілі.

Биыл Ұлы Жеңістің 75 жылдығын атап өткелі отырмыз. Сол соғыс жүріп жатқан кезде балғар, ингуш, шешен, түрік, грузин, тағы да басқа ұлт өкілдері Кавказдан жер аударылып, осында келген. Сол тұста Қиыр Шығыстан жер аударылған кәрістер Қаратал ауданына келіп, тұрақтап қалды. Тың көтеруге, тағы да басқа желеумен келгендер бар. Демек, біздің аймақтағы 105 ұлт пен этностың өзіндік келу тарихы осылай. Қазақ жеріндегі этнос өкілдерінің мәдениетін, салт-дәстүрін, ғұрып-әдетін сақтап қалу мақсатында 1990 жылдардың өзінде этномәдени орталықтар, бірлестіктер құрыла бастады. Еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жағдайдың күрделі болғаны белгілі. Сол тұста кейбір адамдар: «Қазақстандағы көп ұлт бөлшектеніп, алды-алдына ел болып, келешегі болмайды» деген сияқты сәуегей ойлар айтып, шетел басылымдары мақала жариялап жатты. Алайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әр ұлтты белгілі бір қоғамдық институттың құрамына жинақтауды қолға алып, Қазақстан Халқы ассамблеясын өмірге әкелді. Сонымен 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылып, содан бергі 25 жылда жүрісінен жаңылмай, бағытынан адаспай, баянды дамудың тірегіне айналды.

Jas qazaq: Көп жағдайда, біз этнос өкілдерінің тілі мен ділін, мәдениет пен өнерін, салты мен санасын сақтап қалу үшін мүмкіндіктер жасап жатырмыз. Мемлекеттің ең жоғарғы заң шығару органы саналатын Парламенттің қос палатасында бірнеше депутаттың орны да берілді. Есесіне, этнос өкілдері осы қамқорлықтың қарымтасын қайтарып жатыр ма?

Ғ.Тұрсынбай: Әрине, бұл сұрақ сіздің емес, біраз азаматтардың ойында жүретіні анық. Өйткені, Қазақстан Халқы ассамблеясы – көп елде баламасы жоқ ұйым. Ассамблеяның ұлттар арасындағы ынтымақ пен татулықты сақтаудағы табысын көргеннен кейін біраз елдер бізден үлгі алып, ассамблея жұмысын кейіннен қолға ала бастады. Расында, біз этнос өкілдері үшін көп дүние жасадық. Десе де, оларда бұл қолдауды жанымен сезініп, еліміздегі барлық мәдени шаралармен қатар қиын күндер болғанда көмегінде аяп қалған жоқ. Бәрімізге белгілі, осыдан 10 жыл бұрын Қызылағаш ауылында су апаты болғанда этнос өкілдері жұмыла көмектесті. Айталық, облыстық этномәдени орталығының төрағасы, Көксу ауданындағы «Страйтил» ЖШС директоры Александр Музикин Үкіметтің қаулысы шығып, қаржы бөлінуін күтіп отырмастан, құрылысшылардың сұрауы бойынша кірпіш жіберіп, өз кезегінде ауылдағы үйлердің тезірек салынып, бітуіне қолдау көрсетті. Сол ауылды тұрғызуға кеткен кірпіштің 50-60 пайызын «Страйтил» ЖШС қамдады. Сонымен қатар облыстағы барлық этнос өкілдері жұмылып, Қызылағаш ауылындағы бұрынғы бос тұрған екі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, жастарға арналған спорт орталығын жабдықтап берді. Халыққа қызмет көрсету орталығы да этнос орталығының қайырымдылығы арқылы салынды. Сондай-ақ облыстық неміс этномәдени орталығы аймақтағы экологиялық мәселелермен айналысып, туризм саласының дамуына үлкен қолдау танытуда. Мысалы, олардың қаржысымен Қора шатқалындағы «Таубұлақ» демалыс аймағы ашылып, ол бір жағынан шетелден өңірімізге туристерді тарту жұмысымен айналысса, енді бір жағынан, жастарды табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау, табиғат аясында көңілді демалуды насихаттайтын түрлі шаралар ұйымдастырып, семинар, тренингтер өткізіп келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Балқаш көлінің маңындағы сексеуілдер оталып, жойылудың аз-ақ алдында қалған жүз гектар аумаққа сексеуіл егуді қолға алды. Қазір сол сексеуіл толық өсіп, бүлінген табиғат қайта қалпына келді.

Корей этномәдени орталығы «Тарихи Отанмен байланыс» жобасы аясында Оңтүстік Кореяның Хундие медициналық орталығымен бірлесе отырып, кейінгі үш жылда елімізде тегін емдеуді ұйымдастырып келеді. Кореяның мықты дәрігерлері осы жерге келіп сырқаттарды қабылдап, медициналық кеңес берумен қатар, жергілікті дәрігерлермен тәжірибе алмасып, курс, конференция өткізіп, игілікті жұмыс істеуде. Олар биыл кореялық және жергілікті мамандардың қатысуымен ауыл шаруашылық саласына арналған халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ Оңтүстік Кореяның «Frent Azia» атты құрылыс компаниясы соңғы үш жылда жалғызілікті, үйі өртеніп кеткен, жағдайы нашар отбасылардың 40-тан астам тұрғын үйін тегін күрделі жөндеуден өткізіп берді. Айта кетерлігі, бұл үйлердің барлық материалын Оңтүстік Кореядан әкеліп, құрылыс барысында Талдықорған политехникалық колледжінің студенттерін жұмысқа тартып, материалдарды қолдану тәсілі, құрылысты қалай салу туралы тәжірибесімен де бөлісіп келеді.

Әрине, осындай игілікті істердің әлі талайын тізіп беруге болады. Қысқасы, этномәдени орталықтардың өлкеге жасаған жақсылықтары да ескерусіз қалған жоқ. Еңбегінің өтеуі үшін мемлекеттік марапаттармен марапатталып жатқандары да жетерлік.

Jas qazaq: Қазір көптеген жерлесіміздің танымында ассамблея тек этнос өкілдерінің ғана жұмысымен айналысады деген түсінік бар. Расында, солай ма? Әлде, басқа да бағыты бар ма?

Ғ.Тұрсынбай: Ассамблеяның негізгі бағыты – халықтың ынтымағы мен бірлігін сақтай отырып, Тәуелсіздіктің баянды болып, мемлекеттің дамуына ықпал ету. Осы тұрғыдан көптеген адамдар сондай ойда болатыны анық. Алайда біздің басқа да жұмыс бағыттарымыз көп. Айталық, қазір облыстық ассамблея жанында «Жетекші журналистер клубы» жұмыс істейді. Оған облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Идигов жетекшілік



етеді. Бұл клубқа аудандық газеттердің редакторлары және өңірдегі ассамблея жұмысы туралы жазып жүрген, жазуға ынталанып жүрген жас журналистер тартылған. Оларға бұқаралық ақпарат құралдарымен қалай жұмыс жасау керектігі, материал дайындауда ескеретін жайттар, жаңа айдарлар ашудың жолдары сияқты түрлі бағытта тәжірибе үйретіледі. «Бал тамған тілден у да тамады» дегендей, ұлттар арасындағы ынтымақ пен бірлікке сына қағатын тақырыптарға дөп келгенде, оны жұртқа дұрыс қалпымен жеткізу үшін не істеу керектігі де үйретіледі. Осы бойынша апта ай сайын республикалық және облыстық баспасөздерді қадағалап, мониторинг жасап, қанша мақала жазылып, бейнесюжет эфирге шығарылғанын біліп отырамыз.

Өткен жылғы жұмыстың нәтижесі бойынша Панфилов ауданындағы «Жаркент өңірі» газеті бірінші орын алды. Себебі бұл ауданда 40-қа жуық этнос өкілі тұрады. Газет қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде шығады. Олар мейлі қай тілде жазса да, мақалалардың мазмұны, ойы, түйіні береке-бірлікті сақтау, ынтымақты бекемдеу, өзара құрмет ету бағытынан ауытқыған жоқ. Сондай-ақ былтыр журналистер арасында өтетін «Шаңырақ» атты республикалық байқауда «Қазақстан» телеарнасының тілшісі Қуаныш Қанатұлы облыстық ассамблеяның жұмысы туралы түсірген материалдары үшін бас жүлдені жеңіп алды. «Жетісу» телеарнасынан Ардақ Қисаев, облыстық «Огни Алатау» газетінен Хасан Еспановтар да жүлдегер атанды. Кейінгі жылдары облыстық «Жетісу» телеарнасымен бірлесіп, «Единий народ» деп аталатын арнайы телебағдарлама ашып, орыстілді этнос өкілдеріне мемлекеттік саясатты, ұлтаралық келісім туралы атқарылатын жұмыстарды түсіндіріп отырамыз.

Jas qazaq: Сіздерде ғылыми-сараптамалық жұмыстар жүргізіліп тұрады деп естіп едік...

Ғ.Тұрсынбай: Қазіргі заманда атқарылған жұмысты, алдағы уақытта қолға алатын жоспарларды ғылыми түрде сараптап отыру керек. Өйткені, әр шаруаның түпкі себебін толық білмей, оның келешегіне болжам жасауға келмейді. Кездескен мәселеге нақты шешім қабылдау да қиын. Осыған орай, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында Қазақстан Халқы ассамблеясының кафедрасы қоғамдық негізде жұмыс істейді. Ғылыми-сараптамалық топтың төрағасы – университет ректоры Қуат Баймырзаев. Өткен жылдары біраз жобаны жүзеге асырдық. Мысалы, «Рухы бекем, киелі мекен Жетісу» атты экспедиция ұйымдастырып, Алакөлден Алатауға дейінгі аймақты аралап, республикалық, облыстық маңызы бар тарихи, киелі жерлерді анықтап, көркемсуретті жинақ шығардық. Сондай-ақ этносаралық қатынасты дамыту үшін әр тоқсан сайын, әр өңірде әлеуметтік сауалнама жүргізіп отырамыз. Сауалнама негізінде қай өңірде қандай жұмыс жүргізу керектігін пайымдап, жергілікті атқарушы органдарға ұсыныспен шығып, атқарылуын қадағалап отырамыз. Халқымызда: «Тәрбие – тал бесіктен» деген нақыл бар. Тәрбиенің түп-төркіні ананың ақ сүтінен басталатыны анық. Осыған орай, аналармен жұмыс маңызды орынға қойылған. Қазір аудан, қала, ауылдық округтерде төрт жүзден астам аналар кеңесі ассамблея жанында жұмыс істейді. Біз сол аналар арқылы береке-бірлікті, ынтымақты сақтау мәселесін, мемлекеттік тілді үйрету жолдарын насихаттап отырамыз. «Ана бітімгер» жобасы арқылы отбасы құндылығын сақтауды қолға алдық.

Отбасы құндылығын сақтауда тынымсыз еңбектеніп жүрген Сарқан ауданындағы Гүлшаруан Қалиева деген апамыздың игілікті ісін таратып айта кетуге болады. Ардагер ұстаз «Ана бітімгер жобасы» аясында көптеген жас отбасыны ажырасудан сақтап, берекелі өмір сүруге жол көрсетті. Қазір жергілікті АХАЖ бөлімі ажырасуға арыз жазғалы келгендерді бірінші сол кісіге жібереді. Ол кісі олармен кездесіп, әңгімелесіп, себебін анықтап, ақыл-кеңесін айтып, татуластырады. Бүгінге дейін төрт жүзге жуық бала сол кісінің арқасында тірі жетімдіктен құтылды. Біз бұны басқа аудандарда үлгі ретінде қолдануға көштік. Талдықорғандағы Салтанат сарайының директоры Наталия Хаменконы да облыстық ассамблеяның мүшелігіне қабылдап, жастар үйленген кезде неке қуәлігін беріп қана қоймай, ардақты аналарды шақырып, ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар беріп тұруды тапсырдық.

Jas qazaq: Облыстық ассамблея жанынан құрылған қоғамдық келісім кеңесінің жұмысы туралы айтып өтсеңіз?

Ғ.Тұрсынбай: Қоғамдық келісім кеңесі облыстық ассамблея жанына құрылып, жұмыс істегелі біраз жыл болды. Оны Мәжілістің бұрынғы депутаты, еңбек ардагері Оралбек Жақиянов ағамыз басқарады. Бұл кеңестің жұмысына аймақтағы кез келген елді мекеннің күнделікті санитарлық тазалығынан бастап, қоғамдағы өзекті мәселелерін қадағалап отырады. Кеңес Елбасының тікелей тапсырмасымен құрылған. Алғаш облыста үшжақты келісім бойынша жергілікті атқарушы билік, қоғамдық ұйымдар, жергілікті полиция бөлімшесі негізінде, қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында құрылды. Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу, ел арасындағы түсіністеушілікті жою мақсатында жұмыс бастап, кейін еліміз бойынша таралып, барлық өңірде қоғамдық келісім кеңесі құрылды. Қазір бұл кеңес «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір тармағы «Туған жер» бағдарламасы аясында жұмыс атқарылуда. Осы кеңес құрылғалы бері мыңның үстіндегі келеңсіз жағдайларды талқылап, шешім шығарды.

Jas qazaq: Сіздер қолға алған «Қазақтану» жобасы бойынша атқарған жұмыстарға да таңдана қарайтындар бар сияқты. Себебі неде?

Ғ.Тұрсынбай: «Қазақтану» жобасын алғаш бастаған кезімізде түрлі пікір айтқандар болды. «Қазақстанда, әсіресе қазағы мол Жетісу жерінде тұрып «Қазақтану» мәселесі не үшін керек?» деген сұрақ та қойылды. Расында, отарлық саясаттың кесірінен, қандастарымыздың қуғын-сүргіннің салдарынан жан-жаққа тарыдай шашылып тарап кетуі себепті көптеген ұлттық құндылығымыздан айырылып қалдық. Соны танып-біліп, асылдарын қайта қалпына келтіру үшін «Қазақтану» жобасын қолға алдық. Осы арқылы халқымыздың ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүр, ғұрып-әдетін қайта қалпына келтіру үшін еңбектенудеміз.

Бұл бағытта өткен жылы «Қымызмұрындық» деп аталатын шараны бастадық. Ұлттық тағамдарымызды, оны жасау үшін істетілетін тұлып, саба, көнек, саптаяқ, тағы да басқа құрал-жабдықтарды, тұрмыстық бұйымдарды насихаттауға мүмкіндік туды. Сондай-ақ өткен жылы «Сірге мөлдіретер» шарасын бірінші рет өткіздік. Мұны бір жерлерде «Сірге жияр», тағы да басқаша атайды екен. Біз «Сірге мөлдіретер» дегенді жөн деп таптық. Сонда бір байқағанымыз, қазақ халқының өзінің өткен бабаларының өміріне деген ынтызарлығының тереңдігі. Осы барыста «Үздік келін», «Үздік ене», тағы да номинациялар бойынша жүлдегерлерді анықтап, жұртты шабыттандырдық. Бұл алдағы уақытта да жалғасады.

Jas qazaq: Биылғы жыл мерекеге толы. Сіздер қандай дайындық жасап жатырсыздар?

Ғ.Тұрсынбай: 1 наурыз – Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылған күні. Сонымен қатар бұл күн Алғыс айту күні ретінде де атап өтіледі. Осыған орай, біз атаулы күндерді атап өту мақсатында облыстағы колледждерде «Парасат күні» атты тәрбиелік сағатты ұйымдастыруды жөн көрдік. Сондай-ақ шығармалар, сурет байқауын, пікірталас, тағы да басқа көп жоспар бар. Өз кезінде ол туралы баспасөздерге ақпарат береміз. Түптеп келгенде, елге, жерге, халыққа, бір-бірімізге деген құрмет сезімді қалыптастыруға күш саламыз. Тарихи тұлғаларға байланысты да өңірдегі этномәдени орталықтарына Әл Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген тақырыпта кездесу, семинар ұйымдастыру жоспарда бар.

Жуырда облыстық «Нұр Отан» партиясы филиалымен бірлесіп, «Ортақ Абай» атты өзге этнос жастарының арасында Абай шығармаларын насихаттау мақсатында байқау өтті. Қалған жоспардағы шараларда рет-ретімен өткізіле береді.

– Сұхбатыңызға рахмет.



Сұхбаттасқан Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

6 jq AIMAQ
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Ынтымақ түбі – береке

Өткен ғасырлардың қиын-қыстау кезеңінде коммунистік режимнің құғындауымен қазақ даласына тұс-тұстан өзге ұлт өкілдері күшпен көшіріліп, азып-тозып келіп, қоныстанып жатты. Сол этнос өкілдерінің бүгінгі ұрпағы аталарының сол қаралы күндердегі қиындығын ұмытпақ емес. Бастарына күн туған жылдары қазақ халқынан жылылық көріп, бір үзім нанды тең бөліп жеген жандар тілі, түрі, діні бөлек болғанына қарамастан, өзара оңай бауырласып кетті. Осы күні Тәуелсіз қазақ топырағында бейбіт ғұмыр кешкен ұлттарды қазақ халқының жанашырлығы біріктірді.



ҚАЗАҚҚА АЛҒЫС ЖАУҒАН КҮН

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жарқын оқиғалардың бірі 1995 жылғы 1 наурызда жаңа этносаралық қатынастар институты – Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылуы. Құрылған күннен бастап барлық ұлттық-мәдени орталықтар мен этнос өкілдерінің басын қосып, бір мақсат – ынтымақ пен келісім аясында біріктірген Қазақстан Халқы ассамблеясы мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруда маңызды қадам болды. Өйткені, еліміз үшін сол тұста бейбітшілік пен тыныштықты сақтау өте қажет еді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050 Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстан Халқы ассамблеясы мәдениеттер диалогының бірегей еуразиялық үлгісіне айналғанын атап өтті. Расында ассамблеяның облыстық бөлімшелері мен этномәдени орталықтар бүкіл әлемге әртүрлі этнос өкілдерінің бейбітшілікте, достық пен келісімде өмір сүріп, ынтымақтаса, тіршілік ете алатынын дәлелдеді.

Осындай берік ынтымақты одан ары өркендету үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес күнтізбемізге жан жадыратып, мерейімізді өсіретін ерекше бір мереке енгізілгелі төрт жыл өте шықты. 2016 жылы алғаш рет тойланған Алғыс айту күні аз уақыттың ішінде ұрпымызда бар ұғымырлық мерекеге айналып үлгерді. Соның нәтижесінде, ауызбіршілігіміз артып, жоғалғанымызды тауып, өшкенімізді жағып, бір-бірімізге деген ілтипат-құрметіміз күшейіп, төрт құбыламыз түгенделе түсті. Сондай-ақ бұл күн көктемнің алғашқы күні болғандықтан, жанымыз жадырап, жүрегімізге жылылық еніп, жанымызға жақын жандарға ыстық ықыласпен жүрек сөзін арнап, жабыққанға жігер сыйлайды. Ең бастысы, бұл мерекенің құндылығы – тар заманда талай ұлттың баласын бауырына басқан, адамзатты алалап бөлмеген, Алаш жұртының алтын діңгегі – дарқан мінез қазақ халқына Алғыс айту. Өйткені, бұл күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні. Қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейірімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.



Биыл Алматы облысында Алғыс айту күні жоғары деңгейде өтіп, ел мен елді біріктіріп, жұрт пен жұртты жақындатқан тамаша дәстүрлі шараларымен ерекшеленді. Сол қатарда Талдықорған қаласындағы Достық үйінде «Бірлігіміз жарасқан» атты форум өтті. Оған ел ағалары мен қоғам қайраткерлері, этнос өкілдері қатысып, жүрекжарды лебіздерін білдіріп, береке мен ынтымақтың берері мол екенін айтысты.

Сол қатарда Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай: «Алғыс айту күні – халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиеттерін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси құғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым құған сайын далаға жеткен көптеген халықтардың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде Алматы облысында тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 100-ден астам этнос өкілдерінің кең-байтақ еліміздегі бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуі жақсы сөзбен дәріптеледі. Алғыс айту күнін атап өтудің мақсаты айқын. Елбасының достық, татулық, толеранттылық, сыйластық, төзімділік қағидаларының негізінде Алғыс айту мерекесін жас ұрпаққа түсіндіре білуіміз керек. Қазақ халқының этнографиясын, тарихын, мәдениетін, шаруашылығы мен дәстүр-салтын, ел бірлігін насихаттаудың кілті, меніңше, мемлекеттік тілді білуде жатыр. Біз кейінгі ұрпаққа осы құндылықтарды ұғындырғанымыз абзал. Үйрену аз, білу керек, білу аз, меңгеру керек, меңгеру аз, қабылдау керек, қабылдау аз, орындау керек. Яғни тұрған еліңнің әдет-ғұрпын, салтын, тілін біліп, жан дүниесін ұғу – әрбір қазақстандықтың борышы болуы тиіс», – дейді.



Осы күннің еліміздегі береке-бірлік пен ынтымақты ұйытатын қастерлі шараға айналғанын халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның Құрметті журналисі, облыстық «Жетісу» газетінің Бас редакторы Әміре Әрін былай жеткізді: «Біздің бабаларымыз – ұндар да, түріктер де, қыпшақтар да өткен замандарда Еуразиядай алып материктің басты интеграторы болған». Бұл сөзді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында айтқан. Мұндағы интегратор көшбасшы, негізін құраушы, алтын арқау деген мағынаға саяды. Демек, бабаларымыз сол кездің өзінде Еуразияның көшін бастаған данышпан болған еді. Егер, Түркия мемлекетіне барсаңыз, ағайындар: «Атажұрттан келген бауырларымыз» деп құшақ жая қарсы алады. Бұл біздің ұлы халық екенімізді көрсетеді. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджер «Қазақстан – бүкіл әлемдегі өркениеттің алтын бесігі», – деген анықтама берген. Ендеше, Ұлы дала елін алтын бесікке теңеуінің өзі біз үшін үлкен құрмет, қошемет. Сондықтан елін, жерін, Отанын, қазағын бар жүрегімен жақсы көретін патриот ұрпақ тәрбиелеуіміз керек, – деген қаламгер қазіргі қазақ тілінің арғы асыл арнасы мемлекеттік тіл дәрежесінде қолданылғанын айтып, ана тіліміздің мерейін үстем ету бәріміздің азаматтық борышымыз екенін жеткізді.

Сонау нәубет жылы өз ұясынан жат жерге жер аударылып, солақай саясаттың тауқыметін көрген қаншама ұлт өкілі бар. Сондай қиын-қыстауды басынан өткізген отыздан аса ұлттың өкілі Қаратал ауданына орын тепкен еді. Солардың арасында корей ұлтының өкілдері Бастөбе ауылына орналасып, күн кешті. Адамның айдауымен келген ұлтқа қазақ халқы қайырымдылық танытып, бауырына басты. Қазір дәл сол аймаққа өздерінің ескерткішін орнатып, жыл сайын осы мерекеде бас қосып, қазақ халқына алғысын айтып, киелі орынға тағзым жасау дәстүрге айналған.



Корей этномәдени орталығының ақсақалдар алқасының төрағасы Виктор Пак: «1937 жылдың 21 тамызында Сталин мен Молотов қол қойған «Қиыр Шығыстағы шекараға жақын аудандарда тұратын корей халқын көшіру туралы» КСРО Халық Комиссарлары кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитетінің қаулысында корейлерді депортациялау жөнінде ресми нұсқау берілгені белгілі. Онда Қиыр Шығыстағы корей халқын Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі мен Балқаш өңіріне және Өзбек КСР-іне 1938 жылдың 1 қаңтарына дейін көшіру керектігі айтылған. Қазір олардың көпшілігі Қызылорда облысы мен Қаратал, Көксу аудандарына орналасқан. Жолдан әбден қажып, қалжыраған корей ұлтын қазақтар құшағын айқара ашып, емен-жарқын көңіл-күймен қарсы алды. Қаншама қайғы-қасірет пен құғын-сүргінді басынан өткерген қазақ халқы тағдырлас корей халқының жан күйзелісін тереңнен түсініп, бауырына басты», – деді.

2016 жылдан бері атап өтіліп келе жатқан Алғыс айту күні жылда Бастөбедегі «Қазақ халқына мың алғыс» ескерткіші түбінде тек аудан ғана емес, облыс деңгейінде атап өту салтқа айналды. Бұдан кейін де дәл осылай бола беретіндігі анық. Осы тұста тағы айта кету керек шығар, «Қазақ халқына мың алғыс» деп аталатын ескерткіш 2012 жылы Бастөбе тауының етегінде корей ұлты өкілдерінің Қазақстанда өмір сүріп жатқанының 75 жылдығы қарсаңында тұрғызған болатын. 1937 жылы күштеп жер аудару нәтижесінде қазақ жеріне тұрақтаған корейлердің қазақ халқына деген құрметінің белгісі болып тарихта қалды. Оған Қазақстан корейлер қауымдастығы бастамашы болып, Қазақстан Халқы ассамблеясы, Алматы облысы мен Қаратал ауданының әкімшілігі және Корея елшілігі қолдау көрсетті. Құғын-сүргін құрбандарының 15 жылдығы мен Қазақстан мен Корея арасындағы қарым-қатынастың орнығуына 20 жыл толуымен тұспа-тұс келген бұл шара тек Алматы облысы ғана емес, күллі республикаға үлгі-өнеге болды деуге болады. Мәселен, «Қазақ халқына мың алғыс» деген атпен, одан кейін арнайы монумент 2012 жылдың қазанында Орал қаласында ашылды. Ал 2016 жылы Шымкентте монумент, 2017 жылы Ақтөбеде стелла, 2018 жылы Астанада монумент тұрғызылды.

Осы игіліктің түп-төркінінің қайда жатқанын Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бұлдыбаевтан былай тарқатты: «Алғыс айту күні – халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиеттерін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси құғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым құған сайын далаға жеткен көптеген халықтың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің кең-байтақ еліміздегі бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуі жақсы сөзбен дәріптеледі. Жалпы, бейбітшілік достық пен келісім құндылықтары Қазақстанның көпэтносты халқының тарихи тағдырымен ұштасқан. Алғыс айту күні Елбасының бейбітшілік пен келісім саясаты нәтижесінде елімізде қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің бірегей үлгісі салтанат құрған күн. Бұл күн біртұтас азаматтық қағидаттарына негізделген елімізді дамыту арқылы ел бірлігін нығайтудың жарқын үлгісі. Алғыс айту күні дегеніміз – қайырымдылық дәстүрді, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні», – деп түсіндірді.

Тоқтаусыз зырлаған уақыт ассамблеяның этностарды біріктірудегі, өзара құрмет көрсетудегі, шыдамдылық танытудағы, ұрпақ сабақтастығындағы рөлі қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Құрылғанына биыл 25 жыл толып отырған Қазақстан Халқы ассамблеясы тұрақты даму жолынан өтіп, халықтық дипломатия институтына айналды. Ұлы дала еліне тәлкегінен айдауымен келіп, өсіп-өнген, үрім-бұтағын жайған 130-дан астам этностың басын қосатын бұл институт республиканың тұрақтылығы мен үдемелі дамуын сақтауда үлкен рөл атқарды. Тіпті этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған мемлекет саясатының табыстылығын бүкіл әлемге көрсетті.

Жетісу жеріндегі тұрақтылық пен тыныштықтың ұйтқысына айналып отырған облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы қоғамның мызғымас құндылықтарын насихаттауға арналған көптеген іс-шара өткізуде. Ассамблея мүшелері, облыстық этномәдени бірлестіктердің төрағалары да қазақ тілін дәріптеу мақсатында аянбай еңбек етуде. Әзірбайжан этномәдени орталығының төрағасы Аслы Осман, республикалық «Қазақстан-Корея» достық қоғамы облыстық филиалының төрағасы Клара Хан, Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінің Бас редакторы Атсалим Идигов, корей этномәдени орталығынан Владимер Ли қазақ тілінің жанашырлары болып танылды. Сонымен қатар Алматы облыстық Достық үйінде мемлекеттік тілді меңгеруге арналған «Қазақ тілі» орталығы да тегін жұмыс істейді. Бұл басқа этностар арасында мемлекеттік тілді дамытуға ықпал етері анық. Сондықтан өңіріміздегі этнос өкілдерінің жетісулықтарға айтар алғысы көп.

Қаратал ауданы «Славян қозғалысы» этномәдени орталығының төрайымы Валентина Спиридонова: «Алғыс деген сөздің өзінде қаншама мән-мағына жатыр десеңізші?! Алғыс – ізгі ықыластың, жақсы ниеттің, көрсетілген қайырымдылық пен мейірімділіктің, ақ пейілдің жиынтығы. Осы тұрғыдан келгенде, өз басым алғысты алдымен көкте Аллаға, жерде дарқандығы даласынан дарығаң, тектілікке бабасынан жарығаң, сөзі қуатты, жүзі шуақты, тілегі тұнық, ниеті ақ, тумысынан таза, арамдықтан ада, қиянаттан шет, жаны таза, жүрегі пәк, ешкімді жатсынбайтын, кісінің түріне, нәсіліне қарап бөліп-жармайтын, алысты жақындатып, аразды татуластыратын, баршаның баласын бауырына басқан, мейірімін, қайырымын аямай да, аянбай да күннің нұрлы шуағындай төңірегіне шашып, мейірімін төге білетін, бүгінгі жарқын күнге жеткізген, үбірлі-шүбірлі еткен, арынан аттамаған, мен үшін бәрінен биік қазағыма жаудырамын! Қазағымның тарихына тағзым етіп, өмір бойы құрметтеп, киелі тілі мен құдіретті сөзін қадірлеп, алдарында бас иіп өтемін», – деп өзінің жүрекжарды лебізін жеткізді.

Ел мен жердің тыныштығы, халықтың әл-ауқатының артуы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық келісім мен бейбітшілікке, ұлтаралық татулық пен дінаралық сыйласымға тікелей тәуелді. Келісім, бейбітшілік, татулық, сыйластық орныққан жерде даму да, алға жылжу да, халық санының өсуі де орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің өркендеп, ел мен жердің жақсылыққа кенелуіне ынтымақ пен тұрақтылық тікелей әсер етеді. Бұл жағынан алғанда мемлекетіміздің өзге елдерге үлгі болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені, талай ұлттың баласына қарашаңырақ болып, жер аударылғандарды туғанындай күтіп алған қазекеңнің жақсы қасиеті бүгінгі Қазақстандағы әр ұлт халқының бойына сіңгені анық. Биылғы Алғыс айту күнінен осыны аңғардық.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

ЕНДІ «АЛДЫМЕН ЭКОНОМИКА» ДЕЙМІЗ БЕ?

Мұнай бағасындағы тұрақсыздық ең алдымен қазба байлықтың тілеуін тілейтін

Қиын түйін

(Басы 1-бетте)



LLP <GO> to Open in Launchpad

News Settings — World Equity Indices

Americas — Movers — Volatility — Ratios — Futures — Δ AVAT — 10D — %Chg YTD — EUR

1) Americas	2Day	Value	Net Chg	%Chg	Δ AVAT	Time	Adv/Dcl	%Ytd	%YtdCur
11) DOW JONES		23883.68	-1981.10	-7.66%	-31.10%	09:52	0/26	-16.31%	-17.80%
12) S&P 500		2758.30	-214.07	-7.20%	-37.89%	09:52	2/413	-14.62%	-16.15%
13) NASDAQ		7974.30	-601.32	-7.01%	-32.17%	09:52	83/2355	-11.13%	-12.71%
14) S&P/TSX Comp		14608.24	-1566.78	-9.69%	-4.68%	09:52	0/228	-14.39%	-19.60%
15) S&P/BMV IPC		39131.92	-2256.86	-5.45%	-6.52%	09:52	0/35	-10.13%	-21.43%
16) IBOVESPA		88178.33 d	-9818.45	-10.02%	+11.09%	09:31	0/73	-23.75%	-36.93%
17) CHILE SLCT		4052.30 d	-177.16	-4.19%		09:32	0/28	-13.22%	-23.87%
18) Colom COLCAP		1452.38 d	-50.46	-3.36%		09:31	0/20	-12.63%	-26.41%
19) ARG MERVAL		35222.43 d	-1549.77	-4.21%	+6.75%	03/06 c		-15.48%	-20.39%
20) S&P/BVL Peru		18312.01 d	+26.07	+0.14%	-33.33%	09:31	0/2	-10.79%	-16.39%
2) EMEA									
21) Euro Stoxx 50		2964.00	-268.07	-8.29%	+75.48%	09:52	0/50	-20.86%	-20.86%
22) FTSE 100		5929.50	-533.05	-8.25%	+105.03%	09:52	0/100	-21.38%	-23.65%
23) CAC 40		4728.57	-410.54	-7.99%	+82.96%	09:52	0/40	-20.90%	-20.90%
24) DAX		10634.25	-907.62	-7.86%	+78.26%	09:52	0/30	-19.74%	-19.74%
3) Asia/Pacific									
31) NIKKEI		19698.76	-1050.99	-5.07%	+63.25%	02:15 c	4/221	-16.73%	-13.05%
32) HANG SENG		25040.46	-1106.21	-4.23%	+105.41%	04:08 c	0/50	-11.17%	-12.53%
33) CSI 300		3997.13	-141.37	-3.42%	-3.44%	03:00 c	21/278	-2.43%	-3.96%
34) S&P/ASX 200		5760.56	-455.65	-7.33%	+37.38%	03:28 c	3/197	-13.82%	-20.04%

«ҚАРА ДҮЙСЕНБІ»

Осы екі ел Австрия астанасында ОПЕК атынан сөйлейтін Сауд Арабиясының күнделікті өндіріс көлемін 1-1,5 млн баррельге азайту жөніндегі ұсынысын қолдамады. Ресеймен біртұтас экономикалық одақта әрі шетке жөнелтетін мұнайының дені орыс жері арқылы өтетін Қазақ елінің бұл жерде ынтымақтастық танытып, көршісіне қолдау көрсеткені белгілі. Оның үстіне, еліміздің әлемдік мұнай нарығындағы үлесі де тым көп емес. Ал Мәскеу «brinksmanship» *(жартастың жиегімен жүру)* тәсілін елестетін көзсіз тәуекелге неге барды? Көзсіз дейтініміз, бұл тәуекел өзімен бірге кесапатын қоса әкелді. Жексенбі күні ресми Әр Рияд өндіріс көлемін арттырып, Азия, Еуропа және Америкаға «қара алтынды» 6-8 пайыз арзанға сататынын мәлімдеді. Сол-ақ екен, мұнай бағасы төмен құлдилады. Ілешала рубль арзандап, доллар мен еуроға шаққанда бағамы 75 пен 85-ке дейін арзандады. Бұған қоса, халықаралық биржаларда Ресейдің «Новатэк», «Лукойл», «Роснефть», Сбербанк сияқты аса ірі компанияларына тиесілі акциялар құнын жоғалтты. Демалыс күні болса да, Ресей Банкі мәлімдеме жасап, 30 күн бойы ішкі нарықта валюта сатып алмайтынын хабарлады.

аңғару қиын емес. Нью-Йорк биржасында Occidental, Apache және Devon Energy секілді «қара алтын» өндірушілердің активі бір күнде 41 пайызға дейін арзандауы осыған дәлел.

Бәзбір сарапшылар мұнайдың арзандауын алдағы қарашада Америкада өтетін президент сайлауымен байланыстырады. Олардың жорамалына сенсек, бұған дейін әр төрт жыл сайын баға құлдырап отырған. Дауыс беруші, яғни тұтынушы арзан жанар-

Қазақстан сияқты елдерге жайсыз. Ұлттық ақшаның салмағы жеңілдеп, инфляция, яғни қымбатшылық құтырып шыға келеді. Бір қызығы, «қара алтын» қымбаттаса да, арзандаса да, біздің теңгенің халі үнемі мүшкіл. Осы парадоксты Ұлттық банк те, отандық экономистер де түсіндіре алмай-ақ қойды. Әйтеуір кілтипанның біреуі валюта саудагерлеріне кеп тірелетіні белгілі. Әр девальвация болған сайын солардың қанжығасы майланады. Бұл жолы да солай. Демалыс күні Қазақстан



Әлгі сауалдың жауабына келсек. Мамандар бір ауыздан Сауд Арабиясы, Ресей және АҚШ арасында «қара алтын» нарығы үшін ымырасыз текетірестің басталғанын айтады. Бәсекелесін көмірсутегі кеңістігінен шеттету секілді әрекет бұрынан бар. Американдықтар өткен жылдың соңына таман Ресейден Еуропаға «көгілдір отын» жеткізуді көздейтін «Солтүстік ағын» *(North Stream)* жобасына санкция жариялады. Құрылыстың аяқталуына небәрі 100 шақырымдай қалғанда құбыр төсеп жатқан швейцариялық компания басын ала қашты. Миллиардтаған қаржы жұмсалған жоба осылайша әзірге аяқталмай тұр. Мәскеу мұнымен қабат, Қара теңіз арқылы «Түрік ағыны» жобасын қолға алып еді. Түріктер сөзінде тұрды. Әрқайсысы 15 млрд текше метр газ тасымалдауға арналған қос құбыр желісі іске қосылды. Жуырда Сириядағы қақтығысты тоқтату жөнінде Р.Т.Ердуанмен кездескен В. Путиннің Түркиямен экономикалық қарым-қатынасты қатты қадірлейтінін тілге тиек етуі бекер емес.


АҚШ билігі өз компанияларын қолдау мақсатымен біраздан бері еуропалықтарды сұйытылған газ алуға үгіттеп жүр. Польша мен кейбір Балтық елдері біртіндеп орыс газынан бас тартып, американдық отынға біртіндеп көшіп жатқан жайы бар. Байырғы әрі тұрақты тапсырыс берушілерден айырылу ресейлік компанияларды алаңдатпай қоймайды. Ақ үй жақында «Роснефть» компаниясымен байланысы бар деген уәжбен Венесуэлаға кезекті санкция жариялады. Мұның жоғары технологияны пайдалану арқылы тақтатас (сланец) газы мен мұнайын өндіруді жолға қойған американдық компанияларды қолдау мақсатынан туындағаны мәлім. Қара май шығарудың әзірге өзгеде жоқ осы әдістің арқасында АҚШ өткен аптада 13,1 млн баррельмен әлемде мұнайды ең көп өндіретін елге айналды. Дейтұрғанмен, тақтатас майының осал тұсы да бар. Өнімнің өзіндік құны 55 доллар шамасында. Жексенбі күні Солтүстік Америкадағы WTI маркалы мұнайдың 28 долларға дейін құлдырғанын ескерсек, әлгі компаниялардың шығынға батқанын жағармайды қамтамасыз еткен үміткерді көбірек қолдайды. Ал үміткерге сайлау науқаны алдында бизнестің емес, қалың көпшіліктің ұстанымы қымбат. Бұл пікірді Трамптың Твиттердегі жазуы да қуаттай түседі. Ол биржадағы «бұрқасыннан» соң іле-шала «Бұл - тұтынушы үшін жақсы хабар. Бензин бағасы арзандайды» деді.

Демек, сұраныс азайған тұста өндіріс көлемін азайтпау ең алдымен шығыны көптерге зиян. Мәскеу мен Әр Риядтың соңғы шешімі осындай есептен туындаған болуы әбден мүмкін. Өйткені, Ресейде бір бөшке (баррель) қара майдың өзіндік құны 25 доллар шамасында деп айтылады. Ал бюджеттің кірісі 42 доллар деп есептелген. Осы көрсеткіштен төмендесе, қазынаға қаржы құйылмайды деген сөз. Ал араб құмында, тіпті арзан – 9 долларға жетекабыл. Дегенмен, қазынаға түсетін қаржының 90 пайызын осы мұнай қамтамасыз ететінін ескерсек, бұл елге бағаның жоғары болғаны мейлінше тиімді. Саудиялықтар «қара алтын» нарығындағы жетекші орынды ешкімге бергісі жоқ. Сейсенбі күні ұлттық Saudi Aramco компаниясының басшысы Әмин Насыр 1 сәуірден бастап тәулігіне 12,3 млн баррель мұнайды ішкі және сырттағы тұтынушыларына жөнелтетіндіктерін мәлімдеді. Атап өткен жөн, бұл компанияның бұған дейінгі көрсеткішінен 300 мың баррельге артық. Осыдан-ақ аса ірі өндірушілер арасындағы текетірес әлі жалғаса беретінін көреміз. Егер Мәскеу мен Әр Рияд өзара мәмілеге келіп, өндіріс көлемін азайтпаса. Американдық бұрынғы дипломат, энергетика маманы Меттиу Брыза бұл бағытта алғашқы қадам Ресей тарапынан жасалады деген пікірде.

қор биржасында сауда-саттық жасалған жоқ. Ұлттық банк те жұмыс істемеді. Соған қарамастан, ақша айырбастайтын орындар 1 долларды 400 теңгеге сатып жатты. Оларға лицензия беретін, қызметін қадағалайтын, заңды бұзса, жауапқа тартатын құзырлы орындар әдеттегідей үнсіз.

Қалай болғанда да, мұнай дағдарысы біздің тағы да дайындықсыз екенімізді көрсетті. Қазынаның қаржысымен өмір сүретін экономикалық зерттеу институттары мен қаптаған аналитика орталықтары әлемдік мұнай нарығында толастамайтын текетірес төңірегінде алдын ала болжам жасап, үкіметті, қаржы секторын ескертпеді.

Ұсақ-түйектен бастап, тұтыну тауарларының денін сырттан таситын Қазақстанда экономиканы әртараптандыру *(диверсификация)* қажеттігі осы біраз жыл бұрын мемлекеттің маңызды мұраты деп белгіленді. «Қазақстандық мазмұн» деген әдемі атаумен термин де пайда болды. Бірақ осал тұсымыз – бастаған істі аяғына дейін жеткізбеуімізде. Ал кейінгі кезде әлеуметтік желі қалыптастырған қоғамдық пікірдің ықпалымен экономика тасада қалғандай. Биік мінберден шикізатқа иек артпау, отандық өнімге бет бұру, кез келген мықты мемлекеттің арқа тірегі – орта дәулеттілер шоғырын көбейту керектігі сирек айтылады. Сәрсенбі күні мұнай бағасы шамалы болса да қымбаттады. Бұған қоса, Қытай коронавирусты ауыздықтап, «қара алтын» сұранысын арттыруы мүмкін деген жылы хабар жетті. Жұрттың көңілі аздап жайланғандай. Тек енді осы қарқынмен шикізатқа иек артпау қажеттігін ұмытып кетпесек игі.



Срайыл СМАЙЫЛ,
шолушы

Кәсібің – нәсібің

Алматы облысында шағын және орта бизнесті өркендету, кәсіпкерлерді шағын несиемен қамтамасыз ету, іске асырылып жатқан жобаларды қолдау, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шараларды жүзеге асыру ісі қарқынды дамып келеді. Қабылданған шаралардың арқасында өткен жылдың қорытындысына сәйкес, облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асқан, бұл ретте шағын және орта бизнестің үлесі 32 пайызды құрады.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Экономиканы ілгерілетіп, кәсіпкерлікті қолдау бойынша қажетті, жеңілдікпен несие беру, қаражат бөлу сияқты жұмыстарды жандандыруға күш салуда. «Бизнестің жол картасы – 2020», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы», «Жетісу» аймақтық бағдарламалары аясында жүріп жатқан жұмыстар да шағын және орта бизнесті дамытуға көп көмектесуде.

Кәсіпкерлерге жасалған көмектің арқасында талай адам өзінің бизнесін ашып, жерлестерін жұмыспен қамтып қалмастан, өздерінің кірісін



де еселей түсті. Айталық, Қаратал ауданы Үштөбе қаласында тұратын Антон Цой Қаратал өзені жағасынан бес мың шаршы метр жер телімін сатып алып, демалыс аймағының құрылысын бастады. Сөйтіп, 2014 жылы демалыс аймағын ашты. Кейіннен кәсіпкер демалыс аймағын жаңартып, кеңейтуді көздейді.

Кәсіпкер Антон Цой: «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы бойынша Forte Bank акционерлік қоғамынан несие алып, «Даму» қоры бізге банк алдындағы кепілдікпен көмек көрсетті. Біз осы бойынша несие алдық. Сол қаражатқа жөндеу жұмыстарын жүргізіп, демалыс аймағын көркейтеміз», – дейді.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 1,5 миллион теңге көлеміндегі мемлекеттік грантты ұтып алған Наталья Рыбченко бүгінде шағын кәсібін ашып, ісін дөңгелетіп отыр. Жеке кәсіпкер алдымен екі күндік «Бизнес кеңесші» онлайн курсынан өтіп, кейіннен комиссия алдында балалар текстилі жобасын сәтті қорғап шықты.

Міне, осындай кәсіпкерлердің жұмысын өркендету үшін, олардың қолға алмақшы болған бизнес жобаларды жүзеге асыруға «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жан-жақты қолдау көрсетуде. Мамандар тегін кеңес беріп, түйткілді мәселелерді де бірлесіп шешуде.

Шағын болса да өз кәсібін дөңгелетіп, нәпақасын тауып отырған жандар қатары күннен-күнге артып келеді. Солардың қатарында Талдықорған қаласының тұрғыны Мәди Еспембетов те бар. Ол 2018 жылы өзінің жиһаз шеберханасын ашқан.

Жиһаз шебері Мәди Серікұлы: «Кәсібімді алға қарай дөңгелетіп, жиһазға сұранысты көбейту үшін қаражатты үнемдеу керек болды. Өйткені, ешқандай ұсыныс түспей, ісім ілгері баспай қойды. Тіпті қолымды бір сілтеп, бастағанымды тастап кетсем бе деп ойландым. Десе де, өзімді қамшылап, тауарымды жарнамалай бастадым. Нәтижесінде біраз уақыт өткен соң мейрамхана, кафе, жеке адамдардан тапсырыс түсе бастады. Сөйтіп, кәсібім ақырындап алға басты», – деп өзінің тәжірибесімен бөлісті.

Бүгінде «Талдықорған Мебель» атымен көпшілікке таныс цех ірі компаниялармен келісімшарт жасасқан. Жылдық табысы 1 млн теңге болатын кәсіпкер 10 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Бақытгүл Қойшыбаева: «Қазіргі кезде аймақта шағын және орта бизнеспен айналысушылардың саны 122 мыңнан асты. Оның 64 мыңнан астамы жеке кәсіпкерлер. «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында облыста өткен жылы 242 қатысушы жоба тапсырып, оның 88 қатысушысы 141 миллион теңге көлемінде грант ұтып алды. Өткен жылдың қорытындысына сәйкес облыста шағын және орта бизнес субъектілерінің салық түсімі 1,3 есеге өсіп, 113 млрд теңгені құрды. Облыс кәсіпкерлері 11,8 млрд теңгеге мемлекеттік қолдауға ие болды. Осындай еңбектің нәтижесінде, өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 32 пайызға дейін жеткізілді», – дейді.

Айта кетейік, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы енді «Бизнестің жол картасы – 2025» деп аталатын болады. Биылғы жылы кәсіпкерлерге қолдау көрсету бағытында облыс әкімдігі тарапынан 500 млн теңге бөлінетіні де мәлім болды. Бұл қаражат көптеген жобаны жүзеге асыруға септігін тигізбек. Демек, бұл игілік әлі талай кәсіпкердің жолын ашады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

6 jq BIRLIK
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Халқымызда: «Ана бір қолымен бесікті, енді бір қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөз бар. Бұл тек қазақ халқының қыз-келіншектеріне қаратып айтылған жоқ. Әлемдегі барлық аналардың қадірі мен қасиеті, орны мен рөлі, болмысы мен болашаққа қосар үлесіне қаратып айтылса керек. Бүгінде облысымызда 105 ұлт пен этнос өкілі бейбіт қатар тұрып өмір сүруде.

Жетісу өңірінің өркендеуі мен дамуы, экономикалық әлеуетінің артуы, қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне нәзік жандылардың қосар үлесі артып келеді. Сол қатарда этнос өкілдерінің қыз-келіншектері де бар. Олар өмірдің барлық саласында еңбек етіп, өздерінің ақыл-парасаты, адал еңбегі арқылы жеткен табыстарымен аймақтың алға басуына, елдің әл-ауқатының өсуіне бір кісідей еңбектеніп келеді. Оның бірі – мемлекеттік қызметте құлшына еңбек етсе, енді бірі – білім, денсаулық, спорт, құқық қорғау, кәсіпкерлік, бизнес, тағы да басқа салада салмақты жолын қалыптастырып үлгерді. Әсіресе, бизнес, білім саласында еңбек етіп жатқандарының жетістігі де жетерлік. Осы ретте, айналасына адал еңбекпен өнеге көрсетіп, табандылығы арқылы жетістікке жетіп, қоғамға белгілі деңгейде үлес қосып жатқан этнос өкілдерінің қыз-келіншектері жайлы айтқымыз келді.



Бүгінгі таңда қарапайым еңбек адамдарына деген түсінігіміз тереңдеп, оларға құрметіміз арта түсті. Өйткені, бизнес пен кәржігерлік саласы өркендеген сайын қарапайым еңбек адамдарының рөлі де өсті. Олардың айналасындағы адамдарға көрсететін үлгісі, жастардың кәсіптенуіне жасайтын ықпалы да көбейді. Абай дана: «Адамның адамшылығы істі бітіргенінен емес, бастағанынан білінеді» дегендей, бір кәсіпті бастаудың өзі талай қиындықпен келетіні анық. Десе де, бастап алған соң оны дамыту үшін жанталасып жүріп, өз кәсібіңнен нәтижеге жеткеніңді білмей қалатының да шындық. Кейіпкеріміз Виктория Майер да өз кәсібін ашқанға дейін Талдықорғандағы «Темір-бетон» зауытының дайын металл бетон бұйымдары цехында термист-таңбалаушы болып жұмыс істеді. Бұл көрінген әйел заты бара бермейтін мамандық. Нақтылы осы мамандықтың қыры мен сырын терең меңгеруге жетеледі. Жоғары температурадағы пештерден балқып шығатын темір металл бұйымдарды таңбалау нәзік әйел заты үшін оңай емес еді. Кейін жұмыс бабымен біраз уақыт «Метакон» металл конструкциясы зауытында көпірлі крандардың машинисі болды. Еркектер сияқты кранның құлағында ойнап, ол жерде де біраз тәжірибе жинақтады. Бірақ қара жұмыс жалықтыра бастаған бір кезде өз алдына кәсіп ашып, өмір жолын басқа арнаға бұрғысы келді. Сонымен «Бизнес-бастау» жобасы бойынша қысқамерзімді курсты бітіріп, маникюр мамандығын меңгеріп шықты. Міне, содан бері тоғыз жыл бойы осы мамандықтан нәсіп тауып жүр. Виктория осылай өз өмірін өзгертіп қалмастан, тағы да біраз қыз-келіншектерге өз білгенін үйретіп келеді. Оның біразы бүгінде өз салонын ашып, жеке жұмыс ашып алды. Викторияның өзін де, өзгені де қуантқан табандылығы бізді де тәнті етті. Осыған орай, оған өзімізді толғандырған біраз сұрақтарымызды қойып, жауап алып едік.

Jas qazaq: Тырнақ сервисінің шебері мамандығына қалай келдіңіз?

В.Майер: Зауытта жұмыс істеп жүргенде күнделікті міндетім тым қарбалас болатынмын. Жұмыстан кешікпеу үшін таңертең ерте тұрып, бала-шағаның таңғы асын дайындайсың. Жұмысқа бара жатып біреуін ертіп барамын да, түскі үзілісте үйге әкеліп, тамақтандырып, екіншісін қайтадан мектепке жетелей жөнелемін. Кешкі жұмыстан қайтарда оны алып кетуің керек. Бір жағынан, үй, енді екінші жағынан, жұмыс, мектебі тағы бар, қатты шаршайсың. Бірақ жас болғасын оның бәрін тез ұмытып кетесің. Күнде үй мен мектептің аралығындағы «Алиса» сән салонының қасынан өтетінбіз. Өзімен-өзі болып жұмыс істеп жүрген адамдарды көргенде: «Осылар ұқсас жүретін кез болар ма еді?» деп қызыға қарап өтіп кететінмін. Бір күні салонның есігіне балалардың тырнағын сәндейтін адамды жұмысқа алатындығы туралы жұмысқа шақырту ілінді. Оны көрген қызым осы жұмысқа мен барамын деп мазамды әбден алды. «Осы мамандықты мен неге оқымаймын» деген ой келді бір күні. Сосын жұмыстан шығып, маникюр мамандығын үйренуге кірістім. Кейін өз алдыма салон аштым, содан бері тоғыз жыл бойы тәжірибем толысып, бизнесім ұлғайды. Қазір өз тұтынушыларым бар. Оның үстіне бірнеше шәкірттім өз алдына кәсіп ашып, еңбектеніп жүр.

Jas qazaq: Осы мамандық сізге қандай бақыт сыйлады?

В.Майер: Мен өз мамандығымды өте жақсы көремін. Ең алдымен салонға келген аруларға қуанышпен, көтеріңкі көңіл-күй, сұлулыққа құштарлық сыйлағанына қуанамын. Тіпті күн сайын жаңа нәрселерді танып-білуге ұмтыламын. Шеберлікті шыңдап, барлығын білуге құштарланамын. Өйткені, адамдардың талғамы күн сайын өсіп отырады. Айналандағы кәсіптестерің де жаңалықтарға құштар жандар. Былай қарағанда қарапайым дүние болып сезілетін тырнақ индустриясы саласының барлық құпиясын білу мүмкін емес. Бұл мамандық тұрақты, тәулік бойы және жыл бойы дамуды талап етеді. Күн сайын жаңа әдістемелер, технологияларды меңгеріп, жұмыс істеуге үйрену керек.

Бұл жерде мені тек қана маникюр маманы ретінде қабылдауға да болмайды. Кейінгі жылдары «Юрий Гагарин» атындағы дүниежүзілік екінші соғыс тұсында із-түссіз кеткен жауынгерлердің дерегін іздеу, табу мақсатындағы жұмыспен айналысатын жастар клубымен бірлесе, тегін жұмыс істеп, оларға қаржылық қолдау көрсетіп келемін. Әлі күнге дейін тығыз байланыстамы. Өте батыл, талапшыл, айқын мақсаты бар балалардың табандылығы мен ізденгіштігі мені қатты қызықтырады. Соғыста қайтыс болған сарбаздардың дерегін тауып, жеке заттарын танып, туған-туыстарын тапсырып, қуаныш сыйлап жүргені қуантады. Кейде шабытым келгенде өлең жазып, өзімнің ойымды өрнектейтінім де бар. Адам өмірі де сан қилы ғой. Кейде өмірге болған өкпе-ренішімді де, қуаныш-шаттығымды да қағазға түсіремін. Жас кезінде жазған өлеңдерім, поэмаларым көп болып еді. Ұқыпсыздықтан жоғалтып алды. Қазіргі жазғандарым да бірталай болып қалды. Алда басқа жоспарым бар. Бұны неге айтып отырмын. Қазіргі таңда көптеген адам біз сияқты жандарды тек бір ғана кәсіппен айналушы деп қарайды. Бірақ олар біздің жан-дүниемізде толып жатқан жақсы қасиеттер бар екенін сезіне бермейді.

Jas qazaq: Жуырда ғана өздеріңіздің төл мерекелеріңіз өтті. Алдымен, сол мерекеңізбен құттықтауға рұқсат етіңіз. Жаныңыз жүдемесін, еңбегіңіз еселене берсін. Ендеше, осы мереке жайлы өміріңізде есте қалар немесе сізді таңғалдырған оқиға болды ма?

В.Майер: Жылына бір келетін 8 наурыз жалпы әлемдегі еңбекшіл әйелдерге жасалатын құрмет деп білемін. Біздің түсінігімізде 8 наурыз күні әйелдерге ерлер сыйлық жасап, құрмет көрсетуі керек. Менің пайымымша, олай емес. Барлық адам үлкен бе, кіші ме, ер ме, әйел ме, барлығы әйелдерге бір күн болса да құрмет білдіріп, олардың атқарған жұмысына алғыс айтуы керек. Жыл сайын мереке қарсаңында сыйлықтар алып, қуанып жатамын. Бірақ менің есімнен Талдықорғандағы «Метакон» ЖШС-де краншы болып жүргенде алған сыйлығым есімнен мүлде кетпейді. Ол сыйлықты ер адамдар емес, әйелдер жасады. Өзім жас, тәжірибем кемшіл, оның үстіне жұмысқа да жаңадан келгеннен кейін басында кранда жұмыс істейтін үлкені де, кішісі де, ерлері де, әйелдері де топқа қоспай, шеттетіп жүрді. Таң атқаннан кеш батқанша жалғасатын ауыр жұмыс пен өзіңді шетке қағушылық көңілге жайсыздық тудыратыны анық. 8 наурыз мерекесіне бір күн қалғанда кранда жұмыс істейтін барлық әйелдер киім алмастыру бөлмесіне жиналдық. Олар бір-бірін құттықтап, сыйлық ұсынып жатты. Осы кезде бірге жұмыс істейтін орта жастардағы әріптесім бір тал раушан гүлін және жуынуға арналған сабынын ұсынып, бетімнен сүйіп, мерекеммен құттықтады. Бұл мен үшін күтпеген сыйлық, ұмытылмас сәт болды. Кейін әріптестеріммен жақын араласып, бауыр болып кеттік. Содан бері он жыл өтсе де, арақатынасымыз үзілген жоқ.


Jas qazaq: Адамның арманы таусылмайды ғой. Бір биікке шықсаң, тағы бірін бағындырғың келеді. Ендігі арман, мақсатыңыз қандай?

В.Майер: Қазақ халқында: «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген мақал бар ғой. Тырнақ сервисін өркендету үшін өз алдыма мектеп-студия ашсам деген арманым бар. Онда 5 минуттық шеберлер емес, шын мәнінде, білікті мамандарды оқытуды ойлаймын. Өйткені, бүгінгі дәуір күн сайын жаңаланып, адамдардың тұрмыс өресі де өсіп келеді. Ендеше, соған үйлесімді әдемілікті сыйлай білу біз сияқты адамдардың қолында. Қазір бұл жұмыстың да басы қайырылып қалды. Үлкен нәтижелер алдағы уақытта болады деген сенімдемін.

Jas qazaq: Өзіңіз де білесіз, еліміздегі этнос өкілдерінің тең құқылы өмір сүруі үшін Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылып, жұмыс істегелі 25 жыл болды. Осы институттың ел арасындағы береке-бірлікті сақтау үшін атқарған жұмыстарына қандай баға бересіз?

В.Майер: Қашанда, берекелі елден бақ кетпейді. Өз өмірімде сен ана ұлытсың, мен мындай адаммын деген сияқты бірін-бірі бөліп, алалап қарауды көргенде, кездестірген де жоқпын. Қуаныштысы, елімізде әр ұлттың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтауға, оны дамытуға, өзара береке-бірлікте өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Қай саланы айтсаң да осындай. Бизнес саласында, тіпті де ынтымақтаса жұмыс істеу әдеті қалыптасқан. Мен де алғаш осы маникюрлықты қазақ қыздарынан үйрендім, өзімде қазақтың біраз қыздарына шеберлігімді үйретіп, кәсіптенуіне жол аштым. Қазір бәріміз әпке-сіңлідей жақын араласып тұрамыз. Бұл ынтымақтың алмайтын қамалы болмайтынын ұғындырады. Ал өңірімізде этностардың мәдениеті мен өнерін, өркениетін өрлету үшін облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының атқарып жатқан жұмысы ерен. Кейде олардың да шараларына қатысып, өзімнің үлесімді қосып тұрамын. «Береке кеткен жерде бақ тұрмайды» дегендей, осы берекеміз кетпесе, алар асуымыз көп болады. Өмір тым қысқа, алайда осы қысқа өмірде артымыздағы жастарға үлгі болатын, олардың көңілдері жарасып өмір сүруіне мүмкіндік беретін, бар ынта-ықыласымен елдің келешегін кемелдендіретін өнеге қалыптастырып кетсек, соның өзі үлкен табыс. Мен осыны жиі ойлаймын. Және де сондай болатынына да сенімдімін.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!



Ынтымақ

Ата Заңымызда жазылғандай, Қазақстан Республикасы зайырлы, құқықты мемлекет. Сондықтан да құқық қорғау саласына жүктелген жауапкершіліктің жүгі салмақты. Десе де, сол сала мамандары бұл міндетті абыроймен арқалап келе жатқанын мойындауымыз керек. Айта кетерлігі, еліміздегі құқық қорғау саласында этнос өкілдерінің де саны аз емес. Сол қатарда Алматы облыстық сотының судьясы Симузар Құрбанова туралы ықыласты әңгімелерді жиі естиміз.

Расында, судьяның жұмысы ауыр, жауапкершілігі мол, оның үстіне бір жағынан отбасының жауапкершілігі жүктелген әйел заты үшін бұл міндетті атқару табандылықты талап ететіні тағы бар. Сондай-ақ оның алдына адамның тағдыры тұрады. Түрлі дау-шардың түпкілікті мәнін тереңдей зерделеп, қоғам мен адамның мүддесі үшін дұрыс шешім қабылдау оңайға түспейді. Бірақ кейіпкеріміз осындай үлкен жауапкершілікті абыроймен атқарып, жұрттың ықыласына бөленіп жүр. Десе де, оның жандүниесінде толқындап жатқан көп сырдың бары анық. Соны түсіну үшін әңгімеге тартқан едік.



Jas qazaq: Симузар Ақбарқызы, сіздің ойыңызша, әйел-судья немесе судья-ер адам деген не? Өзіңіздің тәжірибеңізге сүйене отырып, осы сұраққа жауап берсеңіз?.

С.Құрбанова: Құқық қорғау саласының бәрінің де жұмысы салмақты. Қоғамның берекелі, тыныш, ынтымақты, адамдар арасындағы кісілік қатынастың жүйелі дамуы үшін бұл саланың жауапкершілігі ауыр. Ол адамның өміріне, қоғамның мүддесіне жауап береді. Көп жағдайда жұрттар ер судьяларға бүйрегі бұрып тұрады. Әйелдерді нәзік жанды деп есептейтін шығар. Бірақ заңның алдында барлық адам тең болғаны сияқты, шешім жасауда мейлі ер немесе әйел судья болсын бәрі заң талаптарына бағынады. Бірақ мәселеге жіңішкелікпен назар аударып, жан-жақтылы тексеру, зерделеу тұрғысынан әйелдердің сезгір келетінін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан судьялар курпысы ер мен әйелдерден ортақ жасақталса, нәтиже көрнекті болады. Сонда ғана батылдық пен жіңішкелік бірі мен бірі тоғысып, қателік пен дұрыстық ортақ шешімге түйіседі.

Jas qazaq: Адам тағдыры мен қоғам жауапкершілігі сынға түскен тұста шындықты бетке ұстап, әділдікті талап етіп, дәлелдерге назар аударып, мінсіз, әділ шешім қабылдау оңай болмайтын шығар? Нақты өмірде судья өзінің дұрыс шешіміне қалай барады?

С.Құрбанова: Әрине, белгілі бір іске нақтылы шешім жасау оңай емес. Өйткені, сенің алдыңда бір-бірімен мүлде келіспейтін дәлелдер келеді. Өзің тыңдаған адамдардың да пікірі екіге айырылып, оның дұрыстығы мен бұрыстығына көз жеткізу үшін көп еңбектену керек. Іске шешім жасауда сенің әрбір сөзің мемлекеттің заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес болуы керек. Сол үшін судья қолындағы материалды толық зерделеп, тараптарды мұқият тыңдап, сот практикасын, Жоғарғы Соттың басшылық түсініктемелерін қарап, іске кірісу тиіс. Сонда ғана шешім әділ әрі дұрыс болады. Ең бастысы, тараптарды жалықпай тыңдай білу мен істі заң шеңберінде мұқият қарау шешімнің әділ шығуының негізі болмақ.

Jas qazaq: Сіз үшін қандай сот істері ең қиын саналады?

С.Құрбанова: Кәсіби тұрғыдан алғанда сотта мүлдем қарапайым істер болмайды. Судья қандай да бір дауды шеше отырып, тараптарды мұқият тыңдап отыруға тиіс. Бұл жағдай судьялардың мамандануына көп көмектеседі. Қылмыстық істердің арасында ауыр және аса күрделі істер санатына кәмелетке толмаған балалардың ісін қарау ең қиын. Себебі олар әлі күнге оңы мен солын толық парықтай білмегендер. Бірақ олардың ісі қоғамға, адамдардың өміріне белгілі деңгейде зиян келтіріп отыр. Біз де бала тәрбиелеп, өсіріп, болашағынан үміт күтіп жүрген аналармыз ғой. Жанымыздың нәзіктігі тағы бар. Бірақ сот ісіне жеке бастық сезімді қосуға келмейді. Заңдық жауапкершілік дегенді де ескеруіміз керек. Тағы бір жағынан, бір реткі ойламай істеген қателік сол баланың кейінгі өмірін мүлдем басқа арнаға бұрып жіберуі де мүмкін. Сондықтан оның болашағын бұлдіріп алмау жағын да назардан шығармаған жөн. Демек, осы тұста сот төрелігін жүзеге асыра отырып, оны тәрбиелеу жағын да ойластыруға тура келеді. Сондықтан судья педагог және психолог болуы тиіс. Сонда ғана баланың болашағын бұлдіріп алмайтын, қателігін танып, дұрыс адам болуға бағыттайтын жолды көрсетіп бере алады.

Jas qazaq: Сіздің басты ұстанымыңыз не?

С.Құрбанова: Мен, жеке тұлға ретінде әрқашан үлкен нәрсеге ұмтыламын. Ең алдымен өзіңді кәсіби және адамдар сыйлай алатын адам ретінде қалыптастыру. Менің басты ұстанымым – өмірді шексіз сүйетін және адамдардың бақыты үшін өзін арнай алатын әйел болу. Бұл шыдамдылық, құрмет және басқа адамды түсіне білу. Ол менің жұмысымның да нәтижелі болуы үшін ықпал етеді.

Jas qazaq: Дәстүрлі бір сұрағымыз бар. Сіз Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысын қалай бағалайсыз?

С.Құрбанова: Елбасы бір сөзінде: «Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз», – деген еді. Расында, Тәуелсіз ел болғалы көп жетістікке жеттік. Алдымен, мемлекет құрудың қиын жолдарын басып өтсек, сосын еліміздің етек-жеңін бекемдеуді жүзеге асырдық, сол арқылы шекарамызды шегендеп, нарықтық қатынастың қиын да бұралаң жолдарынан адаспай өттік. Тіпті халықтың экономикалық жағдайын көтеру мен элеуметтік әл-ауқатын нығайтып қалмай, әлемдік саясаттағы Қазақстанның рөлін сәулелендіре алдық. Ең бастысы, Ата Заңымыздың айбынын асырып, құқықтық мемлекет құрудың барлық талаптарын орындап, шартын бекемдедік. Қай қырынан келсек те, қолға келтірген табысымыз аз болған жөн. Сол қатарда Қазақстан Халқы ассамблеясының да жұмысын бір жүйеге түсіріп, бүгінде қоғамдық институт ретінде қалыптастырдық. Сол арқылы оның этнос өкілдерінің құқықтық мәселесін шешудегі рөлін арттыра алдық. Иә, бұндай жетістікті тізбелеп айтсақ, көптеген көңілді мысалды тауып жазуға болады. Бірақ оның бәрі елдің көз алдында болды, болып жатыр, алдағы уақытта да бола береді. Біз осы арқылы елімізді құқықтық, зайырлы мемлекет етіп құрып шығамыз.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

4 ja NARYQ
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Қазаққа қажет кәсіп

Қазақ ежелден жантақтан ине, жаңқадан түйме жасаған халық. Бүгінгі заманда түймені пластмассадан жасайды. Шымкент қаласында «Қазпласт» атты компания бар. 2006 жылы негізі қаланып, нарықта 8 млн сомамен кәсіп бастаған. Иә, кіп-кішкентай түймеге сонша қаржы жұмсау қажет пе еді? Жалпы, бұл өндірістен пайда табуға бола ма? Біз «Қазпласттың» негізін қалаушы әрі директоры Дана Жұмабаевамен әңгімелесу барысында жеңіл өнеркәсіп саласындағы өзіміз біле бермейтін құпияны білдік. Сөйтсек, түйме жасау да түйдей жұмыс екен.

ТҮЙМЕ ЖАСАУ ДА ТҮЙЕДЕЙ ТІРЛІК

Дана Әсембекқызы еңбек жолын 2003 жылы «Сәуле» тігін фабрикасынан бастаған. Қорғаныс министрлігімен келісімшартқа отырып, арнайы киім тігеді. Сол кезде түймеге сұраныстың көптігін және бізде түйменің өте тапшы екенін, онда да Алматыдағы Қазақ соқырлар қоғамының оқыту-өндірістік кәсіпорны ғана шығаратынын біледі. Кәсіпкер «Олардың жұмыс кестесі өте тығыз, тапсырыстары көп. Сондықтан үнемі ұзын-сонар кезекте тұрып, аз мөлшерде ғана ала аласың. Ақ түймеге тапсырыс берсең, сарғыштау қып жасап береді. Түсінің сәйкессіздігі жиі орын алатын. Ал ақшасын алдын ала сұрайды. Онсыз да матаға қаржы жеткізе алмай әлек боп жатқанда, бұл мәселе бізді кәдімгідей тығырыққа тірейтін еді», – дейді.



Сөйтіп, түйме өндірісін зерттеген кейіпкеріміз 2006 жылы желтоқсан айында «Қазпластты» ашады ғой. Пластмассамен байланысты әрі отандық өнім болғаннан кейін атын «Қазпласт» деп қояды. Сол кезде «кішкентай затқа бола атын айқайлатып қойыпты» деп миығынан күлгендер болған. Оған Дана «Қазпласттың» қандай болатынын әлі-ақ көрсетемін» деп намысын қайрай түседі.

Сонымен не керек, оның бірінші түймесі 2007 жылдың 19 шілдесінде шықты. Естен кетпес ерекше сәтті есіне алған ол «Шикізатын Ресей мен Польшадан алдырдық. «Термопласт автоматпен» қалыпқа құю әдісімен кез келген формадағы түймелерді жасап шығардық. Біздің алғашқы ассортиментіміз әскерилердің жейдесі, арнайы киімдерге қажетті түймелер еді», – деді.

«КІШКЕНТАЙ БОЛСА ДА, КЕРЕК НӘРСЕ»

«Сәуле» тігін фабрикасын түймемен толықтай қамтамасыз еткеннен кейін «Қазпласттың» аясы кеңейе бастайды. Семейге, басқа қалаларға тапсырыс жөнелтеді. Ол кезде кәсіпкерлердің көпшілігінде артық ақша жоқ. Сондықтан қай уақытта берген ыңғайлы болса, сол кезде төлейтіндей етіп барлық фабрикаларға жағдай жасайды. Әрі салығын да өзі төлеп отырады. Осылайша, біртіндеп отандық өндірушілерді өзіне қарата бастайды. 2010 жылы «Арай» май зауытымен келісімшартқа отырып, май бөтелкелерінің қақпағын шығарады. 2012 жылы карабин, ұштық сияқты тігін саласына қажетті фурнитураларды шығарады.

Фурнитура нарығын жан-жақты зерттей келе, ғаламтордан «Санипласт» деген польшалық түйме өндірушімен танысады. Ол Польшада 50 жылдан бері түйме шығарумен айналысады екен. «Санипласт» «Сенікі – ескі әдіс. Еуропалық стандарт бойынша түйме басқаша өндіріледі», – деп кәсіпорнына Дананы шақырып, өзінің құрылғысын ұсынады. Ал негізі ең мықты құрылғы Италияның «Ваннеси» фирмасында шығарылады. Қытайдың өзі солардың өнімін тұтынатын көрінеді.

Түйме шығарып түйедей іс тындырып отырған кәсіпкер «Мен «Ваннесиге» тікелей шығып, ондағы заманауи құрылғыны 2014 жылы елге кіргіздім. Ол үшін несие алуым қиын болды. Көптеген кедергіге кездестім. «Даму» мен «Сбербанк» әзер дегенде қаржылай қолдады. Себебі түйменің бағасы – арзан ғой. Ал банктегілер «Бұл шығынды қашан ақтайды?» деп ойлайды. Расында, оңай болған жоқ. Еңбек ептілікті сүйеді. Бірінші Алла, екінші серіктестеріміздің арқасында тапсырыс көп болғандықтан, бүгінгі күнге әупірімдеп жетіп отырмыз», – деді. «Құрал-сайман саз болса, машақатың аз болар» дегендей, кейіпкеріміз алдымен құрал-сайманын сайлап алыпты.

Дана Жұмабаева шетелдік құрылғыларды Қазақстанға кіргізгеннен кейін 2015 жылы Елордада өткен «Қазақстанда жасалған» көрмесіне шақырту алады. Сол жолы түймелерінің сан түрін Елбасыға көрсетеді. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы оның түймелеріне таңдана қарап: «Кішкентай болса да керек нәрсе ғой!» деп айтқан екен.

«Түймеден не табады?» дейтіндер де жоқ емес. Дегенмен, бұл күнделікті киімге қолданылатын нәрсе болғандықтан, үлкен сұранысқа ие.

Дана Жұмабаеваның командасы тапсырысқа қарай кез келген үлгідегі түймені шығара береді. Түйме шығарудың дизайнерлік әдістері жетіп артылады. Мысалы, Италияда қымбат киімдерге қымбат түймелер шығарады. Ал бізде ондай қымбат киімдер жоқ. Сондықтан, ең арзан түйме – 2 теңге, ал ең қымбаты – 18,7 теңге.

Түйме өндіру саласында бірінші сатыдан екінші автоматтандырылған сатыға көтерілген «Қазпласт» қазірде басқа да отандық өндірушілермен қоян-қолтық жұмыс істеп жатыр.

Дана түйме өндірісіндегі түйткілдердің бір шетін шығарды. Ол «Азала текстиль» мата, «Саяхат сервис» сентепон, біз фурнитура шығарып, бір-бірімізді сүйреп жатырмыз. Себебі бір-біріміз сіз күн көре алмаймыз. Менің түймем керек жерге сентепон да, мата да қажет. Бәріміздің мақсатымыз – бір, өнімді өткізу. Қорғаныс министрлігінің тапсырысын орындауға біздер, отандық өндірушілер бес жылдық келісімшарт, яғни консорциумға отырғанбыз. Тапқан пайдамызды инвестицияға құйып келеміз. Төрт жылын абыроймен алып шықтық. Бірақ жыл сайын бізге кедергі жасайды. «Қазір консорциум мемлекеттік тапсырыстан алынып тасталған» деп желеулетеді. Бұрынғы жемқорлықтың иісі анқыған жүйеге апарып, қайтадан тендермен істегісі келеді. Біз ешкімге «ешнәрсе» бермейміз. Тапсырысты таза орындауға тырысамыз. «Осы мәселені парламенттік мінберде де көтердім. Егер біз өнімімізді өткізе алмасақ, несіне қаржы құямыз?!» – деп түсіндірді.




Бұдан бөлек, қарамағында түйме цехынан басқа тігін фабрикасы да бар «Қазпласт» компаниясында 100 адам жұмыспен қамтылып отырса да, әлі күнге жекеменшік ғимараты жоқ екен. Жалға алып отыр. Бұл да бизнес жүргізуде көп кесірін тигізіп жатқанға ұқсайды. Түйме түйткілін қозғай келе «Ал қорғаныс министрлігі егер ғимаратың болмаса, қарамағыңда 100 адам түгіл 1000 адам істесе де тапсырыс бермейді. Осы әділетті ме? Ал мен салық төлеп жатырмын ғой», – деп мұңын шақты.

Шымкенттегі экономикалық немесе индустриалды аймақтан жер алып, ғимарат соғайын десе, 6 пайызбен несие алуға қаукары жоқ. Пайыздық жүктемесін көпсінеді. Өйткені, ертеңгі күнге сенімсіздікпен қарайды.

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТІҢ САЛМАҒЫ АУЫР

Шынтуайтында, жеңіл өнеркәсіптің салмағы ауыр. Түпкілікті тұтынушы мен отандық тауар өндірушілер бәсекеге түсе алмайтын импорт өнімдерінің өте ауқымды көлемінің белең алуы өнеркәсіпке үлкен кесірін тигізуде. Біздің нарыққа 70 пайыз импорт тауарын тасымалдайтын шетел мемлекеттерінде жеңіл өнеркәсібі айтарлықтай жетілген, сондықтан, олар біздің халыққа күнделікті киімнің анағұрлым сапалы әрі қауіпсіз модельдерін ұсынуда. Ал бұл үдеріс отандық өндіріс пен тауарлардың тұтынушы алдында тартымдылығын жояды, бәсекеге қабілетсіздік орын алады.



Отандық нарықтың негізгі мәселесі – заңсыз тасымалданатын тауар импорты, ресми емес әрі көлеңкелі келетін есепке алынбаған өндіріс болып отыр. Осының нәтижесінде Қазақстан нарығында әлеуетті сатып алушы үшін сапасы нашар, бірақ бағасы арзан тауарлардың орасан көлемі толастамай, пайда болып отыр. Осылайша, Қазақстанның ресми компаниялары шығарып отырған стандарттарға сай, дұрыс компоненттерден жасалған сапалы киім үлгілері, жалпы тауарлар сұранысқа ие емес. Нәтижесінде отандық тауар өндірушілер контрафактілі тауарлармен күресуге, бәсекеге түсуге мәжбүр. Мәселен, «Қазпласт» түймелерінің нарыққа шыққанына 8 жыл болса да, әлі күнге экспортқа шыға алмай отыр.

Осындай теңгерімсіз үдеріс салдарынан нарығымызға келетін тауар, өнім сапасы түсіп, табыс та азаяды, ал осының бәрі бюджетке түсетін салық төлемдері көлемін айтарлықтай төмендетіп отыр. Сондықтан нарықта шетелдік, есепке алынбаған, шығу тегі белгісіз, сапасыз тауар жалпы ел экономикасы дамуына кері әсер тигізуде.

Жалғыз шешім – импорт көлемін қысқарту, импортты алмастыру және жеңіл өнеркәсіп саласында отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау. Тағы бір үлкен мәселе – ірі және орта кәсіпорындардың көбі ескі жабдықпен әрі көне технологиялармен жұмыс істеуі салдарынан тауары бәсекеге шыдас бермейді. Кәсіпорындарда автоматтандырылған жүйелер жоқ, сондықтан өндіріс толығымен қол еңбегімен орындалады. Сондықтан шығарылатын тауардың өзіндік құны айтарлықтай қымбатқа түсуде. Жеңіл өнеркәсіптегі жағдай қажетті фурнитурамен жабдықтау саласына да байланысты болып отыр. Фурнитураның 25 пайыздан 39 пайызға дейін отандық өндірушілер шығарса, қалғаны импорттық өнім. Нарықтағы түймелердің 60-70 пайызы шетелден тасымалданады. Әсіресе жейде мен кәстөмдерге арналған түйме мен әшекей сырттан келеді.

Сондай-ақ нарыққа Оңтүстік Азия *(Қытай, Тайвань, Оңтүстік Корея)* елдерінен келетін сапасыз, ұсақ-түйек фурнитураның сан алуандығы да кері әсер етіп отыр. Соңғы 3-4 жылда түрік өнімдерінің үлесі артып келеді,. Бұл өнім түрі де сапалы бола бермейді. Бұл жайт өнім шығаруда жоғары сапа деңгейіне мән берген кәсіпорындарға мата мен фурнитура жеткізушілермен тікелей шарт жасауға мәжбүрлейді.

Сонымен қатар жеңіл өнеркәсіп саласында жұмысшы мамандарды дайындайтын кәсіби бағдарламалардың жоқтығы да саланы кенжелетіп тұр. Заманауи автоматтық жүйелерін қолданумен технологиялық жабдықта жұмыс істей алатын болашақ мамандарды дайындайтын территориялық арнайы колледждер жоқ. Тіпті қатардағы жұмысшылардың тапшылығы да сезіледі – ескі кадрлар еңбек демалысына шығып, жастар аз еңбекақыға жұмыс істеуден бас тартуда. Соның нәтижесінде мемлекеттік тапсырысты орындау үшін отандық маталар өндірісі мен сатып алу 40-50 пайызға қысқарды. Осылайша отандық тауар өндірушілер өндіріс көлемін азайтып, мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған қуатты жайдан-жай ұстаудан да бас тартуда, өйткені, ол қосымша шығын.

Нарық сарапшыларының пікірінше, жеңіл өнеркәсібінің бөлшек нарығы – азық-түліктік емес тауарлар арасында ерекше маңызы бар нарық болып отыр. Жеңіл өнеркәсібінің 2020 жылға дейін даму стратегиясы бойынша отандық тауар үлесінің ішкі нарықта артуы қарастырылған еді. Алайда нәтиже көңіл көншітпей отыр.

Қазіргі таңда шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін оңтайлы жағдай қалыптасқан. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларының талаптары жақсарып, нарықтағы жалпы ахуал оң өзгерген. Технологиялық ерекшеліктер, ауыртпалығы мол әрі артта қалған өндіріс салдарынан ірі кәсіпорындар тігін саласында тар бағыттар бойынша, мәселен, тапсырысқа эксклюзивті киім тігу бойынша мамандана алмайды. Мәселен, Қазақстандағы жалғыз түйме шығаратын «Қазпласт» компаниясына қаржылай қолдау кем боп тұрған кезде, әрине, нарықта тапшылық сезіледі. Сол үшін отандық түйме өндірісін қолдау қажет-ақ.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Бизнесті қолдау

ГАЗ және ЭЛЕКТР ПЛИТАСЫН ӨНДІРЕДІ

Түркиялықтар Жетісу жерінен газ және электр плитасын шығаратын зауыт ашпақ. Жуырда Алматы облысына келген түрік кәсіпкерлері осындай бекімге келіп қайтты. Компанияның бас директоры Юсуф Үгенің айтуынша, әлемдегі 130 елге өз өнімін экспорттайтын ірі кәсіпорын. Жетісуда өндіріс ашып, өнімін қазақстандықтарға кеңінен ұсынуды көздеп отыр. Сол сияқты тауарын қырғыз, өзбек сияқты көрші елдерге экспорттауға да ниетті.

Негізінен газ және электр қуатымен жұмыс істейтін пешті шығаруға маманданған алып зауыт 1978 жылы Түркияның Қайсері индустриалдық аймағында бой көтерген. Жалпы аумағы 17,5 гектар болатын жабық ғимаратта орналасқан кәсіпорында қазір 1750 адам еңбек етеді.

Аталған компания бүгінде көгілдір отын және электр қуатымен жұмыс



істейтін пештермен қатар, жеке қоюға арналған тұмшапеш (духовка), үстелге орнатылатын плитка, ауа сорғыш жасау жөнінен алдыңғы қатарда. Мұнда бір күнде 850 тұмшапеш, 7500 плитка, 300 ауа сорғыш өндіріледі. 40 жылдан бері осы бағытта мол тәжірибе жинаған компания көптеген халықаралық сертификатты жеңіп алып, ел сеніміне ие болған.

Жетісулықтар мен түрік кәсіпкерлерінің ортасына көпір болып жүрген «Бошер Холдинг» ЖШС жетекшісі Сойыркас Әбдулқасым Түркия жерінде туғанымен атажұртына оралып, Қазақстан экономикасын өркендетуге үлес қосуда. Қаскелең қаласында тұратын ол қазір үлкен сұраныс тудырып отырған пешті шығаратын зауытты Қарасай ауданында салуға мұрындық болған.

Осы жобаны жүзеге асыру үшін Елтай ауылдық округіне қарасты Жармұхамбет ауылынан 12 гектар жер жалға алынған. Бұл аумақта қазір зауыттың алғашқы кезеңін іске қосуға мүмкіндік беретін құрылыс нысаны бар. Алдағы уақытта оның іргесін одан әрі кеңейтуге де қолдау жасалады. Құны 2 000,0 млн теңге болатын зауыт құрылысы биылғы күзде аяқталады деп күтілуде. Құрылыс жұмысына 500 адам тартылса, пайдалануға берілгеннен кейін кәсіпорында 200 адам тұрақты еңбек етпек. Зауыттың жобалық қуаты жылына 200 мың газ және электр пешін шығаруға жоспарланған. Алдағы уақытта пештерді Өзбекстан мен Қырғызстанға және Ресейге шығару көзделіп отыр.

Әрине, түркиялық бауырларымыздың елге келіп, зауыт салуға ниет білдіргенін құптаймыз. Түркия экономикасы мен технологиясы өте дамыған мемлекет. Бізде тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету шарасы қолға алынған. Екі миллион тұрғыны бар Алматы облысында елді мекендердің 10 пайызын ғана газбен қамтығанын ескерсек, алдағы уақытта атқарылған жұмыс ауқымды. Таяу жылдары мемлекеттік жоба бойынша Орталық Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола, Қарағанды, Қостанай облыстарына табиғи газ жеткізілмек. Демек, осы өлкелердегі барлық елді мекендегі әр шаңырақ толық газдандырылады. Осы кезде аталған кәсіпорын жасаған пешке деген сұраныс еселене түспек.

Біз кәсіпорын жетекшісі Сойыркас Әбдулқасымға жолығып, пештің қосалқы бөлшегі қайда жасалатынын сұрадық. Оның айтуынша, қосалқы бөлшек Германия, Италия, Иран, Қытайдан, негізгі бөлігі Түркиядан келеді екен. Ал сыртқы қорабы Қазақстанда жасалып, осында құрастырылады. Себебі күрделі технологияны қажет ететін қондырғының кейбірі, тіпті Түркияда да өндірілмейтін көрінеді. Сондықтан шет мемлекеттен алдыруға мәжбүр. Болашақта кейбір бөлшекті жергілікті кәсіпорында шығару жоспары бар.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

6 ja BIRLIK
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Ынтымақ

Жер жәннаты Жетісуда 105 ұлт пен ұлыс өкілі тұрады. Олардың берекесі мен ынтымағының жарасқаны туралы осыған дейін де көп жаздық. Әрине, осы аймақтағы экономиканың өрлеуі, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, рухани татулықтың нығаюына осы береке-бірліктің көп септігі тиіп жатыр. Бүгінде облыстағы әр салада этнос өкілдері білек сыбана еңбек етіп, өлкенің өскелең келешегін қалыптастыруға бір кісідей үлес қосуда. Әсіресе, кәсіпкерлік, техникалық, құрылыс саласындағы үлесі мол. Олар өздерінің жаңа бастамасы, күш-қайраты, ерік-жігері арқылы қолынан келетін барлық жасампаздығын жария етуде. Бұл игілікке Қазақстан Халқы ассамблеясының ұйымдастырушылық, жетекшілік қызметінің көп жақтан серпін беріп, ықпал еткенін де жасыра алмаймыз. Өйткені, біз кездескен, сұхбаттасқан этнос өкілдері әлемде баламасы жоқ, елімізде ғана бар Қазақстан Халқы ассамблеясының өздерінің ізденісі мен ізгілігіне қозғау салатынын айтады. Осы ретте, міне, осындай бірқатар қарапайым еңбек адамдарының игілікті үлесі жайлы баяндамақпыз.

ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН

Жанна, Мерей, Юля, Анастасия, Виктория, Салтанат және Айжан сияқты қыз-келіншектердің қолынан шыққан сәбиге арналып тоқылған аяқ киім, шалбар, кеудеше және шала туған балаларға арналған ойыншық қашанда сұранысқа ие. Олар әр салада жұмыс істесе де, осы заттарды дайындауға қашанда уақыт табады. Бұлар керемет лауазымды тұлға немесе есімі ел аузынан түспейтін адамдар емес. Олар жүрегі нәзік, қашанда айналасына жылылық сыйлауды ғана армандайтын нәзік жандар. Олар Талдықорған қаласындағы «28 петель» клубының қатысушылары. Олардың қолынан шыққан бұйым балаларға қызық, балғындар сол тұтыну бұйымдарын бейне өз аналарының сыйлығы сияқты жылы қабылдайтынын көріп, қуанып қаласың.

Аталған клуб құрылғалы 3 жыл өте шығыпты. Осы жылдар аралығында олар шала туған балаларға арналған жүздеген киім өз иесін тауып қалмастан, тұтынушылардың ыстық ықыласына бөленіп келеді. Мұның себебін «28 петель» клубының үйлестірушісі Жанна Саққызы айтып берді. Ол «Бір күні әлеуметтік желіден шала туған балаларға арнап киім тігетін топқа қатысу үшін ерікті керектігі туралы оқып қалдым. Осыдан бастап осы бір игілікті іске өз үлесімді қосуым керек деп ойладым. Әрине, көп нәрсенің басталуы қиын болатыны анық. Бастапқыда қиын болды, көп нәрсені білмедім, бірақ уақыт өте келе соның бәрін үйренуге тура келді. Клубтағы еріктілерден жан-жақтан жиналғандықтан, бастапқыда толық түсінісе алмай жүрдік. Бір жылдан кейін жұмысымыз бір жүйеге түсіп, тұтынушыларымызда арта түсті. Осыдан кейін еріктілер мені клуб жетекшісі етіп тағайындады. Жұмысымыз да жүре бастады», – деді.

Клуб мүшелері айтқандай, киім тек қана таза жүннен иірілген жіппен тоқылады. Бұл шала туылған балаларға арналғандықтан, жұмсақ, ауа алмастырып тұратын, теріні тітіркендірмейтін болуы керек. Ал оларға арнап жасалатын ойыншық та балаларға үйлесімді, ойын бөліп, сезімін тыныштандыра алатын болу керек. Әрине, балалардың қауіпсіздігіне де көп көңіл бөлінеді. Сондықтан киім мен ойыншықты жасау кезінде талапты ескеру керек. Киімде ешқандай дөрекі тігіс, өрнек, түйме болмауы керек. Тіпті олардың түсіне де ерекше мән беріледі. Негізінен, ашық түсті, көк, қызғылт, қызғыл, күлгін түс көп қолданылады. Әдетте, бір бұйымды жасау үшін шебер оған екі-үш күн, кейде одан да көп уақытын жұмсайды. Мұндағы еріктілердің бәрінің өз жұмысы болғандықтан, көбінше жұмысты түнгі уақытта жасауға тура келеді. Алайда бұл оларға келеңсіздік әкелмейді. Қайта уақытты ұқыпты пайдаланып, көпшілікке бақыт сыйлағанды жандары қалайды.

Жоғарыда айтқандай, клубқа әр түрлі мамандық иелері жиналған. Айталық, Мерей Тоқтағұлова Алматы облыстық №1 кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы, Юля Хван, «Мастерица» қолөнер дүкенінің иесі. Анастасия Верещагина суретші және шығармашылық тұлға, Виктория Десятова үй шаруасындағы әйел, Салтанат Серікбаева қаржыгер-банкир, Айжан Дөрбітхан тігінші. Олардың барлығын көпшілікке жылылық сыйлау деген ортақ арман біріктірген.

Жанна Саққызы бұл шаруаны бірінші рет қолға алғанда, қиындау болғанын жасырмады. Ол «Шала туған баланың аяғының өзі ересек адамның саусағындай ғана. Бірақ оларға осы бұйымдар арқылы жайлылық, сүйіспеншілік, қамқорлық сыйлайтынымызды ойлағанда, іштей риза болатыны анық. Осы арқылы шала туған балаларды күтуге өз үлесімізді қосамыз. Ең бастысы, біздің клуб перзентханамен белсенді жұмыс істейді. Тоқылған затты оларға тұрақты түрде ұсынамыз. Аналардың қуанып қалғанын көріп, көңіліміз көтеріледі. Біз оларды тек заттармен ғана емес, сондай-ақ мейірімді сөзбен де барынша қолдаймыз. Өйткені, мұндай сәттерде адам көмекке мұқтаж», – дейді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының ақпаратынша, Талдықорған қаласында бір айда мерзімінен бұрын 40 бала дүниеге келеді екен. Оларға керекті тұрмыстық бұйым жетіспей қалатыны да жасырын емес. Сондықтан клуб әрқашан жаңа қатысушыларды қабылдап отырады. Егер сіз тоқымадан хабарсыз болсаңыз, клуб сізге тегін киім тоқуды үйретіп, сосын өзінің қатарына қосуға дайын.

Бүгінде бұл клуб мүшелеріне ата-аналардан, басқа да тұлғалардан алғыс айтатындар көп. Бұл жайлы клубтың әлеуметтік желідегі парақшасында алғысқа толы жазба жетерлік. Соның бірінде «Менің қызым 1700 грамм салмақпен дүниеге келді. «28 петель» клубының қолдауының арқасында және біз үшін дайындалған затың арқасында сынаққа төтеп бердік. Олардың ізгі ісін ешқашан ұмытпаймын. Тағы да рахмет!», – деп жазба қалдырыпты бір ата-ана.

Бір ақылман «Дүниедегі ең ұлы іс – өзгеге қуаныш сыйлау», – деп жазыпты. Осы тұрғыдан келгенде, аталмыш клубтағы қыздардың еңбегі мақтауға тұрарлық. Бүгінде бұл қыздар облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының өңірде өтетін іс-шарасына жиі қатысып тұрады. Кейде осы ұйымның белсенділігін арттыру үшін де көмектеседі. Демек, бір жағынан, адамдарға көмегі тисе, тағы бір жағынан, қоғамға да үлес қосып жүр.



ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

Текелі тау-кен комбинаты іске қосылғалы өздері жоспарлаған міндетін толық өтеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, зауыт бәсекеге қабілетті отандық өнім шығарумен қатар, моноқала тұрғындарының әл-ауқатын арттыруда. Жұмыссыз жүрген көптеген адамның тұрақты жұмыска тұрып, тұрмысын түзеуге көмектесуде. Комбинатта жұмыска тұрғандардың қатарында этнос өкілдерінің де қатары көп. Антонина Бридихина: «Бұл этнос өкілдеріне деген дұрыс көзқарастың жемісі», – дейді.

Антонина Бридихина металлург мамандығын таңдады. Нәзік әйел заты болса да, Текелі тау-кен өндеу кешені басшылығының айтуынша, кәсіпорынның адал және жауапты қызметкерінің бірі. Антонина осы жұмыска келгенше бірнеше мамандықты меңгерді. Басында кәсіби колледжде тігінші мамандығын бітірді. Кейін оқу орнында тәрбиешінің көмекшісі болып жұмыс істеді. Бір мезгіл күйеуімен бірге жеке кәсіпкерлікпен де айналысты. Ал Текелі қаласынан тау-кен комбинатын қайта салу жұмысы басталғанда металлург болуды шешті.

Оның міндетіне домна пештеріне кокс тасымалдағышты іске қосу өзінің тату ұжымы, әріптестері Светлана Тишкова және өндіріс шебері Сергей Щербиннің басшылығымен жұмыс істейтін барлық бригада осы уақытқа дейін өз міндетін жауапкершілікпен атқарып келеді.

Антонина Бридихина екі баланың анасы. Үлкен қызы Инна комбинатта қоймашы, кішісі Зарина оқушы. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, қыздары да аналарының қай салада болсын, нәтижеге жаратуға ұмтылатын жақсы қасиетін үлгі етеді.

ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН АНА

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп хәкім Абай айтқандай, өмір бойы осындай қастерлі мамандықта таңдап, өскелең ұрпаққа өнегелі ісімен үлгі көрсетіп жүрген аналарымыз аз емес. Солардың қатарында Қаратал ауданы Үштөбе қаласында тұратын білім беру саласының ардагері Валентина Спиридонованың есімі жиі аталады.



Әрине, бір адамның басып өткен жолы сан тараудан тұрады. Тек сол бағыттарда алған бетінен қайтпай, арманынан адаспай, алға тартқан адам ғана ойлаған ілімінен нәтиже жарата алады. Сондай-ақ еңбегінің өтеуін көріп, елдің құрметіне бөленері де ақиқат. Валентина Григорьевна бүгінде Қаратал ауданының Құрметті азаматы, Білім беру ісінің үздігі, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, 2019 жылы «Шапағат» медалімен марапатталды. Демек, бұл атақтарды тізіп жазу оңай. Бірақ осы биікке жету үшін кейіпкеріміздің талай қиын жолды басып өткендігі бәсенеден белгілі. Валентина білім беру саласында 44 жыл еңбек етті. Ал 1995 жылдан 2010 жылға дейін Кемел Тоқаев атындағы мектеп директоры болып жұмыс істеді.

Бүгінде еңбек демалысында болғанымен, сүйікті мектебінде жұмыс істеуді жалғастыруда. Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қорының басшылық құрамына қайырымдылық шараларына белсене атсалысып жүр. Журналистерге берген сұхбатында Валентина Григорьевна Қордың көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына қолдау көрсетіп, мектептің дарынды түлектерін оқыту үшін гранттар беретіндігін айтты. Бүгінде талай жас осы грантқа ие болып, болашағына жол салыпты.

Валентина Спиридонова Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы жергілікті славян орталығын басқарып, үлкен істерден тыс қалмай келеді. Біздің Қазақстан Халқы ассамблеясының жергілікті жердегі этнос өкілдерінің бейбіт өмір сүруіне қосқан үлесі жайлы сұрағанымызда, ол «Қазақстан Халқы ассамблеясының қызметі нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, әрбір азаматтың Конституциялық һәм азаматтық құқығы мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Бұл жайлы Қаратал ауданынан да сан түрлі игілікті істі айтуға болады. Халық бірлігін нығайту, қоғамның негізін қалаушы құндылық бойынша қоғамдық келісімді қолдап, дамыту, осы ұйымның төл парызы. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым бұл мақсаттарды жоғары деңгейде орындап келеді», – деді.

Еңбектенген адамға елдің де құрметі үстем болатыны белгілі. Көктем мерекесіне орай, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Валентина Спиридоновaға арнайы барып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атына мерекесімен құттықтап, бір шоқ гүл ұсынды. Бұл өмірінің денін білім беру саласына арнап, елдің ынтымақ-берекесі үшін еңбектеніп жүрген адамға үлкен шабыт болды.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН:

Ел мен жердің тыныштығы, халық әл-ауқатының артуы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық келісім мен бейбітшілікке, ұлтаралық татулық пен дінаралық сыйласымға тікелей тәуелді. Келісім, бейбітшілік, татулық, сыйластық орныққан жерде даму да, алға жылжу да, халық санының өсуі де орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің өркендеп, ел мен жердің жақсылыққа кенелуіне ынтымақ пен тұрақтылық тікелей әсер етеді. Бұл жағынан алғанда, мемлекетіміздің өзге елдерге үлгі болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені, талай ұлттың баласына қара шаңырақ болып, жер аударылғандарды туған-туысындай күтіп алған қазақтың жақсы қасиеті бүгінгі Қазақстандағы әр ұлт халқының бойына сіңгені анық. Сондықтан да олар осы елде қам-қайғысыз өмір сүріп, өздері қалаған мамандығы бойынша жақсы жетістікке жетіп жүр.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

BIRLIK 7
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Мұндайда Елбасының «Біз еліміздегі алуан түрлі мәдениеттердің, барлық тілдер мен дәстүрлердің бәрі де өркендеп келе жатқанын көріп отырмыз. Біз – біртұтас халықпыз, бір-бірімізді құрметтейміз әрі жақсы көреміз, ортақ Конституция мен заңдарға бағынамыз. Бір-бірімізді құрметтеп, достық қарым-қатынаста болу – зор бақыт. Осы бірлігімізді сақтап, бақытымыздың қадірін білейік» деген ұлағатты сөзі еске түседі. Тұңғыш Президент Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, еліміздегі барлық этнос өкілінің емін-еркін, мамыражай тіршілік етуіне, ана тілін, ата салтын сақтап қалуға бар жағдайды жасады. Бұл қадамдар бүгінгі Қазақстанды тыныштық пен келісімнің құтты мекеніне айналдырды. Оны еліміздегі өзге ұлт пен ұлыс өкілдері де терістемейді. Қайта алғыспен жеткізеді. Сондықтан мереке қарсаңында аймағымыздағы бірқатар этнос өкілдерімен кездесіп, осы жайлы сұрап көрген едік.



ОРТАҚ ТАҒДЫР БІРІКТІРГЕН

Аида ӘЛІМБЕРДИЕВА,
Алматы облыстық өзбек этномәдени орталығының төрайымы:



– «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Сондықтан да «Береке бастауы – бірлік, ел іші – тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін Қазақстан халқының бірлігі күнінің орны ерекше. 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феноменіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

Бүгінде Ассамблея этносаралық келісімді, қоғамдағы жатсынбаушылықты және халық бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар ҚХА мемлекеттік мекемелердің экстремизм мен радикализмге қарсы әрекет етуіне, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек береді. Ассамблея этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеті, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын жеделдетеді.

Бүгінде әрбір ұлттың салт-дәстүрін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық жасалуда. Осының бәрі Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында.

Қазақстан халқының бірлігі күні біз үшін негізгі мереке. Бірлігіміз жарасып, еліміз тыныш болып, татулықта, бейбіт өмірде күн кешейік! Мереке құтты болсын!

Руфина УСАНОВА, *Алматы облыстық «Туған тел» татар этномәдени орталығының төрайымы:*



– Әлемдегі болсын, Қазақстандағы болсын, әр халықтың өзіне тән, сан дәуірдің сынағынан өткен әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Сол құндылықтар арқылы әр ұлт немесе ұлыс өзінің ұлттық бейнесін қалыптастырды.

Қасиетті қазақ жері - береке мен бірліктің, ынтымақ пен ырыстың құт мекені. Бүгінгі таңда елімізде өркендеп-өсіп, ұрпақ өрбітіп, ұлттық болмысын тереңдетіп отырған әр ұлт пен ұлыстың өз тарихы бар. Олардың дені тоталитарлық жүйенің қысымымен атажұртынан ауа көшіп, қазақ жеріне тұрақтаса, кейбірі өз еріктерімен еркіндік сүйгіш қазақ топырағына келіп, тамыр тартқандар. Олардың ешқайсысын бауырмал қазақ халқы кеудесінен итерген жоқ. Кең құшағын ашып, бауырына қысты. Ысырылып орын беріп, сыпайылық танытты. Ұрпақ өсіріп, ұлттық мәдениетін өркендету мен салт-дәстүрін жаңғыртуға қолда бар мүмкіндіктерді жасады. Сондықтан біздің ең үлкен байлығымыз – тұрақтылық пен ынтымақ деп білемін.

Светлана ГАИТОВА, *Алматы облысының Құрметті азаматы, Қазақстан халқы Ассамблеясының ардагері, «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрайымы:*



– Адамзат баласы ежелден ізденіп, армандаған жерұйық мекен ынтымағы жарасқан, табысы мол, болашағы жарқын біздің Отанымыз Қазақстан Республикасы деп ойлаймын. Шынында да біз, қазақстандықтар, ең бақытты халықпыз. Себебі, 130-дан астам түрлі этнос өкілдері қазақтың дархан даласында біртұтас ел болып, достықта, бейбітшілікте тату-тәтті өмір сүріп келеді. Мынадай бір тәмсіл бар. Біреулер Бақыттан «қайда барасың?» деп сұрағанда, ол: «Ынтымағы жарасқан елге барамын!» деген екен. Міне, біз сондай ынтымағы жарасқан елміз.

Елбасы бір сөзінде: «Өз жерінде, өз елінде жүріп қазақтай зардап шеккен ешқандай халық жоқ» деп айтқан еді. Тарихқа көз жүгірсек, осы ұлан-ғайыр даланы сақтау үшін қазақ баласы тағдырдың тезіне, өлімнің өзіне барды. Қазіргі қазақ елінің әр төбесінде, әр тасында, әр ауылында, әр адамының жүрегінде сол қилы заманнан қалған жарақаттың ізі бар. Сондықтан қазақ халқы ешқашан басқалардың өміріне сондай жарақат салғысы келмейді. Қайта ақпейілділігімен, қонақжайлылығымен барлық ұлтты бауырына тартып, бейбіт өмір сүруіне мүмкіндік берді.

Елбасы Ассамблеяның кезекті бір сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз жеріміздегі бейбітшілік пен келісімге үйреніп кеткеніміз соншама, оны күнделікті жұтып жүрген ауа сияқты аңғармайтын болғанбыз» деген еді. Расында, шетелде біздегі татулықты «қазақстандық ғажайып» деп қабылдайды.

ТҮЙІН

Тәуелсіздік туын нық ұстап, тең тартып келе жатқанымызға 30 жылға жуықтады. Осы уақытта біз еңсесі биік елге айналдық. Елімізді отаным деп танып, өсіп-өрбіген ұлттар мен ұлыстарды да бауырымызға тартып, барынша қолдау көрсеткенімізді дархандығымыздың бір парасы деп ұғынамыз. Бұл дархандық бұдан былай да өз жалғасын таба береді.

БЕРЕКЕ-БІРЛІК ҚИЫНДЫҚТА СЫНАЛАДЫ

«Бірлік болмай тірлік болмас», «Бірлік түбі – береке» деген қазақ халқының қанатты сөздерінің мәні-мағынасы бүгінде арта түскендей. Қашанда татулықты, достықты, ынтымақты дәріптеп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып келген халқымыздың бүгінгі қиын кезеңде бірігіп, мұрат-мүддені тоғыстыратын сәті туып тұр.



Қазақстанға ғана емес, жаһанға қауіп төндірген короновирус індеті күн өткен сайын өршіп барады. Дертті жұқтырушылар саны артып, қайғылы жағдайға душар етіп жатқаны да аз емес.

Елімізде бұл індеттің таралуына жол бермеу мақсатында дер кезінде қажетті іс-шаралар қабылданды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан аумағында төтенше жағдай жариялап, дүрбелең тудыруға жол бермейтіндігін баса айтқан болатын: «Біз дүрбелең тудыруға жол бермейміз. Дәл осы кезде халық мемлекетке қолдау көрсетуі керек. Бұл – аса маңызды.

Коронавирус – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын қауіпті дерт. Дегенмен, біз індетке шалдыққан адамдарға барлық қажетті көмекті көрсетеміз», – деді.

Мемлекет тарапынан қойылып отырған уақытша шектеулер мен дәрігерлердің нұсқауларын орындау қажеттігін әр азамат өз отбасы мүшелеріне түсіндіріп отырса, қауіпті тез-ақ еңсеріп шығарымыз хақ. Төрткүл әлемге қауіп төндіріп отырған дертке немқұрайлылықпен қарамай, өзіміз үшін де, өзгелер үшін де сақтық шараларын қарастырған абзал дер едім. Адамдардың денсаулығы үшін жасалып отырған осынау іс-шараларға түсіністікпен қарап, әр азамат жауапкершілікті сезінсе, кез-келген қиындықтан өтуге болады.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз мақаласында: «Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтандыру шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өрбіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індеттің етек алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып отыр. Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады. Игі мақсаттағы іс-шаралардың бәріне жер-жерлерде бүкіл халық болып қолдау көрсеткеніміз жөн» деп мемлекетіміздің бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтынын, тиісті шараның барлығын атқаратындығын және еліміздің ешбір азаматының қамқорлықсыз қалмайтынын ашық айтты.

Осынау сын сағатта еліміздің жомарт жандары қол ұшын созып, мұқтаж жандарға көмек көрсетуде. Отандық дәрігерлер індетпен күн-түн демей күресіп, бар-күш-жігерін науқастардың айығып кетуіне жұмсауда. Құқық қорғау саласының мамандары да қауіпсіздікті сақтау жолында жан аямай күресуде. Бірлігіміз бен ауызбіршілігіміз сыналатын тұста бір-бірімізді қолдап, мемлекет тарапынан атқарылып жатқан іс-шараларға түсіністікпен қарасақ және барлығымыз соған өз үлесімізді қоса білсек деймін.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, әрбіріміз жауапкершілік жүгін арқалап, әр іске ыждағаттылықпен қарағанда ғана әлемді дүр сілкіндірген дертті ауыздықтай алатынымыз сөзсіз. Береке-бірлік осындай қиындықта керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Үсейін КАСАНОВ,
Алматы облыстық мәслихатының депутаты

ЖАС СУРЕТШІЛЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ

Текелі қаласындағы балалар шығармашылық орталығы моноқаладағы әр ұлт балаларының арманын ұштап, жігерін жанып, өмірге талпындырумен келеді. Әсіресе, осы орталықтағы ұстаздар атқарған әрбір іс шәкірттерінің жетістігі арқылы тұрғындардың ризашылығына бөленуде. Аталған орталықтың іргесі 1961 жылы қаланған. Содан бері қаладағы талай баланың шабытын серпілткен орталықта қазақ және орыс тілдерінде білім үйретіледі. Жалпы, музыкалық, көркемсурет бөлімі мен үйірме жұмысын өз кәсібіне жетік мамандар жүргізеді. Әсіресе, бұл орталықтың көркемсурет бөліміндегі балалардың жетістігі көңіл қуантады.

Айталық, жыл басында Алматы қаласындағы Арт-студиясының ұйымдастыруымен өткен «Қысқы қиял» Халықаралық балалар шығармашылығы байқауында орталықтың көркемсурет бөлімінің бірнеше тәрбиеленушісі жүлдегер атанып, өздерінің шеберлігін әйгіледі. Аталмыш байқауда бас жүлдені Тамара Жылқыбаева – Каролина Лысенко, Александр Клочков және Дәниал Жылқыбаев жеңіп алды. Бірінші орынды Валерия Бухмиллер *(жетекшісі Анна Кувычко)* және Таисия Лысенко *(Т.Жылқыбаева)* иеленді. Екінші орын Ілияс Саметаев *(А.Кувычко)*. Үшінші орынды Т.Жылқыбаева, Варвара Бабусина, Алина Трофимова мен Наталья Бахтигузина, сондай-ақ Виктория Гаранина (А. Кувычко) мен Нұржанат Айбарыс *(жетекшісі Анар Ақылбекова)* қанжығасына байланды. Аталған жүлдегерлер диплом және сертификаттармен марапатталды, жеңімпаздарға сыйлықтар табыс етілді. Оқытушылар балаларды байқауға жақсы дайындағаны үшін Алғыс хаттарға ие болды.

Жуырда орталықтың балалары тағы да Алматы қаласыдағы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы жанындағы лицей ұйымдастырған республикалық байқауға қатысып, ел үмітін үкілеп қайтты. Байқаудың талабы бойынша балалар туған елге арналған өз суреттерін жіберді. Жұмыстар әділ қазылар алқасының жақсы бағалауына ие болды. I дәрежелі дипломмен Каролина мен Таисия Лысенко, Дәниал Жылқыбаев, Әлімір Ибраимов марапатталды. II дәрежелі дипломдарға Алина Хан, Алина Трофимова және Варвара Бабусина ие болды.





Жыл өткен сайын кемелденіп келе жатқан орталықтың алдағы жетістігі аз болмайтыны анық. Ең бастысы, бұл орталық әр ұлт балалары жиналған және олардың ортақ еңбек етіп, жеңіске бірге ұмтылатын берекесімен де ерекшеленеді. Демек үлгілі істері арқылы ынтымақ пен береке, ортақ еңбек бар жерде алынбайтын қамал болмайтынын дәлелдеп үлгерді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

BIRLIK
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz
5

Халқымызда: «Отан – отбасынан басталады» деген тамаша сөз бар. Ол отбасын құрған екі жастың ұлты, тілі, ділі мен дініне қарай өлшенбейді. Егер отбасындағы тәрбие береке, бірлік, адамгершілік, сыйластыққа сүйенсе, оның діңі берік, болашағы жарқын болады. Аймағымызда осындай көпұлтты отбасының пейілі мен кеңдігін танытып жүрген Олеся Теннің әңгімесін тыңдап отырып, осындай ойға келдім.



ОТБАСЫМ – ТАУСЫЛМАС БАЙЛЫҒЫМ

Өткен ғасырда еліміз жатжұрттан қоныс аударған басқа ұлттардың осында тұрақтап, тыныс тапқан мекеніне айналғанын бәріміз білеміз. Содан бері қазақ жерінде түрлі ұлт өкілдері бірі-бірімен тығыз араласып, өзара түсінісіп, отбасын құрып, келешегін кемелдендіруге белсенді түрде атсалысып келеді. Біздің кейіпкеріміз Олеся Теннің отбасы да дарқан елдің кеңпейілділігіне бөленгендердің бірі.

– Менің көпұлтты отбасымның тарихы өткен жүзжылдықта бастау алды. Бұл өзбек жігітінің орыс қызына ғашық болуынан басталды. Олар үйленгеннен кейін, келіншегі қосағының тегін алып қана қоймай, барлық мұсылмандық дәстүр мен әдет-ғұрпты құрметпен қабылдады. Өз кезегінде, отағасы да орыс халқының дәстүрі мен мерекелерін құрметтеді. Біз осындай отбасында ынтымақ пен береке, тығыз татулық, төзімділік пен бірлікті үлгі етіп өстік. Әкем бала кезімізде бізге барлық ұлт өкілдерінің терезесі тең екенін және достықта адамның нәсілі мен түр-тұрпатының маңызды емес екендігін түсіндірді. Сондықтан біз барлық ұлт өкілдерімен тең дәрежеде араласып, достасып, сырласып өстік. Бұл тіпті өмірлік қағидамызға айналды, – дейді ол.

Еліміз егемендік алғаннан кейін, әр ұлт пен ұлыстың қарым-қатынасын реттеу, олардың өз дінін, тілін сақтау үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғаны мәлім. Жастық шағы осындай кезеңге дөп келген Олеся осы бір тың үрдіске өз үлесін қосуға тырысты. Ол әрбір күнін Достық үйінің қабырғасында өткізді. Концерттерде өнер көрсетті, конкурстарға қатысты, мемлекеттік тілді үйренді. Осы талпыныстары арқылы өзінің Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін білдіруге тырысты. Бұл бағытта көп жетістікке жетіп, айналасындағаларға үлгі болды.

Олеся 25 жасында кәріс жігітіне тұрмысқа шықты. Қазір Радмир атты ұлы өсіп келеді. Ата-анасы ақылды да білімді немересін мақтан тұтады. Бірнеше ұлттың басы қосылған бұл отбасында өзара келісім мен түсіністік орнаған. Ас үйдегі уақытын бірге өткізіп, қазақша ет асып, өзбектің палауын, кәрістің куксиін дайындайды. Ал отбасылық мейрамдарын нағыз ұлттық фестиваль деуге болады. Дастархандағы түрлі ұлт тағамдарын былай қойғанда, қонақтар қазақтың «Қара жорғасын» да, өзбектің де биін билеп, «Калинканы» шырқайды, кәрістің музыкасын тыңдайды.

Жалпы Олесяның отбасындағы тыныс-тіршіліктен жүздеген ұлтты бауырына басып, оларды бөліп-жармай, бәріне бірдей құрмет көрсетіп, өзара өркендетіп отырған еліміздің тұтас болмысын көруге болады. Еліміздегі сан қилы ұлттың достықты қадірлеуі, бірлікке ұмтылуы, өзара сенім мен келісім орнатуы, міне, осының бәрі Олесяның отбасында айқын көрініс тапқан. Еліміздегі түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұрса, оның отбасы да дәл сондай береке-бірліктің шырағын жарқырата жағып келеді.

Дәл осы құндылықтарды еске алғанда, жер бетінде Қазақстандай жұмақ мекен жоқ шығар деп ойлайсың. Бәлкім, біздің еліміздегі тыныштық пен бейбітшіліктің бастауы да осындай жарасымдылықтан туындайтын болар. Сондықтан Олеся баласына үнемі еліміздегі Қазақстан халқы Ассамблеясының игі істерін, жарқын келешегі туралы айтып отырады. «Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, Радмир ертең ержеткенде, осы бір ізгі дәстүрді әрмен қарай жалғастыратынына күмән жоқ.

Қарасай ауданының Райымбек ауылында қарапайым ерлі-зайыптылар Дінасыл мен Светлана тұрады. Дінасыл–қазақ, Светлана – орыс ұлтының өкілі. Бірақ күйеуі мен оның туыстары Светлананы Сәлима деп атап кеткен. Ауылдастары қалыспай, Сәлима деуге әдеттеніп алған.



ДІНАСЫЛ МЕН СВЕТЛАНАНЫҢ БАҚЫТЫ

Отағасы Райымбек ауылында дүниеге келсе, Светлана Алматыда туып-өскен. Жас кезінде «XXIII партсъезд» атындағы совхозда Дінасыл мал дәрігері, Светлана сауыншы болып жұмыс істеген. Сонда танысып, достасып, 1984 жылы шаңырақ көтереді. Олардың үйлену тойы қазақ халқының салт-дәстүріне сай өтіпті. Жастарға бата беріліп, некесі қиылған. Беташар жасалған.

Бүгінде Дінасыл мен Сәлима «Айдар» ЖШС-де еңбек етіп, Райымбек ауылдық округіндегі тазалық пен тәртіпке жауапты. Дінасыл Құрманқұлұлы – Ауған соғысының ардагері. Өзінің интернационалдық борышын орындай жүріп, әскери казарманың наубайханасында жұмыс істеді. Бірақ сұрапыл жылдары өзінің көптеген достарын жоғалтып алды. Соғыстан оралғаннан кейін аталған совхозда мал дәрігері болып жұмысқа тұрды.

– Мен Қазақстанда дүниеге келсем де, қазаққа күйеуге шығамын деп ешқашан ойламадым, – дейді Сәлима апай, – Менің ойымша, бұл тағдыр. Біз бірге еңбек еттік, содан кейін отбасын құруды шештік. Қазақ отбасында келін болу – үлкен жауапкершілік. Басында біраз қиын болғаны рас. Келе-келе бәрін де үйреніп алдым, – дейді ол.

Олар Ораза және Құрбан айтты, көктемде күн мен түн теңелетін Наурызды отбасында атап өтеді. Ал масленица немесе Пасхада Сәлима өз туыстарын құттықтауға асығады. Отбасы берекесінің құпиясы өзара сыйластықта жатыр. Сәлима күйеуін және оның туған-туыстарын ерекше сыйлайды. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеп, бұлжытпай орындауға тырысады. Дінасыл да Сәлиманың туған ұлтының салт-дәстүріне құрметпен қарайды. Осы қасиеттерін балаларына үлгі етіп, оларды еңбекқорлыққа, парасаттылыққа және шыдамдылыққа үйретеді.

Осындай берекелі отбасының шаңырағын тіккен Дінасыл мен Сәлима үш ұл, екі қыз өсіріп отыр.

БІР ӘКЕНІҢ БАЛАЛАРЫ



Жаркент жері – бейбітшілік пен келісімді тұғыр еткен 42-ден астам этнос өкілдерінің ортақ тіршілік етіп жатқан құтты мекені. Олардың арғы ата-бабалары осы берекелі жерден бақытын да, отбасын да тапты. Жергілікті тұрғындармен егістікте, бау-бақшада және фермаларда еңбек етті. Еркіндік пен тәуелсіздік үшін күресіп, егемен Қазақстанның өркендеуіне қомақты үлес қосты.

Панфилов ауданындағы этномәдени бірлестіктердің өмірі қызықты да көңіл көншітерлік. Олар бір үлкен отбасының мүшелері ретінде мемлекеттік және ұлттық мерекелерді атап өтеді. Бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсетеді. Әрбір этнос басқа халықтардың тарихына, өзіндік мәдениетіне құрметпен қарайды, ата-бабалардың мәдени мұрасын ұрпақтарға жеткізуге ұмтылады. Ауданның бастамашыл этномәдени бірлестіктерінің бірі ретінде дүңген этномәдени орталығын айрықша айтуға болады.

Ел аумағында шамамен 50 мың дүңген тұрады. Олардың басым бөлігі – Жамбыл және Алматы облыстарында. Панфилов ауданында қала мен ауданның қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысатын 155-тен астам дүңген отбасы бар. Бірде-бір салтанат дүңген әндері мен әдемі билерінсіз, сондай-ақ цомян, гуру, суру, сююжоу, гоюжоу ламян *(лағман),* манпар, томомо, санзы, жин момо, хошо, гянфан, дапянжин, люмя, бозы *(манты)* сияқты ұлттық тағамдарынсыз өтпейді. Итальян спагеттиі белгілі саяхатшы Марко Полоның үйретуімен осы өңірге таралғанын біреу білсе, біреу білмейді. Айтпақшы, бұл тағамды дайындаудың 500-ден астам жолы бар.

Дүңген қоғамы республика аумағында тұратын барлық халық сияқты, Қазақстанның экономикасын, мәдениетін, өнерін, ғылымын, білімін, денсаулық сақтау саласы мен спортын дамытуға қомақты үлес қосуда. Панфилов ауданындағы дүңген диаспорасының қаймағы деп өз ісінің нағыз мамандары Закир Хахазов, Сарди Дифу, Закир Хизиров, Тұрсын Хизиров, Закир Исмазов, Ибрагим Даузов, Кәрім Сасазов, Халима Дифу, Фаина Хахазова, Роза Янь-ю, Рехангүл Ласиева, Фарида Сүлейменова және тағы басқаларды айтуға болады.

– Бір шаңырақ астында тұрып, бір-бірімізді құрметтейміз, мемлекетіміз үшін еңбек етіп жатырмыз, – дейді кәсіпкер Закир Исмазов.

Басқа халықтың тілін білмей, оның мәдениетін, дәстүрін түсіну қиын. Жаркент жерін мекен еткен дүңгендер қазақ, ұйғыр, славян және басқа да халықтардың тілін, салт-дәстүрін және мәдениетін білу парызымыз деп санайды. Дүңген ұлты«Сан жын ха йи щин – хуон ту баянчын жин» деген халық даналығын әсте ұмытпайды. Қазақшаласақ, бұл «үш адам біріксе, сары топырақ алтын болады» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан олар күш бірлікте екендігін және осы ұлылық тек өзге этнос өкілдерімен бірлесе тіршілік еткенде ғана табысқа кенелтетінін жақсы біледі. Бұл – келісім мен бейбітшілікті ту еткен Қазақстан халқы Ассамблеясы ізгі идеяларының жемісі екені сөзсіз.

БЕРЕКЕ-БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН

Бұл кейіпкеріміз Қарақалпақстанда дүниеге келген. Кейін ата-анасымен бірге Түркіменстанның Кіші Тахиаташ қалашығында тұрды. Құрылысшылар үшін салынған бұл қалаға ата-анасы жұмыс бабымен өткен ғасырдың 50-жылдары көшіп келді. Кеңес заманында ол шекара шебінде тұрған әкімшілік елді мекен еді. Тахиаташта өзбектер, түркімендер, қарақалпақтар, қазақтар, тәжіктер, орыстар, кәрістер қоныстанып, тату-тәтті өмір сүрді.



Ол алты ұл, бес қыз өсірген үлкен отбасынан шыққан. Ата-анасы қарапайым жұмысшылар еді. Тәулік бойы бетон зауытындағы цехта жұмыс істейтін. Жастық дәуірі Кеңес одағының құлдырауы, экономикалық байланыстардың үзіліп, жұмыссыздық белең алған дәуірмен тұспа-тұс келді.



Сондықтан ата-анасымен бірге аға-інілері де, апа-қарындастары да жұмыс істеді. Ол отбасына көмектесу үшін бала кезінен наубайханада еңбек етті, шаруашылық немесе кез келген қара жұмысты әлі жеткенше орындап жүрді.

Тұрмыс қиындап, жұмыссыздық көбейген тұста, яғни 1999 жылдары жұмыс іздеп өзге елге кетуге мәжбүр болды. Тахиаташта бірге жұмыс істеген достары көрші Қазақстанды таңдады. Бірнеше жас дорбасын арқалап, Алматыға жол тартты. Бірақ ол кезде нарықтық экономикаға бет бұрған Қазақстанның да жағдайы мәз емес еді. Алматыға табан тіреген бұлардың жұмыс таңдауға шамасы да болған жоқ. Бірнеше жыл қоймаларда зат тасыды. Құрылыста жұмыс істеді. Бірақ еш өкінбеді. Ең бастысы, үлкен қалада ішер ас пен үй жалдауға жеткілікті ақша табуға болатын. 2006 жылы қаладағы бір наубайханаға орналасты. Сол жерде болашақ жұбайы, қазақ қызы Розамен танысты. Бастапқыда бірі-бірімен түсініспей жүрді. Дегенмен бірнеше жыл өткен соң екеуі шаңырақ құрды.

Десе де, Алтыбай әулеті мен Розаның ата-анасы қыздарының таңдауына қосылмады. Әйтсе де, ішімдікті аузына да алмайтын, шылым шекпейтін, артық ауыз сөзі жоқ, жұмыстың қандай түрін де дөңгелетіп әкететін жігіт Розаның ата-анасының көңілінен шығыпты.

Бүгінде Аразовтар отбасында Айша, Мұхаммед және Кадиш деген үш перзент өсіп келеді. Іле ауданының жаңа шағын елді мекенінен жер телімін алып, үй тұрғызды. Жарық, су, табиғи газбен қамтылған. Шағын үйлерінде мал мен құс өсіретін қоралары, нан пісіретін наубайханалары бар. Ауласына түрлі көкөніс және жеміс ағаштарын өсіріп, оның да игілігін көріп отыр.

Көрші-қолаң, ауылдастарымен араласып-құраласып, бауыр-туыс болып кеткен. Бұл шағын ауылда өзге ұлт өкілдері көбірек қоныстанғандықтан, олар бірі-бірімен жақын араласады. Қуанышты бірге бөлісіп, қиындықтары болса, жабылып шешіп тастайды. Бір отбасында жақсылық болып жатса, бірін-бірі қонаққа шақырып, сыйластық көрсетеді.

Иә, кезінде қазақ халқының басынанда қиын күндер өтті ғой. Ұжымдастыру, құғын-сүргін кезінде туған жерінен еріксіз айырылған қазақтар Өзбекстанға, Қарақалпақстанға, Түркіменстанға ауып, сол жақта жан сақтады. Сол кезде түркімендер қазақтың талай қаракөзіне пана болып еді. Енді, міне, қасиетті қазақ жері солардың ұрпақтарының келешегін жалғауға өз септігін тигізуде.

Ол өз тамырын ұмытпай, өткен жылы Тахиаташқа отбасын апарып келді. Мүмкіндігіне қарай, Алматыдағы Қазақстан түрікмендерінің республикалық этномәдени қоғамының қызметіне қатысады. Сол арқылы елдегі ұлттар достығының нығаюына өзіндік үлес қосуда.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

6 ja BIRLIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Игілік

Елімізде кейінгі жылдары ірі өндірістер бой көтеріп, кәсіпкерлік саласы өркендеп, тұрғындардың тұрмыс деңгейі көтеріле түсті. Әрине, бұл бір жағынан мемлекеттік бағдарламаларды қолдаудың, екінші жағынан отандастарымыздың құлшына еңбек етуінің арқасында. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің де экономикамыздың нығаюына үлкен септігі тиіп жатыр. Міне, осындай Қазақстан халқының ортақ Отанын гүлдендіру жолындағы игілікті ісінің белгісі болған тамаша жаңалық Талдықорғанда өтті.

БІРЛІГІ БАР МЕКЕННІҢ ТІРЛІГІ БАР



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында тағы бір жаңа өндіріс, «Талдықорған» индустриалды аймағындағы «Агрокомплекс Жетісу Мажико» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің майлы дақылдарды қайта өңдеу зауыты ашылды. Оған Сергей Терещенко, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, белгілі кәсіпкер Темірхан Досмұхаметов, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, облыстық мәслихаттың Құрметті депутаты, белгілі кәсіпкер Үсейін Қасанов, тағы да басқа елімізге танымал тұлғалар, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері қатысты. Өндіріс орны еліміздегі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асып отыр.

Аталмыш өндіріс орнының бой көтеруіне елге танымал қоғам қайраткері, Еңбек ері Сергей Терещенконың үлкен қолдау танытқанын айта кеткен жөн. Ол өзінің сөйлеген сөзінде:

– Осындай игілікті істер қашанда ел өркенін өсіреді. Бұл ретте Жетісу жеріндегі мемлекеттік бағдарламалардың сәтті жүзеге асырылып жатқанын жоғары бағалаймын. Сондай-ақ өздеріңіз куә болған өндіріс орнын салу үшін Талдықорғандағы индустриалды аймақтан жер телімін беріп, жарық, жылу, су желілерін тартып, қолдау танытқан облыс әкімі Амандық Баталов бастаған жетісулықтарға алғысым шексіз. Осындай қолдаудың арқасында біз жоспарлаған уақытта зауыт құрылысын бітіріп, елге игілік әкелетін ірі өндірісті іске қостық, – деді.

Жетісу жері аграрлы аймақ саналушы еді. Кейінгі жылдары ірі өндірістер бірінен кейін бірі бой көтеріп, индустриалды әлеуетімізді көтере түсті. Осылайша облысымыз бірте-бірте аграрлық-индустриалдық аймаққа айналып келеді. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталов та айтып өтті: «Біз жетістіктеріміздің барлығына береке-бірлігіміздің, татулығымыздың арқасында қол жеткіздік. Алматы облысында 100-ден астам этнос өкілдері тұрады және олардың әрқайсысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосуда. Олардың арасында кәсіпкерлер мен инвесторлар көп. Бүгін біз бірлесіп «Талдықорған» индустриалды аймағында майлы дақылдар өңдеп, өсімдік майын шығаратын «Жетісу-Мажико» зауытын іске қосып отырмыз. Инвесторларға зор алғыс айтамын. Біз өз тарапымыздан индустриалды аймақ құрып, оны қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз еттік. Жалпы мемлекет қолдауының және қабылданған шаралардың арқасында өткен жылы Алматы облысының өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1 триллион теңгеге жуықтады. Біз бәріміз бірлесіп Елбасының басты тапсырмаларын, Тұңғыш Президентіміздің сара жолын жалғастырып жатқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүктеген міндеттерін орындау мақсатында жұмыс істеп келеміз. Бұл жұмыстар инвестиция тартуға, жаңа технологиямен жұмыс істейтін заманауи өндіріс орындарын ашуға, жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған. Бүгінгі ашылып отырған зауыт – соның айқын айғағы.

Алматы облысына алғаш әкім болып тағайындалған соң бірінші кезекте еліміздегі танымал кәсіпкерлермен бас қосып, өңірге инвестиция тартып, бірлесе жұмыс істеу туралы ұсыныс айтып едім. Сол кезде елімізге белгілі тұлға Сергей Терещенко мырза мен кәсіпкер Темірхан Досмұхаметов үлкен қолдау танытты. Нәтижесінде, кейінгі жылдары ірі кәсіпкерлер облысымызға инвестиция құйып, зауыттар ашып, аймақтың әлеуетін көтеруге серпін берді. Айталық, «Лукойл» зауыты, күн қуатынан қуаттанатын электр стансасы, «Маревен фуд» ЖШС, бәрі осындай игіліктің нәтижесінде жүзеге асты. Міне, бүгін облысымызда ең керекті агроөндіріс орны ашылды. Біз инвесторларға берген уәдемізде тұрдық. Олар бәрін жасап жатыр, – деді.

Алматы облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының ақпараты бойынша, облыста 2020-2026 жылдары аралығында 240-тан астам инвестициялық жоба жүзеге асырылмақшы. Бұл кәсіпкерлердің ынтасы Жетісу жеріне ауғанын көрсетеді. Оның бірқатары биыл ел игілігіне беріледі. Аймағымыздағы осындай жоспарлы жұмыстарды белгілі кәсіпкер Темірхан Досмұхаметов та жоғары бағалады.

Ол «Осыдан біраз жыл бұрын облыстағы, әсіресе, Талдықорған қаласындағы жағдай басқаша еді. Ірі өндіріс орны аз, қала құрылысы өркениеттен айырылып қалған-тұғын. Міне, бүгін облыс басшылығының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде жыл сайын



Жетісу жерінде ірі өндірістер іске қосылып, тұрғындарға жұмыс орындары ашылуда. Облыс орталығы еліміздегі ең таза, ең әдемі қалалардың бірі атанды. Өндірісі өркендеген аймақтың орталығына айналып келеді. Сондай-ақ Талдықорған индустриалды аймағына инвестиция салуға ынталы инвесторға жасалатын қолдау әрбір кәсіпкерді баурайтыны анық. Жетісу жері сан ұлттың өкілі береке-берлікте өмір сүрген Жерұйық мекенге айналды. Бүгінгі шара соның айғағы, осындай игіліктер жалғасы берсін дегім келеді», – деп атап өтті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Елімізде 130-дан астам ұлттың өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Әсіресе, Жетісу өңірі – ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың нағыз үлгісіне айналды десек, қателеспейміз. Біз Алматы облысына қарасты Іле ауданының мәслихат депутаты, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) мүшесі Роза Михаилқызы Әбіловамен береке-бірлік төңірегінде әңгіме-дүкен құрдық.

Jas qazaq: Роза Михаилқызы, Іле ауданы көп ұлттың басын қосқан мекен. Аудандағы түрлі этностардың бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруінің сыры неде деп ойлайсыз?



Роза ӘБІЛОВА:

«ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДЕ – КҮНШУАҚ»

Р.Әбілова: Халқымыздың үлкен тарихы отбасынан, туған жердің тарихынан бастау алады. Кең байтақ Қазақстанымыздың әртүрлі шалғай жатқан аймақтарынан елін, жерін танытатын немесе сол мекенде елеулі еңбек етіп, тумаса да туған төл перзентіндей болған азаматтар сол өлкенің мақтанышы болатыны дәлелдеуді қажетсінбейтін құбылыс. Ендеше еліміздің төл тарихынан өзіндік орын алатын Іле ауданының маңызы ерекше. Мұнда 34-тен астам ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр.

«Игілік басы – ынтымақ, ынтымақты елде – күншуақ» дегендей, Іле ауданының халқы барлық мерекені әр ұлт өкілдерімен туған бауырындай бірлесіп қарсы алады. Оның дәлелі аудан экономикасының өрлеп, бюджет түсімдерінің ұлғаюы, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және әлеуметтік салаларда оң өзгерістердің орын алуы. Бұл жетістіктерге ауданда тұратын отыздан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің тату-тәтті тірлігінің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Ауданда этномәдени бірлестіктер мен конфессиялар арасында тығыз қарым-қатынас орнату, этномәдени бірлестіктермен жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Конституциясындағы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан халқы Ассамблеясының тұжырымдамасы, ережесі және т.б. нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асуда. Түрлі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруінің басты сыры – еліміздің әрбір азаматының Отанына деген сүйіпеншілігі дер едім. Өйткені Қазақстан – біздің Отанымыз. «Отан – оттан да ыстық» демекші, біздің ата-бабаларымыз бір шаңырақтың астында тату өмір сүрді. Бұл береке-бірлік ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Jas qazaq: Еліміздегі түрлі ұлттардың бірлігін сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы зор. Ассамблеяның басты мақсаты мен міндеттері Іле ауданында қалай жүзеге асып жатыр?

Р.Әбілова: Қазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарады.

ҚХА басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтты. 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган мәртебесімен құру туралы Президенттің Жарлығы шықты.

2007 жылдың мамыр айында Қазақстанның Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты.

2008 жылғы 20 қаңтарда Президент «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. ҚХА еліміздің саяси жүйесінің толыққанды субъектісіне айналды. Оның қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері айқындалды.

Бүгінде Ассамблея этносаралық келісімді, қоғамдағы толеранттылықты және халық бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, ҚХА мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия талаптарына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді.

Ал Іле ауданында қоғамдық келісім кеңесі құрылған. Төрағасы Саид Тимурович Чатуев – аудандық маслихаттың депутаты, «Күрд этномәдени орталығының» төрағасы. Кент және әр ауылдық округтерінен жастар, аналар кеңесі, өзге ұлт өкілдері мүшелікке тартылған. Әр ай сайын жоспармен бекітілген «Қайырымдылық керуені» атты іс шаралар өткізілуде.

Jas qazaq: Іле ауданындағы этномәдени орталықтардың қоғамдағы белсенділігі қандай?

Р.Әбілова: Жоғарыда айтып өткендей, Іле ауданында 34 ұлт өкілі тұрады. 4 этномәдени орталық бар. Олар – орыс этномәдени орталығы, «Т.Шевченко атындағы Просвита Жетісу» украин этномәдени бірлестігі қоғамдық бірлестігінің Іле аудандық филиалы, «Қазақстандағы ұйғырлардың республикалық мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің Іле аудандық филиалы, Күрд этномәдени орталығы. Олардың барлығы әр түрлі салаларда еңбек етіп, аудан экономикасына қомақты үлес қосады. Ең алдымен елімізге деген адалдық пен сүйіспеншілік, бір-біріне деген жақсы қарым-қатынас, достық және тұрақтылық олардың ынтымағын арттыруда. Күрд диаспорасының өкілі Сакит Чатуев, ұйғыр диаспорасының өкілі Игнат Ваитов және Украин диаспорасының өкілдері Александр Скоропадский мен Михаил Кошалко – аудандық мәслихат депутаттары. Бұлар – аудан тіршілігін жақсартуға, ұлтаралық келісімді нығайтуға атсалысатын жандар.

Көптеген ұлттың ортақ шаңырағына айналған байтақ Қазақстан – бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгі. Бірлік пен тірлік ұштасқан, татулық пен тыныштық қалыптасқан елде береке мол. Сондықтан да біздің елімізде ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында мемлекетіміздің маңдайы жарқын, мәртебесі жоғары.

Еліміз аман, іргеміз берік болсын. Достығымыз нығая берсін!

Сұхбаттасқан
Мақпал
НОҒАЙБАЕВА

6 ja BIRLIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

ЖАС КЕЛСЕ, ІСКЕ

Бүгінгі әңгіменіздің кейіпкері – Владимир Чепель. Ақсу ауданы Қапал ауылындағы жас, өршіл және болашағы зор жігіт. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі мен қазақ тіліне деген құрметі шексіз. 1993 жылғы қараша айының бір күнінде Капал перзентханасында дүниеге келді. Оның туу туралы куәлігінде «ұлты – орыс» деп жазылған. Бірақ ол кезде Владимирдің қазақ жанды азамат болып ержетерін ешкім білмеді.

Владимир Чепель қазақтардың арасында өсті. Бұл оның бала кезінен қазақ тілін меңгеріп, қазақы қалыпта өсуіне үлкен мүмкіндік берді. Қазір Владимир қазақ тілінде еркін сөйлейді. – туған жерге, мемлекеттік тілге және жерлестеріне деген махаббаты. Ол ешкімді мәртебесі, ұлты, сенімі бойынша бөлмейді. Ол үшін бәрі тең. Оның айтуынша, кез келген адамды



құрметтеу керек. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Адам сыйласқанның құлы», «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп келетін қазақ халқының мақал-мәтелдері мен ақылмандарының нақыл сөздерін өмірлік қағидасына айналдырған. Владимир жұмыстан босай қалса, спортпен айналысады. Спорт өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. «2018 жылы досым Мейрамбек Рақымбаевпен бірге Қапал ауылында ауылдық Мәдениет үйі директорының қолдауымен «Kapal armwrestlyng club» жаттығу залын аштық. Бұл жерде біз жастарды жаттықтырамыз. Олардың көбі аудандық және қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Біз үшін бұл мақтаныш», – деп ағынан жарылды жас жігіт.

«Мен бала кезден қазақ тілінде сөйлеуді үйрендім. Балалар әрқашан ортақ тіл табады ғой. Көшеде ойнап жүріп, достарыммен бірге тіл сындырдым. Басында біраз қиын болды. Дегенмен уақыт өте келе тәп-тәуір меңгеріп алдым. Кейін қоғамдық жұмыстарға араласа бастағанда тек сөйлеу тілінің аздық ететінін сезіндім де мемлекеттік тілді білу деңгейін жетілдіруге барынша тырыстым», – дейді Владимир.

Ол бала кезінен қандай жұмысқа да белсенді атсалысты. Алдына үлкен мақсат қойды. Орта мектепті бітіргеннен кейін Талдықорған заң колледжіне түсіп, білім алды. Бірақ мұнымен шектеліп қалған жоқ. Өткен жылы Владимир Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясын құқықтану мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Жас жігіт еңбек жолын ауыл шаруашылығы саласындағы менеджердің кеңсесінен бастады. Ал бүгін ол өзінің туған ауылында мемлекеттік қызметкер болып жұмыс істейді. Оның айтуынша, көп тіл білу, әсіресе, мемлекеттік тілді жетік меңгеру қызметін алға ілгерілетіп, жерлестеріне көмектесуге пайдалы екен. Оның осы ерекшелігін үлкендер мадақтаса, кішілер үлгі етуде.

Владимирдің бойынан мейірімділік, адалдық, ашықтық, мақсаткерлік, қарапайымдылық сияқты жақсы қасиеттің бәрін табуға болады. Бірақ жас жігіттің басты ұстанымы – туған жерге, мемлекеттік тілге және жерлестеріне деген махаббаты. Ол ешкімді мәртебесі, ұлты, сенімі бойынша бөлмейді. Ол үшін бәрі тең. Оның айтуынша, кез келген адамды құрметтеу керек. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Адам сыйласқанның құлы», «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп келетін қазақ халқының мақал-мәтелдері мен ақылмандарының нақыл сөздерін өмірлік қағидасына айналдырған. Владимир жұмыстан босай қалса, спортпен айналысады. Спорт өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. «2018 жылы досым Мейрамбек Рақымбаевпен бірге Қапал ауылында ауылдық Мәдениет үйі директорының қолдауымен «Kapal armwrestlyng club» жаттығу залын аштық. Бұл жерде біз жастарды жаттықтырамыз. Олардың көбі аудандық және қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Біз үшін бұл мақтаныш», – деп ағынан жарылды жас жігіт.

Владимир жақында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қатарына қосылды. Айтарлықтай жетістіктерге жол сала бастады. Айталық, «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» республикалық форумында Алматы облысы өкілдерінің тобына кірді. Сонымен қатар ол облыстық «Көшбасшы – 2019» байқауында «Үздік жас мемлекеттік қызметші» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. «Өмірде табысқа жету үшін адал еңбек ету керек. Бұған менің анам үйреткен. Анамның айтқан ақылы, көрсеткен жолы, нұсқаған бағыты, ақыл-кеңесі қызмет барысында кезіккен қиындықтарды жеңуге көмектесіп келеді. Бүгінде азды-көпті жетістікке жеткеніммен бұл деңгейде тоқтап қалмаймын. Қашанда мемлекетіміздің дамуына өз үлесімді қосқым келеді», – деді Владимир Чепель.

«Жас келсе, іске» деп халқымыз жігерлі жастарды жақсы ырыммен жебеп отырады. Біз де Владимирдің жетістіктерін жетілдіріп, елдің қамын ойлайтын, берекенің қадірін биіктететін, мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіретін істеріне игілік тілеп аттандық.

ТАТУЛЫҚ БОЛСА, ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢЕМІЗ

Әлемді әбігерге түсірген індет бізге көп дүниеге жаңаша көзқараспен қарауды үйретті. Әсіресе, ортақ түсінік, келісім мен ынтымақтаса отырып жұмыс істеу керектігін ұғындырды. Сонымен қатар пандемия медициналық еңбектің құндылығын және кез келген адамның өміріндегі денсаулық мәселесінің алатын орнын айқындап берді.

Жасыратыны жоқ, елімізде де осы бес ай бойы халықтың амандығын сақтау үшін үлкен жұмыстар атқарылды. Тіпті бұл жағдай медицина саласын қайта құрылымдаудың қажеттілігін де ұғындырды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз үндеуінде тұрғындарды инфекциялық бақылау үшін қазіргі заманғы тәсілдердің маңыздылығын ерекше атап өтті. Осыған орай, алдағы уақытта телемедицина мен алыстан диагностикалық бақылауды дамытудың бағыттарын жетілдіру ісі күн тәртібіне қойылды.

Бұл ретте медициналық қызметкерлердің атынан мемлекет тарапынан көрсетілген көмек үшін алғыс білдіргім келеді. Мемлекет басшысы санитарлық-эпидемиологиялық салада жұмыс істейтін дәрігерлерге арналған қаржылық қолдау пакетін жариялап, бәрімізді ынталандырды. Үстеме еңбекақы есебінен жүзеге асырылған көмек менің әріптестерімнің құлшына еңбектенуіне дем берді. Осындай материалдық жәрдемнен бөлек, ел халқының дәрігерлерге көрсеткен сенімі бәрімізге жігер беріп, жылы сөздер жүрегімізді жылытты. Демек, осындай берекелі де ынтымақты қоғамда әрбір маман өз ісіне сеніммен кірісіп, ел игілігі үшін жұмыс істейтіні бесенеден белгілі.



«Бақ-береке ынтымағы ұйыған жерге қонақтайды» дегендей, біз терең түсіністік, өзара қолдау, татулық пен қалтқысыз ризашылық бар жерде алынбайтынын қамал болмайтынын түсіндік.

Әдетте, дінге, ұлтқа, этносқа бөлінгенімізбен, адамзат өміріне қауіп төнгенде ол мәселелердің кері ысырылып, ортақ ниет, достық пейіл, жылы жүрекпен көмек көрсетудің алдыңғы қатарға шығатынын сезіндік.

Денсаулық сақтау саласының маманы ретінде осы жолғы індет бүкіл әлем елдерінің медицина мамандарына деген құрмет пен қолдаудың аздық етпейтінін көрсетті. Әлемдік қауымдастық медицина саласы мамандарының ерліктерін, олардың жан аямай еңбек ететін белсенділігін бақылап отырды.

Елена ЦЕЛИЩЕВА,
Текелі қалалық емханасының бас дәрігері

ОТБАСЫ – ШАҒЫН ОТАН

Тағдыр табыстырып, тарих тоғыстырған өзге ұлт өкілдері ырысы тасып, ынтымағы жарасқан елімізде бейбіт те берекелі ғұмыр кешуде. Ағайын-туыс, көрші-қолаң, тіпті құда болып жатқандар да баршылық. Соның бірі – қазақтың қарадомалақ баласына тұрмысқа шығып, Ыбырай әулетінің ырысын арттырып, инабатты келіні атанған орыс ұлтының қызы Найна Баженова.

Найна Кербұлақ ауданының Талдыбұлақ ауылында 2000 жылы дүниеге келіпті. Бала күнінен өте зерек, алғыр болып өскен бойжеткен мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Волейбол ойнағанды жаны сүйетін Найна Николайқызы Өзге ұлт өкіліне тұрмысқа шыққан Найна алғашқы уақытта аздап қиналғанын да жасырмайды. Бірақ жас та болса көргені мен көкейіне түйгені мол келіншек отбасының берекесі мен бірлігін асыратын әйел адам екенін терең түсініп, әр жайтты ақылмен салмақтау керектігін жақсы білді.

Дидар мен Найна қызғалдақтай құлпырған кішкентай ханшайымды тәрбиелеп отыр. Найнаның айтуынша, отбасында барлығы қазақ тілінде сөйлейді. Қызының тілі де қазақ тілінде шыққан. «Жұбайым екеуміз де спортпен айналысқанды жақсы көреміз. Қазіргі таңда адамды жігерлендіретін түрлі кітапты оқып жүрмін. Болашақта өз қолымыздан баспана салып, көпке үлгі болатындай отбасы болсақ деп армандаймыз. Ағылшын тілін үйренуді де қолға өмірлік серігі Дидар Асылханұлымен сол ойынның үстінде танысады. Таныстық соңы ұлы сезімге ұласып, екі жас шаңырақ көтереді. «Отбасы – шағын ғана мемлекет. Отау құрғанымызға үш жыл болды. Қазақы отбасыға келін болып түскеніме қуанамын. Ата-енем де жақсы кісілер. Білмегенімнің барлығын енем ақылмен үйретіп келеді. Отбасында қазақтың салт-дәстүрін берік ұстануға барынша тырысамын. Бұл, ең бірінші, жұбайыма және оның туған-туысына деген сыйластығым мен құрметімді білдіреді деп ойлаймын. Келін түскен жерін бақытты етуге міндетті. Мұны анам үнемі айтып отырады. Қазақта «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын» деген жақсы тәмсіл бар. Сол үшін жақсы келін атанып, отбасымның берекесін арттыруға барынша тырысып жүрмін», – дейді жас келін.



алдық. Біз жас отбасы болғандықтан заман көшінен қалмауымыз керек. Осы тұрғыда бізді қолдайтын, ақыл-кеңесін айтып, түзу жол көрсететін жақындарымыздың барына қуанамын. Ең бастысы – еліміз аман, жұртымыз тыныш болсыншы. Ал біз, келіндер, қазақ ұлтының санын көбейтіп, шаңырақта береке орнатып, елдің амандығын тілеуден шаршамайық дегім келеді», – дейді қазақтың инабатты келіні.


Иә, келінге артылған міндет пен жауапкершілік жүгі ауыр. Оны сезіне білген нәзік жан ғана шаңырақтың шаттығын еселей алады. Қазақтың қара шаңырағының берекесін арттырып, қуанышын еселеп отырған кейіпкерімізге бақыт тілейміз.

СПОРТ ҰЛТҚА БӨЛІНБЕЙДІ

Спортта шекара жоқ. Өңір, аймақ, ұлт, нәсіл деп бөлінбейді. Бәріне ортақ бекзада өнердің қызығы мен құпиясы да содан көп болар. Бейбітшілік пен татулықты мақсат тұтқан спорт ешкімді де жатсынбайды. Осындай сыры мен сиқыры көп, қызығымен көпті баурап, жанкүйерін соңынан өбектетіп қоятын спортта қаншама жұлдыздарымыз жүр?!

Олардың арасында түрлі ұлттың өкілі бар. Барлығы да сол спорт өнерінің қайығында бірге жүзіп, бір елдің туын көтеріп келеді. Осындай Алаш алақанына салып, аялап өсіріп келе жатқан жас жеткіншектің бірі – Ұзынағаш өнірінің тумасы, ұлты түрік Адлан Асқаровты да ерекше айтуға болады. Бауырлас елдің ұланы, жастығына қарамай, Қазақ елінің мақтанышына айналды. Боз кілемнің шаңын қағып, талай байрақты бәсекеде елдің намысын жыртып, Көк Туымызды желбіретіп жүр. Бұғанасы толық қатпаған Адлан нағыз қазаққа бергісіз балуан десек те артық етпес.

Ұлтты шексіз сүю, Отанға деген сүйіспеншілік, ұлтқа деген адалдық, патриотизм Адланның бойынан ерекше байқалады. Қазақ ортасында қазақ тілінде тіл қатып, жаныңа шуақ шашады. Ал боз кілемде көк түріктің ұрпағындай қайсарлық көрсетіп, арыстанша арпалысады. Қанша биікке көтерілсе де, өн бойынан салқынқандылық пен сабырлылықты байқайсың. Жүріс-тұрысынан қазақы ортада өсіп, ортақ тәрбиені бойына сіңіргені көрініп тұр. Кішіпейілділік пен үлкенге құрметі ерекше. Чемпионмын деп мастанбайды, әр ісін байыппен бағдарлайтын Адланның бойынан спорт секілді бекзадалықты анық көремін.



Ал оның жетістігіне келер болсақ, білікті бапкер Мадияр Құрамысовтың шәкірті. Бапкерінің бар талантын бойына жиған Адлан жыл санап белестерді бағындырып келеді. Бүгінде ұлттық құраманың сапына өтіп, мамандардың оң пікіріне іліккен. Аудан, облыс, республикалық чемпионаттардың жеңімпазы. Үлкен спорттағы алғашқы жүлдесі ежелгі Эллада елінен басталды. Кадеттер арасында Афинада өткен әлем чемпионатында қола жүлдені еншіледі. Бұл оның маңызды жарыстардағы алғашқы жүлдесі. Төрт жылдықтың басты додасы Олимпиада ойындарының алғашқы алауы тұтанатын ежелгі Афина Адланға ақ батасын бергендей, қола жүлдені тұмар ғып тақса, алдағы жолы да жемісті болмақ. Араға жыл салып, тағы да үлкен додаға түсті.

Жетісудың үкілеген балуаны Адлан Аскаров Таллиндегі жастар арасындағы әлем чемпионатында қола тұғырдан қол бұлғады. Шәкіртіне бек сенген бапкер одан ары шыңдай түсті. Ел ішіндегі додаларға да салып, жүзі қайралған қылыштай жарқыратып алып шықты. Салған жерден олжа салып, алмас қылыштай жарқ еткен жас жұлдыз, 23 жасқа дейінгі әлем чемпионатына да жол тартты. Үкілеген үмітіміз сенімнен шықты. Боз кілемде белдескен Адлан алғашқы үш қарсыласын бет қаратпай ұтты. Иран, қырғыз, моңғол балуандарын ұтып, ақтық сайысқа жолдаманы уысына түсірді.

Соңғы шайқаста оны кубалық қаблан Рейнери Ортега күтіп тұрды. Екі мықтының айқасы нағыз драмаға толы болды. Кубалық оғлан бұған дейін екі мәрте әлем чемпионатының алтын тұғырына жайғасып үлгерген әккі балуан. Ал біздің алғадай балуан да дес берер емес. Жан алып, жан беріскен күресте кубалық спортшының бағы жанды. Адлан күмісті еншіледі. Бұл оның намысын одан ары жани түсті. Алда үлкен белес бар. Ол – Олимпиада ойындары. Оған Адланның бір табан жақын тұрғанын өзі де, өзге де біледі. Оны алдағы уақытта анықтай жатармыз. Ал біз сенген Адланның жерге қаратпайтыны анық.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

BIRLIK
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz
7

«Бірлік бар жерде тірлік бар» екені анық. Осы ұстанымды Алматы облысының Ұйғыр ауданындағы көпұлтты халық берік ұстап келеді. Соның бір дәлелі – ауданның тыныс-тіршілігіне белсене араласып, тілі мен ділін сақтап, қоғамдық өміріне ұдайы үлес қосатын ұйғыр этномәдени орталығы. Оның жұмысымен егжей-тегжейлі танысу үшін ұйғыр этномәдени орталығының жетекшісі Ұйғын Арзиевті әңгімеге тарттық.

Ұйғын АРЗИЕВ:

«ТАМЫРЫМЫЗ БІР, ТАҒДЫРЫМЫЗ ҰҚСАС»



Jas qazaq: Ұйғын мырза, Алматы облысының Ұйғыр ауданы көп ұлттың басын қосқан мекен. Әсіресе, осы ауданда қазақ пен ұйғыр ұлтының үлесі басым. Өзіңіз ауданның тынысына серпін беретін ұйғыр этномәдени орталығын басқарасыз. Елді мекендегі көп ұлттың бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүруінің сырымен бөліссеңіз?

Ұ.Арзиев: Ұйғыр мен қазақ ең жақын, туысқан халық. Тарихи тамырластығымыз терең. Ауданымызда басқа да этнос өкілдері тұрады. Тек жоғарыдағы ұлттардың ауданымыздағы үлесі басым. Аудандағы халықтың тыныс-тіршілігі бір-бірімен біте қайнасып жатыр. Ал татулыққа келер болсақ, ең алдымен, бірліктің сыры ол тарихи сабақтастықта жатыр дер едім. Өйткені біздің ата-бабаларымыз осы мекенде тіршілік етіп, ұрпағын өсірді. Осы мекенде еңбек етіп, отбасын асырады. Мұндағы әрбір этнос өкілдері осы тарихи мекенді өзінің ыстық ұясына айналдыра білді. Еліміздегі халықтар достығы мен ұлтаралық келісімді көзіміздің қарашығындай сақтап, нығайту, жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, тілімізді, мәдениетімізді және ұлттық салт-дәстүрлерімізді дәріптеп, дамыту жолында барлық этномәдени бірлестіктер аянбай еңбек етуде.



Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ата-бабаларымыздың сан ғасырдан бергі асыл арманы – «Мәңгілік ел» ұлттық идеясында, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты стратегиялық маңызға ие мақалаларында алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру жолында біздің этномәдени бірлестік қарқынды жұмысымен ерекше белсенділік танытып жүр. Өздеріңізге белгілі, біздің еліміз нарықтық экономика, азаматтық қоғам және белсенді саяси өмір саласында Орталық Азияға үлгі болуда. Елбасының салып берген даңғыл жолын, қазір ел тізгінін қолға алған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған көреген саясатының ел дамуына тікелей қатысты екенін атап өткім келеді. Осы айтылғандардың барлығы біздің ауданда жоғары деңгейде жүзеге асып келеді. Ол біртіндеп дамудың нақты бағдарын айқындайтын біртұтас бағдарламаны ғана білдіріп қоймай, сонымен бірге Қазақстан халқының үміті мен сенімі болып бағалануда. Мінеки, осындай мемлекетте тұрған ұйғыр, қазақ ағайындар қорада малымыз, төсекте басымыз қосылып, құда-жегжат болып кеттік. «Ырыс алды ынтымақ» демекші, ауызбіршілігіміз жарасқан мемлекетпіз. Осы бірлігімізді одан әрі нығайтып, татулықпен еліміздің дамуына тамшыдай болса да, өз үлесімізді қосқымыз келеді. Ең бастысы, бейбіт заманда көк туымызды желбіретіп алға қарай нық басып келеміз. Ал еліміздің қарыштап алға қадам басуының басты сыры – еліміздегі түрлі этностардың бірлігінде екенін баса айтқым келеді.

Jas qazaq: Елімізде түрлі ұлттың мәдениетін құрметтеп, бірлікке шақыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы зор. Этномәдени орталықтың дамуына Ассамблея тарапынан қандай қадамдар жасалуда?

Ұ.Арзиев: Біздің елімізде әрбір этномәдени бірлестіктің емін-еркін жұмыс істеп, ойлаған игі бастамаларын жүзеге асыруына мемлекет тарапынан қолдау зор. Өзге елдерден келіп, біздің жұмысымызбен танысып, таң қалысып, таңдай қаққандар аз емес. Барлығы ешбір мемлекетте баршаның баласын қанатының астына алып, қамқорлық танытып отырған біздің елдей ел жоқ екенін тілге тиек етеді. Мінеки, осындай бай-қуатты елімізде бейбітшілік пен келісімнен асқан байлық, бақыт жоқ. Бұл асыл қазына болмаса, ешбір істің алға баспайтынына көптің көзі жетуде. Ассамблея осылайша елдің басын біріктіруші күш екенін көрсетіп отыр. «Бірлік бар жерде тірлік болатынын» дәлелдеді демекшімін. Қазақ пен ұйғыр халқының тамырымыз бір, қайғымыз бен қуанышымыз ұқсас, өмірдің сан мыңдаған сынақтарынан сүрінбей өтіп келе жатқан бауырлас халықтармыз. Қазақстандағы ұйғырлар, жергілікті толерантты саясаттың арқасында тілі мен ділін ұмытпай, сақтап келе жатыр. Қазақстанда тұратын ұйғырлар ең бақытты ұлттардың бірі екенін айтқым келеді. Өйткені біздерге, еліміздегі барлық этностар сияқты, тілімізді әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді сақтап, дамытуға кең мүмкіндіктер берілген. Қазіргі уақытқа дейін академиялық мәртебені иеленген мемлекеттік театрымыз, республикалық қоғамдық-саяси «Ұйғыр-авази» атты газетіміз, Шығыстану институты қарамағында ұйғыртану орталығымыз жұмыс істейді. Сондай-ақ ұйғыр тілінде білім беретін 67 мектебіміз бар. Одан бөлек, жеке газет-журналдарымыз да жарық көріп жатыр. Оған шектеу жоқ. Қазақстанның дамуына жұмыла үлес қосамыз.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени қызметін арттыру. Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 130-дан аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды рөл атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Jas qazaq: Аудандағы мәдени шараларға этномәдени орталықтар белсенді қатыса ма? Сіздер үшін салтанатты түрде аталып өтетін маңызды мерекелер қандай?

Ұ.Арзиев: Ұйғыр ауданы орталығында этномәдени бірлестіктер бір-бірімен тату-тәтті, барлығы қазақстандық патриотизммен жұмыс жасап, «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру мақсатында еңбектеніп жатыр. Барлық мемлекеттік мерекелерге белсенді түрде қатысамыз. Орталық өз жұмысы барысында халықтың ауызбіршілігі, қоғамдық келісім мәселелеріне ерекше мән береді. Осы мақсатта аналар кеңесі, ақсақалдар алқасы негізгі күш болып есептеліп, игі істер атқарып келеді. Өйткені өз арамызда жеке, отбасылық, тұрмыстық келіспеушіліктер немесе араздықтар тек солардың тікелей араласуымен, ақыл-кеңес беруімен шешіледі. Кейбір мәселелерде біздің заңгерлеріміз медиация тәсілін тиімді пайдаланады. Жалпы адамдарды бір-бірімен татуластыруда, ынтымақтастыруда бұл тәсілдің маңызы өте зор. Сонымен бірге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, биыл қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы биыл елімізде салтанатты түрде атап өтілуі тиіс. Бірақ әлемді шарпыған пандемия салдарынан алдағы өтетінмәдени және спорттық шаралар тоқтап тұр. ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атап өтуге жоспарланған бұл шараға республикалық ұйғыр этномәдени орталығы да атсалысуға дайын. Әзірге мәдени шаралардың қай уақытта өтетіні белгісіз. Жалпы біздің этномәдени орталық ауданда өтетін мерекелік шараларда белсенді өнер көрсетіп келеді.

Jas qazaq: Қазіргі таңда әлемді шарпыған пандемия біздің елге де әсерін тигізді. Аудан аясында індетпен күресуге этномәдени орталықтардың көмегі болды ма?

Ұ.Арзиев: Әлемді шарпыған пандемияның біздің елге де әсерін тигізгені рас. Дегенмен Мемлекет басшысы мен жауапты министрліктер тарапынан дер кезінде пандемиямен күресудің нақты шаралары бекітіліп, қолға алынды. Осындай қиын-қыстау кезде бір жұдырықтай жұмылып, бірлігімізді танытып, аты жаман індеттің бетін қайтарып келеміз. Індетпен күресу үшін республика бойынша ауқымды шаралар атқарылды. Біздің ауданымыз да пандемиямен күресте сабырлылық танытып, аудандағы әрбір азамат бұл күресте өзіндік үлес қосты десем еш қателеспеймін. Еліміз бойынша құрылған «Біз біргеміз» акциясы біздің ауданда да жүзеге асты. Көптеген аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетілді. «Көп түкірсе – көл» демекші, «Біз біргеміз» атты акция аясында аудандағы аз қамтылған отбасыларға азық-түлік пен киім-кешек үлестірілді. Біздің этномәдени орталықтың мүшелері осындай қайырымдылық шаралардың басы-қасында болып, барынша көмек көрсетті.

Jas qazaq: Сіз үшін Отан, патриоттық сезім деген ұғымдар нені білдіреді?

Ұ.Арзиев: Отанға сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, патриотизм – тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы деңгейді сипаттайтын аса маңызды рухани игілік. Ол адамның Отан игілігі үшін қызмет етуінен, қажет болса, сол мақсат жолында ұмырын құрбандыққа шалуға дейін баруынан көрінеді. Біз баршаға мүмкіндік беретін қоғам: әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне-өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да қадірлейтін, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен Отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруға тиіспіз. Бұл – Қазақстанның шынайы патриоттарының басты ісі. Сондай-ақ «Қазақстандық патриотизмді» еліміздің әрбір азаматының санасына сіңіру – кезек күттірмейтін мәселе. Өз Отанының патриоты болу – Қазақстанды жүрегіңе ұялату деп ойлаймын. Патриотизм – сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің екінші жан-дүниесі, ой-санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек. Қазақтың патриоттық – отансүйгіштік тәрбиесі – тереңнен тамырын тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетаным-көзқарасының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпай тұрып, келер ұрпақты патриоттық-отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-жігері мен ақыл-қайрат жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес. Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды. Бірақ ол әрбір буында патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ.

Бойымызда отансүйгіштік, ерлік, батырлық, патриоттық сезімдерді арттыру үшін өткен ата-бабаларымыздан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алуымыз керек.Оларды қуана еске алып, мақтана айту -қазақ халқының әрбір перзентінің парызы. Таңның атысы күннің батысында тек еліңді еске түсір, Отаныңды ойла, туған жеріңді жырла. Сонда ғана сен «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» демекші, кіші емес кісі боласың, ел қажетіне жарар нағыз азамат боласың. Сонда ғана сен бақытты боласың деген қасиеттерді жастардың бойына сіңіру – негізгі міндеттердің бірі. Патриоттық тәрбие – тамыры терең тәрбие. Сол себепті патриоттық тәрбие тамырын



кеңге жаюы тиіс. Біз осы ұғымды өз ұрпағымыздың бойына сіңіріп тәрбиелеуіміз керек. Еліміздегі қай ұлттың өкілі болмасын, ең алдымен Қазақстан деп аталатын шаңырақтың әрдайым тұғыры биік тұруы жолында қызмет етуі керек деп санаймын.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ҚАЙЫРЫМДЫҚ – САУАПТЫ ІС

Мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, жетіспей жатқандарды жебеп жіберу қанымызда бар қасиет. Қашанда кеңқолтық халқымыздың асыл қасиеті бүгінгі індет жайлаған кезеңде де көрініс тауып жатыр. Осы ретте, Жетісу кәсіпкерлері коронавируспен күресу кезінде мұқтаж жандарға белсенді көмек көрсетіп жатқанын айта кеткен жөн. Олардың қатарында Ескелді ауданының тұрғындары, сондай-ақ еріктілер де бар.



Сол қатарда Ескелді ауданындағы «Рыспаев» шаруа қожалығының басшысы Ниязбек Рыспаев қолдау көрсеткен кәсіпкерлердің көшін бастап тұр. Ол өз қаражатына мұқтаж отбасыларға азық-түлік сатып алып, көпбалалы отбасыларға, Қайнарлы ауылдық округіндегі жалғызбасты қарт адамдарға тегін таратуда. Сондай-ақ ауыл тұрғындары оның жеке дүкенінен айдың соңына дейін нанды тегін ала алады. Бүгінде көрші-қолаң, туыс-туған, қандастарынан сырт, сол ауылда қоныстанған өзге ұлт өкілдері де оның қайырымдылығының куәсі болуда. «Бәріңізге белгілі, кезінде ата-әже, әке-шешелеріміз сонау қиыр шеттен қазақ даласына жер аударылған өзге ұлт өкілдеріне бір жапырақ нанымен бөлісіп, үйіне тұрғызып, жақыннан жәрдем көрсетті. Олардың осы өлкеде ұрпақ өсіріп, болашағын жалғауға дем берді. Сол асыл қасиетті көріп өскендіктен, біздің бойымызға да қайырымдылық қасиеті сіңді. Қазіргі қиын уақытта бір-бірімізге көмектесуіміз керек. Сондықтан ұзақ ойланып, ауылдастарымды азық-түлікпен қамтамасыз етсем деген тоқтамға келдім. Ешкімді алаламай, осы ауылда қоныстанып, татулықта тірлік кешіп отырған өзге ұлт өкілдеріне де шамам жеткенше көмектесіп келемін», – дейді Ниязбек Бейсембайұлы.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, кәсіпкердің қамқорлығына ауылдастары риза. Әсіресе, оның барлық адамды бірдей көріп, бауыр санап, жақын тартатын жақсы істерін мақтаныш етеді.

«Ниязбектің үлгілі ісін ауылдағы барлық адам біледі. Ол үшін адамдардың түрі, ділі, діні, тілі маңызды емес, бәрін де бауырым деп біледі. Сондықтан біз де балаларымызға оның игілікті ісін, адамгершілігін, кеңпейілділігін үнемі айтып, тәрбиелеп отырамыз», – дейді ауылдастары.

Айтпақшы, кәсіпкер тек өзі туған ауылына ғана емес, соған көрші бірқатар кент пен ауылдық округтерге де көмектесіп келеді.

Қажет АНДАС,
Ескелді ауданы
Алматы облысы

4 NARYQ
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Шағын бизнес

КӘСІПТІ БАСТАЙМЫН ДЕГЕНГЕ

Ақмола облысында «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жобаларды жүзеге асыруға алты жүзден астам грантты игеру жоспарлануда.

1350 адам кәсіпкерлік негіздерін меңгерсе, 600 ақмолалық онлайн режимінде оқып шықты. «Бастау Бизнес» жобасының бизнес-жаттықтырушылары аудандарда арнайы маркетингтік зерттеу жүргізді. Бұл талдау нарықта онша игеріле қоймаған кәсіп түрлерін анықтауға мүмкіндік берді. Ірі кәсіпорындармен байланысу арқылы курс тыңдаушылары мен кәсіпкерлер арасындағы әріптестік қатынас орнатылды.



Ақмола облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Ерқанат Мұсылманбек: «Биыл қабылданған карантиндік шараларға байланысты, Atameken Academy және Openstud онлайн платформасы арқылы қашықтан оқыту қарастырылған. Оқыту мерзімі 21 күн төнірегінде», – дейді.

Кәсіпкер Шынар Мұқышева жеке бизнесін дамыту үшін жеңілдетілген несие алғандардың бірі. Курста үйренген кәсіпкерлік дағдыларын қолдана отырып, сүйікті ісін табыс көзіне айналдырды.

Ш.Мұқышева: «250 мың теңге көлеміндегі грантқа тігін машиналарын сатып алдым. Карантин кезінде де кәсібімді тоқтатпадым. Тек үй жағдайында жұмыс істедім. Маска тіктім», – деді.

Аталған жоба ауылды жерлерде ғана емес, қала тұрғындарының арасында да кеңінен танымал екендігін атап өту керек. Бүгінгі күні Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасына бизнес дағдыларын меңгеруге ниет етушілерден 2 мыңнан астам өтінім келіп түскен.

ҚИЯР ЕГУ ДЕ КӨП-КӨРІМ КӘСІП

Ауылдағы Есенбай құрдас аптасына алты рет қоңырау шалады. Сондағы жұмысы үйінде қарап отырған, кеудесі есіктей, балтыры бесіктей үш баласына нәпақа айыратын жұмыс тауып беруі керек екен. Құтты мен бір облыстағы жұртшылықты жұмыспен қамтитын басқарманың бастығы болармын ба? Дегенмен, құрдастың қолқасын қолыңнан келіп жатса, өтеген дұрыс. Әрі ойланып, бері ойланып, не белгілі бір мамандығы жоқ, не бір кәсіпті игермеген бозымбайларды бөздатып жетекке жегетін жер таба алмадым.

Санаға салып салмақтасаңыз, осы Есенбай құрдастың өзінікі теріс пе дерсіз. Іздейтін ештеңе жоқ екен. Ауылда жұмыс ит ырғын. Тек көретін көз, сезетін түйсік керек. Дәлел дейсіз бе, оп-оңай. Түнеукүні жолсапарға шыққанда Есіл ауданынан көріп келдім. Аудандағы Знаменка ауылында аумағы он екі қанат ақ орданың көлеміндей жерге қаптатып жылыжайларды салып тастапты. Осы ауылда Есенбайдың балалары тәрізді екі қолдарына бір күрек таба алмай отырған Рүстем мен Дамир Балдановтар да жалына жармасар жұмыс іздеп жандары қиналған ғой. Күні-түні ғаламторды шарлаған, бизнес әлемінен бастауыш сауаттарын ашқан. Сөйтсе, қиналатын түк жоқ екен, Есілдің бойын ен жайлаған елде не қат, не өтімді? Көкөніс. Етке зәру емес, сүтке зәру емес, ал көкөніс қасқалдақтың қанындай таптырмайды.

Банктен несие алып, тәуекел етіп тас жұтуға дайындалған екі жігіт «Органико» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін ұйымдастырған. Жыл бойы үздіксіз өнім беретін үш жылыжай салып алған. Қиярдың тұқымы ақпанның 20-сы күні отырғызылыпты. Наурыздың жуан ортасында алғашқы өнімдерін бере бастаған.

Рүстем Балданов айтады: «Қылтиып қияр шыққанда қуанғанымыз-ай, әуел баста еңбегіміз еш болады ма деп қорқып едік. Бұл өңірде жер деген жетіп жатыр, тыңайтқыш іздеп те тыңға соқпақ салудың қажеті жоқ. Кез келген үйдің жанында нешеме жылғы мал қиы, яки көң, жаңа тілмен айтқанда, органикалық тыңайтқыш тау-тау болып үйіліп жатыр. Тіркемеңе толтырып алып кетсең, үй иесі маңайын тазалап бергенің үшін ақысын да төлейді. Ал су деген, міне, жатыр, жарықтық мөлт-мөлт етіп. Енді не жетпейді, жетпейтіні талпыныс», – дейді.

Кәсіпкерлер үш жылыжайдан тәулігіне 1800 келі қияр жинайды екен. Ал тіске басар қияр өспейтін өңірдегі баға шіркін күйіп тұр. Бір қызығы, елдегі Есенбайдың балалары қарап жатқан соң бәсекелестік те жоқ. Енді бұлардың аты өткелден өтпегенде кімнің аты өтсін.

Бүгінгі таңда жылыжайда он адам жұмыс істейді. Күні кеше өздері жұмыс таба алмай жүрген екі жігіт енді жұртты жалдап отыр. Онысы да, әрине, теріс емес. Бірдің шарапаты онға тиіп, ойға алған шаруасы оңынан оңғарылып тұр.

Жылдың алғашқы үш айында 45 тонна өнім жинапты. Міне, байлық. Аудан жұртшылығын мелтектетіп тойдырған соң Қостанай асыруда. Жыл соңына дейін әлі де 90 тонна қияр жинаймыз деп құлшынып отыр.

БИЗНЕС БЕРЕКЕСІ БІЛІКТІЛІКТЕ

Ырыс үйірілу үшін астық еккен жетімсіз екен. Оны өңдеп, тұтынушының дастарханына жеткізе білсең, табыстың тайқазаны да қайнамақ.

Қазіргі таңда жергілікті өнім өндіруге ерекше маңыз беріліп отыр. Нұр-Сұлтан қаласының іргесіндегі Аршалы ауданына қарасты Анар стансасында «Аян» диірмен-макарон комбинаты пайдалануға берілгелі анау айтқандай көп уақыт өте қойған жоқ. Бірақ сол аз ғана уақыттың ішінде өздері өндіретін өнімнің сапасымен тұтынушы көңілін жаулап отырған жайы бар. Себебі өнімдері бүгінгі күннің сұранысына толық жауап беретіндей сапалы.

Жоба құны 3 миллиард теңгеден астам. Оның 1 миллиарды кәсіпкерлердің өз қаражаты болса, 2 миллиард теңгені несиеге алған. Қазір мұнда тәулігіне 150 тонна ұн үгуге қуаттары қаптал жетеді. Үгілген ұннан 11 түрлі, жалпы көлемі 20 тоннадан астам макарон өнімдері дайындалады. Тұтынушы іздеп табанынан сарылатын да жай жоқ. Тұрғыны күн сайын өсіп келе жатқан Нұр-Сұлтан қаласы іргелерінде.

Комбинатта қазір 60 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Анар тәрізді ат төбеліндей стансаға жұртшылығы үшін осының өзі айта қаларлық көмек. Әрі әр жұмысшының жалақысы орташа есеппен айына 90 мың теңгеден айналады. Жер-жерде дәл осындай өздері өндірген өнімді ұқсатып, өңдей білсе, ауыл шаруашылығының да ажары кіріп қалатындығы сөзсіз.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

«Қара алтын»

МҰНАЙ БҰРҚАҒЫ АТҚЫЛАДЫ

Маңғыстау өңіріндегі Шығыс Бектұрлы барлау блогында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында бұрқақты мұнай ағыны пайда болды. Бұл туралы Jas qazaq газетіне «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының баспасөз қызметі хабарлады.



12 мм штуцерде тәулігіне 100 м³ дейінгі дебитпен бұрқақты мұнай ағыны *(мұнайдың үлес салмағы – 0,82-0,85 г/см³)* тарихи деректерді кешенді геологиялық-геофизикалық зерттеу, бассейндік үлгілеу, жоғары технологиялық сейсмобарлау жұмыстарының және Шығыс Бектұрлы-1 іздестіру барлау ұңғымасының оңтайлы орналасуы нәтижесінде орта юра дәуірі қабатынан алынды. Бұдан бөлек, мұнай *(үлес салмағы – 0,82 г/см³)* алдыңғы сынақ нысандарынан орта және төменгі юра қабаттарының сынамаларын іріктеу жолымен алынған болатын, сондай-ақ триас шөгінділерінен де көмірсутектің белгілері анықталды.

Қазіргі уақытта мұнай-газ көкжиегінің ерекшеліктері туралы қосымша ақпарат алу мақсатында ұңғымада кәсіпшілік геофизикалық және гидродинамикалық зерттеулер кешені жалғасуда. Шығыс Бектұрлы учаскесі Маңғыстау облысының Қарақия ауданында Өзен-Қарамандыбас, Жетібай, Бектұрлы, Шығыс Жетібай, Ақтас және басқа да қолданыстағы мұнай-газ кен орындарына жақын маңда орналасқан. Шығыс Бектұрлы учаскесінде жоба операторы болып «Becturly Energy Operating» ЖШС табылады – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ *(50%)* және «Көкел Мұнай» ЖШС *(50%)* бірлесіп бақылайтын ұйым. Ұлттық компания жаңа кен орындарды игеруде серіктестермен өзара ынтымақтастық барысында кэрри-қаржыландыру талаптарын ұстанатынын атап өткен жөн.

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу шығындары серіктес ұйымға жүктеледі. Геологиялық барлау жұмыстары оң нәтиже берген жағдайда, серіктес ұйым жұмсалған шығынның орнын мұнай өндіру есебінен толтырады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Салық

БАҚ САЛЫҚТАН БОСАТЫЛАДЫ



Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева пандемия кезінде бұқаралық ақпарат құралдарын салықтан босату жөнінде айтты. Ол: «Экономикалық қиындық кезеңінде БАҚ-ты қолдау шараларына ерекше тоқталғым келеді. Бүгінде коронавирус пандемиясы салдарынан бұқаралық ақпарат құралдары елеулі экономикалық қиындықтарға тап болуда» – деп атап өтті.

Биыл жарнамалық кіріс орташа есеппен 30-60 пайызға дейін азаюы мүмкін. Сондықтан БАҚ-ты 1 сәуірден 1 қазанға дейінгі кезеңде еңбекке төлем жасау қорынан, салық төлеуден және міндетті аударымдардан босату көзделген. Осы орайда Аида Балаева: «Парламент тиісті заң жобасын қабылдады. Оның аясында 2020 жылдың 1 шілдесі мен 31 желтоқсан аралығында коммерциялық теле-радиоарналарды аналогтық және эфирлік цифрлық хабар тарату қызметтері үшін ақы төлеуден босату қарастырылды», – деді.

Әйгерім ТЕМІРҒАЛИЕВА

Кеден ісі

ДАҒДАРЫСТЫҢ ДА ӨЗ МҮМКІНДІГІ БАР

Ежелгі Жібек жолының бүгінгі күндегі жаңғыруы іспетті «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы – әлемдегі трансшекаралық ынтымақтастық жолға қойылған жалғыз жоба. Оның рөлі тек қазақстандықтар үшін ғана емес, бүкіл Еуропа елдеріне дейінгі сауда-саттықтың нығаюына зор септігін тигізуде. Бүгінде сауда орталығындағы жұмыс қызып тұр. Десе де, биылғы індет жағдайы осы орталықтың жұмысына бірқатар қиындық ала келгені анық. Осыған орай, «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының директоры Дінмұхамет Әбсаттаровқа көкейімізде жүрген сауалдарды қойдық.

Jas qazaq: Әңгімені бастамас бұрын, 2005 жылы құрылған «Қорғас» орталығының түпкілікті мақсатына тоқтала кетсеңіз.

Д.Әбсаттаров: Мемлекетаралық жобаның мақсаты – трансұлттық компанияларды тарту, қазақстандық экспортты ілгерілету, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара маңындағы сауда көлемін өсіру. Тұтастай алғанда, бірегей жоба бизнесті жүргізу, инвестицияларды тарту және туристерге қолайлы жағдай жасауға бағытталды.

Jas qazaq: 2019 жылы компанияда айтарлықтай өзгерістер жасалды: акциялардың 100 пайыз пакеті мемлекеттен Алматы облысының коммуналдық меншігіне берілді. Бұл бастама қандай мүмкіндіктер берді?

Д.Әбсаттаров: Бұл бастама акционерлік қоғамына Басқарушы компания *(АЭА БК)* мәртебесін беру – инвесторлар және арнайы экономикалық аймақ қатысушыларымен заңнамада қарастырылған жеңілдіктерді ұсыну арқылы жаңа шарттармен келісім жасауға мүмкіндік берді.



Jas qazaq: «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы қызметін әрмен қарай дамыту бағытында қандай жұмыс атқарылып жатыр?

Д.Әбсаттаров: Бірінші кезекте, сол кездегі жағдайға талдау жүргізілді. Соның нәтижесінде шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының мықты және осал тұстарын белгіледі. Талдау нәтижесінде орталық дамуының негізгі бағыттары анықталып, инвестицияларды тарту және туризмді дамытуға басымдық берілді. Осы тармақтар арнайы экономикалық аймақтың даму стратегиясына мұрындық болды. Атқарылған шара қызметтер мен тауарлар экспорты дамуына мультипликативті әсер бермек.

Екінші бағыт – басқарушы компанияның клиентке бағдарланған компания ретінде қалыптасуына, үшінші – инженерлік инфрақұрылымның дамуына назар аударылды. Арнайы экономикалық аймақтың логистикалық мүмкіндіктері – оның Алтынкөл стансасы жанында және ҚХР мен Оңтүстік-Шығыс Азияны – Орталық Азия, Каспий теңізі және Еуропа елдерімен байланыстырып тұрған еуразиялық трансконтинентальді көпір іспетті «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль магистралі маңында орналасқанын ескерсек, бұл жақсы артықшылық.

Jas qazaq: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында орталық жұмысына қатысты сын айтып, тиісті тапсырма берді. Біздің ел аумағындағы инфрақұрылымды дамыту жағы қалай?

Д.Әбсаттаров: «Қорғас» ШЫХО жобасын іске асыруда қазақстандық тараппен салыстырғанда бастапқы жағдай қытай тарапынан айтарлықтай тиімді болғанын атап өткен жөн. «Қорғас» орталығының қытай бөлігі инженерлік және көлік инфрақұрылымы сол кездегі 90 мың тұрғыны бар Қорғас қаласының бұрыннан бар инфрақұрылымының негізінде құрылған.

Қазақстан бөлігінің инфрақұрылымы, бейнелеп айтсақ, «таза парақтан» бастап салынды. Қорғас орталығын толық немесе ішанара қамтамасыз ете алатындай жақын маңда инженерлік инфрақұрылымның көздері мен ірі объектілердің болмауына байланысты қуаттылығы 120 МВт жылу қазандығы, электр қосалқы стансасы, су жинау нысандары мен кәріз тазалау нысандары салынып, сыртқы және ішкі киреберіс жолдары жүргізілді. Бұдан бөлек, «Қорғас» орталығының батыс жағында ағып жатқан селге қауіпті Қорғас өзенінің жақын орналасуына байланысты, өңірдің төтенше жағдай департаменті орталықтың бүкіл аумағын селден сақтау және жағалауды нығайту бойынша жұмысты жүргізіп жатыр.

Jas qazaq: Биылғы төтенше жағдай мен пандемия орталық жұмысына кері әсерін тигізген болар?

Д.Әбсаттаров: Пандемия салдарынан арнайы экономикалық аймақ бес айдан астам уақыт жұмыс істемеді. Осындай жайт кірісті тоқтатып, сәйкесінше, даму қарқынына кедергі келтірді. Алайда қаржыландырудың болмауына қарамастан, инфрақұрылым объектілерін күту бойынша жұмыс жалғастырылды, жекелеген жаңарту жұмысы қолға алынды. Нәтижесінде қазіргі таңда «Арнайы экономикалық аймақ аумағын цифрландыру» жүргізіліп жатыр. Бұл ауқымды шара барлық бизнес-процестерді оңтайландырып, инвестор, турист, сондай-ақ АЭА қызметін қаматамасыз ететін органдарға оң әсер етпек.

Jas qazaq: Алдағы уақытта қандай жұмыс атқарылмақ?

Д.Әбсаттаров: Біріншіден, бастапқы қызметтер мен ақпаратты алуға қолайлы болу үшін «Қорғас» ШЫХО сайты жаңартылды. Жуық арада онлайн консультацияға арналған call-орталық іске қосылады. Компанияның бүкіл құжат айналымы оңтайландырылып, электронды форматқа ауыстырылды. «Қорғас» орталығы қызметінде кіру және шығу кезінде бақылау-өткізу пунктінің қызметі жетілдіріледі. Сондай-ақ жеке тұлғадан бағажды бөлу жолға қойылуда. Мұның бәрі өткізу пунктінен өту уақытын қысқартады. Билеттерді ресми сайттар арқылы онлайн сатып алуға болады. Келушілер бағажды қолмен алып жүрмейді, жүкті багаж қабылдау пунктіне өткізсе болғаны. Билет құнына 25 келіге дейінгі бағажды алып жүру енгізілген. Келушілерге паспорттық және кедендік бақылауды жалпыға белгіленген режимде өтуге немесе қолайлы жағдай қарастырылған бизнес-терминал арқылы өту бойынша таңдау беріледі.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Қажет АНДАС,
Алматы облысы

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Біздің сұхбат

ЕРІКТІ КӨМЕК АТА-БАБАМЫЗДЫҢ САЛТЫНДА БАР

Бидәулет СЕРІКҰЛЫ:

Елімізде ерікті жастардың қатары көбейіп келеді. Әсіресе, алып қала Алматыда белсенді жастардың игі істеріне куәміз. Әлемді шарпыған пандемия кезінде «Біз біргеміз» деген ұранмен қаламыздың еріктілері тұрғындарға барынша көмек көрсетті. Біз Алматы қаласындағы еріктілер ұйымын бір арнаға тоғыстырған Almaty Volunteers жобасының үйлестірушісі Бидәулет Серікұлынан ерікті жастардың қызметі жайлы әңгімелеп беруін сұрадық.

Jas qazaq: Бидәулет Серікұлы, Almaty Volunteers еріктілер қозғалысы қашан құрылды? Жобаның ұйымдастырушысы ретінде жастардың ерікті болуға белсенділігі жөнінде айтып өтсеңіз? Қандай шаралар ұйымдастырылды? Оған үлес қосып жүрген ерікті жастардың қатары қанша?

Б.Серікұлы: Almaty Volunteers еріктілер жобасы осыдан бір жыл бұрын Алматы қаласында Жастар жылы аясында Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасының қолдауымен құрылды. Жастардың еріктілік қызметін жандандыру аясында қолға алынған жоба. Негізгі мақсатымыз – қала жастарынан халықаралық қатысқысы келеді. Біз туралы әлеуметтік желіден, бір-бірінен естіп қатарымызға қосылғылары келеді. Әсіресе, жастарды үлкен концерттер, спорттық шаралар, қайырымдылық жобалар қатты қызықтырады. Ерікті болу дегеніміз – өз уақытын тиімді өткізу. Қоғамға тегін болса да өз пайдасын алып келу. Қаламыздағы барлық еріктілік ұйымдарындағы жастардың қатары 10 мың адамнан асады. Ал кәсіби түрде еріктілікпен айналысып жүргендердің саны – 3 мың адам. Әсіресе белсенді жастарымыз пандемия кезінде өз өмірлерін қатерге тіксе де, еріктілік қызметін адал атқарды. Олар екі жарым ай тынбай еңбек етті. Қала тұрғындарына барынша көмек көрсетті.

Jas qazaq: Ұйымның қазіргі кездегі қызметіне тоқтала кетсеңіз.

Б.Серікұлы: Алматыдағы еріктілер ұйымының интернет порталын бір арнаға тоғыстырсақ дейміз. Қалаға келген әрбір жас сайт арқылы біздің бағытымызды таңдай алады. Мысалы, экологиялық, қайырымдылық, әлеуметтік бағыт сынды өзінің қалаған еріктілер қозғалысы туралы толық ақпаратпен танысады. Биылғы еріктілер жылының негізгі бағыты – білім, асыл мұра, денсаулық, үміт, экология. Біздің ортақ сайт қаладағы барлық еріктілер қозғалысын бір арнаға тоғыстыратын ақпараттық орын. Мұнда әр түрлі бағыттағы



стандартқа сай еріктілер қатарын көбейтіп, бренд қалыптастыру. Біз қаламыздағы 20-дан астам еріктілер ұйымын біріктіретін арнайы сайтты іске қосу идеясын ұсындық. Алматы қаласының әкімдігі ұсынысымызға қолдау көрсетті. Құрылғанымызға бір жылдан астам уақыт болды. Осы аралықта көптеген жұмыстар жүзеге асты. Биылғы жыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Еріктілер жылы болып бекітілгенін баршамыз білеміз. Бұл да еріктілік қызметтің дамуына, еріктілер ұйымының әрі қарай дамып жетілуіне септігін тигізді деуге толық негіз бар. Алматы – жастардың қаласы, үлкен мегаполис. Мұнда 30-дан астам жоғары оқу орындары мен 80-нен астам кәсіптік білім беру колледждері бар. Осы білім ордаларының барлығынан жастарымыз ерікті болуға өтініш білдіріп, қаламыздың қоғамдық жұмыстарына белсене









Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Қайырымдылық пен мейірімділік – қанымызға сіңген қасиет. Қазақта асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіні сөзсіз. Сондықтан сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет.

(Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті)



Ата-бабамыздың салтында бар нәрсе. Біздің салт-дәстүріміздегі «асар мәдениеті». Қазақ халқы жетімін жылатпаған. Сондықтан бір-біріне көмектесу, демеу болу – ол біздің қанымызда бар. Ал қазіргі еріктілік іс халықаралық стандартқа сай өз уақытынды, өз еркіңмен тиімді де игілікті істерге жұмсау. Еріктілік тегін қызмет. Жұмысың 4 сағаттан аспауы керек. Еріктілерді қолы бос, жұмысы жоқ, бос уақыты көп деп ойлайтындар бар. Мүлдем олай емес. Ерікті болу жасқа, ұлтқа бөлінбейді. Қаламызда өткен Азиада, Универсиада еріктілік жұмыстың қажет екенін көрсеткен, еріктілерге үлкен серпіліс берген жарыс болды. Еліміздегі еріктілердің деңгейіне қандай да бір баға беру әлі ерте. Бірақ ерікті болғысы келетін жастардың қатары күннен-күнге көбейіп, еліне, жеріне көмек қолын созғысы келетін белсенді жастардың санының артуы көңілге қуаныш ұялатады.

Jas qazaq: Еріктілер қозғалысын дамыту үшін әлі де не істеуіміз керек? Өзге елдердің тәжірибесімен салыстырып көрдіңіз бе?

Б.Серікұлы: Еріктілік істі дамыту бойынша біз әлі де жұмыс істеуіміз қажет. Мысалы, дамыған елдерді алып қарайық. Ерікті болып жұмыс істеген жасқа жұмысқа тұруына үлкен көмегі тиеді. Көрші Ресейде ерікті болған әрбір адамға арнайы кітапша жүргізіледі. Біздің елде де осы сынды тәжірибелерді қолдану ұсынылуда. Сонымен қатар еліміздің барлық қалаларында еріктілерге арналған фронт-офис ашу жоспарда бар. Мысалы, Еуропа елдерінде зейнетке шыққан қарттар да ерікті болып қызмет етеді. Біздің елде де орта жастағы, егде жастағы бос уақыты бар азаматтарды еріктілер қатарына қосу қарастырылуда. Биылғы жылмен шектеліп қалмай, еріктілер ісі әрі қарай да дамитын болады.

Jas qazaq: Әлемді алаңдатқан пандемия кезінде елімізде төтенше жағдай жарияланды. Қазір де белгілі бір шектеулер болуда. Еріктілер қазір қалай жұмыс істеуде? Олардың жұмыс режимінде қандай да бір өзгерістер бар ма? Олардың қауіпсіздігі қалай шешілуде?

Б.Серікұлы: Пандемия біздің елді де шарпыды. Төтенше жағдай жарияланды. Еліміз қиын сәттерді басынан кешіруде. Бастапқы наурыз айында жарияланған карантин кезінде біздің еріктілер Алматы қаласы әкімдігінің аясында құрылған штаб пәтерде жұмыла жұмыс істеді. Олар қаладағы аз қамтылған отбасыларға, мүгедектерге азық-түлік, гигиеналық заттарды жеткізді. Жұмыс режимі халықаралық стандартқа сай болмаса да біздің еріктілер 4 емес 7 сағатқа дейін жұмыс істегендері болды. Ерікті жастардың еңбегі еленіп, Мемлекет басшысының Алғыс хатымен марапатталды. Біз еріктілердің денсаулығын қадағалап, күнделікті дене қызуын өлшейміз. Сақтық шараларын жүзеге асырамыз. Онлайн режимде арнайы конкурстар ұйымдастырылуда. Сайт белсенді жұмыс істеуде. Еріктілердің игі істері алдағы уақытта да жүзеге асатын болады.

Сұхбаттасқан Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Аптаның талдауы



Әлия МОЛДАБЕКОВА, *Ұлттық банк төрағасының орынбасары:*

«Ұлттық банк өткен айда қаржы нарығында интервенция жасаған жоқ. Мұнай бағасының өсуіне орай, теңгенің долларға шаққандағы бағамы 1,7 пайызға нығайып, маусым айының соңында 404,70-ке жетті. Ал мамыр айының соңында бұл көрсеткіш 411,5 теңге еді. Валюта айырбастау орындары кейде бағамды 400 теңге деп белгілеп отырды. Еске түсірсек, наурыз айында әлемдік нарықтағы тұрақсыздық салдарынан теңге/доллар бағамы 448,52-ге жеткен болатын. Экономиканың жандануына орай, шетелдік валютаға деген сұраныс өсті. Маусым айында валюта нарығындағы сауда-саттық 21,1 млрд долларды құрады. Бұл мамыр айындағы көрсеткіштен 500 млн долларға артық».

Серпін

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Құрылыс индустриясы – ел экономикасын өркендететін күш делінсе, облысымыз осы көштің басында тұр. Оған жыл сайын бой көтеріп, ел игілігіне берілген көпқабатты үйлер мен халыққа қызмет көрсететін орталықтарды дәлел ретінде келтіруге болады. Олар қалаға сән беріп қана қоймай, облыс орталығының инфрақұрылымын дамытуға қозғау салуда. Нәтижесінде аймағымыз күн сайын өзгеріп, түрленіп келеді.

Бұл игілікті іс биылғы қауіпті індет тарап, ел бойынша төтенше жағдай жарияланған тұста да жалғасын тапты. Облыстың құрылыс саласы карантин шарттарын орындай отырып, елді мекендерді абаттандыру, тұрғын үйлерді салу жұмысын бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Оған жуырда ғана Талғар ауданында үй кезегінде тұрған азаматтарға 340 пәтерлі баспананың берілгені дәлел бола алады.

Қазіргі таңда Талғар ауданы бойынша мемлекеттік тұрғын үй алу қорынан үй кезегінде 4912 азамат тіркелген. Оның ішінде әлеуметтік жағынан осал топтар бойынша – 1876, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар – 653, көпбалалы отбасылар – 1053 және 1330 мемлекеттік қызметкер бар.

Бізге берген сұхбатында Талғар ауданының әкімі Жолан Омаров құрылыс қарқыны туралы былай деді: «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан» кезекте тұрған азаматтарға Талғар қаласынан 6 көпқабатты үйден 340 пәтер беріліп отыр. Оның 170-і «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында сатып алуға жоспарланған. 61 пәтер – халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарға жататын азаматтарға, жетім балаларға – 34 пәтер және көпбалалы отбасыларға 55 пәтер бөлінген. Ал мемлекеттік және бюджеттік ұйым қызметкерлері үшін 20 пәтер қарастырылған».

Алты үйдің құрылыс жұмысына 3 млрд 135 млн теңге қаражат жұмсалыпты. Құрылыс мердігерлері өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқарып шыққан.

Аталған аудан келесі жылға тағы 9 қабатты 5 үйдің құрылысын бастауды жоспарлап отыр. Демек, осы



жұмыстардың нәтижесінде, көптеген баспанаға мұқтаж жандардың мәселесі шешілуіне қоса, ел экономикасын өркендету мен шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына да серпін бермек.

Айта кетерлігі, жыл басынан бері жұмыс орындары қысқарып, көптеген азамат жұмыссыз қалған тұста Талғар ауданындағы осы үйлерді салуға бірнеше жүз жергілікті тұрғын тартылды. Демек, құрылыс жұмысы жерлестеріміздің қаражат тауып, отбасын асырауына демеу болды. Сонымен қатар, жергілікті құрылыс фирмаларының өнімдерін де саудалап, қаражат табуына мүмкіндік берді. Карантин талаптары мен сақтық шаралары қатаң сақталғандықтан жұмысшылар арасында дертке шалдығып, денсаулығына зақым келгендер жоқ.

Қажет АНДАС, *Алматы облысы*

6 ja SERPIN

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Энергетика

ЖАҢҒЫРТПАЛЫ ҚУАТ КӨЗІ

Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеге сәйкес, жаңғыртпалы энергия көздерін дамыту – инвестиция тарту және экологияны жақсарту бойынша маңызды трендке айналып отыр. Осыған орай, бізде де ілкімді жобалар қолға алынып, игілікті жұмыстар атқарылуда. Елімізде қуаты 936,8 МВт болатын баламалы қуат көздерінің 83 нысаны бар. Атап айтқанда, 18 жел, 27 күн, 35 су электр стансасы және 3 биоэлектр стансасы жұмыс істейді. 2025 жылға қарай жаңартылатын энергия көздерінің нысандары кем дегенде 3000 МВт қуатпен жұмыс істейді. Бұл көрсеткішке Алматы облысы да өз үлесін қосып келеді.



Елімізде жасыл экономиканы дамытып, жаңғыртпалы қуат көздерін нығайту мақсатында өткен жылы «Қаскелең 220» қосалқы стансасы іске қосылды. Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметіне жүгінсек, аталған жоба «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамындағы «Самұрық Энерго» АҚ-ға қарасты «Алатау Жарық компаниясы» мен Алматы облысы әкімдігі бірлесе отырып жүзеге асырылды. Бұған республикалық бюджеттен 4,7 млрд теңге қаржы бөлінген. «Қаскелең 220» жобасы Алматы қаласының батысындағы өндірістік аймақтың, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарының 6184 жеке тұлғасы мен 404 заңды тұлғаның сұранысын толығымен өтей алады.



Осы нысанның ашылу салтанатында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов: «Жасыл экономиканы» дамыту бағытында қолға алынған баламалы энергия көздерін өркендетуде Қазақстанда іргелі істер жүзеге асуда. Атап айтқанда, Екібастұздағы ГРЭС-2-нің шетелдіктердегі үлесін толық мемлекет меншігіне сатып алып, үшінші блогін салуды қолға алдық. Шардара су электр стансасындағы жөндеу жұмысы аяқталғаннан кейін оның қуаттылығы 26 пайызға артады. Біз электр қуатын экспорттауға мүмкіндік алдық. Жалпы Алматы облысының ел экономикасындағы алар орны айрықша. Аймақтың алдағы уақытта да өркендеуі үшін энергетика саласын дамытуға жылына 10 млрд теңге инвестиция салу керек. Бұған біз өз үлесімізді қосамыз», - деді.

Облысқа қарасты Қарасай ауданының Батан ауылы маңында орналасқан стансасы Қаскелең қаласы мен өңірдегі елді мекендердің тұтынушыларын және Қарасай мен Іле аудандарының өнеркәсіп-индустриялық аймақтарын электр қуатымен жүйелі түрде жабдықтау мақсатында салынған. «Қаскелең 220» деген атауға ие болған, ал техникалық тілмен айтқанда ПС-220/110/10КВ қосалқы стансасының бой көтеруі өңірдің өркендеуімен тікелей байланысты. Тұрғындар санының еселеп өсуі, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарында өнеркәсіп нысандарының артуы, Алматы қаласындағы өндіріс орындарының облыс аумағына көшірілуі электр қуатына деген сұранысты арттырғаны белгілі. Бұрынғы қолданыстағы қондырғылар мен желілер бұл мақсатты жүзеге асыруға жеткіліксіз болатын. Аталған қосалқы станса қосылғалы бері сол өңірлердегі электр жарығына деген келеңсіздік шешіліп, өндіріс пен өнеркәсіптің өрлеуіне тың тебін әкелді.



Жалпы Алматы облысы аумағы жел, күн, су энергиясын тиімді пайдаланып, жаңғыртпалы қуат көзін өркендетуге қолайлы аймақ. Соның бірі ретінде осыдан бірнеше жыл бұрын салынып, қолданысқа берілген, аймақтың емес, еліміздің өзге де өңіріндегі маңызды нысандарды жарық энергиясымен қамтамасыз ететін Мойнақ ГЭС-ын атап кеткен жөн. Бүгінде облыста мұндай нәтижелі іс жалғасын тауып, тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз етіп жатқанын көріп жүрміз. Өткен жылы Қапшағай қаласындағы Kazakh Invest ҰК АҚ қолдаумен қуаты 100 МВт күн электр стансасы қолданысқа берілді. Бұл да «Жасыл экономиканы» дамытуға қосылған үлестің бірі. Жоба 270 гектар жер телімінде күн паркін, 220 кВ қосалқы стансасын және 220 кВ жоғары вольтты желінің құрылысын қамтиды. Стансаның жобалық жалпы құны 27,7 млрд теңгені құрады. Іске асыру барысында инвесторлар 300 мыңнан астам күн панелдерін орнатты. Жоба бойынша электр стансасы жыл сайын 160 млн кВт/сағ электр энергиясын өндіреді. КЭС көмірқышқыл газының ауаға тарайтын қалдығын жылына 150 мың тоннаға азайтады. Бұл жобаны бүгінде Universal Energy компаниясы әріптестік негізінде одан ары жалғастырып келеді. Аталған инвестор қосымша 50 МВт болатын ірі күн электр стансасының құрылысын бастамақ. Бұл жоба Алматы облысының әкімдігі тарапынан да қолдауға ие болды.

Жасыл экономиканың мүмкіндіктеріне тоқталған Алматы облысының әкімі Амандық Баталов: «Жетісу өңірінде қуат көзіне деген сұраныс өте жоғары. Қапшағай ГЭС-і, Райымбек ауданындағы Бестөбе су қоймасының мүмкіндіктері, Қапшағай қаласындағы сингапурлық компаниямен бірігіп салынған 100 МГВ-тық күн электр стансасы, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарындағы әрқайсысы 50 МГВ электр қуатын өндіретін күн қондырғыларының құрылысы бұл сұранысты қамтамасыз етуде», – деген болатын.

Айта кету керек, жоба құрылысы 2018 жылдың қыркүйегінде басталды. Құрылысқа 500-ден астам қазақстандық жұмысшы және 11 қазақстандық құрылыс компаниясы қатысуда. Айта кетерлігі, күн және жел энергетикасы бағытында қызмет көрсететін Universal Energy компаниясының кеңсесі Шанхай, Гонконг, Сингапур және Алматыда орналасқан. Оның Қазақстандағы іске асырылатын жаңғыртпалы энергия көздері жобаларының жалпы қуаты 380 МВт-ты құрайды.

Алдағы уақытта Алматы облысында ағыны қатты тау өзендерінің мүмкіндігін пайдалану арқылы үйлерге жылу берумен қатар, 400 МГВ электр қуатын өндіруге қабілетті жылу электр стансасын салу жүзеге асады. Осылайша Жетісу өңірі электр қуатын тұтынушы қатарынан өндіруші және өзге өңірлерге таратушы сапына қосылуы мүмкін.

Қысқасы, адамзаттың ендігі болашағы «жасыл экономика» арқылы өрістеуі тиіс. Мәселен, 2012 жылдың маусым айында Рио-де-Жанейро қаласында өткен халықаралық конференцияда «Біз көргіміз келетін болашақ» атты декларация қабылданып, онда жаһандық дамудың жаңа бағыты ретінде адамзат қауымына «жасыл экономикаға» көшу ұсынылды. Ал Астанада өткен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінде баламалы энергия көзін дамытудың әлемдік тәжірибесі таныстырылды. Ондағы негізгі міндеттер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасында» нақтылы пысықталды. Енді осы міндеттер мен тапсырмалар өзегінде жұмыс істеу ертеңгі жобалардың жүйелі жүзеге асуына серпін бермек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Әлеуметтік жауапкершілік

Осы аптада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында өңір басшысы Серікбай Тұрымовпен кездесіп, ҚМГ кәсіпорындарындағы эпидемиологиялық ахуалды және коронавирустың әрі қарай таралуын алдын алу бойынша компанияның қолға алған шараларын талқылады. Сонымен қатар ҚМГ басшысы ұлттық компанияның өңір тұрғындарына көрсетіп жатқан демеушілік және қайырымдылық көмегі туралы баяндады.



ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТТІ

А.Айдарбаев «Біз алғашқы күннен бастап пандемияға қарсы күреске барынша атсалысып келеміз. Компания өз қызметін жүргізетін өңірлердің тұрғындарына қамқорлық көрсетуде. «ҚазМұнайГаз» жалпы сомасы 2,6 млрд теңгеге, соның ішінде Маңғыстау облысына 1,8 млрд теңгеге демеушілік қолдау көрсетті. Бұл қаражат аса қажетті медициналық құрал-жабдық, реанимобильдер, оттегі концентраторларын және өкпені жасанды желдету аппараттарын сатып алуға жұмсалды. Сондай-ақ ҚМГ-ның еншілес компаниялары әкімшілік пен медициналық мекемелерге көлік, жеке қорғаныс құралдарын, сондай-ақ әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған азық-түлік жинақтарын алып берді. Біз коронавирус індетімен бірлескен күрес барысында дәрігерлер мен жергілікті атқарушы органдарға жан-жақты көмек көрсетуді жалғастырамыз», – деп атап өтті.

Жұмыс бабындағы сапары кезінде А.Айдарбаев Ақтау қаласындағы медициналық орталықтың қызметімен танысты. Аталған орталық ҚМГ-ның еншілес және сервистік компаниялары жұмысшыларын вахта ауысымына кірісер алдында ПТР тестілеуден өткізеді. Тестілеуден тәулігіне 200 адамға дейін өтеді. Тестілеу COVID-19 жұқтырғандарды анықтауға және өндіріс орындарында аурудың таралуын алдын алуға септігін тигізеді. Бұдан бөлек, компания басшысы Жаңаөзен қаласында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ және сервистік кәсіпорындар басшыларының қатысуымен селекторлық жиналыс өткізді. Жиналыс барысында ағымдағы қызметтің, дағдарысқа қарсы стратегияның іске асырылу, пандемиямен күрестің және санитарлық-эпидемиологиялық шаралардың қатаң орындалуы мәселелері талқыланды. Сонымен бірге, Алик Айдарбаев коронавирус инфекциясы мен пневмониядан қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларына және туған-туыстарына көңіл айтып, науқастанған әріптестестеріне тезірек сауығып кетуін тіледі. «Өкінішке қарай, әріптестеріміздің арасында да осы індеттен қайтыс болғандар бар. Бұл жаңға бататын ауыр жағдай. Бақилық болған қызметкерлер мұнай-газ өнеркәсібін дамыту мен өркендетуге елеулі үлес қосқан азаматтар еді. Олардың ерен еңбектерін біз ешқашан ұмытпаймыз», – деді ол.

Жаңаөзен қаласында ҚМГ басшысы ашылуы үстіміздегі жылдың қыркүйек айында жоспарланып отырған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық оңалту орталығына барды. Жобаға «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан 50 млн теңге бөлінген. Орталықта жылына 700 балаға дейін оңалтудан өте алады. Сондай-ақ «Өзенмұнайгаз» АҚ жанындағы провизорлық орталықтың қызметімен танысты. Провизорлық орталық қалалық инфекциялық емханалардың жүктемесін азайту үшін қосымша 65 төсек-орынмен жабдықталды, тәулігіне 500-ге жуық науқасты қабылдай алады. ҚМГ Басқарма төрағасы «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығына провизорлық орталықты қажетті жабдықпен қамтамасыз етуді тапсырды. Ол келешекте «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін емдеуге арналған толыққанды медициналық орталық ретінде жұмыс істейді деп жоспарлануда.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Дәрігерлерге рахмет!

БАЛАЛАР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАСЫНА ҚАТЫСУДА

Бәрі тележүргізуші және блогер Татьяна Фостер өзінің Instagram парақшасында қазақстандық балалар «Дәрігерлерге рахмет» шарасын қолдап, өздерінің қайырымдылық шарасын іске асырғаны туралы жазғанынан басталды. Бұл бастаманы өзге блогерлер де өз парақшаларында қолдап, көптеген әлеуметтік желілердің қолданушылар назарын аударды.

Фостер ханым былай жазды:«Біз #детидетям и #помощьизкопилкиkz тағы бір шараны @spasibo_vracham_kz қайырымдылық шараны қолдау үшін ойлап таптық. Оған сіз және балаларыңыз жинақ сандықшасынан жиналған ақшасымен бөлісіп, қатыса алады. Біз «Дәрігерлерге рахмет» атты қайырымдылық шарасын қолдағымыз келеді және жиналған ақшаға ауруханаларға қажет құралдар, оттегі концестраторлары мен дәрігерлерге тамақ сатып алынады. Жиналған ақша туралы есепті парақшамда беріп тұрамын».

Қазіргі күні «Дәрігерлерге рахмет» шарасы аясында 41 миллион теңге жиналды. Ең алғаш сандықшасынан ақшасын берген Рони Фостерге басқа балалар да қосылды.

Өзінің жарияланымымен автор қазақстандықтарды #помощьизкопилкиkz #детидетям шарасын қолдауға шақырады.

Ақшаны аударғанда міндетті түрде #детидетям или #помощьизкопилкиkz хэштегін сілтеуді сұрайды

Ақша аудару үшін карта реквизиттері:

Карта Halyk Bank
4405 6398 5915 0748
Kaspi Gold
4400 4301 7360 0757

6 Jq TIRSHILIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Кәсібің-нәсібің

ШҰЛЫҚ САТУШЫ

Біз әдетте белгілі бір кәсіп ашу үшін мол қаржы керек деп ойлаймыз. Көп істі үкіметтің көмегіне сүйеніп тындырғымыз келеді. Әлемдегі ең бай адамдардың тізіміне енгендердің өзі алғашқы қадамын кішігірім нәрседен бастағанын ескермейміз. Біздіңше, «Тиыннан теңге құралатынын» жадына мықтап тоқыған адамдардан үлгі алуымыз керек. Ондайлар көп арамызда.

Бүгінгі кейіпкеріміз Талдықорған қаласының Еркін ауылында тұратын Кенжебай Досымбеков жиырма жыл бойы бір ғана тауар – адамдар күнделікті тұтынатын шұлық сатумен айналысты. Сол еңбегінен берекет те тапты.



Jas qazaq: Кейбіреу «шұлық сатушы» десе, шамдана қалады. Ал өзің кәсіп жолын сол қарапайым саудадан бастаған екенсің...

К.Досымбеков: Әрине, әрекет бар жерде берекет қашық емес. Қашаннан да солай. Дегенмен нарықтық қатынас барысында күнбе-күн ізденіп, еселі еңбек етпейінше, табысқа жете алмасың анық. Байқай білгенге, расында, қазір де жұмыстың көзі көп. Бейнет ете жүріп, дәулетін арттырудың жолы да сан тарау. Тек шыдамдылықпен ерінбей жұмыс істей білгеннің, бірге бірді жаңылыспай қоса алғанның бәсі артық. Мейлі, үлкен кәсіппен айналыс, шағын саудамен шұғылдан, ең алдымен, қолға алған жұмысыңнан ләззат алу керек. Сондай-ақ тәкаппарлықтан аулақ болған жөн. Біздің ұлттың ең үлкен кемшілігі – тәкаппарлық. Біреулер шұлық сатуды ар санайды. Бірақ ұзын күнді қиялмен өткізгенді ұят деп білмейді. Меніңше, адалдықпен ас тапса, соның өзі жетістік.

Jas qazaq: Нарық заманында адалдықпен ас табу деген қиын емес пе?

К.Досымбеков: Қандай дәуірде де оңай дүние болған емес. Біздің жастық шағымыз Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын кезге тұспа-тұс келді. 1990 жылы әскери борышты өтеп, ауылға оралғанда тұралап тұрған тіршілікке тап келдік. Кезінде мыңғырған мал өсірген ауыл тұрғындарының күні азын-аулақ қой-ешкіге қарап қалды. Осындай тіршілігі сұрқай ауылда менің де бес жыл уақытым мәнсіз істермен өтті. Ақыры аядай ауыл тарлық еткен соң, ақырындап жан-жаққа көше бастадық. Сол қатарда мен де жалғыз сөмкемді арқалап Алматыға жол тарттым. Бірақ алып шаһардағы таңдаған жолымыз әр түрлі болды. Арамдықпен бірден байып шыға келгісі келген талай қатарласымыз күйіп кетті. Адалдықпен еңбек етіп, аянбай тер төккендер бірдің басын біріне қосып жүріп, бүгінгі күнге жеттік.

Jas qazaq: Ол тұста Алматыға барғандар алдымен барахолканың «мектебінен» өтті деп естуші едік?

К.Досымбеков: Мен де сол «мектептен» өттім. Алматының қайнаған ортасы барахолкада жүк тасушы болып бастадым. Жүк тасушы болып тапқан табысым пәтер мен тамақтан аспайтын. Алайда соның өзі келешек арманымды орындауға мүмкіндік берді. Сауда деген құпиясы көп ғылымды сол ортадан үйрендім. Адалдық болған жерде ғана саудадан болашақ табатынын, арамдық араласқан қандай ауқымды бизнестің де күйреп тынатынын өз көзіммен көре жүріп, терең сезіндім.

Jas qazaq: Шұлық сатуды сол жерден бастадыңыз ба?

К.Досымбеков: Жоқ, барахолканың «мектебін» бітірген соң, азық-түлік өнімдерін өндіретін шағын кәсіпорынға жұмысқа тұрдым. Бір күні күнде киіле берген шұлығым тозып, өкшем жылтыңдап жүргенін көріп, бірге жұмыс істейтін Зуһра атты қыз жаңа шұлық сатып әкеліп берді. Сол күні кешке асқа бірге барып, қайтқанша шұлық туралы әңгіме айттық. Сонымен, көп өтпей оның тегі Досымбекова болып өзгерді. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген де рас екен. Дегенмен қанша үнемдесек те, жиған-терген қаржымыз пәтер ақысынан аспай қойды. Алматыдан үй сатып алуға әліміз жетпейді. Ақыры ақылдаса келе, 2000 жылы Талдықорғанға қоныстануды шештік.

Jas qazaq: Ол кезде Талдықорғанның да жағдайы мәз емес еді ғой?

К.Досымбеков: Қашанда дағдарыс болған жерде мүмкіндік болады. Онсыз да жұмыс табылмайтын қаладан тіршілік көзін табу оңай болған жоқ. Бір күні Алматыдағы бір танысым Семейге бара жатып, бізге қонаққа келді. Аттанарда көлік толы шұлығынан бір қабын бізге тастап кетті. Ертесі оны арқалап шығып, бүгінгі Қарағаш базарының алдындағы ашық жерде сатқаным есімнен кетпейді.

Jas qazaq: Алғашқы күні қанша шұлық саттыңыз?

К.Досымбеков: Шамасы 10 жұп шұлық сатқан шығармын.

Jas qazaq: Бүгін ше, бүгін қанша шұлық сатасыз?

К.Досымбеков: Нақты санын айта алмаймын. Бірақ қаладағы және ауылдағы дүкеннен адам аяғы үзілмейді.

Jas qazaq: Алғашында бұл ісіңе күмәнмен қарағандар болған жоқ па?

Расында, былай қарағанда бір ғана тауардан көп ақша табуға болмайтын сияқты ғой.

К.Досымбеков: Біз кезінде төрт түліктің жайын жақсы білгенімізбен, сауда жасаудың қыры мен сырын толық түсіне қоймадық. Еліміз нарықтық экономикаға көшкен кезде бұл жолға түсуге мәжбүр болдық. Алайда басында көп адам сауда жасау үшін көп ақша, үлкен бизнес болуы керек деп есептеді де, көзін жұмып бірден тәуекелге бел буды. Көп замандас соның салдарынан несиеге ұрынып, қолда барын жоғалтып алды. Мен әу бастан кішігірім саудадан ұтылсаң да, көп шығын көрмейсің деп қана ойлайтынмын. Алайда сауданың үлкені болсын, кішісі болсын, бәрінің қиындығы мен құпиясының бірдей болатынын жүре келе ұғындым. Ең алдымен, адалдық, одан кейін тұтынушының сұранысын сезіну қажет. Өзің жасаған ортадағы адамдардың қалауын түсінсең, тиыннан доллар жасауға болады екен. Бастапқыда қаланың әр бұрышындағы адам жиі жүретін орында ала дорбаны арқалап, шұлық саттым. Бірте-бірте қаржы көбейіп, көкбазардан кішігірім дүңгіршекті жалға алдым. Тұтынушының көңілін таба білгендіктен, сауданың көлемі де өсе берді. Үнемдеген қаржыға «Мазда» көлігін сатып алып, демалыс күндері ауылдарды аралап сауда жасадым. Ауылдағы жұмыссыз жүрген бауырларымды әкеліп, қаланың әр тұсынан сауда нүктесін ашып бердім. Сөйтіп оларды да саудаға бейімдедім.

Jas qazaq: Бәріңіз бір үйде тұрдыңыздар ма?

К.Досымбеков: «Көңіл сыйса, бәрі сыяды» деген рас екен. Талдықорғанға көшіп келгенде қолда бар қаржыммен аядай ғана екі бөлмелі үй сатып алған едім. Сол үйде 7-8 адам тұрған кезіміз болды. Айдана, Әйгерім деген екі қызымыз дүниеге келді. Қазір сол бауырларымыздың бірі көрші ауданда, енді бірі өз ауылында шұлық сатып жүр. Былай қарағанда, шұлық бір ғана зат. Бірақ адамдардың талғамы әр түрлі. Жүре келе әр адам, әр ауыл, әр өңір тұрғындарының осы бір қарапайым тауарға деген талғамының түрліше екенін түсіндік. Сондықтан сол ортаға үйлесетін тауарларды жеткізіп отырғандықтан, тауардың сапасы жоғары, бағасы қолжетімді болғандықтан, тұтынушылардың қолдауына ие болдық. Егер түрлі тауарларды сатумен айналыссақ, мүмкін, тұтынушының талғамын бүгінгідей сезінбес те едік.

Jas qazaq: Әлі де сол үйде тұрасыздар ма?

К.Досымбеков: Жоқ, келе-келе жағдайымыз жақсарды. Сол екі бөлмелі үйдің жанынан үлкен үй тұрғыздық. Оған бауырларым да қолғабыс етті. Ауылдағы анам мен кенже інімді қолыма алдым. Анам қайтыс болғанша он жыл бізбен бірге тұрды. Інімді үйлендіріп, бөлек шығардым. Осы үйде Назарбай, Нұрғалым атты екі ұлым дүниеге келді.

Jas qazaq: Қазір де шұлық сатасыз ба?

К.Досымбеков: Жоқ, қаладағы шұлық сататын екі дүкеннің жұмысын әйелім Зуһра мен қыздарым қолға алды. Ауылдағы дүкендерді бауырларым жүргізіп жатыр. Орта мектептің жоғары сыныбында оқитын Айдана мен Әйгерім демалыс күндері, жазғы каникул уақытында шешелеріне көмектесіп, шұлық саудасымен айналысады. Сауданың қыры мен сырын олар да үйреніп жүр.

Jas qazaq: Өзіңіз немен айналысасыз?

К.Досымбеков: Кейінгі жылдары «Досымбеков» шаруа қожалығын құрып, бұрынғы Жоламан ауылындағы әкемнен қалған меншік жерді игеріп, мал шаруашылығымен айналыса бастадым. Қаланың іргесіндегі Еркін ауылындағы үйден мал бордақылау алаңын құрып, ет саудасын қолға алдым. Осындайда Абай атамыздың: «Шырылдауық шегіртке, ыршып жүріп ән салған. Көгалды қуып гөлайттап, қызықпен жүріп жазды алған» деген өлеңі оралады. Шынымен, бүгінде әр шөптің басын бір шалып жүрген, тапқан дәнеңесі жоқ адамдар көп. Мол қаржымен лезде байып шыға келуді армандайтындар қаншама?

Жиырма жыл осы бір ғана шұлық саудасымен айналысу отбасымды қаржылық тығырықтан алып шығуға сеп болды. Оның үстіне, қазір бұл сауда біздің отбасылық меншікті жұмысымызға айналды. Балалар да қолы бос уақытында неше түрлі шұлық тоқып, өнерге бейімделе бастады. Барған сайын сұраныс та көбейіп келеді. Мүмкін болса, алдағы уақытта шұлық тоқитын арнайы цех ашып, оны отбасылық кәсіпке айналдырып, балаларыма үйретсем деген ойдамын.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы


Бейнет түбі – зейнет

Көзге көрінбейтін кесел көп адамның күнкөрісіне әсер етті. Карантин кезінде үйде қаңтарылып, мемлекеттің жәрдемақысына қарап қалғандар аз емес. Кейбіреу қол қусырып отырмай, тырбанып тірлік еткенді жөн көреді. Біздің бүгінгі әңгіметіміз солар туралы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Еламан БАУЫРЖАНҰЛЫ:

«Саумал – мың дертке шипа»



Еламан Алматы облысына қарасты Қарасай ауданындағы жол бойында бие байлайтын қожалықта жұмыс істейді. Біз одан кәсібінің қыр сырымен, карантин кезіндегі жұмысы туралы әңгімелеп беруін өтінгенде, іркілмей әңгімесін бастап кетті: «Таңертең жылқыларды жайылымнан түсіріп, құлындарынан бөлеміз. Оларды азанғы сауынға дайындаймыз. Алғашқы сауын таңғы сегізде басталады. Қазір 15 бие сауып отырмын. Үш сағат сайын сауғанда, бір тәулікте биелер 5 рет сауылады. Тұтынушылар сағат түнгі екіден бастап кезекке жазылады. Саумал барлығына бірдей жетуі үшін жарты литрден сатамыз. Саумалдың 1 литрі – 1000 теңге. Дертіне шипа іздеп келген жандар ертерек келіп, саумал ішеді».

Бие сауушы жігітпен тілдескен кезде, кезекке жазылып, қымыз сатып алып жатқандардың қарасы көп болды. Еламанның айтуынша, биыл келушілер саны 4 есе көбейген. Саумалға да, қымызға да сұраныс арта түскен. «Әсіресе, мына аты жаман кеселден қорғанғысы келіп, дертіне ем іздеп келушілер көп. Саумалдың пайдасы қандағы, іштегі зиянды заттардан тазалайды. Жылқы – киелі, тазалықты сүйетін жануар. Саумал – мың дертке шипа. Келушілер саумал ішіп, рахметін айтып, батасын береді. Олардың алғысын алған сайын марқайып қаламыз. Қымызды баптау мамыр айынан басталып, шөп құнары кетеді-ау деген күз айына дейін созылады. Бие көктемде құлындайды. Құлыны мамыр айына дейін жанында болады. Қымыздың құрамы жылқының жеген шөбіне байланысты. Біздің жылқылар бетеге шөбін жейді. Бетеге жеген жылқы қосымша жемшөп те сұрамайды. Осы жерде отбасыммен бірге жұмыс істеймін. Жылқы баптауды әкемнен үйрендім. Тараз өңірінің тумасымын. Адал нанымды тауып отырмын. Айлығым отбасыма жеткілікті, сондықтан қанша екенін нақты айтпай-ақ қояйын. Жылқыға бала кезден жақынмын. Әкемнен үйренгенімді өмірлік тәжірибемде қолданып жатқан жайым бар», – деп Еламан әңгімесін аяқтады.

Жанат ЕСЖАНОВ:



«Біздің жұмыс қателікті кешірмейді»

Қай кезде де қала тіршілігіне қажетті мамандықтың бірі – электрик. Алматыдағы мекеменің бірінде электромонтер болып жұмыс істейтін Жанат Есжанов өз кәсібі туралы былай деп әңгімелеп берді: «Көктемде карантин басталғанда бір ай жұмыссыз отырдым. Басшылық ақысыз демалысқа жіберді. Мемлекеттің 42 500 теңге көмегін алдым. Бір ай өткеннен кейін жұмысымыз қайта жанданды. Меніңше, қай мамандықтың да өз қауіп-қатері бар. Дегенмен электрик – аса қатерлі мамандықтың бірі саналады. Біз жоғарғы, төменгі кернеулі ток жүйесімен жұмыс істегендіктен, міндетті түрде техника қауіпсіздігіне көңіл бөлуіміз керек. Электр тогының иісі жоқ, шуы жоқ, қатердің қай жағынан келетінін бағамдау қиын. Осы мамандықты таңдағандардың арасында «электрик бір-ақ рет қателеседі» деген сөз бар. Сол үшін біз қателеспеуіміз керек. Демалыс күндері жеке адамдардың тапсырысымен айналысамын. Қазір жаңадан салынған үйлерге электр сымын жүргізу сияқты ұсақ-түйек тапсырыстар болса, қосымша табыс табамын».

Гүлім ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ:

«Ас – адамның арқауы»



Тағамның дәмін келтіретін тұз десек те, оны тіл үйіретіндей етіп дайындап, алдыңа қоятын аспаз емес пе? Астың қадірін білу, дәмді тағам арқылы қуаныш сыйлаудың өзі бір керемет. Біздің келесі кейіпкеріміз Алматыдағы дәмхананың бірінде аспазшы болып жұмыс істейтін – Гүлім Өмірзаққызы. Гүлімді әңгімеге тартып, оның тіршілігіне карантиннің қалай әсер еткені жайлы сұрадық. Аспазшы келіншек әңгіме тиегін былай ағытты: «Карантинге дейін Алматыдағы білім ордасының бірінде жұмыс істедім. Мен жұмыс істейтін мекеме жабылып, наурыз айының соңында жұмыссыз қалдым. Қоғамдық тамақтану орындарының біразы жабылғанымен, тапсырысқа тамақ дайындайтын шағын кафелер жұмыс істеді ғой. Солардың бірінен табылар деп хабарландыру қарадым. Ақыры карантин кезінде жұмыс таптым. Бастапқыда Алматыдағы индустриялық аймақта жаңа емхана салған 700-ден астам құрылысшыға күнделікті түскі ас дайындадық. Бірақ бұл уақытша жұмыс еді. Қазір қаладағы дәмхананың бірінде жұмыс істеймін. Бізге айлық күнбе-күн төленеді. Дәмханада 5 адам жұмыс істейтінбіз. Екінші мәрте жарияланған карантинге байланысты екі адам ғана қалдық. Қазір жұмыс көлемі бұрынғыдан екі есе азайды. Тұтынушылар тамақты өзімен алып кетеді. Ас – адамның арқауы. Кеселге төтеп беру үшін дұрыс тамақтану керек. Өзім дайындаған астың құнарлы болып, тұтынушылардың көңілінен шығуы үшін барымды саламын. Аспаз болуды армандамасам да, кішкентай кезімнен тамақ пісіруге қызығып өстім».

* * *

Қиындықтан қашпайтын, тұрмыс тауқыметіне мойымайтын мұндай адамдар көп арамызда. Құрметке лайық нағыз еңбек адамы.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

4 jq NARYQ
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Кәсіп түбі – нәсіп

Қазақта «Ағаштан түйін түйген» деген керемет теңеу бар. Бұл сөз кез келген жанға қарата айтыла салмайды. Он саусағынан өнер тамған нағыз шеберлерге ғана осындай баға беріледі. Төзім мен жанкештілікті серік етіп, қарапайым ағашты әдемі бір дүниеге айналдыру нағыз шебердің ғана қолынан келеді. Қазіргі таңда қолөнердің түр-түрімен айналысып, өз ісін өркендетемін деушілерге кәсіп көп. Тек жоғарыда айтылған екі түрлі қасиетті жанына серік етсе болғаны.

Өңірімізде темірден түйін түйіп, тері илеп, ағаштан түрлі бұйымдар жасап жүрген шеберлер баршылық. Атын шығаруды, мақтап, мадақтауды сүймейтін, өзінің қарапайым ғана тірлігімен айналысып, ағайын-туыстың, ауылдастарының алғысын арқалап жүретін жандар көпке үлгі болуға тұрарлық.

ҮЛКЕН ІС КІШКЕНТАЙ ҚАДАМНАН БАСТАЛАДЫ



Сондай шебердің бірі – Алматы облысы Кеген ауданының Жалаулы ауылында тұратын Ерболат Қыдырқожа. Ол көптен бергі арманын орындап, ауыл ішінен үй жиһаздарын жасайтын шағын цех құрды. Сонау 1998 жылдан басталған бұл игілікті істің сәтімен жүзеге асқанына, міне, тұп-тура 22 жыл болыпты. Алғаш қолына сүргісін алып, қарапайым құрылғылармен көрші-қолаң мен ауылдастарына қарапайым үй жиһаздарын жасап жүрген Ерболаттың бүгінде бірнеше жұмыс бөлмесі бар. Аталған шеберханасында жиһаз жасауға қажетті электр қуатымен жұмыс істейтін құрал-жабдық, қондырғылар іске жарап тұр.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген мәтел дәл біздің кейіпкерге арналып айтылғандай. Қолөнер кез келгенге қона бермейді. Оны екінің бірі үйреніп, кәсіп ете алмайды. Бұл – атадан балаға берілетін ерекше қасиет. Ерболат Қыдырқожа Ұзынбұлақ ауылында дүниеге келген. Сондағы Ы.Көшкінов атындағы орта мектептің түлегі. Ресей жерінде әскери борышын өтеген. Мектеп қабырғасында жүрген кезінде заңгер болсам деген арманы орындалмаса да, қазіргі жұмысына көңілі тоқ. Ерболаттың жұмыс орнын, жиһаз жасайтын цехын аралап көрдік. Бір жерде қажетті материал кесіліп, дайындалса, екінші жерде жиһаз құрастырылады. Үшінші орында сырланады. Ұлдары Дәнияр мен Бақтияр – белді көмекшілері. «Шебердің қолы ортақ», «Ат тұяғын тай басар» демекші, Дәнияр да он саусағы өнерге толы жігіт. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына қарасты өнер колледжінің музыкалық аспаптар жасайтын бөлімін бітіріп шығыпты. Қазір ұлт аспаптарын, оның ішінде домбыра жасаудың шебері. Қолынан шыққан қоңыр домбырасы сұранысқа ие. Дәнияр қондырғылардың да жұмысын жақсы меңгерген. Түрлі үй жиһазының жобасын жасайтын білімді дизайнер. Әкесінің жүргізіп келе жатқан жұмысына кең тыныс ашып, үлкен көмек көрсетіп жүргеніне қуанып қалдық. Жаз маусымында сұраныс көп. Сол кезде Бауыржан Мұратұлы, Тұрар Тұрсынбайұлы секілді азаматтар көмектесіп тұрады.

Ерболат ауылдың бірнеше тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Биыл елудің бесеуіне келетін шебер үй жиһаздарына қажетті материалды сыртқан әкеледі. Содан кейін сұраныс берген тұрғындардың бөлмесін өлшеп, соған орай ас бөлмесіне, жатын орынға, қонақ бөлмесіне қажетті үй жиһазын, үстел, орындық, төсек, тағы да басқа дүниелерді жасап, үйіне әкеліп орнатып береді. Ерболаттың ағаш цехынан шығатын үй жиһаздарының бағасы да тартымды. Аудан орталығындағы жиһаз сататын дүкендердегі дүниелерден әлдеқайда арзан. Оның үстіне берік, сапалы, заманға лайық. Бір сөзбен айтқанда, Жалаулыдай шағын ауылда тұратын Ерболаттың үй жиһаздарына сұраныс жақсы.

Ойында жүрген жоспарын алға тартқан Ерболат: «Алға қойған мақсатым көп. Жаңадан үлкен үй тұрғызып, осы мекен-жайды үй жиһазын жасайтын үлкен цехқа айналдырсам деймін. Жаңадан жиһаз жасайтын 6 құрылғы әкелінеді. Іргелі цехта аз дегенде 6-7 адам жұмыс істейтін болады. Өнімдерімізді өткізетін бірнеше жерден арнайы орындар ашсақ, жұмысымыз одан сайын жақсара түседі», – дейді.


Ауылда заманға лайық, сәнді де салтанатты, көз тартар көрікті үй жиһаздарын жасайтын Ерболаттай іскер, еңбекқор, шебер қолды азаматқа аудан тарапынан қолдау қажет. Оған ұзақ мерзімді, қолайлы пайызбен несие алуына көмектесу керек. Ерболаттың игілікті ісін көзбен көргеннен кейінгі ішке түйген ойымыз осы болды. Өйткені ауылдың ішінен заманауи үй жиһазын жасап, шығарып жатқан цех жоқтың қасы. Біз Ерболат бастаған азаматтардың ісіне сәттілік тілеп аттандық.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Шағын және орта бизнес

Елімізде шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша мән беріледі. Жеке кәсібін дөңгелеткісі келгендерге арналған бағдарлама да баршылық. Оған қоса, қаржылық қолдау да ұмыт қалмаған. Соның арқасында шағын кәсіппен айналысатындардың қатары артып келеді.

СУБСИДИЯМЕН МАЛ ӨСІРГЕН



«Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл-көсір» демекші, Әсет ағаның шаруашылығында ұсақ малдың тұяғы да аз емес. Бұрын бір қора қойы болса, қазір – бірнеше отар. Жалпы саны 15 мың тұяққа жеткен. Бәрі биязы жүнді ақ қой. Қойдың тұрқы шағын болғанымен, пайдасы көп. Жүні, еті ғана пұл емес, осы күні мемлекеттен ұсақ малға бірнеше түрлі субсидия төленеді. Оны алда айтамыз. Малсақ ағайынның өсіріп отырған мүйізді ірі қарасы да асыл тұқымды. Әулиекөл деп аталатын етті бағыттағы ақ тоқал сиырдың санын мыңға жеткізіпті. Оған да субсидия алады. Одан кейін ойсылқара тұқымы. Әсет мырза түйе шаруашылығын шұбат үшін өсіріп, көбейтіп отырғанын жеткізді.

Мемлекеттен қой мен сиырға субсидия алып отырғанын айттық. Субсидия мал басын көбейту үшін ғана берілмейді. Мәселен, мемлекеттік көмек сиырдың төліне бір бөлек, тұқымын асылдандыруға тағы беріледі. Қой шаруашылығына да бірнеше түрлі субсидия қарастырылған. Айталық, қожалық иесі қойдың басын көбейтуге, тұқымын асылдандыруға, ауданына қарайтын Бесағаш ауылдық округінің меншігіндегі Малайсары, Кербұлақ деп аталатын кең қоныстан 10 мың гектар жер алып, жұмысын бастапты. Кәсібін алғаш бастағанда қорасында аз ғана мал болған екен. Қазір онда төрт-түліктің бәрі бар. Дегенмен шаруа иесінің арқа сүйеп отырғаны – жылқы. Жылқы болғанда да қазақы жабы жылқының тұқымы. Етті, сүтті, қыстың аязына, жаздың ыстығына төзімді жергілікті тұқымның пайдасы көл-көсір болатынын бұрыннан білетін. Алғаш мал өсіре бастағанда, қылқұйрықтан бірнеше бас қана болса, осы күні жылқының өзі 2 мыңнан асып жығылады.



Шаруашылықтың негізгі мақсаты – Алматы облысы көлемінде мал тұқымын асылдандыру. Осы бағытта жыл сайын Әсет Құралдиевтың қожалығы басқа шаруаларға асыл тұқымды қошқар, бұқа сатады. Бұл бір жағынан бизнес. Екіншіден, мал тұқымын асылдандыруға қосып отырған көмегі.

Шаруа қожалығында елу-алпыс адам жұмыс істейді. Малшылардан бөлек, техника жүргізетін механизатор, трактороршы, шофер, электрик, дәнекерлеуші сияқты қосымша жұмыс істейтіндер тағы бар. Бәріне тұрақты еңбекақы төленеді. Одан бөлек, Алматының шетінде қожалыққа қарайтын мал бордақылау, мал соятын алаңы бар. Ол жерде шаруашылықтың малын бордақылап, сойып, қаладағы ет базарларын табиғи, таза өніммен қамтамасыз етеді. Оған қоса, қожалық иесі қымызхана ашыпты. Қымыз, шұбат, құрт, май сатып, ұлттық ас мәзірін толықтыруға да өзіндік үлесін қосуда.

Айтпақшы, Әсет Құралдиев отар-отар қойын, табын-табын сиырын, үйір-үйір жылқысын мемлекеттен бір тиын несие алмай-ақ, мал басын көбейтіп алған. Қожалықтың жем-шөп, отын-суы сияқты ұсақ-түйек шығынын мемлекеттен алатын субсидиямен ғана жауып отыр. Біреулер үшін болмашы ғана субсидия Құралдиев шаруа қожалығының негізгі көмекшісіне айналған. Әсет мырзаның айтуынша, қожалықтың жылдық жалпы шығыны 60 миллион теңге болса, соның тең жартысын мемлекеттен алатын көмек ақшамен жабады.



Жарас КЕМЕЛЖАН

QOǴAM
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

Алтын арқау

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ жастар, отбасы, әйелдер ісі, ардагерлер ұйымдары, діни бірлестіктер мен басқа да түрлі қоғамдық-саяси ұйымдар да бұл істен шет қалмайды деп ойлаймыз. Олардың отбасын сақтаудағы рөлі дәл осы жерде көрінуі тиіс.

Жалпы, ажырасудың зияны мемлекет үшін де, отбасы үшін де орасан. Дүние-мүлік бөлісу, алимент өндіру машақатынан бұрын, бала-шағаның психологиялық ахуалын көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Тағдырдың кездейсоқ соққысынан ұмыр бойына таңба қалады, оның зардабын көбірек тартатын да балалар.

Фактілерді атап көрсету де ерсі бола қоймас.

Отбасы жайлы ұлттық баяндама мен ресми статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2015-2019 жылдар аралығында 709,6 мың неке тіркелсе, оның 274,5 мыңы ажырасыпты. Демек бес жыл ішінде орта есеппен күніне тіркелген 389 некенің 150 отбасының дәм-тұзы жараспаған. Ал 2019 жылы 120 мыңға жуық адамның некесі бұзылса, соның жартысынан астамы 18-35 жас арасындағы жастар екен. Мұндай ажырасу жағдайлары үлкен қалаларда ғана емес, еліміздің аймақтарында, шалғай аудандар мен алыс ауылдарда да орын ала бастағаны қоғамды ойландыруы керек.

Осындайда ұлтымыздың салт-санасы мен әдет-ғұрпын заманға сәйкестендіріп, қалпына келтіру мен ұстанудың да реті бар.

САНА ЖАҢҒЫРСА, ОТБАСЫ БЕРІК БОЛАДЫ



Үйленіп, некесін қиятын кезде естияр, саликалы адамдардың *(екі тараптан)* куәлікке жүруі жауапкершілікті арттырса керек. Бұл ұғымызды жаңғырту тұрғысынан да өзін-өзі ақтайтын шара деп ойлаймыз.

Ажырасатын жастарға медиация көмегін де үйлестіруді жолға қойған жөн. Арнайы төленетін баждың көлемін едәуір көбейтудің реті бар. Бір емес, кемінде үш тағдырдың бұзылғаны үшін моральдық шығындармен бірге, экономикалық жауапкершіліктің көзделгені дұрыс.

Сот процесіндегі қарау мерзімін барынша ұзарту көп жастардың қайта шешім қабылдауына мұрсат береді. Өздерінің шешуші қадамын саналы түрде бағалауына мүмкіндік алады.

Жалпы дінімізде де үйлену, көбею турасында жақсы айтылатынын білеміз. Олай болса, Тәуелсіз еліміздің негізі болып табылатын отбасын сақтап қалудың харакетін жасаудың әрбір пендеге сауабы бар.

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты

Газдандыру

Жетісу өңірінде елді мекендерді газдандыру бағдарламасын іске асыру аясында бүгінде 15 аудан мен қаладағы 156 елді мекеннің 1,2 миллион тұрғыны орталықтандырылған газ желісіне қосылып, жетісулықтар көгілдір отынның қызығын көре бастады.

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ ҚУАНЫШЫ

Талдықорған қаласына газ желісін тарту жұмысы толық аяқталып, қаладағы 54,3 мың абоненттің 22,7 мыңы газға қосылды. Көп өтпей Ескелді ауданы Қарабұлақ кентінің орталық қазандығы көгілдір отынға ауыстырылады. Сонымен қатар жергілікті жылумен қамту кешенін жаңғырту жобасы бойынша жылу қазандығының құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Бас мердігер мекеме – «МБК Құрылыс» ЖШС. Осы барыста 162 шақырым түрлі қысымды газ тарату желісін салу көзделген. Жоба аяқталғанда 1097 көпқабатты тұрғын үй мен 4060 жеке үйге көгілдір отынның қызығын көреді. Бүгінде бюджет есебінен Бақтыбай, Алдабергенов, Қаратал, Екпінді, М.Баисов, Көкжазық, Теректі, Орқұсақ ауылдарын газдандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу аяқталып, құрылыс-монтаж жұмысы басталмақ.

Абоненттерді газға қосу қызметтерінің құнын арзандатып, тұрғындарға көмек көрсету мақсатында облыс әкімінің тапсырмасымен «Талдықорған қаласындағы және Алматы облысының елді мекендеріндегі тұрғын үйлерді газдандыру» қаржылық-экономикалық негіздемесі әзірленген. Бұл міндетті «ЖетісуОблГаз» ЖШС атқаруда. Ал Қарабұлақ ауылының абоненттерін газға қосу үшін «Жетісу-ОблГаз» ЖШС мен «ХоумГаз» ЖШС арасында келісім жасалып, бүгінде жұмыс қарқынды жүргізілуде. Бүгінгі күні бір абонентті толық газға қосу құны 250-300 мың теңгенің айналасында. Сонымен қатар құрылыс материалдары мен жабдықтарға кететін қаржыны тұрғындар 10 айға бөліп төлеуге болады.



Аймақта жылу қазандықтарын газға ауыстыру жұмыстары да қарқынды жүруде. Өткен жылы облыстың 4 жылу қазандығын газбен жылытуға ауыстыру үшін бюджеттен 3,4 млрд теңге бөлінді. Бүгінгі таңда Талдықорған және Қапшағай қаласындағы 3 жылу қазандығы газбен жылытуға ауыстырылды. Жалпы, орталық қазандықтарды қатты отыннан табиғи газға ауыстыру қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуын 52%-ға дейін азайтады.

Былтыр «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылындағы орталық жылу қазандық аумағында газды отынмен жұмыс істейтін блокты-модульді қазандық салу жобасын іске асыруға облыстық бюджеттен 584,467 миллион теңге бөлінді. Бүгінде қазандықты монтаждау жұмысын «Сұңқар-2002» ЖШС жүргізуде. Аталған нысан жылыту маусымы аяқталғанша іске қосылып, сынақтан өткізілмекші.

Жылумен жабдықтау қызметтерінің деңгейін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын және қаланың экологиялық жағдайын жақсартуды мақсат еткен жоба тұрғындарды жылумен қамтамасыз етуде де ерекше рөл атқармақ. Қарабұлақ орталық жылу қазандығы газға ауыстырылса, оның қуаты 20,6 Гкал-ге жетіп *(бүгінде 12 Гкал),* 32 көппәтерлі тұрғын үй, 25 мемлекеттік мекеме, 45 жеке кәсіпкерлік нысан, 1165 жеке тұлғаны жылумен қамтамасыз ететін болады.

Иә, бұл жобалар жүзеге асқанда, жетісулықтар көгілдір отынның қызығын көріп, ыс-түтіннен құтылады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Келбет

(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Меруерт ханым, сіз көп адамға күрескерліктің символындай көрінесіз. Қиындықтан мойымайтын, өзін-өзі қайрап, жігерін жанып, өмірдің дауылына қарсы күресіп келе жатқан қайраткерлігіңізді жақсы білеміз. Мұндай күш-қуатты қайдан аласыз?

М.Сүлейменова: Жарақат алғаныма, міне, 22 жылдан асып бара жатыр. Бұл менің 23 жасымда алған омыртқа жарақатым. Сол кезде жастық бар, сезім бар, осылардың әсерінен ауырлықты сезінбедім. Білінбеді. Белімнен төмен қарай жансыз қалу деген аса сезілмеді. Өзіммен тағдырлас жандарға асты-

Меруерт СҮЛЕЙМЕНОВА:

ӘЙЕЛ ӘР КЕЗДЕ ДЕ ӘДЕМІ БОЛУЫ КЕРЕК!



үстіне түсетін қамқорлықтың керегі жоқ деп санаймын. Осыны үнемі айтамын. Өйткені аурумен бетпе-бет күресу керек. Мен 1999 жылы осы жарақатты алған кезде менімен тағдырлас қыз-жігіттермен таныстым. 22 жылдан бері солармен араласып, хабарласып тұрамыз. Әу бастан оларды туыстары, ата-әжесі, өзге де ет жақындары айрықша қамқорлығына алды. Алақанға салып аялады. Бүгінде 22 жыл өтсе де, ол таныстарым әлгі жақындарының қамқорлығынан арыла алмады. Менің ойымша, алғашқы аптада қамқорлық танытқан дұрыс. Кейіннен адам тағдырына мойынсұнып, қиыншылықпен күресуге бейімделуі керек. Аурумен бетпе-бет қалған кезде ғана сен оны жеңесің. Адамның денесі жалқау келеді. Еріншек болған сайын, соғұрлым демалғысы кеп тұрады. Маған күш беретін, жігеріме жігер қосатын бір жан бар. Ол – қызым. Қызым 2010 жылы дүниеге келді. Сол күннен бастап екінші рет өмірге келгендей болдым. Ана болу деген үлкен жауапкершілік. Мен күш-қуатты қызымнан аламын. Қызымнан қуат алып, қызыммен бірге өсіп, өмірдің қызылды-жасылды түстерін көріп, сезініп жатырмын. Қызымның есімі – Сардана, жасы 11-де. Қ.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған мектептің 5-сыныбында оқиды. Бірнеше үрмелі аспапта ойнайды. Мамасының музасы. Арманым – қызыммен бірге әлемді аралау. Еуропа төрінде өнер көрсетсе деп елестетемін. Үнемі жақсы нәрселерді ғана ойлаймын. Күш-қуатты жақсы әннен аламын.

Jas qazaq: Сіздің тас қайрақтай жігеріңізге қарап бір нәрсе ойға түседі. Қазір «жұмыс жоқ, ақша жоқ, анау жоқ, мынау жоқ» дейтін аяқ-қолы балғадай жігіттер мен қыздар көбейіп кетті. Адал ақша табудың орнына ұрлық-қарлықпен мал жинайтын алаяқ әйелдер де аз емес. Мұның сыры неде: тәрбие ме, әлде адамның жаратылысындағы әлдебір жұмбақ па?

М.Сүлейменова: Кез келген адамның бойында тектілік бар. Біздің өзге ұлттарға ұқсамайтынымыздың өзі де сол тектіліктен. Жұмысым халықпен тікелей байланысты болғандықтан айтайын. Қазір жатпішер жалқау шынымен көп. Түрлі сылтау айтып, жеңіл жолмен ақша тапқысы келеді. Бүгінгі заманның адамы рухани шаршаған. Кез келген адамды алсақ та, ылғи да уақыты жоқ. Біреумен сөйлесе қалсаң, мейірімге зәру екенін көзінен, сөйлеген сөзінен көруге болады. Айналып келгенде, жылулықтың жетіспеуі байқалады. Мен баласын тастап кеткен безбүйрек аналармен тілдескім келеді. Әзірге ондай адаммен әңгімелеспеппін. Жұмыссыз әйелдерді түсінуге тырысамын. Бүгінде қандай жағдай болмасын, жауапкершіліктің аздығы байқалады. Тегінде тәрбие дұрыс болса, ол ондай арам жолға бармас еді. Тәрбиеден де бар. Кейде адам бала кезінде қандай да бір соққы алуы мүмкін. Бала кезінде бір реніш болуы мүмкін. Ондай адамдармен бетпе-бет сөйлескен жөн. Мен адамның көзіне тіке қарап, сөйлескенді ұнатамын. Көңілімде не бар, соны айтамын. Кемшілігін көрсем, оны түзет деймін. Ақылымды аямаймын. Меніңше, сол ақылды тыңдамау да адамның қателігі. Ақылды да нәтиже шығаратын адамға айтасың. Мен 23 жасымда өзгеше тағдырдың иесі атандым. Сол жасыма дейінгі қателіктерді қайталамауға тырысамын. Қазіргі өмірімде ондай қателіктерге мүлде жол жоқ.

Jas qazaq: Күміс қасықтай ақылды, сүйкімді қызыңыз бар екен. Бір жағы қолғанатыңыз, сырласыңыз деуге болады. Ана бақытын түсіне бермейтін «көкек аналар» мен безбүйрек әйелдер көп қазір. Қоғамның осындай шиқан-жарасы жандүниеңізге төңкеріс жасамай ма?

М.Сүлейменова: Әрине, міндетті түрде төңкеріс жасайды. Ана болу дегеннің өзі бақыт. Мен қызым жайлы айта бергім келеді. Біз тәулігіне 24 сағат болса, осы уақыт аралығында бір сағатқа да ажырамауға тырысамыз. Түркияға барған кезімде 4 күнге ажыраған екенбіз. Ол сол сәтті үнемі айтып отырады. Ал безбүйрек аналарға келсем, олар кішкентай кезінде жан жарақатын алуы мүмкін. Ең қорқынышты нәрсе – осы. Бәлкім, ол әйелдер рухани ауру шығар. Мысалы, бала кезінен өзіне қол салам деген адам түбінде қол салады. Өйткені ол ойы миына жазылып қалады. Бәлкім, өзге де түрлі себептері бар шығар. Өз басым кез келген әйелге әйел деп қараймын. Ал түрлі әлеуметтік дәрежедегі әйелдерді әлеуметтік әйел деп қараймын. Төрт құбыласы тең адам ондай қадамға бармайды. Мен өзім шығармашылық адам болғаннан кейін бе, үнемі көңіл күйімді көтеріңкі ұстауға тырысам. Әйел қай уақытта да, әдемі болуы керек. Қоғамдық қабылдау болғаннан кейін, әйел адамдардың жан дүниесіне үңіліп, әңгімелесуге тырысам. Бізге жас та кәрі де келеді. Әсіресе, жүйкесіне салмақ түскен әйелдер көп. Олар есіктен кірген сәттен бастап қандай жағдаймен келді, соны сезіп отырамын.

Jas qazaq: Бүгінгі қоғам мүмкіндігі шектеулі адамдардың мұқтаждығын материалдық көмекпен ғана шектейді. Көп жағдайда рухани жан дүниесіне үңіліп жатқан ешкім жоқ. Осымен келісесіз бе?

М.Сүлейменова: Адамды «мүгедек» деп қараудың қажеті жоқ. Сіздермен менің айырмашылығым қоларбада ғана. «Жарақат алған күннен бастап мен масыл болып қалдым-ау» деген ойларды миыма кіргізген де жоқпын. Сондықтан өзімді мүгедек адаммын деп мүлде есептемеймін. Біз біреулердің аяушылығын күтуден арылуымыз керек. Керісінше, ол сіздің ауыр тағдырыңыздың үстіне ауыртпалық жамай түседі. Мүгедектік деген баспалдақтан басталады. Бізге жағдай жасалуы керек деп үнемі айтамын. Біздің мемлекет белсенді мүгедектерге құны миллион теңгеден жоғары электр қоларба сыйлады. Бірақ сол арбаны бермес бұрын, ең алдымен, пандус мәселесі шешілуі керек еді. Өйткені кейбір тағдырластарым пандустың жоқтығынан сыртқа шықпайды. Адам баласы өзіне керек нәрсені өзі жасап алады. Көп таныстарым «жұмыс бар ма, жұмыс істегіміз келеді» деп сұрап жатады. Еңбек ету арқылы адам мұқтаждықтан арылады. Мен жұмыссыз қалудан қорқамын. Өйткені жәрдемақыға күн көру мүмкін емес. Мүгедектіктен бөлек, жетімдіктен қорқамын. Жетім көрсем, басынан сипағым келіп тұрады. Ата-анасы бар балаға мейірімнен артық бақыт жоқ.

Jas qazaq: 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, қыз-келіншектерге қандай тілек айтасыз?

М.Сүлейменова: Әйел үнемі әдемі болып жүруі керек. Өзіңді құрметтеуің керек. Қандай жағдайда да әйел әдемі болып қалуы керек. Мен шабытты көбінесе көңілден аламын. Қоғамдағы жұмыссыздық, отбасындағы зорлық-зомбылық, отбасым дұрыс емес деп түрлі себептер айтып, өз-өзіне көңілі толмай жүретіндерге айтарым, осы қиындықтың бәрін ұмытып, әдемі болуға ұмтылу керек. Қыз-келіншектер сүйікті болсын. Сүйікті болу деген балаң үшін сүйікті ана болу. Өмір болғаннан кейін түйткілді жағдай көп. Бірақ соның барлығын реттейтін, жоқтан бар жасайтын, кішкентай нәрсеге қуана білудің өзі әйелдің қолында. Мендегі құштарлық әдемілікті сүйгенімде. Мен отаға бара жатсам да, әдемі болып баруға тырысамын. Дәрігерлердің өзі «сіз отаға күліп кіріп, күліп ояндыңыз ғой» деп таң қалып жатады. «Өзіңді-өзің жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» дейді. Сондықтан әрбір әйел ең алдымен өзін-өзі құрметтей білуі керек.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шағын кәсіпкерлік

КӨПТІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ЦЕХ

Алматы облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы өткен жылы экономиканың ең көп зардап шеккен салаларын анықтау үшін облыс кәсіпкерлерінің 48,1 пайызын құрайтын 7348 бизнес субъектісінің қызметіне талдау жүргізіпті. Кейбіреуі кірісін жоғалтып, біразы жабылған көрінеді. Дегенмен былтырғы қиындықтан қиналмай шығып, ел экономикасын еселеуге үлесі мол болған кәсіпкерлер де жетерлік. Сол қатарда Алакөл ауданына қарасты Жыланды ауылында қызметін деңгелетіп отырған AUL ONERI тігін цехын ерекше атауға болады.



Аталған цех өнірімізді былай қойып, өз өнімдерін республика көлемінде танытуда. Күнделікті тұрмысқа қажетті киім-кешектен бөлек, қазақ өнерін насихаттауда да үлкен іс атқарып жатқан цех басшылығы Нұр-Сұлтан қаласында дүкен ашып, елордалықтарға өнімдерін ұсынуда.





Өңірдегі 20 тұрғынның тұрақты жұмыспен қамтып отырған мекеме 2020 жылдың алғашқы айларында қызметін бастапты. Алдымен ауыл арасы, аудан аумағынан кішігірім тапсырыстар қабылдап, әр сала жұмысшыларына арнайы қызметтік киімдер тігумен айналысты. Әлем халқын дүрліктірген пандемия басталғаннан кейін жұмыс қолын бірден көп реттік бетперде тігуге жұмылдырды. Сол аралықта 20 мың данадан астам бетперде өңір жұртының қолына тиген болатын. Ал карантин шаралары қолға алына бастаған кезеңде бетперде тапшылығы белең алғанын ескерсек, бұл тәжвирусынан сақтануға қосқан елеулі үлес деп білеміз. Тек қана қаржы табудың қамын ойламаған цех басшылығы жақын ауыл тұрғындарына өз өнімдерін тегін үлестіріп, жақсылық жасағаны өз алдына.



Цех жұмысшылары бұған дейін осы іске машықтанып, үй жағдайында аз-кем уақытын тігіншілікке арнағандар. Тірлігі тиянақты ісмерлердің ұқыптылығы отыратын орынның тазалығы мен жинақылығынан-ақ көрініп тұр. Дайын өнімдер арасында бетпердеден бөлек, заманауи үлгідегі төсек жабдықтары, қыз жасауына қажетті бұйымдар бар.

AUL ONERI бренді өз өнімдерінің сапасы мен эксклюзивтігіне баса назар адарады. Тек табиғи материалдармен ғана жұмыс істейді. Мақта мен жібектен жасалған велюр, атлас, қой және түйе жүні қолданылады. Бір айтарлығы, цехтың өзіне тиесілі түйе және қой шаруашылығы бар. Жүнді шеттен жеткізбей өздері өндіріп отыр.

«Бізде соңғы үлгідегі тігін машиналары, лазерлі құрылғылар және Жапония мемлекетінен арнайы сатып алынған түрлі іс құралдары бар. Карантиндік талаптарды ескере отырып, барлық ережелерді сақтап, жұмысымызды жүргізіп келеміз. Жыланды және Төңкеріс ауылдарының қолынан іс келетін тұрғындарын жұмыспен қамтып, 20 отбасының нәпақа табуына септігіміз тиіп отыр. Қызметкерлердің орташа жалақысы 80 мың теңгені құрайды. Артық міндет, қосымша жұмыс ешкімге жүктелмейді, белгіленген уақыт бойынша табысты еңбек етеміз. Қазіргі таңда ұлттық өнерді ұлықтау мақсатында сапасы жоғары көрпе-жастық, құрақ тігіп, қазақы болмысымызды насихаттауды қолға алдық. Кез келген істе тұрақтылық пен жұмысқа деген сүйіспеншілік аса маңызды. Ал сүйікті ісі арқылы табыс таба алса, ол – жұмыстың төресі», – дейді цех басшысы Назия-Жаңыл Құспанова.

Бір айта кетерлігі, цех басшылығының іскерлігі арқасында Нұр-Сұлтандағы «Керуен» сауда үйінде AUL ONERI HOME атты дүкен ашылды. Онда цехта тігілген көрпе-жастық, сырмақ, алжапқыш, сөмке және түрлі жамылғылар сатылады. Бәрі ұлттық үлгіде безендіріліп, өрнектелген. Бұдан бөлек, ауыл шеберлерінің шаған, емен, қарағаш, қайың секілді ағаштардан жасалған қолөнерлері, ыдыстары қойылған. Үйге арналған интерьер заттары, тіпті ауылдың қымыз-қымыраны да осы жерден табылады. Сонымен қатар «Лепсі өнімі» бал цехымен бірлесе отырып, табиғи қоспалардан әзірленген балауыз шам, сан алуан хош иісті сабын, ерін және қол бальзамдары, сусабынға шейін бар.

Жалпы өткен жылғы қиын-қыстау жағдайда жұмыс бағытын дұрыс әрі жүйелі жүргізе білген Алакөл ауданының кәсіпкерлері көп жетістікпен жылды қорытындылады. Сол қатарда аталған цех 2020 жылдың қорытындысы бойынша Алакөл ауданы әкімінің «Жыл үздігі» сыйлығының «Үздік кәсіпорын» аталымының жеңімпазы болды. Олардың алдағы жоспары да ауқымды. Бірақ цех мамандары: «Өнір дамуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз», – деп құлшынып отыр.

Қажет АНДАС,
Алакөл ауданы
Алматы облысы

Инновация

ҰШҚЫШСЫЗ ҰШАТЫН АППАРАТ

Ақпан айында Jas qazaq газеті «Қайдасың, қазақ өнертапқышы?» деген мәселе көтерді. Сол мақала маған терең ой салды. Расында, «айшылық алыс жерден көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» заманға тұспа-тұс келгенде, біздің ауыз толтырып айтарлықтай жетістігіміз бар ма өзі? Осы ойдың жетегінде жүргенде Шымкентте ұшқышсыз ұшақ шығаратын кәсіпорын бар екенін естіп-білдім. Соны өз көзіммен көру үшін «Тассай» индустриалды аймағында орын тепкен, Қазақстанда баламасы жоқ өндіріс ошағына барып, жұмыс процесімен танысып қайттым.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында: «Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану. Өңделген тауарлардың үштен екісіне жуығы шетелден әкелінеді. Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жаңа салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтиды», – деген еді. Осы орайда, еліміздің үшінші мегаполисі өнеркәсіптік әлеуетін толық пайдаланып жатыр деп айтуға болады.

Ұшақсыз ұшу аппараты *(ҰҰА)* квадрокоптер не дрон деп ойлайтындар баршылық. Әсілі, орысшалап айтқанда, «беспилотникті» дронмен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі нәрсе. «РобоАвиа» ЖШС Бас директоры Николай Пажитневтің айтуынша, қазір туризм мен қала имиджі, цифрландыру, сәулет пен құрылыс, кадастр, жер қатынастары, шаһар шаруашылығы, тағы басқа салалардың көпшілігінде осы ҰҰА қолданылып келеді. Біріншіден, бұл қауіпсіз әрі ыңғайлы. Нәтижелі әрі анағұрлым арзан. Бұрын аэро-фототүсірілім жасау үшін компаниялар арнайы тіқұшақ немесе ұшақ жалдайтын. Оның нәтижесін бір-екі аптадай күтуге тура келетін. Ал мұндағылар бірінші күні түсірілім жасайды, екінші күні нәтижесін қолға ұстатады. Бір сөзбен айтқанда, уақыт пен жұмыс күшін үнемдейді.

ҰҰА деген ұғымымызға танысық болған соң өндіріс ошағының жұмыс процесін білмекке асықтық. Н.Пажитнев бізді зауытқа бастап жүрді. 2015 жылы ашылған кәсіпорында электроника, слесарь цехы, конструктор бюросы, оқу сыныбы, жону бөлмесі, композиттік технологиялар цехы, сырлау цехы деген 7 цех бар екен.

«Электроника цехы – ең маңызды цех. Мұнда гидроөлшемдер алынып, ҰҰА нобайы жасалады», – деп түсіндірді Николай Владимирович.

Оның сөзін компанияның жобалық үйлестірушісі Антон Ладухин жалғастырды: «Ал композитті технологиялар цехында ҰҰА-ның қаңқасы, матрицасы, қанаты жасалады. Қанаты – композиттік материалдан. Бұл – өте күрделі процесс. Конструктор бюросында барлық бөлшектері құрастырылады. Жону бөлмесінде каркасқа қолданылатын ағашы кесіледі. Сырлау цехында бояп, келесі бөлмеде кептіріледі. Кез келген адам ҰҰА-ны басқара алады. Оны басқару оңай. Керемет білгірлікті қажет етпейді. Аэродинамика әліппесін және компьютерде жұмыс істеуді білсе болды. Әр ҰҰА сататын кезде мамандарымызды екі апта арнайы оқудан өткіземіз. Сосын тестілеуден өткізіп, тапсырысқа қарай құрылғыны басқаруға жібереміз. Қазір ұшақтардан гөрі біздің қызметімізге көп жүгінеді. Бізге әр түрлі компаниялардан сұраныс түседі. Елімізде мұндай өндірістер бар. Бірақ бәрі шағын. Біз секілді ауқымды спектр жоқ. Бізде бәрі нөлден басталып, арнайы технология бойынша температуралық режиммен вакуумдық құрылғыда құрастырылады».

Ұшқыш-оператор Әлішер Шаязов бұл зауытта екі жылдан бері істейді екен. Ол: «Ұшқыш-операторлар мектебі» жұмыс істейді. Пилот-оператор куәлігін бере отырып, тапсырыс берушінің өкілдерін оқыту курсы – 2 аптадан 3 аптаға дейін *(кешеннің комплектациясы мен міндеттеріне байланысты, сондай-ақ практикалық сабақтар кезінде ауа райына байланысты).* Ұшқыш-операторлар ноутбуктағы арнайы бағдарламалардың көмегімен суретке түсіріп, карта құрастырып, видеомониторинг жасайды», – деп кешенді басқарудағы ұшқыштың рөлін түсіндіріп берді. Ұшқышсыз ұшу аппараты делінгенімен, ұшқыш-оператор аппаратты ноутбуктың көмегімен басқарады.

Бір қызығы, ҰҰА-да қара жәшік болады екен. Егер апат орын алса, мамандар адами фактордан ба, әлде техникалық себептен бе, сол жәшікке қарап біледі.











Зауыт басшылығының сөзінен ұққанымыз, өндірілетін өнімге толық сервистік қызмет, кепілдік және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету, техникалық қолдау көрсетіледі. ҰҰА-на жылына 60-70 рет ұшуға кепілдік беріледі. Ал негізі бір жылда 120 кешен шығаруға қауқарлы.

Кәсіпорынның негізгі қызмет түрі – «Sapsan-3000» ұшқышсыз ұшу аппараттарының сериялық өндірісі. «RoboAvia» қызметі Қазақстанда және әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестермен тығыз байланысты. Ел экономикасы дамуының тежелуі, әлемдік нарықтағы қиындықтар, геосаяси жағдайдың күрделенуі іскерлік белсенділік пен бизнесті дамытудың инвестициялық жоспарларына айтарлықтай әсер етеді. Бұл тиісінше, ұшқышсыз техникаға деген сұранысқа да әсерін тигізбей қоймайды. Осы тенденцияларды ескере отырып, «RoboAvia» өзінің стратегиясын өзгерткен және жаңа сынақтарға жауап беруге дайын. Өндіріс ошағында модельдік қатарды түбегейлі жаңарту басталып та кеткен: Samruk 3m және Samruk 5m модельдерін әзірлеп шығарған. Бұл – ішкі жану қозғалтқышы бар әуеайлақ негізіндегі ҰҰА.

– Сонымен «бұл инновациялық техниканы қай жерде қолдануға болады? – деп сұрадық жоба үйлестірушісінен.

– 2018 жылы коммерциялық ұйымдардың тапсырысы бойынша Атырау облысындағы мұнай құбырына мониторинг жүргізілді. Сондай-ақ осы салада біз жергілікті жердің 3D-моделін жасай отырып, мұнай және басқа да қазбаларды өндірудің қоршаған ортаға әсеріне мониторинг жүргіздік.

«Оңтүстік» еркін экономикалық аймағы нысандарына, салынып жатқан «Шымкент Ситиге» аэро-фототүсірілім жүргізіп, одан әрі өңдедік *(ортофотожоспар, 3Д, 2Д, жергілікті жердің цифрлық моделі, рельефтің цифрлық моделі).*

Коронавирустық инфекцияның таралу қаупіне байланысты төтенше жағдай режимі енгізілгенде біз Шымкент қаласының әкімдігіне шаһардағы блок бекеттердің жұмыс істеуіне мониторинг жүргізуге көмектестік.

2020 жылдың төртінші тоқсанында «Охотзоопром» РМҚК-мен бірлесіп табиғатты қорғау іс-шараларына қатыстық. Атап айтқанда Қызыл кітапқа енген жануарларға санақ жүргіздік, – деді А.Ладухин.

«РобоАвиа» ЖШС қолданатын түсірілім кешендері су орналасқан барлық учаскелерге сапалы ауа мониторингін қамтамасыз етеді. Қысқа уақыт аралығында түсірілім кешендерінің көмегімен қарапайым авиация үшін қолжетімсіз аумақтардан суреттер алуға болады. Су басу аймағын дәл анықтауға, залалды анықтауға, салдарын жою бойынша шараларды сапалы жоспарлауға, зардап шеккендерді уақытында анықтауға және алғашқы көмек көрсетуге көмектеседі. Су тасқынының себептері мұз кептелісі болып табылады. ҰҰА-дан алынған егжей-тегжейлі суреттер оларды жою үшін жарылғыш зарядтарды орнатуға болатын учаскелерді анықтайды. Экологиялық төтенше жағдайларды жою мәселелерін шешеді. Олар берген суреттердің көмегімен зақымдалған, ластанған аумақтарды тез анықтауға, шұғыл режимде жердегі операцияларды тағайындауға болады. ҰҰА түсіру арқылы алынған материалдарды экологиялық мақсаттарда – су қорғау аумақтарын, экожүйедегі су балансын қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған бағдарламаны жобалау үшін пайдалануға болады.

Оған қоса, қоқыс үйінділерін іздеу, ластану деңгейін айқындау, қар жамылғысының жай-күйі мен деңгейі, жағдайларды жедел талдау, ортофотопландарды, биіктік матрицаларын және жергілікті жердің егжей-тегжейлі үш өлшемді модельдерін жасау, тұрақты мониторинг, проблемалық аумақтарды түсіру, картографиялау және жобалау, шұғыл мониторинг сияқты жұмыстар бар.

Антропогендік әсер, топырақ эрозиясы, судың ластануы, аумақтың батпақтануы – бұл көрсеткіштерсіз ауыл шаруашылығы алқаптарын өсіру, жерді инфрақұрылымдық игеру бойынша нақты бағдарлама жасау мүмкін емес. Сондайда ҰҰА көмегімен тығырықтан қиналмай шығуға болады.

Қорыта айтқанда, ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану аясы өте кең және экономиканың барлық салаларын қамтиды. Мұндай инновациялық технологияларды қолдану шағын, орта және ірі бизнес кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін, Қазақстанның облыстары мен қалаларының туристік және іскерлік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Ауыз су

АҚМОЛАЛЫҚТАР АУЫЗ СУДЫ АДАЛДАП ІШЕТІН БОЛДЫ

Ақмола облысында 590 елді мекенде шамамен 500 мыңнан астам адам тіршілік етуде. Осы елді мекендердің ішінде тек 364 ауыл таза ауыз сумен қамтамасыз етілген. Ал 226 ауылда су құбырлары мүлде тартылмаған. Сол себепті көптеген ауылдар ауыз суды тасымалдап ішуге мәжбүр. Тоқсан мыңға жуық ауыл тұрғынының ауыз су мәселесін шешу қажеттігі ұзақ жылдардан бері айтылып келеді. Тек соңғы кезде ғана осы бір түйткіл мәселе біртіндеп шешілуде. Облыс аумағындағы ауылдарда бес мың шақырымға жуық су тарату желілері тартылған. Солай бола тұра, ертеректе тартылған су құбырларының ескіргендігін де ескермеуге болмайды.

Соңғы жылдары «Нұрлы жер» және «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламалары облыс тұрғындарын ауыз сумен қамтуда жемісін беруде. Осы бағдарламалардың арқасында облыс орталығынан тым шалғай орналасқан елді мекендерге су құбырлары тартылып, бірқатар күрделі мәселелер шешілді. Соның бірі – Біржан сал ауданына қарасты Анғал батыр ауылы. Бүгінде ауыл тұрғындары ауыз суды үйлеріне дейін кіргізіп алған. Солардың бірі – Жолдасовтардың отбасы.



Шаңырақтың отанасы «судың үйде болғаны бірсыпыра жұмысымызды жеңілдете түсті» деп қуанышын білдірді. Ауыл тұрғыны Индира Жолдасова өз ауылының қаладан қашық болғанымен, тұрмысы қалалықтардан кем еместігін айтты.

– Су – тіршілік көзі ғой. Үйде суық та, ыстық су да бар. Біраз шаруамыз жеңілдеді. Әйел адамға судың үйде болғаны жақсы әрі ыңғайлы ғой. Кім ойлаған, біздің ауылда су үйге кіргізіледі деп. Өзіміз әзер сеніп отырмыз. Осындай жағдай жасаған ауыл әкімдігіне айтар алғысым көп! – дейді ол.

Сонымен қатар орталықтандырылған су жүйесіне ауылдағы әлеуметтік нысандар да қосылған. Оның ішінде білім ошағы мен ауыл мешіті бар. Айта кетелік, ауылдағы мектеп 1984 жылы пайдалануға берілген. Бүгінде мұнда 110 оқушы білім алуда. Амангелді Иманов атындағы Анғал батыр орта мектебінің директоры Нұрлан Шонтаевтың айтуынша, мектепке сапалы ауыз судың қажеттілігі қатты сезілген.

– Бізде су ащы болды. Ол, әрине, оқушылардың денсаулығына зиян. Сондықтан осындай тұщы ауыз судың тигізер пайдасы көп. Қуанышымызда шек жоқ, – дейді директор бізбен әңгімесінде. – Тартылған су құбыры желісінің ұзындығы 15 шақырымды құрайды. Сонымен қатар ауыл көшелерінде 119 арнайы құдық та орнатылған.

Ауыл әкімі Әмина Жақыпова өз сөзінде республикалық қазынадан 466 млн 500 мың теңге қаржы бөлінгенін айтты.

– Көп жұмыс атқарылды. Су құбыры қазылды, су сорғыш стансасы орнатылды. Халық риза. Қазіргі таңда 35 отбасы ауыз суды үйлеріне кіргізіп алды. Бұл ауылдағы тұрғындардың 30 пайызы. Ал жыл соңына дейін елді мекеннің барлық тұрғыны тіршілік көзін үйлеріне қосып алуды көздеп отыр.

Жалпы Біржан сал ауданы бойынша тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жақсы жолға қойылған. Мәселен, өткен жылы 7 ауылда су құбыры іске қосылса, биыл тағы 9 елді мекенді тіршілік нәрімен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Тағы бір жағымды жаңалықты айтсақ, Жақсы ауданындағы шоқжұлдыздай шағын Терісаққан ауылының тұрғындары ауыз судың азабын тартқалы не заман. Енді бұрынсоңды өнірде қолға алынбаған жақсы жаңалықтың арқасында ернімізге таза су тиеді деп үміттеніп отыр.

Ауыл алғашқы қазығын қаққаннан бері құдық суын ішіп келеді. Бұл өңірде жер асты суы тапшы. Қанша қазсаңыз да, тұзды су шығады. Мейірің қанып іше алмайсың. Бұған дейін қазылған қос құдықтың дәмі осындай. Оның үстіне сапасы да күмәнді. Әйтсе де, ауыл тұрғындары көндігіп келген. Енді, міне, үміт оты лаулап жанғалы тұр. Елді мекенде ауыз суды тасымалдайтын және тазартатын біріктірілген блок-модуль іске қосылмақ. Бұрынғы құдықтарға қарағанда, әлдеқайда қуатты. Сондықтан, сәтін салса, таза суға қарық қылмақ. Бұрынғы құдықтар қауғаны бірер рет салған соң тайыздалып, суы сарқылып, түбі көрініп қалатын. Мамандардың айтуына қарағанда, жаңа модуль ауыз суды молынан беретін көрінеді. Ең бастысы, осы тәжірибе оң нәтиже берсе, төңіректегі су тапшылығын тартып отырған елді мекендерге де орнатылмақ.



Ауыл тұрғындарының айтуына қарағанда, таза сумен қамтудың екі жолы болған көрінеді. Біріншісі, тағы да тереңірек құдық қазу, екіншісі, су тазалайтын сүзгі қою. Ауылдық кеңес отырысында ел ақсақалдары егжей-тегжейлі ақылдаса келе, сүзгі қоятын болып шешіпті. Өйткені дәл осы өңірде тап басып таза су көзін тапқан ешкім жоқ. Бейнеттеніп құдық қазып, оның суы тағы да ащы болып шықса, қаншама қаражат желге ұшады. Одан да бар суды сүзгіден өткізіп, тазалаған дұрыс.

Нысанды елордалық мердігер компания қолға алған. Құрылысына аудандық бюджеттен 12 млн теңге қаражат бөлінген. Қазір артезиан құдықтар дайын. Новокиенка ауылындағы орталықтандырылған сумен жабдықтау техникаларын орнату жұмысы аяқталуға таяу. Сәтін салса, бұл бастама төңіректегі қаншама халықтың қажетін өтеуге септігін тигізетін түрі бар.

Степногорск қаласы мен оның маңындағы бірнеше елді мекен ауыз судың азабын тартқалы қанша жыл?! Алтынды өңірінің тұрғындары судың жоқтығынан мал баға алмай, бақша еге алмай қиналып келген болатын. Шындығын айтқанда, мал түгіл, адамдардың өздері таза суға зар еді. Енді, міне, «Степногорск су каналы» мекемесі су тазалайтын жаңа қондырғының арқасында қаланы да, қала іргесіндегі елді мекендерді де таза суға қарық қылмақ. «АП-Импэкс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жаңа заманның талабына толық жауап беретін су тазалайтын құрылғыны таяуда пайдалануға бермекші. Құрылғының қуаты тәулігіне 48 мың текше метр су тазалауға еркін жетеді. Сілеті су қоймасынан алынған нәр ауыз суға да, өндірістік мақсатқа да пайдаланылатын болады. Жалпы құны 5 082 395 243 теңге тұратын құрылғыдағы су ең озық технология бойынша сүзгіден өткізіледі. Бір айта кетерлігі, жаңа құрылғының электр қуатын үнемдеуге әсері мол екен.

– Бұрын ауыз судың азабын көп тарттық. Заводской және Ақсу кенттерінің тұрғындары суды тасымалдап ішті. Су тапшылығынан көп шаруа қаңтарылып тұрды, – дейді қала тұрғыны Серікбай Бермағанбетов, – енді, міне, мемлекет қамқорлығының арқасында осындай жақсылық жасалып жатыр.

Өткен жылы облыс тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуде ауыз толтырып айтуға лайықты бірқатар шаруалар жүзеге асырылды. Мәселен, 13 сумен жабдықтау және су бұру нысандары іске қосылды. 405 шақырым сумен жабдықтау желілері және 83 шақырым су бұру желілері салынды.

Бұл тұрғын саны 9,8 мың адамды құрайтын 7 елді мекенін Ақкөл ауданының Азат, Біржан сал ауданының Анғал батыр, Бұланды ауданының Капитоновка, Ерейментау ауданының Бестоғай, Жақсы ауданының Ишимское, Целиноград ауданының Қаражар және Жаңажол орталықтандырылған сумен жабдықтау санатына ауыстыруға және осындай елді мекендерді қамтуды 61,7 пайызға дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

Орталықтандырылмаған сумен жабдықталған 207 елді мекеннің 111-інде 2021-2023 жылдары іске асыру мерзімімен сумен жабдықтау жүйелерін салу, 60-ында құрамдастырылған блок-модульдерді орнату жоспарлануда.

Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы экология проблемаларын шешу мақсатында 15,1 млрд теңгеге 8 жобаны іске асыру жалғасуда. Бұл келесі жылы Щучинск қаласындағы орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру проблемасын толық жабуға мүмкіндік береді. Бурабай мен Қатаркөл, сондай-ақ курорттық аймақтың шипажайлары мен санаторийлерін де.

Гүлшынар АЛПЫСБАЕВА,
Ақмола облысы

Тұрғын үй

ҚАЛАДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Талдықорған қалалық құрылыс бөлімінің ақпараты бойынша, былтырғы құрылыс жұмыстарының көлемі 41 млрд теңгені құрады. Жоспар бойынша 132,4 мың шаршы метр құрылыс салу жоспарланса, жыл соңындағы есеп бойынша 137,5 мың шаршы метр пайдалануға беріліп, жоспар артығымен орындалғаны белгілі болды. Сол қатарда екі Студенттер үйі, тұрғын үй, көпір, тағы да басқа нысандар бой көтеріп, қаламыздың көркеюі мен кемелдене түсуіне ықпал етті. Осы нысандарды салуда «Сурмақ» ЖШС, «ҚұрылысшыТБС» ЖШС, «Техноснаб» ЖШС, «Лепес» ЖШС, «Жетісутұрғынүйқұрылыс» ЖШС, «Шымыр» ЖШС, «Гәкку Құрылыс» ЖШС, «Терра» ЖШС құрыш қолды құрылысшыларының үлесі мол.

Айта кетерлігі, қаладағы құрылыс жұмысы қыс бойы тоқтаған жоқ. Биыл қалалық құрылыс бөлімінің жоспары бойынша, 6,7 және 8-шағынаудандарда мемлекеттік



бюджет және жеке инвестиция есебінен жалпы ауданы 93,5 мың шаршы метр, 1215 пәтерлік 31 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Жетісу» және 8-шағынауданында көлемі 20,5 мың шаршы метр болатын 277 пәтерлі 5 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Коттедж қалашығында жалпы алаңы 34 мың шаршы метр 377 коттедждің құрылысы жүргізілуде. Коттедж қалашығын көріктендіру, оның ішінде инженерлік желілер бойынша су, кәріз, электр және газ желілерін тарту, жол салу жұмысы жалғасуда. Сондай-ақ коттедж қалашығында 900 орынды мектеп жобасы бойынша «КАПРЕМПРОЕКТ» ЖШС жобалау ұйымы жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуде.



Алматы-Талдықорған күрежолының қалаға кіреберіс тұсынан бой көтерген коттедж қалашықта 600-ден астам үй бой көтермек. Қажырлы еңбектің нәтижесінде бүгінде 400-ге жуық баспана пайдалануға беріліп, өз иесін тапты. Баспана ұзақ жылдар үй кезегінде тұрып, кезегі келген көпбалалы аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, әлеуметтік сала қызметкерлеріне кезең-кезеңімен тапсырылуда.

Индира Мұқаметқалиева №324 үйдің иесі: «2006 жылы үй кезегіне тұрып, 2020 жылы тамыз айында осы баспанаға ие болдым. 14 жыл үй жалдап тұрған маған бұл баспана хан сарайымен бірдей. Барлық инфрақұрылым бар. Су, газ, электр желілері тартылған. Менің ешқандай шағымым жоқ. Қайта осындай жайлы баспана салып, үй жалдаумен қиналып жүрген бізге қолайлы жағдай жасап бергендерге алғысым шексіз. Әсіресе, жайлы баспана үш баламның алаңсыз өсуіне мүмкіндік берді. Енді үй болғасын кем-кетіктер болады. Оны үйді салған құрылыс компаниясы реттеп берді. Ай сайын 8 мың теңге төлеймін», – дейді. Индира Мұқаметқалиеваның айтқандарын №416 үйдің тұрғыны Айдана Әлімбатырова да құптады. Төрт бала өсіріп отырған Айдана енесімен бір шаңырақта отбасының берекесін тасытып отыр.

«Үй кезегінде он бес жыл тұрып, ай сайын алпыс-жетпіс мың теңгені үй жалдауға беріп, қысылып жүр едік. Бұл үйге кіргелі шаңырағымыздың берекесі арта түсті», – деп қуанышын жеткізді ол.

Жолшыбай жұмысына асығып бара жатқан №368 үйдің иесі Асқар Рақымбаевты тоқтатып, пікірін білуге асықтық:

«Он баланың әкесімін, үй кезегінде 10 жыл тұрып, осы үйді алдым. Иә, басында кемшіліктер болды. Ол жаңадан салынған үйдің бәрінде болады. Тіпті жеке қаржыңмен үй тұрғызсаң да, кездесетін кемшілік. Қазір үйіміз жылы, бала-шағамен бірге берекелі өмір сүріп жатырмыз», – деп ағынан жарылды.

Әрине, кездескен тұрғындардың сұрағымызға шынайы жауап бергеніне сенімдіміз. Десе де, шешімін күткен жағдайларды да кездестірдік. №410 үйдің тұрғыны Айнагүл Үмбетова қалашықтағы табиғи газдың ақысын төлеуге қатысты шағымын айтып қалды. «Алтын алқалы» ана Айнагүл үйге кірген екі жылдан бері келісімшарттың болмауына байланысты табиғи газдың ақысын дер кезінде төлей алмапты. Енді екі жылдың ақысы жиналып, біраз сомаға жеткендіктен, оны бірден төлеуге қалтасы көтермейтінін алға тартты. Газ ақысының дер кезінде төленбеуінің себебін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің мамандарынан сұрап көрдік:

Алмас Барлыбек қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бас маманы: «Коттеджді қалашыққа табиғи газ желісі әрбір баспанаға тегін тартылып, пештер орнатылып, жағдай жасалды. Тұрғындар пайдаланған газдың ақысын төлеу бойынша 8 ақпан күні қалалық әкімдікте «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өңірлік филиалы, «Тавиди» ЖШС және қалашық тұрғындарының қатысуымен жиын өтті. Осы жиналыста газ ақысының дер кезінде жиналмауының себебі тұрғындарға түсіндіріліп, келісім бойынша үй иелері осыған дейін пайдаланған газдың ақысын өздері төлейтін болып шешілді. Бірақ әр үйдің жыл бойы жиналған ақы көлемі көп болуына байланысты әрбір тұрғын «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өңірлік филиалына арыз жазып, бөліп төлеуіне жағдай жасалды», – деді.

Коттедж қалашық тұрғындарының жиылып қалған газ ақысын төлеуге қатысты мәселе өз шешімін табатын болды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов қалашық тұрғындарымен кездесуінде «ҚазТрансГаз Аймақ» Жетісу өңірлік филиалының және қалашықтың пәтер иелері кооперативінің өкілдеріне әрбір тұрғынмен кездесіп, газ ақысын кезең-кезеңге бөліп, жарты жыл көлемінде толық жинап бітіруді тапсырды.

Халқымызда «Көш жүре түзеледі» деген сөз бар. Тұрғындарды баспанамен қамту тұрғысында елімізде мемлекеттік бағдарламалар атқарылып, көмек пен қолдау көрсетілуде. Құрылыс жұмысы барысында кейбір кемшіліктің орын алатыны анық. Бір білгеніміз, үй құрылысына қатысты тұрғындардан түскен шағымның дені қаралған. Ауа райының қолайсыздығына байланысты сыртқы жөндеу жұмысына қатысты мәселелер күн жылынғанда реттелмек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Өңірлік даму

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖАҚСАРДЫ

Жақында Алматы облысындағы Көксу қант зауытында қуаты 12 мың тонналық құрақ қанты желісі іске қосылды. Бастапқы кезеңде 7,5 мың тонна шикізат әкелінді. Бұдан басқа, қызылша сығындысын қайта өңдеу және түйіршіктелген жем шығару зауытын салу жоспарлануда.



«Қамыс құрағынан қант өндіреді» деген тіркестің құлағымызға ерсілеу сезілетіні анық. Алайда «Көксу қант зауыты» ЖШС алдағы уақытта қанттың осы түрін шығармақшы» деген сөзді де естігенімізге біраз жыл болған. Сол жоспар биыл жүзеге асты. Енді тұтынушылар қамыс құрағынан өндірілген қанттың да дәмін татады.

Зауыт директоры Алтынбек Абатов тілші қауымды жаңа қондырғылар және олардың жұмыс істеу барысымен таныстырды. Қамыс құрағы мен қант қызылшасынан қант өндірудің соншалықты айырмашылығы жоқ. Десе де, қант зауытында бұрыннан бар қондырғылармен қатар Украина, Австрия, Ресей, Германиядан жеткізілген жаңа қондырғылар мен жапонның автоматты құрылғылары да қатар қолданылады. Екі жылдан бері қосымша қондырғыларды жеткізу, монтаждау, тағы да басқа шығындарға 600 мың доллар үстінде қаражат жұмсалыпты.

Зауыт жаңа өндірісті іске қоскаңы бір аптадан асты. Қазір Бразилиядан 7,5 мың тонна шикізат жеткізіліп, қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Биылғы жылғы жоспар бойынша 25-30 мың тоннаға дейін шикізат өңдемекші. Ол күні-түні жұмыс істегеннің өзінде шілде айына дейін созылады.

Бұл өңдеу тәсілінің бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, қант зауытындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын көтереді. Бәрімізге белгілі, бұрнағы жылдары «Көксу қант зауыты» ЖШС күзде ғана қант қызылшасын қабылдап, өңдеп біткенге дейін бас-аяғы 4-5 ай ғана жұмыс істейтін. Ал қалған уақытта зауыттың 500-ге тарта жұмысшысы үйде отыруға немесе басқа жұмыс қарастыруға мәжбүр болатын. Енді зауыт жұмысы жыл бойы тоқтамайды. Зауыт директорының айтуынша, жоспардағы 25-30 мың тонна шикізатты өңдеп біткенше сарша тамыз болады. Одан кейін келесі жылғы қант өңдеу дайындығын жүргізіп, қант қызылшасын қабылдау науқанын басталады. Содан кейін оны өңдеу жұмысы жалғасады. Демек биылдан бастап зауыт жұмысшылары жыл он екі ай тұрақты жұмыспен қамтылады деген сөз. Бұл жаңалықты естіген зауыт жұмысшылары да қуанышты.

«Мен осы зауытта жұмыс істегеніме, міне, 13 жыл болды. Былтыр, одан бұрынғы жылдары да қант қызылшасы өңделетін 4-5 ай ғана жұмыс істеп, қалған уақытта басқа жұмыс іздеуге тура келетін. Жаңа өндіріс іске қосылғалы жұмысқа білек сыбанып кірістік. Тіпті биыл 8 наурызда бірінші рет сыйақы алып, қуанып отырған жайымыз бар», – дейді зауыттың зертхана қызметкері Жазира Дүстекова.

Қант өндіруге қажетті шикізат Бразилия мен Мексикадан жеткізіледі. Өндірілген қанттың бағасы қолжетімді, сапасы жақсы, тәттілігі мен татымдылығы қант қызылшасынан өндірілген қантпен бірдей. Тағы бір артықшылығы, шикізат алғашқы өңдеуден өтіп, қатты қант күйінде жеткізілетіндіктен, қайта өңдеуге жұмсалатын шығын аз. Зауыт тек шикізатты ұсақтап, оны ағартып, құрамындағы қант элементінен басқа заттарды шығарып тастап, таза күйінде тұтынушыларға ұсынады.

«Әдетте қант қызылшасынан қант өндіргенде шикізаттың тек 12 пайыз мөлшерінде таза қант алынса, ал қамыс қанты шикізатын қайта өңдегенде өнімділігі 97-98 пайыз мөлшерінде болады. Бағасы базар нарығымен бірдей», – дейді зауыт директоры.

Көксу қант зауытындағы жағымды жаңалық бәрімізді қуантты. Әсіресе, жылдың осы уақытында еңбекақыдан қағылып, үйінде жұмыссыз отыратын жұмысшылар үшін қуаныш еселене түскенін байқадық. Оның үстіне, зауытта өндірілген қанттың бұл түрі шетелге экспортталмайды. Демек елдегі қантқа сұранысты толықтырып, нарықтағы бағаны арзандатуға септігі тиеді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



Қорған

ПАТРИОТ ЖАСТАР ӨСІП КЕЛЕДІ

Марат МӘЖИТОВ:



«Елдің шетінде, желдің өтінде». Шекарашыларға қатысты осы бір нақыл тегін айтылмаған. Абыройлы да күрделі мамандық қажымас қайрат пен темірдей төзімділікті қажет етеді. Ең бастысы, санада патриоттық сезім қалыптасуы керек. Елімізде шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық ұйымы өз қызметін осы мақсатта жүргізеді. Шекарашы жастармен үнемі жұмыс істеп, оларға аталмыш саланың қыр-сырын баяндап, тәжірибесімен бөліседі. Біз осы ұйымның Алматы қалалық бөлімшесінің төрағасы, запастағы генерал-майор Марат Мәжитовпен арнайы кездесіп, шекара қызметі жайында әңгімелестік.

Jas qazaq: Марат Әлімжанұлы, білуімізше, шекарашы болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Өзіңіз осы жолды қалай таңдадыңыз?

М.Мәжитов: Мен Солтүстік өңірдегі Петропавл қаласы маңындағы ауылда өмірге келдім. Біздің кезімізде шекарашы деген мамандықтың бар екенін білмейтінбіз. Әкем өмір бойы ұстаздық етіп, қалалық білім басқармасында көп жылдар қызмет еткен адам. Әкем төрт баласына білім беру үшін ауылдан қалаға көшіп, біздің білімді болуымызға жағдай жасады. Шекарашылар туралы тек кинодан көретінмін. Сонда әскери өмірге қызықтым ба, мектеп бітіретін жылы әскери саланы таңдадым. Сөйтіп Алматыдағы әскери училищеге оқуға түстім. 1981 жылы оқуымды тәмамдап, ең алғашқы әскери қызметім Қырғызстанда басталды. Ол жерде коммендантттың орынбасарына дейін көтерілдім. 1988 жылы Ауғанстанда болдым. Одан кейін Фрунзе қаласындағы әскери академияда оқыдым. 1992 жылы Кеңес одағы тарап, еліміз егемендігін алғаннан кейін туған жерге оралдым. Елге келгеннен кейін Мақаншы, Күршім, Шонжы, Нарынқол заставаларында қызмет еттім. 2004 жылы еліміз оңтүстік-батыс шекараларын айқындай бастады. Арал мен Қырғызстан, Өзбекстан аралығында қызмет еттім. Ең қиын сол кез еді. Шекараны нығайтудағы еңбегім үшін 2005 жылы генерал атағын иелендім. Одан кейін әскери институтты басқардым. Бүгінде ардагер зейнеткер болсам да, шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық ұйымы Алматы қалалық филиалының төрағасы қызметіндемін.



Jas qazaq: «Застава тарландары» қоғамдық ұйымының мақсаты не? Жас сарбаздарға тәлім-тәрбие беруде қандай жұмыстар атқарылды?

М.Мәжитов: 2018 жылдан бастап осы ұйымның Алматы филиалын басқарамын. Біздің ұйымның басты мақсаты – жауынгерлерге патриоттық тәрбие беру. Ұйым түрлі шаралар ұйымдастырады. Атап айтсақ, қорғаныс министрлігі, Ұлттық гвардиямен бірлесіп, шекара қызметін насихаттау, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге арналған түрлі кездесулер өтті. Көктемде шақырылатын жас сарбаздарға ардагер қызметкерлер өз тәжірибесімен бөлісіп, ақыл-кеңесін береді. Одан бөлек, ардагерлерімізге көңіл бөлініп, оларға қуаныш сыйлау мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Алдағы уақытта шекарашыларға арнап ескерткіш орнатуды жоспарлап отырмыз. Алматы қалалық әкімдігінен рұқсат алып, барлық құжатты дайындадық. Орын бөлінсе, кірісеміз. Жас ұрпақ шекарашылар ескерткішіне қарап үлгі алса дейміз. Өйткені шекара шебінде жүрген сарбаздардың қызметі туралы көпшілік аса біле бермейді.

Jas qazaq: Бұрын әскери қызмет үлкен бір мәртебе көрінетін. Бүгінде кей жастарымыз әскерден қашқалақтайды. Мұның сыры неде деп ойлайсыз?

М.Мәжитов: Әскерден қашатындар бұрында да болған. Тек ол кезде ақпарат тарату жабық болғандықтан, жұрттың құлағына жете бермейтін. Қазір интернет заманы болғаннан кейін кез келген жаңалықты көруге болады. Содан «қазіргі жастар патриот емес» деген ұғым қалыптасқан. Меніңше, ол қате пікір. Менің оған нақты дәлелім бар. Естеріңізде болса, Тәжікстан-Ауғанстан арасындағы шиеленісте Тәжікстан көрші елдерден көмек сұрады. Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан көмекке келді. Біздің елдің сарбазы Р.Батырханов қақтығыста жанқиярлық ерлік көрсетті. Айналасындағы командасын қауіптен құтқарды. Бүгінде Батырханов есімі Күршім заставасына берілді. Бізде патриот жастар бар. Осындай жастардың өсіп келе жатқаны қуантады.

Jas qazaq: Болашақта шекарашы мамандығын таңдаған жас сарбаздарға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз? Тәжірибелі маман ретінде шекарашы ең алдымен нені есте сақтауы керек деп ойлайсыз?

М.Мәжитов: Шекарашы мамандығы – өмірлік мамандық. Бұл мамандықты таңдаған әрбір адам оның маңызын түсіне білуі керек. Патриоттық сезім бір күнде ғана келе салатын дүние емес. Ол айналасына, тәрбиесіне, адамдардың бір-біріне қарым-қатынасына байланысты, көре-жүре пайда болатын сезім. Біздің сарбаздар күннің ыстығы мен суығына, дауыл мен бұрқасынға қарамастан, өз қызметін адал атқарады. Шекара күзетіп жүрген жауынгердің санасында Отанның тыныштығы, қауіпсіздігі бірінші орында. Сондықтан осы жолды таңдаған жастар екі нәрсені ұмытпауы керек. Біріншісі – мамандық. Сен ол мамандықты жүрекпен таңдауың керек. Екіншісі – отбасы. Адам отбасын құруда дұрыс таңдау жасай білуі тиіс. Осы екеуі дұрыс таңдалса, өмір жолың да ашық болады.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

www.
jasqazaq.kz

Бірлік

Қазақстан Халқы ассамблеясы бүгінде дамудың даңғыл жолынан өтті. Уақыт сырғыған сайын ұйымға жаңа міндет жүктеліп келеді. Бірегей институт тек ұлттар арасындағы бірлікті бекемдеуге ғана емес, экстремизм мен радикализмге жол бермеуге де жауапты. Азаматтардың саяси-құқықтық мәдениет қалыптастыруы да – осы ассамблеяның мұраты.

Өткен жылдан бері аталған ұйым жұмысын тіпті де нығайта түсу мақсатында облыстардағы Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығы облыстық ішкі саясат басқармасының құрамына еніп, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығы-этносаралық қатынастар жөніндегі бөлімі болып құрылып, тынымсыз жұмыс істеп келеді. Осыған орай, Алматы облысы ішкі саясат басқармасы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының этносаралық қатынастар жөніндегі бөлімнің басшысы Сәуле Алханқызы Сұрабалдиновамен кездесіп, бірқатар сұраққа жауап іздеп көрдік.



ТАТУЛЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Jas qazaq: Бүгінгі таңда Қазақстан Халқы ассамблеясының орны мен рөлін қалай бағалайсыз?

С.Алханқызы: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сұхбатында: «Мен қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Бірлік аспаннан өзі келіп түспейді. Тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мен кең-байтақ жерімізде татулық пен тыныштық болғанын ғана тілеймін. Мұның ең алдымен Қазақстандағы миллиондаған отбасыға керек екендігін еске саламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, сәбилердің мүгедек болмауын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында қасірет шегіп жыламағанын қалаймын», – деген болатын. Әрине, осындай бірегей көзқарастың нәтижесінде елімізде Орталық Азия елдері арасында бірінші рет Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылды. Бүгінде бұл ұйым еліміздің тұрақтылығы мен дамуындағы, бейбітшілік пен тыныштықты сақтаудағы саяси институтқа айналып үлгерді.

Jas qazaq: Алматы облысы – еліміздің стратегиялық аймақтарының бірі. Өңірімізде тарихи себептерге байланысты көптеген ұлт пен этнос өкілдері қоныстанған. Ендеше, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы осы өңірдің өркендеуінде өз үлесін қандай бағытта сәулелендіріп келеді?

С.Алханқызы: Иә, Қазақстан Халқы ассамблеясы Алматы облыстық филиалының республиканың басқа өңірлеріне қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Себебі біздің аймақтағы халықтың 72 пайыздан астамы – қазақ ұлтының өкілдері, ал қалғанын өзге ұлт пен ұлыс өкілдері құрайды. Былай қарағанда, бұл жерде көпұлттылық белгісі аса байқалмайды. Бірақ Жетісу жерінде бүгінде 105 ұлттың өкілі қоныстанып, ортақ мақсат, бір тұтас тілек, береке-бірлікпен қатар өмір сүріп жатыр. Олардың қалыптасу тарихы, қоныстану жағдайы, жергілікті қазақ ұлтымен бірге сіңісіп, тірлік етуінің өзіндік тарихи себептері бар. Әрине, Жетісу жері – еліміздегі маңызды, стратегиялық аймақ саналады. Өңірімізде қоныстанған этнос өкілдерінің барлық жұмысын реттеп отыру біздің бөлімнің негізгі жұмыс бағыты есептелетінін анық. Сондықтан біз күн сайын осы бағыттағы жұмыстарды қадағалап, талдап, зерттеп, зерделеп отырамыз. Сонымен қатар облыс аумағындағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты бақылап, мониторинг жасап, мәліметтерді апта сайын зерделеп, ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жолдап тұрамыз. Өткен жылы да, биылғы 5 айдағы жалпы көрсеткішке қарағанда, өңірімізде ұлттар арасындағы араздықты қоздыратын, этносаралық түсінбеушілікті туындататын бірде-бір жағдай орын алған жоқ. Бұл біздің жұмысымыздың жүйелі жүргізіліп жатқанын ұғындырады. Алдағы уақытта да осы бағыттан ауытқымай, өзімізге тиесілі міндеттерді нәтижелі атқара береміз деген ойдамын.

Jas qazaq: Биылғы жылдың бес айында қандай жұмыстар атқарылғанын айтып өтесіз бе?

С.Алханқызы: Біздің жұмыс өте ауқымды. Сондықтан әр саламен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуге тура келеді. Біз қаңтар айында облыстық «Қоғамдық келісім» КММ этносаралық саладағы қақтығыстардың алдын алу, қоғамдық пікір көшбасшыларымен және облыстық Ассамблеяның барлық құрылымының жұмысын ілгерілету мақсатында Талғар, Еңбекшіқазақ, Кеген, Райымбек, Ұйғыр, Панфилов, Кербұлақ аудандарының ішкі саясат бөлімдері мамандарының қатысуымен семинар ұйымдастырып, алдағы атқаратын жұмыс ретін пысықтап алдық. Жобалар бекітіліп, бағыттар айқындалды. Сондай-ақ отбасының тірегі болған Аналар кеңесінің жұмысын жетілдіру үшін «Отбасы – береке, бірлік, ынтымақтастық бастауы» тақырыбында онлайн-конференция (*спикер – психолог, теолог Қанат Маратұлы*), «Рухтың күші – әкеде» жобасы аясында А.Сарыбаев атындағы Кербұлақ аудандық мәдениет үйінде Аналар кеңесінің облыстық форумын өткіздік. Этномәдени бірлестіктердің белсенділері Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласын талқылауға арналған «Ұлы дала ұрпақтары» тақырыбында онлайн дөңгелек үстел өткізіп, мақалада айтылған ұлттар ынтымағы мен береке-бірлік жайлы тапсырмалар талқыланды. Медиация институтын дамыту мақсатында ZOOM алаңында «Медиация институтының жұмысы және оны дамыту мәселелері» тақырыбында «Қоғамдық келісім» КММ-де кездесу, «Этносаралық қақтығыстарды шешудегі медиация және олардың алдын алу» тақырыбында онлайн-оқыту семинары өтті. Аталған шараларға облыстық ҚХА құрылымдарының өкілдері, аудандар мен қалалардың ішкі саясат бөлімінің басшылары қатысты. Сарыөзек ауылында медиацияның кәсіби жаттықтырушысы Б.Шыңғаева «Дауларды шешуде тәуелсіз орган ретіндегі медиация және оның тиімділігі мәселесі» тақырыбында оқыту семинарын ұйымдастырды. Оған аймақтан 31 қоғамдық медиатор қатысып, өз ойларын білдірді. Сонымен қатар ZOOM платформасында жаттықтырушы-медиатор Ж.Жақыпов, «Халықаралық адам құқығы орталығы» ҮЕҰ жетекшісінің қатысуымен «Пандемиядағы онлайн медиация» онлайн-оқыту семинарының өткенін айта кету керек.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының қызметкерлерімен бірлесіп, 3-8 ақпан аралығында этносаралық қатынастар саласын бақылау мақсатында Панфилов, Ұйғыр, Райымбек, Талғар, Еңбекшіқазақ, 7-12 наурыз аралығында Талғар, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Ұйғыр, Панфилов аудандарында антропологиялық әлеуметтік зерттеулер ұйымдастырылды. Ассамблея жұмысы туралы жазып жүрген, жазуға ынталанып жүрген жас журналистер тартылған. Оларға бұқаралық ақпарат құралдарымен қалай жұмыс жасау керектігі, материал дайындауда ескеретін жайттар, жаңа айдарлар ашудың жолдары сияқты түрлі бағытта тәжірибе үйретіледі. «Бал тамған тілден у да тамады» дегендей, ұлттар арасындағы ынтымақ пен бірлікке сына қағатын тақырыптарға дөп келгенде, оны жұртқа дұрыс күйінде жеткізу үшін не істеу керектігі де үйретіледі. Осы бойынша апта, ай сайын республикалық және облыстық баспасөздерді қадағалап, мониторинг жасап, қанша мақала жазылып, бейнесюжет эфирге шығарылғанын біліп отырамыз. Бұл жұмысты жетілдіре түсу үшін биылғы жылғы облыстық ҚХА жанындағы жетекші журналистер мен сарапшылар клубының отырысында ҚХА-ның қызметін ақпараттандырудың, сұхбаттар жазудың ерекшеліктерін талқылады. Биылғы жылы да «Қазақтану» жобасына, мемлекеттік тілге, патриотизмге қатысты маңызды тақырыптар қамтылған келелі кездесулер өтті. Сонымен қатар Zoom платформасындағы онлайн-кездесуде ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары және жаңартылған құрамы, қазіргі жағдайдағы жаңа міндеттер Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы ғылыми-сараптамалық тобының жұмысын қамтамасыз ету мәселелері қаралып, бекітілді. Сондай-ақ ZOOM алаңында ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен стратегиялық сессиялар өткізіліп, 500-ден астам адам қатысты.



Ел тұтастығы, дамуымыздың алтын өзегі – осы ассамблея. Татулықты басты құндылық деп бағалайтын Қазақ елі жыл сайын 1 мамырды «Бірлік күні» деп атап өтеді. Карантин болғандықтан, береке бүгін жаппай тойланбайды. Алайда бұл кезең де артта қалып, жаймашуақ күнді де көп ұзамай көреміз деген үмітіміз бар.

Jas qazaq: Жыл сайын «Алғыс айту» күніне орай игі шаралар өткізіліп жатады. Оның ел бірлігіне, ұлттар тұтастығына тигізер пайдасы қандай?

С.Алханқызы: Қазақстан Халқы ассамблеясының негізгі бағыты – халықтың ынтымағы мен бірлігін сақтай отырып, Тәуелсіздіктің баянды болып, мемлекеттің дамуына ықпал ету. Осы тұрғыдан көптеген адамдар сондай ойда болатыны анық. Алайда біздің басқа да жұмыс бағыттарымыз көп. Соның ішінде жыл сайын 1 наурызда келетін «Алғыс айту» күніне орай ұтымды шаралар ұйымдастырып, ел арасындағы ынтымақты бекемдеуге жол ашуда басты бағытымыз саналады. Биыл Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Алғыс айту» күніне арналған «Туған елге – мың алғыс!» жалпыұлттық эстафетасына (*челлендж*) облыстық ҚХА-ның барлық құрылымы қатысты. «Алғыс айту» күніне орай Қаратал ауданында «Қазақ халқына мың алғыс» монументі жанында митинг, Талдықорған қаласында Оқушылар сарайында «Біз алғысқа бөленген елде тұрамыз» жобасы аясында облыстық форумы, «Туған елге – мың алғыс» ұлттық эстафетасы жалғасты. Облыстың барлық аудандары мен қалаларында "Алғыс айту" күніне арналған әртүрлі форматтағы 1000-нан астам іс-шара ұйымдастырылды. Бұл алдағы уақытта да жалғасады.

Jas qazaq: Бізде этнос өкілдерінің тілі мен ділін, мәдениет мен өнерін, салты мен санасын сақтап қалу үшін барлық жағдай жасалған. Өз кезегінде олар да көмек қолын созудан аянып қалмайтын болар?

С.Алханқызы: Қазақстан Халқы ассамблеясы – көп елде баламасы жоқ ұйым. Қазақстан Халқы ассамблеясының ұлттар арасындағы ынтымақ пен татулықты сақтаудағы табысын көргеннен кейін, біраз елдер бізден үлгі алып, ассамблея жұмысын кейіннен қолға ала бастады. Расында, біз этнос өкілдері үшін көп дүние жасадық. Десе де, оларда бұл қолдауды жанымен сезініп, еліміздегі барлық мәдени шаралармен қатар қиын күндер болғанда, көмегін аяп қалған жоқ. Этномәдени бірлестіктер көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, ардагерлерге және жалғызбасты қарт адамдарға көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акцияларын дәстүрлі түрде өткізіп келеді. Айталық, биылғы жылы облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығы Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Қарасай, Қаратал, Кербұлақ аудандарында 1 млн 300 мың теңге көлемінде қайырымдылық көрсетті. Сонымен қатар «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының өңірлік штабы Талдықорған қаласындағы 5 отбасына 35000 теңгенің, «Туған тель» облыстық татар этномәдени бірлестігі Талдықорған қаласында 5 отбасыға 50 000 теңгенің азық-түлік себетін үлестірді. Ал «Видергебурт» облыстық неміс қоғамы Талдықорған қаласындағы жағдайы төмен отбасыларды дәрі-дәрмек және 80 азық-түлік себетін, 14 егде адамға 200000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Алакөл ауданында «Ляйсан» облыстық татар этномәдени орталығы, облыстық «Сафар» тәжік қоғамдық бірлестігі Еңбекшіқазақ ауданында мүгедектер үйінде 300 адамға арналған қайырымдылық ас ұйымдастырып, аз қамтылған 5 отбасына 95000 теңгеге 5 тонна көмір жеткізді, «Беларусь мәдени орталығы» ҮЕҰ, «Элефтерия» гректер қоғамы, «Алматы облысының корей этномәдени бірлестігі» Талдықорған, Ескелді және Қаратал аудандарында, «Күміс тамыр» қытай мәдени орталығы, облыстық «Балкария» балқар этномәдени бірлестігі Қарасай ауданында 10 қарияға, «Ахыска» түрік мәдени орталығының облыстық филиалы мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған 42 отбасыға, көпбалалы отбасыларға, облыстық армян этномәдени орталығы «Алпамыс» мүгедектерді қолдау, оңалту орталығына тиісінше қамқорлық жасап келеді. Жалпы, биыл облыстағы этномәдени орталықтар 2 млн 500 мың теңгеден астам қаржыға мұқтаж жандарға көмек көрсетті.

Jas qazaq: Бүгінде қандастар мәселесі, қуғын-сүргін құрбандарын ақтау сияқты тақырыптар Қазақстан Халқы ассамблеясының мінберінде жиі талқыланатын болды. Сіздердің тарапыңыздан қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

С.Алханқызы: Біз шеттен келген қандастарды бейімдеу, ұлтымыздың ұлттық құндылықтарын танып-біліп, асылдарын қайта қалпына келтіру, осы арқылы халқымыздың ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүр, ғұрып-әдетін жаңғырту жолында еңбектенудеміз. Осыған орай, бүгінде облыс аумағында тұратын тұратын қандастармен жұмыс жүргізілуде. Ағымдағы жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Репатрианттармен жұмыс істеу үшін облыстық «қандастар» орталығының қызметін ұйымдастыру» тақырыбында лот қарастырылуда. Алматы облысы әкімдігі жанынан саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссияның құрамы, ережесі №57 қаулымен бекітілді. Осы қаулы шеңберінде қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қатысты жұмыстар да қолға алынуда. Сайып келгенде, облыс аумағындағы қоғамдық-саяси жағдай қалыпты, облыстағы этносаралық қатынастар мәселелері жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында.

Jas qazaq: Қазақстан Халқы ассамблеясы Қазақстан халықтарын бір мақсатқа жұмылдыруда маңызды рөл атқарды. Алдағы уақытта да осы абыройлы міндетін атқара береді деген сенім бар ғой?

С.Алханқызы: Қазақстан Халқы ассамблеясы алғаш құрылған күннен бастап, елдің ертеңгі күнге деген сенімін оятты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылында ұлттық қатынастар жайлы ел арасында түрлі әңгіме өріп жүргенде Елбасы Қазақстан Халқы ассамблеясын құру арқылы алып-қашпа әңгімеге нүкте қойып, Қазақстан біртұтас мемлекет болатынын нақтылады. Сондай-ақ Ассамблея жұмысы заң тұрғысынан негізделді. Ассамблеяның мақсаты, міндеті, жұмыс жоспары «Ел бірлігі» доктринасында талқыланып барып бекітілді. Бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы осы доктринаның жалғасы, үшінші қағидаттың негізі. Өйткені рухымызды бекемдемесек, бүгінгі дәуірдегі ақпараттық тартыста көп нәрседен айырылып қалуымыз мүмкін. Осы тұрғыда Қазақстан Халқы ассамблеясы өзінің тарихи міндетін абыроймен атқарып келеді. Атқара береді де.

Jas qazaq: Қарбалас жұмыс арасынан уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

www.
jasqazaq.kz

Бірлік

Жетісу – жүздеген ұлт пен ұлыстың тағдыр тоғыстырған киелі мекені. Қай ауылына барсаңыз да, түрі басқа болғанымен тілегі бір кез келген этнос өкілін кезіктіресіз. Ең бастысы, олар татулықты ту етіп, мамыражай заманға толассыз үлес қосуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде: «Біз бір ел, біртұтас халық болып тәуелсіздігімізді нығайттық. Халықаралық қоғамдастықта абырой-беделімізді арттырдық. Біздің бірлігіміз бекем, мақсатымыз ортақ, рухымыз асқақ. Соның арқасында кез келген қиындықты жеңіп, жасампаздық пен өрлеу жолында жаңа белестерді бағындырамыз деп сенемін», – деген еді. Расында да, қандай қиындық болсын халқымыз тек бірлігімен, бір тудың астында, бір мақсат, бір мүдде жолында аянбай тер төгуімен сырт елдерге үлгі болып келеді.



ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КЕЛБЕТІ

«Саусақ ашылса – қылдырық, жұмылса – жұдырық» демекші, ынтымақты ел барлық салада дамиды. Кез келген қиындықты сабыр, төзіммен шешіп, дау-дамайға ұластырмай еңсере біледі. Солардың бірі – аймақтардағы «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Бүгінде облыста 71 этномәдени бірлестік жұмыс істеп тұр. Олар «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің ұйтқы болуымен рухани-патриоттық бағытта түрлі шара атқарып, ел бірлігіне қызмет етуде. Олардың 52-і тіркелген және этномәдени бірлестіктер болса, 19-ы тіркелмеген-этномәдени орталықтар, олардың 8-і мектеп жанында жұмыс істейді. Анықтап айтар болсақ, 28 облыстық этномәдени бірлестік, 7 қалалық этномәдени ұйым, 36 аудандық этномәдени бірлестік пен орталықты құрайды. «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің ақпаратына сүйенсек, аталған мекеме жыл басынан бері 70 офлайн, 17 онлайн іс-шара өткізіпті.

Сол қатарда мекеменің бағдарын анықтап, алдағы жұмыс жоспарын жүйелеген «Этносаралық тұрақтылықты нығайтуда «Қоғамдық келісім» КММ-нің рөлі» атты көшпелі семинарды ерекше атап өтуге болады. Этносаралық саладағы тәуекелдердің алдын алу үшін ЭКО, аналар кеңесі, медиация, жастар және мәдени құрылымдар төрағаларымен диалог алаңын құру арқылы аймақтағы аудан-қалаларында этносаралық қатынастар саласындағы жұмысқа тартылған мамандардың біліктілігін арттыру мақсатындағы шара Талғар, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр, Кеген, Райымбек, Панфилов аудандарында өтті. Кездесу барысында көптеген мәселелер көтерілді.

Шара барысында әртүрлі тақырыптарда секциялық жұмыс ұйымдастырылды. Әр секция күн сайын аудандарда кездесетін нақты жағдайларды талдаумен нәтижелі және сындарлы өтті. «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің директоры Сандуғаш Дүйсенова мекеменің материалдық шарт жағдайы мен оны жақсартудың жолдарын сөз етсе, әлеуметтік бастамаларды қолдау және медиация қызметінің басшысы Жансұлу Башенова мен қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру қызметінің жетекшісі Айымжан Тәңірбергенова барлық сұрақтарға жан-жақты жауап берді. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің музыкалық білім кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Аида Үсенова көп мәдениетті білім беру ортасы жағдайында студент жастардың этносаралық толеранттылығын қалыптастыру тақырыбында баяндама жасады. Дін басқармасының өкілі Айбек Бабатай конфессияаралық келісімді қалыптастыру туралы айтты. Ол әлеуметтік желіде белсенді жұмыс істейтін, күн сайын өз қатарына жаңа жақтаушыларды тартатын жекелеген діни ағымдарға егжей-тегжейлі тоқталды. Сондай-ақ көшпелі іс-шара барысында этносаралық қатынастар саласын талдау және мониторинг жүргізу қызметі ықтимал жанжалды жағдайлар мен этносаралық шиеленістің болуы тұрғысынан аудандардағы қоғамдық көңіл күйге әлеуметтік зерттеу жүргізді.

Пандемия кезіндегі жасаған қайырымдылық шаралары өз алдына бір төбе. «Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан» деп Мемлекет басшысы айтқандай, ортақ Отанымызға қызмет ету, Ұлы Даламызды ұлықтау ісі ары қарай жарасымды жалғасын табады. Этномәдени орталықтар мен бірлестіктерде Мемлекет басшысының тапсырмасын жан-жақты жетілдіріп, өздерінің елдік, татулық, бауырмалдық болмысын барынша паш етіп келеді. Осы жылдың үш айында «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесі мұрындық болып, 7492 адамның қатысуымен 84 қайырымдылық іс-шарасы өткен. Оған «Ахыска» түрік этномәдени орталығының облыстық филиалы, «Видергебурт» Талдықорған неміс қоғамы, «Сафар» Алматы облыстық тәжік қоғамдық бірлестігі, «Вайнах» облыстық шешен-ингуш мәдени орталығы, «Алматы облысының корей этномәдени бірлестігі» ҚБ, «Элефтерия» Алматы облыстық грек қоғамы» ҚБ, облыстық татар этномәдени орталығы, «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының штабы, облыстық және аудандық аналар және қоғамдық келісім кеңестері, жергілікті аудандық меценаттар мен кәсіпкерлер атсалысқан. Жалпы қайырымдылық шарасы аясында 2512 аз қамтылған отбасыға, 4832 жеке тұлғаға, оның ішінде 504 мүгедек, 1680 жалғызбасты қарт, 336 ҰОС ардагерлері мен соған теңестірілгендерге, тыл ардагерлеріне 23 млн 446000 теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетілген.

Осы тұста «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесі жанынан құрылған еріктілер орталығын да айрықша атай кеткен жөн. Онда 180 ерікті жұмыс істейді. Олар биылғы үш айда 4 іс-шара өткізіп, 80 аз қамтылған отбасыға және 46 жеке тұлғаға, оның ішінде 40 жалғызбасты қарт пен 6 Ұлы Отан соғысының ардагеріне 756 000 теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті.



Этномәдени орталықтар аймақта өтетін мәдени, тарихи, танымдық, мерекелік шараларға да белсене қатысады. Облыстық «Элефтерия» гректер қоғамдық ұйымы қазақ ақыны және жазушысы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына және грек тілі күніне арналған бейне челленджін ұйымдастырды. «Элефтерия» грек қоғамы еріктілері Наурыз мейрамына 40 картқа азық-түлік және дәрі-дәрмек жеткізіп берді. Халықаралық әйелдер күніне облыстық өзбек этномәдени бірлестігі 5 наурыз күні «Аяулы, асыл жандар» облыстық форумы, 14 наурыз күні «Алматы облыстық орыс орталығы» ҚБ мен «Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ 6 номинация бойынша online конкурс ұйымдастырып, «Широкий пир», «Соловейка», «Весенняя капель», «Птичий дом», «Силушка богатырская», «Лучшее чучело Масленицы» номинациялары бойынша байқауға қатысушыларды «Халықтық дәстүрлер: қысты шығарып салу» форумы аясында марапаттау рәсімін өткізді. «Қазақ мәдениеті, салт-дәстүрі орталығы» «Нұрлы Наурыз» форумы аясында наурыз көжені әзірлеудің әдіс-тәсілдерін түсіндіріп, дастарханға бата беріп, ұлттық тағамдармен таныстырып, қазақтың салтының бірі – тұсаукесер рәсімін көрсетті. Наурыз мерекесіне орай онлайн құттықтау бейне челлендж әлеуметтік желіде жарияланды.

Биыл – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Осыған байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақала жариялап, мемлекет мүддесіне қатысты қадау-қадау қазыналы ой айтты. Мақаладағы әрбір сөз жүзден аса ұлт пен ұлыс өкілдері уығын шаншыған киелі қара шаңырақ – Ұлы Дала еліне арналды. Тәуелсіздікті қорғап қалу, оны болашақ ұрпаққа аманаттау – бәріміздің асыл парызымыз. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген жастардың санасы сергек, көзқарасы да, өмір салты да өзгеше болуға тиіс. Сондықтан жас дарындармен жұмыс ұқыпты әрі нәтижелі жүргізілгені жөн. «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыруымен аймағымызда бірінші рет өткен «Jer Jannaty Jetisy» атты бизнес-жобалар байқауы соның дәлелі іспетті.

Байқауға облыс бойынша 80-нен астам жоба ұсынылды. Бірақ бизнес идеялары өміршең және нарықтық бәсекеге сай келетін 10 бастаушы кәсіпкер ғана өздеріне лайықты марапатқа ие болды. Олар – Алакөл ауданының Лепсі ауылынан Фазыл Аитов, Ақсу ауданы Сағабүйен ауылынан Арай Ахмет және Жандос Әбубәкіров, Ұйғыр ауданының Шонжы ауылынан Әркенжан Ибраимов, Кеген ауданының Жалаңаш ауылынан Жаңыл Бағыбаева, Алакөл ауданының Қабанбай ауылынан Ерасыл Қыдырбай, Қаратал ауданының Үштөбе қаласынан Мөлдір Сайлау, Айдар Самылтыров, Ескелді ауданының Алдабергенов және Панфилов ауданының Бөрібай би ауылынан Ерболат Тоқтасын. Аталған жеңімпаздар жарты миллион теңгенің иегері атанды. Енді олар бұл қаражатпен бизнес бастап, ел ертеңіне үлес қосар игілікті жұмыспен айналысатын болады.

Жеңімпаздардың бірі Алакөл ауданы Қабанбай ауылының тұрғыны Ерасыл Қыдырбай: «Біз үшін бұл байқауға қатысу тоқтап қалмай, өз бизнесімізді одан әрі дамытуға арналған трамплинге айналды. Бөлінген қаражатқа біздер бизнес жобамыз үшін қажетті жабдықты сатып аламыз. Бұл өз қарым-қабілетімізді дәлелдеудің зор мүмкіндігі, бұл мүмкіндікті ешқашан жіберіп алмау керек. Ауыл жастарына ерекше көңіл бөле бастағанына қуаныштымын, осындай байқаудың жиі өткізілуін қалар едім. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін және барлық жеңімпаздарды құттықтаймын!» – деген лебізі жастарға жасалған қамқорлық пен сол қамқорлықты сезінудің нәтижесі деп түсіндік.

Аймақта 1 облыстық, 3 қалалық, 17 аудандық, 250 ауылдық Аналар кеңесі бар. Жалпы мүшелерінің саны 1456 адамды құрайды. Осы жылдың 1 тоқсанында аналар кеңесі 602 шара ұйымдастырып, 9485 адам қамтылыпты. Бүгінде аймақта «Рухтың күші – әкеде», «Ана – бітімгер», «Әйел әлемі», «Қыз тәрбиесі – адамзат тәрбиесі», «Отбасы мектебі» жобалары жүзеге асырылуда. Сондай-ақ «Берік отбасы – берік мемлекет» жобасы аясында Алакөл аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Ұлжалғас Дүйсебаева жайлы фильм түсірілсе, «Отбасы – береке, бірлік, ынтымақтастықтың бастауы» тақырыбында психолог, теолог Қанат Маратұлының қатысуымен семинар, Кеген ауданында «Отбасы құндылықтарын жастардың бойына сіңіру», Панфилов ауданында «Отбасындағы қыз тәрбиесі» тақырыбында конференция өтті.

Сол қатарда әкенің мінез-құлқы, оның басқалармен қарым-қатынасы, даналығы мен білімі балаға үлгі және адамның адамгершілік қасиеттерінің негізі екенін түсінуді насихаттауға арналған «Рухтың күші – әкеде» жобасы аясында Кербұлақ аудандық Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінде өткен облыстық Аналар кеңесінің форумын айрықша айтуға болады.

Форумды Кербұлақ ауданының әкімі Ғалиаскар Сарыбаев құттықтау сөзімен ашып, әкеге деген құрметтің ерекше маңыздылығын, оның отбасындағы және мемлекеттегі рөлін атап өтіп, көпбалалы әкелерді алғыс хаттарымен марапаттады.

Облыстық ішкі саясат басқармасының этносаралық қатынастар бөлімінің басшысы Сәуле Сұрабалдинова сөз сөйлеп, «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Жандос Байқамитов алғыс хаттарды табыс етті.

Облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Несіпжамал Баймадиева мен Кербұлақ аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Ғалия Ақбасова отбасылық құндылықтардың маңыздылығы, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ана мен әкенің рөлі туралы маңызды ақпарат берді. Сондай-ақ Г.Ақбасова аудандық Аналар кеңесінің жұмысы туралы бейнеролик көрсетті.

Әке – балаға үлгі болып, тәрбие беретін адам. Сондықтан әр баланың, әкесіне үлкен құрметпен және ықыласпен қарау міндеті туралы және барлық әкелерге арналған қысқа метражды фильм көрсетілді.

Алматы облысында жалпы 68 медиация кабинеті жұмыс істейді. Биылғы 3 айда медиаторлармен 96 даулы мәселе реттелген. Соның ішінде 13-і кәсіби, 83-і қоғамдық медиаторлардың көмегімен шешілген. Кәсіби медиаторлар заңда тыйым салынбаған барлық іс, даулар бойынша медиация рәсімдерін жүргізеді. Қоғамдық медиаторлардың реттеп отырған дауларының басым бөлігі отбасылық, көрші, жол-көлік оқиғалары және тұрмыстық дау-шарларға қатысты болған. Сонымен қатар өңірде 312 қоғамдық келісім кеңесі жұмыс жүргізуде. Мүшелер саны – 1108 адам. Олар этномәдени орталық және кәсіподақ өкілі, ардагерлер, аналар, жастар, ауылдық округ әкімдері мен полицияның учаскелік инспекторларынан құралған. Биыл Қоғамдық келісім кеңестері облыс бойынша 960 адам қамтылған әртүрлі деңгейдегі 45 іс-шара өткізді, кәсіпкерлікті дамыту, аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсету сияқты 182 өзекті мәселе қаралыпты.

Иә, өскелең ұрпақ Тәуелсіздіктің қадірін білу үшін ең алдымен не істеуі керек? Ол, әрине, бабалар күресіп, армандап өткен тәуелсіздіктің тамырына үңілуі қажет. Тарихи санасы қалыптасқан, ойы еркін, білімі терең қазыналы азамат болуы тиіс. Ол үшін жаңаша сана, жаңаша көзқарас, жаңа бағдар ұстанған жастардың қатары көбейгені жөн. Облыстық «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесі осы тұрғыдан да жаңа жобаларды атқара қолға алғаны қуантады. Соның бірі – «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастырған логотиптер байқауы.

Додаға түскендердің арасынан топ жарып шыққан талдықорғандық дизайнер Шалқар Сембековтің эскизі үздік болып танылды. Байқаудың қалай өткені жайлы «Қоғамдық келісім» КММ директоры Сандуғаш Дүйсенова: «Дауыс беру ұйымның сайтында ашық форматта өтті. Конкурсқа облыстың барлық өңірлерінен 15-ке жуық эскиздер келіп түсті, бірақ ең үздік болып «Q Print» жарнама агенттігі дизайнерінің логотипі танылды», – деді. Автордың айтуынша, бұл оның логотиптер байқауына қатысудағы алғашқы қадамы.

Шалқар Сембеков: «Мен шамамен 10 жыл бойы дизайнер болып жұмыс істедім, бірақ байқау үшін алғаш рет эскиз әзірледім. «Қоғамдық келісім» туралы барлық ақпаратты зерттедім, сондықтан эскиз идеясы бірден келді. Жұмыстан кейін логотип дизайнының екі нұсқасын ойладым, біреуі ресми және стандартты, екіншісі заманауи және жарқын. Байқауда екінші нұсқа көбірек дауыс жинады», – деді.

Логотипте шаңырақ, қол ұстасып жүрген адамдар және стильдендірілген «К» әрпінің абстрактілі бейнелері қолданылған. Шаңырақ – ошақтың, отбасының, ортақ үйдің және Отанның символын айқындайды. Қызыл, сары, жасыл және көк түс этникалық топты білдіреді. Аталмыш белгілерді ұтымды пайдаланған дизайнер ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Жуырда өткен Қазақстан Халқы ассамблеясының кезекті сессиясы еліміздегі ұлттар достығын одан әрі нығайта түсті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жиында: «Ең бастысы – жеткен жетістіктерімізді көздің қарашығындай қорғай білуіміз керек. Баршамыз бүкіл қоғамның мүддесі жолында жұмыла білсек қана еліміздегі тұрақтылық пен бірлікті сақтап қаламыз. Біз Қазақстан қоғамының сыртқы күштердің әсерінен шайқалуына жол бермеуіміз керек», – деп айрықша тапсырды. Демек, ел ішіндегі тұрақтылықты бекемдеу мен ұлттар арасындағы береке-бірлікті сақтауда «Қоғамдық келісімнің» алар орны ерекше. Біздің аймақта бұл жұмыс сәтті жолға қойылған. Сәтті атқарыла береді деген сенімдеміз!

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бірлік

Бүгінде Жетісу өңірінде 105 ұлт пен этнос өкілі бейбіт қатар өмір сүруде. Өңіріміздің өркендеуі мен дамуы, экономикалық әлеуетінің артуы, қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қосар үлесі артып келеді. Олар өмірдің барлық саласында еңбек етіп, өздерінің ақыл-парасаты, адал еңбегі арқылы жеткен табыстарымен аймақтың алға басуына, елдің әл-ауқатының өсуіне бір кісідей еңбектенуде. Бірі мемлекеттік қызметте құлшына еңбек етсе, енді бірі білім, денсаулық, спорт, құқық қорғау, кәсіпкерлік, бизнес, тағы да басқа салада салмақты жолын қалыптастырып үлгерді. Әсіресе, Тәуелсіздіктің 30 жылында жеткен жетістігіміз көп. Сол ұлы жолдағы игілікті істердің басында этностар арасындағы татулық пен келісімнің атқарған рөлі зор. Осыған орай, аймағымыздағы бірқатар этнос өкілдерімен сұхбаттасып, ой-пікірін білген едік.



БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – ЫНТЫМАҚ

– Қазақстан Тәуелсіздігіне биыл 30 жыл толды. Жыл өткен сайын еліміздің дамуы қарқынды бет алуда. Жалпы, Қазақстанның болашағын қалай елестетесіздер?

Оксана РАКИТЯНСКАЯ,
Сарқан аудандық мәслихат депутаты:

– Қазақстан сияқты үлкен отбасында 130-дан астам этнос өкілі береке-бірлікте тіршілік етеді. Сол қатарда орыс, өзбек, украин, неміс, кәріс, ұйғыр, қырғыз, еврей, армян, грузин және басқалары өз ұлтының тілі мен ділін, мәдениеті мен өнерін өркендетуге мол мүмкіндік алғаны анық. Бәріміз ел аумағында тату-тәтті, ынтымақтасып өмір сүріп жатырмыз. Қазақстан осы елде өмір сүріп, еңбек еткісі келетіндердің ешқайсысын шет қақпайды. Қайта бауырына тартып, барын береді. Оны өткен тарихымызды саралап отырып-ақ толық білуге болады.

Әлемде осындай ортақ шаңырақ астында этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін елдер көп емес. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан бейбіт өмір сүру, достық, түсіністік және келісім салтанатына бірге қадам басудың үлгісін көрсетті. Мен орыс ұлтының өкілімін. Бүкіл саналы өмірімді Қазақстанда, атап айтқанда, Сарқан қаласында өткіздім. Менің бүкіл отбасым, ата-анам, балаларым жанымда тұрады. Өз елімді, туған өлкемді өте жақсы көремін. Қазақ халқына жылы қарым-қатынасы үшін алғысымды білдіремін. Соның арқасында елімізде түрлі халықтардың, мәдениеттер мен рухани дәстүрлердің бейбіт және үйлесімді өмір сүруінің бірегей үлгісі жасалғанына қуанамын. Ол менің өз жұмысымда нәтижеге жетуге жебеп келеді.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақстанда жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың басты бағыты, ең алдымен, ел азаматтарының сұраныстары мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Көптеген мемлекеттік бағдарламалар халықты әлеуметтік қолдауға бағытталған. 30 жыл бойы қазақстандықтар тарихи дамуда таң қаларлық серпіліс жасап, қуатты, серпінді, заманауи мемлекет құру жолында бірлесе еңбек етіп келді. Мұның бәрі бірліктің, ынтымақтың және рух-жігердің арқасында жүзеге асты.

Бүгінде біздің мемлекетімізде жаһандану мен әлемдік кеңістікке кірігудің белсенді процестері жүріп жатыр. Пандемия қазіргі қоғамның көптеген проблемасын шиеленістірді. Десе де, еліміздегі тұрақты дамудың даңғыл жолы, әсіресе, аға буынға деген құрмет, мұқтаж жандар мен жағдайы төмен адамдарға жанашырлық, қоғамдық мүдделердің жеке мүдделерден басымдығы, патриотизм және Қазақстан тағдыры үшін азаматтық жауапкершілік қазақстандықтардың басты бағыты бола білді.

Осындай ізгі құндылықтар ортақ шаңырақ астындағы жұмыстарымды үйлесімді жүйелеп, алға ілгерілеуге серпін берді. Осы бірліктен айрылмасақ, әлемдегі достық пен келісімі тең түскен келісті ел бола береміз.

– Қазақстан Халқы ассамблеясында этнос өкілдерінің құндылықтарын құрметтеуге барынша басымдық берген. Осы жайлы не айтасыз?

Руфина УСАНОВА,
Алматы облыстық «Туған тіл» татар этномәдени орталығының және өңірлік «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысы штабының төрайымы:

– Қилы кезеңдерде тарихи үдерістер салдарынан қазақ жеріне сан алуан ұлт өкілдерінің қоныстануы біздің тағдырымызды сол этностармен ортақтастырды. Соған сай ұлтаралық және дінаралық әралуандығымыз қалыптасты.

Басып-жаншып, отарлау саясатынан туындаған сын-тегеуріндерді еңсере отырып, сан ұлт өкілдерінің панасына айналған мемлекет құраушы қазақ ұлтының мәмілегер мінезінің арқасында біз бүгінде біртұтас Қазақстан халқына айналып отырмыз. Айталық, аймағымыздағы өзге ұлттар мен ұлыстар тұрғысынан алғанда, көбірек қоныстанған татарлардың Жетісу жеріне келуінің тарихы ұзақ. Олар кезіндегі Ақ патшаның қысымы, әскерге алып, соғысқа салуы, дінге қысымы салдарынан қашып, осы өлкеге тұрақтап қалған. Сонымен қатар біздің меценат, қазақ даласына алғашқы білім шырағын жаққан байлар Қазаннан, Уфадан, Орынбордан, тағы да басқа жерлердегі оқыған, көзі ашық, діни сауатты татар азаматтарын шақырып, осы өлкеде мектеп ашып, мешіт салып, бала тәрбиелеу ісі мен баспа ісін дамытуды да жолға қойды. Олар да кейін тұрақтап қалды. Мысалы, өткен ғасырдың алғашқы жартысында Жетісу жерінде ашылған алғашқы білім ордасы Мамания мектебіндегі оқытушылардың басым бөлігі татар ұлтының өкілдері екендігі белгілі. Сондықтан Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында қоғамдық келісімді сақтай отырып, ілгерілеу, озық елдердің алдыңғы қатарына ену – басты мұратымыз.

Қазақстан Халқы ассамблеясының ұлттар арасындағы ынтымақ пен татулықты сақтаудағы табысын көргеннен кейін біраз елдер бізден үлгі алып, Ассамблея жұмысын кейіннен қолға ала бастады. Расында, біз этнос өкілдері үшін көп дүние жасадық. Десе де, оларда бұл қолдауды жанымен сезініп, еліміздегі барлық мәдени шаралармен қатар қиын күндер болғанда көмегін де аяп қалған жоқ.

Бүгінде Ассамблея этносаралық келісімді, қоғамдағы толеранттылықты және халық бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар ҚХА мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек береді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеті, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын жеделдетеді.

– Алғыс айту күнін өз тарапыңнан қалай бағалайсың?

Александр СОН,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қазақ тілі мен әдебиет мамандығының 4-курс студенті:

– Қазақстан Халқы ассамблеясында этнос өкілдерінің құндылықтарын құрметтеуге барынша басымдық берілген. Мен де соның игілігін көріп келемін. «Көркем ой» облыстық байқауы және «Мен қазақша сөйлеймін» атты республикалық байқаудың 2 мәрте жеңімпазы атандым. Осындай жетістікке жетуіме еліміздегі этнос өкілдеріне бағытталған түрлі саяси шешімдер жол ашты деп білемін. Сондықтан барлық қазақ халқына және өзіме жігер берген, бағымды ашқан барлық адамдарға алғысымыз шексіз.

Осы ретте мен елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Алғыс айту күнінің маңыздылығы туралы ойымды білдіре кеткім келеді. Алғыс айту күні – халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиеттерін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси қуғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым қуған сайын далаға жеткен көптеген халықтардың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде Алматы облысында тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 100-ден астам этнос өкілдерінің кең-байтақ еліміздегі бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуі жақсы сөзбен дәріптеледі.

Алғыс айту күнін атап өтудің мақсаты айқын. Елбасының достық, татулық, толеранттылық, сыйластық, төзімділік қағидаларының негізінде Алғыс айту мерекесін жас ұрпаққа түсіндіре білуіміз керек. Қазақ халқының этнографиясын, тарихын, мәдениетін, шаруашылығы мен дәстүр-салтын, ел бірлігін насихаттаудың кілті, меніңше, мемлекеттік тілді білуде жатыр. Біз кейінгі ұрпаққа осы құндылықтарды ұғындырғанымыз абзал. Өзін тұрып жатқан еліннің әдетін, ұрпын, салтын, тілін біліп, жан дүниесін ұғу – әрбір қазақстандықтың борышы.

– Қазақстан бүгінде әлем елдерінің арасында береке мен бірліктің, ынтымақ пен бейбітшіліктің елі ретінде бағаланып жүр. Осының түпкілікті себебі не де? Келешек жас маман ретінде қалай ойлайсыз?

Дилназ ЯРМУХАМЕТОВА,
Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің 3-курс студенті:

– Қашанда берекелі елден бақ кетпейді. Өз өмірімде сен ана ұлтсың, мен мынадай адаммын деген сияқты бірін-бірі бөліп, алалап қарауды көрген де, кездестірген де жоқпын. Қуаныштысы, елімізде әр ұлттың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтауға, оны дамытуға, өзара береке-бірлікте өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Қай саланы алсақ та, осылай. Бизнес саласында тіпті де ынтымақтаса жұмыс істеу дәстүрі қалыптасқан. Ал өңірімізде этностардың мәдениеті мен өнерін, өркениетін өрлету үшін облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының атқарып жатқан жұмысы ерен. Кейде олардың да шараларына қатысып, өзімнің үлесімді қосып тұрамын. «Береке кеткен жерде бақ тұрмайды» дегендей, осы берекеміз кетпесе, алар асуымыз көп болады. Өмір тым қысқа, алайда осы қысқа өмірде соңымыздан ерген жастарға үлгі болатын, олардың көңілдері жарасып өмір сүруіне мүмкіндік беретін, бар ынта-ықыласымен елдің келешегін кемелдендіретін өнеге қалыптастырып кетсек, соның өзі үлкен табыс. Мен осыны жиі ойлаймын. Әрі сондай болатынына да сенімдімін.

Татулық

ОРТАҚ МАҚСАТ БІРІКТІРГЕН

1995 жылдың наурызында дүниежүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылды. Бұл – ешбір мемлекетте болмаған саяси салмағы басым құрылым. Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды тұтқа болып табылатын Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшелігіне қарамастан, барлық азаматтың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты. Тіпті бұл институт этносаралық мәселелерді шешудің әлемдік тәжірибесіне де еніп кетті.

Иә, бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне шексіз қамқорлық көрсетілуде. Осының бәрі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынасты реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасы. Бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың да ұстанғаны осы саясат – ешкім ешкімді кемсітіп, жолына кесе-көлденең тұрып жатқан жоқ. Қалағанымызға қол жеткізіп жатырмыз.

Түрлі ұлт өкілдерін таныстырған, табыстырған – Қапшағай! Алматы облысының іргелі, өнімі молайып, кәсібі өрге домалап келе жатқан шуақты қала қаншама жастың қуанышы мен махаббатына куә. Осындай ауызбірлігі жарасым тапқан, шаңырағының берекесі кірген бақытты жандардың бірі – Маргарита Нам мен Максим Ортымбаев.

Бүгінде айрандай ұйып отырған отбасының екеуі де аралас ұлттың перзенттері. Екі баланың анасы Маргаританың әкесі кәріс, шешесі орыс, ал отағасының анасы украин, әкесі қазақ. Ең қызығы, олардың ата-аналары да, өздері де Қапшағайда танысып, үйлі-баранды болып, тату-тәтті өмір кешуде.

Қазіргі уақытта ата-енесі Теміртау қаласында тұрып жатқанымен, айдынды Қапшағайға жиі келіп жүреді екен. Бұл жер қай-қайсысына да ұнайтын, жағымды орынның бірі. Шағын өңірдің жылдан-



жылға әр саласы қанатын кеңге жайып дамып отырғандықтан, мұнда өмір сүру де ыңғайлы, жайлы екенін жасырмады үшіншісін күтіп жүрген ана.

Осындай көп ұлтты бір шаңырақ астына жинаған отбасы ислам және христиан діндерін, кәріс мәдениеті мен салт-дәстүрін ұстанады. Маргаританың сөзіне қарағанда, жолдасы екеуі бірнеше мәдениетті және дінді бойларына сіңіріп өскен. Еліміздің ортақ мейрамдарын, оның ішінде, наурыз, жаңа жыл, басқа да дәстүрлі мерекелерді үлкен дайындықпен қарсы алады. Мұнда барлық әдеп-ғұрыпқа сай сан алуан тағамдар дайындалып, ақ дастархан жайылады. Дәл осы дастархан басында баршасы жиналып, үлкендер батасын беріп, әр мерекені қызықты өткізетіндерін айтады.

Әдетте Қазақстан халқының бірлігі күні еліміздің «Достық» деген киелі бесігінде тербелген барлық этностың ұлттық мәдени орталықтары ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көрініс көрсетіп, арқа-жарқа болып, тойлатып жатушы едік. Түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылатын. Былтырдан бері елімізді ғана емес, әлемді «бір тарының қауызына сыйғызып», әлекке салып қойған мына пандемияның кесірінен кең көлемде той тойлай алмайтынымыз анық. Бірақ ең алдымен халықтың амандығы, денсаулығы маңызды. Бас аман, бауыр бүтін болса, әлі талай той тойлап үлгереміз. Сондықтан бәріміз бірігіп, ниет қосып, карантин талаптарына бей-жай қарамай, сақтық шараларын қатаң сақтайық. Бірлігі бекем елге еш жамандық жуымайды.

Бүгінде жарасымды жұптың қала орталығында «Кидди бутик» атты балалар дүкені бар. Осы отбасылық кәсіпті болашақта қызы Софья мен ұлы Эмирхан ары қарай дөңгелетіп әкететіндеріне сенімді. Ынтымағы келіскен шаңырақ иелері туған жері – Қапшағайдың өркендеуіне атсалысып, қала әлеуетінің дамуына барынша өз үлес қосып келеді.

Бір үлкен кісі келінін сынамақшы болып, жанына шақырып алып: «Келін, бізден береке кетіп барады, не істейміз?» деп сұрапты. Сонда ақылды келіні: «Ата, оны уайым қылмаңыз, береке кетсе де, ынтымақ-бірлігіміз кетпесін» деген екен. Сол айтпақшы, осынау ұлан-ғайыр елді мекен еткен халықтың ынтымағы кетпесін, бірлігінен ажырамасын.

Бетті дайындаған
Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бірлік

ҚАЗАҚТЫҢ КЕЛІНІ, ХАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ

Біраз жыл бұрын осы бір қаршадай қызды Талдықорған қаласында өтетін іс-шаралардан жиі кездестіретінмін. Түрлі байқауда топ жарып, салиқалы жиналыстарда жеке пікірін жасырмай айтып, жастыққа тән жалынды ісімен көптің алқауына бөленіп жүретін. Әрине, оның түр-тұрпатына қарап, өзге ұлт өкілінің қызы екенін бірден байқайсың. Бірақ қазақ тілінде сондай тұнық әрі таза сөйлейтіні, қазақы дәстүрге жетіктігі, айналасындағы жастарға көшбасшы болып жүргенін жоғары бағалаушы едік. Оның болашақта ел үшін үлкен жұмыстар атқаратынын сол кездің өзінде іштей сезінетінбіз. Міне, жылыстап біраз жыл өтті. Университетті жақсы нәтижемен бітірген сол қыз қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Бүгінде «Jetisy media» ақпараттық орталығының білдей бір қызметкері, жай қызмет емес, орталық басшысының орынбасары. Күн сайын түрлі шараға ұйтқы болып, Жетісу жерінің түлеуі, өркендеп-өсуі үшін тынымсыз еңбек ететін орталықтың жұмысын үйлестіріп отырған мықты маман. Әрине, «Ол кім еді?» дейтін шығарсыз. Ол – «Jetisy media» ақпараттық орталығы басшысының орынбасары Галина Митковских.

Галина – интернационалдық отбасының бір мүшесі, оның үстіне қазақтың нар қасқа жігітімен отау құрған келін, бірнеше ұлттың салт-дәстүрінен хабары бар ақылды қыз. Оның әр қырынан өзгеге үлгі, жастарға өнеге болар талай қасиетті тауып алуға болады. Галина туралы Jas qazaq газетінің бетінде жіпке тізгендей баяндап беру үшін оны әңгімеге тартып едік.

Jas qazaq: Галина, әңгіменіздің әлқиссасын отбасың жайлы бастасақ?

Г.Митковских: Мен 1994 жылы Қаратал ауданының Үштөбе қаласында дүниеге келдім. Әкем Владимир Митковских – орыс ұлтының өкілі, шешем Дина – қазақтың қызы. Әкем техниканың құлағында ойнайтын шебер адам болыпты. Еліміздің Тәуелсіздік алғанына аса көп болмаған кез. Ішкі-сыртқы көші-қон тынбай жүріп жатқан. Әсіресе, техниканың тілін білетін мамандарға сұраныстың артып тұрған шағы. Ауылдағы түрлі техниканы жөндеу тек әкемнің үлесіндегі шаруа екен. Ол кісінің шеберлігі мен адамгершілігіне тәнті алыс-жақында достары да көп болыпты. Сондай күндердің бірінде, яғни менің екі айлық кезімде әкем достарының шақыруымен Ресейдің Новосібір облысына көшеді. Жалпы осы облыс – Ресей логистикасының күретамыры. Оның үстіне, сол елдегі көлік құрастыратын ірі өндірістер де сол аймаққа шоғырланғаны белгілі. Әкем көлік жөндеу ісіне жан-тәнімен берілгендіктен, жеке қызығушылығы да сол аймаққа көшуге түрткі болса керек. Менің балалық шағым Ресейдің шығысындағы сол ырысты өлкеде өтті. Ойлаған мақсатыма қол жеткенше тыным көрмейтін қатал мінезім жазы қысқа, қысы қаталдау сол өңірдің табиғатында шыңдалғаннан кейін бе деп ойлаймын. Бірақ ол өңірдің адамдарында қаталдықтан гөрі мейірімділік басым келеді. Ол жерде әкемнің жұмысы жақсы жүріп, тұрмысымыз да жаман болған жоқ. Алайда 1999 жылы нағашы ағам қайтыс болды да нағашы апам Мыңтай Оразоваға жәрдемдесу керек болды. Сонымен жақсы жұмыс, жайлы тұрмысты тастап, Қазақстанға қайта көшіп келдік. Сонымен Ақсу ауданының Ақсу ауылына қоныстанып, жаңа тіршілігімізді бастап кеттік. «Арынды менің Ақсуым» дейтін Ілияс ақынның жырына арқау болған Ақсу өзенінің бойын жағалай орналасқан Ақсу ауылы да берекесі мен пейілі кең өлке ғой. Бізді өзіне тез баурап, сіңістіріп әкетті. Оның үстіне, қазақ халқында «Нағашы жұртың – сыншыл» деген нақыл сөз бар. Сыншыл ортада сындарлы болып өскенімізді мойындаймын. Шешем Дина 1967 жылы туылған, өмір бойы балаларын оқытып, тоқытып, үй шаруасында болды.

Бір үйде төрт қыз, бір ұл ержеттік. Үлкен әпкем Жанна маркетолог-экономист, Алматы облыстық «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде жұмыс істейді. Екінші әпкем Диана Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеттің түлегі, техникалық қауіпсіздік саласының маманы, ал Татьяна суретші, мен қыздың кенжесімін. Бауырымыз Сергей бүгінде студент, ол әке жолын қуып, техникалық мамандықты таңдады. Бір жағынан, біздің отбасыны интернационалдық отбасы деуге де келеді. Әкем – орыс, шешем – қазақ, үлкен әпкем Жанна ұлты авар Гәджи деген жігітке тұрмысқа шықты. Диана Рустам Варисов атты ұйғыр жездемізбен шаңырақ көтерді. Қазір балалы-шағалы отбасыға айналды. Өзім қазақтың нар қасқа жігітімен отау құрдым. Оған кейінірек тоқталайық. Үйдегі бәріміз отбасымызбен жиналғанда, бірнеше ұлттың құндылығы бір жерге тоқайласып, береке мен ынтымақтың үлкен өнегесін қалыптастырады.

Jas qazaq: Әрине, әр ұлттың берекесі бір жерден табылғанның өзі де бақыт қой. Өзің жайлы әңгімені әрмен қарай өрбітсек?

Г.Митковских: Әңгімемнің басында айттым, менің мінезімде екі түрлі қасиет бар. Бірі – балғын кезімде Новосібірде қалыптастырған, ойлаған мақсатымды орындағанша тыным таппайтын қағылездік, енді бірі – аумағынан өлең өріп тұратын, кеңпейілділігі шалқып, мейірімі тасып тұратын арынды Ақсудан сіңген қазақы мінез. Қазақ халқында «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» деген сөз бар ғой. Бала шақта бойыма сіңген сол қасиеттер әлі күнге мені алға ұмтылдырып келеді. Одан жаман болған жоқпын. Қайта сол қасиеттер мені қастерлі жетістіктерге жетелеп келе жатыр деп айта аламын. Алғашқы мектеп табалдырығын Ақсу ауылындағы Мамания мектебінде аттадым. Бір айта кетерім, Ақсу ауылының іргесінде Жетісу өңіріндегі жаңаша білім берудің алғашқы қарлығашы болған Мамания мектебі болған. Бүгінде сол мектептің тағаны ғана қалғанымен, ауылдастарымыздан сол білім шаңырағы туралы неше түрлі жақсы пікірді бала күннен естіп өстік. Мен оқыған ауыл мектебіне де кейінгі жылдары Мамания деген ат берілді. Ұстаздарымыз да кезіндегі Мамания мектебі туралы жиі айтып, ауылымыздың ырысты да өркениетті екенін ескертетін. Сондықтан бала кезде «өскенде білімді адам болуым керек» деп өзімді жігерлендіретінмін. Бірақ 9-сыныпқа дейін орыс сыныбында оқыдым. Алайда ауыл қазақы ауыл, оның үстіне қазақтың әйгілі жыр құлагері атанған Ілияс туған, өскен жер. Оның да мысы басып тұрады. Көршілеріміздің бәрі, нағашым қазақ болғандықтан, қазақша ауыз екі тілден хабардар болып өстім. 9-сыныпты бітіргеннен кейін орыс сыныбына оқушы толмағандықтан, 10, 11-сыныпты қазақ сыныпқа ауысып оқуға тура келді. Бастапқыда тілден қатты қиындық көрдім. Өйткені ауыз екі тілді жақсы білгеніңмен, қазақша ғылыми терминдерді тереңдей түсіну оңай болмады. Бірақ талпынып жүріп, бәрін үйрендік қой. Десе де, мектепте, аудан көлемінде, республикада өтетін мәдени, әдеби, ғылыми шаралардан қалмайтынмын. Біраз жетістіктерім болды.

2011 жылы орта мектепті бітіріп, физиканы таңдау пәні етіп алған едім. Нәтижесінде Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің машина жасау саласының ақылы бөліміне түстім. Алайда өзім гуманитарлық ғылымдарға бейім болғандықтан, бұл мамандықты бірден алып кету қиын болды. Сосын әкемнің ақылымен оқудан шегініп, ауылға келіп, бір жылдай үйде дайындалдым. Келесі жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне құжаттарымды өткізіп, журналистика мамандығына оқуға түстім. Осы университеттегі өмірім менің қоғамдық жұмыстарға белсене араласу, журналист ретінде қалыптасуға түрткі болды. Университетте «Ілияс оқуларына» жиі қатысатынмын. Байқауларда орыс қызының қазақша саңқылдап айтып тұрғанын көрген әділқазылардың маған бүйрегі бұратын. Университетте тілге бейімдеп, қатпары қалың қазақ тілін терең меңгеруге жетелеген ұстазым Меңсұлу Сәлімгереева болды. Менің қазақ тілін жетік меңгеруіме сол кісінің көп көмегі тиді. Облыстық, республикалық байқауларға қатыстырып, үнемі жебеп отыратын. Сол кісінің тәрбиесінің арқасында облыстық байқауларда бас жүлдені бермейтінмін, республикалық «Ілияс оқуларында» ІІІ орын иегері болдым. Мен үшін бұл – үлкен жетістік. Оның сыртында Алматы облыстық тіл басқармасы тарапынан өтетін байқаулардың сан мәрте жүлдегерімін. Студент кезімнен облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелігіне қабылданып, Атсалим Идигов ағамыз басқаратын жастардың «Парасат» клубына алғашқы тәжірибеден өттім. Қазақстан Халқы ассамблеясының XIII сессиясына Алматы облысының делегаты ретінде қатысып, өз пікірімді білдіріп қайтқан едім.



Жалпы оқушылық, студенттік шақтардағы жетістіктеріме екі түрлі нәрсе әсер етті. Бірінші, өз бойымдағы жаңалыққа құштар, жақсылыққа бейім ізденгіштік рух. Екіншісі, өз ана тіліммен бірге қазақ тілін терең меңгерген ұғымталдығым. Қазақ тіліне деген махаббатым. Оған Ілияс жырларына деген сүйіспеншілік те әсер еткен шығар. Өйткені мен Ілияс Жансүгіровтің ауылынанмын ғой.

Jas qazaq: Сонда көп жетістікке жетуіңе қазақ тілін жетік білетінің сеп болды ма?

Г.Митковских: Менің тағдырымда мемлекеттік тіл үлкен рөл атқарды, сол үшін анама өте ризамын. Ол маған оқу мен өмірде пайдалы болатын білім берді. Мектеп және студенттік жылдары мен қазақ тілінде өтетін түрлі әдеби байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Лев Толстой «Адамның адамгершілігі оның сөзге деген көзқарасынан көрінеді» дейді. Мен ең алдымен орыс ұлтының өкілімін. Ана тілімнен бас тарту мен үшін ұят болар еді. Ақын Қадыр Мырза-Әлі «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» дегендей, әрбір адам бірінші кезекте өз ана тілі мен туған халқының мәдениетін білуі керек. Әрине, мемлекеттік тіл, Ту, Елтаңба, Әнұран – мемлекеттің символы. Ол елдің барлық азаматтарын біріктіреді. Мен қазақ тілін білгенімді мақтан етемін.

Jas qazaq: Жұмыс бабы қалай болды?

Г.Митковских: Жоғарыда айтқандай, қоғамдық жұмыстарға университеттегі кезімде араластым. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясына мүше болып, «Парасат» клубының жұмысына араласқаннан бастап, қоғамдық жұмыстардың қыры мен сырына қанығa түстім. 2014 жылы қорғаушым болып жүрген әкемнен айырылып қалдым да, бір жағынан оқып, қосымша жұмыс іздей бастадым. Өйткені оқудағы үлгерім жақсы әрі қоғамдық шараларға жиі қатысып, бой үйреніп қалған. Оның үстіне, бір нәрсе істесем, нәтижеге жетсем деген жастық жалын да тыныштық бермейді. Сөйтіп бұлқынып жүрген бір күні: «Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының жанынан өңірлік коммуникация орталығы ашылыпты, журналист керек екен» деген хабарды естідім де басқарма басшысы Рүстем Алпысбаевтың алдынан бір-ақ шықтым. Бірақ басқарма басшысы: «Сіздің мінезіңіз ауыр, бұл жұмысқа жарай қояр ма екенсіз?» деді де: «Жарайды, алдымен істеп көріңіз, ары қарай көрейік» деген ағалық қамқорлығын танытты. Сол күні маған Кербұлақ аудандық әкімімен өтетін брифингке атсалысуым тапсырылды. Кербұлақ ауданы әкімдігінде өткен жиынды Жанна Арынбекова жүргізіп, мен өту барысынан материал дайындап, өзімнің біліктілігімді бірінші рет дәлелдегендей болдым. Сонымен Алматы облыстық өңірлік коммуникация қызметіне алғаш жұмыс тәжірибесіне орналасқан алғашқы студент атандым. Басында төрт адам істеген мекеменің жұмысы жыл өткен сайын ауқымдала түсті. 2016 жылы университетті бітірген соң, бірден Алматы облыстық коммуникация қызметіне жұмысқа қабылдандым. Қатарымызға жаңадан жастар қосылды. Өткен жылдан бері «Jetisu media» ақпараттық орталығы болып қайта құрылдық. Мен осы орталық басшысының орынбасарымын. Қарамағымда екі бөлім жұмыс істейді. Бәрі де 2-3 жыл көлемінде университет бітірген жас мамандар. Басшымыз Жанна Арынбекова басшылық қабілеті, іскерлігімен озық тұрғаны болмаса, өз құрбымыз іспетті. Кілең жастар аймағымыздың келешек өркендеуі үшін шамамыз жеткенше еңбектеніп жатырмыз.

Jas qazaq: Орталықта қанша қызметкер бар?

Г.Митковских: Отызға тарта.

Jas qazaq: Ортамызда жүрген Галинаны сыртқа жібермейік деп қазақтың жігіті қағып кеткен болды ғой. Еркеғали екеуіңнің шаңырағың биік, отбасың берекелі болсын. Қалай таныстыңдар?

Г.Митковских: Сөйткен-ау, тегі (*күлді*). Әзіл ғой, Еркеғали Иманғали екеуміздің таныстығымызға кәсіби жақтағы ортақ көзқарасымыз себеп болды. Мен негізінде журналиспін, Еркеғали – дизайнер. І.Жансүгіров атындағы университеттің дизайнер мамандығының түлегі. Жұмысқа менен кейін келсе де, тапсырмаларды орындау барысында жиі кездесеміз, жиі болмаса да іссапарларға бірге шығамыз, мәселені ортақ талқылаймыз. Осындай жұмыстағы тығыз байланыс бара-бара махаббатқа ұласты. Міне, үйлендік. Алғашқы ұрпағымызды күтіп жүрген жайымыз бар.



Jas qazaq: Қайын жұртыңның қазақ отбасы болғаны қиындық тудырмады ма?

Г.Митковских: Жоқ. Менің нағашы жұртым қазақ қой. Қазақ халқында «Жігіттің жақсы болмағы – нағашыдан», «Нағашы жұрт – сыншыл» деген жақсы сөздер бар ғой. Сондай-ақ қазақы ортада өстім, қазақ классиктерінің шығармаларын оқып, жаттап, бойыма сіңіріп өстім. Сондықтан жаным қазақ ұлтының құндылықтарына суарылып тұр деп айта аламын. Атам – Мейрам, анам – Райхан, қайынағамыз Сұңғат, қайын сіңілім Мерей де тәрбиелі отбасының адамдары.

Jas qazaq: Үйлену тойларың қай ұлттың жол-жоралғысы бойынша болды?

Г.Митковских: Әкеміз біздің үйлену тойымызды көрмеді. Анам әпкелерімді де, мені де өз қолымен ұзатып, құтты ұясына қондырды. Сондықтан бәріміздің тойымыз қазақтың салт-дәстүрі бойынша өтті. Еркеғали екеуміз осы жылдың басында үйлендік. Пандемияға байланысты дүркіретіп той жасай алмадық. Бірақ Еркеғалидың отбасы да қазақы салт-дәстүрді берік ұстанған, иманжүзді адамдар.



Сырға тағу, ұрын келу, құдалық, бәрі болды. Үлкендердің ақ батасын алып, неке қию, беташар жасау, сәлем салу, тағы да басқа салттар толығымен орындалды. Соның арқасы шығар, берекелі отбасының уығын дұрыстап қадап келеміз.

Jas qazaq: Қазақ халқында: «Келіні жақсының керегесі кең» дейді. Отбасында келінге тән барлық міндеттерді өтейсің бе? Жоқ, заманауи келін болуды қалайсың ба?

Г.Митковских: Тек қазақ халқында емес, әлемдегі барлық ұлттың отбасылық, некелік тежем-тыйымдары болады. Оның бәрі тегіннен шықпаған дүние. Сондықтан қай ұлттың өкілі болсаң да, келін болып түскен отбасының ұлттық дәстүріне құрмет ету керек. Рас, біз – заманауи жастармыз. Айналамыздағылардың бәрі де дүниеге, өмірге бүгінгі күннің көзімен қарап, сол бойынша өмір сүргісі келеді. Алайда отбасы институты деген ол бөлек дүние. Берекелі отбасын құрып, ұлағатты ұрпақ өсіріп, ертең солардың қызығын қызықтаймын деген әрбір келін ең әуелі сол отбасының дәстүріне құрмет ету керек. Мен осылай есептеймін. Әдетте, атамыздың үйіне барғанда немесе Еркеғалидың аға-апаларының үйіне барғанда басыма орамал тартып, сәлем салып, қазақ отбасындағы келінге тән барлық шарттарды білгенімше атқаруға тырысамын. Енді бір жағынан мемлекеттік қызметте жүргеннен кейін түрлі шараларға қатысасың. Ол кезде сол ортаға сай киініп, айналамдағыларға сол ортаға сай көзқарас ұстанамын.

Jas qazaq: Сонда жұмыста сен басшы, Еркеғали қызметкер. Оған да екі түрлі көзқарас ұстанасың ба?

Г.Митковских: Жоқ. Қазақ халқында «Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық» деген нақыл сөз бар. Жұмыстағы орнымыздың жоғары-төмендігі біздің отбасылық қарым-қатынасымызға әсер етпейді. Қашанда ол отағасы ретінде менің сырласым, болашақ балаларымның әкесі ретінде үлгі бола береді.

Jas qazaq: Еркеғали екеуің екі ұлттың өкілі болғандықтан, ас мәзірі, мереке-мейрамға дайындалу, қонақ күту дегенде қайшылықтар туындап қалмай ма?

Г.Митковских: Бізге ешқашан бір-бірімізге қиын болған емес. Керісінше, әрқашан қызық. Әсіресе, мерекелерде біз айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табамыз. Дәстүрлер бір-бірімен араласып, бірін-бірі толықтырса, одан өткен қуаныш бар ма? Мүмкін, сондықтан да біздің еліміздегі көп ұлттар бір аспан астында бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатыр. Себебі халықтар арасындағы достық пен олардың бірлігі – ел бірлігінің кепілі.

Үйленгеннен бері екі үлкен мерекені атап өттік. Пасха мерекесі кезінде Еркеғали жұмыртқаларды бояды. Ол дизайнер емес пе? Неше түрлі жаңа өрнектер ойлап тауып, бәрімізді таңғалдырды. Наурыз мерекесін де береке-бірлікпен өткіздік. Қысқасы, біз екеуміз де екі ұлттың дастарханын, мерекелік шараларын, отбасылық құндылықтарын барынша құрметтейміз.

Jas qazaq: Сендердің берекелі отбасын құрып, ынтымақты өмір сүріп жатқандарыңды түсініп, қуанып отырмын. Әрқашан осы берекеден ажырамаңдар деп тілеймін. Әрине, елімізде өздерің сияқты отбасылар көп. Сол берекенің қайнары неде?

Г.Митковских: Оның бірден-бір себебі – елімізде басқа елдерде баламасы жоқ Қазақстан Халқы ассамблеясы деген институттың болғандығында деп білемін. Елбасының қолдауымен құрылған Қазақстан Халқы ассамблеясы этнос өкілдерінің тілі мен ділін, салт-дәстүрін, әдеті мен ғұрпын өркендетуге мүмкіндік берумен қатар, отбасы құндылығын дамыту, берекесін сақтауға да үлкен ықпал етіп келеді. Өйткені дәл осы ата-қоныс бізді бір арнаға тоғыстырып, мақсат атты арғымаққа мінгізіп, Хан тәңірі іспетті биік шыңды бағындыруға ықпал етті. Мұқағали Мақатаевтың үніне құлақ ассақ: «Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем» демекші, мен үшін қасиетті мекенімнің әр тасы қымбат, әр күні қадірлі. 130-дан астам ұлт пен ұлыс мекен ететін қарашаңырақтың әрбір тұрғыны ел іргесіндегі тыныштық пен бейбітшіліктің қадіріне жетіп келеді. Өйткені бұл – жарқын болашақтың кепілі. Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі – еліміздің халықтарының ұлтаралық және конфессияаралық келісімі, сондай-ақ өзара түсіністігі мен сыйластығы болып табылады. Еліміздің басты қорғаушы күші – этносаралық үйлесім екені ақиқат. Оны сақтау Қазақ елінің алдында тұрған басты міндет. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз екенін естен шығармауымыз керек.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бірлік

ҚҰШАҒЫ КЕҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БІЗДІ ДЕ БАУЫРЫНА БАСТЫ

Талдықорғандық жас жігіт Эмил Құрбанов – әзірбайжан ұлтының өкілі. Бірақ өскен ортасы, оқыған мектебі, жоғары оқу орны, араласатын достары, айналасындағы әріптестерінің дені – қазақ жастары. Эмил қазақ тілін жақсы біледі, әрі жетік сөйлейді. Өзі бүгінде Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінің белді тілшісі. Материалдарын орыс тілінде жазады. «Сегіз қырлы, бір сырлы» осы азаматты Жетісу жұрты жете танып алған. Оның жақсы қасиеттері мен ізгілікті істерін Jas qazaq газетінің оқырмандары да біле жүрсін деп сұхбаттастық.

Jas qazaq: Менің білуімше, әулеттеріңнің Қазақстанға қоныс аударуының өзіндік тарихы бар көрінеді. Алдымен, осы жайлы айтып берсең?

Эмил Құрбанов: Біздің әулетті алғаш Қазақстанға бастап келген ұлы атам – Құрбан Фатуллаоғлы. 1886 жылы Нахичевандағы Баш Норашен ауданында өмірге келген. 1933 жылдары Қазақстандағы талай жанның өмірін жалмап, талай арысымызды ортамыздан айырған қиын күндерді өзіңіз жақсы білесіз. Сондай жағдай Әзірбайжанда да орын алды. Ұлы атам Құрбан Фатуллаоғлы 1933 жылы Ақбардың әкесі Құрбан Фатуллаоғлы жалған айыппен тұтқындалып, 1937 жылы Қазақстанға жер аударылды. 1992 жылғы 11 желтоқсанда Әзірбайжан Республикасының Бас прокуратурасы тарапынан Құрбан Фатуллаоғлы ақталып, барлық айыптарынан құтылды. Ол кісіден бірнеше бала өсті. Ал атам Акбар Құрбанов 1931 жылы 25 желтоқсанда Әзірбайжан КСР Ильичев ауданы Арабенгиджа ауылында дүниеге келді. Ол кісі де ұлы атаммен бірге қазақ топырағына келген. Атам өмір бойы туған жерінен кетсе де, қазақ елінен бақыт тапқанына шүкіршілік етіп өтті. Өйткені осы жерден болашақ тапты, өсті, өркендеді. Акбар атам Көксу ауданы Балпық би кентіндегі орта мектепті бітіріп, Талдықорған ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін агроном, өсімдіктерді қорғау отрядының басшысы болып жұмыс істеді. 1968 жылы Талдықорған өсімдіктерді қорғау стансасын басқарды. 1970 жылы Қазақ СШИ өсімдіктерді қорғау факультетін бітірді.

Ақбар атамның өмірінде атқарған жұмыстары көп. Елдің өркендеуіне қосқан үлесі де мол. Ауылдастар ол кісінің ауыл шаруашылығы саласының өркендетуіне сіңірген еңбегін осы күнге дейін мақтанышпен айтады. Әсіресе, зиянкестер мен дақылдардың ауруларымен күресудің озық тәжірибелері мен прогрессивті әдістерін тарату үшін көп жұмыс істеді. Оның басшылығымен облыста механикаландырылған уландыру пункттері енгізіліп, пестицидтерді сақтауға арналған типтік қоймалардың құрылысы ұйымдастырылды. Еңбектегі жетістіктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «КСРО-ның 7-11 бесжылдығының екпіндісі», 1977 жылғы «Социалистік жарыстың жеңімпазы», «Еңбектегі ерлігі үшін», «КСРО-ның белсенді жұмысы үшін» медальдарымен, «КСРО Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі» күміс медалімен, ХШЖК екі қола медалімен марапатталды.

Ақбар Құрбанов отбасында және қоғамда адамзатқа ортақ моральдық қағидаларды қатаң ұстанған адам ретінде елдің құрметіне бөленді. Сырт келбеті қатал болып көрінгенімен, жан дүниесі мейірімді, адамдармен сүйіспеншілік тұрғысында қарым-қатынас жасайтын. Сондықтан өз ортасында сыйлы болды, құрметке бөленді. Этнос өкілдері арасынан шыққан көрнекті адам. Оның энциклопедиялық білімі, ақыл-ой тереңдігі, ойлау өрнегі мен табиғи түйсігі арқылы жаңалық ашатын білімділігі талай жанның өміріне азық беріп, болашағына нұрлы жол нұсқады. Апам Зарифа Құрбанова екеуі сегіз баланы өмірге әкелді. Олардың екеуі Эльман 13 жаста және Эльбрус 18 жасқа шыққанда қайтыс болды. Қалған балалары осы ортада өсіп-өніп, білім алып, еңбек етіп, мәуелі бәйтерекке айналды. Айталық, 1952 жылы туған Земфира Құрбанова фельдшерлік медпункт меңгерушісі болып жұмыс атқарды. Рамиль және Эльмира атты екі ұл тәрбиелеп отыр. Латифа Құрбанова 1955 жылы туған, Алматы қаласында балабақшада жұмыс істей жүріп, Рамис, Раиса және Расима атты үш ұлын ержеткізді. 1960 жылы туған Назира Құрбанова – жеке кәсіпкер, Наиль есімді ұлын өсірді. 1965 жылы туған Симзуар Құрбанова Талдықорған қалалық сотында судья болып жұмыс істейді. Ол кісі менің анам. 1968 жылы туған Эльшан Құрбанов та жеке кәсіпкер, үш бала тәрбиелеп, өсірді. Атасының есімімен аталған Ақбар Құрбановтың Милада және Элина атты қыздары бар. 1972 жылы туған Эльхан Құрбанов – жеке кәсіпкер, Зарифа және Рүстем атты екі бала тәрбиелеп, өсірді.

Jas qazaq: Өзіңнің бала кездегі есімің Жандос екен?

Эмил Құрбанов: Менің жалпы екі атым бар. Әзірбайжанша – Эмил, қазақша – Жандос. Мен әзірбайжан отбасында дүниеге келдім. Өз ұлтымды сүйемін. Тілін, ділін, дәстүрін құрметтеймін. Ал балалық шағым Талдықорған қаласында өтті. Қаланың № 4 шағын ауданындағы айналасын көпқабатты үйлер қоршаған біздің аулада негізінен қазақтар тұратын. Күнде қазақ балалармен ойнайтынбыз. Сол кезде арамызда Жандос есімді бала болды. Кейде жалғызсырап қалған кезде, шіркін бір жақын, жан досым болсашы деп ойлайтынмын. Жандоспен кездескен сайын оның есімі мені өзіне тартып тұратын. Жан, дос деген сөздің түп мағынасы менің көңілімдегі ойымды дәп басқандай болды. Сосын өзіме қазақша Жандос деп ат қойып алдым. Кейін балабақшаға барған кезде де Жандос болып жазылдым. Қазірде құжат бойынша Эмил Құрбанов болып жазылғанымен, бала күнгі достарымның бәрі Жандос деп шақырады.

Осы жерде тағы бір қызықты айта кету керек шығар. Бала күнімде атым Жандос болғаннан кейін, үлкендер қазақы дәстүр бойынша менен: «Қай рудың баласысың?» деп сұрайтын. Ол кезде анамның достары, араласатын ағайындары жалайыр руынан болғандықтан, «жалайырмын» дейтінмін. Ал өсе келе, оны өзгерттім. Өйткені менің кіндік шешем арғын руының қызы еді. Сондықтан қазір руымды сұраса, «арғынмын» дейтін болдым. Себебі кіндік шешем де менің азамат болып өсуіме көп үлес қосты ғой.


Алғаш балабақшаға барған кезде орыс топтарында орын болмады да қазақ тобына



жазылдым. Анамның да таңдауы солай болды. Оның үстіне ауладағы балалармен ойнап жүріп, қазақ тілін еркін меңгеріп алғанмын. Бірінші сыныпқа барған кезде де орыс сыныбына, не болмаса қазақ сыныбына бару деген екі түрлі таңдау болды. Бірақ құштарлығым қазақ сыныбында оқуға ауды да тұрды. Сонымен Талдықорған қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясына түстім. Сынып жетекшім Сәуле Құрмашқызы мені өз баласынан артық көрді. Жанына жақын тартып, бәрін үйретуге тырысты. Ал бесінші сыныпқа барғанда Баян Мұратқызының сыныбына түстім. Баян апайымды да осы күнге дейін анаммен бірдей құрметтеймін. Ол кісі маған қазақ тарихын, мәдениетін, өмірі мен өрлігін үйретуге бәрін салды. Тағы бір айта кетерлігі, үш жасымнан бастап, музыкалық аспаптарды ойнауды үйрене бастадым. Ол кезде Шынар апайдың көмегі көп тиді. Үнемі қазақтың дәстүрлі әндерін үйретіп, хорда ән салдырып, тәрбиелеп отырды. Осы күндері де топтық ортада, көңілді кештерде қазақша әуелетіп ән салатыным бар. Көбіне қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Саржайлау» әнін орындаймын.

Jas qazaq: Мектепте оқып жүргенде, университет қабырғасында қандай пәндерге қызықтың?

Эмил Құрбанов: Университетке түсуден бұрын Польша еліне академиялық білім жетілдіру бағыты бойынша 6 ай радиожурналистика саласы бойынша білім алдым. Біз Лодзь деген қалада оқыдық. Оның студенттер қаласы деген де атауы бар. Ол жердегі оқу ағылшын тілінде жүрді. Бір жағынан, ел көріп, жер танысам, енді бір жағынан ағылшын тілін тереңдете меңгеріп, журналистика саласының қыры мен сырын түсінуге мүмкіндік болды. Елге оралғаннан кейін журналистика мамандығын оқимын деп шештім. Сонымен қазақ тілінде бірнеше мақала жазып, басылымдарда шығардым. ҰБТ-ны қай тілде тапсыру керек деген таңдау тағы кесе көлденеңдеді. Балабақша, бастауыш, орта мектепті қазақ тілінде оқығаннан кейін орыс тілінде емтихан тапсыруға батылым жетпеді де, ҰБТ-ны қазақ тілінде тапсырдым. Нәтижем жаман болған жоқ. І.Жансүгіров атындағы университеттің гуманитарлық факультеті, журналистика мамандығына қабылдандым. Сонымен журналистиканы төрт жыл тағы да қазақша оқып бітірдім. Университет қабырғасындағы менің сүйікті пәндерімнің бірі – «Қазақстан тарихы» мен қазақ әдебиеті болды. Абайдың, Мағжанның өлеңдерін, қара сөздерін жаттадым, І.Есенберлиннің «Көшпенділерін», сондай-ақ М. Әуезовтің шығармаларын оқыдым. Әбу Нәсір Әл Фараби: «Өткенді білмей, болашаққа бағдар алмайсың» деген ғой. Тарихты оқып, қазақ даласының өткені мен бүгінін танылым. Өз ұлтымның да тарихын ақтарып, ата-бабаларымның ерлік, еркіндік, жалпы адамзаттық өркениетке қосқан үлесін бағамдадым. Ол менің өміріме азық берсе, болашақ мамандығымнан нәтиже жаратуға ықпал етуде.



Jas qazaq: Мемлекеттік тілді үйрену үшін міндетті түрде қазақша оқу керек пе? Әлде басқа жолы бар ма?

Эмил Құрбанов: Ең алдымен, біз өзіміздің өскен елімізге деген терең құрметіміз болуы керек. Мен Жетісу жерінде туғанымды, өскенімді, еңбек етіп жүргенді мақтаныш етемін. Тілді тез үйренгісі келетін адам көбірек оқып, сөйлесуден қорықпағаны дұрыс.

Jas qazaq: Неліктен журналистика мамандығын таңдадың? Осы күнде қазақ тілінде оқып, бүгінде орыс тілді газетте жұмыс істеп жүрсіз? Қиын болмады ма?

Эмил Құрбанов: Ең басты себеп – ол кең-байтақ қазақ жерінің тарихын тану, ел мен жердің ертеңгі болашағына қалам арқылы үлес қосу, көптің көңілінен шығатын туындылар жазу. Рас, мен барлық оқуды қазақ тілінде бітіріп, енді Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінде орыс тілінде жазып жүрмін.

Мемлекеттік тілді меңгеру менің өміріме үлкен мүмкіндіктер сыйлады. Қазақ тілінде сұхбат бергенде, көпшілік таң қалып, тіпті: «балам, қазақ тілінде қалай жақсы сөйлейсің, қазақсың ба», – деп сұрап жатады. Бұл маған шабыт береді.

Журналистика саласында орысша, қазақша жазу дегенде айырмашылық жоқ. Өйткені тілі бөлек болғанмен, журналистиканың бағыты біреу ғой. Мен көбіне мақалаларды қазақша ойлап, орысша жазамын. Сондықтан менің журналистикада өз стилім қалыптасқан. Оны жазғандарымды оқыған адамдар анық байқайды.

Jas qazaq: Әлгінде «анам судья болып жұмыс істейді» деп қалдыңыз.

Эмил Құрбанов: Иә, анам судья болып қызмет атқарады. Бұл мен үшін мақтаныш. Анамның әрбір жетістігін көрген сайын шынайы қуанып отырамын. Өйткені Ата Заңымызда жазылғандай, Қазақстан Республикасы – зайырлы, құқықтық мемлекет. Сондықтан да құқық қорғау саласына жүктелген жауапкершіліктің жүгі салмақты. Осы саланың мамандары бұл міндетті абыроймен арқалап келе жатқанын мойындауымыз керек. Айта кетерлігі, еліміздегі құқық қорғау саласында этнос өкілдерінің де саны аз емес. Сол қатарда менің анам Симузар Құрбанова да бар. Расында, судьяның жұмысы ауыр, жауапкершілігі мол. Оның үстіне, отбасының жауапкершілігі жүктелген әйел заты үшін бұл міндетті атқару табандылықты талап етеді. Сондай-ақ оның алдында адамның тағдыры тұрады. Түрлі дау-шардың түпкілікті мәнін тереңдей зерделеп, қоғам мен адамның мүддесі үшін дұрыс шешім қабылдау оңайға түспейді.

Қоғамның берекелі, тыныш, ынтымақты, адамдар арасындағы кісілік қатынастың жүйелі дамуы үшін бұл саланың жауапкершілігі ауыр. Ол адамның өміріне, қоғамның мүддесіне жауап береді. Көп жағдайда жұрттың ер судьяларға бүйрегі бұрып тұрады. Әйелдерді нәзік жанды деп есептейтін шығар. Бірақ заңның алдында барлық адам тең болғаны сияқты, шешім жасауда мейлі, ер немесе әйел судья болсын, бәрі заң талаптарына бағынады. Бірақ мәселеге жіті назар аударып, жан-жақты тексеру, зерделеу тұрғысынан әйелдердің сұңғыла келетінін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан судьялар ерлер мен әйелдерден ортақ жасақталса, нәтиже көрнекті болады..

Менің анамның бойында судьяға тән барлық қасиет бар. Әрине, белгілі бір іске нақтылы шешім жасау оңай емес. Өйткені сенің алдыңда бір-бірімен мүлде келіспейтін дәлелдер келеді. Өзің тыңдаған адамдардың да пікірі екіге жарылып, оның дұрыстығы мен бұрыстығына көз жеткізу үшін көп еңбектену керек. Іске шешім жасауда сенің әрбір сөзің мемлекеттің заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес болуы керек. Сол үшін судья қолындағы материалды толық зерделеп, тараптарды мұқият тыңдап, сот практикасын, Жоғарғы Соттың басшылық түсініктемелерін қарап, іске кірісуі тиіс. Сонда ғана шешім әділ әрі дұрыс болады. Ең бастысы, тараптарды жалықпай тыңдай білу мен істі заң шеңберінде мұқият қарау шешімнің әділ шығуының негізі болмақ. Менің анам өз мамандығына деген осындай терең сүйіспеншілігімен іске кірісетіндіктен, әрбір ісін нәтижелі орындап отырды.

Jas qazaq: Сенің бойыңда анаңның қандай қасиеттері бар деп ойлайсың?

Эмил Құрбанов: Ұқыптылық, кәсіпке адалдық, жұмысқа деген сүйіспеншілік, жеке бастың ісін көптің мүддесімен араластырмау, ақ пен қараны парықтап барып шешім қабылдау, айналадағы адамдардың пікіріне дұрыс көзқарас ұстану. Қысқасы, менің бойымдағы көп қасиет сол анамның болмысынан келген сияқты.

Jas qazaq: Журналистикада сол қасиеттерді қолданасың ба?

Эмил Құрбанов: Әрине, сот ісі мен журналистика екі түрлі сала. Бірақ бірі-бірімен ұқсастығы да бар. Судьяға әділдік пен теңдік керек. Журналистикада да сол өлшем бар. Өйткені бірі адам тағдырына жауап берсе, енді бірі қоғам тағдырына жауап береді. Адамдар маған үйреткен әрбір адами қасиеттерін өз салама қолдануға тырысамын.

Jas qazaq: Сіздің басты ұстанымыңыз не?


Эмил Құрбанов: Мен, жеке тұлға ретінде әрқашан биікке ұмтыламын. Ең алдымен, өзіңді кәсіби және адамдар сыйлай алатын адам ретінде қалыптастыру керек. Менің басты ұстанымым – өмірді шексіз сүйетін және адамдардың бақыты үшін өзін арнай алатын жақсы жар табу. Бұл шыдамдылық, құрмет және басқа адамды түсіне білу. Ол менің жұмысымның да нәтижелі болуы үшін ықпал етеді.

Jas qazaq: Дәстүрлі бір сұрағымыз бар. Сіз Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысын қалай бағалайсыз?

Эмил Құрбанов: Қазақстанның үлкен отбасына бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан көптеген этнос кіреді. Олар Қазақ жерін мекен еткен тату халық. Елбасы бір сөзінде: «Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз», – деген еді. Расында, Тәуелсіз ел болғалы көп жетістікке жеттік. Алдымен мемлекет құрудың қиын жолдарынан өттік. Сосын еліміздің етек-жеңін бекемдеуді жүзеге асырдық, сол арқылы шекарамызды шегендеп, нарықтық қатынастың қиын да бұралаң жолдарынан адаспай өттік. Халықтың экономикалық жағдайын көтеріп, әлеуметтік әл-ауқатын нығайтып қана қоймай, әлемдік саясаттағы Қазақстанның рөлін айқындай алдық. Ең бастысы, Ата Заңымыздың айбынын асырып, құқықтық мемлекет құрудың барлық талаптарын орындап, шартын бекемдедік. Қай қырынан келсек те, жеткен жетістігіміз аз болған жөн. Қазақстан Халқы ассамблеясының да жұмысын бір жүйеге түсіріп, бүгінде қоғамдық институт ретінде қалыптастырдық. Сол арқылы оның этнос өкілдерінің құқықтық мәселесін шешудегі рөлін арттыра алдық. Иә, мұндай жетістікті тізбелеп айтсақ, көптеген жағымды мысалды тауып жазуға болады. Бірақ оның бәрі елдің көз алдында болды, болып жатыр, алдағы уақытта да жалғасын табады. Біз осы арқылы елімізді құқықтық, зайырлы мемлекет дәрежесіне көтере аламыз деп санаймын.

Jas qazaq: Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет!





Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бірлік

Талдықорған қаласындағы Достық үйінің ғимаратынан жыл он екі ай адам аяғы үзілмейді. Осы арадан әр ұлттың әр жастағы түрлі мамандық меңгерген білімпазын, он саусағынан өнер тамған өнерпазын, күміс көмей әншісін, мың бұралған бишісін, темірден түйін түйетін шеберін, кәсіпкері мен ұстазын, ұлт пен ел үшін ерінбей еңбектеніп жүрген еңбекшіл жандарын, қысқасы, сан түрлі мамандық иесін кездестіре аласыз. Сол қатарда жалынды жастығын үйрену мен ізденудің жолында сарп етіп, түрлі шараға үзбей қатысып, өзінің алғабасарлығы мен патриоттығын көрсетіп жүрген жастарды да көп ұшыратасың. Достық үйі – достық пен келісімнің сарайы, оған қоса, қазақ халқының кеңпейілділігінің, достыққа адалдығының, ешкімді бөліп-жармайтын құшағы кең, көңілі дарқандығының белгісіндей.

Талдықорғандағы Достық үйінде облыстағы 74 этномәдени орталықтың барлық жұмысы жүйеленеді. Кезінде тағдыр талқысына ұшырап, әлемнің әр тұсынан Жетісу жеріне көшіп келіп, тіршілігін жалғаған әр ұлт өкілінің Тәуелсіз Қазақстанның шұғылалы тарихында өз ұлтының мәдениеті мен өнерін, тілі мен ділін, салты мен дәстүрін жоғалтпай, оны заман ағымына қарай бейімдеп, өркендету үшін берілген жақсы мүмкіндік. Еліміздегі ұйыған ынтымақ, ырысы азаймайтын береке, жұбы жазылмайтын бірлікке жол салған тәжірибенің өміршеңдігіне тәубе дейсің.

Ділназ ЯРМҰХАМЕТ:

ӨЗ ҰЛТЫМ – **ӨРЕЛІМ,** НАҒАШЫ ЖҰРТЫМ – **БЕРЕНІМ**



Еліміздегі осындай сүттей ұйыған беркені өзге ұлт өкілдері де жоғары бағалайтыны белгілі. Сол қатарда Асылы Осман, Светлана Гаитова, Атсалим Идигов, тағы да басқа аға буындар әр уақыт айтып, өз ойларын баспасөзде жазып, жұртқа насихаттап жүргенін оқып, біліп жүрміз. Сондай ниеттегі жастардың қатары күн сайын өсіп келеді. Өсе беретіндігі де шындық. «Бақ-береке ынтымағы ұйыған жерге қонақтаймын» дегендей, сондай жастардың бірі – Талдықорған политехникалық колледжінің түлегі Ділназ Ярмұхамет. Осы бір қаршадай ұйғыр қызының жалынды істеріне, жарқын келешегіне біраз жылдан бері куә болып келеміз. «Кісі болар кісіні кісесінен таниды» дегендей, Ділназдың жас болса да сауаттылығы, алғырлығы, саяси, мәдени, рухани шаралардағы белсенділігі мен алғабасарлығы жақсы бағаланып жүр. Өйткені, Ділназ қазақ елін өзінің туған жері, өскен мекені, құтты Отаны деп есептейді. Сондықтан ең алдымен осы елдің кемел келешегі үшін қолынан келер барлық жұмысты істегісі келеді. Оның атасы Ярмұхамет өткен ғасырдың орта тұсында Қытай елінен Қазақстанға көшіп келген, бірнеше ағайынымен бірге олар алғашында Жаркент жерін мекендепті. Әулеттерінің шежіресі, еліміздегі әр ұлт халқының береке-бірлігі, Отанға деген ұлы махаббат туралы Ділназ былай әңгімеледі:

– Атам Ярмұхамет Тоқтамов 7 жасында өткен ғасырдың екінші жартысында Қытайдан Қазақстанға көшіп келіпті. Әкемнің анасы, менің үлкен апам соңғы баласын туғанда қайтыс болып, атамның сол жолы өмірге келген қарындасы «арғы бетте» қалады. Оны ұлын атамның достары асырап алып қалған екен. Атам қайтыс болғанша сол қарындасын бір көрсем деп армандаумен өтті. Бірақ көре алмады. Атам бірнеше ағайынымен осы жаққа көшіп келген соң, әрбірі түрлі мамандық иесі болды. Бірі жер өңдеді, бірі бизнеспен, енді бірі мал шаруашылығымен айналысты. Атамның ағасы Сұлтан Жамалдинұлы Өзбекстанда тұрады. Бірнеше кітаптың авторы. «Біздің қайсы ұйғырлар» деген кітабы бар. Оны бірнеше мәрте оқып шықтым. Онда ата-бабаларымыздың тарихы мен Қазақстанға көшіп келгеннен кейінгі жүрген жолдары, өсіп-өнген ортасы, бүгінгі бақытты өмір туралы терең толғанысы бар.

Атам жас кезінде қолынан қаламын тастамай өлең жазады екен. Кейін басқа саланың тізгінін ұстап кеткендіктен, қаламгерлікпен айналыса алмапты. Бір қызығы, атам мен апам Тамара екеуін өлеңге құштарлық таныстырыпты. Атамның алғашқы өлеңдерін Панфилов аудандық газетінде істеп жүрген апам газетке шығарып тұрыпты. Солай танысып, үйленіп, үйлі-баранды, балалы-шағалы болды. Ол кісілердің Пархатжан, Сақинұр, Мәлика есімді бір ұл, екі қызы болды. Бүгінде бәрі үйлі-баранды, балалы-шағалы, немерелерін өсіріп



отырған аяулы жар, асыл ана. Пархатжан Тоқтамов – менің әкем. Анамның аты – Ләйла. Анам – қазақтың қызы. Бір үйдің кенжесі, алдында бес әпкесі, бір ағасы болды. Біз бір үйде төрт баламыз: үш қыз, бір ұл. Мен үйдің үлкенімін. Гүлназ, Заңғар, Париза деген іні-сіңлілерім бар.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысы түркітілдес халықтарға оңай болған жоқ. Ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, күшпен жер аудару, тағы да басқа геосаяси шешімдер жақынынан айырды, өскен жер, туған елінен еріксіз бездіріп жіберді. Сол азаптардың ең ащы дәмін қазақ халқы тартты. Тіпті қазақ халқы жер бетінен ұлт ретінде жойылып кете жаздады. Оның ақиқаты бүгінде жалпақ жұртқа жетіп жатыр. Жетпегені қанша? Біз оны санап берейік деп тұрған жоқпыз. Бірақ сондай ащы азапты бастан өткерген қазақ даласы тағы да әр елден күшпен көшірілген босқын халықты бауырына басты, басынан сипады, жарты күлшесін бөліп жеп, жанын сақтап қалды. Бұл жайында атам тірі кезінде талай қызықты естелік айтып, қазақ халқына деген ризашылығын сөз етіп отыратын. Сондықтан да болар, мен бала күнімнен қазақ халқына деген терең сүйіспеншілікпен ержеттім. Бастауыш сыныпқа барғанда бірден қазақ сыныбын таңдауымның бір себебі осы.

Атам өзінің бастан өткен хикаяттарын жиі айтатын. Әсіресе, Қазақстанға көшіп келгеннен кейінгі Жаркент өңіріндегі қазақ көршілерінің қалай көмектескені, өскен кезінде қалай қолдау танытқаны, құда-құдағиларымен ортасындағы сыйластығы мен терең түсіністігі жайлы небір оқиғаларды әңгімелейтін. Оның үстіне, басында айтқандай, анам қазақтың қызы болғандықтан, нағашыларымның ауылына жиі баратынмын. Қыз бала нағашы жұртына жақын келеді ғой. Оның үстіне, қазақ халқында: «Жігіттің жақсы болмағы – нағашыдан» деген нақыл сөз де бар. Сондықтан мектепке барғанда орыс, ұйғыр сыныптарына түспестен, бірден қазақ сыныбынан бастап оқып кеткенімнің себебі осы. Қазіргі достарым да, жақын араласатын құрбыларым да қазақ қыздары. Мектеп қабырғасында жүргенде қазақ классиктерінің шығармаларын көп оқығандықтан да барлық болмыс-бітімім қазақ ұлтының құндылығына бейімделіп кеткені анық. Негізгі арманым қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болу еді. Бірақ анамның таңдауы бойынша, колледжде ақпараттық технологиялар мамандығы бойынша оқып шықтым. Дегенмен алдағы уақытта қазақ тілі мен әдебиеті саласында білімімді жалғастырмақ ойым бар.

Дүниеде екі мыңнан артық ұлт бар десек, олардың әрбірінің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, өмірлік ұстанымы, тарихи қалыптасу негізі болады. Басқаларды айтпағанның өзінде, түркітілдес ұлттар тобына жататын бауырлас халықтардың да өз алдына дербес өмір сүру салты мен тарихи кешірмесі бар. Сондықтан әрбір азамат ең алдымен өз ұлтының тарихын білуге, дәстүрін ұқыптауға, тілі мен ділін сақтауға міндетті. Өз ұлтын терең сүймеген адамның Отанын сүюі, елін құрметтеуі мүмкін емес. Сондай-ақ әр адам өз ата-бабалары жаратқан рухани байлықты білмейінше, санасында болашаққа деген сүйіспеншілік оянбайтыны анық. Әрбір жас өз ұлтының тарихы мен тағылымын терең қастерлегенде ғана туған Отанының қадір-қасиетін түсіне алады. Сонда ол еліне қызмет ететін, туған жерін қастерлейтін, қадірлейтін адамға айналады.

Бүгінгі таңда елімізде өркендеп-өсіп, ұрпақ өрбітіп, ұлттық болмысын тереңдетіп отырған әр ұлт пен ұлыстың өз кешірмесі бар. Олардың дені тоталитарлық жүйенің қысымынан атажұртынан ауа көшіп, қазақ жеріне тұрақтаса, кейбірі өз еркімен қазақ топырағына келіп, тамыр тартқандар. Сол ұлт пен этнос өкілдерін бауырмал қазақ халқы кеудесінен итерген жоқ. Кең құшағын ашып, бауырына қысты. Ысырылып орын беріп, сыпайылық танытты. Ұрпақ өсіріп, ұлттық мәдениетін өркендету мен салт-дәстүрін жаңғыртуға қолда бар мүмкіндіктерді жасап келеді.



Ұйғыр халқы – түркі халықтарының бірі. Біздің тарихымыз да ежелгі Түрік қағанатының тарихымен сабақтасып жатады. Ұйғырлар – бірнеше мыңжылдық тарихы бар ұлт. Қазіргі таңда ұйғыр ұлтының тарихы туралы том-том кітап жазылып, тың зерттеулер жасалуда. Оның біразын оқып, көкейге түйіп жүрміз. Ол тарихтан XIX ғасырдан бергі ұлтымыздың басына төнген қасіреті, қастерлі мұраларды да тауып алуға болады. Бүгінде елімізде ұйғыр тілінде шығатын газет-журналдарда Қазақстанға көшіп келіп қоныстанған ұйғыр ұлтының өсіп, өркендеуі мен кемелденуі туралы кесек дүниелер үзбей жазылады. Оны оқып, қасиетті Қазақстанға, мейірімді қазақ халқына ризашылығың еселене түседі!

Бүгінде Қазақстан – әлемдегі достықтың үлгісіне айналған мемлекет. Тәуелсіздік жылдары елдегі этнос өкілдерінің өз тілі мен ділін сақтауға, мәдениеті мен өнерін дәріптеуге мол мүмкіндік берілді. Осының нәтижесінде, этнос өкілдері өз ұлтының сан ғасырлық рухани байлығын байыту арқылы еліміздің өркендеуі мен өзге елдердің алдында ынтымақтың үлгісі болуда. Сол қатарда ұйғыр ұлты да зор үлес қосып келеді. Жалпы ұйғыр ұлтының бала туғаннан, жер қойнына кіргенге дейінгі аралықта үлгі ететін көп салт-дәстүрі бар. Бөлекше дастарқан мәзірі де бар. Ең алдымен, ұйғыр халқы – табиғаты таза халық. Ұйғыр қыздары өз ауласын қандай таза ұстаса, көңілін де сондай таза ұстауға тырысады. Қолданбалы өнер саласында да ұйғыр ұлтының үлесі мол. Кесте тігу, қыш ыдыс жасау, жиһаз жасау жағынан да өздерінің айрықша талғамы қалыптасқан. Киім-кешегінде де өзгешелік басым. Дәстүрлі әдет-ғұрыптар қатаң сақталады. Түркілік дәстүрге тән ырым-тыйымдардың да өз алдына ерекшелігі бар. Музыка өнері мен бишілік дәстүрінде де дараланып тұратынын көпшілік біледі. «Мұқам» мен ұйғыр халқының ұлттық биі «Усылды» айта кетсем де жетіп жатыр.

Қысқасы, Қазақстандағы ұйғырлар өз ұлтының осындай қастерлі дүниелері арқылы жалпы қазақстандық өркениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосуда. Мен ел алдында жүріп, этномәдени орталықтардың жұмысына белсене қатысқандықтан, осы дүниелерді терең білуім керек деп есептеймін. Өз ұлтымның құндылықтарын құрметтеу арқылы елімінің өркендеуіне бір кісілік үлесімді қоса аламын. Ал өз ұлтының өткені мен бүгінін салыстырып, зерделеп, санасына тоқымаған адамдар Отанының оған қандай мүмкіндіктер беріп жатқанын ұғына алмайды.

Нағашы атам Имәділ Анарбеков өте қатал кісі болды. Балалары мен немерелерінің қазақ халқының ұлттық құндылығын құрметтеуіне айрықша мән берді. Ол кісілер Панфилов ауданының Әулие ағаш ауылында тұрды. Әулие ағаш ауылы – құт қонған мекен. Нағашыларым қазақы отбасы еді. Бір отбасында өскен Ілескен, Шынар, Ұлжан, Ұлтай, Райгүл, Айгүл сияқты нағашы аға-әпкелерім мен өз анам Ләйләні қазақы құндылықтарға баулып өсірген. Қазір бәрі балалы-шағалы болып, үлкен шаңыраққа айналды. Менің балалық шағымның дені нағашыларымның ауылында өтті. Бала күннен қазақ халқының дүниетанымы, кісілік ұстанымы, тал бесіктен жер бесікке жеткенге дейінгі аталып өтетін мереке-мейрамының бәрін көріп өстім. Сондықтан ол туралы білетінім көп.

Осыдан екі-үш жыл бұрын «Достық үйінің» ұйымдастыруымен Көлсай көлінде «Қымызмұрындық» деп аталатын үлкен шара өтті. Сол шараға қатысқан жастар арасында қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігі жайлы сайыс ұйымдастырылды. Сол кезде біреулер: «Ұйғырдың қаршадай қызы қазақтың салт-дәстүрін керемет меңгеріпті» деп сыртымнан мақтап жатты. Мен де нағашымның ауылында, қазақы құндылыққа қатал қарайтын нағашы атамның тәрбиесінде өскенімді айтып, бір марқайып қалдым. Екі ұлттың құндылығын тең меңгергенім, тел емгенім түрлі шараларда болсын, этносаралық сайыстарда болсын, дараланып тұрады. Сондықтан мен «Өз ұлтым – өрелім, нағашы жұртым – беренім» дегенді жиі айтамын.

Жалпы адамды орта өсіреді. Егер сен мәдениетті, рухани бай, болашаққа үмітпен қарайтын ортада ержетсең, онда жан-дүниең де соған бейім келеді. Бүгінде көп жетістікке жетіп, жұрт алғысына бөленіп жүргенімнің бір ұшы да осы өскен ортамның ықпалынан. Мен үшін Талдықорған қаласындағы политехникалық колледжге оқуға түсу үлкен өмірге баспалдақ болды. Өйткені бұл оқу орнында Жетісудың түкпір-түкпірінен жиналған жастар болашақ мамандықтары үшін жан-жақты білім алады. Оқи жүріп, облыс орталығында өтетін түрлі деңгейдегі байқауларда бақ сынауымызға мүмкіндік тудырды. «Көре-көре көсем болады» дегендей, алғашында есігін жүрексіне ашқан «Достық үйі» бүгінде менің екінші үйіме айналды. Облыстық тілдерді дамыту басқармасы тарапынан жыл сайын өтетін түрлі байқаулар біліктілігімді шыңдауға шабыт берді. Осындай шаралармен біте қайнасып жүріп, рухани шараларға да жиі шақырту ала бастадым. Ол жерде өзімнің туған еліме, оның жастарға жасап отырған оң саясатына куә боламын. Этнос өкілдерінің өркендеп-өсуіне ықпал еткен маңызды шаралардың ұдайы басы-қасынан табыламын. «Сөйлей-сөйлей шешен боласың» дегендей, «Көркем ой», «Көркем сөз», «Үш тұғырлы тіл» атты пікір сайыстарға қатыса жүріп, өз ойын терең жеткізудің, қарсыласты дұрыс пікірмен мойындата білудің жолын үйрендім. Нәтижесі де аз болмады. Ең бастысы, осы жетістіктерім Отанымның патриоты болып қалыптасуыма мұрындық болды.

Осы орайды мені тәрбиелеген ұстаздарыма, өз ортамда жиі араласатын әріптестеріме, құрбыларыма алғыс айта кеткім келеді. Жақын араласатындарымның дені қазақ жастары болғандықтан, олардан алған ізгі қасиеттерім алға жебеп келеді. Сол құрбыларыммен бірге еліміздің болашағына бүкіл күш-жігерімді арнаймын деп сендіремін!

Еліміздегі аға-буын өкілдері өздерінің ақыл-парасаты арқылы Қазақстанның іргесін шайқалтпай, жүгін жолда қалдырмай, береке-бірлікті мызғымас қорған етіп, отыз жылдық шұғылалы тарихты жасады. Елдің келешегі ендігі жастардың қолында. Егер жастар батыл, білікті, ынтымақты, өз елінің патриоты бола білсе, Тәуелсіздігіміз тең тартып, мәңгілікке кете берері анық. Оған сенім де бар. Қасиетті қазақ жері – қашаннан береке мен бірліктің, ынтымақ пен ырыстың құт мекені. Біздің ең үлкен байлығымыз – тұрақтылық пен ынтымақ!

Жазып алған
Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бірлік

Өткен тарихымызда түркі әдебиетінің бәсі төмен болмаған. Біздің бабаларымыз басқалардан бұрын өз ой-пайымын, тарихы мен тағылымын, өнері мен өрлігін, батырлығы мен байыптылығын тас бетіне жазып, келешекке таңбалап кеткен. Ол тарих түркі баласының табан ізі қалған кең-байтақ далада сайрап жатыр. Одан кейінгі ұзақ өмір көші барысында түркі дүниесінің өркениетін өрге бастырған, мәдениетін мәйектеткен, әдебиеті мен сөз өнерін аспандатқан алып тұлғалар болды. Ата-бабаларымыз сол ескерткіштерден ұлылық тапты, бойындағы бар болмысын сусындатты. Қанмен берілетін сол қасиет бүгінде бәріміздің бойымызда бар. Ол мәңгі сарқылмайды. Бүгінде қазақ, ұйғыр, өзбек, қырғыз, башқұрт, қарашай, тағы басқа болып, ұлттық құндылығымызды өз алдымызға ұлықтап жүргенімізбен, өткенге қарай жол алсаң, тамырың бір арнада тоғысады. Абайдың да Абай болып қалуы – ең алдымен, түркі әлемінің асыл қазынасын, шығыс әдебиетін ойына тоқып, санасына сіңіргендігінде дер едік.



«ҚАЗАҚТЫҢ ДАРХАНДЫҒЫНА РИЗАМЫН»

Бүгінде түркітілдес ұлттарда қалам тартқандардың қатары көп. Бірақ олардың еңбегі мен өнерін, ой-пайымы мен таным-түсінігі, жалпы әдеби мұрасын, шығармашылық өресін бір-бірімен жақындастырудың өміршеңдігі ерен. Жалпы бұл бағытта жұмыс Қазақстанда өз деңгейінде қолға алынып жатыр деп айтсақ, артық болмас. Себебі бүгінде елімізде Қазақстан Халқы ассамблеясының құрамындағы этнос өкілдерінің тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен тілін, ділі мен дінін өркендетуге, оны қазақстандық өркениеттің байлығына айналдыру жолында көп жұмыс атқарылуда. Сол қатарда еліміздегі түркітілдес ұлттар әдебиетінің дамуына да қолдау жеткілікті. Сөзімнің дәлелі ретінде бүгінгі жазбада ұйғыр ұлтының қаламгері, ақыны, асыл қызы Паридам Тайыпованың өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы тоқталғанды жөн көрдім. Паридам Арупқызы – әдебиеттің сан саласында қалам тартқан жазушы, өлеңнен өрнек тапқан ақын, қаламы жүйрік публицист, өлеңдерін тек ұйғыр тілінде емес, қазақ тілінде тең жазатын сегіз қырлы, бір сырлы жан.

Паридам Арупқызы 1954 жылы 10 мамырда Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласында дүниеге келіпті. Кезіндегі Жамал Қарши мен Саккаки туған, түркі әдебиетінің бір саласы саналатын шағатай тілінде жазылған алып ескерткіштерді таңбалаған құтты өңір осыған дейінде ұйғыр халқының талай дарынын қанаттандырған. Паридам бүгінде сол қасиеттерді қадірлеп, солардың әдеби ізін жалғастырушы. Әкесі – Аруп Розиев, Құлжа қаласында құқық қорғау саласында, анасы – Тұрсынбүбі Мәмәтбақиева сол қалада банк қызметкері болып жұмыс істеген. Өркенді отбасында дүниеге келген қыз өсе келе, азабы көп болса да, беделі биік қаламгерлікті таңдады.



Паридамның 7 жасында ата-анасы Қазақстанға көшіп келіп, Алматы облысының Ұйғыр ауданына қарасты Ақтам ауылына қоныстанады. Паридам сол ауылдағы жеті жылдық мектепке барады. 1981-1986 жылдар аралығында Республикалық Талғар ауыл шаруашылық техникумының агрономдық факультетін бітірді. Әрине, оқыған мамандығы басқа болғанымен, өнер мен әдебиетке шын көңілімен беріліп өсті. Балалық шағында мектепішілік, ауыларалық мәдени шарадан қалмай жүріп, өз бойындағы әдебиетке деген бұлқынған арманын жетілдірді. Топты ортада өлең айтып, бос уақытында арманын ақ қағазға шимайлап жүріп, өлең жазудың құпиясын меңгерді. Алғашқы өлеңдері мен шағын әңгімелері аудандық газеттерде жарық көріп, шабытын ұштай түсті. «Анилар авази», «Чоң бағның мевиси», «Қара дала қара өлең» сияқты топтамаларда жастық жырлары жарияланып, қанатына қанат бітірді.

Бала шақта жығылып, сүрініп жүріп басталған әдебиетке құштар өмір бүгінде Паридамды жазушылықтың асқақ биігіне, ел мен жұрттың айрықша құрметіне бөледі. Бүгінгі күнде оның «Ана йәр садаси» (*Ана жерге сүйіспеншілік*), «Азаплық һаят» (*Азапты өмір*), «Дәвир синиғи» (*Дәуір сынағы*) қатарлы ақ өлеңдер топтамасы, «Мән уйғур қизи» (*Мен ұйғыр қызымын*), «Өлкәмдә баһар» (*Өлкемде көктем*), «Арман билән баймән һазир» (*Арманыммен баймын*), «Өлмәс нахшам» (*Өлмес ән*), кейінгі жылдары «Жут атиси Аблашим» (*Жұрт атасы Әбіләшім*), «Оқ астидики муһәббәт» (*Оқ астындағы махаббат*) қатарлы повесть-әңгімелер топтамасы, «Таштики гүл» (Құмырадағы гүл) атты өлеңдер жинағы, балаларға арналған «Айпәриниң һекайилири» (Айперінің хикаялары) атты жеті кітапшасы жарық көрді. Мұғалімдер мен оқушыларға арналған «Үмүт» (Үміт) альманахының үш саны Паридам Тайыпованың редакторлығымен шықты. Ал аудандық, облыстық, республикалық БАҚ беттерінде жарық көрген мақала-әңгімелерін теріп жазсақ, оның өзі ұзақ тізімді құрайды. Елдің өркениеті, ұлттардың береке-бірлігі, өскен ортасының өркендеуі мен гүлденуі, адамдық болмыс пен кісілік қасиет әдіптелген публицистикалық еңбектері өзі өмір сүрген дәуірдегі ел мен жердің болмысын танудағы құндылығымен тарих беттеріне қатталып қалды.

Әйел адам отбасының берекесі, балалардың тәрбиешісі, отағасының кемкетігін түгендеуші. Отбасындағы осындай қым-қуыт жауапкершілікті арқалап, қызығы мен қиындығы мол қаламгерлікті қоса алып жүру – кез келгеннің қолынан келе бермейді. Паридам Арупқызы сол жауапкершіліктің жүгін абыроймен арқалағаны үшін де қадірлеуге тұрарлық жан. Ақын әдеби шығармашылық талантынан бөлек, қолы босай қалған тұста кесте тігу, құрақ құрау, тағы да басқа ұйғыр ұлтының өзіне ғана тән, ұлттық бояуы қанық, тарихтың талай бұралаңынан сүрінбей өтіп, бүгінге жеткен ұлттық қолөнерімен де шұғылданады. Қысқасы, өз ұлтының тарихын құрметтеген, өнерін ұқыптаған, салты мен дәстүрін, әдеті мен ғұрпын ардақтаған әйел заты дүниедегі ең әдемі әрі асыл адам. Ұлтын сүйген адам елін, туған мекенін, Отанын құрметтей де, қызмет ете де алады. Бұл оның жан сұлулығының белгісі. Паридам Арупқызы осындай жаны таза, пейілі кең, жүрегі жылы аналардың бірі. Бүгінде сол ұлттық мұраларын қыздарына, немерелеріне үйретіп, отбасылық асыл құндылықтың ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне жол салып жүр.

Паридам Арупқызын жазушылыққа жантәнімен берілген адам ретінде бағалауға болады. Әдетте, біз ақын, қаламгер болу үшін міндетті түрде сол саланың төңірегінде жұмыс істеу керек деп ойлаймыз. Бірақ Паридам өмір бойы басқа салада қызмет етіп, сол еңбегінен қадір тапқан. Ақынның еңбек жолына зер салатын болсақ, алғашқы еңбек жолын Тельман атындағы колхозда сарымсақ өсірушілердің бригадирі болып бастапты. Кейін «Алма бақта», Қосағаш бөлімшесінде бұршақ, беде өсіру бригадасының бригадирі, экономика бөлімінің көмекшісі болып жұмыс істепті. Қысқасы, таң атқаннан кеш батқанға дейін тыным бермейтін ауыл шаруашылық саласында еңбек ете жүріп, оның сыртында отбасы шаруасын ретке келтіріп, бос уақытында қаламын тастамай шығармашылықпен айналысып, басқа жазғандарын айтпағанның өзінде 19 кітапты баспадан шығару деген үлкен қажырлылық пен табандылықтың жемісі емес пе? Біз өркениетті ел құрамыз десек, осындай адамдарды құрметтеуіміз, олардың адами қасиетін жастарға насихаттауымыз керек.

Оның құрметтен де кенде емес екенін айта кетейік. Адал еңбегінің арқасында екі рет аудандық халық депутаты болып сайланса, Ұйғыр аудандық этномәдениет орталығы төрағасының Құрмет грамотасы, Ұйғыр ауданын әр жылдары басқарған Койумчан Омаровтың Алғыс хатын А.Тохтасуновтың «Шығармашыл отбасы» номинациялық дипломын иеледі. Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі ретінде өткен жылы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің арнайы төсбелгісімен марапатталды. Ақынның ең басты байлығы – балалары. Жолдасы – Мейманжан Баратов екеуі талай қиын күндерді бірлесе жеңіп, ынтымағы ұйыған отбасын құрып, 5 бала, 11 немере тәрбиелеп отыр. Балаларының барлығы жоғары оқу орындарын бітіріп, мемлекеттік қызметтерде және шағын бизнес саласында елге қызмет етіп келеді.

Бүгінде құрметті зейнеткер атанған Паридам Арупқызы шаршадым, шалдықтым демей-ақ, тағы да қаламын қолынан тастамай, шығармашылық жолында еңбектенумен қатар, өңірдегі қоғамдық жұмыстардың басы-қасында болып, жастарға жол нұсқап, этностардың берекесін шалқытып, ұлттардың бірлігін нығайтып, аналық қадір-қасиетін жалғастырып жүр.

Ақынмен әңгіме барысында ол ұлттар арасындағы береке-бірлік пен этносаралық татулыққа ерекше ден қоятындығын байқатты. Паридам Арупқызы: «Бақ пен береке ынтымағы жарасқан елге қонақтаймын» деген нақыл сөз бар. Ел іші араздықтан ада, жұрт арасы түсініспеушілктен алыс болса, қолға алған барлық істен нәтиже шығаруға болады. Жалпы, елімізде ұлттар арасындағы ауызбіршілік пен татулық тұрғысынан келетін болсам, Қазақстан тәжірибесін ең алдымен атап өткен дұрыс. Менің пайымымша, оның екі түрлі қайнары бар. Бірінші, ақпейілділігі асып жататын, кеңпейілі тасып жататын, алысқа да, жақынға да құшағы кең қазақ халқының дарқандығында жатыр. Біздің әулет қытай елінде тұрғанда да, Қазақстанға көшіп келгеннен кейінде қазақ отбасыларымен бірге тұрдық, қазақ балаларымен құлын-тайдай тебісіп бірге өстік. Біріміз-бірімізді жат көрген жоқпыз. Қайта торқалы той, топырақты өлімде қуанышымызды бірге бөлісіп, қайғымызды ортақ көтерісіп келеміз. Дініміз бен біліміз ортақ болған соң, мереке-мейрамдардағы дастарханымыз да ортақ. Қысқасы, қазақ халқының дарқандығына алғыстан басқа айтарым жоқ» – деп, ағынан жарылды.

Паридам Арупқызы Қазақстан Халқы ассамблеясы аясында атқарылып жатқан жұмыстарды тұрақтылықтың екінші себебі деп түсіндірді. Ол: «Екінші қайнары – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған Қазақстан Халқы ассамблеясының этносөкілдерінің тарихы мен танымын тереңдетіп, тілі мен өнерін өркендетуге қосып жатқан үлесі дер едім. Әрине, ұлттар арасындағы бірлікті бекемдеп, татулықты нығайтуда аталған институттың атқарған үлесі мол. Бүгінде еліміздегі барлық облыс, аудан, қала орталықтарында Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысы жүйеленген. Облыс орталықтарында «Достық үйлері» ашылып, этномәдени бірлестіктердің белсене жұмыс атқаруына бар жағдай жасалуда. Осы арқылы жастарды елінің патриоты етіп тәрбиелеуге даңғыл жол ашылуда.

Ұйғыр ұлтының өкілі ретінде айтар болсам, бүгінде ұйғыр мәдени орталығы жұмыс істейді, оның сыртында ұйғыр тілінде оқытатын мектеп, ұлылардың атындағы көше, мәдени нысандар, өнер ұжымдары, ұйғыр тілінде шығатын газет-журналдар бар. Осы мүмкіндіктермен қанаттанып жатқан қаншама дарындылар еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосуда. Қалаған мамандықтары бойынша білім алған жастар, денсаулық, спорт, мәдениет, білім тағыда басқа салада, мемлекеттік қызметтерге орналасып, болашағына нұрлы жол салуда. Қаламгерлердің ақыл-парасатын жұртқа жеткізіп, болашаққа айналдырудағы ересен істер тіпті көп. Соның бірі өзім деп айтсам артық бола қоймас. Ал кәсіпкерлікпен айналысамын, бизнеспен шұғылданамын дегендерге мол мүмкіндік ашылған. Қай қырынан келсек те, Қазақстандағы ұйғыр ұлтының өкілдері ұлттық өркениетін дамыту арқылы Қазақстанды Мәңгілік елге жеткізу жолында еңбектенуде», – деп, сөзін түйді.

Мақаламыздың басында «Ақын шығармаларын тек ұйғыр тілінде ғана емес, қазақ тілінде де жазады» деп едік. Қысқасы, қазақ, ұйғыр түркітілдес ұлттар санатына жатқанымен, ежелгі тарихымыз бірге өріліп, әдеби мұрамыз ортақ болғанымен, бүгінгі әдебиетімізде айқын айырмашылық, тілімізде диалект басым. Алайда сол қиындықтарды жеңе отырып, ұйғыр, қазақ тілін қатар меңгеріп, тіпті қос тілде өлең жазып, көркем ойын келісті бейнелеу ақын Паридамға тән біліктілік деп бағалаған дұрыс. Ендеше, сөзіміз дәлелді болу үшін Паридам Тайыпованың қазақ тілінде жазған бір топ өлеңін назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

ҰЛЫ СӨЗДІҢ ҚҰДІРЕТІСІҢ, АБАЙ

(Абайдың 175 жылдығына арналады)

Ұлы сөздің құдіретісің, Абай,
Қазынаң тіл, жүрегің кең сарай.
Домбырамен айтқан әндеріңді мен,
Әйгерім, Тоғжан боп тыңдадым талай.

Тарихта қалған өсиеттеріңді,
Оқыдым терең зердеме түйіп.
Теңіз суынан маржан сүзіпсің,
Ақыл сөздерді тереңнен жиып.

Қазақ халқының данасы өзің,
Қараңғы түнде нұр төккен айдай.
Данышпандығың әлемге кеткен,
Оқысақ қанбас жырларың балдай.

Татьяна мен Онегин мұңын,
Өзің аударған ғашықтар жырын.
Ғасырлар кетсе де жылжып,
Сүйсініп халқың оқиды бүгін.

Өлеңдерің мен өсиет жырыңды,
Оқымасам, болмас ем ақын.
Ойланып терең, келгенде шабыт,
Болып кетесің жаныма жақын.

Ұлы сөздің құдіретісің, Абай,
Қазынаң – тілің, жүрегің – кең сарай.
Пушкин жырларын қазақша сөйлеттің,
Тіл байлығыңа табынбайын қалай?..

ЕЛДЕР КӨРСІН СҰЛУЛЫҚ СӘНІМІЗДІ

Бұлақтың суын бірге ішкен едік,
Тағдырлар талқысында бірге көрдік.
Сенімен достасқаным жақсы болды,
Қиын кезді қол ұстап бірге жеңдік.

Той тойладық, қосылдық жақсылықта,
Бірге болдың әр қашан сен қасымда.
Әні мен сәні бар Қарадаламда,
Тірек болдың тұрмыста, жайшылықта.

Еңбек еттік, тер төктік, ағайын,
Біздегі татулықты кім бұзады?
Жерің жәннат, жасыл әлем қарағайым,
Туған жерім, қымбат қой қазағым.

Елі бай болса, күнде той, күнде жиын,
Еңбегіміз жанады тапсақ тиын.
Талантты келешегім жетілгенде,
Ел болу болмайды ғой бізге қиын.

Бір Аллаға сыйындық қол жайып,
Суға батпас қайықтай достығымыз.
Шүкір еттік ақ нанға ауыз тиіп,
Кең пейілмен дастарқанды досқа жайып.

Нұрлы жол, нұрлы елің таңдай жарық,
Арманыма жетеді созған қолым.
Елдер көрсе, сұлулық сәнімізді,
Қуанам ғой тапқандай бақыт жолын.

БЕРЕКЕ ТАП, ЖАСТАРЫМ

Береке тап, жастарым,
Ақылыңды айдай жақ.
Өтеді күндер қас-қағым,
Сарғаяды жапырақ.



Ғұламалар айтқандай,
Тілге құрмет сақтағын.
Домбырың жылап жатпасын,
Тарихтың шерт ақ таңын

Сен де, мен де мұсылман,
Түркі елдің баласы.
Көк туымыз көк аспан,
Әдемі әр қаласы.

Қиын кезде нан берген,
Досы үшін жан берген.
Сен батыр ел баласы,
Ауырғанда қан берген.

Жақсылығың бітпейді,
Кең даландай көңілің.
Айтсам тілім жетпейді,
Нұрға толсын өмірің.

Береке тап, жастарым,
Гүлдей болсын жас шағың.
Ата ұлын сыйлайын,
Жайқалғандай ақ қайың.

ГҮЛДЕНЕ БЕР, АЛМАТЫМ!

Жанымды жадыратқан көктем қалам,
Күн шуаққа бөленген жасыл далам.
Қызыл-сары гүлдерің ғашық етті,
Жүрегіме жыр төккен асыл қалам.

Қайырмасы
Бақытым сенсің,
Шабытым сенсің,
Алматым.
Гүлдене берсін,
Нұрлана берсін,
Алматым.

Тыныштығы жарасқан достары бар,
Тарихынан сыр шерткен дастаны бар.
Шырақтарың сөнбесін жарқ-жұрқ еткен,
Сүйсінем ғой естісем сенен хабар.

Талай адам көруді армандаған,
Сұлу қыздай құлпырған мөлдір қалам.
Домбыраң да бал құрайды тербетіп,
Қасиетіңнен айналдым арман қалам.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

BIRLIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Татулық

ТЕГІ БАСҚА БОЛҒАНЫМЕН, ТЕҢДІГІ БІР, ҚАНЫ БӨЛЕК БОЛҒАНЫМЕН, ЖАНЫ БІР

Алматы облысына арнайы сапармен келген Қазақстан Халқы ассамблеясы Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов жергілікті жұртшылықпен кездесу өткізіп, Жетісу жеріндегі ынтымақ пен келісімнің нығаюына үлес қосып отырған ұйымдардың жұмысымен танысты. Талдықорғандағы Жастарға қызмет көрсету орталығында өткен жиынды облыс әкімінің орынбасары Арсылан Дәндібаев ашып, жүргізіп отырды. Тақырыпқа қатысты өз ойын ортаға салған Марат Әзілханов еліміздің тыныштығы мен бейбітшілігін, ынтымағы мен бірлігін қалыптастыруға үлес қосып отырған Қазақстан Халқы ассамблеясына артылған жауапкершілік жүгінің жеңіл еместігін, соған сай белсенді қызмет ету керектігін атап өтті.



Мұрат Әзілханов: «Ең алдымен, Қазақстан Халқы ассамблеясының XXIX-шы сессиясы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбітшілік пен келісім саясатын дамытуға жаңа серпін бергенін айтқым келеді. Біз Елбасының этносаралық қатынастар мен интеграция, ұлттың жаңа биртектілігі саласындағы идеологиялық тәсілдерді жаңартқанына назар аудардық», – деп атап көрсетті. Ол: «9 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен ҚХА Кеңесі өтті. Онда осы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету міндеттері нақтыланды.



Ассамблеяның бүгінгі таңдағы басты міндеттерінің бірі – этномәдени бірлестіктердегі жастар қанатының және ҚХА «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының жұмысын жандандыру болып табылады.

Осыған байланысты ҚХА хатшылығы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар ісі, этносаралық қатынастарды дамыту комитеттерімен бірлесіп, Қазақстан Халқы ассамблеясының жастар құрылымдарын жандандыру мәселесін пысықтады. Бүгінде этносаралық салада жаңа үрдістер мен процестер байқалуда.

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының деректері бойынша 2020-2021 жылдары этносаралық қатынастардағы тұрақтылықтың негізгі өзегі 94% деңгейінде сақталып отыр. Біздің азаматтардың 88,3%-ы көпэтносты қоғам идеясын қолдайды. Олардың 69,4%-ы Қазақстанды болашақта халқы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген көпэтносты, үш тілді мемлекет ретінде көреді. Мұндай көзқарасты 18-29 жас аралығындағы жастардың 71%-ы және халықтың 30-45 жас аралығындағы бөлігінің 71%-ы ұстанады. Халықтың 84,3% этносаралық келісімді сақтау жөніндегі мемлекеттік саясатты қолдайды.

Ассамблея кеңесінің мүшелеріне Ассамблеяның XXIX сессиясының тапсырмаларын іске асыруға белсенді қатысу, хаттаманың орындалуы бойынша қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету міндеті қойылғанын атап өткім келеді. Осыған байланысты Кеңестің әрбір мүшесі осы бағытта тапсырма алады. Мұндай тәжірибе өңірлерде де қолданылуы тиіс», – деді.

Кездесуді «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының облыстық мүшелерімен және еріктілердің жұмысымен танысудан бастаған астаналық қонақ Жетісу жеріндегі ерікті жастардың белсенділігіне, ынтымақ-бірлігіне қатысты мәліметтерді сұрап білді. Ассамблея мүшелігіне жастарды тарту қажеттігіне тоқталып, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық «Жаңғыру жолы» штабының төрағасы Руфина Усанованың есебіне назар аударды.

Р.Усанова: «2018 жылы республикалық Қазақстан Халқы ассамблеясы «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы штабын әрбір өңірде құру тапсырылған болатын. Сол жылдан бері өңірлік «Жаңғыру жолы» РЖҚ штабының төрағасы болып сайландым. Біздің мақсатымыз – әр түрлі этнос өкілдері жастарын біріктіру, Елбасы саясатына қолдау көрсету, алға қойған айқын міндеттерді жүзеге асыру. Осы уақытқа дейін біз қоғамдық келісім мен жалпы ұлттық бірліктің үлгісін насихаттауға арналған түрлі форматта шара ұйымдастырудамыз.

Бүгінге дейін үлкен жұмыстар атқарылды. Сол қатарға акция, конкурс, челлендж, квесттер кіреді. Айта кеткен жөн, түрлі квесттерге жастар ерекше ықыласпен қатысады. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған квест өткізуді ұсынғым келеді. Біздің штаб өз қызметінің көп бөлігін қайырымдылыққа жұмсайды және меценаттардың осы бағытта жастарды қолдағанын қалаймыз. Жыл соңында қайырымдылық балын өткізуді жоспарлап отырмыз, «Қазақтану» жобасы аясында 2021 жылдың қорытындысын шығарғымыз келеді», – деп сөзін түйді.

Жастар ел сенімін ақтап, қолға алған жобалары мен тың бастамалардан нәтиже шығаруға ұмтылады. Осы арқылы қоғамға белсенді түрде ықпал еткісі келеді. Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі аппаратының бас маманы, мемлекеттік тіл жанашыры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Владимир Чепельдің сөзі осы ойды байыта түсті. Ол: «Қазақта «Ағасы ақылдының ауылы азбайды, жеңгесі шебердің жеңі тозбайды» деген даналық сөз бар. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтай ел ағаларының еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы ерен еңбектерінің арқасында, ұлан-ғайыр даламызда егініміз көктеп, малымыз төлдеп, береке-бірлігіміз арта түсуде.

Елбасының саясатын Қазақстанның халық болып сайлаған Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындарды әлеуметтік жағынан қолдауға бағытталған тың идеяларымен жалғастырып келеді. Тарихы тереңде жатқан Қапал ауылында Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы Қоғамдық келісім, Аналар кеңестері мен жастар орталығының қызметкерлері өзара тығыз ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс істейміз.

2019 жылы облыстың жас көшбасшылары арасынан жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар танылып, «Үздік мемлекеттік қызметкер» атағын алғаным, өткен жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін тағынғанымда ел-жұртым, ауыл-аймағым менімен бірге қуанды. Білікті басшы ретінде, елімізді болашағы жастарға жан-жақты қолдау танытып, үнемі ақылыңызды айтып жүргеніңізге зор алғысымды білдіремін.

Мемлекет басшысы жастар жылын қорытындылап, өткен жылды Еріктілер жылы деп жариялады. Бұл Мағжан ақын айтқан: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты» жалынды жастарға деген ерекше сенім мен құрметтің белгісі деп бағалап, барлық құрдастарымды бізге білдірген сенімді ақтауға, білімдерін тереңдетіп, еліміздің дамыған отыз елдің қатарына қосылуы жолында еселі еңбек етуге шақырамын. «Жері байдың – елі бай» деген қанатты сөз тегін айтылмаған, көк туы желбірген егемен еліміздің мәртебесі асқақтай берсін!», – деді.

Былтырғы пандемия кезінде жастардан құралған еріктілердің еңбегі ерен болды. Әсіресе, дәрігерлер мен полиция қызметкерлеріне, жалғызбасты адамдарға, мүмкіндігі шектеулі отбасыларға ас-су жеткізіп, жанашырлық танытқан еріктілердің айтуынша, қоғамның дұрыс жолмен дамуы өскелең ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан жасөспірімдердің дұрыс тәлім алуын мектеп қабырғасынан бастау керек. Одан бөлек, еріктілердің мемлекеттік тілді дамытуға, халықтың жанашырлығын оятуға үлес қосуы керек. Бұл туралы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы және «Парасат» клубының мүшесі Александр Сон айтты.

Ол: «Қазақстан – татулықтың, достықтың, бірліктің киелі бесігі. Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді. Бүгінде олар тегі басқа болғанымен, теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен, жаны бір, арманы ортақ, біртұтас халыққа айналды.

Саяси қуғын-сүргін кезінде Қазақстанға кәріс, шешен, күрд, неміс секілді этнос өкілдері күштеп көшірілді. Алайда ежелден бауырмал, достыққа берік қазақ халқы жат жерден келгендерді бауырына басып, қамқорлық көрсетті. Өзге ұлт өкілдеріне баспанасының бір бұрышын беріп, бір үзім нанымен бөлісті. Атам қазақ «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» деп бекер айтпаса керек. Өйткені қазіргі таңда сонау қиыншылық жылдары қамқорлыққа бөленген ата-әжелерім қазақ халқының кеңпейілдігін, мейірімділігін айтып, аса сүйіспеншілікпен әңгімелеп отырады. Қазіргі таңда елімізде барша этнос өкілдері ынтымақта өмір сүруі – сол зұлмат кезеңдегі бірлік пен достықтың іргетасын қалауының нәтижесі деп білемін.



Бүгінде баршамыздың басты арманымыз – баянды бірлік пен кемел келісіммен өмір сүру. Осынау мақсат-мүдделердің ойдағыдай жүзеге асуы ең алдымен әрбіріміздің қажырлы еңбегіміз бен өзара түсіністігімізге, ішкі тұрақтылығымыз бен пайымды парасаттылығымызға байланысты», – деп ағынан жарылды.

Тіл сарайында өткен кездесуге этномәдени орталықтардың, Қоғамдық келісім және Аналар кеңесінің, жетекші журналистер клубының, ғылыми-сарапшылық тобының мүшелері қатысты. Алдымен Қазақстан Халқы ассамблеясының бейбітшілікке, ынтымаққа, тыныштыққа, тұрақтылыққа қосқан үлесін салмақтаған Марат Әзілхановтан соң сөз алған Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин еліміздің өркендеп дамуына ең алдымен қоғам атсалысуы керектігін атап өтіп, берік орныққан дінаралық, ұлтаралық келісім келешектің күнін жарық ететінін жеткізді.

Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, жетекші журналистер мен сарапшылар клубының төрағасы Атсалим Идигов ортақ міндетке шоғырланғанда ғана мемлекетіміздің тұрақтылығы мен тыныштығы баянды болатынын атап өтті. Оның айтуынша, ондай міндетті мемлекеттік тіл атқара алады.

А.Идигов: «Қазақстанда туып, ержетіп, өсіп-өніп отырған әрбір этнос өкілі өзін қазақпын деп есептеуге хақы бар. Сондықтан барлық ұлттың өкілі қазақ халқының маңына топтасып, оның тілін меңгеріп, мәдениетін, салт-дәстүрін тануы тиіс, дүниетанымын біліп, жанын ұғынуы керек. Сонда ғана әрбір ұлттың өкілі мақтанышпен кеуде керіп: «Мен қазақпын!» деп айта алады», – деген ол кездесуге жиналған көпшілікті ауызбірлікке, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға шақырды. – Сол арқылы бәріміз нанын жеп, суын ішіп отырған Ұлы Даланың патриотына айналамыз. Бұл біздің ауызбіршілігімізді бекітіп, ырыс-құт пен ынтымағымызды арттырады. Бұл жай айтылған сөз емес, нақты ұсыныс, бұлтартпас шындық. Біз рухани тұрғыдан бірігіп, бір ел – бір мемлекет ұстанымын берік ұстансақ, ешқандай жау ала алмайды. Сондықтан мен осыны айтуға тиіспін. Мен айтпасам, басқалар үндемесе, кім айтады? Бір ізбен тізіліп келе жатқанымызға, міне, 30 жыл болды. Қазіргі заман талабы, бүгінгі жастардың сұранысы мүлде бөлек. Соған жауап беретіндей, соған үлгі көрсететіндей болуымыз керек. Шындығында, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесі биік, абыройы асқақ, болашағы зор», – деп ойын түйіндеді.

Келесі кезекте сөз алған облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Несіпжамал Баймәдиева Аналар кеңесінің атқарған жұмысына айрықша тоқтала келіп: «Биыл Тәуелсіз ел атанғанымызға 30 жыл. Тарихи өлшеммен алғанда теңіздің тамшысындай болғанымен, Қазақстанның осы кезеңде жүріп өткен жолы ғасырлармен пара-пар екенін көріп те, айтып та жүрміз», – деп сөзіне екпін бере сөйледі. – «Мәңгілік елге» апаратын басты құндылық – Тәуелсіздік, келісім, бірлік, достық, біртұтас ұлт. Осындай ұлы мақсатқа жету жолында ананың көтеретін жүгінің салмағы зор. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолмен әлемді тербетеді» деген ұғым жатыр. Бүгінде облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы Аналар кеңестерінің жалпы саны – 271. Құрамында облыстың, ауданның құрметті азаматтары, қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, мәслихат хатшылары, зейнеткер ұлағатты ұстаздар, мектеп директорлары, зейнеттегі саясаткерлер, Батыр аналар, жеке кәсіпкерлер және білім, мәдениет, әлеуметтік сала қызметкерлері бар. Аналар кеңесі: «Берік отбасы – берік мемлекет» тақырыбында, «Мәңгілік ел бесігі, ананың жүрегінде» ұстанымын басшылыққа ала отырып, «Ақ отауға – ақ бата», «Ана медиатор», «Рухтың күші – әкеде», «Жас отбасы мектебі», «Әйел және бизнес», «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», «Ана денсаулығы – ұлт денсаулығы» сияқты шараларды үнемі өткізіп келеді. 2016 жылдан бері облыс көлемінде осы жобамен жұмыс бастап, 2018 жылы республика көлемінде тәжірибеміз таратылды. Өткен жылы 1143 шара ұйымдастырдық. Олар Қазақстан Халқы ассамблеясының 25 жылдығы, Әл Фарабидің 1150 жылдығына, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналды. «Біз біргеміз», «Біз үйдеміз», «Ардагерлерді ардақтайық», «Асар» қайырымдылық акциялары да өз деңгейінде өтті. Биылғы жарты жылда 602 шара ұйымдастырып, 9 485 адамды қамтыдық. Облыс көлемінде «Рухтың күші – әкеде», «Ана – бітімгер», «Әйел әлемі», «Қыз тәрбиесі – адамзат тәрбиесі», «Отбасы мектебі» жобалары жүзеге асып, «Қыз – ұлттың анасы» монографиясы жарық көрді. Биыл еліміздің ең басты құндылығы – Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Ассамблея ширек ғасырдан бері тәуелсіздігімізге тірек, тұрақтылыққа кепіл болды», – деп атқарған жұмыстарымен бөлісті.

Заң ғылымдарының кандидаты, жаттықтырушы медиатор Бақыт Шынғаева өздерін толғандырған мәселелерді жеткізіп, атқарып жатқан жұмыстарының нәтижесін таныстырды.

Жиынды қорытындылаған Қазақстан Халқы ассамблеясы Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов Жетісу жерінің өркендеуіне үлес қосып жүрген жандарды Алғыс хаттармен марапаттап, естелік суретке түсті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бірлік

Қапал қаласының орны мен қоршап жатқан таулардың әр сілемі тарихтың сан түрлі құпиясын бүгіп жатыр. Қапал ауылы ең алғаш уез орталығы болғанда жан-жақтан келген бай-манаптар, көпестер бірімен-бірі жарыса, сәулеті мен салтанаты жарасқан үй салып, ғимарат тұрғызып, өлкенің келбетін асыра түсті. Ол үйлерді Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында суреттеді. Қашқария сапарында Қапалдағы ақын Саранның музейі орналасқан үйде бірнеше күн болып, осы өңірдің игі-жақсыларымен сұхбаттасып, алдағы сапарына дайындалғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Шоқан осы үйдің ауласына үш түп ағаш егіп кеткен екен. Сол ағаш бүгінде жапырақ жайып, мәуелеп өсіп тұр.

Қапал және оның перзенттері туралы жазбаны бастамас бұрын, өткен тарихқа осылай бір айналып соққан ләзім. Өйткені бүгінде бұл өңір сан ұлттың берекесін ұйытып, ынтымағын нығайтып отыр. Ондағы тұрғындар өткен күннің шуағына жылынып, өнегесінен нәр алған. Кейінгі жылдары шетелден көшіп келген қандастарымыз да жергілікті тұрғындармен балдай батып, судай сіңісіп кетті. Тұрғындардың арасында бірін-бірі алалау да, маңайынан аулақтату да жоқ. Ауылдық әкімшілікке жұмыс бабымен бара қалсаң, алдыңнан аңқылдап Владимир Чепель атты жас жігіт шыға келеді. Іскерлігі қимылынан, көпшілдігі көзінен аңғарылып тұрады. Қазақ тілінің майын ішкен дерсің. Ол мақалдап-мәтелдеп, би мен шешен, ақын-жыраулардың нақыл сөзін айтпақ ойына арқау етіп сөйлегенде риза болып қаласың. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» деген мақалдың анық ақиқатын Владимирмен 5-10 минут тілдессең, түсінесің.

Владимир Сергейұлы 1993 жылдың 16 қарашасында Капалда дүниеге келді. Владимирдің жан дүниесі қазақы азамат болып, ержететінін ешкім білмеді. Оның өскен ортасында қазақтар көп болды. Содан болар, мемлекеттік тілді тез игерді. Оған мұғалімі Айдын Жақыпбеков көп көмектесті.

Владимир: «Айдын ағай маған әрдайым «Володя, сенде тіл үйренуге деген бейімділік бар. Жақсы үйренсең, көп қиналмай, қазақ тілінде еркін сөйлей аласың» деп үнемі айтатын. Бұл сөз мені жай ғана шабыттандырып қойған жоқ. Тіл үйренуге құлшынып кірісуге жебеді. Сондықтан үй тапсырмасын орындап қоймай, көрші балалармен қазақша сөйлесуді әдетке айналдырдым. Тіл сындырып, әріп танып, жазу қабілетім өсе түскен соң, Айдын ағай қазақ жыраулары мен ақындарының өлеңдерін жаттата бастады. Сол кезде жаттаған дүниелерім әлі күнге дейін есімде. Міне, осылайша қазақ тілі бала күнімнен өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды. Сөзді жаңылып қате айту, ойымды дәлме-дәл жеткізе алмау сияқты қызықты жайттар да болды. Оған айналамдағы достарым күліп, мазақтаған жоқ. Қайта ары қарай жетелеп, анықтап түсіндіріп отырды. Осындай тырмысу пен достықтың арқасында қазақ тілін еркін меңгеріп алдым. Ол менің кейінгі өміріме жақсы ықпал етті», – дейді.

Қапал ауылындағы Ғ.Орманов атындағы орта мектепті бітірген соң талапкер жігіт Талдықорған заң колледжіне, содан кейін Экономика және құқық академиясына оқуға түсті. Ө.Жолдасбеков атындағы бизнес және құқық академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2011 – 2014 жылдар аралығында «Altyn Dala Agro Zhetysu» компаниясында жұмысшы, менеджер, заңгер болып қызмет етті. 2015 жылдан бастап Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы болып қызмет атқарса, сол жылы 29 шілдеден бастап бас маман лауазымына тағайындалды. Ал бүгінде Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің Қапал ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет етеді.

– Әкімдікке алғаш жұмысқа орналасқан кезде маған бірнеше адам жұмыс бабымен келді, – деп еске алады жас жігіт. – Қазақ жігіт маған орыс тілінде сөйледі. Оның ұсынысын тыңдаған соң, алдымен, орысша жауап бердім. Содан кейін әңгімені қазақ тілінде жалғастыруын өтіндім. Келушілердің бірі жымиып, мені иығымнан қағып: «Балам, сен қазақша еркін әрі таза сөйлейтініңді мақтан тұтамын! Сен біздің өз ана тілін елеусіз қалдырған азаматтардың тіл үйренуіне ынта беретініңе сенімдімін», – деп ризашылығын білдірді. Сол сенім әлі күнге дейін мені жігерлендіріп келеді», – дейді.



Өзі іскер, екі тілді де еркін меңгерген, әсіресе, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі басым жігітті ауылдастары да бауырына тартып әкетті. Үлкендер оның әр жетістігіне «бәрекелді» айтса, жастар жағы одан үлгі алуға тырысты.

Шынында да, Владимирден көп нәрсені үйренуге болады. Мейірімділік, адалдық, ашықтық, бауырмалдық, қарапайымдылық бар болмысынан көрініп тұрады. Оның басты артықшылығы – туған жерге, мемлекеттік тілге және айналасындағы адамдарға деген сүйіспеншілігінде. Ол ешкімді мәртебесі, ұлты, сенімі бойынша бөлмейді. Ол үшін барлық адам тең. Оның айтуынша, кез келген адамның бойында көңілге түйіп алар бір артықшылығы болу керек. Сондықтан барлық адамды өз деңгейінде құрметтеу өз бойындағы ынта-жігеріңді жетілдіре түседі.

2015 жылдан бастап облыстың шалғай өңірлеріндегі ауыл жастарының құқықтық мәдениетін қалыптастыруға белсенді атсалысты, 2017 жылдан бастап Алматы облысы Қазақстан Халқы ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінің жастары арасында мемлекеттік тілді оқыту бойынша жүргізген кешенді жұмысына қолғабыс етті. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде Владимир Чепель халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетуге, жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың қайырымдылығы мен жұмысқа орналасуына атсалысты. 2018 жылдан бастап жергілікті жастарға арналған ауылдық мәдениет үйінің жанынан спорт залын, оның ішінде армрестлинг бойынша спорт секциясын ашуға бастамашылық етті.

Владимир: «2018 жылы менің досым Мейрамбек Рахымбаевпен Қапал ауылында ауылдық мәдениет үйі директорының қолдауымен «Kapal armwrestlyng club» жаттығу залын аштық. Мұнда біз жастарды жаттықтырамыз, олардың көпшілігі аудандық және қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Бұл бастама бізді үлкен жетістіктерге жетелеп келеді. Демек арманымыз аяқсыз қалған жоқ деп есептейміз», – дейді.

Қазақ халқында: «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген нақыл сөз бар. Владимирді елжанды, көпшіл етіп өсіруде анасы Гүлфира Молдажанова мен тәтесі Ольга Ғазизқызы көп тер төкті. Әсіресе, анасының көмегі мен қолдауы көп болды. Асыл ананың әлпештеген ұлы бүгінде елдің азаматына айналды.

– Мен ұлымды мақтан тұтамын, – дейді Гүлфира Молдажанова. – Ол маған тірек болды. Күш-қуат берді. Владимирдің ел мақтанышына, жастардың үлгісіне айналған лайықты азамат болып өскеніне қуанамын. Ол өз елінің патриоты ретінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерумен ғана емес, шын жүректен халқына қызмет ететін перзент болып өсті, – деп ағынан жарылды.

Мемлекеттік қызмет қаншама қарбалас болғанымен, Владимир бос уақытында тауға барып, қазақ әдебиетін оқығанды ұнатады. Оның сүйікті шығармалары: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» және «Алтын Орда», Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романдары.

«Мен Ұлы Абайдың өлеңдерін жақсы көремін, Бірақ Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» өлеңі жүрекке жақын. Сонымен қатар отандық орындаушылардың музыкасын жақсы көремін. Достарым менің плейлистімде қазақ әндері басым екеніне күледі. Сүйікті әндері – Айқын Төлепбергеннің «Күндер өтетін», Батырхан Шөкеновтің «Отан Ана» және Нұржан Керменбаевтың «Бір жүрек» әндері. Өйткені, ән тыңдап, фильм көру тілді жаттықтыруға көп септігін тигізеді», – дейді ол.

Біздің кейіпкеріміз ат жарысын және басқа да қазақтың ұлттық ойындарын жақсы көреді. Ал оның сүйікті мерекесі – Наурыз. Оның айтуынша, жаңа піскен бауырсақ, қымыз және самаурында қайнаған ыстық шайдан дәмді ештеңе жоқ.

Владимир өзінің 28 жасында айтарлықтай жетістікке жетті. Ол «Ұлы даланың ұлттық тілі» республикалық форумында Алматы облысы өкілдерінің тобына енді. Облыстық «Көшбасшы – 2019» байқауында «Үздік жас мемлекеттік қызметші» номинациясында жеңіске жетті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан «Қазақстан Республикасының Ассамблеясына 25 жыл» мерейтойлық медалін, Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының бұрынғы орынбасары Жансейіт Түймебаевтан ізгіліктің, рухани келісімнің, достық пен этносаралық бірлікті нығайтудың гуманистік мұраттарына көрсеткен жоғары қызметі үшін Алғыс хат, Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Халқы ассамблеясының «Мейірім» төсбелгісін, сондай-ақ «Алтын» төсбелгісін кеудесіне жарқыратып тақты. Оның есімі «Қазақстан Республикасы жастарының Алтын кітабына» енді.

Владимир: «Өмірде жетістікке жету үшін адал жұмыс істеу керек. Мұны маған анам үнемі үйретті. Мені осылай тәрбиелегені үшін оған ризамын! Бүгін оның нұсқаулары маған өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі. Әрқашан алға ұмтылу керек және мұнымен тоқтап қалмау керек. Мен мемлекетіміздің дамуына өз үлесімді қосқым келеді», – дейді.

Өткенде Алматы облысына арнайы сапармен келген Қазақстан Халқы ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов жергілікті жұртшылықпен кездесу өткізіп, Жетісу жеріндегі ынтымақ пен келісімнің нығаюына үлес қосып отырған ұйымдардың жұмысымен танысты.

Сол кездесудің бірінде Владимир Чепель өзінің болашақтағы азаматтық ұстанымын былай жеткізді:

– Қазақта: «Ағасы ақылдының ауылы азбайды, жеңгесі шебердің жеңі тозбайды» деген даналық сөз бар. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтай ел ағаларының еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы ерен еңбектерінің арқасында, ұлан-ғайыр даламызда егініміз көктеп, малымыз төлдеп, береке-бірлігіміз арта түсуде. Елбасының сарабдал саясатын Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындарды әлеуметтік жағынан қолдауға бағытталған тың идеяларымен жалғастырып келеді.Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деп ерекше атап өткені баршаңызға мәлім.

Тіл – достықтың кілті, ынтымақтың бастауы, ырыс-берекенің алды, әр ұлттың айнасы. Еліміздің «Тіл туралы» заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының Отан алдындағы қасиетті парызы» деп жазылған. «Тіл – біздің тұтастығымыз», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп жиі айтып жүрміз. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз – ұлттық мәдениет пен тілімізде. Тәуелсіз елдің әрбір жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекетік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, сонша биіксің. Алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Ол – шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, қазақстандықтардың мәдени дәрежесін көтеріп, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы.

Біздің елімізде әр этнос өкілінің ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуына толық жағдай жасалған. Мемлекеттік тілді үйренуді кез келген өзге этнос өкілі күнделікті өмірде қолданылып жүрген қазақтың салт-дәстүрін білу арқылы, қоғамдық деңгейде ауызекі сөйлеуді үйренуі ең ұтымды тәсіл.

Мемлекеттік тілді білгеннен ешкім зиян шекпейді, керісінше, тигізер пайдасы өте көп. Кез келген адаммен ашық-жарқын әңгімелесіп, емін-еркін пікір алмасасың. Қазақтың алтын бесігі саналатын ауылда тұрғандықтан, әр түрлі сұрақтармен келген тұрғындардың мәселесін ауыл ақсақалдарымен кеңесіп бірге шешеміз. Тарихы терең жатқан Қапал ауылында Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы Қоғамдық келісім, Аналар кеңестері мен жастар орталығының қызметкерлері өзара тығыз ынтымақтастықта бірлесіп, жұмыс істейміз.

2019 жылы облыстың жас көшбасшылары арасынан жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар танылып, «Үздік мемлекеттік қызметкер» 2020 жылы «Ерен еңбегі үшін» номинациясын алғанымда, ел-жұртым, ауыл-аймағым менімен бірге қуанды. Білікті басшы ретінде, елімізді болашағы жастарға жан-жақты қолдау танытып, үнемі ақылыңызды айтып жүргеніңізге зор алғысымды білдіремін.

Нұр-Сұлтан қаласында өзге этнос жастары арасында өткен республикалық Тіл фестиваліне қатысқанымда, әр өңірден келген қазақ тілін менен де жақсы сөйлейтін замандастарымды көргенде, таң қалғаным ешқашан есімнен кетпейтін шығар. Тағылымды шараға қатысқанымның арқасында, қаншама дос тауып, өрісім кеңейді, жастық жігеріме күш-қуат қосылып, ерекше әсермен оралдым.

Мемлекет басшысы жастар жылын қорытындылап, өткен жылды Еріктілер жылы деп жариялағанда, Мағжан ақын айтқан: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты» жалынды жастарға деген ерекше сенім мен құрметтің белгісі деп бағаладым. Барлық құрдастарымды бізге білдірген сенімді ақтауға, білімдерін тереңдетіп, еліміздің дамыған отыз елдің қатарына қосылуы жолында еселі еңбек етуге шақырамын.

«Жері байдың – елі бай» деген қанатты сөз тегін айтылмаған, көк туы желбірген егемен еліміздің мәртебесі асқақтай берсін», – деп жеткізді ойын.

Сол жиында Владимир Чепельмен кездесіп, болашақтағы арманы жайында сұраған едік. Ол: «Генерал болуды армандамаған сарбаз сарбаз емес» деген нақыл сөз бар», – деп күлді. – Мен мемлекеттік тілдің дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Мен үшін бұл – болашақта басты бағытым болмақ. Ол үшін алдағы уақытта алдыма қойған үлкен мақсаттарым бар, – деді.

Біз де оның биік мақсаттарға жете беруіне шынайы тілектеспіз.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Владимир ЧЕПЕЛЬ:

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУЫНА ӨЗ ҮЛЕСІМДІ ҚОСҚЫМ КЕЛЕДІ»







Бірлік

Халқымызда «Отан – отбасынан басталады» деген тамаша сөз бар. Ол отбасын құрған екі жастың ұлты, тілі, ділі және дінімен өлшенбейді. Егер отбасындағы тәрбие береке, бірлік, адамгершілік, сыйластықпен құралса, оның діңі берік, болашағы нұрлы болады. Жаркент – 42-ден астам этнос өкілдері ортақ тіршілік етіп жатқан құтты мекен. Олардың арғы ата-бабалары осы берекелі жерден бақытын да, отбасын да тапты. Жергілікті тұрғындармен егістікте, бау-бақшада және фермаларда еңбек етті. Еркіндік пен тәуелсіздік үшін күресіп, егемен Қазақстанның өркендеуіне қомақты үлес қосты.

ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН МЕКЕН



Панфилов ауданындағы этномәдени бірлестіктердің өмірі қызықты және көңіл көншітеді. Олар бір үлкен отбасының мүшелері ретінде мемлекеттік және ұлттық мерекелерді атап өтеді, бір-біріне көмек көрсетіп, қолдау көрсетеді. Әрбір этнос басқа халықтардың тарихына, өзіндік мәдениетіне құрметпен қарайды. Ата-бабалардың мәдени мұрасын ұрпақтарға жеткізуге ұмтылады.

Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов Панфилов ауданында болып, ұйғыр, славян және дүңген этномәдени бірлестіктерінің өкілдерімен кездескенде осындай сүттей ұйыған ынтымақты көріп, олардың алдағы жетістіктеріне сәттілік тіледі. Жиынға ҚХА Төрағасының орынбасары, облыстық мәслихат депутаты, ұйғыр этномәдени орталығының облыстық филиалының төрағасы Зәкіржан Кузиев, Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығының төрағасы, ҚХА Кеңесінің мүшесі Шаймардан Нұрымов, облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов қатысты.

Алматы облысы орналасқан аумақты халқымыз ежелден «Жер жәннаты – Жетісу» деп атап келсе, бүгінгі күні оның әсем табиғаты мен тамылжыған ауа райына сүйсінген жұртшылық, «Өзендер өрнектеген өлке» деп Бексұлтан





Нұржекеев айтпақшы, туған жердің қасиеті мен абыройын асқақтатып келеді. Иә, сұлы жер – нұралы жер. Жаңа жайлы, шаруаға аса қолайлы, түгін тартсаң түбіті, шымын тартсаң, шырыны шығатын құйқалы жерге әркім де құмар. Сонымен бірге аймақтың қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны да ішкі миграцияның өркендеуіне әсер етеді. Соңғы жылдары осынау өлкеге туған еліміздің әр түкпірінен қоныс аударушылар саны молая түсуде. Аймақтағы халықтың демографиялық өсуі де облыс тұрғындары санының көбеюіне ерекше ықпал етуде.

Өткен жылы Алматы облысындағы халықтың саны 2 миллионға жетті. Бұл жағымды көрсеткіш жетісулықтардың қуанышын еселеп, үлкен тарихи және рухани оқиға ретінде қабылданды. Нұр-Сұлтанның төрінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Жетісудың тұмарындай болған «Жетісу» саябағы жаңартылғанын айта келіп: «Халық – біздің басты байлығымыз. Облыс тұрғындарының саны 2 миллионнан асып, Алматы облысы республикадағы ең ірі аймаққа айналды» деген еді. Иә, мұндағы халық санының өсуі тұрғындардың этностық құрамына да әсер етуде. Қазіргі кезде аймақта 105 этнос өкілі тату-тәтті өмір сүріп, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосуда. Олар 71 этномәдени бірлестікке топтастырылып отыр. Аймақтық деңгейде алып қарасақ, 26 облыстық, 39 аудандық, 6 қалалық құрылымы ынтымақ пен бірлікті нығайту, ұлттық мемлекеттілікті нығайту идеясын берік ұстана отырып, жалпыұлттық құндылықтарды насихаттауды мұрат тұтуда. Тарихы – ортақ, тағдыры – бір халықтардың береке-бірлігі арқасында облыстың экономикалық-әлеуметтік бағыттардағы көрсеткіштері заман талабына сай жақсарып келеді.

«Ормандағы жұмбақ» саяжай кешенінде Марат Әзілханов алдымен ұйғыр халқының тағамдары, қолөнері және ұлттық аспаптары қойылған көрмені тамашалады. Көрмеге қойылған әр заттың тарихымен облыстық және аудандық ұйғыр этномәдени орталығының қызметкерлері таныстырды. Бұл туралы ұйғыр этномәдени орталығының ғимаратында өткен жиында қоғам өкілдері, ұйғыр, славян және дүңген этностарының өкілдері баяндады.

Расында, дүниеде екі мыңнан артық ұлт бар делінсе, олардың әрбірінің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, өмірлік ұстанымы, тарихи қалыптасу негізі болады. Басқаларды айтпағанның өзінде, түркітілдес ұлттар тобына жататын бауырлас халықтардың да өз алдына дербес өмір сүру салты мен тарихы бар. Сондықтан әрбір азамат пен азаматша, ең алдымен, өз ұлтының тарихын білуге, дәстүрін ұқыптауға, тілі мен ділін сақтауға міндетті. Өз ұлтын терең сүймеген адамның Отанын сүюі, елін құрметтеуі мүмкін емес.

«Ормандағы жұмбақ» саяжай кешенінде Панфилов аудандық ұйғыр этномәдени орталығының өкілдері Нұр-Сұлтаннан келген қонақтарға өздерінің салт-дәстүрі мен қонақжайлығын, ас мәзірі мен қолөнер туындыларын көрсетіп, сан ғасырлық тарих көшіне жұтылып кетпеген қастерлі мәдениетін паш етті. Сол рухани қазынаның бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның тұғырында өзгеше бояумен өркендеп жатқанын да сөз етті. Жалпы ұйғыр ұлтының өзіне ғана тән һәм үлгі ететін көп салт-дәстүрі бар. Бөлекше, дастархан мәзірі де бар. Қолданбалы өнер саласында да ұйғыр ұлтының үлесі мол. Кесте тігу, қыш ыдыстар өндіру, жиһаз жасау жағынан да айрықша талғамға ие. Киіну салтының да өзгешелігі басым. Тұрмыс-салт дәстүрлері қатаң сақталады. Музыка және би өнерінде дараланып тұратынын көпшілік біледі. «Мукам» мен ұйғыр халқының ұлттық биі «Усылды» айта кетсем де жетіп жатыр.

Шекаралы өңірде 1989 жылдан бері ұйғыр мәдениетінің орталығы жұмыс істеп келеді. Бүгінде бірлестікті Азат Гаитов басқарады. Аудандық ардагерлер алқасы және әйелдер кеңесінің белсенді жұмысының нәтижесінде жастарға ұлттық тәрбие беру ісі жолға қойылған. Одан бөлек, мемлекеттік тілді үйрене отырып, Қазақстанның мәдениеті, тарихымен танысып, етене жақын бола түсуде.

Панфилов аудандық ұйғыр мәдени орталығының төрағасы Азат Гаитов: «Осында тұрып жатқан ұйғыр ұлты өкілдерінің тарихын тануға, мәдениетін мәйектетуге, өнерін өрлетуге барынша ықпал етіп отырған аудандық ұйғыр этномәдени орталығы құрылғалы да 30 жылдан астам уақыт болды. Осы кезеңде қыруар жұмыс атқарылды. Әсіресе, еліміз Тәуелсіздік алып, Елбасының бастамасымен Қазақстан Халқы ассамблеясы жұмысын бастағалы, біздің де тынысымыз ашыла түсті. Жыл сайын ұйғыр этномәдени орталығы тек жақсы істердің ғана жаршысы болып келеді. Ұлттар арасындағы ынтымақты нығайту, береке-бірлікті асыру, достық қарым-қатынасты бекемдеудегі рөлі де жыл өткен сайын кемелдене түсті. Сонымен қатар ұйғыр этномәдени орталығы аудандағы белсенді азаматтарды ұйымдастырып, қоғамдық, әлеуметтік шараларға белсене атсалысуда.

Биылдың өзінде аудандық ұйғыр этномәдени орталығы «Еңбек Ері» Мәриям Ниязованың 90 жылдығына орай ел есінде қалатын ерен жұмыс атқарса, ақын Біләл Назым атындағы саябаққа күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге қолдау танытты. Саябаққа құны 1 млн 200 мың теңгеге түрлі ағаш отырғызса, адамдардың жайланып отырып, демалып қайтуы үшін орындық қойылды, 482 мың теңгеге қоршау жасалды, жол жиегіндегі бордюр ауыстырылды. 500 түптен астам көпжылдық гүл отырғызылып, арық тазартылды. Әлсіз топтарға әлеуметтік көмек көрсету ісі де ойдағыдай жүзеге асты. 9 мамыр Жеңіс күніне орай, 500 адамға әлеуметтік көмек көрсетілсе, 150 адамға азық-түлік пакеті таратылды. «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бағдарламасы бойынша жастарды отансүйгіштікке баулу, ұлттық өнерді насихаттап, ұрпақтар сабақтастығын бекемдеу тұрғысында да көп жұмыс атқарылды», – деп таныстырды.

Расында, өткен ғасырда Қазақстан әлемнің әр түкпірінен қоныс аударған өзге ұлттардың тыныс тапқан мекеніне айналғанын бәріміз білеміз. Оның үстіне, осындай жағдай қазақ жеріндегі түрлі ұлт өкілдерінің бірі-бірімен етене араласып, өзара түсінісіп, отбасын құрып, келешегін кемелдендіру үшін де үлкен мүмкіндіктер берді.

Аудандағы бастамашыл этномәдени бірлестіктерінің бірі ретінде дүңген этномәдени орталығын айрықша атап айтуға болады. Кездесуде орталық өкілдері де өз ойларын ортаға салды. Олардың айтуынша, Панфилов ауданында қала мен ауданның қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысатын 155-ден астам дүңген отбасы бар. Бірде-бір салтанат дүңген әндерінсіз, әдемі билерінсіз және ұлттық тағамынсыз өтпейді.

Дүңген қоғамы республика аумағында тұратын барлық этнос өкілдері сияқты Қазақстанның экономикасын, мәдениетін, өнерін, ғылымын, білімін, денсаулық сақтау мен спортын дамытуға қомақты үлес қосуда. Халық батыры Мұхаммед Аниюб Биянхудың, көрнекті әскери және мемлекет қайраткері Хакім Масаншының ерлігі мен батылдығы мысалында тәрбиеленген. Тұңғыш дүңген мектебінің және дүңген педагогикалық техникумының негізін қалаушы Магазы Масаншы, Кеңес Одағының Батыры Мансуз Ванахунді өсіп келе жатқан ұрпақ жақсы біледі. Жастар өз бастауларын ұмытпауы керек. Бұл олардың өз ұрпақтарына үлгі ететін, болашаққа еншілейтін бай да мазмұнды, мәдени мұрасы саналады. Басқа халықтың тілін білмей, оның мәдениетін, дәстүрін түсіну қиын. Жаркент жерінде тұрып жатқан дүңгендер қазақтардың, ұйғырлардың, славяндардың және басқа да этностардың тілін, салт-дәстүрлерін және мәдениетін білу парызымыз деп санайды. Дүңген ұлтының әрбірінің аузынан «Сан жын ха йи щин – хуон ту баянчын жин» деген халық даналығы түспейді. Қазақшаласақ, «Үш адам біріксе, сары топырақ алтын болады» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан олар күш бірлікте деп санайды, өзге этнос өкілдері және қазақ халқымен бірлесе тіршілік еткенде ғана табысқа кенелетінін сезінеді. Осы жолда барынша нәтижелі еңбек етіп жүргендері қызықтырады. Бұл да келісім мен бейбітшілікті келісімді сақтауда Ассамблеяның рөлі туралы шексіз айтуға болады. Құрметті ақсақалдардың өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеуге қосқан елеулі үлесін атап өткен жөн. Тәуелсіздік жылдарында олар жас елдің лайықты азаматтарын өсірді. Олар бүгінде өз халқына, Тәуелсіз мемлекетке белсене қызмет етуде. Әрқайсысының ана тілін, мәдениетін, өнерін дамытуға мүмкіндігі бар», – деді.





Марат Алмасұлының айтуынша, жастарға дұрыс тәрбие беру – елдің жарқын болашағының кепілі. Өйткені халық бірлігіне іріткі салып, кез келген жанжалға ұлттық сипат бергісі келетіндер де бар. Сондықтан жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім мен туған жерге, өз халқына деген сүйіспеншілік сезімін ояту қажет. Бұл тұрғыда ол еліміздегі ұйғыр халқының ортақ іске қосқан үлесін айтып, белгілі меценат Зәкіржан Кузиевке алғыс білдірді. Диалог алаңының модераторы З.Кузиев қазақ халқына мықты мемлекет құру жолында бірлесе еңбек етуге мүмкіндік бергеніне ризашылығын білдірді. Сондай-ақ бір шаңырақ астында елді нығайтып, экономиканы дамытып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Демократиялық даму бағытын қолдай отырып, славян, ұйғыр және дүңген этномәдени бірлестіктері Панфилов ауданының және жалпы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қомақты үлес қосуда. Аға буынның бай мәдени мұрасын сақтап, арттыра отырып, өз халықтарының мәдениеті мен дәстүрін жаңғыртып, жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу басты бағдар болып отыр.

Көктал ауылы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сайлау Сұлтанқұлов: «Көктал ауылында 15 мың халық тұрады. 12 ұлт пен ұлыс өкілі бар. Бүгінде берекеміз жарасып, ынтымағымыз өзгеге үлгі болып келеді. Халқымызда «Бетеге кетсе – бел қалар, бектері кетсе – ел қалар, берекең кетсе – нең қалады?» деген нақыл сөз бар. Біз берекеміз бекем ауылда өмір сүріп жатқанымызға мақтанамыз. Басқасын айтпағанның өзінде, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Үлгілі отыз ауыл» жобасында Көктал ауылы алдыңғы орынды иеледік. Біз осындағы қазақ, ұйғыр, дүңген, славян, тағы да басқа ұлт пен ұлыс өкілдері бір отбасының адамдарындай сыйласып келеміз. Мен біраз жылдан бері Көктал ауылдық ардагерлер кеңесін басқарамын. Осы кеңестің жұмысына ұйғыр ұлтының өкілдері Рахымжан Якупов, Хуршидам Багаева, Мұхаметжан Мәметовтар белсене араласады. Ауылымызда қандай да бір жағдай болса, ақылдасып шешеміз. Ортақ шешім қабылдаймыз. Әсіресе, Мұхаметжан Мәметовтың мұрындық болуымен, Көктал ауылындағы сәулеті мен салтанаты сай мешіт салынып, ауылдастарды имандылыққа, кісілікке тәрбиелеуде. Қазақстан – сүйіспеншілік, қайырымдылық, өзара сыйластық үндескен ортақ үйіміз. Біз бір елдің баласымыз. Қазақ халқымен бірге аянбай еңбек етіп, елдің гүлденуі, тыныштығы мен татулығының шайқалмауы бағытында жұмыс істейміз», – деді қорытынды сөзінде.

Ұйғыр этномәдени орталығының төрағасы Азат Гаитов, Панфилов ауданының Құрметті азаматы Рехимжан Тохтахуновтар да осы тұжырымға тоқтады.

Өз кезегінде құрметті құрылысшы Тұрсын Семятов Еңбекші орта мектебіне Социалистік Еңбек Ері Мәриям Ниязованың есімін беру жөніндегі ұсынысын ортаға салды. М.Әзілханов аудан тұрғындары мен қарияның өтінішін облыс басшылығына жеткізетінін айтты.

Ту еткен Қазақстан Халқы ассамблеясының ізгі идеяларының салтанат құруы деп білген дұрыс. Марат Әзілханов: «Көпұлтты Қазақстан халқын ортақ тарих, тағдыр мен ұлы мақсат біріктіреді. Барлығымыз бір әкенің баласындай болып кеттік, – деп атап өтті. – Татулықты ту еткен мемлекеттің басты құндылығының бірі – ұлт татулығы мен бірлігі. Оған Қазақстан Халқы ассамблеясы сынды ерекше институттың құрылуы дәлел бола алады. Егеменді мемлекеттің қалыптасуы мен өркендеуінде, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуда және ұлтаралық

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Татулық

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛГЕ ҚҰТ ҚҰЙЫЛАДЫ

Жетісу жеріндегі ынтымақ пен бірлік ұлттар мен ұлыс өкілдерінің тату-тәтті тіршілік кешуіне мүмкіндік беруде. Мұндай пікір облыс әкімдігінде өткен облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының «Келісім, татулық пен бірлікке бөленген 30 жыл» атты кезекті XXVI сессиясында айтылды. Алматы облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов ашып, жүргізіп отырған алқалы жиынға Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелері мен белсенділері, облыстық басқарма басшылары, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, облыстық, аудандық, қалалық, ауылдық округтердегі қоғамдық келісім және аналар кеңесі, ғылыми-сараптамалық топ мүшелері, облыстық этномәдени орталықтардың төрағалары, қоғамдық келісім қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының 2021 жылы атқарған жұмысының қорытындысын тыңдады.



Жиын алдында былтырғы пандемия кезінде қайтыс болған жандарды бір минуттық үнсіздікпен еске алған көпшілік Парламент Мәжілісінің депутаты Әлия Әбсеметованың



тақырыпқа қатысты жолдаған бейнебаянын тыңдады. Сессияның күн тәртібінде қаралған бір мәселе – «Келісім, татулық пен бірлікке бөленген 30 жыл».

Облыс әкімінің орынбасары Батыржан Құлаймергенұлы: «Биыл – еліміз үшін мерейлі жыл, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Осы уақыт ішінде халықтың еркін санасы қалыптасып, азат елдің жасампаз ұрпағы өсті. Бұл уақыт ішінде мақтануға тұратын ауқымды істер жасалды. Ең бастысы – елімізде саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім сақталуда. Бұл, әрине, Сіздердің, Қазақстан Халқы ассамблеясы мүшелерінің, этномәдени бірлестіктер басшылары мен белсенділерінің ортақ еңбегінің жемісі.

Баршаңызға белгілі, ағымдағы жылы 28 сәуірде онлайн режимде Қазақстан Халқы ассамблеясының кезекті 29-шы сессиясы өтіп, Үкіметке, жергілікті атқарушы органдарға, этно бірлестіктерге бірқатар тапсырмалар берілді. Бүгінгі сессияда сол тапсырмалардың орындалуын, алда атқаратын жұмыстың бағыттарын айқындайтын боламыз», – деді.

Келесі кезекте Алматы облысында «мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру туралы» деген тақырыпта облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов баяндама жасап, өңірде атқарылған жұмыстардың нәтижесін таныстырды:

«Тәуелсіздіктің баға жетпес құндылықтарын өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу баршамызға ортақ абыройлы міндеттеріміздің бірі болып қала бермек. Жыл басынан осы мақсатпен 724 іс-шара, оның ішінде екі халықаралық, тоғыз республикалық, 77 облыстық, аудандық, 636 қалалық іс-шара өткізілді. Әрбір шара Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын қамтып отыр». Одан ары сөзін жалғап: «Қазақстан Халқы ассамблеясының XXIX сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ассамблеяға және жергілікті атқарушы органдарға этносаралық саладағы, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту жөніндегі мемлекеттік саясаттың жаңа бағыттарын белгіледі. Қазақстан Халқы ассамблеясы мүшелерінің сапалық құрамын жаңартып, оны мемлекет құраушы ұлт қатарынан елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, жалынды жастар, танымал тұлғалармен толықтыруды тапсырған болатын. Қатарымызға қабылданған азаматтар тың идея мен бағалы бастамаларға серпіліс беретініне сенімдіміз. Достықтың алтын бесігіне айналған Жетісу жерінде ұстанымы мен сенімі жылдар бойы нығая түскен әр этнос өкілдері келісім мен татулықтың мол тәжірибесін жинақтады.

Жалпыұлттық бірлік пен бірегейлікті нығайту мақсатында ұлттық ерекшелігімізді, әрбір этностың тілін, дәстүрін сақтай отырып, өзара түсіністік, адамгершілік пен ізгілік негізінде шынайы бірлікке келу бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Бұл бағытта мемлекеттік тілдің ел азаматтарын біріктіруші аса маңызды фактор екендігін жақсы түсінген этномәдени орталықтардың басшылары мен олардың белсенділері, әсіресе, жастардың қазақ тілін оқып-үйренуіне баса көңіл бөледі.

Этномәдени бірлестіктердің әдістемелік-тәжірибелік орталығы болып табылатын «Достық» үйінде арнайы жасақталған бір ғана тіл кабинеті арқылы, 3 жылға жуық мерзімде 100-ден аса азаматтар, әр этнос өкілдері қазақ тілін және өз ана тілдерін оқып үйренді. Дана халқымызда «Үдере көшкен уығын сындырады, бірлігі бекем жұмысын тындырады» деген нақыл сөз бар. Қазақстан Халқы ассамблеясынан қанат қағып, бүгінгі күні Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жанындағы «Имиждік саясат орталығының» директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Дамир Дигай, Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Владимир Чепель, «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының өңірлік штабының төрағасы Руфуина Усановалар танымал көшбасшы азаматтарға айналды. «Мемлекет маған не береді» деп қарап отырмай, әлемді кезген індетке қарсы күресте жігерлі жастардың көбейіп келе жатқандығы көңіл қуантады. Қазақстан Халқы ассамблеясы XXIX сессиясында Ассамблея мүшелері мен этномәдени орталықтарға татулық пен келісім саясатын лайықты жалғастыруға тапсырмалар берілгені мәлім», – деп сөзін қорытты.

Баяндамашының айтуынша, этномәдени орталықтардың мүшелері «Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Тілдарын», «Мың бала» атты байқауларға, дәстүрлі Абай, Ілияс, Мұқағали оқуларына белсене атсалысып, қоғамның дамуына елеулі үлес қосып келеді. Одан бөлек, этномәдени орталықтардың мүшелері былтырғы карантин кезінде қайырымдылық жасап, игілікті істердің ұйтқысы болған. Сонымен қатар Жетісу жерінің дамуына керекті істер мен шаралардың бастауынан Ассамблея мүшелері табылады. Олардың атқарған жұмысы мерзімдік баспасөзге басылып, әлеуметтік желіде жарияланып тұрады. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын Алматы облысының жұртшылығы ынтымақпен, бірлікпен өткізуге дайын.

Одан соң «Облыстық орыс орталығының» төрайымы Лариса Котельникова, корей этномәдени бірлестігінің төрағасы Владимир Ли кезекпен жарыссөзге шығып, Жетісу жеріндегі ынтымақ пен бірліктің бастауы ұлтаралық татулықта, келісім мен берекеде жатқандығын растады.

Ұйғыр ауданының «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының белсендісі Рухиям Низамова туған еліне деген ықыласын былай білдірді: «Қазақстан. Құшағы ыстық, құлашы кең байтақ өлке. 130-дан астам этнос өкілінің бір атаның баласындай ырыс пен ынтымақта өмір сүріп келе жатқандығы бұл сөзімізге айғақ. Мен қазақ халқының мұндай мейірбандығын, қонақжайлығын, кеңпейілдігін үнемі мақтан етіп келемін. Мен ұйғыр ұлтының қызы боламын. Отаным – Қазақстанда біздің этносымызға еркіндік беріліп отыр. Әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді және тарихымызды дамытуға, зерттеуге өз ана тілімізде білім алуға барлық мүмкіндік жасалған. Бүгінде әлемнің ешбір жерінде жоқ ұйғыр театры біздің отанымызда орналасқан. Сонымен бірге «Уйғур авази», «Іле вадиси», «Жаркент өңірі» газеттері ұйғыр тілінде жарық көруде».

Мен өз ана тілімді қалай жақсы меңгерсем, қазақ тілін де солай меңгердім. Біздер, Қазақстанда мекендеген ұлт өкілдері қазақтың тілін міндетті түрде білуіміз керек. Ол міндет қана емес, тарихи парыз.

Маған Қазақстан Халқы ассамблеясының сессиясына қатысу бақыты бұйырған болатын. Сессиядан алған әсерімді жеткізу мүмкін емес, мен үшін үлкен тәжірибе. Ең бастысы, Қазақстанда өмір сүріп келе жатқан этностардың бірлігі мен ынтымағы,бір-біріне деген ыстық мейірімі мен ойлағаннан да әсерлі болды. Сессияға қатысуға келген барлық этнос өкілдеріне қарап отырып, олардың бір үйдің баласындай аға-бауырдай бір-біріне соншама жақын екенін тағы бір рет түсіндім.

Өзім жастар саясаты саласында жұмыс істеп жүргеніме 7 жылдан асты. Кішігірім ауылымда қазақ пен ұйғыр «төсекте басы, төскейде малы» қосылып, ынтымағы берік, бірлігі жарасып, ағайын-бауырдай өмір сүріп келеді. Ата-бабадан көрген тәрбие бүгінгі жастарда да қалыптасқан.

Бүгінде ынтымақтың ошағы жағылып, тұрақтылықтың туы тігілген елімізде күллі қазақстандықтарды бір мақсатқа жұмылдырып, болашақта мемлекетімізде заман дауылы шайқалта алмайтын, саяси жағынан сауатты, әлеуметтік жағынан тұрақты, экономикалық жағынан қуатты, өркениетті, дәулетті 30 мемлекет қатарына ену бағытында өте жауапты, күрделі міндет алдымызда тұр.

Осы міндетті іске асыру үшін Қазақстанның даму моделін халықаралық стандартқа жеткізуіміз керек.

Қазақта «Қарағайдың қырық бұтағы болғанымен, біреу ғана түзу таяқ болады» деген әдемі сөз бар. Біз, Қазақстанның әрбір перзенті түзу таяқтай халықтың кәдесіне жарауымыз керек.

Жақында Ұйғыр ауданының орталығы Шонжы ауылында орталық көшелеріне Ұлы Абай мен Шығыстың ұлы ойшылы Әл Фарабидің есімі берілді.

Осы орайда, мен Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті Ш.Е.Есеновтің: «Әл Фараби – өткеннің рухани мәдениетінің ұлы қайраткерлеріне жатады, олар халықтың образын сөзбен, музыкамен, мәрмәрмен және бояулармен терең танып, түсіруге сөзсіз лайық», – деген сөздерін есіме түсіремін.

Әл Фараби, оның әлемдік тарих, мәдениет, философия және ғылым қазынасына енген шығармашылық, рухани-зияткерлік мұрасы – Қазақстанның полиэтносты бүкіл халқының ортақ игілігі. Мен оның есімі Қазақстан ғылымының флагманы – Қазақ ұлттық университеті, мектептер, даңғылдар, енді Алматы облысының аудан орталығындағы көше екенін мақтан тұтамын.

Әл Фараби-Қазақстанның мәдени символы, оның есімін халық жадында мәңгі қалдыру – біздің парызымыз.

Ал менің анам – ұйғыр ақыны Паридам Тайыпова осы қуанышты хабарды естіп «Ұлы сөздің құдіретісің, Абай» деген өлең жазған болатын.

Өз сөзімді де анамның өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

«Арамның жолы қиқалақ,
адалдың жолы төте еді.
Жақсы-жаман әркімнің арасынан өтеді.
Араздаспай-таласпай тату жүрсек не етеді?
Ынтымағы бар болса,
Бұл дүниенің қызығы,
барлығына жетеді».

Қазақстанның ынтымағы жарасып, алар асуы алда болсын, ағайын!».

Ал Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің оқытушысы, «Парасат» тіл жанашырлары клубының мүшесі Айым Әлиева: «Мен, Айым Қасенқызы, қазақтың алып қазақтың ғана тілі емес, Қазақстанда тұратын барлық этностардың ортақ тілі.

Тіл – достықтың кілті, ынтымақтың бастауы. Өмірдің талай сынынан өткен, толыққанды ақиқат. Тілсіз қоғам өмір сүре алмайды. Еліміздің «Тіл туралы» заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған.

Тәуелсіз елдің жас ұрпағын нағыз патриот отансүйгіш ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекетік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Қанша тіл білсең, өзгеден соншама биіксің. Алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Облыстық Ассамблеяның қолдауымен, Нұр-Сұлтан қаласында өзге этнос жастары арасында өткен республикалық «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» форумына қатыстым. Әр өңірдегі қазақ тілін менен де жақсы сөйлейтін замандастарымды көріп, өзіммен салыстырып, жастық жігеріме күш-қуат қосылып, ерекше әсермен оралдым, елі мен жерінің тарихына бей-жай қарамайтын, білімді, зейінді жаңа достар таптым.

Қазақ тілі – дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі деп әспеттеп жатамыз. Жуырда Тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен, өзге этнос жастары арасында қазақ тілінің көркемдік ерекшелігін, сөздік қорын насихаттау, Абай шығармашылығы арқылы қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген ықыласын арттыру мақсатында өткізілген облыстық Абай атындағы көркемсөз оқуларынан 1 орынға ие болдым. Әр аудан, қалалардың аманатын арқалап, додаға қатысқан талантты жастардың арасынан топ жару бақыты бұйырғанда, ерекше сезімге бөлендім. Мемлекет басшысы жастар жылын қорытындылап, өткен жылды «Еріктілер жылы» деп жариялаған болатын. Соған орай, колледжімізде еріктілер тобы құрылды. Басқа адамдардың игілігі үшін саналы, ерікті көмек, қолдау көрсетіп, жерлестерімізге пайдамызды тигізудеміз. Біз баршамыз бейбіт елде берекелі күн кешуді қалаймыз. Ал біздің жалпымыздың тілегімізді бір тіл ғана біріктіре алады.



тұлғаларының ізі қалған киелі Семей өңірінің тумасымын. Ұлтым – дүрген. Бала кездегі асқақ арманым орындалып, 2015 жылдан бері Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде ұстаздық қызметтемін. Әрқашан жастармен тікелей жұмыс жүргізу үлкен жауапкершілік жүктесе, бір жағынан, өзара емін-еркін пікір алмасып, қажет болған жағдайда сырласып, тың идеяларымен бөліскенде, мамандық таңдаудан қателеспегенімді сезінемін. Білімгерлер кез келген уақытта хабарласып, ақыл-кеңес сұрап, өз ойларымен бөлісіп жатады. Қазақ халқында «Байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ» деген қанатты сөз бар. Біздің білім ордасында әр этнос өкілдері еңбек етіп, білімдерін шыңдап жүр. Жетісуға танымал тұлғаларды шақырып, жастармен ұйымдастырылатын көпшілік шаралар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, сабақтар барысында қоғамдық келісім, этносаралық татулық құндылықтарын дәріптеп, жастардың бойында отансүйгіштік қасиеттерін дамытуды жалғастырып келеміз. Көптеген шәкірттеріміз республикалық байқаулардың жеңімпазы атанып жүр.

Кең-байтақ жеріміздің ұлтжанды тұлғалары, еліміздің мақтаныштары – Жақсылық Үшкемпіровті, Бауыржан Момышұлын, Қасым Қайсеновты үлгі етемін. Қайсар ұлттан, қайратты жігіттер тәрбиелеген ел аналары – Зере мен Айғаным әжелердей, Ұлжан аналардай, Фариза мен Аққұштап, Зейнеп Ахметовадай аналарды пір тұтамын. Бос уақытымда Абай Құнанбаев, Ілияс Жансүгіров, Мұқағали Мақатаев, Оралхан Бөкей, Мұхтар Әуезов, Мұхтар Шаханов, Шоқан Уәлиханов шығармаларын және қазақтың әдет-ғұрыптары жайлы этнографиялық мақалалар жинақтарын оқуды ұнатамын.

Мемлекеттік тіліміз менің өмірімде ерекше орын алады. Қазақтың бай тілін білу арқылы, көптеген жетістіктерге жеттім. Мектепті және жоғары оқу орнын орыс тілінде бітірсем де, мемлекеттік тілге байланысты әртүрлі олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иелендім. Менің ойымша, мемлекеттік тіл тек

Облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы, «Қазақстанның Құрметті журналисі», Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы Жетекші журналистер клубының төрағасы Атсалим Идигов ағамыз жаны ашып, жиі айтып жүретін «Кез келген қазақстандық бір-бірімен қазақ тіліндеде сөйлессін» деген бағалы бастамасына толықтай қосыламын. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында, барша замандастарымды мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге атсалысуға шақырамын. Тәуелсіздік халқымызға не берді десек, санымыз өсті, рухымыз асқақтады. Өркендеу, өсу, дамумен бірге тіліміздің тұғыры да биіктеуі шарт. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі үстем болып, мемлекетіміздің мызғымас тірегіне айнала берсін», – деп, сөзін аяқтады.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов ішкі саясат басқармасына, Ассамблея хатшылығына, «Қоғамдық келісім» МКМ-не, аудан, қала әкімдіктеріне мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруға байланысты тапсырмалар жүктеді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Мал өсірсең

КӘСІБІНІҢ КӨЗІН ТАПҚАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың агроөнеркәсіп кешеніндегі өнімділікті арттырып, экспорт көлемін ұлғайту міндеттерін іске асыруға тапсырма бергені әр фермердің де, аграрлық салаға жауапты ведомство өкілдерінің де есінде. Одан бөлек, 2022 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласына қажетті техникаларды жаңарту жұмыстарын 2 пайыздан 6 пайызға көбейтіп, суармалы, егін егуге пайдаланатын жер көлемін 1,4 миллион гектардан 2 миллион гектарға дейін ұлғайту, тұқым сапасын жақсарту секілді қордалы мәселелерді шешу шаруасы тағы бар.



«Малдың жайын баққан біледі» деп, қақаған қарлы боранмен көктемгі көкөзек кезеңде қиындықты белуардан кешіп, жаздың аптабына қуырылып, күздің қара суығына ұрына жүріп, төрт түлігін өсірушілердің жұмысы оңай емес. Оны Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақсай ауылындағы «Үміт» шаруа қожалығының төрағасы Мереке Оразғұловпен әңгімелескенде де түйсіндік. Асыл тұқымды қой мен сиыр өсіруді қолға алған шаруа биылғы қуаңшылықтың қиындығы қос өкпеден қысып тұрғанын айтты.



«Көппен көрген ұлы той» деген, ел ішіндеміз ғой халық аман болсын», – дейді Мереке Сағынғалиұлы.

Jas qazaq: Өзіңіз басшылық ететін «Үміт» шаруа қожалығын қашан құрдыңыз? Мал шаруашылығын өрістетуге не себеп болды?

Мереке Оразғұлов: Ата-бабамыз мал баққан халықпыз ғой. Өзімнің қорамда азын-аулақ мал өсірдім. 2003 жылы шаруашылық құрып, іргесін кеңейтсем деп асыл тұқымды қой сатып алып жұмысты өрістеттім.

Мысалы, асыл тұқымды қойдың қозысы алты айлығында кәдімгі қарабайыр қойдың тұсағымен шамалас болады. Тіпті кейде салмағы артық та шығады. Сіздің баққан қойыңыздың төлі бір жылдан кейін шамамен 20-25 келі тартса, асыл тұқымды қойдың төлі алты айлығында 18-22 келіге жетеді. Міне, артықшылығы осында. Ауыл шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаға қатысып, былтыр 42 миллион теңге несие алдым. Соған 120 бас сиыр сатып әкелдім.

Jas qazaq: Пайызы төмен бе, алған несиеңіздің?

Мереке Оразғұлов: 17 пайызбен алдым, 10 пайызын үкімет субсидиялайды, 7 пайызын мен өтеймін. Осы несиеге ақ бас сиырларды сатып алып, өсіріп жатырмыз. Жерсінуі де қиындық туғызбады. Бірақ биылғы қуаңшылық оңай соқпай тұр. Жылда бұл уақытта қысқы азыққа шөбіміздің орып, жинап алатын едік, биыл шабындық жердің жайы мәз емес, түсім аз.

Жаңа несиенің пайызы төмен бе? деп сұрадың ғой. Пайызы анау айтарлықтай ауыр соқпайды. Ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар жеткілікті. Аграрлық саясат та дұрыс.

Былтыр қыркүйек айында құжатымды өткіздім, желтоқсанда қаржы есепшотымызға түсті. Қыстың көзі қырауда табанымыздан тозып жүріп сатып алатын малды әзер таптық. Несиенің қаржысы шаруаның қолына тигенге дейінгі жұмыс тым ұзаққа созылатыны қиын. Осы жағы келешекте реттелсе.



Jas qazaq: Асыл тұқымды дедіңіз, қандай тұқым еді?

Мереке Оразғұлов: Батыс Қазақстан облысынан Еділбай тұқымды қой сатып әкелдім. Бүгінгі таңда отардағы қой басы 1000-ға жетіп жығылады. Оның ішінде 600 бас аналық, қалғаны былтырғы, биылғы төлі. Қозыларды кепе кезінде саттық біразын, ақша керек болды. Көктемдегі төлдеу науқаны жаман өткен жоқ, Аллаға шүкір, бұйырғанын алдық. Еділбай тұқымының бір артықшылығы меринос қой секілді сақман кезінде салмағын артпайды. Қозысы тез ширайды, өзі ауызданып, енесіне ілесіп кете береді. Ал енді меринос қойының ішінде кейбірі қозысынан жеріп, алмай әуре етеді.


Қозысы да әлсіз келетіндіктен, өлу көрсеткіші жоғары. Сол себепті де біздің өңірде меринос қойын өсіруден гөрі шаруалар асыл тұқымды еділбай, гиссар қойын бағуды құп көреді.

Jas qazaq: Қой тұқымын асылдандырумен ғана емес, асыл тұқымды сиыр өсіру шаруасын да қатар өрбітіп келесіз. Былтыр ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында жеңілдетілген пайызбен қомақты несие де алыпсыз.

Мереке Оразғұлов: Асыл тұқымды мал өсіру, болмаса қолдағы төрт түлігіңнің тұқымын асылдандыруға ден қою керек.

Шағын бизнес

ЕРМЕКТІҢ КІРПІШІ



Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 2,5 мыңнан астам жұмыссыз және жас кәсіпкер оқытылған. Былтырдан бері 700-ден аса бизнес-жобаға гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несие берілген. Сол қатарда Еңбекшіқазақ ауданының 28 жасар тұрғыны Ермек Сұңқарбекұлы газоблок, приторлық блоктар мен тақтатас шығаратын екі шағын кәсіпорынды іске қосқан.

Алғашқы зауыт өткен жылы Талғар ауданында салынған. 0,3 гектар аумақта өндірістік цех, қойма үй-жайы, ұңғыма, өнім сатылатын шағын дүкен орналасқан. Жалпы ауданы 1 гектар жерді алып жатқан екінші цех биыл мамыр айында Боралдай ауылында ашылды. Күн сайын әр зауытта 50 шаршы метр шамасында тақтатас, 240 дана газоблок және 1200 приторлық блок шығарылады. Екі кәсіпорында 17 адам жұмыс істейді.

Кәсіпкер Е.Сұңқарбекұлы: «Осыған дейін мен құрылыс компаниясында жұмыс істедім. Тәжірибем болды. Блокқа сұраныс бар екеніне, кәсіп жүргізуге мүмкіндіктің барына көзім жетті. Осылайша, өз ісімді ашу туралы идея пайда болды». Содан «Еңбекшіқазақ ауданындағы кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жобасына қатысуға бел будым. Алғаш рет 200 АЕК (*айлық есептік көрсеткіш*) көлемінде грант, кейін 6 млн теңге көлемінде 6 пайызбен жеңілдетілген несие алдым. Сонымен бірге, «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында, инновациялық жоба ретінде 2 млн теңге көлемінде грант жеңіп алдым. Осы қаражатқа мен блоктар мен төсемдер және басқа да жабдықтар шығаратын станоктарды сатып алдым. Жабдықтардың барлығы отандық өнім, тек приторлық блок шығаратын станок Қытайда жасалған. Өндіріске арналған шикізат жергілікті карьерлер мен цемент зауыттарынан жеткізіледі», – деп шағын бизнесінің шаруасын түсіндіріп берді.

Ермектің айтуынша, өндіріс пен сату маусымы наурыз айында басталып, қазан айының соңына дейін жалғасады. Өнімнің басым бөлігін жеке азаматтар сатып алса, қалған 30 пайызға жуығын мемлекеттік және бизнес құрылымдары қажетіне жаратады.

Алдағы уақытта кәсіпкер өндірісті кеңейтіп, өнеркәсіптік база салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ қызмет көрсету және туризм салаларының дамуына ниетті екенін айтты.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Кәсіпкерлік

КӘСІПТІ ҮЙРЕТЕДІ, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТИДЫ

Алматы облысында өңірлік кәсіпкерлер палатасының жанындағы оқу орталықтары тізіліміне енген 79 орталық нарықта сұранысқа ие 200-ден астам мамандық бойынша жұмыссыздарды қысқа мерзімді оқытуды жүзеге асыруда. Осы жылы облыс бойынша 1500-ден астам адам жаңа мамандықтарды меңгереді.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен айналысатын оқу орталықтарының бірі – Текелі қаласында орналасқан. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, Алматы облысында білімгерлерді жұмысқа орналастыру көрсеткішінде осы орталық көшбасшы атанды. Қысқамерзімді оқудан өткен жұмыссыздардың 95,5 пайызы тұрақты жұмысқа орналасқан немесе жеке кәсібін ашқан. Жақында оқу орталығында аспаз мамандығы бойынша қорытынды емтихан өтті. Оқу орталығының жетекшісі Светлана Оңғарбаеваның айтуынша, қазіргі таңда оқу орталығын 18 тігінші мен 20 аспаз бітіріп шыққан. Оқу ұзақтығы үш ай, ай сайын студенттер 20 мың теңге көлемінде шәкіртақы алады.







Светлана Оңғарбаева: «Біздің оқу орталығымыз нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың арқасында және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен Текелі қаласының жұмыспен қамту орталығының қолдауымен ашылып, үш жыл жұмыс істеп келеді. 2019-2020 жылдары оқу орталығында 115 адам білім алды, оның ішінде – 60 тігінші, 35 есепші және 20 аспаз. 110 адам немесе қатысушылардың 95,5 пайызы жұмысқа орналасты. Оның ішінде 26 түлек өз ісін ашуға грант алды. Ағымдағы жылы біз 18 тігінші мен 20 аспазды оқыттық», – деп түсіндірді.

Орталық түлектерінің бірі – Назгүл Төлендиева. Оқу орталығында ол аспаз ісі бойынша үш айлық курстан өтіп, қаладағы мейрамхана кешендерінің бірінде жалақысы жоғары жұмыс тапты. Емтихан кезінде комиссия мүшелері аспазшының курстық біліктілік жұмысына жоғары баға берген.

Леонид Пак – «тігінші» мамандығы бойынша оқу орталығын тәмамдаған студенттердің бірі. 2019 жылы оқу орталығында біліктілігін көтеріп, кәсіпкерлер палатасының қалалық филиалы жанынан «Бизнес кеңесші» жобасы бойынша оқудан өтті. Жобаны қорғап, «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 млн теңге көлемінде мемлекеттік грант алды. Бүгінгі таңда кәсіпкер былғары мен теріден түрлі бұйымдар жасайды. Сол қатарда әйелдерге арналған сөмке, әмиян, белдік пен аяқ киімдер сұранысқа ие. Шағын цех үш адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Светлана Оңғарбаеваның айтуынша, оқу орталығында мамандық бойынша біліктілікке ие болып қана қоймай, кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, қайырымдылық шараларына белсенді қатысады. Мәселен, өткен жылы пандемия кезінде оқу орталығы 1000-нан астам бетперде тігіп, көпбалалы отбасылар мен мүгедек жандарға таратты. Жыл сайын студенттер Бөбектер үйінің тәрбиеленушілеріне арнап киім-кешек тігеді. Сонымен қатар, орталықтың түлектері кәсіпкерлер үшін ашық сабақ ұйымдастырады.

Оқу орталығының басшысы: «Оқу орталығында ашық сабақ пен шеберлік сыныптарын жиі өткіземіз. Ол сабақтарды біздің түлектеріміз жүргізеді. Өз ісін ашқан түлектер біздің қатысушыларды іс тәжірибесіне алып, әрі қарай жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі. Биыл студенттердің шамамен 30 пайызы оқу орталығын аяқтаған түлектеріміздің нысандарына жұмысқа орналасты. Біз барлық студенттермен тұрақты байланыстамыз. Оларды еңбекпен қамтуға, бизнестің бағытын анықтауға, жобаларын сүйемелдеуге қолдау көрсетеміз», – дейді.

Текелі қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы КММ басшысы Жасұлан Қапалов қалада үш оқу орталығы бар екенін атап өтті. Биыл қысқа мерзімді оқытумен 80 адам қамтылады.

Жалпы нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде, Бағдарламаның бірінші бағытына сәйкес, жұмыс беруші өзінің кәсіпорнында оқу орталығын құра отырып, ҰКП жанындағы оқу орталықтарының тізіліміне енгізілген жағдайда шығындарды өтей отырып, жұмысшы кадрларды дербес дайындауға мүмкіндігі бар.

Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметов: «Атамекен» кәсіпкерлерге оқу орталығын құру бойынша қажетті қолдау көрсетіп, оқу орталықтарының тізілімін жүргізуде. Бүгінгі күні кәсіпкерлер палатасы жанындағы оқу орталықтарының тізілімінде 79 оқу орталығы бар, оның ішінде кәсіпорындар жанынан – 37, колледждер жанынан – 35, дербес оқу орталықтары – 6 және жоғары оқу орны жанынан бір орталық құрылған. Оқыту 200-ден астам сұранысқа ие мамандықтар бойынша жүргізіледі. Биыл 1500-ден астам адам оқумен қамтылады деп жоспарлануда. Ережеге сәйкес, оқу орталықтары білім алушылардың 60 пайызға жуығын жұмысқа орналастыруы тиіс», – деп жастарды кәсіптендірудің жоба-жоспарын жайып салды.

Қысқа мерзімді оқуға жұмыссыз азаматтар қатыса алады. Ол үшін жергілікті жұмыспен қамту орталығына жүгініп, жазылу керек. Кәсіпкерлік субъектілері мен жұмыс істеп тұрған оқу орындары қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламалары бойынша оқу орталығын ашу үшін өңірлік кәсіпкерлер палатасына жүгінуі қажет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Кәсіпкерлік

ӨНДІРУШІГЕ ДЕ, ТҰТЫНУШЫҒА ДА ТИІМДІ

Бүгінде облыстың әр тұсында ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін кәсіпорындардың саны артып, азық-түлікпен қамтамасыз етудің даңғыл жолы ашылды. Ең бастысы, өндірілген өнімді тұтынушыға жеткізіп, төккен тердің өтеуін толығымен ақтау маңызды.

Аймақтағы кәсіпорындар мен агрофермалар өндірген тауарының бір бөлігін экспортқа шығарса, енді бір бөлігін ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағыттайды. Облыс аумағындағы өндірушілер өз тауарын еліміздегі Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент сияқты мегаполистің тұтынушыларына жеткізуде қандай да кедергілерге кездесетіні жасырын емес.

Осыған дейін «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы Алматы облысының өндірушілеріне ірі қалалардағы сауда желілерімен өзара байланысты күшейтуге және өнімдерді өткізуге көмектесу мақсатында Алматы қаласындағы ірі сауда желілерімен бірлескен кездесу ұйымдастырып, оның қорытындысы бойынша сүт және сүт өнімдерін, қант, жұмыртқа және басқа да азық-түлік өнімдерін тікелей жеткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізген болатын. Корпорация өкілдерінің айтуынша, бұл шаралар Мемлекет басшысының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі тапсырмасын іске асыруға бағытталған.





Жуырда Алматы облысының тауар өндірушілері мен Алматы қаласының ірі сауда желілері арасында өнімді тікелей өткізу туралы келісім жасалды. Бұл келісім бойынша облыстағы күнбағыс майы, күріш және сиыр етін өндіретін кәсіпорындар мен агрофермалардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары Алматы қаласының тұрақтандыру қорына жеткізілмек.

Жұмыс сапары аясында жергілікті тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау тетіктері, атап айтқанда, айналым қаражатын толықтыру үшін жеңілдетілген несие алудың тетіктері де де айтылды. Бүгінде Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын ұстап тұру мақсатында тұрақтандыру қорын толтыруға және кәсіпкерлік субъектілеріне, сауда кәсіпорындарына, сондай-ақ өңірдің тауарөндірушілеріне жеңілдетілген несие беру мақсатында бюджеттен 3 млрд теңге бөлінген. Несие алған кәсіпкерлік субъектілері бағаны ұстап тұруға міндеттенеді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу және өткізу үшін «Toimart» ірі сауда желісі, «Когер Лтд» ЖШС, «Ақсай нан» ЖШС, «Ақсу кант» ЖШС, «Ләззат-2016» ЖШС және басқа да өндірушілерге жеңілдетілген несие берілді.





Жеңілдетілген несие өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және тұрғындарға тауарлардың қолжетімділігін арттыруға көмектеседі. Жоғарыда аталған келісім бойынша, қала мен облыс арасында 2021 жылдың қыркүйегінен 2022 жылдың сәуіріне дейін құны 2,5 млрд теңгеге 22 мың тонна көкөністі «форвардтық» сатып алу шарты жасалды. Бұдан бөлек, аталған келісім Алматы облысындағы күріш өсіретін және оның өнімін өндіретін агрофермалардың жұмысын жетілдіре түсетіні белгілі болды.

Жетісу өлкесінде ақ күріш Балқаш және Қаратал аудандарында өсіріледі. Дегенмен басым бөлігі Бақанастың күріші, ол нарықта жоғары бағаға ие. Өйткені Іленің құнарлы суы Қапшағайда біраз жылыған соң күрішке түсіріледі. Ал суды жақсы көретін дақыл бойына суды сіңірген соң ғана бой алады. Арада өткен 100 күннен соң жайқалған ақ күрішке комбайн түсіп, дәнді дақылды қырманға аттандырады. Биыл балқаштықтар 8861 гектар алқапқа күріш екті. Қазіргі таңда өңірдегі «АФ Бірлік» ЖШС, «Динара» ӨК және «Өтес-Ақдала» ЖШС, сонымен қоса, «АФ Өтес» жоғары өнімдерге қол жеткізіп келеді.

Ерекше атап өтетін бір жәйт, Балқаш өңірінде өсірілген күріш экологиялық сапасымен ерекшеленеді. Оған бір жылдары шетелдіктердің өздері де көз жеткізген. Бірнеше рет арнайы келіп, топырақ пен судың, тіпті ауаның да құрамын мұқият зерттеген олар бұл өңірде өсірілген өнімнен балалар тағамын дайындауға болады деген тұжырымға тоқтапты. Мұның өзі өнімге берілген жоғары баға. Басқа басқа, шетелдіктердің балалар тағамының тазалығына ерекше мән беретіндіктері белгілі ғой. Осындай еккен күріші жоғары бағаға ие болып келе жатқан ұжымның бірі – Алматы облысы Балқаш ауданы Бірлік ауылындағы «Агроферма Бірлік» ЖШС деп аталатын күріш шығаратын кәсіпорын. «Агрофирма Бірлік»» ЖШС директоры Алмас Қыстаубаев: «Ақ маржан» өсірумен айналысатын шаруашылықтардың оны ақтауды да қолға алуы өмірдің өзінен туындап отырған қажеттілік. Ондай шағын зауыттар осы өңірдегі серіктестіктердің қай-қайсысында да бар десек, асырып айтқандық емес. Бұрындары мұндай өндіріс орындары жиналған күріштің бір бөлігін үлгергенінше ақтап, қалғанын астық қабылдау кәсіпорындарына шала күйінде өткізілетін. Сол кезде, шыны керек, бастырылған астық толықтай өздерінде ақталып, сауда орындарына дайын өнім күйінде өткізілсе, табыс та еселене түсер еді-ау деген ой көңілдің бір түкпірінде тұратын еді. Қазір сол мүмкіндікке қолымыз жетті.

Бүгінгі таңда зауыт бір ауысымда 10 тонна күріш шаласын ақтайды. Осындай тірліктің арқасында өткен жылы 3,6 мың тонна күріш дайындалды. Қазір біздің өнімдер Қырғызстан, Тәжікстан және Ресейге экспортталады. Сонымен қатар, еліміздің өзге облыстарының да сұранысын қамтамасыз етіп келеді. Алматы қаласы мен облысының тұрғындары да біздің өнімді тұтынады. Жуырда Алматы қаласы мен Алматы облысының арасында келісімшарт жасалып, біз өндірген өнімдерді тұрақты қорға алу жөнінде уағдаластық. Олар келісілген бағамен біздің күрішті алатын жағдайда өнімімізді беруге дайынбыз. Бұл өз кезегінде алдағы жұмыс жоспарымызға серпін береді», – дейді.

Шаруасы шалқып тұрған серіктестік ауыл көлемінде өтетін үлкенді-кішілі шаралардың барлығына дерлік қаржылай қолдау көрсетіп, өз дәрежесінде өтуіне ұйтқы болуда. Ұлыстың ұлы күні Наурыз бен карттар мерекесінде, Жаңа жыл мейрамы мен Балаларды қорғау күнінде атаулы сыйлықтар дайындап, дастарқан жаюды серіктестік әдетте өз мойнына алады. Ауылдық Мәдениет үйінде, орта мектепте өтетін іс-шаралар да осы кәсіпорын басшысының демеушілігімен іске асады.

Бұл Алматы қаласы мен Алматы облысындағы тауарөндірушілер мен ір сауда желілері арасындағы келісімге қол қойысқан бір ғана кәсіпорынның тыныс-тіршілігі. Егер келісім сәтті жалғасып, өндіруші мен сауда желілері арасындағы ынтымақтастық нығая түссе, бағаны ауыздықтап, тұрғындардың сапалы, экологиялық таза азық-түліктерге қол жеткізуіне мүмкіндік туады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Кәсібі – нәсібі

ЛИМОННАН МИЛЛИОНДАП ТАБЫС ТАБУҒА БОЛАДЫ

Бізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан қолдау бар. Әрбір азаматтың ұтымды әрі пайдалы іс бастауына қол ұшын беріп, қолтығынан демейді. Соның арқасында еліміздің түкпір-түкпірінде кәсіптің сан түрін игеріп, шаруасын дөңгелетіп отырғандар аз емес. Кәсіптің көзін тауып, істің жігін жатқыза білген жас кәсіпкердің бірі – Данияр Әбдіразақ.

Жамбыл облысындағы Меркі ауданы Ақтоған ауылында тұратын жігіттің лимон өсіруге ден қойғанына екі жылдың жүзі болыпты. Қарапайым ауыл баласына бұл ой аспаннан түспегені белгілі. Алматы қаласындағы оқуын тәмамдаған соң, Оңтүстік Кореяда жеті ай шамасында практикадан өткен. Ондағы халықтың кез келген жерге су тартып, егін еккеніне қызыға да, қызғана да қараған Данияр елге оралған соң осы кәсіпті бірден қолға алған. «Біздің аймақтағы ауа райы Кореядағы сияқты. Ол жақта ылғал жоғары болса, бізде жер құнарлы. Бұл кәсіппен қатар, мал шаруашылығымен де айналысамын. Сондықтан арнайы тыңайтқыш қажет емес. Малдың тезегі тұнып тұрған тыңайтқыш. Корея таулы аймақта орналасқан, ешқандай бос жатқан жер жоқ. Тау мен тастың арасында жылыжай өсіріп отыр. Соны көргенде «неге біздің кең-байтақ даламызда өсірмеске» деген ой келді», – дейді Данияр Әбдіразақ.



Үндістанда пайда болған өсімдіктің бұл түрі егілген күнінен бастап бес жыл уақыт өткенде ғана өнімді үйіп-төгеді екен. Ал дәл қазір әр тал бар-жоғы 5-6 дана ғана жеміс берген. Кемеліне жеткен уақытында ол көрсеткіш 50-60 келіге дейін өседі екен. Сонда ғана басталған іс өз пайдасын береді. 23 сотық жерді жылыжайға айналдырып, цитрус тұқымдасын еккені бір бөлек, барлық шығынды жабу үшін жаңағы жерге қиярды қоса егіпті. Бір оқпен екі қоян атқан меркілік кәсіпкерге қызығып, лимон егу шаруасын тағы 4-5 адам қолға алған. Данияр жылыжайды жасауға 2 миллион теңгедей қаражат жұмсапты. Арнайы жоспар жасап, оны сәтті қорғаған соң мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға арналған 2,5 миллион теңгелік грантты ұтып алған.

Кәсіпкерлерді қолдауға арналған түрлі гранттардан бөлек, өзге де жеңілдіктер бар. Осы тұрғыда 2020 жылдың 1 қаңтары мен 2023 жылдың 1 қаңтары аралығында шағын кәсіпкерлердің жер салығынан босатылғанын атап өтуге болады.

Бүгінгі таңда жылыжай шаруасымен айналысып жатқан отандастарымыздың саны артуда. Меркілік Данияр Әбдіразақ секілді тәуекелге барып, үлкен істің басында жүрген жандарға мемлекет тарапынан әрқашан көмек көрсетіледі. Себебі экономиканың ілгері дамуы халықтың әлеуметтік жағдайына тікелей қатысты екені анық. Ал жамбылдық кәсіпкер өзі секілді лимон өсіруге қызығып жүргендерге көмектесуге әрқашан әзір. Көмек қолын созып, ақыл-кеңесін айтуға бейіл.

Цитрус өнімдері тропикалық аймақта ғана өседі деген түсініктің тас-талқанын шығарған Данияр Әбдіразақ келешекте лимон жемісін сату арқылы да миллиондап табыс табуға болатынын дәлелдемек. Себебі цитрус өнімдері елімізге алыс-жақын шетелден жеткізілгені, соған сай бағасы да қымбат. Тропикалық жемістерді осылай түрлі тәжірибе жасау арқылы өсіруді қолға алып, ішкі нарықтың сұранысын қамтамасыз етуге болады. Ол үшін тек ерінбей, дамылсыз еңбек ету керек.



Мәулен ЖЕКСЕНБІ,
Меркі ауданы
Жамбыл облысы

Шағын бизнес

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТЕДІ

Кәсіпкерлік сан саланы қамтиды. Қолынан келетін шаруаны дөңгелеткісі келетіндерге мүмкіндік те мол. Айталық, Талдықорғанда кәсіпкер мемлекеттің қайтарымсыз грантына ағылшын тілін оқытатын орталық ашты. Өткен жылдың қазан айынан бері 52 қатысушы курсты аяқтаған.

EnglishNext2you авторлық курсының иесі - кәсіпкер Райгүл Желдібаева. Аударма ісінің маманы, гуманитарлық ғылымдар магистрі. Erasmus+ халықаралық бағдарламасының екі дүркін стипендиаты. 2015 жылдан бері халықаралық қатынастар саласы бойынша Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде қызмет атқарған. Жеке кәсіппен айналысуға шетелден жинаған тәжірибесі мен білімі толысқан соң бел буыпты.

Жеке кәсіпкер Райгүл Желдібаева: «Халықаралық қатынастар саласында жұмыс істеген кезде шетелде көптеген іс-тәжірибеден өттім. Испания, Кипр, Венгрия, Түркияда болдым. Онда шет тілін үйретудің көптеген әдістемесімен танысып, ағылшын тілін үйретудің авторлық курсын құруды мақсат еттім. Шет тілін үйренушілер үшін ыңғайлы және нәтижелі болатын бағдарлама маңызды. Сондықтан өткен жылы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына жүгініп, кәсіп ашуға қажетті кеңес тыңдап, бағыт-бағдарын көрдім. Кәсіпкерлік негіздеріне оқытатын «Бастау Бизнес» жобасына жазылып, оқуымды сәтті аяқтап, сертификат иемдендім. Комиссия мүшелерінің алдында бизнес-жобамды сәтті қорғап, 555 600 теңгелік қайтарымсыз грантқа ие болдым», – дейді.

Авторлық курс оқушыларды IELTS ағылшын тілінің халықаралық тестілеу жүйесіне бейімдеп үйретуге бағытталған.



Кәсіби бағдарланған ағылшын тілін оқып үйрену курсына шектеу жоқ, мектеп оқушылары, студенттер мен ересектер қатыса алады. Курс қатысушылары ағылшын тілінде сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдыларын шыңдайды. Бүгінгі таңда 52 қатысушы курсқа қатысып, сертификат алған. Кәсіпкер болашақта ағылшын тілін үйретумен қатар, шетелдік ЖОО-ға түсу бойынша қызмет түрін енгізуді жоспарлап отыр.



Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 2,5 мыңнан астам жұмыссыз жүрген жас кәсіпкер оқытылған. Жоба бойынша өткен жылы және биыл оқытылғандарды ескергенде 900-ге жуық бизнес-жоба гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несие рәсімдеген.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Жасыл энергетика

Соңғы жылдары бүкіл әлемде жаңғыртпалы энергетикаға басымдық беріле бастағаны мәлім. Біз де осы көштен қалып қоймауымыз керек. Осы тұрғыдан келгенде, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәселелерді реттеу, туризмнің өркендеуіне мүмкіндік ашу бағытында Қапшағай қаласында бірқатар жұмыс атқарылған.

КҮН мен ЖЕЛДІҢ ҚУАТЫ



Алыс-жақынға туристік әлеуетімен танымал Қапшағай қаласы кейінгі жылдары баламалы энергия өндірумен де аты шыға бастады. Өткен жылдары ел мен жердің ертеңгі болашағына алаңдап жүрген азаматтар шетелдік инвесторлармен серіктесіп, күн мен желден электр энергиясын өндіру ісін қолға алды.

Қапшағай өңірінде энергия көздерінің барлық түрі бойынша нысандар салынып, қызмет жасауда. Алматы облысының электр желілері мен электр қуатына қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жел ресурстарын пайдалану арқылы жел электр стансасы құрылысының бірнеше жобасы іске асырылуда.

Жел электр стансасының басқа энергия көздерінен экологиялық және экономикалық артықшылығы көп. Ол көмір мен мұнайды, газды үнемдеуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, қоршаған ортаны ластанудан сақтайды. Мамандардың сөзіне сүйенсек, жел күшінен өндірілетін энергия мөлшері желдің тығыздығына, жел турбинасы қалақшаларының ауданына, жел жылдамдығына тәуелді болмақ. Биіктігі 44 метрді, турбина қалақшасы 58 метрді құрайтын жел электр стансасы тәулігіне 60-70 мың кВт электр қуатын өндіреді.

Өткенде «ВЭС Сарыбұлақ», «АННАР» ЖШС, «Технобозальт» сияқты жаңа технология парктерін көріп, жұмыс барысымен танысқан едік. Бұл іргесінен Іле өзені ағып өтетін, айналасы жазық Қапшағай өңірі жыл он екі ай самал есіп тұратын аймақ. Оның үстіне Қапшағайдың маңайы күн нұры тіке түсетін және жыл бойы күн энергиясынан тапшылық көрмейтін жер. Демек өңірдің осындай қасиеті баламалы энергия көздерін өркендетуге мол мүмкіндік береді.

Nurgisa 100MW Solar park стансасының бастығы Ерен Еркінұлы осы станса туралы айтып берді:

– 280 гектар аумаққа орналасқан Nurgisa 100MW Solar park 2018 жылы іске қосылды. Содан бері толық қуатпен жұмыс істеп келеді. 2018 жылдың шілде айында «ВЭС Сарыбұлақ» ЖШС мен «ВЭС Сарыбұлақ-2» ЖШС-нің жел электр стансасы іске қосылды. Мұнда жалпы өнімділігі 9,0 МВт болатын 11 жел генераторы іске қосылған. Нәтижесінде 5 жаңа жұмыс орны құрылды. Жобаны іске асыруға 3,0 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. 2018 жылы кәсіпорын 12,8 млн кВт/сағ. электр энергиясын өндірді.

2019 жылдың өзінде 160 млн кВт/сағат электр энергиясын өндірдік. Жалпы күн энергиясынан электр өндіру қоршаған ортаны бүлдірмейді, экологияны бұзбайды. Сондай-ақ жыл сайын Қапшағай қаласының туристік әлеуеті артып келеді. Соған сай туристік орталықтардың да саны өсе түсуде. Тиісінше, электр энергиясына деген сұранысты көбейеді. Біз өз құлшынысымыз арқылы жұрттың электр жарығына деген қажеттілігін қамтамасыз етуге сеп боламыз.



Бүгінде баламалы энергия көздерін іздеудің маңызы артып отыр. Энергияны шектен тыс пайдаланудан салдарынан жер бетінде жаһандық жылыну үрдісі жүруде. Ал жер бетіндегі температураның көтерілуі, жаһандық жылыну бүгінде әлем елдерінің басын қатырып отырған мәселе. Осы орайда Алматы облысындағы баламалы энергия көздерін табу, табиғаттың өзін энергия көзі ретінде пайдалануға ынта жоғары болып отыр деуге болады. Бұл үрдіс алдағы уақытта да сәтті жалғасын табады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Қаладан – ауылға

Біздің елімізде кәсіпкерлікті дамытуға арналған бағдарламалардың артықшылығы шүбә келтірмейді. Jas qazaq әр өңірде шағын кәсіптің көзін тапқан жандар туралы талай рет жазды. Бұл жолы біз Жамбыл облысы Меркі ауданы Қызыл Сай ауылының тумасы, агроөнеркәсіпке ден қойған Досхан Саховпен телефон арқылы байланыстық. Арнайы баруға карантиндік шектеу болғандықтан сақтық шарасын ұстандық.

Досхан САХОВ:

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ «ҚОЛАЙЛЫ АТМОСФЕРА» ЖАСАЛҒАН



Сайын даланың байлығы – қойнауындағы қазбасы ғана емес, жер бетінде жайқалып өскен арпа-бидайы емес пе? Дана халқымыз «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деп тегін айтпаған ғой. Осы бейнетті де зейнетті кәсіпті қолға алып, көзін тапқандардың бірі – меркілік Досхан есімді кәсіпкер.

Алматы қаласында оқып, заңгердің дипломын алса да, ол заң саласына емес, бағытын басқа арнаға бұрып, ауылға келіпті. Қазір жастардың көбі қалаға жөңкіліп жатқанда, еңбеккор азамат ауылды артық көрген. 2015 жылы әкесі алып берген бір трактормен алғаш рет 50 гектар жерге арпа егуден бастаған екен. Жас кәсіпкердің айтуынша, жұмыстың оңайы жоқ. «Адамдар егінді көктемде егіп, жазда орып алады деп ойлауы мүмкін. Бірақ олай емес. Әлдекайда қиындау шаруа. Біз секілді осы істің басында жүргендер тек қыста 2-3 ай ғана демалуы мүмкін. Көктемнің алғашқы күндерінде-ақ егістікке тыңайтқыш себе бастаймыз. Қар еріп, күн жылынғанда жер жыртамыз. Қыста да қол қусырып отырмай, техниканың кем-кетігін түгендеп, жоғының орнын толтырып, сынғанын жөндеумен боламыз», – дейді 34 жастағы кәсіпкер.

Бүгінгі күні өзге техниканың сан түрін қоспағанда, жап-жаңа «Беларусь» тракторының үшеуін сатып алған. Егіншілікті кәсіп еткеніне алтыншы жыл. Жер көлемін 300 гектарға жеткізіп, кәсібін одан әрі ұлғайтып жатқан көрінеді. Осы дәрежеге жету үшін мемлекеттік қолдауға сүйенген. Бұл жайында Досхан Асқарбекұлы: «Қазір мемлекет шағын және орта кәсіп бастаған азаматтарға қатты көңіл бөлуде. Мысалы, өзгелер алатын жанармайды біз 10-15 теңгедей арзандау аламыз, ал жүздеген гектар жерге жанармайдың өте көп кететіні айтпаса да түсінікті. Оған қоса, ауыл шаруашылығы техникасын мемлекет тарапынан 25 пайызға субсидиялау қарастырылған, оның өзі айтарлықтай көмек дер едім. Айтпақшы, осындай көмектің яки қолдаудың тағы бір түрі бар. Қандай да бір техниканы лизингке алғанда, үстеме 14% немесе 17% болсын, 10 пайызын мемлекет төлеп береді. Осыған қарап-ақ еліміздегі кәсіпкерлерге «қолайлы атмосфера» жасалған деуге әбден болады», – дейді.

Дегенмен адамның жоспарымен табиғаттың тосын мінезі сай келе бермейді. Биылғы бүкіл елде белең алған қуаңшылық агроөнеркәсіпті айналып өткен жоқ. Кәсіпкердің айтуынша, жиын-терін науқаны әдеттегіден төмен нәтиже көрсеткен. Жыл сайынғы көрсеткіштен екі-үш есеге дейін түскен. Бір гектар жерден 13-15 центнер өнім алған болса, биыл небәрі 3-4 центнерден жинапты. Мұндай көрсеткішпен шығын ақталмай қалуы да мүмкін. Әйтсе де, мұндай жағдайда мемлекеттің де қарап қалмасы анық. Әрі бұл еңсеруге болатын уақытша қиындық.

Біздің түсінгеніміз, кәсіптің қай түрі болмасын, бастап кетуге жол ашық. Тек ынта мен жігер керек.

Мәулен ЖЕКСЕН,
Меркі ауданы
Жамбыл облысы

Мұнай өндірісі

Осы айдың ортасына таман Caspian Drilling Company Ltd. (CDC) теңіз және логистикалық базасында қазақстандық алғашқы «Сәтті» өздігінен көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысының теңізге шығуының салтанатты рәсімі болып өтті. Бұл туралы Jas qazaq газеті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ баспасөз қызметіне сілтеме жасай отырып хабарлайды.

«СӘТТІ» ҚОНДЫРҒЫСЫ ТЕҢІЗГЕ ШЫҚТЫ



Аталған компанияның мұнай сервисі және көмірсутек шикізатын кәдеге жарату жобалары департаментінің директоры Асхат Дүйсалиев осы шараға орай былай деді: «Бүгін қазақстандық мұнай сервистік қызметі нарығы үшін тарихи күн болып саналады. CDC, British Petroleum сияқты компаниялармен орнаған ынтымақтастығымыз халықаралық тәжірибе алмасуға ғана емес, сонымен қатар әлемдік стандарттар бойынша сапалы қызметтер көрсететін Қазақстан мұнай сервистік қызметі нарығын бәсекеге қабілетті сала ретінде көрсетуге мүмкіндік бермек».

«Сәтті» қондырғысының модификациясы 2021 жылғы маусымда аяқталды. Бұл жұмыстар оның техникалық сипаттамасын жақсартып, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Айталық, қондырғының жүк көтеру қабілеті 453 тоннадан 680 тоннаға дейін ұлғайтылды. Қазіргі уақытта қондырғы тереңдігі 6 000 метрден асатын мұнай-газ ұңғымаларын тиімді түрде бұрғылай алады. «Сәтті» Каспий теңізінің әзірбайжан секторындағы Shallow Water Absheron Peninsula (SWAP) жобасында пайдаланылатын болады. Жобаның операторы – British Petroleum Absheron Limited. «Сәтті» бұрғылау қондырғысы — әлемдік стандарттар бойынша толығымен Қазақстанда жасалған алғашқы бұрғылау қондырғысы. Бұған дейін ҚМГ мен SOCAR (*Әзірбайжан*) компаниялары Өзара түсіністік туралы меморандумға, сондай-ақ қондырғыны бірлесіп пайдалануды көздейтін Бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойды. Бұрғылау қондырғысы ҚМГ еншілес мекемесі «KMG Drilling & Services» ЖШС-не тиесілі, ал қондырғыны басқаруды CDC компаниясы жүзеге асырады.

Талап ТІЛЕГЕН

Шағын кәсіпкерлік

ЫНТА БОЛСА, КҮРЕК ТАБЫЛАДЫ

Бүгінде елімізде кәсіпкерлікпен айналысам деген жандар үшін барлық жағдай жасалған. Өткен жылдан бергі пандемиядан кейін еңсе көтеруге талпынған кәсіпкерлер үшін де мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау көп. Бұл отандық тауар өндірушінің еңсесін көтеріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мұрындық болуда. Әрі бұрыннан келе жатқан жұмыс орындарының жабылмай, сақталуына да сеп. Мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру жеңілдікпен жүзеге асырылуда. Төмен пайызбен, ұзақ мерзімге несие беріліп, пайыздық мөлшерлемелері субсидияланып, банк талап еткен кепілзат жетпеген жағдайда кепілдік ұсынылады. Сондай-ақ нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы да талай жанның кәсібін ашып, нәсіп табуына мүмкіндік беруде.

Ағымдағы жылы Алматы облысы аталған бағдарламаны іске асыру үшін 18,9 млрд теңге бөлді. Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде 4087 адамды кәсіптік оқытуға 2671,2 млн теңге бөлінді. Оның ішінде 15 пен 24 жас аралығындағы 1535 жасты кәсіптік техникалық оқытуға, орта жастағы 2552 адамды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша және жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша жұмысшы кадрларды даярлау үшін қысқа мерзімді оқытуға жіберілді. Бүгінгі күнге 2457 адам оқуға жіберілген. 1391 адам оқуын аяқтап, 893 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде 5425,4 млн теңге бөлініп, 1542 адамға 4420,9 млн теңге шағын несие беру жоспарланған. Оның ішінде ауылды жерлердегі 1517 әлеуетті қатысушыларға – 4181,7 млн теңге, қалалардағы 25 әлеуетті қатысушыларға 239,2 млн теңге шағын несие беру қарастырылған. Бүгінгі таңда 669 адам 3109,4 млн теңге сомасына шағын несие алды. Жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін 1550 адамға 904,5 млн теңгеге грант беру қарастырылса, бүгінгі күні 1228 адамға 200 айлық есептік көрсеткіш (*АЕК*) мөлшерінде 716,4 млн теңгеге грант берілді.

Мемлекет тарапынан берілетін осындай көмектің арқасында шағын және орта бизнес субъектілерін қызметте болғанымен, тігін ісіне қызығушылығы ерекше болған. Сүйікті ісін табысты кәсіпке айналдыру мақсатында өткен жылы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жүгінеді. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Бастау бизнес» жобасына жазылып, кәсіпкерлік негіздерін үйренді.

– 21 күн бойы онлайн курстан өттім. Кейін бизнес-жоспарымды әзірлеп, сертификат алдым. Аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жобамды сәтті қорғап, 583 400 теңге қайтарымсыз грант алдым. «Атамекеннің» арқасында осылайша цехымды ашып, жұмысымыды жүргізіп жатырмын, – дейді кәсіпкер.

Грант қаражатына мамандандырылған тігін машиналары, қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар сатып алынды. Қаскелең қаласындағы бизнес орталықтарының бірінде цех үшін орынжай беріліпті.

Ғалия Қожамбергенова: «Тігін цехында үш адам жұмыс істейді. Қазіргі таңда арнайы киімдерді, ашып, оны кемелдендіріп, жұмыссыз азаматтардың нәпақа табуына мүмкіндік жаратқан жағдайлар көбейе түсті. Сол қатарда Қарасай ауданының тұрғыны Ғалия Қожамбергенова мемлекеттік бағдарлама аясында қайтарымсыз грант алып, тігін цехын ашты.

Мамандығы бойынша инженер-құрылысшы Ғалия Ордамбайқызы осыған дейін түрлі әйелдер мен ерлерге арналған киімдерді тігіп жатырмыз. Тапсырыстар жергілікті тұрғындардан ғана емес, Алматы, Нұр-Сұлтан, Семей, Өскемен қалаларынан да беріліп жатыр. Сондай-ақ алдағы уақытта тігін ісі бойынша қыз-келіншектерге оқу курсын ашсам деген ойым бар. Қосымша несие алып, цехты кеңейтуді де жоспарлап отырмын», – дейді.

Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының Қарасай аудандық филиалының директоры Орынбай Жанәділдің айтуынша, осы жылы ауданда «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша 484 азамат оқу курсын аяқтап, 70 бизнес-жоба қаржыландырылыпты.

Ашығын айтқанда, жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау жеткілікті. Инновациялық та, әлеуметтік жобаларды қолдаудың да сан түрлі жолы бар. Кәсіпкерліктен кемелді жол табу азаматтардың сауаттылығы мен іскерлігі, еңбексүйгіштігімен тікелей қатысты. Халқымызда «Жас келсе – іске» деген нақыл бар. Бүгінгі жастар білімді, техниканың тілін біледі, инновациялық бағытта жұмыс істей алады, қолға алған әр бастамасынан үлкен нәтиже шығаруға күш-қуаты жетерлік. Сондықтан екі қолға – бір күрек таба алмай жүрген азаматтар шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын тереңірек зерделеп, кәсіп бастаудың жолдарын үйреніп, оны нәтижелі іске асырса, алынбайтын қамал жоқ. Ал жастардың жаңашыл идеялары айналып келіп ел экономикасын өркендетуге ықпал ететін болады.



Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Кәсіпкерлік – нәсіпті

СҰРАТТЫҢ СУСЫНЫН ІШІП КӨРІҢІЗ!

Даму мен шарықтау заманында бәсекелестік басты қағидаға айналғаны қашан. Әлемдегі дамыған алып елдермен терезені теңестіру үшін ғылым мен білімді бірінші орынға қою керек секілді. Осы орайда ойланатын тағы бір дүние бар. Ол – саналы ұрпақ. Денсаулығы мығым, ақыл-ойы дұрыс буын қалыптастыру үшін олардың алатын білімі ғана емес, жеген тамағы мен ішкен сусыны да сапалы болғаны абзал. «Ас – адамның арқауы» деген бір ауыз сөздің құндылығы осыған келіп тіреледі. Бүгінгі күні еліміз азық-түлік нарығын өркендету үстінде. Осы салада кәсіп ашқан азаматтарға жеңілдіктің түр-түрі қарастырылған.

Жамбыл облысына қарасты Меркі ауданының тұрғыны Қарақат Солтабайқызы да осындай игі істің басында жүр. Сұрат ауылының тумасы өткен жылдың күзінен бері консервіленген сиыр етін өндірсе, мамыр айынан бастап алма



шырынын, оған қоса, «Surat шай» сусынын сатылымға шығарған. Ауыл ішіндегі шағын цехта 3 адам жұмыс істейді. Науқан кезінде 6-8 адамға дейін көбейетінін де алға тартты.

Жоғарыда айтып өткендей, мемлекет тарапынан да айтарлықтай қолдау көрсетілген. Шағын бір цехтың өзіне едәуір ақша жұмсалады. Ал қарапайым ауыл тұрғыны үшін қолға алынған көрінеді. Табиғи шикізаттан алынатын, экологиялық таза аймақтарда өсірілген жеміс-жидек пен көкөністі дамытуға баса ден қойған. Айталық, Еуропада 2005 жылдан бері экологиялық таза өнімдер 5%-дан екі есеге көбейген. Германияда – 5-15%, Данияда, Швейцария мен Швецияда – 30-40%-ға дейін артқан. Осыған қарап Батыс Еуропа елдері экологиялық таза тамақ өнімдерін өндіруде көш бастап тұрғанын байқауға болады. Біздің елде дәл мұндай көрсеткіш болмаса да ескере кететін бір жайт бар. Ол – осы салада шағын және орта кәсіппен айналысатындарға жасалатын мемлекеттік жеңілдіктер мен жәрдем.

«SURAT» сауда белгісімен шығарылатын тауарлардың барлығын дерлік Меркі ауданындағы дүкендерден табуға болады. Сапалы әрі бағасы қолжетімді өнім қашанда сұранысқа ие. Осыған орай, меркілік тұрғындардың да пікірін біліп көрдік. Мейірлан Разақбай: «Сұрат ауылында жасалатын сусынды жаздың басында алғаш тұтынып көрдім. Дәмі де, құйылған құтысы да ұнады. Бұрыннан таныс отандық сусындардан асып түспесе кем деп айта алмаймын. Жаздың аптап ыстығында шөлді қандыратын сусынымыз осы болды», – дейді 19 жастағы трактористі.

Ал орта жастағы жергілікті азамат Айбек Сахов: «Қазіргі таңда шығып жатқан заттардың көбінің сапасы сан соқтырады. Мұны жаздыгүні көп алатын қарапайым сусындардан-ақ аңғаруға болады. Негізінен өзіміздің отандық өнімдерді қолдаған дұрыс. Әсіресе, соңғы кездері Сұрат ауылындағы цехтен шығатын заттарды елдің бәрі мақтап жүр. Туып-өскен ауданнан мұндай тағам түрлерінің нарыққа шығуы бізді де болсын қуантады», – деп ағынан жарылды.

Бәсекелестік бар жерде даму да белең алады. Қазіргі жағдай соны көрсететін секілді. Дүкен сөрелерінде толып тұрған сусындардың барлығының дерлік атауы да, бастауы да шетелден. Өздігінен цех ашып, отандық өнімді өркендетуді қолға алғандар бірен-саран. Десе де, уақыт өте келе белгілі бір деңгейге көтерілетініне шүбә жоқ. Меркілік Қарақат Солтабайқызының тағы бір мақсаты – бренд қалыптастыру. Бұл тек сұраттық кәсіпкердің ғана емес, кәсіп ашқан барша қазақстандықтардың арманы екені анық.

Тағы да айта кетейік, елімізде шағын және орта кәсіпке жан-жақты

ондай сома тым көп. Бұл туралы Қарақат Сатымбаева: «2020 жылдың ақпан айында Жамбыл облысы әкімінің қолдауымен ӘКК-ден 2,5 пайызбен 9 585 000 теңге несие алдық. Ол қаражатқа шырын цехын керекті құрал-жабдықтармен түгелдей жабдықтадық. Мемлекет қолдап тұрғандықтан, мұндай істі аяқсыз қалдыру мүмкін емес еді», – дейді. Қазір күз мезгілінің келуіне байланысты «жаңа маусым» басталған екен. Енді консервіленген ет пен шырыннан бөлек, маринадталған қияр шығармақшы. Алдағы уақытта қызанақтан тіл үйіретін тұздықтар мен түрлі шиша банктерге жабылатын салаттарды өндіру жоспарда барын құлағдар етті. «Қарақат» ЖК өнімдерінің бағасы да халықтың қалтасын қақпайды. Мысалы, консервіленген сиыр еті 750 теңге болса, алма шырыны – 230, «Surat шай» – 190, ал маринадталған қияр 397 теңгеден сатылыпты. Әрине, қандай зат болмасын, бағасынан бұрын сапасы маңызды екенін ұмытпаған жөн. Ауылда жасалған таза әрі табиғи өнімнің дәмін әркім-ақ татқысы келетіні сөзсіз.

Соңғы жылдары шетелде өнімдерді еш қоспасыз дайындау жол ашылған. Жылыжай немесе тігін цехы яки тағам түрлерін өндіретін орталық болса да, мемлекет бәріне бірдей қолдау көрсетіп жатыр. Несиені аз пайызбен үлестіру немесе қайтарымсыз грант беріп жұрттың ынтасын көтеру де қолға алынған шаралардың бірі. Ал аталған жеңілдіктердің біріне ие болған



меркілік кәсіпкер кәсібін одан да жоғары деңгейге көтеретініне уәде берді.

Мәулен ЖЕКСЕНБІ,
Меркі ауданы
Жамбыл облысы

Жаңа шипа

САЗ БАЛШЫҚ ТА СЫРҚАТҚА ЕМ

Шымкенттік көпбалалы ана Гүлнұр Сейітханова «Қасиетті жол» оңалту орталығында саз балшық терапиясы арқылы 4 жылдан бері мүмкіндігі шектеулі балаларды емдеу ісімен айналысып жүр.

Гүлнұр Сейітханқызы былтырғы жылы «Бастау бизнес» жобасы аясында 21 күндік оқу курсына қатысып, «Саз балшық ісі» бойынша мемлекеттік грантқа құжат тапсырған болатын. Нәтижесінде жобасы оң нәтижесін алып, 555 650 теңге көлемінде қаржыға қол жеткізді. Осы қаражатқа кәсібін дамытуға арналған керекті құрал-жабдықтарын алды. Қазіргі таңда саз балшық арқылы емдеу әдісімен мүгедек балалардың түзеліп кетуіне біршама үлесін қосып отыр. Оған қоса, саз балшықтан қыш құмыралар да жасайды.

Гүлнұр Сейітханқызы: «Арт-терапияның көмегімен адам өз сезімдерін терең түсінуге үйренеді. Тіпті мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік ортаға тез бейімделіп, кіріп кетуіне бағыт-бағдар беріп отырады. Өз күшіне деген сенімділігін арттырады», – дейді.

Айта кетейік, саз балшық терапиясы психотерапияның маңызды салаларының бірі – арт-терапия саласына жатады. Сондай-ақ арт-терапевт аптасына бір рет «Шаңырақ» отбасы институтында мүмкіндігі шектеулі және аз қамтылған отбасы мүшелеріне тегін сабақ өтеді.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Шағын және орта бизнес

Мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдауы осы саланы дамытуда үлкен рөл атқарады. Бұған Алматыдағы шағын және орта бизнес кәсіпорындардың жұмысына қарап-ақ көз жеткізуге болады.

КӨМЕКТІҢ АРҚАСЫНДА КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

«Даму» қорының Алматы қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Жомарт Ермағанбет кәсіпкерлерге қол ұшын созу жұмысы қалайша жүзеге асырылатыны жайында әңгімелеп берді. Ол: «Бүгінде грант беру мәселесі толығымен әкімдікке беріліп, арнайы комиссия құрылған. Жеке кәсібін ашып, болмаса, бизнесіне мемлекет тарапынан қолдау алғысы келген кәсіпкер, ең алдымен, бизнес-жоспарын қорғайды. Жергілікті әкімдік болашақ кәсіпкердің жұмысымен танысқаннан кейін, шешім қабылдап, 5 миллион теңгеге дейінгі аралықта грант беру мүмкіндігін қарастырады. Егер де жоба мақұлданса, есепшотына арнайы бөлінген қаржы аударылады. Бөлінген қаржы кәсібін бастауға жете ме? Осыны жан-жақты зерттеп, мониторинг жүргіземіз. Біз сияқты филиалдардың басты мақсаты – «Бизнестің жол картасы» бойынша бөлінген салаларға қолдау көрсету. Пандемия кезінде біраз кәсіптің тұралап қалғанын білесіздер. Дегенмен оларға қолдау көрсету мақсатында несиені кейін шегеру немесе пайыздық үстемақысын азайту сынды жеңілдіктер қарастырылды», – дейді.

Айта кеткен жөн, пандемия кезінде алматылық кәсіпкерлер жәрдемсіз қалған жоқ. Үкіметтің жан-жақты қолдауының арқасында шағын және орта бизнес өкілдеріне несиені кейін шегеру, пайыздық үстемақыны тоқтату бойынша көмек көрсетілді.

ҚҰРЫЛҒЫСЫН ЖАҢАРТТЫ



Қаржылай қолдауға ие болған кәсіпорынның бірі – қала іргесінде орналасқан «Келет» өндірістік кәсіпорны. «Келет» өндірістік-коммерциялық кәсіпорны 1992 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл өндіріс орны елдегі жалпы өнеркәсіптік және тұрмыстық жабдықтар шығару саласында көшбасшы саналады. Компания сорғы, электр қозғалтқышы, жылыту және жылу жабдықтарын, бекіту-реттеу арматурасын шығарады. «Келет» өндірістік кәсіпорнының директоры Александр Папп былай деді: «Біздің кәсіпорын 1992 жылдан бастап жұмыс істейді. Елдегі жалпы өнеркәсіптік және тұрмыстық жабдықтар нарығының көшбасшысы боламыз. Компания сорғы, желдеткіш, электр қозғалтқыштары, компрессорлар, жылыту және жылу жабдықтарын, бекіту-реттеу арматурасын және басқа да тұрмысқа қажетті бұйымдар шығарады.



2020 жылы кәсіпорын жұмыс істеп тұрған өндірісті жаңғырту мақсатында банк арқылы жаңа жабдықтар сатып алуға 400 млн теңге қаржы алды. Жобаны «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдап, соның арқасында несие мөлшерлемесі жылына 14-тен 6 пайызға дейін төмендетілді».

Кәсіпорын қордың қаржылай қолдау көрсетуі аясында жаңа құрылғылар сатып алған. Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Қарағанды қалаларында өкілдігі бар. Басқа қалаларда да сауда-саттық филиалдары бар. Бүгінде өндіріс орны 215 адамды жұмыспен қамтып отыр.

БАСТЫ ТАЛАП – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ



Субсидия алған тағы бір нысан – «Сервис Қазақстан» ЖШС. Бұл кәсіпорын теміржол тасымалында жолаушыға ұсынатын төсек жабындыларын тазартумен айналысады. 2017 жылы құрылған компания негізінен Алматы қаласы аумағында өнеркәсіптік мақсатта кір жуу және химиялық тазалау бойынша қызмет көрсетеді. 2020 жылы компания Jensen маркалы заманауи өнеркәсіптік кір жуғыш мәшине сатып алу үшін банк арқылы 452,7 млн теңге несие алған. Несиені «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасының екінші бағыты аясында субсидиялап, қазір 14,5 пайыз несиені кәсіпорын 6 пайызбен төлейді. Айырмасын мемлекет өтейді. Аталған компанияның директоры Әлия Әбдіәлиева кәсіпорынның негізгі жұмысы туралы айтып берді. Ол: «Бізге жеткізілген кір бұйымдар алдымен матасына қарай іріктеледі. Іріктелген соң ретімен кір мәшинесіне салынады. Тәулігіне 10-15 тонна кір жуылады. Кір мәшинесіне салынған бұйымдар монитор арқылы қадағаланады. Жуылған кір дымқыл күйде кептіретін бөлімге барады. Кептірілген бұйым үтіктеліп, бүктеліп, қапталып қолдануға дайын күйге дейін дайындалады. Жұмыстың 70 пайызы автоматты. Кәсіпорында 120-дан астам адам қызмет етеді. Үш ауысымдық жұмыста 30 адамнан жұмыс істейді. Бүгінде карантин талаптары толығымен сақталған. Әр қызметкер белгіленген жұмыс орнында қызметін атқарады. Мысалы, бізде әр жұмыскердің өз орны бар. Бөлінген әр бөлімдегі қызметкерлер бір-бірінің жұмыс аумағына бара алмайды. Әр қызметкер өз орнында жұмыс істеуі толығымен реттеледі. Олардың өз функциясы бар», – деді. Кәсіпорындағы жұмыскерлердің орташа жалақысы – 100-120 мың теңге көлемінде. Үш ауысымдық жұмыс режимі болғандықтан, біз барған сәтте жұмыс қарқынды жүріп жатты. Өйткені тапсырыс бар жерде, сапалы қызмет те бар. Кәсіпорынның басты мақсаты да осы – сапалы қызмет көрсету.



Мақпал НОҒАЙБАЕВА


Кәсібі – нәсібі

Бүгінгі таңдағы жаһандану кісілік болмыстан гөрі экономикалық қатынастарға ықпал ете бастады. Өйткені, қазіргі адамдар өзіне керекті тұрмыстық техника, көлік, құрал-жабдық, киім-кешек, тағы басқа да толып жатқан қажетті дүниені көп жағдайда базардан емес, интернет арқылы іздеуге ауысты. Дүниенің қай түкпірінде болса да өзіне керекті және ұнатқан тауарына кедергісіз қол жеткізе алады. Бұл үрдістен ешбір ел тыс қала алмайды. Сондықтан мемлекет ұлттық экономиканың өзгелерге тәуелділігінен қорғау үшін бар мүмкіндіктерді пайдаланып, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландырып, тыңғылықты жұмыстарды атқарып келеді. Мұндағы бірден-бір себеп – кәсіпкерлерді қолдап, отандық өнімдердің әлемдік нарықтағы салмағын асыру.

Кәсіпкерліктен кемелді жол табу азаматтардың сауаттылығы мен іскерлігі, еңбек сүйгіштігімен тікелей қатысты. Бүгінгі жастар техниканың тілін біледі, мектеп қабырғасында жүргенде, әкеміз өзіміз тұрып жатқан үйге жапсарлай шеберхана құрып, қарапайым құрылғылармен алғашқы пластик терезелерді жасаумен айналыса бастады. Ол кезде сұраныс тым көп болмағанымен, әкеміздің жұмысқа жауапкершілікпен қарайтын мінезін жақсы білетін тұтынушыларды ауламыздан жиі кездестіретінбіз. Сосын бос уақытымызда біз де әкемізге көмектесіп жүріп, терезеге керекті материалдарды өлшеу, кесу, жапсыру сияқты жұмыстарды меңгере бастадық. Жыл өткен сайын табысымыз да еселене түсті. Бұл кәсіп күнделікті жұмысымызға айналды. Алғаш әкемізді




ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУДІҢ СЕНІМДІ ЖОЛЫ



жағалап жұмыс істей бастағанда, ол кісі «пайда қуып, басқаның сенімінен айырылсаңдар, жоламай-ақ қойыңдар» деп ескертті. Сондықтан осы күнге дейін қолға алған әр жұмысымыздың сапасына қатаң қарайтын болдық. Табысқа жетуіміздің түп-тамыры да осында», – дейді.

Бала күннен жұбы жазылмаған ағайынды жігіттер әлі де отбасылық кәсіпті бірге жүргізіп келеді. Олар тәжірибесі толығып, біліктілігі артып, терезе жасаудың сан түрлі шеберлігін, тұтынушылармен жұмыс істеудің жолын меңгеріп алғаннан кейін жұмыс көлемін ұлғайтты. Тапсырыс көбейген сайын жаңа техникаға деген сұраныс та туындады. Сондықтан тапқан табысының бір бөлігін тұрмыстық қажеттілікке жұмсаса, қалған бөлігіне жаңа техникаларды шетінен сатып алып, цехты ұлғайтып, тұтынушылардың көңілінен шығатын сапалы дүние жасауға тырысты.

Бұл турасында Асхат Қалибекұлы бүй



деді: «Жасыратыны жоқ, алғаш жұмыс бастағанда табысымыз көбейе түссе деген жанталастың болғаны анық. Ол кезде осы кең бөлмеде бірнеше ғана қарапайым құрылғы тұратын. Жұмысымыз жүріп, етек-жеңімізді жинағаннан кейін сапалы дүние жасап, жұрттың көңілінен шықсақ деген ұмтылыс пайда болды. Өйткені жыл өткен сайын жұрттың әлеуеті артып, сапалы дүниеге деген сұраныс туындады. Осыған орай, біз де өзіміз тұрған қалалықтардың тұрмыс сапасына сай келетін, талғамынан шығатын терезелерді жасауға құлшыныс пайда болды. Басында бәрін қол күшімен жасаушы едік, енді техника істейтін жағдайға жеттік».

Бүгінде олардың цехында ине шаншар жер жоқ. Айналаның бәрі пластик терезе жасауға арналған құрылғылар. Бірі материалдарды өлшеуге, енді бірі кесуге, тағы бір желімдеуге, тағы сондай өндіріске керекті құрал-жабдықтар. Оның бірі Италиядан, енді бірі Ресейден алынса, қытайлық құрал-жабдықтар да бар. Қысқасы, әлемнің әр түкпірінен жинақталған озық аспаптар мен құрылғылар олардың цехында жинақталып, талдықорғандық тұтынушылар үшін қызмет етіп жатқандай елес берді.

«Жұмысымыз жүре бастаған соң Алматы, Астана, Шымкент сияқты ірі қалалар мен Түркия, тағы басқа шетелдердегі біз сияқты металл-пластик терезе өндірісімен айналысатын ірі кәсіпорындардың жұмысымен танысып шықтық. Жаңа үлгідегі, озық технологияларға қолдану керектігін сезіндік. Бірақ құрал-жабдық шетелде өндіріледі. Сатып алуға қалтаң көтере бермейді. Сондықтан 2020 жылы Алматы облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде жариялаған жобалар байқауында бақ сынап көргіміз келді», – дейді шеберлер.

Сөйтіп, олар 4 миллион теңгеден астам қайтарымсыз грант алыпты. Ол қаржыға терезе әйнегін тазалап, жуатын Қытайда өндірілген «Сартер» маркалы құрылғыны сатып алды.

«Металл-пластик терезенің екі түрлі ерекшелігіне баса назар аудару керек. Бұл – терезе жақтауының ішіне салынатын сапалы металл мен екі жағы қапталатын әйнектердің тазалығы. Біз осыған дейін терезе әйнегін қолмен жуып, тазалап келдік. Қанша жерден таза жудық дегенмен де, ойдағыдай болмайтын. Терезе қапталған соң оны қайта ашып, тазалай алмайсың. Тұтынушылардың көбі терезе әйнектерінің таза болмағындығы үшін шағымданып жатады. Жұмыс сапасын жақсарту мақсатында құны 11 млн теңге тұратын жаңа құрылғыны жеткіздік. Басында айтылғандай, оның 4 млн теңгесі мемлекеттік қолдаумен қайтарымсыз грант ретінде берілді. Ол үлкен көмек болды», – дейді.

Бүгінде Талдықорған қаласында металл-пластик терезе өндіретін бірнеше цех болғанымен, бірде-бірінде әйнек жуатын заманауи құрылғы жоқ еді. Жанат пен Асхат Шыныбековтер бірінші болып осы бір инновациялық жаңа технологияны талдықорғандықтарға ұсынды.

Бұл қадам олардың тағы бір жаңа цех ашуға түрткі болды. Өйткені терезе жақтауын жасайтын цехтағы бұрқыраған шаң мен тозаң жаңа құрылғымен жұмыс жасауға кедергі келтірді. Сонымен олар ең алғаш жұмыс бастаған цехты үлкейтіп, әйнек жуатын және қаптайтын, тағы да басқа осы бір жұмысты жүргізуге керекті құрылғыларды сол жерге көшіреді де, Асхат терезе жақтауын жасауға, ал Жанат әйнек жуу жұмысымен арнайы айналысады. Қазір Жанат меңгеріп отырған цех қалалықтардың аяғы үзілмейтін жерге айналды. Күнделікті қажеттілігі үшін келетін тұтынушылардан сырт, осы күнге дейін пластик терезенің әйнегін қолмен жуатын әріптестері де тапсырыс беретін болған.

Бір биікке жеткен адамның алдынан тағы бір белестің бұлдырап көрінетіні анық.

– Басында біз кәсібімізді дөңгелетіп, қаржымызды көбейтсек деп ойлаушы едік. Енді ол екінші мәселеге айналды. Өткен жылдары Түркиядағы осы кәсіппен айналысатын кәсіпорындарды көріп, қызықтық. Қазір сол кезде көкейімізге түйіп қайтқан жоспарымызды жүзеге асыруға құлшынып жүрміз.

Талдықорғанға әйнек жуатын заманауи құрылғы орнаттық. Алматыға шапқылайтындар қазір бізге келеді. Жол шығынын бір үнемдесе, біздің бағамыз арзандау. Демек көпшілікке көмегіміз тиді деген сөз. Қазір қаладағы әйнек кесетін цехтар көп. Алайда олар тек төрт бұрышты әйнектерді ғана кесе алады. Енді түрлі пішінде әйнек кесетін құрылғының технологиясын енгізсек деп қамданып жүрміз. Ол құрылғыны әкелсек, қаладағы жиһаз жасайтын цехтардың бір күрделі мәселесі шешілер еді. Бірақ оның құны, Талдықорғанға жеткізіп, іске қосқанша кететін қосымша шығымдар тым қымбатқа түсіп тұр. Бұл тұрғыда тағы да мемлекеттік қолдау болса, нұр үстіне нұр болар еді, – деп базынасын да айтты.

Ағайынды жігіттердің осы жетістікке жетуіне адалдығы мен адамгершілігі көп демеу болып келеді. Өйткені қаладағы ең сапалы терезелерді осы жігіттер жасайды. Әрі бағасы да қалта көтереді. Бірнеше адамды тұрақты жұмыспен қамтып, өздерімен қоса, жерлестерін де жаңа мамандыққа тәрбиелеп келеді. Бұрындары олардың цехында жұмыс істеген азаматтар бүгінде өз алдына шағын цехтарын ашып, жұмыс жүргізе бастапты. Олардың да аяғынан нық тұруына қолдан келер көмегін аяған емес.

Халқымызда: «Жас келсе, іске» деген нақыл сөз бар. Оны осы жігіттердің жігерлі ісі дәлелдеп жатыр. Былай қарағанда, олардың ісі жай кәсіпкерлік болып сезілгенімен, шын мәнінде, қайнап жатқан тірліктеріне қарап, ел экономикасы мен өркениетіне үлес қосып жатқанын айқын аңғарамыз. Себебі, олар өздері жасап жатқан қаланың тіршілігіне тыныс ашуда. Тағы бір жағынан, олардың жұмысына дем берген мемлекеттік грант екендігін де ескеруіміз керек. Арамызда кәсіп ашуға ұмтылып жүрген азаматтар көп. Ағайынды екеудің жетістігі оларға үлгі болады деп сенемін. Егер қаржылық жақтан қолдау тапқысы келгендер болса, «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде қайтарымсыз грант берілетін байқауларда бақ сынап көруге де болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Мемлекет/ жекеменшік

ӘРІПТЕСТІК – ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

Бүгінде Алматы облысында «Талдықорған», «Береке», «Арна», «Боралдай», «Қазыбек бек», «Қайрат-6» индустриалды аймақтарында ірі жобалар жүзеге асырылып, ел игілігін еселеп жатқанынан жұрт хабардар. Жалпы Алматы облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын жүзеге асыруға 3,5 трлн теңге қарастырылған, оның 2 трлн 300 млрд теңгесі – бюджеттен, 1 трлн 200 млрд теңгесі – жеке қаражат. Облыс экономикасының одан әрі дамуы және өсуін қамтамасыз ету үшін Алматы облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы қабылданды.

Бүгінгі таңда облыстың инвестициялық портфеліне 5,4 трлн теңгеге 546 жоба енгізілді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 2021-2025 жылдары төрт жарым мың жұмыс орнын құра отырып, инвестиция көлемі 690 млрд теңге болатын 37 жоба іске асырылады. Олардың арасында трансұлттық компаниялардың қатысуымен және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы жүзеге асырылатын ірі жобалар да бар.

Атап айтқанда, Іле ауданында ұсақ малды терең өңдейтін «Жетісу қой», Қапшағай қаласында ірі қара мал етін өңдейтін «Тайсон фудс», Кербұлақ және Үйғыр аудандарында «Прима құс», «Кәусарагро» құс фабрикалары, Еңбекшіқазақ ауданында «Жетісу вольфрамы» кен өңдеу зауыты, Сарқан ауданында «Kunkuat» жел электр стансасының құрылысы сияқты жобалар бар. Соның нәтижесінде шикізаттық емес экспорт көлемі жыл сайын 8%-ға, өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 6%-ға артады.

Елорда төрінде журналистердің сұрағына жауап берген облыс әкімі Амандық Баталов: *«Нұрлы жер» бағдарламасын жүзеге асыру жалғасуда. Мәселен, биыл 1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарланған. 2603 пәтерлік 521 тұрғын үй салынып жатыр, соның 1212-сі көпбалалы отбасыларға берілмек. Сонымен қатар жеңілдіктер қарастырылған «7-20-25», «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ 5-10-20» бағдарламаларымен 1986 отбасы пәтерлі болмақ. Сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынып жатқан нысандар да ел игілігін асыратын болады»*, – деген еді. Бүгінде аталған жұмыстың дені орындалып, атқарылған істің игілігін жерлестеріміз көре бастады.



БАЛАМАСЫ ЖОҚ БАССЕЙН

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Жетісу жерінде бой көтерген ең ірі нысандардың бірі ретінде Талдықорған қаласындағы олимпиадалық типтегі жабық жүзу бассейнін айтуға болады. Жоба мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында жүзеге асырылды, ал оның іске асырылу барысын облыс басшысы жеке өзі қадағалады. Іргетасын қалаудан бастап, іргелес аумақты абаттандыруға дейінгі жұмыстардың барлығы аймақ басшысының назарынан тыс қалған жоқ.

Нысанның ашылу салтанатында өнір басшысы Амандық Ғаббасұлы: – Елбасы мен Президенттің еліміздегі спортқа көңіл бөлу туралы тапсырмаларына сәйкес бүгінде Алматы облысында 13 дене шынықтыру сауықтыру кешені жұмыс істеп тұр. Бүгін, міне, әлемдік стандартқа сай, Орталық Азияда теңдесі жоқ жүзу бассейні салтанатты ашылуда. Бұл нысан өскелең ұрпақты спортқа баулуға үлкен серпін береді және осы жерден еліміздің даңқын шығаратын мықты спортшылар тәрбиеленіп шығады деп сенемін. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай іске қосылып отырған жүзу бассейні құтты болсын! – деп індет жағдайында нысанның құрылысын жауапкершілікпен, сапалы жүргізген құрылыс компаниясының ұжымына шынайы ризашылығын жеткізген болатын.

Аталған ғимарат қаланың төрінде 3,8 гектар жерге қанатын жайды. Бұл ғимараттың жалпы ауданы 13 мың шаршы метрден асады. Жүзу бассейнінің құрылысына 11,4 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалды. Мұндай әсем де, әдемі, зәулім спорттық нысанның бой көтеруі – ел экономикасы дамуының айқын көрінісі. Жабық бассейннің жалпы ауданы 27 мың шаршы метрді құрайды. Онда әлемдік стандарттарға сәйкес келетін 3 бассейн бар. Олардың бірі – ұзындығы 50 метр, жүзу, аквааэробика, су добы және синхронды жүзу бойынша оқу-жаттығу сабақтарына арналған. Ал екіншісі биіктігі 5-тен 10 метрге дейін суға секіру үшін жасалған. Онда республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар өтеді, оларды амфитеатр түріндегі мінбелерден 500-ден астам адам бақылай алады.

Сарапшылардың айтуынша, ғимараттың сәулеті көрермендер жүзушінің әр қимылын қадағалай алатындай етіп жоспарланған. Мұнда ватерполо мен синхронды жүзуден қалалық және облыстық командалар құрылады. Осылайша, спорттың су түрлері бойынша болашақ чемпиондарды тәрбиелеу жолында біршама жұмыстар атқарылады. Күніне бассейн 750 адамға дейін қабылдай алады.

Қазіргі таңда бассейн болашақ спортшыларды қабылдай бастады. Нысанға үмітін үкілеп келген әрбір жас сәулеті мен салтанаты жарасқан ғимаратқа қарап таңдай қағады.



ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНА

Қазір халық денсаулығының сапасын арттыру – негізгі мәселенің бірі. Бүгінде бүкіл әлемнің бас ауруына айналып отырған коронавирусты қоса алғанда, қатерлі ісік пен жүрек-қан тамырлары аурулары да асқынып тұрғанын жасыруға болмайды. Сондықтан аймақтарда жұртты жиі мазалайтын қауіпті аурулар дер кезінде анықталып, емдеуге баса назар аударылып, осы бағытта мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде тиісті қадамдар жүзеге асырылуда.

Соның бір айғағы ретінде «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында Алматы облыстық Денсаулық сақтау басқармасы мен «КДЛ ОЛИМП» ЖШС компаниясы және OLYMP MEDICAL GROUP ЖШС арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Талдықорған қаласында ашылып, халыққа қызмет көрсетуге кіріскен DiVera медициналық орталығы мен орталықтандырылған медициналық зертханасын айтуға болады.

Жобаның мақсаты – сапалы зертханалық зерттеулерді жүзеге асыру арқылы сырқаттардың ауруларын дер кезінде анықтап, емдеу бойынша халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету. Құны 720 миллион теңге болған жобаның арқасында жылына 1,5 миллионнан астам зерттеу жасауға мүмкіндік туады.

Медицина саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті белсенділікпен енгізу мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіруді ынталандырады және мемлекеттік емес ұйымдармен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуді барынша кеңейтеді. Ал бұл өз кезегінде әлеуметтік медициналық сақтандыру шартына сай алғашқы медициналық-әлеуметтік көмекті қаржыландыру арқылы бәсекелестікті қалыптастырып, көрсетілетін қызметтердің ашықтығын, сапасын, қолжетімділігін қамтамасыз етуге жол ашады.

Қазір еліміздегі онкологиялық аурулар ішінде сүт безінің қатерлі ісігі жалпы құрылымда 2-орында орналаса, әйелдердегі онкологиялық аурулар арасында 1-орында тұр. Облыс орталығында ашылған DiVera медициналық орталығы бірінші кезекте сүт безі қатерлі ісігін зерттеуге қатысты қызмет көрсетеді. Сонымен қатар гинекологтің, педиатрдың, терапевтің және тағы басқа маман дәрігерлердің қабылдауын жүзеге асырады. Кез келген ауруды алдын ала анықтау мен дер кезінде емдеудің тиімділігі айтпаса да түсінікті. Соған сай ең соңғы үлгідегі заманауи Fujifilm Amulet Innovality аппаратымен жабдықталған DiVera медициналық орталығы облыс пен Талдықорған қаласындағы сүт безі қатерлі ісігінің кешенді диагностикасын жүргізетін бірден-бір орталық.

Қысқасы, облыс экономикасының өсуіне, елді мекендердің дамуында, халыққа қызмет ететін заманауи нысандардың көптеп бой көтеруіне мемлекеттік-жекеменшік әріптестік қомақты үлесін қосып келеді.



Орталық Азия елдерінде баламасы жоқ осындай ғимарат болашақта ел намысын қорғайтын, Жетісудың даңқын аспандататын талай спортшының бағын ашатыны анық. Ал сол таланттар өз кезегінде болашағына жарқын жол ашқан осындай ғимарат тұрғызуға қолдау танытқан ел ағалары мен ғимаратты салуға барынша үлес сіңірген құрылысшыларға алғыстарын айтатын болады.

Облыс әкімі Амандық Баталов бірқатар құрылыс компаниясы мен инвесторларды қабылдаған кезде: *«Біз сіздерді біраз жылдан бері білеміз. Бұрындары компанияларыңыз облыста болмаған. Енді, міне, сіздердің құрылысшыларыңыздың еңбегімен облыс орталығында небір көз тартарлық әдемі ғимараттар бой көтеріп, қала сәнін кіргізуде. Мәселен, жаңа салынған жүзу бассейнінің өзі шаһарға қандай керемет көрік беріп тұр»*, – деп еді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ЕКІ ТАРАПҚА ДА ПАЙДАСЫ КӨП

12 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында білім беруде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудың маңыздылығына тоқталып, білім беру инфрақұрылымына инвестицияларды тартуды арттыру қажет екенін атап өткені есімізде. Осы тапсырманы іске асыру бойынша Шымкент қаласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік табысты жүзеге асып жатыр. Биылғы жаңа оқу жылында қалада 20 жаңа мектеп ашылып, 2 мектептің қосымша корпусы аяқталды. Осылайша мегаполисте апатты мектептер жойылып, үш ауысымды мектептер саны 14-тен 9-ға азайды. Жыл соңына дейін тағы 4 жаңа мектеп ашылады. 2023 жылға дейін қалада үш ауысымды мектеп мәселесі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы толық шешілмек.

Шымкент қалалық білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиеваның айтуынша, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында мектептер видео бақылау жүйесімен жабдықталып, турникеттер қойылып, дабыл батырмалары орнатылған, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жастар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Жаңа модификацияланған жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында 263 кабинет, 178 интерактивті тақта орнату жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, жаңа модификацияланған жабдықтармен қамтылған пән кабинеттер үлесі 32,5%-дан 65%-ға жетті. Бұл жұмыстар жалғасын табатын болады.

«2021-2025 жылдар аралығында сапалы білім беруге жағдай жасау мақсатында мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында күрделі жөндеу 4 нысанда жүргізілді және 28 мектептің



ауласына спорт алаңдары орнатылды. Қысымдау жұмыстары 258 мемлекеттік білім ұйымында 100 пайыз аяқталды», – деді басқарма басшысы.

Шымкент қалалық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» фракциясының мүшесі Төреайым Сұлтанова мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобасының шаһар шаруашылығына әкелер пайдасы көп екенін айтады.

«Шымкент республика бойынша халық көп шоғырланған, демографиялық көрсеткіші жоғары мегаполис. Дегенмен осыдан он жыл бұрынғы уақыт пен қазіргі кезеңді салыстыруға келмейді. Ол кезде қалада мектеп пен балабақша жетіспейтін. Оқушылар үш ауысымда, бір сыныпта 45-50 балаға дейін оқыған кездер болды. Бір мұғалім елу балаға қандай білім береді? Қалада балабақша өте аз болды. Қазақтың көбейгеніне қуанамыз. Әрбір дүниеге келіп жатқан балаға тиісті жағдай жасау, бүгін мен болашақтың қамын күйттеу – басты міндетіміз. Кезінде мектеп, балабақша, аурухана салуды жеке инвесторларға беру туралы ұсыныс білдірген едік. Қазір білім беру ұйымдарының мәселесі мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында ақырындап шешімін тауып жатыр», – дейді Т.Жолдыбайқызы.

Шымшаһардағы жаңа мектептер құрылысына жеке инвесторлар мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жүйесі кеңінен тартылуда. Алдағы бес жылда қалада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 12, ал жеке инвестормен 40 мектеп салынбақ. Алдағы үш жылда Шымкентте үш ауысымды мектеп мәселесі толық шешіледі.

ЖАРЫҚШАМДАР ОРНАТАДЫ

Шымкент қалалық энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы құрылысы қарқын алған Тұран шағынауданында қалалық инфрақұрылымды дамыту міндетін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында орындауға кірісіп кетті. Осы бағытта биыл шағынауданда 13 көшеге асфальт төсеу, аяқжолдар салу жұмыстары басталған.

Инженерлік инфрақұрылым жүйелерімен қамту бойынша Қызылжар тұрғын алабын, бір мың төсек орындық клиника салынатын аумақты және «Жұлдыз» индустриалды аймағының инженерлік инфрақұрылымын салу жобалары қолға алынған. Оның ішінде Қызылжар тұрғын алабында ауыз су, газ, байланыс желілері тартылып, тұрғын алапта қалалық орта қалыптасады.

Қала көшелерін абаттандыру мәселесінде көшелерге электр жарығын орнату жоспарланған. Қазіргі таңда қаладағы әлеуметтік маңызы бар 747 көшенің 220 көшесіне ғана жарықшамдар орнатылған. Биыл 324 көшеге жарықшамдар орнату, ескі жарықшамдарды ауыстыру жұмыстарын атқару көзделген. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде 104 көше бойынша іскерлік орта өкілдерімен келісімшарттар түзілген. Қазіргі таңда бұл жұмыстар 31 көшеде атқарылды.



2021-2023 жылдары көшені жарықтандыру мен оны күтіп ұстау бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 16,4 млрд теңгеге бірқатар жобалар жүзеге асырылады. Жоба аясында 312 көше жарықтандырылып, энергия үнемдейтін LED шамдар орнатылмақ. Атап айтқанда, Абай ауданындағы 83 көше, Әл Фарабидегі 42 көше, Еңбекшідегі 89 көше, Қаратаудағы 98 көше жарықтандырылады. Нәтижесінде, қаланы түнгі жарық шамдармен қамту көрсеткіші 70 пайызға жететін болады.

Айта кетерлігі, қала көшелерін жарықтандыруда бірінші кезекте шағынаудандардағы әлеуметтік нысандар орналасқан (*мектеп, емхана, балабақша және т.б*), орталық маңызға (*қоғамдық көлік қатынайтын*) ие көшелерін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша қамту жоспарланып отыр.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік

BINOM МЕКТЕБІ – ӘРІПТЕСТІК ҮЛГІСІ

Қазіргі таңда мемлекетті жан-жақты дамытудың түрлі жолдары қарастырылған. Іске асып, ел игілігіне жарап жатқан жобалар да көбеюде. Айталық, осындай жаңашылдықтың үлгісі ретінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті (МЖӘ) айтуға болады. Бұл – мемлекеттік серіктес пен жекеше серіктестің бірлесе отырып, үлкен жобаларды жүзеге асыруы. Бір ескеретіні, тек мемлекет рұқсат еткен нысандар ғана салынады. Мысалы: білім беру нысандарын салу және пайдалану (*балабақша, мектеп, студенттер жатақханасы*), мектеп асханаларын жаңғырту, медициналық ұйымдарды салу және пайдалану, спорт ғимараттарын салу және пайдалану секілді жобалар басты назарда. Екі жақты келісімшарт барысында қос серіктес өзара тиімді шешімге келеді.



Елімізде мұндай жобалардың саны күннен-күнге артуда. Сондай нысандардың бірі – Нұр-Сұлтан қаласында бой көтерген BINOM мектебі. BI Group құрылыс холдингі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі бойынша келісімшартқа қол қойылған. Келісімшарт бойынша, құрылыс холдингі МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды жүзеге асырады. Кейін шарттың талаптарына сәйкес, мектеп Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік коммуналдық меншігіне көшеді. Еліміздегі ең үлкен құрылыс компаниясының бірімен жасалған мұндай келісімшарттың мемлекет үшін де пайдасы зор. Себебі миллиардтаған шығындар инвестордың есебінен жұмсалады.



Өз кезегінде BINOM SCHOOL – заманауи үлгіде құрылысын аяқтаған мектептердің бірі. «Оқушыларға интеллектуалдық, физикалық және психологиялық, әдеби-эстетикалық бағытта қосымша білім беретін, материалдық-техникалық жағынан толықтай жабдықталған мектеп. Мұнда білім беру жүйесін цифрландыруға да аса мән берілуде. Бұл қолайлы жағдай мектеп ұстаздарын қағазбастылықтан құтқаруға, Digital технологиясын қолдану арқылы әр сабақты қызықты етіп өткізуге мүмкіндік береді», – дейді мектеп өкілдері.




Елордада дәл осындай төрт мектеп жұмыс істеп тұр. Мектепте оқу әр қазақстандық үшін тегін. Десе де, қарапайым мектептерден деңгейі жоғары деуге әбден болады. Өйткені мұғалімдерді жұмысқа алу үшін байқау өткізіп, іріктеуден өткен мамандар ғана жаңа мектептің қызметкері атанады. Бағы жанғандардың арасында 3-4 тілде еркін сөйлейтіндер, республикалық жобалардың жеңімпаздары, әдістемелік құралдар мен ғылыми жобалардың авторлары, шәкірттері республикалық пән олимпиадасының жеңімпазы атанған, өңірдің «Жыл мұғалімі» байқауының бас жүлдесін жеңіп алған ұстаздар бар. «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білімін жетілдірген оқытушылар да жоқ емес. Әрине, МЖС арқылы салынған мектеп болғандықтан, халықтың көңілінен шығары күмәнсіз.

Ел экономикасының өркендеуіне бағытталған жобалардың саны жетерлік. Сол тізімде МЖӘ-ның да алар орны ерекше. Жаңа салынған мектеп болсын, құрылысы жаңғырған балабақша ма, түбі ел игілігі үшін атқарылып жатқан іс екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан мемлекеттік-жекеменшік әріптестік елдің дамуы барысында айтарлықтай маңызға ие. Әсіресе, білім беру саласын өзге жобалардан оқ бойы озып тұр. Бұл туралы «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Матаев «МЖӘ білім беру саласында белсенді дамып келеді. Мысалы, 01.06.2020 ж. жасалған 786 МЖӘ шартының 56 пайызы немесе 437 бірлігі осы салаға тиесілі. Шамамен 115 млрд теңгеге келісімшарттар жасалды. Білім беру саласындағы МЖӘ жобаларының жартысынан астамы мектепке дейінгі ұйымдар. Бүгінгі таңда 70 млрд теңгеге 240 МЖӘ шарты жасалды. Осы жобалар шеңберінде жаңа құрылыс, мектепке дейінгі мекемелерді қалпына келтіру, жаңғырту және пайдалануға беру жұмыстары жүргізілді. МЖӘ сенімгерлік басқаруға беру, жалдау және т. б. форматтарда жүзеге асырылды. Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, 2019 жылы 3-6 жастағы балаларды қамту 98,5 пайызға жеткен. Дегенмен Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында, Алматы облысында және басқа да бірқатар өңірде көші-қонның жоғары болуына, демографиялық өсімге байланысты мектепке дейінгі ұйымдарға қажеттілік сақталып отыр.

Сондықтан 2020-2025 жылдарға арналған «ҚР білім мен ғылымды дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасында» МЖӘ мен жан басына қаржыландыру тетігі есебінен мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептер желісін одан әрі кеңейту қарастырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жұмысы жалғастырылады. 2025 жылға қарай 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту үлесін 85,3 пайызға дейін жеткізу жоспарлануда. Бұл көрсеткішке қарап мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің пайдасы орасан зор екенін аңғарамыз.

BINOM мектебі астанадағы МЖӘ арқылы салынған соңғы мектеп емес.





Бұған дәлел Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің мәслихаттың кезектен тыс сессиясында келтірген дерегі. «Біз бәрін бюджет есебінен сала алмаймыз. Біз жеке инвестициялар үшін де, МЖӘ тетігі үшін де жағдай жасауға тиіспіз. 2019 жылы біз 6 мектеп салдық, 2020 жылы 11 мектеп, 2021 жылы 40 мың оқушы орнын қамтамасыз ете отырып, екі ауысымда оқытатын 15 мектеп салдық. 2020 жылдың қорытындысы бойынша біз үш ауысымды мектептердің санын 2 есеге – 8-ден 4-ке дейін, ал толып кеткен мектептерді 22-ден 14-ке дейін төмендеттік», – дейді Алтай Көлгінов. Осындай көрсеткішке қарап аталған бағдарламаға қарсы сөз айту да қиын.

Бүгінгі күні іске асып жатқан түрлі жобалардың барлығы дерлік халық үшін, елдің экономикасы үшін жүзеге асырылып жатыр. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік те осындай айтулы бағдарламалардың бірі. Сондықтан ірі компаниялар мен жеке инвесторлардың осы тұста аянып қалмасы анық.

Мәулен ЖЕКСЕНБІ

«Бастау бизнес»

ТІГІНШІ ҚЫЗ

Қазір қазақ қыздарының отбасын асырау үшін кез келген кәсіп, түрлі мамандықты меңгеріп, қиындықпен күресте табандылық танытатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Өңір базарларында сауданың көрігін қыздырып жүргендер де қыз-келіншектер. Әсіресе, «Бастау бизнес» жобасы аясында курстарды бітіріп, кәсіпкерлік негізін қалап, өз арманын жүзеге асырып, ауылдастарын жұмыспен қамтып, кәсіпкерліктің өркенін өсіріп отырғандар да аз емес. Жастардың арасынан да кәсіптенуге ниеттенгендер қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Солардың бірі – Жаркент қаласында тұратын тігінші Гүлжан Шәріпбекова.

Кентау қаласының тумасы Гүлжанның алғашқы мамандығы сарапшы-бағалаушы болатын. Ол туған қаласындағы жекеменшік тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорнында еңбек етті. Содан соң табысты жұмыс іздеп Алматы қаласына келді. Оңтүстік астанадан қолайлы кәсіп таппады.

Гүлжан Серікқызы: «Мені ата-анам бала кезімнен істі тиянақты тындыруға үйретті. Сондықтан қайда жүрсем де, кез келген жұмысты ыждаһатпен атқардым. 2012 жылы жаркенттік жігітпен танысып, тұрмыс құрдым. Міне, он жылдан бері аудан орталығында тұрып келеміз. Бірге үш бала өсіріп отырмыз. Отағасының талабымен біраз жыл жұмыс істеген жоқпын. Балаларды өсірдім, қарт енемді күттім. 2019 жылы май құю бекетіне жұмысқа тұрдым. Бір жылдан кейін «Бастау бизнес» бағдарламасы туралы естідім. Отбасыммен ақылдасып, осы бағдарламаға қатысуға бел байладым. Бұл менің көптен бергі арманымды жүзеге асыруға жол ашты», – дейді.

Бастапқыда курстағы кондитерлік мамандықты таңдамақ болды. Өйткені тәтті пісіруді бұрыннан жаны жақсы көретін. Ойлана келе, бала кезден киім тігуге икемі барын ескеріп, осы кәсіпті игеруді жөн көрді. Оның бизнес жоспары мақұлданып, Үкіметтен бөлінген 500 мың теңгеден астам қаржы қолына тиісімен тігін машинасын, киім пішетін үстел, тағы басқа қажет заттарды сатып алып, іске кірісті.

Гүлжан тігіншілікте алғашқы сәттен өз қолтаңбасын жасауға талпынды. Тек киіммен шектелмей, құрақ көрпе тігіп, ұлттық бас киімдер, қазақы ою-өрнекпен киім сәндеуді қолға алды. Осындай талпыныс тігіншіге табыс әкеле бастады.

Бүгінде Гүлжанның үйінен кісі аяғы үзілмейді. Біреуі көрпе, енді бірі терезеге перде, тағы бірі басқа да тұрмыстық бұйымдар тіктіреді. Ауылдастары қыз жасауына, жас отауға керекті бұйымдардың түр-түріне тапсырыс береді. Тұтынушылары көбейген сайын оның жұмыс жүктемесі де арта түсті. Табыс мөлшерін айтпағанымен, кірісі еселеніп, күнделікті тұрмыстық қажеттілік пен керекті материалға жұмсайтын қаражатының артық бөлігін үнемдеп, болашақта өз тігін цехын, сән салонын ашуды ойластыруда.

– Алдағы күнге іштей құрған жоспарларым бар. Арман-тілектің



тоқтаусыз жүзеге асуы үшін сапалы жұмыстармен тұтынушыларымды көбейте беруім керек. «Бастау бизнестің» қолдауымен өз ісімді аштым, енді соны өрістету тек өзіме байланысты. Мақсатқа қол жеткізу үшін тынбай еңбек ету керек, – дейді.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Панфилов аудандық өңірлік филиалы өкілдерінің айтуынша, өткен жылы Жаркент өңірінде 127 жас кәсіпкерлікке, бизнеске оқытылды, солардың арасынан 59 адам арнайы грантқа ие болып, тағы үшеуі «Ауыл шаруашылығын қолдау қорынан» жеңілдетілген несие алған. Биыл тағы 210 жас бизнес бастауды оқып жатыр.

Шағын бизнес

КӘСІПКЕР АНАЛАР

Кез келген адамды тәрбиелеп, жігерлендіретін, күш беріп, қуантатын, бақытты етіп, болашаққа батыл қарататын, ширатып, шынықтыратын нәрсе адал еңбек. Қазіргі таңда маңдай терімен ас табуға ниеттенген жандарға мемлекет тарапынан да көп қолдау көрсетіліп жатқаны жасырын емес. Алайда сол көмекті ұқсата білудің өзі де өнер. Ондай жандар арамызда өте көп. Сол қатарда көпбалалы Гүлнар Молдағашева мен Сандуғаш Қасымова мемлекет қолдауына ие болып, Үштөбе қаласының орталығындағы сән салонында шаштараз болып еңбек етіп, нәпақа тауып жүр.

Қос маман нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 583400 теңге көлемінде мемлекеттік грант алып, кәсіпке қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде мемлекет есебінен кәсіптік мамандықты үйрететін тегін курс оқыды.

Гүлнар Нұрбосынқызы Талдықорған қаласындағы кәсіби білім беру орталығында «Шаштараз өнері» курсы бойынша оқып, «Шебер шаштараз» атану үшін қажетті біліктілігін көрсетті. Гүлнар ері Амантай Молдағашевпен бірге 2012 жылы Матайдан Үштөбеге көшіп келген. Отағасы жол жөндеу кәсіпорнында трактортшы болып жұмыс істейді. Көп жылдар бойы бала күтімімен отырған Гүлнар Молдағашева сүйікті ісімен айналысып жатқанына дән риза.





– 2019 жылы «Қаратал аудандық жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесі арқылы Талдықорған қаласынан 3 ай шаштараз курсын оқып, қараша айында арнайы сертификат алдым. Біраз уақыт кәсіби мамандардан тәжірибеден өттім. Грант алған соң құрал-жабдық алып, жұмысты биыл көктемде бастап кеттік. Мемлекет тарапынан берілген еркін асырауға жетіп жатыр. Алдағы уақытта кәсібімізді кеңейтіп, қосымша адамдарды жұмысқа тартып, шәкірттер тәрбиелеумен де айналыссақ деген ойдамыз, – деп ағынан жарылады көпбалалы ана, кәсіпкер Сандуғаш Мырзахметқызы.

Иә, мемлекет көмегімен кәсіп үйреніп, нәсібін теріп жүрген көпбалалы аналар ешкімге алақан жаймай, өз күнін өздері көріп отыр. «Еңбек түбі – береке» демекші, маңдай терімен, адал еңбегімен нан тауып жүрген аналардың ісі көпке үлгі.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

«КӨГІЛДІР ОТЫН» КЕЛДІ

Аймағымызды табиғи газбен қамтамасыз ету үшін бірнеше жылдан бері тыңғылықты жұмыс атқарылып, жақсы жетістікке жетіп келе жатқанын жасырмаймыз. Қазірдің өзінде облыс-аудан орталығы мен қала, елді мекен тұрғындары табиғи газға қосылып, игілігін көре бастады. Өйткені газдандыру жоспарының қаржы мен уақытты, энергиялық ресурстарды үнемдеу, қажетті температураға жылдам қол жеткізу, экологиялық тазалықты сақтау сынды артықшылығы бар. Өңірді газдандыру жұмысы республикалық немесе жергілікті бюджеттің, инвесторлардың қаржысы арқылы атқарылады.



Алматы облысындағы 742 елді мекеннің 474-і газдандыруға жатады. Бүгінде 156 елді мекен газдандырылып, 1,2 миллион адам газға қол жеткізген. Талдықорған қаласын газдандыру жұмысы аяқталған. Барлығы 54,3 мың абонент табиғи газға қол жеткізіп, қазіргі кезде 23,7 мыңнан астам үй газға қосылған. «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 3,5 млрд теңгеге 7 жоба іске асырылуда. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі негізінде 5 жоба аяқталуға таяған. Нәтижесінде 44,2 мың адам табиғи газға қол жеткізетін болады. Айталық, биыл Балқаш ауданы тұрғындарын газдандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр.

Тұтынушыларды табиғи газбен қамтамасыз етуде «СтройПроектЛидер» ЖШС-ның нысанның алдын ала сметалық есебін құруға, жобалауға, салуға және газға қосуға көмек көрсетуге толық мүмкіндігі бар. Алайда газға қосуға өтінішті үйдің иесі беруі тиіс. Осыдан кейін барып, газ тарату ұйымы қосу құнын нақтылай алады. Одан әрі «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 12-бабы 5-тармағына сәйкес, құрылыс-монтаждау жұмысы бойынша шарт жасалады. Айта кетерлігі, газбен жабдықтау жүйесі нысандарын магистральді газ құбырына, газ тарату жүйесіне немесе топтық резервуар қондырғысына қосуға байланысты шығындарды нысан иелері өздері төлейді. Осыдан кейін газбен жабдықтау жұмысы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 24-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

«СтройПроектЛидер» ЖШС өкілі Еділ Орманов былай деді: «Біздің негізгі міндеті – табиғи газды тұрғындарға қауіпсіз және үзіліссіз беру. Бәрімізге мәлім, табиғи газ өзінің құрамы бойынша сұйытылған газдан ерекшеленеді. Сондықтан газ құбыры жүйесінің өзгеше техникалық сипаттамасын талап етеді. Сонымен қатар нысандарды табиғи газ көзіне қосу қауіпсіздік техникасының заманауи талаптарына сәйкес келуі тиіс. Айта кетерлігі, газ есептегішін сатып алу, ЖСҚ әзірлеу, техникалық қадағалау, желдету каналын тексеру сияқты қызметтерді басқа ұйымдар жүзеге асырады».

Аталған компания төтенше жағдай кезінде де барлық қажетті қауіпсіздік шарасын қабылдай отырып, штаттық режимде жұмыс істеді.

Қауіп-қатердің алдын алу үшін жедел штаб құрылды және қызметкерлердің біразы қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылды. Өңір тұрғындарының «табиғи газға тезірек қосылсақ» деген тілегін орындауға тырысқан Жетісу өндірістік филиалының қызметкерлері төтенше жағдай кезінде карантин тәртібін сақтай отырып, облыстың қалалары мен ауылдарындағы үйлерге газ тарту жұмысын тоқтатқан жоқ.

Серіктестіктің аудан бойынша аға менеджері Әуесхан Әбдібаев: «Біз қазір Ақдала ауылына газ тарту жұмысын жүргізіп жатырмыз. Бұл елді мекен осыған дейін көмір мен ағаш отынын пайдаланып келген. Қысты күні ызғарлы жердің тұрғындардың үйді жылыту, тамақ әзірлеу сияқты күнделікті тіршілігіне көп қиындық тудыратын. Ал табиғи газдың келуі тұрмысты жеңілдетеді. Төтенше жағдайға байланысты, экономикалық жағынан қиындық көрген отбасылық жағдайы төмен, мүгедек, көпбалалы, жалғызбасты зейнеткер отбасыларға көмек қолын созып, олардың үйін газ желісіне тегін қосып беруді қолға алдық. Осындай игілікті іс пен алғаусыз көмекке ризашылығын білдіріп жатқандар көп», – дейді

Серіктестіктің демеушілігімен Ақдала ауылының тұрғыны, бес балалы, жалғызбасты әке Ернат Саймасаевтың үйіне газ құбыры тартылды.

Ернат Саймасаев: «СтройПроектЛидер» ЖШС-ға ерекше алғысымды жеткізгім келеді. Аталған серіктестік аймағымызды газдандыру жұмысымен айналысатынын естіп жүрсем де, олардың жағдайы төмен отбасылардың үйін газ желісіне тегін қосып беретінін басында білген жоқпын. Үйге газ қосу туралы өтінішімді телефон арқылы жеткізіп, жағдайымды айтып едім, олар жағдайымды сұрастыра келе, газ желісіне тегін қосып беруге көмектесетінін жеткізді. Ертесінде компанияның қызметкерлері келіп, газ қосылатын үйдің картасын сызып кетті. Оның ертесі дәнекерлеуші жігіттер келді де үш жылдан бері армандап жүрген ісімізді үш-ақ күннің ішінде жүзеге асырды», – дейді.

Осылайша, үйіне газ құбырының тегін тартылғанына қуанған, серіктестікпен келісімшартқа қол қойған көпбалалы әке – табиғи газға еш кедергісіз қосылған Ақдала ауылындағы алғашқы отбасылардың бірі. Ендігі кезекте қайырымды жандар көмекке мұқтаж тағы екі отбасыға демеушілік көрсетеміз деп отыр. Сонымен қатар Бақанас ауылындағы мүмкіндігі шектеулі он адамның баспанасына газ есептеуіш құрылғысын тегін орнатты.

Жалпы биыл Алматы облысында 19 жаңа жобаны жүзеге асыру үшін 6,4 млрд теңге қаржы бөлініп, «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде 3,4 млрд теңге қаржы қарастырылған. Сонымен қатар Райымбек және Кеген аудандарының елді мекендерін газдандыру үшін 2020 жылы «Шелек-Кеген-Нарынқол» магистральды газ құбырының құрылысы» үшін облыстық бюджеттен 52,1 млн теңге қаржы бөлініп, 17,4 мың халқы бар 23 ауыл газдандырылмақ, газ құбырының ұзындығы 227 шақырымды құрайды. Талдықорған-Үшарал магистральдық газ құбыры бойынша шаруа қожалықтарымен жер учаскесін келісу жұмыстары негізінен аяқталған.

Қоршаған ортаны ыс пен түтіннен қорғау, тұтынушыларды отынның ең тиімді түріне көшіруді арттыру және аймақ тұрғындарының әлеуметтік және тұрмыстық әл-ауқатын жақсарту, шағын және орта кәсіпкерлікті, өнеркәсіп салаларын дамыту және салынған газ тарату желілерін сақтап қалу үшін облыс елді мекендерін толығымен газдандыру жұмысын жақын арада аяқтауға күш салу керек. Бұл – кезек күттірмейтін міндет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік

Алматы қаласының Алатау ауданында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы бойынша бірқатар білім нысандары салынды. Осы жобаның аясында Алатау ауданындағы №166 мектеп-лицейіне жаңа корпус қосылды. Биыл білім ошағының шәкірттері жаңа құрылғылармен жаңартылып, заманауи үлгіде безендірілген ғимаратқа көшті.

БОЛАШАҚ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ



Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасының нәтижесін өз көзімізбен көру үшін біз Алматыдағы №166 мектепке бардық. Мектеп директорының міндетін атқарушы Лариса Ходжаева жаңа нысан туралы айтып берді:

«Біздің мектеп биыл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында қайта жаңартылды. Мектептің жанындағы ескі ғимараттың жанынан жаңа корпус салынды. Биыл 125 балаға арналған жаңа ғимарат пайдалануға берілді. Үш қабаттан тұратын нысанда 15 сынып, мәжіліс залы, үлкен асхана, кітапхана, 1 спорт залы бар. Мектептің бірінші қабатында оқушыларға арналған демалыс орны бар. Ескі нысан күрделі жөндеуге жабылғандықтан, қазір осы ғимаратта 370 оқушы оқып жатыр. 40 шақты білікті ұстаз білім беруде. Біздің білім ошағы физика-математика пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп-лицей болғандықтан, оқушылар бір ауысыммен оқиды. Өйткені олардың сабағы таңғы сегізде басталып, күндізгі үште аяқталады».

Бұрын мектептің кітапханасы, асханасы мен спорттық залы бөлек-бөлек нысан болған екен. Бүгінде бұл нысандар сүріліп, барлығы бір ғимараттың ішіне орналасқан. Мектептің бірінші қабаты заманауи үлгіде безендіріліп, оқушылардың тыныығып-демалуына арнайы орындар салынған. Сонымен қатар мектептің алғашқы қабатында әр оқушыға арналған жеке шкафтар орнатылған. Оқушылар сөмкесін көтермей-ақ, қажетті оқу-құралдарын осы арадан алады.

Лариса Ходжаеваның айтуынша, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында білім ошағына көңіл бөліну игі бастама болып отыр дейді.

Ол: «Мемлекет пен жеке инвестордың бірігіп, білім саласын дамытуға арналған жобасын құптаймын. Осы жобаға «Ғұн» ЖШС қаржы бөлді. Басшылық қызметке биыл ғана келгендіктен, жекеменшік инвестормен толық танысып үлгермедім. Жаңа нысанның бірінші қабатын жабдықтауға 12 миллион теңге қаржы жұмсалыпты. Сонымен қатар нысанның жанынан ашық спорт алаңы мен жаттығу құрылғылары орнатылған. Биылғы оқу жылын жаңа ғимаратта бастаған оқушылардың көңілі шат-шадыман. Пандемия салдарынан мектептердің онлайн режимде оқығанын білесіздер. Биыл оқушылардың мектепті сағынып, ерекше ынтамен келгендері қуантады», – деді.



Біз жаңа корпуста білім алып жатқан шәкірттерді әңгімеге тарттық. 11-сынып оқушысы Әнел Нұриева жаңа ғимаратты алғаш көрген сәтімен былай деп бөлісті:



«Жаңа ғимаратқа алғаш келген күні жаңа заманауи үлгідегі нысанды көріп, қатты қуандым. Біз үшін білім алудың жаңа белесіне көтерілгеніміз сезіліп тұрды. Бұл мектеп шетелдік білім ордасынан кем емес. Бүгінде білім көкжиегін дамыту үшін мемлекет пен жекеменшік сектордың бірігіп, қаржы салып, осындай нысандарды салуы қуантады. Өйткені мемлекетіміз біздің сапалы білім алуымызды басты назарға алды. Біздің лицей физика мен математика пәндерін тереңдетіп оқытады. Сондықтан болашақта IT саласының маманы болғым келеді. Ал жаңа ғимараттың салынып, мемлекет тарапынан назар аударылып, жеке сектордың осы салаға қаржы салуын құптаймын. Бұл болашақ үшін жасалып жатқан қадам. Ең бастысы, осы мүмкіндікті пайдаланып, білім алып, болашақта ел игілігі үшін қызмет етуге ұмтылуымыз керек».

Өз ойын бөліскен 11-сынып оқушысы Никита Альчиев те жаңа ғимартты көріп, ерекше сезімде болғанын жасырмады. Ол: «Біз бұған дейін ескі типтегі мектепте оқыдық. Жаңа нысан жаңа оқу жылында ерекше леп әкелді десем қателеспеймін. Шынымен де, сапалы әрі заманауи ғимаратта білім алу ерекше құлшыныс сыйлайды. Біз үшін білім әлемінің жаңа есігі ашылды. Заманауи үлгідегі тақта, жаңа құрал-жабдықтар – мұғалім мен оқушыға жасалған үлкен мүмкіндік. Бұрын бізге ашық спорт алаңы жетіспейтін. Қазір ол да бар. Кез келген оқушы спортпен шұғылданып, бос уақытын ашық алаңдағы спорт нысанында өткізе алады. Маған мемлекетіміздің білім саласына көңіл бөліп, оны одан әрі жақсартуға жасап жатқан қадамы ұнайды. Осындай жобаның арқасында оқушылар білім алудың жаңа белесіне көтерілді. Біз ғана емес, еліміздің барлық оқушылары осындай ғимараттарда білім алса деймін», – деді.

Мектептің ескі нысанының күрделі жөндеуге жабылғанын жоғарыда айтып өттік. Білім ошағының басшылығы биылғы оқу жылын жаңа корпуста аяқтап, келесі оқу жылында толыққанды жөндеуден өткен мектепте білім алатын боламыз деді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

Шағын кәсіпкер

Кәсіпкерлікті дамыту – мемлекеттің маңызды қадамдарының бірегейі. Соның ішінде шағын орта бизнесті қолдау бүгінгі күннің талабы болып отыр. Елімізде бизнесті қолдауға арналған бағдарламалар көптеген ынталы адамдардың кәсіп ашуына, кәсіпкерлердің өсіп-өнуіне жол ашқаны анық. Бұл бәрі ел экономикасының қарыштауына, халқымызды әл-ауқаты артуына сеп болары сөзсіз.

Маргарита МЕҢДІҒАЛИЕВА:

БІЛЕТІН САЛАНЫ ТАҢДАУ ҚАЖЕТ

Атырау өңірінде де шағын кәсіпке бет бұрғандар қарасы аз емес. Соның бірі – Маргарита Меңдіғалиева. Атырау облысы Исатай ауданының тұрғыны. Негізгі мамандығы – заңгер. Бұған дейін аудандық сотта маман болып қызмет атқарған оның жеке кәсіпті қолға алуына отбасылық жағдайы себеп болыпты. «Бүгінгі таңда бизнесте жаңалық табу қиын. Түрлі салалар игеріліп қойған, сондықтан олармен бәсекеге түсе алмайсың. Бизнесте бір қағида бар. Ол – өзің білетін немесе икемің бар саладан орын таңдау. Мен де көп ойландым. Өйткені бұған дейін тек қызметте жүрдік. Кәсіптің әліппесін де білмейтінбіз. Алдымен, әрине, сауат ашу қажет. Белгілі бизнес тренерлердің дәрісіне қатыстым. Ол менің кәсіпкерлікке деген ынтамды арттыра түсті, – дейді Маргарита. – Бүкіл уақытымды азын-аулақ жалақыға арнағаннан өз білімім мен қабілетімді пайдаланып, неге кәсіп ашпасқа деген ой мақсатқа жетелей түсті. Бірақ неден бастарымды білмей жүрдім. Кейін тәуекелге бел буып, жұмыстан еңбек демалысымды алып, белгілі клиникалардың бірінен массаждың 12 түрін оқып үйрендім».

Маргарита курста оқыған соң бірден кәсіп ашып алуды ұйғарыпты. «Бірақ қолымда қаржы жоқ еді. Шағын несие алайын десем, оны да көпбалалы анаға бермейтін болып шықты. Сөйтіп әкем мен бауырларымның атына 200 мың теңге көлемінде қарыз ақша алуға тура келді. Сонымен Аққыстау ауылындағы «Еркежан» дәріханасының бір бөлмесін жалға алдым да, бір төсек пен басқа да ұсақ-түйек керек заттарымды сатып алып, жұмысымды бастап кеттім», – дейді.

Жас кәсіпкердің шағын бизнесі аз уақыттың ішінде жақсы сұранысқа ие болды. Жеке кәсіппен айналысқан әлдеқайда тиімді екеніне көз жеткізген ол өз еркімен бұрынғы жұмысынан шығады. Исатай аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының директоры Нұрым Мусиннен біраз мағлұмат алып, «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту-2021» бағдарламасының екінші бағыты бойынша «Бастау-бизнес» жобасына қатысады. «Осы жобаны кәсіпкерлік палатаның аудандық филиалынан жақсы нәтижемен аяқтап, жұмыспен қамту орталығының жанынан ұйымдастырылған грант конкурсына құжаттарымды тапсырдым. 583 мың теңге қайтарымсыз грант ұтып алып, оған керекті құрал-жабдықтар алдым. Тағы бір бөлме қосып, массаж түрін көбейттім», – дейді ол.



Маманның айтуынша, массаж бірінші кезекте адамның қан айналымын жақсартады. Бұрын адамдар ертеден кешке дейін қозғалыста болғандықтан, оларға массаждың қажеттілігі болған жоқ. Ал қазір қозғалыс азайды. Жұмыстың көбін техника атқарады. Жаяу жүретіндер де аз. Сондықтан массаж қажет екенін медицина да дәлелдеуде.

Бірнеше түрге бөлінетін емдік массаждардың бірі – қазірде көбірек сұранысқа ие логопедиалық массаж. Оны да оқып, қыр-сырын меңгере бастаған маман алған дәрісін кәдеге асырып жатқанын, одан оң нәтижелер де бар екенін де атап өтті.

– Бұл – сөйлей алмайтын балаларға арналған массаж. Мен оны практика жүзінде өзімнің балама жасадым. Онлайн түрде оқып жатқандықтан, үйренгенімізді іс жүзінде өзіміз жасап көруімізге тура келеді. Аудан орталығында ерекше балаларға арналған оңалту орталығы бар. Естуімше, онда 15-ке жуық бала ем алады. Ал шындығында, оларға бір-екі сағат массаж алу жеткіліксіз. Ерекше балалармен күнде тұрақты түрде айналысу керек. Оларға емдік гимнастикалық жаттығуларды үзбей жасату керек. Оған бір маманның жетпейтіні белгілі. Сол себепті де әрқайсысына уақыт бөліп, балалардың күтушілеріне массаждық осы түрін тегін үйретсем деген жоспарым бар. Себебі, тағы да қайталап айтайын, ерекше балаларға ем болуы үшін бұл массаж үзбей жасалуы қажет. Сонда ғана бұның көмегі тиеді. Мәселен, ауруынан жүз пайыз айығып кетпесе де, ыдысын ұстай алмайтын бала қолына қасық ала бастауы мүмкін, отыра алмайтыны оған да икемделе алады. Инсульт алған адамдарға да массаждың пайдасы көп. Оны да өз тәжірибеме сүйеніп айта аламын. Жалпы алға қарай осы бағытта жұмыстар атқарсам деймін.

– Мына инверсиялық үстел сол үшін керек, – деді Маргарита бөлмедегі құрылғыны көрсетіп. – Бұл омыртқа бойын созуға көмектеседі. Ал мына жүгіру жолағы артық салмақтан арыла алмай жүргендер үшін. Оларға арналған бағдарламада келуші, ең алдымен, 10 минут көлемінде осы жолақпен жүгіріп алуы керек. Одан соң душ қабылдап, қызуы 60 градуска дейін жететін турмалин кабинасында отырады.

Кабинадағы үш түрлі турмалин тасы әр түрлі ауруларға көмектеседі. Жүйке жүйесін тыныштандырып, күйзелістік жағдайдың салдарын жеңілдетеді және ұйқысыздықтан арылтады. Турмалин кабинасынан шыққан емделуші 15-20 минут көлемінде дем басып, одан әрі қызып тұрған денеге массаж жасалады. Ал одан кейін қолданылатын стоун-терапия адамның ұйқысыздығы мен стресспен күресуге пайдалы. Ол денедегі нүктелерге орамалдың сыртынан 55, жалаңаш денеге 25 градуска қойылады. Мұнда, ем алушылар әрқайсысы он күннен тұратын үш кезеңдік массаж курсына жазылады. Әр кезең сайын екі апта тынығулары шарт.

Алдағы жоспарларымен де бөліскен Маргарита қазіргі уақытта жалға алып отырған турмалин кабинасын грант арқылы сатып алғысы келетінін айтты. Өйткені оның атқаратын қызметі көп. Қан айналымды қалыпқа келтіру, денедегі тұздарды, токсиндерді шығарып, ағзаның жұмыс жұмысын реттеу, т.б. қасиеттерге ие. Бұл кабинаға кіріп шыққан адам біраз сергіп қалатын көрінеді.

Елге ем жасап, еңбек тауып жүрген массажшы мұнда келушілердің көбі остеохондрозға шалдыққандар дейді.

«Жалпы дененің сыртына шыққан тер қайта сіңбеуі керек. Тұз содан пайда болады. Омыртқа арасындағы шеміршектердің бойына жиналатын тұз мойыннан басқа баратын тамырларды қысып, ары қарай қанның еркін жүре алмауына апарады. Бұл бастағы тамырлардың жіңішкеруіне, қан айналымның баяулауына әкеледі. Ал қан айналымның бұзылуы әр түрлі қатерлі аурулар тудыратыны белгілі», – дейді кәсіпкер.

Нұргүл НАСЫР,
Атырау облысы

«Тезек төре – 200»



ТЕЗЕК ТӨРЕ ҚОРЫМЫ

ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН ДЕСЕК

Алматы облысындағы «Сарыөзек-Жаркент» автожолының 40-шақырымынан оңға қарай 4-5 шақырым жерде, «Қарлығаш» аталатын шағын ғана ауыл бар. Жетісудың атақты сұлтаны Тезек төре Нұралыұлының қорымы сол ауылға таяу жерде орналасқан. Ал Кербұлақ ауданына қарасты Алтынемел асуының етегіндегі алқап ежелден «Мақпал» деп аталады. Сол алқапқа Тезек төре қорымы айшық беріп тұрғандай. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып айтылып келе жатқан бұл қасиетті орынды, қазіргі күнде жергілікті тұрғындардың көбі көрсете алады. Ресей империясы заманындағы әскери карталарда Тезек төре қорымының орны сызылып таңбаланған.

Биыл шілде айының басында «Тезек төре – 200» халықаралық конференциясына дайындық ретінде Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларынан келген ғылыми-танымдық экспедиция ғалымдарымен бірге болып, өлшеу жұмыстарын жүргізіп, олардың пікірлерін естудің реті келген еді. Аталған шара Тезек төренің зерттеуші ағайынды Азамат, Бағдат Ақылбековтердің бастамасымен және «Тезек төре» қорыны қолдауымен жоспарланды. Бұл бастама белгілі қоғам қайраткері, жазушы, академик, ЮНЕСКО-ның мәдениетті жақындастыру орталығының бас ғылыми қызметкері Нағашыбек Қапалбекұлының тікелей қолдауына ие болды.

Айтпақ ойымызды бастамас бұрын, Тезек төре жайлы аз-кем тоқталайық. Тезек төре Нұралыұлы 1821-1879 жылдары Жетісу өңірінде өмір сүрген аға сұлтан, Абылай ханның шөбересі. Ата тегі бойынша Абылай – Әділ – Нұралы –Тезек төре болып тарқайды. Оның жастық шағы Ресейдің, Қытайдың және Қоқан хандығының Жетісу жері үшін өзара тайталасқан уақытына сәйкес келді. Сондықтан азулы үштіктің арасынан жол тауып, өз қарамағындағы Жетісу жұртын аюға талатпай, айдаһарға жем қылмай, Қоқанның қысымына да ұшыратқан жоқ. Есесіне, Ресейдің, Қытайдың, Қоқанның да Тезек төремен санасуына тұра келді. Сондықтан Қытай империясы тарапынан Тезек төреге «Тәйжі» – «Кіші хан» лауазымы берілді. Ал Ресей патшасы 1849 жылы алтын жіппен безендірілген шекпен, 1850 жылы «ынталылығы үшін» деген жазуы бар алтын медаль, 1861 жылы подполковник, 1863 жылы полковник шенін берді, 1865 жылы 2-дәрежелі «Әулие Станислав» орденімен марапаттады. Қоқандықтар да көп жағдайда Тезек төремен мәмілеге келіп отырды. Әсіресе, Қытай, Ресей империялары Жетісудың аса беделді тұлғасы Тезек сұлтанның қызметі мен көмегіне мұқтаж болды. Сонымен қатар Тезек төренің сол замандағы беделі мен ықпалы қырғыз халқына да кеңінен тарады. Мысалы, қырғыздардың сарбағыш және бұғы рулары арасында 1854 жылы орын алған қантөгісті тоқтатқаны тарихтан белгілі.

Уақыт өте келе, Ресей империясының отарлау саясатының Жетісу жерінде асқан қатыгездікпен күшеюіне қарсылық танытты. Ел-жұртын басқыншылықтан қорғау жолындағы әрекеттері үшін 1868 жылы орыс билігі тарапынан айыпталып, 6 айға Қапалдағы абақтыға жабылды. Өмірінің соңына дейін әрбір басқан қадамын орыс тыңшылары аңдумен болды, тіпті ұзақ уақыт бойы үйқамаққа алынып отырды.

Жетісу жеріндегі рулар арасында жер бөлісін әділ жасап, ағайынның араздығын тудырмаған дипломат. Бұл Тезек төренің мемлекеттік қайраткер, азаматтық бітім-болмысы еді. Ал қазақ халқының руханиятына сіңірген еңбегі өз алдына бір бөлек. Бүгінгі ұрпақ өсиетін өміріне азық, жырларын тұмардай тағынатын Сүйінбай, Түбек, Бақтыбай, Құлманбет, Төребай, тағы да басқа қазақ жыраулары мен ақындарын айналасына топтастырып, олардың ұтқыр ой, ұтымды жырлары арқылы ақ пен қараны айырып, ел арасының берекесі мен ынтымағын ұйытып отырған данагөй. Реті келгенде ақындарымен сөз сайыстырған, бірқатар күй шығарған өнер иесі. Қазақ: «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген қастерлі бағасына ие ұлы даланың ұлы тұлғасы.

Оқырмандар тарапынан кейде «Тезек төре неге ұлы ғалым Шоқан жатқан «Көшен Тоғандағы» қорымға жерленбеген, Тезек төре қорымы мен Көшен тоғанның арасы аса алыс та емес қой?» деген сұрақтар қойылады. Әйгілі Шоқан Уәлихановтың ескерткіші осы «Көшен тоғанға» қойылған. Тезек төренің әкесі Нұралының ағасы Ералы сұлтан және басқа да сұлтандар жерленген.

Оның жауабын былайша пайымдаймыз: «...Тезек төренің әкесі Нұралының есімі 1825 жылғы жазбаларда кездеспегендігі, ол кісінің ертерек қайтыс болғандығынан шығар, олай болса, ауыз әдебиетіндегі «хан ием бес жасында жетім қалған...» деп айтылатыны шындыққа жанасады. Сондықтан бұл жерге алдымен, шамамен 1790 жылдары туып, 1825 жылдары қайтыс болған Нұралы Әділұлы Абылайханов сұлтан жерленген...». Кейін, 1860 жылы Жетісу өңірінде кенеттен таралған аса қауіпті індет-шешектен Тезектің 55-60 жастар шамасындағы анасы, ауызекі шежіреде айтылмайтын, бірақ тарихи құжаттарда есімі кездесетін, 35-40 жасар бауыры Шерәлі, 12 жасар ұлы Сәдуақас және кенже ұлы Санияз қайтыс болған. Тезек төренің ұйғарымымен олардың барлығы да осы Тезек төре қорымына жерленеді.

Жалпы сұлтандар қорымы үлгісінде қыш, саман, тас сияқты жергілікті табиғи материалдардан қоршай соғылған Тезек төре қорымы дуалының биіктігі 2 метрге жуық, ұзындығы 20, ені 15 метр, ал қорымның аумағы 300 шаршы метрдей болғандығы анықталды. Қоршау ішінде қазір үйіліп төбе болып жатқан мазардың орны кезінде сәулетті күмбез болғандығын бірден аңғаруға болады. Ұрпақ сабақтастығымен жеткен дерек бойынша, Тезек төренің әйгілі күмбезінің орны осы жер. Зерттеу жұмысы нәтижесінде күмбездің іргетасы қаланған бөлігінің диаметрі 8-10 метр болғаны анықталды.

Уақыт өткен сайын Ресей қысымының күшейіп, отаршылдық пиғылының арта түскенін дәл сезіне білген Тезек төре шамамен 1877-78 жылдары көзі тірісінде, алдымен осы қорымды қоршатып, одан кейін өзіне арнап өте сәулетті, еңсесі биік күмбез соқтырады. Бұл күмбез туралы найман руының атақты Түбек ақыны «Шаған Бұғыдан көрінді көк күмбезің...» деп жырлағаны белгілі.

1879 жылдың шілде айында Тезек төре қайтыс болады. Өсиеті бойынша өзі тұрғызып қойған осы күмбезге жерленген. Сол күндері қазақ даласына, иісі қазақтың қабырғасын қайыстырып, көңіл айтқан жыр сүлейі, замандасы Сүйінбайдың теңдессіз туындысы «Тезек төрені жоқтау» атты екі бірдей жоқтау өлеңі елден елге таралып, бүгінге жеткен асыл қазынаның бірі.

Ауыз әдебиетіндегі Сүйінбайдың, басқа да ақындардың Тезекке көңіл айтуы осы оқиғамен байланысты. Басқа да ет жақын ағайын-туыстарының бірқатарына да осы жерден топырақ бұйырған. Содан бастап, бұл қорым Тезек төренің отбасылық қорымы болып саналған. Сондықтан, Тезек төре оның аумағын қоршатқан және ішінде өзіне де күмбез салдырған.

1890 жылдар шамасында осы өңірді зерттеген Омбы әскери гарнизоны экспедициясының сызған әскери картасында бұл қорым «Могила султана Тезека» деп көрсетілген. Осындай сәні мен салтанаты келіскен күмбез бен қорымның қоршауын осы өңірге Ресейден жер ауып келген «переселен» деп аталған орыс мұжықтары жергілікті қазақтардың қарсылығына қарамастан, алғашында қорымның дуалындағы қыш кірпіштерді бұзып алып, өздеріне үй салып алған. Келесі кезекте күмбездің өзіне ауыз салып, тұтастай бұзып, оннан астам үй салып алады. Бірақ «қуаныштары» ұзағынан болмай, шамамен ақпан айында қатты жер сілкініп, соның салдарынан олардың тұрғызған үйлері түгелімен құлап, үйінді астында (*үлкендерден жеткен әңгімелерде 17 адам деп айтылады*) қаза табады.

Бұл оқиғаны естіген қазақтар жан-жақтан жиналып келіп: «Сендер, біздің көзі тірісінде әулие атанған хан иеміздің моласын қорладыңдар, сол үшін жазаларыңды алдыңдар», – деп орыс ауылын шабуға бекінеді. Халықтың наразылығынан қорыққан орыстар кірпіштерді арба, шанаға тиеп қорымның аумағына апарып, бей-берекет тастап кетеді. Сонша уақыттан бері ылғал мен күннің табиғи әсерінен кірпіштер үгітіліп, үйіндіге айналғаны осы күндерде анық көрініп жатыр.

Қорымның қазіргі аянышты жағдайын көзімен көрген облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт: «Бұл біздің баршамызға, әсіресе, ардагерлерге сын болды. Тезек төренің қоластындағы қарашасы болған ақын, күйші, батыр, шешен, билерге ауыл, мектеп, көше атауын беріп, ескерткіштер тұрғызып тастадық. Ал ханның өзіне бірде-бір елді мекен атауын бермей, ескерткішін орната алмағанымыз ұят болған екен», – деп өкінішін білдірген еді.

Тезек төренің тарихтағы орны, ізгілікті істерін өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатында Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен бірқатар игілікті істер атқарылуда. Атап айтар болсақ, 2010 жылы Сарыөзек-Көктал күрежолының бойында, Алтынемел асуының етегінде Тезек төре мен Бөлтірік шешенге арналған құлпытас-белгі орнатылды. Сол жылдары Тезек төренің ұрпақтары өз қаражаттарына «Тезек төре қорымына» құлпытас орнатты. 2017 жылы Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша облысымызда 500-ден аса қасиетті нысан анықталып, республикалық комиссияның сарабынан өткен 51 нысан «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» мен «Өңірдің қасиетті нысандар» тізіміне енген болатын. Сол тізім бойынша Шоқан Уәлихановтың ескерткіші «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» тізіміне, ал «Тезек төре қорымы» «Өңірлік маңызы бар қасиетті нысандар» тізіміне енгізілген. Биыл Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен Сарыөзек-Жаркент күрежолынан Тезек төре қорымына дейінгі аралыққа асфальт төселіп, келіп-кетушілерге жағдай жасалды. Былтыр Тезек төренің 200 жылдығы мен оның ұлы, құғын-сүргін құрбаны Құдиярханның 170 жылдығы қарсаңында облыстық жазба ақындар мүшәйрасын ұйымдастырып, бабалар рухы асқақтады. Сондай-ақ І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде, облыстық мәдениет ошақтарында, аудандар да ғылыми-танымдық конференциялар өтіп, өмірі мен шығармашылығы туралы түрлі басылымда мақалалар үзбей жарияланып келеді.

Десе де, бұл жеткіліксіздеу болып тұр. Осы ретте өз тарапымыздан келесідей ұсыныс айтқымыз келеді: Қорымдағы 200 жылдан бұрын салынған көптеген бейіт, дуалы мен күмбез бұзылмай тұрған болса, халқымыздың сәулет өнерін көрсететін құнды тарихи жәдігерге айналар еді! Осы тұста бұл күмбез, қорымның дуалы, басқа бейіттер басқыншылардың «вандализмдік» арам пиғылымен, кісі қолымен бұзылып кеткен, олай болса, мүмкіндігінше, алғашқы нұсқасына сай қалпына келтірілсе, қайтер еді деген сұрақ туындайды!

...Егер «Тезек төре» қорымына мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, қоршау-дуалы мен күмбезі жаңғыртылып, қайта қалпына келтірілсе және сол маңға автотұрақ, саябақ, асхана, қонақүй, әжетхана сияқты нысандары бар туристік кешен салынса, нұр үстіне нұр болады емес пе? Одан кейін тиісті жарнама жұмысын жүргізіп, алыс-жақын елдерден туристер тарту қажет. Бұл мәселе Шоқан Уәлиханов жатқан жерге де қатысты. Ол жерге де аталмыш туристік кешен салуды, сондай-ақ ел ішінде «Жошы оры» немесе «Жошы араны» деп аталатын, кем дегенде 700 жыл бұрын қазылған, ұзындығы 60 шақырымға жуық ордың тас жол маңындағы бір бөлігін ашық аспан астындағы музейге айналдыру қажет деп ойлаймын.

Сол заманда жан-жақтан қысқан қауіп-қатерден елін аман сақтап, береке-бірлікті нығайтқан Тезек төренің күмбезі және қорымның қоршауы бұрынғы өзі жобалаған нұсқада қайта қалпына келтірілуі керек, Тезек төреге арнап ескерткіш қою керек. Шоқан Уәлихановтың музейі сияқты Тезек төре атындағы музей ашылса, нұр үстіне нұр болар еді. Біз көрген Қарлығаш ауылы оның ресми атауы болғанымен, ел арасында Тезек төре ауылы деп аталады екен. Сол атауын неге қайтармасқа? Сонымен қатар Тезек төре күйші, айтыс ақыны болған, басқа да қырлары көп. Сол үшін Тезек төре атындағы зерттеу институты құрылып, арнайы мамандар жұмыс істесе, рухани қазынамызды байыта түсер еді.

Қорыта айтқанда, болашақта туристік әлеуеті аса жоғары болатын, Шоқан жатқан «Көшен тоған», «Жошы оры» және «Тезек төре қорымын» қайтадан жаңғыртып, қалпына келтіру, маңына туристік кешендер салуды ұсынамын.

Алматы облысы Кербұлақ ауданында Шоқан жерленген «Көшен тоған» – Көшен төре салдырған егістік суару каналдары – Шоқан музейі мен ескерткіші – «Жошы оры» – «Тезек төре қорымы» – Тезек төре мен Бөлтірік шешенге қойылған ескерткіш – Алтынемел асуы – Алтынемел ұлттық қоры біріктірілген туристік бағыт ашуды да барлық мүдделі мемлекеттік органдардың, басқа да ұйымдар мен азаматтардың назарына ұсынамын.

Осындай игі істермен айналысатын еліміздегі үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық, қоғамдық ұйымдар, ЮНЕСКО бөлімдері бар болса, қолдауларын сұраймын.





Қажет АНДАС, өлкетанушы
Алматы облысы

QOǴAM
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz
3

Түйткіл

КӨМІР. АЛЫПСАТАРДЫҢ АРАНЫ АШЫЛҒАН КЕЗ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА

(Басы 1-бетте)



Міне, әлі тұрмын. Көмір жоқ. Вагон келеді. Көмір 2 сағатта жоқ болады. Алыстан келеміз. Мен, міне, 200 шақырым жерден, Чистополье жақтан келдім. Оған қоса, 5 тоннадан артық артпайды. Кезек баяу жылжиды. Тұрамыз енді, басқа не істейміз?..», – деді Алтынбек.

Шаһардың «Жайлау» шағынауданының тұрғынымен сұхбаттастық. Ол өзінің есімін атаудан бас тартты. «Барлық мән-жайды айтып берейін, тек аты-жөнімді атамаңдар, өздерің білесіңдер ғой...», – деді. Сөзін қазақалпында келтірейік: «Дүйсенбіден бері, міне, үшінші күн кезекте тұрмын. Көлігімді қойып кетемін. Сосын жүк көлігіме мініп, өз жұмыстарымды істеймін. Кезекті жоғалтып алмау керек қой. Сол үшін жеңіл көлікті қалдырамын. Осылай келіп, кетіп жүрмін.

Бәрі солай. Ал егер түнде осы мәшинелердің дөңгелегін шешіп алып кетсе ше? Бірдеңесін ұрлап кетсе ше? Кім жауап береді? Ал көлігі жоқтар не істейді? Қалай кезек алады? Өздері келіп тұра ма осы жерде, қақаған суықта?! Көмір бәріне жетеді. Вагондар тиелген, естігем жігіттерден. Ұстап тұр анау жақта жібермей!».

Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бұл мәселеге қатысты өз жауабын берді: «Қазіргі таңда «Шұбаркөл» көмірінің жетіспеушілігі байқалады. Бұл халықтың жоғары сұранысы мен тасымалдың кешеуілдеуімен байланысты. Күніне 1000-1200 тонна көмір сатылады», – дейді.

Сөз көп. Пәтуә жоқ. Жиылыс көп. Тиянақ жоқ.

Қала халқы көмірді қыркүйек айынан бері күтіп отыр. Қала тұрғыны, «Көкше» телеарнасының тілшісі Сәния Көпжасарова да аталмыш мәселемен бетпе-бет келіп, әлеуметтік желіде өз ойымен бөлісті. «Адамдар қатты мұқтаж болғанда, сондай-ақ көмірдің аз екендігін естігенде, артық төлеп жіберуден тартынбайды. Бұл – дәлелденген жайт. Жыл сайын осылай. Менің кезегім тоқтап қалатын немесе кезек келгенде көмір бітіп қалатын...», – дейді Сәния.

Ұлттық банктің баспасөз қызметінің мәліметінше, көмір республика бойынша 2,1 пайызға қымбаттады. Әсіресе, Қарағанды облысында баға көтерілген (*9,5%*). Көкшетау қаласында қазір көмірдің 1 тоннасы 13 200 теңгеге сатылып жатыр. Бұқара «баға алдағы уақытта тағы өседі» деп алаңдайды. Тұрғындардың сөзіне құлақ ассақ, көмірді кейін бағасын көтеру үшін әдейі ұстап отыр. Өйткені көмір саудалайтын орындар пайда тауып қалғысы келеді. Осы мәселеге жауаптылар да халықтың жоғын жамасудың орнына барын жырымдап жатыр. Қу құлқынның қамы қымбат боп тұр ғой...

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Алматы облысы тұрғындары үшін биылғы жылыту маусымына 1,33 миллион тонна көмір қажет. Бүгінгі таңда облыс аумағында барлығы 994 тонна қатты отын сатылды. Сондай-ақ тұйықтарда жаз мезгілінен бергі 5,1 мың тонна көмір тағы бар. Бағаның өсуі байқалмайды. Нарық бағасы 14500-16000 теңге айналасында. Осы тұста облыс бойынша барлығы сегіз көтерме көмір жеткізуші, 50 тұйық және 27 қойма бар екенін айта кеткен жөн.

Күн сайын облысқа 82 вагон көмір жеткізіледі. Оның 47-сі облыс елді мекендеріне, 35-і Талдықорған қаласындағы тұйықтарға түсіріледі. Талдықорған қаласының тұрғындары қыстан қысылмай шығу үшін қажетті көмір қоры 92 мың тонна болуы тиіс. Олардың есебінше, 1 маусым мен 11 қараша аралығында 78,4 мың тонна көмір сатылған. Күніне орташа 9 вагон, 621 тонна көмір қаладағы тұйықтарға жеткізілуде. Қазан айында 22,1 мың тонна көмір сату жоспарланса, 273 вагон көмір жеткізіліп, 18,8 мың тонна қатты отын саудаланған. Қараша айына 21,3 мың тонна көмір сату жоспарланған. Бүгінде оның 104 вагон, 7,1



үстінде көмірге таласқан, тіпті көмір үшін өзін-өзі жағып жіберуге дайын тұрғындардың жанайқайы ақпарат құралдарында көрсетілді. Ал Үштөбе қаласының тұйығында көмір алуға келген көлік тізбегінен кезек пайда болғаны туралы бейнебаян инстаграм, вацап мессенжерлерінде таралып, тұрғындар қатты отынның жетіспейтіндігіне шағымданған.

Көмірі – 14200 теңге, Шұбаркөл 14400 теңгеден сатылуда.

Күздің соңғы айы – тұрғындардың отынын қамдап алатын уақыты. Міне, бір-екі аптада қоңыр күзбен қош айтысамыз. «Қыстың қамын жазда ойла» дегендей, тұрғындарға көмірді жаз мезгілінде сатып алуды түсіндіріп-ақ келеміз. Алайда пышақ жұлынымызға тақалғанда қозғалатын әдетіміз де бар. Соның салдарынан

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бейбіт АТАМҚҰЛОВ, *индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі:*

«Көмір бағасын өсірмеу үшін біраз іс-шара қабылдадық. Ең алдымен көмір өндіретін ірі компаниялармен Қаражыра, Богатырь, Шұбаркөлмен меморандумға қол қойылып, тұрақты бағаға келістік. Бағалары 5 200-ден басталады. Ең қымбаты Шұбаркөл көмірінің тоннасы 5 700 теңгеден болады. Бүгінгі таңда вагондар уақытылы беріліп жатыр. Көмір кеніштеріндегі баға тұрақты. Көмір өңірлерге жеткізілгенде олардың өздерінің бөлу орталықтары бар. Қазіргі уақытта Шұбаркөл көміріне сұраныс көп болғандықтан, қараша айында 484 мың тонна көмірге қосымша тапсырыс бердік. Көмір уақыты тиеліп жөнелтіліп жатыр. Өңірлерден тағы сұраныс болса, онда көмір көлемін арттыруға дайынбыз».



мың тоннасы тұтынушылардың қажеттілігін қамтамасыз еткен. Қала бойынша тас көмір сатумен 9 мекеме айналысады. Күнделікті қатты отынның қала тұйықтарына келіп түсуі бойынша мониторинг жүргізілуде.

Ресми мекемелердің жыл басындағы жоспары мен бүгінгі күнге дейін жеткізілген көмір мөлшерінің статистикасына сүйенсек, аймаққа қатты отынның 80 пайыздан астамы жеткізіліп, сатылған. Қалғаны штаттық режимде жүзеге асып жатыр. Бірақ әлеуметтік желілерде көмір тапшылығы және ұзын-сонар кезек туралы неше түрлі ақпарат шығып жатады. Жақында әлеуметтік желіде көмір тиегіштің

Бұған қатысты Қаратал ауданы әкімдігі: «Апта сайын Үштөбеге 12-14 вагон жеткізіледі, бұл шамамен бір мың тонна көмір. Жазда көмірді уақытылы сатып алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, ауданның кейбір тұрғындары күн суытып, қысыла бастағанда қатты отын сатып алуға тырысуда. Сондықтан кезек пайда болды», – деп жауап берді.

Жалпы Қаратал ауданының тұрғындары жылыту маусымынан қысылмай шығу үшін 40 мың тонна қатты отын керек. Бүгінгі күні оның 28,6 мың тоннасы немесе 71,5 пайызы жеткізіліп, сатылған. Қазір Семей ала жаздай арқаны кеңге салып, күн суыта бастағанда қаптаған кезек орын алып жатады. Осындай салғырттығымыздан ұтымды пайдаланған алыпсатарлар жаз мезгілінде іркіліссіз жеткізілетін көмірді молынан түсіріп алып, қыс бойы қапқа салып сатумен айналысатынды тапты. Сондай-ақ бүгінде көмірді тұйықтан жеке тұрғын жайларға жеткізу құны да жылдағыдан өсе түскені байқалады. Жеткізу құны қашықтықтың жақын-алыстығына байланысты 5-8 мың теңгені құрайды. Әрине, бағаны нарық реттейтіндіктен, ол туралы артық ешнәрсе айта алмаймыз. Алайда тиісті мекемелер жыл басындағы жоспарына сай тұйықтармен келісе отырып, көмірдің сатылу жағдайын реттеп, тұрғындардың да белсенділігін арттыру жолын таппаса, бұл жыр бітпейді.

Қажет АНДАС

АҚША ЛЕГИОНЕРДІ БАЙЫТУҒА ЖҰМСАЛЫП ЖАТЫР

(Басы 1-бетте)

Футбол әлемі бойынша барлық анық ақпараты бар transfermarkt.com сайтының мәліметі бойынша, Қазақстан футболының бір жылдық бюджеті – 133 млрд теңге. Ал жақсы футболшылардың тапшы болатыны – өзіміздің футболшыларымызды дайындаудың орнына, мол қаражатты шетелдік легионерлерге жұмсаудың тікелей нәтижесі. Мысалы, Премьер-лигада 2021 жылы 371 футболшы болса, бақандай 150-і, яғни жартысына жуығы легионерлер, оған бірінші лигадағы 16 футболшыны қосыңыз, бәрі 166 легионер бар екен. Демек, халық қазынасы қазақ футболшысын дамытуға емес, шетел футболшысын байытуға жұмсалып жатыр!

Легионерлерге өзіміздің футбол нарығымыз қалыптасқанша шектеу қоюымыз керек. Біздің Қазақстан футбол федерациясы талабының бір түсініксіз жері, Қазақстан чемпионатына еш уақытта өңірлердегі футбол клубтары қатыса алмайды. Себебі федерация ережесі бойынша, өңірлердегі футбол клубтары республика чемпионатына қатысу үшін сол жерде кәсіби футбол лигасында ойнайтын клуб болуы керек!?.

Ал кәсіби футбол лигасында ойнайтын клуб аудан түгілі, қалалардың бәрінде жоқ қой. Тек облыс орталықтарының өзінде бір-біреуден ғана! Бұл ендеше өңірлердегі, мысалы шалғайдағы Шардараның, жырақтағы Жымпитының немесе шекарадағы Нарынқолдың футболшылары ешуақытта Қазақстан чемпионатына қатыса алмайды деген сөз. Ал алыс өңірлерде кімдер тұрады? Қазақ футболшыларының футболға жақындай алмай жүргенінің басты себебі осында жатыр. Егер ол кәсіби футбол клубында ойнай алмаса, аудандардағы балалар мен жасөспірімдер футбол мектебі мемлекеттің миллиондаған қаржысын шығындап, не үшін футболшыларды дайындап жатыр деген заңды сұрақ туады...

Қаржыны балалар мен жасөспірімдер мектептеріне, футбол мектептерін дамытуға, балалар бапкерлерін дайындауға жұмсау керек. Футбол академиясын қалыптастыруымыз керек. Ауылдардағы талантты балаларды тартуға жағдай жасау керек. Ал бюджеттен футболға бөлінген қаржыдан балалар футболына жеткілікті жұмсалып келеді деп айту қиын. Демек жақын болашақта Қазақстан футболының дамуы да қиын деген сөз. Балалар футболының даму өлшемдерінің негізгісі – трансферлік құнымен, клубқа түсірген табысымен өлшенеді. Осы күнге дейін Еуропа клубтарына өзіміз дайындаған 1 футболшыны трансфер жасай алмадық. Табыс түсіре алмадық. Миллиардтар құйып, Бразилияға алақайлап шығарып салған балақайлар қайда қазір? Сол 78 баланың кәсіби клубтарда ойнап жүрген біреуі де жоқ. Сонда оларды футболда дамытуға жібергенбіз бе, жоқ, өз қалағандарымызды іріктеп алып, демалуға жібергенбіз бе?

Спортымыз дамуы үшін алдымен инфрақұрылымдарымыз сай болуы керек. Бізде оған да ақша жұмсалмайды. Стадион, футбол алаңдары болмаса, балалар қайда ойнайды? Мектептердің спортзалдары мен алаңдарын жалға беру басталғалы бері, балалардың сабақтан тыс уақытында футбол ойнауы арман болып қалды. Себебі көбісі балалардың тегін футбол ойнағанынан гөрі, сырттан келгендерге жалға беріп ақша тапқанды жөн көреді.

Мысалы, алысқа құлаш сілтемей-ақ, көршілеріміз, туыс екі елмен салыстырайық. Қазақстан 30 жылда 1 ғана стадион салса, футбол бюджеті бізден екі еседей аз Өзбекстан қазіргі заман талабына сай 10 стадион салып тастаған.

ФИФА рейтингісі бойынша қазір Қазақстан 125 орында тұр. 2000 жылы 121 орында болғанбыз, сонда одан бері миллиардтар көбейген сайын дамудың орнына біз кері кетіп бара жатырмыз. Ал ТМД елдеріндегі футбол бюджеті ең аз – Қырғызстан 96-орында.

Миллиардтар алып отырған қазақ футболында гол жоқ! Ал ауылдарда қаржы тапшылығынан жол жоқ!

Әлем чемпионатына іріктеуде ең соңғы орындағы біздің футболға әкімдіктер Олимпиада, әлемдік чемпионаттарда алтын медаль алып келетін бокс, күрес және ауыр атлетика үшеуін қоскандағы бөлген қаражаттан 3 есе көп ақша жұмсап отыр. Футболға бөлінген бюджеттің 80 пайыздайы жеке футболшыларға төленеді.

Футболға 30 жыл бойы миллиардтар жұмсалып отырса да, «бюджетіміз Еуропа деңгейіне жетпейді» деп келе жатыр. Ал



халқының саны 4 млн, экономикасы бізден 3 есе кішкентай, лигасы 1991 жылы құрылған, 1995 жылға дейін соғыс өртіне оранған Хорватия өткен жылы әлемнің футбол державаларын күйрете отырып, әлем чемпионатында финалға шықты. Біз масқара болып жеңілген алпауыт Франциямен тең деңгейде ойын көрсетті. Бюджеті әлемнің 50 еліне кірмесе де, футболының даму деңгейі әлемнің топ 10-дығына кіреді. Хорватия – футболды ақшасыз да ойнауға, дамытуға болатынын дәлелдеген ел.

Клубтардың әлемдік рейтингісінде ешқандай клубымыз 100-діктің қатарына кірмейді. Ал 200-діктің соңында, 186-шы орында тек бір «Астана» клубы ғана бар. Бірде-бір футболшымыз трансферлік құны бойынша алғашқы 500-дікке кірмейді. Бұл 30 жыл бойы футболымыздың ешқандай дамымағанына дәлел.

Ендеше, футболға халықтың қыруар қаржысын Франциядағыдай әлемге масқара болу үшін құйып отырмыз ба? Нәтижесіз футболға бөлінген 133 миллиардқа кемінде 133 мектеп салуға болар еді...

Сондықтан, гол салмайтын, тек халық қазынасына қол салатын, қол салғанда мол салатын футболға миллиардтарды босқа шашуды тоқтататын уақыт жетті!

Қазақстан футбол жүйесін жолға қою қажет!

«Ақ жол» фракциясы ұсыныстары:

1. Кәсіби спорт, футбол – бұл негізі бизнес. Ал әлемде кәсіби спорт мемлекеттің мойнына мініп алмайды. Сондықтан бюджетке байланған футбол клубтарының барлығын жекешелендіріп, мемлекеттен қаржыландыруды тоқтату қажет.

2. Кезінде «Ақ жол» партиясы талай көтергендей, мемлекет қаржысы балалар мен жасөспірімдер мектептеріне, футбол мектептерін дамытуға, балалар бапкерлерін дайындауға жұмсалуы керек. Ауылдардағы талантты балаларға жағдай жасау қажет.

Аудан орталықтарында, қала маңында да тегін футбол алаңдарын салу керек.

Секциялардағы жаттықтырушыларға лайықты жалақы төлеу керек.

3. Футбол индустриясын, менеджменті мен маркетингін дамытып, футбол мамандықтарын, жаттықтырушылар кадрын дайындау жұмыстарын жолға қойып, футбол академиясын қалыптастыру керек.

4. Осы уақытқа дейін мемлекеттен футбол саласына бөлінген қаржының есебі берілуі тиіс. Өйткені ол – халық қаржысы! Еліміздегі кәсіби футбол клубтарына бюджеттен жыл сайын қанша қаржы бөлінді? Қазақстан футбол федерациясына 2002 жылдан бері УЕФА-дан жыл сайын қанша қаржы бөлінді? Туризм индустриясы мен спортты қолдау қорынан және Ұлттық олимпиада комитетінен футбол федерациясына жыл сайын қанша қаржы бөлінді және қайда жұмсалды, бәрінің есебін ел білуі тиіс.

Қазыбек ИСА,
Мәжіліс депутаты